МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР

өмірбаяны

Арабшадан аударған: Қ.Спатай

УДК 28
ББК 86.38
М

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДІН ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ ДІНТАНУ САРАПТАМАСЫНАН ОҢ ҚОРТЫНДЫ БЕРІЛГЕН

М. Мұхаммед Пайғамбар өмірбаяны / Ауд.: Қ.Спатай. – Алматы: «Кәусар-саяхат» ЖШС, 2013.

ISBN 978-601-7016-48-7

Бұл кітап Аллаһтың құлы әрі елшісі, бүкіл мұсылман қауымы өз жанынан да артық көрген, көркем өнегесіне мұқтаж болған Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) жарқын бейнесі мен үлгілі өмірін баяндаған. Жинақ бізге дін жолындағы сарқылмас сабырдың, әлемдердің Раббысына қалтқысыз бойсұнудың, жалғыз Аллаһқа ғибадат етуге талмай шақырудың озық үлгісін көрсетеді. Оның кейіпкері – жиырма жылдан астам уақыт жер бетіндегі ең ұлы аманатты, бүкіл адамзаттың жүгін, бүкіл сенімнің жүгін, түрлі майдандардағы күрес жүгін иығына арқалап өткен біртуар дара тұлға. Оған аспан мен жер тұрғанда, аспанның зеңгіріндей, жердің кеңдігіндей Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. Сондай-ақ оның отбасына және сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі жаусын.

Еңбек қалың көпшілікке және діни тағылым алушы шәкірттерге арналған.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 978-601-7016-48-7 © «Кәусар-саяхат» ЖШС, 2013

АЛҒЫ СӨЗ

Әлемдердің Иесі, адамзатты жаратқан, оларға көру, есту және түсіну қабілетін берген, ақиқат пен жалғанды, пайдалы мен зияндыны айыра алатын ақыл дарытқан, адамдарға өздерінен елші жіберіп, оларды тазартқан, оларға асыл білім үйреткен, пайғамбарына терең даналық беріп, ол арқылы соқыр көздерді, керең құлақтарды және жабық жүректерді ашқан Аллаһқа мақтау болсын! Адамзаттың асылы, Аллаһтың таңдауы түскен сенімді елшісі, пайғамбарлар мен елшілер күмбезінің соңғы кірпіші, адамзатқа Аллаһтың қуанышты хабарлары мен ескертулерін жеткізген, Аллаһ ол арқылы адамдарды адасушылықтан құтқарған және тура жолға бағыттаған, үмбетіне адалдығы шексіз болған жолбасшымыз Мұхаммедті мейірімі өлшеусіз Жаратушы игілігіне бөлесін!

Аллаһ тағала Өз елшісін (с.а.с.) дәреже сатысының ең биігіне көтерді, барша мұсылмандарды оны өз жандарынан да артық сүюге бағыттады және оның жолына ілесуді Өзінің сүйіспеншілігіне жетудің шарты ретінде бекітіп: «(Мұхаммед! Оларға)**: «Егер Аллаһты сүйсеңдер, маған ілесіңдер. Сонда Аллаһ сендерді сүйеді әрі күнәларыңды кешіреді», – деп айт»**[1], – деді. Осы бұйрық жүректердің оны сүюге ұмтылуына, оны мен өздерінің арасындағы байланысты нығайтатын себептерді іздеуіне түрткі болды. Исламның ақ таңы атқалы бері мұсылмандар Пайғамбарларының (с.а.с.) игі қасиеттерін жарыққа шығаруға және оның өнегелі өмір жолын өскелең ұрпаққа жеткізуге атсалысып келеді.

Әлемде Мұхаммед пайғамбардай (с.а.с.) өмірі соншалықты түбегейлі жіті зерттелген жан жоқ. Оның өмірінің күллі кезеңі, барлық тұстары, өсиеттері мен сөздері, шешімдері мен істері және көркем мінез-құлықтары мен тұлғалық сипаттары толықтай келер буынға ұсынылған. Оның өміріндегі барлық жағдайлар, жүріс-тұрысы, құлшылық-ғибадатынан бастап, киім киісі мен ішім-жеміне дейін, тіпті үй ішіндегі істері мен қала берді әжетін өтеуі де мұсылмандардың назарынан тыс қалмаған. Әрі бұл қордалы білім бұрын-соңды кездеспеген үлкен аманатпен жеткізілді. Оның өмірбаяны хатқа түскенге дейін оны әңгімелеушілер үшін, тіпті жекелеген бір оқиғасын хабарлаушылар үшін де Ислам ғалымдары ғана қолданған, «иснад» деп аталатын қатаң шарттарға бағындырылған риуаятшылар тізбегі түзілді. Осы өмірбаянды қоспалардан тазарту мақсатында сан мыңдаған адамдардың өмірбаяндары қоса зерттеліп, том-том жинақтар мен энциклопедиялар құрастырылды. Бұл жолда бұрынғы алтын буындағы ғалымдар теңдессіз еңбек атқарып, кейінгі буынды дайын асқа тік қасық етіп кеткен, Аллаһ оларды рақымына бөлесін!

Мұсылмандар үшін Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өмір жолы қашанда тарихтың басты нысанасы, одан болашақ ұрпақ пайғамбарлық мұрасын, сенімнің шамшырағын көтерушілер рухани азығын алады. Пайғамбардың (с.а.с.) өмір

[1] «Әлі Имран» сүресі, 31-аят.

жолымен танысып, осы өнегеге тұнған өмірді лайықты түрде зерттей, бағалай білген жан таңғажайып тарихтың маржанын сүзеді. Осы таңғажайыптар арқылы Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен оның жанындағы мүміндер материалдық қажеттіліктер мен жер бетіндегі факторлардан үстем келіп, адамзатты ғасырлар куә болмаған биіктерге көтерді.

Пайғамбардың (с.а.с.) өмір жолына терең үңіліп, оның құпиясын түсінуге тырысқан жан ол арқылы қуаң тартқан тарихтың шұрайлы кезеңге айналып, шырайы кіргенін, әлемде адамзаттың гүлдері бас жарғанын, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) періштелерге татитын кісілерді тәрбиелеп жетілдіргенін көріп, сол бір қиыр сахарада осындай азаматтардың пайда болғанына қайран қалады. Пайғамбардың (с.а.с.) істері бейне бір «Ақиқатында, мен тарихты таңғалдырар үмбетті қалыптастырамын» деп үн қатып тұрғандай болады.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) қиындықтарға сабыр етуде, ақиқатта тайсалмауда және дүниенің толқуларында нық басып тұруда теңдессіз дара тұлға болды. Ол қиындықтарды жеңіп, материалдық қажеттіліктерден үстем түсуі үшін осылай жаратылған еді. Осы арқылы Пайғамбар (с.а.с.) тарих қойнауындағы қайнар бұлаққа айналды және барлық уақытта осылай болып қала береді.

Аллаһ тағала пайғамбарының (с.а.с.) жүрегін Өз қамқорлығына алып, оны көңіл қалауы мен ой азғыруларынан және адам табиғатына тән ауытқулардан қашық ұстаған. Сондықтан Пайғамбардың (с.а.с.) өмір жолын оқыған және оның қасиеттерімен танысқан адам әрдайым Аллаһтың қамқорлығын есте ұстауы лазым. Аллаһ елшісі (с.а.с.) адам баласы еді, бірақ ол адамзат дамуының қозғаушысы болды. Оның барлық істері Аллаһтың тарабынан орайластырылған. Аллаһ тағала тіршілікке нәр беру үшін аспан көгіне күнді орнатқанындай, адамзат өмірінің мәнін түсіндіру үшін тарих сахнасына Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) шығарған.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өмір жолына үңілген жан жүректерді баурайтын мәуелі баққа енгендей күйге түседі, жанын тербейтін көрініске куә болады, қан тамырын бүлкілдетер мүлгіген рақат сезімге беріледі. Бұл – артында Аллаһ тұрған, мәнді, сабақ алатын ғибратты, ойлы, иманды өмір жолы.

Аталмыш маңыздылықтарды ескере, қандастарымызды пайғамбарлық мұраның қайнарынан сусындату үшін, Аллаһтан жәрдем тілей отырып, Оның үлгісін паш ететін өнегелі өмірді төл тілімізде баяндаған осы еңбекті қолға алған едік. Әнәс сахаба: *«Бір кісі Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Қиямет қашан* (келеді)*?» – деп* (сұрады. Пайғамбар (с.а.с.))*: **«Ал сен Қиямет үшін не дайындадың?»** – деп* (қарсы сұрақ қойды). *Ол: «Аллаһ пен Оның елшісіне деген сүйіспеншілікті», – деді.* (Сонда Пайғамбар (с.а.с.))*: **«Ақиқатында, сен сүйгендеріңмен бірге боласың»**, – деді»*;

*«Біз Пайғамбардың (с.а.с.): **«Ақиқатында, сен сүйгендеріңмен бірге боласың»** деген сөзіне қуанғандай, ештеңеге қуанған емеспіз»*;

«Мен Аллаһты, Оның елшісін, Әбу Бәкірді және Омарды сүйемін. Сондықтан олардың амалдарындай іс-амал жасай алмасам да олармен бірге болуды үміт етемін», – деген екен[1].

Сол сияқты бұл еңбек Аллаһ елшісінің (с.а.с.) озық ілесушілерінің амалдарындай іс-амал жасай алмасақ та, оған деген сүйіспеншілігіміздің бір көрінісі болуын және сүйікті жолбасшымызбен бірге болуды үміт етеміз. Әрі бұл сүйіспеншілігіміз ауызекі жалаң сезім болып қалмастан, талпыныс және амалдармен, оның бұйырғандарын орындап, тыйым салғандарынан тыйылумен, сүннетіне жәрдем берумен, шариғатын қорғаумен және осы жолда күресумен нақтылануын қалаймыз. Бұл еңбектің мал-мүлік те, күш-қуат та пайда бермейтін Күні таразының жақсы амалдарымыз салынған басында тұруын тілейміз.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өмір жолының қай кезде болмасын мұсылмандар өміріне енген үлкен маңызына орай осы салада көптеген кітаптар жазылған. Қолдарыңыздағы жинақ осы саладағы әйгілі еңбектер «Сира Ибн Һишам», «Тарих ат-Табари», «Сахих әл-Бұхари» және оның түсіндірмесі «Фатх әл-Бәри», «Сахих Муслим», «Жамиъ ат-Тирмизи», «Сунән» жинақтары, «Муснәд Ахмад», «Муснәд әд-Дарими», «Мишкәт әл-масабих», «әл-Мустәдрак», «әл-Бидәя уә ән-ниһая», «Ъуйун әл-әсәр», «Мухтасар сира әр-расул», «Дәләил ән-нубуә», «Рахма лил-ъаламин», «әс-Сира әл-халабия», «Табақат Ибн Сағд», «Тәлқих фуһум әһл әл-әсәр», «әл-Кәмил», «Усд әл-ғаба», «әл-Исаба», «Кәнз әл-ъуммал», «әр-Рауд әл-унуф», «әл-Истиъаб», «әш-Шифа», «Китәб әл-мағази» және «Хуласат әс-сиәр» кітаптары негізінде құрастырылды. Еңбегіміз оқырмандарға және діни тағылым алушы шәкірттерге іздеген жоғын табуда көмекші құрал болғай. Аллаһ тағала баршамызды мейірімінен мақрұм етпесін. Еліміз иман нұрымен жарықтансын. Жұртымыз шайтан салтанат құрған ел емес, иман мен инабат тұнған ел болсын. Дуалы ауыз қарттарымыз жастарға тура жолды нұсқасын. Жастарымыз біржақты дүние қуып кетпестен, рухани байлық іздесін. Іркіттей іріген ел болмай, бастары шындықта қосылған, айрандай ұйыған ел болайық. Имандылық әр қазақтың айдары, кәлима таухид айғағы, инабаттылық ұстанымы, исламият құндылығы болсын. Барлық мақтау тілектерді қабылдаушы Аллаһқа арналады.

Аудармашы

[1] «Сахих әл-Бұхари» (3485-хадис), «Сахих Муслим» (163-хадис).

КІРІСПЕ

Араб халқының жағдайы мен тайпалары

Ақиқатында, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) өмір тарихы ол арқалап, адамзат қоғамына жеткізген, сол арқылы адамдарды қараңғы түнектерден жарық нұрға, жаратылғандарға табынудан Жаратушыға құлшылық етуге алып шыққан елшілік міндетін баяндайды. Ал оның тамаша үлгісін бұған дейінгі ахуалдар мен пайғамбарлық міндеттің жемісті нәтижелерін салыстырмас бұрын оқырманға толыққанды бейнеде ұсыну мүмкін емес. Осы орайда, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қандай ортада дүниеге келгеніне, қандай адамдарды тәрбиелеуіне тура келгеніне, сол кездегі қоғамдық, саяси, әлеуметтік, экономикалық, моральдық, діни ахуалдарға шолу жасап өту лазым. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Араб жазирасы аймағындағы Мекке шаһарын қоныс еткен араб отбасында дүние есігін ашқан. Сондықтан да алдымен сол тұстағы араб тайпаларының Исламға дейінгі кезеңіне, қоғамдық ахуалына тоқтала кетуді жөн көрдік.

Араб тайпалары

Тарихшылар араб тайпаларын ата-тегіне қарай үш топқа бөледі:

1) жойылып кеткен арабтар; Бұлар – түгелдей жойылып кеткен ад, сәмуд, имлақ сияқты ежелгі арабтар.

2) таза арабтар; Бұлар – Қахтаннан тарайтын арабтар. Негізгі қоныстары Йемен өлкелерін жайлаған бұл арабтар «қахтан арабтары» деп те аталады.

3) арабтанған арабтар. «Аднан арабтары» деп аталатын бұл арабтар Исмаил пайғамбардан тараған. Аллаһ елшісі (с.а.с.) осы аднан арабтарынан тараған құрайыш тайпасының тумасы, Аднан – Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жиырма бірінші атасы.

Аднан арабтарының үлкен атасы – Ибраһим пайғамбар. Олардың тарихы Ибраһим пайғамбардың әйелі Һажар мен кішкентай ұлы Исмаилді сол кезде жер бетінен төмпешіктей ғана көтеріңкі Қағбаның маңына орналастырғанынан бастау алады. Ол кезде Мекке шаһары елсіз, сусыз, бос жатқан жер болатын. Һажар мен Исмаил қоныстанғаннан кейін ол жерде Аллаһтың кеңшілігімен Зәмзәм бұлағы пайда болды. Кейінірек ол жерге Исмаилдің анасының рұқсатымен йемендік журһум тайпасы қоныстанды. Исмаил осы журһум тайпасының ішінде есейіп, араб тілін меңгерді және олардың қызына үйленіп, ұрпақ өрбітті. Ол әкесі Ибраһим пайғамбар екеуі Қағбаны тұрғызып, адамдар жан-жақтан қажылық жасауға келе бастады.

Уақыт өте келе Исмаилдің ұрпақтары көбейіп, арабтанған арабтардың негізін қалады. Осы арабтардың аталарының бірі Кинәнәдан құрайыш тайпасы тарады. Ал құрайыш тайпасындағы ру аталарының бірі Абдуманаф ибн Қусайдың һашим әулетінен Пайғамбарымыз Мұхаммед ибн Абдуллаһ ибн Абдулмутталиб ибн Һашим (с.а.с.) дүниеге келді. Аллаһ елшісі (с.а.с.):

«Ақиқатында, Аллаһ Исмаилдің ұрпақтарынан Кинәнәні таңдады, Кинәнәнің ұрпақтарынан құрайышты таңдады, құрайыштан Һашимнің әулетін таңдады және Һашимнің ұрпақтарынан мені таңдады», – деген[1].

Арабтардың пайғамбарлық қарсаңындағы саяси ахуалы

Қараңғылықтың көгінде Исламның күні жарық сәулесін шашқан уақытта, араб жазирасында билеушілер екі топта болды:

1) тәж кигізілген патшалар; Бұлар – Йеменнің патшалары, Шамның жоғарғы жақтарының ғассан әулетінен шыққан патшалары және Ирак аймағындағы Хира патшалары. Бірақ бұл патшалар өзге мемлекеттердің боданы болғандықтан, өз беттерінше тәуелсіз билік жүргізген жоқ.

2) ру, тайпа басшылары. Араб тайпаларының басшылары патшалармен бірдей билік жүргізді, тіпті олардың көпшілігі қарамағындағыларды ешкімге бағынышсыз, тәуелсіз биледі. Олардың кейбірі ғана тәж кигізілген патшаға тәуелді болған.

Ислам келгенде, Йемен парсы патшалығының боданы болатын, оларды Кисраның парсы әкімі елдің астанасы Санғада отырып, басқаратын. Парсы әкімдерінің ең соңғысы – Базан, ол миләди жыл санауымен 638-жылы Исламды қабылдаған және оның Исламды қабылдауымен парсылардың Йемен аймағына өкім жүргізуі тоқтады.

Ислам тарай бастаған жылдары Хираны да Кисраның Азазбеһ есімді парсы әкімі билейтін. Кейіннен миләди 632-жылы билік ләхм әулетіне қайтып, таққа әл-Мағмур лақабымен танымал Мунзир ибн Нұғман отырды. Алайда оның билік тізгінін ұстағанына сегіз ай толмастан, мұсылмандардың Халид ибн Уәлид бастаған әскері барып, Хираны тізе бүктірді.

Ал Шам өлкесінің арабтарына Византияның қол астындағы ғассан әулетінің патшалары өкім жүргізетін. Олардың астанасы Хауран уәлаяты еді. Шам өлкесін ғассандықтардың Византия патшаларының боданы ретінде билеуі һижраның 13-жылы болған Йармук шайқасына дейін жалғасты. Ғассандықтардың соңғы патшасы Жәбәлә ибн Әйһәм мүміндердің әміршісі Омар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) тұсында Исламға мойынұсынды.

Аллаһ елшісіне (с.а.с.) пайғамбарлық міндет жүктелгенде, Меккенің билігі құрайыш тайпасының қолында еді, бұл билік оларда Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бесінші атасы Қусай ибн Киләбтан жалғасып келе жатқан болатын. Атап айтқанда, құрайыш тайпасының абдуманаф және абдуддар рулары үлкен мансаптарға ие болды. Абдуддар руының мансаптары:

[1] Хадисті Муслим (Пайғамбардың (с.а.с.) тегінің артықшылығы туралы тарауда (2/245) Уәилә ибн Асқағдан) және әт-Тирмизи (2/201) жеткізген.

1) мәжіліс үйіне басшылық ету; Бұл үйде құрайыштар бастарына түскен маңызды мәселелер жайын кеңесетін және онда қыздарын күйеуге ұзататын.

2) ту тігу; Соғыс байрағы мәжіліс үйінде осылардың қолымен ғана тігілетін.

3) Қағбаны күзету. Қағбаның есігін осылар ғана ашатын және олар Қағбаның шаруалары мен қызметтеріне басшылық ететін.

Абдуманаф руының мансаптары:

1) қажыларды сумен қамтамасыз ету; Олар қажылар үшін әуіздерді суға толтырып, оған кептірілген құрма, мейіз қосып, судың дәмін кіргізетін және Меккеге келген адамдар сол судан ішетін.

2) қажылардың сыйы, яғни қажыларға қонақасы беру. Құрайыштар қажылық маусымы кезінде осы мансапқа ие болғандарға салық төлеп, сол ақшаға қажылар үшін тамақ дайындалатын және одан азық-ауқаты жоқ қажылар тамақтанатын.

Соңғы екі мансапты абдуманаф руының ішінде Һашим ибн Абдуманаф, одан кейін Пайғамбарымыздың (с.а.с.) атасы Абдулмутталиб ибн Һашим ибн Абдуманаф иеленді. Абдулмутталибтен кейін оған оның ұлдары ие болып қалды, Ислам келгенде бұл мансап Аббас ибн Абдулмутталибтің қолында болатын.

Құрайыштар өздерінше кішкентай бір мемлекет құрып алған болатын. Өзге арабтар олардың үкіметіне құрметпен қарайтын және оларды діни орталықтың басшылары, қызметшілері санайтын. Негізінде, бұл үкімет діни және үкіметтік басшылықтың қоспасы еді. Діни басшылықтың атын жамылып, арабтарға билік жүргізетін, қажылардың мұқтаждықтарын өтеуге басшылық жасап отырған, Ибраһимнің шариғаты үкімдерін орындайтын үкімет ретінде Харам аймағы мен оның төңірегіндегілерді билейтін. Олардың өздерінің мәжіліс алқалары мен құрылтайлары бар еді. Бірақ олардың үкіметі қиындықты көтере алмайтын әлсіз болатын. Олардың әлсіздігі эфиоптар Меккеге шабуыл жасаған күні көрінді[1].

Өзге араб тайпаларына келсек, олардың Хира аймағы маңында қоныстанғандары арабтардың Хирадағы патшасына, Шам өлкесінің шөл далаларын мекендегендері ғассандықтарға тәуелді болды. Алайда бұл тәуелділік сөз жүзінде, ресми түрде ғана еді. Ал Араб жазирасы аймағындағы шөл далаларда өмір сүретін араб тайпалары ешкімге тәуелсіз, толықтай азат болды. Бұл тайпаларды ру көсемдері биледі. Мұндай тайпалар саяси құрылымы рулық тұтастыққа және жер аумағын қорғау мен жауға тойтарыс беру сияқты ортақ мүдделерге негізделген кішкентай дербес мемлекет еді.

[1] Мұнда Құранның «Піл» сүресінде қысқаша баяндалған, Ислам тарихынан бұрын орын алған танымал оқиғаға сілтеме жасаған. Сонда құрайыштардың әлсіздігі күштерін жұмылдырып, Қағбаны өз беттерінше қорғауға шамалары келмеген-ді.

Ру басшыларының тайпа ішіндегі мәртебесі патшалармен бірдей болды. Тайпа бейбітшілік және соғыс мәселелерінде түгелімен көсемнің пікіріне бағынды, көсемге ешкім қарсы келмейтін. Көсемдер халықты жеке-дара билейтін, ешкімнің пікірімен санаспайтын. Тіпті көсем бірденеге ашуланса, ол үшін себебін анықтамастан-ақ бүкіл тайпа өре түрегелетін. Алайда бір атаның балалары арасындағы рубасылыққа таласушылық салдарынан олар адамдардың алдында жасанды қылықтар көрсетуге, ұстамдылық, жомарттық, қонақжайлылық танытуға, ерлік жасауға, өзгелерді қорғауға, біреулерге жақсылық істеуге тырысып бағатын. Олар мұндай жасандылықтарды халыққа жақсы көріну үшін, бақталастарынан шоқтығы биік тұруы үшін істейтін. Әсіресе, олар сол кездері тайпаның тілі қызметін атқарған ақындардың ықыласын табуға тырысатын.

Тайпа көсемдері мен басшылары қара халықтан үстем тұрып, артықша құқықтарға ие болды.

Қорытындылай келгенде, жалпы араб халқының, әсіресе шет мемлекеттермен шекаралас аймақтардың саяси ахуалы езілген, жаншылған күйде еді. Қоғам көсемдер мен құлдарға, билеушілер мен езілушілерге бөлінді. Көсемдер оңай олжаға кенелсе, қара халық салықтан көз ашпады. Қарапайым халық үкіметке өнім беретін егін алқабы қызметін атқарды. Биліктегілер қара халықты өздерінің ләззаттары мен құмарлықтарын, қалау-тілектерін қанағаттандыру үшін, озбырлықтары мен дұшпандықтарын іске асыру мақсатына пайдаланды. Қарапайым халық адасушылықта, бүліктерге ұрынған халде, жан-жақтан жапа шеккен күйде болатын. Олар биліктегілерге арыз-шағымдарын өткізе алмайтын, қорлыққа ұшыраған, озбырлық көрген, түрліше азап шеккен халдерінде үнсіз бағынды. Билік жеке-дара билеп-төстеушілікке негізделді, құқықтар аяқ асты етіліп, мүлдем сақталмады.

Шет мемлекеттермен шекаралас араб тайпалары жан-жағына жалтақтап, әрі-сәрі күй кешіп, біресе Ирактыбарып паналаса, біресе Шам өлкесін барып паналайтын. Ал Араб жазирасы ішіндегі араб тайпаларының ахуалы өзара алауыздықта, тайпаралық дау-жанжалдарға, діни қайшылықтарға бой алдырған күйде еді. Олардың тәуелсіздіктерін ұстап тұратын патшалары да, қиын-қыстау кезеңдерде арқа сүйейтін орталықтары да болмады.

Пайғамбарлық таңы атқанда, ол (с.а.с.) дүниеге келген араб қоғамының саяси ахуалы осындай жағдайда еді.

Арабтардың діндері

Арабтардың көпшілігі Исмаил пайғамбар оларды әкесі Ибраһимнің дініне шақырған уақытта, оның үндеуін қабылдап, Аллаһқа құлшылық етуге, Оны жалғыз құдай деп сенуге және Ибраһим пайғамбардың дінін ұстануға көшкен болатын. Бірақ уақыт өте келе арабтар өздеріне насихат етілгеннің көбісін ұмытып, оларда Аллаһты жалғыз құдай деп сенушілік пен Ибраһимнің дінінің бірнеше рәсімдері ғана қалды. Кейін хузаға тайпасының

көсемі Амр ибн Лухай шықты. Ол жақсылық, садақа, дін істеріне көңіл бөлу сияқты үлкен істерді жаңғыртқан болатын. Сондықтан ол халықтың ыстық ықыласына ие болды және оны адамдар үлкен ғалымдардың, қасиетті әулиелердің бірі деп санады. Бірде Шам өлкесіне сапар шегіп барған Амр ибн Лухай олардың пұт-мүсіндерге табынып жатқандарын көріп, осыны дұрыс санады және соны ақиқат деп ойлады. Өйткені Шам өлкесі пайғамбарлар мен Аллаһтан түскен кітаптардың отаны болатын. Сөйтіп Амр өзімен бірге ол жақтан Һубәл деп аталатын пұтты әкеліп, оны Қағбаның ішіне орналастырды және меккеліктерді Аллаһқа серік қосуға шақырды, ал олар Амрдің үндеуін қабылдады. Көп өтпестен бүкіл Хижаз тұрғындары Аллаһтың үйінің, қасиетті аймақтың иелері саналатын меккеліктердің нанымына ерді.

Арабтардың ең ежелгі пұттарының бірі – сол кездері Құдайд мекені маңындағы, Қызыл теңіздің жағалауында жатқан Мушәлләл тауында орнатылған Манат атты пұт. Уақыт өте Таиф жерінде Лат, Нахла жазығында Ғұзза деген пұттар пайда болды[1]. Осы үшеуі – олардың пұттарының ең үлкендері. Кейінірек Аллаһқа серік қосу одан да кең етек алып, Хижаздың барлық жерінде пұттар көбейді. Тарихи деректерде Амр ибн Лухайдің жындармен байланысы бар адам болғандығы айтылады. Жындар оған Нұх пайғамбардың елі табынған пұттар: Уад, Суағ, Яғус, Яғуқ және Нәср Жиддада көмулі жатқандығын хабарлап, Амр барып, оларды қазып алады. Сөйтіп пұттарды Тиһама жеріне әкеліп, қажылық маусымы кезінде оларды тайпаларға табыстайды және тайпалар ол пұттарды елдеріне алып кетеді. Тіпті әрбір тайпаның, сосын әрбір үйдің өз пұты болды. Арабтар әл-Харам мешітін пұттарға толтырып тастаған еді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккені бағындырған кезде, Қағбаның айналасында үш жүз алпыс пұт болатын. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бұл пұттарды алдымен асасымен нұқып, құлатып шықты. Сосын оның бұйыруымен пұттар мешіттен шығарылып, өртелді.

Осылай Аллаһқа серік қосу және пұттарға табыну Исламға дейінгі арабтардың дінінің басты негізі болды. Соған қарамастан арабтар өздерін Ибраһим пайғамбардың дініндеміз деп есептейтін.

---

[1] Аллаһқа теңестірген бұл құдайларын мүшріктер осындай атаулармен атап, бұл есімдер олар ие болған сипаттардан алынғандығын айтқан. Мысалы: Лат атауын құлшылық етілуге лайық құдай (иләһ) сөзінен алған. Ғұзза атауын аса Үстем (әл-Азиз) есімінен, ал Манат атауын аса Игі (әл-Маннан) есімінен алған. Осылай олар Аллаһ тағаланың есімдерін бұрмалаған және Оған біреулерді серік етіп қосуға барған. Олардың пұттарының бұл атауларының еш мағынасы жоқ. Оны надан, адасушы мүшріктердің өздері және аталары қойып алған. Олар пұттарына мүлдем лайық келмейтін жалған аттарды ойлап тауып, өздерін және басқа да адасушыларды алдаған. Аллаһ тағала «Нәжм» сүресінің 19-20 аяттарында: **«Лат пен Ғұззаны көрдіңдер ме және басқа үшіншісі Манатты»**, – десе, осы сүренің 23-аятында: **«Олар небәрі өздерің және аталарың атаған есімдер ғана, Аллаһ олар жайында ешбір дәлел түсірмеген»**, – деген.

Арабтардың пұттарға табынуға қатысты салт-жоралары мен құлшылық рәсімдері болатын. Бұлардың көбісін Амр ибн Лухай ойлап тапқан еді. Ал олар Амр ибн Лухайдің ойлап тапқандарын Ибраһимнің дінін өзгертпейді, керісінше, оған ендірілген жақсы жаңалықтар деп ойлайтын. Арабтар пұттарына арнап, мынадай құлшылық рәсімдерін жасайтын:

– оларды қастерлейтін, оларға жалбарынатын, мінәжат ететін, қиын-қыстау кезеңдерде олардан медет тілейтін, мұқтаждықтары үшін оларға дұға ететін; Олар пұттары Аллаһтың алдында өздеріне шапағатшы болады және тілектерін орындайды деп сенетін.

– пұттарына қажылық жасап, оларды айналып, тауаф ететін, оларға құлдық ұратын және сәжде жасайтын;

– пұттарына түрлі әрекеттермен жақындауға тырысып, оларға арнап құрбандық шалатын және олардың аттарын атап мал соятын. Бұл туралы Аллаһ тағала: **«Сондай-ақ** (сендерге Аллаһтан өзгеге құрбандық шалу үшін) **орнатылған тастар үстінде сойылған малдар** (тыйым салынды)»[1]; **«Аллаһтың есімі аталмағандардан жеменде»**[2], – деген.

– азықтары мен сусындарының және егіндері мен малдарының бір бөлігін пұттарына арнап, құрбандыққа ажырататын; Бір қызығы, арабтар аталмыш мүліктерінен Аллаһқа да арнап, үлес бөлетін және көбінесе әлдебір себептермен Аллаһқа ажыратқандарын ауыстырып, пұттарының үлесіне қосатын. Бірақ ешқашан пұттарына арналғанды Аллаһтың үлесіне ауыстырып қоспайтын. Аллаһ тағала: **«Олар Аллаһқа Оның Өзі жаратқан егін мен малдардан үлес ажыратып, жалаң ойларымен: «Бұл – Аллаһқа, ал бұл – серік етіп қосқандарымызға», – деді. Серік еткендеріне арналғанды Аллаһқа деп бөлген үлестеріне қоспайтын да, ал Аллаһқа арналғанды серік еткендерінің үлестеріне қосатын. Олардың ұйғарғандары қандай жаман»**[3], – деген.

– олардың пұттарына жақындық іздеу тәсілдерінің бірі егіндері мен малдарынан нәзір атау еді; Аллаһ тағала: **«Олар өздерінің жалаң ойлары бойынша: «Мына малдар және егін тыйым салынған. Оны біз қалағаннан басқа ешкім жемейді», – дейді. Сондай-ақ кейбір малдарды мінуге тыйым салды. Ал бір малдарға олар Аллаһқа жала тоқып, оның есімін атамайды»**[4], – деген.

Олар мұндай нәзірлерін бахира (құлағы тілінген), сәиба (босатып жіберілген), уасила (жалғастырушы) және хами (тыйым салынған) деп атайтын. Ибн Исхақтың түсіндіруінше, бахира – бір түйенің арасында еркек бота болмаған, қатарынан ұрғашы боталаған оныншы ұрғашы төлі. Мұндай төл мен оның анасы босатып жіберіліп, мінілмейтін, жүні алынбайтын және қонақтардан өзгелерге сүтін ішуге рұқсат етілмейтін. Оның анасы сәиба, ал

[1] «Мәида» сүресі, 3-аят.
[2] «Әнғам» сүресі, 121-аят.
[3] «Әнғам» сүресі, 136-аят.
[4] «Әнғам» сүресі, 138-аят.

баласы бахира деп аталатын. Уасила – қатарынан бес рет егіз туып, тек ұрғашы төлдеген қой. Мұндай қойдың бұдан кейінгі төлін еркектер ғана жеп, әйелдер жемейтін. Бірақ оның төлі әлдебір себеппен өліп қалса, оны еркектер мен әйелдер қосылып жей беретін. Хами – баласы қатарынан он рет ұрғашы болып туылған бура. Оған мінуге тыйым салынатын, жүні алынбайтын және түйелердің арасына жіберіліп, оны басқа мақсатқа пайдаланбайтын. Осыған қатысты Аллаһ тағала: **«Аллаһ бахира, сәиба, уасила және хамға қатысты еш нұсқау бермеді. Бірақ кәпірлер Аллаһқа** (нұсқау берді деп) **өтірік тоқиды. Негізінде, олардың көбісі ақылмен ұғынбайды»**[1]; **«Олар: «Бұл малдардың құрсағындағы біздің еркектеріміз үшін арналып, жұбайларымызға тыйым салынған. Ал егер өлі болса, онда олар оған ортақ болады», – деді»**[2], – деген. Мұндай малдардың түсіндірмесі жайлы өзге де пікірлер бар.

Сағид ибн Мусаййаб мұндай малдардың мүшріктердің пұттарына арналғандығын нақты нұсқаған және бір «сахих» хадисте Пайғамбарымыз (с.а.с.) Амр ибн Лухайдің сәибаларды босатқан алғашқы кісі болғандығын айтқан[3].

Арабтар мұндай істердің барлығын пұттары үшін жасайтын және оларды өздерін Аллаһқа жақындатады, Оның алдында шапағатшы болады деп сенетін. Құранда Аллаһ тағала: **«Одан өзге қамқоршылар етіп алғандар: «Біз оларға өзімізді Аллаһқа көбірек жақындатулары үшін ғана табынамыз»**(, – дейді)»[4]; **«Олар Аллаһты қойып, өздеріне зиян да жасай алмайтын, пайда да тигізе алмайтындарға табынады және: «Бұлар – Аллаһтың алдында біздің шапағатшыларымыз», – дейді»**[5], – деген.

Арабтар қауырсыны жоқ жебелермен бал ашып, бақтарын сынайтын. Олар сапарға шығу, үйлену, т.б. істерге кіріспес бұрын жебелерге «иә», «жоқ» және «беймәлім» деп жазып, оларды суырып, бал ашатын. «Иә» деп жазылған жебе шықса, сол шаруаға кірісетін, егер «жоқ» деп жазылған жебе шықса, ол шаруаны сол жылдан кейінге қалдырып, келесі жылы бақтарын сынайтын, ал егер «беймәлім» деп жазылған жебе шықса, жебені қайтадан суыратын. Тіпті олар «құдық қазамыз ба, жоқ па», «өлтірілген адамға құн төленеді ме, жоқ па» деген мәселеде де осындай жебелерге жүгінетін. Және де арабтар араларындағы біреудің тегіне қатысты күмән пайда болса, оны пұттары Һубәлге апарып, бал ашатын адамға жүз түйе беретін. Ал ол жебелерге «сендерден», «сендерден өзгелерден» және «көршілес» деп жазып, бал ашатын. «Сендерден» деп жазылған жебе шықса, бұл адам олардың аталасы саналатын, егер «сендерден өзгелерден» деп жазылған жебе шықса, олардың одақтасы болатын, ал егер «көршілес» деп жазылған

[1] «Мәида» сүресі, 103-аят.
[2] «Әнғам» сүресі, 139-аят.
[3] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» (1/499) келтірген.
[4] «Зумәр» сүресі, 3-аят.
[5] «Юнус» сүресі, 18-аят.

жебе шықса, бұл адам олардың арасында қалатын, бірақ олардың аталасы да, одақтасы да болмайтын.

Сондай-ақ арабтар түйе сойып, оның етін жебе суыру арқылы ұтысқа тігіп, құмар ойнайтын. Сәуегейлер мен көріпкелдердің және жұлдызшылардың хабарларына сенетін. Олар сәуегей (каһин) деп келешекте болатын істер жайлы хабарлайтынын, құпияларды білетінін жариялайтын адамды атайтын. Сәуегейлердің кейбірі өзінің хабар жеткізетін жын көмекшісі барын, кейбірі ғайыпты өзіне берілген ерекше пайым-түсінікпен білетінін айтатын. Ал кейбіреулері істерді оның алдында болатын жайттар мен оның болатынын көрсететін себептер арқылы, мысалы: сөйлескен адамның сөзіне, ісіне немесе жағдайына қарап білемін деп жариялайтын. Олардың бұл түрі көріпкел (арраф) деп аталатын. Олар сияқтылар ұрланған, жоғалған, т.б. заттарды тауып беремін дейтін. Жұлдызшылар – әлемде келешекте болатын жағдайлар мен оқиғаларды білу үшін жұлдыздардың, яғни аспан денелерінің қозғалыстары мен орындарын бақылайтын адамдар. Негізінде, жұлдызшылардың хабарларына илану жұлдыздарды құдіретті деп сену болып табылады. Сонымен бірге арабтар жұлдыздарды жаңбыр жаудырады деп сеніп: «Бізге мына-мына жұлдыз себепті жаңбыр жауды», – дейтін.

Арабтарда жаман ырымға сену, яғни бірдеңені кесірлі санау әдеті бар еді. Негізінен арабтар бір құсқа немесе бөкенге тақап барып, оны үркітетін және ол оң жағына өтсе, мұны жақсыға балап, бетке алып шыққан жолдарын жалғастыратын. Ал ол сол жақтарына өтсе, мұны жаман ырым санап, кері қайтатын. Сондай-ақ олар жолда қарсы алдарынан құстың не бір жануардың шығуын да жаман ырымға балайтын.

Олардың кейбір күндер мен айларды, кейбір жануарларды, кейбір үйлер мен әйелдерді кесірлі санауы, аурудың Аллаһтың қалауынсыз өздегінен жұғатындығына және байғыз құсын өлім шақырады деп сенуі де осыған ұқсас. Арабтар өлтірілген адамның кегі алынбайынша, оның жаны тыныштalмайды, оның рухы байғызға айналып, сахараны кезіп: «Шөлдедім, шөлдедім (немесе маған сусын беріңдер, маған сусын беріңдер)!» – деп ұшып жүреді. Ол кегі алынған соң ғана жаны жай тауып, тыныштalады деп сенетін.

Жәһилият кезіндегі арабтар осындай жағдайда болғанымен, оларда Ибраһим пайғамбардың дінінің қалдықтары да бар еді, олар Ибраһимнің дінін түгелдей тастамаған болатын. Бұл діннің қалдықтарына мысал ретінде Қағбаны қастерлеуді, оны айналып тауаф етуді, қажылық пен умра жасауды, Арафат пен Муздалифаға тоқтауды, құрбандық малдарын шалуды атауға болады. Бірақ олар бұл рәсімдерге түрлі өзгерістер, жаңалықтар енгізген. Мысалы, құрайыштар «біз Ибраһимнің ұрпағымыз, қасиетті аймақ пен Қағбаның иесіміз, Меккенің тұрғындарымыз, арабтардың ешқайсысының біздікіндей құқығы, біздікіндей мәртебесі жоқ, бізге Харам аймағынан сыртқа шығуға болмайды» деп, Арафатқа бармастан, Муздалифадан

қайтатын. Аллаһ тағала оларға қатысты: **«Сонан соң ел қайтқан жерден қайтыңдар»**[1] деген аятын түсірген.

Құрайыштар өздерін «хумс» (дінге берілгендер) деп атайтын және «ихрам жағдайында хумстарға құрт қайнатуға, май шайқауға болмайды» дейтін. Сондай-ақ олар ихрамнан шыққандарына дейін киіз үйлерге кірместен, тері шатырларда ғана көлеңкелейтін.

Олар «қасиетті жерге сырт аймақтардан қажылық не умра жасап келгендердің өз елдерінен әкелген азықтарын жеуіне болмайды» дейтін.

Және олар сырт аймақтағыларға Меккеге келген кездеріндегі алғашқы тауафтарында Қағбаны хумстардың киімімен ғана айналуды бұйыратын. Сөйтіп шеттен келгендер мұндай киім таппаса, ер адамдар Қағбаны жалаңаш күйлерінде тауаф ететін. Ал әйелдер іш көйлектерінен басқа барлық киімін шешіп, тауаф ете жүріп:

«Бүгін (әуретімнің) кейбір бөлігі немесе барлығы көрінуде

Бірақ оның көрінгеніне (қарауға) рұқсат етпеймін», – деп өлеңдететін. Аллаһ тағала бұған қатысты: **«Әрбір мешітте көріктеріңді ұстаңдар»**[2] деген аятты түсірген. Ал біреу арланып, елінен әкелген киімімен тауаф жасаса, тауафтан соң оны лақтырып тастап, бұдан кейін оны өзі де, басқа біреу де пайдаланбайтын.

Және де құрайыштар ихрам халінде үйлеріне есіктен кірместен, үйлерінің арқа жағынан кіріп-шығу үшін ор қазып алатын және мұндай сорақылықты игілік деп санайтын. Бірақ Құранда Аллаһ тағала оған тыйым салып: **«Үйлерге арт жағынан келулерің игілік емес. Алайда, игілік – біреудің тақуалық етуі. Үйлерге есіктерінен келіңдер әрі Аллаһтан қорқыңдар»**[3], – деген.

Мұндай дін ұстанушылық Аллаһқа серік қосуға, пұтқа табынушылыққа, болжамдар мен аңыз әңгімелерге негізделген еді және арабтардың көпшілігі осы дінді ұстанатын. Сонымен бірге араб жерлеріне иудей, христиан, мәжуси және сабилік діндер де кірген болатын.

Кезінде яһудилердің бірнеше тайпасы сыртқы күштердің қысымымен Палестинадан Хижаз жеріне босып келген-ді. Олар Ясриб, Хайбар және Тәймәда қоныстанып, онда елді мекендер құрып, қамалдар мен бекіністер тұрғызды. Осы босқындар арқылы арабтардың бір бөлігіне иудей діні тарады. Ислам келген уақытта, арабтардың арасында яһулердің хайбар, надир, мусталиқ, құрайза және қайнұқағ деп аталатын белгілі тайпалары өмір сүрді. Сонымен қатар иудейлік Йемен жеріне де тараған.

Христиан діні негізінен араб елдеріне эфиоптар мен византиялықтардың басқыншылығы, яғни эфиоптардың Йемен аймағын, ал византиялықтардың Шам өлкесін жаулауы арқылы кірген. Ал нажрандықтар христиандықты бір тақуаның уағыздауымен қабылдаған. Тіпті кезінде эфиопиялықтардың

[1] «Бақара» сүресі, 199-аят.
[2] «Ағраф» сүресі, 31-аят.
[3] «Бақара» сүресі, 189-аят.

патшасы Абраһа Йеменде христиандықты тарату мақсатымен «Йемендік Қағба» деп аталатын шіркеу тұрғызып, Меккедегі Қағбаны бұзуды және арабтардың қажылығын Йеменге ауыстыруды қалаған. Бірақ Аллаһ тағала оның бұлай жасауына жол бермеді.

Христиан дінін ғассан әулетінің арабтары, тағлуб пен тай тайпалары және Византиямен шекаралас өзге тайпалар, Хираның кейбір патшалары да қабылдаған.

Мәжуси дінін ұстанатын арабтардың көпшілігі парсылармен көршілес елдерде, Ирақта, Бахрейнде, Һажарда және Араб шығанағы жағалауларына жақын аймақтарда өмір сүрді. Парсылардың билігі тұсында Йеменнің біраз тұрғындары да мәжуси дінін ұстанды.

Бір кездері Ирақта, Шам өлкесінде, Йеменде және Араб шығанағының жағалауларында сабилік дінді ұстанушы арабтар да болған.

Исламның таңы атқанда, арабтардың діни ахуалы осындай жағдайда болатын және олардың ұстанған діндері өзгеруге, бұрмалауға ұшыраған-ды. Мысалы, Ибраһим пайғамбардың дінін ұстанымыз дейтін мүшріктер Ибраһимнің шариғатының бұйрықтары мен тыйымдарынан алыс, ол үндеген көркем мінез-құлықтарды елеусіз қалдырған, көптеген күнәлі істерге бой алдырған күйде еді. Уақыт өте келе олардың арасында пұтқа табынушыларға тән, діни аңыз әңгімелерге негізделген әдет-ғұрыптар пайда болды және бұл әдет-ғұрыптар қоғамдық, саяси, діни ахуалдарға барынша теріс ықпал етті.

Иудей діні рия мен билеушілікке негізделген, дінбасылары Аллаһтан өзге раббыларға айналған жағдайда болды. Олардың дінбасылары халыққа билігін жүргізетін және оларды көңілдеріндегі ойлары, еріндерінің қыбырлағаны үшін де есепке алатын. Олар мақсаттарын байлық пен билікке арнап, оған қандай жолмен болса да жетуге тырысты және діннің зая болуына, шектен шығушылық пен кәпірліктің тарауына, Аллаһ тағала қастерлеуді бұйырған тағылымдардың аяқ асты болуына мүлдем көңіл бөлмеді.

Ислам келгенде, христиан діні түсініксіз пұтқа табынушылыққа айналған жағдайда еді, христиандар құдай мен адамның таңғаларлық қоспасын ойлап тапқан болатын. Христиандық осы дінді ұстанушы арабтардың жүректеріне шынайы түрде ықпал еткен жоқ, өйткені христиан дінінің тағылымдары арабтардың үйреншікті, бас тарта алмайтын өмір сүру үлгілеріне жат еді.

Жалпы қай дінді ұстанса да, барлық арабтардың ойлары мен сенімдері ұқсас, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері ортақ болатын.

Исламға дейінгі арабтардың қоғамдық ахуалы

Араб қоғамының отбасында ер адам толықтай басшылық жасады, отбасындағы соңғы сөзге ер адам нүкте қоятын. Әйелді күйеуге қамқоршылары ұзататын және әйелдің қамқоршыларына қарсы шығуға құқығы болмайтын. Әдетте жәһилият дәуірінде арабтар үйленетін болса,

Исламның кезіндегідей біреудің қызына немесе қамқорлығындағы әйелге құда түсіп, әйелге тиесілі мәһрін беріп, отау құратын. Алайда оларда еркек пен әйелдің қатынасында сондай бір жеркеніште, масқара, арсыз қылықтар да кездесетін. Мысалы, ер адам әйеліне етеккірінен тазарған кезінде: «Пәленшеге барып, онымен жақындас», – дейтін. Сөйтіп әлгі кісіден бала көтергені анықталғанға дейін әйелімен жақындаспайтын. Ал одан жүкті болғаны анықталған соң, қаласа, күйеуі әйелімен жақындаса беретін. Олар мұндай сорақылықты асыл тұқымды бала алу ойымен жасайтын.

Исламға дейінгі араб қоғамында зинақорлық кең етек алған-ды, тіпті жезөкшелер есіктеріне белгі ретінде жалау іліп қойып, өздеріне келген еркектерді қабылдайтын. Мұндай жезөкшелердің бірі жүкті болып қалса, жақындасқан адамы оннан аз болған жағдайда, босанғанынан бірнеше күн өткен соң, өзімен жақындасқан кісілерді жинап, баланы олардың арасындағы өзі қалаған кісіге таңып: «Бұл – сенің балаң», – дейтін. Ал оның жақындасқан адамы оннан көп болса, жақындасқан адамдары жиналып, қаифтарды[1] шақыратын да, бала қаифтар нұсқаған кісіге таңылып, соның баласы саналатын және кісі баланы қабылдаудан бас тарта алмайтын. Ислам келген соң, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) мұндай арсыздықтардың барлығына тыйым салды.

Арабтар тайпаралық соғыста жеңіліс тапқан рулардың әйелдерін тұтқынға алып, тұтқынға түскен әйелдермен жөн-жосықсыз жақындасатын және олардан туған балалар өмір бойы масқаралықтан арылмайтын.

Жәһилият кезінде арабтар әйелдердің санын шектеместен, көп әйелдерге үйленетін, апалы-сіңлілі әйелдерге қатар үйленетін және әкелері ажырасқан, әкелерінен жесір қалған әйелдерге үйлене беретін. Бұл туралы Аллаһ тағала: **«Әкелерің үйленген әйелдерге үйленбеңдер. Бірақ, бұрын өткені өтті. Өйткені, бұл – бір арсыздық, жеккөрінішті іс және жолдың жаманы. Сендерге аналарыңа, қыздарыңа, әпке-қарындастарыңа, әкелеріңмен бір туған әйелдерге, шешелеріңмен бір туған әйелдерге, бір туған бауырларыңның қыздарына, бір туған әпке-қарындастарыңның қыздарына, өздеріңді емізген сүт аналарыңа, бір еміскен сүт бауыр әпке-қарындастарыңа, әйелдеріңнің аналарына, үйленіп, жақындасқан әйелдеріңнің** (бұрынғы күйеуінен болған) **қолдарыңдағы өгей қыздарыңа үйлену тыйым салынды, егер ол әйелдерге жақындаспаған болсаңдар, сендерге күнә жоқ. Әрі бел балаларыңның әйелдері және әпке-сіңліліге қатар үйленулерің тыйым салынды. Бірақ, бұрын өткені өтті. Ақиқатында, Аллаһ – өте Кешірімді, ерекше Рақымды»**[2], – деген.

Ерлі-зайыптылардың ажырасуы да толықтай ер адамның қолында болды.

Жәһилият дәуіріндегі арабтардың басы азат әйелдерге қарағанда күңдермен ойнастық жасауы жиірек кездесетін. Мысалы, Әбу Дауд Амр ибн

[1] Қаиф – із кесуші әрі адамдардың табандарына қарап олардың өзара туыс немесе туысқан еместігін ажырата алатын адам.

[2] «Ниса» сүресі, 22-23 аяттар.

Шұғайб арқылы оның атасынан жеткізген хадисте бір кісі орнынан тұрып: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Негізінде, пәленше – менің балам. Жәһилият кезінде оның анасымен ойнастық жасағанмын»*, – дегенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Исламда баланы біреуге таңушылық жоқ, жәһилияттің ісі жоғалды. Бала төсектікі, ал ойнастық жасағанның балаға құқығы жоқ»***, – деп шешім айтқан[1]. Сондай-ақ Сағд ибн Әбу Уаққас пен Абд ибн Зәмғаның Зәмғаның күңінің баласы Абдур-Рахман ибн Зәмғаға таласқаны жайлы хадис те бар[2].

Араб қоғамында ер адамның балаларымен қатынасы әр түрлі болды. Олардың кейбірі балаларын бауыр еті санайтын, ал кейбіреулері масқаралық пен мұқтаждықтан қорқып, қыздарын тірідей жерге көметін, кедейлік пен жарлылықтан қорқып, туған балаларын өлтіретін. Аллаһ тағала: **«Балаларыңды кедейлікті себеп етіп өлтірмеңдер. Сендерге де, оларға да Біз ризық береміз»[3]; «Олардың бірі қыз баламен сүйіншіленген кезде, ішінен тынып, жүзі қарайып кетеді. Өзіне сүйіншіленгеннің қапалығынан адамдардан жасырынады. Ол оны қорлықта ұстайды ма әлде оны топыраққа көмеді ме? Естеріңде болсын! Олардың шешімдері қандай жаман!»[4]; «Мұқтаждықтан қорқып, балаларыңды өлтірмеңдер.**

---

[1] Хадисті Әбу Дауд («Бала төсектікі» деген тарауда) және Ахмад «Муснадында» (2/207) келтірген.

[2] Мұнда әл-Бұхари, Муслим және басқалар Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хадиске сілтеме жасалған. Онда Айша: *«Сағд ибн Әбу Уаққас пен Абд ибн Зәмға бір балаға қатысты дауласқан еді. Сағд: «Уа, Аллаһтың елшісі! Мынау менің бауырым Ғұтба ибн Әбу Уаққастың баласы. Ол маған бұл өзінің баласы екенін айтып тапсырған еді. Оның ұқсастығын қарашы», – деді. Абд ибн Зәмға: «Уа, Аллаһтың елшісі! Бұл – менің бауырым, әкемнің төсегінде оның күңінен туылған», – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оның ұқсастығына қарап, Ғұтбаға анық ұқсайтынын көрді. Бірақ* (Пайғамбар (с.а.с.))***: «Ол сенікі, ей, Абд! Бала төсектікі, ал зина жасаушының балаға құқығы жоқ. Ей, Сәудә бинт Зәмға! Оның алдында хижабпен жүр»***, *– деді. Содан ол* (бала) *Сәудәні ешқашан көрмеді»*, – деген. Хадисте баланы зинақорға телімеу меңзелген, бірақ бұл бала онымен емес дегенді білдірмейді. ***«Бала төсектікі»*** деген тіркес, бала өз күйеуінен құрсақ көтеруі мүмкін әйелдің төсегінде туылса, ол ата-анасынан мұра алады, ал ата-анасы одан мұра алады. Мұнда ол ата-анасына ұқсай ма, ұқсамай ма – оның айырмашылығы жоқ. Ал Пайғамбарымыздың (с.а.с.) әйелі Сәудәға баланың алдында хижабпен жүруді бұйырғанына келсек, ән-Нәуәуидің айтуынша, бұл сақтық шарасы үшін жасалған болатын. Өйткені ол шынымен де Ғұтба ибн Әбу Уаққастың баласы болып, Сәудәнің махрамы болмауы мүмкін еді. Әйтсе де шариғат үкімі сыртқы белгілерге қарайды, сондықтан бұл бала Сәудәнің бауыры саналады. Сағд ибн Әбу Уаққас жәһилият кезінде бауыры Ғұтбаның бұл бала онымен екенін айтқанын естіген болатын. Бірақ Сағд Ислам шариғаты мұндаймен келіспейтінін білмеген еді.

[3] «Әнғам» сүресі, 151-аят.

[4] «Нахл» сүресі, 58-59 аяттар.

Оларға да, сендерге де Біз ризық береміз»[1]**; «Тірідей көмілген қыз сұралған кезде; Ол қай күнәсі үшін өлтірілді»**[2], – деген.

Алайда мұндай тағылық аса кең тарамаған, өйткені арабтар жауларынан қорғанулары үшін балаларға мұқтаж болатын.

Арабтардың бауырларымен, көкелерінің ұлдарымен және аталастарымен арақатынасы берік болды. Олар әулеттің намысын қорғау үшін жан беріп, жан алысатын. Тайпаларды рулық намыспен бірге ауызбіршілік басқаратын, қоғамдық жүйе ұлттық және туысқандық намысты қорғауға негізделген болатын. Олар бауырына қысым көрсетіліп жатса да, бауырының өзі біреуге қысым көрсетіп жатса да көмектесетін. Ал Ислам бұған тура қырынан қарап, бауыры біреуге қысым көрсетіп жатса, жәһилият кезіндегідей қосыла қысым көрсетпестен, бауырына оны бұдан тыю арқылы көмектесуді бұйырды.

Дегенмен, үстемдікке, басшылыққа таласушылық көбінесе бір атадан тараған рулардың арасында соғыс өртінің тұтануына алып баратын. Бұған мысал ретінде әус пен хазраж, абс пен зибйан, бәкір мен тағлуб тайпаларының, т.б. рулардың текетіресін атау мүмкін.

Ал түрлі аталардан тараған тайпалардың арақатынасы толықтай ымырасыздықта, ыдыраушылықта еді. Күштері соғыстарға зая болатын. Тек дін мен аңыздың қоспасынан туған кейбір ғұрыптар мен салттардан қорқу ғана кейде соғыстың өртін басатын. Кейбір жағдайларда достастық, одақтастық және бодандастық та әр түрлі тайпалардың бірігуіне себеп болатын. Тыйым салынған айлар олардың өмірлері мен тұрмыс-тіршілігіне көп қайырын тигізетін[3].

Тоқ етері, Исламға дейінгі арабтардың қоғамдық ахуалы төмен жағдайда, нашар әрі адасушылықта еді. Надандық тамырын тереңге жайған, халықтың санасын аңыз әңгімелер жаулаған болатын. Адамдар мал тәрізді өмір сүретін, әйелдер саудаға салынатын, кейде оларды еркектер зат сияқты көретін. Ұлттың тұтастығы ыдыраған, сын көтермейтін күйрек халде еді. Билеушілердің басты мақсаты халықтың есебінен өзінің қазыналарын толтыру немесе басқыншылықтары негізінде соғыс жүргізу ғана болды.

Исламға дейінгі арабтардың экономикалық ахуалы

Олардың экономикалық ахуалы да мәз емес-ті. Өйткені арабтардың ең негізгі кәсіптері сауда еді, ал сауда ісі қажетті тауарларды қауіпсіз тасымалдаумен ғана алға басады. Бірақ Араб жазирасы соғысуға тыйым салынған айларда болмаса, тауар тасымалына қауіпсіз деуге келмейтін.

---

[1] «Исра» сүресі, 31-аят.

[2] «Тәкуир» сүресі, 8-9 аяттар.

[3] Арабтар ай күнтізбесіндегі бірінші, жетінші, он бірінші және он екінші айлар – мухаррам, ражаб, зул-қағда және зул-хижжа айларында тайпаралық соғысқа тыйым салатын.

Арабтардың Ғұказ, Зул-Мәжәз, Мәжәннә, т.б. әйгілі жәрмеңкелері осы айларда ұйымдастырылатын.

Арабтар өнеркәсіптен алыс халық еді, тоқыма, тері өңдеу, т.с.с. өнеркәсіппен шұғылданатын арабтардың негізгі бөлігі Йемен мен Хира аймағын және Шам өлкесінің жоғарғы жақтарын мекендейтін. Ал Араб жазирасының ішіндегі халықтар егіншілікпен, малшаруашылығымен, әйелдері жіп иірумен айналысатын. Бірақ табыстар көбінесе соғысқа жұмсалып, жалпы халық жоқшылықта, аш-жалаңаш күн кешті.

Исламға дейінгі арабтардың моральдық ахуалы

Жәһилият дәуіріндегі арабтардың моральдық төмен қасиеттері, жаман қылықтары, дені дұрыс ақыл құптамайтын, ар-ұждан келіспейтін істері болғаны мәлім. Алайда олардың артықшылыққа ие, таңғаларлық әрі сүйсінерлік мақтаулы қасиеттері де болды. Олардың мақтаулы қасиеттері:

– **жомарттық;** Арабтар жомарттықта бір-бірімен жарысатын әрі жомарттық істерімен мақтанысатын. Олар жомарттықтарымен мақтанып және біреулердің жомарттығын дәріптеп, өлеңдерінің жартысына жуығын осы тақырыпқа арнаған. Сол кездегі арабтар үйлеріне суық күндерде, ашаршылықта келген қонаққа жомарттықтың жетегімен өзін және отбасын асырап отырған жалғыз түйесін сойып беретін. Жомарттықтарының нәтижесінде олар қантөгісті тоқтату, бір адамды құтқару үшін орасан үлкен құн төлемдерді, ауыр міндеттерді мойындарына алатын және мұнымен өзгелердің, басшылар мен көсемдердің алдында мақтанатын.

Арабтар шарапты жомарттық тудырады, адам жанына кеңпейілдік, жайсаңдық дарытатын ішімдік деп санайтын және жүзім ағашын «жомарттық», ал оның шарабын «жомарттықтың қызы» деп атайтын.

Олар құмар ойынын да жомарттықтың себебіне балайтын және ойыннан ұтқандарын немесе ұтыстан қалып қойған дүниелерді кедей-кепшіктерге тарататын.

– уәдеде тұру; Арабтар уәдесінде тұруға, оны орындауға қатты қарайтын, тіпті уәдесін орындамауға қарағанда туған балаларының өлуі, үйлерінің ойран болуы жеңіл деп санайтын.

– намысқойлық және қорлық пен төмендетуге көнбеушілік; Арабтар намысқойлықтары себепті аса ержүрек, өте қызғаншақ, тез ашуланатын қызба мінезді болып келетін. Олар өздерін кемсіткен, төменсіткен бір сөзді есті салысымен, қылыштары мен найзаларына тұра жүгіріп, толассыз соғыстар тудыратын және осы үшін жандарының құрбан болуларын елең де қылмайтын.

– алған бетінен қайтпайтын қайсарлық; Арабтар өздері абыройлы, даңқты көрген бір іске шешім қабылдаса, оларды бұдан ешкім де, ештеңе де қайтара алмайтын. Олар осы жолда бастарын бәйгеге салып, қатерге тігетін.

– ұстамдылық, төзімділік, байсалдылық; Олар ұстамдылықтарымен мақтанатын. Арабтар асқан батыр, соғысқа тез бой алдыратын халық болғандықтан, олардың арасында ұстамдылық абыройлы қасиет саналатын.

– далалық таза табиғат, қалалық өмірдің былықтары мен қулық-сұмдықтарын білмеу. Осы қасиеттері себепті арабтар шыншыл, аманатшыл болып келетін, алдау-арбау мен қиянатты, опасыздықты жек көретін.

Осы құнды қасиеттер мен Араб жазирасының жер шарындағы жағрафиялық орны арабтардың бүкіл адамзатқа жіберілген діннің жүгін арқалаушылар ретінде таңдалуына себеп болды. Өйткені біз сөз еткен қасиеттердің кейбірі жамандыққа апаратын, қайғылы оқиғалар тудыратын болғанымен, олар негізінде біраз түзетсе, адамзат қоғамына игі пайдаларын тигізетін баға жетпес қасиеттер еді. Ислам дәл осылай жасап, олардың жақсы қасиеттерін ұстартып, тазалап, тамаша үлгіге айналдырды. Уәдеде тұра білу, намысқойлық, қайсарлық сияқты осындай тегеурінді күш-қайрат, зор табандылықсыз, сірә, жамандық пен бүлінуді тойтару, әділдік пен игілік жүйесін құру мүмкін болмас еді.

Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) шыққан тегі мен әулеті

Аллаһ тағала жаратқандардың ең асылы, Оның елшілерінің ең абзалы әрі пайғамбарлар күмбезінің соңғы кірпіші, қасиетті кітаптардың мөрі Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) шыққан тегі арғы атасы Аднанға дейін анық белгілі. Пайғамбардың (с.а.с.) осы аралықтағы ата-тегіне оның өмір жолын зерттеген ғалымдар мен шежірешілер бірауыздан келіскен. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Аднаннан бергі аталарын өрбітсек: арабтанған арабтардың түп аталарының бірі Аднаннан Мағд, Мағдтен Низар, Низардан Мудар, Мудардан Илияс, Илиястан Мудрика (шын есімі Амир), Мудрикадан Хузайма, Хузаймадан Кинәнә, Кинәнәдан Надр (шын есімі Қайс), Надрден Мәлик, Мәликтен Фиһр (лақап аты – Құрайыш, құрайыш тайпасы осы аталарының есімімен аталған), Фиһрден Ғалиб, Ғалибтен Луәй, Луәйден Кағб, Кағбтен Мурра, Муррадан Киләб, Киләбтан Қусай (шын есімі Зәйд), Қусайдан Абдуманаф (шын есімі Муғира), Абдуманафтан Һашим (шын есімі Амр), Һашимнен Абдулмутталиб (шын есімі Шәйбә), Абдулмутталибтен Абдуллаһ, Абдуллаһтан Мұхаммед (с.а.с.) тараған.

Ал Пайғамбардың (с.а.с.) Аднаннан Ибраһимге дейінгі аталары жайында ғалымдардың арасында пікір қайшылықтары бар. Аднанның Ибраһим пайғамбардың ұлы Исмаилдің үрім-бұтақтарының бірі екендігі белгілі. Алайда Аднан мен Исмаилдің шежіресі қанша атадан кейін қосылатыны, Аднанның аталарының нақты аты-жөндері кесіп айтарлықтай анық емес.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) анасы Әминаның ата-тегі мен Пайғамбарымыздың (с.а.с.) шежіресі Киләбта жолығады. Демек, Киләб – Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) әкесі жағынан алтыншы буындағы, ал анасы жағынан бесінші буындағы атасы. Осы Киләбтан Зуһра, Зуһрадан

Абдуманаф, Абдуманафтан Уаһб, ал Уаһбтен Пайғамбарымыздың (с.а.с.) анасы Әмина тарайды.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) тайпасы

Пайғамбарымыз (с.а.с.) дүниеге келіп, туып өскен тайпа құрайыш деп аталады. Бұл тайпа арабтардың арасында өзінің тектілігімен және биік дәрежесімен ерекшеленді. «Құрайыш» атауы, жоғарыда айтылғандай, кезінде Фиһр ибн Мәликке тағылған лақап болатын. Өз дәуірінде құрайыш тайпасының танымал тұлғалары ақсүйектерден немесе ру көсемдерінен құралды. Олардың арасында «Қусай» деген лақап атпен танылған Зәйд ибн Киләб өз алдына бір төбе еді. Ол – Аллаһтың үйі Қағбаның қорықшысы әрі қызметшісі болған алғашқы құрайыш. Қағбаның кілттері соның қолында болатын, қасиетті Үйдің есігін ашуға сол ғана құқылы еді.

Меккенің төңірегіндегі тайпалардың ішінде күн кешіп жүрген құрайыштардың басын құрап, Меккеге шоғырландырған да осы Қусай ибн Киләб. Қусай түрлі шараларды дәстүрге айналдырып, қажылардың қызметіне арқау болды. Мысалы, қажылық маусымы кезінде құрайыштар тарабынан қажыларға айрықша ілтипат көрсетіліп, оларға арнап қонақасы берілетін және қажылар үшін суға кептірілген құрма, бал, мейіз қосып әзірленген тәтті сусындар ұсынылатын.

Қусай ибн Киләб Қағбаның солтүстік беткейінен «Дар ән-нәдуа» (мәжіліс үйі) деп аталған үй тұрғызды. Құрайыштар маңызды кеңестері мен мәжілістерін осы үйде өткізетін. Бұл үй олардың қоғамдық істерінің орталығына айналды. «Дар ән-нәдуа» неке қию рәсімінің салтанатты жиындары өткізілетін және күрделі мәселелер талқыланып, маңызы зор шешімдер қабылданатын орда іспеттес еді.

Сонымен бірге Қусай соғыс бастау немесе жорыққа шығу мәселелерінде жарлықтарды өзі шығаратын әскери қолбасшылық мансабын да иеленді. Ол Мекке қаласы мен Қағбаға толықтай билік жүргізді.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) әулеті

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) тегі һашимилер әулеті ретінде танылған. Әулеттің аты Аллаһ елшісінің (с.а.с.) арғы атасы Һашим ибн Абдуманафтың құрметіне қойылған. Қусайдан мұраға қалған қажыларды сумен қамтамасыз ету және оларға қонақасы беру салтын Абдуманафтың ұлдарының ішінде Һашим жалғастырды. Ал Һашимнен кейін бұл міндетті оның бауыры Мутталиб атқарды, сонан соң мұра қайтадан Һашимнің ұлдарына өтіп, Араб жазирасында Исламның таңы атқанға дейін аталмыш үрдіс оның ұрпақтарының басшылығында жалғасын тапты.

Һашим бай-бақуат, замандастарының ортасында зор абыройға ие кісі еді. Өз тұсында ол Меккеге келген қажыларға «сәрид» деп аталатын нан ұсақ қосылған ет шалмасымен қонақасы беруге бастамашы болған. Сондықтан да

ол өзінің есімі Амр болса да, нанды ұсақтап, қажыларға сәрид әзірлейтіндігіне орай, адамдар оған «Һашим» (ұсақтаушы) деп лақап тағып, солай атап кеткен. Һашим сауданың қыр-сырын жақсы меңгерген шебер көпес еді. Ол жылына екі рет қыста және жазда керуен жабдықтап, сауда сапарына жөнелтіп отырды. Құрайыштардың осылай жылына екі рет сауда керуенімен сапарға шығу үрдісі Һашимнен қалған.

Һашим жайлы жеткен деректердің бірі: бірде ол сауда істерімен Шам өлкесін бетке алып бара жатып, жолай Ясрибке (Мәдинаға) аялдап, онда ади ибн нажжар руының қызы Сәлмә бинт Амрге үйленеді және біраз уақыт жаңа үйленген әйелінің жанында болады. Сонан соң аяғы ауыр әйелін төркінінде қалдырып, өзі Шам өлкесіне сапарын әрі қарай жалғастырады. Алайда Һашим Палестина аумағындағы Ғазза қаласына жеткенде, кенеттен дүние салады. Ал Ясрибте қалған әйелі Сәлмә ұл бала табады және дүниеге келген сәбиінің аппақ қудай шаштарын көрген анасы оған «Шәйбә» (ақшаш) деп ат қояды. Бала Ясрибте нағашы жұртында тәрбиеленіп жатты. Әкесінің Меккеде тұратын туыстары бұл жайттан хабарсыз болатын. Жоғарыда қажыларды сумен қамтамасыз ету және оларға қонақасы беру мансабы Һашимнен кейін оның бауыры Мутталиб ибн Абдуманафқа өткендігі айтылған болатын. Мутталиб тайпаластарының ортасында беделді, сөзіне жұрт құлақ асатын, абыройлы кісі еді, құрайыштар оны мәрттігіне, мырзалығына орай Файйад (арнасынан тасушы) деп атайтын. Мутталиб бауыры Һашимнің баласы Шәйбә жеті не сегіз жасқа толғанда ғана Ясрибте қандас бауырының барын біледі. Сөйтіп ол Мәдинаға жол тартып, бауырының ұлын іздеп табады, баланы көргенде, көздері жасқа толып, оны құшағына қысады. Мутталиб Шәйбәні анасынан сұрап, оның әкесі Һашимнің мүлкіне ие болатындығын және Аллаһтың қасиетті аймағында өмір сүретіндігін айтып, анасын үгіттеп, көндіріп, баланы өзімен Меккеге алып келеді. Түйеде көкесінің арқасына мінгесіп келген Шәйбәні адамдар алғашта Мутталибтің құлы деп ойлап, оған Абдулмутталиб (Мутталибтің құлы) деп ат қойып алды және бұл лақап оған өмірінің соңына дейін таңылды.

Абдулмутталиб көкесінің қолында ержетті. Ол көкесі Мутталиб қайтыс болған соң, оның мансабын иеленді және тайпаластарының арасында аталарының ешқайсысы жетпеген абырой-беделге көтерілді. Ел ішінде оның мәртебесі биік болды, тайпаластары оны жақсы көретін.

Абдулмутталиб құрайыштарға дейін бір кездері Меккені мекендеген ежелгі тұрғындар журһум тайпасы қаланы тастап кетуге мәжбүр болғанда, көміп тастаған Зәмзәм бұлағын аршып, тазалап, қажыға келгендердің игілігіне ұсыну құзырына қол жеткізді. Абдулмутталибтің бұл ісіне түрткі болған жағдай, оған түсінде Зәмзәмді тазалауы бұйырылып, құдықтың орны да нұсқалған-ды. Зәмзәмді қазу кезінде Абдулмутталиб журһумдер құдыққа көміп кеткен біраз құнды заттарды: қылыштар, сауыттар және алтыннан соғылған киіктің екі мүсінін аршып алды. Кейін ол қылыштарды балқытып,

Қағбаға есік соқтырды және киіктің мүсіндерін ерітіп, Қағбаның есігін алтын кесектерімен безендірді.

Абдулмутталибтің тұсында тарихта қалған атышулы оқиға болды. Ол Эфиопия патшасының Йемендегі әкімі Абраһа әс-Сабах бастаған қосынында алпауыт пілдері бар, алпыс мың эфиоп қолымен Йеменнен Меккеге қарай Қағбаны бұзу мақсатымен келген әскердің шабуылы болатын. Жорықтың себебі – христиан дінін ұстанатын Абраһа әл-Хабаши арабтардың Қағбаға қажылық жасайтындарын көрген соң Санға қаласында үлкен шіркеу тұрғызып, арабтардың қажылығын сол жаққа қарай бұруды қалайды. Мұны естіген арабтардың бірі шіркеуге түн ішінде күзетшілерге байқатпай кіріп, шіркеудің құбыласын нәжіспен былғап кетеді. Оның бұл қылығына ашуланған Абраһа Қағбаны қиратуға бел буып, қарақұрым әскер дайындайды. Әскердің қосынында оншақты піл болды, ал Абраһа өзі үшін ең үлкен пілді таңдап алды. Әскер Муздалифа мен Минаның аралығында орналасқан Мухассир жазығына жетіп, шабуылға көшкенде, қосындағы басты піл тізерлей шөгіп, Қағба тарапқа аяқ баспастан, орнынан тұрмай жатып алады. Олар пілді басқа бағытқа бұрса, орнынан тұра жүгіретін де, Қағбаға қарай бағыттаса, заматта шөгіп, жата кететін. Басқыншылар осылай абдырап тұрғанда, Аллаһ тағала оларға топ-топ құстар жіберді. Құстар басқыншыларды тасқа айналған лай кесектерімен атқылады. Қарлығаштар мен торғайларға ұқсайтын бұл құстардың әрқайсысында бұршақтың көлеміндей үш тастан, аяқтарында екі тас, тұмсығында бір тас болды. Тас тиген кісінің ағзалары жұлынып түсіп, өлім құшатын. Аллаһтың жіберген жазасынан соң олар мал жеген сабанның қалдығы сияқты болып қалды. Жау әскері талқандалып, көздеген мақсаттарына жете алмады. Олардың сол жерде өлгені сол жерде өлді, қашып құтылғандары жолда қырылды. Ал Абраһа Аллаһтың қаһарымен дертке шалдығып, саусақтарының ұштары түсіп қалды, ол Санғаға жүдеп-жадап әрең жеткенімен, кеудесі жүрегі көрінерліктей ойылып, азаппен өлді. Бұл оқиға Құран Кәрімнің «Піл» сүресінде қысқаша баяндалған, ол Аллаһ елшісі (с.а.с.) дүниеге келуден екі ай бұрын болған еді.

Абдулмутталибтің он ұлы болды, олардың бірі – Пайғамбарымыздың (с.а.с.) әкесі Абдуллаһ. Абдуллаһ бауырларының ішіндегі ең жақсысы, ең арлысы, әкесінің жанына жақын тартатын сүйікті баласы еді. Абдулмутталиб Зәмзәмнің көзін ашқан кезде, құрайыштар бұлаққа серіктесеміз деп, онымен біраз тайталасқан болатын. Сонда Абдулмутталиб: «Егер Аллаһ маған он ұл беріп, олар осындай жағдайларда мені қорғаштай алатын жасқа жетсе, міндетті түрде олардың бірін құрбандыққа шаламын» деп серт беріп, құрбандық атайды. Уақыт өте, айтқаны келіп, одан он ұл туып, ержетеді. Содан ол ұлдарының бірін құрбандыққа шалмақ болып, оларға жеребе тастағанда, жеребе Абдуллаһқа шығады. Берген сертін орындау үшін әкесі сүйікті баласын Қағбаға ертіп келеді. Алайда құрайыштар, әсіресе, Абдуллаһтың бауырлары мен нағашылары Абдулмутталибті бұл ойынан қайтуға үгіттейді және «сертімді қайтемін?»

деген оған көріпкел әйелге барып, кеңес сұрауын нұсқайды. Көріпкел әйел оған Абдуллаһтың қарсысына он түйе қойып, жеребе тастауды, жеребе Абдуллаһқа шықса, тағы он түйе қосуды және жеребе түйелерге шыққанға дейін әр жеребе тастаған сайын он түйеден қосып отыруға кеңес береді. Абдулмутталиб осылай жасады және жеребе әр тастаған сайын Абдуллаһқа шыға берді, ол оныншы ретте, түйелердің саны жүзге жеткенде ғана түйелерге шықты. Сөйтіп әкесі Абдуллаһтың орнына жүз түйені құрбандыққа шалды. Бұған дейін құрайыштар мен арабтарда кісінің құны он түйе болатын, осы оқиғадан соң кісі құнына жүз түйе төлеу үрдісі қалыптасты және Ислам да бұл үрдісті өзгеріссіз қалдырды. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әкесі Абдуллаһтың құрбандыққа аталуының мәнісі осы. Осыған орай Пайғамбарымыз (с.а.с.): ***«Мен – екі құрбандықтың баласымын»,*** – деп, арғы атасы Исмаил мен әкесі Абдуллаһты меңзеген[1].

Абдулмутталиб баласы Абдуллаһқа қалыңдықты өзі таңдауды жөн көріп, құрайыш тайпасының текті әрі абыройлы әйелдерінің бірі Уаһб қызы Әминаға құда түсті. Әминаның әкесі Уаһб бәну зуһра әулетінің беделді мырзасы болатын. Құдандалықтан соң Абдуллаһ пен Әмина анамыз Меккеде отау құрып, жас келіннің аяғы ауырлап, алтын құрсағында болашақ пайғамбар пайда болды. Сол аралықта Абдулмутталиб ұлын сауда істерімен Мәдина қаласына немесе Шам өлкесіне аттандырады. Осы сапарында Абдуллаһ ауыр дертке шалдығып, Мәдина шаһарында небәрі жиырма бес жасында қаза тапты және сүйегі Набиға әл-Жағдидің ауласына жерленді. Әкесі өмірден өткенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) әлі дүние есігін ашып, жанары жарық көрмеген құрсақтағы нәресте болатын.

Абдуллаһтың қалдырған бар дүниесі бес түйе мен бір отар қой және Умму Айман дейтін күния есіммен аталатын (шын аты Бәрәкә) эфиопиялық күң ғана еді. Кейін осы Умму Айман сәби Елшінің (с.а.с.) күтушісі болды.

Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) дүниеге келуі мен пайғамбарлық алдындағы қырық жыл

Дүниеге келуі

Аллаһ елшісі (с.а.с.) һашимилер әулетінде, піл жылы, рабиғ әл-әууәл айының он екінші жұлдызында, дүйсенбі күні таңсәріде Мекке шаһарында дүниеге келген. Христиан күнтізбесімен бұл мерзім 571-жылдың жиырмасыншы немесе жиырма екінші сәуіріне сәйкес келеді.

Айы күні жеткен сәби өмірге келгенде, оның анасы таңғаларлық керемет мұғжизаның куәсі болады. Ол туылғанда, анасының құрсағынан шұғыласымен Шам жеріндегі қамалдарды арайландырған нұр шашылды[2].

[1] Ибн Һишам (1/151-155), «Тарих әт-Табари» (2/240-243).

[2] Ибн Кәсир «Сира» кітабында Әмина анамыз Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) жүкті болған кезінде құрсағынан Шам жеріндегі қамалдарды жарықтандырған нұр

Сәби туылған соң, Әмина оның атасы Абдулмутталибке адам жіберіп, қуанышты хабарды жеткізеді. Немересінің дүниеге келгенін естіген Абдулмутталиб қуанышы қойнына сыймай, жас туған нәрестені қолына алғанша асықты. Атасы келіп, сәбиді қолына алып, көтеріп, Қағбаға келді. Шат-шадыман толқыған ата Аллаһқа дұға етті және немересін өмірге әкелгені үшін Аллаһқа шүкіршілік етіп, алғыс айтты. Абдулмутталиб немересіне Мұхаммед деп ат қояды. Араб тілінде бұл сөз «мақтаулы» деген мағынаны білдіреді және арабтарда бұрын мұндай есім кездеспейтін. Мұхаммедтің (с.а.с.) туғанына жетінші күн болғанда, арабтардың салты бойынша, атасы оны сүндетке отырғызады.

Өз анасынан соң Пайғамбарымызға (с.а.с.) Әбу Ләһәбтің азат еткен күңі Суәйба есімді әйел сүтана болған. Суәйба Мұхаммедті (с.а.с.) өзінің ұлы Масрухпен қатар емізеді. Ол Пайғамбарымызға (с.а.с.) дейін кезінде Хамза ибн Абдулмутталибқа сүтін берсе, Пайғамбарымыздан (с.а.с.) кейін Әбу Сәләмә ибн Абдуләсәд әл-Махзумиді де емізген болатын. Осылайша, аталмыш кісілердің барлығы Аллаһ елшісіне (с.а.с.) бір ананың сүтімен азықтанған, емшектес сүтбауырлар болып келеді.

Болашақ пайғамбардың бәну сағд тайпасындағы өмірі

Қалада тұратын арабтар нәресте туылысымен оған арнайы сүтана жалдайтын. Мұндай сүтналарды олар мейлінше шөл далада тұратын бәдәуи әйелдерінің арасынан қарастыратын. Мұның мәнісі, біріншіден, далалы, ауылды жерде өскен бала дені сау, шымыр да ширақ әрі қайратты болып қалыптасады. Ал қалада отырықшы халықтың арасында жайлаған түрлі індеттер көп еді. Екіншіден, ауылды жерде өскен бала тілі шыққаннан таза араб тілін үйренетін.

Бала Мұхаммед (с.а.с.) дүние есігін ашқан күндерде Меккеге сүт балалар қарастырып, бәну сағд ибн бәкр ибн һауазин тайпасының бір топ әйелдері келді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) әкесіз қалған, жетім болғандықтан, оны сүтаналардың ешқайсысы алғысы келмеді. Дегенмен, өзге сүт бала таппай, ешқандай таңдауы қалмаған әйелдердің бірі Халима бинт Әбу Зуәйб лажсыздан Аллаһ елшісін (с.а.с.) емізуге алады. Әуелде сәби Мұхаммедті (с.а.с.) амалсыздан алғанымен, уақыт өте Халимаға өзге әйелдер қызыға әрі қызғана қарайтын болды.

шыққандай түс көргенін, сонан соң оны босанған уақытында мұны өңінде көргенін айтқан («Сира Ибн Кәсир», 1/206). Ибн Хажар Ирбад ибн Сәриядан риуаят етілген мазмұнында барлық пайғамбарлардың аналары осындай түс көретін болғаны баяндалған хадисті келтіргеннен кейін бұл хадисті Ахмад жеткізгенін және оны Ибн Хиббан мен Хаким «сахих» деп санағанын ескерткен («Фатх әл-Бәри», 6/583). Әз-Зәһәби де «әт-Тәлхис» кітабында бұл хадисті «сахих» деп бағалаған. Ғұламалар, мысалы Ибн Кәсир «Аталмыш нұрдың Шам еліне қатысты көрінуі Аллаһ елшісінің () діні мен пайғамбарлығы сол аймақтарға да орнайтынын меңзейді» деп түсіндірген («Тәфсир Ибн Кәсир», 252).

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сүтанасы Халиманың күйеуі Әбу Кәбшә деген күниямен аталатын Харис ибн Абдулғұзза болатын. Екеуі де бәну сағд руының тумалары еді. Халима мен Харистің Абдуллаһ есімді ұлы, Әниса және Жузама есімді қыздары бар-ды. Осы үшеуі – Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Халима арқылы сүтбауырлары. Сәби Мұхаммедті (с.а.с.) сүтбауырларының ішінде Шима деген лақап есіммен аталып кеткен сүтбауыр әпкесі Жузама күтіп-бағатын.

Сүтананың отбасына келген береке

Мұхаммедтің (с.а.с.) келуімен Халиманың отбасына көп игіліктер мен береке енді, сан түрлі таңғажайып жайттар жүз берді.

Халима Меккеге жер, дала қуаң тартып, қатты құрғақшылық болған жылы келген-ді. Оның мінгені жадап-жүдеп, көтерем болғандықтан, керуеннің соңында қалып қоя беретін шабан есек еді, ал жетегінде желіні суалып, бір тамшы да сүт бермейтін түйе болатын. Шешесінің сүтіне қанағаттанбағандықтан, қарны ашып, түні бойы шыңғырып жылайтын сәбилерінің даусынан Халима мен күйеуі көз ілмейтін. Халима сүтбаласы Мұхаммедті (с.а.с.) бауырына алғаны сол екен, емшегі сүтке толып, иіп қоя берді. Кішкентай Мұхаммед (с.а.с.) тойынғанынша емді, Халиманың ұлы да сүтке тойғанынша еміп, қарындары тойған қос сәби маужырап, ұйқыға кетті.

Түйесіне барған Халиманың күйеуі түйенің желіні сүтке толып тұрғанын көреді. Ол ыдысын алып, әйелі екеуіне жетерліктей мөлшерде сүт сауып әкеледі және екеуі сүт ішіп қарындарын тойдырып, көздері ұйқыға ілінеді.

Меккеден қоныстарына қайтар жолда Мұхаммедті (с.а.с.) алдына алған Халиманың көтерем есегі өзге есектерді шаң қаптырып, ширақ та шапшаң жүріп отырды. Тіпті Халимаға жанындағы әйелдер: «Ей, Әбу Зуәйбтің қызы! Сорың құрысын! Бізге қарайласаңшы. Бұл елден мініп шыққан есегің бе?» – дейтін.

Осылайша, Халиманың отбасы тайпаларының ортасына берекелі баламен оралды. Бәну сағд тайпасы мекендейтін жер ең бір құнарсыз, шөпсіз аймақ болатын. Алайда, Мұхаммед (с.а.с.) келгелі Халималардың жайылымға жіберген қойлары кешкісін өрістен қарындары тойып, желіндері сыздап, сүтке толып қайтатын болды. Өзге отбасылар бір тамшы сүтке зар болып отырғанда, Халиманың отбасы малдарын сауып, сүт ішіп жатты. Тіпті тайпаластары қойшыларына: «Қойларды Халиманың қойшысы жайған жерге жайыңдар», – дейтін. Бірақ олардың қойлары Халиманың қойлары жайылған жерге жайылса да, құрсақтары аш, желіндері сүтсіз қайтатын.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) екі жасқа толып, Халима оны сүттен айырғанша бұл отбасына Аллаһтың берекесі мен игілігі еш толастамады.

Пайғамбар (с.а.с.) басқа балалардай емес, өзгеше өсті, екі жасқа толмастан-ақ буындары қатайған, ширақ бала болып жетілді.

Емізу мерзімі аяқталып, кішкентай Мұхаммедті (с.а.с.) сүттен ажыратқан соң, сүтананың оны өз анасына апарып табыстауы керек болды. Бірақ бала арқылы келіп жатқан игіліктерге куә болып жүрген Халиманың көңілінде оған деген қимастық сезім ұялады. Сондықтан Мұхаммедті (с.а.с.) алып Меккеге келген Халима оның анасынан баланың қаланы жиі жайлайтын оба індетін жұқтырып алуынан қауіптенетінін тілге тиек етіп, емізу мерзімі аяқталса да, сүтбаласының әлі де өздерімен бірге біраз өскенінше тұруын өтінді. Халиманың уәжін орынды санаған анасы оның Мұхаммедті (с.а.с.) қайтадан алып кетуіне рұқсатын береді. Осылайша, бүлдіршін қуанышы қойнына сыймай шаттанған сүтанасымен бірге бәну сағд тайпасына қайта оралды. Мұхаммед (с.а.с.) онда тағы да екі не үш жылдай тұрды.

Жәбірейіл періштенің Пайғамбардың (с.а.с.) кеудесін жаруы

Бірде бала Мұхаммед (с.а.с.) бәну сағд тайпасында жүргенінде, болашақ пайғамбармен бір ғажайып жағдай болды. Бұл жайттан қатты үрейленген Халима мен күйеуі оны өз анасына, туған отбасына әкеліп табыстауды жөн көрді. Бұл Жәбірейіл періште Пайғамбарымыздың (с.а.с.) кеудесін жарған оқиға еді. Бүлдіршін Мұхаммед (с.а.с.) балалармен бірге ойнап жүргенде, Аллаһқа ең жақын періште әрі Аллаһ пен пайғамбарлардың арасындағы негізгі елші Жәбірейіл (оған Аллаһтың сәлемі болсын) келіп, оны ұстап, жерге жатқызады да, кеудесін жарып, жүрегін сыртқа шығарады және жүрегінен ұйыған қанды алып тастап: *«Бұл – шайтанның сендегі үлесі»*, – дейді. Сосын Жәбірейіл Пайғамбардың (с.а.с.) жүрегін алтын жамда Зәмзәмнің суымен жуады да, жүректі біріктіріп, қайтадан орнына салады. Пайғамбармен (с.а.с.) бірге ойнап жүрген балалар Халимаға жүгіріп келіп: «Мұхаммедті өлтірді!» – деп шуылдасады. Жүгіріп келген адамдар оның реңі-түсі өзгеріп отырғандығын көреді. Бұл хабарды имам Муслим сахаба Әнәс ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген. Әнәс: *«Мен оның кеудесіндегі сол тігістің ізін көретінмін»*, – деген[1].

Пайғамбардың (с.а.с.) өз анасымен қауышуы

Қорқыныш туғызған оқиғадан кейін Мұхаммедті (с.а.с.) сүтанасы Халима Меккеге әкеліп, өз анасына табыстады. Сағынған анасымен қауышқан Аллаһ елшісі (с.а.с.) туған отбасында күн кешіп жатты. Арада екі жыл өткенде, Әмина алты жасар баласы Мұхаммедті (с.а.с.) алып, күйеуі Абдуллаһтың қабірін зиярат ету үшін Мәдина қаласына аттанады. Жоғарыда айтылғандай, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) әкесі Абдуллаһ Мәдинада жерленген болатын әрі онда бәну ади ибн нажжар руының ішінде Аллаһ елшісінің (с.а.с.) нағашы туыстары тұратын. Бұл сапарға олармен бірге Пайғамбарымыздың (с.а.с.) атасы Абдулмутталиб пен анасының қызметшісі

[1] «Сахих Муслим» (Исра туралы тарау, 1/92).

Умму Айман да шықты. Олар Мәдинада бір ай аялдап, Меккеге қайтып келе жатқандарында, жолда Әмина сырқаттанып қалады. Науқасы күшейіп, жағдайы күрт ауырлаған Пайғамбардың (с.а.с.) анасы Мәдина мен Меккенің аралығындағы Әбуа деген жерге келгенде көз жұмып, сол жерге жерленеді.

Пайғамбар (с.а.с.) атасының қолында

Анасының қазасынан кейін тұл жетім қалып, жүрегі қайта жараланған Мұхаммедтің (с.а.с.) жағдайына атасы қатты алаңдап, оған деген жанашырлық сезімі бұрынғыдан да арта түсті. Кішкентай немересін бауырына басып, жылулығы мен мейіріміне бөледі. Оған үнемі қамқор болып, барынша аялап, анасының орнын жоқтатпауға тырысты, оны ешқашан жалғыз қалдырмайтын. Абдулмутталиб сүйікті немересін, тіпті, өз ұлдарынан да артық көретін. Атасы Мұхаммедті (с.а.с.) өзінен басқа ешкім отырмайтын көрпеге отырғызып еркелететін, оның әрбір қылығына қуана мәз болатын және немересінің болашағы зор боларына кәміл сенетін.

Арада екі жыл өткенде, Пайғамбарымыз (с.а.с.) сегіз жастан сәл асқанда атасы Абдулмутталиб те қайтыс болды. Ол көз жұмар сәтінде немересінің қамқорлығын оның әкесінің туған бауыры, көкесі Әбу Талибке табыстады.

Пайғамбар (с.а.с.) көкесі Әбу Талибтің қолында

Сөйтіп, атасынан да айрылған жетім бүлдіршіннің қамқорлығын көкесі Әбу Талиб жауапкершілігіне алып, жауапкершілігін ең кемел түрде орындады. Ол Мұхаммедке (с.а.с.) аяушылықпен қарап, жанына жақын тартып, мейлінше жақсы көрді. Оны өз балаларынан кем көрмеді, тіпті олардан жоғары қойды, оған айрықша құрметпен, ізетпен қарады. Осы көкесі қырық жылдан астам Пайғамбардың (с.а.с.) жанына демеу болып, оны қызғыштай қорыды, ол үшін достасып, ол үшін жауласты.

Шам өлкесіне сапар және монах Бахира

Бірде Әбу Талиб құрайыштардың сауда керуеніне еріп Шам өлкесіне жүрмек болады. Мұхаммед (с.а.с.) бұл кезде он екі жаста еді, көкесі оны өзімен бірге ала кетеді. Керуен Шам аймағында орын тепкен, Хауран уәлаятының орталығы Бусра қаласына келіп тоқтайды. Бусра қаласы сол кездері Византияға тәуелді араб елдерінің орталығы болатын. Сол жерде құрайыштарға христиандардың монахы Бахира келеді, ол бұрын ешқашан құрайыштардың керуеніне шықпайтын. Ол керуендегі жолаушылардың барлығын шолып шығып, Мұхаммедке (с.а.с.) жақындап келеді де, оның қолынан ұстап: «Бұл – әлемдердің мырзасы! Бұл – әлемдердің Раббысының елшісі! Мұны Аллаһ әлемдерге мейірім ретінде жібереді!» – дейді. Әбу Талиб пен құрайыштар одан: «Мұны қайдан білесің?» – деп сұрайды. Ол бұған: «Сендер әлгінде мына тау соқпағына көтерілгенде, барлық тастар мен

ағаштар сәждеге жығылды. Ал олар пайғамбарға ғана сәжде етеді. Бұған қоса, мен оны жауырын сүйегінің астыңғы жағындағы алманың көлеміндей пайғамбарлық мөрі арқылы танимын, бұл туралы біздің қасиетті кітаптарымызда айтылған», – деп жауап береді.

Сонан соң Бахира құрайыштарға меймандостық көрсетіп, қонақасы береді және Әбу Талибке яһудилер мен византиялықтардан інісіне қауіп төнуі мүмкін екендігін ескертіп, оны Шамға өзімен апармай, кері қайтаруын өтінеді. Сөйтіп көкесі монахтың кеңесіне құлақ асып, Мұхаммедті (с.а.с.) қызметкерлерінің біріне тапсырып, Меккеге кері қайтарды.

Фижар соғысы

Мұхаммедтің (с.а.с.) жиырма жасында бір тарапта құрайыштар мен олардың жақтастары кинәнә тайпалары, екінші тарапта қайс айлан тайпалары майданда сап түзеген екі тараптың арасында соғыс болған. Соғыста екі тарап бірін-бірі айқын басымдылықпен жеңе алмай, шайқас итжығыс аяқталады. Күннің бастапқы бөлігінде қайс тайпасы кинәнәдан басым түссе, түске қарай кинәнә тайпасы қарсыластарынан үстем келеді. Бұл соғысқа Аллаһ елшісі (с.а.с.) де қатысып, соғыста көкелеріне жебе әперіп тұрған. Тайпаралық шайқас соғысуға тыйым салынған қасиетті айлардың бірінде жүргендіктен, «фижар соғысы» (қос тараптық бұзғындықтың соғысы) деп аталған.

Мәртебелі одақтастық (Хилф әл-фудул)

Фижар соғысының артынша құрайыш тайпасының бес әулеті: бәну һашим, бәну мутталиб, бәну әсәд, бәну зуһра және бәну тәйм өзара одақ құрып, келісім түзген. Олардың осылай өзара одақтастық құруларының себебі – зубәйд тайпасының бір саудагері Меккеге тауар әкеліп, тауарын Ас ибн Уәил әс-Сәһмиге сатады, бірақ тауарды алған Ас келіскен ақшасын төлемей қояды. Саудагер абдуддар, махзум, жумах, сәһм және ади әулетінің адамдарын ақысын айырып берулері үшін көмекке шақырады. Бірақ олардың ешқайсысы бұған аса мән бермей, елеусіз қалдырады. Ызаланған саудагер тау басына шығып, бар даусымен өзінің көрген қиянатын баяндайтын өлең жолдарын оқиды. Оның жанайқайынан туған жыр шумақтарын естіген Зубәйр ибн Абдулмутталиб: «Мына бейшараға не болған?!» – дейді. Осыдан соң тәйм әулетінің ақсақалы Абдуллаһ ибн Жудғанның үйінде жоғарыда аталған бес әулеттің өкілдері бас қосып, одақтастық құрып, Меккеде оның тұрғындарынан ба, өзге елдің адамы ма, кімде-кім жапа шегіп, біреудің әлімжеттігі не алаяқтығымен дүниесінен айрылатын болса, оған араша түсіп, болысып, ақысын қайтарып әперуге сөз байласады. Келісімнен кейін олар әлгі Ас ибн Уәил әс-Сәһмиге барып, қиянатпен иемденіп алған дүниесін өз иесіне қайтартады.

Бес әулеттің арасындағы осындай одақтастық келісімін түзу барысында кеңеске әкесінің бауырларымен бірге болашақ елші Мұхаммед (с.а.с.) те қатысқан. Бұл туралы Пайғамбарымыз (с.а.с.) өзіне Аллаһтың елшілігін арқалау міндеті жүктелгеннен кейін: ***«Мен Абдуллаһ ибн Жудғанның үйінде сондай бір одақтастық келісімге қатыстым, өзім үшін оның орнына қызыл түйелердің[1] болуын қаламаймын. Егер Исламда да сондай одақтастық келісімге шақырылсам, әлбетте қабылдар едім»***, – деген[2].

Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) айналысқан кәсіптері

Көзін ашқаннан әкесінен, жастай анасынан жетім қалған Аллаһ елшісі (с.а.с.) әуелі атасының, сонан соң көкесінің қамқорлығында өсті, оған әкесінен айтарлықтай мұра қалмаған-ды. Сондықтан Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) ер жетіп, ес жиғалы азын-аулақ күнкөрістік нәпақаға жарайтын, қарапайым шаруалармен айналысты, жас кезінде оның белгілі бір кәсібі болған жоқ. Саудамен айналысқанына дейін ол ақыға, бірнеше қарат[3] үшін меккеліктердің қойларын баққан. Осылай басқа да барлық пайғамбарлар сияқты Мұхаммед (с.а.с.) те жас кезінде қойшы болған. Пайғамбарлық міндетіне кіріскеннен кейін ол кісі: ***«Аллаһ қой бақпаған бірде-бір пайғамбарды жіберген емес»***, – деген[4].

Ал жиырма бес жасында Мұхаммед (с.а.с.) Хадишаның қаржыландыруымен Шам өлкесіне сауда сапарына аттанған. Құрайыш тайпасында өзінің тектілігімен, абыройлылығымен, байлығымен танылған Хадиша бинт Хуайлид есімді әйел болатын. Ол белгілі бір ақыға өзінің сауда істерімен айналысатын адамдар жалдайтын. Жас жігіттің шыншылдығы, ерекше аманатшылдығы сияқты жақсы қасиеттері жайлы сырттай естіп жүрген Хадиша бір күні Мұхаммедке (с.а.с.) өзі адам жіберіп, оған әдетте басқа көпестерге беретін мөлшерден әлдеқайда көп ақша беретін болып, сенім артып, сауда сапарымен Шам өлкесіне баруын ұсынады.

Мұхаммед (с.а.с.) бұл ұсыныстқабыл алып, Хадишаның қызметкері Майсарамен бірге Шам өлкесіне аттанады. Сауда сапарын аяқтап, Меккеге қайтқан Мұхаммед (с.а.с.) Хадишаның қаржысына қылдай қиянат жасамастан, түскен пайдасымен қосып, қолына тапсырады. Хадиша мұндайлық пайданы бұған дейін ешқашан көрмеген болатын.

---

[1] Сол тұста арабтарда мұндай түйелер өте құнды саналатын.

[2] Ибн Һишам (1/113, 135), шейх Абдуллаһ ән-Нәждидің «Мухтасар сира әр-расул» кітабы (30-31-беттер).

[3] Қарат – бір даниқтың жартысына тең, ал бір даниқ – дирһамның алтыдан бірі. Сол кезде бір алтын динар жүз жиырма даниқ, екі жүз қырық қарат тұратын.

[4] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» (Жалға алу кітабының «Бірнеше қарат үшін қой бағу туралы тарауында», 2262-хадис) келтірген.

Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) Хадишаға үйленуі

Хадишаға қызметкері Майсара Мұхаммедтің (с.а.с.) тамаша жан екендігін, жас жігіттің қасында жүріп көптеген ұнамды қасиеттері мен абыройлы мінез-құлықтарын көргенін, оның терең ойлылығына, шыншылдығына және сенімділігі мен адалдығына куә болғанын әңгімелеп береді. Бұларды естіген Хадиша Мұхаммедтің (с.а.с.) өмір қосуға тұрарлық жан екенін түсініп, оған көңілі ауады. Хадишаға үйленуге тайпа көсемдері мен мырзалар ынтық болатын, бірақ Хадиша олардың ешбіріне ыңғай бермейтін.

Мұхаммедке (с.а.с.) жар болуды қалаған Хадиша көңіліндегі ойын құрбысы Нафиса бинт Муниямен бөліседі. Сөйтіп құрбысы Мұхаммедке (с.а.с.) барып, оған Хадишаға үйленуіне ұсыныс жасайды. Бұл ұсынысты қабыл алып, келіскен Мұхаммед (с.а.с.) көкелерін Хадишаға құда түсуге жібереді. Көкелері Хадишаның немере ағасымен кездесіп, қарындасын інілері Мұхаммедке (с.а.с.) айттырып, құдаласады.

Құдалықтан соң болашақ пайғамбар (с.а.с.) Хадишаға үйленді. Неке келісіміне hашимилер әулетінің өкілдері мен мудар тайпасының ақсақалдары қатысты. Неке келісімі бойынша Хадиша мәһріне Мұхаммедтен (с.а.с.) жиырма жас түйе алды. Араға он бес жыл салып, пайғамбарлық шуағына бөленген бұл шаңырақ Мұхаммед (с.а.с.) Шам өлкесінен оралған соң, екі айдан кейін көтерілді. Мұхаммедке (с.а.с.) күйеуге шыққан кезінде Хадишаның жасы қырықта болатын. Өз уақытында Хадиша құрайыш тайпасының ең текті, ең бай әрі ең ақылды әйелі еді. Хадиша – Аллаh елшісінің (с.а.с.) алғашқы әйелі, Пайғамбар (с.а.с.) Хадиша қайтыс болғанға дейін оның үстіне әйел алған емес.

Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) ұл-қыздарының барлығын дерлік Хадиша анамыздан сүйді. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Мәдинада көрген ұлы Ибраһимнің ғана анасы бөлек.

Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) перзенттері

Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен Хадишаның тұңғыш ұлдары – Қасим. Аллаh елшісі (с.а.с.) осы ұлының есіміне орай «Әбул-Қасим» (Қасимнің әкесі) деген күниямен аталған. Болашақ пайғамбардың (с.а.с.) шаңырағында Қасимнен кейін Зәйнәб, Руқаййә, Умму Кулсум және Фатима есімді қыздар, сонан соң Абдуллаh атты ұл бала өмірге келді. Абдуллаh «Тайиб» және «Таһир» дейтін лақаптармен аталатын. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ұл балаларының барлығы жас кездерінде шетінеген. Ал қыздары Зәйнәб, Руқаййә, Умму Кулсум мен Фатималар әкелеріне (с.а.с.) пайғамбарлық міндет жүктелгенде, Исламды қабылдап, мұсылмандармен бірге Меккеден Мәдина қаласына қоныс аударып, сол кездегі оқиғалардың бел ортасында жүрді. Бірақ, Аллаh елшісінің (с.а.с.) ең кенже қызы Фатимадан басқа қыздарының барлығы әкелерінің көзі тірісінде дүние салған. Фатима да

Пайғамбарымыз (с.а.с.) көз жұмғаннан кейін алты ай ғана өмір сүріп, сүйікті әкесінің соңынан аттанды.

Қағбаның қайта тұрғызылуы мен қара тасқа қатысты даудың шешілуі

Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) отыз бес жасында құрайыштар араб тайпаларының киелі орны қасиетті Қағбаға құрылыс жұмыстарын жүргізіп, оның ғимаратын қайта көтермек болды. Бұған дейін Қағба Исмаил пайғамбардың кезіндегідей үлкен тастармен өрілген, биіктігі тоғыз білек, төбесі жабылмаған дуал қоршау еді. Төбесі жабылмағанын пайдаланған бір топ ұрылар Қағбаның ішіндегі қазыналарға ұрлыққа түскен жағдайлар кездескен. Оның үстіне, түрлі салдарлардың себебінен көне ғимараттың дуалдары жарылып, сетінеген де болатын.

Аллаһ елшісіне (с.а.с.) пайғамбарлық міндет жүктелуден бес жыл бұрын Меккені тасқын сел алып, әл-Харам мешітін де басқан болатын, селдің себебінен Қағбаның қабырғалары үгітіліп, көшіп, сыр бере бастады, қасиетті Үй құлаудың алдында тұрған-ды. Сондықтан құрайыштар Қағбаның мәртебесін сақтап қалу үшін ғимаратты қалпына келтіруге мәжбүр болды. Сөйтіп олар жөндеу жұмыстарына ұйымдасты және құрылысқа жұмсалатын қаржы адал еңбекпен табылған, өсімқорлық саудадан түспеген, ешкімнен күшпен не қиянатпен тартып алынбаған қаражат болуы керек деп келісті.

Бастапқыда құрайыштар ғимаратты қайта тұрғызбақ болғанда, Аллаһтың қаһарынан қорқып, Қағбаның қабырғаларын құлатуға батылдары жетпестен, бұзуға қолдары бармады. Олардан Уәлид ибн Муғира әл-Махзуми бірінші болып дуалдың іргесін ажыратып, бұзып ала бастады. Қалғандары оған ештеңе болмағанын көрген соң ғана жапатармағай, асарлата, қарқынды түрде жұмысқа кірісті. Бұзу жұмысы Қағбаның кезінде Ибраһим (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қалаған іргетасына жеткенге дейін жалғасты. Содан кейін олар Қағбаны бірнеше бөлікке, әрбір руға бір-бір бөліктен бөліп, ғимаратты қайта көтермек болды. Әрбір ру өздеріне тиесілі бөліктің дуалын өруге керекті тастарды жеке-жеке жинады. Сөйтіп Қағбаның құрылысы басталып кетті. Құрылыс жұмыстарын византиялық Бақум деген ұста басқарды.

Қағбаның дуалы қара тастың[1] орнына дейін қаланғаннан соң, құрайыштардың арасында «қара тасты орнына қою мәртебесіне кім ие

[1] Ибраһим мен Исмаил пайғамбарлар Қағбаны тұрғызуды бастап, бұрышына жеткен кезде, Ибраһим сол бұрыштың ерекше болуын қалайды. Сөйтіп ол Исмаилге осы бұрышқа лайықты бір тас әкелуін бұйырады. Бірақ Исмаил лайықты тас таппай қайтады. Қайтып келген ол бұрышқа бір тас қаланып, Ибраһимнің құрылысты жалғастырып жатқанын көреді. Исмаил: «Уа, әкетай! Бұл тасты саған кім әкелді?» – деп сұрағанда, әкесі: «Маған оны Жәбірейіл алып келді. Бұл – жаннаттан келген тас», – деп жауап береді. Ол туралы деректерде әт-Тирмизи Ибн Аббастан жеткізген

болады?» деген мәселемен дау-дамай басталды. Бұл мәртебеге әркімнің де таласы бар еді. Талас-тартыс төрт-бес күнге созылып, ушыққандығы соншалық, оның соңы қасиетті аймақта соғыс өртінің тұтануына апарып соға жаздады. Сол кезде Әбу Умәййә ибн Муғира әл-Махзумиге бір ой келіп, ол тайпаластарына «Бұл дауға мешіттің қақпасынан бірінші болып кірген адам төрелік айтсын» деп ұсыныс тастайды. Құрайыштар оның ұсынысын мақұл көріп, бірауыздан келіседі. Аллаһтың қалауымен мешіттің қақпасынан бірінші кірген Мұхаммед (с.а.с.) болды. Оны көрген жұрт даурығып: «Бұл – Мұхаммед, ол – сенімді! Біз оның төрелік айтуына келісеміз», – деп шуылдап, оның келуін барлығы қош көреді. Мұхаммедті (с.а.с.) олар жапа тармағай қарсы алып, өздері келісе алмай, дауласып жатқан істерінің жай-жапсарын түсіндіріп, шешім айтуын сұрайды. Мұхаммед (с.а.с.) бір жамылғы алдырып, жерге төсеп, қара тасты соның үстіне қояды да, дауласып жатқан рубасыларынан жамылғының шет-шетінен ұстауды сұрап, барлығына бірдей көтертеді. Рубасылары қара тасты көтеріп, орнына әкелгендерінде Мұхаммед (с.а.с.) тасты өз қолымен алып, орнына қояды. Бұл дана шешім ешбірінің көңілінде түйірдей түйткіл қалдырмай, барлығын қанағаттандырды.

Жұмыстың ауқымы үлкен болғандықтан, Ибраһим пайғамбар қалаған іргетастың барлығын қайта тұрғызуға құрайыштардың ажыратқан адал қаражаттары жетпей қалды. Сонда олар Қағбаның солтүстік жағынан алты білектей орынды ғимаратқа кіргізбей, сыртта қалдырды. Бұрын Қағбамен біртұстас болған бұл орын «әл-Хижр» немесе «әл-Хатим» деп аталады.

Қағбаның есігі жерден екі метр биіктікке жоғары орнатылды. Құрайыштар мұны Қағбаға өздері қалаған адамдарды ғана кіргізу ниетімен жасаған еді. Құрылысшылар ғимараттың биіктігі он бес білекке көтерілгенде, Қағбаның ішіне алты тіреу орнатып, оның төбесін жапты.

Осылай Қағба құрылысы аяқталған соң, төртбұрыш шамалас пішіндегі, жерден он бес метр биіктікке көтерілген ғимаратқа айналды. Оның қара тас орнатылған дуалы мен қарсы беттегі қабырғасы он, он метрден. Қара тас тауаф жасайтын жердің деңгейінен бір жарым метр биіктікке қойылған. Ал Қағбаның есігі орнатылған қабырғасы мен қарсы беттегі дуалы он екі метрден. Қағбаның ғимаратының айнала астыңғы жағында кішкене сыртқа шығыңқы бөлік бар. «Шазуруан» деп аталатын бұл бөліктің орташа биіктігі 25 сантиметр, орташа ені 30 сантиметр. Негізінде, бұл бөлік те Қағбаның іргесіне кіреді, бірақ құрайыштар оны ғимараттың дуалынан шығыңқы қалдырған.

хадисте: *«Қара тас – жаннаттан* (түсірілген). *Әуелі ол сүттей аппақ болған, алайда кейіннен Адам балаларының күнәлары себепті қарайған»* делінген. Әт-Тирмизи және басқалар оны «сахих» хадис санатына жатқызған.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) пайғамбарлыққа дейінгі қысқаша өмір жолы

Мұхаммед (с.а.с.) ерте жасынан-ақ ең жақсы қасиеттерді бойына жинап, саналылық пен дұрыс ойлылықтың тамаша үлгісі болды, ерекше пайымдылығымен, парасаттылығымен, мақсаттар мен мақсаттарға жету жолдарын дұрыс таңдай білетіндігімен дараланды. Ол әрбір істі ой таразысына салып, саралайтын, әрдайым ойға шомып жүретін және ақиқатқа жетуге ұмтылатын. Кемел ақылы әрі таза табиғаты арқылы өмірдің қыр-сырларын, адамдар мен қоғамның ахуалдарын сараптай алатын, ойдан тоқылған аңыз әңгімелерге сенбейтін. Адамдармен арақатынасында өзінің ісіне де, олардың істеріне де зер салып, зерделеп, өзгелердің жақсы істеріне ортақтасатын, ал жаман істерінен өз әдетінше бойын аулақ ұстайтын. Аллаһ тағала болашақ пайғамбарын (с.а.с.) қамқорлығына алып, оның табиғатын жақсылыққа сүйінетін және тайпаластарының жаман әдеттерінен жиренетін кіршіксіз, таза етіп қалыптастырды. Мұхаммед (с.а.с.) шарап ішпейтін, көпқұдайшыл тайпаластарының пұттарына арнап сойған малдарының етін жемейтін және пұттардың құрметіне ұйымдастырылған мерекелер мен салтанаттарға қатыспайтын. Керісінше, жас кезінен-ақ көпқұдайшылдықтан безініп, мұндай соқыр сенімді жақтырмайтын, адамдардың табынатын жалған құдайларын суқаны сүймейтін, дүниедегі ең жек көретіні осындай пұттар еді. Тіпті, тайпаластарының пұттары Латпен не Ғұззамен ант еткендерін естісе, жаны төзбей, күйінетін.

Болашақ пайғамбарды (с.а.с.) Раббысы теріс әдеттерден жан-жақты сақтады, кейде ол кейбір айыпталатын ғұрыптарға ерумен келіссе немесе нәпсісі бұл дүниенің кейбір қызықтарына араласуға тартса, Аллаһ тағала оны қамқорлығына алып, бұлай жасауына жол бермейтін. Ол ешқашан жастардың көңіл көтеру кештеріне қатысқан емес. Ибн Әсир Аллаһ елшісінің (с.а.с.): ***«Жәһилият кезіндегі адамдардың істеріне араласуға екі-ақ рет ой қылғанмын, оның екеуінде де Аллаһ ойымның іске асуына жол бермеді, одан кейін Аллаһ мені Өзінің елшілігімен құрметтегеніше ондайға ой қылған емеспін. Бір түні өзіммен бірге Меккенің жоғарғы жағында қой бағып жүрген балаға: «Менің қойларыма қарайлап тұрасың ба, Меккеге барып, жастардың кешіне қатысып қайтайын», – дедім. Ол: «Жарайды», – деді. Сөйтіп мен жолға шығып, Меккедегі бірінші үйге жеткенімде, күй аспабының әуенін естіп: «Бұл не?» – деп сұрадым. Адамдар: «Пәлен күйеу мен қалыңдық үйленіп жатыр», – деді. Мен тыңдау үшін отырғаным сол еді, Аллаһ құлағымды бекітіп, ұйықтап қалыппын. Содан күн ысыған кезде ғана бір-ақ оянып,*** (қой бағып жүрген) ***жолдасыма оралдым. Ол менен не істегенімді сұрады, мен оған не болғанын айттым. Сонан соң тағы бір түні сондай оймен***

Меккеге барғанымда да алғашқы түндегідей жағдайға түстім. Бұдан кейін жаман іске ой қылған емеспін», – дегенін риуаят еткен[1].

Әл-Бұхари жеткізген хадисте Жәбир ибн Абдуллаһ: *«Қағбаны қайта тұрғызу кезінде Пайғамбар (с.а.с.) мен Аббас тас тасуға кіріседі. Аббас Пайғамбарға (с.а.с.): «Тастың қажамауы үшін изарыңды желкеңе қойып алсаңшы», – дейді.* (Солай жасағанында) *ол жерге құлап түседі де, көздері аспанға қарап бақшиып қалады. Сосын ол есін жиып:* ***«Изарым, изарым»,*** *– деп, изарын байлап алған»,* – деген. Тағы бір риуаятта: *«Содан кейін оның әуреті ешқашан көрінген емес»,* – делінген. Бұл хадисте де Аллаһ тағаланың болашақ пайғамбарын жас кезінен-ақ жаман істерден, жәһилият кезіндегі әдеттерден сақтағандығы көрінеді.

Болашақ пайғамбар (с.а.с.) тайпаластарының ішінде ұнамды қасиеттерімен, артықшылыққа ие мінез-құлықтарымен, абыройлы сипаттарымен ерекшеленетін. Ол өскен ортасында ең бір адамгершілігі жоғары, мінез-құлқы көркем, өзгелерге қорғаншы, ұстамды, шын сөзді, табиғаты жұмсақ, көнбіс, арлы, жақсылыққа жомарт, жайсаң, істері игі, уәдесіне берік, адал да аманатшыл жан ретінде танылды. Бойындағы ізгіліктері мен жақсы қасиеттерін көрген тайпаластары оны «Әмин» (Сенімді) деп атайтын. Болашақ пайғамбар (с.а.с.) мүміндердің анасы Хадишаның сипаттағанындай, туыстармен жақсы қатысатын, шын сөйлейтін, қорғансызды демейтін, жоқ-жітікке қарайласатын, қонақты сыйлайтын және дұрыс істегі қиындықтарға жәрдемдесетін.

[1] Ғұламалар арасында бұл хадистің сахихтық дәрежесіне қатысты пікір қайшылықтары бар. Әл-Хаким мен әз-Зәһәби оған «сахих» деп баға берсе, Ибн Кәсир «әл-Бидәйә уә ән-ниһайа» кітабында оны «әлсіз» хадис санатына жатқызған.

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ

Меккедегі кезеңі

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) пайғамбарлық жүктелгеннен кейінгі өмірі екі кезеңге бөлінеді және бұл екі кезең бір-бірінен толықтай ерекшеленеді. Оның біріншісі – пайғамбарлықтың он үш жылға жуық уақытқа созылған Меккедегі кезеңі, ал екіншісі – тура он жылды құрайтын Мәдинадағы кезеңі.

Меккедегі кезеңнің өзін үш кезеңге бөлуге болады:

1) Үш жылға созылған дінге жасырын шақыру кезеңі.

2) Меккеліктерді дінге ашық шақыру кезеңі. Бұл кезең пайғамбарлықтың 4-жылынан басталып, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Мәдина қаласына қоныс аударғанына дейін жалғасқан.

3) Меккеден сырт аймақтағы халықтарды Исламға шақыру және оларға дінді тарату. Бұл кезең пайғамбарлықтың 10-жылының аяқ шенінен басталып, Мәдинадағы кезеңді де қамтиды және Пайғамбарымыздың (с.а.с.) өмірінің соңына дейін жалғасады.

Пайғамбарлық аясында

Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) Хира үңгірінде Аллаһқа оңаша ғибадат жасауы

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жасы қырыққа таяғанда, оның сана сезімі тайпаластарының шолақ түсінігінен алшақтай түсті. Осыдан соң ол жұрттан оңашалануды ұнататын болды. Нәтижесінде Мұхаммед (с.а.с.) азығын алып, Меккеден екі миль қашықтықта орналасқан Нұр тауындағы Хира үңгіріне барып, рамазан айының күндерін толықтай сонда өткізуге көшті. Ол үңгірдегі уақытын Аллаһқа құлшылық етуге және өзін қоршаған әлем мен осыларды жаратқан теңдессіз құдірет жайлы ойға шомуға арнайтын. Көпқұдайшылдықтың күйрек сенімдерін ұстануларымен бұлдыр елес қуып, құрдымға кетіп бара жатқан елінің жағдайы Мұхаммедті (с.а.с.) беймаза күйге салатын. Ол ел-жұртын мұндай адасушылықтан құтқарып алудың жолын іздейтін. Бірақ оның алдында негізге алатын анық жол, белгілі бір бағыт-бағдар жоқ еді.

Болашақ пайғамбардың (с.а.с.) мұндай оңашалықты таңдауы Аллаһ тағаланың оны ұлы аманатты арқалауға дайындауының бір шарасы еді. Осы арқылы болашақ пайғамбар (с.а.с.) жер бетіндегі әуре-сарсаңдар мен өмірдің у-шуынан және тіршіліктің алдамшы, төмен мақсаттарынан қол үзіп, өзін күтіп тұрған ұлы іске, жер шарындағы жағдайды өзгертуге, тарихтың сүрлеуін жаңа арнаға бұруға дайындалды. Аллаһ тағала оны мұндай оңашалыққа елшілік міндетін жүктеуінен үш жыл бұрын бағыттады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір ай бойы оңаша қалып, ештеңеге байланбастан, өз-өзімен ғана болып, мына әлемнің артындағы құпия сырларға ой

жүгіртетін. Мұндай дайындық ол үшін, Аллаһтың рұқсатымен, осы құпиялармен байланысқа түсетін мерзімі келгенге дейін жалғасты.

Жәбірейіл періштенің Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) уахи алып түсуі

Болашақ пайғамбардың (с.а.с.) жасы қырыққа толды. Бұл жаста адам ес тоқтатып, ақылы толысып, кемелдігі қалыптасады. Аллаһтың өзге елшілеріне де пайғамбарлық қырық жастарында жүктелген. Мұхаммедке (с.а.с.) де осы қырық жасында пайғамбарлықтың алғашқы белгілері мен нышандары байқалып, қылаң бере бастады. Меккедегі бір тас болашақ пайғамбарға (с.а.с.) сәлем беретін. Аллаһ елшісінің (с.а.с.): ***«Ақиқатында, мен Меккедегі пайғамбар етіп жолдануымнан бұрын өзіме сәлем беретін бір тасты білемін. Оны қазір де тани аламын»*** деген хадисі бар[1]. Ол өзіне уахи түскенге дейін алты ай бойы қандай түс көрсе де, көрген түсі таңның жарығындай анық келіп жүрді. Мұндай түс – пайғамбарлықтың қырық алтыдан бір бөлігі. Мұхаммед (с.а.с.) Хира үңгірінде әдетінше үшінші жылы рамазан айында оңаша ғибадат жасап жатқанда, Аллаһ тағала жер бетіндегілерге Өзінің мейірімін төгуді қалап, оны пайғамбар болу құрметіне ие етті. Аллаһ оған уахи жеткізетін періштесі Жәбірейілді Құранның бірнеше аяттарымен түсірді.

Уахи түскен уақытта Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жасы ай күнтізбесімен тура қырық жас, алты айдан асқан болатын. Пенделердің екі өмірдегі бақыты жаршыланған бұл күн рамазан айының жиырма бірінші түнінде дүйсенбі күні еді[2]. Аталмыш мерзім христиан жыл санауы бойынша 610-жылдың оныншы тамызына тура келеді. Жаратылыстың тарихында алтын әріптермен жазылған бұл күні қасиетті Кітаптың сандығы ашылды, пенделерді қараңғы түнектерден жарыққа алып шығатын нұр шашылды, Адам атадан бергі ең ұлы аманатты арқалаған елшілер тізбегінің мөрі басылды, пайғамбарлар күмбезінің соңғы кірпіші қаланды, Исламның ақ таңы атты. Сүйінші! Сүйінші, ей, пенделер! Қасиетті Кітаппен сүйін, бақытыңның қазынасын содан табасың. Жарыққа алып шығатын нұрмен сүйін, алдамшы отқа жүгірме. Пайғамбардың (с.а.с.) өсиеттері пенделерді оттан тоспақ болады, бірақ олар оған бой берместен, топырлап отқа түсіп

---

[1] Хадисті Муслим «Сахихының» (Пайғамбардың (с.а.с.) артықшылықтары туралы бөлімінде «Тастың Пайғамбарға (с.а.с.) сәлем бергені» деп аталатын тарауда) келтірген.

[2] Аллаһ тағала: **«Рамазан айы, онда адамдарға тура жол әрі туралықтың және** (жақсылық пен жамандықты) **айырудың анық дәлелдері ретінде Құран түсірілген» (Бақара, 185)**; **«Ақиқатында, Біз оны Қадір түнінде түсірдік» (Қадр, 1)**; **«Ақиқатында, Біз оны берекелі бір түнде түсірдік. Әлбетте, Біз ескерттік»**, – деген **(Дұхан, 3)**. Ал Әбу Қатада әл-Ансариден (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Аллаһ елшісіне (с.а.с.) дүйсенбіде ораза тұту жайлы сұрақ қойылғанда, ол: ***«Онда мен дүниеге келдім және онда маған уахи түсірілді»***, – деп жауап берген **(Муслим, Ахмад, әл-Байһақи және әл-Хаким).**

жатады. Исламның ақ таңымен сүйін, енді қараңғы түнектерде жол таба алмай адасудың, бағытыңнан жаңылып сенделудің еш жөні жоқ.

Пайғамбарлықтың бастамасы болған, имансыздық пен адасушылықтың қараңғы түнектерін ысырып, өмірдің ағысын жаңа арнаға бұрған, тарихтың сүрлеуін өзгерткен осы бір тұңғыш уахидің түсу оқиғасын баяндаған Айша анамыздың хабарына зер салайық. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жұбайы Айша (Аллаһ оған разы болсын) осы оқиғаны әңгімелейді:

«Аллаһ елшісіне (с.а.с.) уахи ұйқыда игі түс көруден басталды және көрген түсінің бәрі таң шапағы сияқты келетін. Содан кейін оған оңашалық ұнамды болып қалды. Отбасына оралғанға дейін жалғыз өзі Хира үңгірінде үздіксіз бірнеше түн құлшылық-ғибадат жасайтын. Сол үшін өзімен бірге азық алып кететін. Сосын Хадишаға қайта соғып, тағы да сол үшін азық-ауқат қамдап алатын. Хира үңгірінде оған ақиқат келгенге дейін (осылай жалғасты). *Оған періште келіп: «Оқы!» – дейді.* (Аллаһ елшісі (с.а.с.)): ***«Мен оқи білмеймін!»*** *– деп жауап береді.* (Пайғамбар (с.а.с.)): ***«Сол кезде ол мені ұстап, бұлқынғанымша тынысымды қысты. Сосын мені босатып: «Оқы!» – деді. Мен: «Оқи білмеймін!» – дедім. Ол мені екінші рет ұстап, тағы да бұлқынғанымша тынысымды қысты. Сосын босатып: «Оқы!» – деді. Мен: «Оқи білмеймін!» – дедім. Ол үшінші мәрте ұстап, бұлқынғанымша тынысымды қысты. Сосын қоя берді де:*** **«Сондай жаратқан Раббыңның есімімен оқы! Ол адамды ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Раббың аса Ардақты!»**[1] ***– деді»****, – деп айтты.*

Содан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) жүрегі дірілдеп ол (аяттарды) *алып қайтты. Хадиша бинт Хуайлидтің алдына кіре сала:* ***«Мені орап тастаңдар, мені орап тастаңдар»****, – дейді. Олар оны қорқынышы басылғанша орап қояды. Сонан соң Хадишаға:* ***«Мен өзіме қатысты қорқып қалдым»****, – деп болған уақиғадан хабардар етеді. Сонда Хадиша: «Жоқ, олай емес. Аллаһпен ант етемін! Аллаһ сені ешқашан қор қылмайды, өйткені сен туыстармен жақсы қатысасың, қорғансызды сүйейсің, жоқ-жітікке қарайласасың, қонақты сыйлайсың және дұрыс істегі қиындықтарға жәрдем етесің», – деп* (жауап береді). *Бұдан соң Хадиша оны өзінің немере ағасы Уарақа ибн Нәуфәл ибн Әсәд ибн Абдулғұззаға ертіп барады. Ол жәһилият дәуірінде христиан дінін қабылдаған кісі еді. Көне еврей тілінде жаза алатын, Аллаһ қалағанша Інжілден көне еврей тіліне жазатын. Қартайған, көз жанарынан айрылған шал еді. Хадиша оған: «Уа, көкемнің ұлы! Туысыңның баласын тыңда», – дейді*[2]*. Уарақа: «Уа, туысымның ұлы! Не көрдің?» – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) көргенін айтып береді. Сонда Уарақа: «Бұл – Аллаһ Мұсаға түсірген періште –*

[1] «Ғалақ» сүресі, 1-3 аяттар. Негізінде «Ғалақ» сүресінің **«Қаламмен тәлім берген. Ол адамға білмегенін үйреткен»** деген 4-5 аяттары да осы жолы түскен.

[2] Пайғамбарымыздың (с.а.с.) әкесі Абдуллаһ ибн Абдулмуттәлиб пен Уарақа ибн Нәуфәл бір рудың адамдары. Олардың ата-тегі Қусай ибн Киләбта жолығады (қ.: «Фатх әл-Бәри»).

Намус[1]*. Шіркін, жас болғанымда ғой! Қауымың сені* (елден) *қуып шығарар кезде тірі болсам еді!» – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.):* ***«Олар мені қуып шығара ма?»*** *– деп сұрайды.* (Уарақа)*: «Иә, қашанда сен әкелген секілді нәрсемен келген кісіге дұшпандық жасалған. Егер сол күнге дейін тірі болсам, саған зор жәрдем беремін», – депті. Бірақ уахи кешікті де, көп уақыт өтпей Уарақа дүние салды».*

Уахидің уақытша тоқтауы

Хира үңгірінде түскен алғашқы уахидан кейін Аллаһ тағаладан уахи түсуі уақытша тоқтап, Пайғамбарға (с.а.с.) бірнеше күндер бойы уахи келмеді. Бұл уақыттарда Пайғамбар (с.а.с.) мұңлы, қайғылы, абдырағаң, сасқалақтаған күйде жүрді.

Уахидің бірнеше күндерге уақытша тоқтауы Пайғамбардың (с.а.с.) осы уақыт аралығында қорқынышы басылып, үрейден арылып, бойы үйренуі және ойын жинақтап, уахиді тағы да қабылдауға іштей дайындалып, талпынуы үшін еді. Осыдан соң оның бойында батылдық пайда болып, уахидің келуін күте бастады. Сонда оған Жәбірейіл періште екінші рет келді. Әл-Бұхари риуаят еткен хадисте Жәбир ибн Абдуллаһ уахидің кешіккенін әңгімелей отырып, Пайғамбардың (с.а.с.): *«*(Бір күні) ***жүріп бара жатып кенеттен аспаннан бір дауыс естідім. Жоғарыға көз салсам, Хирада келген періште аспан мен жер аралығындағы бір тақта отыр екен. Мен одан қорқып кетіп*** (үйге) ***оралдым да: «Мені орап тастаңдар, мені орап тастаңдар!» – дедім. Сол кезде Аллаһ тағала:*** **«Ей, бүркенген! Тұр енді!** (Адамдарға) **ескерт! Раббыңды ұлықта! Киіміңді тазала! Азапты аулақтат!»**[2] (деген аяттарды) ***түсірді. Осыдан кейін уахи көбейіп, үздіксіз жалғасты»,*** – дегенін жеткізген.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) тағы бір «сахих» хадисінде: ***«Мен Хирада бір ай болдым. Онда өткіземін уақытымды аяқтап, төмен түсіп, жазықтың ішіне енгенімде, маған біреу үн қатты»*** деп келген. Хадистің одан кейінгі мәтіні алдыңғы хадистің мазмұнындағыдай қайталанады.

Бұл хадистен шығар қорытынды: Уарақа ибн Нәуфәлмен жолығысқаннан кейін Мұхаммед (с.а.с.) Хира үңгіріне рамазан айындағы оңаша құлшылық жасайтын мерзімін аяқтауға қайта келген және рамазан айы бітіп, оңашалану мерзімі аяқталған соң, жаңа айдың алғашқы күні үңгірден түсіп, Меккеге, үйіне қайтқан. Демек, екі уахидің арасында он күн үзіліс бар. Өйткені Пайғамбар (с.а.с.) өзіне уахи түскеннен кейінгі жылдары рамазан айын Хира үңгірінде өткізген емес.

Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) елшілік міндет осы жоғарыда келтірілген «Муддәссир» сүресінің алғашқы аяттарының түсуімен жүктелді. Демек,

[1] Намус сөзі құпия сырдың иесі деген мағынаны білдіреді. Бұл жерде Жәбірейіл періште (оған Аллаһтың сәлемі болсын) туралы айтылған (қ.: «Фатх әл-Бәри»).
[2] «Муддәссир» сүресі, 1-5 аяттар.

оған елшілік пайғамбарлықтан біршама уақыттан кейін тапсырылды. Яғни, ол әуелі «Ғалақ» сүресінің бас жағындағы аяттардың түсуімен пайғамбар болды, сонан соң оған арада біршама уақыт өтіп, екінші рет уахи түскенде елшілік міндеттелді. Осы «Муддәссир» сүресінен түскен аяттарда Пайғамбарымызға (с.а.с.) екі түрлі міндет жүктелген:

1) **«Тұр енді!** (Адамдарға) **ескерт!»** деген аятта оған дінді жеткізу және адамдарды Аллаһтың жазасынан сақтандыру, егер олар өздері батпағына батып жүрген соқыр сенімдер мен адасушылықтан қайтпаса, тура жолмен жүрмесе, барлығынан Жоғары Аллаһтан өзгеге табынса, Аллаһтың Өзіне, Оның сипаттарына біреуді серік етіп таңса, Аллаһқа қатысты міндеттер мен Аллаһ үшін орындалатын істерде біреуді ортақтастырса, оларды Аллаһтың жазасы күтіп тұрғанын адамдарға ескерту жүктелген.

2) Қалған аяттарда Пайғамбарға (с.а.с.) Аллаһтың бұйрықтарын қалтқысыз, бұлжытпай орындауы арқылы Раббысының разылығына жетуі әрі Аллаһқа иман келтіргендерге үлгі болуы міндеттелген.

«Раббыңды ұлықта!» деп бұйырған аят «Аллаһты ғана ұлықта және ұлықтауыңда ешкімді Оған серік етпе» деген мағынаны білдіреді.

«Киіміңді тазала!» деген аяттың сыртқы мағынасы киімдер мен денені тазалауды меңзейді. Өйткені Аллаһты ұлықтаушы, Оның алдында тұрушы құлдың киімі де, тәні де нәжістен, ластықтардан таза болуы керек. Ал ширктің кірлерінен және іс-амалдар мен мінез-құлықтардың былғаныштарынан тазалану одан да көбірек талап етіледі.

«Азапты аулақтат!» Яғни, Аллаһқа қалтқысыз бойсұнып, Оның ашуын шақыратын, жазасына душар ететін себептерден бойыңды аулақ сал.

«Көп қалап, жақсылық қылма!» деп бұйырған аят «жақсылық жасасаң, адамдардан бұл үшін сый күтпей немесе істеген жақсылығың үшін дүние тіршілігінде одан артық марапат алуды дәметпестен жаса» деген мәнде келген.

«Раббың үшін сабыр ет!» Бұл аятта Аллаһ тағала Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) құрайыштардың дінінен ашық түрде бас тартып, оларды жалғыз Аллаһқа сенуге шақырғанда, оларды Аллаһтың азабы мен жазасынан сақтандырғанда, тайпаластарының тарабынан оның қуғын-сүргінге ұшырайтындығын ескертіп, Аллаһ үшін сабыр етіп, шыдауды бұйырған.

Сондай-ақ бұл аяттар Пайғамбарды (с.а.с.) өзіне тапсырылған ұлы іске бел шеше кірісуге, тәтті ұйқысынан, бүркеніп жатқан жылы төсегінен тұрып, Аллаһтың жолында күресуге, тегеурін көрсетуге, қиындықтарды мойымастан көтеруге үндеп: **«Ей, бүркенген! Тұр енді!** (Адамдарға) **ескерт!»** – деген. Бұл сөздер «Бас пайдасы үшін өмір сүрген жан жаны жай, рақат өмір сүруі мүмкін. Ал, осындай үлкен жүкті арқалаған сенің ұйықтауыңа жол болсын. Сен енді жан рақатын, жылы төсекті, жайлы өмірді, мамық бұйымдарды ұмыт. Өзіңді күтіп тұрған ұлы іске кіріс, өзіңе дайындалған ауыр жүкті арқала. Жігеріңді жандандыр, қайратыңды қамшыла, шаршама, қажыма. Тұр орныңнан, енді ұйқы мен рақаттың уақыты өтті. Бүгіннен бастап түндеріңді ұйқысыз өткіз, қиын күреске түс.

Тұр, осыған дайындал» деген мағынаны меңзеп тұрғандай. Бұл ұлы сөздер Пайғамбарды (с.а.с.) жайлы үйіндегі жылы төсегінен тұрғызып, ол дауылдар мен аласапырандарға, адамдардың ішкі сезімдеріне, өмірдегі жағдайларға қарамастан қарсыласушыларға тойтарыс берді. Аллаһтың елшісі (с.а.с.) осы сөздерден кейін орнынан тұрып, жиырма жылдан астам уақыт дамылсыз тыным таппады. Ол өзі үшін де, отбасы үшін де өмір сүрген жоқ. Ол орнынан тұрып, адамдарды Аллаһқа шақырды, иығына салмақты да ауыр жүк артып, оны еңсесі езілместен, нық қалпында, сүрінбей, жығылмай көтеріп жүрді. Ол жер бетіндегі ең ұлы аманатты, күллі адамзаттың жүгін, бүкіл сенімнің жүгін, түрлі майдандардағы күрес пен шайқастың жүгін арқалады. Жоғарыдан келген осы бір ұлы үндеуді естіген, Раббысының ауыр міндетін қабыл алған сәтінен бастап, ол жиырма жылдан астам уақыт тынымсыз, дамылсыз күресте жүрді. Осындай аласапыранда жүрсе де, оны бір істен бір іс алдандырмайтын. Аллаһ тағала оған және оның соңынан ерген адамдардың барлығына ең жақсы қарымта сый берсін!

Бұл еңбек – Аллаһ елшісінің (с.а.с.) пайғамбарлық міндетін атқару кезінде жүргізген ұзақ та қиын күресінің кейбір сәттерін ғана әңгімелеген қысқаша ғана, қарапайым жинақ.

Уахидің түрлеріне қысқаша тоқталу

Елшілік өмір мен пайғамбарлық жолды тарата баяндаудан бұрын оқырманды елшілік міндеттің қайнар көзі, Аллаһқа шақырудың қозғаушы күші болған уахидің түрлерімен қысқаша таныстыра кетуді жөн көрдік. Ғалымдар уахиді төмендегідей түрлерге ажыратқан:

1) Шыншыл түс. Пайғамбарымызға (с.а.с.) уахи келуі осылай басталғанды.

2) Періштенің Пайғамбардың (с.а.с.) көзіне көрінбестен, уахиді оның жүрегіне салуы. Мысалы, Пайғамбарымыз (с.а.с.): ***«Ақиқатында, қасиетті Рух жүрегіме үрледі: Ешбір жан ризығы толыспай тұрып өлмейді. Ендеше, Аллаһтан қорқыңдар және талап-тілекте орта межені ұстаныңдар. Ризықтың кешігуі сендерді оны Аллаһқа бойсұнбаушылықпен іздеулеріңе итермелемесін. Өйткені Аллаһтың алдындағы Оған бойсұнумен ғана алынады»,*** – деген[1].

3) Пайғамбарға (с.а.с.) періште ер адамның кейпінде келіп, оған сөйлейтін де, Аллаһ елшісі (с.а.с.) періштенің айтқандарын ұғып алатын. Мұндай жағдайда адам кейпіндегі періштені кейбір кездерде сахабалар да көретін.

4) Уахидің Пайғамбарға (с.а.с.) қоңыраудың сыңғыры сияқты келуі. Мұндай уахи Пайғамбарымызға (с.а.с.) уахидің өзге түрлерінен қиын соғатын. Мұндай кезде періштенің жеткізген уахиін түсіну қиын соғып, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) маңдайынан қатты суық күнде де тер сорғалайтын.

[1] Әт-Табарани «әл-Муъжам әл-кәбир» (8/166), «Мусаннаф Ибн Әбу Шәйбә» (7/79).

Тіпті, Пайғамбарға (с.а.с.) уахи түскенде ол түйесінің үстінде болса, оған уахи етілгеннің ауырлығынан түйенің белі шойырылып, жерге шөгіп қалатын. Сондай-ақ бір хадисте Зәйд ибн Сәбит: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) маған* **«Мүміндерден** (соғысқа шықпай) **отырушылар мен Аллаһтың жолында мал-дүниелері және жандарымен күресушілер тең болмайды»**[1] (деген аятты) *жаздырды.* (Пайғамбар (с.а.с.)) *жаздырып жатқан кезде, оған Ибн Умму Мәктум келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Жиһадқа шыға алғанымда шығар едім», – деді. Ол көзі соқыр кісі еді. Сонда Аллаһ тағала елшісіне (с.а.с.)* (уахи) *түсірді.* (Пайғамбардың (с.а.с.)) *саны менің санымның үстінде еді, маған салмақ түскені сонша саным парша-парша болып кете ме деп қорықтым. Сосын оған* (уахидің түсуі) *аяқталды да, Аллаһ тағала:* **«Ақауы барлардан басқа»** (деген сөзді) *түсірді»*, – деген[2].

5) Пайғамбарымыздың (с.а.с.) періштені жаратылған өз бейнесінде көруі және періштенің оған Аллаһтың қалағанын уахи етуі. Аллаһ тағала «Нәжм» сүресінде баяндағандай, мұндай жағдай екі рет орын алған[3].

6) Миғраж түнінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) аспандардың үстінде болғанда, Аллаһ тағаланың оған кейбір үкімдерді уахи еткені. Мысалы, Аллаһ бес уақыт намазды Пайғамбар (с.а.с.) мен оның үмбетіне осы кезде парыз ретінде бекіткен.

7) Аллаһ тағаланың сөзінің Пайғамбарға (с.а.с.) ешбір періштенің дәнекерлігінсіз жеткізілуі. Мысалы, Құран аяттарында айтылғандай, Аллаһ тағала Мұса пайғамбармен осылай сөйлескен. Ал біздің Пайғамбарымыз (с.а.с.) уахидің мұндай түрін, хадисте көрсетілгендей, Исра түні қабылдаған.

---

[1] «Ниса» сүресі, 95-аят.

[2] Хадисті әл-Бұхари (2832) мен Муслим (3516) жеткізген.

[3] Бұл сүреде Аллаһ тағала: **«Ол** (Пайғамбар) **көңіл қалауынан сөйлемейді. Ол – білдірілетін уахи ғана. Оны күштері мықты үйретті, қуатқа ие. Кейін ол көтерілді, ең жоғарғы көкжиекте болып. Содан кейін ол жақындап, төмен түсті. Ол екі садақтың шамасындай немесе одан да жақын болды. Ол Оның құлына Оның уахи еткенін білдірді. Жүрек көргенін өтірік етпеді. Сендер онымен көретіні жайында тартысасыңдар ма? Ол оны басқа бір түскенінде де көрді, шегіне жететін орындағы Сидрдің жанында»**, – деген **(Нәжм, 3-14)**. Яғни, Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) Жәбірейілді өзінің негізгі бейнесінде екі рет көрген: бірінші ретте, жоғарыда айтылғандай, төменгі аспанның астында жоғарғы көкжиекте көрсе, екінші ретте Исра түні жеті аспанның үстінде көрген.

БІРІНШІ КЕЗЕҢ

АЛЛАҺҚА ШАҚЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕС

Пайғамбар (с.а.с.) адамдарды дінге жасырын шақырған үш жыл

Мекке қаласы арабтардың діни орталығы еді. Онда Қағбаның қызметшілері және бүкіл арабтар қасиетті санайтын пұт-мүсіндердің қорықшылары құрайыш тайпасы тұратын. Дәл осы қалада түзету мақсатына жету өзге шет аймақтарға қарағанда көбірек қиындық тудыратын. Мұндай іс қиындықтар мен қарсылықтарға мұқалмай төтеп бererлік қайрат-жігерді қажет ететін. Сондықтан меккеліктер күтпеген жерден, бірден шошып түспеулері үшін бастапқыда дінге шақырудың жасырын жүруі дана тәсілдердің бірі еді.

Алғашқы мұсылмандар

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Исламға шақыруды алдымен өзінің жақын адамдарынан, отбасы мүшелері мен дос-жарандарынан, өзі жақсы адам деп санаған, Аллаһты шын жақсы көретін кісілерден бастады. Олардан Пайғамбарымыздың (с.а.с.) шындық пен ізгілікті ұстанатынын, оның ұлылығына, өтірік айтпайтынына еш күмәнданбайтын бір топ адамдар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) шақыруын қабыл алып, Исламға кірді. Бұл адамдар Ислам тарихында «алғашқы озушылар» деп аталды. Олардың төртеуі Хадиша бинт Хуайлид, Зәйд ибн Хариса, Әли ибн Әбу Талиб және Әбу Бәкір әс-Сыддық Исламды дағуаттың алғашқы күні-ақ қабылдаған.

Хадиша бинт Хуайлид – барша мүміндердің анасы, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жанына ең жақын адамдардың бірі, күйеуіне пайғамбарлық міндеті жүктелген оқиғалардың бел ортасында жүрген, оны ұдайы демеп отырған, жай-күйін бәрінен артық түсінген, жанына медеу адал жары.

Зәйд ибн Хариса ибн Шарахил әл-Кәлби – Пайғамбарымыздың (с.а.с.) азат еткен құлы. Зәйд Исламға дейін тұтқынға түсіп, құлдыққа жегілген болатын. Алдыңғы қожайыны Хадиша оны күйеуі Мұхаммедке (с.а.с.) сыйлаған. Зәйдтің қайда жүргендігінен хабар тапқан әкесі мен көкесі Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп, оның құнын төлеп, өздерімен бірге алып кетулерін өтінеді. Мұхаммед (с.а.с.) Зәйдке жақындарымен еріп кетуіне не өзімен қалуына болатындығын айтып, таңдау еркін оның өзіне береді. Зәйд ибн Хариса Аллаһ елшісімен (с.а.с.) қалатын болып шешеді. Содан кейін Мұхаммед (с.а.с.) арабтардың салтына сай, оны бала етіп алады. Сонан соң жұрт оны Зәйд ибн Мұхаммед деп атайтын болды. Бұл – Аллаһ елшісіне (с.а.с.) пайғамбарлық жүктелмес бұрын болған жайт. Кейін Ислам келгенде, шариғаттың үкімі бойынша біреуді бала етіп алуға тыйым салынғандықтан, жұрт оны өз әкесіне теліп, Зәйд ибн Хариса деуге көшті. Зәйд Мута

жорығына мұсылмандар әскерін бастап барып, сол шайқаста һижраның 8-жылы жумәдә әл-улә айында жау қолынан мерт болған.

Әли ибн Әбу Талиб – Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көкесі Әбу Талибтің ұлы. Ол Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қолында тұрып, қамқорлығында өсіп жатқан жас бала болатын.

Әбу Бәкір әс-Сыддық – Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жан досы. Әбу Бәкір Исламды қабылдағанынан соң Аллаһ елшісінің (с.а.с.) оң қолы болып, Исламды белсенді түрде уағыздай бастады. Әбу Бәкір тумысынан мінез-құлқы жақсы, құрметтерлік қасиеттерге бай, қайырымды, адамдардың құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленген, жұмсақтығымен, жайсаңдығымен, кеңпейілділігімен дараланған, көзі ашық, көңілі ояу, парасатты, сауданың қыр-сырын жақсы білетін кісі еді. Біртуар жарқын мінезімен, адамгершілігімен адамдарды өзіне еріксіз баурап алатын. Көркем мәмілелі Әбу Бәкірмен әркім де әңгіме-дүкен құрып, сұхбаттасуды ұнататын.

Әбу Бәкір де Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тәсілімен өзі сырын білетін, жақын тартатын, сенім арта алатын тайпаластарын иманға шақыра бастады. Әбу Бәкірдің шақыруын қабыл алған сегіз кісі Исламның алғашқы қарлығаштары болды. Олар Осман ибн Аффан әл-Умәуи, Зубәйр ибн Аууам әл-Әсәди, Абдур-Рахман ибн Ауф әз-Зуһри, Сағд ибн Әбу Уаққас әз-Зуһри және Талха ибн Ғұбайдуллаһ әт-Тәймилер еді.

Олардан кейін Исламды қабылдаған алғашқы мұсылмандар: Биләл ибн Рабах әл-Хабаши, Ислам үмбетінің сенімдісі, харис ибн фиһр әулетінің тумасы Әбу Ғұбайда Амир ибн Жаррах, Әбу Сәләмә ибн Абдуләсәд әл-Махзуми, Арқам ибн Әбул-Арқам әл-Махзуми, Осман ибн Мазғун мен оның екі бауыры Құдама ибн Мазғун және Абдуллаһ ибн Мазғун, Ғұбайда ибн Харис ибн Мутталиб ибн Абдуманаф, Сағид ибн Зәйд әл-Адауи мен оның әйелі әрі Омар ибн әл-Хаттабтың қарындасы Фатима бинт әл-Хаттаб әл-Адауия, Хаббаб ибн Арат, Абдуллаһ ибн Масғуд әл-Һузәли және басқалар. «Алғашқы озушылар» деп аталған адамдар – осылар.

Содан кейін көптеген ерлер мен әйелдер Аллаһтың дініне кіріп, Меккеде Исламның атағы жайылып, жұрт адамдардың жаңа дінді қабылдап жатқанын әңгіме ете бастады. Бұл адамдардың барлығы Исламды жасырын, құпия түрде қабылдады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) алғашқы мұсылмандармен астыртын бас қосып, оларға дінді түсіндіретін. Өйткені Аллаһтан дінді ашық уағыздау жайлы бұйрық әлі түскен жоқ-ты.

«Муддәссир» сүресінің алғашқы аяттары түскеннен кейін уахи бірінен соң бірі үздіксіз келіп жатты. Осы уақыт аралығында түскен аяттар мен сүрелердің бөліктері сол кездегі ахуалға сәйкес келетін қысқа аяттар еді. Бұл аяттардың керемет, терең мағыналары адамдардың жүректерін баурайтын, адамдарды рухани тұрғыда дамуға жетелейтін, жан-дүниелерін тазартуға үндейтін, жүректерді дүние тіршілігінің былғаныштарымен ластаудың жақсы еместігін ескертетін, жаннат пен тозақты сипаттайтын, иман келтіргендерді сол уақыттағы қоғамнан өзгеше кеңістікке бастайтын.

Намаз оқу жайлы бұйрық

Пайғамбарлықтың бастапқы түскен уахилерінің ішінде намаз оқу жайлы бұйрық берілді. Ибн Хажардың айтуынша, Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен оның сахабаларының Аллаһ елшісі (с.а.с.) түнде Меккеден Құдыс шаһарына барып, аспандарға көтерілуінен бұрын да намаз оқығандары анық. Бірақ «бес уақыт намаздардан бұрын қандай да бір намаз парыз етілді ме, жоқ па?» деген мәселеде ғалымдар арасында пікір қайшылықтары кездеседі. Пікірлердің бірі «бұған дейін күн шығардан бұрын және күн батардан бұрын намаз оқу парыз етілген» деп көрсетеді.

Харис ибн Усама толық иснадпен Ибн Лаһиға арқылы риуаят еткен хадисте Зәйд ибн Хариса: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) уахи қабылдай бастаған бастапқы кезеңде оған Жәбірейіл келіп, дәрет алуды үйреттіі»*, – деген. Осы мағыналас хадисті Ибн Мәжәһ та Бара ибн Азиб пен Ибн Аббастан риуаят еткен. Ибн Аббастың хадисінде: *«Бұл алғашқы парыздардың бірі еді»* деп нұсқалған.

Ибн Һишамның айтуынша, сол кезеңдері Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен оның сахабалары намаз уақыты болғанда, тау шатқалдарына барып, тайпаластарынан жасырынып намаз оқитын. Бірде Әбу Талиб Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен өзінің баласы Әлидің намаз оқығандарын көріп, олардан мұның мәнісін сұраған және мән-жайға қаныққан соң, інісі мен баласына осыдан айнымауларын бұйырған.

Демек, намаз әуел бастан-ақ әрбір мұсылманның ажырамас белгісі, ал дәрет намаздың міндетті шарты болған. Бірақ ол кезеңдерде иман келтіргендер діндерін құпия ұстап, намаздарын көзден таса жерлерде, адам қарасы көрінбейтін тау шатқалдарында жасырынып оқып жүрді.

ЕКІНШІ КЕЗЕҢ

АЛЛАҺ ЕЛШІСІНІҢ (С.А.С.) ИСЛАМДЫ АШЫҚ УАҒЫЗДАУҒА КІРІСУІ

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Исламды ашық жарияламастан, дінін жасырып, шектеулі ортаға ғана дағуат жүргізгеніне үш жылдың жүзі болды. Дей тұрғанмен, бұл жайында құрайыштар хабардар еді. Бірақ олар бұл жаңалыққа аса бір зер салып, мән беріп елей қойған жоқ. Пайғамбарымыз (с.а.с.) да бұл аралықта құрайыштардың діндері мен ұстанымдарына, олардың табынатын пұт құдайларына ашық тиіспеген-ді.

Дінге шақыру құпия жүргізілген үш жылдың кезеңінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір топ адамдардың жүрегіне жол тауып, шақыруына жауап алды. Иманға келген жас мұсылмандар Аллаһтың елшісінің (с.а.с.) насихаттарын ешбір күмән келтірместен қабыл алды, көздерін ашып, халықтың санасында қатып қалған соқыр нанымдардан арылды, жүректерін тазалап, Исламның нұрына шомылып үлгерді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) соңынан ерген әрбір мұсылманның тәлімгер ұстазы болды, оларға үнемі дінді үйретіп, оның мәнін түсіндірді, сахабаларын жүрек тазалығы мен жақсы қасиеттерге жетелеп, оларды бауырластыққа, бір-біріне жақсы қарым-қатынас жасауға, өзара ынтымақтастыққа, бір-біріне көмек қолын созуға, сүйеніш, қорған болуға үндеді, Исламның бақытына шомғандарды көзге түртсе көргісіз, меңіреу қараңғылықтан шұғылалы жарыққа алып шықты. Осыдан кейін бір-біріне сүйеніш болатын, дінді жеткізуге, оны аяғында нық ұстап тұруға дайын бір топ мүміндер қанаттанды. Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) енді Исламды ашық түрде уағыздаудың кезі жеткен-ді. Сол кезде Пайғамбарымызға (с.а.с.) тайпаластарына Аллаһтың дінін ашық жариялауды, олардың теріс ұстанымдарына тойтарыс беруді, пұт құдайларына шабуыл жасауды жүктеген уахи түсті.

Дінді ашық уағыздауға бұйырған ең алғашқы уахи – Аллаһ тағаланың: **«Ең жақын туыстарыңа ескерт»**[1] деген сөзі. Осы аят түскен сүренің бас жағында Мұсаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) пайғамбарлық міндетінің басталуынан оның Исраил ұрпақтарын ертіп Мысырды тастап шығуы, олардың Перғауын мен оның елінен құтылуы және Перғауын мен оның нөкерлерінің теңізге батырылғанына дейінгі оқиғалар баяндалған. Келтірілген қисса Мұса пайғамбар Перғауын мен оның елін Аллаһқа шақыру барысында жүріп өткен барлық кезеңдерді қамтиды. Бұрын өткен пайғамбардың елшілік жолын егжей-тегжейлі баяндаған бұл қисса Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) мен оның сахабаларының алдында ұстанатын бір үлгі пайда болуы үшін әңгімеленгендей ой түйіледі. Сондықтан да ол Пайғамбарымызға (с.а.с.) Аллаһтың дініне ашық шақыруды міндеттеген бұйрықпен бірге келтірілген. Бұл Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен оның

[1] «Шұғара» сүресі, 214-аят.

сахабалары дінді ашық уағыздаған кезде, оларға да жұрт сенбей, өтірікші санайтындықтарын, олардың да қысымға ұшырап, зәбір көретіндіктерін ескерту болатын. Осы арқылы жат қоғамда жаңа дінді уағыздаушылар өздерін не күтіп тұрғанын жақсы білулері қажет еді.

Тағы бір жағынан бұл сүре пайғамбарларды өтірікші санаған елдердің, Нұх пайғамбардың елінің, ад пен сәмуд елінің, Ибраһим пайғамбардың елінің, Лут пайғамбардың елінің, әйкәлықтардың соңының не боларын, Перғауын мен оның елінің жайын баяндаған. Бұл жаңа пайғамбарды өтірікші санаушылар істерінің соңы неге алып барарын, алған беттерінен қайтпаса, өздерін Аллаһтың қандай жазасы күтіп тұрғанын білулері үшін, ал иман келтіргендер істің соңы өтірік санаушылардың емес, өздерінің пайдасына шешілеріне көздері жетулері үшін түскен аяттар еді.

Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) өзінің жақын туыстарын Аллаһтың дініне шақыруы

Осы аят түскеннен кейін, Пайғамбарымыз (с.а.с.) өзінің жақын туыстары һашим әулетінің өкілдерін жинады. Аллаһ елшісіне (с.а.с.) олармен бірге мутталиб ибн абдуманаф әулетінен де бір топ адам келді. Келген адамдардың саны қырық бес кісідей болатын. Пайғамбар (с.а.с.) олармен сөйлескісі келгенде, Әбу Ләһәб оның алдын орап, сөз берместен: «Бұлар – сенің көкелерің мен көкелеріңнің ұлдары. Айтар сөзіңді айт та, дініңнен безуіңді қой. Руластарыңның бүкіл арабтарға қарсы шығуға күші жетпейтінін біліп қой. Мен сені тойтаруға көбірек құқылымын. Сені әкеңнің әулеті қорғайды. Егер (дініңді жарияламастан) бұрынғы қалпында жүрсең, бұл сенің кесіріңнен оларға бүкіл арабтар қолдайтын құрайыштың тумаларының көтерілуінен жеңілірек. Әкесінің туыстарына сен әкелгендей жамандық әкелген ешкімді көрген емеспін», – дейді. Оның сөзінен соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) туыстарымен бұл жиында сөйлесуді қаламады.

Содан кейін Пайғамбар (с.а.с.) туыстарын екінші рет шақырып, сөзді өзі бастап: ***«Барлық мақтау Аллаһ үшін. Оған мақтау арнаймын және Одан жәрдем тілеймін, Оған иман келтіремін әрі Оған арқа сүйеймін. Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқтығына куәлік беремін, Ол жалғыз Өзі, Оның ешқандай серігі жоқ. Ақиқатында, шолғыншы туыстарына өтірік айтпайды. Одан өзге ешбір құдай жоқ Аллаһпен ант етемін! Ақиқатында, мен – Аллаһтың сендерге арнап және барлық адамдарға жіберген елшісімін. Аллаһпен ант етемін! Әлбетте, сендер ұйықтайтындарың тәрізді өлесіңдер. Әлбетте, сендер оянатындарың тәрізді қайта тірілесіңдер. Әрі, әлбетте, сендерден істейтін амалдарың үшін есеп алынады. Ақиқатында,*** (одан кейін) ***мәңгілік жаннат немесе мәңгілік тозақ болады»,*** – деді. Оның сөзінен соң Әбу Талиб: «Біз саған көмектесуді бәрінен артық қалаймыз, насихатыңа бет бұрамыз әрі сөзіңе кәміл сенеміз. Мына жиналғандар – сенің әкеңнің туыстары. Мен – олардың бірі ғанамын. Бірақ мен өзің қалайтынға бұлардың бәрінен артық

ұмтыламын. Өзіңе бұйырылғанды орында. Аллаһпен ант етейін, мен сені қорғап, қанатымның астына алуымды доғармаймын! Алайда, ішкі дүнием Абдулмуттaлибтің дінінен қол үзуіме мүмкіндік берер емес», – деп ағынан жарылды. Мұны естіген Әбу Ләһәб: «Аллаһпен ант етейін, бұл жақсылық емес. Басқалар сазайын бермей тұрғанда, оны қолынан ұстаңдар», – деп байбалам салды. Оның байбаламын Әбу Талиб: «Аллаһпен ант етемін! Тірі тұрғанымызда, міндетті түрде, оған қорған боламыз», – деп кесті.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Сафа төбесінде құрайыштарға жасаған үндеуі

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Раббысының хабарларын жеткізу барысында Әбу Талибтің өзін қорғайтындығына көзі жеткен соң, бір күні Сафа төбесіне шығып: «Я, сабахаһ!»[1] – деп айқайлады. Арабтар әдетте жау әскері шабуылдағанда немесе аса маңызды бір жағдай туындағанда ғана осылай айқайлайтын. Құрайыштың тумалары оның төңірегіне жиналып қалды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) оларды Аллаһты жалғыз құдай деп тануға, өзінің Аллаһтың елшісі екендігіне сенуге және Ақырет күніне иман келтіруге шақырды.

Осы оқиға туралы әл-Бұхари жеткізген хадисте Ибн Аббас: *«**«Ең жақын туыстарыңа ескерт»**[2] деген аят түскенде, Пайғамбар (с.а.с.) Сафаның төбесіне шығып, құрайыш тайпасының әулеттерін* (аталарының есімдерімен жеке-жеке атап)*: **«Уа, бәну фиһр! Уа, бәну ади!..»** – деп дауыстай бастады. Олар жиналды. Тіпті,* (Сафаға) *шыға алмаған адамдар да біреуді жұмсап, не болғанын біліп келуге жіберді. Құрайыштармен бірге Әбу Ләһәб та келді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардан: **«Маған мынаны айтыңдаршы, егер мен сендерге дәл қазір мына жазықта өздеріңе шабуылдауға жасақталған атты әскер тұр деп хабарласам, маған сенер ме едіңдер?»** – деп сұрады. Олар: «Иә, әрине. Біз сенен еш уақытта өтірік естіген емеспіз», – деді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): **«Ендеше, мен сендер үшін қатты азапты алдын ала ескертушімін»**, – деді. Мұны естіген Әбу Ләһәб: «Құрып қалғыр! Бізді осы үшін жинадың ба?» – деді. Сол кезде* **«Әбу Ләһәбтің екі қолы құрысын»**[3] (деп басталатын сүре) *түсті»*, – деген.

Ал Муслим жеткізген хадисте Әбу Һурайра: *«**«Жақын туыстарыңа ескерт»** деген мына аят түскен кезде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) құрайыштарды шақырды да, олар жиналды. Сонда Пайғамбар (с.а.с.) оларды жалпы және жеке-жеке атап: **«Ей, Кағб ибн Луәй әулеті! Өздеріңді тозақтан құтқарыңдар! Ей, Мурра ибн Кағб әулеті! Өздеріңді тозақтан құтқарыңдар! Ей, Абдушәмс әулеті! Өздеріңді тозақтан құтқарыңдар! Ей, Абдуманаф әулеті! Өздеріңді тозақтан құтқарыңдар! Ей, Һашим әулеті! Өздеріңді тозақтан құтқарыңдар! Ей, Абдулмуттaлиб әулеті!***

[1] Адамдарды көмекке шақырғанда айтылатын одағай сөз.
[2] «Шұғара» сүресі, 214-аят.
[3] «Мәсәд» сүресі, 1-аят.

***Өздеріңді тозақтан құтқарыңдар! Ей, Фатима! Өзіңді тозақтан құтқар! Өйткені мен сендерге Аллаһтың алдында ешқандай көмек бере алмаймын. Бірақ сендердің туыстық байланыстарың бар, мен оны тиісінше сақтаймын»**, *– деп айтты»*, – деген.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) осы бір жан дауысымен өзі жеткізуі міндеттіні барынша мүлтіксіз жеткізді, ең жақын адамдарын өзінің Аллаһтың елшісі екендігіне сенуге шақырды, олар осылай жасаса, араларындағы туыстық қатынастар одан әрі жалғасатындығын түсіндірді, арабтар ұстанатын туысқандық тығыз байланыс Аллаһтан келген осы бір ескертудің алдында үзілетіндігін ашып айтты.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ақиқатты ашық жариялауы және көпқұдайшылдардың істерін теріске шығаруы

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Сафадағы жан дауысының жаңғырығы Мекке қаласының түкпір-түкпіріне тарап жатты. Соңында Аллаһ тағаланың **«Өзіңе бұйырылғанды жарияла және мүшріктерден теріс бұрыл»**[1] деген аяты түсті де, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Исламды көпқұдайшылдардың ортасында ашық уағыздауға түбегейлі кірісті. Ол мүшріктер жиналып отырған мәжілістерге келіп, Аллаһтың кітабынан аяттар оқып беретін, оларға барлық пайғамбарлар елдеріне айтқан сөзді айтып: ***«Уа, елім! Аллаһқа құлшылық етіңдер, сендер үшін Одан өзге ешбір құдай жоқ»***, – дейтін.

Исламды ашық уағыздаумен бірге, Пайғамбар (с.а.с.) мүшріктердің көз алдарында Аллаһқа құлшылық жасап, күндізгі уақытта Қағбаның жанында намаз оқитын болды.

Үздіксіз дінге шақырудың нәтижесінде адамдар бір-бірден иманға келіп, Аллаһтың дінін қабылдай бастады. Уақыт өте мұсылмандар мен олардың Исламды қабылдамаған туған-туыстарының арасында жеккөрушілік пен жатсыну, келіспеушілік пайда болды. Осының бәрін құрайыштар жақтырмай, кірпіше жиырылды, орын алып жатқан жайттар оларға ұнамай, қытықтарына тиді.

Құрайыштардың қажылыққа келген адамдарды Пайғамбардың (с.а.с.) дағуатын тыңдаудан бездіру мақсатында кеңес мәжілісін өткізуі

Құрайыштардың жаңа дінге деген қарсылықтары өрши түсті. Пайғамбардың (с.а.с.) Исламды ашық уағыздағанына санаулы уақыт араға салып, қажылық маусымы жақындап келе жатты. Бұл құрайыштарды уайымға салды, олар өзге араб тайпаларының қажылыққа келетін өкілдерін Аллаһ елшісінің (с.а.с.) дағуатынан қалай бездірерлерін білмей дал болды. Құрайыштар Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) қатысты міндетті түрде бірдеңе ойлап тауып, қажылыққа келгендерге соны айту керек деп шешті, сонда

[1] «Хижр» сүресі, 94-аят.

Пайғамбардың (с.а.с.) дағуаты сырт аймақтардан келген арабтардың жүректеріне әсер етпейді, оларды өзіне тартпайды деп түйді. Құрайыштар ақылдаса келіп, өздерінің елағасы Уәлид ибн Муғираның алдына жиналып, осы мәселені талқылады. Уәлид ибн Муғира оларға:

– Мұхаммед жайлы не айтатындарыңды ақылдасып, келісіп, пішіп алыңдар. Сөздерің бір жерден шықсын, әрқайсың әр түрлі сөз айтып, өз-өздеріңнің өтіріктеріңді ашып жүрмеңдер, – деді. Олар:

– Сен өз сөзіңді айт, біз де соны айтайық, – деді. Уәлид:

– Жоқ, әуелі сендерді тыңдайын, қане, өз ойларыңды айтыңдар, – деді. Құрайыштар:

– Біз оны каһин дейміз, – деді.

Каһин деп арабтар жындармен байланысқа түсіп, көріпкелсымақ болып, әлденелерді сандырақтайтын адамдарды айтатын. Уәлид:

– Бірақ ол ондай емес қой. Біз каһиндерді көргенбіз, олардың жайына қанықпыз, ал Мұхаммед каһиндер сияқты түсініксіз бірдеңелерді күбірлемейді, олар сияқты мәнерлі ұйқаспен құрылған қара сөзбен сөйлемейді ғой? – деді. Олар:

– Ендеше, оны жын тиген жан дейік, – деді. Уәлид:

– Ол жынды емес қой, біз жын тигендерді көргенбіз, олардың жайына да қанықпыз. Мұхаммедтегі жынның алқымдауы да, иектеуі де, азғыруы да емес, – деді. Олар:

– Онда біз оны ақын дейік, – деді. Уәлид:

– Бірақ ол ақын емес қой. Біз өлеңдердің барлық түрін, барлық мәнерін білеміз, ал Мұхаммедтің сөздері өлең емес, ол мүлдем ақындар сияқты сөйлемейді, – деп, олардың ойларын тағы да жаратпады. Олар:

– Біз оны сиқыршы деп айтайық, – деді. Уәлид:

– Жоқ, ол сиқыршы емес. Біз сиқыршылар мен олардың сиқырларын көргенбіз. Мұхаммед олар сияқты үрлемейді, түйін де түймейді, – деп және құптамады. Шарасы таусылған құрайыштар:

– Енді оны кім дейміз? – деп абдырады. Сонда Уәлид ибн Муғира:

– Аллаһпен ант етейін! Шын мәнінде, оның сөздері шырын да әдемі. Оның сөздерінің діңі бұтақты, ал бұтақтары жемісті. Сендер оны осы айтқандарыңнан кім десеңдер де, сөздеріңнің өтірігі ашылып қалады. Бірақ оған көбірек жақын келетін сипат – оны сиқыршы деп сөз таратуларың. Оның жеткізген сөздері сиқыр тәрізді, – деді.

Не керек, құрайыштар бір байламға келіп, барлығы Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) сиқыршы деп айтуға келісті.

Кейбір риуаяттарда Уәлид ибн Муғираның өз шешімін біраз уақыт жүріп, қайта-қайта ойланған соң ұсынғандығы айтылған. Аллаһ тағала «Муддәссир» сүресінде осы Уәлид ибн Муғираға қатысты он алты аят түсірген[1]. Осы аяттардың ішінде оның өз шешімін қалай ойластырғаны баяндалған. Аллаһ тағала: **«Ол ойластырып, шамалады. Өлтірілгір,**

[1] «Муддәссир» сүресінің 11-26 аяттарын қараңыз.

қалай шамалады?! Содан кейін, ол өлтірілгір, қалай шамалады?! Сосын ол қарап көрді. Содан кейін қабағын шытып, бетін бүрістірді. Сосын теріс айналып, тәкаппарланды. Ол: «Бұл – бұрыннан келе жатқан сиқырдан басқа ештеңе емес. Бұл – бар болғаны адамның сөзі», – деді»[1], – дейді.

Сонымен қажылық маусымы келіп, өзге араб тайпаларының адамдары Меккеге ағыла бастағанда, құрайыштар жолдардың бойында отырып, қажылыққа келгендерді қалаға кірмес бұрын қарсы алып, Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) жайлы өсек таратып, сырттан келгендердің барлығын одан сақтандырды.

Маусым басталып, қажылар Меккеге келгенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардың түскен орындарына барып, халық көп жиналатын Ғұказ, Мәжәннә, Зул-Мәжәз жәрмеңкелеріне шығып, адамдарды Аллаһтың дініне шақыруға кірісті. Ал Әбу Ләһәб оның соңынан қалмастан, өкшелей еріп отырып: «Оны тыңдамаңдар. Ол – дінінен безген, өтірікші», – деп, Пайғамбарды (с.а.с.) қаралаумен болды.

Осылайша, қажылықтан кейін үйлеріне қайтқан арабтар елдеріне жаңа шыққан пайғамбар жайлы хабармен оралып, оның дақпырты бүкіл араб тайпаларына тарады.

Дағуатқа қарсыласудың түрлі шаралары

Қажылық маусымы аяқталып, сырт аймақтардан келгендер үйлеріне тарасқанда, құрайыштар Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қатысты шаруаны жайғастырғандай масаттанып, көңілдерін бір демдеп алды. Олар өздеріне Аллаһтың ақиқатын алып келген жазықсыз жанға күйе жақты және өздерінің әрекеттеріне есеп те бермеді. Олар мұнымен тоқтамастан, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) дағуатына кедергі жасаудың түрлі тәсілдерін ойластырды.

Тәсілдерінің бірі Аллаһ елшісін (с.а.с.) ұдайы масқаралау, төмендету, мазақтап, кекету, өтірікші санау және күлкіге айналдыру еді. Күн санап мұсылмандардың қатарының артып, санының толысып келе жатқандығы құрайыштардың жүрегінде үрей туғызғандықтан, олар ендігі мақсаттарын қалай да адамдарда жаңа дінге теріс көзқарас қалыптастыра отырып, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен оған ергендердің жігерін жасытып, рухани күш-қуаттарын әлсіретуге бағыттады. Олар Аллаһтың дінімен күресуге батылдары жетіп, Оның елшісіне кісінің күлкісі келетін сан түрлі жалалар жауып, ел ішінде өсек-аяң сөздер таратып, орынсыз балағаттайтын. Олар адамзаттың ішіндегі ақылы ең сергек жанды жынды, жын соққан дейтін. Аллаһ тағала Құранда: **«Олар: «Ей, Ескерту түсірілген! Шындығында, сен жындысың», – деді»**[2], – деп айтқан.

[1] «Муддәссир» сүресі, 18-25 аяттар.
[2] «Хижр» сүресі, 6-аят.

Құрайыштар Пайғамбарымызды (с.а.с.) сиқыршы, өтірікші деп айыптайтын. Аллаһ тағала: **«Олар өз іштерінен ескертуші келгеніне таңғалды және кәпірлер: «Бұл – өтірікші жәдігөй», – деді»**[1], – деген. Олар Пайғамбарды (с.а.с.) жеп қоярлықтай, ашулы көздермен, ызалы сезімдермен қарсы алып, осылай шығарып салатын. Аллаһ тағала: **«Әлбетте кәпір болғандар Ескертуді** (Құранды) **тыңдаған сәтте, сені көздерімен атып сүріндіруге әзір және: «Ол – анық жынды», – дейді»**[2], – деген. Осылай құрайыштар Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) көрген жерде көз алартып, қыр көрсетті және оны жөні келмесе де айыптап, масқаралауға тырысты. Құрайыштар Пайғамбарымыздың (с.а.с.) әлсіз сахабаларымен бірге отырғанын көре қалса, оларды әжуалап: «Арамыздан Аллаһ игілік еткен адамдар осылар ма?» – деп мысқылдайтын[3]. Аллаһ тағала құрайыштардың құйтырқы әрекеттерін: **«Ақиқатында, күнәкарлар иман келтіргендерге күлетін еді. Қашан қастарынан өтсе, бір-біріне көз қысып, ымдасатын. Үй-іштеріне қайтқандарында мәз болып қайтатын. Қашан оларды көрсе: «Негізінде, бұлар – нағыз адасқандар», – десетін. Алайда өздері оларға сақтаушы етіліп жіберілмеген еді»**[4], – деген.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) барлық адамдарға, үлкен және кішіге, күштілер мен әлсіздерге, атақтылар мен қарапайымдарға, азаттар мен құлдарға, олардың атақ, мансап, әлеуметтік жағдайларына қарамастан бәріне бірдей жіберілген, оған ерушілер тек үлкендер мен күштілерден, атақтылардан ғана құралса, онда адамдарды алалайтын мұндай діннің кедей, әлсіз, қарапайым жандар үшін не мәні, қандай маңызы бар?!

Құрайыш мүшріктері халық арасында Пайғамбарымыздың (с.а.с.) тәлімдеріне теріс көзқарас қалыптастыратын, оның ақиқаттығына күмән ұялататын, пайғамбарлық тәлімдер жайлы және Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жеке басына қатысты негізсіз, өтірік ақпарлар тарататын, олар мұндай әрекеттерді Пайғамбардың (с.а.с.) уағызын қарапайым халықтың ойлануына орын қалдырмастай көп жасайтын. Құрайыштар Құран туралы: **«**(Бұл –) **бұрынғылардың аңыз әңгімелері. Ол мұны жаздырып алған, бұл оған таңсәріде және кешке қарай айтылып тұрады»**[5]; **«Бұл – небары ойдан шығарған өтірік қана. Бұл үшін оған басқа адамдар көмектескен»**[6]; **«Негізінде, оны** (Мұхаммедке) **адам үйретеді»**[7], – десе, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзі жайлы: **«Тамақ жейтін және базарларда жүретін бұл неғылған елші? Оған бір елші түсіріліп, онымен бірге ескертуші болса болмайды ма? Немесе оған қазына тасталмайды ма? Немесе онда өзі одан жейтін**

[1] «Сад» сүресі, 4-аят.
[2] «Қалам» сүресі, 51-аят.
[3] «Әнғам» сүресінің 53-аятын қараңыз.
[4] «Мутаффифин», 29-33 аяттар.
[5] «Фұрқан» сүресі, 5-аят.
[6] «Фұрқан» сүресі, 4-аят.
[7] «Нахл» сүресі, 103-аят.

бір бақ болмайды ма?»[1]; **«Сендер сиқырланған адамға ғана еріп жүрсіңдер»**[2], – дейтін.

Көпқұдайшылдар «Елші деген өзін адамдарға сыйлата алатын, оларды бағындыра білетін, қызметкерлері мен көп нөкерлері бар, байлық пен жер телімдеріне иелік ететін, атақтылар мен әкім-қаралардың ортасында, жеке күзетшілерімен жүретін патша, сұлтандардың бірі болуы керек. Базарларда жүріп: «Мен – Аллаһтың елшісімін» дейтін елшіге жол болсын» деген пасық ойларын суыртпақтайтын. Құран Кәрімде мүшріктердің пасық сөздеріне қарсы жауапта көптеген аяттар келген.

Құрайыш мүшріктері адамдардың Құранды тыңдауына жол бермеуге және адамдарды Құраннан бұрып, олардың назарын бұрынғылардың аңыз әңгімелерімен алдандыруға әрекет жасайтын. Солардың бірі Надр ибн Харис деген кісі Хира аймағына барып, парсылардың патшалары жайлы, Рүстем мен Асфендияр туралы әңгімелерді естіп келіп, Меккеге оралғанында, Аллаһ елшісін (с.а.с.) аңдып-бағып жүріп, оның бір жерге келіп, адамдарды Исламға уағыздағанын, Аллаһ жайлы ескерткенін, Оның жазасынан сақтандырғанын көре қалса, адамдарға Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сөзін тыңдатпау үшін дереу сол жерге жетіп келетін де: «Мұхаммед әңгімені менен жақсы айта алмайды», – деп, әлгі парсы патшалары жайлы, Рүстем мен Асфендияр туралы әңгімелерін айта жөнелетін. Әңгімесін тәмамдаған соң, ол адамдарға: «Менің әңгімемнен Мұхаммедтің айтқандарының несі жақсы?» – дейтін.

Ибн Аббастан риуаят етілген хабарда Надр ибн Харистің Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қарсы және бір айла қолданғаны айтылған. Ол әнді жақсы салатын бір күңді сатып алады. Сөйтіп әлдекімнің иманға келіп, Исламды қабылдауға ниеттеніп жүргенін естісе, оны әлгі күңге ертіп әкеліп: «Мынаған тамақ, сусын бер де, жақсылап ән салып бер», – деп тапсыратын. Сонан соң әлгі кісіге: «Бұл Мұхаммед сені шақырған істен әлдеқайда жақсы», – дейтін. Аллаһ тағала Надр жайлы: **«Адамдардың ішінде Аллаһтың жолынан адастыру үшін алдандыратын әңгімені сатып алатындар бар»**[3], – деген.

Құрайыш мүшріктерінің мақсаттары бетбақтырмай, әйтеуір қасарыса беру еді. Олардың діттегендері Мұхаммедтің (с.а.с.) уағызын қалай да тоқтату болды, алайда олар Аллаһтың ақиқатымен айқасамыз деп осыншалықты арамтерге түскенмен, мысқалдай да нәтижеге жете алмады.

Құрайыш мүшріктерінің мұсылмандарды жәбірлеуі

Пайғамбарлықтың 4-жылынан Исламға шақыру ашық жүргізілген уақыттан бастап, мүшріктер Пайғамбарымыздың (с.а.с.) дағуатын тоқтату

[1] «Фұрқан» сүресі, 7-8 аяттар.
[2] «Фұрқан» сүресі, 8-аят.
[3] «Лұқман» сүресі, 6-аят.

үшін жоғары айтылған айла-тәсілдерді бір-бірлеп қолдана берді. Құрайыштардың Аллаһқа және Оның елшісі мен кітабына қарсыласулары күн өткен сайын үдемесе әлсіреген жоқ, сан амалдармен түрлі құйтырқылықтар ұйымдастыратын. Көпқұдайшылдардың дағуатты тойтаруға бағытталған осындай сыртекі тәсілдері бірнеше айға дейін жалғасты, бұл аралықта олар мұсылмандарды жәбірлеуге, азаптап қинауға көшкен жоқ-ты. Бірақ олар мұндай тәсілдердің жаңа діннің дағуатын тоқтатуға ешқандай пайда бермей жатқандығын көрген соң, тағы бір рет бас қосып, кеңес өткізді және мұсылмандарды қинап, азаптауға, оларды діндерінен қайтаруға әрекет жасауға келісті. Сөйтіп барлық рубасылары және олардың құйыршықтары мен жандайшаптары сол рудағы Исламды қабылдағандарға шүйлігіп, мұсылмандарға дене тітіркенерлік, естігенде жүректер тілгіленетін азаптар көрсетті.

Әрдайым мұсылмандарды тіміскілеп, аңдып-бағып жүретін Әбу Жәһл абыройлы, өзін қорғай алатын күші бар кісінің Исламды қабылдағанын естісе, оны кінәлап, балағаттайтын және оның дүние-мүлкі мен атақ-абыройына үлкен зиян жасайтындығын айтып қорқытатын. Ал егер Исламды қабылдаған кісі әлсіз болса, Аллаһтың жауы оны соққыға жығып, қыр соңынан қалмайтын.

Осман ибн Аффанды көкесі құрма ағашының жапырақтарынан тоқылған алашаға орап тастап, астынан от жағып, түтін түтететін. Осман тырп етіп қозғала алмастан, оттың қалың түтініне тұншығатын.

Меккенің ауқатты отбасыларының бірінен шыққан, шалқып дәурен сүріп жүрген Мусғаб ибн Ғұмайрді Исламды қабылдағаны үшін анасы ас-ауқатсыз қалдырып, үйінен қуып жіберген. Үй-күйсіз Мусғабтың терісі жарылып, жыланның қабыршығындай қабыршақтанып кеткен.

Аллаһ үшін жәбір көріп, азапталған Суһайб ибн Синан әр-Руми есінен танып, сандырақтап жататын.

Мұсылмандардың алғашқы азаншысы ретінде танылған Биләл ибн Рабах Умәййә ибн Халаф әл-Жахми деген мүшріктің басыбайлы құлы болатын. Ақиқатты танып, Аллаһтың жалғыздығын мойындаған құлға иесі Умәййә көп жәбір көрсетті. Биләлдің мойнына арқан байлап, балалардың тірі ойыншығына айналдыратын. Балалар оны Меккенің тауларын айналып сүйрелейтін, тіпті оның мойнына қиған арқанның ізі түсіп қалатын. Умәййә оны мықтап байлап тастап, таяқпен сабайтын, нәр таттырмастан аш ұстайтын және шыжыған күннің астында қалдырып қоятын. Бұдан да сұмдығы, иесі оны тал түсте, күн әбден қызған кезде, күйіп тұрған құмның үстіне жатқызып, кеудесіне зіл батпан ауыр тас бастырып қойып: «Сен Лат пен Ғұззаға табынбасаң, Мұхаммедтен бас тартып, дініңнен қайтпасаң, осылай жатып өлесің» – деп шарт қоятын. Бірақ Биләл осындай жан шыдамас халде жатса да, болаттай берік қалпында: *«Жалғыз! Жалғыз!»* – деп қайталаумен болды. Биләл дінінен бас тартпаған сайын Умәййә оны азаптауын үдете түсті. Бір күні оны азаптап жатқанда, сол жерден өтіп бара

жатқан Әбу Бәкір мұны көріп, Биләлді иесіне құнын төлеп, сатып алып, оны Аллаһ үшін азат етіп, мұсылман құлға бостандық сыйлайды.

Аллаһтың жалғыз құдай екендігін мойындап, Оның елшісіне сенгендері үшін жеке басты адамдар ғана емес, кейбір отбасылардың барлық мүшелері де жазаға тартылды. Аммар ибн Ясир мен оның ата-анасы бәну махзум әулетінің құлдары еді. Әбу Жәһлдің басқаруындағы мүшріктер оларды да шыжыған күннің астында ұстап азаптайтын. Сондай сәттердің бірінде азапталып жатқан отбасының қасынан өткен Аллаһ елшісі (с.а.с.) қолынан келер еш дәрмен болмастан, жаны ауыра, қанатты сөздерімен демеу білдіріп: ***«Сабыр етіңдер, Ясирдің отбасы! Ақиқатында, сендерге уәде етілген орын – жаннат!»*** – деді. Аммардың әкесі Ясир азапты көтере алмай жан тәсілім етті. Ал анасы Сумәййәні Әбу Жәһл найзамен ішінен шаншып өлтірді. Бұл әйел Исламдағы шәһид өліммен үзілген алғашқы адам болды. Әке-шешесінің қазасына қарамастан мүшріктер Аммарды азаптауларын доғармай, үдете түсті. Біресе оны шыжыған күннің астына тастап, кеудесіне үлкен қызыл тас бастырса, біресе оны суға тұншықтырып қинап: «Мұхаммедке тіл тигізбесең немесе Лат пен Ғұзза жайлы жақсы сөз айтпасаң, жайыңа қалдырмаймыз», – деді. Өлімші халге жеткен Аммар шарасыздан мүшріктердің естігісі келген сөзді айтуға мәжбүр болды. Артынша жылап-еңіреп, Пайғамбарымызға (с.а.с.) кешірім сұрап келді. Осыған байланысты Аллаһ тағала Құраннан: **«Кімде-кім иман келтіргенінен кейін Аллаһқа кәпірлік етсе, бірақ мәжбүрленген, ал жүрегі иманға орнықты болған адам басқа»**[1] деген аятын түсірді.

Жалғыз Раббым Аллаһ деп иман келтіргендері үшін мүшріктердің тарабынан азапталғандардың бірі абдуддар әулетінің құлы Әбу Факиһа күниясымен танылған Афлах есімді мұсылман еді. Мүшріктер оны күннің қызуы күшейген уақытта алып шығып, ыстық құмның үстіне етбетінен жатқызып, арқасына үлкен тас бастырып қоятын. Әбу Факиһа тырп етіп қозғала алмастан, осылай жатқан қалпы есінен танып қалатын. Мүшріктер оның аяғын арқанмен байлап, сүйрелейтін, шыжыған күннің астына, ыстық құмның үстіне тастап, өлді деп ойлағандарынша қылғындырып, буындыратын. Бір күні оны азаптап жатқандардың қастарынан өткен Әбу Бәкір оны құнын төлеп, сатып алып, мұсылман құлды Аллаһ үшін босатып, басына азаттық берді.

Жәбірленушілердің тағы бірі Умму Анмар бинт Сибағ әл-Хузағия деген әйелдің құлы Хаббаб ибн Арат еді. Исламды қабылдағаны үшін оны мүшріктер Мұхаммедтің (с.а.с.) дінінен бас тартуын талап етіп, азаптың алуан түрлерімен қинайтын. Көпқұдайшылдар оны шашынан ұстап жұлқылап, мойнын үзіп жіберерліктей бұрайтын, жанып тұрған шоққа тастап, соның үстінде әрлі-берлі сүйрелейтіндіктен, оттан алғандарында Хаббабтың арқасының майы ағып тұратын.

[1] «Нахл» сүресі, 106-аят.

Ән-Нәһдия мен оның қызы, Зунайра және Умму Ғұбайс деген күңдер де Исламды қабылдаған болатын, мүшріктер оларға да азаптың небір түрлерін көрсетті. Бәну ади руына жататын муәммәл әулетінің де бір күңі Аллаһтың дініне кірген болатын. Исламды әлі қабылдамаған Омар ибн әл-Хаттаб оны сабап-сабап, нәтиже шығара алмаған соң шаршап, жайына қалдырған.

Әбу Бәкір әс-Сыддық осы күңдердің барлығын және, жоғарыда айтылғандармен қатар, Амир ибн Фаһира деген құлды да құндарын төлеп, сатып алып, бастарына азаттық берген.

Мүшріктер кейбір сахабаларды түйенің, сиырдың терісіне орап, ыстық құмның үстіне тастайтын, кейбіреулеріне темір сауыт кигізіп, шыжып қызған тастың үстіне жатқызып қоятын.

Аллаһтың жолында мүшріктерден азап көргендердің саны өте көп, олардың көрген азабын естіген кісінің жаны ауырады, көпқұдайшылдар Исламды қабылдаған әрбір мұсылманға шүйлігіп, зәбір көрсететін. Бірақ мұсылмандар көрген азап, жәбір, жапаларына мойымастан, бойларына қайрат бітіп, жүректеріне иман шуағы берік ұялай берді. Мүшріктер қандай айла-тәсілдер құрып, қандайлық құйтырқы, жымысқы әрекеттерге барып, мұсылмандарды азаптауларын еселеп күшейткенімен, хақ діннің өкілдерінің рухы одан биікке самғамаса төмендеген жоқ. Араб жазирасында Исламның тұңғыш қадамын осындай берік иманды азаматтар басты.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жағдайына келсек, ол кісі ұстамды, құрметті, дара тұлғалы жан болатын, оған жаулары да, достары да құрметпен қарайтын, адамдардың ең төмендері мен есерсоқтары болмаса, көп кісілердің Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) жеке басына азғындық әрекеттер жасауға жүректері дауаламайтын. Оның үстіне, Пайғамбарымыз (с.а.с.) көкесі Әбу Талибтің қорғауында болды. Ал Әбу Талиб құрайыштардың арасындағы бір әулетті басқарып отырған беделді тұлғалардың, Меккенің айтулы азаматтарының бірі еді. Сондықтан құрайыш мүшріктері Әбу Талибтен аттап өтіп, оның қорғауындағы кісіге өзге мұсылмандарға жасағандарындай ашық әрекетке барып, жазалау шараларын қолдануға батылдары жетпеді. Осы жағдай мүшріктердің діңкелерін құртып, салдарын суға кетірді, өздерінің басты нысанасы Пайғамбарға (с.а.с.) қатысты қандай да бір нақты шара қолдануларына кедергі жасап, аяқтарына оралғы болып отырған осы жағдай еді. Сол үшін де олар осы қиындықтан соңы жақсылыққа апармайтын қауіпті іске ұрынбастан шығудың жолын іздеп, тиімді тәсілін, дұрыс шешімін қарастыра отырып, бұл мәселедегі ең басты тұлға Әбу Талибпен келіссөзге баруға тоқтады. Олар осы келіссөздің барысында үлкен саясат пен бірқатар амал-айла қолданып, астарлы түрде қорқыту, доқ көрсету тәсілдерін пайдаланып, Әбу Талибті айтқанымызға көндіреміз деп ойлады.

Құрайыш мүшріктерінің Әбу Талибке келуі

Қанатын кеңге жайып бара жатқан Исламнан қауіптенген көпқұдайшылдар бұл мәселені Әбу Талиб арқылы шешпек болып, құрайыштың айтулы тұлғалары оған келіп: «Ей, Әбу Талиб! Негізінде, сенің бауырыңның ұлы біздің құдайларымызға тіл тигізіп, дінімізді айыптап жүр. Ол бізді ақымақ, топас санайды, ата-бабаларымызды адасушылар дейді. Сондықтан да, сен оны бұл ісінен тый не оны бізге қалдыр, сенің өзің де оның айтқандарымен келіспей, біздің сенімімізді ұстанып жүрсің ғой. Сен келіссең болды, оның жайын өзіміз тындырамыз», – деді.

Әбу Талиб олармен жұмсақ мәміледе сөйлесіп, сыпайы шығарып салды. Ал Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұрынғыдай Аллаһтың дінін жариялап, адамдарды осыған шақырып, Исламды уағыздауын жалғастыра берді. Пайғамбардың (с.а.с.) алған бетінен қайтпай, бұрынғы ісін жалғастырып, Аллаһтың дініне шақырып жүргенін көрген мүшріктердің оған қысастықтары арта түсіп, одан да бетер өршеленді. Алдыңғы келіссөздерінен еш нәтиже шықпағанын түсінген олар Әбу Талибке тағы да барып, бұл жолы оған маймөңкелеместен, мәселені тікесінен тартуға, қатаң шарт қоюға шешім қабылдады.

Құрайыш мүшріктерінің Әбу Талибке сес көрсетуі

Құрайыштың мырзалары Әбу Талибке тағы да келіп, наразылықтарын ашық білдіріп, қатаң талап қоя: «Ей, Әбу Талиб! Сен біздің ақсақалымызсың, ортамызда абыройың мен мәртебең бар. Біз сенен бауырыңның ұлын тыюыңды өтініп едік. Алайда сен оны тыймадың. Біз енді оның ата-бабаларымызға тіл тигізіп, өзімізді ақымақ санап, құдайларымызды кінәлауына төзе алмаймыз. Сондықтан оны бұдан тый, әйтпесе біз я өзіміз, я сендер өлім құшқанға дейін онымен және сенімен шайқасып бағамыз», – деп қатуланды. Мүшріктердің бұл жолғы қоқан-лоққысынан Әбу Талиб секем алып қалды. Сөйтіп ол өзіне Аллаһтың елшісін (с.а.с.) шақырып, құрайыштардың талабын жеткізіп: «Ей, бауырымның ұлы! Маған тайпаластарың келіп, былай-былай деп шарт қойды. Мені де, өзіңді де аясаңшы, маған шамам келмейтін істі жүктеме», – деді. Көкесінің бұл сөздерін естіген Аллаһ елшісі (с.а.с.) ол енді өзін қорғай алмайды, көмектесуге шамасы келмейді деп ойлап: ***«Уа, көке! Аллаһпен ант етейін, олар бұл істен бас тартуым үшін оң қолыма күнді, сол қолыма айды алып салса да, Аллаһ бұл дінді үстем еткенше немесе оның жолында өзім құрбан болғанша, одан бас тартпаймын»***, – деді де, көз жасына ерік беріп, жылап қалды. Осы сөзінен кейін орнынан тұрып, кетуге ыңғайланған інісін Әбу Талиб ет жүрегі елжірей, шыдай алмастан қайта шақырып: «Барып, қалағаныңды айт, ей, бауырымның ұлы! Аллаһпен ант етейін, сені ешқашан тастамаймын!» – деді. Содан кейін Әбу Талиб інісін жұбатып, мынадай өлең жолдарын оқыды:

Ант етемін Аллаһпен! Олар сені ешқашан басына алмас,
мен жер құшып жатпасам.
Ісіңді атқар, саған тыйым болмас.
Сүйін әрі онымен көзіңді қуант.

Құрайыштардың Әбу Талибке қайтадан келуі

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) адамдарды Исламға шақыруы жалғасын тауып жатты, ал оның артында қолдаушысы, қорғаны болып көкесі тұрды. Әбу Талиб інісін қорғау үшін, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тайпаластарынан қол үзіп, ат құйрығын кесісуге, тіпті олармен жауласуға да дайын болды. Мүшріктер Әбу Талибке жасаған қатаң ескертулерінен еш нәтиже көрмеген соң, оның інісін жалғыз қалдырмайтынын, оны қорғау үшін барлығына бел буып, тас түйін болып отырғанын түсініп, онымен келісімге келудің өзге бір жолын ойластыра бастады. Бір күні олар Әбу Талибке Ғұмара ибн Уәлид ибн Муғираны ертіп келіп: «Ей, Әбу Талиб! Бұл жігіт – құрайыштардың ішіндегі ең көрнекті, ең сұлу жігіт. Мұның еті де, сүйегі де сенікі, осыны бала етіп ал да, бізге өзіңнің дініңе және ата-бабаларыңның дініне қарсы келген, тайпаластарыңның тұтастығын іріткен, оларды ақымақ санаған әлгі бауырыңның ұлын бер. Біз оны өлтіреміз, ал саған жанға-жан, орнына мына жігітті береміз», – дейді. Әбу Талиб оларға: «Аллаһпен ант етейін, бұл ұсыныстарың қандай сорақы еді! Сендер маған балаларыңды асырауға бересіңдер де, мен сендерге ұлымды өлтіруге беремін бе?! Аллаһпен ант етейін, ешқашан бұлай болмайды!» – деп жауап қайтарады. Мүшріктердің Исламға, оның жаршысы Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) деген өшпенділіктерінің өршігені сондай, олар бұл діннің дағуатын тоқтату үшін туған балаларын айырбасқа салуға да дайын еді.

Әбу Талибтің қарсылығынан соң Мутғим ибн Ади ибн Нәуфәл сөз бастап: «Ей, Әбу Талиб! Аллаһпен ант етейін, тайпаластарың саған әділ қатынас жасады және сені өзің қаламайтын істен құтқаруға тырысты, бірақ сенің олардың ешбір ұсынысын қабылдауды қаламайтыныңды көріп тұрмын», – дейді. Әбу Талиб: «Аллаһпен ант етейін, сендер маған әділ қатынас жасаған жоқсыңдар, ал сен менен безуге және тайпаға маған қарсы көмектесуге бел будың, қалағаныңды жасай бер», – деп кеседі.

Құрайыштардың қаскөйлік әрекеттері

Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) Аллаһтың дініне шақырудан тыю қадамдарында Әбу Талибпен еш ымыраға келе алмай, барлық келіссөздері нәтижесіз аяқталып, беттері қайтқан құрайыштар талаптарының орындалуынан біржола үміттерін үзді. Осыдан соң олардың жаңа дінге және оның жаршысына жауласулары одан әрі ушыға түсті. Пайғамбардың (с.а.с.) дағуатының соңынан, нәтижесінен қорыққан құрайыштар өзге бір жол таңдап, осы арқылы дін уағызын аластауға, алыстатуға әрекеттенбек болып

шешті. Сөйтіп ендігі кезекте олар ашық түрде Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жеке басына қастандық әрекеттерін ұйымдастыра бастады.

Құрайыштар Ислам дағуаты пайда болғаннан бастап өздері ұлы санайтын, құрметтейтін пұт құдайларын қорғап бақты. Олардың ұлықтары мен дәукейлері Аллаһ елшісін (с.а.с.) келеке-мазақ еткендерімен, масқаралағандарымен қоймай, дағуатқа бүлік, ылаң салуларымен, т.б. құйтырқылықтарымен шектелмей, бұларынан еш нәтиже шықпаған соң төзімдері таусылып, енді Аллаһтың пайғамбарына (с.а.с.) тікелей қаскөйлік әрекеттер жасауға көшті. Олардың басында һашимилер әулетінің басшыларының бірі, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) әкесінің бауыры Әбу Ләһәб тұрды. Әбу Ләһәб өзгелер аяқ тартатын істерден де тартынбастан, Ислам үшін де, оны қабылдаған мұсылмандар үшін де қас дұшпан, жасанған жау болып шүйлікті. Ол өзге құрайыш тумалары Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қарсы көтерілмес бұрын, дағуаттың алғашқы күнінен-ақ жаңа дінді бесігінде тұншықтыруға, оның таратушысын аяғынан шалуға жанталасты. Жоғарыда Әбу Ләһәбтің Пайғамбарымызға (с.а.с.) һашимилер жиынында не дегені, Сафа төбесінде қандай әрекет жасағаны айтылған болатын. Сондай-ақ, әу бастан Аллаһтың пайғамбарына (с.а.с.) жауыққан Әбу Ләһәб өшпенділігінің өршігендігі соншалық пайғамбарлықтан бұрын екі ұлы Ұтба мен Ұтайбаға үйлендіріп, келін қылған, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қыздары Руқаййә мен Умму Кулсумді ұлдарына күштеп талақ еткізіп, екі отбасыны ажырастырып, бұзып тынды.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) екінші ұлы Абдуллаһ қайтыс болғанда, құрайыш мүшріктеріне барып: «Мұхаммед тұяқсыз, құбас болып қалды», – деп сүйінші сұраған да осы Әбу Ләһәб болатын.

Жоғарыда Әбу Ләһәбтің қажылық маусымы кезінде және базарларда Пайғамбардың (с.а.с.) қыр соңынан қалмай еріп жүріп, оны өтірікші деп айыптап, жарияға жар салғаны айтылған-ды. Ал Тариқ ибн Абдуллаһ әл-Мухариби жеткізген хабарда Әбу Ләһәбтің Аллаһ елшісін (с.а.с.) өтірікші деп айыптаумен шектелмей, оны таспен атқылап, табандарын қанатып жібергені жайлы да дерек келтірілген.

Күйеуі сияқты имансыздықтың жетегіне ерген Әбу Ләһәбтің әйелі, Әбу Суфйанның әпкесі (немесе қарындасы) Умму Жәмил де Аллаһ елшісіне (с.а.с.) дұшпандық жасауда күйеуінен кем түспейтін. Бұл әйел ерінбестен тікен бұтақтарын арқалап тасып әкеліп, түнделетіп барып Пайғамбарымыздың (с.а.с.) есігінің алдына, оның жүретін жолдарына тастайтын. Умму Жәмил Пайғамбарымызға (с.а.с.) тілін безейтін, оның пәк тұлғасына өтірік, жала жабатын, бүлік отын көсейтін, ел-жұртты Пайғамбарға (с.а.с.) қарсы айтақтап, айдап салатын шайпауыз, бетпақ әйел еді. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жолына тастау үшін тікен таситындығы себепті Умму Жәмилді Құран **«отын таситын әйел»** деп сипаттаған.

Құранда Умму Жәмил мен күйеуі Әбу Ләһәбті лағынеттеп, бір сүре – «Мәсәд» сүресі түскен. Аллаһ тағала: **«Әбу Ләһәбтің екі қолы құрысын, оның өзі де құрыды! Оған дүниесі мен тапқандары еш пайда бермеді.**

Ол таяуда жалындаған отта жанады және оның отын таситын әйелі де. Ол әйелдің мойнында құрма талшықтарынан есілген арқан бар», – деген.

Өзін және күйеуін лағынеттеп түскен Құран аяттары жайлы естігенде, Умму Жәмил терісіне сыймай долданып, уысына қиыршық тастарды толтыра жинап алып, Аллаһ елшісін (с.а.с.) іздеп жүрді. Бұл кезде Пайғамбарымыз (с.а.с.) Әбу Бәкір әс-Сыддықпен бірге мешітте Қағбаның түбінде отырған болатын. Бірақ Аллаһ тағала Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен Әбу Бәкірдің қасына келген Умму Жәмилді Аллаһ елшісін (с.а.с.) көрмейтін етіп қойды. Олардың қасына келген Умму Жәмил Әбу Бәкірді ғана көріп, одан: «Ей, Әбу Бәкір! Жолдасың қайда сенің? Естуімше, ол мені әжуалап жүрген көрінеді. Аллаһпен ант етейін, оны кездестірсем, мына тастармен аузына ұрар едім! Аллаһпен ант етейін, мен – өлең шығаратын ақынмын», – деді де:

«Жамандалғанға біз бағынбаймыз,

Ісін қабылдамаймыз,

Дінінен де беземіз», – деп, өзінше өлең ұйқастырғандай сыңаймен әлденелерді шата жөнелді.

Құрайыштар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) «мақтаулы» деген мағынаны білдіретін Мұхаммед есімін кері бұрмалап, «жамандалған» (музәммәм) деп келемеждейтін.

Әйел кеткеннен кейін Әбу Бәкір: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Қалай ойлайсың, ол сені көрді ме?»* – деп сұрағанда, Пайғамбарымыз (с.а.с.): ***«Жоқ, ол мені көрмеді, Аллаһ оны мені көрмейтін етіп қойды»***, – деп жауап берген.

Әл-Баззар жеткізген хабарда Умму Жәмил Әбу Бәкір әс-Сыддықтың алдына келіп: «Ей, Әбу Бәкір! Сенің жолдасың бізді өлеңмен ажуалапты ғой», – дейді. Әбу Бәкір оған: *«Жоқ, мына ғимараттың* (Қағбаның) *Раббысымен ант етейін, ол өлеңмен сөйлемейді»*, – дейді. Сонда Умму Жәмил: «Сен сенгішсің ғой», – деген екен.

Әбу Ләһәб Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көкесі әрі үйлері жапсарлас көршісі бола тұра әлгіндей айуандықтарды жасайтын. Ол Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзге де көршілері сияқты Пайғамбар (с.а.с.) үйінде отырса да азар беретін.

Ибн Исхақ Аллаһ елшісі (с.а.с.) үйінде отырса да оны жайына қалдырмай, кезінде әр түрлі азар берген көршілерінің тізімін көрсеткен. Олар: Әбу Ләһәб, Хакам ибн Әбул-Ас ибн Умәййә, Ұқба ибн Әбу Муғайт, Ади ибн Хамра әс-Сақафи және Ибн Асда әл-Һузәлилер. Бұлардың барлығы Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көрші қонған қоңсылары болатын. Кейінірек олардан Хакам ибн Әбул-Ас қана Исламды қабылдаған, ал қалғандары Аллаһтың елшісіне (с.а.с.) жау болған күйлерінде өмірден өтті. Сол көршілерінің бірі қойдың туғаннан кейінгі шуын алып, Пайғамбарымыз (с.а.с.) намаз оқып жатқанда, оның үстіне тастайтын, біреуі оны Пайғамбардың (с.а.с.) отта тұрған қазанына салып жіберетін. Олардың бұл істеріне налыған Аллаһ елшісі (с.а.с.) қойдың шуын таяққа іліп алып, есігінің алдына шығып: ***«Уа, абдуманаф әулеті! Бұл не деген көршілер?!»***

– деп күйіне, қолындағысын сыртқа тастайтын. Тіпті Пайғамбарымыз (с.а.с.) намаз оқыған кезінде көршілерінен тасаланатын қалқа жасап алуға мәжбүр болды.

Ұқба ибн Әбу Муғайт та Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) қаскөйлік жасауда ештеңеден тайынбайтын. Әл-Бұхари жеткізген хадисте Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с.) Қағбаның алдында намаз оқып жатқан-ды. Әбу Жәһл мен жолдастары* (сол маңда) *отырған, олар бір-біріне: «Қайсың пәлен әулеттің* (сойған) *түйесінің ішек-қарнын әкеліп, сәждеге барған кезінде Мұхаммедтің үстіне тастайды?» – десті. Сонда олардың ең сорлысы* (Ұқба ибн Әбу Муғайт) *барып,* (ішек-қарынды) *әкелді де, Пайғамбардың (с.а.с.) Аллаһ үшін сәждеге барғанын күтіп тұрып, оны арқасына екі жауырынының ортасына қойып қойды. Ал мен ештеңеге шамам келмей қарап тұрдым. Менде* (оларға) *тойтарыс берерлік күш-қуат болғанда еді!»*;

(Абдуллаһ ибн Масғуд): *«Сөйтіп олар бір-бірінің үстіне қисайып күле бастады, ал Аллаһ елшісі (с.а.с.) Фатима келіп арқасынан* (ішек-қарынды) *алып тастағанша сәждеден басын көтермеді. Сосын басын көтерді де үш рет:* ***«Уа, Аллаһ! Құрайыштардың көзін жой!»*** *– деді. Оның қарсы дұға қылуы оларға ауыр тиді»*;

(Абдуллаһ ибн Масғуд): *«Олар бұл қалада* (Меккеде) *жасалған дұғаның қабыл болатынын білетін. Сосын* (Пайғамбар (с.а.с.) оларды жеке-жеке) *атап:* ***«Уа, Аллаһ! Әбу Жәһлдің көзін құрт және Ғұтба ибн Рабиға мен Шәйбә ибн Рабиғаның, Уәлид ибн Ғұтбаның, Умәйя ибн Халаф пен Ұқба ибн Әбу Муғайттың көзін жой!»*** *– деді»,* – деген.

(Аллаһ елшісі (с.а.с.)) жетінші (бір кісіні) атаған, (бірақ хадисті жеткізуші оны) есінде сақтай алмаған.

(Абдуллаһ ибн Масғуд): *«Жаным қолында болған* (Аллаһ)*пен ант етейін, Аллаһ елшісі (с.а.с.) атағандардың бәрін құдықта – Бәдір құдығында өлі күйлерінде көрдім!»* – деп айтқан[1].

(Пайғамбар (с.а.с.) атаған) жетінші (кісі) Ғұмара ибн Уәлид болатын[2].

Умәййә ибн Халаф Пайғамбарымызды (с.а.с.) үнемі мазақтап, ғайбаттайтын. Ол жайлы **«Әрбір мазақтаушыға, ғайбаттаушыға үлкен қасірет!»**[3] деген Құран аяты түскен.

Умәййәның бауыры Убәй ибн Халаф пен Ұқба ибн Әбу Муғайт бір-бірімен ауыз жаласқан сыбайластар еді. Бір күні Ұқба ибн Әбу Муғайт Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қасына отырып, оның сөздерін тыңдайды. Бұл әңгімені естіген Убәй сыбайласы Ұқбаны жерден алып, жерге салып, айыптап, одан Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бетіне түкіріп жіберуін талап етеді. Ұқба оның талабын орындап, осылай жасайды. Убәй ибн Халафтың

[1] Хадисті әл-Бұхари «Сахихының» (Дәрет кітабында «Намаз оқушының үстіне лас зат немесе өлексе тасталған жағдайда» деп аталатын тарауда, 1/38) келтірген.

[2] Әл-Бұхаридің «Сахихының» (Намаз кітабындағы соңғы хадисті, 520) қараңыз.

[3] «Һумәзә» сүресі, 1-аят.

өзі бірде әбден қурап, шіріген сүйекті майдалап уатып, оны Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бетіне үрлеп шашып жіберген.

Аллаһ елшісіне (с.а.с.) күн бермей түртпектеушілердің қатарында Ахнас ибн Шариқ әс-Сақафи деген кісі де болған. Аллаһ тағала Құранда оның бойындағы тоғыз бірдей жаман сипатты баяндап: **«Әрбір көп ант ішкішке, жексұрынға бағынба; мін таққышқа, өсек тасығышқа; жақсылықты тосушыға, шектен шығушыға, күнәкарға; дөрекіге әрі тегі белгісізге** (бағынба)»[1], – деген.

Мұндай қаскөйлер кез-келген оңтайлы сәтті қалт жіберместен, жатса да, тұрса да, Аллаһ елшісін (с.а.с.) аңдып, оны үнемі сөге жамандап, жек көріп, оған азар беріп, қиянат көрсететін.

Әбу Жәһл кей-кейде Пайғамбарымызға (с.а.с.) келіп, одан Құран тыңдайтын, бірақ иман келтірместен, мойынсұнбай, ешбір тәлім-тәрбие алмай, қорықпастан кете баратын және тек жүрмей Аллаһ елшісін (с.а.с.) балағаттап, тілін безейтін, адамдарды Аллаһтың жолынан тосатын. Содан кейін ол мақтаулы іс жасағандай, жасаған ісіне масаттанып, істеген жамандығына мақтанып жүретін. Әбу Жәһл туралы **«Ол растамады да, намаз да оқымады. Бірақ, өтірік санап, бет бұрды. Сосын ол кердең басып, үйіне кетті»**[2] деген Құран аяттары түскен.

Ол Пайғамбарымыз (с.а.с.) әл-Харам мешітінде намаз оқуға кіріскен алғашқы күннен бастап-ақ оның намазына кедергі жасайтын. Бірде ол Ибраһимнің мақамы жанында намаз оқып тұрған Пайғамбардың (с.а.с.) қасынан өтіп бара жатып: «Ей, Мұхаммед! Сені бұдан тыймап па едім», – деп, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қоқан-лоққы жасайды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) де оған дауысын көтеріп, бетін қайтарып тастайды. Мұндайды күтпеген Әбу Жәһл сасқалақтап: «Ей, Мұхаммед! Сен мені неңмен қорқытасың?! Аллаһпен ант етейін, ақиқатында, мен мына жазықтағы (Меккедегі) жақтастары ең көп адаммын», – дейді. Сонда Аллаһ тағала **«Ендеше, ол өз жақтастарын шақырсын. Біз де тозақтың сақшыларын** (азаптаушы періштелерді) **шақырамыз»**[3] деген аяттарын түсірген.

Өзге бір риуаятта Пайғамбардың (с.а.с.) оның алқымынан алып, сілкілеп: ***«Қасірет болсын саған, қасірет болсын! Сосын тағы қасірет болсын саған, қасірет болсын!»***[4] – дегені айтылған. Сонда Аллаһтың абдырап қалған жауы: «Сен маған сес көрсетіп жатырсың ба, ей, Мұхаммед?! Аллаһпен ант етейін, сен де, сенің Раббың да маған ештеңе істей алмайсыңдар. Ақиқатында, мен (Меккенің) екі тауының арасында жүргендердің ең күштісімін», – депті.

Осы оқиғадан кейін Әбу Жәһлдің жауыздығы арта түсті. Муслим жеткізген хадисте Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«*(Бірде) *Әбу*

[1] «Қалам» сүресі, 10-13 аяттар.
[2] «Қиямет» сүресі, 31-33 аяттар.
[3] «Ғалақ» сүресі, 17-18 аяттар.
[4] «Қиямет» сүресінің 34-35-аяттарын қараңыз.

Жәһл: «Сендердің орталарыңда Мұхаммед жүзін жерге жапсырады ма?» – деп (сұрады. Оған)*: «Иә», – делінді. Сонда* (Әбу Жәһл)*: «Лат және Ғүззамен ант етейін, егер оның осылай жасап жатқанын көрсем, міндетті түрде оның желкесінен басамын немесе жүзін топыраққа жапсырамын», – деді. Сөйтіп ол намаз оқып жатқан Аллаһ елшісіне (с.а.с.) барып, оның желкесінен басамын деп ойлады. Кенет олар күтпеген жағдай болып,* (Әбу Жәһл) *қолдарымен* (әлденеден) *қорғана артына шегінді. Одан: «Саған не болды?» – деп* (сұрағанда)*, ол: «Екеуміздің ортамызда отты ор, қорқыныш*(ты көрініс) *және қанаттар* (пайда болды)*», – деді. Кейіннен Аллаһ елшісі (с.а.с.)*: ***«Егер де ол маған жақындағанда, періштелер оны бөлшек-бөлшек етіп жұлып әкетер еді»****, – деді»*, – деп айтқан.

Осы айтылғандардың барлығы Исламды тарату жолында Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен мұсылмандардың шектен шыққан құрайыш мүшріктерінен көрген тауқыметінің, зұлымдығы мен қорлығының кішкене бір үзіндісі ғана. Шын мәнінде Исламның жаршысы мен оған ерушілерге олардың небір сорақы азаптар мен түрлі жәбірлер көрсеткені жайлы хабарлар өте көп.

Бұрынғы пайғамбарлардың барлығы да ақиқатты жеткізгенде халық оларды қабылдамай, қуғын-сүргінге ұшыратқан. Дінге шақыру жолында қиындық көру барлық пайғамбарлардың да, ақиқатқа үндеуші мұсылмандардың да басынан өтетін құбылыс. Аллаһ тағаланың шариғат тұрғысында орнатқан жүйесі бойынша ақиқатты жеткізген кез-келген адам қарсылассыз қалмайды. Пайғамбар (с.а.с.) мен кәпірлердің арасында орын алған қарсылық бүгінгі күнде де дін таратушылар мен дінсіздер арасында жалғасын тауып отыр. Аллаһтың дінін таратушылар қашанда қиындыққа кездеседі.

Мұсылмандардың Арқамның үйіне астыртын жиналулары

Мүшріктердің қарсылықтары барған сайын ушығып, іс насырға шауып бара жатқан соң, олардың күн санап мұсылмандарға қысым көрсетуі арта түскеннен кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларына діндерін жариялamастан, жасырын ұстануларын бұйырды. Жас мұсылмандарға мүшріктердің көзінше Исламды қабылдағандарын сөзімен не ісімен білдіруіне тыйым салып, өзі олармен құпия түрде жасырын кездесіп отырды. Бұл сол кездегі жағдайға орай тап басып қолданылған оңтайлы шара, дана шешім еді. Әйтпесе, Пайғамбарымыз (с.а.с.) олармен ашықтан-ашық кездесетін болса, құрайыш мүшріктері олардың бас қосуларына сөзсіз кедергі жасап, сахабалар рухани тазару, Құран мен сүннетті үйрену мүмкіндігінен айрылар еді.

Онымен қоймай, ашық бас қосу екі тараптың қақтығысуына апарып соғуы да мүмкін еді. Мұндай жағдай пайғамбарлықтың 4-жылы іс жүзінде орын алған болатын. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сахабалары тау шатқалында жасырын түрде жиналып, намаз оқып жатқандарында, оларды көрген құрайыш мүшріктері мұсылмандарға тіл тигізіп, жұдырықтарын ала

жүгірген-ді. Сонда Сағд ибн Әбу Уаққас мүшріктердің бірін ұрып, қанға бөктірген. Бұл Ислам үшін төгілген алғашқы қан болды.

Мұндай қақтығыстар көбейсе, оның соңы мұсылмандардың күйреуіне, түбегейлі жойылып кетуіне апарып соғар еді. Сондықтан да, Аллаһ елшісі (с.а.с.) қауіптің алдын алып, сахабаларының өз діндерін, ғибадаттарын, дағуаттары мен кездесулерін жасырын ұстауларын жөн көрді. Мұсылмандар мен Исламның пайдасын көздеген Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) сахабаларымен жасырын кездесіп жүрсе де, өз басы адамдарды Исламға ашық түрде шақырып, құлшылық-ғибадаттарын мүшріктердің көздерінше орындап, пайғамбарлық міндетін жалғастыруда ешқандай тосқауылға бөгелмеді. Сахаба Арқам ибн Әбул-Арқам әл-Махзумидің үйі Сафа төбесінде, құрайыш мүшріктерінің назарына іліге бермейтін көзтасада, олардың бас қосатын орындарынан қашықта, оқшау орналасқан еді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Арқамның үйін өзі дағуат жасайтын, мұсылмандармен бас қосатын орталық ретінде таңдап, осы үйде сахабаларына Аллаһтың аяттарын оқитын, оларды рухани тұрғыда тазартатын және оларға Құран мен сүннетті үйрететін.

Мұсылмандардың алғашқы рет Эфиопияға қоныс аударуы

Мүшріктердің мұсылмандарды аңдып-бағып, оларға қысым көрсетулері пайғамбарлықтың 4-жылының бел ортасынан асқан уақытта немесе сол жылдың аяқ шенін ала басталды. Әуелде құрайыш мүшріктері жас діннің өкілдерін аса қатты қыспаққа алмағанымен, күн санап олардың зардап көрсетулері үдегені соншалық, барған сайын жағдай ушығып, пайғамбарлықтың 5-жылының ортасынан ауа мұсылмандарға мұнан әрі Меккеде тұру қиындап, олар зорлықшылардың жәбірінен құтылып, бас сауғалайтын әлдебір амал-айла ойластыруға мәжбүр болды. Осылай мұсылмандар қиын жағдайда жүрген тұста Аллаһ тағала «Зумәр» сүресін түсіріп, қоныс аудару керектігін меңзеді, Аллаһтың жерінің кең байтақ екендігін ескерте: «(Оларға)**: «Ей, Менің иман келтірген құлдарым! Раббыларыңнан қорқыңдар! Жақсылық істегендерге осы дүниеде жақсылық бар. Аллаһтың жері кең. Шын мәнінде сабыр етушілерге сыйлары есепсіз толық беріледі»** (деген сөзімді) **айт»**[1], – деді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Эфиопияның патшасы Асхама ән-Нәжәшидің алдында ешкімге қиянат жасалмайтын әділ билеуші екендігін білетін. Сондықтан да ол мұсылмандарға қысымнан бас сауғалап, діндерін бүліктерден сақтау үшін Эфиопияға қоныс аударуларын бұйырды. Сөйтіп пайғамбарлықтың 5-жылы ражаб айында сахабалардың алғашқы тобы Эфиопияға қоныс аударды. Бұл топ Осман ибн Аффан (Аллаһ оған разы болсын) көшбасшылық еткен он екі ер кісі мен төрт әйелден құралды. Араларында Османның жұбайы, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қызы Руқаййә да

[1] «Зумәр» сүресі, 10-аят.

болды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) осы қызы мен күйеу баласы Осман жайлы: ***«Бұл екеуі – Ибраһим мен Луттан*** (ол екеуіне сәлем болсын) ***кейін Аллаһ жолында қоныс аударған алғашқы отбасы»***, – деген[1].

Құрайыш мүшріктерінің жолдарын тосуларынан қауіптенгендіктен бұл топ Мекке шаһары түннің қою қараңғылығына енгенде ғана қаладан ұрланып шықты. Олар Шуғайба кемежайын бетке алып, теңізге қарай шықты және кемежайда екі сауда кемесін жолықтырып, Эфиопия еліне жүзіп кетті. Құрайыш мүшріктері жасырын кеткен мұсылмандарды біліп қойып, соңдарынан қуып шықты. Алайда олар кемежайға жеткен уақытта мұсылмандар жағадан алыстап үлгерген еді. Эфиопия жерінде мұсылмандар мейлінше амандықта, қауіпсіздікте өмір сүрді.

Құрайыш мүшріктерінің мұсылмандармен бірге сәжде жасағанын естіп, Эфиопиядағы қоныс аударушылардың Меккеге қайтуы

Осы жылдың рамазан айында Аллаһ елшісі (с.а.с.) әл-Харам мешітінде көсемдері мен дәукейлері бас қосып, жиылып отырған көпқұдайшылдардың ортасында күтпеген жерден «Нәжм» сүресін оқуға кіріседі. Бұған дейін өздерінің тәсілдеріне орай бір-біріне: **«Бұл Құранды тыңдамаңдар және оған бос сөз сөйлеңдер. Мүмкін жеңіп шығарсыңдар»**[2], – деп кеңес беріп келген құрайыштар Аллаһтың сөзі Құранды әлі тыңдап көрмеген болатын. Пайғамбарымыз (с.а.с.) сүрені оқығанда, Құранның баурап алар керемет, айтып жеткізу мүмкін емес тамаша да ұлы сөздерін естіген құрайыштардың тұла бойын ерекше бір сезім билеп, түсініксіз тылсым күйге бөленіп, барлық өшпенділіктерін ұмытып, Құраннан өзге ештеңені ойламастан, оның әрбір аятын беріле тыңдады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) сүренің соңғы жағындағы Қиямет күніндегі жағдайларды баяндаған, естігенде адамдардың жүректері қорыққаннан ұшып кете жаздайтын аяттарды: **«Жақындаушы жақындады. Оны Аллаһтан өзге көрсетуші жоқ. Сендер осы Сөзге таңғаласыңдар ма, күлесіңдер және жыламайсыңдар ма, қаперсіздікте болған күйлеріңде?»**[3] деп оқи келе: **«Аллаһқа сәжде етіңдер және құлшылық қылыңдар!»**[4] деген аятты оқып, сәжде жасаған сәтте, құрайыштардың барлығы өздерін ұстай алмай, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) соңынан еріксіз сәждеге жығылды. Осылай ақиқаттың қорқынышы бірбеткейліктерімен осы уақытқа дейін мойындамай, өздерін жоғары санап, Құранды әжуалап келген құрайыштардың жүректеріндегі қарсылықтарын жасытып, басып тастады. Нәтижесінде Аллаһтың бұйрығына қарсы келе алмай қалған құрайыштар өздері бар күштерін сала жоюға әрекеттенген істі қалай жасағандарын білмей қалды.

---

[1] «Әл-Исаба фи тәмйиз әс-сахаба» (7/649).
[2] «Фуссилат» сүресі, 26-аят.
[3] «Нәжм» сүресі, 57-61 аяттар.
[4] «Нәжм» сүресі, 62-аят.

Олар Аллаһтың сөзінің ұлылығы ұстанымдарын күйреткендігін аңдаған кездерінде, не істерлерін білмей дал болды. Сол жиынға қатысқан мүшріктер ол жерде болмаған сыбайластарының өздерін сөге жамандаған, жерден алып, жерге салған табасына қалды. Сол кезде әлгілер өздерін ақтау үшін Пайғамбарымызды (с.а.с.) пұттарға құрмет көрсетіп, оларды: «Бұлар – биіктерде самғайтын тырналар, ал олардың шапағатына үміт артылады» деп дәріптеді деген жалған хабар таратты. Өздерінің Пайғамбармен (с.а.с.) бірге сәжде жасауларынан қалайда ақталатын сылтау ойластырып, көрер көзге осылай жала жапты. Өтірік құрастыру мен шындықты жасыруды әдеттеріне айналдырған адамдардың бұл сөздері таңғаларлық емес, мұндай пасықтық олардың болмыстарына әсте жат қылық емес-ті.

Бұл хабар Эфиопияға қоныс аударған муһажирлердің де құлағына жетті. Бірақ хабар оларға өзгеше сипатта, «құрайыштар Исламды қабылдады» деп жеткен болатын. Содан олар сол жылдың шәууәл айында Эфиопиядан кері қайтып, өз отандарына Меккеге қарай жол тартады. Алайда олар Меккеге жетуге күннің бір бөлігіндей уақыт қалғанда жағдайдың беті ашылып, шын мәнінде не болғандығынан хабар табады. Осыдан кейін олардың кейбірі Эфиопияға қайта оралды, ал қалғандары қалаға жасырынып не құрайыштардан біреудің қорғауымен ғана кірді.

Мұсылмандардың Эфиопияға екінші рет қоныс аударуы

Қайта оралған муһажирлер мен басқа да мұсылмандарды жәбірлеу күннен күнге күшейе түсті, тіпті оларға өздерінің туған-туыстары да қысым жасады. Нәжәшидің Эфиопияға қоныс аударып барған мұсылмандарды жақсы қабылдап, қауіпсіздікпен қамтамасыз еткендігі құрайыштардың қытығына тиіп, жандарына батты. Жағдай ушығып бара жатқан соң, Пайғамбарымыз (с.а.с.) мұсылмандардың қайтадан бой тасалауын қажет деп тауып, оларға тағы да Эфиопияға қоныс аударуларына кеңес берді. Құрайыштардың мұсылмандардан көз жазбай аңдып-бағуынан алғашқысына қарағанда екінші қоныс аудару қиынырақ болды. Мүшріктер олардың қоныс аударуына жол бермеуге тас түйін бекінген-ді. Соған қарамастан, мұсылмандар шапшаң қимылдап әрі құлдарына Аллаһ тағала сапардың сарсаңын жеңілдетіп, қоныс аударушылар Эфиопия жеріне соңдарына түскен қуғыншылардың қолдарына түспестен жетті.

Бұл жолы Меккені тастап шыққан топтың құрамында сексен үш ер адам және он сегіз не он тоғыз әйел болды.

Құрайыштардың Эфиопияға қоныс аударған мұсылмандарды кері қайтаруға әрекет жасауы

Мұсылмандардың қысымнан құтылып, иектерінің астынан сытылып шығып кеткені және Эфиопия елінде өздері үшін де, діндері үшін де пана тапқаны құрайыштардың ыза-кегін қайнатты. Содан құрайыштар олардың

жат жерден жақындық тауып, діндерін кедергісіз ұстанып, бейбіт күн кешіп жатқандарына көз жұмып қарап отыра алмастан, оларды қайтарып алу мақсатында араларынан байсалды әрі ақылды екі кісіні – әлі Исламды қабылдап үлгермеген Амр ибн Ас пен Абдуллаһ ибн Әбу Рабиғаны Эфиопия еліне Нәжәши мен оның патриархтарына арналған құнды сыйлықтарымен жөнелтеді. Эфиопияға барған олар әкелген сыйлықтарын патриархтарға тапсырып, келу мақсаттарын баяндайды және оларға елдерінде босқындықпен бой тасалап жүрген тайпаластарын қуып шығарлық себептерді түсіндіреді. Патриархтар елшілерге емеурін танытып, патшаларын олардың талаптарын қанағаттандыруға үгіттемек болып келіседі.

Нәжәшидің қабылдауына кірген құрайыштардың екі елшісі патшаға жолданған сыйлықтарды алдына тартып, сөз алып:

«Уа, әмірші! Өз халқының дінінен бас тартқан және сенің дініңді де қабылдамаған, бізге де, саған да беймәлім, өз ойларынан шығарған дінді ұстанып жүрген бір ақымақ жастар сенің еліңнен пана тауыпты. Сол жастардың тайпаластарының абыройлылары, олардың аталары, көкелері мен туған-туыстары оларды қайтаруыңды сұранып, бізді саған жіберді. Қашқындардың жайы ол кісілерге жақсы мәлім және өздерінің оларды не үшін айыптап, не себепті кінәлағандықтарын да жақсы біледі», – дейді.

Нәжәшидің патриархтары да: «Елшілер рас айтады, уа, әмірші! Әлгі адамдарды мына екеуіне тапсыр, оларды тайпаластарына, елдеріне қайтарсын», – деп шуласады. Бірақ патша өзі барлық тараптарды тыңдап, мәселенің анық-қанығын тексеруді қажет деп табады да, еліндегі мұсылмандарға адам жіберіп, оларды құзырына алдыртады. Мұсылман муһажирлер қандай жағдай болса да шындықты айтуға шешім қабылдайды. Патша олардан: «Сендер өз жұрттарыңның дінінен бас тартқан және менің дінімді де қабылдамаған, өзге дін өкілдерінің де сенімін ұстанбаған бұл қандай дін?» – деп сұрайды. Мұсылмандардың атынан патшаның сұрағына Жағфар ибн Әбу Талиб жауап қайтарып: *«Уа, патша! Біз пұттарға табынатын, өлексенің етін жейтін, арсыз істерді жасайтын, туыстардан қол үзген, көршілерімен қатынасы жақсы емес, күштілері әлсіздеріне тізесін батырып, азуын салатын надан ел едік. Осындай жағдайда жүргенімізде, Аллаһ бізге өз арамыздан елші жіберді. Бізге оның тегі, шыншылдығы, аманатшылдығы мен арлылығы жақсы мәлім. Ол бізді Аллаһқа, Аллаһты жалғыз құдай деп сеніп, Оған құлшылық етуге, ата-бабаларымыз бен өзіміз табынып келген тастардан және жалған құдайлардан бас тартуға шақырды. Ол бізге шын сөйлеуді, аманатты орындауды, туыстық қатынасты сақтауды, көршілермен жақсы қатынас жасауды, тыйым салынғандар мен қан төгуден тыйылуды бұйырды. Сондай-ақ ол бізге арсыз істерге, өтірік сөйлеуге, жетімнің малын жеуге, бейкүнә әйелдерге жала жабуға тыйым салды. Сонымен қатар ол намаз оқуымызды, зекет төлеуімізді, ораза ұстауымызды бұйырды»*, – деп Исламның өзге де парыздарын санап айтып берді де, сөзін әрі қарай жалғап:

«Біз оған сендік, иман келтірдік, ол жеткізген Аллаһтың дініне ілестік, бір Аллаһқа құлшылық етіп, Оған ештеңені серік етіп қоспадық. Ол өзімізге тыйым салғандарды тыйым салынған деп санадық, ол өзімізге рұқсат еткендерді рұқсат етілген деп есептедік. Алайда, осыдан кейін тайпаластарымыз бізге дұшпандық жасап, бізді азаптады, бізді Аллаһ тағалаға құлшылық етуден пұт-мүсіндерге табынуға қайтару мақсатында, бұрын рұқсатты санап келген жаман нәрселерді қайтадан рұқсатты санауымыз үшін дініміздің тосуға әрекеттенді. Тайпаластарымыз бізге өктемдік жасап, жәбірлеп, қысым көрсеткен соң, дінімізді ұстануға кедергі болған соң, өзге патшалардың арасынан сені таңдап, сенің құзырыңнан қорған табу ниетімен, сенің алдыңда қиянатқа ұшырамаспыз деп үміттеніп, өзіңнің еліңе келдік, уа, әмірші!» – деді.

Нәжәши одан: «Сенде пайғамбарларың Аллаһтан жеткізгеннен бірдеңе бар ма?» – деп сұрады. Жағфар: *«Иә»*, – деді. Нәжәши: «Оны маған оқып берші», – деді. Жағфар оған «Мәриям» сүресінің бас жағындағы аяттарды оқыды. Аяттарды тыңдаған Нәжәшидің сақалы жасқа малынғанша көздерінен жас парлады. Оның епископтарының да көңілдері босап, көздерінен аққан жастары алдарындағы жазба қағаздарын жуды. Сонан соң Нәжәши оларға: «Ақиқатында, мұны мен Исаның жеткізгені бір терезеден шыққан!» – деді де, Амр ибн Ас пен оның серігіне қарап: «Сендер қайта беріңдер. Аллаһпен ант етейін, мен бұларды сендерге бермеймін және оларға ешкім де жаманшылық жасамайды», – деді.

Құрайыштардың екі елшісі сыртқа шыққаннан кейін Амр ибн Ас қасындағы Абдуллаһ ибн Рабиғаға: «Аллаһпен ант етейін, ертең мен оған міндетті түрде бұларды түп-тамырымен жоятын бірдеңе әкелемін», – деп тісін қайрайды. Абдуллаһ ибн Рабиға оған: «Олай етпе, бұлар бізге қарсы шыққанымен, олардың туыстары бар ғой», – дегенімен, ол өзі ойына алған іске табандап тұрып алады.

Келесі күні ол Нәжәшиге тағы да келіп: «Уа, патша! Шындығында, бұлар Мәриямның ұлы Иса туралы ауыр сөздер айтады», – дейді. Нәжәши мұсылмандарға адам жіберіп, Иса туралы не айтатындарын сұрау үшін оларды құзырына қайта шақыртады. Мұсылмандар қорқып қалғанымен, қандай жағдай болса да шындықты айтуға бекінеді. Олар патша сарайына, Нәжәшидің құзырына кіргенде, Нәжәши олардан Иса пайғамбар туралы не дейтіндерін сұрады. Жағфар оған: *«Біз ол жайлы Пайғамбарымыз (с.а.с.) хабарлағанды айтамыз: ол – Аллаһтың құлы, Оның елшісі, Оның рухы және өзін Аллаһқа арнаған пәк қыз Мәриямға жолдаған сөзі»*, – деп жауап берді.

Сонда Нәжәши жерден бір шыбық алып: «Аллаһпен ант етейін, Мәриямның ұлы Иса сенің айтқаныңнан мына шыбықтай да артық емес», – деді. Мұны естіген патриархтар өзара күңкілдесе бастады. Патша: «Аллаһпен ант етейін, қалай күңкілдесеңдер де бұл солай», – деп кесті.

Сонан соң Нәжәши мұсылмандарға: «Бара беріңдер! Менің елімде сендер қауіпсіздіктесіңдер. Сендерге кімде-кім тіл тигізсе, айыппұл төлейді. Сендерге кімде-кім тіл тигізсе, айыппұл төлейді. Сендерге кімде-кім тіл

тигізсе, айыппұл төлейді. Мен сендерден бір кісіні ренжітсем, бір тау алтыным болуын да қаламаймын!» – деді.

Сосын қол астындағыларға: «Мына екеуіне сыйлықтарын қайтарып беріңдер, маған оның қажеті жоқ. Аллаһпен ант етейін, Аллаһ маған патшалығымды қайтарып бергенде, менен пара алған жоқ, енді мен осы патшалығымды пайдаланып, әділетсіз үкім шығаруым үшін пара аламын ба? Аллаһ маған адамдарды бағындырғанда, мен адамдарға бағынып, әділетсіз үкім шығарамын ба?» – деді.

Осы әңгімені жеткізген Умму Сәләмә құрайыштар жіберген екі елші жайлы: *«Сөйтіп екеуі әкелген сыйлықтары кері қайтарылып, масқараланған күйде кетті. Ал біз Нәжәшидің елінде жақсы жерде, толықтай қауіпсіздікте өмір сүрдік»*, – деген.

Құрайыш мүшріктерінің мұсылмандарға азап көрсетуді үдете түсуі және олардың Аллаһ елшісін (с.а.с.) өлтіруге әрекеттенуі

Құрайыш мүшріктері құрған айла-әдістерінен еш нәтиже шықпай, Эфиопияны паналаған мұсылмандарды кері қайтарып алу үміттері ақталмаған соң, әбден ызаға булығып, ашуға мінді. Осыдан кейін олардың қысастықтары арта түсіп, Меккеде қалған мұсылмандарға шүйлікті, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) түрлі жаманшылықтар жасай бастады. Олардың тарабынан Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) өлтіруді қалаған іс-әрекеттер бой көрсетіп жатты. Олар мұнымен өздерін мазалап, жамбастарын жайлы орнынан қозғаған бүлікті біржолата түп-тамырымен жоюды қалады.

Меккеде қалған мұсылмандар өте аз болатын. Олар өздерін қорғай алатын абыройлы кісілер немесе біреудің қорғанын паналаған адамдар еді. Соған қарамастан, Меккеде қалған мұсылмандар діндерін жасырын ұстап, шектен шыққан мүшріктердің көзінен мүмкіндігінше алыс жүретін. Бірақ олар осыншалықты сақтанғанымен, имансыздардың жәбір-жапасынан, зұлымдығы мен қысымынан толықтай аман болған жоқ.

Ал Аллаһ елшісі (с.а.с.) мүшріктерден қорықпастан, қас жауларының көзінше намаз оқитын, Аллаһқа құлшылық ететін, адамдарды Раббысына құпия түрде де, ашық түрде де шақыратын. Оның бұл ісіне ешкім де, ештеңе де кедергі, тосық бола алмайтын. Раббысы: **«Өзіңе бұйырылғанды жарияла және мүшріктерден теріс бұрыл»**[1] деп бұйырғалы бері Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Аллаһ тағаланың аманатын жеткізуі осындай сипатта болды. Сондықтан да мүшріктердің Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қалаған кездерінде соқтығуға мүмкіндіктері бар-ды. Сырттай қарағанда, олардың өз ойларын іске асыруларына ешқандай кедергі, бөгет жоқ-ты. Дегенмен, Пайғамбарымыз (с.а.с.) көрінген адам соқтыға алмайтын айбатты, мысы басым кісі еді. Оның үстіне, Аллаһ елшісін (с.а.с.) қорғауына алып отырған көкесі Әбу Талиб те құрметті, абыройлы ел ағаларының бірі болатын.

[1] «Хижр» сүресі, 94-ият.

Алайда түптеп келгенде мүшріктер істерінің соңынан, hашим әулетінің өздеріне қарсы көтерілуінен қорықпайтын. Сонда да мүшріктер өздерінің пұтқа табынушылыққа негізделген ұстанымдары мен діни шатпақтарының Аллаh елшісінің (с.а.с.) дағуаты алдында тас-талқан болып, күйрейтіндігін жүректері сезгеннен-ақ оны мүмкіндіктері жеткенше төмендетуге, тұқыртуға кіріскендерімен, олардың ойларындағы түпкі мақсаттары жүзеге аспастан, нәтижесіз қалып отырды.

Төменде сүннет пен Аллаh елшісінің (с.а.с.) өмір тарихын баяндаған кітаптарда келтірілген, құрайыш мүшріктерінің осы уақыт аралығында Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жеке басына жасаған жаманшылықтары мен көрсеткен жәбір-жапалары жайлы бірнеше оқиғаны ұсына кетуді жөн көрдік.

Бір күні Ғұтайба ибн Әбу Ләhәб Пайғамбарымызға (с.а.с.) келіп: «Мен **«Құлаған кездегі жұлдызбен ант етемін!»**[1] дегеніңе де, **«Содан кейін ол жақындап, төмен түсті»**[2] дегеніңе де сенбеймін», – дейді. Сонан соң ол Аллаh елшісіне (с.а.с.) соқтығып, үстіндегі жейдесін жыртады және бетіне түкіреді, бірақ түкірігі Пайғамбарға (с.а.с.) тимейді. Сонда Аллаh елшісі (с.а.с.) оған қарсы дұға етіп: ***«Уа, Аллаh! Бұған Өзіңнің иттеріңнің бірін жібер»,*** – дейді. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) дұғасы қабыл болып, бірде Ғұтайба бір топ құрайыштармен сапарға шығады. Олар жолда Шам өлкесіндегі әз-Зарқа дейтін жерге тоқтап, түнемелікке аялдайды. Сол түні оларды бір арыстан торуылдап жүреді. Бір сұмдықты жүрегі сезген Ғұтайба өзінен-өзі: «Бауырымның соры құрысын! Аллаhпен ант етейін, Мұхаммедтің өзіме қарсы дұға еткеніндей, бұл мені жейді. Ол Меккеде болса да, Шам жеріндегі мені өлтірді!» – деп құты қашады. Таң ата арыстан топ адамның ішінен Ғұтайбаға шауып, басына ауыз салып, тамағын осып жібереді.

Бірде Ғұқба ибн Әбу Муғайт Пайғамбарымыз (с.а.с.) сәждеде жатқан кезде, оның мүбәрак желкесінен басқаны соншалық, Аллаh елшісінің (с.а.с.) көздері шарасынан шығып кете жаздаған.

Ибн Исхақ Абдуллаh ибн Амр ибн Астың былай деп айтқанын жеткізген:

«Бірде әл-Хижрде[3] *бас қосып, жиналып отырған құрайыштардың арасында болғанымда, олар Аллаh елшісі (с.а.с.) жайлы әңгіме қозғап: «Біз бұл адамның ісіне сабыр еткеніміздей тауқымет көрген емеспіз. Шын мәнінде, біз оған қатысты үлкен бір іске шыдап келеміз», – деді. Дәл осы уақытта Аллаh елшісінің (с.а.с.) өзі де келіп қалды. Ол келіп, Қағбаның бұрышын сипады. Сосын Қағбаны айналып, тауаф етіп жүріп әлгілердің қасынан өтті. Әлгілер Пайғамбарды (с.а.с.) балағаттап, тілдеді, бұдан*

[1] «Нәжм» сүресі, 1-аят.

[2] «Нәжм» сүресі, 8-аят. Мұнда Пайғамбарға (с.а.с.) уахиді жеткізу үшін жақындап, оған жоғарғы көкжиектен төмен түскен Жәбірейіл періште туралы айтылған. Ғұтайба «Нәжм» сүресіне де, Құранға да сенбейтіндігін меңзеген.

[3] Қағбаның солтүстік-батыс жағындағы, жартылай доғал дуалмен қоршалған орын.

*Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жүзі өзгеріп кетті. Пайғамбар (с.а.с.) олардың қастарынан екінші рет өткенде де, мүшріктер оны алдыңғыдай балағаттап, тілдеді, бұдан Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жүзі өзгеріп кетті. Пайғамбар (с.а.с.) олардың жандарынан үшінші рет өткенде де, мүшріктер оны тағы да алдыңғыдай балағаттап, тілдеді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) тоқтады да, оларға: **«Тыңдап тұрсыңдар ма, ей, құрайыштар қауымы! Жаным қолында болған Аллаһпен ант етейін, ақиқатында, мен сендерге өлім әкелдім!»** – деді. Құрайыштар тілдерін тістеп, бастарына құс қонғандай тапжылмай қалды. Тіпті олардың арасындағы Пайғамбардың (с.а.с.) қас жауларының өзі де оны ең жақсы сөздермен тыныштандырып: «Жүре бер, уа, Әбул-Қасим! Аллаһпен ант етейік, сен ақымақ емессің ғой», – деді.*

Келесі күні де олар кешегідей бас қосып, жиналып, тағы да Пайғамбардың (с.а.с.) жайын сөз етуге кіріскенде, ол жерге Аллаһ елшісі (с.а.с.) келіп қалды. Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) көрген олардың барлығы бірдей орындарынан өре түрегеліп, оны айнала қоршап алды. Тіпті араларындағы біреудің Пайғамбардың (с.а.с.) ридасының[1] омырауынан шеңгелдегенін көрдім. Әбу Бәкір Аллаһ елшісін (с.а.с.) қорғаштап, алдына тұрып: «Кісіні «Раббым – Аллаһ!» дегені үшін өлтірмексіңдер ме?» – деп жылады. Содан кейін ғана олар Пайғамбарды (с.а.с.) жайына қалдырды».

Абдуллаһ ибн Амр: *«Шындығында, бұл, өзім куә болған оқиғалардың ішінде, құрайыштардың Пайғамбарға (с.а.с.) жасаған ең сорақы тірлігі еді»*, – деген.

Имам әл-Бұхаридің риуаятында Ғұруа ибн Зубәйр: «(Бірде) мен Ибн Амр ибн Астан: «Маған мүшріктердің Пайғамбарға (с.а.с.) жасаған ең сорақы ісін айтып берші?» – деп өтінгенімде, ол: *«*(Бір күні) *Пайғамбар (с.а.с.) Қағбаның Хижрінде намаз оқып жатқанда, Ұқба ибн Әбу Муғайт келіп, киімін* (Пайғамбардың (с.а.с.)) *мойнына салып, оны қатты буындырды. Сол кезде Әбу Бәкір келіп қалып,* (Ұқбаны) *иығынан ұстап, Пайғамбардан (с.а.с.) әрі итеріп тастады да: «Кісіні «Раббым – Аллаһ!» дегені үшін өлтіресіңдер ме?» – деді»*, – деп айтты».

Тағы бір хадисте Әбу Бәкір әс-Сыддықтың қызы Әсмә: *«Біреу келіп Әбу Бәкірге: «Жолдасың қолға түсіп қалды», – деді. Әбу Бәкір: «Кісіні «Раббым – Аллаһ!» дегені үшін өлтірмексіңдер ме?» – деп айқайлап, сыртқа ұмтылды. Мүшріктер Аллаһ елшісін (с.а.с.) тастап, Әбу Бәкірге жабылды. Әкем үйге қайтып келгенде, оның шаштарын сипасақ, шаштары төгілетін»*, – деп риуаят еткен.

Хамза ибн Абдулмутталибтің Исламды қабылдауы

Меккенің аспанын әділетсіздік пен дұшпандық бұлты торлаған осы уақыттарда қараңғылықтың жолына жарық сәулесін шашқан бір шуақ пайда

[1] Рида – үстіңгі киім ретінде белден жоғары оралатын мата.

болып, Аллаһ қайратты да батыр азаматтардың бірі Хамза ибн Абдулмутталибтің (Аллаһ оған разы болсын) жүрегін иманға ашып, Исламның тұғырын мықтады. Хамза Исламды пайғамбарлықтың 6-жылының аяқ шенінде, зул-хижжа айында қабылдады.

Оның Исламды қабылдауының себебі басында інісіне деген жанашырлық сезімінен туған болатын. Бір күні Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сафа төбесінде тұрғанда оның қасынан өткен Әбу Жәһл Пайғамбарымызға (с.а.с.) соқтығып, тіл тигізеді. Пайғамбар (с.а.с.) оның мұнысына үн қатпастан, жауапсыз қалдырады. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) елемегендігіне күйінген Әбу Жәһл кіжініп, Пайғамбарымызды (с.а.с.) таспен ұрады. Тас Аллаһ елшісінің (с.а.с.) басына тиіп, мүбәрак басы жарылып, жарақатынан қан саулайды. Сонан соң Әбу Жәһл Қағбаның жанындағы құрайыштардың мәжіліс орнына барып, солармен бірге отырады. Мұны үйі Сафаның төбесінде орналасқан Абдуллаһ ибн Жудғанның азат етілген күңі көреді. Біраздан соң садағын асынған Хамза аң аулаудан келеді. Әлгі күң өзінің көргенін, Әбу Жәһлдің Пайғамбарға (с.а.с.) көрсеткен қорлығын Хамзаға түгел айтып береді. Құрайыш тайпасының күшті жігіті әрі әділетсіздікке жаны төзбейтін Хамза мұны естіп, қатты ашуланып, еш жерге бөгелместен, асыға жүріп тура Қағбаға қарай тартады. Әбу Жәһлді тапса, оның сазайын беруге тас түйін бекінеді. Мешітке кіре сала Әбу Жәһлдің қасына келіп: *«Ей, сары көтен! Сен менің бауырымның ұлына тіл тигізіпсің, ендеше мен де соның дініндемін»*, – деп дүрсе қоя беріп, садақпен ұрып, басын оңдырмай жарады. Мұны көрген Әбу Жәһлдің туыстары махзум әулетінен бір топ кісі орындарынан өре түрегеледі. Оларға қарсы Хамзаның туыстары һашим әулеті көтеріледі. Екі жақ қырыла бергенде, Әбу Жәһл туыстарын тоқтатып: «Әбу Ғұмараға тиіспеңдер! Шынында да, мен оның бауырының ұлына ауыр сөздер айтқан едім», – дейді.

Алғашында Хамза Исламды бауырының кемсітілуін қаламаған кісінің өркөкіректігімен қабылдаса да, нәтижесінде Аллаһ тағала оның кеудесін ашып, ең берік тұтқаны шын жүрегімен ұстады. Қатарларына Хамза батырдың қосылуымен мұсылмандар зор күшке ие болды.

Омар ибн әл-Хаттабтың Исламды қабылдауы

Надандық пен жабайылық салтанат құрған әділетсіздіктің ошағына Ислам діні Аллаһтың ақиқатын жаршылай келіп отауын тікті. Бұл діннің шаңырағынан адамдардың тас жүректерін жібітіп, жан сарайларына иман ұялатқан шуақ шашылды. Исламның шуағынан адамдардың бойларындағы надандық саналылыққа, ал жабайылық рухани байлыққа айналды. Хамза батырдың осы ақиқатты қабылдауымен Исламның мерейі асқақтаса, Омардың (Аллаһ оған разы болсын) келуімен Исламның нұры тасыды. Омардың Исламды қабылдауымен мұсылмандар бұрынғыдан да күшейе түсті. Омар ибн әл-Хаттабтың Исламға кіруін Пайғамбарымыздың (с.а.с.) өзі Аллаһтан дұға етіп сұраған болатын. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) дұғасы қабыл

болып, Хамза иман келтіргеннен үш күннен кейін Омар да Исламның босағасынан аттады. Жас дінге тың күш қосқан бұл мерзім пайғамбарлықтың 6-жылы зул-хижжа айы болатын.

Әт-Тирмизи Ибн Омардан, әт-Табарани Ибн Масғуд пен Әнәстан жеткізген хадисте Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Аллаһқа: ***«Уа, Аллаһ! Исламды мына екі кісінің Өзіңе көбірек қалаулысымен: Омар ибн әл-Хаттабпен немесе Әбу Жәһл ибн Һишаммен күшейте гөр»***, – деп дұға еткені айтылған. Ал Аллаһтың қалауы Омарға түсті, Аллаһ оған разы болсын. Әт-Тирмизи бұл хадиске «сахих» деп баға берген.

Омардың дінді қабылдауы жайлы келген тарих қойнауындағы деректерді саралай отырып, Исламның оның жүрегіне бірте-бірте ақырындап енгенін тұжырымдауға болады. Омар өзінің қызуқандылығымен, қайраттылығымен танылған кісі болатын. Омар Исламды қабылдамас бұрын мұсылмандар оның зәбірін аз көрген жоқ. Исламды қабылдамас бұрын оның жан дүниесінде екіұдай сезімдер арпалысып жатқан болатын. Бір жағынан ата-бабаларынан дәстүр болып қалған әдет-ғұрыптарды құрмет тұтса, бір жағынан мұсылмандардың бастарынан өткеріп жатқан ауыр да тауқыметті күндерде жасымастан, жігерлері мойымастан, қысымдарға қасқайып тұрулары, сенімдері мен діндері үшін барлық қиындыққа шыдап, төзім мен сабырлылықты ту етулері оны қатты таңғалдыратын. Содан кейін Омарда кез-келген саналы адам сияқты «Исламның шақыратындары өзгелеріне қарағанда ұлырақ, тазарақ емес пе екен?» деген күмәнді ойлар пайда бола бастады. Бірақ ол кей-кейде толқығанымен, жүрегіндегі бұл сезім тез басылып қалатын.

Бір түні Омар ибн әл-Хаттаб үйіне түнегісі келмей, әл-Харам мешітіне келіп, Қағбаның жабуының астына кіреді. Сол жерде Аллаһ елшісі (с.а.с.) намаз оқып тұр еді. Пайғамбар (с.а.с.) намазында «Хаққа» сүресін оқуға кіріседі. Ал Омар оқылған Құранды тыңдап, оның құрылымына таңғалып тұрады. Омар осы оқиғаны әңгімелей отырып: *«Мен ішімнен өз-өзіме: «Аллаһпен ант етейін, бұл – құрайыштар айтқандай ақын», – деген-дім, Аллаһ елшісі (с.а.с.)* (тура бір ойымды оқып қойғандай)*:* **«Ақиқатында, бұл** (Құран) **– ардақты елшінің сөзі. Ол бір ақынның сөзі емес. Сендер аз сенесіңдер»**[1] *деген аяттарды оқыды. Мен: «Бұл – бақсы», – дедім. Пайғамбар (с.а.с.):* **«Сондай-ақ, ол бір бақсы-құшынаштың сөзі емес. Сендер аз еске аласыңдар.** (Ол) **әлемдердің Раббысынан түсірілген. Егер де ол кейбір сөздерді ойдан қосып Біздің атымыздан сөйлесе. Әлбетте, оны оң қолынан ұстар едік. Содан соң оның күре тамырын үзер едік. Сонда сендерден ешкім бұған кедергі бола алмас еді. Ақиқатында, бұл** (Құран) **– Аллаһтан қорқушыларға ескерту. Ақиқатында, Біз сендердің араларында** (оған) **сенбеушілер бар екенін анық білеміз. Расында, ол кәпірлерге өкініш. Шын мәнінде, ол – анық ақиқат. Раббыңды Ұлы**

[1] «Хаққа» сүресі, 40-41 аяттар.

есімімен дәріпте»[1] *деп сүренің аяғына дейін оқыды. Сонда менің жүрегіме Ислам ұялады»,* – деген.

Қағбаға түнеген сол түні Омардың жүрегіне Исламның алғашқы дәні түскен болатын. Әйтсе де, ондағы надандықтың сезімдері, қатып қалған салт-дәстүрлер мен соқыр сенімдерден айрылмауы және ата-бабаларының жалған дінін қастер тұтуы жүрегі сыбырлап жатқан ақиқатты басып кетті. Омар жүрегінің түкпірінде жасырынып жатқан бұл сезімдерді елеместен, оған мән берместен, Исламға қарсы әрекеттерін тоқтатпай жалғастыра берді. Тіпті ол бір күні қызуқандылығынан әрі Аллаһ елшісіне (с.а.с.) деген шектен тыс дұшпандығынан Пайғамбарымызды (с.а.с.) өлтірмек болып, қылышын асынып шығады. Жол-жөнекей оған бір кісі жолығып, Омардан қайда бет алғандығын сұрайды. Омар: «Мен Мұхаммедті өлтіруге бара жатырмын», – дейді. Әлгі кісі: «Егер Мұхаммедті өлтірсең, һашим және зуһра әулеттерінің адамдарынан қайтіп қорғанбақсың?» – дейді. Омар оған: «Ойымша, сен дініңнен безіп, ұстанып жүрген дініңнен бас тартқансың ғой?» – дейді. Әлгі кісі: «Саған таңғаларлық бірдеңе айтайын ба, ей, Омар? Негізінде, сенің қарындасың мен күйеу балаң да діндерінен безіп, сен ұстанып жүрген діннен бас тартты», – дейді. Мұны естіген Омар қанын ішіне тартып, тура қарындасы мен күйеу баласының үйіне тартады және олардың үйіне қырып жіберерліктей екпінмен келеді. Омар келген кезде олардың үйінде Хаббаб ибн Арат мұсылман жұбайларға Құранның «Taha» сүресі жазылған парақшаны оқып үйретіп отырған-ды. Омардың аяқ дыбысын естіген Хаббаб үйдің ішіне жасырынып қалады, ал Омардың қарындасы Фатима Құранның парақшасын жасырып қояды. Омар үйге жақындағанда, Хаббабтың Құран оқыған дауысын естіген болатын. Ішке кірген ол қарындасы мен күйеу баласынан: «Мен үйлеріңнен естіген күбір-күбір не дауыс?» – деп сұрайды. Олар: *«Біз жай сөйлесіп отырғанбыз»* – дейді. Омар олардан: «Сірә, сендер діндеріңнен безген боларсыңдар?» – деп сұрайды. Күйеу баласы Омарға қарап: *«Ей, Омар! Егер ақиқат сенің дініңнен басқада болса, не айтар едің?»* – дейді. Омар оған тұра ұмтылып, ұмар-жұмар астына басып алады. Қарындасы жүгіріп келіп, Омарды күйеуінен ажыратады. Омар оны да қолымен бір салғанда, беті қанап қалады. Ибн Исхақтың хабарында Омардың қарындасын ұрып, басын жарғаны айтылған. Ашуға булыққан қарындасы ағасына: *«Ей, Омар! Ақиқат сенің дініңде басқада болса ше?! Мен Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқтығына куәлік беремін әрі Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік беремін!»* – деп Исламды қабылдағанын ашып салады.

Ештеңе шығара алмасына көзі жеткен Омар өкпесін басып, есін жиғанда, қарындасының қанға боялған жүзін көріп, аяушылық сезімі оянып, істегеніне өкініп, опық жейді. Сонан соң ол: «Өздеріңдегі әлгі парақты маған беріңдерші, оқып көрейін?» – дейді. Қарындасы оған: *«Сен таза емессің, ал оны тазаланғандар ғана ұстайды. Барып, ғұсыл құйынып кел»*, –

[1] «Хаққа» сүресі, 42-52 аяттар.

дейді. Омар барып, ғұсыл құйынып келеді де, аяттар жазылған парақты қолына алып: **«Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен!»** деп оқи бастайды және: *«Бұл – көркем әрі пәк есімдер»*, – дейді. Сөйтіп ол «Taha» сүресін оқуға кірісіп, сүренің **«Шынында, мен – Аллаһпын. Менен өзге ешбір құдай жоқ. Ендеше, Маған құлшылық ет және Мені еске алу үшін намазды орында»**[1] деген аятына келіп тоқтайды да: *«Бұл сөздер қандай көркем әрі қандайлық ұлы еді! Маған Мұхаммедтің қайда екендігін айтыңдаршы»*, – дейді.

Омардың сөздерін естіген Хаббаб жасырынып отырған орнынан шығып: *«Қуана бер, уа, Омар! Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бейсенбінің түніндегі: **«Уа, Аллаһ! Исламды Омар ибн әл-Хаттабпен немесе Әбу Жәһл ибн Һишаммен күшейте гөр»**, – деп жасаған дұғасы саған түсті деп үміттенемін. Аллаһ елшісі (с.а.с.) қазір Сафаның түбіндегі үйде»*, – дейді.

Омар қылышын асынып, әлгі үйге барып, есікті қағады. Іштегі бір кісі есіктің саңылауынан сығалап қарап, қылышын асынып тұрған Омарды көреді де, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) хабарлайды. Үйдегі адамдар үйірілісіп қалады. Хамза олардан: *«Сендерге не болды?»* – деп сұрайды. Олар: *«Омар!»* – дейді. Хамза саспастан: *«Омар болса қайтеді? Оған есікті ашыңдар, егер ол жақсылықты қалап келсе, жақсылыққа бөлейміз, ал егер жамандықты қалап келсе, оны өз қылышымен өлтіреміз!»* – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) іште уахи қабылдап жатқан болатын. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Омардың алдынан шығып, бөлменің ішінде қарсы алып, оның киімінің өңірі мен қылышының қынынан ұстайды да, қатты тарта: ***«Ей, Омар! Аллаһ саған Уәлид ибн Мугираға түсіргеніндей қорлық пен жаза түсірмейінше тоқтамайсың ба? Уа, Аллаһ! Міне, Омар ибн әл-Хаттаб! Уа, Аллаһ! Исламды Омар ибн әл-Хаттабпен күшейте гөр»***, – дейді. Сонда Омар: *«Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқтығына және сенің Аллаһтың елшісі екендігіңе куәлік беремін»*, – деп Исламды қабылдайды. Мұны естіген үйдегі адамдардың: *«Аллаһ Ұлы!»* деп ұрандап дауыстағандары сондай, оларды мешіттегілер де естіді.

Омар өжет те қайсар кісі болатын. Оның Исламды қабылдауы мүшріктердің ортасында шу тудырып, оларды төмендетіп, жерге ұрса, мұсылмандарды мерейлерін тасытып, абыройларын асқақтатып, қуанышқа бөледі.

Ибн Исхақ риуаятшылар тізбегі арқылы Омардың: *«Исламды қабылдаған кезімде, Мекке тұрғындарынан Аллаһ елшісіне (с.а.с.) дұшпандығы ең басым кісі кім деп ойладым. Сосын өз-өзіме: «Ол – Әбу Жәһл» дедім де, оның үйіне келіп, есігін қақтым. Ол сыртқа шығып: – «Қош келіпсің! Не шаруамен келдің?» – деп сұрады. – «Саған Аллаһқа және Оның елшісі Мұхаммедке иман келтіргенімді және ол жеткізгендерді растағанымды хабарлауға келдім», – дедім. Сонда ол есігін қарсы алдыма тарс жапты да:*

[1] «Taha» сүресі, 14-аят.

«Аллаһ сенің де, келген шаруаңның да ұсқынын бұзсын!» – деп дауыстады», – дегенін жеткізген.

Ал Ибн әл-Жәузи Омардың: *«Егер біреу Исламды қабылдаса, адамдар оған жабысып, таяқтайтындықтан, әлгі мұсылманның адамдармен төбелесуіне тура келетін. Исламды қабылдаған кезімде, мен нағашым Аси ибн Һашимге келіп, Мұхаммедтің дінін қабылдағанымды айттым, ал ол үнтүнсіз үйіне кіріп кетті. Және де құрайыштардың дәукейлерінен бір кісіге* (бұл Әбу Жәһл болса керек) *барып, оған да Исламды қабылғанымды хабарладым, ол да үйіне кіріп кетті»*, – дегенін риуаят еткен.

Ибн Һишам мен Ибн әл-Жәузидің хабарлауынша, Омар Исламды қабылдаған кезінде құрайыштардың арасындағы ең сөз тасығыш кісі Жәмил ибн Муғаммар әл-Жумахиге келіп, өзінің Исламды қабылдағанын айтады. Сонда әлгі кісі бар даусымен: «Ибн әл-Хаттаб дінінен безіпті!» – деп айқайлап, жарияға жар салады. Оның артында тұрған Омар: *«Ол өтірік айтады, дінімнен безгенім жоқ, Исламды қабылдадым»*, – дейді. Мұны естіген адамдар Омарға тұра жабылып, Омар олармен күн тас төбеге көтерілгенге дейін төбелеседі. Арпалыса-арпалыса әбден шаршаған Омар әлі бітіп, жерге отыра кетіпті де, төбесінде үйіріліп тұрған адамдарға: *«Қалағандарыңды істеңдер, Аллаһпен ант етейін, егер біздің санымыз үш жүз болғанда ғой, Меккеде не сендер қалар едіңдер, не біз қалар едік!»* – депті.

Мұнан кейін адамдар оны өлтірмек болып, үйіне келеді. Әл-Бұхари риуаят еткен хадисте Абдуллаһ ибн Омар: *«Ол* (яғни Омар) *үйде қорқып отырғанда, оған үстіне өрнектелген хулла*[1] *және жібекпен жиектелген жейде киген Ас ибн Уәил әс-Сәһми Әбу Амр келді. Ол біздің жәһилият кезіндегі одақтастарымыз сәһм әулетінен болатын. Ол* (Омарға)*: «Саған не болды?» – деді.* (Омар)*: «Тайпаластарың мені Исламды қабылдағаным үшін өлтіреміз дейді»*, *– деді.* (Ибн Уәил)*: «Саған қарай жол жоқ», – деді* ((Омар): *«Ол осыны айтқаннан кейін тыныштадым»*(, – деген)). *Сосын Ас сыртқа шығып, жазықта сеңдей қаптап келе жатқан адамдарды жолықтырып: «Қайда бара жатырсыңдар?» – деп* (сұрады)*. Олар: «Мына дінінен безген Ибн әл-Хаттабқа», – деді.* (Ибн Уәил)*: «Оған қарай жол жоқ», – деді*[2]*. Сонда адамдар кері қайтты»*, – деген. Ибн Исхақтың риуаятында: *«Аллаһпен ант етейін, сонда олар оның үстінен сыпырылған киімдей болып қалды»* деп келген.

Бұлар – Омардың мүшріктермен текетіресін баяндаған хабарлар. Ал оның мұсылмандарға қосқан күшіне келсек, Мужаһидтен риуаят етілген

[1] Хулла – біреуі дененің белден төменгі, біреуі белден жоғарғы бөлігін жабатын, бірыңғай екі киімнен тұратын киім үлгісі.

[2] Ас ибн Уәил Омарды қорғанына алғандығын айтқан.

хабарда Ибн Аббас: *«Омар ибн әл-Хаттабтан: «Сен не үшін «әл-Фаруқ»*[1] *деп аталдың?» – деп сұрадым»,* – деген. Сонда Омар: *«Хамза Исламды менен үш күн бұрын қабылдады»,* – деп, Ибн Аббасқа өзінің Исламға қалай кіргендігін әңгімелеп берген де, сөзінің соңын: *«Исламды қабылдаған кезімде мен: «Уа, Аллаһтың елшісі! Біз өлсек те, тірі болсақ та, ақиқатта емеспіз бе?» – деп сұрадым. Пайғамбар (с.а.с.): **«Әрине, жаным қолында болған Аллаһпен ант етейін, сендер өлсеңдер де, тірі болсаңдар да, ақиқаттасыңдар»**, – деді. Сонда мен: «Онда не үшін жасырынамыз?! Сені ақиқатпен жіберген Аллаһпен ант етейін, біз әлбетте* (адамдардың алдына) *шығамыз», – дедім. Сөйтіп біз оны екі саптың ортасында алып шықтық. Бір саптың басында Хамза жүрді, ал мен ұнның тозаңындай шаңдатқан екінші саптың басында жүрдім. Біз осы қалпымызда Қағбаға келіп кірдік. Хамза екеумізді көрген құрайыштар бұрын-соңды батпаған қайғыға батты. Сол күні Аллаһ елшісі (с.а.с.) мені «әл-Фаруқ» деп атады»,* – деп аяқтаған.

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): *«Омар Исламды қабылдағанға дейін біз Қағбада намаз оқи алмайтынбыз»,* – дейтін.

Суһайб ибн Синән әр-Руми (Аллаһ оған разы болсын): *«Омардың кіруімен Ислам жарыққа шықты, дінге ашық дағуат жасалатын болды, ал біз Қағбаның айналасында алқа құрып отыратын әрі оны айналып тауаф ететін болдық, сондай-ақ өзімізге дөрекілік еткендерден есемізді алатын және істерінің кейбірін өздеріне қайтаратын болдық»,* – десе, Абдуллаһ ибн Масғуд: *«Омар Исламды қабылдағалы бері біз үнемі күшті болып жүрміз»,* – деген.

Құрайыштардың өкілінің Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келуі

Омар мен Хамза сынды батыр жүректі, ұлы азаматтардың Исламды қабылдауымен мұсылмандардың басына үйірілген бұлт сейіле бастады. Мұсылмандарды жазықсыз жазалап, азапқа салуға мастанған мүшріктер де осыдан соң естерін жиып, енді олар Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бір ымыраға келуге әрекеттенді, Пайғамбардың (с.а.с.) дағуатын қалағанының барлығын беріп, барлық тілегін қанағаттандыру арқылы тоқтатпақ болды. Бірақ бұл бейшалар жер жаһандағының барлығы жиылса да, оның дағуатының алдында масаның қанатыншалық мысқалға да тең келмейтіндігін түсінбеген-ді. Нәтижесінде мұндай тәсіл де олардың үміттерін ақтамады, бұл арқылы да олар қалағандарына жете алмады.

Ибн Исхақтың хабарлауынша, Хамза Исламды қабылдаған соң әрі мұсылмандардың қатары күн санап артып келе жатқан уақытта, бір күні құрайыштардың мәжілісінде отырған олардың мырзаларының бірі Ұтба

[1] «Әл-Фаруқ» – Омар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) лақап аты. Ол «(ақ-қараны, ақиқат пен жалғанды, әділдік пен әділетсіздікті) айырушы» деген мағынаны білдіреді.

ибн Рабиға деген кісі тайпаластарына: «Ей, құрайыштар қауымы! Мен Мұхаммедке барып, онымен сөйлесіп көрейін бе? Оған бірнеше ұсыныс жасайын, мүмкін ол ұсыныстарымның бірін болмаса бірін қабылдап қалар. Онда оған қалағанын берерміз де, ал ол дінге шақыруын доғарып, бізді жайымызға қалдырар», – дейді. Құрайыштар оған: «Жарайды, ей, Әбул-Уәлид! Барып, онымен сөйлесіп көр», – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Қағбада жалғыз өзі отырған болатын. Ғұтба барып, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қасына отырады да, әңгімесін бастап: «Уа, бауырымның ұлы! Сен біздің алдымызда, туыстарыңның арасында мәртебеңнің қаншалықты жоғары екенін, өзіңнің қандай құрметті тектен шыққаныңды жақсы білесің. Негізінде, сен тайпаластарыңа күрделі мәселемен келіп, олардың тұтастығын ыдыраттың, саналарын ақымаққа баладың, табынып жүрген құдайлары мен діндерін айыптап, мінедің, олардың бұрынғы өткен ата-бабаларына қарсы келдің. Енді мені мұқият тыңда! Мен саған бірнеше ұсыныс жасаймын, ойланып көр, бәлкім олардың бірін қабыл аларсың», – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Айта бер, ей, Әбул-Уәлид! Мен сені тыңдап отырмын»***, – дейді. Ол: «Уа, бауырымның ұлы! Сен әкелген бұл ісің арқылы мал-дүние қалайтын болсаң, біз саған арамыздағы ең бай адам болатындай дүние жинап береміз. Бұл арқылы абыройға жетуді қаласаң, сені үстімізден қарайтын, сенсіз ешбір шешім қабылданбайтын мырзамыз етейік. Егер мұнымен билікті қаласаң, сені өзімізге патша етейік. Ал егер саған келетін, көзіңе көрініп, өзің құтыла алмай жүрген жын болса, сені емдетудің жолын қарастырайық, сені бұдан айықтыру үшін бар дүниемізді жұмсаймыз. Өйткені кейде жын адамды иектеп алып, емделгенінше босатпайды», – дейді немесе осыған ұқсас бірдеңелерді айтады. Ғұтба сөзін аяқтаған кезде, манадан бері құлақ салып, тыңдап отырған Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған: ***«Айтып болдың ба, ей, Әбул-Уәлид?»*** – дейді. Ол: «Иә», – дейді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Енді сен мені тыңда»***, – дейді. Ол: «Жарайды», – дейді. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.) «Фуссилат» сүресін оқуға кірісіп: **«Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен. Ха. Мим. Аса Мейірімді, ерекше Рақымдыдан түсірілген. Араб тіліндегі Құран түрінде білетін ел үшін аяттары анықтап түсіндірілген Кітап. Қуанышты хабар жеткізуші әрі ескертуші ретінде. Бірақ олардың көпшілігі теріс бұрылып, естімейді. Олар: «Сендер шақырып жатқанға біздің жүректеріміз перделі, құлақтарымызда кереңдік бар, ал біз және сенің араңда тосық бар. Ендеше амал істе, біз де амал істеушіміз», – деді»**[1], – дейді. Содан кейін сүренің аяттарын әрі қарай оқуды жалғастырады. Аяттарды тыңдаған Ғұтба үн-түнсіз ұйыған күйі, қолдарын арқасына тастап, сүйеніп отырады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) сүренің сәжде аятына[2] жетіп, сәжде жасайды да, оған қарап: ***«Ей, Әбул-Уәлид! Сен естігеніңді естідің, енді өзің білесің»***, – дейді.

[1] «Фуссилат» сүресі, 1-5 аяттар.

[2] Мұнда «Фуссилат» сүресінің 37-аяты туралы айтылған.

Ғұтба орнынан тұрып, жолдастарына келеді. Олар бір-біріне: «Аллаһпен ант етейік, Әбул-Уәлидтің өңі кеткендегісінен өзгеріп келіпті», – дейді. Ғұтба жандарына келіп отырған соң, олар: «Онда не болды, ей, Әбул-Уәлид?» – деп сұрайды. Ғұтба: «Онда мен бір сөзді тыңдадым, Аллаһпен ант етейін, бұрын мұндайды ешқашан естіген емеспін! Аллаһпен ант етейін, бұл өлең де емес, сиқыр да емес, бақсы-құшынаштың да сөзі емес! Ей, құрайыштар қауымы! Мені тыңдаңдар және мұны маған тапсырыңдар. Бұл кісі мен оның ұстанып жүргенін жайына қалдырып, одан аулақ кетіңдер. Аллаһпен ант етейін, оның мен естіген сөздерінде ұлы хабар бар! Егер оны өзге арабтар құртса, сендер одан өзгелердің қолымен құтыласыңдар. Ал ол өзге арабтарды бағындырса, оның билігі сендердің биліктерің, оның күші сендердің күштерің және сендер оның арқасында адамдардың ең бақыттылары боласыңдар», – дейді. Олар Ғұтбаға: «Аллаһпен ант етейік, ол сені тілімен сиқырлапты, ей, Әбул-Уәлид!» – дейді. Сонда Ғұтба: «Бұл – менің оған қатысты өз ойым, ал сендер қалағандарыңды істеңдер», – депті.

Осы хабардың өзге нұсқасында Ғұтба сүрені Пайғамбарымыз (с.а.с.) **«Егер олар теріс бұрылса: «Мен сендерге ад пен сәмуд елінің азабы сияқты жойқын азапты ескерттім», – деп айт»**[1] деген аятты оқығанға дейін тыңдаған да, орнынан үрейлене ұшып тұрып, қолымен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) аузын жауып: «Сенен Аллаһпен және туыстығымызбен сұраймын!» – деп Құран оқуын тоқтатуды өтінген. Ол мұны аяттағы ескертудің шын жүзінде болуынан қорыққандықтан жасаған. Сонан соң тайпаластарына барып, әлгіндегі сөздерін айтқан.

Құрайыш мүшріктерінің Аллаһ елшісімен (с.а.с.) келіссөзге барулары және Әбу Жәһлдің оны өлтірмек болғаны

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Ғұтбаның ұсыныстарынан бас тартатындығын я оларды қабылдайтындығын ашық айтпағандықтан, құрайыш мүшріктерінің Пайғамбарымызбен (с.а.с.) ымыраға келеміз деген үміттері үзілмеген болатын. Сондықтан олар бір күні кешкісін Қағбаның жанында бас қосып, кеңес өткізіп, Аллаһ елшісін (с.а.с.) шақырту үшін адам жібереді. Алдарына келген Пайғамбарымызға (с.а.с.) олар Ғұтбаның ұсыныстарын қайта қояды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) оларға өзінде ондай ниеттің ешқайсысы жоқ екендігін әрі өзіне жынның салқыны да тимегендігін, өзінің Раббысы тапсырған аманаттарды жеткізуші елшінің ғана міндетін атқарып жүргендігін түсіндіреді. Егер олар мұны қабылдаса, екі өмірдегі бақыттары осы екендігін, ал егер қабылдамаса, Аллаһ тағала араларына үкім еткенше сабырлық жолын ұстанатындығын айтады.

Құрайыштар одан сенулері үшін мұғжизалар көрсетуін, Раббысынан көз алдарында тауларды жүргізуін, өздеріне қалалар беруін және өзендер

[1] «Фуссилат» сүресі, 13-аят.

шығаруын, өліктерді тірілтуін сұрауды талап етеді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) оларға алдыңғы жауабын қайтарады.

Мүшріктер одан Раббысынан өзінің пайғамбар екендігін растайтын бір періште жіберуін, өзіне бау-бақшалар, алтын мен күміс қазыналарын, салтанатты сарайлар беруін сұрауды талап етеді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға тағы да алдыңғы жауабын айтады.

Мүшріктер одан өздеріне жаза келтіруін, егер шын айтушылардан болса, үстеріне аспанның бір бөлігін түсіруін талап етеді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бұл Аллаһтың еркінде екенін, Аллаһ қаласа, солай жасайтындығын айтып, оларды сақтандырды. Сонан соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардың ешбір ұсынысын қабылдамастан, мұңайып, қайғырып қайтты.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) кеткен соң Әбу Жәһл сыбайластарына: «Уа, құрайыштар қауымы! Мұхаммед біздің ешбір ұсынысымызды қабылдамады. Сендер оның дінімізді айыптап, ата-бабаларымызға тіл тигізіп, саналарымызды ақымақ санап, құдайларымызды сөгетіндігіне куә болып жүрсіңдер. Мен көтеруге шамам келетін ең үлкен тасты алып, ол намазында сәждеге барғанында, сол таспен басын айыратынына Аллаһқа серт беремін! Бұдан кейін сендер мені қаласаңдар ұстап беріңдер, қаласаңдар қорғаңдар, ал абдуманаф әулеті қолдарынан келгенін жасап бақсын», – дейді. Олар Әбу Жәһлге: «Аллаһпен ант етейік, біз сені ешқашан ұстап бермейміз, ойыңа алғанды жасай бер», – деп, күйт-күйттеп жақтай кетеді.

Келесі күні таңертең Әбу Жәһл өзі айтқандай тасты алып, Аллаһ елшісін (с.а.с.) күтіп тұрады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) әдеттегідей ертемен Қағбаға келіп, намаз оқуға кіріседі. Құрайыштар да ертемен шығып, өздерінің мәжіліс орындарына жайғасып, Әбу Жәһлдің не істейтіндігін аңдып-бағып, көз жазбай бақылап отырады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) сәждеге барғанда, Әбу Жәһл қолындағы тасымен оған қарай жақындайды және Аллаһ елшісіне (с.а.с.) таяп келгенде, кенеттен кілт тоқтап, түрі өзгеріп, өңі қашып, қолдары зіл тасына жабысып, кері шегінеді. Кері шегіне келіп, қолындағы тасты жерге лақтырып тастайды. Құрайыштың кісілері оның қасына келіп: «Саған не болды, ей, Әбу Жәһл?» – деп, аңтарыла сұрай бастайды. Ол: «Кешегі айтқанымды жасамақ болып, оған жақындай бергенімде, арамыздан қарсы алдымда үлкен бір алып бура пайда болды. Аллаһпен ант етейін, ондай үлкен басты, ұзын мойынды, ірі тістері бар бураны ешқашан көрген емеспін. Ол мені жеп қоя жаздады», – дейді.

Ибн Исхақ: «Маған Аллаһ елшісінің (с.а.с.): ***«Ол Жәбірейіл*** (оған Аллаһтың сәлемі болсын) ***еді, егер де ол тағы да жақындай бергенде, оны шайнап тастар еді»***, – деп айтқаны жеткізілді», – деген.

Құрайыш мүшріктерінің Аллаһ елшісімен (с.а.с.) ортақ келісімге, бір ымыраға келуге әрекеттенулері

Құрайыш мүшріктері азғыру мен қызықтыруға, қоқан-лоққы көрсету мен қорқытуға негізделген келіссөздері еш нәтиже бермеген соң әрі Әбу

Жәһлдің есірік ойы мен Аллаһ елшісін (с.а.с.) өлтіру пиғылы ақталмағаннан кейін, енді олар өздерін бастарына тілеп алған қиындықтарынан құтқаратын өзге бір дана шешім табуды қалады. Негізінде, құрайыштар Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) теріс жолда, жалғандықты ұстанып жүр деп кесіп айтпайтын, бірақ олар Аллаһ тағала айтқандай, **«одан қатты күмәнда»**[1] болатын. Енді олар Аллаһ елшісімен (с.а.с.) дін істерінде ортақ келісімге, бір ымыраға келуді, өздері ұстанып жүрген кейбір істерді тастап, есесіне Пайғамбардан (с.а.с.) да ұстанып жүрген кейбір істерінен бас тартуын талап етуді жөн көрді. Құрайыштар Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) шақыратындары ақиқат болса, осы тәсілмен ақиқатқа жетеміз деп ойлады.

Сөйтіп құрайыштың ақсақалдары Әсуәд ибн Мутталиб ибн Әсәд, Уәлид ибн Муғира, Умәййә ибн Халаф және Ас ибн Уәил әс-Сәһми Аллаһ елшісімен (с.а.с.) Қағбаны тауаф етіп жүргенінде жолығып: «Ей, Мұхаммед! Қане, біз сенің құлшылық ететініңе құлшылық етейік, есесіне сен де біздің табынатынымызға табынасың. Осылай ортақ ымыраға келеміз де, сенің құлшылық ететінің біздің табынатынымыздан жақсы болса, біз одан өз үлесімізді аламыз, ал егер біздің табынатынымыз сенің құлшылық ететініңнен жақсы болса, сен одан өз үлесіңді аласың», – дейді. Сонда Аллаһ тағала оларға қатысты: «(Мұхаммед! Оларға)**: «Ей, кәпірлер! Сендердің табынғандарыңа мен табынбаймын және сендер де менің құлшылық ететініме құлшылық етуші емессіңдер. Сондай-ақ, мен де сендер табынғанға табынушы емеспін әрі сендер де менің құлшылық ететініме құлшылық жасаушы емессіңдер. Сендердің діндерің өздеріңе, менің дінім өзіме», – деп айт»**, – деп «Кәфирун» сүресін түсірген. Хабарды Ибн Исхақ риуаятшылар тізбегімен жеткізген.

Абд ибн Хумайд және басқалар Ибн Аббастан жеткізген хабарда құрайыштар Пайғамбарымызға (с.а.с.): «Егер де құдайларымызды сипасаң, біз де сенің құдайыңа құлшылық етеміз», – деп ұсыныс тастағанда, Аллаһ тағала осы сүрені түсіргені айтылған.

Ибн Жәрир мен басқалар Ибн Аббастан жеткізген хабарда құрайыштар Аллаһ елшісіне (с.а.с.): «Сен біздің құдайларымызға бір жыл құлшылық ет, есесіне біз сенің құдайыңа бір жыл құлшылық етеміз», – деп ұсыныс жасағанда, Аллаһ тағала «(Оларға)**: «Ей, надандар! Сендер маған Аллаһтан басқаға табынуды бұйырасыңдар ма?» – де»**[2] деген аятын түсірген.

Кісі күлерлік мұндай келіссөздерді Аллаһ тағала шорт кесіп, нүкте қойса да, дінді саудаға салып, Пайғамбарымызды (с.а.с.) тауарының құнына жеңілдік жасай салатын саудагердей көрген құрайыштардың үміттері үзілместен, есекдәмемен ортақ келісімге шақырған ұсыныстарын алға тартудан танбады. Бірде олар Пайғамбарымызға (с.а.с.) өзі жеткізген тағылымдарға өзгертулер енгізуін талап етіп: **«Бұдан басқа Құран әкел**

[1] «Фуссилат» сүресі, 45-аят.
[2] «Зумәр» сүресі, 64-аят.

немесе оны өзгерт»[1], – деп шарт қойды. Аллаһ тағала мұның да мүмкін еместігін ескертіп, Пайғамбарына (с.а.с.): «(Оларға)**: «Менің оны өз тарабымнан өзгертуіме болмайды. Мен өзіме уахи етілетінге ғана ілесемін. Ақиқатында, мен Раббыма бойсұнбасам, ұлы Күннің жазасынан қорқамын», – де»**[2], – деп бұйырды. Сондай-ақ, Аллаһ тағала мұндай істің өте қатерлі екендігін ескертіп: **«Негізінде, олар сені Біздің атымыздан өзгені ойдан тоқуың үшін уахи еткенімізден бұра жаздады. Сонда олар сені сүйікті етіп алар еді. Егер де Біз сені бекем етпегенде, оларға біраз бұрылуға жақын болар едің. Онда Біз саған өмірдің еселі жазасын әрі өлімнің еселі жазасын таттырар едік де, сен өзің үшін Бізге қарсы көмекші таба алмас едің»**[3], – деді.

Құрайыштардың тығырыққа тірелуі мен кезекті жоспарлары және олардың яһудилерге адам жіберуі

Құрайыш мүшріктері әлгіндей келіссөздері мен ортақ келісімге, бір ымыраға шақырған ұсыныстары еш нәтиже бермеген соң, амалдары таусылып, не істерлерін білмей дал болды. Сонда олардың шайтандарының бірі Надр ибн Харис: «Уа, құрайыштар қауымы! Аллаһпен ант етейін, шындығында, сендердің бастарыңа бір іс түсті, сендер оған әлі күнге еш айла жасай алмай отырсыңдар. Расында, Мұхаммед сендердің араларыңдағы ең ұнамды, ең шыншыл әрі ең аманатшыл жігіт еді. Енді ол самайына ақ түскенде, сендерге өзінің әкелгенін әкелді. Сендер оны сиқыршы дедіңдер. Жоқ, Аллаһпен ант етейін, ол сиқыршы емес. Біз сиқыршыларды және олардың қалай үрлейтіндері мен қалай түйін түйетіндерін көргенбіз. Сендер оны бақсы дедіңдер. Жоқ, Аллаһпен ант етейін, ол бақсы емес. Біз бақсылар мен олардың қалай еліретіндерін көргенбіз, олардың мәнерлі ұйқаспен құрылған қара сөздерін естігенбіз. Сендер оны ақын дедіңдер. Жоқ, Аллаһпен ант етейін, ол ақын емес. Біз өлеңдерді білеміз, оның барлық түрін естігенбіз. Сендер оны жын тиген дедіңдер. Жоқ, Аллаһпен ант етейін, ол жынды емес. Біз жын тигендерді көргенбіз, Мұхаммедтегі жынның алқымдауы да, азғыруы да, шатастыруы да емес. Уа, құрайыштар қауымы! Жағдайларыңа қараңдар. Аллаһпен ант етейін, расында, сендердің бастарыңа үлкен іс түсті», – деді.

Содан кейін құрайыштар Пайғамбардың (с.а.с.) ісінің анық-қанығына жету үшін яһудилермен байланысуға шешім қабылдап, Надр ибн Хариске бірнеше адаммен бірге Мәдина қаласында тұратын яһудилерге баруды тапсырды. Сөйтіп Надр Мәдинаға барып, сонда тұратын яһудилермен жолықты. Яһудилердің ғалымдары: «Одан бұрынғы заманда өткен бір жас жігіттер жайлы, олардың оқиғасын сұраңдар. Олар жайлы таңғажайып

[1] «Юнус» сүресі, 15-аят.
[2] «Юнус» сүресі, 15-аят.
[3] «Исра» сүресі, 73-75 аяттар.

әңгіме бар. Және одан әлемді шарлап, жердің шығыстары мен батыстарына жеткен бір жиһанкез кісі жайлы, оның хикаясы туралы сұраңдар. Сондай-ақ одан рух жайлы, оның не екендігін сұраңдар. Егер ол осы үшеуіне жауап берсе, Аллаһтың жіберген пайғамбары. Ал егер жауап бере алмаса, онда айтып жүргені қисынсыз бос сандырақ», – деп кеңес береді.

Меккеге оралған Надр: «Мен сендерге өзіміз бен Мұхаммедтің арасына нүкте қоятынды әкелдім», – деп, оларға яһудилердің айтқанын жеткізді. Алақайлаған құрайыштар Аллаһ елшісіне (с.а.с.) осы үш сұрақты қойды және осыған орай Пайғамбарымызға (с.а.с.) бірнеше күннен кейін «Кәһф» сүресі түсірілді. Бұл сүреде озбыр патшаның бүлігінен қашып, діндерін сақтау үшін бір үңгірге тығылған кездерінде, Аллаһ тағала үш жүз жылдан астам уақыт ұйықтатқан жас жігіттердің оқиғасы мен жер бетін шарлап, әділдік орнатқан Зұл-Қарнайнның әңгімесі баяндалды. Ал рухтың не екендігіне қатысты жауап «Исра» сүресінде түсіп: **«Олар сенен рух туралы сұрайды. «Рух – Раббымның әмірінен. Сендерге білімнен аз ғана берілді», – деп айт»**[1], – делінді. Осымен құрайыштардың ауыздарына құм құйылып, Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) ақиқатта екендігі, оның жеткізгендерінің шындығы дәлелденді. Егер де олардың ниеттерінде ақиқатқа жету, Мұхаммедтің (с.а.с.) Аллаһтың елшісі екендігін анықтау ғана болғанда, олар үшін бұл дәлел әбден қанағаттанарлық еді. Алайда әділетсіздер кәпірліктен өзгені қаламай, имансыздықтың илеуінде қала берді.

Әбу Талибтің һашим және мутталиб әулеттерінің адамдарын жинауы

Әбу Талиб құрайыш мүшріктерінің Аллаһ елшісін (с.а.с.) өлтіру ниетімен оны өздеріне тапсыруын сұраған талаптарын қабылдамағанымен, бауыры Мұхаммедтің (с.а.с.) қауіпсіздігіне, амандығына қатты алаңдады. Ол құрайыштардың Пайғамбарымызды (с.а.с.) өлтірмек болған іс-әрекеттерін байқап, мысалы, Әбу Жәһлдің оны таспен ұрып өлтіргісі келгенін, Ұқба ибн Муғайттың буындырғанын, Омар ибн әл-Хаттабтың оны өлтіру үшін іздеп шыққанын, небір қаскөйліктердің барлығын есті жүріп, олардың бір күні болмаса бір күні қорғанын бұзып, бауырына қиянат жасайтындарын түсінді. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жағдайына уайымдаған Әбу Талиб һашим және мутталиб әулеттерінің адамдарын жиып, оларды туыстары Мұхаммедті (с.а.с.) қорғауға шақырды. Олардың Исламды қабылдағандары да, қабылдамағандары да, барлығы арабтардың салты бойынша туыстарын өз қорғандарына алып, Қағбаның жанында сөз байласып, оны қорғауға келісті. Бұған келіспей өзге құрайыштардың қатарына қосылған Әбу Талибтің бауыры Әбу Ләһәб қана болды.

[1] «Исра» сүресі, 85-аят.

Құрайыштардың Аллаһ елшісін (с.а.с.) қорғауына алған екі әулетпен қарым-қатынастарын үзулері

Әділетсіздік пен қаскөйлік келісімі

Мүшріктер амал-айлалары таусылғаннан соң, не істерлерін білмей, одан да бетер абдырай түсті. Олар һашим және мутталиб әулеттерінің Аллаһтың пайғамбарын (с.а.с.) қорғауға бекінгендерін, не жағдай болса да оны қорғап бағатындықтарын көрді. Осыған орай құрайыштар Мухассаб жазығындағы кинәнә тайпасының жерінде бас қосып, һашим және мутталиб әулеттеріне қарсы, Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) өздеріне өлтіруге тапсырғандарына дейін, олармен некелеспеуге, сауда келісімін жасамауға, бірге отырмауға, араласпауға, үйлеріне кірмеуге және сөйлеспеуге анттасты. Олар бұл келісімдерді хаттамаға жазып, оған һашим әулеті Мұхаммедті өлтіруге тапсырмайынша, олармен ешқашан келісімге келмейтіндерін және оларға жанашырлық танытпайтындықтарын тіркеді. Бұл хаттаманы Бағид ибн Амир ибн Һашим жазған болатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған қарсы дұға етіп, оның қолы сал болып қалған.

Келісімнен соң хаттама Қағбаның ішіне іліп қойылды. Осыдан кейін пайғамбарлықтың 7-жылы мухаррам айының алғашқы түнінде һашим және мутталиб әулеттері адамдарының Әбу Ләһәбтан басқаның барлығы, олардың Исламды қабылдағандары да, қабылдамағандары да орталықтан ығысып, Әбу Талибке қарасты аумаққа шоғырланды.

Әбу Талибке қарасты аумақтағы үш жыл

Келісім түзіліп, күшіне енгеннен кейін, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қауіпсіздігін жауапкершілігіне алған екі әулеттің адамдары оқшауланған жерлерінде қамауда болды. Оларға күнделікті тұрмыс-тіршілікке қажетті азық-түлік пен керек-жарақтар келетін жолдар үзілді. Меккеге әкелінген азық-түлік пен тауарлардың барлығын мүшріктер түк қалдырмай сатып алып отырды. Нәтижесінде екі әулет жоқшылыққа тап болып, адамдар ағаштардың жапырақтары мен мал терілерін жеп күнелтуге мәжбүр болды. Тіпті ол жақтан күңіренген әйелдер мен аштықтан шырылдаған балалардың дауыстары естілетін. Оларға керек-жарақтардың барлығы жасырын түрде жеткізілетін және олар соғысуға тыйым салынған айлардан өзге уақытта өздеріне қажеттілерді сатып алу үшін оқшауланған аумақтарынан сыртқа шыға алмайтын. Олар керек-жарақтарын Меккенің сыртынан келетін сауда керуендеріндегі көпестерден сатып алатын. Бірақ меккеліктер көпестердің әкелген тауарына қымбат баға ұсынып, құнын көтеріп жіберетіндіктен, оқшауланған әулеттердің оны сатып алуға шамалары келмей қалатын.

Кей-кейде Хаким ибн Хизам әпкесі Хадишаға (Аллаһ оған разы болсын) бидай жеткізіп беріп тұратын. Бірде осылай азық әкеле жатқан Хакимге Әбу

Жәһл кедергі жасамақ болғанда, араға Әбул-Бухтури түсіп, азықтың жеткізілуіне көмектескен.

Әбу Талиб бауыры Мұхаммедтің (с.а.с.) қауіпсіздігіне қатты алаңдаумен жүрді. Ол күнде әдейі ел ұйқыға жатарда Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қастандық жасауды көздеген біреу болса, көруі үшін өз төсегіне жатуын бұйыратын. Ал адамдар ұйқыға кеткенде, ұлдарының не бауырларының немесе көкелерінің балаларының бірін Пайғамбарымыздың (с.а.с.) орнына жатқызып, оны басқа төсекке ұйықтауға жіберетін. Осылайша Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ұйықтайтын орнын қауіпсіздік мақсатында күнде өзгертіп отырды.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен өзге де мұсылмандарға қажылық маусымы кезінде ғана оқшауланған аумақтарынан шығып, адамдармен кездесудің, уағыз жүргізіп, оларды Исламға шақырудың сәті туатын. Сонда да Әбу Ләһәб Аллаһ елшісінің (с.а.с.) соңынан қалмастан, өкшелей еріп отырып: «Оны тыңдамаңдар. Ол – дінінен безген, өтірікші», – деп, Пайғамбарды (с.а.с.) қаралаумен болатын, тіпті Аллаһ елшісін (с.а.с.) өтірікші деп айыптаумен шектелмей, оны таспен атқылап, табандарын қанатып жіберетін.

Келісімнің бұзылуы

Оқшауланған әулеттердің осындай жағдайда күн кешіп жатқанына екі не үш жылдың жүзі болды. Пайғамбарлықтың 10-жылының мухаррам айында ғана бұл келісімге қарсы кісілер бас көтеріп, келісімнің бұзылуына қол жеткізді. Өйткені құрайыштардың арасында бұл келісімді қостайтындар да, оған қарсылар да бар еді. Келісімді бұзудың басында һашимилерге түнделетіп, жасырын түрде азық жеткізіп беріп тұрған амир ибн луәй әулетінің Һишам ибн Амр деген кісісі тұрды. Ол Атика бинт Абдулмутталибтің ұлы Зуһайр ибн Әбу Умәййә әл-Махзумиге келіп: «Ей, Зуһайр! Анаңның бауырлары, нағашыларың анадай жағдайда отырғанда, тамағыңнан қалай ас-су өтіп жатыр?» – дейді. Зуһайр оған: «Сорың құрысын! Жалғыз өзім не істей аламын? Аллаһпен ант етейін, қасымда тағы біреу болғанда, бұл келісімді бұзуға әрекет жасар едім», – дейді. Һишам: «Сен ондай адамды таптың», – дейді. Зуһайр: «Ол кім?» – деп сұрайды. Һишам: «Мен», – дейді. Зуһайр оған: «Сен біздің сөзімізді сөйлейтін үшінші біреуді тап», – деп кеңес береді.

Одан кейін Һишам Мутғим ибн Адиге барып, оған Абдуманафтың ұлдары Һашим мен Мутталибтің әулетіндегі туыстарын есіне салып, құрайыштардың осы бір әділетсіздігімен үнсіз келісіп отырғандығын айыптайды. Мутғим: «Сорың құрысын! Сонда мен жалғыз өзім не істей аламын?» – дейді. Һишам: «Мен сенің сөзіңді сөйлейтін екінші адамды таптым», – дейді. Мутғим: «Ол кім?» – деп сұрайды. Һишам: «Мен», – дейді. Мутғим: «Біздің сөзімізді сөйлейтін үшінші адамды тап», – дейді. Һишам: «Мен оны да тауып қойдым», – дейді және оның: «Ол кім?» – деген

сұрағына: «Зуһайр ибн Әбу Умәййә», – деп жауап береді. Мутғим оны: «Бізге төртінші біреуді тап», – деп жібереді.

Сонда Һишам Әбул-Бухтури ибн Һишамға барып, оған да Мутғимге айтқандарын айтады. Әбул-Бухтури одан: «Бұл істе көмектесетін тағы біреу бар ма?» – деп сұрайды. Һишам: «Иә», – дейді және оның: «Ол кім?» – деген сұрағына: «Зуһайр ибн Умәййә, Мутғим ибн Ади және мен де сенімен біргемін», – деп жауап береді. Әбул-Бухтури оған: «Бізге бесінші біреуді іздестір», – дейді.

Мұнан соң Һишам өздерінің сөзін сөйлейтін бесінші адамды қарастырып, Зәмға ибн Әсуад ибн Мутталиб ибн Әсәдқа барады және оған не шаруамен келгенін баяндап, қиын жағдайда қалған туыстары мен олардың құқықтарын есіне салып, ұйымдастырып жүрген тірлігінің жай-жапсарын түсіндіреді. Зәмға ибн Әсуәд одан: «Сен үндеп жүрген іске көмектесетін тағы біреулер бар ма?» – деп сұрайды. Һишам: «Иә», – деп, ұйымдастырып қойған адамдарының есімдерін атайды. Сөйтіп бұл кісілер Хажун тауының етегінде бас қосып, келісімнің бұзылуына әрекет жасауға уағдаласады және әуелгі сөзді Зуһайр бастайтын болып келіседі.

Келесі күні таңертең бұл адамдар келісім бойынша құрайыштардың мәжіліс орнына келеді. Үстіне хулла[1] киген Зуһайр да ертемен шығып, Қағбаны жеті рет айналып, тауаф етеді. Сонан соң құрайыштардың алдына келіп: «Уа, Мекке тұрғындары! Һашим әулеті ештеңе сатып ала алмай не сата алмай қырылып жатқанда, біз осылай асымызды ішіп, киімімізді киіп жүре береміз бе? Аллаһпен ант етейін, осы бір туыстан безген, әділетсіз келісімнің парағы паршаланып жыртып тасталмайынша мен отырмаймын!» – дейді. Қағбаның жанында тұрған Әбу Жәһл: «Аллаһпен ант етейін, сен өтірік айтасың! Келісім жыртылмайды!» – деп қарсылық білдіреді. Зәмға ибн Әсуәд Әбу Жәһлге: «Аллаһпен ант етейін, сен барып тұрған өтірікшісің! Біз мұнымен әу баста жазылғаннан-ақ келіспеген едік», – дейді. Әбул-Бухтури де оны қостап: «Зәмға рас айтады, біз ондағы жазылғандармен келіспейміз де, оны мойындамаймыз да!» – дейді. Мутғим ибн Ади де: «Екеуіңдікі дұрыс, мұнан басқаны айтқан адам жалған айтады! Біз Аллаһқа бұл келісімге және онда жазылғандарға қатысымыз жоқтығын жариялаймыз», – дейді. Һишам ибн Амр де осындай сөздер айтады. Сонда Әбу Жәһл: «Бұл – түнде шешілген іс әрі бұған басқа жерде кеңесіп, келісіп алған!» – дейді.

Құрайыштар дауласып жатқанда, мешіттің бір шетінде Әбу Талиб те отырған болатын. Ол мұнда Аллаһ тағала Өз елшісіне (с.а.с.) Қағбаның ішіне ілінген келісім парағына ағаш құртын жіберіп, құрт ондағы озбырлыққа, туыстық қарым-қатынасты үзуге және әділетсіздікке қатысты сөздердің барлығын жеп қойғандығы, онда тек Аллаһтың есімі ғана қалғаны жайлы хабарлағанын жеткізуге келген болатын. Әбу Талибке мұны

[1] Хулла – біреуі дененің белден төменгі, біреуі белден жоғарғы бөлігін жабатын, бірыңғай екі киімнен тұратын киім үлгісі.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) айтқан-ды. Ал көкесі құрайыштарға келіп, бауырының ұлының айтқандарын жеткізеді де: «Егер оның бұл айтқандары өтірік болса, Мұхаммедті сендерге қалдырамыз, ал егер рас болса, бізбен қатынасты үзулеріңді және бізге қысым көрсетулеріңді тоқтатасыңдар», – деп ұсыныс тастайды. Құрайыштар оның ұсынысымен келісіп: «Сен турасын айттың», – дейді және екі тарап осыған уәделеседі. Әлгі адамдар мен Әбу Жәһлдің арасындағы тартыстан кейін Мутғим Қағбаның ішінде ілулі тұрған келісімшарт қағазын жыртуға барғанда, ағаш құртының қағаздағы «Уа, Аллаһ! Сенің атыңмен!» деген сөзден және Аллаһтың есімі бар сөздерден басқа жазудың барлығын жеп қойғандығын көреді.

Осылай, үш жылға жуық күшінде тұрған келісім Аллаһтың қалауымен бір-ақ күнде жойылып, Аллаһ елшісі (с.а.с.) және осы жылдар бойында онымен бірге болған барлық адамдар оқшауланған аумақтарын тастап шығуға мүмкіндік алды. Ал мүшріктер Аллаһ елшісінің (с.а.с.) пайғамбарлығын айғақтайтын ұлы мұғжизалардың біріне куә болды. Бірақ, құрайыштар Аллаһ тағала Құранда: **«Егер олар бір аят-белгіні көрсе, теріс бұрылады және: «Күшті сиқыр», – дейді»**[1], – деп айтқандай, бұл кереметтен теріс бұрылып, кәпірліктері күшейе түсті.

Құрайыштардың Әбу Талибке соңғы келулері

Түзілген әділетсіз келісімдердің күші жойылып, оқшаулаудан шыққан Аллаһ елшісі (с.а.с.) дінге шақыру ісін қайта жалғастырды. Дегенмен, құрайыштар һашимилерді шетқақпайлауларын доғарғанымен, мұсылмандарға қысым жасауларын, адамдарды Аллаһтың жолынан тосуларын тоқтатпаған-ды. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көкесі Әбу Талиб жасы сексеннен асып қалса да, бауырының ұлы Мұхаммедті (с.а.с.) мүшріктердің зиянынан ұдайы қалқалап қорумен болды. Алайда бірнеше жылдардан бері бастары арылмай келе жатқан, бірінің артын бірі алған тауқыметтер мен түрлі ауыр оқиғалар, әсіресе, соңғы үш жыл бойындағы оқшаулау Әбу Талибті қажытып, діңкелетіп тастады. Кәрілік пен қиындықтар қатар алқымдап, уақыт өткен сайын бойынан қайраты қашып, әл-қуаты нашарлай берді. Келісім бұзылғаннан кейін бірнеше айдан соң, Әбу Талиб сырқатқа шалдығып, науқасы созылып кетті. Әбу Талибтің жағдайынан секем ала бастаған мүшріктер, Әбу Талибтің қазасынан кейін оның бауырына бірдеңе жасасақ, арабтардың арасында жаманатқа қаламыз деп қорқып, Әбу Талибтің көзі тірі кезінде Аллаһ елшісімен (с.а.с.) келісімге келуге тағы бір рет әрекет жасап көрмек болды. Олар бұл жолы Пайғамбарымызға (с.а.с.) осы уақытқа дейін бергісі келмегендерді ұсынуға дайын еді. Осылай деп шешкен құрайыштардың өкілдері жиылып, соңғы рет Әбу Талибке келеді.

[1] «Қамар» сүресі, 2-аят.

Ибн Исхақ пен басқалар хабарлағандай, Әбу Талиб науқастанып, құрайыштарға оның жағдайының ауыр екендігі жайлы хабар жеткенде, олар өзара: «Хамза мен Омар Исламды қабылдады. Мұхаммедтің діні құрайыш руларының барлығына тарады. Жүріңдер, Әбу Талибке барайық. Ол бауырының ұлы мен бізді бір келісімге келтірсін. Аллаһпен ант етейік, біз олардың өзімізді жеңіп шығуынан қауіптенеміз (тағы бір риуаятта: «Біз мына шал өлген соң, бауырының ұлына бірдеңе болса, арабтардың бізді: «Олар оған көкесі тірі кезде тиіспеді де, көкесінің көзі кете сала бас салды», – деп айыптауларынан қорқамыз»)», – деп шуласады.

Сөйтіп құрайыштың беткетұтарлары Ұтба ибн Рабиға, Шәйбә ибн Рабиға, Әбу Жәһл ибн Һишам, Умәййә ибн Халаф, Әбу Суфйан ибн Харб және басқалар, шамамен жиырма бес кісі Әбу Талибке барады. Әбу Талибке келген олар сөз бастап: «Уа, Әбу Талиб! Өзіңнің біз үшін қандай мәртебеге ие екеніңді білесің. Сенің мынадай халде жатқаныңа біз алаңдаулымыз. Бауырыңның ұлы мен біздің арамыздағы жағдай өзіңе жақсы мәлім. Сондықтан оны шақырып, бізді бір келісімге келтір, ол бізді жайымызға қалдырсын, біз де оны жайына қалдырайық, ол бізге және біздің дінімізге тиіспесін, біз де оған және оның дініне тиіспейік», – дейді. Әбу Талиб Пайғамбарымызды (с.а.с.) шақыртып, оған: «Уа, бауырымның ұлы! Тайпаңның мына беткетұтарлары сенімен бір келісімге келу үшін жиылыпты», – деп, олардың айтқан сөздерін, екі тараптың бір-біріне соқтықпауы жайлы ұсыныстарын жеткізеді. Олардың бұл ұсыныстарына Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Мен сіздерге бір сөзді ұсынсам, ол сөзді айтумен сіздер арабтарға билік жүргізесіздер және өзге халықтар да сіздерге бағынышты болады. Бұған не айтасыздар?»*** – деп қарсы ұсыныс тастайды. Хабардың тағы бір нұсқасында Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Әбу Талибке: ***«Мен олардың бір сөзді айтуларын қалаймын, сонда оларға бүкіл арабтар бағынады, ал өзге халықтар оларға жизия төлейтін болады»***; Келесі бір нұсқасында: ***«Уа, көке! Оларды өздері үшін қайырлы іске шақырсаңшы?»*** – дегені келтірілген. Әбу Талиб: «Сен оларды қандай іске шақырасың?» – дегенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Мен оларды бір сөзді айтуға шақырамын, сол сөзді айтуларымен оларға арабтар бағынады және олар өзге халықтарға да билік жүргізетін болады»***; Ибн Исхақтың риуаятында: ***«Бір сөзді қабылдасаңдар, сол арқылы арабтарға билік жүргізесіңдер және сендерге өзге халықтар да бағынады»***, – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) осы сөздерін айтқанда, мүшріктер пайдасы осыншалықты ұшан-теңіз бір ауыз сөзден қалай бас тартарларын білмей, тосылып, абдырап қалады. Сосын Әбу Жәһл: «Ол қандай сөз? Әкеңмен ант етейін, біз оны және сол сияқты сөздің тағы онын қабылдаймыз», – дейді. Пайғамбарымыз (с.а.с.): ***««Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқ», – деңдер және Одан өзге құлшылық ететіндеріңнің барлығынан бас тартыңдар»,*** – дейді. Олар бұл ұсынысты жаратпай, қолдарын шапалақтап: «Ей, Мұхаммед! Сен көп құдайларды жалғыз құдайға айналдырмақсың ба? Расында, сенің ісің таңғаларлық екен!» – дейді. Содан кейін олар бір-біріне:

«Аллаһпен ант етейік, бұл адам сендердің қалағандарыңның ешқайсысын қабылдамайды. Жүріңдер, Аллаһ араларыңа үкім бергенге дейін аталарыңның дінін ұстануды жалғастыра беріңдер», – десіп, тарап кетті.

Бұл адамдар туралы Аллаһ тағала **«Сад. Ескертуге ие Құранмен ант етемін. Негізінде кәпірлер өктемдікте және қарсылықта. Біз олардан бұрын қаншама ғасырдағы халықты жойып жібердік. Сонда олар жалбарынды, бірақ бұл қашатын уақыт емес еді. Олар өз іштерінен ескертуші келгеніне таңғалды және кәпірлер: «Бұл – өтірікші жәдігөй. Ол құдайларды жалғыз құдай етті ме? Шынында бұл таңғаларлық нәрсе екен!» – деді. Олардың ішіндегі басшылары кетіп қалды: «Жүріңдер және құдайларың үшін сабыр етіңдер. Шынында бұл көзделіп отырған нәрсе. Біз соңғы дінде мұндайды естімедік. Бұл ойдан шығарылған тоқыма ғана. Біздің арамыздан Ескерту осыған түсірілді ме?» – деді»**[1] деген аяттарын түсірген.

Қайғы жылы

Әбу Талибтің дүниеден өтуі

Һашим және мутталиб әулеттерін шетқақпайлау мерзімі біткен соң, алты айдан кейін Әбу Талиб дерті меңдеп, пайғамбарлықтың 10-жылы, ражаб айында көз жұмды. Сондай-ақ, Әбу Талибтің рамазан айында Хадиша анамыз қайтыс болардан үш күн бұрын көз жұмғаны туралы да хабар бар.

«Сахихта» Мусаййаб ибн Хазннің (Аллаһ оған разы болсын): «Әбу Талиб өлім алдында жатқанда келген Аллаһ елшісі (с.а.с.) оның қасында Әбу Жәһл ибн Һишам мен Абдуллаһ ибн Әбу Умәййә ибн Муғираны кездестірді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әбу Талибке: ***«Уа, көке! «Лә иләһә иллаллаһ» деген сөзді айтшы, онымен Аллаһтың алдында сен үшін куәлік беремін»***, – деді. Сол кезде Әбу Жәһл мен Абдуллаһ ибн Әбу Умәййә: «Ей, Әбу Талиб! Абдулмутталибтің дінінен бас тартасың ба?» – деді. Сөйтіп Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған (осы сөзді айтуды) ұсынған сайын, екеуі әлгі сөзді қайталай берді де, ақырында Әбу Талиб «Лә иләһә иллаллаһ» деп айтудан бас тартып, оларға өзінің Абдулмутталибтің дінінде қалатынын айтты. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Аллаһпен ант етейін, маған тыйым салынғанша, сен үшін әлбетте кешірім тілеймін»***, – дегенде, Аллаһ тағала: **«Пайғамбар мен мүміндерге, тозақтық екені өздеріне белгілі болғаннан кейін жақындары болса да мүшріктер үшін кешірім тілеулеріне болмайды»**[2] деген аятты түсірді», – дегені риуаят етілген[3]. Сондай-ақ, Аллаһ тағала:

---

[1] «Сад» сүресі, 1-7 аяттар.

[2] «Тәубе» сүресі, 43-аят.

[3] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» («Әбу Талибтің әңгімесі» деп аталатын тарауда, 1/548) келтірген.

«Негізінде, сен өзің жақсы көргенді тура жолға сала алмайсың, бірақ Аллаһ қалағанын тура жолға салады»[1] деген аятын түсірген.

Әбу Талиб Пайғамбарымызды (с.а.с.) қорғанына алып, Исламның дағуатын құрайыштың дәукейлері мен надандарының қаскөйліктерінен сақтайтын тас қамалдай болғанымен, ата-бабаларының дінінен бас тартпай, көпқұдайшылдықта қалғандықтан, Ақырет өмірінде толықтай құтылмады. Ол Пайғамбарымызға (с.а.с.) қызметі ең көп сіңген, үнемі жанынан табылған, ол үшін тауқымет тартқан кісілердің бірден бірі болса да, тағдырдың жазуы осылай болды. «Сахихта» Аббас ибн Абдулмутталиб (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарға (с.а.с.): *«Сенің көкеңе не пайдаң тиді? Ол сені қорғаштап, сен үшін ашуланатын»*, – дегенде, (Пайғамбардың (с.а.с.)): ***«Ол тозақтың беткі бөлігінде*** (болады)***, егер мен болмағанда, сөз жоқ тозақтың ең төменгі қабатында болар еді»***, – дегені келтірілген[2].

Сондай-ақ, Әбу Сағид әл-Худридің (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (с.а.с.), алдында көкесі туралы сөз қозғалғанда: ***«Бәлкім, Қиямет күні шапағатым оған пайда беріп, ол тозақ отының беткі бөлігіне салынар,*** (от) ***оның тобығына дейін*** (ғана) ***жетеді»***, – дегенін естігендігі туралы да хабар бар[3].

Хадиша анамыздың дүниеден қайтуы

Әбу Талиб көз жұмғаннан кейін, шамамен екі не үш айдан соң пайғамбарлықтың 10-жылы, рамазан айында, мүміндердің анасы, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүйікті жары, оның ұл-қыздарының анасы Хадиша бинт Хуайлид (Аллаһ оған разы болсын) алпыс бес жасқа қараған шағында дүниеден қайтты. Бұл кезде Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жасы елуде болатын.

Хадиша анамыз Аллаһтың Өз елшісіне (с.а.с.) тарту еткен ұлы нығметтерінің бірі еді. Анамыз Пайғамбарымызбен (с.а.с.) бірге өткізген ширек ғасыр аралығында, күйеуіне мазасызданған кездерінде жанашырлық көрсетіп, қиын сәттерінде көмектесіп, оның мойнына пайғамбарлық міндет жүктелген сәттен бастап, елшілік міндетін орындауына жәрдемдесіп, дін жолындағы ауыр күрестің барлық қиындықтарын иық тіресе бірге көтерісіп, ол қуанса жадырап, мұңайса жаны ауырып, өмірлік жолдасын рухани жағынан да, материалдық жағынан да әрдайым қолдап-қуаттап отырды. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сүйікті жары туралы: ***«Ол адамдар маған сенбегенде маған иман келтірді, ол адамдар мені өтірікшіге шығарғанда***

[1] «Қасас» сүресі, 56-аят.

[2] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» («Әбу Талибтің әңгімесі» деп аталатын тарауда, 1/548) келтірген.

[3] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» («Әбу Талибтің әңгімесі» деп аталатын тарауда, 1/548) келтірген.

маған сенді, ол адамдар менің бетімді қайтарғанда мені дүниесіне ортақтастырды және Аллаһ одан маған перзент сүйдіріп, одан өзге (әйелдерден маған) ***бала бермеді»***, – дегені риуаят етілген[1].

«Сахихта» Әбу Һурайраның (Аллаһ оған разы болсын): *«*(Бір күні) *Жәбірейіл Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Міне, Хадиша саған асқатық*[2] (немесе *тағам*; не *сусын*) *әкеліп тұр. Қасыңа келгенде, оған Раббысынан және менен сәлем жолда да, оны жаннаттағы іші қуыс меруерттен* (тұрғызылған)*, онда айғай-шу да, шаршау да болмайтын бір үймен сүйіншіле», – деді»*, – дегені келтірілген[3].

Қайғы артынан жамалған қайғылар

Санаулы ғана күндерде бірінен соң бірі келген екі бірдей ауыр қаза Аллаһ елшісінің (с.а.с.) еңсесін езіп, жүрегінде қайғы шерін толқытты. Бұл аз болғандай Әбу Талибтің қазасынан кейін құрайыштардың да Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ізін бағып, жәбір-жапа көрсетулері жиілеп кетті. Осылайша, қайғы үстіне қайғыға жамалып, тайпаластарынан түңілген Аллаһ елшісі (с.а.с.) енді олардың тепкісінен қашып, Таиф жеріне пана іздеп барды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Таиф тұрғындарының өзінің дағуатын қабылдауынан немесе өзін паналатып, құрайыштарға қарсы жәрдем көрсетуінен үміттенген еді. Алайда, олай болмай шығып, Пайғамбарымыз (с.а.с.) таифтіктерден пана табу түгілі ешқандай қолдау көрмей, тіпті, осы уақытқа дейін құрайыштардан көрмеген жәбірді солардан көріп жапа шекті.

Меккеліктер Пайғамбарымызды (с.а.с.) ғана езгілеп қоймай, оның сахабаларын да аямады. Нәтижесінде, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қатты қиналған жан жолдасы Әбу Бәкір (Аллаһ оған разы болсын) Эфиопияға қоныс аудару үшін Меккені тастап шығуға мәжбүр болды. Бірақ ол Бәрк әл-Ғимад[4] деп аталатын жерге жеткенде, Ибн Дағина деген кісі оны өз қорғанына алып, кері қайтарған. Пайғамбардың (с.а.с.) әйелі Айшаның (Аллаһ оған разы болсын): *«Мұсылмандар сынаққа түскен кезде Әбу Бәкір Эфиопия жеріне қоныс аударып шықты. Бәрк әл-Ғимадқа жеткенде, оған қара* (тайпасының) *көсемі Ибн Дағина жолығып: «Қайда бара жатырсың, ей, Әбу Бәкір!» – деп*ті*. Әбу Бәкір: «Қауымым мені* (елден) *қуды, енді жер бетін шарлап, Раббыма ғибадат жасамақпын», – дейді. Ибн Дағина: «Ей, Әбу Бәкір! Расында, сен секілді* (адамның) *кетуі де, қуылуы да тиіс емес, өйткені сен жоқ-жітікке қарайласасың, туыстармен жақсы қатысасың, қорғансызды сүйейсің, қонақты сыйлайсың және дұрыс істегі*

[1] Хадисті Ахмад «Муснадында» (6/118) келтірген.

[2] Бұл жерде нанға жағып жейтін тосап секілді нәрсе туралы айтылған.

[3] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» (Пайғамбардың (с.а.с.) Хадишаға үйленуі және оның артықшылығы туралы тарауда, 1/539) ұсынған.

[4] Меккенің оңтүстік жағынан Йеменге барар жолдағы 140 шақырым қашықтықтағы жердің аты.

қиындықтарға жәрдем етесің, мен сені қорғаныма аламын. Қайтып бар да, Раббыңа өз еліңде құлшылық жасай бер», – дейді. Сөйтіп Әбу Бәкір артқа қайтады, онымен бірге Ибн Дағина да келеді. Ибн Дағина кешке құрайыштың беделді (кісілерін) *аралап, оларға: «Расында, Әбу Бәкір секілді* (адамның елден) *кетуі де, қуылуы да тиіс емес. Жоқ-жітікке қарайласатын, туыстармен жақсы қатысатын, қорғансызды сүйейтін, қонақты сыйлайтын және дұрыс істегі қиындықтарға жәрдем ететін кісіні* (елден) *қумақсыңдар ма?» – дейді. Құрайыштар Ибн Дағинаның* (Әбу Бәкірді) *қорғанына алуын теріске шығармай, оған: «Әбу Бәкірге айта бар, ол Раббысына өз үйінде құлшылық жасасын, намазын оқысын және қалағанын оқи берсін,* (бірақ) *бізге ол арқылы азар жеткізіп, оны жария етпесін, өйткені біз әйелдеріміз бен балаларымызды бүлдіре ме деп қорқамыз», – дейді. Ибн Дағина мұны Әбу Бәкірге айтып келді. Сөйтіп Әбу Бәкір осылай Раббысына өз үйінде құлшылық жасап, намазын жария етпей және үйінен тыс жерде Құран оқымай тұрып жатты. Сосын* (бірде) *Әбу Бәкірге* (намазхана жасау) *туралы ой келді де, өз үйінің ауласына намазхана тұрғызды*[1]*. Ол сол жерде намазын орындап, Құран оқитын. Сол кезде мүшріктердің әйелдері мен балалары оның қасына топырлап жиылып, оған таңырқап қарап тұратын болды. Әбу Бәкір көңілі бос кісі еді, Құран оқығанда көз* (жасына) *ие бола алмай қалатын. Бұл мүшріктер қатарындағы құрайыш дәукейлерінің зәресін ұшырды*[2]*. Сөйтіп олар Ибн Дағинаға* (кісі) *жібереді. Ол келген соң* (құрайыштар)*: «Біз Әбу Бәкірді Раббысына өз үйінде құлшылық жасау шартымен сенің қорғаның астында қалдырған едік. Енді бұл шектен аттаған ол үйінің ауласына намазхана жасап алып, намазы мен Құран оқуын жария етіп отыр. Ол біздің әйелдеріміз бен бала-шағамызды бүлдірер деп қорқамыз. Оны* (бұл әрекетінен) *тый. Егер ол Раббысына өз үйінде ғибадат жасаумен шектелуге келіссе, солай етсін, ал егер онысын жариялаудан бас тартпаса, одан қорғау жауапкершілігіңді қайтарып беруін талап ет, өйткені біз саған қиянат жасауды қаламаймыз*[3]*, алайда Әбу Бәкірдің ашықтан-ашық* (әрекетіне) *қол қусырып қарап отыра алмаймыз», – дейді.* (Содан кейін) *Ибн Дағина Әбу Бәкірге келіп: «Саған қатысты* (олармен) *не келісім жасасқанымды білесің. Сондықтан не сонымен шектелесің, не маған қорғау жауапкершілігімді қайтарып бересің. Өйткені мен арабтардың* (қорғаныма алуға) *келісім жасасқан кісіме қатысты қиянатқа ұшырағанымды естуін қаламаймын», – деді. Әбу Бәкір* (оған)*: «Мен саған қорғау* (міндетіңді) *қайтарып беремін де, Аллаһ тағаланың қорғанын қанағат тұтамын», – деді», –* дегені риуаят етілген[4]*.*

---

[1] Бұл жерде үй емес, дуалмен қоршалған, намаз оқитын орын туралы айтылған.

[2] Құрайыштар Әбу Бәкірдің ықпалымен олардың әйелдері мен балалары Исламды қабылдап кетеді деп қорыққан.

[3] Яғни, сен қорғаныңа алып тұрғанда оған зиян тигізуді қаламаймыз.

[4] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» (1/552, 553) келтірген.

Ибн Исхақ: «Әбу Талибтің көзі кеткеннен кейін құрайыштар Аллаһ елшісіне (с.а.с.) Әбу Талиб тірі тұрғанда бұлай істеуді армандай да алмайтын зорлық-зомбылықтар көрсететін болды. Тіпті, құрайыштың есіріктерінің бірі Пайғамбарға (с.а.с.) соқтығып, оның басына топырақ құйып жіберген. Аллаһ елшісі (с.а.с.) осы күйінде басы топырақ-топырақ болып үйіне кіргенде, қыздарының бірі оның басындағы топырақты жуып тұрып жылап жібереді. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.с.) қызын жұбатып: ***«Жылама, қызым! Ақиқатында, Аллаһ әкеңді қорғайды!»*** – деп тыныштандырған. Сондай-ақ, Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Әбу Талиб қайтыс болғанға дейін, құрайыштар маған өзім қаламайтын істі жасаған емес»,*** – дейтін», – деп жазған.

Осы мезгілде Пайғамбарымыздың (с.а.с.) басына қиыншылықтар көп түсіп, ауыртпалықтар бірінен соң бірі келгендіктен, бұл жыл «қайғы жылы» деп аталып, сира және тарих кітаптарында осындай атпен айшықталды.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Сәудәға (Аллаһ оған разы болсын) үйленуі

Пайғамбарлықтың 10-жылы шәууәл айында Аллаһ елшісі (с.а.с.) Ислам дінін алғашқылардың қатарында қабылдаған және мұсылмандардың екінші тобымен Эфиопияға қоныс аударған иманды әйелдердің бірі Сәудә бинт Зәмғаға үйленді. Сәудә анамыздың алғашқы күйеуі Сәкран ибн Амр деген кісі болатын, ол да Исламды қабылдап, Сәудәмен бірге Эфиопияға қоныс аударған. Сәкран Эфиопия елінде немесе Мекке жеріне қайтып оралғаннан кейін қайтыс болып, әйелі Сәудә жесір қалған-ды. Сәудәнің идда[1] мерзімі аяқталған соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сәудәні айттырып, келісімін алып, оған үйленді. Сәудә бинт Зәмға Хадиша анамыздың қазасынан кейін Пайғамбарымыз (с.а.с.) үйленген алғашқы әйел болды. Арада бірнеше жыл өткен соң, ол Пайғамбарымыздан (с.а.с.) рұқсат сұрап, өзінің кезекті күнін Айша анамызға сыйлаған[2].

[1] Идда – күйеуі қаза болған не ажырасқан әйелге сол аралықта басқа еркекпен тұрмыс құруына рұқсат етілмейтін күту мерзімі.

[2] Мұнда мүміндердің анасы Сәудәнің Пайғамбарымызбен (с.а.с.) өзінің кезекті күнін Айшаға сыйлауына, бірақ онымен ажыраспастан, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әйелі болып қалуына келіскені туралы айтылған. Сонда **«Егер бір әйел күйеуінің қарым-қатынасы бұзылуынан не теріс айналуынан қорықса, араларын келісіммен түзетулерінде екеуіне де күнә жоқ. Өйткені келісімге келген жақсы»** деген аят түскен **(Ниса, 128)**. Бұл жайлы әт-Тирмизи Ибн Аббастан жеткізген хадисте баяндалған. Әт-Тирмизи мұны «ғариб (бөгде – Пайғамбардың (с.а.с.) сахабасынан өзге жалғыз риуаятшы жеткізген хабар), хасан» хадис санатына жатқызған. Ал Ибн Хажар оның әл-Бұхари мен Муслим Айшадан жеткізген, бірақ онда бұл аяттың түскені айтылмаған хадиспен күшейетіндігін нұсқаған. Әт-Тирмизидің хадисін өзге мухаддистер де «сахих» деп бағалаған.

Дін жолында шыдамдылық пен табандылық көрсетудің басты себептері

Жоғарыда әңгімеленген жағдайлармен танысқан әрбір оқырман Аллаһ елшісінің (с.а.с.) соңынан ерген мұсылмандардың дін жолындағы асқан шыдамдылығы мен берік табандылығына таңырқап, қайран қалары даусыз. Ал ақылдылар бір-бірінен «Мұсылмандарды осыншалықты табандылыққа, қайсарлыққа, жан баласының шамасы келмейтін беріктілікке, шыдамдылыққа жеткізген қандай себептер, қандай қозғаушы күш? Олар осындай тоқтаусыз қуғын-сүргінге, жан түршігерлік азаптарға төзетін күшке қалай ие болды?» деп сұрайды. Осы сұрақтар оқырмандарымызды сөзсіз толғандырар деген оймен мұсылмандарды шыдамдылықтың шыңына алып шыққан себептер мен қозғаушы күштерге қысқаша тоқтала кетуді жөн көрдік.

1. Мұның негізгі әрі басты себебі – бір Аллаһқа сену мен Оны дұрыс тану. Нық сенімнің ықпалы жүрекке енгенде, таулардың салмағына тең болады. Осындай кемел иманға және берік сенімге ие болған адам үшін дүние тіршілігіндегі көрген қиыншылықтары қаншалықты көп, қандайлық үлкен болса да, қаншалықты ауыр, қатты болса да, мұның бәрі оның иманының жанында берік бөгеттер мен алынбайтын қамалдарды бұзбақ болған тасқын судың бетіндегі балдыршөптер тәрізді ғана болады. Мұндай иманға ие адам бұл дүниеде басына түскен ауыртпалықтарға мән де бермейді. Өйткені ол иманының шырын дәмін, бойсұнуының ләззатын, сенімінің шаттығын сезінеді. Аллаһ тағала: **«Көбік текке жоғалады, ал адамдарға пайдасы тиетіндер жерде қалады»**[1], – деген.

Осы негізгі себептен шыдамдылық пен табандылықты күшейтетін өзге де себептер тармақталады.

2. Жүректерді баурайтын басшылық. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) өзінің көркем тұлғасы, кемел жан-дүниесі, тамаша мінез-құлықтарымен, жайсаң да зор қасиеттерімен мұсылман үмбетіне ғана емес, бүкіл адамзат баласына ең жоғарғы үлгідегі жетекші болды. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) осы қасиеттері жүректерді өзіне баурайтын, жандар оның жолында құрбан болуға дайын еді. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) кемел тұлғасын сүймеу мүмкін емес, ондай кемелдік адамзаттың ешбіріне берілмеген. Пайғамбарымыз (с.а.с.) құрметтілік пен абыройлылықтың, жақсылық пен артықшылықтың ең биік шыңына жеткен кісі. Оның бойында арлылық, аманатшылдық, шыншылдық сияқты игі қасиеттердің барлығы табылды. Аллаһ елшісін (с.а.с.) сүйетін, оның жанында болған кісілерді былай қойғанда, оның жауларының өзі Пайғамбардың (с.а.с.) жалған сөйлемейтіндігіне, тек шындықты айтатынына мысқалдай да күмәнданбайтын.

[1] «Рағд» сүресі, 17-аят.

Бірде құрайыштардан үш кісі бас қосып отырады. Олардың әрқайсысы жолдастарынан жасырын түрде Аллаһ елшісінің (с.а.с.) оқыған Құранын тыңдаған болатын. Сол отырыста олардың құпиялары ашылып, әлгі үш адамның бірі Әбу Жәһлден: «Мұхаммедтен естігендерің туралы не ойлайсың?» – деп сұрайды. Сонда ол: «Мен не естіппін? Біз абдуманаф әулетінің адамдарымен атақ-абыройда бәсекелесетінбіз, олар адамдарды тамақтандыратын, біз де адамдарды тамақтандыратынбыз, олар (туды) алып жүретін, біз де (туды) алып жүретінбіз, олар сыйлық жасайтын, біз де сыйлық беретінбіз, олармен үзеңгі қағыстырып, бәйгеге салынған екі арғымақтай жүретінбіз. Енді олар: «Бізде уахи келетін пайғамбар бар», – деді. Ал біз ондай дәрежеге қашан жетеміз? Сондықтан, Аллаһпен ант етейін, біз оған ешқашан иман келтірмейміз және оған сенбейміз», – дейді.

Әбу Жәһл Пайғамбарымызға (с.а.с.): «Ей, Мұхаммед! Негізінде, біз сені өтірікші санамаймыз, бірақ сен әкелгенді жалғанға шығарамыз», – дейтін. Осыған орай Аллаһ тағала: **«Ақиқатында, Біз олардың айтқандары сені қапаландыратынын білеміз. Негізінде, олар сені өтірікші санамайды. Бірақ әділетсіздер Аллаһтың белгілерін мойындамайды»** деген аятын түсірген[1].

Бір күні кәпірлер Пайғамбарды (с.а.с.) қастарынан әр өткен сайын балағаттап, тілдеп отырады. Үшінші ретте Аллаһ елшісі (с.а.с.) тоқтап, оларға: ***«Ей, құрайыштар қауымы! Ақиқатында, мен сендерге өлім әкелдім!»*** – дейді. Бұл сөз олардың зәресін алып, тіпті олардың арасындағы Пайғамбардың (с.а.с.) қас жауларының өзі де оны ең жақсы сөздермен тыныштандыруға көшкен.

Тағы бірде құрайыштар намазда сәждеге жығылған Пайғамбарымыздың (с.а.с.) үстіне түйенің ішек-қарнын бастырып қояды. Ызаланған Аллаһ елшісі (с.а.с.) Аллаһ тағалаға оларға қарсы дұға еткенде, олар күлкілері кілт тиылып, уайымға, мазасыздыққа салынып, өздерінің құритындарына көздері жеткен болатын.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Ғұтайба ибн Әбу Ләһәбқа қарсы дұға еткенде, Ғұтайба бұл дұғаның басына келеріне күмән келтірместен, сол сәтті күтіп жүрген және бір сапарда өздерін торуылдап жүрген арыстанды көргенде, оған жем болмас бұрын: «Аллаһпен ант етейін, Мұхаммедтің өзіме қарсы дұға еткеніндей, бұл мені жейді. Ол Меккеде болса да, Шам жеріндегі мені өлтірді!» – деп құты қашқан.

Убәй ибн Халаф Аллаһ елшісін (с.а.с.) өлтіретіндігін айтып, оған жиі сес көрсететін. Бірде Пайғамбар (с.а.с.) Убәйға: ***«Керісінше, Аллаһ қаласа, сені мен өлтіремін!»*** – дейді. Содан Пайғамбарымыз (с.а.с.) Ухуд шайқасында Убәйді мойнынан найзамен жаралайды. Жарақаты аса ауыр болмағанына қарамастан Убәй: «Ақиқатында, ол маған Меккеде жүргенінде: «Сені өлтіремін!» – деген еді, Аллаһпен ант етейін, ол маған түкіріп жіберсе де, мені өлтірер еді», – деп байбалам салады.

[1] Хабарды ат-Тирмизи («Әнғам» сүресінің 33-аятының тәпсірінде, 2/132) келтірген.

Бірде Сағд ибн Муғаз[1] (Аллаһ оған разы болсын) Меккеге умра жасауға келгенінде, Умәййә ибн Халафқа: *«Шын мәнінде, мен Мұхаммедтің (с.а.с.) сені өлтіретінін сенімді түрде айтқанын естідім»*, – дейді. Умәййә қатты қорқып: «Аллаһпен ант етейін, Мұхаммед айтса, өтірік айтпайды», – дейді. Сосын ол әйеліне келіп: «Ясрибтік[2] бауырымның маған не айтқанын білесің бе?» – дейді. Әйелі: «Не айтты? – деп сұрайды. Ол: «Мұхаммедтің мені өлтіретінін айтқанын естідім деді», – дейді. Сонда әйелі де: «Аллаһпен ант етейін, Мұхаммед өтірік айтпайды», – дейді. Содан Умәййә өз-өзіне Меккеден аттап баспауға серт береді. Сосын меккеліктер Бәдірге қарай шыққанда, әйелі Умәййәға: «Ясрибтік бауырыңның өзіңе айтқанын ұмыттың ба?» – дейді. Умәййә шыққысы келмегенде, Әбу Жәһл оған: «Расында, сен Мекке жазығының атақтыларының бірісің, бір-екі күн бізбен бірге жүр», – дейді. Амалы қалмаған Умәййә қауіп төнгенде қашу үшін Меккедегі ең жүйрік түйені сатып алады да, тайпаластарына бір-екі күн ғана ілесіп жүру ниетімен шығады. Бірақ соңында Бәдірге дейін барып, ажалын сол жерде тапқан[3].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жауларының өзі оның шыншылдығына күмәнданбайтын. Ал сахабалары мен жолдастарына Пайғамбар (с.а.с.) рух, жан, жүрек әрі көз іспеттес болды. Аллаһ елшісіне (с.а.с.) сахабаларының шынайы, ыстық махаббаттары еңіске қарай аққан судай құйылатын, олардың жүректері рухани жетекшілеріне магнитке тартылған темірдей тартылатын.

Бейнесі оның әрбір жанның айнасы

Адамдардың жүрегінің магниті.

Осындай махаббат пен сүйіспеншіліктің әсерінен олар Аллаһ елшісіне (с.а.с.) біреудің тырнағы батуынан немесе оған бір тікен кіруінен өздерінің мойындарының үзілуін артық көретін. Оның табанына кірген тікен, біздің маңдайымызға кірсе екен деп тілейтін.

Мұндай махаббаттың бірден-бір үлгісі Әбу Бәкір әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) еді. Бір күні Меккеде адамдар Әбу Бәкірді жерге жығып, аямастан соққының астына алады. Ұтба ибн Рабиға жақындап келіп, қабаттап тігілген кебістерімен Әбу Бәкірдің бетін дәлдеп ұра бастайды және аяғымен оның ішіне шығып секіреді, тіпті оны көрген адам беті мен мұрнын айыра алмастай халге жеткізеді. Бәну тәйм әулетінің адамдары өлердей таяқталған Әбу Бәкірді матаға салып көтеріп, үйіне алып келеді. Оның өлетіндігіне ешқайсының күмәні қалмаған болатын. Бірақ кешке қарай Әбу Бәкір есін жиып, ең бірінші сұрағаны: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) қайтті?»* – деп үн қатты. Әлгі адамдар оны ұрсып, балағаттап, анасы Уммул-Хайрге: «Оған нәр татқызба және сусын да берме!» – деп ескертіп, кетіп қалады. Анасы оңаша қалған соң, оған қинап тамақ жегізбек болады. Бірақ Әбу Бәкір:

[1] Сағд ибн Муғаз – ансарлық әус тайпасының көсемі.

[2] Ясриб – Мәдинаның бұрынғы атауы.

[3] Қ.: «Сахих әл-Бұхари» (2/563).

«Аллаһ елшісі (с.а.с.) қайтті?» – деп сұрай береді. Анасы: «Аллаһпен ант етейін, досыңнан мүлдем бейхабармын!» – дейді. Әбу Бәкір анасынан: *«Умму Жәмил бинт әл-Хаттабқа барып, оның жайын сұрап келші»*, – деп өтінеді. Ұлының өтінішімен анасы Умму Жәмилге барып: «Әбу Бәкір сенен Мұхаммед ибн Абдуллаһ жайлы сұрап жатыр», – дейді. Умму Жәмил: *«Мен Әбу Бәкірді де, Мұхаммед ибн Абдуллаһты да білмеймін, егер өзіңмен бірге ұлыңа баруымды қаласаң, барайын»*, – дейді. Әбу Бәкірдің анасы: «Иә», – дейді. Онымен бірге барған Умму Жәмил Әбу Бәкірдің сұлқ түсіп, төсекке таңылып жатқанын көреді және оған жақындап барғанда, шошына дауыстап: *«Аллаһпен ант етейін, шынында саған мынаны жасаған адамдар – бұзықтар мен кәпірлер, Аллаһтың сен үшін олардың сазайын беруін үміт етемін»*, – дейді. Әбу Бәкір одан: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) қайтті?»* – деп сұрайды. Умму Жәмил абдырап: *«Анаң тыңдап тұр ғой»*, – дейді. Әбу Бәкір: *«Одан қауіптенбей-ақ қой»*, – дейді. Умму Жәмил: *«Ол аман-сау»*, – дейді. Әбу Бәкір: *«Ол қайда?»* – деп сұрайды. Умму Жәмил: *«Ибн Арқамның үйінде»*, – дейді. Әбу Бәкір сонда да тыныштанбай: *«Аллаһпен ант етейін, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) өзім бармайынша, ештеңе жемеймін де, ішпеймін де!»* – дейді. Умму Жәмил мен анасы одан көшеде адам аяғы саябырсығанға дейін күте тұруын сұрайды да, жұрт үйлеріне кірген кезде қолтығынан сүйеп алып шығып, Ибн Арқамның үйіне Аллаһ елшісіне (с.а.с.) апарады.

Аллаһ қаласа, төмендегі тақырыптарда сахабалардың Аллаһ елшісіне (с.а.с.) деген шексіз сүйіспеншілігін айғақтайтын істері әлі көп келтіріледі.

3. Жауапкершілік сезімі. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сахабалары адамдардың иығына артылған ұлы да зор жауапкершілікті толықтай сезінетін. Бұл жауапкершіліктен ешбір жағдайда бұрылып, тайқып кетуге болмайтындығын, оны арқалаудан қашудың соңы өздері көріп жатқан қиыншылықтардан әлдеқайда ауыр, әлдеқайда зиянды нәтижелерге апарып соғарын жақсы түсінген. Бұл жауапкершілікті арқалаудан қашса, өздеріне және бүкіл адамзатқа келетін зиян-залал осы жолда алдарынан шығып жатқан қиындықтармен мүлдем салыстыруға келмейтіндігін білген. Сондықтан да олар қандай жағдай болса да діндерінен қайтпауға тас түйін бекінген болатын.

4. Ақыретке сену. Ақыретке сену – жауапкершілік сезімін күшейтетін себептердің бірі. Сахабалар Ақыретте әлемдердің Раббысының алдында тұратындарына, жасаған әрбір үлкен-кіші амалдары үшін есеп беретіндеріне және амалдарының нәтижесіне сай жұмақтың мәңгілік рақатына немесе тозақтың мәңгілік азабына енетіндіктеріне анық сенімді болды. Осы себептен олар өмірлерін қорқу мен үміттің арасында өткізетін, бір жағынан Раббыларының мейіріміне үміт етсе, екінші жағынан Оның жазасынан қорқатын. Олар Құран сипаттағандай: **«Бергендерін өздері Раббыларына қайтатындарына жүректері қорыққан күйде беретіндер»**[1] еді. Сахабалар дүние тіршілігінің тауқыметі де, рақаты да Ақыреттегі мәңгі өмірдің

[1] «Муминун» сүресі, 60-аят.

жанында масаның қанатындай да құнға ие еместігін білетін. Осы бір күшті білімдері оларға бұл дүниенің қиындықтары мен тауқыметтерін, кермегі мен ащысын түкке тұрғысыз, болмашы, жеңіл етіп қойды, тіпті олар мұндай қиындықтарды елемейтін де, ондай тауқыметтерге көңіл де аудармайтын.

5. Құран. Алғашқы мұсылмандар үшін осынау қорқынышты, қатерлі, зұлматты кезеңдерде Аллаһ тағала дағуаттың белқазығы болған Ислам негіздерін растайтын дәлел-айғақтарды қамтыған сүрелері мен аяттарын түсіріп отырды. Бұл аяттар қарсылыққа орын қалдырмайтын, жүректерді жаулайтын тәсілдермен түсірілді. Құран аяттары мұсылмандарды Аллаһ тағала оның үстіне адамзаттың әлемдегі ең ұлы, ең тамаша қоғамын – Ислам қоғамын құрған негіздерге бағыттады. Аллаһтың сөздері мұсылмандардың сезімдерін тербеп, оларды сабырлылық пен төзімділікке шақырып, бұл үшін түрлі мысалдар келтірді және ондағы даналықтарды түсіндірді. Аллаһ тағала: **«Әлде сендерге өздеріңнен бұрын өткендердің мысалы келмей тұрып жаннатқа кірулеріңді ойладыңдар ма? Оларға таршылық, қиыншылық тиді әрі елші және онымен бірге иман келтіргендер Аллаһтың жәрдемі қашан деп айтқанға дейін олар шайқатылды. Естеріңде болсын! Ақиқатында, Аллаһтың жәрдемі жақын»**[1]; **«Әлиф. Ләм. Мим. Адамдар: «Иман келтірдік» деп айтуларымен, сынақ етілмей қалдырыламыз деп ойлады ма? Біз олардан бұрынғыларды да сынағанбыз. Әлбетте Аллаһ шындықты айтқандарды біледі әрі Ол өтірікшілерді де біледі»**[2], – деген.

Сол сияқты Құран аяттары кәпірлер мен қасарысушылардың ұсыныстарына ауыздарына құм құйылатындай жауап қайтарып, олардың ешбір амал-айласы қалмады. Құран аяттары кейде кәпірлер адасушылықтары мен қасарысуларынан қайтпай, табандап тұрып алса, істерінің соңы жаман болатындығын бүкпесіз ашық ескертіп отырады және бұл үшін Аллаһ тағаланың игіліктерін әрі Аллаһтың Өзіне жақын жандар мен жауларына қатысты үрдісін көрсететін тарихи оқиғаларды дәлелге келтіреді. Ал кейде оларға адасушылықтарынан қайтулары үшін жұмсақ мәміле жасайды және мейлінше түсіндіреді, туралыққа бағыттайды, бағыт-бағдар сілтейді.

Құран мұсылмандарды өзге әлемге жетелейді, жаһанның құбылыстарын, Аллаһтың раббылық сипатының көркемдігін, Оның құдайлық сипатының кемелдігін, мейірімі мен жанашырлығының әсерлері мен ризалығының көріністерін баяндайды. Бұл айтылғандар мұсылмандарды өзіне барынша ынтықтырып, құштарландырады.

Құран аяттарының аясында мұсылмандарды Раббыларының мейірімімен, ризалығымен, мәңгілік игіліктерге тұнған жаннат бақтарымен сүйіншілейтін сөздер бар. Сондай-ақ Құран оларға жауларының – әділетсіз, шектен шыққан кәпірлердің жағдайын, олардан жауап алынатындығын, сонан соң

[1] «Бақара» сүресі, 214-аят.
[2] «Анкабут» сүресі, 1-3 аяттар.

олардың оттың шарпуын татулары үшін тозаққа жүздерімен сүйреп апарылатындықтарын баяндайды.

6. Мұсылмандардың табысқа жететіндіктерін жаршылаған сүйінші хабарлар. Мұсылмандар мүшріктердің қысымына ұшыраған, олардың жәбірін көрген алғашқы күннен-ақ, тіпті одан бұрын да Ислам дінін қабылдаудың мәні қиындықтарға тап болу мен қырылу еместігін жақсы түсінген, Ислам дағуатының әу бастан надандықтың соқыр сенімдері мен зұлым жүйесін түбегейлі жоюды мақсат еткенін, ал оның нәтижелерінің бірі Исламның жер шарына тарауы мен мұсылмандардың әлемдегі саясат сахнасында билікке ие болуына апаратындығын білген, өздерінің адамзат қоғамын Аллаһ тағаланың ризалығына бастайтын, адамдарды жаратылғандарға табынудан Жаратушыға құлшылық етуге алып шығатындықтарына сенімді болды.

Түсірілген аяттар мұндай қуанышты хабарларды бірде ашық баяндаса, кейде тұспалдап, астарлап жеткізді. Мұсылмандарға жер тарылып, барар жер, басар таулары қалмаған, жандарын шүберекке түйіп, құрудың сәл-ақ алдында тұрған кезеңдерде, оларға мазмұнында бұрынғы өткен пайғамбарлар мен оларды өтірікші санап, иман келтірмеген елдері жайлы, олардың арасында болған әңгімелер мен оқиғаларды баяндаған аяттар түсірілді. Осы пайғамбарлар мен олардың елдерінің қиссалары Меккедегі мұсылмандар мен кәпірлердің арасында орын алып жатқан жағдайлармен толықтай сәйкес келетін. Және де бұл аяттар соңында пайғамбарларына сенбеген кәпірлер мен әділетсіздердің жазаға тартылып, көздері жойылатынын, ал ел-жұртқа Аллаһтың құлдары ие болып қалатындықтарын баяндады. Бұл қиссалардың желісінен болашақта меккеліктердің сәтсіздікке ұшырап, мұсылмандардың және олармен бірге Ислам дағуатының жетістікке жететіндігі анық аңғарылатын.

Осындай қиын кезеңдерде иман келтіргендердің жеңетіндігін хабарлап, ашық сүйіншілеген аяттар түсіріліп, Аллаһ тағала: **«Елші етіп жіберілген құлдарымызға Біздің сөзіміз алдын шешіліп қойған. Оларға сөзсіз жәрдем беріледі. Біздің әскеріміз әлбетте жеңеді. Олардан бір уақытқа шейін теріс бұрыл. Әрі оларды бақыла. Таяуда олар көретін болады. Олар Біздің азабымыздың тез болуын сұрайды ма? Қашан ол олардың ауласына түссе, ескертілгендердің таңы жаман болады»**[1]; **«Таяуда топ жеңіледі және арттарына бұрылып кетеді»**[2]; **«Ол жердегі әскер** (басқа) **бірлескен топтар сияқты жеңіледі»**[3]; Эфиопия жеріне қоныс аударғандар туралы: **«Өздеріне қысым жасалғаннан кейін қоныс аударғандарды осы дүниеде әлбетте жақсыға орналастырамыз, ал Ақыреттің сыйы, егер де олар білетін болса, тіпті де үлкен»**[4], – деді.

---

[1] «Саффат» сүресі, 171-177 аяттар.
[2] «Қамар» сүресі, 45-аят.
[3] «Сад» сүресі, 11-аят.
[4] «Нахл» сүресі, 41-аят.

Мүшріктер Пайғамбарымыздан (с.а.с.) Юсуф пайғамбардың қиссасы жайлы сұрағанда, Аллаһ тағала оның әңгімесін баяндаған аяттарының барысында: **«Ақиқатында, Юсуф пен оның бауырларында сұраушылар үшін аят-белгілер бар»**[1], – деді. Яғни, Юсуф пайғамбар жайлы сұраған меккеліктер де Юсуфтің бауырлары сияқты ұтылып, бас иетіндіктерін меңзеді.

Аллаһ тағала Өзінің елшілері жайында: **«Кәпірлер өздерінің елшілеріне: «Әлбетте біз сендерді жеріміздің шығарамыз немесе сендер біздің дінімізге қайтасыңдар», – деді. Сонда оларға Раббылары: «Ақиқатында, Біз әділетсіздерді жоямыз. Және сендерді олардан кейін жерге орналастырамыз. Бұл Менің алдымда тұрудан қорыққан және Менің ескертуімнен қорыққан жан үшін», – деді»**[2], – деген.

Парсылар мен византиялықтардың арасында соғыс жүріп жатқанда, кәпірлер өздері сияқты мүшрік болғандықтан парсылардың жеңуін, ал мұсылмандар византиялықтар өздері сияқты, Аллаһқа, Оның елшілеріне, уахиға, кітаптарға және Ақырет күніне сенушілер болғандықтан, солардың жеңіске жетуін қалаған-ды. Соғыстың нәтижесі парсылардың жеңісімен аяқталады. Сонда Аллаһ тағала бірнеше жылдан кейін византиялықтардың қайта жеңетіндігін хабарлады және тек мұнымен шектелмей, Өзінің иман келтіргендерге жәрдем беретіндігін ашық сүйіншілеп: **«Византиялықтар жеңілді, ең жақын жерде** (яғни Шамның парсыларға ең жақын жерінде Тәфсир әл-Бағауи**). Бірақ олар жеңілгендерінен кейін таяуда жеңеді, бірнеше жылдың ішінде. Іс бұрын да, кейін де Аллаһтың еркінде. Сол күні иман келтіргендер қуанады, Аллаһтың жәрдемі үшін. Ол қалағанына жеңіс береді. Ол – аса Үстем, ерекше Рақымды»**[3] деген аяттарын түсірді.

Кейбір уақыттарда мұндай қуанышты хабарлармен адамдарды Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзі де сүйіншілейтін. Жәрмеңкелер ұйымдастырылатын кезеңде Ұқаз, Мәжәннә және Зул-Мәжәз жәрмеңкелеріне Аллаһтың жолдауын жеткізу үшін барған Пайғамбарымыз (с.а.с.) адамдардың ортасында тұрып, олардың иман келтірсе, жаннатқа кіретіндерін сүйіншілеп қана қоймай: ***«Ей, адамдар! «Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқ» деп айтыңдар, сонда мұраттарыңа жетесіңдер әрі осы арқылы арабтарға билік жүргізесіңдер және өзге халықтар да сендерге бағынады, ал егер өлсеңдер, жаннатта патшалар боласыңдар»***, – деп ашық үндеу тастайтын.

Бұдан алдыңғы тақырыптардың бірінде Ғұтба ибн Рабиға Аллаһ елшісіне (с.а.с.) осы дүниенің қызықтарын ұсынып, онымен келісімге келуді қалағанда, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) оған не жауап қайтарғанын айтқан болатынбыз. Сонда пайғамбарлық істің түбінде жеңіске жететіндігін түсінген Ғұтба құрайыштарға: «Бұл кісі мен оның ұстанып жүргенін жайына

[1] «Юсуф» сүресі, 7-аят.
[2] «Ибраһим» сүресі, 13-14 аяттар.
[3] «Рум» сүресі, 2-5 аяттар.

қалдырып, одан аулақ кетіңдер. Аллаһпен ант етейін, оның мен естіген сөздерінде ұлы хабар бар! Егер оны өзге арабтар құртса, сендер одан өзгелердің қолымен құтыласыңдар. Ал ол өзге арабтарды бағындырса, оның билігі сендердің биліктерің, оның күші сендердің күштерің және сендер оның арқасында адамдардың ең бақыттылары боласыңдар», – деген-ді.

Сондай-ақ құрайыштың беткетұтарлары Әбу Талибке соңғы келгенде, Пайғамбарымыз (с.а.с.) оларға бір сөзді ғана қабылдауларын талап ететіндігін, осы сөзді айтуларымен оларға өзге арабтардың бағынатынын және олардың басқа халықтарға да билік жүргізетіндіктерін ашық айтқан болатын.

Хаббаб ибн Арат (Аллаһ оған разы болсын): *«*(Бірде) *Аллаһ елшісіне (с.а.с.) Қағбаның саясында шекпенін жастанып жатқанда шағым айтып*[1]*, оған: «Біз үшін жәрдем сұрамайсың ба? Біз үшін Аллаһқа дұға етпейсің бе?» – деген едік, ол:* ***«Сендерден бұрын*** (өмір сүргендердің) ***арасында кісіге***[2] (кәпірлер) ***жерден*** (шұңқыр) ***қазып, оны соған тастап, сосын ара әкеліп оның басына қойып,*** (денесін) ***екіге бөліп тастаса да бұл оны дінінен қайтара алмаған. Сондай-ақ*** (кісінің) ***етін сүйегінен*** (немесе ***жүйке*** (тамырларынан)) ***ажыратып темір тарақпен*** (терісін) ***жыртса да бұл оны дінінен қайтара алмаған. Аллаһпен ант етейін,*** (Аллаһ тағала) ***міндетті түрде бұл істі***[3] ***аяғына жеткізеді, тіпті*** (сонда) ***Санғадан Хадрамаутқа қарай шыққан салт атты Аллаһтан басқа ешкімнен немесе қойларына қасқыр*** (шабуынан) ***басқа ештеңеден қорықпайтын болады, бірақ сендер асығыстық жасайсыңдар»****, – деп айтты»,* – деген[4].

Мұндай қуанышты хабарлар құпия түрде қалмай, халық ішінде ашық тарап отырды, кәпірлер де бұл хабарларды мұсылмандардан кем білген жоқ. Тіпті, Әсуад ибн Мутталиб пен оның сұқбаттастары Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сахабаларын көріп қалса, оларды әжуалап: «Сендерге Парсының кисрасы мен Византия императорының байлығына ие болатын, жер бетінің патшалары келді!» – деп, ысқырып, қол шапалақтайтын болған[5].

Осы дүниедегі даңқты, нұрлы болашақты сүйіншілеген қуанышты хабарлардың әрі сонымен бірге жаннатта зор табысқа жеткізетін ізгі де үлкен үміттің алдында сахабалар өздері көріп жатқан қысымдар мен бастарына түскен түрлі қиыншылықтарды әп-сәтте тез тарап кететін жаз мезгіліндегі бұлт тәрізді ғана көрді.

Өз кезегінде Аллаһ елшісі (с.а.с.) де сахабаларының рухтарын иманға ынталандыруларымен азықтандырып, Құран мен сүннетті үйретуімен олардың жүректерін тазартып отырды. Пайғамбарымыз (с.а.с.)

---

[1] Олар мүшріктер тарабынан жасалып жатқан зорлық-зомбылыққа қатысты шағымданған еді.

[2] Яғни, иман келтірген адамға.

[3] Пайғамбарымыз (с.а.с.) Ислам дінін айтқан.

[4] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» (1/543) келтірген.

[5] Хабарды әл-Бұхари «Сахихында» (1/510) келтірген.

сахабаларына жан-жақты үлкен тәрбие беретін, олардың жандарын рухты көтеретін, жүректі тазартатын, мінез-құлықты тазартатын, материалдық тәуелділіктен азат ететін, нәпсі қалауларына қарсы тұратын, аспандар мен жердің Раббысына ұмтылатын дәрежелерге жетелейтін. Сонымен қатар Пайғамбарымыз (с.а.с.) сахабаларының жүректеріндегі шоқты маздататын, оларды меңіреу қараңғылықтардан жарық нұрға алып шығатын, ренжітулерге сабыр етуге, кешірімді болуға, нәпсіні жеңе білуге, діндерінде орныға түсуге, құмарлықтардан бас тартуға, Аллаһтың ризалығы жолында барларын салуға, жаннатқа ынтығуға, білімге ұмтылуға, дінді терең түсінуге, істеген амалдары үшін өз-өздерінен есеп алуға, нәпсі қалауларын бағындыруға, сезімдерді еркіне жібермеуге, көңіл толқуларына ырық бермеуге, сабырлы, салмақты, байсалды қалыптан танбауға үйретететін.

ҮШІНШІ КЕЗЕҢ

МЕККЕ СЫРТЫНДАҒЫ АЙМАҚТАРДЫ ДІНГЕ ШАҚЫРУ

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Таиф жерінде

Пайғамбарлықтың 10-жылы шәууәл айында (миләди жыл санауымен 619-жылы мамыр айының соңында немесе маусым айының басында) Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккеден шамамен алпыс миль қашықтықта жатқан Таиф жеріне барып, Исламды уағыздау үшін жолға шықты. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бұл сапарына жолсерік ретінде қасына өзінің азат еткен құлы Зәйд ибн Харисаны ертіп, жаяу аттанды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) жолдарында кездескен әрбір тайпаны Исламға шақырумен болды. Алайда, оның үндеуіне тайпалардың ешбірі жауап қатпады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Таифке жеткен соң дағуатын сақиф тайпасының ағайынды үш басшысы, Амр ибн Ғұмайр әс-Сақафи деген кісінің ұлдары Абдуялил, Масғуд және Хабиб деген адамдардан бастады. Бұл адамдармен кездесуінде Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) оларды Аллаһтың тура жолына шақырды және Оның діні Исламға демеу көрсетулерін сұрады. Сонда олардың бірі: «Аллаһ сені (пайғамбар етіп) жіберген болса, Қағбаның жабуын жыртыпты!» – десе, екіншісі: «Аллаһ сенен өзге біреуді таппай қалды ма?» – дейді. Ал үшіншісі: «Аллаһпен ант етейін, мен сенімен мүлдем сөйлеспеймін! Егер сен Аллаһтың елшісі болсаң, мен жауап қайтармағаннан мәртебең төмендеп қалмайды, ал егер Аллаһтың атынан өтірік айтып тұрған болсаң, сенімен тіптен сөйлеспеуім керек», – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) орнынан тұрып, оларға: «Сендер осылай жасасаңдар, онда мен жайында ешкімге тіс жармаңдар», – дейді де, қастарынан кетіп қалады.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Таифта он күн жүріп, сол жердің беделді, абыройлы адамдарымен кездесіп, оларды Исламға шақырды. Бірақ олардың барлығы теріс айналып: «Елімізден кет!» – деді және Пайғамбарымызға (с.а.с.) есерсоқтарын қарсы айдап салды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Таифтан кетуге беттегенде, жергілікті содырлар мен құлдар оның соңынан еріп отырып, оны тілдеп, балағаттап, оған дауыс көтеріп айқайлаумен болды. Тіпті адамдар қос қатарға тұрып, Аллаһ елшісін (с.а.с.) екі жақтан тас боранның астына алып, есірік сөздерімен түйреді. Олардың Аллаһ елшісін (с.а.с.) таспен атқылағандары сондай, тірсектерін жаралап, аяқ киімі қанға малынды. Оны өз денесімен қорғамақ болған Зәйд ибн Харисаның да басы жарылды. Содырлардан қашқан Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен Зәйд Рабиғаның ұлдары Ұтба мен Шәйбәнің Таифтан үш миль қашықтықта орналасқан бағына келіп паналауға мәжбүр болды. Есерлер Аллаһ елшісі (с.а.с.) бақ ішіне тығылған соң ғана оны жайына қалдырып, кері қайтты. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір жүзім ағашының көлеңкесіне келіп, арқасын дуалға сүйеп отырып, демін алып, ентігін басты. Сонан соң ол басына түскен қиындықтан

жүрегі қайғы, налаға толған, еңсесі түсіп, қамыққан, өзіне ешкімнің иман келтірмегеніне өкінген халде Аллаһқа: ***«Уа, Аллаһ! Өзіңе күшімнің әлсіздігінен, айла-шарамның аздығынан және адамдарға қорлығымнан шағым жасаймын. Уа, рақымдылардың Рақымдысы! Сен – әлсіздердің Раббысысың әрі менің Раббымсың. Мені кімге тапсырасың?! Жақтырмайтын жатқа ма әлде ісімнің билігін беріп дұшпанға ма? Маған ашулы болмасаң,*** (көрген қиындығыма) ***көңіл де аудармаймын, бірақ Сенің амандығың мен үшін кеңірек. Ол үшін қараңғылықтар арайланған, дүние мен Ақыреттің ісі түзелген жүзіңнің нұрымен маған ашуыңның түсуінен пана сұраймын. Риза болуың үшін Саған шағым айтамын. Сенікінен өзге күш те, қуат та жоқ»***, – деп дұға етті.

Аллаһ елшісін (с.а.с.) көрген Ғұтба мен Шәйбә оны аяп кетеді де, христиан дінін ұстанатын Аддас есімді қызметшілерін шақырып алып: «Бір шақ жүзім алып, анау кісіге апарып бер», – деп бұйырады. Аддас барып қолындағы бір шақ жүзімді Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына қойғанда, Пайғамбарымыз (с.а.с.) қолын созып: ***«Бисмилләһ»***, – деп, жүзімнен жейді. Мұны естіген Аддас оған: «Бұл елдің тұрғындары мұндай сөзді айтпайды», – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Сен қай елденсің? Қандай дінді ұстанасың?»*** – деп сұрайды. Ол: «Мен христианмын, Нәйнәуәданмын», – деп жауап береді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Ізгі кісі Юнус ибн Маттаның ауылынан екенсің ғой?!»*** – дейді. Аддас: «Юнус ибн Маттаны қайдан білесің?» – деп сұрайды. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Ол – менің бауырым. Ол пайғамбар болған, мен де пайғамбармын»***, – дейді. Сонда Аддас жаны қалмастан, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) басын, қолдары мен аяқтарын сүйе бастайды.

Мұны анадай жерден көріп тұрған ағайындылардың бірі екіншісіне: «Мына адам сенің қызметшіңді бүлдірді», – дейді. Алдарына қайтып келген Аддасқа олар: «Сорың құрысын! Бұның не?» – дейді. Аддас: «Ей, мырзам! Жер бетінде мына кісіден абзал ештеңе жоқ. Ол маған пайғамбар ғана білетін бір істі хабарлады», – дейді. Олар Аддасқа: «Сорың құрысын, ей, Аддас! Ол сені діниннен тайдырмасын! Шындығында, сенің дінің оның дінінен жақсы», – дейді.

Бақтан шыққан Аллаһ елшісі (с.а.с.) жүрегі жараланған, көңілі қамыққан, мұңайған халде Меккеге қайтып келе жатты. Жолда Аллаһ елшісі (с.а.с.) Қарн әл-Мәнәзил деген жерге жеткенде, Аллаһ тағала оған жанында таулардың періштесі бар Жәбірейілді жіберді. Таулардың періштесі Пайғамбарымызға (с.а.с.) бұйырса болды, Ахшабайн деп аталатын екі тауды[1] Мекке тұрғындарының үстіне бастырып қоятындығын жеткізді.

Осы оқиға туралы имам әл-Бұхари Пайғамбардың (с.а.с.) әйелі Айшаның жиені Ғұруа ибн Зубәйрге мына хадисті айтып бергендігін жеткізген: Бірде

[1] Сол кезде Меккенің қос қапталында орналасқан, Әбу Құбайс және оның қарсы бетіндегі Құғайқиған деп аталатын екі тау.

Айша Пайғамбардан (с.а.с.): *«Сен үшін Ухуд күнінен ауыр күн болды ма?»*[1] – деп (сұрағанда, Пайғамбар (с.а.с.)): ***«Сенің қауымыңнан***[2] ***мен көресімді көрдім. Олардан көргенімнің ең ауыры – Ақаба***[3] ***күні.*** (Сол күні) ***Ибн Абдуялил ибн Абдукуләлға өзіме*** (ілесуді) ***ұсынғанымда, ол менің өтінішіме жауап қатпады. Сонда мен жүзім салыңқы қайтып, Қарн әс-Сағалибқа***[4] ***жеткенше өз-өзіме келе алмадым. Басымды көтерсем, мені бір бұлт көлеңкелеп тұр екен, қарасам, оның ішінде Жәбірейіл тұр. Ол маған: «Расында, Аллаһ қауымыңның саған айтқанын және қайтарған жауабын естіді де, оларға қатысты қалағаныңды бұйыруың үшін Аллаһ саған таулар періштесін жіберді», – деп үн қатты. Сонда таулар періштесі тіл қатып, менімен сәлемдесті де, сосын: «Ей, Мұхаммед! Қалағаныңды*** (бұйыр)***, егер қаласаң олардың үстіне Ахшабайнды төңкеремін!» – деп айтты»***, – депті.

Бірақ Пайғамбар (с.а.с.): ***«Керісінше, Аллаһ тағала олардың үрім-бұтағынан Аллаһ тағаланың жалғыз Өзіне, ештеңені серік қоспай ғибадат ететіндерді шығаруын үміт етемін»***, – деген[5].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) таулар періштесіне қайтарған жауабынан оның тұлғасының біртуар даралығы мен мінез-құлқының қаншалықты ұлы болғандығы көрінеді. Мұндай мінез-құлықтың тереңіне ешкім бойлай алмайды.

Аллаһ тағала періштелері арқылы Өз елшісіне осындай құпия жәрдем жолдап, тың күш қосқаннан соң Пайғамбарымыз (с.а.с.) есін жиып, жүрегі жайланып, бойына қайтадан қайрат бітіп, жігерлілік пайда болды. Содан кейін Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) Меккеге қарай жүріп, жолай Нахлә жазығына тоқтап, сонда бірнеше күнге аялдады. Бұл жазықта ат шалдыруға жарайтын екі мекен бар-ды. Оның бірі – әс-Сәйл әл-Кәбир, екіншісі – әз-Зимә. Осы екі мекенде су, көкорай шалғын болатын. Алайда Пайғамбарымыздың (с.а.с.) екі мекеннің дәл қайсысына тоқтағандығын көрсететін хабар жоқ.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сол жерде тоқтаған күндерінің бірінде Аллаһ тағала елшісіне бір топ жындарды жіберген. Бұл жайында Құранның «Ахқаф» және «Жын» сүрелерінде баяндап: **«Сол кезде саған жындардың Құранды тыңдайтын бір тобын бағыттадық. Олар оның қасына келген**

---

[1] Һижраның 3-жылы Ухуд тауы маңында мұсылмандар меккеліктерден айтарлықтай үлкен жеңіліске ұшырап, осы шайқаста жетпістен астам мұсылман, оның ішінде Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көкесі Хамза (Аллаһ оған разы болсын) да шәһид болған еді.

[2] Яғни, құрайыштардан.

[3] Таифтың іргесіндегі мекен.

[4] Қарн әс-Сағалиб – Мекке мен Таифтың арасындағы, Меккеден бір күншілік жердегі тау. Бұл тау «Қарн әл-Мәнәзил» деп те аталады.

[5] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» (Жаратылыстың басталуы туралы кітапта, 1/485), Муслим «Сахихында» («Пайғамбардың (с.а.с.) мүшріктер мен мұнафықтардың ренжітулерінен не нәрселерге тап болғаны» деп аталатын тарауда, 2/109) келтірген.

кезде: «Тыныштық сақтаңдар», – деді. Ал ол аяқталған кезде, олар елдеріне ескертуші болып кетті. Олар: «Ей, еліміз! Шын жүзінде біз Мұсадан кейін түсірілген, өзінің алдындағыны растаушы, ақиқатқа әрі тура жолға бастайтын Кітапты тыңдадық. Ей, еліміз! Аллаһтың шақырушысына жауап беріңдер және оған иман келтіріңдер, сонда Ол сендердің күнәларыңды кешіреді және сендерді күйзелтуші азаптан сақтайды»[1]; «(Мұхаммед! Оларға) **айт: «Жындардың бір тобының** (Құран оқығанымды) **тыңдағаны маған уахи етілді, сонда олар: «Ақиқатында, біз бір ғажап Құран естідік. Ол тура жолға салады. Біз оған иман келтірдік. Енді Раббымызға ешкімді серік қоспаймыз. Ақиқатында, Раббымыздың ұлылығы өте биік. Ол жұбай да, бала да иемденген емес. Ал біздің ішіміздегі есалаң Аллаһ жөнінде шектен шыққан сөз айтатын еді. Ақиқатында, біз адамзат пен жын Аллаһ жөнінде ешқашан өтірік айтпайды деп ойлаған едік. Адамдардың ішіндегі кейбір кісілер жындардың ішіндегі кейбір еркек жындардан пана сұрап, олардың есалаңдығын арттыратын еді. Олар да сендер сияқты Аллаһ ешқашан ешкімді қайта тірілтпейді деп ойлаған еді. Ақиқатында, біз көкке қарманғанымызда оны қатаң күзетшілер мен жалынды ұшқын толтырылған түрде кездестірдік. Ақиқатында, біз оның кейбір орындарында тыңдау үшін отыратын едік. Ал енді кім тыңдамақшы болса, өзін көздеген жалынды ұшқынға кезігеді. Негізінде, біз білмейміз, жер бетіндегілерге жамандық көзделді ме әлде оларға Раббылары туралық қалады ма? Әлбетте біздің арамызда ізгілер де бар және арамызда одан өзгелер де бар. Біз түрлі жолдарда болған едік. Ақиқатында, біз жер бетінде Аллаһты ешқашан дәрменсіз ете алмайтынымызды және ешқашан қашып та Оны дәрменсіз ете алмайтынымызды ойладық. Ақиқатында, біз тура жолды естіген соң оған иман келтірдік. Кім Раббысына иман келтірсе, ол кемшіліктен де, жамандықтан да қорықпайды. Ақиқатында, біздің арамызда мұсылмандар да бар және арамызда ауытқығандар бар. Кім мұсылман болса, міне, солар туралықты мақсат етті. Ал енді ауытқығандар жаһаннамға отын болады», – деді»**[2], – деген.

Бұл аяттардан және осы оқиғаның түсіндірмесінде келген хабарлардан Аллаһ тағала жындарды жібергендігін Өзі хабарлағанша Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бұл жайында, өзіне аталмыш жындардың келгенін және оқыған Құранын тыңдағанын білмегендігі көрінеді. Бұл жындардың Аллаһ елшісіне (с.а.с.) тұңғыш келуі еді. Келіп жеткен хабарларға қарағанда, жындар бұдан кейін де Пайғамбарымызға (с.а.с.) бірнеше рет келген.

Ақиқатында, бұл оқиға да Аллаһ тағала Өзінің құпия ғайыбынан Өзіне ғана мәлім әскерлері арқылы қамыққан пайғамбарына тың күш қосқан тағы

[1] «Ахқаф» сүресі, 29-31 аяттар.
[2] «Жын» сүресі, 1-15 аяттар.

бір жәрдем болды. Сондай-ақ, осы оқиғаға қатысты түскен аяттардың мазмұнында Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Исламға шақырудағы күресі нәтижелі аяқталып, жетістікке жететінін, әлемдегі ешбір күш оның жетістікке жетуіне бөгет бола алмайтындығын сүйіншілеген қуанышты хабарлар бар. Мәселен, Аллаһ тағала «Ахқаф» сүресінің 32-аятында: **«Ал кім Аллаһтың шақырушысына жауап бермесе, ол жер бетінде шарасыз қалдырушы емес әрі оған Одан өзге қамқоршылар болмайды. Міне, солар анық адасуда»**, – десе, «Жын» сүресінің 12-аятында: **«Ақиқатында, біз жер бетінде Аллаһты ешқашан дәрменсіз ете алмайтынымызды және ешқашан қашып та Оны дәрменсіз ете алмайтынымызды ойладық»**, – деп көрсетеді.

Аллаһтың көрсеткен осы жәрдемінен, осы бір қуанышты хабарлардан кейін, Таифтан түртпек көріп, қуылып шыққалы бері Пайғамбарымыздың (с.а.с.) басына үйіріліп, еңсесін езіп келе жатқан қайғы-мұң мен үмітсіздіктің қара бұлты сейіліп, шайдай ашылды. Осыдан кейін оның көңілі жадырап, Таифта көрген жәбірін ұмытып, серпіліп, Меккеге қайтуға және Исламды таратудағы, Аллаһтың мәңгі өшпейтін жолдауын жеткізудегі бастапқы жоспарын қайта жаңғыртуға тас-түйін бекініп, бойында тың құлшыныс, қайрат, жігер пайда болды.

Сонда Зәйд ибн Хариса Аллаһ елшісінен (с.а.с.): *«Құрайыштар сені қуып шыққаннан кейін оларға қалайша қайта оралмақсың?»* – деп сұрағанда, Пайғамбарымыз (с.а.с.): ***«Ей, Зәйд! Ақиқатында, Аллаһ бұл істе жеңілдік әрі бұл тығырықтан шығатын жол береді. Шындығында, Аллаһ Өзінің дініне қолдау көрсетеді және Өзінің пайғамбарын жеңіске жеткізеді»***, – деп, көп ұзамай ешкім тайталаса алмайтын ең Күштіден жәрдем әрі жеңіс келетіндігіне нық сенімді болды.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) сапарын жалғастырып, Меккеге таяғанда, қалаға кірместен Хира үңгіріне тоқтап, хузаға тайпасының бір кісісі арқылы Ахнас ибн Шурайққа өзін қорғанына алуын сұратып, сәлем жолдайды. Ахнас: «Мен құрайыштардың одақтасымын, ал одақтас (одақтасына қарсы) қорған болмайды», – деп, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) өтінішін қабылдамайды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) әлгі кісіні осы сәлеммен Суһайл ибн Амрге жібереді. Суһайл де: «Амир әулетінің адамдары Кағб әулетінің адамдарына қорған болмайды», – деп жалтарады. Содан кейін Пайғамбар (с.а.с.) әлгі адамды Мутғим ибн Адиге жібереді. Ол: «Жарайды», – деп, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) өтінішін құп алып, қару-жарағын асынып, ұлдарын шақырып, тайпаластарын жинап, оларға: «Қаруларыңды қолдарыңа алып, Қағбаның бұрыш-бұрышында тұрыңдар, мен Мұхаммедті қорғаныма алуға келістім», – деп тапсырады. Сонан соң Мутғим Аллаһ елшісіне (с.а.с.) адам жіберіп, Меккеге кіруін сұрайды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Зәйд ибн Харисамен бірге қалаға кіріп, әл-Харам мешітіне келеді. Мутғим ибн Ади түйесінің үстінде тұрып адамдарға: «Ей, құрайыштар қауымы! Ақиқатында, мен Мұхаммедті қорғаныма алдым, енді сендердің ешбіріңоны келеке-мазақ етуші болмасын!» – деп жар сала бұйырып дауыстайды. Мутғимнің сөзінен кейін

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Қағбаның қара тас орналасқан бұрышына келіп, оны сипайды және Қағбаны тауаф етіп, екі ракағат намаз оқиды. Осыдан соң Пайғамбар (с.а.с.) үйіне қайтты да, Мутғим ибн Ади мен оның ұлдары қаруларын асынған күйі оны қаумалап, қоршай жүріп, үйіне дейін жан баласына тиіскізбей жеткізіп салды.

Бір хабарда Әбу Жәһлдің Мутғимнен: «Сен оған қорған болып жүрсің бе әлде оған ерушісің бе (яғни мұсылмансың ба)?» – деп сұрағаны жайлы дерек бар. Мутғим: «Мен оған қорған болып жүрмін», – дейді. Сонда Әбу Жәһл: «Сен қорғаныңа алғанды біз де қорғанымызға алдық», – депті.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мутғим ибн Адидің бұл жақсылығын ешқашан ұмытқан емес. Ол Бәдір шайқасында мұсылмандардың қолына тұтқынға түскен меккелік мүшріктер туралы: ***«Егер Мутғим ибн Ади тірі болып, менімен бұл сасықтарға*** (ара түсіп) ***сөйлессе, міндетті түрде бұларды ол үшін босатар едім»,*** – деген[1].

Тайпаларға және жекелеген адамдарға Исламды уағыздау

Пайғамбарлықтың 10-жылы зул-қағда айында (миләди 619-жылдың маусым айының соңында немесе шілде айының басында) Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккеге оралып, қайтадан түрлі тайпалар мен жекелеген адамдарға Исламды қабылдауларын ұсынып, үгіт-насихат жүргізуге кірісті. Қажылық маусымының жақындауымен Меккеге адамдар қажылық парызын өтеуге, өздерінің пайдаларына куә болу әрі белгілі күндерде Аллаһты еске алу үшін жаяу және алыс жолдардан сапар сарсаңынан арып-ашып, әбден болдырған жадау, арық түйелердің үстінде келе бастады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) осы мүмкіндікті пайдаланып, пайғамбарлықтың 4-жылынан бергі әдетінше, бір тайпадан соң бір тайпаға келіп, Исламды уағыздап, дінге шақырумен, насихаттаумен болды. Тек бұл жылдан, яғни, 10-жылдан бастап Пайғамбарымыз (с.а.с.) Исламға шақырған тайпаларынан Аллаһтың жолдауын жеткізуі үшін өзін паналатуларын, қорғауларын және өзіне көмектесулерін сұрауға кірісті.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Исламға шақырған тайпалар

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Исламды қабылдауларын ұсынған тайпалар туралы ғалым әз-Зуһри: «Бізге Аллаһ елшісі (с.а.с.) кездесіп, Исламға шақырған тайпалардың қатарында бәну амир ибн сағсаға, мухариб ибн хасифа, фазара, ғассан, мурра, ханифа, сәлим, абс, бәну наср, бәну әл-бәккә, киндә, кәлб, харис ибн кағб, ғұзра және хадрамауттық тайпалардың аттары аталатын. Бірақ олардың ешқайсысы Пайғамбарымыздың (с.а.с.) шақыруына жауап қатпаған», – деп жазған.

[1] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» (2/573) келтірген.

Әз-Зуһри атап көрсеткен бұл тайпаларға Исламды қабылдаулары бір ғана жылда, бір ғана қажылық маусымында ғана емес, пайғамбарлықтың 4-жылынан бастап, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Мәдина қаласына қоныс аударуынан бұрынғы соңғы қажылық маусымының аралығында ұсынылған. Бірақ, қайсы тайпаны дәл қай кезде Исламға үндегендігін дөп басып айту мүмкін емес. Дегенмен, аталған тайпалардың көпшілігін Аллаһ елшісі (с.а.с.) пайғамбарлықтың 10-жылының қажылық маусымында дінге шақырған. Ибн Исхақ өзінің еңбегінде тайпаларға Ислам қалай уағыздалғанын және олардың Пайғамбарымыздың (с.а.с.) шақыруына қалай жауап қатқандықтарын баяндап, тіркеген. Төменде сол деректерді қысқаша келтіріп өтеміз:

1. Бәну кәлб тайпасы.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) осы тайпаның құрамындағы бәну абдуллаһ руының адамдарымен кездесіп, оларды Аллаһқа иман келтіруге және өзіне еруге шақырған, тіпті, оларға: ***«Ей, бәну абдуллаһ! Шындығында, Аллаһ сендердің аталарыңның есімін өте көркем етті»,*** – деген сөздер айтқан. Бірақ олар Пайғамбардың (с.а.с.) ұсынысын қабылдамаған.

2. Бәну ханифа тайпасы.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) осы тайпаның өкілдері тоқтаған орындарға келіп, оларды Аллаһқа иман келтіруге және өзіне еруге шақырған. Алайда, арабтардың ешқайсысы Пайғамбарымызға (с.а.с.) бұлар сияқты сондайлық жаман жауап қайтармаған.

3. Бәну амир ибн сағсаға тайпасы.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) бәну амир ибн сағсаға тайпасының мүшелерін Аллаһқа иман келтіруге әрі өзіне еруге үндегенде, олардың араларындағы Бухайра ибн Фирас деген бір кісі: «Аллаһпен ант етейін, егер де мен құрайыштардың мына жігітін қолыма алсам, оның көмегімен бүкіл арабтарды бағындырамын», – дейді де, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қарап: «Қалай дейсің, егер біз сенің осы ісіңе ант берсек, сонан соң Аллаһ саған өзіңе қарсы шыққандарды бағындырса, сенен кейін билік бізге өтеді ме?» – деп сұрайды. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Билік Аллаһтыкі, Ол оны қалағанына береді»,*** – деп жауап береді. Сонда Бухайра: «Аллаһ сені жеңіске жеткізгенде, билік бізден басқалардың қолына өтетін болса, біз сен үшін өзге арабтарға кеудемізді тосып, басымызды қатерге тігеміз бе?! Бізге сенің дініңнің қажеті жоқ», – дейді. Сөйтіп олар да Пайғамбардың (с.а.с.) ұсынысын қабылдаудан бас тартқан.

Бәну амир тайпасының адамдары қоныстарына оралып, кәрілігі себепті тайпаластарымен бірге қажылыққа бара алмай қалып қойған бір ақсақалдарына Пайғамбармен (с.а.с.) кездескендерін әңгімелеп: «Бізге қажылық кезінде құрайыштың абдулмутталиб әулетінен бір жігіт келіп, өзін пайғамбармын деп таныстырды, бізді өзін қорғауға, өзімен тізе біріктуге

және өзін елімізге алып кетуге үгіттеді», – дейді. Өзінің тайпаластары мен Пайғамбардың (с.а.с.) арасында болған әңгімені тыңдаған қария қолдарын басына қойып: «Ей, бәну амир! Бұған не амал бар? Айрылған соң не шара? Пәленшенің жаны қолында болғанмен ант етейін, Исмаилдің ұрпағының ешбірі әлі мұндайды айтқан емес, шындығында, бұл – ақиқат. (Оның бетін қайтарғанда) ақылдарың қайда болды?» – деп пұшайман болыпты.

Меккеліктерден өзге мұсылмандар

Аллаһ елшісі (с.а.с.) тайпалар мен қажылар тобына ғана емес, жекелеген адамдарға да Исламды қабылдауларын ұсынған болатын. Нәтижесінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) өзі дінге шақырған адамдардың кейбірінен оң жауап естіп, осы қажылық маусымынан біраз уақыт араға салып, бірнеше азаматтар оған иман келтірді. Төменде солардың бірнешеуінің Исламға келу тарихына тоқталамыз:

1. Суәйд ибн Самит.

Бұл кісі тайпаластарының арасында ақылдылығымен, парасаттылығымен танылған ясрибтік ақын болатын. Тайпаластары Суәйдтің табандылығына, абыройы мен тектілігіне және оның өлеңдеріне сүйсініп оны «Кәмил» (Кемел) деп атайтын. Ол Меккеге қажылық не умра жасауға келгенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған Исламды уағыздайды. Суәйд ибн Самит: «Бәлкім, сенің айтатындарың менің білетінім сияқты шығар», – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) одан: ***«Сонда сенің білетінің не?»*** – деп сұрайды. Ол: «Лұқманның нақыл сөздері», – дейді. Пайғамбарымыз (с.а.с.): ***«Маған оны айтып берші»***, – дейді. Ол айтып береді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Расында да, бұл тамаша сөздер екен, бірақ мендегі бұдан да жақсы. Ол – Аллаһ тағала маған түсірген Құран. Ол – тура жол әрі нұр»***, – дейді де, оған Құран аяттарын оқып береді және оны Исламға шақырады. Осыдан кейін Суәйд Исламды қабылдап: *«Ақиқатында, бұл керемет сөздер!»* – деп тамсанады. Бұл кісі Мәдинаға оралғанынан соң көп ұзамай әус және хазраж тайпаларының арасындағы Буғас күнінен бұрынғы шайқаста қаза тауып, мерт болады. Суәйд ибн Самит Исламды пайғамбарлықтың 11-жылының басында қабылдаған.

2. Ияс ибн Муғаз.

Бұл жас бозбала Меккеге әус тайпасының қажылыққа шыққан адамдарымен бірге Ясрибтен келген еді. Әус тайпасы адамдарының Меккеге ат басын бұруларының тағы бір мақсаты – олар құрайыштармен хазраж тайпасына қарсы бірігіп одақтасуды қалап келген-ді. Бұл пайғамбарлықтың 11-жылының басында орын алған Буғас шайқасынан сәл бұрын болатын. Сол уақыттарда Ясрибте әус және хазраж тайпаларының арасында дұшпандық өрті қаулап тұрған еді. Ал әустіктердің саны хазраждықтардың санынан аз болатын. Олардың келгендерін естіген Аллаһ елшісі (с.а.с.)

әустіктерге келіп, қастарына жайғасып: ***«Сендер өздерің мақсат етіп келгеннен де жақсыны естігілерің келе ме?»*** – дейді. Олар: «Ол не?» – деп сұрайды. Пайғамбарымыз (с.а.с.): ***«Мен Аллаһтың елшісімін, Аллаһ мені пенделеріне оларды Аллаһқа құлшылық етуге және Оған ештеңені серік етіп қоспауға шақыруым үшін жіберді. Әрі Аллаһ маған кітап түсірді»,*** – деп, оларға Исламды түсіндіреді және Құран оқып береді. Пайғамбарымызды (с.а.с.) тыңдаған Ияс ибн Муғаз: «Уа, адамдар! Аллаһпен ант етейін, бұл сендер мақсат етіп келгеннен әлдеқайда жақсы ғой», – дейді. Сонда осы тайпаның өкілдері ішінде келген Әбул-Хайсар Әнәс ибн Рафиғ деген кісі жерден бір уыс топырақ алып, Иястың бетіне шашып: «Бізді жайымызға қалдыр! Дініммен ант етейін, негізінде біз мұнда басқа шаруамен келдік», – деп тиып тастайды. Ияс үндемей қалады, ал Аллаһ елшісі (с.а.с.) орнынан түрегеліп, оларды қалдырып кетеді. Әустіктер Мәдинаға келген мақсаттарын жүзеге асыра алмастан, құрайыштармен одақтастық келісімге түзе алмай оралады.

Олар Ясрибке оралған соң, көп ұзамай Ияс қайтыс болады. Көз жұмар алдын ол: *«Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқ», «Аллаһ Ұлы», «Барлық мақтау Аллаһ үшін», «Аллаһ барлық кемшіліктен пәк»* деген сөздерді жиі қайталап жатыпты. Тарихшылар оның өмірден мұсылман күйде қайтқандығына күмәнданбайды.

3. Әбу Зарр әл-Ғифари.

Әбу Зарр Ясрибтің шетінде орналасқан елді мекендердің бірінде тұратын. Суәйд ибн Самит пен Ияс ибн Муғаз арқылы Меккеде бір кісінің пайғамбар етіп жіберілгені туралы хабар тарағанда, бұл хабар Әбу Заррдың құлағына да жетіп, оның Исламды қабылдауына осы түрткі болса керек.

Имам әл-Бұхари Ибн Аббастан жеткізген хадисте Әбу Зарр: *«Мен ғифар* (руының) *бір кісісі едім. Бізге Меккеде өзін пайғамбармын деп айтып жүрген бір кісінің шыққаны туралы хабар жетті. Сонда мен бауырыма: «Сен сол кісіге барып, сөйлесіп, маған оның хабарын алып кел», – деп* (тапсырдым. Бауырым) *барып, онымен жолығып, сосын қайтып келді. Мен:*

– Не (хабар әкелдің)*? – деп* (сұрадым)*.*

– Аллаһпен ант етейін! Мен жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтарып жүрген кісіні көрдім, – деді. Оған:

– Мені хабарыңмен қанағаттандыра алмадың! – дедім де, қолыма су құйылған шанаш пен асатаяқ алып, сосын Меккеге келдім. Мен (Пайғамбарды (с.а.с.)) *танымайтынмын және ол туралы ешкімнен сұрағым келмеді. Сөйтіп Зәмзәм суынан ішіп, мешітте болып жүрдім.* (Бірде) *қасымнан Әли өтіп бара жатып: «Жатжерлік кісі тәріздісің ғой?» – деді. Мен:*

– Иә, – дедім.

– Онда үйге жүр, – деді. Мен онымен бірге бардым, (ол күні Әли) *менен ештеңе сұрамады, мен де одан* (ештеңе) *сұрамадым да,* (ештеңе) *айтпадым да. Таң атқан соң* (Пайғамбар (с.а.с.)) *туралы сұрастырмақ ниетте*

ертемен мешітке келдім, (бірақ) *маған ол туралы әлдене айтып берер ешкім болмады.* (Сол арада тағы да) *Әли қасымнан өтіп: «Сен әлі қайда түсеріңді білмей жүрсің бе?» – деді.*

– Жоқ, – дедім. Ол:

– Менімен жүр, – деді де:

– Не шаруаң бар, бұл қалаға не үшін келдің? – деп (сұрады). *Мен оған:*

– Ешкімге тіс жармасаң айтамын, – дедім.

– Әлбетте, солай етемін, – деді. Оған:

– Бізге осы жерде өзін пайғамбармын деп жүрген бір кісінің шыққаны туралы хабар жетті. Бауырымды онымен сөйлесу үшін жіберген едім, ол қайтып келгенінде (әкелген) *хабарымен мені қанағаттандыра алмады. Сондықтан онымен өзім жолығуды қаладым», – деп айттым»*, – дейді.

(Әли) оған: *«Расында сен дұрыс істегенсің. Мен оған бара жатырмын, сен соңымнан ілесе бер. Мен қайда кірсем, сонда кір. Егер саған қауіп төндіретін біреуді көрсем, кебісімді түзегендей болып дуалға барып тұрамын,* (сол кезде) *сен* (тоқтамай) *өтіп кет»*, – депті.

(Әбу Зарр): *«Сөйтіп* (Әли) *жолға түсті, мен оған ілесіп жүрдім. Сонымен ол* (бір үйге) *кірді, мен де онымен бірге Пайғамбардың (с.а.с.) алдына кіріп, оған: «Маған Исламды баяндап бер!» – дедім. Ол баяндап берді де, мен сол жерде Исламды қабылдадым.* (Пайғамбар (с.а.с.)) *маған:* ***«Ей, Әбу Зарр! Бұл істі құпия ұстап, өз еліңе қайт та, біздің бас көтергеніміз жайлы хабар алған кезіңде кел»****, – деді. Сонда мен: «Сені ақиқатпен жіберген* (Аллаһ)*пен ант етейін, бұл жайлы олардың*[1] *ортасында айқайлап айтамын», – дедім»*(, – дейді).

Сөйтіп Әбу Зарр Қағбаға келеді, ол жерде (бірнеше) құрайыштық отыр екен. (Әбу Зарр): *«Ей, құрайыш қауымы! Шын мәнінде мен Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқтығына куәлік беремін және Мұхаммед – Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін»*, – дейді.

(Әбу Зарр): *«*(Мұны естіген) *олар: «Мына діннен қайтқанға жабылыңдар!» – деді де, орындарынан өре түрегеліп, өлімші болып таяқ жедім. Сол кезде Аббас келіп* (мені қорғаштап) *үстіме жатып алды. Сосын оларға бұрылып: «Сорың құрғырлар! Ғифар* (тайпасының жері арқылы) *өтіп сауда жасап жүргендеріңде ғифардың кісісін өлтірмексіңдер ме?» – деген соң ғана олар мені жайыма қалдырды. Ертесіне таңертең қайта келіп, кешегі айтқан сөзімді айттым. Олар* (тағы да)*: «Мына діннен қайтқанға жабылыңдар!» – деді де, маған кеше істегендерін істеді. Сол кезде* (тағы да) *Аббас келіп* (қорғаштап) *үстіме жатып алды және кешегі айтқан сөзін айтты»*(, – дейді)[2].

---

[1] Яғни, мүшріктердің.

[2] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» («Зәмзәм туралы әңгіме» деп аталатын тарауда, 1/499, 500 және «Әбу Заррдың Исламды қабылдауы» деген айдардағы тарауда, 1/544, 545) келтірген.

4. Туфайл ибн Амр әд-Дәуси.

Туфайл ақындығымен танылған, абыройлы, ақылды, дәус тайпасына басшылық ететін кісі еді. Оның тайпасының Йеменнің өңірлерінде дербес билік жүргізетін немесе бір патшаға тәуелді әмірлігі болатын. Пайғамбарлықтың 11-жылы Туфайл Меккеге келгенде, Меккенің тұрғындары оны қала сыртында күтіп алып, барынша жақсы қарсы алып, мейлінше құрметтеп, ілтипат көрсетіп: «Ей, Туфайл! Сен біздің қаламызға, арамызда бір адам пайда болғанда келдің. Оның сөздері бейне бір сиқыр сияқты. Біз мұның сені және тайпаластарыңды өзіміз сияқты бүлдіруінен қорқамыз. Сондықтан сен онымен мүлдем сөйлеспе және одан ештеңе тыңдама», – деп пысықтайды.

Туфайл: *«Аллаһпен ант етейін, олардың бұл сөздерін қайталай бергені соншалық, мен ол кісіден ештеңе тыңдамауға және онымен сөйлеспеуге бекіндім, тіпті таңертең Қағбаға барғанымда оның сөзін тыңдаудан қорқып, құлақтарыма мақта тығып алдым. Мешітке барсам, ол Қағбаның жанында намаз оқып тұр екен. Мен оған жақын маңға барып тұрдым және Аллаһ маған оның сөздерінің кейбірін естіртуді қалап, одан керемет сөздерді тыңдадым. Оның сөздерін тыңдағанымнан кейін өз-өзіме: «Анам менен айрылсын! Аллаһпен ант етейін, мен саналы, ақын адаммын, жақсыны жаманнан айыра аламын. Ендеше бұл адамның сөздерін тыңдауыма не кедергі бар? Егер оның сөздері жақсы болса, қабылдаймын, ал егер жаман болса, бас тартамын», – дедім. Сөйтіп сол жерде ол үйіне қайтқанша тұрдым да, үйіне қайтқан кезінде оның соңынан еріп отырдым. Ол үйіне барып кірді, мен оның алдына кіріп, оған өзім келген кездегі әңгімені, адамдардың мені өзінен қорқытқанын және құлақтарымды мақтамен бекітіп алсам да, оның сөздерінің кейбірін тыңдағанымды түгел баяндадым да: «Маған өзіңнің ісің жайлы айтып берші?» – дедім. Ол маған Ислам жайлы айтып берді және Құран аяттарын оқыды. Аллаһпен ант етейін, осы уақытқа дейін одан көркем, оншалықты ғажайып, одан тура сөздерді естіген емеспін. Содан мен Исламды қабылдап, Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқтығына және Мұхаммед пайғамбар Оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік бердім. Содан кейін оған: «Менің тайпаластарым маған бағынады, мен еліме оралғанымнан соң оларды Исламға шақырамын, сен Аллаһқа маған бір белгі беруін сұрап дұға етші», – дедім. Ол Аллаһқа осыны сұрап дұға етті»*, – дейді.

Туфайл ибн Амр еліне оралып, тайпаластарына жақындағанда, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Аллаһтан оған бір белгі беруін сұрап жасаған дұғасы қабыл болып, Аллаһ Туфайлдің жүзіне шамшырақтай жарық шашқан нұр беріп қойды. Туфайл ибн Амр: *«Уа, Аллаһ! Жүзіме емес, мен адамдардың: «Мұның түрі бұзылған», – деп айтуларынан қорқамын»*, – дейді. Сонда нұр оның қамшысына ауысады. Туфайл үйіне келген соң Исламға алдымен өзінің отбасы мүшелерін, әкесі мен әйелін шақырады және екеуі де Исламды қабылдайды. Бірақ оның тайпаластары Исламды қабылдауға асыға қойған жоқ, алайда Туфайл оларға Аллаһтың дінін

уағыздауын еш тоқтатпады. Ақыры ол тайпаластарынан жетпіс немесе сексен отбасымен Хандақ шайқасынан кейін Мәдинаға қоныс аударды. Туфайл Ислам үшін көркем сынақтарды басынан өткеріп, Ямама соғысында шәһид өліммен мерт болды.

5. Димад әл-Әзди.

Бірде Димад Меккеге келеді, ол әзд шәнуа тайпасынан еді. Ол жын соғуына қарсы дем салатын-ды. Меккелік ақымақтардың: «Расында Мұхаммедті жын соққан» деп айтып жүргендерін естіп: «Егер мен бұл кісіні көрсем, бәлкім Аллаһ менің қолыммен оған шипа берер», – дейді. Содан кейін ол Пайғамбарды (с.а.с.) жолықтырып: «Ей, Мұхаммед! Мен жынның соғуына қарсы дем саламын. Расында Аллаһ менің қолыммен Өзі қалаған адамға шипа береді. Саған ше?...» – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Иннәл-хамдә лилләһи нахмадуһу уә нәстаъинуһ(у). Мән йәһдиһиллаһу фәлә мудилла ләһ(у), уә мән йудлил фәлә һәдиә ләһ(у). Уә әшһәду әллә иләһә илләллаһу уахдәһу лә шәрикә ләһ(у). Уә әннә Мухаммадән абдуһу уә расулуһ(у). Әммә баъд... (Шын мәнінде мақтау Аллаһқа тән. Біз Оны мадақтаймыз және Одан жәрдем тілейміз. Аллаһтың тура жолға салғанын адастырушы жоқ, ал Оның адастырғанын тура жолға салушы жоқ. Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқтығына куәлік беремін. Ол жалғыз, Оның серігі жоқ. Сондай-ақ Мұхаммед – Оның құлы әрі елшісі*** (екеніне куәлік беремін)***. Енді...)»***, – дейді. Димам: «Маған осы сөздеріңді қайталашы», – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған бұл сөздерді үш рет қайталайды. Сонда Димам: «Расында мен сәуегейлердің сөздерін, сиқыршылардың сөздерін және ақындардың сөздерін естігенмін. Бірақ сенің мына сөздерің сияқтыны ешқашан естіген емеспін. Шынында бұл сөздер теңіздің түбіне жетті», – дейді. Содан кейін Димам: «Маған қолыңды бер, саған Исламды ұстануға адалдық антын берейін», – дейді. Сөйтіп ол Пайғамбарға (с.а.с.) ант береді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Бұл ант қауымың үшін де ме?»*** – деп сұрайды. Ол: *«Қауымым үшін де»,* – дейді. Содан бірде Аллаһ елшісі (с.а.с.) бір барлаушы жасақ аттандырады. Олар Димамның қауымының жанынан өтеді. Жасақ басшысы әскерге: *«Сендер бұлардан бір нәрсе алдыңдар ма?»* – деп сұрайды. Адамдардан бір кісі: *«Мен олардан жуынатын ыдыс алдым»,* – дейді. Сонда қолбасшы: *«Оны қайтарып беріңдер. Расында, бұлар – Димамның қауымы»,* – дейді[1].

Ясрибтіктердің Исламды қабылдаған алты игі жақсысы

Пайғамбарлықтың 11-жылының қажылық маусымы кезінде (миләди 620-жылы шілде айында) Ислам дағуаты ақыры өзінің бойын тіктеп, жасыл желегін жаятын дәндерді тапты. Бұл дәндерден көп ұзамай жайқалған зәулім ағаштар бой көтеріп, мұсылмандар оның саялы көлеңкелерінде

[1] Хадисті Муслим «Сахихындағы» (Жұма кітабында, «Намаз бен құтпаны жеңілдету» деп аталатын тарауда, 46, 868-хадистер) келтірген.

әділетсіздік пен дұшпандықтың ыстық желдерінен қорғанды. Осыдан кейін дін жолындағы өмірдің ағысы басқа арнаға ауысып, тарихтың сілемі өзгерді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) меккеліктердің Исламды жек көрсету мақсатында өзін жалғаншы деп өсек таратып, адамдарды Аллаһтың жолынан тосуда қолдарынан келгеннің барлығын жасап бағып отырғандықтан, дағуатына мүшріктерден ешкім кедергі болмауы үшін қажылыққа келген тайпа өкілдерін түн жамылып аралап, оларға Исламды уағыздайтын.

Сол түндердің бірінде ол жанына Әбу Бәкір мен Әлиді ертіп шығып, зуһал және шайбан ибн сағләбә тайпаларының адамдары тоқтаған орындарға келіп, оларға Ислам туралы әңгімеледі. Сол түні Әбу Бәкір мен зуһал тайпасынан бір адамның арасында сұрақ-жауап түрінде қызық әңгіме өрбіп, соңында шайбандықтар үміттенерліктей емеурін танытады. Бірақ олар Исламды қабылдаудан тартынып, асыға қоймады.

Содан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мина жазығында орналасқан Ақаба деген жерден өтіп бара жатқанында өзара сұқбаттасып тұрған адамдардың дауысын естіп, сол жаққа қарай беттейді де, солардың қасына барады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) жандарына барған кісілер ясрибтік хазраж тайпасының алты жас жігіті еді. Олар:

1) бәну нажжар руынан Асғад ибн Зурара;

2) Ибн Афра деп аталатын, бәну нажжар руының тумасы Ауф ибн Харис ибн Рифаға;

3) бәну зурайқ руынан Рафиғ ибн Мәлик ибн Ажлан;

4) бәну сәлима руынан Қутба ибн Амир ибн Худайда;

5) бәну харам ибн кағб руынан Ғұқба ибн Амир ибн Наби;

6) бәну ғұбайд ибн ғанм руынан Жәбир ибн Абдуллаһ ибн Риаб есімді кісілер болатын.

Осы кісілер Ясриб тұрғындарының бақыт жаршылары болды. Олар өздерінің одақтастары мәдиналық яһудилерден осы уақыттарда бір пайғамбар жіберілетіндігін естіп жүрген-ді. Яһудилер: «Ол пайғамбар таяу арада шығады, ал біз оған ереміз және сендерді ад пен ирам елдері сияқты қырып-жоямыз», – дейтін.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) әлгі жігіттердің жандарына келіп, олардан: ***«Сендер кімсіңдер?»*** – деп сұрады. Олар: «Біз хазраж тайпасынанбыз», – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Сендер яһудилердің одақтастарының бірісіңдер ме?»*** – деді. Олар: «Иә», – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Сендермен сөйлесейін деп едім, шамалы тізе бүгесіңдер ме?»*** – деді. Олар: «Жарайды», – деп, Пайғамбардың (с.а.с.) қасына жайғасты. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бұл жігіттерге Ислам діні мен оның дағуатының мәнін түсіндіріп, оларды Аллаһ тағалаға иман келтіруге шақырды және Құраннан аяттар оқып берді. Олар бір-біріне қарап: «Ей, адамдар! Білесіңдер ме, Аллаһпен ант етейік, бұл – яһудилер айтып, бізді қорқытқан пайғамбар. Олар сендердің алдарыңды орап кетпесін, қане, бұл кісінің шақыруына жауап беруге асығып, Исламды қабылдаңдар!» – десті.

Бұл Мәдина тұрғындарының ақылды, саналы азаматтары болатын. Оларды таяуда ғана болған, әлі жалыны басыла қоймаған тайпаралық соғыс қажытып, діңкелетіп тастаған-ды. Олар Пайғамбардың (с.а.с.) дағуаты өз араларында жиі туындайтын қақтығыстарға нүкте қояр деп үміттене: *«Негізінде, қазір біздің тайпамыз өзара дұшпандықта, қырқысуда өмір сүріп жатыр, бір-бірімен дәл осылай қырқысатын қауым жоқ болар. Қане, енді сен арқылы Аллаһ олардың басын қосса. Біз барып, оларды сенің дініңе шақырамыз және оларға өзіміз қабылдаған осы дінді қабылдауларын ұсынамыз. Егер Аллаһ сен арқылы олардың басын біріктірсе, біз үшін сенен құрметті адам болмайды»*, – деді.

Сөйтіп бұл жігіттер Мәдина қаласына өздерімен бірге Исламның аманатын арқалап келді және онда Аллаһ елшісі (с.а.с.) жайлы айтылмаған ансарлардың бірде-бір отбасы қалмады.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Айшаға үйленуі жайлы қысқаша шолу

Пайғамбарлықтың 11-жылы шәууәл айында Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккеде жан досы Әбу Бәкірдің қызы Айшаға үйленуге сөз байласып, Айша анамызмен һижраның 1-жылы шәууәл айында, Исламның жас отаны Мәдина қаласында шаңырақ көтерді.

Исра және миғраж оқиғасы[1]

Пайғамбарлық дағуаттың жетістігі мен қысымға түскен қарбалас сәті қатар жүріп жатқан әрі алыс бір көкжиектен үміт оты жылтырай бастаған тұста, исра және миғраж оқиғасы болды.

Бұл оқиғаның уақыты жайлы «миғраж түні Мәдинаға қоныс аударудан бір жыл бұрын, яғни пайғамбарлықтың 13-жылы, рабиғ әл-әууәл айында болды» деген пікір бар. Өйткені «Исра» сүресінің мазмұны бұл түннің мейлінше кейін болғандығын нұсқайды.

Хадис ғалымдары бұл оқиғаны егжей-тегжейлі риуаят еткен. Төменде соларды қысқаша баяндап өтеміз:

Ғалымдардың пікірінше, Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл түні Меккедегі қасиетті мешіттен Иерусалимдегі Бәйт әл-Мақдиске жеткізілген. Пайғамбарымыз (с.а.с.) ол жерге Бурақ[2] деп аталатын жануарға мініп, Жәбірейілмен (оған Аллаһтың сәлемі болсын) бірге барған. Бәйт әл-Мақдиске тоқтап, Бурақты мешіттің қақпасының шығыршығына байлаған және басқа пайғамбарларға имам болып намаз оқыған.

Сонан соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) сол түні Бәйт әл-Мақдистен ең төменгі аспанға көтеріліп, Жәбірейіл Пайғамбарымыз (с.а.с.) үшін аспан қақпасын ашуды сұраған және ол үшін аспан қақпасы ашылған. Сол орында Пайғамбарымыз (с.а.с.) адамзаттың атасы Адамды көріп, оған сәлем берген. Адам оған «қош келіпсің» айтып, сәлеміне жауап қайтарған және оның пайғамбарлығын мойындаған. Сондай-ақ Аллаһ Пайғамбарымызға (с.а.с.) Адамның оң жағынан шәһидтердің рухтарын, сол жағынан бақытсыздардың рухтарын көрсеткен.

Сонан соң Пайғамбарымызды (с.а.с.) екінші аспанға алып шығып, Жәбірейіл ол үшін қақпаны ашуды сұраған. Аллаһ елшісі (с.а.с.) сол жерде Яхия ибн Зәкәрия мен Иса ибн Мәриямді көрген. Оларға жолыққан және сәлем берген, олар оның сәлеміне жауап қайтарып, «қош келіпсің» айтқан және оның пайғамбарлығын мойындаған.

Содан кейін Пайғамбарымызды (с.а.с.) үшінші аспанға алып шыққан. Пайғамбарымыз (с.а.с.) ол жерде Юсуф пайғамбарды көріп, оған сәлем берген. Юсуф те оған сәлем беріп, «қош келіпсің» айтқан және оның пайғамбарлығын мойындаған.

Сонан соң Пайғамбарымызды (с.а.с.) төртінші аспанға алып шыққан. Пайғамбарымыз (с.а.с.) ол жерде Идрис пайғамбарды көріп, оған сәлем берген. Идрис оған «қош келіпсің» айтқан және оның пайғамбарлығын мойындаған.

---

[1] Пайғамбарымыздың (с.а.с.) түнде Меккеден Құдысқа саяхат жасауы «исра», ал сол жерден аспандарға көтерілуі «миғраж» деп аталады.

[2] Хадистерде Бурақтың ақ түсті, есектен биік, қашырдан аласа ұзын жануар екендігі, тұяғын көзі жетер жердің ең шегіне тастайтындығы айтылған.

Содан кейін Пайғамбарымызды (с.а.с.) бесінші аспанға алып шыққан. Аллаһ елшісі (с.а.с.) ол жерде Һарун ибн Имранды көріп, оған сәлем берген. Һарун пайғамбар оған «қош келіпсің» айтқан және оның пайғамбарлығын мойындаған.

Сонан соң Аллаһ елшісін (с.а.с.) алтыншы аспанға алып шыққан. Пайғамбарымыз (с.а.с.) ол жерде Мұса ибн Имранды жолықтырып, оған сәлем берген. Мұса пайғамбар да оған «қош келіпсің» айтқан және оның пайғамбарлығын мойындаған. Пайғамбарымыз (с.а.с.) жанынан өтіп бара жатқанда, Мұса жылаған. Одан: «Не үшін жылайсың?» – деп сұралғанда, ол: «Менен кейін жіберілген баланың үмбетінен жаннатқа кіретіндер менің үмбетімнен жаннатқа кіретіндерден көп болатындығы үшін жылаймын», – деп жауап берген.

Содан кейін Пайғамбарымызды (с.а.с.) жетінші аспанға алып шыққан. Аллаһ елшісі (с.а.с.) ол жерде Ибраһим пайғамбарды (оған Аллаһтың сәлемі болсын) жолықтырып, оған сәлем берген. Ибраһим оған «қош келіпсің» айтқан және оның пайғамбарлығын мойындаған.

Содан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) шегіне жететін орындағы Сидраға[1] дейін көтерілген. Сонан соң оған Бәйт әл-Мағмур[2] көрсетілген.

Содан кейін Пайғамбарымызды (с.а.с.) Ұлы Аллаһтың алдына алып барған. Раббысы пендесіне уахи еткенін уахи еткен және елу намазды міндеттеген. Сосын Пайғамбарымыз (с.а.с.) кері қайтып, Мұсаның жанынан өткенде, Мұса одан: «Раббың саған не бұйырды?» – деп сұраған. Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Елу намазды бұйырды», – деген. Мұса: «Негізінде, үмбетіңнің бұған шамасы келмейді. Раббыңа қайта барып, Одан үмбетің үшін жеңілдік сұра», – деген. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Жәбірейілге бұрылып, осы жайлы одан кеңес сұрағандай болған. Жәбірейіл «қаласаң, иә» дегенді нұсқаған. Сөйтіп Жәбірейіл оны алып көтеріліп, аса игі әрі бәрінен жоғары Ұлы Аллаһқа апарған. Аллаһ тағала одан он намазды алып тастаған. Сонан соң Пайғамбарымыз (с.а.с.) төмен түсіріліп, Мұсаның жанына келгенде, оған жағдайды баяндаған. Мұса тағы да: «Раббыңа қайта барып, одан жеңілдік сұра», – деген. Аллаһ елшісі (с.а.с.) осылай Мұса пайғамбар мен Аллаһ тағаланың ортасында Раббысы міндеттеген намазын бесеу еткенше жүрген. Мұса оған бұдан кейін де қайта барып, жеңілдік сұрауды бұйырған. Бірақ Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Мен Раббымнан ұялдым, енді мен разы боламын және бойсұнамын», – деген. Содан кейін бір жаршы: «Ақиқатында, парызымды бекіттім және пенделеріме жеңілдік жасадым», – деп дауыстаған.

---

[1] Жетінші аспандағы ағаш осылай аталады. Ибн Аббас және де басқа ғалымдардың айтуынша, бұл ағаш оған жеткенде періштелердің білімі аяқталатыны үшін осылай аталған.

[2] Мұнда көктегі Қағба туралы айтылған. Хадистерде ол үйге әр күні оған қайта айналып соқпайтын жетпіс мың періште кіретіндігі риуаят етілген.

Исра жайлы баяндаған кейбір риуаяттарда Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бала күніндегідей бұл ретте де Жәбірейіл кеудесін жарып, оны Зәмзәм суымен жуғаны және кеудесіне даналық пен иман құйғаны айтылған. Сондай-ақ Аллаһ елшісі (с.а.с.) осы сапары кезінде бірнеше оқиғалардың куәсі болған:

Жәбірейіл оған бір ыдыспен шарап және бір ыдыспен сүт ұсынғанда, Пайғамбарымыз (с.а.с.) сүтті таңдаған. Сонда Жәбірейіл: *«Сен фитраны* (яғни Исламды) *таңдадың. Егер де шарапты алғаныңда, үмбетің жолдан таяр еді»*, – деген.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) миғраж кезінде жаннатта екеуі көрініп жатқан, екеуі жасырын төрт өзенді көрген. Ол мұның не екендігін сұрағанда, Жәбірейіл: *«Жасырын жатқан екеуі – жаннаттағы екі өзен, ал көзге көрініп тұрған екеуі – Ніл мен Евфрат»*, – деп жауап берген. Сірә, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) миғражда Ніл мен Евфратты көруінің мәнісі көп ұзамай Исламның бұл өзендердің жағаларына тарайтындығын аңдатқан болса керек. Анығы Аллаһқа аян.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) миғражда тозақтың сақшысы Мәликті, оның еш күлмейтіндігін, жүзінде ешқандай жылылық, жайдарылық жоқтығын көрген. Және де жаннат пен тозақты көрген.

Жетімдердің дүниесін әділетсіздікпен жейтіндерді, олардың еріндері түйелердің еріндері сияқты екенін, олардың ауыздарына тас тәрізді от кесектері салынып, бұл кесектер олардың арттарынан шығатындығын көрген.

Өсім жеушілерді, олардың үлкен қарындары бар екенін, қарындарының үлкендігінен орындарынан қозғала алмайтындығын, тозаққа айдалып келе жатқан Перғауынның нөкерлерінің оларды таптап өтетіндігін көрген.

Зинақорларды, олардың алдарында семіз, жас ет, ал оның жанында арық, сасыған ет тұрғанын, сонда олардың семіз, жас еттен бас тартып, арық, сасыған етті жейтіндерін көрген.

Басқа еркектерден тапқан балаларын күйеулеріне таңатын әйелдерді, олардың емшектерінен асылып қойылғандығын көрген.

Пайғамбар (с.а.с.) жолда меккеліктердің қайтып келе жатқан керуенін көрген және олардың қашып кеткен түйелерінің қайда жүргендігін айтқан. Керуеншілер ұйықтап жатқанда беті жабық ыдыстағы суларын ішіп, ыдысты беті жабылған күйінде қалдырған. Бұл Аллаһ елшісінің (с.а.с.) исра түнінің ертеңіне айтқандарының растығына дәлел болды.

Ертесіне таңертең Аллаһ елшісі (с.а.с.) тайпаластарына Аллаһ тағала өзіне көрсеткен ұлы мұғжизалар туралы айтқан еді, бірақ олар Пайғамбарымызды (с.а.с.) бұрынғыдан да өтірікші санады, оны тіпті де бетер ренжітті және оған деген қысастықтары одан сайын арта түсті. Олар Аллаһ елшісінен (с.а.с.) Иерусалимдегі Ақса мешітін сипаттап беруін талап етті. Сол кезде Аллаһ тағала Ақса мешітін Пайғамбарының (с.а.с.) көз алдына келтіріп, Пайғамбарымыз (с.а.с.) мешітті көріп тұрып, оның сипаттарын айта бастады. Меккеліктер оның айтқандарының ешқайсысын

теріске шығара алмай қалды. Сонымен бірге Пайғамбарымыз (с.а.с.) оларға жолда сапардан қайтып келе жатқан меккелік сауда керуенін көргенін, оның қашан жететінін, керуеннен бұрын қашып кеткен бір түйелері келетіндігіне дейін айтып берді және айтқандары түгелімен құп рас шықты. Бірақ бұл олардың безінулерін одан әрі арттырып, әділетсіздер кәпірліктен өзге ештеңені қаламады.

«Аллаһ елшісі (с.а.с.) адамдарға осы оқиғаны әңгімелеп, олар сенбегенде, Әбу Бәкір бұған күмәнсіз сенгендігі үшін «Сыддық» (шыншыл) деген лақапқа ие болған» деген пікір бар.

Бұл түнгі сапардың мәнісін түсіндіретін қысқа да нұсқа, ең ұлы сөз – Аллаһ тағаланың: **«Оған кереметтеріміздің кейбірін көрсетуіміз үшін»**[1] деген аяты. Бұл – Аллаһ тағаланың пайғамбарларына қатысты үрдісі. Ол жалғыз Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) ғана емес, өзге де барлық пайғамбарларға да осындай кереметтерін көрсеткен. Бұған Құрандағы мына аяттар айқын дәлел болады. Аллаһ тағала: **«Сөйтіп Ибраһимге айқын сенушілерден болуы үшін аспандар мен жердің кереметтерін көрсеттік»**[2], – десе, Мұса пайғамбарға: **«Саған ең үлкен кереметтеріміздің кейбірін көрсетуіміз үшін»**[3], – деген және пайғамбарларына кереметтерін көрсетуінің мақсатын: **«айқын сенушілерден болуы үшін»** деп түсіндірген.

Пайғамбарлардың білімдері Аллаһтың кереметтерін көзбен көруге негізделген соң, олар шексіз, өлшемсіз сенімге ие болатын. Өйткені, әлдене жайлы хабар оны көзбен көргендей бола алмайды. Сондықтан да Аллаһтың кереметтерін көзбен көрген пайғамбарлар Раббыларының жолында өзгелер көтере алмайтын жүкті көтеретін, олардың алдында осы өмірдегі күштердің барлығы масаның қанатындай әлсіз көрініп, бастарына сан қилы қиын сынақтар мен ауыр азаптар түссе де мұны аса бір елеместен, мойымай көтеріп өткен.

Негізінде, бұл сапардың бөліктерінде жасырынған даналықтар мен құпия сырлар шариғаттың даналықтарына арналған кітаптарда зерттелуі керек. Сонда да болса, бұл орында осы берекелі сапардың бұлақтарынан жарып шығып, пайғамбарлық жолдың гүл бақтарына құйылатын көптеген даналықтардың қарапайым талдаудан туған бірнешеуін қысқаша түрде баяндап өтуді жөн көрдік:

«Исра» сүресімен танысқан оқырман сүреде Аллаһтың бұл түнгі сапар жайлы тек бір аятта ғана баяндағанын көреді. Ал одан кейін Аллаһ яһудилердің масқаралықтары мен күнә істерін баяндауға кіріскен және адамдарға Құранның ең тура жолға бастайтындығын ескерткен. Оқырман бұл екі аяттың арасында ешқандай байланыс жоқ деп ойлауы мүмкін, алайда, шын мәнінде бұл олай емес. Аллаһ тағала бұл тәсілмен түнгі сапардың Ақса мешітіне жасалуы таяуда яһудилердің адамзат қауымын

[1] «Исра» сүресі, 1-аят.
[2] «Әнғам» сүресі, 75-аят.
[3] «Таһа» сүресі, 23-аят.

басқару мансабынан түсірілуін аңғартатындығын меңзеген. Өйткені яһудилер бұл уақытта діни басшылық мансабын жалғастыруларына орын қалмайтындай көп күнәларға қол ұрған болатын. Сүреде Аллаһ тағала жақын арада діни басшылықты іс жүзінде елшісі Мұхаммедке (с.а.с.) өткізетінін және ол арқылы Ибраһим пайғамбардың дағуатының екі бірдей орталығын біріктіретіндігін нұсқады. Расында да, рухани басшылықтың бір үмбеттен екінші бір үмбетке, тарихы опасыздық пен қиянатқа, күнәкарлық пен дұшпандыққа толған үмбеттен игілігі мен жақсылықтары тасып төгілетін, пайғамбарлары ең тура жолға бастайтын Құранның уахиін алатын үмбетке ауысатын кезі келген-ді.

Бірақ, мұншалықты үлкен мансап, бүкіл адамзат қоғамының діни басшылығы өзі қуғын-сүргін көріп, тау үңгірлерін паналап жүрген кісінің қолына қалайша өтпек?! Бұл сұрақ тағы бір шындықтың бетін ашады. Дәлірек айтсақ, Ислам дағуатының бұл кезеңі соңына таяп, алда әуелгісінен мүлдем басқаша ағыстағы жаңа бір кезеңнің басталатындығын аңғартады. Осы сүренің кейбір аяттарының мазмұнында мүшріктерге ашық әрі қатаң ескерту жасалуының мәні осында. Аллаһ тағала: **«Біз қашан бір елді мекенді жоюды қаласақ, оның шалқып жүргендеріне әмір етіп, олар онда шектен шықты. Сөйтіп оған** (жазалау) **сөзі тиісті болып, оны түгелімен жойып жібердік. Біз Нұхтан кейін де қаншама ұрпақтарды жойдық. Раббың құлдарының күнәларын білуші, көруші ретінде жеткілікті»**[1], – деген.

Осы аяттардың қатарында бұл сүреде мұсылмандарға өркендеудің ережелері мен баптарын және исламдық қоғам құрылатын негіздерін түсіндіретін аяттар да бар. Бұл аяттар мұсылмандар өздеріне пана боларлық орын тапқандай, онда істерін жан-жақты шегелегендей, қоғамды ұстап тұрарлық берік жамағат құрғандай сыр шертеді. Ал бұл Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көп ұзамай өзіне пана болатын, діні тұғырланатын қауіпсіз, бейбіт орынды табатынын және сол орынның Ислам дағуатын әлемнің түкпір-түкпіріне тарататын орталыққа айналатындығын нұсқайды. Жақсылықты жаршылаған берекелі сапардағы құпия сырлардың бірі осы. Біздің тақырыбымызға байланысты болғандықтан мұны оқырманға айшықтай кеткіміз келді.

Осы және осыған ұқсас даналықтарды саралай отырып, «Исра түнінің мерзімі бірінші Ақаба антынан сәл бұрын немесе Ақабадағы екі анттың аралығында болған» деп есептейміз. Анығы Аллаһқа аян.

Бірінші Ақаба анты

Жоғарыда айтылғандай, пайғамбарлықтың 11-жылы қажылық маусымы кезінде Ясрибтің тұрғындарынан Исламды қабылдаған алты кісі Аллаһ елшісіне (с.а.с.) берген уәделері бойынша тайпаластарының арасында

[1] «Исра» сүресі, 16-17 аяттар.

Исламды уағыздай бастады. Осының нәтижесінде келесі жылғы қажылық маусымы кезінде пайғамбарлықтың 12-жылы, миләди жыл санауымен 621-жылы шілде айында Ясрибтен Меккеге он екі адам келді. Олардың бесеуін өткен жылы қажылыққа келіп, Аллаһ елшісімен (с.а.с.) сөйлескен жігіттер құрады. Бұл жолы маусымға келмеген былтырғылардың ішіндегі алтыншы кісі Жәбир ибн Абдуллаһ ибн Риаб еді. Аталмыш бестікпен бірге келген қалған жеті адамның аты-жөндерін төменде келтіреміз:

1. Муғаз ибн Харис, Ибн Афра (хазраж тайпасының бәну нажжар әулетінен);
2. Закуан ибн Абдулқайс (хазраж тайпасының бәну зурайқ әулетінен);
3. Ұбада ибн Самит (хазраж тайпасының бәну ғанм әулетінен);
4. Язид ибн Сағләбә (хазраж тайпасының бәну ғанм әулетінен);
5. Аббас ибн Ұбада ибн Надала (хазраж тайпасының бәну сәлим әулетінен);
6. Әбул-Һайсам ибн Тайһан (әус тайпасының бәну абдуләшһәл әулетінен);
7. Ғуайм ибн Сағида (әус тайпасының бәну амр ибн ауф әулетінен).

Бұл аттары аталған адамдардың соңғы екеуі ғана әус тайпасынан, ал қалғандарының барлығы хазраждықтар болатын. Олар Мина жазығындағы Ақаба деген жерде Аллаһ елшісімен (с.а.с.) жолығып, оған ант берді және анттарының мазмұны Мекке қолға алынған кезде түскен аяттағы әйелдердің ант беруінің мазмұнына сәйкес болды. Сондықтан да бұл ант «әйелдер анты» деп те аталады[1].

Әл-Бұхари Ақаба түніндегі өкілдердің бірі Ұбада ибн Самиттен риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға: ***«Келіңдер, маған Аллаһқа ештеңені серік етіп қоспауға, ұрлық істемеуге, зина жасамауға, балаларыңды өлтірмеуге[2], өз ойларыңнан шығарып жала жаппауға және шариғат құптаған қарсы келмеуге ант беріңдер. Сендерден кім сөзінде тұрса, оның сауабы Аллаһтың міндетінде, ал кім осы*** (күнәлардың) ***бірін істеп, бұл дүниеде ол үшін жазаланса,*** (осы жазасы) ***оған кәффарат***

---

[1] Мұнда **«Ей, Пайғамбар! Қашан саған иман келтірген әйелдер Аллаһқа еш нәрсені серік етіп қоспауға, ұрлық қылмауға, зина жасамауға, балаларын өлтірмеуге, қолдарының және аяқтарының арасынан шығарып жала жаппауға әрі жақсылықта саған қарсы келмеуге ант беруге келсе, олардың анттарын қабылда және олар үшін Аллаһтан кешірім тіле. Ақиқатында, Аллаһ – өте Кешірімді, ерекше Рақымды»** деген «Мумтахана» сүресінің 12-аяты туралы айтылған. Мұндай мазмұндағы анттың «әйелдердің анты» деп аталуының себебі: әйелдер барлық уақытта ер адамдар мен әйелдерге бірдей ортақ парыздарды орындауға ант беретін. Ал ер адамдарға жүктелетін міндеттер олардың жағдайлары мен дәрежелеріне қарай бір-бірінен ерекшеленетіндіктен, оларға белгілі бір ант беру шарттары тағайындалмаған болатын.

[2] Пайғамбардың (с.а.с.) балаларды өлтірмеуге тоқталуының себебі: сол кездерде арабтардың арасында қыз нәрестелерді тірідей көму және жоқшылықтан қорқып балаларды өлтіру кең тараған еді (қ.: «Фатх әл-Бәри»).

болады[1]. Ал кім олардың бірін істеп, сосын Аллаһ оны жасырса, оған қатысты Аллаһ Өзі шешім қабылдайды: қаласа – кешіреді, қаласа – жазалайды», – деген.

Ғұбада: *«Біз осыған қатысты оған ант бердік»,* – дейді[2].

Исламның елшісі Мәдина қаласында

Ақабада ясрибтіктердің антын алғаннан кейін, қажылық маусымы аяқталған соң, Аллаһ елшісі (с.а.с.) олармен бірге өзінің бір өкілін мұсылмандардың болашақ отанына жіберді. Ясрибке аттанған елшіге сол жердегі мұсылмандарға Исламның заңдарын үйрету, оларға дінді түсіндіру және әлі де көпқұдайшылдық сенімінде жүргендердің арасында Исламды тарату жүктелді. Мұндай жауапты елшілікке Пайғамбарымыз (с.а.с.) алғашқылардың қатарында иман келтірген сахабалардың арасынан бір жас жігітті – Мусғаб ибн Ғұмайр әл-Абдариді (Аллаһ оған разы болсын) таңдады.

Сүйсіндірерлік жетістік

Мусғаб ибн Ғұмайр Ясрибте Асғад ибн Зурараның үйіне тұрақтап, екеуі қала тұрғындарының арасында жас дінді жаюға жігерлене, бел шеше кірісті. Мәдинада Мусғаб «Құран үйретуші» деген атпен танылды.

Мусғабтың Исламды дағуат ету жолындағы ең тамаша жетістіктерінің бірі: бір күні Асғад ибн Зурара оны бәну абдуләшһәл және бәну зафар әулеттерінің қоныстарына апару үшін ертіп шығады. Олар жолай бәну зафар әулетіне тиесілі құрма бақтарының біріне кіріп, сондағы Марақ деп аталатын құдықтың басына келіп отырады, ал олардың жанына Исламды жаңадан қабылдаған мұсылмандар жиналады. Бұл кездері бәну абдуләшһәл әулетінің рубасылары Сағд ибн Муғаз бен Усәйд ибн Худайр әлі Исламды қабылдамаған болатын. Мұсылмандардың құрма бағында бас қосқандары жайлы естіген Сағд жолдасы Усәйдке: «Арамыздағы әлсіздерді ақымақ етуге келген әлгі екеуіне барып, оларды бұл әрекеттерінен тоқтат және қоныстарымызға келулеріне тыйым сал. Негізінде, Асғад ибн Зурара менің нағашы әпкемнің ұлы, әйтпесе мұны өзім-ақ жасар едім», – дейді.

Сағдтың айтақтауымен Усәйд найзасын алып, сол жаққа қарай беттейді. Анадайдан Усәйдтің қарасы көрінгеннен Асғад Мусғабқа: *«Бұл – өз руының басшысы, ол алдыңа келгенде Аллаһ үшін оның Исламды қабылдауына*

[1] Яғни, осы дүниеде алған жазасы арқылы істеген күнәсі кешіріледі.

[2] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» («Ансарларды жақсы көру – иманның белгісі» деп аталатын тарауда, 1/7, «Ансарлардың өкілдері» деген тарауда, 1/550, 551, Аллаһ тағаланың: **«Қашан саған иман келтірген әйелдер ант беруге келсе»** деген сөзінің түсіндірмесінде, 2/727 және «(Күнәлар үшін) жазалану – кәффарат» дейтін тарауда, 2/1003 келтірген.

барынша тырыс», – деп ескертеді. Мусғаб: *«Егер тізе бүксе, онымен әңгімелесемін»*, – дейді. Қастарына келген Усәйд оларды балағаттап, ұрсып: «Сендерді мұнда не әкелді, арамыздағы әлсіздердің басын қатырмақсыңдар ма? Жандарыңның барында бұл жерден қараларыңды батырыңдар!» – деп дүрсе қоя береді. Мусғаб оған: *«Отырып, айтқандарымызды тыңдасаң қайтеді, ұнаса қабылдарсың, ұнамаса сені ешкім зорламайды»*, – дейді. Усәйд: «Турасын айттың», – дейді де, найзасын жерге шаншып, тізе бүгеді, ал Мусғаб оған Ислам жайлы әңгімелейді және Құраннан аяттар оқып береді.

Кейіннен осы оқиғаны әңгімелеген Мусғаб: *«Аллаһпен ант етейін, ол тіл қатпастан бұрын-ақ бет-жүзінен Исламды қабылдайтынын аңғардық, оның жүзі нұрланып, балбұл жайнап: «Қандай көркем әрі әдемі сөздер! Бұл дінді қабылдағыларың келгенде, не істейсіңдер?» – деп сұрады»*, – деген.

Олар Усәйдке: *«Ғұсыл құйынасың және киіміңді тазалайсың. Сонан соң Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқтығына және Мұхаммед Оның елшісі әрі құлы екендігіне куәлік бересің. Ал одан кейін екі ракағат намаз оқисың»*, – дейді. Усәйд орнынан тұрып, ғұсыл құйынады, киімін тазалайды, Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқтығына, Мұхаммед Оның елшісі әрі құлы екендігіне куәлік береді және екі ракағат намаз оқиды. Содан кейін ол: *«Мені күтіп отырған бір адам бар, егер ол сендердің соңдарыңнан ерсе, тайпаластарының барлығы солай етеді, қазір оны сендерге жіберемін»*, – деп, Сағд ибн Муғазды меңзейді. Сөйтіп Усәйд найзасын алып, өздерінің мәжіліс үйінде тайпаластарының арасында отырған Сағдқа барады. Жолдасына әлдене болғанын сезген Сағд қасындағыларға: «Аллаһпен ант етейін, ол сендерден кеткендегіден басқа әлпетте келді», – дейді.

Усәйд мәжіліс орнына келгенде, Сағд одан: «Сен не істеп келдің?» – деп сұрайды. Ол: *«Мен әлгі екеуімен сөйлестім, Аллаһпен ант етейін, мен олардан оғаш ештеңе көрмедім. Діндерін уағыздауларына тыйым салған едім, олар: «Жарайды, қалауыңды орындаймыз», – деді. Және де мен бәну хариса руының адамдары Асғад ибн Зурараны өлтіруге шыққандарын естідім. Олар Асғадтың сенің нағашы әпкеңнің ұлы екендігін біледі екен, сонда да* (туысыңды өлтіріп) *саған қиянат жасамақшы»*, – дейді. Мұны естіген Сағд ашуға мініп, найзасын қолына алады да, Мусғаб пен Асғад отырған жаққа барады. Олардың аман-есен жайбарақат отырғандарын көріп, бұл Усәйдтің өзіне олардың сөзін тыңдаттыруды қалаған әрекеті екенін түсінеді. Сағд олардың қасына келіп, екеуін балағаттап, Асғад ибн Зурараға: «Ей, Әбу Умама! Аллаһпен ант етейін, егер де арамызда туыстық байланыс болмағанда, сенімен басқаша сөйлесер едім! Сен біздің қонысымызға ұнатпайтынымызды әкелуге қалай дәтің барады?!» – деп шүйілігеді.

Мұның алдында Асғад Мусғабқа: *«Аллаһпен ант етейін, саған тайпасы соңынан еретін көсем келе жатыр, егер ол сенің соңыңнан ерсе, оның руластарының барлығы солай етеді»*, – деп ескерткен болатын. Мусғаб Сағд ибн Муғазға: *«Отырып, айтқандарымызды тыңдасаң қайтеді, ұнаса қабылдарсың, ұнамаса сені жайыңа қалдырамыз»*, – дейді. Усәйд: «Турасын

айттың», – дейді де, найзасын жерге шаншып, тізе бүгеді, Мусғаб оған Ислам жайлы әңгімелейді және Құраннан аяттар оқып береді.

Кейіннен осы оқиғаны әңгімелеген Мусғаб: *«Аллаһпен ант етейін, ол тіл қатпастан бұрын-ақ бет-жүзінен Исламды қабылдайтынын аңғардық, оның жүзі нұрланып, балбұл жайнап: «Бұл дінді қабылдарда не істейсіңдер?» – деп сұрады»*, – деген.

Олар Сағдқа: *«Ғұсыл құйынасың және киіміңді тазалайсың. Сонан соң Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқтығына және Мұхаммед Оның елшісі әрі құлы екендігіне куәлік бересің. Ал одан кейін екі ракағат намаз оқисың»*, – дейді. Сағд орнынан тұрып, осылай жасайды.

Содан кейін ол найзасын алып, тайпаластарының мәжіліс үйіне келеді. Көсемдерін көрген олар бір-біріне: «Аллаһпен ант етейік, ол кеткендегісінен басқа әлпетпен оралды», – дейді.

Сағд тайпаластарының қастарына келіп, оларға: *«Уа, бәну абдуләшһәл! Араларыңдағы менің алар орным жайында не айтасыңдар?»* – дейді. Олар: «Сен біздің көсемімізсің, арамыздағы ең ойы дұрыс әрі ең қадірлі жансың», – дейді. Сағд: *«Онда сендер Аллаһқа және Оның елшісіне иман келтірмейінше, араларыңдағы ер-әйелдеріңмен сөйлесу маған харам!»* – дейді. Сол күні кешке дейін-ақ оның тайпаластарының барлығы ерлері мен әйелдерінің бірде-бірі қалмай Исламды қабылдады. Олардан Усайрим деген кісінің ғана дінді қабылдауы Ухуд шайқасына дейін кешеуілдеді. Ол дәл сол күні шайқас басталар алдында иман келтіріп, мұсылмандардың қатарында соғысқа қатысты және сол ұрыста Аллаһқа бірде-бір рет сәжде жасамаған күйі мерт болды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) ол туралы: ***«Аз амал жасап, көп сый алды»***, – деген.

Осылайша Мусғаб Асғад ибн Зурараның үйінде адамдарды Исламға уағыздап тұрып жатты. Нәтижесінде ансарлардың әрбір әулетінде иман келтірген мұсылман ер-әйелдер пайда болды. Олардан Исламды қабылдауға бәну умәййә ибн зәйд, хатама және уәил әулеттерінің адамдары ғана асыққан жоқ. Өйткені бұлардың араларында өздері құлақ асатын Қайс ибн Әсләт деген ақын кісі бар еді. Аталмыш әулеттер осы ақынға қарайлап, Исламды қабылдауларын һижраның 5-жылы Хандақ шайқасына дейін кешеуілдетті.

Мусғаб ибн Ғұмайр келесі қажылық маусымынан, яғни, пайғамбарлықтың 13-жылындағы қажылық уақытынан бұрын Меккеге оралды және құр алақан оралмай, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) Исламның табысының қуанышты хабарларын арқалай келді, оған Ясрибтегі тайпалардың жағдайын, олардағы жақсылықтың нышандарын әрі олардың қандай күшке, қандай тегеурінге ие екендігін баяндап берді.

Екінші Ақаба анты

Пайғамбарлықтың 13-жылы қажылық маусымында (миләди 622-жылы маусым айында) қажылық рәсімдерін орындау үшін Меккеге Ясрибтен

жетпістен астам мұсылман келді. Олар қажылыққа шыққан мүшрік тайпаластарымен бірге келген болатын. Ясрибтік мұсылмандар елдерінде жүргенінде немесе сапар барысында Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қамын жеп, бір-бірінен: *«Біз Аллаһ елшісін (с.а.с.) қашанға дейін қауіп-қатерде, қуылған халде Мекке тауларында сандалтып қоймақпыз»* деп сұрасқан-ды.

Олар Меккеге келгендерінен соң, Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірнеше рет құпия байланысып, онымен ташриқ күндерінің орта белінде Минадағы бірінші бағана орналасқан жердегі, тау жотасының жанындағы шатқалда, түн қараңғылыққа бата құпия түрде кездесуге уәделесті.

Пұтқа табынушылық пен Ислам күресіндегі оқиғалардың ағысын басқа арнаға бұрған осы бір тарихи маңызы зор оқиғаны ансарлардың басшыларының бірі Кағб ибн Мәлик әл-Ансари (Аллаһ оған разы болсын) былайша сипаттайды:

«Біз қажылық жасау үшін шықтық, Аллаһ елшісімен (с.а.с.) ташриқ күндерінің орта белінде Ақабада кездесуге уәделестік. Аллаһ елшісімен (с.а.с.) кездесуге уәделескен түн де болды. Біздің арамызда көсемдеріміздің әрі тайпамыздағы абыройлы кісілердің бірі Абдуллаһ ибн Амр ибн Харам деген кісі бар еді, соны өзімізбен бірге алып шықтық. Негізінде біз қасымыздағы мүшрік тайпаластарымыздан ісімізді жасыратынбыз. Біз Абдуллаһ ибн Амрмен сөйлесіп, оған: «Уа, Әбу Жәбир! Сен біздің көсемдеріміздің әрі тайпамыздағы абыройлы кісілердің бірісің, біз сені ертеңгі күні тозаққа отын болмауың үшін өзің ұстанып жүргеніңнен бас тартуыңды қалаймыз», – деп, оны Исламға шақырдық және оған өзіміздің Аллаһ елшісімен (с.а.с.) Ақабада кездесуге уәделескенімізді айттық. Ол Исламды қабылдады және бізбен бірге Ақабадағы антқа қатысты әрі антқа қатысқан басшылардың бірі болды.

Сол түні біз тайпаластарымызбен бірге өзіміз тоқтаған жерде ұйқыға жаттық. Түннің үштен бір бөлігі өткенде, Аллаһ елшісімен (с.а.с.) кездесу үшін орындарымыздан кекіліктерше байқатпай, жасырынып шығып, Ақабадағы шатқалға жиналдық. Біз жетпіс үш ер адам едік және қатарымызда екі әйел: мазин ибн нажжар әулетінен Умму Ғұмара Нусайба бинт Кағб пен сәлима әулетінен Умму Маниғ Әсмә бинт Амр болды.

Шатқалға жиналып, Аллаһ елшісін (с.а.с.) күтіп тұрдық. Ол бізге көкесі Аббас ибн Абдулмуттәлибпен бірге келді. Ол кезде көкесі әлі де тайпаластарының дінін ұстанатын. Бірақ ол бауырының ұлы үшін маңызды іске қатысуды және ол үшін сенімді болуды қалапты. Бірінші сөзді сол Аббас бастады».

Келіссөздердің басталуы және Аббастың оларға бұл жауапкершіліктің ауырлығын түсіндіруі

Барлығы жиналған соң, діни және әскери одақтастық құру туралы мәселелер талқыланды. Бірінші сөзді Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көкесі Аббас ибн Абдулмуттәлиб бастады. Ол сөзінде кездесуге келгендерге бұл

одақтастықтың бекітілуімен олардың иықтарына жүктелетін жауапкершіліктің ауыр боларын барынша ашық түсіндіре: «Уа, хазраждықтар! Біздің арамызда Мұхаммедтің алар орны өздеріңе белгілі. Біз оны өзіміз сияқты көзқарастағы тайпаластарымыздан қорғап бақтық. Ол тайпаластарының арасында құрметке ие, өз елінің ішінде қорғауға алынған. Шындығында, ол сендерге қосылудан өзгені қаламады. Егер сендер оны шақырғандарыңды орындай аламыз, оны қарсыласушыларынан қорғай аламыз деп санасаңдар, онда мойындарыңа алғанды орындаңдар. Ал егер оны қалаларыңа алып кеткеннен кейін жауларына ұстап береміз, жәрдемсіз қалдырамыз деп ойласаңдар, оны қазірден қалдырып кетіңдер, ол тайпаластарының арасында және елінің ішінде құрмет пен қорғанға ие», – деді.

Осы келіссөзге қатысқан ансарлардың бірі Кағб: *«Біз Аббасқа: «Біз сенің сөзіңді тыңдадық, енді сен сөйле, уа, Аллаһтың елшісі! Бізден өзің үшін және Раббың үшін қалағаныңды ал», – дедік»*, – дейді.

Кағбтың бұл сөзі олардың нақты шешімін, қайсарлығын, батылдығын, иманын әрі осы бір ұлы жауапкершілікті арқалауға және оның ауыр нәтижелерін көтеруге шын ықыластарымен дайын болғандықтарын айғақтайды.

Анттың тармақтары

Ақаба антына қандай тармақтар енгендігін имам Ахмад сахаба Жәбирден (Аллаһ оған разы болсын) таратып жеткізген. Онда Жәбир:

«Біз: «Уа, Аллаһтың елшісі! Біз саған не нәрсеге ант беруіміз керек?» – деп сұрағанымызда, ол:

«1) Белсенді кездеріңде де, енжар кездеріңде де (Аллаһқа және маған) ***құлақ асуға әрі бағынуға;***

2) қиыншылықта да, жеңілдікте де (Аллаһ жолында) ***қаражат жұмсауға;***

3) жақсылыққа бұйыруға және теріске шығарылғаннан қайтаруға;

4) айыптаушылардың айыптауларына мән бермей, Аллаһ үшін қызмет етуге;

5) сендерге барғанымда маған көмектесуге, өздеріңді және әйел-балаларыңды қорғайтындарыңнан мені де қорғауға (ант беріңдер)***, сонда*** (бұл үшін) ***сендерге жаннат болады»***, *– деді»*, – деген[1].

Ибн Исхақ жеткізген Кағбтің риуаятында аталмыш тармақтардың соңғы тармағы ғана келтірілген. Онда Кағб: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) сөз сөйлеп, Құран*

[1] Хадисті имам Ахмад «хасан» иснадпен (3/322), әл-Байһақи «әс-Сунән әл-кубра» кітабында (9/9) келтірген, ал әл-Хаким мен Ибн Хиббан оны «сахих» хадис санатына жатқызған. Ибн Исхақ осыған ұқсас хадисті Ғұбада ибн Саміттен жеткізген және онда ***«билік иелерімен билікке таласпауға»*** деген тағы бір қосымша тармақ келген.

оқыды, бізді Аллаһқа шақырды және Исламға үгіттеді. Сонан соң ол: ***«Мен сендерден әйелдерің мен балаларыңды қорғайтындарыңнан мені де қорғауларың үшін ант аламын»****, – деді. Сонда Бара ибн Мағрур оның қолынан ұстап: «Иә, сені ақиқатпен пайғамбар етіп жіберген* (Аллаһ)*пен ант етеміз, әлбетте біз өзіміз бен әйелдерімізді қорғайтынымыздан сені де қорғаймыз. Бізден ант ал, уа, Аллаһтың елшісі! Аллаһпен ант етейік, біз жауынгер, батыр халықпыз, бұл бізге ата-бабамыздан мұра болып қалған», – деді.*

Дәл осы кезде Әбул-Һайсам ибн Тайһан Бараның сөзін бөліп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Біз бен бір адамдардың (яғни, яһудилердің) *арасында байланыстар бар еді, енді оны үзуімізге тура келеді. Біз солай жасағаннан кейін, Аллаһ саған жеңіс берсе, бізді тастап, тайпаластарыңа қайтып кетпейсің бе?» – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) жымиып:* ***«Жоқ, тірі жүрсек те, қырылсақ та бірге боламыз, мен сендерденмін, ал сендер менікіндер, сендер шайқасқанмен мен де шайқасамын, сендер бейбітшілік сақтағандармен мен де бейбітшілік сақтаймын»****, – деп жауап берді», –* деген.

Анттың ауырлығын нақтылау

Анттың шарттарына байланысты келіссөздер аяқталып, барлығы ант беруге ниет білдірген соң, пайғамбарлықтың 11 және 12-жылының қажылық маусымында Исламды қабылдаған екі адам бірінен кейін бірі орындарынан тұрып, адамдарға бұл жауапкершіліктің ауырлығын нақтылап, ескертуге кірісті. Олардың бұл әрекеттері адамдар Пайғамбарға (с.а.с.) жағдайға қанығып барып ант берсін деген ойдан туған еді әрі олар адамдардың өздерін дін жолында құрбан етуге қаншалықты дайын екендіктеріне көз жеткізуді қалаған болатын.

Ибн Исхақ былай деп жазады:

«Адамдар Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ант бергелі жатқанда, Аббас ибн Ғұбада ибн Надала: *«Бұл кісіге не нәрсеге ант бергелі жатқандарыңды білесіңдер ме?»* – деп сұрады. Олар: *«Иә»*, – деді. Ол: *«Шындығында, сендер оған адамдардың барлығымен шайқасуға ант бергелі тұрсыңдар. Егер сендер мал-мүліктеріңнен айрылған және құрметтілерің өлтірілген жағдайда оны ұстап береміз деп ойласаңдар, онда қазірден* (қоя салыңдар). *Аллаһпен ант етейін, егер бұлай жасасаңдар, екі өмірде де қорлыққа ұшырайсыңдар. Ал егер оған өздерің шақырғанды мал-дүниелеріңнен айрылғандарыңа, құрметтілеріңнің өлтірілгеніне қарамай орындаймыз деп санасаңдар, осылай жасаңдар. Аллаһпен ант етейін, бұл екі өмірдің де игілігі»*, – деді.

Олар: *«Біз оны мал-дүниелеріміздің айрылатын болсақ та, құрметтілеріміз өлтірілетін болса да алып кетеміз. Егер біз уәдемізді орындасақ, есесіне бізге не беріледі, уа, Аллаһтың елшісі!»* – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Жаннат»****, – деді. Сонда олар: «Қолыңды жай»*, – деді. Пайғамбар (с.а.с.) қолын жайды да, олар ант берді».

Келесі бір риуаятта Жәбир: *«Біз Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ант беру үшін орнымыздан көтерілгенімізде, жетпіс мұсылманның арасындағы ең жасы кішісі Асғад ибн Зурара Пайғамбардың (с.а.с.) қолынан ұстап тұрып: «Тоқтай тұрыңдар, уа, Ясриб тұрғындары! Біз бұл кісінің Аллаһтың елшісі екендігін білмесек, оған жету үшін түйелеріміздің бауырын тепкілеп келмес едік. Бүгін оны өзімізбен алып кетуіміз өзге арабтармен қатынасты үзуге, араларыңдағы жақсы-жайсаңдардың өлтірілуіне, өздеріңнің қылышқа туралуларыңа апарады. Осыған шыдай алсаңдар, оны орындаңдар,* (бұлай жасасаңдар) *сыйларың Аллаһтың міндетінде, ал егер өздерің үшін қорықсаңдар, онда одан бас тартыңдар, бұлай етулерің Аллаһтың алдында ақталуларыңа уәждірек», – деді»*, – деген[1].

Анттың бекітілуі

Анттың тармақтары бекітіліп, қайта-қайта нақтыланған соң, қол алысу арқылы ант беру басталды. Жәбир Асғад ибн Зурараның адамдарға айтқанын жеткізген соң, сөзін әрі қарай жалғап: *«Адамдар: «Ей, Асғад! Бізден қолыңды тарт! Аллаһпен ант етейік, біз бұл анттан бас тартпаймыз және одан жалтармаймыз!» – деді»*, – деген.

Сол кезде Асғад тайпаластарының бұл жолда өздерін құрбан етуге әбден дайын екендіктерін түсініп, осыған көз жеткізді. Асғад Ясрибтің халқын Мусғаб ибн Ғұмайрмен бірге ақиқатқа шарлаған Исламның белді уағызшысы еді, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мүбәрак алақанын қысып, бірінші ант берген де сол болды.

Содан кейін ясрибтік мұсылмандар жаппай ант беруге кірісті. Жәбир: *«Біз Пайғамбарға (с.а.с.) бір-бірлеп барып, ол бізден ант алды және бізге мұның есесіне жаннатты уәде етті»*, – дейді[2].

Ал Ақаба антына қатысқан екі әйелдің антын Аллаһ елшісі (с.а.с.) қол алыспай, ауызша қабылдады. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.с.) ешқашан бөтен әйелмен қол алысқан емес[3].

Он екі басшы

Адамдар ант беріп болған соң, Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардың арасынан анттағы шарттардың орындалуын жауапкершілігіне алып, тайпаластарына баскөз болатын он екі басшыны таңдауды талап етіп: ***«Маған араларыңнан тайпаластарының ішіндегі жағдайды қадағалап жүретін он екі басшы***

[1] Хадисті имам Ахмад (3/322) және әл-Байһақи «әс-Сунән әл-кубра» кітабында (9/9) келтірген.

[2] Хабарды имам Ахмад «Муснадында» (3/322) келтірген.

[3] Муслимнің «Сахихындағы» (әйелдердің қалай ант бергені туралы тарауды, 2/131) қараңыз.

тағайындап беріңдер», – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) сұраған он екі басшыны адамдар дереу іріктеп береді.

Іріктеліп таңдалғандардың тоғызы хазраж тайпасынан, ал үшеуі әус тайпасынан болды. Төменде осы кісілердің аты-жөндері беріледі:

Хазраждық басшылар:

1. Асғад ибн Зурара ибн Адс;
2. Сағд ибн Рабиғ ибн Амр;
3. Абдуллаһ ибн Рауаха ибн Сағләбә;
4. Рафиғ ибн Мәлик ибн Ажлан;
5. Бара ибн Мағрур ибн Сахр;
6. Абдуллаһ ибн Амр ибн Харам;
7. Ғұбада ибн Самит ибн Қайс;
8. Сағд ибн Ғұбада ибн Дуләйм;
9. Мунзир ибн Амр ибн Хунайс.

Әустік басшылар:

1. Усәйд ибн Худайр ибн Саммақ;
2. Сағд ибн Хайсама ибн Харис;
3. Рифаға ибн Абдулмунзир ибн Зубәйр.

Аталмыш басшылар тағайындалғаннан кейін Пайғамбарымыз (с.а.с.) олардан жауапты басшы ретінде тағы бір рет жеке серт алды және оларға: ***«Сендер хауарилердің Мәриямның ұлы Исаға қамқор болғанындай өз тайпаластарыңның арасындағыға жауаптысыңдар, ал мен бүкіл мұсылмандарға жауаптымын»,*** – деді. Олар бірауыздан: *«Иә»,* – деді.

Шайтанның Пайғамбар (с.а.с.) мен ансарлардың арасындағы келісім жайлы біліп қалуы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен ансарлардың арасындағы келісім мәресіне жетіп, адамдар тарайын деп жатқан соңғы сәттердің бірінде бұл жерде болған жайтты шайтандардың бірі біліп қалады. Бірақ ол бұл хабарды құрайыштың басшыларына олар жиналған мұсылмандардың үстінен аңдаусызда, шатқалда тұрғандарында күтпеген жерден түсіп, ұстап алулары үшін жасырын жеткізіп үлгермеді де, бір төбеге көтеріліп, барлығы естітіндей дауыспен: «Ей, үйлердің тұрғындары! Мұхаммедті және оның жанындағы дінінен безгендерді ұстаңдар, олар сендермен соғысу үшін жиналды!» – деп айқайлайды.

Мұны естіген Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Бұл – Ақабаның шайтаны. Аллаһпен ант етейін, ей, Аллаһтың жауы, саған да бір қолым жетер әлі!»*** – дейді де, адамдарға өз тұрақтарына қайтуларын бұйырады.

Ансарлардың құрайыштарға соққы беруге дайын екендіктерін мәлімдеуі

Әлгі шайтанның жар салған дауысын естіген Аббас ибн Ғұбада ибн Надала сол мезетте Аллаһ елшісіне (с.а.с.): *«Сені ақиқатпен жіберген* (Аллаһ)*пен ант етейін, егер қаласаң, біз ертең-ақ Мина тұрғындарына қылыштарымызбен тап береміз!»* – дейді. Бұған Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Бізге мұндай бұйрық берілген жоқ, сондықтан сендер тұрақтарыңа оралыңдар»,*** – дейді. Осыдан соң олар тұрақтарына қайтып, таң атқанша ұйқыға жатты.

Құрайыштардың ясрибтік басшыларға түндегі келісімге қатысты қарсылықтарын айтып келуі

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ансарлармен келісім жасасқаны жайлы хабар құрайыштардың құлағына жеткенде, олардың арасында бұл жайт дүрбелең туғызып, жүректерін мазасыздық пен уайымға салды. Өйткені, олар мұндай келісімнің соңы, нәтижесі өздеріне және дүние-мүліктеріне қатысты неге апарып соғарын өте жақсы білді. Содан келесі күні таң ата салысымен меккеліктердің басшылары мен күнәкар дәукейлерінен құралған үлкен өкілдік топ бұл келісімге қатысты қатаң наразылықтарын білдірмек болып, ясрибтік қажылардың шатырларына келді. Олар ясрибтіктерге: «Ей, хазраждықтар қауымы! Бізге сендердің әлгі адамымызды ортамыздан алып кетулерің үшін және оған бізге қарсы соғысуға ант беруге келгендерің жайлы хабар жетті. Алайда, Аллаһпен ант етейік, біз үшін араб тайпаларының арасында сендермен соғысудан жеккөрінішті іс жоқ!» – деді.

Кездесу толық құпия түрде, адамдар қалың ұйқыға кеткенде болғандықтан, хазраждықтардың мүшріктері бұл келісім туралы ештеңе білмейтін еді. Олардың барлығы Аллаһпен ант-су ішіп: «Ондай ештеңе болған жоқ, біз бұдан бейхабармыз!» – деп ақталды. Сонан соң меккелік мүшріктер ясрибтік басшылардың бірі Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлулге барып жолықты. Ол да сенімді түрде: «Бұл өтірік, мұндай болған жоқ, менің тайпаластарым мұндайды мені құлағдар етпей ешқашан жасамайды, тіпті Ясрибте болсам да, тайпаластарым менімен ақылдаспастан бұлай жасамайды», – деді.

Ал мұсылмандар бір-біріне көз тастап, олардың сөздерін теріске де шығармай я растамай үнсіздік сақтауды жөн көрді.

Құрайыштар ясрибтік мүшріктердің сөздеріне сеніп, үйлеріне келген үміттері ақталмастан қайтты.

Құрайыштардың өздеріне жеткен хабардың растығын анықтауы және Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ант берген мұсылмандардың соңынан қууы

Ясрибтіктермен жолығысып келген меккелік басшылар өздеріне жеткен хабардың жалғандығына сеніп-ақ қалған еді, бірақ олар хабардың рас-өтірігін тексеруді тоқтатпастан, жіті зерттеп, ақыр соңында келісім жайында шыққан сөздің растығына, шынымен де келісім түзіліп, ант бекітілгеніне әбден көздері жетті. Бірақ бұл кезде қажылар елдеріне аттанып кеткен болатын. Сонда да құрайыштар аттарына асыға мініп, ясрибтіктердің соңдарынан қуып шықты. Арада біршама уақыт өтіп кеткендіктен, құрайыштар оларды жіберіп алды. Алайда қуғыншылар Сағд ибн Ғұбада мен Мунзир ибн Амрді көріп қалып, екеуінің соңынан қуады. Мунзир құрайыштардың қуғынынан құтылып кеткенімен, Сағд олардың қолдарына түсіп қалады. Қуғыншылар Сағдтің қолдарын ер-тоқымының жібімен желкесіне тартып байлап қояды және оны шашынан сүйреп отырып, Меккеге апарады. Меккеге жеткізілген Сағдті құрайыштардың қолдарынан Мутғим ибн Ади мен Харис ибн Харб ибн Умәййә арашалап құтқарып алады. Өйткені, Сағд олардың Мәдина аймағынан өтетін керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін. Сағдтен айрылып қалған ансарлар оның соңынан бармақ болып тұрғанда, оның өзі де келіп қалады. Осылайша аманаттың ауыр жүгін арқалаған ансарлардың нар жігіттерінің барлығы Мәдинаға аман-есен оралады.

Біз әңгімелеген Ақабадағы екінші ант «Ақабадағы үлкен ант» деген атпен белгілі. Бұл ант түрлі тайпалардағы иман келтірген жандардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен жақын тарту сезімдері және көмектесулері, сондай-ақ бір-біріне артқан сенімдері, батырлықтары әрі осы жолда бастарын құрбандыққа тігулері салтанат құрған ортада бекітілді. Ясрибтік мұсылмандардың Меккедегі әлсіз бауырларына жанашырлық сезімі оянды, оларға жәрдемге келді, діндестеріне қысым көрсетушілерге ашуланды және Аллаһ үшін көрмесе де жақсы көрген бауырларына деген сүйіспеншік сезімдері жүректерін кернеп жатты.

Бұл сезімдер күндер өте сөніп қалатын өткінші махаббаттың нәтижесінде тумаған, керісінше, бұл сүйіспеншіліктің негізі Аллаһқа және Оның елшісі мен кітабына деген сенімнен бастау алған-ды. Ал бұл сенім әділетсіздік пен дұшпандықтың ешбір күшінің алдында ғайып болмайды, оның ескен желі сенім мен амалда түрлі ғажайыптар тудырады. Осындай имандары арқылы мұсылмандар тарих парақтарында осы күнге дейін ешкім көрсете алмаған, бұдан кейін де ешкім көрсете алмайтын ерен ерліктерін қалдырды.

Алғашқы қоныс аударушылар

Екінші Ақаба антынан кейін, Ислам діні имансыздық пен надандық сапырылысқан шөл даланың қақ ортасынан хақ дағуаты қанат жаяр отанның негізін қалап, өз тарихындағы ең үлкен жетістікке, табысқа қол жеткізді де,

Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұсылмандарға Мәдина қаласына қоныс аударуға рұқсат етті.

Қоныс аударудың мәні жеке мүдделерден бас тарту, мал-мүліктерді құрбан ету және бас амандығы үшін ғана болған жоқ. Муһажирлер бұл сапарда біреулердің өздерін өлтіруі, тонауы әбден мүмкін екенін, кез-келгені сапардың басында немесе соңында өмірлерімен қош айтысуы ықтималдығын да жақсы түсінді. Өздерінің келешегі белгісіз бұлыңғыр болашаққа қадам жасайтындарын аңғарды және бұл қадамдарынан қандай мазасыздықтар мен нендей қайғылар туындайтынын, оның соңы немен бітерін білмеді.

Осының барлығын біле тұра мұсылмандар жаңа отандарына қоныс аудара бастады. Ал, мұсылмандардың бұл көшулерінен өздеріне қатер төнетінін сезген мүшріктер олардың қоныс аударуларына кедергі келтірумен болды. Төменде алғашқы қоныс аударушылардың Меккеден қалай шыққандықтарына біраз мысалдар келтіре кетеміз:

1. Алғашқы қоныс аударушылардың бірі Әбу Сәләмә (Аллаһ оған разы болсын) еді. Ибн Исхақтың сөзіне сүйенсек, Әбу Сәләмә Ақабадағы үлкен анттан бір жыл бұрын қоныс аударған. Ол Меккеден әйелі мен баласын бірге алып шықпақ болғанда, оған қайын жұрты: «Сен қалай шешсең де ерікті адамсың, біздің саған әміріміз жүрмейді, бірақ біздің қызымызды қайтпексің? Оны өзіңмен басқа елге әкетуіңе не үшін рұқсат етуіміз керек?» – деп, одан әйелін тартып алады. Құдаларының бұл ісіне ашуланған Әбу Сәләмәның туыстары: «Туысымыздан қыздарыңды тартып алған екенсіңдер, ендеше біз баланы шешесімен бірге қалдырмаймыз», – деп, екі жақ Әбу Сәләмәның кішкентай баласына таласып, оны әрлі-берлі тартқылап, қолын шығарып жібереді. Соңында бала әкесінің туыстарында қалады. Содан Әбу Сәләмә Мәдинаға жалғыз өзі аттанады. Ал күйеуі мен ұлынан айырылған Умму Сәләмә бір жылдай күніге ертемен әл-Абтах деп аталатын жазыққа шығып, отбасын аңсап сағынып, кешке дейін жылап отыратын. Оның бұл күйіне жаны ашыған бір туысы өзгелеріне: «Мына бейшараны жіберсеңдер қайтеді? Сендер оны күйеуі мен ұлынан айырдыңдар ғой», – деген соң, туыстары Умму Сәләмәға: «Қаласаң, күйеуіңе бара ғой», – деп рұқсаттарын береді. Содан Умму Сәләмә күйеуінің туыстарынан ұлын қайтарып алып, Мәдинаға қарай шамамен бес жүз шақырымдық сапарға шығады. Бірақ ол әт-Танғим деген жерге жеткенде, Осман ибн Талха ибн Әбу Талханы кездестіреді. Умму Сәләмәның жағдайына қанықкан Осман ибн Талха оны Мәдинаға дейін апарып салады. Олар Құбаға жеткенде, Осман ибн Талха: «Сенің күйеуің мына елді мекенде, оған Аллаһтың берекесімен кір», – дейді де, бұрылып, Меккеге қайтып кетеді.

2. Суһайб ибн Синан әр-Руми Аллаһ елшісінен (с.а.с.) кейін қоныс аударған. Ол Меккеден шыққысы келгенде, құрайыштың кәпірлері оған: «Сен бізге келгенде бейшара, кедей едің, біздің ортамызда жүріп мал-мүлкің көбейді және осындай дәрежеге жеттің, енді өзіңмен қоса байлығыңды да әкетпекпісің? Аллаһпен ант етейік, бұлай бола қоймас», – дейді. Суһайб

оларға: *«Айтыңдаршы, мал-мүлкімді сендерге берсем, мені жібересіңдер ме?»* – дейді. Олар: «Иә», – деп келісімдерін береді. Суһайб: *«Онда мен мал-мүлкімнің бәрін сендерге беремін»*, – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл туралы естігенде: ***«Суһайб ұтты, Суһайб ұтты!»*** – деген.

3. Омар ибн әл-Хаттаб, Аййаш ибн Әбу Рабиға және Һишам ибн Ас ибн Уәил үшеуі таңертең бір орында кездесіп, Мәдинаға қоныс аудармақ болып уәделеседі. Бірақ уәделі орынға Омар мен Аййаш келеді де, Һишам меккеліктердің қолына түсіп қалады.

Омар мен Аййаш Мәдинаға келіп, Құба жеріне аялдағанда, Әбу Жәһл мен Аййаштың бауыры Харис олардың соңынан келеді. Бұл үшеуі бір ананың балалары болатын. Екі бауыры Аййашқа: «Анаң сені көрмейінше шашына тарақ тигізбеуге және күн көзінен көлеңкеленбеуге нәзір етті», – дейді. Мұны естігенде Аййаштың анасына жаны ашып, аяп кетеді. Бірдеңеден секем алған Омар оған: *«Ей, Аййаш! Аллаһпен ант етейін, негізінде бұлар сені дініңнен кері қайтармақшы, бұлардан сақ болғын! Аллаһпен ант етейін, анаңды бит мазаласа, шашын тарайды, Меккенің ыстығы күшейсе, көлеңкеге де кіреді»*, – дейді. Бірақ Аййаш анасының антын орындау үшін ағаларымен бірге баруға бекінеді. Омар оған: *«Егер осылай деп шешсең, менің мына түйемді алып кет. Бұл – асыл тұқымды, үйретілген жуас түйе. Сен осының үстінен түспе, егер мыналардан бір секем алсаң, онымен қашып құтыл»*, – деп, астындағы түйесін береді.

Сөйтіп Аййаш Омардың түйесіне мініп, ағаларымен кері қарай Меккеге жол тартады. Жолдың біраз бөлігін артқа тастаған соң, Әбу Жәһл Аййашқа: «Ей, бауырымның ұлы! Аллаһпен ант етейін, мына бурамның жүрісі жайсыз болып кетті, мені түйеңе мінгестіріп аласың ба?» – дейді. Ойында ештеңе жоқ Аййаш қаннен-қаперсіз: *«Әрине»*, – дейді де, түйесін шөктіреді. Әбу Жәһл мен Харис те түйелерін шөктіреді және Аййаш түйеден түсіп, аяғы жерге тиісімен оған тап беріп, байлап тастайды. Содан оны Меккеге күндіз байлаулы күйінде әкеліп, масаттана: «Ей, Мекке тұрғындары! Біз мына ақымағымызға қалай жасасақ, сендер де өз ақымақтарыңа осылай жасаңдар», – дейді[1].

Жоғарыда келтірілген осы үш мысал мүшріктердің қоныс аударғысы келген мұсылманды білсе, оған қандай шара қолданғандықтарын көрсетеді.

---

[1] Һишам мен Аййаш меккелік кәпірлердің тұтқынында Аллаһ елшісі (с.а.с.) қоныс аударғанға дейін қалған. Мәдинаға барғанынан соң бір күні Пайғамбар (с.а.с.): ***«Мен үшін Аййаш пен Һишамды кім құтқарады?»*** – дейді. Уәлид ибн Уәлид: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Оларды сен үшін мен құтқарамын»*, – дейді де, Меккеге астыртын, жасырынып барады және Аййаш пен Һишамға тамақ апаратын әйелді аңдып, соңынан ілесе жүріп, мұсылман тұтқындардың қайда жатқандықтарын анықтайды. Екеуі төбесі жабылмаған бір үйге қамалған болатын. Кеш түсе Уәлид қабырғадан өрмелеп асып түсіп, тұтқындағылардың бұғауларын кесіп, сыртқа алып шығады және екеуін түйесіне мінгізіп, Мәдинаға алып келеді (қ.: Ибн Һишам (1/474-476)). Ал Омар (Аллаһ оған разы болсын) Мәдинаға жиырма сахабамен бірге келген (қ.: Сахих әл-Бұхари (1/558)).

Бірақ, ештеңеге қарамастан, жаңа отандарына асыққан мұсылмандар бірінен соң бірі топ-тобымен кетіп жатты. Ақабадағы үлкен анттан бері екі ай, бірнеше күн уақыт өткенде, Меккеде мүшріктер күшпен ұстап отырған кісілерден және Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бұйрығымен оған қарайлап отырған Әбу Бәкір мен Әлиден басқа ешбір мұсылман қалмады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) сапарға керек-жарағын әзірлеп, Меккеден шығуға Аллаһтың бұйрығын күтумен ғана жүрді. Әбу Бәкір де керек-жарағын әзірлеп, дайын отырды.

Имам әл-Бұхари жеткізген хадисте Айша анамыз:

«*Пайғамбар (с.а.с.) мұсылмандарға:* ***«Расында,*** (түсімде) ***маған қоныс аударатын жұрттарың көрсетілді,*** (ол жерде) ***құрмалар*** (өседі) ***және екі тастақты алқаптың ортасында*** (орналасқан)***»,*** *– деді. Ол – қой тасты екі алқап* (еді). *Осыдан кейін қоныс аударғандар Мәдинаға көшті. Ал* (бұрын) *Эфиопия жеріне қоныс аударғандардың көпшілігі Мәдинаға қайтты. Әбу Бәкір де Мәдинаға* (баруға) *дайындалды,* (бірақ) *Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған:* ***«Асықпа, расында, мен де*** (қоныс аударуыма) ***рұқсат етілуін үміт етіп жүрмін»****, – депті. Әбу Бәкір: «Ата-анам саған пида! Солай деп үміт етесің бе?!» – дейді. Пайғамбар (с.а.с.):* ***«Иә»****, – дейді. Сөйтіп Әбу Бәкір Аллаһ елшісіне (с.а.с.) серік болу үшін аялдап қалды және төрт ай бойы өзіндегі екі аруананы* (адамдар) *таяқпен ұрып түсіретін қараған жапырақтарымен жемдеді»,* – деген[1].

Құрайыштардың мәжіліс үйлеріне жиналулары

Мүшріктер Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сахабалары әйел-балалары мен мал-мүліктерін алып, әустіктер мен хазраждықтарға қосылу үшін кетіп бара жатқандарын көргенде, араларында дүрбелең туып, жүректері мазасыздық пен уайымға салынды. Оларды бұрын-соңды болмаған түрде мазасыздық жаулап, көз алдарында шын мәніндегі зор қатердің сұлбасы тұрды. Меккелік кәпірлер мұсылмандардың бұлайша қоныс аударулары өздерінің пұтқа табынушылық сенімдерін ғана емес, экономикалық жағдайларын да тас-талқан етіп, қиратындығын жақсы түсінді. Өйткені, олар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тұлғасы адамдардың жан-жүрегіне қалай ықпал ететіндігін әрі оның басшылық пен жетекшілікте де кемел жан екенін, сахабаларының бойындағы табандылықты, қайсарлықты және жолбасшылары үшін әрдайым өмірлерін құрбан етуге дайын тұратындықтарын білетін. Сондай-ақ меккелік мүшріктерге әус және хазраж тайпаларының күш-қуаты мен тегеуріні, олардың ішіндегі парасатты кісілердің бейбітшілік пен ізгілікті қалайтындары, бірін-бірі араларындағы өшпенділікті тастауға шақыратындары да мәлім еді. Өйткені әус пен хазраж ұзақ жылдар бойы

[1] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» («Пайғамбар (с.а.с.) мен оның сахабаларының қоныс аударуы» деп аталатын тарауда, 1/553) келтірген.

тайпаралық соғыстардан зардап шегіп, оның ащы дәмін татып келе жатқан тайпалар болатын.

Оған қоса меккеліктер үшін Мәдинаның стратегиялық орны, яғни, оның Йемен мен Шам өлкесін байланыстыратын, Қызыл теңіздің жағалауын бойлап өтетін сауда керуенінің жолында орналасқаны да айтпаса да түсінікті еді. Таифтіктер мен басқа қалалардың көпестерін есептемегеннің өзінде, бір меккеліктердің өздері жыл сайын осы жол арқылы Шам өлкесіне шамамен ширек миллион алтын динарға бағаланатын тауар тасымалдайтын. Мұншалықты үлкен айналымды сауданың жүруі осы сауда жолының қауіпсіздігіне байланысты екендігі, әрине, айдан анық.

Сондықтан да Ислам ордасының Ясрибке көшірілуі және оның тұрғындарымен жауласушылықта болу құрайыш мүшріктеріне үлкен қауіп төндірді. Мүшріктер өмірлеріне қауіп төндіретін мұндай қатердің аса үлкендігін сезіп, бұл қатердің бетін қайтарудың ең тиімді жолдарын қарастыра бастады және олар бұл қатердің басы Ислам дағуатының туын ұстаған Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) екендігін жақсы білді.

Сөйтіп Ақабадағы үлкен анттан шамамен екі жарым айдан кейін, пайғамбарлықтың 14-жылы сафар айының 26-шы жұлдызы күні (миләди 622-жылы 12-қыркүйекте) күндіздің алғашқы уақыттарында меккелік мүшріктер өздерінің мәжіліс үйіне осы үйдің тарихындағы ең маңызды кездесуге жиналды. Бұл кездесуге құрайыш тайпасындағы барлық рулардың өкілдері қатысты және жиналғандар Ислам дағуатының туын ұстаушы тұлғаның тез арада көзін жоятын әрі Исламның нұрын әлемнен біржолата өшіріп тастайтын кесімді бір шара талқылап, қарастырмақ болды.

Бұл мәжіліске қатысқан құрайыш әулеттерінің басты өкілдері мына кісілер еді:

1. Әбу Жәһл ибн Һишам (бәну махзум әулетінен);

2-4. Жубәйр ибн Мутғим, Туғайма ибн Ади, Харис ибн Амир (бәну нәуфәл ибн абдуманаф әулетінен);

5-7. Шәйбә ибн Рабиға мен Ұтба ибн Рабиға, Әбу Суфйан ибн Харб (бәну абдушәмс ибн абдуманаф әулетінен);

8. Надр ибн Харис (бәну абдуддар әулетінен);

9-11. Әбул-Бухтури ибн Һишам, Зәмға ибн Әсуәд, Хаким ибн Хизам (бәну әсәд ибн абдулғұзза әулетінен);

12-13. Нәбиһ ибн Хажжаж бен Мунбиһ ибн Хажжаж (бәну сәһм әулетінен);

14. Умәййә ибн Халаф (бәну жумах әулетінен).

Құрайыштар келісілген уақытта мәжіліс үйіне жиналғанда, оларды есік алдында үстіне қалың матадан киім киген, құрметті ақсақалдың кейпіндегі Ібіліс қарсы алады. Олар: «Сен кімсің, уа, қария!» – деп сұрайды. Ол: «Мен нәждтік қариямын, сендердің мұнда не мақсатпен жиналатындарыңды естіп, сендердің не айтатындарыңды тыңдамақ болып келдім әрі сендер менің кеңесімсіз, насихатымсыз қалмассыңдар деп үміттемін», – дейді. Олар:

«Жарайды, кіре бер», – деп, келісімдерін береді де, Ібіліс мүшріктермен бірге ішке кіреді.

Мәжілістегі пікірталастар және Аллаһ елшісін (с.а.с.) өлтіру жайындағы әділетсіз шешім

Адамдар түгел жиылып, мәжіліс басталған соң, әркім мәселені шешудің жолын, тәсілдерін айтып, түрлі ұсыныстарын ортаға тастады және талқылау ұзаққа созылды. Олардың арасындағы Әбул-Әсуәд: «Біз бұл адамды ортамыздан шығарып жібереміз және еліміздің аластаймыз. Қалаған жағына барып, қалаған жерінде тұрсын, бастысы біз өзіміздің жағдайымызды түзесек, ынтымағымызды бұрынғы қалпына келтірсек болды», – дейді. Әбул-Әсуәдтің бұл сөзіне нәждтік қария: «Жоқ! Аллаһпен ант етейін, бұл пікірмен келісуге мүлдем болмайды! Сендер оның сөздерінің көркем әрі шырын екенін, істерімен адамдардың жүректерін баурап алатындығын көрмеймісіңдер? Аллаһпен ант етейін, егер де бұлай ететін болсаңдар, қауіпсіз болмайсыңдар. Ол өзге бір араб тайпасына тұрақтап, бұл тайпаның адамдары өзіне ерген соң, оларды елдеріңе бастап келіп, сендерді аяққа салуы, содан кейін сендермен қалағанын істеуі мүмкін. Бұдан өзге шараны қарастырыңдар», – дейді.

Келесі кезекте Әбул-Бухтури сөз алып: «Оны темірмен құрсаулап байлаңдар және оны бір үйге қамап, сыртынан құлыптап тастаңдар. Сонан соң оған өзі сияқты бұрынғы өткен ақындардың – Зуһайр мен Набиғаның, олардан осындай өліммен ажал құшқандардың басына келгеннің келуін күтіңдер», – деп ұсыныс тастайды. Нәждтік қария мұны да жаратпай: «Жоқ! Аллаһпен ант етейін, сендерге бұл ой да тура келмейді. Аллаһпен ант етейін, оны өздерің айтқандай қамап тастасаңдар, оның жағдайы сырттағы жолдастарына жетеді де, олар көп күттірмей сендерге шабуылдап, оны қолдарыңнан тартып әкетеді. Сонан соң оның көмегімен мұсылмандардың қатары көбейіп, сендерден басым түседі. Бұл ой сендерге тура келмейді, басқа бірдеңе ойластырыңдар», – дейді.

Мәжіліс тасталған екі ұсынысты қабылдамай, кері қайтарған соң, күнәкарлық пен қастандыққа негізделген үшінші бір ұсыныс жасалды және меккелік күнәкарлардың үлкені Әбу Жәһл ибн Һишам тастаған бұл ұсыныспен мәжіліс мүшелерінің барлығы келісті. Әбу Жәһл: «Аллаһпен ант етейін, менде сендер әлі ойлап жетпеген бір ұсыныс бар», – дейді. Отырғандар: «Ол қандай ұсыныс, ей, Әбул-Хакам?» – деп сұрайды. Ол: «Менің ойлағаным, біз әр әулеттен мықты, текті, ортамызда беделі бар бір-бір жас жігіттен таңдап алып, әрқайсысының қолына бір-бірден өткір қылыш береміз. Содан соң бұл жігіттер оған барып, барлығы бірдей бір мезетте қылыш ұрып, өлтіреді. Сөйтіп біз одан құтыламыз. Жігіттер осылай жасаса, Мұхаммедтің қаны барлық әулетке шашылып, абдуманаф әулетінің адамдары тайпаластарының барлығына қарсы соғыса алмай қалады.

Сондықтан да олар бізден құн алуға келісіп, біз ол үшін оларға құн төлеумен құтыламыз», – дейді.

Сол кезде ғана нәждтік қария осы ұсынысты құптап: «Мына адамның айтқаны дұрыс, мен бұдан дұрыс шешім көріп тұрған жоқпын», – дейді. Сонымен бұл ұсынысқа мәжіліс үйіне келгендердің барлығы бірауыздан келіседі де, әр әулеттің өкілдері үйлеріне тарап, осы шешімді кешіктірмей, дереу орындауға бекінеді.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қоныс аударуы

Пайғамбарымызды (с.а.с.) өлтіру жайлы осындай әділетсіз шешім қабылданғаннан кейін, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) Жәбірейіл періште аса игі әрі бәрінен жоғары Раббысының уахиін алып түсіп, оған құрайыштардың ұйымдасқан тірліктерін және Аллаһтың оған Меккені тастап шығуға рұқсат бергенін хабарлайды. Жәбірейіл Пайғамбарымызға (с.а.с.) қоныс аударатын уақытын да белгілеп: *«Бүгін түнде әдеттегі ұйықтайтын төсегіңе түнеме»,* – деп ескертеді.

Сөйтіп Пайғамбарымыз (с.а.с.) күн қызып тұрған кезде, Меккеден қалай кететіндіктерін ақылдасып, келісіп алу үшін Әбу Бәкірге барды. Айша анамыз осы оқиғаны әңгімелеп:

«Бір күні тал түсте Әбу Бәкірдің үйінде отырғанымызда, біреу Әбу Бәкірге: «Міне, Аллаһ елшісі (с.а.с.) бетін көлегейлеп жасырып, әдетте ол бізге келмейтін уақытта (келе жатыр)*», – деді. Әбу Бәкір: «Ата-анам оған пида! Аллаһпен ант етейін, бұл уақытта оны* (бізге аса маңызды) *іс қана әкелуі* (мүмкін)*», – деді. Сосын Аллаһ елшісі (с.а.с.) келіп,* (кіруге) *рұқсат сұрады. Рұқсат алып ішке кірген соң Пайғамбар (с.а.с.) Әбу Бәкірге: **«Үйіңдегілерді шығара тұр»,** – деді. Әбу Бәкір: «Әкем саған пида, уа, Аллаһтың елшісі! Бұлар сенің адамдарың», – деді.* (Сонда Пайғамбар (с.а.с.))**:** ***«Мен кетуге рұқсат алдым»,*** *– деді. Әбу Бәкір: «Әкем саған пида, уа, Аллаһтың елшісі!* (Мен саған) *серік боламын ба?» – деп* (сұрады)*. Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Иә»,** – деді»,* – деп таратқан.

Қоныс аударудың жоспарын келісіп-пішіп алған соң, Аллаһ елшісі (с.а.с.) үйіне қайтып, түн қараңғылығының түсуін күтті.

Қаскөйлердің Аллаһ елшісінің (с.а.с.) үйін қоршауға алулары

Құрайыш мүшріктерінің үлкендері күндерін таңертең мәжіліс үйінде мақұлданған жоспарларын іске асырудың дайындығымен өткізді. Бұл үшін тайпа басшылары арасынан аты шулы он бір кісі іріктелді. Олар:

1. Әбу Жәһл ибн Һишам;
2. Хакам ибн Әбул-Ас;
3. Ұқба ибн Әбу Муғайт;
4. Надр ибн Харис;
5. Умәййә ибн Халаф;

6. Зәмға ибн Әсуәд;
7. Туғайма ибн Ади;
8. Әбу Ләһәб;
9. Убәй ибн Халаф;
10-11. Нәбиһ ибн Хажжаж және оның буыры Мунбиһ ибн Хажжаж.

Ибн Исхақ: «Түн қоюланған кезде осылар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) есігінің алдына жиналып, оны өлтіру үшін оның сыртқа шығуын аңдып тұрған», – деп жазған.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) әдеті түннің алғашқы бөлігінде ұйықтап, түн жарымынан немесе оның үштен екі бөлігі өткеннен кейін Қағбаға намаз оқу үшін шығатын.

Қаскөйлер өздерінің бұл жоспарларының нәтижелі болып, сәтті аяқталатындығына әбден сенімді еді. Тіпті Әбу Жәһл масаттана, кердең қаға тұрып, үй сыртында торуылда тұрған жолдастарына кекесінмен: «Мұхаммед сендерге егер оған ерсеңдер, арабтарға да, араб еместерге де патша боласыңдар, өлгендеріңнен кейін қайта тірілгендеріңде сендер үшін Иорданияның бақтары сияқты бау-бақшалар берілетіндігін айтады, ал егер оған ермесеңдер, өзінің сендерді өлтіретіндігін, өлгендеріңнен кейін қайта тірілгендеріңде сендер үшін өздерің ішінде жанатын от дайындалатындығын көкиді», – дейді.

Ақ жүректі пәк пайғамбарға қарсы ұйымдастырылған қара ниетті жоспарды жүзеге асырудың уәделі уақыты түн ортасынан ауғаннан кейін, Аллаһ елшісі (с.а.с.) үйінен шығар кезге белгіленген еді. Қаскөйлер түн баласы кірпік қақпастан сол мезеттің келуін тағатсыздана күтті. Алайда, Аллаһ істерінде барлығынан үстем, аспандар мен жердің билігі Оның қолында, Аллаһ қалағанын жасайды, Ол қорған болады, ал Одан ешкім ешкімді қорғай алмайды. Аллаһ тағала бұл қастандыққа қарсы Өз елшісіне (с.а.с.) «Әнфал» сүресінің 30-аятында айтқанындай шара қолданды: **«Сол кезде кәпірлер сені ұстау не өлтіру немесе** (Меккеден) **шығарып жіберу үшін айла-шарғы жасауда еді. Олар айла-шарғы жасайды, ал Аллаһ олардың айла-шарғысын өздеріне қайтарады. Аллаһ айла-шарғыны қайтарушылардың ең жақсысы».**

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өз үйін тастап шығуы

Құрайыштар ойларындағы қаскөйлік жоспарларын іске асыру үшін барынша ыждағаттылықпен дайындалғандарына қарамастан, сондай бір масқара жағдайда сәтсіздікке ұшырады. Мүшріктер қастандық жасамақ болған түні Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әли ибн Әбу Талибке (Аллаһ оған разы болсын): ***«Сен менің төсегіме жатып, мына хадрамауттық жасыл шапанымды жамылып ұйықта, ал олар саған ешқашан өзіңе ұнамайтын бірдеңе жасай алмайды»,*** – дейді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) әрдайым ұйықтағанында сол жасыл шапанын жамылып жататын. Сөйтіп Әли ибн

Әбу Талиб сол түні Аллаһ елшісінің (с.а.с.) орнында, оның төсегінде ұйықтады.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) үйінен шықты да, олардың араларынан өтіп бара жатып, жерден бір уыс топырақ алып, бастарына сеуіп кетті. Бұл кезде Аллаһ тағала олардың көздерін перделеп, Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) көрмейтін етіп қойды. Сондықтан да олар Аллаһ елшісін (с.а.с.) мүлдем көрмеді. Ал Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл кезде: **«Олардың алдарынан да тосық, арттарынан да тосық қойып, оларды жауып тастадық, сондықтан олар көрмейді»**[1] деген аятты оқып жүрді. Қаскөйлердің ішінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) басына топырақ сеппеген ешкім қалмады. Содан кейін Пайғамбар (с.а.с.) Әбу Бәкірдің үйіне барып, түн ішінде екеуі үйдегі кішкене есік арқылы сыртқа шығып, Йемен бағытындағы Сәур үңгіріне барып жасырынды.

Осы аралықта Аллаһ елшісінің (с.а.с.) үйін қоршап, межелі сәтті тағатсыздана күткен қаскөйлерге жоспарларының сәтсіздікке ұшырағандығы жайлы хабар жетеді. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) есігінің алдында торуылда тұрған мүшріктерді көрген бір кісі олардың жанына келіп: «Сендер нені күтіп тұрсыңдар?» – деп сұрайды. Олар: «Мұхаммедті», – деп жауап береді. Әлгі кісі: «Сендер сәтсіздікке ұшырадыңдар, Аллаһпен ант етейін, ол жаңа ғана сендердің жандарыңнан бастарыңа топырақ сеуіп өтті де, өзінің шаруасымен жүріп кетті», – дейді. Олар: «Аллаһпен ант етейік, біз оны көрмедік!» – деп таңданысып, бастарындағы топырақты қағуға кіріседі.

Есіктің саңылауынан сығалаған олар Әлиді көріп: «Аллаһпен ант етейік, бұл үстіне шапанын жамылып ұйықтап жатқан Мұхаммед қой!» – деп сенбестен, есіктен кетпей, таң атқанға дейін тосты. Таңертең Әли орнынан тұрғанда ғана аңдушылар сан соғып қалды. Мүшріктер Әлиден Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қайда екендігін сұрағанда, ол: *«Мен ол жайлы ештеңе білмеймін»,* – деді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен Әбу Бәкірдің үңгірге барып жасырынуы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) пайғамбарлықтың 14-жылы сафар айының 27-ші жұлдызында (миләди 622-жылы 12-сінен 13-қыркүйекке қараған түні) осындай жағдайда жылы үйін, туған қаласын, туған жерін тастап, түн ішінде үйінен шығып, өзінің ең сенімді әрі жолында мал-мүлкін аямайтын ең жанашыр досы Әбу Бәкірдің (Аллаһ оған разы болсын) үйіне келді. Сөйтіп екеуі Меккеден тезірек, таң атқанға дейін іздерін жасырып үлгеру үшін Әбу Бәкірдің үйінің артқы есігінен шықты.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) құрайыштар өздерінің Меккеден кетулерінен хабар алысымен сол мезетте-ақ куғынға және іздестіру шараларына бар күштерін салатындарын және олардың ә дегеннен Мәдинаның солтүстік бағыттағы

[1] «Йәсин» сүресі, 9-аят.

негізгі жолын аңдитындықтарын жақсы білді. Сондықтан ол Меккеден Мәдинаға апаратын солтүстік жолды емес, оған түгелдей қарама-қарсы, қаланың оңтүстігіндегі, Йемен бағытындағы жолмен кетті. Осы жолмен бес мильдей жүріп, Сәур деп аталатын тауға жетеді. Сәур жолы қолайсыз, төбесіне көтерілу қиын, тастары көп, биік тау еді. Тауға жеткенде Аллаһ елшісінің (с.а.с.) табандары қажалып кетеді. «Пайғамбардың (с.а.с.) аяғы қуғыншыларға із тастап айғақ қалдырмас үшін жол бойы табандарының шеттерін басып жүргендіктен қажалған» деген пікір де бар. Қалай болған күнде де, аяғын баса алмай қалған Аллаһ елшісін (с.а.с.) Әбу Бәкір тауға жеткенде, иығына арқалап көтеріп, қинала жүріп, тау шыңында орналасқан үңгірге алып барған. Бұл үңгір тарихта Сәур үңгірі деген атпен қалған.

Екі дос үңгір ішінде

Олар үңгірге жеткенде, Әбу Бәкір Аллаһ елшісіне (с.а.с.): *«Аллаһпен ант етейін, үңгірге алдымен мен кіріп көрмейінше, сен кірмейсің, егер онда зиянды бірдеңе болса, оның зияны саған емес, маған тисін»*, – дейді. Сөйтіп Әбу Бәкір үңгірге алдымен өзі кіріп, оның ішін тазартады. Үңгірдің шетінен бір тесік көреді де, изарынан жыртып алып, сол тесікті бекітеді және қалған тағы екі тесікті аяқтарымен тіреп жауып отырып, Пайғамбарға (с.а.с.): *«Кіре бер»*, – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) үңгірге кіріп, Әбу Бәкірдің тізесіне басын қойып, көз шырымын алады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) ұйықтап жатқанда Әбу Бәкірдің тесікті бекітіп тұрған аяғын сол індегі бір улы жәндік шағады. Сонда да Әбу Бәкір Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ұйқысы бөлініп кетпесін деп, жәндіктің шаққаны жанына батса да, тырп етпестен, дымын шығармай шыдап отырады және жаны қиналғаннан ышқына шыққан көз жасы Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бетіне тамып кетеді. ***«Саған не болды, ей, Әбу Бәкір?»*** – деп сұраған Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ол: *«Ата-анам саған пида! Мені бірдеңе шағып алды»*, – дейді. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.) досының аяғына түкіреді де, оның ауырғаны жазылып кетеді[1].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен Әбу Бәкір үңгірде үш түн, жұма, сенбі және жексенбі түндері жасырынып отырды. Олармен бірге үңгірде Әбу Бәкірдің ұлы Абдуллаһ та түнеп жүрді. Айша: *«Ол тапқыр да парасатты жігіт еді, түннің соңғы бөлігінде олардың қасынан шығып кететін де, таңды Меккеде түнеген сияқты құрайыштармен бірге қарсы алатын.* (Құрайыштардың Пайғамбар (с.а.с.) мен Әбу Бәкірге қарсы) *ойластырып жатқандарын есті қалса, оны қаперінде ұстап, қараңғылық түсе екеуіне соның хабарын алып баратын. Ал Әбу Бәкірдің азат еткен құлы Амир ибн*

[1] Ғалымдар Әбу Бәкірдің аяғының жазылуы Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мұғжизаларының бірі екенін, ал Пайғамбардың (с.а.с.) оның аяғына түкіруі осы мұғжизаның нақтылануы үшін жасалған қосымша әрекет қана екендігін айтқан («Тәнзиһ әл-әнбия», 133-бет). Ал мұғжизалар – Аллаһ тағала пайғамбарларына беретін, басқа адамдардың қолдарынан келмейтін, әдеттегіден тыс, керемет істер.

Фуһайра сауын қойларын сол маңайға жайып, түннің біраз уақыты өткен соң, (қойларын үңгірге) *айдап барып жүрді. Осылайша, екеуі саулықтарының жаңа сауылған ыстық сүтін* (ішіп) *түнейтін. Ал таң қылаң бере Амир ибн Фуһайра* (қойларын) *айдап кетіп отырды және ол үш түн бойы осылай етті»,* – деген[1].

Абдуллаһ ибн Әбу Бәкір Меккеге кеткенде, Амир ибн Фуһайра оның іздерін жасыру үшін қойларын Абдуллаһтың соңынан айдап жүретін.

Таң ата құрайыштар түнде Аллаһ елшісі (с.а.с.) өздерінен құтылып кетіп, қара ниетті жоспарларының іске аспай қалғанына көздері жеткенде, жынданып, долданып сала берді. Олар ең алдымен Әлиді соққыға жығып, Қағбаға сүйреп әкеліп, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен Әбу Бәкірдің қайда екендігін анықтаймыз ба деген оймен оны біраз уақыт ұстап отырады.

Қандай күш қолданса да, иектерінің астынан сытылып кеткен екеуінің хабары жайлы Әлиден ештеңе анықтай алмаған құрайыштар Әбу Бәкірдің үйіне келіп, есігін қағады. Оларға іштен Әбу Бәкірдің қызы Әсмә шығады. Олар Әсмәдан: «Әкең қайда?» – деп сұрайды. Әсмә: *«Аллаһпен ант етейін, әкемнің қайда екенін білмеймін»,* – дейді. Әсмәдан жауап алып тұрғандардың бірі Әбу Жәһл арсыз, дөрекі кісі еді. Ол Әсмәға қол көтеріп, шапалақпен жағынан салып қалғанда, Әсмәның құлағындағы сырғасы ұшып кеткен.

Содан соң құрайыштар дереу, шұғыл түрде жиналыс жасап, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен Әбу Бәкірдің ізін суытпай қолға түсіруге мүмкіндік беретін барлық шараларды қолдануға шешім қабылдады. Сөйтіп олар Меккеден шығатын барлық бағыттағы жол тораптарына бақылау орнатып, қарулы қатаң күзет қойды. Сондай-ақ, ол екеуінің кез-келгенін тірідей не өлідей ұстап әкелген адамға, кім болса да жүз түйе көлеміндегі үлкен сыйақы тағайындалып, бұл жайлы жан-жаққа жаршыланды[2].

Осыдан кейін екеуін іздеуге шындап кіріскен аттылы-жаяулар мен із кесушілер алыс-жақын маңдағы таулар мен жазықтарды, сай-салалар мен қыраттарды түгел сүзіп, әбден іздестіргенімен, олардың мұнысынан еш нәтиже шықпады.

Қуғыншылар тіпті Сәур тауындағы үңгірдің аузына дейін барды, дегенмен Аллаһ тағала әрдайым Өз қалауын жасайды.

Имам әл-Бұхари Әнәстан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хадисте Әбу Бәкір: «*«Пайғамбармен (с.а.с.) бірге үңгірде болғанымда, басымды көтеріп, адамдардың аяқтарын көрдім де: «Уа, Аллаһтың пайғамбары! Олардың біреуі төменге көз салса, бізді көреді», – дедім.* (Сонда Пайғамбар (с.а.с.)): ***«Тыныш, ей, Әбу Бәкір!*** (Біз мұнда) ***үшіншісі Аллаһ болған екеуміз!»*** *– деп айтты»,* – деген. Келесі бір риуаятта Аллаһ елшісінің

[1] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» (1/553-554) келтірген.
[2] Әл-Бұхаридің «Сахихын» (1/554) қараңыз.

(с.а.с.): ***«Ей, Әбу Бәкір! Сен үшіншісі Аллаһ болған екеу туралы не ойлайсың?»*** – дегені келтірілген[1].

Бұл Аллаһ тағаланың Өз пайғамбарының (с.а.с.) құрметіне берген мұғжизасы, кереметі еді, қуғыншылар Аллаһ елшісіне (с.а.с.) таяп келіп тұрып, санаулы ғана қадамдар қалғанда, арттарына бұрылып, қайтып кетті.

Мәдинаға сапар

Іздестіру жұмыстарының қарқыны саябырсып, қуғыншылар мен күзетшілердің әрекеттері тоқтап, үш күндік тоқтаусыз қызу қуғыншылықтан ешқандай нәтиже көрмеген құрайыштардың екпіндері басылған кезде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен оның жолдасы Мәдинаға жолға шығуға дайындалды.

Бұған дейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен Әбу Бәкір бәну дәйл руынан Абдуллаһ ибн Ұрайқит әл-Ләйси есімді жол жағдайын жақсы білетін, тәжірибелі бір жол бастаушы кісіні жалдап алған-ды. Ол құрайыш кәпірлерінің дінінде еді. Пайғамбар (с.а.с.) мен Әбу Бәкір бұл жолбасшыға сенім білдіріп, үш түннен кейін Сәур үңгіріне әкелу уәдесімен оған түйелерін тапсырған болатын. Ол үшінші түні, һижраның 1-жылы, рабиғ әл-әууәл айының алғашқы жұлдызында, дүйсенбінің түнінде (миләди 622-жылы 16-қыркүйекте) екеуіне түйелерін алып келеді. Сол кезде Әбу Бәкір Пайғамбарға (с.а.с.): *«Әкем саған пида, уа, Аллаһтың елшісі! Мына екі түйемнің бірін ал»*, – деп, олардың жақсысын ұсынғанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«***(Алайын, бірақ) ***құнына»***, – деген.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен жолдасы жолға қамданып жатқанда, оларға Әбу Бәкірдің қызы Әсмә (Аллаһ оған разы болсын) жолазықтарын әкеледі. Олар түйелеріне мініп, қозғала бергенде, Әсмә оларға арнап әзірлеген азығын түйеге байламақ болады, бірақ қапшықтағы азыққа бау жасауды ұмытып кеткендігі есіне түседі. Әсмә дереу белбеуін ағытып, оны екіге бөліп, бір бөлігін қапшыққа бау етеді де, екіншісін қайтадан белінe байлап алады. Сондықтан да Әсмә «Зәт ән-нитақайн» (қос белбеудің иесі) атанып кеткен[2].

Мұнан соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен Әбу Бәкір сапарға шықты. Амир ибн Фуһайра да олармен бірге аттанды. Жол бастаушы Абдуллаһ ибн Ұрайқит оларды теңіз жағалауындағы жолмен алып жүрді.

---

[1] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» (1/516, 558) келтірген. Әбу Бәкір із кесушілерді көргенде, өзі үшін емес, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жағдайына алаңдап қорыққан. Оның қорқынышының жалғыз себебі осы еді. Сондықтан да бір риуаятта оның: *«Егер мен өлтірілсем, мен бір ғана адаммын, ал егер сен өлтірілсең, бүкіл үмбет құриды»*, – дегені келтірілген. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.а.с.) оны: ***«Қайғырма! Ақиқатында, Аллаһ бізбен бірге»***, – деп жұбатқан (Шейх Абдуллаһ ән-Нәждидің «Мухтасар сира әр-расул» кітабын (168-бет) қараңыз).

[2] Әл-Бұхаридің «Сахихын» (1/533) қараңыз.

Үңгірді тастап шыққан соң, жолбастаушы олармен бірге Йеменге қарай оңтүстік бағытқа бойлап жүріп барды да, сонан соң жағалауға қарай батысқа бет алды. Олар адамдар көп жүре бермейтін жолға жеткенде, Қызыл теңіздің жағалауын маңайлап солтүстікке бұрылды да, жүргіншілер сирек жүретін жолға түсіп, Мәдинаға тартып кетті.

Төменде жол бойында орын алған кейбір оқиғаларды баяндап өтеміз:

1) Имам әл-Бұхари жеткізген хадисте Әбу Бәкір*: «Біз түні бойы және ертесіне тал түс болғанша, жолда* (жүргіншілер) *қалмай, одан ешкім өтпейтін болғанша жүрдік. Содан бізге көлеңкесі бар, күн* (сәулесі) *әлі түспеген биік жартас көрінді. Біз соған тоқтадық.* (Мен жартасқа келіп, көлеңкесінде) *Пайғамбар (с.а.с.) ұйықтайтын орынды қолыммен тегістедім. Содан кейін оған бөстек төсеп: «Ұйықтап ал, уа, Аллаһтың елшісі! Мен айналаңды шолып қайтайын», – дедім. Ол ұйықтады, ал мен айналаны шолуға шықтым. Қарасам, бір қойшы біз қалағанды қалап*[1]*, қойларын жартасқа қарай айдап келе жатыр екен.* (Мен онымен кездесіп)*: – «Сен кімнің* (қойшысысың)*, ей, бала?» – дедім. Ол: – «Мәдинаның* (немесе *Меккенің*) *тұрғындарынан бір кісінің* (қойшысымын)*», – деді. – «Қойларыңның сүті бар ма?» – деп* (сұрадым)*. – «Иә», – деді. – «Маған сауып бересің бе?» – дедім. Ол: – «Жарайды», – деп, бір саулықты ұстады. Мен оған: – «Желініндегі қыл мен шаңды және былғаныш нәрселерді қағып таста», – дедім. Сөйтіп ол* (маған өзіндегі) *ағаш тостаққа біраз сүт сауып берді. Менімен бірге Пайғамбардың (с.а.с.) ішуі және дәрет алуы үшін су алып жүрген шанаш бар еді. Сөйтіп мен Пайғамбарға (с.а.с.) келдім. Оны ұйқысынан оятуды қаламаған едім, бірақ оның оянған кезінде келіппін. Мен сүтке астыңғы жағы салқындағанша су құйып: «Уа, Аллаһтың елшісі! Мына сүттен ішіп ал», – дедім. Ол* (сүттен) *көңілім толғанша ішті. Содан кейін ол: **«Жолға шығатын уақыт болған жоқ па?»** – деді. Мен: «Иә», – дедім. Сөйтіп біз жолға шықтық»*, – деп әңгімелеген[2].

2) Әбу Бәкір (Аллаһ оған разы болсын) әдетте Аллаһ елшісінің (с.а.с.) соңынан еріп жүретін. Әбу Бәкір танымал қария кісі, ал Аллаһ елшісі (с.а.с.) көп адам тани бермейтін жасамыс кісі еді. Жол-жөнекей кездескен адамдар Әбу Бәкірге жолығып: «Сенің алдыңдағы мына адам кім?» – деп сұрайтын. Әбу Бәкір: *«Бұл кісі менің жол көрсетушім»*, – деп жауап беретін. Әбу Бәкірдің бұл жауабынан соң адамдар Пайғамбарымызды (с.а.с.) тура мағынасындағы кәдімгі жол көрсетуші деп түсінетін. Ал Әбу Бәкір игілік жолын көрсетуші деген мағынаны меңзейтін.

3. Жолда Сурақа ибн Мәлик Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен Әбу Бәкірдің соңына түседі. Сурақа: *«Бізге құрайыш кәпірлерінің жаушылары келіп, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен Әбу Бәкірді өлтірген не қолға түсірген* (адамға)

[1] Яғни, көлеңкелеуді қалап.

[2] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» (1/510) келтірген.

екеуінің әрбірі үшін диет құнын[1] *төлейтінін* (хабарлады). *Мен қауымым бәну мудлиждің мәжілістерінің бірінде отырғанымда, олардан бір кісі біздің алдымызға келіп: «Ей, Сурақа! Мен жаңа ғана жағалаудан бір адамдарды көрдім, олар Мұхаммед пен оның жолдастары ғой деп ойлаймын», – деді. Мен бұлардың солар екенін білдім,* (бірақ) *оған: «*(Сенің көргенің) *олар емес, сен пәленшені және пәленшені көргенсің, олар біздің көз алдымызда жолға шығып кетті», – дедім. Сосын мәжілісте біраз уақыт отырған соң, орнымнан тұрып кеттім,* (үйіме) *кіріп күңіме қырат артындағы атымды әкеліп,* (мінуіме әзір) *ұстап тұруын бұйырдым. Содан соң найзамды алған мен оның темір ұшын жерге сүйретіп, бойын төмен ұстап*[2] *артқы есіктен шықтым да, атыма барып міне сала құйғыта шаба жөнелдім. Оларға жақын қалғанда атым сүрініп кетті де, жерге құлап түстім. Сосын орнымнан тұрдым да, қорамсама қол салып жебе суырып, оларға зиян тигізе аламын ба, жоқ па деп бал аштым,* (бірақ) *қалаған балым шықпады. Әйтсе де, балға көңіл аудармай атқа отырдым да шаба жөнелдім. Тіпті Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алаңсыз Құран оқып* (бара) *жатқанын естідім, Әбу Бәкір болса жиі бұрылып қарайтын.* (Сол кезде) *атымның алдыңғы екі аяғы тізесіне дейін жерге кіріп кетті де, мен одан құлап түстім.* (Атыма) *жекіп едім, ол аяғын әрең дегенде суырып алып орнынан көтерілді. Ол кеудесін тіктеген кезде аяғының ізінен аспанға түтінге ұқсас шаң көтерілді. Мен* (қайтадан) *жебелермен бал аштым және қалаған балым шықпады. Сонда мен оларға тиіспейтінімді айтып дауыстадым, олар тоқтады. Мен атыма мініп оларға бардым. Оларды* (қолға түсіру әрекетімде) *кедергіге тап болғанымнан кейін көңіліме Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ісі қалайда жеңіп шығатыны орнап, мен оған: «Расында, қауымың сен үшін диет құнын белгілеп отыр», – деп, оларға адамдардың мақсаттарын хабарладым және жол азық пен* (керек) *заттар ұсындым.* (Бірақ) *олар менен ештеңе алмады да, сұрамады да. Тек* (Аллаһ елшісі (с.а.с.))***: «Біз туралы тіс жарма»****, – деді. Мен оның өзіме сенім хат жазып беруін өтіндім. Ол Амир ибн Фуһайраға бұйырып, ол бір жапырақ теріге жазып берді. Сосын Аллаһ елшісі (с.а.с.) жүріп кетті»*, – дейді.

Тағы бір риуаятта Әбу Бәкірдің: *«Біз жолға шыққанда, адамдар бізді іздестіріп жатқан болатын. Бірақ бізді Сурақа ибн Мәлик ибн Жүғшум ғана атымен құып жетті. Сурақаны көрген мен: «Мына құғыншы бізге жетіп қалды, уа, Аллаһтың елшісі!» – дедім. Пайғамбар (с.а.с.) еш саспастан:* ***«Қайғырма! Ақиқатында, Аллаһ бізбен бірге»****, – деді»*, – дегені келтірілген.

---

[1] Диет – өлтірілген адамның туыстарына құн ретінде төленетін жүз түйе немесе соған тең келер ақша.

[2] Сурақа бұл әрекетімен найза ұшының күнге шағылысып, көзге түсуінен сақтанған. Әйтпесе басқа адамдар да Пайғамбар (с.а.с.) мен Әбу Бәкірдің соңына түсіп, оның уәделі сыйақыдан қағылуы немесе оны біреулермен бөлісуіне тура келуі мүмкін еді.

Күндіздің басында Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен Әбу Бәкірді қолға түсіремін деп шыққан Сұрақа кешке қарай ол екеуіне күзетші болып қайтып, оларды іздеп шыққан адамдарды кездестірсе: *«Мен сендер үшін хабарды анықтап қойдым. Мен сендерге мұндағыға жеткілікті болдым»*[1], – дей жүріп, кімді кездестірсе де кері қайтарып алып кетеді.

4. Аллаһ елшісі (с.а.с.) осы сапарында Умму Мағбад әл-Хузағия деген әйелдің екі шатырының жанынан өтеді. Умму Мағбад шатырының алдында киімін жамылып отырып, өткен-кеткен жолаушыларға ас-су ұсынатын. Ол салиқалы, қайратты әйел болатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен Әбу Бәкір одан жүрек жалғар бірдеңе сұрағанда, ол қысылып: «Аллаһпен ант етейін, бізде бірдеңе болғанда, сендер қонақасынсыз қалмас едіңдер ғой, бірақ биыл құрғақшылық болғандықтан, қойларымыз алыстағы жайылымда», – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) шатырдың бұрышында жатқан қойды көріп: ***«Мынау неғылған қой, ей, Умму Мағбад?»*** – деп сұрайды. Умму Мағбад: «Бұл қой өріске шығатын қойларға еруге шамасы келмей қалып қойған», – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Оның сүті бар ма?»*** – деп сұрайды. Умму Мағбад: «Бұл қой көтерем, саууға жарамайды», – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Оны сауып көруіме рұқсат етесің бе?»*** – деп сұрайды. Әйел: «Әрине, ата-анам саған пида! Егер сүті бар деп ойласаң, сауып көр», – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) қолымен қойдың желінін сипап: ***«Бисмилләһ»,*** – дейді және Аллаһқа дұға етеді. Сол екен көтерем қой желініне сүт бітіп, талтайып, иіп қоя береді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бірнеше адамның тамағы сыятын үлкен ыдыс алдырып, ыдыстың бетін көбік жапқанша сүт сауады. Пайғамбар (с.а.с.) бұл сүттен алдымен Умму Мағбадқа, сонан соң жолдастарына қанып тойғандарынша ішкізеді де, содан кейін өзі ішеді. Қойды екінші қайтара сауып, ыдысты сүтке толтырып, әйелге береді де, өздері әрі қарай жүріп кетеді.

Көп ұзамай әбден арықтап, жадап-жүдеген, бұралаңдап, тірсегі тірсегіне соғылған ешкілерін өрістен айдап Умму Мағбадтың күйеуі келеді. Сүт толы ыдысты көріп таңғалған ол: «Мынау қайдан келген, қойларымыз алыстағы жайылымда, үйде сауын малы жоқ еді ғой!» – деп таңырқайды. Әйелі: «Жоқ! Аллаһпен ант етейін, бірақ әлгінде үйімізге берекелі бір кісі келді, ол осылай да осылай жасады», – деп, болған жағдайдың барлығын баяндап береді. Күйеуі: «Аллаһпен ант етейін, мен оны құрайыштардың іздеп жүрген тайпаласы деп ойлаймын. Маған оны сипаттап берші, ей, Умму Мағбад», – дейді. Умму Мағбад Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тамаша сипаттарын тыңдаған жан оны көріп тұрғандай, көркем сөздермен сипаттап береді. Әйелінің сөздерін тыңдаған Әбу Мағбад: *«Аллаһпен ант етейін, бұл – адамдар былай-былай деп айтып жүрген құрайыштардың тайпаласы ғой. Мен оған еруге бекіндім, егер бұған жол таба алсам, міндетті түрде осылай жасаймын»,* – дейді.

[1] Сұрақа бұл төңіректі түгел шолып шыққанымен, олар іздеген адамдарды кездестірмегенін меңзеген.

Соның ертесіне таңертең меккеліктер өлең шумақтарын дауыстап оқып, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен Әбу Бәкірдің Умму Мағбадтың шатырына тоқтағанын, Пайғамбардың (с.а.с.) оның қойын сауғанын және ол жерден игілікпен жүріп кеткенін, кешке оның күйеуі Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ерушісі болғанын, ал Пайғамбарға (с.а.с.) қарсы келу және оны отанынан қуу арқылы соншама жақсылықтан айрылған құрайыштардың ісі таңғаларлық екенін, т.б. мағыналарды жыр жолдарымен жеткізген біреудің даусын естіді, бірақ оның өзін ешкім көрмеді.

Әсмә бинт Әбу Бәкір: *«Біз Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қайда бет алғанынан бейхабар болатынбыз, кенеттен Меккенің төменгі жағынан бір жын пайда болып, осы бір өлең шумақтарын оқыды. Адамдар оның даусын ғана естіп, соңынан еріп жүрді, бірақ өзін көрмеді. Әлгі жын қаланың жоғарғы жағынан шығып кетті. Жынның оқыған өлеңінің мазмұнынан біз Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қай жаққа бет алғанын, оның беталысы Мәдина қаласы екенін білдік»*, – деген[1].

5. Аллаһ елшісі (с.а.с.) жолда Бурайда ибн Хасиб әл-Әсләми мен оның тайпаластарынан сексенге жуық отбасыны кездестіреді. Бурайда Аллаһ елшісімен (с.а.с.) сөйлесіп, Исламды қабылдайды және онымен бірге тайпаластары да иман келтіреді. Пайғамбар (с.а.с.) оларға имам болып құптан намазын оқиды. Бұдан кейін тайпаластарының арасында қалған Бурайда Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына Ухуд шайқасынан кейін келген.

Абдуллаһ ибн Бурайдадан риуаят етілген хабарда Пайғамбардың (с.а.с.) кейбір жайттарды жақсылыққа балайтын болғаны, бірақ ештеңені жамандыққа жорымағандығы айтылған. Бірде Бурайда руластары бәну сәһмнен жетпіс аттылымен бірге жолға шыққанда, Пайғамбарды (с.а.с.) жолықтырады. Пайғамбар (с.а.с.) одан: ***«Сен қай тайпадансың?»*** – деп сұрайды. Ол: «Әсләм тайпасынанмын», – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әбу Бәкірге: ***«Біз аман қалдық»***, – дейді[2]. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) Бурайдадан: ***«Қай әулеттенсің?»*** – деп сұрайды. Ол: «Сәһм әулетіненмін», – деп жауап береді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.) оған: ***«Сенің жебең шықты»***, – депті[3].

6. Аллаһ елшісі (с.а.с.) әл-Арж деп аталатын елді мекенде Әус (немесе Тәмим) ибн Хажар әл-Әсләмидің қасынан өтеді. Пайғамбар (с.а.с.) мен Әбу Бәкірдің бір түйелері болдырып, екеуі бір түйеге мінгесіп алған болатын. Әус оларға түйелерінің ішінен бір бура мінгізіп, Масғуд есімді қызметкерін екеуімен қосып жібереді. Жолға шығар кездерінде Әус қызметкеріне: «Сен бұлармен бірге жүр және бұларды тастап кетуші болма, өйткені сен

[1] Хадисті әл-Хаким жеткізген әрі оны «сахих» деп санаған, онымен әз-Зәһәби (3/9-10) және «Шарх әс-сунна» кітабында (13/264) әл-Бағауи де келіскен.

[2] «Әсләм» сөзі «аман, сау» деген мағынаны білдіреді.

[3] Яғни, сен ұттың. Исламға дейінгі кезеңде арабтар жебе суыру арқылы бақтарын сынайтын және ұтыс тігіп, құмар ойнайтын. Кейіннен бұлардың барлығына тыйым салынған.

жолдарды білесің», – деп тапсырады. Сөйтіп Масғуд жол бойы бірге жүріп, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен Әбу Бәкірді Мәдинаға алып келеді. Қалаға келген соң Пайғамбар (с.а.с.) Масғудты қожайынына қайтарады және оған Әуске түйелеріне ен салуы керектігін айтуды бұйырады. Әус ибн Хажар кейін де, меккелік мүшріктер Ухуд шайқасына келген кезде де, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) олардың келе жатқанын хабарлау үшін қызметкері Масғудты әл-Арждан Мәдинаға жаяу жіберген. Бұл жайлы Ибн Макула әт-Табариден нақыл еткен. Әус Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға барғаннан кейін Исламды қабылдаған және өзінің ауылы әл-Аржда тұрған.

7. Сондай-ақ, Аллаһ елшісі (с.а.с.) жолда Шам өлкесінен қайтып келе жатқан мұсылман көпестердің керуенінде Зубәйрді (Аллаһ оған разы болсын) жолықтырып, Зубәйр Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен Әбу Бәкірге ақ түсті киім сыйлаған[1].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Құба жеріне аялдауы

Пайғамбарлықтың 14-жылы (һижраның 1-жылы) рабиғ әл-әууәл айының 8-ші жұлдызында дүйсенбі күні (миләди 622-жылы 23-қыркүйекте) Аллаһ елшісі (с.а.с.) Құбаға келіп тоқтайды[2].

Ғұруа ибн Зубәйрдің хабарлауынша, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Меккеден шыққанын естіген Мәдинадағы мұсылмандар әр күні ерте таңда Харраға[3] шығып, түс әлетіндегі күннің ыстығы үйлеріне қайтуға мәжбүр еткенше, оны күтіп жүреді. Бір күні олар сарылып ұзақ күткеннен кейін артқа қайтып, үйлеріне тараған кезде, мұнараларының бірінен қарауыл қарап тұрған бір яһуди кісі сағым арасынан мұнартып, ақ киім киген Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен оның серіктерін көреді. Сонда яһуди өз-өзін ұстай алмай, қатты дауыстап: «Ей, арабтар қауымы! Міне, күтіп жүрген аталарың келе жатыр!» – дейді. Мұны естіген мұсылмандар қару-жарақтарын ала сала жапа-тармағай Аллаһ елшісін (с.а.с.) Харраның сыртында қарсы алады[4].

Дәл осы кезде бәну амр ибн ауф әулетінде адамдардың дабырлаған және «Аллаһ Ұлы!» деп тәкбір айтқан дауыстары естіліп жатты. Мұсылмандар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) келгеніне қуанып тәкбір айтты және оны қарсы алу үшін алдынан шықты. Олар Аллаһ елшісін (с.а.с.) құшақ жая қарсы алып, пайғамбарға лайықты түрде ыстық сәлемдерін арнады және оны қаумалап, айнала қоршап алды. Мәдиналықтармен қауышуымен Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жанын тыныштық баурап, оған Құранның: **«Ақиқатында, Аллаһ –**

[1] Бұл жайлы әл-Бұхари өзінің «Сахихында» (1/554) Ғұруа ибн Зубәйрден риуаят еткен.

[2] Бұл күні Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жасы тура елу үшке толған-ды.

[3] Харра – Мәдинаны қоршап жатқан тастақты жазық.

[4] Хабарды әл-Бұхари «Сахихында» (1/555) келтірген.

оның Қамқоршысы әрі Жәбірейіл мен иман келтіргендердің ізгілері және одан кейін періштелер де көмектесуші»[1] деген аяты түсірілді.

Ғұруа ибн Зубәйр: «Сонан соң (Пайғамбар (с.а.с.)) олармен бірге оңға бұрылып, амр ибн ауф әулетіне (келіп) аялдады. Бұл рабиғ әл-әууәл айының дүйсенбі күні еді. Сонда Әбу Бәкір адамдарды қарсы алып тұрады, Аллаһ елшісі (с.а.с.) болса үнсіз отырады, сондықтан Аллаһ елшісін (с.а.с.) бұрын көрмеген ансарлардың (ол араға) келгендері Әбу Бәкірге сәлемдесіп жатты. (Осылай тұрғанда) Аллаһ елшісіне (с.а.с.) күн түсіп, Әбу Бәкір келіп оны өзінің ридасымен қалқалайды, сол кезде ғана адамдар (қайсысы) Аллаһ елшісі (с.а.с.) екенін біліпті», – деген[2].

Аллаһ елшісін (с.а.с.) қарсы алуға қаланың барлық тұрғындары шықты. Бұл күн Мәдина қаласының тарихында бұрын-соңды болмаған салтанатты күн болды. Ал мәдиналық яһудилер бір кездерде Хабқуқ пайғамбардың: «Ақиқатында, Аллаһ әт-Тәйманнан[3] келді, ал Қасиетті Фаранның[4] тауларынан келеді»[5], – деп айтқанының шындығына куә болды.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Құбада Кулсум ибн Һадмнің үйіне тоқтаған. Ал Әли ибн Әбу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) Меккеде үш күнге қалып, Аллаһ елшісіндегі (с.а.с.) адамдардың сақтауға берген аманат заттарын иелеріне таратты. Сонан соң жаяу жолға шығып, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен Әбу Бәкірді Құбада қуып жетіп, ол да Кулсум ибн Һадмнің үйіне түсті.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Құбада төрт күн: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі және бейсенбі күндері аялдады. Сондай-ақ Аллаһ елшісі (с.а.с.) Құбада Исламдағы тақуалыққа негізделген алғашқы мешіттің іргетасын қалады және сонда намаз оқыды. Сонан соң Құбадағы жұмаға тура келген бесінші күні Аллаһтың бұйыруымен Пайғамбар (с.а.с.) түйесіне отырып, арқасына Әбу Бәкірді мінгестірді және нағашылары болып келетін нажжар әулетіне адам жіберді. Олар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына қылыштарын асынып келді. Содан соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға жол тартты. Жұма намазының уақыты кіргенде, Пайғамбарымыз (с.а.с.) бәну сәлим ибн ауф әулетінің қоныстарына жеткен болатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) жұма намазын жазықтың ішіндегі мешітте жалпы саны жүзге жуық адамға имам болып оқыды.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Мәдинаға кіруі

Жұма намазын оқыған соң Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдинаға келіп кірді және сол күннен бастап бұрынғы Ясриб Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қаласы – Мәдина болып аталды. Бұл тарихтағы ерекше күн болды. Мәдинаның үйлері

[1] «Тахрим» сүресі, 4-аят.
[2] Хабарды әл-Бұхари «Сахихында» (1/555) келтірген.
[3] Өзге бір хабарда «Синайдан» деп көрсетілген.
[4] Фаран – көне еврей тіліндегі Меккенің атауы (қ.: «Муъжам әл-булдан» (4/225)).
[5] «Таурат» (Хабқуқ пайғамбардың жазбасы, 3/3).

мен көшелері Аллаһқа мақтау айтқан, Оны дәріптеген дауыстармен жаңғырды, ал қуаныштары қойындарына сыймай шаттанған ансар қыздары:

«Нұрын төкті толған ай
асуларынан Уадағтың.
Тіліміз алғыс арнағай
шақырушысына Аллаһтың.
Жолданған бізге нұрлы арай
дініңе қарсы болмақ кім», – деген өлең шумақтарын ағытты.

Ансарлардың тұрмыс-тіршіліктері аса бір бай-бақуатты болмаса да, олардың әрбірі Аллаһ елшісін (с.а.с.) өз үйлеріне түсіруді қалады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардың қайсыбірінің ауласының тұсынан өтпесін, үй иесі оның түйесінің бұйдасына жармасып, оған қажеттінің барлығын әрі өз қорғанын ұсынумен болды. Бірақ Пайғамбар (с.а.с.) түйесін меңзеп ансарларға: ***«Оған жол беріңдер, өйткені оған қай жерге тоқтау керектігі бұйырылған»,*** – дейтін. Сөйтіп түйесі Пайғамбарымызды (с.а.с.) бүгіндегі Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мешіті орналасқан жерге алып барды. Түйе сол жерге барғанда тізерлеп шөкті, бірақ Аллаһ елшісі (с.а.с.) одан түспеді. Түйесі қайтадан орнынан көтерілді де, біраз ілгері жүріп, сонан соң кері бұрылып, артқа қайтып, тағы да алдыңғы орнына келіп шөкті. Бұл жер Пайғамбарымыздың (с.а.с.) нағашылары бәну нажжар әулетінің қонысында орналасқан еді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) нағашыларының қонысына түсіп, оларға құрмет көрсеткісі келген-ді, Рабысының қалауы оның қалауымен сәйкес келді. Адамдар Аллаһ елшісін (с.а.с.) үйлеріне түсуге шақыра бастады, ал Әбу Айюб әл-Ансари Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ер-тоқымына бәрінен бұрын барып, оны көтеріп үйіне кіргізіп қойды. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): ***«Адам ер-тоқымы қайда болса, сонда болуы керек»,*** – деп, Әбу Айюбтың үйіне түсті. Сол аралықта Асғад ибн Зурара барып, түйенің бұйдасынан ұстады да, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) түйесі соның үйінде күтімде болды.

Имам әл-Бұхари Әнәстан жеткізген хадисте Аллаһ елшісінің (с.а.с.): ***«Туыстарымыздың үйлерінен ең жақын орналасқаны қайсы?»*** – деп сұрағаны риуаят етілген. Әбу Айюб: *«Мен, уа, Аллаһтың елшісі! Міне, менің үйім, міне, есігім»*, – дейді. Пайғамбарымыз (с.а.с.): ***«Үйіңе барып, біздің тынығып алуымыз үшін жай дайында»,*** – деп тапсырады. Әбу Айюб: *«Аллаһтың берекесімен тұрыңдар»*, – деп ілтипат білдіріп, бәйек болады[1].

Бірнеше күннен соң Аллаһ елшісінің (с.а.с.) соңынан жұбайы Сәудә және қыздары Фатима мен Умму Кулсум, азат еткен құлының баласы Усама ибн Зәйд пен оның анасы Умму Айман келді. Оларды Әбу Бәкірдің отбасымен бірге Абдуллаһ ибн Әбу Бәкір әкелді, араларында Айша да болды. Бірақ Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қызы Зәйнәб күйеуі Әбул-Аспен қалып, Бәдір шайқасы өткеннен кейін ғана қоныс аударды.

[1] Әл-Бұхаридің «Сахихын» (1/556) қараңыз.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға келген кезде, Әбу Бәкір мен Білəл безгекпен ауырды. Әбу Бәкір безгегі ұстағанда:*

«Әрбір кісі үйінде таң атырар

Ал өлім аяқ киімнің бауынан да жақынырақ», – дейтін.

Ал Білəл безгегі бәсеңдегенде даусын көтеріп:

Білер ме едім! Өткізем бе түнді далада

Жұпар құрақ пен жəлил[1] арасында

Түсем бе бір күн Мəжəннə[2] суына

Ал Шама мен Тафил[3] көріне ме алдымда!» – дейтін.

(Пайғамбар (с.а.с.) болса): ***«Уа, Аллаһ! Бізді өз жеріміздеи оба жайлаған жерге қуған Шəйбə ибн Рабиғаны, Ұтба ибн Рабиғаны және Умəййə ибн Халафты лағынет ете гөр!»*** *– деді. Сосын Аллаһ елшісі (с.а.с.):* ***«Уа, Аллаһ! Бізге Мәдинаны Меккені сүйгеніміздей немесе одан да артық сүйікті ете гөр! Уа, Аллаһ! Бізге сағымыз бен мудділімізде[4] береке бер және оны[5] біз үшін сауықтыр, ал безгегін əл-Жухфаға көшір!»*** *– деді. Біз Мәдинаға келгенде, ол Аллаһтың ең оба көп тараған жері еді. Бутхан* (жазығынан) *сасық* (яғни, түсі өзгеріп, бұзылған) *су ағатын еді»*, – деген[6].

Міне, осылайша Пайғамбардың (с.а.с.) өмірі мен Ислам дағуатының Меккедегі белгілі бір кезеңі аяқталып, ол үшін жаңа қалада жаңа кезең басталды.

[1] «Жəлил» – хош иісті шөптің аты.

[2] «Мəжəннə» – Мекке маңындағы жер атауы.

[3] Шама және Тафил – тау аттары.

[4] Сағ пен мудд – көлем өлшемдері. Бұл жерде Пайғамбар (с.а.с.) көлем өлшемдері арқылы азық-түлікке береке сұраған.

[5] Яғни, Мәдинаны.

[6] Хадисті əл-Бұхари «Сахихында» (1/588-589) келтірген.

МӘДИНАДАҒЫ ӨМІР

Мәдинадағы уақытты тұтастай алғанда үш кезеңге бөлуге болады:

1. Түрлі толқулар мен бүліктер туған, ішкі қиындықтар бас көтерген, Исламның жаулары мұсылмандардың жас отанын түп-тамырымен жою мақсатында сырттан анталап, Мәдинаға шабуылдаған кезең. Бұл кезең һижраның 6-жылы зул-қағда айында Худайбия келісімі бекітілгенге дейін жалғасты.

2. Пұтқа табынушылардың басшыларымен бітімге келген кезең. Бұл кезең һижраның 8-жылы рамазан айында Меккені бағындырумен аяқталды. Осы кезеңде көрші елдердің патшалары Исламға шақырылды.

3. Адамдардың Аллаһтың дініне топ-тобымен кіріп, Мәдинаға түрлі араб тайпалары мен жекелеген адамдардың өкілдері келген кезең. Бұл кезең һижраның 11-жылы рабиғ әл-әууәл айында Аллаһ елшісі (с.а.с.) өмірден өткенге дейін жалғасты.

Қоныс аударып барған кездегі Мәдинаның ахуалы

Қоныс аударудың мәні бүліктер мен жәбір-жапалардан құтылу ғана емес-ті, сонымен қатар, оның астарында мұсылмандардың күш-қуатын қауіпсіз жерде жаңа қоғам құруға жұмылдыру жатқан болатын. Сондықтан да күш-қабілеті жететін әрбір мұсылманға қоныс аударып, осы жаңа отанның құрылуына үлес қосуы және оны нығайту мен жоғарылатуға бар қайрат-жігерін сарп етуі міндетті болды.

Осы қоғамның құрылуына Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзі тікелей рухани әрі саяси басшы болып, істердің тізгінін түгелімен қолында ұстады.

Аллаһ елшісіне (с.а.с.) Мәдинада бірінің жағдайы екіншісінен айқын ерекшеленетін үш топтың адамдарымен қатынас жасауға, әрбір топтың өкілдерімен өз алдына дербес мәселелерді шешуіне тура келді. Аталмыш үш топ мыналар еді:

1. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) таңдаулы әрі ізгі сахабалары (Аллаһ оларға разы болсын);

2. Мәдинаны мекендейтін түпкілікті тайпалардың ішіндегі әлі иман келтірмеген мүшріктер;

3. Яһудилер.

а) Мәдинаның төрінде Пайғамбардың (с.а.с.) сахабаларының ахуалы Меккедегі көндіккен жағдайларынан мүлдем басқаша болды. Меккеде оларды ортақ сөз, ортақ мақсаттар біріктіргенімен, олар жәбір көрген, төмендетілген, құғынға ұшыраған халде бастары қосылмай, әрқайсысы өз үйлерін паналап, шашыраңқы күн кешетін. Олар әлсіз жағдайда еді, қолдарында мүлдем билік болмады, бар билік олардың дін дұшпандарының қолында тұрды. Сондықтан да меккелік мұсылмандардың әлемдегі кез-келген қоғам айналып өте алмайтын қажетті шарттарға сай жаңа ислами

қоғам құруға мүмкіндіктері болмады. Құрандағы меккелік сүрелердің Ислам негіздерін және жекелеген адамдар орындай алатын шариғат заңдарын таратып түсіндірумен, игілікке, жақсылыққа, көркем мінез-құлық қасиеттеріне шақырумен әрі арсыз да төмен істерден аулақ болуға үндеумен ғана шектелуінің себебі – осы.

Ал Мәдинада алғашқы күннен бастап-ақ мұсылмандардың билігі өз қолдарында болды, адамдардың ешбірі олардың үстерінен билік жүргізбеді. Мұнда оларға өркендеу мен көркеюдің, тұрмыс-тіршілік пен экономиканың, саясат пен үкіметтің, бейбітшілік пен соғыстың мәселелерін шешетін, сондай-ақ халал мен харамның, ғибадат пен ахлақтың мәселелерін, бұған қоса өмірдің барлық мәселелерін түгелімен қайта қарастыратын сәт туды.

Енді оларға барлық қатынастарда жәһилият дәуіріндегі қоғамнан, тіпті, әлемдегі кез-келген қоғамнан ерекшеленетін жаңа ислами қоғамның мүшесі болатын күн туды. Бұл қоғам мұсылмандар он жыл бойы жолында түрлі жазалар мен азаптар көрген Ислам дағуатын жарыққа шығарушы болуы керек-ті.

Дәл осы сияқты кез-келген қоғамның құрылуы бір күн не бір ай немесе бір жылда бітпесі анық, керісінше, мұндай қоғамды құру ұзақ уақытты талап етіп, бұл уақыттың ішінде заңнамаларды орнату, сонымен бірге адамдарды бірте-бірте ақырындап түзету, дағдыландыру, тәрбиелеу керек болады. Заңнамаларды орнатуға Аллаһ кепіл болса, Оның елшісі (с.а.с.) осы заңнамаларды орындаушы, адамдарды осыған нұсқаушы және мұсылмандарды осы заңнамаларға сәйкес тәрбиелеуші міндетін атқарды. Аллаһ тағала: **«Ол оқу-жазуды білмейтіндердің арасына өздерінің ішінен елші жіберді. Ол оларға Оның аяттарын оқиды, оларды тазартады және оларға Кітап пен даналықты үйретеді»**[1]**,** – деген.

Ал сахабалар бұл заңдарға бағынуға жан-жүректерімен ұмтылатын, оның үкімдерін бұлжытпай орындайтын және бұған дән риза болатын. Олар Құранда сипатталғандай, Аллаһтың аяттары оқылғанда, имандары артатындар еді[2]. Бұл мәселелердің барлығын таратып баяндау біздің тақырыбымыздың аясына кірмейтіндіктен, бұлардың қажеттісіне ғана тоқталумен шектелеміз.

Бұл Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мұсылмандарға қатысты бетпе-бет келген ең үлкен мәселесі еді, кең ауқымда алғанда, Ислам дағуаты мен Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) елші етіп жіберілуінің мақсаты да осы болатын. Дегенмен, бұл бас көтерген жалғыз мәселе болған жоқ. Әрине, бұдан өзге де кешеуілдетпей шұғыл түрде шешуді қажет еткен кейбір мәселелер бар-ды.

Мәдинада мұсылмандар қауымы екі топқа бөлінетін:

Біріншісі: өз жерлерінде, өз үйлерінде тұратын, дүние-мүліктерінен айрылмаған мұсылмандар, яғни ансарлар; Оларды жаны тыныш адамды мазалайтын мәселелер ғана мазалайтын. Әйтсе де, ансарлардың арасында

[1] «Жұма» сүресі, 2-аят.

[2] «Әнфал» сүресінің 2-аятын қараңыз.

айтарлықтай үлкен алауыздық пен біраз уақыттан бері жалғасып келе жатқан ежелгі жауласушылық бар-ды.

Екіншісі: отандары мен үйлерінен босқан, мал-мүліктерінен айрылған, Мәдинаға бассауғалап келген муһажирлер. Олардың жаңа қалада паналайтын баспаналары, нәпақаларын тауып жейтін жұмыстары, тұрмыстіршіліктерін оңдайтын дүние-мүліктері де болмады. Аллаһқа және Оның елшісіне иман келтірген жанның әрбіріне қоныс аударуға рұқсат етілгендіктен, Мәдинада мұндай босқындардың саны аз болған жоқ, керісінше олар күн санап арта берді. Мәдина шаһары аса бір бай қала емес-ті. Сондықтан муһажирлердің келуі қаланың экономикалық жағдайын тұрақсыздыққа ұшыратты, оның үстіне осындай сын сәттерде Исламға қарсы күштер Мәдина қаласы үшін экономикалық қысымға ұқсайтын оқшаулау әрекеттерін ұйымдастырып жатты, нәтижесінде Мәдинаға тасымалданатын тауарлардың мөлшері кеміп, қала ішіндегі жағдай ауырлай түсті.

ә) Екінші топты жергілікті тайпалардың өкілдері болып табылатын мүшріктер құрады. Алайда мұсылмандарға олардың өктемдігі жүрмейтін. Олардың кейбіреулерінің көкейінде «ата-баба дінінен бас тартып, Исламды қабылдасам ба екен, жоқ па?» деген екіұдай сезім, күмән жатты, бірақ олар іштеріне Ислам мен мұсылмандарға қарсы қастандық, құйтырқылық бүккен жоқ, ал арада көп уақыт өтпестен бұл адамдар Исламды қабылдап, діндерін бір Аллаһқа арнады.

Сонымен қатар, бұл мүшріктердің арасында Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен мұсылмандарға жаны қас, оларға қарсы өршіген өшпенділіктері мен дұшпандықтарын ішіне бүккен адамдар да табылатын. Бірақ олар қарсылықтарын ашықтан-ашық көрсетуге шамалары келмегендіктен, жағдайға орай сырт көзге мұсылмандарға жасанды сүйіспеншілік танытуға, ықылас білдіруге мәжбүр болды. Бұл адамдардың басында Абдуллаһ ибн Убәй деген кісі тұрды. Буғас шайқасынан кейін әус және хазраж тайпалары бұл кісіні ортақ басшылары ретінде тағайындауға бірауыздан ұйғарған болатын, бұған дейін екі тайпаның бұл мәселеде ортақ шешімге келулері ауылы алыс шаруа еді. Олар тіпті оның басына тәж кигізу рәсімін өткізіп, өздеріне патша сайлау үшін патшаға арнап дайындалған тәждің асыл тастарын тізіп те қойған-ды. Осылай Абдуллаһ ибн Убәй мәдиналықтардың патшасы болудың алдында тұрғанда, кенеттен қалаларына Аллаһ елшісі (с.а.с.) келіп, адамдардың көбісі оны тастап, Пайғамбардың (с.а.с.) соңынан еріп кетті. Сондықтан Ибн Убәй пендешілік арам пиғылымен Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзінен патшалықты тартып алды деп ойлап, оған деген қас дұшпандығын ішіне бүгіп жүретін. Бірақ ендігі жағдайда мүшріктік сенімі өзі үшін тиімсіз екенін әрі бұл сенімінің кесірінен дүниелік пайдалардан айрылатындығын түсінген ол Бәдір шайқасынан кейін көп кешікпестен Исламды қабылдағанын жариялады, алайда жүрегі кәпір күйінде қала берді. Абдуллаһ ибн Убәй қашанда Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен мұсылмандарды

аяқтан шалатын сәтті таппай жүретін, ал ондай сәт туа қалса, оны қалт жібермей пайдаланатын. Ибн Убәйдің сыбайластары ол патша болған жағдайда билік тізгінін ұстаймыз деп дәмеленген мансаптарынан қағылған басшылар еді. Осы сыбайластары оның жымысқы жоспарларын жүзеге асыруына атсалысып, қолдау көрсетіп отырды. Олар кейде өз мақсаттарына кейбір жағдайлар мен олардың түпкі ниеттерін жіті айыра алмайтын мұсылмандарды да пайдаланатын.

б) Үшінші топ – яһудилер. Бұл яһудилердің ата-бабалары Хижаз жеріне ассириялықтар мен византиялықтардың қысымы кезінде қуғынға ұшырап, босып келген болатын. Олар нағыз еврейлер еді, бірақ Хижазға көшіп келгендерінен кейін оларға арабтардың сән үлгісі, тілі мен мәдениеті ықпал етіп, тайпаларының атаулары мен кісілерінің есімдері арабшаланып кетті. Тіпті олар арабтармен қыз алысып, қыз берісіп құда болып жатты. Дегенмен, мәдиналық яһудилер өздерінің ұлттық нәсілдерін сақтап, арабтарға біржола сіңісіп кеткен жоқ. Керісінше, олар өздерінің Исраил ұрпағынан, еврей ұлтынан екендіктерін мақтан тұтатын, ал арабтарды өздерінен мейлінше төмен санайтын. Тіпті олар арабтарды «сауатсыздар» деп атап, оларды жабайы, парықсыз, төмен әрі кейін қалған ұлт деп есептейтін. Өздеріне арабтардың дүние-мүліктерін қандай жолмен болса да иленуге рұқсат етіледі деп санап, олардың мал-дүниелерін кез-келген жолмен жеп қалуға тырысатын. Аллаһ тағала: **«Кітап иелерінің ішінде мол дүние сеніп тапсырсаң, оны өзіңе қайтаратындары бар. Сондай-ақ, олардың ішінде бір динар сеніп тапсырсаң да, қашан басында тұрып алмағаныңша, оны саған қайтармайтындары бар. Бұл олардың: «Сауатсыздарға қатысты бізге жол** (күнә) **жоқ», – деп айтқандары себепті. Олар біле тұрып Аллаһтың атынан өтірік айтады»**[1], – деген.

Яһудилер өз діндерінің кең тарауына аса құлықты да емес-ті, олардың діндерінің басты мәселелері оң ырымдарға сену, сиқырлық, дуалау, дем салу және т.с.с. істер болатын, осы арқылы олар өздерін білім мен артықшылыққа ие адамдар әрі рухани басшылар санайтын.

Яһудилер түрлі кәсіптермен мал табуға келгенде алдарына жан салмайтын. Дәнді дақылдардың, құрма, шараптың, киім-кешектің саудасы солардың қолдарында айналды. Олар Мәдинаға киім-кешек, дәнді дақылдар мен шарап түрлерін сырттан тасымалдап әкеліп сатып, өзге аймақтардың базарларына құрма алып баратын. Сондай-ақ, олар басқа да жұмыстармен айналысып, арабтардың үстінен орасан пайда көретін, олардың қалтасын қағатын.

Яһудилер мұнымен шектелмей, өсімге ақша берумен де айналысты. Олар арабтардың ақсақалдары мен тайпа басшыларына несиеге ақша беретін, ал араб көсемдері олардан қарызға алған ақшаларын ақындардың өздерін мақтап өлеңдер шығаруы, адамдардың арасында атағы жайылуы үшін

[1] «Әлі Имран» сүресі, 75-аят.

есепсіз, жөнсіз шашып, шығынданып жататын. Яһудилер қарызға батқан көсемдердің жер телімдері мен егіс алқаптарын, құрма бақтарын кепілдікте ұстап, біраз жылдардан кейін оны толығымен меншіктеп алатын.

Мәдиналық яһудилер сондай бір арам пиғылды, құйтырқылықтары көп, қисық қыңыр әрі бүлікші халық еді. Олар көршілес араб тайпаларының ортасына дұшпандық тастайтын, оларды өздері аңдамайтын айла-шарғы арқылы бір-біріне айдап салып, қанды қырғын еш тоқтамайтын, ал соғыс өрті енді семіп, басыла берсе, яһудилер оның отын қайтадан көсейтін. Араб тайпаларын осылай бір-біріне айдап салған яһудилер оларға не боларын үн-түнсіз пайлап, сырттан бақылап отыратын. Әрине, мүлдем әрекетсіз қалмастан, арабтар қаражаттан қиналып, соғысты тоқтатып қоймаулары үшін ара-арасында оларға үлкен өсіммен көп мөлшерде қарыз беретін. Осы арқылы яһудилер екі бірдей пайдаға ие болатын: өздерінің ұлттық болмысын сақтайтын және өсімқорлықты жандандырып, еселеп пайда көретін әрі мол байлыққа кенелетін.

Ясрибте яһудилердің белгілі үш тайпасы мекендейтін:

1. бәну қайнуқағ тайпасы; Қоныстары Мәдинаның ішінде орналасқан бұл тайпа хазраждықтардың одақтастары болатын.

2. бәну надир тайпасы;

3. бәну құрайза тайпасы. Соңғы екі тайпа аустіктердің одақтасы еді, олардың қоныстары Мәдина қаласының өңірлерінде орын тепкен болатын.

Бұл үш тайпа ежелден әус пен хазраж тайпаларының арасында соғыс өртін тұтатып отырды, ал Буғас шайқасында одақтастарымен бірге олардың өздері де ұрысқа араласты.

Әрине, яһудилердің Исламға жақсы көзбен қарауларына, оған жеккөрушілік пен өшпенділік көрсетпеулеріне үміт те етілмейтін. Өйткені олардың жан-жүректері мен ақыл-естерін түгел жаулап алған ұлтшылдықтарының уыты басыларлықтай, Аллаһ елшісі (с.а.с.) яһуди ұлтынан емес-ті. Оның үстіне, Ислам дағуаты бөлінушілікке түскен жүректерді біріктіретін, дұшпандық пен өшпенділіктің отын өшіретін, барлық жағдайларда аманатшылдықты ұстануға шақыратын және халал дүниелерден рұқсат етілгенді пайдаланумен шектелуге үндейтін ізгілік жаршысы болатын. Ендеше, ясрибтік араб тайпалары Исламды қабылдаса, бастары бірігіп, яһудилердің шеңгелінен құтылып, яһудилердің қызу саудасы жүрмей қалар еді және олар байлақтарының диірмен тасы айналып отырған өсімқорлық пайдаларынан айрылар еді. Тіпті араб тайпалары естерін жиып, яһудилер өсімқорлық арқылы меншіктеп алған дүниелерін есептеп, яһудилерге өсімдерін төлеу үшін берген жер телімдері мен құрма бақтарын қайтарып алуға әрекет жасаулары да мүмкін еді. Ислам дағуатының Ясрибке орныңуға талпынып жатқанын білгендерінен бері яһудилер осының барлығын есептеп, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға кіргеннен оған және Ислам дініне деген қас дұшпандықтарын іштеріне

бүкті. Бірақ олар бұл пиғылдарын сыртқа шығаруға кейіннен ғана батылдары жетті.

Яһудилердің Аллаһ елшісін (с.а.с.) қаншалықты жек көргендіктері Ибн Исхақ мүміндердің анасы, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) әйелдерінің бірі Сафия бинт Хаййайдан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хабарда анық көрінеді. Онда Сафия: *«Мен әкемнің әрі көкем Әбу Ясирдің ең сүйікті қызы едім. Қашан болсын өзге балаларымен бірге олардың алдынан шықсам, екеуі де басқа балаларын емес мені қолдарына алатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға келіп, Құбаға бәну амр ибн ауф әулетіне түскенде, әкем Хаййай ибн Ахтаб пен көкем Әбу Ясир ибн Ахтаб оған бару үшін ертемен таң қараңғылығында шықты. Содан олар күн батқанда бір-ақ оралды. Екеуі шаршап, енжар тартып, еңселері түсіп, сылбырай жүріп келді. Сонда мен көкем Әбу Ясирдің әкемнен: «Бұл сол* (пайғамбар) *ма?» – деп сұрап жатқанын естідім. Әкем: «Иә, Аллаһпен ант етейін!» – деді. – «Оны танисың ба, оның* (пайғамбар екендігін) *нақты айта аласың ба?» – деп сұрады. – «Иә», – деді. – «Енді оған қатысты ойыңда не бар?» – деп сұрақ қойды. Бұған әкем: «Аллаһпен ант етейін, тірі тұрғанымда, онымен жауласып өтемін», – деп жауап берді»*, – деген.

Яһудилердің ірі ғалымдарының бірі Абдуллаһ ибн Сәләмнің Исламды қабылдауы жайлы имам әл-Бұхари жеткізген хабар да осыны айғақтайды. Онда Әнәс сахаба (Аллаһ оған разы болсын): *«Абдуллаһ ибн Сәләмға* (Аллаһ оған разы болсын) *Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Мәдинаға келген* (хабары) *жеткенде, ол* (Пайғамбарға (с.а.с.)) *келіп: «Мен сенен тек пайғамбар ғана білетін үш* (нәрсе) *туралы сұраймын: Қияметтің алғашқы белгісі не, жаннаттықтардың ең бірінші жейтін тағамы не, сондай-ақ не себепті перзент әкесіне тартып* (туылады) *және не себепті нағашыларына тартады?» – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.):* ***«Жәбірейіл бұл туралы маған қазір ғана хабар жеткізді»****, – деді. Абдуллаһ: «Ол – періштелердің ішіндегі яһудилердің дұшпаны», – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.):* ***«Қияметтің алғашқы белгісі – адамдарды шығыстан батысқа қарай*** (дүниедегі махшарға) ***жинап апаратын от; жаннаттықтардың ең бірінші тағамы – киттің қара бауыры; ал перзенттің ұқсауы – еркек әйелімен жыныстық қатынасқа түскенде, оның ұрық суы*** (әйелдікінен) ***бұрын төгілсе,*** (бала әкесіне) ***ұқсайтын болады, ал*** (әйелдің) ***ұрық суы бұрын төгілсе,*** (бала анасына) ***ұқсайтын болады»****, – деді.* (Мұны естіген Абдуллаһ): *«Сенің Аллаһтың елшісі екендігіңе куәлік беремін», – деді. Сосын ол: «Уа, Аллаһтың елшісі! Негізінде, яһудилер жалақор қауым. Егер олар* (мен туралы) *өздерінен сұрауыңнан бұрын Исламға кіргенімді білсе, алдыңда маған жала жабады», – деді. Содан соң яһудилер келді, Абдуллаһ үйге кіріп кеткен кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.)* (олардан): ***«Сендердің араларыңда Абдуллаһ ибн Сәләм қандай кісі?»*** *– деп* (сұрады). *Олар: «Ол – біздің ең білімдіміз, ең білімдіміздің баласы және ол біздің ең жақсымыз, ең жақсымыздың баласы!» – деп* (жауап берді). *Аллаһ елшісі (с.а.с.):* ***«Абдуллаһ Исламды қабылдаса, қалай қарар едіңдер?»*** *– деді. Олар: «Оны*

бұл (істен) *Аллаһ сақтасын!» – десті. Сол кезде Абдуллаһ олардың* (алдына) *шығып: «Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқтығына және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік беремін!» – деді. Сонда олар: «*(Бұл) *– біздің ең жаманымыз және ең жаманымыздың баласы», – деп оны жамандап кетті», –* деген.

Тағы бір риуаятта Абдуллаһ ибн Сәләм (Аллаһ оған разы болсын): *«Уа, яһудилер қауымы! Аллаһтан қорқыңдар! Одан өзге ешбір құдай жоқ Аллаһпен ант етейін, әлбетте сендер оның Аллаһтың елшісі екендігін әрі оның ақиқатпен келгенін жақсы білесіңдер», –* дегенде, яһудилердің: «Сен өтірік айтасың», – деп жалтарғаны көрсетілген[1].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға кірген алғашқы күні-ақ яһудилердің осындай екіжүзділіктерін көрген-ді.

Жоғарыда айтылғанның барлығы Мәдинаның ішкі жағдайы еді, ал оның сыртқы жағдайына келсек, Исламға қарсы сыртқы күштердің ең қатерлісі құрайыштар болатын. Олар мұсылмандар қолдарының астында тұрған кезде он жыл бойы қорқыту мен үркітудің, қысым көрсетудің, ашықтыру мен шетқақпайлау саясатының барлық тәсілдерін қолданып көрген-ді. Олар мұсылмандарға түрлі жазалар мен азаптарды таттырған, жүйелі әрі кең көлемде психологиялық ауыр шабуылдарды жан-жақтан төндірген болатын. Кейін мұсылмандар Мәдинаға қоныс аударғанда, олардың жерлері мен үйлерін, дүние-мүліктерін алды, оларды әйелдері мен бала-шағаларынан айырды. Тіпті күштері жеткен мұсылмандарды қамауда ұстады және азаптап, қинады. Мұнымен де шектелмей, Ислам дағуатының көшбасшысы Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) қастандықпен өлтіруге, оның және дағуатының көзін құртуға шешім қабылдады әрі осы шешімдерін жүзеге асыру үшін бар күштерін салды. Осының барлығынан кейін де, мұсылмандар олардан бес жүз шақырым қашықтықтағы бір жерге барып паналағаннан соң да, қасиетті аймақтың тұрғындары, Аллаһтың үйі Қағбаның қызметшілері ретінде өздерінің араб тайпаларының ортасындағы саяси беделін, дүниелік әрі діни басшылықтарын пайдаланып, Араб жазирасындағы өзге мүшріктерді мәдиналықтарға қарсы айдап салды. Тіпті Мәдина қаласы қатаң оқшаулауға ұқсайтын қысымның астында қалып, қоныс аударып келгендердің саны күннен күнге көбейіп жатқанда, қалаға әкелінетін тауар тасымалы күрт азайды. Сондықтан меккеліктердің шектен шыққандары мен жас отандарындағы мұсылмандардың арасында соғыс жағдайының туындауы анық жайтқа айналған-ды.

Дүние-мүліктері тартып алынған мұсылмандар сол бір шектен шыққандардың мал-мүліктерін тартып алуға, өздеріне небір жазалар көрсеткен оларға дәл сондай жазалар таттыруға, мұсылмандардың өмір жолына қиындықтар тудырғаны үшін олардың да өмір жолына қиындықтар

[1] Әл-Бұхаридің «Сахихын» (1/459, 556, 561) қараңыз.

тудыруға, бұл шектен шыққандарды біртіндеп қолға алып, оларды мұсылмандарға қарсы бас көтерместей етуге әбден құқылы еді.

Мәдина қаласына келген Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдында жол көрсетуші пайғамбар, жетекші басшы ретінде осындай өзекті мәселелер тұрды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) осы мәселелердің барлығын даналықпен шешуге кірісіп, әрбір топтағы адамдарға соларға лайықты түрде қарым-қатынас жасады. Лайықтылардан жанашырлығы мен мейірімін аямады, лайықтыларға орынды әрі қажет жерде қатаңдық көрсетті, лайықтыларды жазалады. Әйтсе де қашанда оның мейірімділігі қатаңдығынан үстем тұратын. Ақыр соңында барлық жағдай бірнеше жылдың ішінде мұсылмандардың пайдасына шешілді. Бұл айтылғандардың бәрімен оқырмандарымыз келесі тақырыптарымызда танысады.

БІРІНШІ КЕЗЕҢ

ЖАҢА ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Жоғарыда Аллаһ елшісінің (с.а.с.) һижраның 1-жылы рабиғ әл-әууәл айының 12-ші жұлдызында (миләди 622-жылдың қыркүйек айының жиырма жетісінде) жұма күні Мәдинадағы бәну нажжар әулетінің қонысына келіп түскені айтылған-ды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бұл қоныста Әбу Айюбтің үйінің алдында орын тепкен жерге тоқтап: ***«Аллаһ қаласа, біз осы жерге түсеміз»,*** – деген. Сонан соң уақытша Әбу Айюбтің үйіне тұруға барған.

Пайғамбардың (с.а.с.) мешітінің тұрғызылуы

Қалаға келгеннен кейінгі Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бірінші кезекте жасаған алғашқы қадамы – Пайғамбар (с.а.с.) мешітінің тұрғызылуы болды. Ол сахабаларына түйесі тізе бүгіп шөккен жерге мешіт тұрғызуды бұйырды және мешіт тұрғызатын орынды сол жердің иелері екі жетім баладан сатып алды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) екі баланы өзіне шақырып, ол жерде мешіт тұрғызу үшін сол орынды саудаласты. Ол екеуі: *«Жоқ, уа, Аллаһтың елшісі! Біз оны саған сыйға тартамыз»*, – деді. Бірақ Аллаһ елшісі (с.а.с.) ол екеуінен сый ретінде алудан бас тартып, оны сатып алды. Мешіттің құрылыс жұмыстарына Пайғамбарымыздың (с.а.с.) өзі де қатысып, мешіт қабырғасының қыштары мен тастарын мүбарак қолдарымен көтеріп, таси жүріп:

«Уа, Аллаһ! Ақырет қайырынан басқа қайыр жоқ,
ансарлар мен муһажирлердің күнәларын кеш!» – деді және:
Бұл жүк – жүгі емес Хайбардың[1],
бұл – Раббымыз алдында игі де тазарақ!» – деп өлеңдетті.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бұл сөздері сахабалардың бойына ерекше күш-жігер дарытып, құлшыныстарын арттырып, қайраттарын жаныды. Сонда сахабалардың бірі де:

«Біз отырсақ, Пайғамбар жұмыс істеп жатқанда,
бұл біздің адастырушы ісіміз болар еді», – деп мәнерлетті.

Мешіт тұрғызылған жерде мүшріктердің қабірлері, қирандылар, құрма және шомырт ағаштары бар еді. Пайғамбар (с.а.с.) бұйрық беріп, мүшріктердің қабірлері көшірілді, қирандылар тегістелді және құрмалар мен шомырт ағаштары кесіп алынып, мешіттің құбыла жағына қатарластыра қойылды. Ол кезде мұсылмандар құбыла ретінде Бәйт әл-Мақдиске бет түзейтін.

Адамдар мешіттің екі жақтаулық тіреуін тастан тұрғызды, қабырғаларын қыш пен лайдан өрді, төбесін құрманың аршылған бұтақтарымен жапты, ортаңғы тіреулерін құрма діңдерінен жасады, ал еденіне құм мен майда

[1] Мұнда «Хайбар жүгі» деп құрма меңзелген.

қиыршық тастар төседі. Мешіттің үш есігі болды. Ғимараттың құбыладан артқы қабырғаға дейінгі ұзындығы жүз білекті құрады, екі жаны да дәл сондай немесе одан сәл қысқалау болды, ал мешіттің іргетасы үш білектей етіп өрілді.

Мешітке жапсарлас тағы да қабырғалары тас пен қыштан өрілген, төбесі құрманың жалаңаш бұтақтары және діңдерімен жабылған бөлмелер тұрғызылды. Бұл бөлмелер Пайғамбарымыздың (с.а.с.) әйелдеріне арналды. Бөлмелердің құрылыс жұмыстары біткен соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әбу Айюбтің үйінен сонда көшіп барды[1].

Мешіт тек намаз оқитын ғибадатхана ғана емес, сонымен қатар Ислам тағлымдары мен нұсқауларын үйренетін оқу орны, мұсылмандар бас қосатын және надандықтың сезімдері мен соғыстары ұзақ уақыт бойы араларын жік-жікке бөліп, алауыздықпен бір-бірімен шайқасып, ата жау болып жүрген түрлі тайпа тумаларының ортақ бітімге келіп, татуласатын отауы болды. Сондай-ақ, мешіт барлық шаруаларды басқарып жүргізетін орда, халықты Исламға шақырушы елшілер шартарапқа аттандырылатын орталық, мәслихат кеңес өткізілетін әрі түрлі шаралар іске асырылатын мәжіліс үйі қызметін де атқарды.

Осының барлығына қоса, іргесі жаңа қаланған бұл мешіт Мәдинаны паналап келген, онда не үй-жайы, не мал-мүлкі жоқ, не отбасы, не бала-шағасы жоқ көптеген кедей муһажирлер тұратын үй де болды.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға қоныс аударып келген алғашқы кезеңдердің бірінде күніне бес дүркін көтеріңкі әсем дауыспен көкжиектерді бойлап, әлемнің шартарабын дүр сілкіндіретін азан шақыру заңдастырылды. Азанның қалай шақырылуы керектігіне байланысты Абдуллаһ ибн Зәйд ибн Абду-Раббиһидің көрген түсі жайлы танымал хадис те бар. Бұл хадисті әт-Тирмизи, Әбу Дәуд, Ахмад және Ибн Хузаймалар риуаят еткен.

Мұсылмандардың бауырласуы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұсылмандар бас қосып, қауышатын әрі ынтымақтары жарасатын орталық ретінде мешіт тұрғызып қана қоймай, тарихтағы ең тамаша игі шаралардың тағы бірін жүзеге асырып, Әнәс ибн Мәликтің үйінде муһажирлер мен ансарларды бір-бірімен бауырласты. Олардың саны тоқсан болатын, оның жартысын муһажирлер, жартысын ансарлар құрады.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларды қиыншылықта бір-біріне жұбаныш болуға, олардың бірі бақилық болған жағдайда, екіншісі марқұмның жақын туысы болмаса да оның мал-мүлкінен мұрагерлік үлес алуға бауырластырған-ды. Бұл үрдіс Бәдір шайқасы болғанға дейін сақталды, ал одан кейін Аллаһ тағала: **«Жақын туыстар бір-біріне көбірек құқылы»**[2] деген аятын

[1] Әл-Бұхаридің «Сахихын» (1/71, 555, 560) қараңыз.
[2] «Әнфал» сүресі, 75-аят.

түсірген соң, мұндай бауырластық бойынша мұра алу доғарылды да, бауырластық байланыс сол бұрынғы күйінде қалды.

Муһажирлер мен ансарларды бір-бірімен бауырластырудың себебі: муһажирлер өзара бір-бірімен онсыз да әрі дін бауырлас, әрі жерлес, әрі қандас туысқан еді. Ал олар мен ансарлардың арасындағы бауырластық аса маңызды болды, өйткені жаңа қалаға үйсіз-күйсіз бас сауғалап келген муһажирлердің нақты бір жәрдемге ие болулары үшін қандас туыстары емес жергілікті мұсылмандармен қосымша бауырласуы қажет-ті.

Бұл бауырластықтың атқарар қызметі, мәні зор болды, осы арқылы надандық дәуірінде қалыптасқан рушылдық ылаңдарына нүкте қою, қоғамдағы текке, нәсілге, аймаққа байланысты бөлінушіліктерді, үстем таптық жүйені жою, біреуді жақын тарту мен біреуден бойды аулақ салу принципін Исламға ғана негіздеу көзделді.

Нәтижесінде, бұл бауырластық сөз жүзінде ғана қалмай, осылай бауырласқандардың күнделікті тәжірибесіне тереңдеп енді.

Осы бауырластық сабақтастырған мұсылмандарда бауырын өзінен артық қою, оған барынша жұбаныш болу және оны жанына жақын тарту сезімдері біте қайнасып, жаңа қоғамдағы қарым-қатынастарды ең тамаша үлгіде өрнектеп, көмкеріп жатты.

Әл-Бұхари жеткізген хадисте Абдур-Рахман ибн Ауф (Аллаһ оған разы болсын): *«Біз Мәдинаға келгенімізде Аллаһ елшісі (с.а.с.) мені Сағд ибн Рабиғпен бауырластырды. Сонда Сағд ибн Рабиғ* (маған)*: «Ансарлардың ең мал-дүниесі көбі менмін, саған жарты байлығымды бөліп беремін және қара, екі әйелімнің қайсысын ұнатсаң, сен үшін қоя беремін, идда мерзімі біткен соң оған үйленесің», – деп айтты»*, – деген.

(Хадисті жеткізуші) айтады: «Оған Абдур-Рахман: *«Маған оның қажеті жоқ* (тағы бір риуаятта: *Аллаһ әйелдерің мен дүние-мүлкіңде өзіңе береке берсін*). *Сауда-саттық жасайтын базар бар ма?»* – дейді. (Сағд): *«Қайнуқағ базары* (бар)*»*, – дейді. Сөйтіп Абдур-Рахман оған ертемен ірімшік, май алып барады, сосын ол үнемі (базарға) баратын болды. Көп ұзамай Абдур-Рахман үстінде (иіссудан қалған) сарғыш дақпен[1] келгенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.):

– ***Үйлендің бе?*** – деп (сұрайды). Ол:

– *Иә,* – дейді. (Пайғамбар (с.а.с.)):

– ***Кімге?*** – деп (сұрайды).

– *Бір ансар әйелге,* – дейді.

– ***Қанша*** (мәһр) ***бердің?*** – деп (сұрайды).

[1] Бұл сары дақ запырангүлдің табы еді. Ал онымен қалыңдықтар хош иістенетін. Ибн Ауфтың үстіне запырангүлдің табы осыдан жұққан болатын.

– Құрма сүйегінің салмағындай алтын (немесе *құрма сүйегіндей алтын*), – дейді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.) оған: ***«Бір қой*** (сойып) ***болса да той жаса»***, – депті»[1].

Әл-Бұхари жеткізген келесі бір хадисте Әбу Һурайраның (Аллаһ оған разы болсын): *«Ансарлар Пайғамбарға (с.а.с.): «Құрмаларды бізге және бауырларымызға бөліп бер», – деді.* (Пайғамбар (с.а.с.)): ***«Жоқ»***, *– деді. Сонда олар* (муһажирлерге): *«Сендер бізге* (құрмалардың) *күтімін қамтамасыз етіңдер, өнімге серік қыламыз», – деді.* (Муһажирлер): *«Естідік те бойсұндық», – деп айтты»*, – дегені риуаят етілген[2].

Ұсынылған хадистер ансарлардың муһажир бауырларына қаншалықты мейірбан, қамқор болғандарын, сол бауырлары үшін қолындағы барын құрбан етуге әрдайым дайын тұрғанын, оларды өздерінен де артық көргенін, оларға деген сүйіспеншіліктері мен кіршіксіз бауырмалдықтарын айғақтайды. Ал олардың ілтипаттары мен жомарттықтарын лайықты түрде бағалай білген муһажирлер ансар бауырларының ықыластарын асыра пайдаланбай, әдеп сақтап, азға қанағат етіп, олардан талғажауға жарайтын мөлшерде, қажеттіні ғана алған.

Шын мәнінде де муһажирлер мен ансарларды бауырластыру теңдессіз шара, дұрыс та дана саясат әрі жоғарыда айтылғандай мұсылмандар жаңа қалада кездескен көптеген қиындықтардың тамаша шешімі болды.

Ислами одақтастық келісімі

Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұсылмандарды бір-бірлерімен бауырластырғанындай, надандықтың дерттері мен тайпаралық ыза-кектерді түгелімен жойған, жәһилияттың ескілікті әдет-ғұрыптарына орын қалдырмаған тағы бір келісім бекітті. Төменде осы келісімнің мазмұны қысқаша келтіреді:

Бұл – пайғамбар Мұхаммедтен (с.а.с.) иман келтіргендер мен құрайыш тайпасының және Ясриб қаласының мұсылмандарына, сондай-ақ олардың соңдарынан еріп, оларға қосылғандар әрі олармен бірге Аллаһ жолында күрескендерге қатысты хатнамасы:

1) Олар – басқа адамдардан бөлек бір үмбет.

2) Құрайыштың муһажирлері өз мәселелерін өздері шешеді, құн төлемдерін[3] өз араларында төлейді, тұтқындарын да өздері ғұрыпқа әрі мүміндердің арасында әділдікке сәйкес құн төлеп босатады. Ансарлардың

[1] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» («Пайғамбардың (с.а.с.) муһажирлер мен ансарларды бауырластыруы» деп аталатын тарауда, 1/553) келтірген.

[2] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» («Құрмамның не басқа (жеміс ағаштарымның) күтімін қамтамасыз ет, өнімге серік боласың» деп айтқан жағдайда...» деген айдардағы тарауда, 1/553) тіркеген.

[3] Мұнда кісі өлтіргені және біреуге жарақат не зақым келтіргені үшін төленетін құн туралы айтылған.

әрбір тайпасы өз мәселелерін өздері шешеді, құн төлемдерін өз араларында бұрынғысынша төлейді, олардың әрбір тайпасы тұтқындарын өздері ғұрыпқа әрі мүміндердің арасында әділдікке сәйкес құн төлеп босатады.

3) Мүміндер өз араларында қарызға батқандарды көмексіз қалдырмайды, оның өзін не туысын тұтқыннан босату үшін немесе біреуге зақым келтіргені үшін ғұрыпқа сәйкес құн төлеуіне көмектеседі.

4) Аллаһтан қорқушы мүміндер өз араларынан шектен шыққандарға және әділетсіздік, күнәкарлық, дұшпандық немесе мүміндердің арасын бүлдіруді қалағандарға қарсы шығады.

5) Мұндай адам біреуінің баласы болса да, оған қарсы шығуда олардың қолдары ортақ.

6) Мүмін адам мүмін адамды кәпір үшін өлтірмейді.

7) Мүмінге қарсы кәпірге жәрдем бермейді.

8) Аллаһтың қорғаны жалпыға бірдей, олардың ең төменін де қорғауына алады.

9) Бізге ерген яһудилерге көмек, жәрдем беріледі, олар әділетсіздікке ұшырамайды және оларға қарсы жәрдем көрсетілмейді.

10) Мүміндердің бейбітшілік келісімдері ортақ, өз араларында теңдікке және әділдікке сәйкес болмаса, Аллаһ жолындағы соғыс кезінде мүмін мүміннің хабарынсыз бейбітшілік келісімін жасамайды.

11) Мүміндер Аллаһ жолында төгілген қандары үшін бір-біріне көмек көрсетеді.

12) Мүшрік адам құрайыштың мал-мүлкін де, өзін де қорғанына алмайды және оны мен мүміннің арасына бөгет болмайды.

13) Бір мүминді жазықсыз өлтірген адам, қылмысы дәлелденген жағдайда, өлтірілгеннің туысы (құн алуға немесе кешіруге) келіспесе, ол үшін өлтіріледі.

14) Мұндай адамға мүміндердің барлығы қарсы тұрады және оларға (қылмыстыны қорғауға) рұқсат етілмейді.

15) Мүміннің күнә істегенге көмектесуіне және оны паналатуына рұқсат етілмейді. Кім оған көмектессе не оны паналатса[1], оған Қиямет күні Аллаһтың лағынеті мен ашуы болады және одан міндетті де, қосымша да қабыл етілмейді[2].

16) Сендер не мәселеде келісе алмай қалсаңдар да, оның шешімі Аллаһ тағалаға және Оның елшісі Мұхаммедке (с.а.с.) жүгіндіріледі.

Қоғамдағы рухани тәрбиелердің нәтижесі

Осындай даналықтың әрі шебер басқарудың көмегімен Аллаһ елшісі (с.а.с.) тәй-тәй басқан жаңа қоғамның тұғырларын орнатты. Әрине, бұл жетістік алтын буын, аға ұрпақ сахабалардың Аллаһ елшісінің (с.а.с.)

[1] Мұнда күнә істеген кісіні қолдаған және оны жазадан қорғаған адам меңзелген.

[2] Бұл жерде адамның парыз және нәпіл құлшылықтары туралы айтылған.

жанынан бір елі ажырамастан алып жүрген рухани тәрбиелерінің нәтижесі болатын. Ұлы ұстаз Пайғамбар (с.а.с.) әрдайым оларға тәлім, тәрбие беретін, жан-дүниелерін тазартатын, көркем мінез-құлықтарға шақыратын, оларға сүйіспеншілік, бауырмалдық, айбындылық, абыройлылық, құлшылық әрі бойсұнушылық тәрбиелерін сіңіретін.

Бір кісі Аллаһ елшісінен (с.а.с.): *«Исламның қайсысы жақсы?»*[1] – деп сұрағанда, ол: ***«Тамақ жегізуің және танығаныңа да, танымағаныңа да сәлем беруің»***, – деп айтқан[2].

Абдуллаһ ибн Сәләм: *«Пайғамбар (с.а.с.) Мәдинаға аяқ басқанда, мен* (оны көру үшін) *келдім. Оның жүзіне зер салғанымнан соң, оның жүзі өтірікшінің жүзі еместігін білдім. Оның ең алғашқы айтқаны:* ***«Уа, адамдар! Сәлемді таратыңдар, тамақ жегізіңдер, туыстық байланыстарды үзбеңдер және түнде адамдар ұйықтап жатқанда намаз оқыңдар, жаннатқа амандықпен кіресіңдер»****, – деген сөздер болды»*, – деген[3].

Пайғамбар (с.а.с.) бұл сөздерін ісі не сөзі арқылы жалпыға пайда келтіруі үміт етілген жандарды қызықтыру мақсатында, сол кезеңде мұндай қасиеттердің қажет екендігін білгендіктен айтқан. Өйткені ол уақыттарда мұсылмандар ауыр кезеңді бастан өткеруде еді, қоғам бауырмалдыққа, ынтымақ, бірлікке мұқтаж болатын. Осылай Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдина қаласына алғаш кіргенде-ақ адамдарды аталмыш қасиеттерге ынталандырған.

Осының аясында Пайғамбарымыз (с.а.с.):

«Кімде-кімнің кесірінен көршісі қауіпсіз болмаса, ол жаннатқа кірмейді»[4];

«Мұсылман – тілінен және қолынан (басқа) ***мұсылмандар аман болған*** (мұсылман)***»***[5];

«Сендерден ешқайсың өзіне жақсы көргенді бауырына да жақсы көрмейінше[6] ***мүмін бола алмайды»***[7] деген өсиеттерін айтқан.

---

[1] Яғни, Исламның қайсы қасиеті жақсы?

[2] Яғни, тәкаппарлық не жасандылық ретінде таңдап, талғап, белгілі біреулерге ғана емес, Ислам діні ұрандарына құрмет ретінде, мұсылмандар арасындағы бауырластықты сақтау үшін жалпыға бірдей сәлемдесуің. Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» (1/6, 9) келтірген.

[3] Хадисті ат-Тирмизи, Ибн Мәжәһ және әд-Даримилер риуаят еткен (қ.: «Мишкәт әл-масабих», 1/168).

[4] Хадисті Муслим риуаят еткен (қ.: «Мишкәт әл-масабих», 2/422).

[5] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» (1/6) ұсынған.

[6] Хадистің өзге бір риуаятында: ***«қайырлы нәрседен өзіне жақсы көргенді мұсылман бауырына да жақсы көрмейінше»*** делінген. Бұл риуаятта бауыр деп кімнің меңзелгені және жақсы көру қайырлы нәрсеге негізделуі керектігі көрсетілген.

[7] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» (1/6) тіркеген.

Осылай мұсылмандарды кішіпейілділікке ынталандырған, мұсылманды дін бауырын өзімен тең көруге және басқалардан артық болуды қаламауға шақырған.

Сондай-ақ үмбетін бірлікке, бір-бірімен біте қайнасуға үндеген Аллаһтың таңдаулы тәрбиешісі (с.а.с.):

«Мүміндер бір кісі іспетті, оның көзі ауырса да, бүкіл (ағзасы) ***ауырады, басы ауырса да, бүкіл*** (ағзасы) ***ауырады»***[1];

«Мүмін мүмінге бір-бірін сүйеп тұрған ғимарат сияқты»[2], – деп, ғимараттың ірге тастардан, қабырға-дуалдардан, шатырлардан, есіктер мен т.с.с. қажетті бөліктерден құралатынын және олардың әрқайсысы өз алдына емес бір-бірімен бірігіп, біте қайнасып тұратындығын, сол сияқты мұсылмандардың да сондай болуы керектігін ескерткен.

Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Бір-біріңді жек көрмеңдер, бір-біріңді күндемеңдер, бір-біріңнен теріс айналмаңдар,*** (бір-біріңе) ***бауыр болыңдар, ей, Аллаһтың құлдары! Ешбір мұсылманға өз бауырын үш күннен артық тастап қоюына рұқсат жоқ»***[3], – деп, адамдардың жан-дүниесін билеп алатын әуесқойлық, құмарлық секілді сезім әсерімен мұсылмандардың бірін-бірі жек көруіне, бір-бірін күндеуіне, дүние байлығы, осы дүние тіршілігі үшін бір-бірінен теріс айналып, қарым-қатынастарын үзулеріне, үзе қалған жағдайда оны үш күннен артық созуға тыйым салған.

Және де Аллаһ елшісі (с.а.с.) үмбетіне: ***«Мұсылман – мұсылманның бауыры, оған әділетсіздік етпейді және оны көмексіз қалдырмайды. Кім бауырының қажетін өтесе, Аллаһ оның қажетін өтейді. Кім мұсылманның бір қайғысын жойса, бұл үшін Аллаһ оның Қиямет күнгі қайғыларының бірін жояды. Ал кім бір мұсылманның*** (айыбын) ***жасырса, Қиямет күні Аллаһ оның*** (айыбын) ***жасырады»***[4];

«Жердегілерге мейірім көрсетіңдер, жердегілердің Иесі сендерге мейірім көрсетеді»[5];

«Өзі тойып отырып, жанындағы көршісі аш жүретін (адам) ***мүмін емес»***[6] деген өсиеттерін арнаған.

Абдуллаһ ибн Масғудтан риуаят етілген хадисте Пайғамбар (с.а.с.): ***«Мұсылманды балағаттау – пасықтық, ал онымен соғысу – кәпірлік»***[7], – деп, мұсылманның құқығы зор екенін, оны жазықсыз балағаттап, тіл тигізу

---

[1] Хадисті Муслим жеткізген (қ.: «Мишкәт әл-масабих» (2/422)).

[2] Хадисті әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен (қ.: «Сахих әл-Бұхари» (2/890), «Мишкәт әл-масабих» (2/422)).

[3] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» (2/896) тіркеген.

[4] Хадисті әл-Бұхари мен Муслим жеткізген (қ.: «Мишкәт әл-масабих» (2/422)).

[5] Хадисті Әбу Дәуд «Сунәнында» (2/235), әт-Тирмизи «Жамиъ» кітабында (2/14) келтірген.

[6] Хадисті әл-Байһақи «Шуъаб әл-иман» кітабында риуаят еткен (қ.: «Мишкәт әл-масабих» (2/424)).

[7] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» (2/893) тіркеген.

Аллаһқа және Оның елшісіне бойсұнудан шет шығудың санатына жататынын, ал мұсылманмен соғысу оны балағаттаудан ауыр екенін, мұсылманмен соғысатын адам кәпірдің қылығын жасайтындығын нұсқаған.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) жүргіншілерге зияны тиюі мүмкін затты жолдан алып тастауды садақаға әрі иман тармақтарының біріне жатқызатын[1].

Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларын қайырымдылық істеріне қаражат жұмсауға ынталандыратын және оның жүректер алып-ұшатын артықшылықтарын айтып: ***«Судың отты өшіргеніндей, садақа да күнәларды өшіреді»***, – дейтін[2].

Көмекке мұқтаж жас қоғамды жақсылыққа шақырушы (с.а.с.): ***«Қайсыбір мұсылман киімсіз мұсылманға киім кигізсе, Аллаһ оған жаннаттың жасыл киімінен кигізеді. Қайсыбір мұсылман қарны аш мұсылманды тамақтандырса, Аллаһ оны жаннаттың жемістерімен тамақтандырады. Қайсыбір мұсылман шөлден қаталаған мұсылманға сусын берсе, Аллаһ оны жаннаттың мөрленген мөлдір шарабымен сусындатады»***, – деген[3].

Сондай-ақ: ***«Құрманың жартысымен болса да тозақтан сақтаныңдар! Ал*** (оны да) ***таппасаң, жақсы сөзбен болса да»***[4], – деп, бірдеңенің аз мөлшері оны садақаға беруге кедергі болмайтындығын, жақсы сөз де тозақтан құтылуға себеп болуы мүмкін екенін ескерткен.

Осы айтылғандармен бірге нұрлы жолдың нұсқаушысы (с.а.с.) қатаң түрде біреуге алақан жаюдан арлануға шақыратын және сабырлылық пен қанағаттың артықшылықтарымен таныстыратын. Адамның мәжбүрліксіз біреуге алақан жаюы оның бетінің бүлінуі деп санайтын[5]. Сондай-ақ Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларына құлшылық амалдарының артықшылықтары мен ол үшін Аллаһтың алдында берілетін сый-сауаптарды әңгімелейтін. Оларды өзіне түсіп жатқан уахимен мықты байланыста ұстайтын. Сахабалар мойындарындағы дағуаттың міндеттері мен Аллаһтың жолдауына қатысты мәселелерді сезінулері, Құранды түсінулері әрі оған ой жүгіртулері үшін Пайғамбар (с.а.с.) өзіне түскен аяттарды оларға үнемі оқып отыратын, бұл аяттарды сахабалардың өздері де үзбей оқитын.

Осылайша Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларының рухтары мен дарындарын көтерді, оларды өлшемдер мен үлгілердің ең жоғарғысымен қамтамасыз етті. Нәтижесінде сахабалар адамзат тарихында пайғамбарлардан кейінгі кемелдіктің ең биік шыңына көтерілді.

---

[1] Бұл жайлы хадисті әл-Бұхари мен Муслим «Сахихтарында» риуаят еткен (қ.: «Мишкәт әл-масабих» (1/12, 167)).

[2] Хадисті Ахмад, әт-Тирмизи және Ибн Мәжәһ риуаят еткен (қ.: «Мишкәт әл-масабих» (1/14)).

[3] Хадисті Әбу Дәуд «Сунәнында», әт-Тирмизи «Жамиъ» кітабында келтірген (қ.: «Мишкәт әл-масабих» (1/169)).

[4] Хадисті әл-Бұхари «Сахихында» (1/190; 2/890) ұсынған.

[5] Бұл жайлы хадисті Әбу Дәуд, әт-Тирмизи, ән-Нәсәи, Ибн Мәжәһ және әд-Даримилер жеткізген (қ.: «Мишкәт әл-масабих» (1/163)).

Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): *«Біреудің жолын ұстанушы адам өмірден өткендердің жолын ұстансын. Өйткені тірі адам азғырудан аман болмайды. Мұхаммедтің (с.а.с.) сахабалары бұл үмбеттің ең жақсылары, жүректері ең игілері, білімдері ең тереңдері әрі өздеріне қатысы жоқ мәселелерге ең аз ұрынатындары еді. Аллаһ тағала оларды Пайғамбарының жанында жүрулері және Өзінің дінін аяғына тұрғызулары үшін таңдаған. Сондықтан олардың артықшылықтарын біліңдер, олардың соңдарынан еріңдер және шамаларың келгенше олардың мінез-құлықтары мен жолдарын ұстаныңдар. Шындығында, олар тура жолда болды»*, – дейтін[1].

Оның үстіне, ең ұлы жетекші Пайғамбар (с.а.с.) көптеген рухани әрі тұлғалық қасиеттері, кемелдіктері, дарындылықтары, абыройлары, артықшылықтары, көркем мінез-құлықтары және ізгі амалдарымен ерекшеленетін. Осы қасиеттері жүректерді оған баурайтын, жандарды оның жолында құрбан ететін. Сахабалары (Аллаһ оларға разы болсын) оның айтқан әрбір сөзіне бағынуға асығатын, оның берген әрбір нұсқауын орындауға жарысатын.

Осындай тәсілдер арқылы Пайғамбар (с.а.с.) Мәдинада жаңа қоғам, тарихтағы ең тамаша үлгідегі, ең айбынды қоғамды қалыптастырды. Әрі осы қоғамдағы қиындықтардың шешімін шебер таба біліп, зар заманда қараңғылықтың түнектерінде діңкелеп, күңірене күрсінген адамзатқа жаңа тыныс сыйлады.

Осындай биік руханияттар арқылы заманның барлық ағыстарына төтеп беріп, оның бағытын басқа арнаға бұрған, тарихтың сілемін өзгерткен жаңа қоғамның негіздері толықты.

Яһудилермен келісім түзу

Пайғамбар (с.а.с.) мұсылмандардың арасында сенімдік әрі саяси бірлік орнатып, оларды бір жүйенің астына біріктіріп, ислами жаңа қоғамның тұғырларын мықтаған соң, мұсылмандардан өзге халықтармен байланыстарын реттеуге кірісті. Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұнымен халықты қауіпсіздікпен, бейбітшілікпен, бақытпен әрі игілікпен қамтамасыз етуді, сонымен бірге оларды ортақ үйлесімдегі жүйеге келтіруді көздеді. Пайғамбар (с.а.с.) бұл үшін ұлтшылдық пен жеке әрі нәсілдік мақсаттарға толы бұл әлемде кешірімділік пен кеңшіліктің бұрын-соңды кездеспеген заңдарын бекітті.

Жоғарыда айтылғандай, мұсылмандардан өзге Мәдинаға көршілес ең жақын тұратын халық яһудилер еді. Олар мұсылмандарға деген дұшпандықтарын іштеріне бүгіп жүргендерімен, әлі күнге дейін еш қарсылық көрсетпеген болатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) яһудилермен олар үшін адалдық пен жақсылыққа негізделген бір келісім түзді. Бұл келісімде

[1] Ибн Масғудтың сөзін Рузайн риуаят еткен (қ.: «Мишкәт әл-масабих» (1/32)).

Пайғамбар (с.а.с.) оларға діндері мен мүліктеріне толық еркіндік берді және ешқандай шетқақпайлау, қанап-тонау немесе қарсыласу саясатын қолданған жоқ.

Төменде осы келісімнің ең маңызды деген баптары келтіріледі:

1) Бәну ауф әулетінің яһудилері иман келтіргендермен бірге бір халық. Яһудилерге өздерінің діні, мұсылмандарға өздерінің діні. Бұл айтылған олардың құлдарына да, өздеріне де, сол сияқты бәну ауф әулетінен өзге яһудилерге де қатысты.

2) Яһудилер нәпақаларын өздері табады, мұсылмандар да нәпақаларын өздері табады.

3) Екі тарап осы келісімді түзгендермен соғысушыларға қарсы бір-біріне көмектесуі керек.

4) Екі тарап бір-біріне адал қатынас жасауы әрі адал кеңес беруі, бір-біріне күнәкарлық жасамай, игілік көрсетуі керек.

5) Ешбір кісі одақтасы үшін күнәлі болмайды.

6) Жәбірленушіге жәрдем беру керек.

7) Соғыс уақытында яһудилер иман келтіргендермен бірге қаражат шығарады.

8) Осы келісімге орай Ясрибтің іші тыйым салынған аймақ саналады.

9) Осы келісімді түзгендердің арасында зиянды қаупі бар жағдай немесе дау-жанжал туындаса, оның шешімі Аллаһ тағалаға және Аллаһтың елшісі Мұхаммедке (с.а.с.) жүгіндіріледі.

10) Құрайыштар да, оларға көмектесушілер де қорғауға алынбайды.

11) Екі тарап Ясрибке шабуыл жасағандарға қарсы бір-біріне көмектесуі керек. Олардың әрқайсысы өздері жақтағы шекараны қорғайды.

12) Бұл хатнама әділетсізді немесе күнәкарды қорғамайды.

Осы келісімнің түзілуімен Мәдина қаласы мен оның өңірлері ортақ үйлесімдегі мемлекетке айналды. Бұл мемкелеттің астанасы Мәдина қаласы, ал оның басшысы Аллаһ елшісі (с.а.с.) болды. Бұл мемлекетте өтімді сөз, басым билік мұсылмандарда еді. Осының нәтижесінде Мәдина Исламның шын мәніндегі орталығына айналды.

Қауіпсіздік пен бейбітшілік аймағының кеңеюімен Пайғамбар (с.а.с.) жағдайларға орай болашақта да өзге де тайпалармен осындай келісім түзіп отырды. Оның біразын алдағы тақырыптарымызда әңгімелейтін боламыз.

Құрайыштардың Аллаһ елшісі (с.а.с.) қоныс аударғаннан кейінгі уақытта мұсылмандарға қарсы үгіттеулері және олардың Абдуллаһ ибн Убәймен байланысуы

Жоғарыда құрайыш кәпірлерінің мұсылмандарға Меккеде қандай жазалар мен азаптар көрсеткені, олар қоныс аударар кезде қандай әрекеттерге барғаны және осы қылмыстары үшін құрайыш мүшріктерінің мал-мүліктері тоналуға, соғысуға лайықтылардың санатына кіргендігі айтылған болатын. Сонда да меккелік кәпірлер адасушылықтарынан естерін

жимастан, мұсылмандармен жауласуларын доғармады. Керісінше, мұсылмандар мүшріктердің қолдарынан сытылып шығып, жаңа отанда қауіпсіз орын, тыныш тұрақ тапқандарына булығып, ыза-кектері қайнай түсті. Сөйтіп құрайыштар сол кезде әлі мүшрік күйінде жүрген, мұсылмандар қоныс аударып бармастан бұрын ансарлардың басшысы ретінде танылған Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлулге хат жолдады. Құрайыштар Аллаһ елшісі (с.а.с.) қоныс аудармай тұрып ясрибтік тайпалардың осы Абдуллаһ ибн Убәйдің төңірегінде шоғырланғанын және оны өздеріне патша көтеруге жақын қалғандығын білетін. Сонда олар Абдуллаһ ибн Убәй мен оның мүшрік жолдастарына өткір сөздермен:

«Шындығында, сендер біздің жауымызды паналаттыңдар. Біз Аллаһпен ант етеміз, сендер онымен соғысасыңдар не оны елдеріңнен қуасыңдар, әйтпесе барлығымыз сендерге қарай аттанып, жауынгерлеріңді өлтіріп, әйелдеріңді күңдікке аламыз» деген мазмұндағы хат жібереді.

Пайғамбар (с.а.с.) патшалығын тартып алды деп ойлап, оған кектеніп жүрген Абдуллаһ ибн Убәй бұл хат қолына тие салып-ақ меккелік мүшрік бауырларының бұйрықтарын орындауға кірісіп те кетті. Абдур-Рахман ибн Кағб: *«Осы хат жеткенде, Абдуллаһ ибн Убәй мен оның жанындағы пұтқа табынушылар Аллаһ елшісімен (с.а.с.) соғысуға қол біріктірді. Бұл жайлы хабар алған Пайғамбар (с.а.с.) олармен жолығып:* ***«Құрайыштардың сендерді қорқытуы жетер жеріне жеткен екен. Олар сендерге өз-өздеріңе жасауды қалағаннан артық айла-шарғы жасамақ емес. Сендер өз балаларыңмен және бауырларыңмен соғысқыларың келе ме?!»*** *– деді. Пайғамбардың (с.а.с.) бұл сөздерін естіген соң олар тарап кетті»,* – деген.

Осыдан кейін жолдастарының тартынып қалғанын және туралыққа келгенін көрген Абдуллаһ ибн Убәй Аллаһ елшісімен (с.а.с.) соғысу ниетінен бас тартты. Бірақ ол бұдан кейін де құрайыштармен сөзі бір болып жүргендей ой қалдырады. Өйткені ол мұсылмандар мен мүшріктердің арасына бүлік салуға туған әрбір сәтті қалт жібермей, оны пайдаланып бағатын. Ибн Убәйға қолдау көрсету ниетінде яһудилер де онымен ауыз жаласып жүретін. Алайда, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) даналығы олардың кесірінің әр кезеңдерде тұтанған отын дер уақытында тұншықтырып, өшіріп отыратын.

Құрайыштардың мұсылмандарды Қағбадан аластайтындықтарын жариялауы

Бірде ансарлық әус тайпасының көсемі Сағд ибн Муғаз (Аллаһ оған разы болсын) умра жасау үшін жолға шығады. Меккеде ол Умәййә ибн Халаф Әбу Сафуанның үйіне түседі, Умәййә да Шамға қарай жолға шыққанда, Мәдина арқылы өтіп, Сағдтың үйіне түсетін еді. Сағд Умәййәға: *«Қағбаны тауаф етуім үшін оңаша бір уақыт қарастыршы»,* – деп тапсырады. Умәййә оған: «Түс ортасына дейін күте тұр, адамдар көз шырымын алар кезде барып Қағбаны тауап жасайсың», – дейді. Сөйтіп Сағд тауап жасап

жүргенде кенеттен Әбу Жәһл келіп қалады да, Умәййәдан: «Мына Қағбаны тауап жасап жүрген кім?» – деп сұрайды. Сағд: *«Мен – Сағдпын»*, – дейді. Әбу Жәһл: «Ата-бабаларының дінінен безген Мұхаммед пен оның жолдастарын паналатқандарыңнан, оларға көмек береміз деп жариялағандарыңнан кейін де Меккеде жайбарақат тауап жасап жүрсің бе? Аллаһпен ант етейін, егер де Әбу Сафуанмен бірге жүрмегеніңде, еліңе сау қайтпас едің» – деп қоқаңдайды. Сағд та оған дауысын көтеріп: *«Аллаһпен ант етейін, егер Қағбаны тауап етуіме кедергі жасасаң, саған өзің үшін бұдан да ауырды жасап, Мәдина арқылы өтетін сауда жолыңды қырқамын»*, – деп доқ көрсетеді[1].

Құрайыштардың муһажирлерге қоқан-лоққы жасауы

Бұл ештеңе емес, құрайыштар бұдан зорына бекініп жатқандай, мұсылмандарды түп-тамырымен жоюды, әсіресе, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көзін құртуды ойластырып жатқандай еді. Әрі бұл жалаң ой, құрғақ күмән емес-ті. Пайғамбардың (с.а.с.) құрайыш мүшріктерінің айла-шарғылар жасайтындығына, жамандық қалайтындығына көзі жеткені сондай, осының салдарынан түндерін ұйқысыз өткізетін және сахабаларының күзетуімен түнейтін. Муслим өзінің «Сахихында» тіркеген хадисте Айша (Аллаһ оған разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға келгенінде бір түні ұйықтай алмай жатты. Сосын ол (с.а.с.)*: ***«Сахабаларымнан бір ізгі кісі осы түні мені күзетсе еді!»*** *– деді. Солай жатқанымызда қарудың бір-біріне үйкелген дыбысын естідік.* (Пайғамбар (с.а.с.))*:* ***«Бұл кім?»*** *– деді. Ол: «Сағд ибн Әбу Уаққаспын», – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған:* ***«Сені*** (мұнда) ***не әкелді?»*** *– деді.* (Сағд)*: «Көңіліме Аллаһ елшісі (с.а.с.) үшін бір қауіп ұялап, оны күзетуге келдім», – деді. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.) ол үшін дұға етіп, сосын ұйықтады»*, – деген[2].

Сахабалар Аллаһ елшісін (с.а.с.) кейбір түндерде ғана емес, барлық түндері кірпік ілмей күзетіп шығатын. Тағы бір хадисте Айша: *«*«**Аллаһ сені адамдардан қорғайды»**[3] (деген аят) *түскенше, Аллаһ елшісі (с.а.с.) түні бойы күзетілетін. Содан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) шатырдан басын шығарып:* ***«Ей, адамдар! Қайта беріңдер, енді мені Аллаһ тағала қорғауына алды»****, – деп айтты»*, – дейді[4].

Қауіп-қатер Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ғана емес, бүкіл мұсылмандарға төніп тұрған-ды. Тіпті Убәй ибн Кағбтің: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен оның*

[1] Әл-Бұхаридің «Сахихындағы» «Жорықтар» кітабын (2/563) қараңыз.

[2] Хадисті Муслим «Сахихында» (Сағд ибн Әбу Уаққастың артықшылықтары жайлы тарауда, 2/280), әл-Бұхари «Сахихында» («Аллаһ жолында жасалған жорықтағы күзет» деп аталатын тарауда, 1/404) келтірген. Оқырманға ұсынылған мәтін Муслимнің «Сахихынан» алынды.

[3] «Мәида» сүресі, 67-аят.

[4] Хадисті әт-Тирмизи «Жамиъында» (тәпсір тарауларында, 2/130) тіркеген.

сахабалары Мәдинаға келіп, ансарлар оларды паналатқан кезде, барлық арабтар оларға бір садақтан жебе атты. Олар қару-жарақтарымен түнеп, таңды қару-жарақтарымен қарсы алатын», – дегені риуаят етілген.

Қарулы соғысқа рұқсат етілуі

Мәдинадағы мұсылмандардың өміріне қауіп төніп тұрған, құрайыштардың адасушылықтан естерін жимайтындықтары жайлы хабар жан-жақтан ағылып жатқан осындай қатерлі кезеңдерде Аллаһ тағала мұсылмандарға қарулы соғысқа рұқсат еткен аятын түсірді. Бірақ Аллаһ бұл аятта мұсылмандарға соғысуды міндеттемей: **«Әділетсіздікке ұшырағандықтары себепті соғысып жатқандарға** (соғысу) **рұқсат етілді. Ақиқатында, Аллаһ оларға жәрдем беруге күші жетуші»**[1], – деді.

Құраннан онымен бірге тағы да бірнеше аяттар түсіріліп, онда мұсылмандарға бұл рұқсаттың себебі жалғанды жою әрі Аллаһтың ұрандарын көтеру ғана екендігі түсіндірілді. Аллаһ тағала: **«Егер оларға жер бетінде билік берсек, олар намазды орындайды, зекетті береді, құпталғанға бұйырады және теріске шығарылғаннан қайтарады»**[2], – деген.

Бұл рұқсаттың Меккеде емес, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдина қаласына қоныс аударғаннан кейін түскендігі бұлтартпас шындық. Бірақ оның дәл қай кезде түскенін кесіп айту мүмкін емес.

Соғысуға рұқсат түскенімен, мұсылмандарға қауіп төндірер жалғыз күш құрайыштар мен олардың шектен шығуы болып отырған осы бір жағдайдың аясында талап етілер даналық, мұсылмандардың Мекке құрайыштарының Шам еліне жалғасатын сауда жолына билік жүргізу еді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл билікті қолға алу үшін екі жоспар таңдады:

Біріншісі: Осы жолға көршілес және осы жол мен Мәдинаның арасында қоныс тепкен тайпалармен одақтастық немесе жауласпау келісімін түзу. Бұл мақсатта Пайғамбар (с.а.с.) әскери жорықтарын бастамас бұрын жуһайна тайпасымен келісім түзді. Жуһайна тайпасының қоныстары Мәдинадан үш күндік қашықтықта орналасқан болатын. Сондай-ақ Пайғамбар (с.а.с.) әскери жорықтары барысында өзге де келісімдер түзген. Бұларды алдағы тақырыптарымызда баяндаймыз.

Екіншісі: Осы сауда жолына кезең-кезеңімен барлаушы жасақтар, шолғыншылар аттандыру.

[1] «Хаж» сүресі, 39-аят.
[2] «Хаж» сүресі, 41-аят.

Бәдір шайқасына дейінгі барлаушы жасақтар мен әскери жорықтар

Аллаһтан соғысуға рұқсат еткен аят түскеннен кейін жоғарыда айтылған екі жоспарды жүзеге асыру үшін мұсылмандар іс жүзінде де әскери белсенділік көрсетуге кірісіп, барлау шараларына ұқсас әскери әрекеттер жасай бастады. Мұндағы мақсат, бұрын да айтылғандай, Мәдина қаласының айналасындағы және Меккеге апаратын жолдармен танысуға, осы жолдардың бойында қоныс тепкен тайпалармен келісімдер түзуге, ясрибтік мүшріктер мен яһудилерге және қаланың төңірегінде көшіп-қонып жүретін далалық арабтарға мұсылмандардың күштілігін, олардың бұрынғыдай әлсіз еместігін аңдатуға, құрайыштар тереңіне бойлаудан танбай келе жатқан адасушылықтарынан естерін жинаулары үшін оларға өз әрекеттерінің соңы қайда апарып соғарын ескертуге бағытталған болатын. Әрі бұл құрайыштарға экономикалық жағдайлары мен тұрмыстық кәсіптеріне төніп тұрған қатердің ауырлығын аңдату, осылай оларды бейбіт келісімге келуге, мұсылмандардың отандарына шабуылдау ойларынан қайтуға, адамдарды Аллаһтың жолынан тосу әрекеттерін тоқтатуға, Исламның Меккеде қалған өздерін қорғауға дәрменсіз өкілдерін жәбірлеулерін доғаруға мәжбүрлеу мақсатында еді. Аталмыш мақсат іске асса, Исламның дін уағыздаушылары Араб жазирасының аймақтарында Аллаһтың жолдауын жеткізуде әрі діни амалдарын орындауда еркіндікке қол жеткізері күтілетін.

Төменде осы мақсатта жасалған барлау жорықтарына қысқаша тоқтала кетеміз:

1. Сәйф әл-бахр[1] жорығы.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) муһажирлерден отыз кісіге Хамза ибн Абдулмутталибті қолбасшы етіп тағайындаған бұл жасақ миләди 623-жылы, һижраның 1-жылы рамазан айында құрайыштардың Шам өлкесінен жол тартып келе жатқан сауда керуенін торуылдап тосу үшін аттанған. Құрайыштардың керуенінде үш жүз адаммен бірге Әбу Жәһл ибн Һишам бар еді. Хамза бастаған мұсылмандар жасағы Сәйф әл-бахрге Ғис[2] тарабымен жетіп, құрайыштардың керуенімен кездескен. Мұсылмандар мен меккеліктер шайқасқа дайындалып, сап түзеп тұрғанда, екі жақтың да одақтасы Мәжди ибн Амр әл-Жуһәни араларына түсіп, соғысуларына жол бермей, үш жүз адамға тайсалмай қарсы тұрған мұсылмандардың отыз кісілік жасағы ұрыссыз кері оралған.

Хамза батырдың жасағының ақ түсті туы Ислам тарихындағы Аллаһ елшісі (с.а.с.) көтерген алғашқы ту болды. Бұл жорықта Исламның ақ жалауы сахаба Әбу Мәрсәд Кәннәз ибн Хусайн әл-Ғанауидің қолында желбіреді.

---

[1] Сәйф әл-бахр – Қызыл теңіздің жағалауындағы аймақтардың бірі.

[2] Ғис – Қызыл теңіз жақтағы мекеннің аты.

2. Рабиғ жорығы.

Һижраның 1-жылы шәууәл айында (миләди 623-жылдың сәуірі) муһажирлердің ат жалын тартқан алпыс аттылы сарбазына Аллаһ елшісі (с.а.с.) Ұбайда ибн Харис ибн Мутталибті қолбасшы етіп аттандырған. Жасақ Рабиғ қойнауында жанында екі жүз адамы бар құрайыш басшысы Әбу Суфйанмен кездескен және екі жақ бірін-бірі садақпен атқыласып, қоян-қолтық ұрысқа кірмеген.

Осы жорықта меккеліктердің әскерінен екі кісі – Миқдад ибн Амр әл-Баһрани мен Ұтба ибн Ғазуан әл-Мазини мұсылмандардың жасағына қосылған. Бұл екеуі кәпірлермен бірге шыққанымен, негізгі мақсаттары діндестеріне қосылуды көздеген мұсылман кісілер еді. Ұбайданың жасағының туы да ақ түсті болып, оны Мистах ибн Әсәсә ибн Мутталиб ибн Абдуманаф алып жүрді.

3. Харрар[1] жорығы.

Һижраның 1-жылы зул-қағда айында (миләди 623-жылдың мамыры) Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сағд ибн Әбу Уаққасты жиырма адаммен бірге құрайыштардың сауда керуенін тосуға жіберген және оған Харрар жазығынан ары өтпеуін тапсырған. Сонымен Сағд бастаған жасақ жортуылға көліксіз жаяу аттанып, күндіз бой тасалап жасырынып, түн жамылып жүре отырып Харрар жазығына бесінші күні таңертең жетеді, бірақ құрайыштардың керуені бұл жазықтан кеше өтіп кеткен екен.

Сағд бастаған жасақтың туы да ақ түсті болды және бұл туды сахаба Миқдад ибн Амр көтеріп жүрді.

4. Әбуа немесе Уаддан[2] жорығы.

Һижраның 2-жылы сафар айында (623-жылдың тамызы) Аллаһ елшісі (с.а.с.) бірыңғай муһажирлерден жетпіс адаммен бірге құрайыштардың керуенін тосу үшін өзі бастап жорыққа аттанған, ал өзінің орнына Сағд ибн Ұбаданы Мәдина халқына басшы етіп қалдырған. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бастаған жасақ Уадданға барғанымен құрайыштардың керуенін кездестіре алмаған.

Осы жорықтың кезінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) өзінің тұсында бәну дамра тайпасының басшысы болған Амр ибн Махши әд-Дамримен одақтастық келісім түзген. Аталмыш келісім «Бұл – Аллаһ елшісі Мұхаммедтен бәну дамра тайпасына жазылған шартнама. Олар мал-мүліктері мен жеке бастарына қатысты толық қауіпсіздікте. Әрі олар Аллаһтың дініне қарсы соғыспаса, мұсылмандар әрдайым оларға

[1] Харрар – Мекке мен Мәдинаның шамамен орта тұсында орналасқан әл-Жухфа деп аталатын елді мекеннің маңындағы жазық.

[2] Уаддан – Мекке мен Мәдина қалаларының аралығында орналасқан мекен, оны мен Рабиғ жазығының арақашықтығы Мәдина жақтан жиырма тоғыз миль, ал Әбуа – Уадданның маңындағы орын.

шабуылдаған жауларына қарсы көмектеседі және Пайғамбар оларды өзіне көмектесуге шақырса, олар да көмектесуі керек» деген мазмұнда хатталған.

Бұл мұсылмандардың бас қолбасшысы Пайғамбарымыздың (с.а.с.) өзі бастап аттанған алғашқы жорық болатын, оның кезінде Аллаһ елшісі (с.а.с.) Исламның ақ ордасы Мәдина қаласынан он бес күн жырақта жүрді. Бас қолбасының тұңғыш жорығында мұсылмандардың ақ туы қас батыр Хамза ибн Абдулмутталибтің қолында желбіреді.

5. Буат жорығы.

Һижраның 2-жылы рабиғ әл-әууәл айында (миләди 623-жылдың қыркүйегі) Аллаһ елшісі (с.а.с.) екі жүз сахабасымен бірге құрайыштардың сауда керуенін тосу мақсатында шыққан. Керуенде екі мың бес жүз түйе бар еді, оны Умәййә ибн Халаф әл-Жумахи құрайыштың жүз адамымен қорғап келе жатқан болатын. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Буатқа Радуа[1] тарабымен барған, бірақ торуылдап шыққан керуендерін кездестірмеген.

Буат жорығы кезінде Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзінің орнына Мәдина жұртына Сағд ибн Муғазды басшы етіп қалдырған. Бұл жорықта Исламның ақ туын Сағд ибн Әбу Уаққас алып жүрді.

6. Сәфуан жорығы.

Һижраның 2-жылы рабиғ әл-әууәл айында (миләди 623-жылдың қыркүйегі) Кәрз ибн Жәбир әл-Фиһри мүшріктердің кішігірім қолымен Мәдина шаһарының жайылымдық жерлерін шауып, қала халқының біраз малын тонап алып кеткенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) жетпіс сахабасымен бірге ұрыларды қуып шыққан. Қуғыншылар Бәдір жақтан Сәфуан деп аталатын жазыққа дейін барғанымен, қарақшы Кәрз бен оның серіктеріне жете алмай, соғыссыз кері оралған. Бұл жорық «алғашқы Бәдір жорығы» деп те аталады.

Сәфуан жорығы кезінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдинада Зәйд ибн Харисаны басшы етіп қалдырған. Бұл жолы мұсылман әскерінің ақ туын Әли ибн Әбу Талиб ұстады.

7. Зул-Ғұшайра жорығы.

Һижраның 2-жылы жумәдә әл-улә және жумәдә әл-ахира айларында (миләди 623-жылдың қарашасы мен желтоқсаны) Аллаһ елшісі (с.а.с.) муһажирлерден жүз елу сахабасымен[2] бірге құрайыштардың Шамға жол тартып бара жатқан сауда керуенін тосу үшін шыққан. Құрайыштардың тауарларын тиеген аталмыш керуеннің Меккеден аттанғаны жайлы хабар алған Пайғамбарымыз (с.а.с.) тек еріктілерден ғана жасақ жинақтап, бұл жорыққа шығуға ешкімді мәжбүрлемеген. Содан жүз елу муһажирден

[1] Буат пен Радуа – Жуһайна тауларының Шам жолы жақтағы сілемдері, оны мен Мәдина қаласының арақашықтығы төрт ат шалдырымдай жер.

[2] «Пайғамбармен (с.а.с.) бірге Зул-Ғұшайра жорығына шыққан муһажирлердің саны екі жүз болған» деген де хабар бар.

құралған еріктілер жасағы небәрі отыз түйеге кезектесе, ауысып міне отырып, Зул-Ғушайра деп аталатын жерге жеткен және сол жерде оларға керуеннің осыдан бірнеше күн бұрын өтіп кеткендігі белгілі болған. Аллаһ елшісі (с.а.с.) осы керуенді Шам елінен қайтар жолында тосу үшін екінші қайтара жорыққа аттанған және дәл осы керуен мұсылмандар мен меккелік кәпірлердің арасында Бәдірдегі үлкен шайқастың туындауына әкеліп соққан.

Ибн Исхақтың айтуынша, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Зул-Ғушайра жорығына жумәдә әл-улә айының соңында аттанып, Мәдинаға жумәдә әл-ахира айының бастапқы күндері оралған. Пайғамбардың (с.а.с.) өмір тарихын зерттеушілердің бұл жорыққа мұсылмандар нақты қай айда аттанғаны жайлы ортақ тоқтамға келе алмауларының себебі осы болса керек.

Зул-Ғушайра жорығы кезінде Аллаһ елшісі (с.а.с.) бәну мудлиж бен олардың одақтастары бәну дамра тайпаларымен жауласпау жайлы келісім түзген.

Бұл жорыққа аттанғанында Пайғамбар (с.а.с.) Мәдина жұртына Әбу Сәләмә ибн Абдуләсәд әл-Махзумиді басшы етіп қалдырған. Жорықта мұсылмандар әскерінің ақ туын Хамза ибн Абдулмутталиб көтеріп жүрген.

8. Нахла жорығы.

Һижраның 2-жылы ражаб айында (миләди 624-жылдың қаңтары) Аллаһ елшісі (с.а.с.) Абдуллаһ ибн Жахш әл-Әсәдиді он екі муһажирмен бірге Нахла деп аталатын жерге аттандырған. Жорықта әрбір екі адам бір түйеге кезектесіп, ауыса мініп жүрген.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) жасақ басшысы Абдуллаһ ибн Жахшқа хат жазып берген және хатты екі күншілік жолды артқа тастағаннан кейін ғана оқуды тапсырған. Абдуллаһ ибн Жахш екі күн жүргеннен кейін хатты оқыса, онда ***«Осы хатымды оқығаныңнан соң Мекке мен Таифтың ортасындағы Нахлаға барып түскеніңше жүр. Сол жерде құрайыштардың сауда керуенін аңдып, бізге солардың хабарын біліп кел»*** деп жазылған екен. Абдуллаһ: *«Құп болады»,* – деп, мұны жанындағы серіктеріне хабарлайды және ешкімді мәжбүрлемейтінін, шәһидтікті қалаған адамның бірге жүруін, өлуді қаламаған адамның кері оралуын, ал өзінің сол жаққа аттанатындығын ескертеді. Бірақ онымен бірге шыққан кісілердің ешбірі кері оралмай, барлығы Нахлаға аттанады. Тек жолай Сағд ибн Әбу Уаққас пен Ғұтба ибн Ғазуан өздерінің кезектесіп мініп келе жатқан түйелерін жоғалтып алып, соны іздейміз деп жүріп, жасақтан қалып қойған.

Абдуллаһ ибн Жахш жасағымен бірге жүре отырып Нахлаға барып түседі. Сол жерден құрайыштардың мейіз, тері және өзге де тауарлар тиеген сауда керуені өтеді. Керуенде Амр ибн әл-Хадрами, Абдуллаһ ибн Муғираның ұлдары Осман мен Нәуфәл және бәну муғира әулетінің азат еткен құлы Хакам ибн Кайсан бар еді. Мұсылмандар өзара кеңес құрып: *«Біз соғысуға тыйым салынған ражаб айының соңғы күнінде тұрмыз. Егер бұлармен соғыссақ, қасиетті айдың тыйымын бұзған боламыз. Ал егер*

тағы бір түн тиіспей қоя тұрсақ, бұлар соғысуға тыйым салынған аймаққа кіріп кетеді», – дейді. Сөйтіп мұсылмандар керуенді сол күні шабуды ұйғарады да, олардың бірі Амр ибн әл-Хадрамиді садақпен атып өлтіреді. Содан кейін мұсылмандар жасағы Осман мен Хакамды тұтқынға алады, ал Нәуфәл бұлардың қолына түспей қашып кетеді. Нәтижесінде жасақ олжалы қайтып, Мәдинаға құрайыштардың сауда керуені мен екі тұтқынын алып оралады және олжаның бестен бір бөлігін Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзі ұйғарған орынға жұмсауы үшін ажыратады. Бұл Ислам тарихындағы Пайғамбардың (с.а.с.) ұйғарымына ажыратылған алғашқы үлес болатын әрі осы жорықта алғаш рет кісі өлімі орын алды және алғаш рет тұтқын алынды.

Алайда Аллаһ елшісі (с.а.с.) жасақ мүшелерінің ісін құптамай: ***«Мен сендерге соғысуға тыйым салынған айда ұрыс салуды бұйырмаған едім»,*** – деді және олжаланған керуен мен екі тұтқынға қатысты нақты бір шешім қабылдауды кейінге қалдырды.

Осы оқиғадан кейін мүшріктерге мұсылмандарды Аллаһтың тыйымын рұқсатты санады деп айыптайтын зор мүмкіндік туып, бұл жайында түрлі алып-қашпа қаңқу сөздер көбейіп кетті. Ақыр соңында мұндай даурықпа сөздерге нүкте қоятын уахи түсіп, мүшріктердің ісі мұсылмандардың бұл жасағанынан әлдеқайда үлкен әрі ауыр екендігін ескертті. Аллаһ тағала: **«Олар сенен тыйым салынған ай, ондағы соғыс жайлы сұрайды.** (Оларға): **«Ол айда соғысу үлкен** (қылмыс)**. Ал Аллаһтың жолынан қайтару және Оған қарсы келу, сондай-ақ әл-Харам мешітінен** (тосу) **және оның** (жанындағы) **тұрғындарын одан шығару Аллаһтың алдында одан да үлкен** (қылмыс)**. Фитна кісі өлтіруден үлкен»**[1]**,** – деді.

Түсірілген аят мұсылман сарбаздарының атына кір келтіру үшін мүшріктер көтерген шудың еш орынсыз екенін, Аллаһтың діні Исламға қарсы соғысумен және бұл дінді ұстанушыларға қысым көрсетумен қасиетті тыйымдардың барлығы әлдеқашан бұзылғандығын ашық ескертті. Мұсылмандардың мал-мүліктерін тонауға, пайғамбарларын өлтіруге шешім қабылданғанда, олар елді тонауға, кісі өлтіруге тыйым салынған қасиетті жұртта тұрып жатқан жоқ па еді?! Енді кенеттен бұл тыйымдардың қасиеттілігін орнына келтірген не нәрсе?! Енді бұл тыйымдарды бұзу қалайша күнә, кісі шошырлық іс болып қалды?! Әрине, мүшріктер таратып жүрген қаңқу сөздер арсыздық пен пасықтықтан туған.

Осыдан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұсылмандардың қолына түскен екі тұтқынды құн талап етпестен босатып жіберді және өлтірілген адамның туыстарына кісі құнын төледі.

Бәдір шайқасына дейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) аттандырған жасақтар мен оның өзі қатысқан жорықтар, міне, осылар. Мүшріктер Кәрз ибн Жәбир әл-Фиһридің басшылығымен Мәдина халқының жайылымдағы малдарын шауып алып кеткенге дейін бұл жорықтардың ешқайсысында мал тонау мен

[1] «Бақара» сүресі, 217-аят.

кісі өлімі орын алмаған. Мүшріктер бұдан бұрын да жасап жүрген қасғөйлік істерін былай қойғанда, бұл қақтығыстардың кезінде де арандату әрекеттерін өздері бастаған.

Абдуллаһ ибн Жахштың жорығында орын алған оқиғадан кейін мүшріктер шындап қорқа бастады, олардың көз алдарында шындыққа айналған қатердің сұлбасы тұрды, енді олар өздері қауіптеніп жүрген іске шын тап болды. Мүшріктер Мәдина қаласындағы мұсылмандардың барынша сергек, сақадай сай отырғанын, жауларының барлық сауда қатынастарын көз жазбай бақылап жүргенін, мұсылман сарбаздарының үш жүз милдей қашықтыққа дейін жортуылдап келіп, кісілерін өлтіріп, тұтқынға алып, мал-мүліктерін олжалап, өздері кісі шығынынсыз аман-сау, қанжығаларын майлап қайтуға күштері әбден жететіндігін түсінді, Шам еліне жөнелтетін сауда керуендері әрдайым қатердің астында екендігін аңдады. Бірақ олар адасушылықтарынан естерін жиып, түзулік жолын немесе жуһайна және бәну дамра тайпалары сияқты ымырашылдық тәсілін ұстанудың орнына мұсылмандарға деген өшпенділіктері мен ыза-кектері арта түсті. Ал олардың басшылары мен үлкендері бұрынғысынша мұсылмандарды өз жұрттарында қырып-жойып жіберетіндіктерін айта көкіп, айбат шегулерін жалғастыра берді. Оларды Бәдір шайқасына алып шыққан да өздерінің осы кеудемсоқтықтары еді.

Мұсылмандарға келсек, Аллаһ тағала оларға Абдуллаһ ибн Жахштың жорығындағы оқиғадан кейін, һижраның 2-жылы шағбан айында дін жолында соғысуды міндеттеп, парыз етті және осыған қатысты анық мағыналы аяттарын түсіріп: **«Өздеріңе қарсы соғысқандармен Аллаһ жолында соғысыңдар және шектен шықпаңдар. Ақиқатында, Аллаһ шектен шығушыларды ұнатпайды. Оларды** (соғыстағы жауларыңды) **тапқан жерлеріңде өлтіріңдер. Олар сендерді шығарған жерден** (Меккеден) **сендер де оларды шығарыңдар. Фитна кісі өлтіргеннен де ауыр. Олар әл-Харам мешітінің жанында сендермен соғыспайынша, ол жерде олармен соғыспаңдар. Ал егер сендермен соғысса, оларды өлтіріңдер. Кәпірлердің жазасы осылай. Егер олар тыйылса, ақиқатында, Аллаһ өте Кешірімді, ерекше Рақымды. Олармен бүлік болмағанға дейін және дін Аллаһқа тиісті болғанға дейін соғысыңдар. Егер олар тыйылса, әділетсіздерден басқаға дұшпандық жоқ»**[1], – деді.

Көп ұзамай Аллаһ тағала мұсылмандарға басқа да аяттар түсіріп, оларды шайқасқа ынталандырды, соғысу тәсілін үйретті және оның кейбір үкімдерін түсіндірді. Уахи қазынасы кәпірлермен шайқас бола қалған жағдайда тұтқындарға қатысты үкімдерді белгілеп: **«...Байлауды мықтап бекітіңдер. Содан кейін не игілік етіңдер, не төлем алыңдар. Соғыс жүктерін тастағанға дейін** (осылай жасаңдар)**. Міне, осы! Егер де Аллаһ қалағанда, олардан Өзі есе қайтарар еді. Бірақ** (бұл) **Оның сендердің кейбіріңді кейбіреулермен сынауы үшін. Аллаһ жолында**

[1] «Бақара» сүресі, 190-193 аяттар.

өлтірілгендердің амалдарын Ол ешқашан зая кетірмейді. Ол оларды тура жолға салады және олардың жағдайларын түзетеді. Әрі оларды Өзі оларға танытқан жаннатқа кіргізеді. Ей, иман келтіргендер! Егер Аллаһқа жәрдем берсеңдер, Ол сендерге жәрдем береді және табандарыңды бекітеді»[1] деген аяттармен толықты.

Содан кейін Аллаһ тағала соғысу жайлы бұйрықты естіген кездерінде жүректері дірілдеп, мазасызданғандарды айыптап: **«Ал қашан анық бір сүре түсірілсе және онда соғысу айтылса, жүрегінде дерті барлардың саған өлімнен есінен танып қалғанның қарағанындай қарайтынын көресің. Негізінде, оларға бойсұну және жақсы сөз көбірек лайықты болар еді. Іс шешілген кезде олардың Аллаһқа шыншыл болуы өздері үшін жақсы болар еді»**[2], – деді.

Аллаһ жолында соғысуды міндеттеу, оған ынталандыру және оған дайын болуға бұйыру сол кездегі жағдайлар талап етіп отырған өзекті мәселе еді. Әрбір айбынды қолбасшы әскерінің ісіне қатысты жағдайларға тереңінен үңіліп, оларды барлық күтпеген жағдайларға дайын ұстайтынын ескерсек, онда бәрін Білуші, барлығынан Жоғары Раббымыз Аллаһ туралы не айтуға болады?! Сол кездегі жағдайлар ақиқат пен жалғанның арасындағы қанды күресті талап етіп отырған-ды. Ал Абдуллаһ ибн Жахштың жорығындағы оқиға кеудемсоқ мүшріктердің ар-намысына қатты соққы болды, олардың жанын күйзелтті және оларды бейне бір шоққа аунағандай күйде қалдырды.

Соғысуға бұйырған аяттардың мағынасы мұсылмандар мен меккелік кәпірлердің арасындағы қанды күрестің жақын қалғандығын, онда мұсылмандардың шешуші жеңіске жететіндігін нұсқайды. Аллаһ тағаланың Исламды қорғаушыларға мүшріктерді Меккеден шығаруды бұйырғанына, оларға жеңімпаз әскердің тұтқындарға қатысты үкімдерін үйреткеніне, соғыс жүктерін тастағанға дейін жауласушы кәпірлерді қырып-жоюға нұсқау бергеніне назар аударсақ, бұлардың барлығы мұсылмандардың түбегейлі шешуші жеңіске жететінін меңзейтіндігін көреміз. Бірақ та Аллаһ тағала Өзінің жолында әрбір мұсылман бойындағы бар жігерін жануы үшін бұлардың барлығын астарлап келтірді.

Осы күндерде, һижраның 2-жылы шағбан айында (миләди 624-жылдың ақпаны) Аллаһ тағала құбыланы Бәйт әл-Мақдистен ауыстырып, мұсылмандардың намазда Меккедегі әл-Харам мешітіне бет түзеулерін бұйырды. Мұның пайдасы, осыдан кейін имандары әлсіз және мұсылмандардың қатарына азғыру тудыру мақсатында кірген мұнафық яһудилер Исламнан безіп, өздерінің діндеріне оралды. Осылай мұсылмандардың қатары көптеген опасыздар мен қиянатшылардан тазарып қалды.

Құбыланың ауысуы да мұсылмандар үшін жаңа кезеңнің басталуының, бұл құбыланың болашақта мұсылмандардың қолына өтетіндігінің жаршысы

[1] «Мұхаммед» сүресі, 4-7 аяттар.
[2] «Мұхаммед» сүресі, 20-21 аяттар.

іспеттес-ті. Мұсылмандардың құбыласының жауларының қолында болуы таңғаларлық емес пе?! Ендеше, мұсылмандар ақиқатта болса, күндердің бір күнінде қасиетті құбылаларын жау қолынан азат етулері даусыз шындық еді.

Осындай бұйрықтар мен нұсқаулар мұсылмандардың құлшынысын арттыра түсті, олардың Аллаһ жолында күресуге, дін жауларымен шешуші айқаста кездесуге ынталары күшейді.

ҰЛЫ БӘДІР ЖОРЫҒЫ

Ислам тарихындағы шешуші шайқастардың ең алғашқысы

Бәдір жорығының себебі

Жоғарыда Ғұшайра жорығы кезінде құрайыштардың Меккеден Шам еліне бара жатқан сауда керуені Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әскерінен сытылып қашып кеткені айтылған болатын. Содан оның Шамнан Меккеге оралатын уақыты таяғанда, Пайғамбар (с.а.с.) Талха ибн Ғұбайдуллаһ пен Сағид ибн Зәйдті керуеннің хабарын біліп келулері үшін солтүстікке қарай жіберген. Екеуі Хаура деп аталатын жерге барып, құрайыштардың Әбу Суфйан бастаған керуені өткенше сонда аялдаған. Сонан соң шұғыл түрде тездете Мәдинаға оралып, жағдайды Аллаһ елшісіне (с.а.с.) баяндаған.

Сауда керуені меккеліктердің мол байлығын тиеп шыққан болатын. Оның құрамында тауарлар лық тиеп артылған мың түйе бар еді және бұл тауарлардың құны елу мың алтын динардан кем емес-ті. Осыншама байлықпен жүргеніне қарамастан, керуенді қырық кісідей ғана адам күзетіп келе жатқан болатын.

Бұл мұсылмандар үшін меккеліктерге экономикалық жойқын соққы беруге туа бермес зор сәт еді. Сол үшін де Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларына: ***«Бұл керуенде құрайыштардың мал-мүліктері бар. Оны тосу үшін шығыңдар, бәлкім Аллаһ оны сендерге олжалап берер»,*** – деп жариялады.

Бірақ Пайғамбар (с.а.с.) ешкімге жорыққа шығуын қадап бұйырмады, керісінше, мұны әркімнің түгелдей өз еркіне қалдырды. Өйткені Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл кезде өздерінің керуенмен емес, меккеліктердің әскерімен бетпе-бет келіп, Бәдірде қиян-кескі шайқасқа түсерін күтпеген болатын. Сондықтан да «Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бұл жорығы да бұрынғы жорықтар сияқты қақтығыссыз өтеді» деп ойлаған көп сахабалар жорыққа шықпай, Мәдинада қалып қойған және бұл жорықтан қалып қойғандардың ешбіріне кінә тағылмаған.

Бәдір жорығына шыққан мұсылмандар әскерінің күші және қолбасшылық қызметтерге кімдердің тағайындалғаны

Жорыққа Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге үш жүз оннан астам (313 не 314 немесе 317) жауынгер дайындалды. Олардың сексен екі не сексен үш немесе сексен алтысын муһажирлер, алпыс бірін әус тайпасының, жүз жетпісін хазраж тайпасының өкілдері құрады. Мұсылмандар бұл жорыққа аса бір мән бермеген, дайындықтарын толық қамдамаған болатын. Олардың құрамында небәрі бір немесе екі ат, Зубәйр ибн Аууам мен Миқдад ибн Әсуәд әл-Киндидің аты ғана болды. Сарбаздар өздерімен екі-үш кісі бір түйеге

кезектесе, ауысып мінетін жетпіс түйе алып шықты. Аллаһ елшісі (с.а.с.), Әли және Мәрсәд ибн Әбу Мәрсәд әл-Ғанауи бір түйеге кезектесе мініп жүрді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдина жұртына және олардың жамағат намазына Ибн Умму Мәктумді басшы етіп қалдырды. Бірақ Рауха деп аталатын құдыққа жеткенінде, Мәдинаға басшылық етуі үшін Әбу Лубәбә ибн Абдулмунзирді кері қайтарды.

Пайғамбар (с.а.с.) жалпы әскердің ақ түсті байрағын Мусғаб ибн Ғұмайр әл-Құраши әл-Абдариге тапсырды.

Жорықта Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұсылмандар әскерін екі қосынға бөлді:

1. Муһажирлердің қосыны. Пайғамбар (с.а.с.) қосынның Ғұқаб деп аталатын туын Әли ибн Әбу Талибке ұстатты.

2. Ансарлардың қосыны. Бұл қосынның туын Сағд ибн Муғаз алып жүрді. Екі қосынның туы да қара түсті болды.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) әскердің оң қанатына Зубәйр ибн Ауламды, сол қанатына Миқдад ибн Амрді қолбасшы етіп тағайындады. Жоғарыда айтылғандай, әскердің құрамындағы жалғыз аттылылар сол екеуі болатын. Әскердің ортаңғы шебіне Қайс ибн Әбу Сағсағаны қолбасшылыққа қойды. Ал жалпы әскердің басшылығы бас қолбасшы ретінде Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзінің қолында болды.

Мұсылмандардың әскерінің Бәдірге қарай қозғалуы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) осы әскермен Мәдинадан дайындықсыз жолға шығып, Меккеге апаратын негізгі жолмен жүре отырып, Рауха құдығына дейін барды. Раухадан аттанғанында, Меккенің жолын сол жағында қалдырып, оңға бұрыла, Бәдірге қарай жүрді. Сафра жазығына жақындағанда, Бәсбәс ибн Амр әл-Жуһәни мен Ади ибн Әбу Зағба әл-Жуһәниді керуеннің хабарын барлап қайтулары үшін Бәдірге жіберді.

Меккеліктерге суыт хабардың жетуі

Құрайыштардың сауда керуенінің жайына келсек, оған жауапты Әбу Суфйан барынша абай, сақ жүрген болатын. Ол Меккенің жолы қауіп-қатерге толы екендігін жақсы білетін. Сондықтан Әбу Суфйан жағдайды білуге ұмтылып, өзіне жолыққан жолаушылардан хабар сұрастыра жүреді және күткеніндей «Мұхаммед өзінің сахабаларын керуенді шабу үшін бастап алып шықты» деген хабар алады немесе бұл қауіпті жүрегі сезіп, Дамдам ибн Амр әл-Ғифариді Меккеге баруы үшін жалдайды да, құрайыштардан көмек сұрауға жіберіп, тайпаластарына Мұхаммед пен оның сахабалары керуендерін шабуға шыққандарын, олардың өзін қорғаулары керектігін хабарлауды тапсырады. Дамдам тездете жүріп отырып, Меккеге келеді де, жазықтың ішінде түйесінің үстінде тұрып айқай салады. Ол

түйесінің мұрнын кесіп, жазысын теріс айналдырып, өзінің үстіндегі жейдесін қақ айыра жыртып алған кейіпте: «Уа, құрайыштар қауымы! Керуен!... Керуен!... Әбу Суфйанның қолындағы мал-мүліктеріңді Мұхаммед пен сахабалары шапты. Оны қорғауға жетіп үлгермейсіңдер деп ойлаймын. Көмекке!... Көмекке!...» – деп айғайлайды.

Меккеліктердің жорыққа дайындалуы

Мекке тұрғындары дереу өре түрегеліп: «Мұхаммед пен сахабалары бұл жолы да Ибн әл-Хадрамидің керуені сияқты болады деп ойлай ма? Жоқ, Аллаһпен ант етейік, әлбетте, олар одан өзгеге тап болады», – деп шуласты. Меккеліктерден әрбір адам жорыққа өзі шығуы немесе орнына біреуді жіберуі керек болды. Сөйтіп олар керуендерін қорғауға шығуға бекініп, бұл жорыққа Меккенің барлық атақтылары аттанды, олардан Әбу Ләһәб қана орнына өзіне қарыздар бір кісіні жіберді. Сондай-ақ меккеліктер төңіректеріндегі араб тайпаларын да жинады. Көмекке құрайыш тумаларының ешқайсысы қалмай барлығы шықты, оларға тек бәну ади әулетінен ғана ешкім қосылмады.

Меккеліктердің әскерінің саны

Олардың әскерінің саны жорықтарының басында мың үш жүздей жауынгерден құралған болатын. Әскердің құрамында жүз ат, алты жүз сауыт, нақты саны белгісіз көптеген буралар бар еді. Жалпы әскерге Әбу Жәһл ибн Һишам қолбасшылық етті. Әскерді жабдықтау ісімен құрайыштың атақтыларынан тоғыз кісі айналысты. Олар жауынгерлерді тамақтандыру үшін кей күні тоғыз түйе сойса, кей күні он түйе соятын.

Меккеліктердің бәну бәкір тайпаларына алаңдауы

Осынау қарақұрым әскер жорыққа аттануға бекінгенде, құрайыштар өздері мен бәну бәкір тайпаларының арасындағы дұшпандық пен қақтығысты естеріне алып, бұл тайпалар жорыққа аттанғандарында арт жақтарынан соққы берсе, өздерінің екі оттың ортасында қалуларынан қорқып, алаңдай бастады. Тіпті бұл алаңдаушылық оларды жорыққа шығу ойларынан қайтара жаздады. Бірақ сол кезде оларға Ібіліс бәну кинәнә тайпасының басшысы Сурақа ибн Мәлик ибн Жуғшум әл-Мудлижидің кейпінде келіп: «Кинәнәнің арттарыңнан өздеріңе ұнамайтын ештеңе жасамайтындығына мен кепіл боламын», – деді.

Меккеліктердің әскерінің жолға шығуы

Осыдан кейін меккеліктер, Аллаһ тағала айтқандай, **«паңдана, адамдарға көрсете әрі Аллаһтың жолынан қайтара, жұрттарынан**

шықты»[1], Аллаһ елшісі (с.а.с.) айтқандай, ***«Аллаһқа қарсыласа әрі Оның елшісіне қарсыласа, барлық күштерімен және қару-жарақтарымен келді»***. **«Олар күштері жететініне сеніп таң сәріден оңаша барды»**[2], қызбалана, ашулана, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен оның сахабаларына керуендеріне ауыз салғандары үшін ызалана аттанды.

Меккеліктердің әскері аса жоғары жылдамдықпен солтүстікке, Бәдірге қарай қозғалып, Ғұсфан жазығын, Құдайдты және әл-Жухфаны басып өтті. Әл-Жухфаға жеткендерінде, Әбу Суфйаннан «Негізінде, сендер керуендеріңді және адамдарың мен мал-мүліктеріңді қорғау мақсатында шыққан едіңдер, Аллаһ оларыңды құтқарды, енді кері оралыңдар» деген мазмұндағы жаңа хат алды.

Керуеннің мұсылмандардың әскерінен құтылып кетуі

Әбу Суфйан әдетте негізгі жолмен жүретін, бірақ бұл жолы ол сақтығы мен сергектігін жоғалтпастан, барлау әрекеттерін еселей күшейтіп келе жатқан болатын. Айлакер керуенбасы Бәдірге жақындағанында, керуенін артта қалдырып, оза шығады да, жолында Мәжди ибн Амрді жолықтырып, одан мәдиналықтардың әскері жайлы сұрастырады. Мәжди: «Менің көзіме күдікті ешкім түскен жоқ, бірақ түйеге мінген екі адамды көрдім. Олар мына төбеге түйелерін шөктіріп, местеріне су толтырды да, жүріп кетті», – дейді. Әбу Суфйан дереу олардың түйелерін шөктірген орынға барып, түйелердің тезегінің бірін алып уатады және одан құрма сүйегі шыққанын көріп: «Аллаһпен ант етейін, бұл – ясрибтіктердің мал азығы», – дейді. Сөйтіп ол жылдамдата керуеніне оралып, Бәдірден өтетін солтүстіктегі негізгі жолмен жүрмей, бағытын батысқа, теңіз жағалауына қарай бұрып әкетті. Әбу Суфйан осылай керуенді мәдиналықтардың әскерінің уысына түсуден құтқарып қалды және тайпаластарының әскеріне кері оралуларын бұйырып хат жолдады. Бұл хат меккеліктердің қолдарына әл-Жухфаға жеткендерінде тиді.

Меккеліктердің әскерінің кері оралуға ниеттенуі және олардың арасында бөлінушілік пайда болуы

Әбу Суфйанның хатын алғаннан кейін меккеліктердің әскері кері оралуды қалады, бірақ құрайыштардың шектен шыққаны Әбу Жәһл кердең қаға, паңдана орнынан тұрып: «Аллаһпен ант етейін, Бәдірге бармайынша кері оралмаймыз. Бәдірге барып, сонда үш күн боламыз, түйе соямыз, тамақ жеп, шарап ішеміз, әнші құңдер бізге ән шырқайды. Мұнымызды естіген арабтар қалай әскер тартып шыққанымызды, күшіміздің қандай екендігін біліп, әрдайым бізден сескеніп жүретін болады», – дейді.

[1] «Әнфал» сүресінің 47-аятын қараңыз.
[2] «Қалам» сүресінің 25-аятын қараңыз.

Дегенмен, Әбу Жәһлдің қарсылығына қарамастан, Ахнас ибн Шурайқ әскерге кері оралуға кеңес берді, бірақ құрайыштар оны тыңдамады. Сөйтіп Ахнаспен бірге Меккеге бәну зуһра әулеті ғана қайтты. Ахнас бәну зуһра әулетінің одақтасы әрі олардың осы жорықтағы басшысы болатын. Осылайша Бәдірге бәну зуһра әулетінен ешкім бармады, олардың саны үш жүздей кісі еді. Кейіннен зуһралықтар Ахнас ибн Шурайқтың пікіріне сүйсініп, әрдайым оны тыңдап, құрмет тұтып жүрді.

Бәну һашим әулеті де Меккеге оралуды қалаған еді, Әбу Жәһл оларды қатты қыстап: «Бұлар кері қайтқанымызға дейін бізбен жүреді», – деп тұрып алды.

Сонымен, бәну зуһра әулеті бөлініп кеткеннен кейін меккеліктердің мың жауынгерлік әскері беталыстарын Бәдірге бағыттап, Бәдір жазығының маңындағы құм төбенің артына барып ат шалдырды.

Мұсылмандар әскерінің қысылтаяңға тап болуы

Мәдиналық әскердің барлаушылары әлі Бәдірге жетпеген, жолда Зафран жазығында келе жатқан Аллаһ елшісіне (с.а.с.) Әбу Суфйанның керуені мен құрайыштардың жорығының хабарын жеткізді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзі алған хабарларды саралай отырып, енді қанды шайқастан қашуға ешқандай орын қалмағандығына, сондықтан бұл жерде ержүректік көрсетіп, батылдыққа бару керектігіне көз жеткізді. Себебі, Пайғамбар (с.а.с.) меккеліктердің әскерін сол өңірді тінткілеген күйлерінде қалдыратын болса, бұл құрайыштардың әскери айбынын асқақтатар еді, олардың саяси билігінің құрығын ұзартар еді, араб тайпаларының арасында мұсылмандардың абыройын төмендетер еді. Тіпті бұдан кейін Ислам қозғалысы жансыз денеге айналып қалуы және осы аймақтағы Исламға өшігіп, тісін қайрап жүргендердің барлығы мұсылмандарға жамандық істеуге қорықпастан батыл кірісулері де әрі емес-ті.

Бұған қоса, меккеліктердің әскерінің Мәдинаға дейін келіп, қала аумағында ұрыс салмасына, мұсылмандарды өз үйлерінде шаппасына кепілдік бар ма? Әрине, жоқ. Егер де мәдиналықтардың әскері қандай да бір осалдық танытса, бұл мұсылмандардың атақ-абыройына орасан зор нұқсан келтірер еді.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сахабаларымен кеңес мәжілісін өткізуі

Күтпеген жерден орын алған осы бір қауіпті жағдайға қарап, Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларымен әскери жоғарғы кеңес мәжілісін өткізді. Мәжілісте Пайғамбар (с.а.с.) орын алған жағдайды түсіндіріп, жалпы әскермен және қолбасшыларымен пікір алмасты. Сол кезде адамдардың бір бөлігінің жүректері шайқатылып, қанды шайқасқа түсуден тартынып, қорқып қалды. Аллаһ тағала олар туралы: **«Осылай Раббың сені үйіңнен ақиқат үшін** (Бәдірге) **шығарғанда, иман келтіргендердің бір бөлігі**

(мұны) **қаламаған еді. Олар бейне бір көз алдарында өлімге айдалып бара жатқандай, ақиқат анықталғаннан кейін де сенімен ол жөнінде тартысқан еді»**[1], – деген. Алайда әскердің қолбасшылары қандай шешім болса да тайсалмайтындықтарын жеткізді. Алдымен Әбу Бәкір әс-Сыддық орнынан тұрып, тамаша сөздер сөйледі. Одан кейін Омар ибн әл-Хаттаб орнынан көтеріліп, тамаша сөздер сөйледі. Омардан кейін Миқдад ибн Амр орнынан тұрып: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Аллаһ өзіңе көрсеткенді орында, ал біз сенімен біргеміз. Аллаһпен ант етейік, біз саған Исраилдің ұрпақтары Мұсаға: «Сен Раббың екеуің барып соғысыңдар, ал біз осында отыра тұрамыз», – дегендей сөзді айтпаймыз. Айтарымыз, сен Раббың екеуің барып соғысыңдар, біз де сендермен бірге соғысамыз. Өзіңді ақиқатпен жіберген* (Аллаһ)*пен ант етейін, егер де бізді Бәрк әл-Ғимадқа*[2] *алып жүрсең де, оған жеткеніңе дейін қалмастан ол жаққа сенімен бірге барар едік»*, – деді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) де Миқдадқа жақсы сөздерін арнады және оған игілік тілеп дұға етті.

Алдыңғы сөйлеген үш басшы да муһажирлерден еді, ал олардың сан жағынан әскердегі үлес салмағы ансарлардан аз болатын. Сондықтан да Аллаһ елшісі (с.а.с.) жорықтағылардың көпшілігін құрайтын ансар басшыларының пікірін білгісі келді. Әскердің басым көпшілігін құрағандықтан, соғыс бола қалған жағдайда, негізгі салмақ соларға түсетін, оның үстіне Ақаба келісіміндегі шарттар оларға жұрттарынан тыс жерде соғысуға міндет артпайтын. Алдыңғы үшеуінің сөзін тыңдаған Аллаһ елшісі (с.а.с.) мәселені түйіндеместен: ***«Уа, адамдар! Маған кеңес беріңдер»***, – деп, ансарлардың сөйлегенін қалады. Мұны аңдаған ансарлардың қолбасшысы әрі олардың туын ұстап жүрген Сағд ибн Муғаз: *«Аллаһпен ант етейін, сен біздің сөйлегенімізді қалап тұрған сияқтысың ғой, уа, Аллаһтың елшісі?»* – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Иә»***, – деді. Сонда Сағд: *«Ақиқатында, біз өзіңе иман келтірдік, сенің пайғамбарлығыңды растадық, сен жеткізгеннің ақиқат екендігіне куәлік еттік және осыған, өзіңді тыңдауға әрі бағынуға антымыз бен сертімізді бердік. Қалағаныңды жаса, уа, Аллаһтың елшісі! Өзіңді ақиқатпен жіберген Аллаһпен ант етейік, тіпті бізді мына теңізге апарып, оған сүңгіп кетсең, біз де біріміз қалмай сенімен бірге сүңгіміз. Ертең бізді жаумен бетпе-бет келтіруіңнен де тартынбаймыз, біз соғыста төзімді, шайқаста сенімді жандармыз. Аллаһтың өзіңе біздің тарабымыздан көзіңді сүйіндіретін әрекетті көрсетуін үміт етеміз. Бізді Аллаһтың берекесімен бастап бар»*, – деп ағынан жарылды.

---

[1] «Әнфал» сүресі, 5-6 аяттар.

[2] Бәрк әл-Ғимад – Меккеден бес күншілік қашықтықтағы мекен. Мұнда Миқдад ибн Амр Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұйырса өздерінің кез-келген қашықтыққа аттануға дайын екендіктерін айтқан.

Келесі бір риуаятта Сағд ибн Муғаздың Аллаһ елшісіне (с.а.с.): *«Сірә, сен ансарлардың өзіңе жұрттарында ғана көмектесуге міндеттіміз деп санауынан қорқып отырған боларсың. Мен ансарлардың атынан сөйлеймін әрі олардың атынан жауап беремін. Қалаған жағыңа аттан, қалағаныңмен қатынас орнат, қалағаныңмен қатынасыңды үз, мал-мүліктеріміздің қалағаныңды ал, бізге қалағаныңды бер, біз үшін өзіміздің алғаның алмай қалдырғаныңнан сүйіктірек болады, сен бізге не істі бұйырсаң да, біздің ісіміз өзіңнің бұйрығыңа ереді. Аллаһпен ант етейін, сен Бәрк әл-Ғимадқа дейін барсаң да, біз сенімен бірге барамыз. Аллаһпен ант етейін, бізді мына теңізге апарып, оған сұңғіп кетсең де, сенімен бірге сұңғиміз»*, – дегені келтірілген.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сағдтың жүрекжарды сөздеріне сүйсініп, қуанып қалды. Содан кейін жүрегі жайланған Пайғамбар (с.а.с.) әскеріне: ***«Аттаныңдар және қуаныңдар! Ақиқатында, Аллаһ тағала маған екеуінің бірін[1] уәде еткен болатын. Аллаһпен ант етейін, мен дәл қазір бұл адамдардың жер құшатын орындарын[2] көріп тұрғандаймын»***, – деді.

Мұсылмандар әскерінің жорығын жалғастыруы

Әскерімен бірге Зафран жазығынан аттанған Аллаһ елшісі (с.а.с.) Асафир деп аталатын тау асуларымен жүре отырып, Дия өлкесіне түсті және Ханнан дейтін үлкен құм төбені оң жақта қалдыра, Бәдірдің маңына барып ат шалдырды.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) төңіректі барлауға шығуы

Сол жерден Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзі әрдайым қасынан табылатын жан жолдасы Әбу Бәкір әс-Сыддықпен (Аллаһ оған разы болсын) бірге төңіректі шолып, барлап қайтуға шықты. Екеуі меккеліктердің әскері тұрақтаған орынды маңайлап, шолып жүргенде, бір араб шалды кездестіреді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) шалдан құрайыштар жайлы және өзін білдірмеу үшін Мұхаммед пен оның сахабалары туралы да сұрайды. Бірақ қария: «Қайдан екендіктеріңді айтпасаңдар, сендерге ештеңе айтпаймын», – дейді. Пайғамбар (с.а.с.) оған: ***«Сен айтсаң, біз де айтамыз»***, – деп шарт қояды. Қария: «Тек солай ма?» – деп сұрайды. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Иә»***, – дейді.

Араб шал: «Мен Мұхаммед пен сахабаларының мына, мына күні шыққандарын естідім, маған мұны жеткізген адам рас айтқан болса, бүгінде ол мына, мына мекенге келді», – деп, мәдиналықтардың әскері тоқтаған орынды дәл айтады. Содан кейін ол: «Ал құрайыштардың мына, мына күні шыққандарын естідім, маған мұны жеткізген адам рас айтқан болса, бүгінде

[1] Құрайыштардың сауда керуенін немесе меккеліктермен шайқастағы жеңісті.
[2] Яғни, құрайыштардың шайқас алаңында өлетін орындарын.

олар мына, мына мекенде», – деп, меккеліктердің әскері орналасқан мекенді де тура көрсетеді.

Қария өзі білетін хабарды айтқан соң: «Ал сендер қайдансыңдар?» – деп сұрайды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған: ***«Біз суданбыз»***[1]***,*** – дейді де, жүріп кетеді. Әлгі шал ештеңе түсінбей: «Суданбыз дегені несі? Ирактың суынан ба екен?...» – деп, аузы жыбырлап қала береді.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) меккеліктердің әскері жайлы аса маңызды мәлімет алуы

Сол күні кешке Пайғамбар (с.а.с.) жаудың хабарын білу үшін қайтадан шолғыншылар жіберді. Барлауға муһажирлердің үш қолбасшысы Әли ибн Әбу Талиб, Зубәйр ибн Ауууам және Сағд ибн Әбу Уаққас бір топ сахабалармен бірге шықты. Бәдір құдығына барған олар меккеліктердің әскеріне су алып жатқан екі құлды кездестіреді де, екеуін ұстап, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) әкеледі. Аллаһ елшісі (с.а.с.) намаз оқып тұр еді. Сахабалар екі құлдан жауап алуға кіріседі. Құлдар: «Біз құрайыштардың сушыларымыз, олар бізді өздеріне су әкелуіміз үшін жіберді», – дейді. Сахабаларға бұл жауап ұнамады, олар бұл екеуінің Әбу Суфйанның керуеніндегі құлдар болуын үміт еткен болатын. Олардың жүректерінде керуенді олжалаудың үміт шоғы әлде де бар еді. Осының сезімімен сахабалар қолға түскен екі құлды жандарына батырып ұра бастады, тіпті екеуі: «Біз Әбу Суфйанның құлдарымыз», – деп айтуға мәжбүр болды. Сол кезде адамдар құлдарды ұруларын тоқтатты. Аллаһ елшісі (с.а.с.) намазын аяқтаған соң, сахабаларына айыптағандай үнмен: ***«Сендер бұл екеуін шын айтқан кездерінде ұрдыңдар да, өтірік айтқан кездерінде жайына қалдырдыңдар. Бұл екеуі шындарын айтты. Аллаһпен ант етейін, бұлар – құрайыштың құлдары»,*** – деді.

Содан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) құлдарға бұрылып:

– ***«Маған құрайыштар туралы айтып беріңдер»,*** – деді. Екеуі:

– «Олар мына құм төбенің артында», – деді.

– ***«Олардың саны қанша?»*** – деп сұрады.

– «Көп», – деп жауап берді.

– ***«Олардың жабдықтары қандай?»*** – деп сұрады.

– «Білмейміз», – деді.

– ***«Олар әр күні қанша түйе сояды?»*** – деп сұрады.

– «Кей күні тоғыз, кей күні он», – деп жауап берді.

Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): – ***«Олардың саны тоғыз жүз бен мыңның арасында»,*** – деді. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) құлдардан: – ***«Олардың арасында құрайыштың атақтыларынан кімдер бар?»*** – деп сұрады. Олар: – «Ұтба ибн Рабиға мен Шәйбә ибн Рабиға, Әбул-Бухтури ибн

[1] Пайғамбарымыз (с.а.с.) Адам ұрпақтарының барлығының ұрық суынан пайда болатындығын меңзеген.

Һишам, Хаким ибн Хизам, Нәуфәл ибн Хуайлид, Харис ибн Амир, Туғайма ибн Ади, Надр ибн Харис, Зәмға ибн Әсуәд, Әбу Жәһл ибн Һишам, Умәййә ибн Халаф», – деп тағы да бірнеше кісілердің есімдерін атады.

Бұл есімдерді естіген Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларына бұрылып: ***«Міне, Мекке сендерге ең абыройлыларын жіберіпті»,*** – деген.

Сол түні Бәдірде жаңбыр жаууы

Аллаһ тағала сол түні Бәдірде бір жаңбыр жаудырды да, бұл жаңбыр мүшріктерге қатты нөсерлете құйып, оларды алға жылжытпай тастады, ал мұсылмандарға сіркірей жауып, оларды тазартты, олардан шайтанның азғыруын кетірді, жерді тегістеп, құмды қатайтты, мұсылман әскерінің табандарын бекітті, орындарын ыңғайлады әрі жүректерін нығайтты.

Мұсылмандар әскерінің шайқасқа ыңғайлы орынды мүшріктерден бұрын таңдауы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Бәдір құдығына мүшріктерден бұрын барып, оларды судан тосу мақсатында әскерін бастап қозғалып, кеш түсе Бәдірдегі сулардың ең жақындағысына келіп аялдады. Сол жерде соғыс ісін жақсы білетін Хубаб ибн Мунзир орнынан тұрып: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Бұл орынды Аллаһ өзіңді түсірген, біз бұл жерден ілгері де жүрмеуіміз, кейін де жылжымауымыз керек орын деп санайсың ба әлде бұл өз пікірің және соғыс пен айла-тәсілге орай таңдалды ма?»* – деп сұрады. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Жоқ, бұл менің өз пікірім және соғыс пен айла-тәсілге орай таңдалды»,*** – деп жауап берді. Сонда Хубаб: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Негізінде, бұл жақсы орын емес. Адамдарды алып жүр, біз құрайыштарға ең жақын суға барып тоқтайық және оның артындағы құдықтардың бәрін көміп тастайық. Сонан соң өзіміз тоқтаған құдықтың басына әуіз жасап, оны суға толтырып алайық. Кейін бұл адамдармен соғысқанымызда, бізде су болады да, олар сусыз қалады»*, – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған: ***«Шынымен, сен дұрыс кеңес бердің»***, – деді.

Сөйтіп Пайғамбар (с.а.с.) әскерді орнынан көтеріп, түн ортасында жау жайғасқан орынға ең жақын суға барып тоқтады. Сонан соң мұсылмандар әуіздер жасап, оны суға толтырды да, басқа құдықтардың бәрін көміп тастады.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) үшін басқару орнының жасалуы

Сахабалар судың басына орналасқаннан кейін Сағд ибн Муғаз Аллаһ елшісіне (с.а.с.) күтпеген жағдайларға дайындық әрі мұсылмандар жеңіліске ұшырай қалған күнде сақтық шарасы ретінде әскердің басқару орнын жасауға ұсыныс тастап: *«Уа, Аллаһтың пайғамбары! Сен үшін өзің соның ішінде болатын бір бастырма жасасақ және жанында мінетін*

түйелеріңді дайындап қойсақ қайтеді? Біз жауларымызбен кездескенде, Аллаһ бізді олардан үстем етіп, жеңіске жеткізсе, қалауымыздың орындалғаны. Ал егер басқаша бола қалса, түйелеріңе отырасың да, біздің артымыздағы тайпаластарымызға ораласың. Шындығында, сенің артыңда да көп адамдар қалды, уа, Аллаһтың пайғамбары! Олар сені бізден кем сүймейді. Егер де олар сенің соғысқа тап келеріңді білгенде, сенен қалып қоймас еді. Аллаһ сені солардың көмегімен қорғайды, олар саған адал қатынас жасайды және сенімен бірге соғысады», – деді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сағдқа жақсы сөздерін арнады және оған игілік тілеп дұға етті. Сөйтіп мұсылмандар шайқас алаңының солтүстік-шығыс жағында орналасқан, төменнен соғыс алаңы көрінетін биік төбеге бастырма жасады.

Сондай-ақ, ансарлардың жігіттерінен Сағд ибн Муғаздың басшылығымен басқару орнын қаумалай Аллаһ елшісін (с.а.с.) күзететін бір топ сарбаз іріктеліп алынды.

Әскерді реттеу және шайқас алдындағы түн

Осыдан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) әскерін реттеді[1] және шайқас алаңын аралап жүріп: ***«Аллаһ қаласа, ертең мынау пәленшенің жер құшатын орны. Аллаһ қаласа, ертең мынау пәленшенің жер құшатын орны»***, – деп қолымен көрсете бастады[2]. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) түнді сол жерде ағаш діңіне қарап намаз оқумен өткізді. Ал мұсылмандар түні бойы жайбарақат, көңілдері нұрлана, жүректері сенімге толы күйде, тыныққан, таңертең Раббыларының қуанышты хабарларын өз көздерімен көруді үміт еткен халде жатты. Аллаһ тағала: **«Сол кезде Ол сендерге өз тарабынан бір тыныштық ретінде қалғу жіберген еді. Әрі сендерге өздеріңді тазарту, сендерден шайтанның азғыруын кетіру, жүректеріңді күшейту және табандарыңды бекіту үшін аспаннан су түсірген еді»**[3], – деген.

Бұл һижраның 2-жылы рамазан айының он жетісі, жұма күнінің түні еді, ал Мәдинадан Аллаһ елшісі (с.а.с.) осы айдың сегізіне немесе он екісіне шыққан болатын.

Меккеліктердің әскерінің шайқас алаңына шығуы және олардың арасында алауыздық пайда болуы

Құрайыштарға келсек, олар да түндерін әл-Ғудуат әл-қусуа деп аталатын жердегі әскери қосынында өткізіп, таңертең бүкіл жасақтарымен келіп, құм

[1] Мұны ат-Тирмизи «Жамиъында» (жиһад тарауларында «Сап пен реттеуге қатысты айтылғандар» деп аталатын тарауда, 1/201) риуаят еткен.

[2] Бұл жайлы Муслим Әнәстан жеткізген хадисте айтылған (қ.: «Мишкәт әл-масабих» (2/543)).

[3] «Әнфал» сүресі, 11-аят.

төбеден Бәдір жазығына қарай ағылды. Олардың бір тобы мұсылмандардың су қамдаған әуізіне беттеген еді, Пайғамбар (с.а.с.) әскеріне: ***«Бұларға тиіспеңдер»,*** – деп бұйырды. Сол күні бұл әуізден су ішкендердің Хаким ибн Хизамнан басқасының барлығы өлтірілді. Олардан Хаким ибн Хизам ғана тірі қалып, кейіннен Исламды қабылдаған және дін жолын жақсы ұстанған. Осыдан ол ант ететін болса: *«Жоқ, мені Бәдір күнінде құтқарған Аллаһпен ант етейін»,* – деп айтатын-ды.

Құрайыштар жазыққа келіп тоқтаған соң, Ғұмайр ибн Уаһб әл-Жумахиді мәдиналықтардың әскерінің қандайлық күшке ие екендігін біліп келуі үшін жіберді. Ғұмайр сәйгүлігімен мұсылмандардың әскерін айнала шолып шықты да, құрайыштарға оралып: «Үш жүз кісі, одан сәл артық немесе кем болуы мүмкін. Маған тағы да мұрсат беріңдер, олардың тасада торуылдап тұрғандары немесе соңынан келіп қосылатындары бар ма екен, соны көріп келейін», – деді. Содан кейін ол жазықты бойлай ұзақтап барғанымен, сезікті ештеңе көрмеді де, тайпаластарына қайтадан оралып: «Сезікті ештеңе көрмедім. Бірақ мен, уа, құрайыштар, апаттардың өлімдер әкелетінін көргенмін, Ясрибтің түйелері нақ өлім әкеле жатыр. Бұл адамдарда қылыштарынан өзге қорғанар да, сүйенер де ештеңе жоқ. Аллаһпен ант етейін, олардың әрбір адамы сендердің біреуіңді өлтірмейінше өлтіріледі деп ойламаймын. Олар сендерден өздеріндей адамды өлтірсе де, бұдан кейінгі өмірдің не жақсысы бар? Енді өз шешімдеріңді қабылдаңдар», – деді.

Сол кезде шайқасамыз деп табандап жүрген Әбу Жәһлге қарсы, әскерді ұрысқа кіргізбей Меккеге алып қайтуға үндеген тағы бір қарсылық пайда болды. Хаким ибн Хизам адамдарды аралап жүріп, Ғұтба ибн Рабиғаға келеді де: «Уа, Әбул-Уәлид! Шындығында, сен құрайыштардың үлкенісің әрі басшысысың, олар сені тыңдайды. Сен уақыттың соңына дейін ел ішінде жақсы атың қалуын қалайсың ба?» – дейді. Ғұтба: «Ол не, ей, Хаким?» – деп сұрайды. Хаким: «Адамдарды алып кері қайт және одақтасың Амр ибн әл-Хадрамимен болған істі[1] ұмыт», – деп кеңес береді. Ғұтба: «Мен солай жасайын, сен маған бұл үшін кепіл боласың, өйткені ол менің одақтасым, сондықтан мен оның құн төлемін және қолды болған мал-мүлкін қайтаруға міндеттімін», – дейді.

Бұл әңгімеден соң Ғұтба Хакимге: «Сен Ханзалияның ұлына[2] бар. Өйткені мен адамдардың арасында соның ғана дау тудыруынан қорқамын», – деп тапсырады.

Осыдан кейін Ғұтба ибн Рабиға орнынан тұрып, жұрт алдында сөз сөйлеп: «Уа, құрайыштар қауымы! Аллаһпен ант етейін, шындығында, сендер Мұхаммедпен және оның сахабаларымен бетпе-бет келумен ештеңе істей алмайсыңдар. Аллаһпен ант етейін, егер оны өлтірсеңдер де, бір кісі бір кісінің бетіне жеккөре қарауын қоймайды, біреу біреудің көкесінің

[1] Амр ибн әл-Хадрами Нахла жорығында мұсылмандардың қолынан қаза тапқан болатын.

[2] Яғни, Әбу Жәһлге, Ханзалия – оның анасының есімі.

баласын не нағашысының ұлын немесе руласын өлтірген болады. Сондықтан кері қайтыңдар, ал Мұхаммедті өзге арабтарға қалдырыңдар. Егер өзге арабтар оны өлтірсе, қалауларыңның орындалғаны, ал егер басқаша болса, оның сендерге қолы жетеді де, сендер одан қалағандарыңа жете алмайсыңдар», – дейді.

Ғұтбамен сөйлескен Хаким сауытын сайлап жатқан Әбу Жәһлге барып: «Уа, Әбул-Хакам! Ғұтба мені мына, мына шаруамен жіберді», – дейді. Мұны естіген Әбу Жәһл: «Аллаһпен ант етейін, Мұхаммед пен сахабаларын көргенде оның жүрегі ұшып кетіпті ғой. Жоқ, Аллаһпен ант етейін, Аллаһ біз бен Мұхаммедтің арасын шешкенге дейін кері оралмаймыз. Ғұтба неге бұлай деді екен, ол Мұхаммед пен сахабаларының саны бір түйенің етін жерлік[1] адам ғана екенін көрді ғой. Айтпақшы, олардың арасында Ғұтбаның баласы бар, ол сендерден сол үшін қорқып отыр», – деп түйеді.

Ғұтбаға Әбу Жәһлдің: «Аллаһпен ант етейін, оның жүрегі ұшып кетіпті ғой», – деп айтқаны жеткенде, Ғұтба ашуланып: «Әлі-ақ ол осырақ менің бе әлде өзінің бе, нақ кімнің жүрегі ұшып кеткенін білетін болады», – деп ызаланады. Бұл қарсылықтың күшейіп кетуінен қорыққан Әбу Жәһл дереу, осы әңгіменің артынша Абдуллаһ ибн Жахштың жортуылында өлтірілген Амр ибн әл-Хадрамидің бауыры Амир ибн әл-Хадрамиге адам жіберіп: «Сенің мына одақтасың (яғни Ғұтба) адамдарды алып кері оралуды қалайды, ал сен кегіңді көзіңмен көріп тұрсың. Ендеше, орныңнан тұр да, құқығыңды талап ет, бауырыңның өліміне сұрау сал», – деп сәлем айтады. Әбу Жәһлдің айтағына ерген Амир орнынан тұрып, құйрығын жалаңаштап: «Амрім-ай! Амрім-ай!» – деп бақырады. Мұны көрген адамдар қызбалыққа беріліп, жоспарларын нықтап, өздері ойларына алған жамандықты іске асыруға шындап бекінді. Осылай Әбу Жәһл Ғұтбаның пікірін адамдарға өткізбей тастады да, ессіздік даналықты жеңіп кетті. Сөйтіп соғыспау туралы бұл қарсылық та еш нәтиже бермеді.

Екі әскердің бір-бірінің қарасын көруі

Мүшріктер шайқас алаңына шығып, екі жақ бір-бірінің қарасын көрген кезде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Раббысына: ***«Уа, Аллаһ! Міне, құрайыштар паңдана, мақтана, Өзіңе қарсы шығып әрі елшіңді өтірікші санап келді. Уа, Аллаһ! Маған уәде еткен жәрдеміңді бер. Уа, Аллаһ! Бұлардың бүгінгі таңда белін шойыр»,*** – деп дұға етті. Сол кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардың арасындағы қызыл бураға мінген Ғұтба ибн Рабиғаны көріп: ***«Бұлардың ішіндегі біреуде жақсылық болса, ол мына қызыл бураның иесінде. Егер бұлар оны тыңдаса, туралық табады»,*** – деген болатын.

[1] Яғни, жүз шақты. Аллаһ тағала мүшріктерге мұсылмандардың санын аз көрсеткен болатын. Бұл туралы Құранда: **«Сол уақытта** (жаумен) **кездескен кездеріңде, Аллаһ болатын істі жүзеге асыру үшін оларды сендердің көздеріңе аз әрі сендерді де олардың көздеріне аз көрсеткен еді»**, – делінген **(Әнфал, 44).**

Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұсылмандардың саптарын түзеуге кірісті және олардың саптарын түзеп жатқанда бір таңғажайып іс болды. Пайғамбар (с.а.с.) қолына ұшталмаған қауырсынсыз жебе ұстап, сонымен әскердің сапын түзеп жүр еді. Сәуәд ибн Ғазия (Аллаһ оған разы болсын) саптан алға шығып кеткен болатын. Пайғамбар (с.а.с.) жебемен оның ішінен түртіп: ***«Сап түзе, ей, Сәуәд!»*** – деді. Сәуәд: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Сен менің тәнімді ауырттың, енді менің есемді қайтар»*, – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) ішін ашып: ***«Есеңді ал»***, – деді. Бірақ Сәуәд оны құшақтап, ішінен сүйді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Сені бұлай жасауға не итермеледі, ей, Сәуәд?»*** – деп сұрады. Сәуәд: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Ақиқатында, өзің көріп тұрған жағдай келді. Сондықтан өзіңмен соңғы жолығуым терімнің теріңе жанасуы болуын қаладым»*, – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған игілік тілеп дұға етті.

Әскердің саптарын түзеп болған соң, Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға өзінің соңғы бұйрығын алмайынша шайқасты бастамаулары жайлы жарлығын жариялады. Сонан соң оларға соғыс ісіне қатысты тікелей нұсқау беріп: ***«Олар сендерге жақындағанда, садақпен атқылаңдар, бірақ жебелеріңді*** (тауыспай) ***қалдырыңдар[1]. Олар сендерге шабуылдамайынша қылыштарыңды қынынан суырмаңдар[2]»***, – деді. Содан кейін Пайғамбар (с.а.с.) Әбу Бәкірді ертіп, өзіне дайындалған бастырмаға оралды. Ал Сағд ибн Муғаз күзетшілер жасағымен бастырманың алдында тұрды.

Мүшріктерге келсек, сол күні Әбу Жәһл мұсылмандар мен өздерінің араларына шешім шығарылуын сұрап: «Уа, Аллаһ! Ішіміздегі туыстық қатынасты көбірек үзгеннің және бізге өзіміз білмейтінді әкелгеннің бүгінгі таңда белін шойыр. Уа, Аллаһ! Қайсымыз Саған көбірек сүйікті әрі алдыңда көбірек ұнамды болсақ, бүгін соған жәрдем бер», – деді. Осыған қатысты Аллаһ тағала: «(Ей, мүшріктер!) **Егер шешім шығарылуын сұраған болсаңдар, міне, сендерге шешім шығарылды. Егер тыйылсаңдар, бұл өздерің үшін қайырлы. Ал егер** (соғысуға) **қайтсаңдар, Біз де қайтамыз. Топтарың қанша көп болса да, сендерге ешқандай пайда бермейді. Өйткені, Аллаһ иман келтіргендермен бірге»**[3] деген аятын түсірді.

Қарулы шайқастың басталуы

Арадағы қарулы шайқасты меккелік Әсуәд ибн Абдуләсәд әл-Махзуми бастады. Ол мінезі нашар, содыр кісі болатын. Ә дегеннен-ақ ол: «Аллаһқа серт беремін, қазір мен олардың әуізінен су ішемін не оны қиратамын немесе осы үшін өлемін», – деп алға ұмтылды. Мұсылмандардан оған қарсы Хамза ибн Абдулмутталиб суырылып шығып, әуізге жақындап қалған оны

[1] Қ.: «Сахих әл-Бұхари» (2/568).
[2] Әбу Даудтің «Сунәнінде» келген қылыштарды қынынан жаумен кездескенде суыру туралы тарауды қараңыз (2/13).
[3] «Әнфал» сүресі, 19-аят.

қылышымен шауып, аяғын балтырының жартысынан қырқып түсірді. Әсуәд шалқасынан құлап, аяғынан жолдастары жаққа қан атқылап жатты. Содан кейін ол әуізге қарай сүйретіле еңбектеп, антын орындау үшін өзін әуізге тастады. Әуіздің ішіне түскен оны Хамза екінші рет қылышымен шауып, өлім құштырды.

Екі жақтың батырларының жекпе-жекке шығуы

Әсуәд әл-Махзумидің қазасы шайқас отын маздатқан алғашқы кісі өлімі болды. Одан кейін құрайыштың таңдаулы аттылы сарбаздарынан үш кісі – Ұтба ибн Рабиға мен оның бауыры Шәйбә ибн Рабиға және Уәлид ибн Ұтба алға шықты. Бұл үшеуі де бір отбасының мүшелері еді. Олар саптан бөлініп шыққан соң, мұсылмандардан жекпе-жек талап етті. Оларға қарсы ансарлардың үш жігіті – Афра есімді әйелдің ұлдары Ауф ибн Харис пен Муғауиз ибн Харис және Абдуллаһ ибн Рауаха шықты. Жекпе-жек күтіп тұрған үш құрайыш бұлардан: «Сендер кімсіңдер?» – деп сұрады және *«Біз ансарлардың сапындағы адамдармыз»* деген жауап алған соң: «Әрине, сендер бізге тең, құрметті адамсыңдар, бірақ біз сендермен емес, көкеміздің балаларымен жекпе-жекке түсуді қалаймыз», – деді. Содан кейін олардың біреуі: «Ей, Мұхаммед! Бізге өз тайпаластарымыздан теңдестерімізді шығар», – деп дауыстады. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Сен шық, ей, Ұбайда ибн Харис! Сен шық, ей, Хамза! Сен шық, ей, Әли!»*** – деді. Үшеуі шығып, құрайыштарға жақындағанда, олар: «Сендер кімсіңдер?» – деп сұрады. Үшеуі кім екендіктерін айтты. Меккеліктердің жекпе-жекшілері: «Сендер бізге тең, құрметті адамсыңдар», – деді. Сөйтіп жекпе-жекке таңдалған мұсылман батырларының ең жасы үлкені Ұбайда Ұтба ибн Рабиғамен, Хамза Шәйбә ибн Рабиғамен, ал Әли Уәлид ибн Ұтбамен сайысты. Хамза мен Әли қарсыластарына мұрша берместен жер құштырды. Ал Ұбайда қарсыласымен екі соққы қылыш жұмсасып, екеуі де бір-бірін жарақаттады. Сол кезде Әли мен Хамза Ұтбаға тап беріп, оны өлтірді де, Ұбайданы жекпе-жек алаңынан көтеріп алып кетті. Ұбайданың аяғы кесіліп кеткен болатын, Бәдір шайқасынан кейін төрт-бес күн тіл тартпай жатып, мұсылмандар Мәдинаға қайтып келе жатқан жолда, Сафра деп аталатын жерде көз жұмды, Аллаһ оған разы болсын.

Әли ибн Әбу Талиб **«Міне, мына дауласушы екі жақ Раббылары жайында дауласты»**[1] деген аяттың өздеріне қатысты түскендігіне Аллаһпен ант ететін.

[1] «Хаж» сүресі, 19-аят.

Мүшріктердің жаппай шабуылға шығуы

Бұл жекпе-жек ә дегеннен үш бірдей ең таңдаулы аттылы сарбаздары мен қолбасшыларын жоғалтқан мүшріктерге кері әсерін тигізді. Осыдан кейін меккеліктер ашуға мініп, мұсылмандарға барлығы бірдей лап қойды.

Ал мұсылмандар Раббыларынан жәрдем, көмек тілеп, Оған ниеттерін тазартып, жалбарынғандарынан кейін, мүшріктердің үздіксіз шабуылдарын орындарынан тапжылмай, қорғаныс тәсілін ұстана, бір-біріне үн қосып: «(Аллаһ) *Жалғыз,* (Аллаһ) *Жалғыз»,* – деп қайталаған күйлері қарсы алып тұрды және жауларына орасан зор шығын келтірді.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Раббысына жалбарынуы

Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келсек, мұсылмандардың саптарын реттеп, басқару орнына оралғалы бері Раббысына жалбарынып, уәде еткен жәрдемін беруін сұраумен және құбылаға қарап, қолдарын созып: ***«Уа, Аллаһ! Маған уәде еткеніңді орында. Уа, Аллаһ! Өзіңнен уәдеңді орындауыңды сұраймын»,*** – деп тілеумен болды. Тіпті шайқас қызып, соғыстың оты маздап, шегіне жеткенде, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Уа, Аллаһ! Бүгін*** (Исламды ұстанушылардан) ***осы топты жойып жіберсең,*** (жер бетінде) ***Саған құлшылық етілмейді. Уа, Аллаһ! Егер қаласаң, бүгіннен кейін Саған ешқашан құлшылық етілмейді»,*** – деп дауыстап жалбарынуға кірісті. Оның қолдарын созып, құбылаға қарап, Раббысына тынбай дауыстап жалбарынғаны сондай, иығынан ридасы түсіп кетті. Сонда Әбу Бәкір келіп, оның ридасын алып, иығына жапты. Содан кейін оны арқа жағынан құшақтап: *«Уа, Аллаһтың пайғамбары! Раббыңа жеткілікті түрде жалбарындың ғой. Әлбетте, Ол саған уәде еткенін орындайды»,* – деді.

Сонда Аллаһ тағала періштелеріне: **«Мен сендермен біргемін. Иман келтіргендерді бекітіңдер. Кәпірлердің жүректеріне үрей тастаймын. Олардың мойындарының үстінен ұрыңдар әрі оларды әрбір буынынан ұрыңдар»**[1]**,** – деп уахи етті және пайғамбарына **«Сол кезде сендер Раббыларыңнан жәрдем тілеуде едіңдер. Сонда Ол: «Сендерге бірінен соң бірі тізілген мың періштемен көмек беремін» – деп жауап берді»**[2] деген аятын түсірді. Осылай Аллаһ тағала мұсылмандарға бірден түспестен, бір-бірінің соңынан топ-топ болып келетін періштелермен көмек беретіндігін хабарлады.

Періштелердің түсуі

Аллаһ елшісі (с.а.с.) бір сәт қалғып кетті де, сосын басын көтеріп: ***«Қуана бер, ей, Әбу Бәкір! Міне, мынау – шаңдатып келе жатқан Жәбірейіл»,*** –

[1] «Әнфал» сүресі, 12-аят.
[2] «Әнфал» сүресі, 9-аят.

деді. Мұхаммед ибн Исхақтың риуаятында Аллаһ елшісінің (с.а.с.): ***«Қуана бер, ей, Әбу Бәкір! Аллаһтың жәрдемі келді. Міне, мынау – атын жүгенінен ұстап басқарып, шаңдатып келе жатқан Жәбірейіл»***, – дегені келтірілген.

Раббысының жәрдемін көрген Аллаһ елшісі (с.а.с.) сауытымен секіре, бастырмадан шықты және: **«Таяуда топ жеңіледі және арттарына бұрылып кетеді»**[1], – деп қайталай берді. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) жерден бір уыс қиыршық тас алды да, құрайыштарға қарап: ***«Беттер бұзылсын!»*** – деді және қолындағы қиыршықты олардың беттеріне қарата шашты. Сонда мүшріктерден көзіне, танауына, аузына қиыршық құм кірмеген ешкім қалмады. Осыған қатысты Аллаһ тағала: **«**(Ей, Мұхаммед!) **Лақтырған кезіңде сен лақтырған жоқсың, оны Аллаһ лақтырды»**[2] деген аятын түсірген.

Мұсылмандардың қарсы шабуылға шығуы

Осыдан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) әскеріне қарсы шабуылға шығу жайлы соңғы жарлығын жариялап: ***«Алға!»*** – деді және оларды шайқасқа ынталандырып: ***«Мұхаммедтің жаны қолында болған*** (Аллаһ)***пен ант етейін, бүгін қайсыбір кісі бұлармен соғысып, сабырлы, Аллаһтан сый үміт еткен, кері бұрылмай алға ұмтылған қалпында мерт болса, Аллаһ оны міндетті түрде жаннатқа кіргізеді»***, – деп уәде етті. Мұсылмандарды жан аямай соғысуға үндеп: ***«Ені аспандар мен жердей болған жаннатқа қарай тұрыңдар»***, – деді. Ғұмайр ибн Хумам әл-Ансари: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Жаннаттың ені – аспандар мен жердей ме?»* – деп сұрай бастады. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Иә»***, – деді. Ол: *«Пах! Пах!»*[3] – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) одан: ***«Сенің «Пах! Пах!» деп айтуыңа не себеп болды?»*** – деп сұрады. Ол: *«Жоқ, уа, Аллаһтың елшісі! Аллаһпен ант етейін,* (маған оны айтқызған) *оның тұрғындарынан болу үміті ғана»*, – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Шындығында, сен оның тұрғындарынан боласың»***, – деді. Сонда Ғұмайр дорбасынан бірнеше кептірілген құрма шығарып, оларды жеуге кірісті. Содан кейін ол: *«Егер мен осы құрмаларымды жеп болғанымша тірі болсам, ақиқатында, бұл ұзақ өмір болады»*, – деді. Сөйтіп ол өзіндегі қалған құрманы лақтырып тастап, мүшріктермен мерт болғанына дейін шайқасты[4].

Сол сияқты шайқастың алдында Ибн Афра Ауф ибн Мәлик: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Раббыны пендесінің қандай ісі разы етеді?»* – деп сұрады және Пайғамбардан (с.а.с.): ***«Оның жауға сауыт, қалқансыз жалаң денесімен қол салғаны»***, – деген жауап алған ол да үстіндегі сауытын

[1] «Қамар» сүресінің 45-аятын қараңыз.
[2] «Әнфал» сүресі, 17-аят.
[3] Әлденеге сүйсінуді әрі оның маңызының үлкендігін білдіретін одағай сөз.
[4] Хадисті Муслим риуаят еткен, 2/139 (қ.: «Мишкәт әл-масабих», 2/331).

шешіп, лақтырып тастап, қылышын ғана алып шықты да, меккеліктерге мерт болғанына дейін атой салды.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) қарсы шабуылға шығуға жарлық берген уақытта жау әскері шабуылдарының екпіні мен қызуы басылған болатын. Дәл осы уақытта қарсы шабуылға шығуды ұйымдастырған дана жоспар мұсылман әскерінің жағдайын күшейтуге зор ықпал жасады. Өйткені мұсылмандар алға ұмтылуға, шабуылға шығуға жарлық алған кез олардың шайқасқа деген құлшыныстарының нағыз оянған шағы еді. Сондықтан да олар жойқын да сұрапыл шабуыл жасап, жау әскерінің саптарын бұзып, бастарын шабуға кірісті. Оның үстіне, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қуанғанынан сауытымен секіре, кесімді әрі ашық түрде: **«Таяуда топ жеңіледі және арттарына бұрылып кетеді»**, – деп қайталағанын көргендері де олардың құлшыныстары мен жігерлерін арттыра түсті. Сөйтіп мұсылмандар аянбай шайқасты және оларға періштелер көмектесті. Ибн Сағдтың риуаятында Икриманың: *«Сол күні бір кісінің басы кесіліп түсетін, бірақ оны кім шауып түсіргенін ешкім білмейтін, ал біреудің қолы кесіліп түсетін, оны да кім шауып түсіргенін ешкім білмейтін»*, – дегені келтірілген. Осыған ұқсас оқиғаны Ибн Аббас та әңгімелеп: *«Сол күні мұсылмандардан бір кісі алдындағы бір мүшрік кісіні қуып келе жатқанда, кенеттен төбе жағынан қамшы соққысын және аттылы біреудің: «Алға, Хайзум[1]!» – деген дауысын естиді. Ол алдындағы мүшрікке қараса, ол шалқасынан құлап жатыр екен. Оған қараса, оның мұрны бұзылған және беті қамшының ізі сияқты тілінген екен. Бетінің барлығы көгеріп кетіпті. Ансарлық келіп, мұны Аллаһ елшісіне (с.а.с.) айтқанда, ол: **«Рас айтасың. Бұл үшінші аспанның көмегінің бірі»**, – деді»*, – деген[2]. Әбу Дауд әл-Мазинидің де: *«Мен мүшріктерден бір кісіні қылышыммен шабу үшін қуып келе жатқанмын, кенеттен оның басы менің қалышым жетпей тұрып домалап түсті. Мен оны өзге біреудің өлтіргенін білдім»*, – дегені риуаят етілген. Ансарлардан бір кісі Аббас ибн Абдулмутталибті тұтқындап әкелгенде, Аббас: «Аллаһпен ант етейін, мені бұл тұтқындаған жоқ. Негізінде, мені қара-ала атқа мінген, самай шашы жоқ, адамдардың жүзі ең шырайлыларынан бір кісі тұтқындады. Оны сендердің араларыңнан көрмей тұрмын», – дейді. Ансарлық: *«Оны мен тұтқындадым, уа, Аллаһтың елшісі!»* – дегенде, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Үндеме! Шындығында, Аллаһ саған бір құрметті періштемен қолдау көрсетті»***, – депті.

Ібілістің шайқас алаңынан қашып кетуі

Жоғарыда жорыққа аттанар алдында құрайыштар бәну бәкір тайпаларының арт жақтарынан соққы беруінен қорқып, алаңдағанда, оларға Ібілістің бәну кинәнә тайпасының басшысы Сурақа ибн Мәлик ибн Жуғшум

[1] Періште мінген аттың есімі.
[2] Мұны Муслим (2/93) және басқалар риуаят еткен.

әл-Мудлижидің кейпінде келіп, кинәнәнің арттарынан шабуыл жасамайтындығына кепіл болғаны айтылған-ды. Содан бері Ібіліс меккеліктерден бір елі ажырамай бірге келе жатқан болатын. Ол періштелердің мүшріктерді қырып жатқанын көргенде, артына бұрылып, қаша жөнелді. Оны Сурақа деп ойлаған Харис ибн Һишам шаужайына жабысып, жібермеуге тырысты. Бірақ Ібіліс оны кеудесінен ұрып құлатып, қашып шықты. Мүшріктер оған: «Сен қайда барасың, ей, Сурақа? Сен бізге қорған болатыныңды, бізді тастамайтыныңды айтпап па едің?» – деп айқайлады. Ал ол: «Негізінде, мен сендер көрмейтінді көремін. Шынтуайтында, мен Аллаһтан қорқамын. Аллаһ жазалауда қатты», – деп, қашқан күйі барып, өзін теңізге тастап жіберді.

Меккеліктердің ойсырай жеңілуі

Мүшріктердің сапында сәтсіздік пен шайқатылудың белгілері байқалып, олардың саптары мұсылмандардың тегеурінді шабуылдарына төтеп бере алмай ыдырай бастады. Шайқас аяқталуға таяп, мүшріктер жан-жаққа бытырап, бас сауғалап қашуға кірісті. Ал мұсылмандар олардың соңдарына түсіп, біразын тұтқынға алды, біразын өлтірді. Осылай жау әскері бұл шайқаста толықтай жеңіліс тапты.

Әбу Жәһлдің табандылығы

Құрайыштардың ең үлкен озбыры Әбу Жәһл әскерінің сапындағы шайқатылудың алғашқы белгілерін байқағанда-ақ мұсылман әскерінің тасқынына төтеп беруге тырысып бақты. Ол әскерін жігерлендіруге кірісті және ызалана, қарсыласа: «Сурақаның сендерді тастап кеткені сақтарыңды сындырмасын, ол Мұхаммедпен келісіп алған. Ғұтба мен Шәйбәнің және Уәлидтің өлтірілгені сендерді үрейлендірмесін, олар асығыстық жасады. Латпен және Ғұззамен ант етейін, біз бұларды арқандармен қосақтап байлағанымызға дейін кері оралмаймыз. Сендердің біреуіңнің олардан біреуді өлтіргенін көрмейтін болайын, оларды тірідей қолға түсіріңдер, оларға жасаған істерінің жамандығын танытайық», – деді.

Бірақ көп ұзамай Әбу Жәһл бұл менмендігінің бос сандырақ екенін түсінді, мұсылмандардың жойқын шабуылына төтеп бере алмаған мүшріктердің саптары сөгіле бастады. Ақыр соңында Әбу Жәһлдің жанында мүшріктердің бір тобы ғана қалды. Олар оны орталарына алып, қылыштарымен және найзаларымен қорған құрып тұрды. Алайда мұсылмандардың сұрапыл шабуылы олардың қорғанын да ыдыратып, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сарбаздары атына мініп атой салып жүрген Әбу Жәһлді көрді.

Әбу Жәһлдің өлтірілуі

Абдур-Рахман ибн Ауф: *«Бәдір күні* (жауынгерлер) *сапында тұрғанымда, оң жағыма және сол жағыма қарадым. Сөйтсем мен ансарлардан екі жас жігіттің* (ортасында тұр) *екенмін. Мен ол екеуінен күштірек* (біреулердің) *арасында болуды қаладым. Сонда ол екеуінің бірі маған көзімен белгі беріп:*

– Уа, көке! Сен Әбу Жәһлді танисың ба? – деп (сұрады).

– Иә, онда не қажетің бар, ей, бауырымның ұлы? – дедім.

– Мен оның Аллаһ елшісіне (с.а.с.) тіл тигізіп жүргенін естідім. Жаным қолында болған (Аллаһ)*пен ант етейін, егер оны көрсем, бізден* (біреуіміз) *бірінші өлгенше, одан ажырамаймын, – деді. Мен бұған таңғалып қалдым. Сонда екіншісі де маған көзімен белгі беріп, дәл сол сияқтыны айтты. Көп өтпей-ақ адамдардың арасында жүрген Әбу Жәһлді көріп: «Міне, мынау сендердің сұраған кісілерің», – дедім. Сонда екеуі оған қылыштарымен тап берді де, шауып өлтірді. Сосын екеуі Аллаһ елшісіне (с.а.с.) барып хабар берді.* (Пайғамбар (с.а.с.)): ***«Оны қайсың өлтірдіңдер?»*** *– деп* (сұрады). *Екеуінің әрбірі: «Оны мен өлтірдім», – деді.* (Пайғамбар (с.а.с.)): ***«Қылыштарыңды сүрттіңдер ме?»*** *– деп* (сұрады). *Екеуі де: «Жоқ», – деді.* (Пайғамбар (с.а.с.) екеуінің) *қылыштарын қарап көрді де:* ***«Оны екеуің өлтіріпсіңдер»,*** *– деді.* (Кейіннен) *Аллаһ елшісі (с.а.с.)* (Әбу Жәһлдің) *жеке заттары Муғаз ибн Амр ибн Жамуҳқа тиесілі деп шешті.* (Бұл) *екі жігіттің* (есімдері) *– Муғаз ибн Амр ибн Жамух және Муғауиз ибн Афра еді»,* – деген[1].

Ибн Исхақ Муғаз ибн Амр ибн Жамухтың: *«Мен адамдардың дауыстарын естідім, ал Әбу Жәһл қол жетпейтін ағаштай болып тұр еді* (Муғаз Әбу Жәһлдің айналасындағы оны қорғап тұрған мүшріктердің найзалары мен қылыштарын осындай ағашқа теңеген). *Адамдар: «Әбул-Хакамға жету мүмкін емес», – деп жатты. Мұны естігенімнен соң, осы мақсатты алдыма қойдым да, оған қарай жылжыдым. Мүмкіндік туған кезде, оған тап беріп, қылышыммен шаптым... Содан кейін жаралы Әбу Жәһлдің жанына Муғауиз ибн Афра барып, оны қылышымен аман қалмайтындай шапты да, шала жансар халінде қалдырып кетті. Осыдан соң Муғауиз мүшріктермен шайқасып жүріп мерт болды»,* – дегенін келтірген.

Шайқас аяқталған соң, Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Әбу Жәһлге не болғанын кім барып көреді?»*** – дейді. Адамдар оны іздеп жан-жаққа тарап кетеді. Оны Абдуллаһ ибн Масғуд шала жансар, жаны үзілейін деп жатқан күйінде тауып, аяғымен мойнынан басып, сақалынан ұстап: *«Ей, Аллаһтың жауы! Аллаһ сені қор етті ме?»* – дейді. Әбу Жәһл оған: «Ол мені немен қорлапты? Сендер өлтірген кісіге таңғаламын ба әлде сендер өлтірген кісіден жоғары біреу бар

[1] Қ.: «Сахих әл-Бұхари» (1/444, 2/568), «Мишкәт әл-масабих» (2/352). Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Әбу Жәһлдің жеке заттарын олжа ретінде Муғаз ибн Амрге тиесілі деп шешуінің себебі, Аллаһтың жауын өлтірген екінші жігіт Муғауиз ибн Афра осы шайқастың ішінде шәһид болған еді.

ма[1]? Мені егіншіден басқа біреу өлтіргенде еді!»[2] – дейді. Сонан соң ол: «Маған бүгін кім жеңгенін айтшы», – дейді. Ибн Масғуд: *«Аллаһ және Оның елшісі жеңді»,* – дейді. Сонда Әбу Жәһл аяғымен мойнын басып тұрған Ибн Масғудқа: «Сен қиын шыңға көтерілдің, ей, қойшыкеш!» – депті. Ибн Масғуд бұрын Меккенің қойшыларының бірі болатын.

Екеуінің ортасында осындай әңгіме жүрген соң, Ибн Масғуд Әбу Жәһлді өлтіріп, оның өлімін Аллаһ елшісіне (с.а.с.) хабарлайды. Пайғамбар (с.а.с.) сенер-сенбесін білмей: ***«Одан өзге ешбір құдай жоқ Аллаһпен ант етесің бе?»*** – деп үш рет қайталайды. Сонан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Аллаһ барлығынан Ұлы! Барлық мақтау уәдесін шындыққа шығарған, пендесіне жәрдем берген және одақтастарды жалғыз Өзі жеңген Аллаһ үшін! Жүр, оны маған көрсетші»,*** – дейді. Ибн Масғуд Пайғамбармен (с.а.с.) бірге барып, оған Әбу Жәһлдің денесін көрсетеді. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Бұл осы үмбеттің Перғауыны тәрізді болды»,*** – деген.

Бәдір шайқасындағы иманның тамаша көріністері

Алдыңғы тақырыптарымызда иманның тамаша үлгісін айғақтайтын оқиғалардан Ғұмайр ибн Хумам мен Ибн Афра Ауф ибн Харистің Аллаһ жолында қалай жан қиғанын әңгімелеген болатынбыз. Сондай-ақ Бәдірде өзге де көптеген керемет оқиғалар орын алды, бұл шайқаста сенімнің күштілігі мен ұстанымның мықтылығы айшықталды. Бұл шайқаста жәбір көрген жан жәбірлеушісін жолықтырып, одан өшін алды.

1. Ибн Исхақ Абдуллаһ ибн Аббастан жеткізген хабарда Пайғамбардың (с.а.с.) сахабаларына: ***«Ақиқатында, мен бәну һашим әулетінен және басқалардан бір кісілердің*** (жорыққа) ***зорлықпен шығарылғандарын білдім, оларға бізбен соғысудың еш керегі жоқ. Сондықтан кімде-кім бәну һашим әулетінен біреуді кездестірсе, оны өлтірмесін. Кімде-кім Әбул-Бухтури ибн Һишамды кездестірсе, оны өлтірмесін. Кімде-кім Аббас ибн Абдулмутталибті кездестірсе, оны өлтірмесін, өйткені ол зорлықпен ғана шығарылған»,*** – дегені айтылған. Мұны естіген Әбу Хузайфа ибн Ғұтба: *«Біз өз туыстарымызбен соғысамыз да, Аббасқа тиіспейміз бе? Аллаһпен ант етейін, егер оны кездестірсем, қылышпен ауыздықтаймын»,* – дейді. Оның бұл сөзі Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жеткенде, ол Омар ибн әл-Хаттабқа: ***«Ей, Әбу Хафс! Аллаһ елшісінің көкесінің жүзі қылышпен ұрыла ма?»*** – дейді. Сонда Омар: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Оны маған қалдыршы. Аллаһпен ант етейін, ол мұнафыққа айналыпты»,* – дейді.

[1] Яғни: «мен сендердің қолдарыңнан өлуге арланбас едім».

[2] Оны өлтірген жігіттер ансарлар сапынан еді, ал ансарлар егін шаруашылығымен айналысатын және құрма ағаштарын өсіретін. Әбу Жәһл егін шаруашылығымен айналысушыларды өзінен төмен санаған және олардың қолдарынан мерт болуды абыройсыз өлім көрген.

Кейіннен Әбу Хузайфа: *«Мен сол күні айтқан әлгі сөзімнен әліге дейін қорқамын. Оны менен шәһидтік өлім ғана кетіреді»*, – деп айтып жүретін. Дегеніндей-ақ, ол Ямама шайқасы күні шәһид өліммен қаза тапқан.

2. Әбул-Бухтуриді өлтіруге тыйым салынуының себебі, ол Аллаһ елшісіне (с.а.с.) Меккеде жүргенінде өзге адамдардай емес, тиіспейтін, оған ұнамсыз ештеңе жасамайтын. Оның үстіне, Әбул-Бухтури бәну һашим және бәну мутталиб әулеттерімен қарым-қатынасты үзу туралы құжаттың күшін жоюға атсалысқандардың бірі еді.

Бірақ осының барлығына қарамастан, Әбул-Бухтури Бәдір шайқасында өлтірілді. Сахабалардың бірі Мужаззар ибн Зияд әл-Бәләуи оны шайқаста жолықтырғанда, Әбул-Бухтуридің жанында тізе қосып, бірлесе шайқасып жүрген жолдасы болады. Мужаззар: *«Ей, Әбул-Бухтури! Ақиқатында, Аллаһ елшісі (с.а.с.) бізге сені өлтіруге тыйым салды»*, – дейді. Әбул-Бухтури: «Жолдасыма да (тиіспейсіңдер ме)?» – деп сұрайды. Мужаззар: *«Жоқ, Аллаһпен ант етейін, біз жолдасыңды жай қалдырмаймыз»*, – дейді. Сонда Әбул-Бухтури: «Аллаһпен ант етейін, онда мен де онымен бірге өлемін», – деп, екеулесе шайқаса береді. Сөйтіп Мужаззар жолдасымен бірге Әбул-Бухтуриді де өлтіруге мәжбүр болады.

3. Шайқаста Ғұкаша ибн Михсан әл-Әсәдидің қылышы сынып қалған болатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) алдына келген оған бір тал шыбық беріп: ***«Мынамен соғыс, ей, Ғұкаша!»*** – дейді. Ғұкаша оны Аллаһ елшісінен (с.а.с.) алып, сілкіген кезде, оның қолындағы шыбық ұзын, тұтқасы мықты, жүзі жалтыраған қылышқа айналады. Сөйтіп Ғұкаша осы қылышпен Аллаһ тағала мұсылмандарға жеңіс бергенше шайқасады. Бұл қылыш «Аун» (көмек) деп аталатын. Кейін де бұл қылыш Ғұкашаның қолында талай шайқастарда жарқылдады. Мұғжиза қылыш Ғұкаша ибн Михсан Пайғамбар (с.а.с.) пәни дүниемен қош айтысқаннан кейін діннен қайтқан араб тайпаларына қарсы жүргізілген соғыстардың бірінде қаза тапқанға дейін соның қолында болды.

Екі жақтың шайқастан кейінгі кісі шығындары

Бәдір шайқасы мүшріктердің ойсырай жеңілісімен, мұсылмандардың айқын жеңісімен аяқталды. Бұл шайқаста мұсылмандардан он төрт кісі – алты муһажир, сегіз ансар шәһид болды. Ал мүшріктер зор шығынға ұшырап, жетпіс адамы өлтірілді және жетпіс адамы тұтқынға алынды. Оның үстіне, мүшріктерден өлтірілгендердің көпшілігі олардың басшылары мен дәукейлері еді.

Соғыс аяқталған соң, Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардың денелерінің жанына келіп: ***«Сендер пайғамбарларыңа тым жаман туыс болдыңдар. Сендер мені өтірікші санап едіңдер, өзге адамдар маған сенді, сендер мені көмексіз қалдырған едіңдер, өзге адамдар маған жәрдемдесті, сендер мені елден қуған едіңдер, өзге адамдар мені паналатты»***, – деді. Содан кейін

оларға қатысты бұйрық беріп, сахабалар оларды Бәдірдегі құдықтардың біріне тастады.

Әбу Талхадан риуаят етілген хадисте айтылуынша, Бәдір күні Аллаһтың пайғамбарының (с.а.с.) бұйыруымен құрайыштың басшыларынан жиырма төрт кісі Бәдірдің суы тартылған құдықтарының біріне тасталған. Пайғамбар (с.а.с.) бір қауымды жеңсе, шайқас алаңында үш күн тұратын. Бәдірде үшінші күні болғанда түйесін алдырып, оған жазысын салып, сосын жүреді, сахабалары да оған ілесіп: *«Бір қажеттілік себепті аттанды ғой деп ойлаймыз»* деседі. Сөйтіп Пайғамбар (с.а.с.) құдықтың ернеуіне келіп тұрып, оларға[1] есімдері мен әкелерінің есімдерін атап: ***«Ей, пәленшенің ұлы пәленше, ей, пәленшенің ұлы пәленше!*** (Енді ғана) ***Аллаһқа және Оның елшісіне бағынғандарың сендерді қуантып жатыр ма?.. Расында, біз Раббымыздың өзімізге уәде еткенін[2] ақиқат таптық, ал сендер Раббыларыңның өздеріңе уәде еткенін ақиқат таптыңдар ма?»*** – деп дауыстай бастайды. Омар: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Жаны жоқ мүрделерге сөйлеп жатырсың ба?!»* – деп сұрағанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Мұхаммедтің жаны қолында болған*** (Аллаһ)***пен ант етейін! Сендер менің айтқанымды олардан жақсы естіп тұрған жоқсыңдар»***, – депті. Өзге бір риуаятта Пайғамбар (с.а.с.): ***«Сендер олардан жақсы естіп тұрған жоқсыңдар, бірақ олар жауап қатпайды»***, – деген[3].

Мекке халқының жерлестерінің жеңілгені туралы хабар алуы

Мүшріктер Бәдірдегі шайқас алаңынан бытырай қашып, бассауғалап жазықтар мен шатқалдарға тарап кетті және үрейленген күйлері бағыттарын Меккеге бұрғанымен, жер болып, ұяттан өртенгендерінен қалаға қалай кірерлерін білмей дал болды.

Ибн Исхақ: «Меккеліктерге құрайыштардың жеңілгені туралы хабарды ең бірінші Хайсаман ибн Абдуллаһ әл-Хузағи жеткізген. Адамдар одан: «Не болды?» – деп сұрайды. Ол: «Ғұтба ибн Рабиға мен Шәйбә ибн Рабиға, Әбул-Хакам ибн Һишам, Умәййә ибн Халаф өлтірілді», – деп, тағы да бірнеше басшылардың есімдерін атайды. Хайсаман құрайыштың кілең атақтыларын санап айта бастағанда, әл-Хижр деп аталатын, Қағбаның солтүстік-батыс жағындағы, жартылай доғал дуалмен қоршалған орында

[1] Яғни, осы құдыққа тасталған құрайыш мүшріктерінің мәйіттеріне.

[2] Бұл жерде Аллаһ тағаланың мүміндерге олардың мүшріктерді жеңетіні туралы ескерткен уәдесі айтылған.

[3] Хадисті әл-Бұхари мен Муслим жеткізген (қ.: «Мишкәт әл-масабих», 2/345). Әл-Бұхаридің «Сахихында» осы хадистен кейін табиғин Қатаданың: «Аллаһ оларды тірілтіп, оларға айыптау, төмендету, жаза, қасірет әрі өкініш ретінде Пайғамбардың (с.а.с.) сөзін естірткен», – дегені келтірілген. Хадисте Пайғамбар (с.а.с.) Омардың өлілер естімейді деген ойын теріске шығармаған. Тек нақ осы жағдайда олардың өзін естіп тұрғанын хабарлаған (біздің мазһабтың ғалымы Нұғман әл-Алусидің «әл-Аят әл-бәйинәт» кітабын қараңыз).

отырған Сафуан ибн Умәййә: «Аллаһпен ант етейін, мынаның есі дұрыс болса, одан менің қайда екендігімді сұраңдаршы», – дейді. Адамдар оның ақыл-есінің дұрыстығын тексеру үшін: «Сафуан ибн Умәййәға не болды?» – деп сұрайды. Хайсаман: «Міне, ол әл-Хижрде отыр ғой. Аллаһпен ант етейін, шындығында, мен оның әкесі мен бауырының өлтірілгенін көрдім», – дейді», – деп жазған.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) азат еткен құлы Әбу Рафиғ былай деп әңгімелейді:

«Мен Аббастың құлы едім. Исламның келуімен біз Пайғамбардың (с.а.с.) отбасының құрамына кірдік. Аббас Исламды қабылдады, оның әйелі Уммул-Фадл Исламды қабылдады және мен де Исламға кірдім. Аббас Исламды қабылдағанын жасырып жүрді. Әбу Ләһәб Бәдірден қалып қойған болатын. Оған шайқаста құрайыштардың жеңілгені туралы хабар жеткенде, Аллаһ оны қор етіп, жерге ұрды. Ал біз іштей күш-қуат пен үстемдік сезіндік. Мен қадақ[1] жасаумен айналысатын әлсіз кісі едім, қадақтарды Зәмзәмнің жанындағы шатырда оятынмын. Аллаһпен ант етейін, сол жерде қадақтарымды ойып отырғанмын, жанымда Уммул-Фадл отыр еді. Біз өзімізге жеткен хабарға қуанып қалған болатынбыз. Кенет Әбу Ләһәб аяқтарын әрең сүйретіп келіп, шатырдың шетіне отырды. Оның арқасы менің арқама тақалды. Ол осылай отырғанда, адамдар: «Міне, Әбу Суфйан ибн Харис ибн Абдулмутталиб келді», – деді. Әбу Ләһәб оған: «Бері кел. Өміріммен ант етейін, сен не болғанын білесің», – деді. Ибн Харис оның жанына жайғасты, адамдар айналасында түрегеліп тұрды. Әбу Ләһәб оған: «Ей, бауырымның ұлы! Адамдардың жағдайы қалай болғанын айтшы», – деді. Ибн Харис: «Бар болғаны біз жауларымызбен бетпе-бет келіп, оларға иықтарымызды тостық, ал олар бізді қалағандарынша өлтірді және қалағандарынша тұтқынға алды. Аллаһпен ант етейін, осыған қарамастан адамдарымызды кінәламаймын. Бізге аспан мен жердің ортасында қара-ала аттарға мінген ақ кісілер қарсы келді. Аллаһпен ант етейін, олар ештеңені қалдырмайды әрі оларға ештеңе қарсы тұра алмайды», – деді. Мұны естіген мен шатырдың шетін қолыммен көтеріп: «Аллаһпен ант етейін, олар – періштелер», – дедім. Сол екен Әбу Ләһәб қолын көтеріп, бетімнен аямай ұрды. Онымен алыса кеткен едім, ол мені көтеріп алып, жерге бір-ақ ұрды. Сонан соң үстіме тізерлеп отырып алып, төмпештей бастады. Мен әлсіз кісі едім. Уммул-Фадл шатырдың тіреулерінің біріне барып, оны қолына алды да, сонымен Әбу Ләһәбті ұрып, басын оңдырмай жарды. Уммул-Фадл: «Сен оған жанында қожайыны жоқ болғаны үшін әлімжеттік жасадың», – деді. Әбу Ләһәб қорланған күйі орнынан тұрып, кетіп қалды. Аллаһпен ант етейін, ол сол кеткенінен жеті күн өмір сүрместен, Аллаһ оған бір жара жіберіп, ажалы сол жарадан болды».

[1] Қадақ – су құюға арналған ернеуі тар ыдыс.

Арабтар бұл жараны кесірлі санайтындықтан, Әбу Ләһәбтің жанына балалары да жоламай, жападан-жалғыз қалды. Өлгенінен кейін де мәйіті үш күн бойы көмусіз жатты, ешкім оны жерлеуге тырыспады да. Кейін әкелерін көмусіз қалдырды деген сөзден қорыққан балалары бір шұңқыр қазып, оны шұңқырға таяқпен итеріп түсірді де, бетіне қашықтан тұрып тас тастап, шұңқырды жауып тастады.

Меккеліктер жерлестерінің Бәдірдегі шайқас алаңында ойсырай жеңілгенінің хабарын осылай қабылдады және бұл оларға өте жаман әсер етті, тіпті олар мұсылмандардың табасына қалмас үшін өлгендеріне дауыстап жоқтау айтуға тыйым салды.

Мәдина халқының мұсылмандар әскерінің жеңіске жеткені туралы хабар алуы

Мұсылмандар жеңіске жеткеннен кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдина халқына қуанышты хабарды тезірек жеткізуге асығып, Абдуллаһ ибн Рауаханы қаланың жоғарғы жақтағы тұрғындарын, ал Зәйд ибн Харисаны төменгі жақтағы тұрғындарын сүйіншілеу үшін жіберді.

Мәдинада яһудилер мен мұнафықтар түрлі қаңқу сөздер жайып, тіпті Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өлтірілгені туралы да жалған хабар таратып үлгерген болатын. Мұнафықтардың бірі Аллаһ елшісінің (с.а.с.) түйесі Қасуаға мініп келе жатқан Зәйд ибн Харисаны көргенде: «Мұхаммед өлтіріліпті. Міне, біз оның түйесін танып тұрмыз. Міне, Зәйд үрейленгенінен не айтарын білмей келеді, ол жеңіліспен оралды», – деп дауыстады.

Мұсылмандар өздеріне алып-ұшып жеткен екі хабаршыны қаумалап қоршап алып, олардан мән-жайды тыңдауға кірісті және мұсылмандардың жеңгенін естігендерінен кейін қала қуаныш пен шаттыққа бөленді, Мәдинаның шартарабы Аллаһты жалғыз құдай деп дәріптеген, Аллаһты ұлықтаған ұрандармен жаңғырды. Мәдинада қалған мұсылмандардың басшылары Аллаһ елшісін (с.а.с.) осы бір айқын жеңісімен құттықтау үшін Бәдір жолын бетке алып шықты.

Усама ибн Зәйд: *«Бізге мұсылмандардың жеңгені туралы хабар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Осман ибн Аффанға ұзатқан қызы Руқаййәның қабірінің топырағын тегістеп жатқанымызда жетті. Аллаһ елшісі (с.а.с.) мені қызының жағдайымен Османмен бірге қалдырған болатын»*, – деген[1].

Олжаларға қатысты келіспеушілік

Шайқас аяқталғаннан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) Бәдірде үш күн тұрды және шайқас алаңынан аттанар алдында жауынгерлер арасында олжаларға

[1] Аллаһ елшісі (с.а.с.) Бәдір жорығына аттанарда қызы Руқаййә науқастанып, ауыр халде жатқан-ды.

қатысты келіспеушілік туындады. Олардың келіспеушілігі күшейіп бара жатқан соң, Аллаһ елшісі (с.а.с.) сарбаздардың барлығына қолдарындағы олжаларды ортаға тастауды бұйырды және көп кешікпей бұл шиеленіске нүкте қойған уахи түсті.

Ұбада ибн Самит: *«Біз Пайғамбарға (с.а.с.) еріп жорыққа шықтық та, мен онымен бірге Бәдір шайқасына қатыстым. Екі жақ бір-бірімен бетпе-бет келгенде, Аллаһ жауды жеңіліске ұшыратты. Сонда бір топ адамдар олардың соңдарынан қуып кетті. Тағы бір топ адамдар олжаларды қарауылдап, оларды жинауға кірісті. Енді бір топ адамдар Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жаулар қастандық жасамауы үшін оны орталарына алып күзетіп тұрды. Соңында түн түсіп, адамдар бір-біріне қосылғанда, олжаларды жинағандар: «Олжаларды біз жинадық, бұларда ешкімнің үлесі жоқ», – деді. Жауды қуып кеткендер: «Сендер бұл олжаларға бізден құқылы емессіңдер, біз бұлардан жауды алысқа қуып әкеттік және оларды талқандадық», – десе, Пайғамбарды (с.а.с.) қорғағандар: «Біз Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жаудың қастандық жасауынан қауіптеніп, оны қорғаумен айналыстық», – деді. Сонда Аллаһ тағала:* **«Олар сенен олжалар туралы сұрайды.** (Оларға): **«Олжалар Аллаһтың және Елшінің иелігінде. Аллаһтан қорқыңдар және араларыңдағыны түзетіңдер. Егер иман келтіруші болсаңдар, Аллаһқа және Оның елшісіне бойсұныңдар», – деп айт»**[1] *деген аятын түсірді. Сөйтіп Аллаһ елшісі (с.а.с.) олжаларды мұсылмандарға бөліп берді»*, – деген[2].

Пайғамбардың (с.а.с.) әскерінің Мәдинаға қарай қозғалуы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Бәдірде үш күн тұрғаннан кейін, әскерімен бірге мүшріктердің тұтқындарын және олардан иеленген олжаларды алып Мәдинаға қарай қозғалды. Пайғамбар (с.а.с.) олжаларды қарауылдауға Абдуллаһ ибн Кағбті басшы етіп тағайындады және жолда олжалардың бестен бір бөлігін ажыратып алғаннан кейін, қалғанын мұсылмандарға теңдей үлестіріп, бөліп берді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сафра жазығына жеткенде, Бәдір шайқасында мүшріктердің туын ұстаған Надр ибн Харисті өлтіруге бұйрық берді. Надр ибн Харис құрайыштардың ең үлкен күнәкарларының, Исламға қарсы айла-шарғы жасаушылардың әрі Аллаһ елшісіне (с.а.с.) тіл тигізушілердің ең басындағылардың бірі болатын.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Ирқ әз-Зубйа деген жерге жеткенде, Ұқба ибн Әбу Муғайтты өлтіруді бұйырды. Алдыңғы тақырыптарда оның Аллаһ елшісін (с.а.с.) жәбірлеген кейбір әрекеттері айтылған-ды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) намазда сәждеге барғанда, оның басына сойылған түйенің ішек-қарнын бастырып қойған, Пайғамбарды (с.а.с.) ридасын мойнына салып

[1] «Әнфал» сүресі, 1-аят.
[2] Хадисті Ахмад (5/323, 324) және әл-Хаким (2/326) жеткізген.

қылғындырған және Әбу Бәкір (Аллаһ оған разы болсын) араша түспегенде, оны өлтіре жаздаған осы Ұқба ибн Әбу Муғайт болатын.

Құрайыштың шектен шыққан бұл екі озбырын өлтіру соғыс жағдайы талап ететін шара еді. Бұл екеуі жай тұтқындар ғана емес, соғысты тудырған қылмыскерлердің санатына кіретін.

Құттықтаушылардың Аллаһ елшісін (с.а.с.) қарсы алуы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Рауха құдығына жеткенде, оны Мәдинаға келген екі хабаршыдан мұсылмандардың жеңіске жеткенін естіп, Аллаһ елшісін (с.а.с.) жеңісімен құттықтап, қуанышына ортақтасу үшін шыққан елдегі мұсылман басшылары қарсы алды. Сәләмә ибн Сәләмә оларға: *«Сендер бізді немен құттықтап тұрсыңдар? Аллаһпен ант етейін, біз семіз түйелер тәрізді қауқарсыз қарттарға ғана жолықтық»*, – деді. Мұны естіген Аллаһ елшісі (с.а.с.) езу тартып күліп: ***«Ей, бауырымның ұлы! Олар*** (құрайыштың) ***шонжарлары ғой»***, – деді.

Пайғамбарды (с.а.с.) қарсы алуға шыққандардың бірі Усәйд ибн Худайр: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Өзіңді үстем еткен әрі көзіңді қуантқан Аллаһқа мақтау болсын! Аллаһпен ант етейін, уа, Аллаһтың елшісі, мен Бәдірден қалып қойғанымда, сені жаумен кездеседі деп ойлаған жоқпын. Сені керуенді тосу үшін шықты деп ойлағанмын, егер де жаумен кездесетініңді білгенімде, қалып қоймас едім»*, – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған: ***«Сен рас айттың»***, – деді.

Сонан соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) жеңімпаз күйде қалаға енді. Осыдан кейін Мәдина қаласы мен оның төңірегіндегі барлық жаулары одан қорқатын болды. Бәдірдегі жеңіс Мәдинадағы көптеген адамдардың Исламға кіруіне түрткі жасады. Абдуллаһ ибн Убәй мен оның сыбайластары да Исламды сыртекі бейнеде осы кезде қабылдады.

Бәдір шайқасында тұтқынға түскен мүшріктер Мәдинаға Аллаһ елшісі (с.а.с.) қала халқымен қауышқаннан бір күннен кейін әкелінді. Пайғамбар (с.а.с.) тұтқындарды сахабаларына бөліп таратты және оларға жақсы қарауды тапсырды. Жолбасшыларының тапсырмасын асыра орындаған сахабалар өздері кептірілген құрманы азық етіп жүрсе де, тұтқындарының ас мәзіріне нан ұсынатын.

Тұтқындардың мәселесі

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға келген соң, сахабаларымен тұтқындарға қатысты кеңес өткізді. Кеңесте Әбу Бәкір сөз алып: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Бұлар – біздің туыстарымыз. Мен сенің бұлардан бостандықтары үшін төлем алуыңды дұрыс көремін. Сонда алған төлемдеріміз біз үшін кәпірлерге қарсы күш болады әрі Аллаһ бұларды тура жолға салып, бұлар да бізге көмекші болар ...»*, – деді.

Кеңесте тұтқындарға қатысты мәселе Әбу Бәкір әс-Сыддықтың пікіріне орай шешілген соң, олардан бостандықтары үшін төлем алу басталды. Төлем төрт мың дирһамнан басталып, тұтқындардың жағдайына қарай үш мың дирһамға, тіпті мың дирһамға дейін төмендетілді. Меккеліктер оқу-жазуды білетін халық еді, ал мәдиналықтардың көпшілігі хат танымайтын. Осыған орай құн төлеуге шамасы келмеген тұтқындардың әрқайсысына бас бостандықтары үшін мәдиналық он баланың сауатын ашып, оқу-жазуға үйрету жүктелді. Шәкірттікке берілген он бала оқу-жазуды меңгерген кезде, тұтқын бостандығының толық құнын өтеген болып саналды.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) жайсаңдық жасап, бірнеше тұтқынды – Мутталиб ибн Хантабты, Сайфи ибн Әбу Рифағаны және Әбу Ғизза әл-Жумахиді төлемсіз босатып жіберді. Бұлардан Әбу Ғизза әл-Жумахи Ухуд шайқасында мұсылмандардың қолына екінші рет тұтқынға түсіп, опасыздығы үшін өлтірілген. Бұл оқиға Ухуд шайқасында кеңірек әңгімеленеді.

Пайғамбар (с.а.с.) күйеу баласы Әбул-Асты да қызы Зәйнәбті Мәдинаға жіберу шартымен төлемсіз босатты. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қызы Зәйнәб күйеуін босату үшін Мәдинаға біраз дүниелер жіберген болатын, оның ішінде Зәйнәбтің анасы Хадиша тойына тарту еткен алқасы да бар еді. Зәйнәбтің алқасын көргенде, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) оған қатты жаны ашып, жүрегін аяушылық сезімі тербетіп, сахабаларынан Әбул-Асты төлемсіз босатуға рұқсат сұрады. Сахабалар оның өтінішін сөзге келместен қабыл алды. Бірақ Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әбул-Асқа Зәйнәбті Мәдинаға жіберуге шарт қойды. Содан Әбул-Ас Меккеге барған соң, әйелін босатып, Зәйнәб Мәдинаға қоныс аударып шықты. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Зәйнәбті күтіп алу үшін Зәйд ибн Хариса мен ансарлардан бір кісіні жұмсап, екеуіне: ***«Зәйнәбті Батн Яжуж деген жерде қарсы алып, оны Мәдинаға алып келіңдер»,*** – деп тапсырды. Зәйд пен ансарлық межелі жерге барып, Зәйнәбті тағатсыздана күткен әкесіне жеткізді. Зәйнәбтің Мәдинаға қоныс аудару оқиғасы өз алдына ұзақ та ауыр әңгіме.

Тұтқындардың арасында Суһәйл ибн Амр де бар еді. Суһәйл өте сөзуар, шешен кісі болатын. Омар Пайғамбарға (с.а.с.): *«Уа, Аллаһтың елшісі! Суһәйл ибн Амрдің алдыңғы екі тісін қағып таста, тілі ысылдап, ешбір орында саған қарсы мүлдем сөйлей алмай қалсын»,* – деді. Бірақ кісінің сиқын бұзудан сақтанған және Аллаһ тағаланың Қиямет күнгі жазасынан қорыққан Аллаһ елшісі (с.а.с.) оның ұсынысын қабылдамады.

Бәдір шайқасы аяқталғанда сахаба Сағд ибн Нұғман Меккеде умра жасап жүрген болатын. Оны сол жақта Әбу Суфйан ұстап алады. Әбу Суфйанның баласы Амр тұтқындардың қатарында еді. Мұсылмандар Әбу Суфйанға баласын жіберді де, Әбу Суфйан оның орнына Сағдты босатты.

Бәдір шайқасына қатысты түскен Құран аяттары

Бәдір шайқасына қатысты үлкен бір сүре – «Әнфал» сүресі түсті. Бұл сүре Аллаһтың болып өткен шайқасқа қатысты ескертулерін қамтыған. Ондағы ескертулер жеңістен кейін патшалар мен қолбасшылар жасайтын ескертулерден көп ерекшеленеді.

Аллаһ тағала алдымен мұсылмандардың назарын олардың бойларында қалған, олардың кейбір әрекеттерінде орын алған кемшіліктер мен ахлақтық міндерге аударды. Бұл олардың жандарын кеңінен кемелдендіре, осындай мін-кемшіліктерден тазарта түсулері үшін еді.

Екіншіден Раббы тағала осы шайқаста мұсылмандарға Өзінің тылсым күш арқылы көрсеткен қолдауына, көмегі мен жәрдеміне тоқталды. Аллаһ тағала мұны құлдарына олардың өз ерліктері мен батырлықтарына алданбауы, жүректерін менмендік пен астамшылық билемеуі үшін, керісінше, олардың әрдайым Аллаһқа арқа сүйеп, тәуекел етулері және Оған бойсұнулары әрі Оның елшісіне (с.а.с.) бағынулары үшін ескертті.

Сонан соң Аллаһ тағала мұсылмандарға Өзінің елшісін (с.а.с.) осы бір қорқынышты қанды шайқасқа кіруге мәжбүрлеген маңызды мақсаттар мен өзекті мәселелерді түсіндірді және оларға жауларымен жүргізген шайқастарында жеңіске жетулеріне себепші болатын қасиеттер мен мінез-құлық ережелерін көрсетті.

Содан кейін Аллаһ тағала сөз арнасын мүшріктерге, мұнафықтар мен яһудилерге және шайқаста қолға түскен тұтқындарға бұрып, оларға әбден жетімді түрде, оларды ақиқатты мойындауға және оны ұстануға жетелейтін уағыз-насихат жасады.

Бұдан соң Аллаһ тағала қайтадан мұсылмандарға қарата, олжаларға қатысты сөз қозғап, соңғы пайғамбарының (с.а.с.) үмбетіне осы мәселедегі қағидаттар мен негіздерді заңдастырды.

Осыдан кейін Ұлы Раббы пайғамбарына (с.а.с.) ерушілерге соғыс пен бейбітшілікке қатысты кейбір заңдарды бекітті. Ислам дағуаты осындай кезеңге енген соң, үмбетте мұндай заңдарға мұқтаждық пайда болуы сөзсіз еді. Әрі бұл заңдар мұсылмандардың соғыстары надандық сеніміндегілердің соғыстарынан ерекшеленуі, мұсылмандардың мінез-құлықтар мен үлгі-өнегелікте өзгелерден жоғары тұруы үшін және әлемге Исламның жалаң теория ғана емес, ұстанушыларын өзі шақыратын негіздер мен қағидаттарға іс жүзінде жеткізетін дін екендігін паш ету мақсатында орнатылды.

Содан соң Аллаһ тағала Ислам мемлекеті заңдарының тармақтарын бекітті. Бұл заң тармақтары Ислам мемлекетіне қарасты аймақтарда тұратын мұсылмандар мен одан сырт аймақтарда өмір сүретін мұсылмандардың айырмашылығын белгілейді.

Бәдір шайқасы болған һижраның 2-жылы мұсылмандарға бұдан былай рамазан айында ораза тұту парыз етілді және осы айдың соңында пітір зекетін беру міндеттелді, сондай-ақ өзге де зекеттердің мөлшері бекітілді. Пітір зекетінің міндеттелуі мен өзге де зекеттердің мөлшерінің бекітілуі

Мәдина қаласын паналап келген, өз беттерінше күнелте алмайтын көптеген кедей муһажирлердің көріп жүрген қиындықтарын айтарлықтай жеңілдетіп тастады.

Осы жылы болған ең жақсы әрі ең тамаша оқиғалардың бірі – мұсылмандар Бәдір жорығында қол жеткізген айқын жеңістерінің артынша, hижраның 2-жылы шәууәл айында өз өмірлеріндегі әрі Ислам тарихындағы ең алғашқы айт намазын оқып, тұңғыш рет айт мерекесін тойлады. Аллаh тағала мұсылмандардың басына жеңіс пен үстемдік тәжін кигізгеннен соң бекіткен бұл бақытты, шат-шадыман мереке қандай керемет сипатта болғанын, сахабалар үйлерінен дауыстарын көтере тәкбір айтқан, Аллаһты жалғыз құдай деп дәріптеген және Оған мақтау арнаған күйде шығып оқыған бұл айт намазының бейнесі қандай тамаша болғанын айтып жеткізу мүмкін емес! Раббылары өздеріне артықша игіліктер бергеннен әрі өздерін жәрдемімен қолдағаннан кейін сахабалардың жүректері Аллаһқа деген ынтық сезімге толып, кеуделерін Оның мейірімі мен ризалығына деген сағыныш кернеді. Аллаh тағала оларға Өзінің игіліктерін: **«Өздерің аз болып, жер бетінде әлсіз саналып, адамдардың сендерді талап кетуінен қорқып тұрған кездеріңде, Оның сендерге пана бергенін, Өз жәрдемімен қолдағанын және таза нәрселерден ризықтандырғанын естеріңе алыңдар. Сонда Оның игіліктеріне алғыс білдірушілерден боларсыңдар»**[1], – деп ескерткен.

[1] «Әнфал» сүресі, 26-аят.

Бәдір мен Ухуд шайқастарының аралығындағы әскери қозғалыстар

Бәдір шайқасы мұсылмандар мен мүшріктердің арасындағы алғашқы қарулы қақтығыс әрі шешуші айқас болды. Осыдан кейін мұсылмандар барлық арабтар куә болған зор жәрдемге қол жеткізді. Бұл шайқастың нәтижесі екі топқа бәрінен қатты тиді. Олардың біріншісі тікелей ауыр шығындарға ұшыраған мүшріктер болса, екіншісі мұсылмандардың үстемдігі мен жеңісін діни және экономикалық жағдайларына жойқын соққы деп санайтын яһудилер еді. Мұсылмандар Бәдір шайқасында жеңіске жеткелі бері осы екі топ оларға деген ыза-кектен өртенердей болып жүрген-ді. Аллаһ тағала: **«Негізінде, иман келтіргендерге дұшпандық етуде адамдардың ішіндегі ең қаттысы яһудилер мен мүшріктер екенін көресің»**[1]**,** – деген.

Сондай-ақ Мәдина қаласында бұл екі топтың Исламды абыройларын сақтап қалу үшін, амалдың жоқтығынан қабылдаған Абдуллаһ ибн Убәй мен оның жолдастарынан тұратын сыбайластары бар еді. Бұл үшінші топ та мұсылмандарға тістерін қайрап жүргенімен, олардың ыза-кегі алдыңғы екі топқа қарағанда бәсеңдеу болатын.

Сол кезеңде Мәдинаның аймағында тағы бір төртінші топ болатын. Олар қаланың айналасын мекендейтін, кәпірлік пен иман мәселесі аса қызықтыра қоймайтын далалық көшпелі арабтар еді. Далалық арабтар қарақшылықпен, кісі тонаушылықпен айналысатын. Сондықтан да мұсылмандардың Бәдірдегі жеңісі оларды мазасыздыққа салды. Мәдина қаласында қарақшылықтары мен кісі тонаушылықтарына бөгет болып, табыс көздерінен айыратын күшті мемлекет құрылуынан қауіптенген олар мұсылмандарға өшпенділік таныта бастады және олардың жауына айналды.

Бұл айтылғандар Бәдірдегі жеңіс мұсылмандардың айбынының асуына, күштері мен құрметтерінің арта түсуіне себепші болғанын айғақтайды. Сондай-ақ бұл жеңіс бірнеше тараптардың мұсылмандарға қарсы өшпенділігін тудырды. Мұсылмандарға өшіккен топтардың әрқайсысы өздерін мақсаттарына жеткізеді деп санаған жолды ұстады. Осылай Бәдір шайқасынан кейін Мәдина қаласы мен оның төңірегіндегі халықтардың бір тобы Исламды сыртекі қабылдап, айла-шарғыларын астыртын жүргізу жолын ұстанса, яһудилердің бір тобы дұшпандықтарын жасырмай, өшпенділіктері мен ашу-ызаларын ашық жариялады, ал меккеліктер мұсылмандарға жойқын соққы беретіндіктерін ескертіп айбат шегіп, кектері мен өштерін алатындықтарын ашық жариялап, көрер көзге жаппай соғысқа дайындықпен айналысып, мұсылмандарға ақындары арқылы:

«Әлбетте, бір айшықты күн болады,

жоқтау айтқан әйелдердің дауысын ұзақ еститін» деген өлең жолдарын жолдап жатқан болатын.

[1] «Мәида» сүресі, 82-аят.

Іс жүзінде де, меккеліктер Мәдинаның қорғандарына қарай тарихта «Ухуд шайқасы» деген атпен танылған жойқын жорықты бастады және өкінішке орай, бұл шайқас мұсылмандардың атақ-абыройы мен айбынына кері әсерін тигізді.

Бәдір шайқасынан кейін туындаған қатерлерді жою үшін мұсылмандардың маңызды рөлді сомдауына тура келді. Оның барысында Пайғамбардың (с.а.с.) басшылық қабілетінің теңдессіз ұлылығы таң арай берді. Пайғамбар (с.а.с.) бұл қатерлерге мейлінше аса сақ қарап, оларды жою үшін тамаша жоспар түзді. Келесі тақырыптарда осы айтылғандардан кішкене үзінділер келтіріледі.

Кудрдегі бәну суләйм тайпасына қарсы жорық

Бәдір шайқасынан кейін Пайғамбар (с.а.с.) тыңшыларынан бәну суләйм және бәну ғатафан тайпаларының Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ордасы Мәдина қаласына жорыққа шығу үшін күштерін жұмылдырып жатқаны туралы хабар алды. Осыдан кейін Пайғамбар (с.а.с.) екі жүз аттылы сарбазымен бірге бұл тайпалардың біріккен күштеріне өз жұрттарында тұтқиылдан шабуыл жасап, оларды Кудр деп аталатын қоныстарынан әрі түре қуып тастады. Бәну суләйм тайпасы бас сауғалап қашып, жазықта өздерінің бес жүз түйесін қалдырып кетті. Бұл түйелерді мұсылмандардың әскері олжалап, оны Аллаһ елшісі (с.а.с.) бестен бір бөлігін ажыратып алған соң, сарбаздарға үлестіріп бөліп берді. Нәтижесінде әрбір сарбазға екі түйеден тиді. Мұсылмандардың қолына түйелермен бірге Ясар есімді құл тұтқынға түскен болатын, Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған бостандық сыйлап, азат етті. Пайғамбар (с.а.с.) бәну суләйм тайпасының жұртында үш күн тұрып, сонан соң Мәдинаға оралды.

Бір дерек бәну суләйм жорығын һижраның 2-жылы шәууәл айында, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Бәдірден оралғаннан жеті күннен кейін болған деп көрсетсе, енді бір дерек оның һижраның 3-жылы мухаррам айының ортасында болғанын нұсқайды. Бұл жорықта Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдина халқына басшылық ету үшін өз орнына Сибағ ибн Ғұрфутаны қалдырған. «Пайғамбар (с.а.с.) бұл міндетті Ибн Умму Мәктумге жүктеген» деген де пікір бар.

Меккеліктердің Пайғамбарға (с.а.с.) қастандық жасауға ұйымдасуы

Мүшріктер Бәдір шайқасында ойсырай жеңіліске ұшырағандары себепті ашудан өртенердей болды, меккеліктер Пайғамбарға (с.а.с.) қарсы қазандай қайнады. Тіпті олардың екі батыры сасық ойларымен, өздері мен мұсылмандардың арасындағы келіспеушілік пен бөлінушіліктің негізгі көзі, өздері көрген қорлық пен төмендіктің басты себебі болып отырған Пайғамбарды (с.а.с.) өлтіруге ұйымдасты.

Бәдір шайқасынан кейін біршама уақыт өткенде, Ғұмайр ибн Уаһб әл-Жумахи мен Сафуан ибн Умәййә Қағбаның жанындағы әл-Хижр деп аталатын орында бас қосады. Ғұмайр Пайғамбар (с.а.с.) мен оның сахабаларына Меккеде жүрген кездерінде көп жәбір көрсеткен, құрайыштың шайтандарының бірі болатын. Оның баласы Уаһб ибн Ғұмайр Бәдір шайқасында мұсылмандардың қолына түскен тұтқындардың ішінде еді. Ғұмайр сол жерде Бәдір шайқасында өлтіріліп, құдыққа тасталғандарды есіне алады. Сонда Сафуан: «Аллаһпен ант етейін, олардан кейінгі өмірде еш жақсылық жоқ», – дейді. Ғұмайр оған: «Аллаһпен ант етейін, рас айтасың. Аллаһпен ант етейін, менің өтей алмай жүрген қарызым болмағанда және мен өлсем, аш-жалаңаш қалады деп қорқатын бала-шағам болмағанда, Мұхаммедті өлтіру үшін аттанар едім. Өйткені менің оларға баратын себебім бар, балам солардың қолында тұтқында жатыр», – дейді. Сафуан бұл мүмкіндікті қалт жіберместен: «Сенің қарызың менің мойнымда, оны мен өтеймін, ал бала-шағаң менің бала-шағаммен бірге болады, оларға тірі тұрғандарында өзім қарайласамын, оларды өзімде бар ештеңеден қыспаймын», – дейді. Ғұмайр оған: «Арамыздағы әңгімені ешкімге тіс жарып айтпа», – деп тапсырады. Сафуан: «Солай етемін», – деп қалады.

Осы әңгімеден соң Ғұмайр қылышын алдырып, өткірлеп, оған у жағады да, жолға шығып, Мәдинаға келеді. Ғұмайр мешіт қақпасының алдына келіп, түйесін шөктіріп жатқанда, оны бір топ мұсылмандармен Аллаһтың Бәдір шайқасы күні өздеріне көрсеткен сый-құрметі жайлы әңгіме қозғап тұрған Омар ибн әл-Хаттаб көреді. Омар: *«Мына ит – Аллаһтың жауы Ғұмайр. Ол жамандық мақсатында ғана келді»*, – дейді де, Пайғамбардың (с.а.с.) алдына кіріп: *«Уа, Аллаһтың пайғамбары! Мына, Аллаһтың жауы Ғұмайр қылышын асынып келді»*, – деп хабарлайды. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Оны менің алдыма кіргіз»***, – деп тапсырады. Ғұмайр келгенде, Омар оның қылышының қынынан ұстап, ансарлардан бір кісілерге: *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына кіріп, жанында отырыңдар және оны мына сұрқиядан абайлаңдар. Өйткені бұл қауіпсіз емес»*, – дейді. Сөйтіп Омар Ғұмайрді өзі алып кіреді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Омардың оның мойнындағы қылышының қынынан ұстап келе жатқанын көріп: ***«Жібер оны, ей, Омар! Бері жақында, ей, Ғұмайр!»*** – деді. Ғұмайр жақындап: «Таңдарың қайырлы болсын!» – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Ей, Ғұмайр! Аллаһ бізді сенің сәлемдесуіңнен жақсы бір сәлемдесумен – әс-сәләм (амандық) сөзімен құрметтеді. Ол – жаннаттықтардың сәлемдесуі»***, – деді.

Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.): ***«Не шаруамен келдің, ей, Ғұмайр?»*** – деп сұрады. Ғұмайр: «Сендердің қолдарыңда тұтқында жатқан балам үшін келдім. Оған қатысты жақсылық жасаңдар», – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Онда мойныңдағы мына қылышың не?»*** – деді. Ғұмайр: «Аллаһ қылыш атаулының сұрқын бұзсын! Қылыш бізге бір пайда берді ме?» – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Маған шыныңды айт, не шаруамен келдің?»*** – деп қайтара сұрады. Ол: «Осы үшін ғана келдім», – деуден танбады. Ғұмайр

өздігінен мойындамаған соң, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Сен Сафуан ибн Умәйә екеуің әл-Хижрде бас қосып, құрайыштардан құдыққа тасталғандарды естеріңе алдыңдар. Сонда сен: «Егер де мойнымдағы қарызым және қолыма қарап отырған бала-шағам болмағанда, Мұхаммедті өлтіру үшін шығар едім», – дедің. Мені өлтіруің үшін Сафуан сенің қарызың мен бала-шағаңды өз мойнына алды. Бірақ Аллаһ мені өлтіруіңе жол бермейді»***, – деді.

Ғұмайр Сафуан екеуіне ғана аян әңгімені айна-қатесіз жайып салған алдындағы жанның шын пайғамбар екеніне еш күмәні қалмай: *«Сенің Аллаһтың елшісі екендігіңе куәлік беремін. Уа, Аллаһтың елшісі! Біз сені өзің бізге жеткізіп жүрген аспан хабарларына және саған түсетін уахиларға қатысты өтірікші санап келген едік. Бұл Сафуан екеуміз ғана білетін іс болатын. Аллаһпен ант етейін, ақиқатында, мұны саған Аллаһтың Өзі хабарлағанын білдім. Мені Исламға бағыттаған және осы жолға алып келген Аллаһқа мақтау болсын!»* – деді. Сөйтіп Ғұмайр Аллаһтан өзге ешбір құдай жақтығына және Пайғамбар (с.а.с.) Оның елшісі әрі құлы екендігіне куәлік берді. Осыдан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Бауырларыңа дінін түсіндіріңдер, оған Құран үйретіңдер және оның тұтқынын босатыңдар»***, – деп, оны сахабаларына табыстады.

Сафуан меккеліктерден: «Сендерге таяу күндерде келетін хабарға қуана беріңдер, ол сендерге Бәдірдегі оқиғаны ұмыттырады», – деп алдын-ала тон пішіп, жолаушылардан Ғұмайр жайлы сұрастырып жүрген болатын. Осылай тағатсыздана хабар күтіп жүрген оған бір жолаушы Ғұмайрдің Исламды қабылдағанын жеткізеді. Мұны естіген Сафуан Ғұмайрмен мүлдем сөйлеспеуге және оған ешқашан жақсылық жасамауға ант етеді.

Меккеден арам пиғылмен аттанған Ғұмайр отанына игі ниетпен оралып, халықты Исламға шақыруға кірісті және көптеген адамдардың Исламды қабылдауына септігі тиді[1].

Бәну қайнуқағ жорығы

Алдыңғы тақырыптарда Аллаһ елшісі (с.а.с.) яһудилермен түзген келісімнің тармақтары келтірілген болатын. Пайғамбар (с.а.с.) осы келісімде бекітілген шарттарды орындауға барынша күш салатын. Іс жүзінде де, мұсылмандар бұл келісімнің мәтініндегі бір әріпке де қарама-қайшы әрекет жасаған жоқ. Бірақ тарихтары опасыздық пен қиянатқа және келісімдерді бұзуға толы яһудилер көп ұзамай ежелгі әдеттеріне басып, мұсылмандарға қарсы астыртын әрекеттер ұйымдастыруға, өзгелерді оларға айдап салуға және мұсылмандардың ішінде бүлік, ылаң тудыруға көшті. Төменде яһудилердің сондай әрекеттеріне бір мысал келтіріледі.

[1] Қ.: Ибн Һишам (1/661-663).

Яһудилердің айла-шарғыларының мысалы

Ибн Исхақтың дерегінде яһудилердің арасында кәпірлігі орасан, мұсылмандарға өте өш, оларды қатты күндейтін, Шас ибн Қайс есімді бір кәрі шал болғаны келтірілген. Бірде осы шал Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бір мәжілісте бас қосып, әңгімелесіп отырған әус пен хазраж тайпаларының құрамындағы бір топ сахабасының қасынан өтеді. Жәһилият кезінде орталарында қаншама дұшпандық болғанына қарамастан, олардың бас біріктіріп, тізе түйістіріп, Исламда араларының түзелгенін көрген шалдың ызасы келіп: «Бұл қалада бәну қайланың адамдары бас біріктіріпті. Егер мұнда олардың адамдары біріксе, біз олармен бірге тыныш тұра алмаймыз», – дейді. Сөйтіп ол жанындағы жас яһуди жігітке: «Сен барып, мыналардың қасына жайғас та, Буғас күні мен оған дейінгі оқиғалар туралы сөз қозға және оларға өздерінің осы тақырыпта шығарған кейбір өлеңдерін оқып бер», – деп тапсырады. Жігіт барып, шалдың тапсырмасын орындайды. Мәжілістегі адамдар да әңгіменің арнасын осы тақырыпқа бұрып, өзара керісіп қалады және әр жақ өздерінің артықшылықтарын алға тартып мақтаныса бастайды. Нәтижесінде, аудандары бөлек екі кісі бір-біріне тізерлей көтеріле, сөзге келіп қалады. Сонда біреуі екіншісіне: *«Егер қаласаңдар, оны қазір қайта бастаймыз»,* – деп, араларындағы рушылдық соғысын қайта көтеруді меңзейді. Бұл сөзден соң екі жақ та түгел ашуға мініп, бір-біріне: *«Біздің кездесетін орнымыз Харра болсын. Қаруға – қару»,* – деп, барлығы сол жаққа беттейді. Сәл болмағанда олардың арасында соғыс басталып кете жаздады.

Мұны естіген Аллаһ елшісі (с.а.с.) жанындағы муһажир сахабаларын ертіп, оларға қарай шықты. Оларға келіп: ***«Уа, мұсылмандар қауымы! Аллаһ! Аллаһ! Мен араларыңда тұрғанда, Аллаһ сендерді Исламға келтіріп, онымен құрметтегеннен, сендерден жәһилияттың істерін ажыратқаннан, өздеріңді кәпірліктен құтқарғаннан және жүректеріңді біріктіргеннен кейін де, жәһилияттың ұранына еріп тұрсыңдар ма?»*** – деді.

Сонда ғана ансарлар бұл шайтанның азғыруы әрі жауларының айла-шарғысы екенін түсініп, барлығы жылады және әус пен хазраж тайпаларының адамдары бір-бірін құшағына қысты. Содан кейін олар Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге бойсұнған күйлерінде кері қайтты. Мұсылмандардың жауы Шас ибн Қайстың айла-шарғысын Аллаһ осылай тұншықтырды.

Бұл яһудилердің мұсылман жұртының ішінде бүлік тудыруға, оларды бір-біріне айдап салуға және Ислам дағуатының жолына тосық қоюға тырысқан әрекеттерінің бір мысалы ғана. Яһудилер осы мақсатта түрлі жоспарлар құратын, жалған хабарлар тарататын, иманы әлсіз мұсылмандардың жүректеріне күмән салу үшін күндіздің басында иман келтіріп, оның соңына қарай кәпірге айналатын. Иман келтірген адамның яһудилермен алыс-берісі болса, яһудилер оның тұрмыстық жағдайына қысым жасайтын, иман келтірген кісі оларға қарыз болса, олар қарыздарын

ертелі-кеш талап етіп тұрып алатын, ал егер өздері иман келтірген адамға қарыз болса, оны қайтарудан бас тартып, төлемей қоятын және: «Біз сенен қарызды ата-бабаларыңның дінінде жүрген кезіңде алғанбыз, енді ата дініңнен безгеніңнен кейін сенің бізге қарсы амалың жоқ», – дейтін[1].

Яһудилер мұндай әрекеттерінің барлығын Бәдір шайқасына дейінгі уақыттарда жасайтын және Аллаһ елшісімен (с.а.с.) түзген келісімдерін елең де қылмайтын. Бірақ Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен оның сахабалары яһудилердің туралыққа келуін үміт етіп әрі аймақтағы қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтау үшін олардың барлық пасықтықтарына сабыр танытатын.

Бәну қайнуқағ тайпасының келісімді бұзуы

Яһудилер Аллаһ тағала мүміндерді Бәдір шайқасында зор жеңіске жеткізгенін, осыдан кейін мұсылмандар алыс-жақын тайпалардың алдында үстемдікке, тегеурін мен айбынға ие болғанын көргенде, олардың ашу-ызасының шамасы басқа сипатқа ауысып, жамандықтары мен дұшпандықтарын жасырмауға, зұлымдықтары мен зиянкестіктерін ашық көрсетуге көшті.

Яһудилердің ішінде мұсылмандарға деген өшпенділігі мен жамандығы ең үлкені Кағб ибн Ашраф есімді кісі болатын. Ол туралы төменде кеңірек әңгімеленеді. Ал жалпылама қарастырғанда, Мәдинадағы яһудилердің үш тайпасының ішінде ең жаманы бәну қайнуқағ тайпасының адамдары еді. Бұл тайпа Мәдина қаласының ішінде, Бәну Қайнуқағ деп аталатын ауданда тұратын. Олар зергерлікпен, теміршілікпен және ыдыс-аяқ жасаумен айналысатын. Осы кәсіптерінің арқасында олардың әрбірі көп қару-жарақ ие болды, ал жауынгерлерінің саны жеті жүзге тартатын. Бәну қайнуқағ мәдиналық яһудилердің ең батырлары еді. Яһудилерден Пайғамбармен (с.а.с.) арадағы келісімді бірінші солар бұзды.

Аллаһ тағала Бәдір шайқасында мұсылмандарға жеңіс сыйлағаннан кейін, бәну қайнуқағ яһудилерінің шектен шығулары күшейіп, айла-шарғылары мен елді дүрліктірулеріне кеңінен кірісті. Олар ел арасында бүлік тудыратын, мұсылмандарды мазақ ететін, бәну қайнуқағ базарына барған мұсылмандарға жәбір көрсететін, тіпті мұсылман әйелдерге де тиісетін.

Бәну қайнуқағ яһудилерінің мәселесі ушығып, зұлымдықтары күшейіп бара жатқан соң, Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларды жинап, уағыз-насихат жасады, түзелуге, тура жолға шақырды және оларды зұлымдық пен дұшпандықтың салдарынан сақтандырды. Бірақ олардың жамандықтары мен астамсынулары бұрынғысынан да арта түсті.

Әбу Дауд және басқалар жеткізген хадисте Ибн Аббастың (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) Бәдір шайқасы күні*

[1] Тәпсір ғалымдары яһудилердің мұндай әрекеттеріне «Әлі Имран» және басқа да сүрелердің тәпсірінде көптеген мысалдар келтірген.

құрайыштарды жеңіп, Мәдинаға оралған соң, яһудилерді бәну қайнуқағ базарына жинап: ***«Уа, яһудилер қауымы! Құрайыштар ұшырағандай іске ұшырамас бұрын Исламды қабылдаңдар»****, – деді. Яһудилер оған: «Ей, Мұхаммед! Сенің құрайыштардан бір топ адамды өлтіргенің өзіңді алдамасын. Олар соғысуды білмейтін тәжірибесіз адамдар еді. Егер де бізбен соғыссаң, біздің нағыз жауынгер халық екенімізді, өзіңнің әлі біз сияқтыларға жолықпағаныңды білер едің», – деді. Сонда Аллаһ тағала:* **«Кәпір болғандарға: «Таяуда сендер жеңілесіңдер және жаһаннамға жиналасыңдар. Ол қандай жаман орын», – деп айт. Ақиқатында,** (Бәдір соғысында) **бір-біріне кездескен екі топта сендерге бір белгі болды. Бір топ Аллаһ жолында соғысты, ал екіншісі кәпір болатын. Олар** (мұсылмандарды) **көзбен өздеріндей екі есе көрген еді. Аллаһ Өз жәрдемімен қалағанын қолдайды. Әлбетте, мұнда қырағылар үшін ғибрат бар»**[1] *деген аяттарын түсірді»,* – дегені риуаят етілген[2].

Бәну қайнуқағ тайпасының Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қайтарған жауабының мағынасы соғысқа ашық шақыру болса да, Пайғамбар (с.а.с.) ашуын сыртқа шығармай, ішіне жасырды, мұсылмандар да сабыр сақтап, әліптің артын бақты.

Осыдан кейін бәну қайнуқағ яһудилерінің батылдықтары артып, көп өтпей-ақ Мәдина халқының ішіне бүлік, ылаң тудыруға бел шеше кірісті, мұсылмандарды тұяқтарымен таптап өлтіруге талпынды және бұл әрекеттерімен өз-өздеріне қастандық жасады.

Ибн Һишам Әбу Ауннен жеткізген хабарда бір араб әйелдің бәну қайнуқағ базарына затын әкеліп сатқаны айтылған. Бұл әйел базарда бір зергердің алдына барып отырады. Яһудилер әйелдің бетін ашқанын қалайды, бірақ әйел оларды қайтарып тастайды. Сонда зергер байқатпай әйелдің киімінің етегін арқасына түйіп қояды. Мұны байқамаған әйел орнынан тұрған кезде, әуреті ашылып қалады. Яһудилер бұған мәз болып, күле бастайды. Олардың бұл қылығына ашынған әйел айқайлап жібереді. Мұндай сорақылыққа шыдай алмаған бір мұсылман кісі әлгі яһуди зергерге тап беріп, оны өлтіреді. Сол жердегі басқа яһудилер әйелді қорғаған мұсылманға жабылып, оның өзін өлтіреді. Ал оның туыстары мұсылмандардан яһудилерге қарсы көмектесулерін сұрайды. Сөйтіп мұсылмандар мен бәну қайнуқағ тайпасы яһудилерінің арасында соғыс басталды.

[1] «Әлі Имран» сүресі, 12-13 аяттар.

[2] Әбу Даудтің «Сунәнін» түсіндірмесі «Аун әл-Маъбудпен» бірге (3/115) және Ибн Һишамды (1/552) қараңыз.

Бәну қайнуқағ тайпасын қоршауға алу, олардың берілуі және Мәдинадан қуғындалуы

Базардағы осы оқиғадан кейін Аллаһ елшісінің (с.а.с.) шыдамы таусылып, Мәдина жұртына Әбу Лубәбә ибн Абдулмунзирді басшы етіп қалдырды да, мұсылмандардың туын Хамза ибн Абдулмутталибке ұстатып, Аллаһтың әскерін бәну қайнуқағ тайпасының қонысына бастап шықты. Мұсылмандардың әскерін көрген яһудилер қамалдарына жасырынды, ал мұсылмандар оларды құрсаулап қоршауға алды. Бұл һижраның 2-жылы шәууәл айының орта тұсындағы сенбі күні болатын. Яһудилердің қамалын қоршау он бес күнге, зул-қағда айы туғанға дейін жалғасты. Аллаһ тағала қоршаудағы яһудилердің жүректеріне үрей салды. Аллаһ қайсыбір елдің жәрдемсіз қалуын және жеңіліске ұшырауын қаласа, олардың жүректеріне үрей салады. Осыдан кейін яһудилер өздеріне, мал-мүліктеріне және әйелдері мен балаларына қатысты Аллаһ елшісінің (с.а.с.) үкім шығаруына келісті.

Сол кезде Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлул әдеттегі мұнафықтығына басып, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) оларға кешірім жасауын сұрап тұрып алды. Ибн Убәй: «Ей, Мұхаммед! Одақтастарыма қатысты жақсылық жаса», – деді. Бәну қайнуқағ яһудилері хазраж тайпасының одақтастары болатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) әуелде оның тілегін жауапсыз қалдырды. Ибн Убәй тілегін екінші рет қайталады. Пайғамбар (с.а.с.) одан теріс бұрылып кетті. Мұнафық қолын Пайғамбардың (с.а.с.) сауытының өңіріне салып алды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған: ***«Жібер мені»,*** – деді және Пайғамбардың (с.а.с.) ашуланғаны соншалық жүзі қарауытып кетті. Пайғамбар (с.а.с.) оған екінші қайтара: ***«Сорың құрысын! Жібер мені»,*** – деді. Бірақ мұнафық айтқанынан қайтпай: «Жоқ, Аллаһпен ант етейін, сені одақтастарыма қатысты жақсылық жасағаныңа дейін жібермеймін. Бұлардың төрт жүз қалқансыз, үш жүз сауытты жауынгері мені арабтардан да, өзге халықтардан да қорғап келгенді», – деді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Исламды қабылдағанын жариялағанына енді бір айдың жүзіндей ғана уақыт болған бұл мұнафыққа осынысын ескере мәміле жасап, берілген яһудилерді оған сыйлады және яһудилерге Мәдинаны тастап, одан аулаққа кетуді бұйырды. Осыдан кейін бәну қайнуқағ тайпасының яһудилері Шам өлкесіндегі Азриғат деп аталатын жерге көшіп, ұзамай сол жерде көбісі қырылып қалды.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) жер аударылған яһудилердің мал-мүліктерін олжалап алып қалды. Түскен олжалардың бестен бір бөлігін мұсылмандардың ортақ қазынасына ажыратты. Бәну қайнуқағ яһудилерінің олжасын жинауға сахаба Мұхаммед ибн Мәсләмә басшылық жасады.

Сауиқ жорығы

Сафуан ибн Умәййә және яһудилер мен мұнафықтар өздерінің айла-амалдарын жасап жатқан кезде, Әбу Суфйан құрайыштардың абыройын сақтап қалу үшін әрі олардың әлі де күшті екендігін таныту мақсатында шұғыл түрде іске асырылатын шығыны аз, бірақ нәтижесі тез көрінетін бір амал ойластырып жүрген-ді. Әбу Суфйан Мұхаммедке (с.а.с.) қарсы жорық жасамайынша, жүніптіктен басына су тигізбеуге ант еткен болатын. Ол осы антын орындау үшін екі жүз аттылы жауынгермен шығып, Мәдинадан он екі милдей қашықтағы Қанат жазығының басына, Нәйиб деп аталатын таудың бауырына келіп ат шалдырады. Бірақ ол тікелей Мәдинаға шабуылдауға бата алмай, қарақшылардың істеріне ұқсайтын бір әрекет жасайды. Әбу Суфйан түн қараңғылын жамылып, Мәдинаның шеткі қоныстарына жасырына кіреді де, Хаййай ибн Ахтабқа келіп, есігін қағады. Алайда қорыққан Хаййай оған есігін ашпай қояды. Одан кейін Әбу Суфйан бәну надир тайпасының басшысы әрі олардың сол кездегі қазынашысы Сәләм ибн Мәшкәмға барып, алдына кіруге рұқсат сұрайды. Сәләм ибн Мәшкәм оны қабылдап, меймандостық көрсетеді және шарап құйып береді. Әңгіме барысында ол Әбу Суфйанға мұсылмандардың жай-жапсарын баяндайды. Осыдан кейін Әбу Суфйан түннің соңын ала оның алдынан шығып, серіктеріне барады да, олардың бір бөлігін Мәдинаның шетіндегі Ғұрайд деп аталатын жерге аттандырады. Олар барып Ғұрайдқа шабуыл жасап, сол жердегі құрма ағаштарынан тұрғызылған қорғандарды кесіп, өртейді және сондағы егіс алқаптарында жүрген бір ансарлық пен оның серігін кездестіріп, екеуін өлтіреді. Сонан соң барлығы қаша жөнеліп, Мекке қайдасың деп тайып отырады.

Әбу Суфйан мен оның серіктерінің қарақшылық әрекеттері жайлы хабар алған Аллаһ елшісі (с.а.с.) кідірмей олардың соңдарынан қуып шығады. Алайда олар жанұшыра жылдамдықпен қашып, қуғыншыларға ұстатпай, құтылып кетеді және жол бойында жүктерін жеңілдету үшін қамдап алып шыққан азық-ауқаттарынан көп мөлшерде талқандарын лақтырып тастайды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардың соңынан Қарқара әл-Кудр деген жерге дейін барып, қарақшыларды ұстай алмасына көзі жеткен соң кері оралады. Ал мұсылмандар олардың лақтырып кеткен талқандарын өздеріне алады. Бәдір шайқасынан екі айдан кейін, һижраның 2-жылы зул-хижжа айында болған бұл қуғын тарихта Сауиқ (талқан) жорығы деген атпен қалды. Бұл жорықтың кезінде Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдина жұртын Әбу Лубәбә ибн Абдулмунзирдің басшылығына қалдырған.

Зу Амр жорығы

Һижраның 3-жылы мухаррам айында ұйымдастырылған бұл жорық Ухуд шайқасына дейінгі Аллаһ елшісі (с.а.с.) бастап шыққан ең үлкен әскери жорық болатын. Оның себебі, Мәдинаның тыңшылары Аллаһ елшісіне

(с.а.с.) бәну сағләбә және бәну мухариб тайпаларының үлкен тобы қол біріктіріп, Мәдина қаласының шеткі қоныстарын шабуды ойластырып жатқанын жеткізген-ді. Осының алдын алу мақсатында Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұсылмандарға үндеу тастап, аттылы-жаяулысы аралас төрт жүз елу жауынгерімен бірге жорыққа аттанды және өзі жоқта Мәдина халқына басшылық етуді Осман ибн Аффанға тапсырды.

Жол бойында мұсылмандар бәну сағләбә тайпасының Жаббар есімді адамын ұстап, оны Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына әкелді және Пайғамбардың (с.а.с.) шақыруымен ол Исламды қабылдады. Пайғамбар (с.а.с.) оны Биләлға тапсырып, осы кісі мұсылмандардың әскеріне жол көрсетіп, оларды жау жеріне бастап апарды.

Мұсылмандардың әскері келгенін естіген жау быт-быт болып, тау шыңдарына шығып кетті. Ал Пайғамбар (с.а.с.) әскерімен олардың қол біріктірген орнына – Зу Амр деп аталатын құдықтың басына барып, барлық арабтар мұсылмандардың қуатын сезінуі әрі Аллаһтың әскерінен үрейленіп жүруі үшін һижраның 3-жылындағы сафар айын түгелімен немесе оның түгелге жуығын сонда өткізді.

Кағб ибн Ашрафтың өлтірілуі

Кағб ибн Ашраф яһудилердің арасындағы Ислам мен мұсылмандарға ең өш, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) тіл тигізетін әрі адамдарды Пайғамбармен (с.а.с.) соғысуға үндейтін адам болатын. Ол бәну набһан тайпасындағы тай руының тумасы, ал анасы бәну надир тайпасының қызы еді. Кағб бай, дәулетті, арабтардың арасында сұлулығымен танылған әрі ақын кісі болатын. Оның қамалы Мәдина қаласының оңтүстік-шығыс жағында, бәну надир қоныстарының артында орналасқан-ды.

Кағб ибн Ашраф Бәдірде мұсылмандардың жеңіске жеткені және құрайыш басшыларының өлтірілгені туралы алғаш хабар алғанында: «Бұл рас па? Олар арабтардың атақтылары, адамдардың патшалары еді ғой. Аллаһпен ант етейін, егер Мұхаммед сол адамдарды жеңсе, онда жердің бетінен оның асты жақсырақ», – дейді. Кейін бұл хабардың растығына көз жеткізген соң, Аллаһтың жауы өлеңдерімен Пайғамбар (с.а.с.) мен мұсылмандарды әжуалауға, ал олардың жауларын дәріптеуге және адамдарды мұсылмандарға қарсы үгіттеуге кіріседі. Мұнысына қанағаттанбастан, құрайыштарға барып, Мутталиб ибн Әбу Уадаға әс-Сәһмидің үйіне түсіп, Бәдір шайқасында өлтіріліп, құдыққа тасталған мүшріктерді жоқтаған өлеңдерін оқумен құрайыштардың жараларын тырнап, Пайғамбарға (с.а.с.) қарсы өшпенділіктерін оятады және онымен соғысуға үгіттейді. Кағб Меккеде жүргенде, Әбу Суфйан мен мүшріктер одан: «Саған біздің дініміз ұнамдырақ па әлде Мұхаммед пен оның сахабаларының діні ме? Бұл екі топтың қайсысы тура жолда?» – деп сұрайды. Кағб: «Оларға қарағанда сендер тура жолдасыңдар әрі олардан артықсыңдар», – дейді. Осыған қатысты Аллаһ тағала: **«Кітаптан үлес**

берілгендердің сиқырға әрі тағутқа (Аллаһтан өзге табынылатындарға) **сеніп, кәпір болғандар туралы: «Бұлар жол ұстануда иман келтіргендерден әлдеқайда тура», – деп айтатындарын көрмедің бе?»**[1] деген аятын түсірген.

Содан кейін Кағб осы қарқынымен Мәдинаға оралып, өлеңдерінде сахабалардың әйелдеріне тиісіп, өткір тілімен мұсылмандардың әбден мазасын алады.

Сол кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Кағб ибн Ашрафты кім*** (өлтіреді)***? Өйткені ол Аллаһқа және Оның елшісіне тіл тигізді»,*** – деді. Бұл іске Мұхаммед ибн Мәсләмә, Аббад ибн Бишр, Кағб ибн Ашрафтың сүт бауыры Әбу Нәилә Сәлкан ибн Сәләмә, Харис ибн Әус пен Әбу Абс ибн Хибр сұранды және бұл ерікті топқа Мұхаммед ибн Мәсләмә басшылық етті.

Кағб ибн Ашрафтың өлтірілуін баяндаған риуаяттарға сүйенсек, Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Кағб ибн Ашрафты кім*** (өлтіреді)***? Өйткені ол Аллаһқа және Оның елшісіне тіл тигізді»,*** – дегенде, Мұхаммед ибн Мәсләмә:

– *«Мен, уа, Аллаһтың елшісі! Оны мен өлтіруімді қалайсың ба?»* – дейді. Пайғамбар (с.а.с.):

– ***«Иә»,*** – дейді.

– *«Онда менің бірдеңе айтуыма рұқсат бер»,* – дейді[2]. Пайғамбар (с.а.с.):

– ***«Айта бер»,*** – дейді.

Сөйтіп Мұхаммед ибн Мәсләмә Кағб ибн Ашрафқа келіп: – *«Бұл кісі*[3] *бізден садақа*[4] *сұрады және бізді шаршатты»,* – деді[5].

Кағб мұны естігенде: – «Аллаһпен ант етейін, одан әлі де мезі боласыңдар», – деді.

Ибн Мәсләмә: – *«Негізінде, біз оған ілескен едік, енді ісі немен бітетінін күтпейінше оны тастап кетуді қаламаймыз. Біз сенің бір не екі уасқ*[6] (азық-түлік) *қарызға бере тұруыңды қалаймыз»,* – деді.

Кағб: – «Жарайды, бірақ маған кепіл қалдырыңдар» – деді.

Ол: – *«Сен не қалайсың?»* – деді.

– «Маған әйелдеріңді кепілге қалдырыңдар», – деді.

---

[1] «Ниса» сүресі, 51-аят.

[2] Мұхаммед ибн Мәсләмә (Аллаһ оған разы болсын) мұнда астарында шындық жатқанымен естіген адам оны басқаша түсінетіндей сөйлеп, жауды шатастыруды меңзеген. Жаумен сөйлескенде және де басқа кейбір жағдайларда осылай сөйлеуге рұқсат етіледі. Бірақ адам бұлай сөйлеу арқылы өзгенің заңды құқығына қол сұқпауы керек.

[3] Яғни, Мұхаммед (с.а.с.).

[4] Бұл жерде зекет туралы айтылған.

[5] Ибн Мәсләмә мұнда Пайғамбар (с.а.с.) бізге шариғаттың әдеп ережелерін үйретті, оларды орындау оңай емес, бірақ бұл қиындықтар Аллаһ тағаланың ризалығына жету үшін, оларды орындау бізге ұнайды дегенді меңзеген. Ал Кағб ибн Ашраф мұны Пайғамбар (с.а.с.) оларға өздеріне ұнамайтын қиындықтарды жүктеген деп түсінген.

[6] Бір уасқ алпыс сағқа немесе 135 келіге тең.

– *«Сен арабтардың ең әдемісі бола тұра, саған әйелдерімізді қалайша кепілге қалдырамыз?!»* – деді.

– «Онда балаларыңды кепілге қалдырасыңдар», – деді.

– *«Қалай саған балаларымызды кепілге қалдырамыз, олар бір не екі уасқ* (азыққа) *кепілге қойылған деген сөзге қалады ғой?! Бұл біздің намысымызды былғайды. Әйтсе де саған кепілге қару-жарақ қалдырайық»*, – деді.

Кағб: – «Жарайды», – деді.

Сөйтіп Мұхаммед ибн Мәсләмә Кағбпен оған тағы келетін болып келісті.

Әбу Нәилә да Мұхаммед ибн Мәсләмәнің тәсілімен Кағбқа келіп, онымен бірге біраз уақыт өлең шумақтарын оқып тұрып: – *«Сорың құрысын, ей, Ашрафтың ұлы! Мен саған бір шаруаны айту үшін келдім, оны тісіңнен шығарушы болма»*, – деді.

Кағб: – «Жарайды, тіс жармаймын», – деді.

Әбу Нәилә оған: – *«Мына кісінің келгені бізге бәле болды. Арабтар бізбен жауласты, барлығы бізге бір садақтан оқ атты және азық жолдарымызды кесті, осының себебінен бала-шағамыз ашықты, жанымыз қиналды, өзіміз де, бала-шағамыз да қиналып қалдық»*, – деді. Сондай-ақ екеуінің арасында Ибн Мәсләмәмен өрбігендей әңгіме өрбіді. Әбу Нәилә әңгіме арасында: *«Шындығында, менің осы сияқты пікірдегі жолдастарым бар. Мен сол жолдастарымды олармен келісіп алуың және осыған қатысты оң іс жасауың үшін саған ертіп келуді қалаймын»*, – деді.

Осылай Ибн Мәсләмә мен Әбу Нәилә Кағбпен сөйлесулерінде көздеген мақсаттарына қол жеткізді. Өйткені Кағб бұл әңгімеден кейін екеуінің қарумен және жолдастарын ерте келуінен шошымайтын болды.

Сонымен hижраның 3-жылындағы рабиғ әл-әууәл айының 14-түніне тура келген айлы түнде Аллаһтың жауын өлтіруге ұйымдасқан бұл топ Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына жиналды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл топты Бақиғ әл-Ғаркадқа[1] дейін шығарып салды да: ***«Аллаһтың есімімен барыңдар. Уа, Аллаһ! Бұларға жәрдем бер»***, – деп, оларды Ибн Ашрафтың қамалына қарай бағыттады. Содан кейін үйіне оралып, намазға тұрып, Раббысына мінәжат етуге кірісті.

Содан олар Кағб ибн Ашрафтың қамалына барып, Әбу Нәилә оны дауыстап шақырды. Кағб оларға түсуге жиналғанда, оның жаңа үйленген әйелі: «Мынадай уақытта қайда шығып барасың? Мен естіген дауыстан қан тамшылап тұрған тәрізді», – деді. Кағб оған: «Бұл бауырым Мұхаммед ибн Мәсләмә мен сүт бауырым Әбу Нәилә ғой. Негізінде, абыройлы адам түнде найзамен түйреуге шақырылса да жауап береді», – деді де, хош иістеніп, басынан жұпар аңқып, олардың алдына шықты.

Әбу Нәилә қасындағыларға: *«Ол келген кезде, мен оның шашынан ұстап иіскеймін. Оны басынан мықтап ұстағанымды көрсеңдер, дереу тап беріп, оны қылышпен шабыңдар»*, – деп тапсырған болатын.

[1] Мәдинадағы қорымның атауы.

Кағб төмен түскен соң, олар біраз әңгімелесті. Содан кейін Әбу Нәилә оған: *«Ей, Ашрафтың ұлы! Ажуз шатқалына барып, түннің қалған бөлігін әңгімемен өткізсек қайтеді?»* – деді. Кағб: «Қаласаңдар, солай етейік», – деп, барлығы сол шатқалға қарай қозғалды. Әбу Нәилә жолда: *«Мен бұл түндегідей хош иісті жұпарды ешқашан иіскеген емеспін»,* – деді. Кағб бұл сөзге масаттанып: «Менің әйелім – араб әйелдерінің ең хош иістісі», – деді. Әбу Нәилә оған: *«Шашыңды иіскеуіме рұқсат етесің бе?»* – деді. Ол: «Жарайды, иіскей ғой», – деді. Әбу Нәилә қолын оның шашына салып, өзі иіскеді және жолдастарына иіскетті.

Содан ол тағы біраз біраз жүрген соң: *«Қайталасам бола ма?»* – деді. Кағб: «Жарайды», – деді. Әбу Нәилә тағы да алдыңғысындай қайталады. Осыдан кейін Кағб оның бұл әрекетінен секем алмастан, көңілі жайланып қалды.

Тағы біраз жүрген соң, Әбу Нәилә: *«Қайталасам бола ма?»* – деді. Кағб: «Жарайды», – деді. Бұл жолы Әбу Нәилә оның шашына қолын салып, мықтап ұстады да: *«Аллаһтың жауына жабылыңдар!»* – деді. Олар Кағбті қылыштарымен шапқанымен, еш нәтиже шығара алмады. Сол кезде Мұхаммед ибн Мәсләмә семсерін алып, Кағбті өлтірді.

Сөйтіп жауларын жайратқан бес сахаба кері қайтты. Олардан Харис ибн Әус қапелімде серіктері жұмсаған қылыштардың бірінің ұшы тиіп мертігіп, жарақатынан қан шапшып кеткен болатын. Серіктері Харра әл-Арид деген жерге жеткенде, жандарында Харистің жоқтығын байқап, оны күтіп тұрды және біраздан соң соңдарынан жеткен Харисті арқалап көтеріп алды. Олар Бақиғ әл-Ғаркадқа жете, дауыстап тәкбір айтты. Аллаһ елшісі (с.а.с.) тапсырмадан оралған сахабаларының тәкбір айтқан дауыстарын естіп, олардың Кағб ибн Ашрафты өлтіргендерін түсінді де, өзі де тәкбір айтты. Олар алдарына келгенде, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Жүздерің табысқа жетті!»*** – деп, алғысын білдіріп, Аллаһқа мақтау арнады және серіктері арқалап әкелген Харистің жарақатына түкірген еді, оның жарақаты жазылып кетті әрі оны бұл жарақаты осыдан кейін ешқашан мазаламаған[1].

Яһудилер озбырлары Кағб ибн Ашрафтың өлтірілгенін білгенде, қасарысқан жүректеріне үрей ұялап, Аллаһ елшісі (с.а.с.) бейбітшілікті бағаламайтын, бүліктер тудыруды қалайтын, арадағы келісімдерді құрметтемейтін адамдарға насихат пайда бермейтінін көрген жағдайда, күш қолданудан тосылмайтындығын түсінді. Сондықтан да олар озбырларының өлтірілгеніне қатысты ешқандай әрекетке бармастан, тыныштық сақтады

[1] Қ.: Ибн Һишам (2/51-57), «Сахих әл-Бұхари» (1/341, 425; 2/577), «Сунән Әбу Дауд» түсіндірмесі «Аун әл-Маъбудпен» бірге (2/42-43). Бұл да – Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мұғжизаларының бірі, ал Пайғамбардың (с.а.с.) оның жарақатына түкіруі осы мұғжизаның нақтылануы үшін жасалған қосымша әрекет қана («Тәнзиһ әл-әнбия», 133-бет). Ал мұғжизалар – Аллаһ тағала пайғамбарларына беретін, басқа адамдардың қолдарынан келмейтін, әдеттегіден тыс, керемет істер.

және келісімдерді орындайтын кейіп танытты, мыстары басылып, абжыландар індеріне тығылуға асықты.

Осылай Аллаһ елшісі (с.а.с.) біршама уақытқа дейін Мәдина қаласының сыртында пайда болуы күтіліп жүрген қатерлердің бетін қайтарды. Мұсылмандардың да өздері алаңдап, арагідік иісін сезіп жүрген көптеген ішкі қиындықтары жеңілдеп қалды.

Бахран жорығы

Һижраның 3-жылы рабиғ әл-ахир айында Аллаһ елшісі (с.а.с.) үш жүз жауынгерін Бахран деп аталатын жерге бастап барды. Бахран – Хижаздың Фурғ жазығы жағындағы жер кеніші. Пайғамбар (с.а.с.) сол жерде екі ай болып, рабиғ әл-ахир және жумәдә әл-улә айларын сонда өткізгеннен соң, Мәдинаға ұрыссыз оралған[1].

Зәйд ибн Харисаның жорығы

Бұл – һижраның 3-жылы жумәдә әл-ахира айындағы, мұсылмандар Ухуд шайқасына дейін жасаған ең соңғы әрі ең табысты да сәтті жорық.

Құрайыштар Бәдір шайқасынан кейін абдырап, мазасызданып жүргендерінде, жаз келіп, Шам өлкесіне сауда сапарына аттанатын маусымдары жақындаған сайын олардың кезекті бір уайымдары күшейе түсті.

Меккеліктер бұл жылғы Шам еліне шығатын сауда керуеніне басшылық етуге Сафуан ибн Умәййәні таңдаған болатын. Сафуан оларға: «Шындығында, Мұхаммед пен оның сахабалары біздің саудамыздың көзін жауып тастады. Біз оның теңіз жағалауын қалт жібермей жіті бақылап отырған сахабаларына не амал істейтінімізді білмейміз. Мұхаммед жағалаудағы тұрғындармен келісім жасасып, оның тұрғындарының барлығы онымен бірігіп кетті. Енді қай жолмен жүрерімізді білмей қалдық. Егер сауда сапарына шықпай, жұртымызда қалсақ, мал-мүлкіміздің басын жеп тауысамыз. Біздің Меккедегі күнкөрісіміз жазда Шам еліне, қыста Эфиопияға жасалатын саудаға ғана қарап отыр», – дейді.

Олардың арасында осы тақырыптың төңірегінде қызу пікірталас жүріп, Әсуәд ибн Абдулмутталиб Сафуанға: «Сен теңіз жағалауындағы жолды

[1] Қ.: Ибн Һишам (2/50-51). Тарих кітаптарында Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бұл жорыққа не үшін шыққаны жайында түрлі деректер бар. Бір деректер Пайғамбардың (с.а.с.) бұл жорыққа шығуына тыңшылардан бәну суләйм тайпасының Мәдина қаласы мен оның шеткі қоныстарына шабуылдау үшін үлкен күш жинап жатқаны туралы хабар келгендігі себеп болған десе, енді бір деректер Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл жолы құрайыштарды көздеп шыққан деп көрсетеді. Мұндағы екінші деректі Ибн Һишам нақыл еткен.

таста да, Ирактың жолымен жүр», – дейді. Бұл Шам еліне қарай Нәждті[1] кесіп, Мәдинаның шығыс жағын орай алыс қашықтықтан өтетін өте ұзақ жол еді. Құрайыштар бұл жолдың жай-жапсарынан мүлдем хабарсыз болатын. Әсуәд ибн Абдулмутталиб Сафуанға бұл сапарда өзіне бәну бәкір ибн уәил руындағы Фурат ибн Хаййанды жол көрсетуші етіп алуына кеңес береді.

Сөйтіп Сафуан ибн Умәййә құрайыштардың сауда керуенін әдеттегіден өзге жолмен, жаңа бағытпен бастап шығады. Бірақ керуеннің хабары мен оның беталыс жоспары Мәдинаға жетеді. Құпия жоспардың сырының ашылу себебі, бірде Исламды жасырын қабылдаған Салит ибн Нұғман бір топ адаммен бас қосып, шарап ішіп отырады. Бұл шарап ішуге тыйым салынудан бұрын болатын. Олардың арасында Нұғайм ибн Масғуд әл-Әшжәғи бар еді. Нұғайм ибн Масғуд ол кезде әлі Исламды қабылдамағанды. Осы мәжілісте шарапқа қызып, масайып қалған Нұғайм сауда керуенінің жай-жапсары мен беталыс жоспарын өзімен бірге отырған кісілерге жайып салады. Осыдан кейін Салит өзі естіген маңызды хабарды Пайғамбарға (с.а.с.) жеткізуге асықты.

Керуеннің хабарын алған Аллаһ елшісі (с.а.с.) дер кезінде жүз аттылы сарбазын жасақтап, оларға Зәйд ибн Хариса әл-Кәлбиді қолбасшылыққа тағайындады. Зәйд ибн Хариса жасағымен бірге шұғыл атқа қонып, керуенге күтпеген жерден, керуеншілер қаннен-қаперсіз Нәжд жеріндегі Қарда деп аталатын судың басына ат шалдырып жатқан кезде аңдаусызда шабуылдап, ондағы дүние-мүліктің барлығын басып алды. Ал керуен басшысы Сафуан мен оның жанындағы күзетшілер ешқандай қарсыласуға бармастан, керуенді тастап тұра қашты.

Мұсылмандар керуеннің жол көрсетушісі Фурат ибн Хаййанды тұтқынға түсірді. Сондай-ақ мұсылмандардың қолына одан өзге екі кісі тұтқынға түскен деген де дерек бар. Сөйтіп Зәйдтің жасағы керуенге тиелген ыдыс-аяқтар мен күмістерден құралған мол олжаны Мәдинаға алып қайтты. Оның құны жүз мың дирһамға бағаланатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) түскен олжаның бестен бір бөлігін мұсылмандардың ортақ қазынасына ажыратқаннан кейін қалғанын жасақ мүшелеріне бөліп берді. Ал тұтқынға түскен Фурат ибн Хаййан Пайғамбардың (с.а.с.) алдында Исламды қабылдады.

Бұл табысты жорық құрайыштарға Бәдір шайқасынан кейін тиген тағы бір ауыр соққы, үлкен қасірет болды. Осыдан соң олардың абыржулары тіптен күшейді, уайым-қайғылары бұрынғысынан да арта түсті. Енді олардың алдында екі-ақ жол – менмендіктері мен астамшылықтарынан тыйылып, мұсылмандармен келісімге, ымыраға келу немесе жаппай соғыс жасап, бұрынғы даңқтары мен үстемдіктерін қайтару және мұсылмандардың күштерін ендігәрі бас көтере алмастай талқандау ғана қалған еді. Бұл орайда меккеліктер екінші жолды таңдап, өш алуға деген құлшыныстары артты,

[1] Араб түбегінің ортасындағы кең байтақ үстірттің аты.

мұсылмандармен сақадай сайланып шайқас алаңында кездесуге дайындалды, олардың отандарына бастырып баруға бекінді.

Осы және жоғарыда баяндалған оқиғалар тарихта «Ухуд шайқасы» деген атпен айшықталған, құрайыштар мен мұсылмандардың арасындағы қанды қырғынның алдындағы, екі тарапты осы шайқасқа алып келген басты себептер болатын.

УХУД ШАЙҚАСЫ

Құрайыш мүшріктерінің өш алу үшін соғысқа дайындалуы

Бәдір шайқасында ойсырай жеңіліп, басшылары мен шонжарларынан айрылған меккеліктер мұсылмандарға деген ашу-ызадан өртенердей болып жүрген. Олардың жүректерінде өш алу, кек қайтару сезімі қайнап, алай-дүлей буырқанып жатқан-ды. Тіпті құрайыштар қайғы-қасіреттерін мұсылмандарға білдірмеу үшін жерлестеріне Бәдір шайқасында өлтірілген адамдарды жоқтап жылауға тыйым салған және мәдиналықтардың қолындағы тұтқындарын босату үшін төлем беруге асықпауды тапсырған болатын.

Бәдір шайқасының артынша құрайыштар мұсылмандарға қарсы алқымдарын буындырған ашудың уытын басатын, ыза-кектерінің айызын қандыратын жаппай соғыс жасауға келісті және көп бөгелмей осындай шайқастың дайындығына кірісіп те кетті.

Құрайыш басшыларының ішіндегі мұсылмандармен соғысқа көбірек ынталылары, намысы қозып, қаны қызып жүргендері Икрима ибн Әбу Жәһл, Сафуан ибн Умәййә, Әбу Суфйан ибн Харб, Абдуллаһ ибн Әбу Рабиғалар еді. Бұлар ең алдымен Әбу Суфйан құтқарып қалған, Бәдір шайқасының туындауына тікелей себеп болған керуендегі мал-мүлікті иелеріне таратпай, оларға: «Уа, құрайыштар қауымы! Шындығында, Мұхаммед сендерге залал келтірді және таңдаулыларыңды өлтірді. Енді мына мал-мүлікпен бізге оған қарсы соғысуға көмектесіңдер. Бәлкім, сәтін салып, одан өшімізді алармыз», – деді. Меккелік көпестер бұған келісімдерін беріп, керуен тиеп келген тауарлар сатылды. Нәтижесінде, қарымта соғыстың жабдығына бір керуеннің өзінен мың түйе және елу мың динар ақша түсті. Бұған қатысты Аллаһ тағала: **«Кәпірлер мал-мүліктерін Аллаһтың жолынан тосу үшін жұмсайды. Әрі алдағы уақытта да жұмсайды. Кейін бұл оларға қасірет болып, олар жеңіліске ұшырайды»**[1], – деген.

Бұдан кейін ынталылар мұсылмандарға қарсы жорыққа атсалысуды қалаған барлық эфиопиялықтарды, кинәнә тайпалары мен Тиһама[2] жұртын көмекке шақырды. Бұл үшін олар тайпаларды мұсылмандарға қарсы соғысқа үгіттеудің түрлі тәсілдерін пайдаланды. Тіпті Сафуан ибн Умәййә ақын Әбу Ғиззаны осымен айналысуға көндірді. Әбу Ғизза Бәдір шайқасында мұсылмандардың қолына тұтқынға түскенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) жайсаңдық жасап, оны төлемсіз босатқан және өзіне қарсы шықпауға келісімін алған болатын. Сафуан осы шайырға тайпаларды мұсылмандарға қарсы көтерсе, жорықтан тірі оралған күнде, байлыққа кенелтетініне, ал олай-бұлай болып кетсе, қыздарын қамқорлығына алатындығына уәде етті.

[1] «Әнфал» сүресі, 36-аят.

[2] Тиһама – Қызыл теңіздің шығыс жағалауындағы белдеудің атауы.

Осыдан соң Әбу Ғизза тайпаларды үгіттеуге кірісіп, өлеңдерімен олардың намыстарын оятып, жігерлерін жаныды. Сол сияқты құрайыш басшылары бұл мақсатта тағы бір ақынды – Мусафиғ ибн Абдуманаф әл-Жумахиді де пайдаланды.

Әбу Суфйан Сауиқ жорығынан ойындағысына жете алмай, үміті ақталмай, керісінше, азық қорының үлкен мөлшерінен айрылып оралған соң, мұсылмандарға қатты өшігіп жүрген-ді.

Осылай жүргенде құрайыштардың Зәйд ибн Харисаның жорығында керуендері шабылып, үлкен шығынға батқаны арадағы отты көсеп, маздата түсті. Мұндайлық шығын құрайыштардың экономикасының белін шойырып тастады, ал өздерін терең уайымға, ауыр қайғыға батырды. Осыдан кейін құрайыштар өздері мен мұсылмандардың арасын шешуші соғысқа тездете дайындала бастады.

Құрайыш әскерінің саны және әскердің басшылығы

Бәдір шайқасынан кейін жыл айналғанда, меккеліктер барлық керек-жарағын қамдап, соғысқа сақадай сай тұрды. Мүшріктердің әскері құрайыштар мен олардың одақтастарының және эфиопиялықтардың үш мың жауынгерінен құралды. Құрайыштың басшылары жауынгерлердің арнамыстары тапталмауы үшін бар жанын салып соғысуына септігі тиеді деген оймен жорыққа өздерімен бірге әйелдерді де ала шығуды дұрыс санады. Олармен бірге жорыққа шыққан әйелдердің саны он бес еді.

Әскердің құрамында үш мың түйе, екі жүз ат болды және сәйгүліктер жол бойы ешкім мінбестен салт жүрді. Жауынгерлердің жеті жүзі сауыт құрсанған еді.

Жалпы әскердің басшылығы Әбу Суфйан ибн Харбтің қолында болды, аттылы сарбаздарға Халид ибн Уәлид қолбасшылық жасады, оған Икрима ибн Әбу Жәһл көмекшілік етті. Ал ақиқатқа қарсы көтерілген туды абдуддар әулеті ұстады.

Меккелік әскердің жолға шығуы

Осындай толық дайындықтан кейін меккеліктердің әскері Мәдинаға қарай қозғалды. Ежелгі кектер мен іштегі ашу-ыза олардың жүректеріндегі өшпенділікті маздатты, алдағы қанды шайқасқа жетеледі.

Пайғамбардың (с.а.с.) тыңшыларының жаудың әрекетін хабарлауы

Меккеде Аббас ибн Абдулмутталиб құрайыштардың әрекеттері мен әскери дайындықтарын жіті бақылап жүрген болатын. Ол меккеліктердің әскері жолға шыққан кезде, Пайғамбарымызға (с.а.с.) әскердің барлық жай-жапсары баяндалған шұғыл хат жолдады.

Аббастың шабарманы хатты Мәдинаға жеткізуге асығып, жылдам жүргені соншалық, Меккеден Мәдинаға дейінгі бес жүз шақырымдық жолды үш-ақ күнде басып өтті және хатты Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қолына Құба мешітінде тапсырды.

Хатты Пайғамбарға (с.а.с.) Убәй ибн Кағб оқып берді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған бұл жайлы тіс жармауды бұйырды да, шұғыл Мәдинаға оралып, муһажирлер мен ансарлардың басшыларымен пікір алмасты.

Мұсылмандардың күтпеген жағдайларға дайын жүруі

Бұл кездерде Мәдина халқы жаппай үріккен жағдайда жүрді. Мұсылмандар күтпеген тосын жағдайларға дайын болу үшін намазда да қаруларын тастамайтын.

Ансарлардың ішінде Сағд ибн Муғаз, Усәйд ибн Худайр және Сағд ибн Ғұбада бар бір тобы Аллаһ елшісін (с.а.с.) күзетуге кірісті. Олар қаруларын алып, түні бойы Пайғамбардың (с.а.с.) есігінің алдында қарауылдап шығатын.

Жаудың тұтқиылдан лап беруінен қауіптенгендіктен, Мәдинаның кіре беріс ауыздары мен қапталдарына күзетші жасақтар орналастырылды.

Мұсылмандардың шолғыншы жасақтары жаудың әрекеттерін барлап, мүшріктер Мәдинаға шабуылдауы мүмкін жолдарды шарлап жүрді.

Меккелік әскердің Мәдинаның қорғандарына жақындауы

Меккеліктердің әскері батыстағы әдеткі, негізгі жолмен жүрді. Олар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) анасы жерленген Әбуа деп аталатын мекенге келгенде, Әбу Суфйанның әйелі Һинд бинт Ғұтба Әмина ананың қабірін қопарып, астан-кестең етуге ұсыныс жасады. Бірақ әскердің басшылары өздеріне келетін салдарлардан қорқып, бұл ұсынысты қабылдамады.

Бұдан кейін әскер шеруін жалғастырып, Мәдинаға жақындағанда, Ақиқ жазығымен жүрді. Сонан соң Ақиқ жазығынан оңға бұрылып, Ухуд тауының маңындағы, Мәдинаның солтүстігінде орналасқан Айнайн деп аталатын орынға ат шалдырды. Сөйтіп меккеліктер сол жерге һижраның 3-жылы шәууәл айының алтысында жұма күні әскери қосындарын тікті.

Қорғаныс жоспарына қатысты кеңес мәжілісі

Мәдиналық тыңшылар меккелік әскердің хабарын кезең-кезеңімен жеткізіп тұрды. Жау әскерінің Ухуд тауының маңына қосын тіккені жайлы соңғы хабар келгенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) жоғарғы әскери кеңес мәжілісін өткізіп, сахабаларымен жауды қарсы алатын орынды таңдауға қатысты пікір алмасты. Оларға өзі көрген түсті хабарлап: ***«Аллаһпен ант етейін, ақиқатында, мен жақсылықты көрдім. Мен түсімде бауыздалып жатқан сиырларды көрдім, қылышымның ұшында бір кетік көрдім әрі***

қолымды мықты сауытқа кіргізгенімді көрдім», – деді және түсіндегі сиырларды осы шайқаста өлтірілетін бір топ сахабалары, қылышындағы кетікті өзінің отбасы мүшелерінен мерт болатын бір кісі, ал сауытты Мәдина қаласы деп жорыды.

Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларына Мәдинадан сыртқа шықпастан, қала ішінде шеп құру туралы пікірін ұсынды. Сонда мүшріктер өздерінің қосындарында қалса, сәтсіз, пайдасыз орында қалатынын, ал егер Мәдинаға кірсе, мұсылмандардың олармен тар көшелердің ауыздарында соғысатынын әрі өздеріне үйлердің төбесінен әйелдердің де көмектесетіндігін алға тартты. Негізінде, осы дұрыс пікір еді. Бұл пікірмен мәжіліске хазраж тайпасы басшыларының бірі ретінде қатысқан мұнафықтардың басшысы Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлул келісе кетті. Бірақ оның келісе қалуы бұл пікірдің әскери тұрғыда дұрыс орынды таңдағандығынан емес-ті, керісінше, Ибн Убәй бұл арқылы өзіне ешкімге білдірместен соғысқа қатыспай қалуына мүмкіндік тууын қалаған болатын. Мұнымен Аллаһ тағала мұсылмандардың алдында Ибн Убәй мен оның сыбайластарының ә дегеннен-ақ сырлары мәлім болуын, олардың кәпірліктері мен мұнафықтықтарын бүркемелеп жүрген жабулары ашылуын және мұсылмандардың ең қиын сәттерінде қойын-қонышында жорғалап жүрген шұбар жыландарды тануын қалады.

Сонда Бәдір шайқасына қатыса алмай қалған бір топ қадірлі сахабалар өре түрегеліп, Пайғамбарға (с.а.с.) қаладан тыс жерге шығып соғысуға кеңес берді және дегендерінен қайтпай тұрып алды. Тіпті олардың біреуі: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Біз осы күнді армандап, Аллаһтан тілеп жүр едік. Енді Аллаһ оны алдымызға әкеліп, аттанар уақыт таяды. Жауларымызға қарай шық, олар бізді өздерінен қорықты деп ойламасын»*, – деді.

Бұл ынталылардың басында Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көкесі Хамза ибн Абдулмутталиб те бар еді. Ол да інісіне: *«Саған Кітапты түсірген Аллаһпен ант етейін, оларды қылышыммен Мәдинаның сыртында турамайынша нәр татпаймын»*, – деп табандады.

Осындай ынталылардың құлшынысынан соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) өз пікірінен бас тартып, сарбаздарымен бірге қаладан шығуға және жау әскерімен ашық алаңда кездесуге бекінді.

Мұсылман әскерінің қосындары және олардың шайқас алаңына шығуы

Сонан соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) адамдармен бірге жұма намазын оқып, оларға уағыз жасады, шайқаста қайрат-жігер көрсетулерін бұйырды, төзімділіктеріне қарай жәрдемге ие болатындарын хабарлады және оларға жауларына қарсы аттануға қамдануды тапсырды. Сахабалар бұған қуанып, көңілдері жадырады.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) адамдармен аср намазын оқығанда, мұсылмандар жиналып, Ауалидің[1] тұрғындары да келіп қалған болатын. Намаздан соң Пайғамбар (с.а.с.) Әбу Бәкір мен Омарды ертіп үйіне кірді. Екі жолдасы оның сәлдесін орап, киімін кигізді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) екі сауытты қабаттап киіп, қылышын асынып, адамдардың алдына шықты.

Адамдар оның сыртқа шығуын күтіп тұрған болатын. Оларға Сағд ибн Муғаз бен Усәйд ибн Худайр: *«Сендер Аллаһ елшісін (с.а.с.) қаладан шығуға мәжбүрлеңдер. Енді шешімді оның өзіне беріңдер»,* – деген-ді. Екеуінің сөзінен соң барлығы өздерінің істеріне өкініп, Пайғамбар (с.а.с.) алдарына шыққанда, оған: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Біздің саған қарсы келмеуіміз керек еді. Енді қалағаныңды жаса. Егер Мәдинада қалуды қаласаң, солай ет»*, – деді. Бірақ Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Қайсыбір пайғамбар сауытын кисе, Аллаһ жауымен арасын ажыратқанға дейін, оның үстіндегі сауытын шешуіне болмайды»***, – деді[2].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) әскерін үш қосынға бөлді:

1. Муһажирлердің қосыны. Оның туын Мусғаб ибн Ғұмайр әл-Абдариге берді.

2. Ансарлардың әус тайпасының қосыны. Оның туын Усәйд ибн Худайрге ұстатты.

3. Ансарлардың хазраж тайпасының қосыны. Пайғамбар (с.а.с.) бұл қосынның байрағын Хубаб ибн Мунзирдің қолына берді.

Мұсылмандардың әскерін мың жауынгер құрады. Олардан жүз кісіде ғана сауыт болды және әскерде бірде-бір аттылы сарбаз болмады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзі жоқта Мәдинада қалғандардың намазына басшылық етуді Ибн Умму Мәктумге жүктеді де, жауынгерлеріне аттануға жарлық беріп, әскер солтүстікке қарай бет алып қозғалды. Сауыт киген Сағд ибн Муғаз бен Сағд ибн Ғұбада Пайғамбардың (с.а.с.) алдына түсіп, желе жүгіріп жүрді.

Пайғамбар (с.а.с.) Сәният әл-Уадағ деп аталатын тау асуынан өткенде, мұсылмандар әскерінен оқшау келе жатқан, жақсы қаруланған әскердің қосынын көріп, олардың кімдер екенін сұрады. Жанындағылар бұлардың хазраж тайпасымен одақтас яһудилер екенін, олардың да мүшріктерге қарсы соғысқа көмектесуді қалайтындықтарын жеткізді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Олар Исламды қабылдаған ба?»*** – деп сұрады және *«Жоқ»* деген жауап алған соң, мүшріктерге қарсы кәпірлердің көмегін пайдаланудан бас тартты.

---

[1] Ауали – Мәдинаның шығыс жағында қалаға таяу орын тепкен елді мекендер шоғыры. Бұл әус тайпасының қоныстары еді.

[2] Мұны Ахмад (3/351), ән-Нәсәи, әл-Хаким және Ибн Исхақ жеткізген. Әрі оны әл-Бұхари де «Құран мен сүннетті берік ұстану кітабындағы» бір тараудың түсіндірмесінде келтірген.

Пайғамбардың (с.а.с.) әскерді іріктеуі

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Шайхан деп аталатын орынға жеткенде, әскерін іріктеп, әлі жас, соғысқа жарамайды деп санаған балаларды кері қайтарды. Пайғамбар (с.а.с.) соғысқа араластырмай, Мәдинаға қайтарған балалардың қатарында Абдуллаһ ибн Омар ибн әл-Хаттаб, Усама ибн Зәйд, Усәйд ибн Зуһайр, Зәйд ибн Сәбит, Зәйд ибн Арқам, Араба ибн Әус, Амр ибн Хазм, Әбу Сағид әл-Худри, Зәйд ибн Хариса әл-Ансари және Сағд ибн Хаббалар бар еді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) балалардан жастарының кішілігіне қарамастан Рафиғ ибн Хадиж бен Сәмура ибн Жундәбтің соғысқа қатысуына рұқсат етті. Рафиғ ибн Хадиж сарбаздардың қатарына садақ атудың шебері болғандықтан алынған-ды. Сонда Сәмура: *«Мен Рафиғдан күштімін, күрессем оны жеңемін»*, – деді. Адамдар мұны Аллаһ елшісіне (с.а.с.) хабарлағанда, Пайғамбар (с.а.с.) екеуіне өзінің алдында күресуді бұйырды. Сөйтіп екеуі күш сынасып, Сәмура Рафиғды жеңді де, Пайғамбар (с.а.с.) оның да соғысқа қатысуына рұқсат берді.

Әскердің Ухуд пен Мәдинаның арасында түнеуі

Пайғамбар (с.а.с.) сарбаздарды іріктеп болғанда, кеш түсіп қалған болатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) ақшам намазын, сонан соң құптан намазын оқып, сол жерде түнеуге қалды және төңіректі барлап, әскери қосынды күзетуге елу кісіні ажыратты. Сақшылардың жасағына Кағб ибн Ашрафты өлтірген топтың батыры Мұхаммед ибн Мәсләмә басшылық жасады. Ал Зәкуан ибн Абдулқайс Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жеке күзетімен айналысты.

Абдуллаһ ибн Убәй мен оның сыбайластарының әскерден бөлініп кетуі

Аллаһ елшісі (с.а.с.) түнемелікке түскен орнынан таң атуынан сәл уақыт бұрын әскерді көтеріп, таң қараңғылығымен жолға шықты да, біраз жүріп барып, таң намазын оқыды. Бұл кезде мұсылмандар жаудың әскери қосынына екі жақ бірін-бірі көретіндей таяп барған болатын. Сол жерде мұнафық Абдуллаһ ибн Убәй: «Біз басымызды не үшін өлімге тігуіміз керек?!» – деп әрі Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзінің пікірімен келіспей, өзгелердің пікіріне бағынғанын сылтауратып, әскерден бөлініп шықты және өзімен бірге әскердің үштен біріне жуығын – үш жүз жауынгерді ала кетті.

Әрине, бұл бөлінудің себебі, мұнафықтың желеуреткеніндей, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) оның пікірін қабылдамауы емес-ті. Олай болса, оның Пайғамбардың (с.а.с.) әскерімен бірге осы орынға дейін келуінің еш мәні жоқ қой. Себебі осы болса, ол басында-ақ әскерге қосылмай қалар еді. Негізінде, оның осындай қысылтаяңда бөлінуден көздеген басты мақсаты – мұсылмандар әскері жауларын көздерімен көріп, дауыстарын құлақтарымен

естіп тұрғанда, олардың ішінде уәйім мен шайқалу тудыру болатын. Бұл әрекетімен әккі мұнафық әскердің көпшілігінің Аллаһ елшісінен (с.а.с.) бөлініп кетуін, оның жанында қалған жауынгерлердің рухтары құлауын, ал мұны көрген жаудың батылданып, мақсаттарына өршелене ұмтылуын көздеген-ді. Бұл Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен оның берілген сахабаларының тезірек көздерін құртып, осыдан кейін жанын сатқан мұнафық пен оның сыбайластарының қайтадан билік басына оралуына мүмкіндік туар еді.

Мұнафық Ибн Убәйдің көздеген мақсатының кейбірі орындалуға шақ қалып, әус тайпасынан бәну хариса, хазраж тайпасынан бәну сәлимә әулеттері осалдық танытуды ойлады. Бірақ Аллаһ тағала оларды Өз қамқорлығына алып, араларында толқу туғандықтан кері оралуды, әскерден бөлініп кетуді ойлаған екі әулет те артынша ойларынан қайтып, әскердің сапында қалды. Аллаһ тағала олар туралы: **«Сол кезде сендерден екі топ осалдық танытуды ойлады. Ол екеуінің Қамқоршысы – Аллаһ. Мүміндер Аллаһқа тәуекел етсін»**[1], – деген.

Жәбир ибн Абдуллаһтың әкесі Абдуллаһ ибн Харам әскерден бөлініп бара жатқан мұнафықтарға осындай қысылтаяңда бұлай жасамаулары, саптан шықпаулары керектігін ескертуге тырысып, опасыздардың соңдарынан ере, оларды кінәлауға және кері оралуға үгіттеуге кірісті. Ибн Харам оларға: *«Бері келіңдер, Аллаһтың жолында соғысыңдар немесе қорғаныңдар»*, – деді. Ал олар: «Егер де сендердің соғысатындарыңды білгенімізде, кері оралмас едік»[2], – деп, қайрылмай кете барды. Үгіттеуі еш нәтиже бермеген Абдуллаһ: *«Аллаһ беттеріңді аулақ қылсын, ей, Аллаһтың жаулары! Аллаһ пайғамбарын сендерге мұқтаж етпейді»*, – деп, күйіне кері қайтты. Осы бір мұнафықтар туралы Аллаһ тағала: **«Екі топ бетпе-бет келген күні сендердің бастарыңа түскен іс Аллаһтың рұқсатымен және Оның мүміндерді білуі** (айыруы) **үшін болды. Әрі Оның мұнафық болғандарды да білуі үшін. Оларға: «Келіңдер, Аллаһ жолында соғысыңдар немесе қорғаныңдар», – делінді. Олар: «Соғыс болатынын білгенімізде, әлбетте соңдарыңнан ерер едік», – деді. Сол күні олар иманға қарағанда кәпірлікке жақын еді. Олар ауыздарымен жүректерінде жоқты айтады. Негізінде, Аллаһ олардың не жасырып тұрғандарын жақсы біледі»**[3], – деген.

Мұсылмандар әскерінің қалған бөлігінің Ухудке қарай қозғалуы

Абдуллаһ ибн Убәй мен оның сыбайластары әскерді тастап, бөлініп кеткеніне қарамастан, Аллаһ елшісі (с.а.с.) әскердегі қалған жеті жүз жауынгерді бастап, беталысын жаудың қосынына бұрмақ болды. Мүшріктердің әскери қосыны Ухуд тауына апаратын негізгі жолдың көп

[1] «Әлі Имран» сүресі, 122-аят.
[2] Яғни, біз сендерді соғысады деп ойламаймыз.
[3] «Әлі Имран» сүресі, 166-167 аяттар.

бөлігін жауып қалған еді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Кім бізді жауды орағытып өтетін жол арқылы оларға жақын жерден шығарады?»*** – деп сұрады. Сахаба Әбу Хайсама: *«Мен, уа, Аллаһтың елшісі!»* – деді де, Ухудке қарай бәну хариса әулетінің тастақты жері және егіндіктері арқылы өтетін қысқа жолды таңдады. Мұсылмандар бұл жолға түскенде мүшріктердің әскері батыс жақта қалды.

Әскер жолда мұнафық Марбағ ибн Қайзидің құрма бағынан өтті. Марбағ ибн Қайзи көз жанарынан айрылған соқыр кісі еді. Ол әскердің дүбірін сезгенде, мұсылмандардың беттеріне топырақ шашып: «Егер сен Аллаһтың елшісі болсаң, бағыма кіруіңе рұқсат етпеймін», – деп байбалам сала бастады. Оны өлтіруге тап берген сахабаларына Пайғамбар (с.а.с.): ***«Оны өлтірмеңдер. Бұл – жүрегі де, көзі де соқыр адам»,*** – деп басу айтты.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) жол тартып, Ухуд тауының жазықтың шетіндегі шатқалына барып тоқтады да, әскерін Мәдина қаласының қарсы алдына орналастырды, ал арқасын Ухуд тауының құз жартастарына берді. Сонымен жау әскері мұсылмандар мен Мәдинаның ортасында тұрды.

Қорғаныс жоспары

Шатқалда Аллаһ елшісі (с.а.с.) әскерін дайындады, олардың саптарын реттеді. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) әскерден елу шебер садақшыны іріктеп алып, оларға басшылық жасауды Абдуллаһ ибн Жубәйр ибн Нұғман әл-Ансари әл-Әуси әл-Бәдриге жүктеді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл садақшыларға Қанат жазығының оңтүстік шетінде, мұсылмандар әскерінің оңтүстік-шығыс жағында жүз елу метрдей қашықтықта орын тепкен таудың басына жайғасуды бұйырды. Кейіннен бұл тау «Садақшылар тауы» деп аталатын болды.

Пайғамбардың (с.а.с.) бұдан көздеген мақсаты оның мергендер жасағына арнаған сөздерінде қамтылған. Аллаһ елшісі (с.а.с.) садақшылардың басшысына: ***«Аттылыларды жебелермен атып, бізге жолатпа, олар біздің арқа жағымыздан келмесін. Шайқас біздің пайдамызға немесе зиянымызға шешілсе де, сол орныңда қал, біз сен жақтан шабуылға ұшырамайық»,*** – деп тапсырған болатын.

Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) садақшыларды: ***«Сендер біздің арқа тұсымызды қорғаңдар. Қырылып жатқанымызды көрсеңдер де, бізге көмекке келмеңдер, олжалы болғанымызды көрсеңдер де, бізге қосылмаңдар»,*** – деп шегеледі[1].

Әл-Бұхаридің риуаятында Аллаһ елшісінің (с.а.с.): ***«Бізді құс алып ұшып кетіп жатқанын көрсеңдер де[2], сендерге өзім*** (кісі) ***жібергенше мына орындарыңнан тапжылмаңдар, сондай-ақ біз*** (мына) ***адамдарды жеңіп,***

[1] Мұны Ахмад, ат-Табарани және әл-Хаким Ибн Аббастан риуаят еткен (қ.: «Фатх әл-Бәри», 7/350).

[2] Яғни, біздің мәйіттерімізді құс шоқып жатса да.

тым-тырақай етсек те, сендерге өзім (кісі) ***жібергеніше тапжылмаңдар»,*** – дегені келтірілген[1].

Мергендер жасағын тау басына орналастырып, оларға осындай қатаң бұйрықтар беру арқылы Аллаһ елшісі (с.а.с.) мүшріктердің аттылы сарбаздары мұсылмандардың саптарына арқа жақтарынан келіп, қоршауға алулары ықтимал жалғыз бағытты жапты.

Пайғамбар (с.а.с.) әскердің қалған бөлігінің оң қанатына басшылық етуді Мунзир ибн Амрге, сол қанатына басшылық жасауды Зубәйр ибн Ауламға тапсырды және оған Миқдад ибн Әсуәдті көмекші етіп тағайындады. Зубәйрге Халид ибн Уәлидтің аттылы сарбаздарына тайсалмай қарсы тұру тапсырмасы жүктелді. Ал саптардың алдыңғы жағына мұсылман батырларынан, олардың ержүректігімен және өжеттігімен танылған, мың жауынгерге татитын кісілерінен айрықша таңдаулылар қойылды.

Бұл Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ұлы қолбасшылығын айғақтайтын өте дана әрі шебер жоспар еді. Қаншама озық болса да ешбір қолбасшының бұдан мықты, бұдан дана жоспар түзуі мүмкін емес. Пайғамбар (с.а.с.) соғыс алаңына жау әскерінен кейін барғанына қарамастан, ондағы ең жақсы орынды иеленіп, әскерінің арқа жағы мен оң қанатын тау шыңдарымен қорғады. Шайқас кезінде әскердің оң жағындағы жау өтуі ықтимал жалғыз бағытты жабу арқылы сол жағы мен арқа тұсын қауіпсіздікпен қамтамасыз етті. Әскерінің қосыны үшін мұсылмандар жеңіле қалған жағдайда қорғаныс шебін құрып, қашуға мәжбүр болмайтын көтеріңкі орынды таңдады. Бұл мұсылмандардың соңдарына түскен жаудың уысына және тұтқынына түспеуін қамтамасыз ететін. Бұған қоса, мүшріктер әскердің қосынын басып алуға әрекет жасаса, төменнен шабуылдау оларға ауыр шығындар келтіретін. Осылай Аллаһ елшісі (с.а.с.) жауларын ылдидағы төменгі орынды місе тұтуға мәжбүрледі. Мұндай орындағы мүшріктердің соғыста жеңген жағдайда да, жеңістің нәтижелерінен әлденеге қол жеткізуі өте қиын еді, ал мұсылмандар жеңсе, жау әскеріне соңдарына түскен қуғыншылардан құтылу қиынға соғатын. Сонымен бірге Аллаһ елшісі (с.а.с.) әскерінің сан жағынан кемшілігін алдыңғы шепке әйгілі батыр сахабаларының айрықша таңдаулыларын қою арқылы толтырды.

Осылай Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әскері һижраның 3-жылы шәууәл айының жетісінде, сенбі күнінің таңында кәнігі жауларымен шайқасқа сайланып, дайын тұрды.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мұсылмандар әскеріне ерлік рухын құюы

Пайғамбар (с.а.с.) адамдардың өзі жарлық бермес бұрын соғысқа кіруіне тыйым салды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) әскердің алдына екі сауытты қабаттап киіп шығып, сахабаларын шайқасқа ынталандырды, оларды жаумен кездескенде сабырлы болуға, табандылық көрсетуге үндеді. Сахабаларына

[1] «Сахих әл-Бұхари» («Жиһад кітабы», 1/426).

намыстылық пен өжеттік рухын құюға кірісті, тіпті өткір қылышты жалаңаштап, қынынан суырып: ***«Кім мына қылышты міндетімен қоса алады?»*** – деп дауыстады. Арасында Әли ибн Әбу Талиб, Зубәйр ибн Ауууам, Омар ибн әл-Хаттаб бар бірнеше кісі бұл қылышты алуға ұмтылды. Оған Әбу Дужана Симак ибн Харша да ұмтылып: *«Оның міндеті не, уа, Аллаһтың елшісі?»* – деп сұрады және Пайғамбардан (с.а.с.): ***«Мұнымен майысқанына дейін жаудың беттерінен ұруың»,*** – деген жауапты естіген ол: *«Оны мен міндетімен қоса аламын»,* – деді. Сөйтіп Пайғамбар (с.а.с.) қылышты оған берді.

Әбу Дужана шайқаста паңдана басып жүретін батыр кісі еді. Оның маңдайына байлайтын қызыл орамалы болатын. Батыр сол қызыл орамалын байласа, адамдар оның өле-өлгенше шайқасатындығын білетін. Әбу Дужана қылышты алған соң, маңдайына әлгі қызыл орамалын байлап, екі саптың ортасында кердең қағып жүре бастады. Сол кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Негізінде, бұл осындай орында болмаса, Аллаһ жек көретін жүріс»,*** – деген.

Меккелік әскердің шайқасқа дайындалуы

Мүшріктер де саптардың тәртібіне қарай әскерін шайқасқа дайындады. Олардың әскерінің жалпы басшылығы ортаңғы шептегі Әбу Суфйан Сахр ибн Харбтің қолында болатын. Оң қанатқа ол кезде әлі Исламды қабылдамаған Халид ибн Уәлид, сол қанатқа Икрима ибн Әбу Жәһл, жаяу әскерге Сафуан ибн Умәййә, садақшыларға Абдуллаһ ибн Әбу Рабиға басшылық жасады.

Ал туды абдуддар әулетінің бір тобы ұстады. Кітаптың кіріспе бөлімінде айтылғандай, абдуманаф руы аталары Қусай ибн Киләбтан мұраға қалған мансаптарды өзара бөліске салғаннан бері ту ұстау мансабы осы әулеттің қолында болатын және ата-бабаларынан жалғасып келе жатқан дәстүр бойынша олармен бұл мансапқа ешкімнің таласуы мүмкін емес-ті. Бірақ бас қолбасшы Әбу Суфйан оларға Бәдір шайқасы күні туларын көтеріп жүрген Надр ибн Харис тұтқынға алынғанда, құрайыштарға не күн туғанын ескертіп әрі олардың ашуларын қоздырып, намыстарын ояту мақсатында: «Ей, абдуддар әулеті! Шындығында, сендер Бәдір күні туымызды жығып, біз өздерің куә болған жағдайға ұшырадық. Адамдарға негізгі шабуыл тулары жақтан жасалады. Олардың туы жығылса, өздері де жығылады. Сондықтан, не біздің туымызды құлатпай алып жүріңдер, не туды бізге беріңдер, оны өзіміз алып жүреміз», – деді.

Әбу Суфйан көздеген мақсатына жетіп, абдуддар әулеті оның сөзіне шамданып, қатты ашуланды, оған өршелене, айбат шегіп: «Біз саған туымызды беріп қоямыз ба? Әлі-ақ ертең жауларымызбен кездескенімізде, біздің қалай жасайтынымызды көресің», – деді. Айтқандарындай, олар ұрысқа кіргендерінде ерекше табандылық көрсетіп, туды қорғау үшін түгелімен мерт болып кетті.

Құрайыштардың тарабынан жасалған саяси құйтырқылықтар

Шайқастың қарсаңында құрайыштар мұсылмандардың саптарында бөлінушілік пен алауыздық тудыруға талпынып, олардың қолбасшысы Әбу Суфйан ансарларға: «Біз бен көкеміздің баласының арасына тұрмаңдар, сонда сендерді жайларыңа қалдырамыз. Бізге сендермен соғысудың түкке қажеті жоқ», – деп сәлем айтып, елші жіберді. Бірақ таулар қарсы тұра алмайтын иманның алдында мұндай әрекеттің қандай пайдасы болуы мүмкін?! Ансарлар оған қатаң жауап қайтарып, ауыр сөздермен бетін қағып тастады.

Ұрысқа кіретін уақыт жақындап, екі жақ бір-біріне таяп келгенде, құрайыштар осы мақсатта тағы бір әрекет жасады. Құрайыштармен бірге Әбу Амир ибн Сайфи есімді бір опасыз пасық бар еді. Оның лақабы «Діндар» болатын, ал Пайғамбар (с.а.с.) оны «Пасық» деп атаған. Әбу Амир жәһилият кезінде әус тайпасының басшысы болатын, Ислам келгенде онымен сыйыса алмастан, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) дұшпандығын ашық жариялаған ол Мәдинаны тастап, құрайыштарға барып, оларды Пайғамбарға (с.а.с.) қарсы айдап салумен, онымен соғысуға үгіттеумен айналысты және меккеліктерге тайпаластарымен кездескенде олардың өзіне бағынып, соңынан еретіндіктерін уәде етті. Мұсылмандардың алдына эфиопиялықтар мен меккелік құлдардың қатарында ең алдымен осы кісі шығып, тайпаластарына дауыстап, өзін таныстырып: «Уа, әустіктер қауымы! Мен – Әбу Амирмін», – деді. Тайпаластары оған: *«Аллаһ сені көрген көзді игілікке бөлемесін, ей, пасық!»* – деді. Олардан мұндай жауап естіген Әбу Амир: «Менен кейін тайпаластарыма бір кесір келген екен», – деді. Соңынан шайқас басталғанда Әбу Амир руластарымен аянбай соғысты және оларды таспен атқылады.

Осылай құрайыштар иман келтіргендердің саптарын ыдыратуға тырысқан екінші әрекеттерінен де еш нәтиже шығара алмады. Меккеліктердің бұл әрекеті сандары көп, күштері басым болғандығына қарамастан, олардың мұсылмандардан қорыққанын, сескенгенін айғақтайды.

Құрайыш әйелдерінің әскерді жігерлендіруге күш салуы

Әбу Суфйанның әйелі Һинд бинт Ғұтба бастаған құрайыш әйелдері де шайқасқа өз үлестерін қосып, саптарды аралап жүріп, дабыл қағып, еркектерді жігерлендіруге, ұрысқа ынталандыруға, батырлардың іштеріндегі ыза-кектерді оятуға, жауынгерлердің сезімдерін қозғауға кірісті. Олар біресе ту ұстаушыларға қарата:

«Уа, абдуддар әулеті!

Уа, соңымызды қорғаушылар!

Жауларыңды өткір қылышпен шабыңдар!» – десе, біресе тайпаластарын шайқасқа үндеп:

«Егер алға шапсаңдар, сендерді құшағымызға аламыз, астарыңа жастықтарды төсейміз,

Ал егер шегінсеңдер, сендерді жек көріп, тастап кетеміз», – деп өлеңдетті.

Шайқастағы алғашқы қақтығыс

Екі жақ бір-біріне таяп, бетпе-бет келгенде, шайқастың отын ең алдымен тұтатқан мүшріктердің туын ұстап жүрген Талха ибн Әбу Талха әл-Абдари болды. Талха әл-Абдари құрайыштың аттылы сарбаздарының ең батырларының бірі еді, мұсылмандар оны «қосынның қошқары» деп атайтын. Осы кісі бураға мініп шығып, мұсылмандарды жекпе-жекке шақырды. Оның ерен батырлығын білетін мұсылман жауынгерлері тартынып қалды. Дегенмен, онымен сайысуға Зубәйр суырылып шықты да, қарсыласына ешқандай мұрша берместен, арыстанша атылып, оның түйесіне қарғып мінді және жауын жерге жұлып түсіріп, жер жастандырды.

Мұндай тамаша сайысты көрген Аллаһ елшісі (с.а.с.) дауыстап тәкбір айтты, онымен бірге мұсылмандар да Аллаһты ұлықтады. Пайғамбар (с.а.с.) Зубәйрді мақтап, жаужүрек сахабасына: ***«Ақиқатында, әрбір пайғамбардың көмекшісі болған, ал менің көмекшім – Зубәйр»,*** – деп баға берген[1].

Мүшріктердің туының айналасында қырғын шайқас жүруі және олардың ту ұстаушыларының түгелдей жойылуы

Жекпе-жектен кейін шайқастың оты маздап, ұрыс алаңының әрбір нүктесінде екі жақтың кескілескен соғысы қызды және негізгі шайқас мүшріктердің туының айналасында жүрді. Абдуддар әулетінің кісілері қолбасшылары Талха ибн Әбу Талха өлтірілгеннен кейін, туды бірінен соң бірі көтеріп, қырыла берді. Талхадан соң туды қолына алған оның бауыры Әбу Шәйбә Осман ибн Әбу Талха өлеңдете шайқасқа кірді. Хамза ибн Абдулмутталиб оны қылышымен шауып өлтірді.

Одан кейін туды Әбу Сағд ибн Әбу Талха көтерді. Оны Асим ибн Сәбит ибн Әбул-Ақлах садақпен атып өлтірді. Әбу Сағд өлген соң туды қолына оның бауыры Киләб ибн Талха ибн Әбу Талха алды. Оны Зубәйр ибн Ауам өлтірді. Бұдан кейін туды Жәлләс ибн Талха ибн Әбу Талха көтерді. Оны Талха ибн Ғұбайдуллаһ найзасымен түйреп өлтірді. «Жәлләсті Асим ибн Сәбит садақпен атып өлтірген» деген де хабар бар.

Осылай Әбу Талха Абдуллаһ ибн Осман ибн Абдуддардан тараған бір отбасының алты бірдей мүшесі мүшріктердің туының соңында мерт болды. Олардан кейін туды абдуддар әулетінен Арта ибн Шурахбил көтерді. Оны Әли ибн Әбу Талиб (немесе Хамза ибн Абдулмутталиб) өлтірді. Артадан

[1] Мұны «Әс-Сира әл-Халабия» кітабының авторы келтірген.

соң туды Шурайх ибн Қариз қолына алды. Оны мұсылмандармен бірге Ислам үшін емес, елінің намысын қорғау үшін соғысып жүрген мұнафық Қузман өлтірді. Одан кейін туды Әбу Зәйд Амр ибн Абдуманаф ұстады және ол да Қузманның қолынан қаза тапты. Әбу Зәйдтен соң туды Шурахбил ибн Һашим әл-Абдаридің баласы көтерді, оны да Қузман жер жастандырды.

Бұларды қосқанда абдуддар әулетінің ту ұстаушыларынан он адам өлім құшты. Осыдан соң олардан туды көтеретін ешкім қалмады. Сол кезде олардың Сауаб есімді эфиопиялық құлдары алға шығып, қожайындарының туын қолына алды және осыған дейін тудың соңында мерт болған қожайындарынан асқан ерлік, табандылық көрсетті. Ол туды қорғау үшін екі қолы бірдей кесілгенше арпалысты және қолдары кесілсе де туды құлатпау үшін оның үстіне еңкейіп, туды кеудесімен және мойнымен тіреп ұстап, жаны үзілгенге дейін: «Уа, Аллаһ! Ақталдым ба?» – деп тұрды.

Сауаб құл өлген соң, мүшріктердің туы жерге құлап, оны көтеретін ешкім қалмастан, жығулы күйінде қалды.

Соғыс алаңының қалған орындарындағы шайқас

Мүшріктердің туының айналасында кескілескен шайқас жүріп жатқан уақытта мұсылман сарбаздары соғыс алаңының өзге орындарында да қызу ұрыс салды. Мұсылмандардың саптарын иман рухы басқарып, Аллаһтың жауынгерлері мүшріктердің әскеріне алдында кездескен бөгеттерді бұзып-жарып өтетін тасқын судай ағылды.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қылышын алған Әбу Дужана маңдайына қызыл орамал байлап, қолындағы қылыштың міндетін орындауға тас түйін бекініп, ұрысқа кіріп кетті. Қызыл орамалды батыр жауларының ортасына сұғына кіріп, алдында кездескен мүшріктердің барлығын жер жастандырып, жау әскерінің саптарын сөгіп, бұзуға кірісті.

Зубәйр ибн Аууам: *«Аллаһ елшісінен (с.а.с.) қылышты мен сұрағанымда, оның бұл қылышты маған бермей, Әбу Дужанаға тапсырғанын көңіліме ауыр алып қалған едім. Ішімнен: «Мен оның немере әпкесі Сафияның ұлымын әрі құрайыштың тумасымын. Алға ұмтылып, қылышты Әбу Дужанадан бұрын сұрасам да, Пайғамбар (с.а.с.) оны маған берместен Әбу Дужанаға берді. Аллаһпен ант етейін, оның не істейтіндігін бақылайтын боламын», – деп, Әбу Дужананың соңынан еріп жүрдім. Әбу Дужана қызыл орамалын алып, оны маңдайына байлады... Сонан соң Әбу Дужана:*

«Мен сүйікті досыммен келісім жасасқан жанмын,

Біз тау бауырында, құрма ағаштарының ішінде жүргенде.

Онымен саптардың соңында қалмауға келісім жасастым.

Аллаһтың және Елшінің қылышымен жауларды шабамын», – деп өлеңдете ұрыс алаңына кірді.

Шайқаста Әбу Дужана жолында кездескеннің барлығын жер жастандыра бастады. Мүшріктердің арасында бізден

жарақаттанғандардың ешбірін қалдырмай, өлтіріп жүрген бір кісі бар-ды. Сол кісі мен Әбу Дужананың арасы бір-біріне жақындай түсті. Мен Аллаһқа осы екеуін кездестіруін сұрап дұға еттім. Көп ұзамай екеуі кездесті де, екі рет соққы алмасты. Мүшрік Әбу Дужанаға қылыш жұмсағанда, ол қалқанымен қорғанды да, оның қалқаны мүшріктің қылышына жабысып қалды. Мұны пайдаланған Әбу Дужана оны қылышымен шауып өлтірді», – деген[1].

Сонан соң Әбу Дужана жау әскерінің саптарын сөгуге тереңдеп еніп, құрайыш әйелдерінің басшысына жетті. Бірақ батыр басында оның әйел екенін аңдамады. Оның өзі: *«Мен өлтірілген адамдардың денелерін тырнап, жұлмалап жүрген біреуді көріп, соған ұмтылдым. Қылышыммен тап бергенімде, ол байбалам салды. Сөйтсем әйел екен. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қылышына деген құрметім онымен әйелді шабуға жібермеді»*, – деген.

Бұл әйел Әбу Суфйанның әйелі Һинд бинт Ғұтба болатын. Зубәйр ибн Аууам: *«Мен Әбу Дужананың қылышты Һинд бинт Ғұтбаның басына үйіргенін көрдім, бірақ содан кейін ол қылышты одан бұрып әкетті. Сонда мен: «Аллаһ және Оның елшісі жақсы білуші», – дедім»*, – дейді[2].

Хамза ибн Абдулмутталиб те айбарланған арыстанша айқасып, жау әскерінің қақ ортасына барып, Аллаһ жолындағы шайқастың теңдессіз үлгісін паш етті. Одан мүшріктердің батырлары дауыл желден суырылып ұшқан жапырақтардай ысырылды. Хамза мүшріктердің ту ұстаушыларын жоюға белсене атсалыса жүріп, қастандықпен мерт болғанына дейін жаудың өзге батырларына да көресілерін көрсетті.

Аллаһтың арыстаны Хамза ибн Абдулмутталибтің қазасы

Хамзаны өлтірген Уахши ибн Харб былай деп әңгімелейді:

«Мен Жубәйр ибн Мутғимнің құлы едім. Жубәйрдің көкесі Туғайма ибн Ади Бәдір шайқасы күні өлтірілген болатын. Құрайыштар Ухуд жорығына аттанарда Жубәйр маған: «Егер сен менің көкем үшін Мұхаммедтің көкесі Хамзаны өлтірсең, басыңа азаттық беремін», – деді. Сөйтіп мен адамдармен бірге шықтым. Мен эфиопиялық кісі едім, эфиопиялықтарша найза лақтырғанымда, мүлт кететін кезім сирек кездесетін. Екі жақ бір-бірімен кездескенде, мен Хамзаны іздеп, аңдып шықтым және оны адамдардың ішінде күлгін түсті бура тәрізді көрдім, ол ешкім қарсы тұра алмай, адамдарды қиратып келе жатыр еді. Аллаһпен ант етейін, мен оған найза лақтыру үшін дайындалып, өзіме жақындай түсуі үшін біресе ағаштың, біресе тастың қалқасына жасырына бастадым. Кенет оған менен бұрын Сибағ ибн Абдулғұзза ұмтылды. Оны көрген Хамза: *«Бері кел, ей, әйелдерді піштірушінің баласы!»* – деп дауыстады. (Сибағдың анасы әйелдерді

[1] Қ.: Ибн Һишам (2/68-69).
[2] Ибн Һишам (2/69).

піштірумен айналысатын). Сонан соң Хамза оны қылышымен бір шауып, басын айырып жібергендей болды.

Мен найзамды шайқап тұрып, оны нысанама іліккен кезде Хамзаға қарай лақтырдым. Найза оның шабына қадалып, екі аяғының арасынан шықты. Хамза жараланғанына қарамай, маған қарай жылжи бастады, бірақ ұзамай құлап түсті. Оны жаны үзілгенге дейін сол күйінде қалдырдым да, сосын келіп, найзамды суырып алдым. Содан кейін әскердің қосынына оралып, өз-өзіммен отырдым. Одан өзгеде менің шаруам жоқ еді, ал Хамзаны азаттығым үшін ғана өлтірдім. Содан Меккеге келгенімнен соң, қожайынымнан бостандық алдым»[1].

Мұсылмандардың шайқас тізгінін қолдарында ұстауы

Мұсылмандар Аллаһтың әрі Оның елшісінің арыстаны Хамза ибн Абдулмутталибтің өлтірілуімен осыншалықты ауыр шығынға ұшырағандарына қарамастан, шайқастың барлық тізгінін қолдарында толық ұстап тұрды. Ухуд шайқасы күні қырғын ұрыс салған Әбу Бәкір, Омар ибн әл-Хаттаб, Әли ибн Әбу Талиб, Зубәйр ибн Аууам, Мусғаб ибн Ғұмайр, Талха ибн Ғұбайдуллаһ, Абдуллаһ ибн Жахш, Сағд ибн Муғаз, Сағд ибн Ғұбада, Сағд ибн Рабиғ, Әнәс ибн Надр және басқалар мүшріктердің меселдерін қайтарып, күштерін тас-талқан етті.

Қылыштар мен қалқанның айқасына әйелінің құшағынан шыққан мұсылман

Ухуд шайқасы күні жауға атой салған батырлардың бірі Пайғамбарымыз (с.а.с.) денесін періштелердің жуғанын хабарлаған Ханзала ибн Әбу Амир болатын. Оның әкесі Әбу Амир Ухуд шайқасының басында айтылған, Аллаһ елшісі (с.а.с.) «пасық» деп атаған «діндар» лақапты кісі еді. Мұсылмандарды шайқасқа аттануға шақырған хабарды естігенде, жаңа үйленген Ханзала әйелінің жанында жатқан болатын. Жарлықты естіген ол әйелінің құшағынан шыққан күйі жорыққа аттанып кетті. Мұсылмандар майданда мүшріктердің әскерімен бетпе-бет келгенде, Ханзала олардың саптарын бұзып-жарып, жаудың бас қолбасшысы Әбу Суфйан Сахр ибн Харбке жетті және оны өлтіруге шақ қалды. Батырдың Әбу Суфйанды қыспаққа алып, өлтіргелі тұрғанын көрген мүшрік Шәддәд ибн Әсуәд оны қылышымен шауып өлтірді де, әйелінің қойнынан шыққан жас күйеуді Аллаһтың шәһидтік мәртебесі құшағына алды.

[1] Қ.: Ибн Һишам (2/69-72), «Сахих әл-Бұхари» (2/583). Уахши Таиф тайпасына қарсы жүргізілген шайқастан кейін Исламды қабылдаған. Кейіннен ол Хамзаны өлтірген найзасымен өзін пайғамбармын деп жариялаған өтірікші Мусәйлимәні өлтірген және византиялықтармен болған Ярмук шайқасына қатысқан.

Садақшылар жасағының шайқасқа қосқан үлесі

Аллаһ елшісі (с.а.с.) іріктеп алып, тау басына орналастырған садақшылар жасағы шайқастың мұсылмандардың пайдасына шешілуіне зор үлес қосты. Меккеліктердің Халид ибн Уәлид бастаған аттылы сарбаздары мұсылман әскерінің сол қанатын талқандап, олардың арқаларына өту үшін үш дүркін шабуыл жасады. Олар мұнымен мұсылмандардың саптарында бей-берекеттік, сапырылыс тудыруды, осылай оларды жойқын жеңіліске ұшыратуды көздеген болатын. Бірақ тау басындағы мергендер мүшріктердің аттылыларына жебелерін жаудырып, олардың үш шабуылы да нәтижесіз аяқталды.

Мүшріктердің жеңіліске ұшырай бастауы

Қырғын соғыстың диірмен тасы осылай айналып, мұсылмандардың кішігірім әскері шайқастың тізгінін толық қолдарына алып, жауларынан басым түсіп жатты. Ал мүшріктердің батырларының сақтары сынып, саптары жан-жақтан сөгіліп, ыдырай бастады. Тіпті мүшріктердің үш мың жауынгері мұсылмандардың бірнеше жүздігімен ғана емес, отыз мыңымен соғысып жатқандай жағдай орын алды. Мұсылмандар ерлік пен сенімнің ең жоғарғы бейнесін көрсетті.

Құрайыштар мұсылмандардың шабуылын тойтару үшін бар күштерін сарқыған соң, өздерінің әлсіздігі мен осалдығын сезініп, таулары шағылып қалды. Тіпті олардың ешқайсының жығулы туларына жақындауға батылы жетпеді. Туды көтеріп шайқасты қыздыратын ешкім қалмай, құрайыштар қожайындарының туын ұстап абыроймен өлген құл екеш құл құрлы да болмады. Осыдан кейін мүшріктер ұрыс алаңын тастап, бас сауғалап қашуға кірісті және көңілдеріндегі өш алу, кек қайтару ойларын, үстемдіктері мен құрмет-даңқтарын қалпына келтіру мақсаттарын мүлдем естерінен шығарды.

Ибн Исхақ: «Сонан соң Аллаһ мұсылмандарға жәрдемін түсіріп, оларға берген уәдесін орындады да, мұсылмандар жауларын қылыштарымен турап, оларды әскери қосындарынан түре қуды. Олардың жеңілетіндігіне күмән қалмаған еді», – деп жазған. Абдуллаһ ибн Зубәйр әкесінің: *«Аллаһпен ант етейін, мен Һинд бинт Ғұтба мен оның жанындағы әйелдердің балтырлары көріне, киімдерінің етектерін көтеріп қашқанын көрдім. Сол кезде оларды қолға түсіру оп-оңай шаруа еді...»,* – дегенін жеткізген[1]. Әл-Бұхари «Сахихында» тіркеген хадисте Бара ибн Азибтің: *«Біз мүшріктермен бетпе-бет келгенімізде, олар қашты. Тіпті мен әйелдердің балтырларын көтере, аяқтарындағы әшекейлері көрініп, тауға өрмелеп*

[1] Ибн Һишам (2/77).

жатқандарын көрдім», – дегені риуаят етілген[1]. Мұсылмандар жауларының соңына түсіп, оларды жайпауға және мүліктерін олжалауға кірісті.

Садақшылардың үлкен қателігі

Мұсылмандардың кішігірім әскері есептеріне меккеліктерге қарсы айбыны Бәдір шайқасындағы жеңістен кем түспейтін тағы бір жеңісті тіркей бергенде, садақшылар жасағының басым бөлігі үлкен қателікке ұрынып, бұл қателік соғыс жағдайын толықтай өзгертіп жіберді. Нәтижесінде, мұсылмандар ауыр шығындарға ұшырап, тіпті Аллаһ елшісі (с.а.с.) де жау қолынан мерт бола жаздады. Жеңіліс мұсылмандардың атақ-абыройы мен Бәдір шайқасынан кейін қол жеткізген айбынына зор нұқсан келтірді.

Жоғарыда Аллаһ елшісінің (с.а.с.) садақшыларға майдандастары жеңсе де, жеңілсе де, қандай жағдай болмасын таудағы орындарынан тапжылмау жайлы қатаң бұйрықтарын баяндаған болатынбыз. Бірақ осыншалықты қатаң бұйрықтарға қарамастан, садақшылар мұсылмандардың жау жағының мүліктерін олжалап жатқанын көргенде, бір-біріне: *«Жолдастарың жеңді, енді нені күтіп тұрсыңдар?»* – десті.

Мергендердің басшысы Абдуллаһ ибн Жубәйр серіктеріне Пайғамбардың (с.а.с.) бұйрықтарын ескертіп: *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өздеріңе не айтқанын ұмыттыңдар ма?»* – деді.

Алайда садақшылардың басым көпшілігі басшыларының ескертуіне мән бермей: *«Аллаһпен ант етейік, әлбетте, біз жолдастарымызға барып, олжадан иеленеміз»*, – деді. Сөйтіп садақшылар жасағынан қырық немесе одан да көп кісі таудағы орындарын тастап, олжаларды жинау үшін жалпы әскерге барып қосылды. Осылай мұсылмандардың артқы шебі ашылып, оны қорғау нүктесінде Ибн Жубәйрмен бірге оның тоғыз немесе одан да аз серігі ғана қалды. Бұлар орындарынан тапжылмай, өздеріне рұқсат берілгенше немесе түгелімен қырылғандарына дейін сонда қалуға бекінді.

Халид ибн Уәлидтің мұсылмандардың әскерін қоршауға алу жоспарын жүзеге асыруы

Халид ибн Уәлид мұндай зор мүмкіндікті қалт жіберместен, серіктерімен бірге көз ілеспес шапшаңдықпен орағытып өтіп, мұсылмандар әскерінің артқы жағына шықты және Абдуллаһ ибн Жубәйр мен оның жанындағы садақшыларды көп әуреленбей түгелдей жайпап салып, мұсылмандардың арт жақтарынан соққы берді. Халидтің сарбаздарына айқайлаған даусынан жеңіліп жатқан мүшріктер өздері үшін жаңа кезеңнің туғанын біліп, мұсылмандарға қайта шүйілікті. Олардан Амра бинт Алқама әл-Харисия деген әйел жүгіріп барып, жерде жатқан туларын көтерді де, мүшріктер тудың айналасына жиналып, бір-бірін дауыстап шақыра бастады. Сөйтіп

[1] Қ.: «Сахих әл-Бұхари» (2/579).

олар мұсылмандарға қарсы қайтадан күш біріктіріп, табандылықпен шайқасуға кірісті, ал мұсылмандар алдарынан да, арттарынан да қоршауға алынып, диірменнің екі тасының ортасында қалғандай күй кешті.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қоршауға түскен кездегі батыл қимылы

Пайғамбар (с.а.с.) тоғыз сахабасынан құралған кішігірім жасақпен[1] әскердің артқы шебінде[2] сарбаздарының мүшріктерді жайпап, соңдарына түсіп қуғанын бақылап тұрған болатын. Кенеттен ол мүлдем күтпеген жерден Халидтің аттылы сарбаздарының шабуылына тап болды. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдында екі жол бар еді, біріншісі қоршаудағы әскеріне қарайламай, тез арада өзін және жанындағы тоғыз сахабасын құтқарып, қауіпсіз жерге шығу, ал екіншісі басын қатерге тігіп, сахабаларын төңірегіне топтасу үшін шақыру және солармен бірге қоршауды бұзып, қыспақта қалған әскеріне Ухуд тауының құздарына қарай жол ашу болатын.

Осы орында Аллаһ елшісі (с.а.с.) ұлылығы мен теңдессіз ерлігін танытып: *«Уа, Аллаһтың құлдары!»* – деп дауыстап, сахабаларын шақыруға кірісті. Пайғамбар (с.а.с.) өзінің даусын мүшріктердің мұсылмандардан бұрын еститінін жақсы білді, сонда да болса сахабаларын дауыстап шақырып, осындай қиын жағдайда өз басын қатерге тікті.

Іс жүзінде де, Пайғамбардың (с.а.с.) даусын таныған мүшріктер оған мұсылмандардан бұрын жетті.

Шайқас алаңындағы мұсылмандардың бытыраңқылығы

Мұсылмандар қоршауға түскен кезде, олардың бір тобы не істерлерін білмей абдырап, бар ойлары өздерін құтқару ғана болып қалды. Олар бас сауғалап қашуға кірісіп, соғыс алаңын тастап кетті және соңдарында не болып жатқанын білмеді. Бұл топтағылардың кейбірі Мәдинаны бетке алып қашып, қалаға барып кірді, ал кейбірі тау басына көтерілді. Енді бір топ мұсылмандар кері оралып, мүшріктермен араласып кетті, екі жақтың әскері сапырылысып, бірін-бірі айыра алмай қалды. Осының салдарынан мұсылмандардың байқамай бірін-бірі өлтірген жағдайлар да кездесті. Әл-Бұхари жеткізген хадисте Айшаның: *«Ухуд күні мүшріктер анық жеңіліп жатқанда, Ібіліс: «Ей, Аллаһтың құлдары! Арттарыңнан* (яғни, арттарыңнан қорғаныңдар)*!» – деп айқайлады. Сонда олардың алдыңғы жақтағылары кері бұрылып, арттарындағылармен* (өзара) *шайқасып кетті.* (Аласапыранда) *Хузайфа әкесі Яманды көріп: «Уа, Аллаһтың*

[1] Муслимнің «Сахихында» (2/107) бұл кезде Пайғамбардың (с.а.с.) жанында жеті ансар және құрайыштардан екі кісі болғаны айтылған.

[2] Мұны Аллаһ тағаланың: «**Сол кезде елші арттарыңда тұрып сендерді шақырса да, ешкімге қайырылмай, қаша жөнелдіңдер»** деген сөзі айғақтайды **(Әлі Имран, 153).**

құлдары! Әкем... Әкем...», – деп дауыстады. Бірақ, Аллаһпен ант етейін, олар (Хузайфаның әкесін) *өлтіргендеріне дейін тоқтамады.* (Мұны көрген) *Хузайфа: «Аллаһ сендерді кешірсін!» – деді»*, – дегені риуаят етілген. Осы хадисті жеткізген Ғұруа: «Аллаһпен ант етейін, Хузайфаның бойынан Аллаһтың құзырына барғанына дейін жақсылықтың жалғасы ажырамады», – деген[1].

Бұл топтағы адамдардың саптарында қатты сапырылыс орын алып, абдырап қалды, көбісі бағытынан айрылып, қайда барарларын білмейтін күйге түсті. Олар осылай аңырып жүргендерінде, біреудің: «Мұхаммед өлтірілді!» – деген даусын естіп, мүлдем абдырады, рухтары жығылды немесе көпшілігі соған шақ қалды, кейбірі шайқасуларын тоқтатып, қаруларын тастап, әрекетсіз күйге түсті, ал кейбірі өздерін Әбу Суфйаннан қорғауы үшін мұнафықтардың басшысы Абдуллаһ ибн Убәймен байланысуды ойлады.

Осындай қол қусырып қарап тұрған жолдастарының қасынан өткен сахаба Әнәс ибн Надр олардан: *«Сен нені күтіп тұрсыңдар?»* – деп сұрады. Олар: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) өлтіріліпті»*, – деді. Жолдастарынан мұндай жауап естіген Әнәс ибн Надр: *«Ендеше, одан кейінгі өмірді қайтесіңдер?! Қане, Аллаһ елшісі (с.а.с.) жанын берген іс үшін жандарыңды қиыңдар»*, – деді. Сонан соң ол: *«Уа, Аллаһ! Мен Өзіңнен мыналардың* (яғни, жолдастарының) *істегенінен кешірім сұраймын және Өзіңе аналардың* (яғни, мүшріктердің) *істегеніне қатысым жоқтығын жариялаймын»*, – деді де, алға ұмтылды. Қарсы алдынан шыққан Сағд ибн Муғаз одан: *«Қайда барасың, ей, Әбу Омар?»* – деп сұрады. Әнәс: *«Ей, Сағд! Уаһ, жаннаттың иісі! Ақиқатында, мен оның иісін Ухудтың арасынан сезіп тұрмын»*, – деді. Сөйтіп ол барып, мүшріктермен мерт болғанына дейін шайқасты. Осы хадисті жеткізген Әнәс ибн Мәлик: «(Шайқас аяқталған соң) *оның* (денесінен) *сексеннен астам қылыш соққысын не найза түйреуін немесе жебе қадалуын көрдік. Сондай-ақ оны мерт болған соң мүшріктер денесін кескілеп қорлап тастағанын көрдік. Оны ешкім тани алмады, тек қарындасы ғана саусағының ұшынан* (таныды)», – деген[2].

Сахаба Сәбит ибн Дахдах тайпаластарын шақырып: *«Уа, ансарлар қауымы! Егер Мұхаммед өлтірілген болса, ақиқатында, Аллаһ Тірі, Ол өлмейді. Діндерің үшін соғысыңдар. Әлбетте, Аллаһ сендерді жеңіске жеткізеді әрі сендерге жәрдем береді»*, – деп дауыстады. Ансарлардың бір тобы оның жанына жиналды да, Сәбит ибн Дахдах олармен бірге Халидтің

[1] «Сахих әл-Бұхари» (1/539; 2/581), «Фатх әл-Бәри» (7/351, 362-363). Әл-Бұхариден өзгелер Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Хузайфаға әкесінің құнын төлемек болғанын айтқан. Бірақ Хузайфа: *«Мен оның құнын мұсылмандарға садақа еттім»*, – деген. Бұл жайсаңдығы Хузайфаның Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдындағы қадір-қасиетін бұрынғыдан да арттыра түскен (шейх Абдуллаһ ән-Нәждидің «Мухтасар сира әр-расул» кітабын қараңыз).

[2] Қ.: «Сахих әл-Бұхари» (2/579).

аттылы сарбаздарына шабуыл жасап, мүшріктермен шайқасуға кірісті. Бірақ Халид оны найзасымен түйреп өлтірді және оның жолдастары да жау қолынан мерт болды[1].

Қанына бөгіп жатқан ансарлықтың жанынан өткен бір муһажир одан: *«Ей, пәленше! Мұхаммедтің өлтірілгенін білдің бе?»* – деп сұрағанда, ансар: *«Егер Мұхаммед өлтірілсе, ақиқатында, ол жеткізуі керектіні жеткізді. Ендеше, діндерің үшін соғысыңдар»*, – депті[2].

Осындай өжеттік пен ерліктің арқасында мұсылмандар әскерінің рухтары тіктеліп, естерін жинады, сөйтіп олардың берілуді немесе Ибн Убәймен байланысуды қалағандары ойларынан қайтып, қаруларын қолдарына қайта алды да, мүшріктердің шабуылдарын тойтаруға кірісті. Бас көтерген мұсылмандар әскердің басқару нүктесіне қарай жол ашуға тырысты. Оларға Пайғамбардың (с.а.с.) өлтірілгені жайлы хабар ойдан шығарылған өтірік екендігі жеткен болатын, бұл олардың күштеріне күш қосып, кескілескен шайқас жүргізіп, барынша өжеттікпен соғысқаннан кейін мүшріктердің қоршауынан құтылуға және мықты орталықтың төңірегіне шоғырлануға мүмкіндік алды.

Мұсылмандардың ішінде бар уайымдары Аллаһ елшісін (с.а.с.) қорғауға бағытталған үшінші топ та болды. Бұл топтағы адамдар аласапыран бастала сала Аллаһ елшісіне (с.а.с.) асығып, оны айнала қоршап алды. Олардың басында Әбу Бәкір әс-Сыддық, Омар ибн әл-Хаттаб, Әли ибн Әбу Талиб және басқалар тұрды, Аллаһ оларға разы болсын. Бұлар шайқастың алдыңғы шебінде жүрген болатын, Пайғамбарға (с.а.с.) қатер төнгенін сезген олар дереу оны қорғауға көшті.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) айналасындағы қызу шайқас

Мұсылмандардың түрлі топтары қоршаудың шырмауында қалып, мүшріктердің диірменінің екі тасының ортасында езіліп жатқанда, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) айналасында кескілескен қызу шайқас жүрді. Жоғарыда мүшріктер мұсылман әскерлерін қоршауға ала бастағанда, Пайғамбардың (с.а.с.) қасында тоғыз-ақ кісі болғаны айтылған-ды. Пайғамбар (с.а.с.) мұсылмандарға дауыстап: ***«Бері келіңдер, мен Аллаһтың елшісімін»***, – деп шақырғанда, оның даусын таныған мүшріктер Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қарай ұмтылып, шабуылдауға кірісті және оның қасына мұсылмандардың әскері топталмас бұрын мүшріктердің үлкен күші сол жаққа бұрылды. Сөйтіп Аллаһ елшісіне (с.а.с.) анталаған мүшріктер мен әлгі тоғыз сахабаның арасында сүйіспеншілік пен сүйгенінің жолында құрбан болудың, қайсарлық пен ерліктің сирек кездесетін үлгісін паш еткен сұрапыл шайқас жүрді.

[1] Қ.: «Әс-Сира әл-Халабия» (2/22).
[2] «Мухтасар сира әр-расул» (121-бет).

Муслим Әнәс ибн Мәликтен жеткізген хадисте айтылғандай, Ухуд күні Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қасында жеті ансар мен құрайыштардан екі кісі ғана қалған еді. Мүшріктер оған жақындаған кезде, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Оларды бізден кім қайтарады, оған жаннат болады*** (немесе ***ол менің жаннатта серігім болады*****)»,** – деді. Сонда ансарлардан бір кісі алға шығып, өлтірілгенінше шайқасты. Содан кейін олар оған тағы жақындады. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Оларды бізден кім қайтарады, оған жаннат болады*** (немесе ***ол менің жаннатта серігім болады*****)»,** – деді. Сонда ансарлардан бір кісі алға шығып, өлтірілгенінше шайқасты. Содан ансарлардың жетеуі де мерт болғанша осылай жалғасты. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.) жанындағы екі құрайыш сахабасына: ***«Біз жолдастарымызға туралық етпедік»,*** – деп айтқан[1].

Аллаһ елшісін (с.а.с.) қорғау үшін мерт болған жеті ансардың ең соңғысы Ғұмара ибн Язид ибн Сәкән болды. Ол мүшріктермен жарақаты ауырлап, әл-дәрмені қалмай құлағанынша шайқасқан[2].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өміріндегі ең қиын сәт

Ибн Сәкән қансырап құлағаннан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) құрайыштық екі сахабасымен ғана қалды. Әл-Бұхари мен Муслимнің «Сахихтарында» Әбу Османның: *«Сол күндердің біріндегі шайқаста Пайғамбармен (с.а.с.) бірге Талха ибн Ғұбайдуллаһ пен Сағд* (ибн Әбу Уаққастан) *өзге ешкім қалмады»,* – дегені келтірілген[3].

Бұл Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өміріндегі ең қиын сәт еді, ал мүшріктерге Пайғамбардың (с.а.с.) көзін құртуға зор мүмкіндік туды. Мүшріктер бұл мүмкіндікті пайдаланып қалмақ болып, дереу негізгі шабуылдарын Пайғамбарға (с.а.с.) бағыттады және оны өлтіруге дәмеленді. Ғұтба ибн Әбу Уаққас оны таспен ұрып, тас Пайғамбардың (с.а.с.) жағына тиді. Бұдан Аллаһ елшісінің (с.а.с.) оң жақтағы астыңғы күрек тісі сынды және астыңғы ерні жараланды. Оған Абдуллаһ ибн Шиһаб әз-Зуһри тап беріп, маңдайын жарды. Мүшріктердің өршеленген аттылы сарбазы Абдуллаһ ибн Қамиа келіп, қылышын үйіріп, бар пәрменімен Пайғамбардың (с.а.с.) иығынан шапты, бірақ соққы екі сауытты бұзып өте алмады. Оның соққысының қатты тигені соншалық, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бір айдан көбірек уақыт

---

[1] Яғни: «Біз – құрайыштар, ансарларды бірінен соң бірін алдыға шығарып, әділетсіздік еттік». Қазы Ғияд және басқалардың айтуынша, кейбіреулер бұл хадисті: «Жолдастарымыз бізге туралық етпеді» деп нақыл еткен. Яғни, Пайғамбарымыз (с.а.с.) шайқас алаңын тастап кеткендерді меңзеген. Хадисті Муслим «Сахихында» Ухуд жорығы туралы тарауда келтірген (2/107).

[2] Біраздан соң мұсылмандардың бір тобы Аллаһ елшісіне (с.а.с.) көмекке жетіп, кәпірлерді Ғұмараның қасынан түре қуған және оны Пайғамбардың (с.а.с.) жанына апарып, басын оның аяғына сүйеп жатқызған. Сол арада Ғұмара самайын Аллаһ елшісінің (с.а.с.) аяғына қойып жатып жан тапсырған (қ.: Ибн Һишам, 2/81).

[3] «Сахих әл-Бұхари» (1/527; 2/581).

бойы иығы ауырып жүрді. Сонан соң Ибн Қамиа алдыңғыдай сұрапыл соққымен Пайғамбардың (с.а.с.) самай бетіне қылыш жұмсады, соққыдан басындағы дулығаның екі теңгешесі Аллаһ елшісінің (с.а.с.) самай бетін жыртып кіріп кетті. Мұнысына масаттанып: «Мә, саған! Мен Ибн Қамиамын», – деген мүшрікке Пайғамбар (с.а.с.) бетіндегі қанды сүртте: ***«Аллаһ сені қор етсін!»*** – деді[1].

Әл-Бұхари мен Муслимнің «Сахихтарында» келген хадисте баяндалғандай, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Ухуд күні күрек тісі сындырылып, басы жарылғанда, қанын сүртіп тұрып: ***«Пайғамбарлары оларды Аллаһқа шақырып тұрғанда, оның басын жарып, күрек тісін сындырған ел қалай мұратына жетпек?!»*** – деп айта бастаған. Сонда Аллаһ тағала: **«Бұл істе саған еш нәрсе жоқ.** (Аллаһ) **не оларды тәубеге келтіреді, немесе оларды жазалайды. Өйткені олар әділетсіздер»**[2] деген аятты түсірген[3].

Әт-Табаранидің риуаятында Пайғамбардың (с.а.с.) сол күні: ***«Елшісінің жүзін қанатқан елге Аллаһтың ашуы күшейді»***, – деп, біраздан соң: ***«Уа, Аллаһ! Елімді кешір, өйткені олар білмей жүр»***, – дегені келтірілген[4]. Муслимнің «Сахихында» Аллаһ елшісінің (с.а.с.): ***«Раббым! Елімді кешір, өйткені олар білмей жүр»***[5], – дегені, ал Қазы Ғиядтың «Шифа» кітабында: ***«Уа, Аллаһ! Елімді тура жолға сал, өйткені олар білмей жүр»***[6], – дегені көрсетілген.

Мүшріктер Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көзін құртуға жандарын салып бақты, бірақ Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жанындағы құрайыштық екі сахаба – Сағд ибн Әбу Уаққас пен Талха ибн Ғұбайдуллаһ сирек кездесетін ерен ерлік көрсетіп, теңдессіз қайсарлықпен шайқасты және екеуі ғана болғанына қарамастан, мүшріктердің мақсаттарына жетуіне еш мүмкіндік бермеді. Бұл екеуі арабтардың ең мерген садақшыларынан еді, садақпен атқылап, мүшріктердің тобырын Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жақындатпаумен болды.

Сағд ибн Әбу Уаққасқа Пайғамбар (с.а.с.) қорамсасынан жебелерін шығарып беріп: ***«Ат, ата-анам саған пида!»*** – деген және Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сағдтан өзге ешкімге ата-анасын қоса, «Ата-анам саған пида болсын»

---

[1] Аллаһ тағала пайғамбарының (с.а.с.) мүшрікке қарсы жасаған дұғасын қабыл етті. Ибн Аизден жеткізілген риуаятта баяндалғандай, Ибн Қамиа үйіне оралған соң, қойларын іздеп шығып, оны тау шыңынан табады. Мүшрік отарына кіргенде, оны қойлардың арасындағы теке сүзіп, таудың шыңынан құлатып жіберген және құзға құлаған Ибн Қамианың денесі бөлшек-бөлшек болып шашылып кеткен (қ.: «Фатх әл-Бәри», 7/373). Ал әт-Табаранидің риуаятында «Аллаһ оған тау текесін жіберіп, теке оны сүзгілеп, бөлшек-бөлшек етіп тастады» делінген (қ.: «Фатх әл-Бәри», 7/366).

[2] «Әлі Имран» сүресі, 128-аят.

[3] Қ.: «Сахих әл-Бұхари» (2/582), «Сахих Муслим» (2/108).

[4] «Фатх әл-Бәри» (7/373).

[5] Хадисті Муслим «Сахихында» Ухуд жорығы туралы тарауда тіркеген (2/108).

[6] Қ.: «Китаб әш-шифа би таъриф хуқуқ әл-Мустафа» (1/81).

деген сөзді айтпаған[1]. Бұл Сағдтың мәртебесінің қаншалықты ұлы болғанын айғақтайды.

Талха ибн Ғұбайдуллаһқа келсек, ән-Нәсәи Жәбирден мүшріктердің Аллаһ елшісін (с.а.с.) бірнеше сахабасымен қаумалап қоршап алғаны туралы әңгімені жеткізген. Жәбир: *«Мүшріктер жетіп қалғанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Мына адамдарға кім қарсы тұрады?»** – деді. Сонда Талха: «Мен», – деп суырылды»*, – деген. Содан кейін Жәбир Муслимнің риуаятындағыдай, ансарлардың алға шығып, бірінен соң бірі мерт болғанын әңгімелеген. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жанындағы ансарлардың барлығы қаза тапқан соң, анталаған мүшріктерді тойтаруға Талха ибн Ғұбайдуллаһ шықты. Жәбир: *«Осыдан кейін Талха он бір адамның күшіне тең шайқас жүргізді. Шайқас кезінде қолына қылыш тиіп, саусақтары қырқылып түскен ол: «Хасси»[2], – деді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): **«Егер де: «Бисмилләһ (Аллаһтың атымен)», – дегеніңде, періштелер сені адамдардың көз алдында көтеріп әкетер еді»**, – деді. Көп ұзамай Аллаһ мүшріктердің бетін қайтарды»*, – деген[3].

Әл-Хакимнің «Иклил» кітабында Ухуд шайқасы күні Талханың денесіне отыз тоғыз немесе отыз бес жарақат түскені және шайқастан соң сұқ саусағы мен ортаңғы саусағы сал болып қалғаны келтірілген[4].

Әл-Бұхари жеткізген хадисте Қайс ибн Әбу Хазим: «Мен Талханың Ухуд күні Пайғамбарды (с.а.с.) қорғаған қолын көрдім, оның қолы сал болып қалған еді», – деген[5].

Әт-Тирмизи мен Ибн Мәжәһ Пайғамбардың (с.а.с.) сол күні Талха туралы: ***«Кімде-кім жер бетінде жүрген шәһидті көруді қаласа, Талха ибн Ғұбайдуллаһқа қарасын»***, – дегенін риуаят еткен[6].

Әбу Дауд әт-Тайалиси Айшаның: *«Әбу Бәкір Ухуд күнін әңгімелесе: «Сол күн түгелімен Талханың күні болды», – дейтін»*, – дегенін жеткізген[7].

Сондай-ақ Әбу Бәкір Талхаға:

«Уа, Талха ибн Ғұбайдуллаһ! Саған жаннат бақтары міндетті болды

Әрі саған киіктей көздері жәудіреген хұрлар дайындалды», – деген өлең жолдарын арнаған[8].

Сол бір ауыр жағдайда, қиын сәтте Аллаһ тағала ғайыптан көмегін түсірді. «Екі Сахихта» келген хадисте Сағд ибн Әбу Уаққастың: *«Ухуд күні Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жанында оны қорғап аянбай соғысып жүрген, ақ*

---

[1] «Сахих әл-Бұхари» (1/407; 2/580, 581).

[2] Хасси – арабтарда бірдеңе жанға батқан кезде айтылатын одағай сөз.

[3] «Фатх әл-Бәри» (7/361), «Сунән ән-Нәсәи» (2/52, 53).

[4] «Фатх әл-Бәри» (7/361).

[5] «Сахих әл-Бұхари» (1/527, 2/581).

[6] Әт-Тирмизи («Манақиб», 3740-хадис) Ибн Мәжәһ («әл-Муқаддима», 125-хадис), Ибн Һишам (2/86).

[7] Қ.: «Фатх әл-Бәри» (7/361).

[8] «Мухтасар тарих Димашқ» (7/82).

киімді екі ер адамды көрдім. Мен ол екеуін бұрын-соңды көрген емеспін», – деп, Жәбірейіл мен Микәилді меңзеген[1].

Сахабалардың Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жанына топтала бастауы

Жоғарыда айтылған жағдайлардың барлығы ойламаған жерден әп-сәтте, жасындай жылдамдықпен өрбіген-ді. Шайқас кезінде алдыңғы шепте, саптардың басында жүрген таңдаулы сахабалар ахуалдың қалай белең алғанын көрген сәттерінде немесе Аллаһ елшісінің (с.а.с.) даусын есті сала, жолбасшыларының жағдайына алаңдап, оған жетуге асықты. Бірақ олар алып-ұшып жеткен кезде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) денесінің бірнеше жерінен жараланған, оны қорғау үшін алты бірдей ансар мерт болып, жетіншісі жарақаттарының салдарынан әлсіреп құлаған, ал Сағд пен Талха жан аямай шайқасып жүрген болатын. Келіп жеткен сахабалары Аллаһ елшісін (с.а.с.) қаумалай орталарына алып, денелерімен және қаруларымен қорған жасады әрі оны жаудың шабуылдарынан бар күштерімен қорғап, мүшріктердің екпінін қайтарды. Бұлардың ішінде Пайғамбарға (с.а.с.) ең бірінші көмекке келген Әбу Бәкір әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) болды.

Ибн Хиббан өзінің «Сахихында» Айшаның: *«Әбу Бәкір әс-Сыддық: «Ухуд күні адамдардың барлығы Пайғамбардың (с.а.с.) маңынан* (ұзап) *кеткен еді. Пайғамбарға (с.а.с.) ең бірінші мен оралдым және оның қарсы алдында оны қорғап шайқасып жүрген бір кісіні көрдім. Мен: «Талха болар, ата-анам саған пида болсын! Талха болар, ата-анам саған пида болсын!» – дедім. Бұл кезде мен жоқ кезде болған іс болып қойған еді. Мен: «*(Бұл) *тайпаластарымнан мен үшін сүйікті бір кісі болар», – дедім*[2]*. Көп өтпестен мені Әбу Ғұбайда ибн Жаррах қуып жетті. Ол құстай ұшып келе жатты, мені қуып жетті де, екеуміз Пайғамбарға (с.а.с.) ұмтылдық. Барсақ, Талха оның алдында құлап жатыр екен. Пайғамбар (с.а.с.)**: **«Бауырларыңа көмектесіңдер,*** (оған жаннат) ***міндетті болды»****, – деді. Пайғамбардың (с.а.с.) самай бетіне жебе қадалып, дулығаның екі теңгешесі бетінің етіне кіріп кеткен екен. Мен дулығаның теңгешелерін Пайғамбардың (с.а.с.) бетінен суырмақ болған едім, Әбу Ғұбайда: «Аллаһпен сұраймын, ей, Әбу Бәкір! Мұны маған қалдыршы», – деді. Сөйтіп Әбу Ғұбайда оны аузымен тістеп, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жанын ауыртуды қаламастан, жайлап тарта бастады және жебені аузымен суырып алды. Бұдан Әбу Ғұбайданың алдыңғы бір күрек тісі жұлынып кетті. Содан кейін мен екінші теңгешені алмақ болған едім, Әбу Ғұбайда: «Аллаһпен сұраймын, ей, Әбу Бәкір! Мұны да маған қалдыршы», – деді. Сөйтіп оны да жайлап тартып, суырып алды. Бұдан Әбу Ғұбайданың екінші күрек тісі жұлынып кетті. Сонан соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) тағы да: **«Бауырларыңа көмектесіңдер,*** (оған жаннат) ***міндетті болды»****, – деді. Біз Талхаға*

[1] Қ.: «Сахих әл-Бұхари» (2/580).
[2] «Таһзиб Тарих Димашқ» (7/77).

бұрылып, оны орнынан көтердік. Оған оннан астам қылыш соққысы тиген екен», – деді», – дегенін риуаят еткен[1].

Бұл да Талханың сол күні қаншалықты жан аямай шайқасқандығын айғақтайды.

Осы бір ауыр сәттердің арасында Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жанына Әбу Дужана, Мусғаб ибн Ғұмайр, Әли ибн Әбу Талиб, Сәһл ибн Ханиф, Әбу Сағид әл-Худридің әкесі Мәлик ибн Синан, Умму Ғұмара Нусайба бинт Кағб әл-Мазиния, Қатада ибн Нұғман, Омар ибн әл-Хаттаб, Хатиб ибн Әбу Балтаға және Әбу Талха сынды бір топ мұсылман батырлары топталып, бас біріктірді.

Мүшріктердің қысымының күшеюі

Аллаһ елшісіне (с.а.с.) анталаған мүшріктердің саны көбейген сайын олардың шабуылдары мен мұсылмандарды қыспаққа алулары күшейе түсті. Өмір мен өлім бәйгеге түскен аласапыранда Аллаһ елшісі (с.а.с.) құрайыштардың жақтасы пасық Әбу Амир тұзақ ретінде пайдаланған шұңқырлардың біріне құлап, тізесі жырылып кетті. Шұңқырға құлаған Аллаһ елшісін (с.а.с.) Әли қолынан ұстап тартып, Талха ибн Ғұбайдуллаһ құшағына қысып шығарып алды. Нафиғ ибн Жубәйр: «Мен муһажирлерден бір кісінің: *«Ухуд шайқасының ішінде болғанымда, әр жақтан атылып жатқан жебелерді көрдім. Аллаһ елшісі (с.а.с.) зулаған оқтардың ортасында тұрса да, жебелердің барлығы одан мүлт кетіп жатты. Сол күні Абдуллаһ ибн Шиһаб әз-Зуһридің: «Маған Мұхаммедті көрсетіңдерші. Егер ол құтылса, менің құтылмағаным», – деп жүргенін көрдім. Ал қасында ешкім жоқ Аллаһ елшісі (с.а.с.) оның жанында ғана тұрды. Бірақ Абдуллаһ ибн Шиһаб Пайғамбардың (с.а.с.) қасынан өтіп кетті. Сафуан оны бұл үшін айыптағанда, Абдуллаһ: «Аллаһпен ант етейін, мен оны көрмедім. Аллаһпен қасам ішейін, ол бізден қорғаулы. Біз төрт кісі болып шығып, оны өлтіруге келісіп, сөз байласқан едік, бірақ бұған ешқайсымыз мүмкіндік таппадық», – деді»*, – деп айтқанын естідім», – деген[2].

Теңдессіз ерліктер

Мұсылмандар Аллаһ елшісін (с.а.с.) қорғауда өте сирек кездесетін, тарихта теңдесі табылмаған ерліктер мен тамаша жанқиярлықтар көрсетті. Әбу Талха Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына денесін тосып, қорған сияқты тұрып, оны жау жебелерінен қорғау үшін кеудесін көтеріп қалқалайтын. Әнәс (Аллаһ оған разы болсын): *«Ухуд күні адамдар Пайғамбарды (с.а.с.)* (соғыс алаңында қалдырып) *жеңіліп* (қашқан) *кезде, Әбу Талха Пайғамбардың (с.а.с.) алдында оны қалқанымен тасалап тұрды. Әбу Талха*

[1] «Мажмаъ әз-зәуәид» (6/161).
[2] «Сира Ибн Кәсир» (3/58).

мерген кісі еді, садағының адырнасын қатты тартатын. Сол күні ол екі не үш садақ сындырды. Жанында жебелі қорамсағы бар кісі өтсе, (Пайғамбар (с.а.с.) оған))*: «*(Жебелеріңді) ***Әбу Талхаға тастап кет!»*** *– деп айтатын. Пайғамбар (с.а.с.) кеудесін шығарып дұшпандарға қараса, Әбу Талха: «Уа, Аллаһтың пайғамбары! Ата-анам саған пида! Кеудеңді шығарма, дұшпандардың оғы тиіп кетер,* (ок) *сенің кеудеңе емес, менің кеудеме тисін!» – дейтін»*, – деген[1].

Тағы бір риуаятта Әнәстің: *«Әбу Талха Пайғамбармен (с.а.с.) бірге бір қалқанның тасасында тұрды. Әбу Талха садақты жақсы ататын еді. Ол садақ атқанда, Пайғамбар (с.а.с.) мойнын созып, жебесінің қайда барып тигенін қарайтын»*, – дегені келтірілген[2].

Әбу Дужана Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына тұрып, арқасын жау оғына қалқан сияқты тосты және арқасына жебелер қадалып жатса да тырп етіп қозғалған жоқ.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мүбәрак тісін сындырған Ғұтба ибн Әбу Уаққастың ізіне түскен Хатиб ибн Әбу Балтаға мүшрікті қылышымен шауып өлтірді және оның аты мен қылышын олжалады.

Сәһл ибн Ханиф батыр мергендердің бірі еді. Ол Аллаһ елшісіне (с.а.с.) өле-өлгенше шайқасуға ант берді де, сонан соң мүшріктерді Пайғамбардың (с.а.с.) жанынан түре қууда орасан зор еңбек сіңірді.

Ухуд шайқасында Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзі де садақ атқан. Қатада ибн Нұғман Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сол күні өзінің садағымен адырнасы түтіліп кеткенше жебе тартқанын жеткізген. Сонан соң садақты Қатада алып, Аллаһ елшісі (с.а.с.) жебе тартқан садақ соның қолында қалған. Сол күні Қатаданың көзіне зақым тиіп, көзі қабағының астына салбырап ағып кеткен. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оның көзін қолымен орнына салып қойған. Осыдан кейін оның бұл көзі сау көзінен де жақсы, сау көзінен де өткір болып кеткен.

Шайқаста Абдур-Рахман ибн Ауфтың аузы жараланып, алдыңғы тістері сынып кеткен және ол сол күні жиырма немесе одан да көп жарақат алған, жарақаттарының бірінде аяғы зақымданып, ақсақ болып қалған.

Әбу Сағид әл-Худридің әкесі Мәлик ибн Синан Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бетіндегі қанды аузымен сорып тазартқан Бұдан кейін шайқасқа қосылған Мәлик ибн Синан туралы Пайғамбар (с.а.с.): ***«Кімде-кім жаннаттықтардан біреуді көргісі келсе, мынаған қарасын»***, – деген. Мәлик ибн Синан осы шайқаста шәһид болды.

Әйел болса да ерлермен бірдей шайқасқан Умму Ғұмара мұсылмандардың бір тобымен Аллаһ елшісін (с.а.с.) өлтіруге ұмтылған Ибн Қамиаға қарсы тұрғанда, Ибн Қамиа қылышымен оның иығынан шауып, соққыдан батыр әйелдің иығында ойық жара қалып қойған. Умму Ғұмара да қылышымен Ибн Қамиаға бірнеше соққы жұмсаған, бірақ соққылары екі

[1] «Сахих әл-Бұхари» (2/581).
[2] «Сахих әл-Бұхари» (1/406).

сауытты қабаттап киген мүшрікке дарымай, аман қалған. Ержүрек әйел денесінің он екі жерінен жараланғанша шайқасумен болған.

Аллаһ елшісін (с.а.с.) Ибн Қамиа мен оның серіктерінің шабуылынан қорғаған Мусғаб ибн Ғұмайр де асқан өжеттікпен шайқасты. Мұсылман әскерінің туы Мусғабтың қолында болатын. Мүшріктер оның оң қолын шауып түсірді. Мусғаб туды сол қолына алып, екінші қолы да кесілгенше кәпірлерге тайсалмай қарсы тұрды. Екінші қолы шабылған ол мерт болғанына дейін тудың үстіне еңкейіп, оны кеудесімен қысып ұстап тұрды. Жанқияр батырды Ибн Қамиа өлтірген болатын. Мусғабтың келбеті Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ұқсайтындықтан, оны өлтірген Ибн Қамиа Пайғамбарды (с.а.с.) өлтірдім деп ойлап, мүшріктерге барып: «Мұхаммед өлтірілді!» – деп айқайлады[1].

Пайғамбардың (с.а.с.) өлтірілгені жайлы хабар тарауы және оның шайқастың барысына жасаған ықпалы

Ибн Қамианың айқайынан көп өтпей-ақ мүшріктерге де, мұсылмандарға да Пайғамбардың (с.а.с.) өлтірілгені жайлы хабар тарап кетті. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жанында болмаған, қоршаудағы көптеген сахабалардың сақтарын сындырған осы жағдай еді. Мұндай ауыр хабарды естіген көптеген мұсылмандардың рухтары құлап, саптарында қатты толқу туды, көбісі не істерлерін білмей, абдырап қалды. Дегенмен, бұл хабардың көздеген мақсатымызға жеттік деп ойлаған мүшріктердің тегеурінді шабуылдарын біраз жеңілдетуге септігі тиді. Осыдан кейін мүшріктердің көбісі өлтірілген мұсылмандардың денесін қорлап, сиқын бұзумен айналыса бастады.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) шайқасты жалғастыруы және қоршаудан құтылуы

Мусғаб ибн Ғұмайр мерт болған соң, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұсылмандардың туын Әли ибн Әбу Талибке берді де, Әли жан аямай шайқасты және сол жердегі Пайғамбарды (с.а.с.) қорғап, мүшріктермен арпалысқан өзге сахабалар да теңдессіз ерлік көрсетті.

Осы аралықта Аллаһ елшісі (с.а.с.) қоршаудағы әскеріне қарай жол ашуға мүмкіндік тауып, оларға жетті. Оны ең алдымен Кағб ибн Мәлик танып, бар даусымен: *«Уа, мұсылмандар қауымы! Қуаныңдар! Міне, мынау – Аллаһ елшісі!»* – деп айқайлады. Пайғамбар (с.а.с.) өзінің қайда екендігін мүшріктер білмеуі үшін Кағбке үндеме деп ымдады. Бірақ бұл дауыс мұсылмандардың құлағына жетіп, олар дереу Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ұмтылып, Пайғамбардың (с.а.с.) жанына отыз шақты сахаба жиналды.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) осындай қол біріктірген соң, шабуылдаушы мүшріктердің арасын бұзып жара, жүйелі түрде тау шатқалына қарай

[1] Ибн Һишам (2/73, 80-83).

жылысуға кірісті. Ал мүшріктер олардың жолын бөгеу үшін шабуылдарын күшейткенімен, Исламның арыстандарының айбатына төтеп бере алмады.

Мүшріктердің аттылы сарбаздарының бірі Осман ибн Абдуллаһ ибн Муғира: «Егер ол құтылса, менің құтылмағаным», – деп, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қарай ұмтылды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған қасқая қарсы тұрды. Бірақ Османның аты шұңқырлардың біріне сүрініп кетті де, Харис ибн Симма мүшрікке тап беріп, аяғын қылышпен шауып, шоңқитып тастады. Содан кейін оның шаруасын тындырды және оның қару-жарағын алып, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қосылды.

Меккеліктердің тағы бір аттылы сарбазы Абдуллаһ ибн Жәбир Харис ибн Симмаға тап беріп, қылышымен оның иығынан шапты. Жарақаттанған Харисті мұсылмандар көтеріп арқалап алды. Ал қызыл орамалды қас батыр Әбу Дужана Абдуллаһ ибн Жәбирге шүйлігіп, қылышымен шауып өлтірді.

Осындай кескілескен шайқастың арасында мұсылмандарды, Құранда айтылғандай, Аллаһтан тыныштық ретінде ұйқысырап қалғу айналдыра бастады. Әбу Талха: *«Ухуд күні жеңіл ұйқы баурағандардың бірі мен едім, тіпті қылышым қолымнан бірнеше рет түсіп кетті, қылышым түсіп кететін, ал мен оны қайта алатынмын, қылышым түсіп кететін, ал мен оны қайта алатынмын»*, – деген[1].

Осындай жанқияр ерліктің нәтижесінде Аллаһ елшісі (с.а.с.) бастаған сахабалар жүйелі тәртіппен жылжи отырып, тау шатқалына жетті және мұнымен әскердің қалған бөлігіне осы бір қауіпсіз орынға өтетін жол ашты. Сөйтіп қалған мұсылмандар да тау шатқалына өтіп, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қосылды. Осылай Аллаһ елшісінің (с.а.с.) даналығының алдында Халидтің айласы сәтсіздікке ұшырап, мақсатына толық жете алмады.

Убәй ибн Халафтің өлтірілуі

Ибн Исхақтың дерегінде Аллаһ елшісі (с.а.с.) тау шатқалын паналаған кезде, Убәй ибн Халафтің: «Мұхаммед қайда? Егер ол құтылса, менің құтылмағаным», – деп қайталап, Пайғамбардың (с.а.с.) соңынан келгені айтылған. Сахабалар: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Оны біреуіміз қарсы алайық па?»* – деп сұрады. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Оны жайына қалдырыңдар»***, – деді де, Убәй ибн Халаф жақындағанда, Харис ибн Симманың найзасын алды. Пайғамбар (с.а.с.) найзаны қолына алған кезде, бір сілкінді де, сахабалар оның айналасынан сілкінген түйенің арқасынан ұшқан қылшықтардай ысырылды. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) мүшрікті қарсы алды және сауыттың өңірі мен дулығаның арасындағы саңылаудан алқым сүйегін көрді де, Убәйді найзамен сол саңылаудан түйреді. Бұдан Убәй астындағы атынан бірнеше рет домалап түсті. Мүшрік тайпаластарына оралғанда, оның мойны кішкене тырналып, қан ұйып қалған болатын. Убәй: «Аллаһпен ант етейін, Мұхаммед мені өлтірді», – деді. Тайпаластары оған:

[1] Қ.: «Сахих әл-Бұхари» (2/582).

«Аллаһпен ант етейік, жүрегің ұшып кетіпті ғой. Аллаһпен ант етейік, сенде ештеңе жоқ», – деді. Ал ол: «Шындығында, ол маған Меккеде: «Мен сені өлтіремін», – деген болатын[1]. Аллаһпен ант етейін, ол маған түкіріп жіберсе де өлтірер еді», – деді. Содан Аллаһтың жауы Убәй тайпаластарымен бірге Меккеге қайтып келе жатқанында Сариф деп аталатын жерде көз жұмды[2].

Әбул-Әсуәд Ғұруадан жеткізген риуаятта және сол сияқты Сағид ибн Мусаййаб әкесінен нақыл еткен хабарда: «Убәй өгіздей өкіріп: «Жаным қолында болғанмен ант етейін, егер де менің бойымдағы Зул-Мәжәздың[3] тұрғындарында болғанда, олардың барлығы қырылып қалар еді», – деп жатты» делінген[4].

Талханың Аллаһ елшісін (с.а.с.) жартастың үстіне көтеріп шығаруы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) әскерімен бірге тауға қарай жылжып бара жатқанда, алдарынан үлкен жартас кездесті. Пайғамбар (с.а.с.) жартасқа өрмелеп шықпақ болып еді, екі сауытты қабаттап киіп, денесі ауырлағандықтан, оған көтерілуге шамасы келмеді. Аллаһ елшісіне (с.а.с.) көмекке келген Талха ибн Ғұбайдуллаһ оны желкесіне отырғызып, жартастың үстіне алып шықты. Сахабасының бұл қамқорлығына дән риза болған Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Талха*** (жаннатқа) ***лайық болды»,*** – деген[5].

Мүшріктердің соңғы шабуылы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) басқару нүктесін тау шатқалына орналастыруға мүмкіндік алған соң, мүшріктер мұсылмандарға жетуге талпынған соңғы шабуылдарын жасады. Ибн Исхақ: «Аллаһ елшісі (с.а.с.) тау шатқалында тұрғанда, құрайыштардың Әбу Суфйан мен Халид ибн Уәлид бастаған бір тобы тауға өрмеледі. Оларды көрген Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Уа, Аллаһ! Ақиқатында, олар бізге қарай көтерілмеуі керек»,*** – деді. Бірақ Омар ибн әл-Хаттаб пен муһажирлерден бірнеше кісі тауға көтерілмек болған мүшріктермен шайқасып, оларды төменге түсіріп тастады[6].

Әл-Умәуидің «Мағази» кітабында келгендей, мүшріктер тауға көтерілгенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сағдқа: ***«Оларды қайтар»,*** – деп

---

[1] Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккеде жүргенде, Убәй онымен жолығып қалса: «Ей, Мұхаммед! Менің бір атты күнде бір фарақ жүгерімен (фарақ – үш сағ азық сыятын ыдыс) жемдейтін ермегім бар, соған мініп, сені өлтіремін», – деп сұстанатын. Ал оған Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Аллаһ қаласа, керісінше, мен сені өлтіремін»,*** – дейтін.

[2] Ибн Һишам (2/84).

[3] Зул-Мәжәз – Исламға дейін қажылық маусымы кезінде сауда жәрмеңкесі ұйымдастырылған мекен.

[4] Ибн Һишам (2/84) мен әл-Хакимнің «Мустадракін» (2/327) қараңыз.

[5] Қ.: Ибн Һишам (2/86). Сондай-ақ мұны ат-Тирмизи, Ахмад және әл-Хакимдер де риуаят еткен.

[6] Ибн Һишам (2/86).

бұйырған. Сағд: *«Бұларды жалғыз өзім қалай қайтарамын?!»* – деген. Пайғамбар (с.а.с.) бұйрығын үш рет қайталаған соң, Сағд қорамсасынан бір жебе алып, олардың біреуін атып өлтірген. Сағдтың өзі: *«Содан кейін* (қорамсама қол салған едім,) *өзіме таныс әлгі жебе шықты, мен онымен мүшріктердің екіншісін атып өлтірдім. Сонан соң* (қорамсама тағы да қол салған едім, қайтадан) *өзіме таныс сол жебе шықты, мен онымен мүшріктердің үшіншісін атып өлтірдім. Осыдан кейін мүшріктер көтерілген орындарынан төмен түсіп кетті. Мен: «Бұл – берекелі жебе», – дедім де, оны қорамсама салып қойдым»*, – деген. Бұл керемет жебе көзі тірі кезінде Сағдтың өзінде болған, ал кейіннен оның балаларына өткен.

Мүшріктердің мұсылмандардан шәһид болғандардың денелерін қорлауы

Тауға өрмелеу мүшріктердің Пайғамбарға (с.а.с.) қарсы жасаған ең соңғы шабуылы болды. Аллаһ елшісін (с.а.с.) өлтіргендіктеріне көздері жетіп тұрып, оны қолға түсірер еш амалдары қалмаған мүшріктер басқару орындарына оралып, Меккеге қайтуға қамдана бастады. Сонда олардың кейбір азғындары мен әйелдері шайқаста қаза тапқан мұсылмандардың денелерін қорлауға кірісіп, құлақтары мен мұрындарын, жыныс мүшелерін кесті, қарындарын жарып ақтарды. Һинд бинт Ғұтба Хамзаның бауырын жарып, шайнады, бірақ оны жұта алмай, түкіріп тастады. Әйелдер шәһидтердің құлақтары мен мұрындарынан аяқтарына және мойындарына тағатын алқалар тізіп алды[1].

Мұсылман батырларының шайқастың соңына дейін соғыстан шегінбеуі

Осы бір соңғы сағаттарда да мұсылман батырларының соғысқа және Аллаһтың жолында жандарын қиюға қаншалықты дайын болғандарын айғақтайтын оқиғалар орын алды. Кағб ибн Мәликтің: *«Мен мұсылмандардан* (Ухуд жорығына) *шыққандардың бірі едім. Мүшріктердің өлтірілген мұсылмандардың денелерін қорлауға кіріскендерін көргенімде, сол жаққа жақыныраң бардым. Мүшріктерден бір кісі бір топ адамды жинап, мұсылмандардың арасында: «Қой отарының үйірілгеніндей бір-біріңе топталыңдар», – деп жүр екен. Ал мұсылмандардан үстіне сауыт киген бір кісі оны аңдып тұрды. Мен әлгі мұсылманның арқа жағына бардым да, көзіммен оны және манағы кәпірді бағамдай бастадым. Кәпірдің одан қаруы да сайлы, тұлғасы да мықты екен. Осылай бақылап тұрғанымда, екеуі кездесті де, мұсылман оны өлтірді. Содан кейін*

[1] Ибн Һишам (2/90).

мұсылман бетін ашып: «Бұған не дейсің, ей, Кағб? Мен Әбу Дужанамын», – деді», – деп әңгімелегені риуаят етілген[1].

Шайқас аяқталған соң соғыс алаңына мұсылман әйелдер келіп, ондағы жауынгерлерге су тасыды. Әнәс: *«*(Сол күні) *мен Айша бинт Әбу Бәкір мен Умму Сулəймді көрдім. Ол екеуі киімдерінің етегін түріп алған еді, мен олардың аяқтарындағы әшекейлерін көрдім. Олар* (су құйылған) *местерді иықтарына қойып жүгіре тасып, оларды* (жараланған адамдардың) *ауыздарына құятын, сосын қайта барып,* (суға) *толтырып келіп, тағы да* (жаралы) *адамдардың ауыздарына құйып жүрді»*, – деген[2]. Омардың да: *«*(Ансарлардың әйелдерінің бірі Умму Салит) *Ухуд күні бізге* (су құйылған) *местерді тасыды»*, – дегені келтірілген[3].

Бұл әйелдердің ішінде Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сәби кезіндегі күтушісі Умму Айман да бар еді. Ол мұсылмандардың жеңіліп, Мәдинаны бетке алғандарын көргенде, олардың беттеріне топырақ шаша бастады, ал кейбіріне: *«Мә, мына ұршықты ал да, қылышыңды бері әкел»*, – дейтін. Содан кейін Умму Айман соғыс алаңына асығып, жаралыларға су жеткізуге кірісті. Мүшрік Хиббан ибн Ариқа оны садақпен атып, жебе тиген Умму Айман жерге құлап, денесі ашылып қалды. Мұны көрген Аллаһтың жауы күлкіге батты. Мүшріктің мазағы жанына батқан Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сағд ибн Әбу Уаққасқа ұшы жоқ жебе беріп: ***«Оны мынамен ат»***, – деді. Сағд оны атты да, жебе Хиббанның алқымына тиді, бұдан мүшрік шалқасынан құлап, әуреті ашылып кетті. Бұған Аллаһ елшісі (с.а.с.) азу тістері көрінгенше күлді де: ***«Ол үшін Сағд есе қайтарды, Аллаһ оның тілегін қабыл етсін!»*** – деді[4].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) тау шатқалына жеткеннен кейін

Аллаһ елшісі (с.а.с.) тау шатқалына орналасқан соң, Әли ибн Әбу Талиб барып, Ухуд тауындағы ішіне су жиналған ойық жартастан немесе сондағы бір су көзінен қалқанына су толтырып әкелді. Суды Пайғамбарға (с.а.с.) ішуге ұсынған еді, Аллаһ елшісі (с.а.с.) судан жағымсыз иіс сезіп, оны ішпеді, бірақ сумен ***«Пайғамбарының жүзін қанатқанға Аллаһтың ашуы күшейді»*** деп сөйлей, бетіндегі қанды жуды және судан басына құйды[5].

Сәһл: *«Аллаһпен ант етейін, мен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жарақатын кім жуғанын да, кім су құйып тұрғанын да және оның немен емделгенін де білемін. Пайғамбардың (с.а.с.) қызы Фатима қанды жуды, ал Әли ибн Әбу Талиб оған қалқанмен су құйып тұрды. Фатима су қан кетуін үдетіп*

[1] «Әл-Бидәя уә ән-ниһая» (4/17).
[2] «Сахих әл-Бұхари» (1/403, 2/581).
[3] «Сахих әл-Бұхари» (1/401).
[4] «Әс-Сира әл-Халабия» (2/22).
[5] Ибн Һишам (2/85).

жатқанын көрген соң, алашаның кесіндісін алып, өртеді де, оны жарақатқа жапсырды. Сонда қан тоқтады», – деген[1].

Мұхаммед ибн Мәсләмә ішуге жарамды таза су әкеліп, Пайғамбар (с.а.с.) содан ішті және суды әкелген сахабасына игілік тілеп дұға етті. Аллаһ елшісі (с.а.с.) тау шатқалында бесін намазын жарақаттарының салдарынан отырып оқыды, мұсылмандар да намазды оның арқа жағында отырған қалыпта оқыды[2].

Шайқас аяқталған соң Әбу Суфйанның мұсылмандарды табалауы және оның Омармен сөйлесуі

Мүшріктер Меккеге қайту дайындықтарын толық қамдағаннан кейін, Әбу Суфйан тауға қарап: «Араларыңда Мұхаммед бар ма?» – деп дауыстады. Бірақ Пайғамбар (с.а.с.) мұсылмандарға оған жауап беруге рұқсат етпеді. Сосын Әбу Суфйан: «Араларыңда Ибн Әбу Қухафа[3] бар ма?» – деп дауыстады. Мұсылмандардан тағы да жауап болмады. Сосын ол: «Араларыңда Омар ибн әл-Хаттаб бар ма?» – деп дауыстады. Пайғамбар (с.а.с.) рұқсат етпегендіктен, бұл жолы да мұсылмандардан жауап болмады. Әбу Суфйанның осы үшеуін ғана сұрауының себебі, ол да, тайпаластары да Исламды ұстап тұратын осылар екендігін білетін. Үш сұрағына да жауап болмаған Әбу Суфйан серіктеріне: «Сендер бұл үшеуін де өлтіріпсіңдер», – деді. Сонда Омар өз-өзін ұстай алмай: *«Аллаһпен ант етейін, өтірік айтасың, ей, Аллаһтың жауы! Ақиқатында, сен атағандардың бәрі де тірі, Аллаһ сенің жаныңа бататынды орнында қалдырды»,* – деді. Әбу Суфйан: «Сендерден өлтірілгендердің мәйіттері қорланды, оған мен бұйырған жоқпын және ол жаныма да батып тұрған жоқ», – деді.

Сосын ол: «Асқақта, Һубәл[4]! Асқақта Һубәл!» – дей бастады. Пайғамбар (с.а.с.):

– ***Оған жауап қайтармайсыңдар ма?*** – деді. Мұсылмандар:

– *Уа, Аллаһтың елшісі! Не айтайық?* – деді.

– ***«Аллаһ бәрінен Асқақ әрі бәрінен Ұлы» деп айтыңдар,*** – деді. Әбу Суфйан:

– Бізде Ғұзза[5] бар, ал сендерде Ғұзза жоқ», – деді. Пайғамбар (с.а.с.) тағы тағы да:

– ***Оған жауап қайтармайсыңдар ма?*** – деді. Мұсылмандар:

– *Уа, Аллаһтың елшісі! Не айтайық?* – деді.

– ***«Аллаһ біздің Қамқоршымыз, ал сендерде Қамқоршы жоқ» деп айтыңдар,*** – деді.

---

[1] «Сахих әл-Бұхари» (2/584).
[2] Ибн Һишам (2/87).
[3] Әбу Бәкірді осылай деп те атайтын.
[4] Һубәл – мүшріктер табынған пұттың аты.
[5] Ғұзза да – мүшріктердің сиынған пұт құдайы.

Содан кейін Әбу Суфйан: «Істер жақсы болды! Бұл күн Бәдір күнінің есесі. Соғыс – алма-кезек», – деді. Омар оған: *«Тек, бірдей емес. Бізден мерт болғандар жаннатта, ал сендерден өлтірілгендер тозақта»*, – деп жауап қайтарды. Әбу Суфйан оны: «Бері кел, ей, Омар!» – деп өзіне шақырды. Пайғамбар (с.а.с.) Омарға: ***«Оған барып, не қалайтынын біл»***, – деді. Жанына келген Омардан Әбу Суфйан: «Сенен Аллаһпен сұраймын, ей, Омар! Біз Мұхаммедті өлтірдік пе?» – деп сұрады. Омар: *«Уа, Аллаһ! Жоқ. Ақиқатында, ол қазір сенің сөзіңді естіп тұр»*, – деп жауап берді. Сонда Әбу Суфйан: «Мен Ибн Қамиаға қарағанда саған көбірек сенемін», – деп, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тірі екендігіне көзі анық жетті[1].

Екі жақтың келесі жылы Бәдірде қайта кездесуге уәделесуі

Ибн Исхақ: «Әбу Суфйан мен оның жанындағылар қайтып бара жатқандарында: «Келесі жылы сендермен кездесетін орнымыз Бәдір болсын», – деді. Оған жауап ретінде Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларынан бір кісіге: *«Жарайды, біздің уәделі орнымыз осы жер болсын»*, – деп айтуды тапсырды», – деп жазған[2].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мүшріктердің жағдайын анықтауы

Мүшріктер жүріп кеткен соң, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әли ибн Әбу Талибті жіберіп: ***«Мыналардың соңдарынан барып, не істейтіндерін, нені көздейтіндерін бақыла. Егер олар аттарын салт алып, түйелеріне мінсе, Меккені бетке алғандары. Ал егер аттарына мініп, түйелерін айдап жүрсе, Мәдинаға аттанғандары. Жаным қолында болған*** (Аллаһ)***пен ант етейін, егер олар Мәдинаны бетке алса, соңдарынан барып, олармен соғысамын»***, – деді. Әли: *«Мен олардың соңдарынан не істейтіндерін бақылап шықтым. Олар аттарын салт алып, түйелеріне мінді де, Меккені бетке алып жүріп кетті»*, – деген[3].

Соғыста мерт болғандар мен жараланғандарды іздеу

Құрайыштар кеткеннен кейін мұсылмандар шайқаста мерт болған және жараланған майдандастарын іздеуге кірісті. Зәйд ибн Сәбит былай деп әңгімелейді:

«Ухуд күні Аллаһ елшісі (с.а.с.) мені Сағд ибн Рабиғды іздеуге жіберіп: ***«Егер оны көрсең, оған менен сәлем жолда және: «Аллаһ елшісі сенен: «Өзіңді қалай сезінудесің?» – деп сұрап жатыр», – деп айт»***, *– деді. Содан*

[1] Қ.: Ибн Һишам (2/93-94), «Сахих әл-Бұхари» (2/579).
[2] Ибн Һишам (2/94).
[3] Ибн Һишам (2/94). «Фатх әл-Бәри» кітабында мүшріктердің соңынан Сағд ибн Әбу Уаққастың бақылап шыққандығы айтылған (7/347).

*мен мерт болғандарды аралап жүріп, оны тапқанымда, ол ең соңғы демдерін алып жатыр екен. Оның денесінде найзадан, қылыштан және жебеден тиген жетпіс жарақат бар еді. Мен: «Ей, Сағд! Аллаһ елшісі (с.а.с.) саған сәлем жолдауда және саған: **«Өзіңді қалай сезініп жатқаныңның хабарын айт»**, – деп қалды», – дедім. Сонда Сағд: «Аллаһ елшісіне (с.а.с.) де сәлем болсын. Оған: «Уа, Аллаһтың елшісі! Мен жаннаттың иісін сезіп жатырмын», – деген сөзімді жеткіз, ал тайпаластарым ансарларға: «Араларыңда біреуің тірі тұрғанда, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) әлдекім зиян жеткізер болса, сендер үшін Аллаһтың алдында ақталатын еш уәж жоқ», – деп айт», – деді де, артынша жаны үзіліп кетті»*[1].

Мұсылмандар жаралылардың арасынан ақтық демін алып жатқан Усайрим Амр ибн Сәбитті кездестірді. Мұсылмандар бұрын оған Исламды қабылдауға ұсыныс жасағанмен, Усайрим келіспей жүрген-ді. Адамдар: *«Бұл Усайрим мұнда не үшін келді? Негізінде, біз кеткенімізде, ол бұл істен бас тартып жүр еді ғой»*, – деді. Сөйтіп олар Усайримнен: *«Сен мұнда не үшін келдің? Тайпаластарыңа жаның ашығандықтан ба әлде Исламды қалағандықтан ба?»* – деп сұрады. Усайрим: *«Исламды қалағандығымнан. Мен Аллаһқа және Оның елшісіне иман келтірдім, сонан соң өздерің көріп тұрған күйге түскенімше Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге шайқастым»*, – деді де, сол сәтте жан тапсырды. Мұсылмандар мұны Аллаһ елшісіне (с.а.с.) айтқанда, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Ол – жаннаттықтардың бірі»***, – деді. Әбу Һурайра Усайрим туралы: *«Ол Аллаһқа арнап бірде-бір намаз оқыған емес»*, – деген[2].

Мұсылмандар жараланғандардың арасынан батырларша шайқасып, жалғыз өзі жеті-сегіз мүшрікті өлтірген Қузманды да кездестірді. Қузман жарақатының салдарынан әл-дәрмені қалмай құлап жатқан болатын. Мұсылмандар оны бәну зуфар әулетінің қонысына көтеріп әкеліп, оны жаннатпен сүйіншілегенде, Қузман: «Аллаһпен ант етейін, мен тайпаластарымның абыройы үшін ғана соғыстым, егер де осы болмағанда, соғыспас едім», – деді. Сөйтіп ол жарақатының зардабы күшейген кезде, өз-өзін бауыздап тастады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Қузман туралы сөз болса: «Ол – тозақтықтардың бірі», – дейтін[3]. Аллаһтың сөзін жоғары көтеруден өзге мақсатта соғысқандар Исламның туының астында, тіпті Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен оның сахабаларының әскері құрамында шайқас жүргізсе де, арғы өмірдегі жағдайлары осылай болады.

Сондай-ақ жаралылардың арасынан бәну сағләбә яһудилері қатарындағы бір кісі де табылды. Ол шайқасқа аттанар алдында тайпаластарына: *«Ей, яһудилер қауымы! Аллаһпен ант етейін, ақиқатында, сендер Мұхаммедке көмектесудің өздеріңе міндетті екенін білесіңдер ғой»*, – деген болатын.

---

[1] Әз-Зәһәби «Тарих әл-Ислам» (1/209).
[2] Ибн Һишам (2/90).
[3] Ибн Һишам (2/88).

Тайпаластары: «Бүгін – сенбі күні», – деп жақауратты. Сонда ол: *«Сендер үшін сенбі жоқ»*, – деді де, қылышы мен қару-жарағын алды және: *«Егер мен өлсем, мал-мүлкім Мұхаммедке тиесілі, ол мал-мүлкіме қатысты қалағанын жасасын»*, – деп өсиет айтты. Сөйтіп ол соғысқа аттанып, мерт болғанынша шайқасты. Ол туралы Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Мухайриқ – яһудилердің ең жақсысы»***, – деген[1].

Шәһидтердің денелерін жинап, жер қойнына тапсыру

Аллаһ елшісі (с.а.с.) шәһидтерге қарап тұрып: ***«Бұл адамдарға мен куә боламын. Ақиқатында, Аллаһ үшін жараланған әрбір адамды Қиямет күні Аллаһ жарақатынан қан аққан күйінде тірілтеді. Оның түсі қанның түсі, бірақ иісі жұпардың иісі»***, – деді[2].

Сахабалардан бір адамдар өлтірілген жақындарын Мәдинаға алып кеткен болатын, бірақ Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларды кері әкеліп, жан тапсырған орындарына көмуді, олардың денелерін жумауды және денелерінен темір мен тері бұйымдарды шешіп алғаннан кейін үстеріндегі өз киімдерімен жерлеуді бұйырды. Шәһидтер бір қабірге екі-үш адамнан, әр екі адам бір матаға оралып жерленді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Бұлардың қайсысы Құранды көбірек үйренген?»*** – деп сұрайтын және адамдар нұсқаған кісіні көрге бірінші жайластыратын. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Қиямет күні мен бұларға куә боламын»***, – деді. Абдуллаһ ибн Амр ибн Харам мен Амр ибн Жамух тірі кездерінде араларында сүйіспеншілік болғандықтан бір қабірге орналастырылды[3].

Адамдар Ханзаланың табытын жоғалтып алды да, оны іздеп, бір шеттегі жерден тапты, одан су тамшылап тұр еді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларына оны періштелердің жуып жатқанын хабарлады. Содан кейін оларға: ***«Оның әйелінен мұның мәнісін сұраңдар»***, – деп тапсырды. Сахабалар бұл жайлы сұрағанда, оның әйелі күйеуінің шайқасқа жүніп күйінде ғұсыл құйынбай шығып кеткенін айтты. Осы себепті Ханзала «періштелер жуған адам» деп аталған[4].

Пайғамбар (с.а.с.) көкесі әрі сүт бауыры Хамзаға не болғанын көргенде қатты қайғырды. Үлкен әпкесі Сафия келіп, бауыры Хамзаны көруді қалағанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.) оның баласы Зубәйрге анасын бауырына не болғанын көрмеуі үшін әрі алып кетуді бұйырды. Алайда Сафия: *«Бұл не үшін? Шындығында, мен бауырымның денесі қорланғанын естідім. Дегенмен, бұл Аллаһ үшін. Сондықтан, Ол бізді разы еткен осындай істер үшін, Аллаһ қаласа, әлбетте сауап үміт етемін әрі сабырлық танытамын»*, – деді. Сөйтіп ол Хамзаның жанына барып, оны көрді, ол үшін дұға жасады,

[1] Ибн Һишам (2/88-89).
[2] Ибн Һишам (2/98).
[3] «Сахих әл-Бұхари» (2/584).
[4] «Тарих әт-Табари» (2/69), «Сира Ибн Исхақ» (1/301).

«Ақиқатында, біз Аллаһқа тиесіліміз әрі әлбетте Оған қайтушымыз», – деді және бауыры үшін кешірім тіледі. Сонан соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хамзаны әпкесінің ұлы әрі сүт бауыры Абдуллаһ ибн Жахшпен бірге көмуді бұйырды.

Ибн Масғуд: *«Біз Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Хамза ибн Абдулмутталибке жылағанынан қатты жылағанын ешқашан көрген емеспіз. Пайғамбар (с.а.с.) оны құбылаға қарай жатқызды да, оның денесінің бас жағына тұрды және қатты өксіп жылады»*, – деген[1].

Шәһидтердің көрінісі бауырды жұлмалайтын, өте қорқынышты еді. Хаббаб: *«Хамзаға ала шапаннан өзге кебін табылмады. Онымен басын жапса, аяқтары ашылып қалатын, ал аяқтарын жапса, басы ашылып қалатын. Соңында шапанды оның басына жауып, аяқтарына жұпар қамыс қойылды»*, – десе[2], осыған ұқсас тағы бір хадисте Абдур-Рахман ибн Ауфтың: *«Мусғаб ибн Ғұмайр өлтірілді, ал ол менен жақсы еді. Мусғаб шапанмен кебінделді, шапанмен оның басы жабылса, аяқтары ашылып қалатын, ал аяқтары жабылса, басы ашылып қалатын»*, – дегені келтірілген. Абдур-Рахмандікі сияқты хадис Хаббабтан да риуаят етілген және онда: *«Пайғамбар (с.а.с.) бізге: **«Шапанмен оның басын жауып, аяғына жұпар қамыс қойыңдар»**, – деді»* делінген[3].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) аса үстем әрі бәрінен ұлы Раббысын дәріптеуі және Оған дұға жасауы

Имам Ахмад риуаят етеді: Ухуд күні болып, мүшріктер қайтып кеткен соң, Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларына: ***«Түзеліп тұрыңдар, аса үстем әрі бәрінен ұлы Раббымды дәріптейін»***, – деді. Сөйтіп сахабалар оның арқа жағына сап-сап болып тұрды да, Аллаһ елшісі (с.а.с.):

«Уа, Аллаһ! Барлық мақтау Өзіңе арналады. Уа, Аллаһ! Сен жайғанды ұстаушы жоқ және Сен ұстағанды жаюшы жоқ. Сен адастырғанды тура жолға салушы жоқ және Сен тура жолға салғанды адастырушы жоқ. Сен тосқанды беруші жоқ және Сен бергенді тосушы жоқ. Сен алыстатқанды жақындатушы жоқ және Сен жақындатқанды алыстатушы жоқ. Уа, Аллаһ! Бізге берекелеріңді, мейіріміңді, кеңшілігіңді және ризық-несібеңді жай.

Уа, Аллаһ! Өзіңнен өзгермейтін және жоғалмайтын тұрақты игілік сұраймын. Уа, Аллаһ! Өзіңнен мұқтаж күнде көмек, қауіпті күнде тыныштық сұраймын. Уа, Аллаһ! Өзіңнен бізге бергеніңнен кесірінен және бізді тосқаныңның кесірінен пана тілеймін. Уа, Аллаһ! Біз үшін иманды сүйікті ет әрі оны жүректерімізде көркемде және бізге

[1] Мұны Ибн Шазан риуаят еткен (шейх Абдуллаһ ән-Нәждидің «Мухтасар сира әр-расул» кітабын (255-бет) қараңыз).
[2] Хадисті Ахмад риуаят еткен (қ.: «Мишкәт әл-масабих», 1/140).
[3] «Сахих әл-Бұхари» (2/579, 584).

кәпірлікті, күнәкарлықты және бойсұнбаушылықты жеккөрініште ет. Бізді туралықтағылардың қатарына кіргіз. Уа, Аллаһ! Бізді мұсылман күйімізде өлтір және бізді мұсылман қалпымызда өмір сүргіз. Әрі бізді қор болмаған және бүлікке ұшырамаған күйімізде ізгілерге жеткіз. Уа, Аллаһ! Елшілеріңді өтірікші санайтын және Өзіңнің жолыңнан тосатын кәпірлерді жанышта, оларға жазаң мен азабыңды жібер. Уа, Аллаһ! Кітап берілген кәпірлерді жанышта. Уа, ақиқаттың құдайы!» – деп жалбарынып, дұға жасады[1].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Мәдинаға қайтуы және мұсылман әйелдерінің Пайғамбарларына деген саф сүйіспеншіліктері

Пайғамбар (с.а.с.) шәһидтерді жерлеп, Раббысын дәріптеп, Оған жалбарынғаннан кейін Мәдинаға қайтты. Шайқастан мүмін ерлердің ерекше сүйіспеншіліктері мен жолбасшыларын қорғау үшін өздерін құрбан еткен ықыластарына бөленіп оралған Аллаһ елшісіне (с.а.с.) шын жүректерімен иман келтірген мүмін әйелдер де теңдесі жоқ саф сүйіспеншіліктерін көрсетті.

Жолда Пайғамбарға (с.а.с.) Хамна бинт Жахш жолықты, Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған шайқаста бауыры Абдуллаһ ибн Жахштың мерт болғанын хабарлады. Хамна: *«Ақиқатында, біз Аллаһқа тиесіліміз әрі әлбетте Оған қайтушымыз»*, – деді және бауыры үшін кешірім тіледі. Бұдан кейін оған Пайғамбар (с.а.с.) нағашысы Хамза ибн Абдулмутталибтің шәһид болғанын хабарлады. Хамна бұл жолы да: *«Ақиқатында, біз Аллаһқа тиесіліміз әрі әлбетте Оған қайтушымыз»*, – деді және нағашысы үшін кешірім тіледі. Ендігі кезекте Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хамнаға күйеуі Мусғаб ибн Ғұмайрдің ерлікпен қаза тапқанын хабарлады. Бұған дейін міз бақпаған Хамна күйеуінен айрылғанын естігенде дауыстап, ойбай салды. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): ***«Ақиқатында, ер адамның әйелінің алдындағы орны ерекше»***, – деген[2].

Адамдар бәну динар әулетінің бір әйеліне шайқаста күйеуінің, бауырының және әкесінің қаза тапқанын хабарлағанда, әлгі әйел: *«Ал Аллаһ елшісі (с.а.с.) қайтті?»* – деп сұрады және *«Оның жағдайы жақсы, ей, пәленшенің анасы! Аллаһқа мақтау болсын, ол сен қалағандай күйде»* деген жауап алса да, тынышталмай: *«Оны маған көрсетіңдерші, өз көзіммен көрейін»*, – деп өрекпіді. Жан жүрегіне иманның кәміл бейнесін бедерлеген ана адамдардың жол сілтеуімен Аллаһ елшісін (с.а.с.) өз көзімен көргенде: *«Сен аман болғаннан кейін өзге қайғының барлығы тұк те емес»*, – деп өрекпіген жүрегін басты[3].

---

[1] Хадисті әл-Бұхари «Әл-Әдәб әл-муфрад» кітабында және имам Ахмад «Мусһәдында» (3/424) риуаят еткен.

[2] Ибн Һишам (2/98).

[3] Ибн Һишам (2/99).

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына алып-ұшып жүгірген Сағд ибн Муғаздың анасы да жетті. Оның баласы Сағд Пайғамбардың (с.а.с.) атының тізгінінен ұстап келе жатқан-ды. Ол: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Анам келді»*, – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Қош келіпті!»*** – деп, оны күтіп тұрды және жанына келген анаға шайқаста қаза тапқан баласы Амр ибн Муғаз үшін басу айтты. Сонда Сағдтың анасы: *«Өзіңді аман-сау көрген соң, қайғымды аз көріп қалдым»*, – деді. Сонан соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) Ухудта қаза тапқандардың отбасылары үшін дұға етті де: ***«Ей, Умму Сағд! Өзің де қуан әрі қаза тапқандардың отбасыларын қуандыр: олардың мерт болған жақындары барлығы жаннатта бір-біріне серік болып жүр және оларға отбасыларының барлық мүшелері үшін шапағат ету құқығы берілді»***, – деді. Мұны естіген Умму Сағд: *«Біз разымыз, уа, Аллаһтың елшісі! Бұдан кейін оларға кім жылайды?!»* – деді де, сөзін жалғап: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Олардың артында қалғандар үшін дұға етші»*, – деп өтінді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Уа, Аллаһ! Олардың жүректеріндегі қайғысын кетір, қасіреттерін түзет және олардың арттарында қалғандардың соңын оңда»***, – деп тіледі[1].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Мәдинаға келуі

Аллаһ елшісі (с.а.с.) сол күні кешке – һижраның 3-жылы шәууәл айының жетінші жұлдызында, сенбі күні ақ ордасы Мәдина қаласына келіп жетті. Отбасымен қауышқан Пайғамбар (с.а.с.) қылышын қызы Фатимаға беріп: ***«Мынаның қанын жу, ей, қызым! Аллаһпен ант етейін, бұл бүгін маған адал қызмет етті»***, – деді. Фатимаға күйеуі Әли ибн Әбу Талиб те қылышын ұстатып: *«Мынаның да қанын жу. Аллаһпен ант етейін, бұл бүгін маған адал қызмет етті»*, – деді. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әлиге: ***«Сенің аянбай шайқасқаныңдай, сенімен бірге Сәһл ибн Ханиф пен Әбу Дужана да аянбай шайқасты»***, – деп, соғыстың бел ортасында болған екі сахабасының ерлігін де атап өтті[2].

Екі жақтың шайқастан кейінгі кісі шығыны

Риуаяттардың басым көпшілігі Ухуд шайқасында мұсылмандардан жетпіс кісі мерт болғанына тоғысады. Қаза тапқандардың түгеліне дерлік ансарлар құрап, олардан алпыс бес адам – қырық бір хазраждық, жиырма төрт әустік соғыс алаңында жан тапсырды. Мүшріктермен шайқаста жанын қиғандардың қатарында бір яһуди де болды. Ал муһажирлерден бұл шайқаста төрт адамға ғана шәһидтік өлім жазылды.

Мүшріктердің кісі шығынына келсек, Ибн Исхақ олардан жиырма екі адамның өлтірілгенін айтқан. Алайда, жорықтар мен Пайғамбардың (с.а.с.)

[1] «Әс-Сира әл-Халабия» (2/47).
[2] Ибн Һишам (2/100).

өмір жолын зерттеген кітаптарда баяндалған, мүшріктерден шайқастың әр түрлі кезеңдерінде өлтірілгендерді деректеген жан-жақты барлық мәліметтерге терең үңіліп, түбегейлі талдау Ухуд шайқасында мүрдем кеткен мүшріктердің жалпы саны жиырма екі емес, отыз жеті екендігін көрсетеді. Анығы Аллаһқа аян[1].

Мәдина қаласындағы төтенше жағдай

Мұсылмандар Ухуд шайқасынан оралғаннан кейін, һижраның 3-жылы шәууәл айының сегізінші жұлдызында, жексенбінің түнін өз астаналарында төтенше жағдайда өткізді. Олар шайқастан әбден қалжырап, сілелері қатып шаршағандарына қарамастан, жан-жақтан кіріп, көңілдерін күптеген күдіктердің салдарынан, түні бойы Мәдинаның қапталдары мен кіре беріс ауыздарын қарауылдаумен және бас қолбасшылары Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жеке күзетін қамтамасыз етумен болды.

Хамра әл-Әсәд жорығы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) де бұл түнді кезекті жағдайды ойланумен, саралап бағамдаумен өткізді. Пайғамбардың (с.а.с.) «Меккеге бет алған мүшріктер жолда өздерінің соғыста жеткен жеңістері мен үстемдіктерінен ешқандай пайда көрмей қайтып бара жатқандарын ойланса, әлбетте бұған өкініп, пұшайман болып, ендігі кезекте тікелей Мәдинаға шабуылдау үшін кері оралмас па екен?» деген қаупі бар-ды. Сондықтан, толғана келе Аллаһ елшісі (с.а.с.) жау әскерін Мәдинадан аластап, елдеріне қуып тастаудың шешімді шарасын атқармаққа бекінді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) жүргізген жорықтарды зерттеген ғалымдардың сөзінің түйіні: Пайғамбар (с.а.с.) Ухуд шайқасының ертесіне таңертең, яғни һижраның 3-жылы шәууәл айының сегізіне қараған жексенбінің таңында адамдарға жар салып, оларды жау әскеріне қарсы аттануға үндеді және: ***«Шайқасқа қатысқандардан өзгелер бізбен бірге шықпасын»,*** – деп шарт қойды. Абдуллаһ ибн Убәй: «Сенімен бірге барайын ба?» – деген еді, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Жоқ»,*** – деді. Мұсылмандар ауыр жарақаттары мен бойларын билеген қорқыныштарына қарамастан, Пайғамбардың (с.а.с.) бұйрығын құп алып: *«Естідік және бойсұндық»,* – деді. Жәбир ибн Абдуллаһ мұсылман әскерімен бірге шығуға рұқсат сұрап: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Ақиқатында, мен өзің қатысқан оқиғалардың бәрінде сенімен бірге болуды қалаймын. Әкем мені* (Ухудтан) *қыздарына қарауым үшін қалдырып кеткен еді, енді менің өзіңмен бірге жүруіме рұқсат етші»,* – деп өтінді де, Пайғамбар (с.а.с.) оған рұқсат етті.

[1] Ибн Һишам (2/122-129), «Фатх әл-Бәри» (7/351) және Мұхаммед Ахмад Башамилдің «Ухуд шайқасы» (278-280) еңбектерін қараңыз.

Сөйтіп Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұсылмандармен бірге жолға шығып, Мәдинадан сегіз миль қашықтықтағы Хамра әл-Әсәд деген жерге барып, сол жерге әскери қосынын тікті.

Сол жерде Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына Мағбад ибн Әбу Мағбад әл-Хузағи келіп, Исламды қабылдады. Сондай-ақ «Негізінде, Мағбад мүшрік еді, бірақ ол хузаға мен һашим руларының арасында одақтастық байланыс болғандықтан, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) адал қатынас жасаған» деген де дерек бар. Осы Мағбад Аллаһ елшісіне (с.а.с.): *«Ей, Мұхаммед! Аллаһпен ант етейін, сенің сахабаларыңмен болған жағдай бізге ауыр тиді, ал біз Аллаһтың жағдайыңды түзетуін қалар едік»*, – деді. Пайғамбар (с.а.с.) оған Әбу Суфйанға барып, оның сағын сындыруды тапсырды.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) «Мүшріктер Мәдинаға оралуды ойланбас па екен?» деген қаупі шындыққа айналып, меккеліктер Мәдина қаласынан отыз алты миль қашықтықтағы әр-Рауха деп аталатын орынға ат шалдырғандарында, бірін-бірі айыптап: «Ештеңе бітірмедіңдер. Олардың күштерін сындырдыңдар да, жайларына қалдырып кете бардыңдар. Олардың сендерге қарсы күш біріктіретін басшылары қалды. Енді оларды түп-тамырымен жою үшін кері оралайық», – десті.

Сірә, бұл пікір мұсылмандардың күші мен рухани қайратын дұрыс бағалай алмағандардан ат үсті туған ұшқалақ ой болса керек. Сондықтан да оларға жауапты көсемдері Сафуан ибн Умәййә қарсылық білдіріп: «Уа, халайық! Бұлай жасамаңдар, шындығында, мен Ухуд жорығына шықпай қалған мұсылмандардың сендерге қарсы күш біріктіруінен қорқамын. Үйлеріңе жеңімпаз күйлеріңде қайтыңдар, егер кері оралсаңдар, жеңіліс құшасыңдар ма деп қауіптенемін», – деді. Алайда Сафуанның кеңесін мүшріктердің басым көпшілігінің пікірі жеңді де, меккеліктердің әскері Мәдинаға қарай жүруге бекінді. Бірақ Әбу Суфйан әскерімен бірге қосынынан қозғалмас бұрын, онымен Мағбад ибн Әбу Мағбад әл-Хузағи кездесіп үлгерді. Әбу Суфйан оның Исламды қабылдағанынан хабарсыз еді, одан: «Не білгенің бар, ей, Мағбад?» – деп сұрады. Мағбад оның зәре-құтын ұшыра үркітіп: *«Шындығында, Мұхаммед сахабаларымен бірге үлкен қолмен сендерді іздеп шықты, мен ондай әскерді ешқашан көрген емеспін. Олар сендерге деген ашудан өртенердей болып жүр. Мұхаммедке Ухудтан қалып қойғандар да қосылды және олар өздерінің жоғалтқандарына бармақтарын шайнап өкінуде. Олар сендерге сондайлық ызаланып жүр, мен ондай ашу-ызаны бұрын-соңды көрмегенмін»*, – деді.

Әбу Суфйан: – «Сорың құрысын, не тантып тұрсың?» – деді.

Мағбад: – *«Аллаһпен ант етейін, мен сенің олардың аттарының кекілдерін көрмей тұрып* (немесе *мына төбенің артынан әскердің алдыңғы легі көрінуден бұрын*) *Меккеге қайтуыңды дұрыс деп ойлаймын»*, – деп үркіте түсті және «Шындығында, біз оларға түп-тамырларымен жою үшін қайта шабуылдауға бекінген едік» деген Әбу Суфйанды: *«Бұлай жасама, ақиқатында, мен саған адал кеңес беріп тұрмын»*, – деп тағы бір шошытты.

Мағбадтың сөздерінен соң қоразданып тұрған мүшріктердің жүндері жығылып, қорқынышқа, үрейге бой алдырды және бұрынғысынша сапарларын жалғастырып, Меккеге оралудан өзге құтылар жол көрмеді. Осыдан кейін Әбу Суфйан мұсылмандардың әскерін әрі қарай соңдарынан қуудан тоқтатамын, осылай олармен бетпе-бет келуден құтыламын деген оймен бір үркіту шарасын қарастырды. Сол жерде Әбу Суфйанның жанынан абдулқайс руының Мәдинаға бара жатқан керуені өткен болатын. Әбу Суфйан оларға: «Сендер Мұхаммедке менен бір хабар жеткізесіңдер ме? Сонда сендерге Меккеге келгендеріңде, Ғұказ жәрмеңкесінде мына түйелерің көтергенше мейіз артып беремін», – деді. Керуеншілер: «Жарайды», – деп келісе кетті. Әбу Суфйан оларға: «Мұхаммедке біздің оны және сахабаларын түп-тамырларымен жою үшін қайта шабуға бекінгеніміз туралы хабар жеткізіңдер», – деп тапсырды.

Керуеншілер Аллаһ елшісімен (с.а.с.) Хамра әл-Әсәдқа тоқтаған жерінде кездесіп, Әбу Суфйанның айтқанын жеткізді және: «Шындығында, адамдар сендерге қарсы күш жинады, олардан қорқыңдар», – деді. Бірақ олардың бұл сөздері мұсылмандардың иманын бұрынғыдан да арттыра түсті. Аллаһ тағала: **«Сондай, оларға адамдар: «Расында, адамдар сендерге қарсы** (күш) **жинады. Олардан қорқыңдар», – дегенде, бұл олардың имандарын күшейте түсіп: «Аллаһ Бізге жеткілікті, Ол – қандай жақсы Қамқоршы», – деді. Олар Аллаһтың игілігі және кеңшілігімен қайтып, оларға еш жамандық тимеді әрі олар Аллаһтың ризалығын іздеді. Аллаһ – ұлы кеңшілік иесі»**[1], – деген.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) жексенбі күні Хамра әл-Әсәдқа тоқтағаннан кейін, сол жерде үш күн – дүйсенбі, сейсенбі және сәрсенбі күндері, яғни hижраның 3-жылы шәууәл айының 9-ы мен 11-і аралығында тұрып, сонан соң Мәдинаға оралды. Пайғамбар (с.а.с.) Мәдинаға қайтуынан бұрын меккелік мүшріктердің бірі Әбу Ғизза әл-Жумахиді қолға түсірді. Әбу Ғизза Бәдір шайқасында мұсылмандардың тұтқынына түскенде, оның кедейлігі мен қыздарының көптігін есепке алған Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған жақсылық жасап, төлемсіз босатқан болатын және оның өзіне қарсы ешкімге көмектеспеуіне шарт қойған-ды. Бірақ Әбу Ғизза уәдесінде тұрмай, опасыздық жасап, жоғарыда айтылғандай, өлеңдерімен адамдарды Пайғамбарға (с.а.с.) және мұсылмандарға қарсы үгіттеді әрі өзі де мұсылмандармен соғысу үшін Ухуд жорығына шықты. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қолына түскенде, ол: «Ей, Мұхаммед! Мені кешір, маған жақсылық жаса, ал мен саған енді мұндай істі қайталамайтындығыма серт беремін», – деді. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Бұдан былай Меккеде самайларыңды сүртпейсің. Әйтпесе: «Мұхаммедті екі рет алдап соқтым», – дерсің. Мүмінді бір іннен екі рет шақпайды»***, – деді де, Зубәйрге немесе Асим ибн Сәбитке бұйрық беріп, опасызды өлтіртті.

[1] «Әлі Имран» сүресі, 173-174 аяттар.

Сондай-ақ, меккелік тыңшылардың бірі Муғауия ибн Муғира ибн Әбул-Ас та өлім жазасына кесілді. Муғауия ибн Муғира – умәуилер династиясының тұсында халифа болған Абдул-Мәлик ибн Маруанның нағашы атасы. Оның өлім жазасына кесілу себебі: Ухуд күні мүшріктер кері қайтқанда, Муғауия Мәдинаға көкесінің баласы Осман ибн Аффанға (Аллаһ оған разы болсын) келген болатын. Осман Аллаһ елшісінен (с.а.с.) ол үшін амандық сұрап, Пайғамбар (с.а.с.) оған Мәдинада үш күннен артық қалса, өлтіретіндігін айтып шарт қойып, амандық берген. Алайда Муғауия мұсылмандардың әскері қаладан Хамра әл-Әсәдқа шығып кеткен соң, құрайыштар үшін тыңшылық жасап, Мәдинада үш күннен көп уақыт жүрді де, мұсылмандар кері оралған кезде, қаладан шығып, қаша жөнелді. Бірақ Зәйд ибн Хариса мен Аммар ибн Ясир Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бұйыруымен оның соңына түсіп, құтылып кетуіне жол бермеді[1].

Хамра әл-Әсәд жорығы өз алдына дербес жасалған жорық емес, бұл жорық Ухуд шайқасына орайлас пайда болған оның бір бөлігі және тармағы ғана.

Ухуд жорығының барлық кезеңдері мен жай-жапсары – осы. Ғалымдар бұл жорықтың нәтижесіне қатысты «Мұсылмандар бұл шайқаста жеңілді ме, жоқ па?» деген мәселеде ұзақ зерттеулер жүргізген. Дегенмен, шайқастың екінші жартысында әскери басымдықтың мүшріктердің пайдасына шешілгені, олардың соғыс алаңында үстемдікке жеткені, мұсылмандар жағының кісі шығыны үлкен әрі көбірек болғаны, иман келтіргендердің бір тобының түбегейлі жеңілгені және шайқастың тізгіні меккелік әскердің қолына өткендігі даусыз. Алайда бұлардың барлығын мүшріктердің жеңісі деп бағалаудан тосатын бірнеше мәселелер бар. Бұлардың қатарында меккелік әскердің мұсылмандардың әскери қосынын басып ала алмағанын, мәдиналық әскердің бей-берекет сапырылысып, жаппай абдырауға түскеніне қарамастан, олардың үлкен бөлігінің соғыс алаңынан қашпағанын, керісінше, жауларына қайсарлықпен қарсы тұрып, басқару орнына топтасқанын, олардың түгелімен мүшріктердің қуғынына ұшырамағанын, ешқайсының кәпірлердің тұтқынына түспегенін, мүшріктердің мұсылмандардың дүние-мүліктерінен ештеңе олжалай алмағанын, кәпірлердің мұсылмандар әскери қосындарында қалса да, шайқастың үшінші кезеңіне өтпегенін, сол кездердегі жеңімпаз әскердің салтына сәйкес соғыс алаңында екі-үш, тым болмағанда бір күн де тұрмағанын, керісінше, қайтуға асығып, соғыс алаңын мұсылмандардан бұрын тастап кеткенін, Мәдина қаласы мүлдем қорғаусыз күйде жап-жақын қашықтықта жатса да, мұсылмандардың әйел-балаларын тұтқындап, мал-мүліктерін тонау үшін қалаға кіруге батылдары жетпегенін айтуға болады.

[1] Ухуд және Хамра әл-Әсәд жорықтарының деректері Ибн Һишам (2/60-129), «Сахих әл-Бұхари» мен оның түсіндірмесі «Фатх әл-Бәри» (7/345-377) және шейх Абдуллаһ ән-Нәждидің «Мухтасар сира әр-Расул» (242-257 беттер) кітаптарынан сұрыпталды, сондай-ақ керекті орындарда өзге де дерек көздері негізге алынды.

Бұл айтылғандардың барлығы құрайыштардың шайқаста қол жеткізгені олар үшін туған бір мүмкіндік қана екенін, олардың осы мүмкіндікті пайдаланып, мұсылмандарға үлкен шығын келтіргенін айғақтайды. Мүшріктер мұсылмандар әскерін қоршауға алғандарынан кейін оларды түгелімен қырып жібереміз деген мақсаттарын жүзеге асыра алмады, ал мұсылмандардікі сияқты кісі шығынына көбіне жеңімпаз әскер де ұшырап жатады. Сондықтан мүшріктердің мұндай бір сәттік мүмкіндіктерін жеңіс деп бағалауға мүлдем болмайды.

Керісінше, Әбу Суфйанның қайтуға асыққаны оның шайқастың үшінші кезеңі басталса, әскерінің жанышталуы мен жеңілуінен қорыққанын айғақтайды. Оның Хамра әл-Әсәд жорығына қалай қарағаны осы айтқанымыздың тағы бір дәлелі.

Демек, Ухуд шайқасы шешуші айқас болған жоқ. Бұл шайқаста екі жақ та табыс пен шығыннан өз үлесін алды да, соғысты тоқтатып, қоян-қолтық ұрыстан тайқып кетті. Екі жақтың ешқайсысы соғыс алаңынан қашқан жоқ және әскерінің қосынын жау қолына тастамады. Шешусіз аяқталған соғыстың мағынасы – осы.

Мұны Аллаһ тағаланың: «(Соғысқан) **елдің соңына түсуде осалдық танытпаңдар. Егер сендер күйзелетін болсаңдар, негізінде олар да сендер күйзелгендей күйзеледі. Ал сендер Аллаһтан олар үміт етпейтінді үміт етесіңдер»**[1] деген сөзі де көрсетеді. Бұл аятта Аллаһ тағала екі әскердің қиналу жағдайын бір-біріне ұқсатқан. Ал бұл екі жақтың жағдайы ұқсас болғанын, екеуі де шайқастан жеңіссіз оралғанын тұжырымдайды.

Ухуд шайқасына қатысты түскен Құран аяттары

Аллаһ тағала Ухуд шайқасының барлық маңызды кезеңдеріне жеке-жеке тоқталып, Құран аяттарын түсірді, мұсылмандарды осындай үлкен шығынға ұшыратқан себептерді түсіндірді, иман келтіргендердің кейбіреулерінде әлі де бар әлсіз тұстарды, олардың осындай шешуші жағдайлардағы міндеттеріне қатысты әлсіздіктерін және адамдарға шығарылған ең жақсы үмбет ретінде өзгелерден ерекшеленетін мұсылман үмбетінің алдына қойылған ұлы да биік мақсаттарға қатысты әлсіздіктерін ескертті.

Сол сияқты, Құран аяттары мұнафықтардың жағдайына да тоқталып, оларды әшкере етті және іштеріндегі Аллаһқа және Оның елшісіне деген дұшпандықты жайып салды. Сонымен бірге, иманы әлсіз мұсылмандардың жүректерін түрткілеген, мұнафықтар мен олардың жымысқы сыбайластары яһудилер тудырып жүрген күмәндар мен азғыруларды жойды. Тағы бір кезекте, Ухуд шайқасына қатысты даналықтар мен игі мақсаттарды нұсқады.

[1] «Ниса» сүресі, 104-аят.

Аллаһ тағала Құранда Ухуд шайқасына қатысты «Әлі Имран» сүресіндегі алпыс аятты түсірген. Бұл аяттар ұрыстың алғашқы кезеңін баяндаған **«Кезінде сен үйіңнен ерте шығып, мүміндерді соғыс орындарына орналастыруда едің»**[1] деген аятпен басталып, соңында шайқастың нәтижелері мен даналығына қатысты барлығына тарайтын ескерту жасаумен аяқталады. Аллаһ тағала: **«Аллаһ мүміндерді жаманды жақсыдан айырғанға дейін сендердің жағдайларыңда қалдырмайды. Аллаһ сендерге ғайыпты білдірмейді. Бірақ, Аллаһ елшілері арасынан Өзінің қалағанын таңдап алады. Ендеше, Аллаһқа және Оның елшілеріне иман келтіріңдер! Егер иман келтірсеңдер және тақуалық қылсаңдар, сендерге ұлы сый бар»**[2], – деген.

Ухуд шайқасына қатысты даналықтар мен игі мақсаттар

Ибн Хажар бұл тақырыпта былай деп жазған:

«Ғұламалар Ухуд оқиғасында және онда мұсылмандардың басына түскен жағдайларда пайдалы нәтижелер мен раббылық даналықтардан көптеген ұлы істер болғанын айтқан. Солардың кейбіріне тоқтала кетсек:

– мұсылмандарға бағынбаушылықтың соңы жаман болатынын және тыйымды бұзудың кесірлі аяқталатынын түсіндіру; Өйткені садақшылар Аллаһ елшісі (с.а.с.) өздеріне тапжылмауды бұйырған орындарын тастап кеткен болатын.

– әдетте, Аллаһтың елшілерінің алғашта сынаққа түсіп, соңынан табысқа жететіндігі; Мұндағы даналық: егер де пайғамбарлар әрдайым жеңе берсе, иман келтіргендердің қатарына түпкі ниеті таза емес өзге кісілер де еніп кетер еді және шыншылдар өтірікшілерден ажыратылмас еді. Ал олар әрдайым жеңіле беретін болса, пайғамбарлықтан көзделген мақсат орындалмас еді. Сондықтан даналық шыншылдардың өтірікшілерден ажыратылуы үшін жеңіліс пен жеңісті қатар жүргізуді талап етті. Мұның себебі: мұнафықтардың іштеріне бүккені мұсылмандарға беймәлім болатын. Ал Ухуд оқиғасында мұнафықтар өздерінің істері мен сөздерін әшкере еткен соң, мәселенің астары ашылды, мұсылмандар өз іштерінде де жау бар екенін біліп, олардың құйтырқылықтарына дайын жүретін, жамандықтарынан сақтанатын болды.

– кейбір орындарда жәрдемнің кешігуі нәпсіні сындырып, оның менмендігін басатындығы; Сондықтан да мүміндер сынаққа түскендерінде сабыр етті, ал мұнафықтар шыдамсыздық көрсетіп, күйгелектенді.

– Аллаһ тағаланың иман келтірген құлдарына арнап Өзінің құрмет мекенінде түрлі дәрежелер дайындағаны; Бұл дәрежелерге пенделер іс-амалдары арқылы жете алмайды, сондықтан Аллаһ тағала құлдарының осы

[1] «Әлі Имран» сүресі, 121-аят.
[2] «Әлі Имран» сүресі, 179-аят.

дәрежелерге жетуі үшін оларға сынақ пен қиындықтардың себептерін келтірді.

– Аллаһ тағаланың Өз жауларын жоюды қалағаны. Сондықтан да Аллаһ жауларына кәпірліктері, әділетсіздіктері және Аллаһқа жақын жандарды жәбірлеп, шектен шығулары себепті жойылуға лайықты болатын себептерді келтірді. Сөйтіп осы арқылы иман келтіргендердің күнәларын тазартты, ал кәпірлерді залалға ұшыратты»[1].

[1] «Фатх әл-Бәри» (7/347).

Ухуд және Ахзаб жорықтарының аралығындағы жортуылдар мен өзге елге аттандырылған адамдар

Ухудтегі қасірет мұсылмандардың атақ-абыройына кері әсер етіп, мұсылмандар өзгелердің алдында айбынынан айрылды, елдегі ішкі-сыртқы қиындықтар арта түсті, Мәдинаны жан-жақтан қауіп-қатерлер қаумалады, яһудилер мен мұнафықтар және далалық арабтар ашық дұшпандық көрсетуге кірісіп, әрқайсысы мұсылмандарға ауыз салуды ойлады, тіпті оларды жер бетінен аластап, түп-тамырларымен жойып жіберуге дәмеленді.

Ухуд шайқасынан екі ай өтпестен-ақ бәну әсәд тайпасы Мәдинаны шабуға дайындалды. Сосын һижраның 4-жылы сафар айында ғұдал және қара тайпалары бір қулық ұйымдастырып, он сахабаның өліміне себепші болды. Дәл осы айда бәну амир тайпасы да осындай қақпан құрып, жетпіс бірдей сахабаға өлім құштырды. Бұл оқиға тарихта «Биер Мағуна оқиғасы» деген атпен қалған. Осы аралықта біраздан бері дұшпандықтарын ашық жариялап жүрген бәну надир тайпасы да һижраның 4-жылы рабиғ әл-әууәл айында қулық жасап, Аллаһ елшісін (с.а.с.) өлтіруге әрекеттенді. Бәну ғатафан тайпасы да батылданып, һижраның 4-жылы жумәдә әл-улә айында Мәдинаға шабуылдауды ойлады.

Мұсылмандарды Ухуд шайқасында айбындарынан айрылуы біраз уақытқа дейін қауіп-қатерлердің нысаны етіп қойды. Алайда Пайғамбарымыздың (с.а.с.) даналығы ағыстардың арнасын басқа бағытқа бұрып, мұсылмандардың жоғалтқан айбынын қайта тіктеді, оларға жаңадан асқақтық, даңқ сыйлады. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) осы мақсатта жасаған ең алғашқы қадамы Хамра әл-Әсәдқа дейін барған, мүшріктерді қуу әрекеті еді. Осы арқылы Пайғамбар (с.а.с.) әскерінің даңқын біршама сақтап қалды және оның беделін айтарлықтай тіктеді. Бұдан кейін де Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұсылмандардың айбынын қалпына келтірген, тіпті оны арттыра түскен әрекеттер жасады. Төменде Ухуд және Ахзаб шайқастарының аралығында болған біраз оқиғаларға тоқтала кетеміз.

Әбу Сәләмәнің жортуылы

Ухуд шайқасындағы сәтсіздіктен кейін мұсылмандарға қарсы көтерілген ең бірінші жау бәну әсәд ибн хузайма тайпасы болды. Мәдиналық тыңшылар Хуайлид деген кісінің балалары Талха мен Сәләмә тайпаластары мен өздеріне бағынышты адамдарды ертіп, бәну әсәд ибн хузайма тайпасына барғанын және оларды Аллаһ елшісімен (с.а.с.) соғысуға шақырғанын жеткізген болатын.

Тыңшылардың хабарын алған Пайғамбар (с.а.с.) дереу сол жаққа муһажирлер мен ансарлардың жүз елу жауынгерінен құралған жортуылшы жасақ аттандырды және оларға Әбу Сәләмәні қолбасшы етіп тағайындап, жасақтың туын соның қолына ұстатты. Әбу Сәләмә бәну әсәд тайпасына олар жорықтарына аттанбас бұрын, қоныстарында жатқанында тұтқиылдан

шабуыл жасап, жау әскері бытырап, жан-жаққа босып кетті. Ал мұсылмандар олардың түйелері мен қойларын айдап әкетіп, Мәдинаға соғыссыз, аман-есен, олжалы күйде оралды.

Бұл жасақ һижраның 4-жылы мухаррам айы енді туғанда аттандырылған болатын. Жорықтан Әбу Сәләмә Ухуд шайқасында алған жарақаты асқынып оралды және осыдан көп кешікпей көз жұмды[1].

Абдуллаһ ибн Унәйстің тапсырмамен аттануы

Һижраның 4-жылы мухаррам айының бесінші жұлдызында тыңшылар Халид ибн Суфйан әл-Һузәлидің мұсылмандармен соғысу үшін әскер жинап жатқаны туралы хабар жеткізді. Осыдан кейін Пайғамбар (с.а.с.) бүліктің басы Халид ибн Суфйанды өлтіру үшін Абдуллаһ ибн Унәйсті жұмсады.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тапсырмасымен аттанған Абдуллаһ ибн Унәйс елден он сегіз күн жырақта жүріп, Мәдинаға мухаррам айының аяқталуына жеті күн қалғанда, сенбі күні оралды. Ол соғыс іздеп, өзіне өзі үкім шығарған Исламның жауы Халидті өлтіріп қайтқан еді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.) Абдуллаһқа бір асатаяқ беріп: ***«Бұл Қиямет күні екеуміздің арамыздағы белгі болады»,*** – деді. Кейін Абдуллаһ ибн Унәйс көз жұмарынан бұрын бұл асаны өзімен бірге кебіндерінің ішіне салуды өсиет еткен[2].

Ражиғ оқиғасы

Һижраның 4-жылы сафар айында Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ғұдал және қара тайпаларынан бір адамдар келіп, Ислам дінін қабылдағандарын айтты және

---

[1] «Сира Ибн Кәсир» (3/121).

[2] Ибн һишам (2/619-620). Абдуллаһ ибн Унәйс Пайғамбардың (с.а.с.) затының берекесін пайдалануды қалағандықтан, бұл асаны өзімен бірге кебіндерінің ішіне салуды өсиет еткен. Ән-Нәуәуи Муслимнің «Сахихына» жазған шархында (13/178) айтқандай, Пайғамбарға (с.а.с.) тиесілі заттардан (мысалы, оның киген киімдерінен, шашынан, терінен, дәрет алған ыдысында қалған судан, т.б.) береке іздеуге рұқсат етілетіндігіне ғұламалар ортақ пікірде. Бір айта кетер жайт – осындай заттардан береке іздеуде кейбір білімсіздер үшін қауіп бар. Мысалы, Абдуллаһ ибн Омар мұсылмандар Худайбияда түбінде ант берген ағашты келесі жылы оралғанда ешкімнің тани алмауын «Бұл Аллаһтың рақымшылығы еді» деп сипаттаған («Сахих әл-Бұхари», 2958-хадис). Ибн Хажар «Мұның себебі – егер де бұл ағаш белгілі болғанда, кейбір білімсіздер оны қасиетті санаудан қауіпсіз болмас еді, тіпті бұл оларды әлгі ағаштың пайда не зиян келтіретін күші бар деген сенімге де апаруы мүмкін-ді. Біз қазіргі күнде (кейбір адамдардың маңыздылығы) аталмыш ағаштан төмен заттарға қатысты осындай (сенімдерге ұрынғанын) көріп жүрміз. Ибн Омар «Бұл Аллаһтың рақымшылығы еді» деген сөзімен осыны меңзеген, яғни кейіннен бұл ағаштың мұсылмандардан жасырын күйде қалуы Аллаһтың рақымшылығы еді» деп түсіндірген («Фатх әл-Бәри», 6/118).

өздерімен бірге дін үйретететін, Құран оқытатын кісілер жіберуін сұрады. Пайғамбар (с.а.с.) олармен бірге (Ибн Исхақтың хабарында) алты, (ал әл-Бұхаридің риуаятында) он сахабаны жіберген және оларға (Ибн Исхақтың хабарында) Мәрсәд ибн Әбу Мәрсәд әл-Ғанауиді, (ал әл-Бұхаридің риуаятында) Асим ибн Омар ибн әл-Хаттабтың нағашы атасы Асим ибн Сәбитті басшы етіп тағайындаған. Сөйтіп Аллаһ елшісі (с.а.с.) ұстаздыққа таңдаған сахабалар ғұдал және қара тайпаларының адамдарымен бірге шықты. Олар hүзәйл тайпасының Ражиғ деп аталатын суына жеткенде, ғұдал мен қараның адамдары hүзәйл тайпасының бәну лихйан дейтін руынан сахабаларға қарсы көмек сұрады. Бәну лихйан руы жүзге жуық садақшылармен сахабалардың соңына түсіп, оларды қуып жетті де, қаумалап қоршап алды. Сахабалар бір төбені паналаған болатын. Мүшріктер оларға: «Егер бізге қарай түссеңдер, ешқайсыңды өлтірмеуге уәде береміз», – деді. Бірақ Асим төмен түсуден бас тартып, серіктерімен бірге олармен шайқасты және жетеуі садақ оғынан мерт болды. Сахабалардан Хубайб, Зәйд ибн Дәсинә және тағы бір кісі ғана қалды. Мүшріктер бұл үшеуіне төмен түссе өлтірмейтіндіктерін айтып тағы да уәде берді. Содан кейін үшеуі оларға қарай түсті. Бірақ олар опасыздық жасап, үш сахабаны да садақтарының жіптерімен байлап алды. Сонда аты аталмаған үшінші сахаба: *«Бұл – опасыздықтың басы»,* – деп, олармен бірге жүруден бас тартты. Мүшріктер оны сүйрелеп, өздерімен алып жүруге әрекеттенді және бұған шамалары келмеген соң, оны өлтіріп тастады. Сонан соң Хубайб пен Зәйдті апарып, меккеліктерге сатты. Хубайб пен Зәйд Бәдір күні құрайыштың басшыларын өлтірген болатын. Хубайб қолдарында біраз уақыт абақтыда жатқан соң, меккеліктер оны өлтіруге шешім қабылдап, Харам аймағының сыртына Тәнғим деген жерге алып шықты. Мүшріктер оны дар ағашқа керуге бекінгенде, Хубайб: *«Маған екі ракағат намаз оқуыма мұрсат беріңдерші»,* – деді. Мүшріктер рұқсат беріп, Хубайб екі ракағат намаз оқыды да, намазын аяқтап сәлем берген соң: *«Аллаһпен ант етейін, егер де сендер мені күйгелектеніп тұр деп айтпағандарыңда, тағы да намаз оқыр едім»,* – деді. Содан кейін ол: *«Уа, Аллаһ! Бұлардың санын есепке ал, бұларды жеке-жеке өлтір және бұлардан ешкімді қалдырма»,* – деп дұға етті. Сонан соң Хубайб өзінің ғаріп күйі мен қайғы-қасіреті үшін Аллаһқа мұң шаққан, жауларының ісіне Раббысынан төзім тілеген, кәпірлікті таңдағанша өлгені жақсы екенін, мұсылман күйінде өлсе болғаны, Аллаһ үшін қай жерде өлгеніне еш мән бермейтіндігін жариялаған және осы өлімі үшін Аллаһтың мейірімін үміт еткен жыр жолдарын ағытты.

Әбу Суфйан одан: «Мұхаммедтің біздің қолымызға түсіп, біз оның басын шауып, ал өзіңнің отбасыңмен бірге болуың сені қуантады ма?» – деп сұрады. Хубайб оның сұрағына: *«Жоқ, Аллаһпен ант етейін, Мұхаммед денесіне бір тікен кіріп қиналатын орында тұрғанда да, өзімнің отбасыммен бірге болуым мені қуантпайды»,* – деп жауап берді.

Сонан соң меккеліктер оны дар ағашқа керіп өлтіріп, оның денесін қарауылдауға адам тағайындады. Бірақ Амр ибн Умәййә әд-Дамри оның

денесін түнде ұрланып алып кетіп, жерледі. Хубайбті өлтіруді Ғұқба ибн Харис басқарды, өйткені Хубайб Бәдір күні оның әкесі Харисті жер жастандырған болатын.

«Сахих» жинағында өлтірілер алдын екі ракағат намаз оқу үрдісін ендірген алғашқы адам Хубайб екендігі айтылған. Хубайбтің тұтқында жатқанда, Меккеде кептірілген бір құрма да жоқ кезде, жүзімнің бір шағын жеп отырғанын көрген адамдар бар[1].

Ал Зәйд ибн Дәсинәні Сафуан ибн Умәййә сатып алып, әкесінің кегі үшін өлтірді.

Құрайыштар Асим ибн Сәбит мерт болған жерге оның өлгеніне көз жеткізу үшін денесінің әлдебір бөлігін әкелуге адамдарын жіберді. Асим Бәдір күні олардың үлкен басшыларының бірін өлтірген болатын. Бірақ Аллаһ тағала Асимнің денесіне бұлт тәрізді құжынаған араларды жіберіп, аралар ешкімді жолатпай, құрайыштың адамдары оның денесінің ешқандай бөлігін ала алмай қайтты. Асим тірі кезінде Аллаһқа өзінің денесіне ешбір мүшріктің жанаспайтынына әрі өзінің де ешбір мүшрікке жанаспайтындығына серт берген болатын. Онымен болған жағдайды естігенде, Омар: *«Аллаһ мүмін пендені тірі кезінде сақтайтынындай өлгенінен кейін де сақтайды»*, – деген[2].

Мағуна құдығы оқиғасы

Ражиғ оқиғасы болған дәл осы айда тарихта «Мағуна құдығы оқиғасы» деген атпен жазылған тағы бір қайғылы оқиға болды. Бұл оқиға Ражиғ оқиғасынан да ауыр әрі жантүршігерлік еді.

Бұл оқиғаның тоқетер баяны: «Найзаларды ойнатушы» деген атпен танымал Әбу Бара Амир ибн Мәлик есімді кісі Мәдинаға Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келген болатын. Пайғамбар (с.а.с.) оны Исламды қабылдауға шақырды, бірақ Әбу Бара Исламды қабылдауға келісімін де бермеді және одан ат-тонын да ала қашпады. Сонан соң ол: «Уа, Аллаһтың елшісі! Егер де сахабаларыңды Нәждтің тұрғындарына оларды дініңе шақыру үшін жіберсең, олардың шақыруыңды қабыл алуын үміт етемін», – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Мен нәждтіктердің оларға жамандық жасауынан қорқамын»***, – деді. Әбу Бара: «Мен оларды қорғаныма аламын», – деп сендірді. Сөйтіп Пайғамбар (с.а.с.) онымен бірге Нәжд жұртына жетпіс сахабаны жіберіп, оларға бәну сағида руының тумасы «өлуі үшін азат етілген» деген атпен танылған Мунзир ибн Амр есімді кісіні басшы етіп тағайындады. Нәжд еліне аттанған сахабалар ең жақсы, артықшылыққа ие, кемеңгер, Құранды жетік білетін мұсылмандардың қатарында еді. Олар

[1] Осындай жоқшылықта жүзімді Хубайбке Аллаһтың Өзі жіберген.
[2] Ибн Һишам (2/169), «Сахих әл-Бұхари» (2/568-569, 585).

жолда күндіз отын жинап, соны сатып, Суффада[1] тұратындарға азық алатын, бірге отырып Құран үйренетін, ал түнде намаз оқитын. Содан олар «Мағуна құдығы» деп аталатын, бәну амир тайпасы мен бәну суләйм тайпасының тастақты алқабы арасында орналасқан жерге барып аялдап, сол жерден Умму Суләймнің бауыры Харам ибн Малханді Аллаһ елшісінің (с.а.с.) хатын Аллаһтың жауы Амир ибн Туфайлге тапсыруы үшін жіберді. Амир ибн Туфайл хатқа көз де салмастан, бір кісіге бұйрық беріп, ол кісі Харам ибн Малханді арқа тұсынан найзамен түйреп өлтірді. Денесін найза тесіп өтіп, қан шапшығанын көрген Харам: *«Аллаһ Ұлы! Қағбаның Раббысымен ант етейін, мен табысқа жеттім»*, – деді.

Аллаһтың жауы артынша бәну амир тайпасын сахабалардың қалғанымен соғысуға шақырды, бірақ олар сахабалардың Әбу Бараның қорғанында болғаны үшін Ибн Туфайлдің ұсынысымен келіспеді. Сонан соң Ибн Туфайл бәну суләйм тайпасын үгіттеді де, оны ғұсайға, риғл және зәкуан рулары қолдады. Күш біріктірген кәпірлер келіп, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сахабаларын қоршап алды. Сахабалар олармен түгелдей қырылғанша шайқасты. Тек Кағб ибн Зәйд ибн Нажжар ғана ауыр жараланып, өлтірілгендердің арасынан аман қалған және Хандақ шайқасына дейін өмір сүріп, сол шайқаста жау қолынан мерт болған.

Амр ибн Умәййә әд-Дамри мен Мунзир ибн Ғұқба ибн Амир есімді екі сахаба мұсылмандардың малын жайып келе жатқан болатын. Шайқас болған орынның төбесінде құстардың айналсоқтап жүргенін байқаған екеуі сол жерге келіп, жолдастарының қырылып қалғанын көрді. Мунзир дереу көлігінен түсіп, жолдастарымен бірге мерт болғанына дейін мүшріктермен шайқасты. Ал Амр ибн Умәййә әд-Дамри жау қолына тұтқынға түсті. Амир ибн Туфайлдің анасы құл азат етуге ант ішкен болатын. Тұтқынның мудар тайпасының тумасы екенін білген Ибн Туфайл оның маңдай шашын кесіп, анасының анты үшін босатып жіберді.

Содан Амр ибн Умәййә әд-Дамри Аллаһ елшісіне (с.а.с.) мұсылмандардың ең таңдаулыларынан жетпіс бірдей сахабаның өлтірілгені туралы қабырғаны қайыстырар қайғылы хабарды арқалап қайтты. Бұл үлкен қасірет Ухудтегі қасірет салған, әлі жазыла қоймаған жараның аузын тырнады, бірақ айырмашылығы Ухудтегілер ашық соғыста қаза тапса, Мағуна құдығындағылар сұм опасыздықпен өлтірілді.

Амр ибн Умәййә жолда Қанат жазығының басындағы Қарқара деген жерге жеткенде, бір ағаштың саясына тоқтаған болатын. Сол жерде бәну киләб тайпасының екі кісісі келіп, оның қасына аялдады. Әлгі екеуі ұйықтаған соң, Амр қиянатпен қырылған жолдастарының кегін қайтарамын деп ойлап, екеуін де өлтіріп тастады. Кейіннен бұл екеуі Аллаһ елшісімен (с.а.с.) келісім жасасқан адамдар болып шықты, Амр бұл туралы білмеген болатын. Ол Мәдинаға оралып, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) өзінің жолда не

[1] Мұнда Пайғамбарымыздың (с.а.с.) кезінде баспанасы жоқ кедей мұсылмандар тұрған мешіт ауласындағы бастырма жатақ туралы айтылған.

істегенін хабарлағанда, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Шындығында, сен мен олар үшін құн төлейтін екі адамды өлтіріпсің»***, – деді. Сөйтіп мұсылмандардан және одақтас яһудилерден Амр өлтірген адамдардың құн төлемін жинауға кірісті[1]. Келесі тақырыптарда баяндалатын бәну надир жорығына себеп болған осы жағдай еді.

Пайғамбар (с.а.с.) бас-аяғы бірнеше күндердің ішінде Мағуна құдығы және Ражиғ оқиғалары әкелген қасіреттерге қатты күйзелді, қайғыға батып, мазасыздыққа түсті[2]. Тіпті Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларына опасыздық, айуандық жасаған әлгі адамдар мен тайпаларға қарсы дұғаға берілді. «Сахих» жинағында Әнәстің: *«Пайғамбар (с.а.с.) отыз күн бойы таңертең Мағуна құдығында сахабаларын өлтіргендерге қарсы дұға жасады, таң намазында риғл, зәкуан, лихйан және ғусаййа* (руларына) *қарсы дұға ететін және:* ***«Ғусаййа Аллаһқа және Оның елшісіне қарсы шықты»***, *– дейтін. Сонда Аллаһ тағала Пайғамбарына: «Қауымымызға жеткізіңдер, біз Раббымызға жолықтық та, Ол бізге разы болды әрі біз де Оған разы болдық» деген уахи түсірді. Біз мұны кейіннен мансұқ болғанына дейін Құран аяты ретінде оқитынбыз. Осыдан соң Аллаһ елшісі (с.а.с.)* (әлгілерге қарсы) *дұға жасауын тоқтатты»*, – дегені риуаят етілген[3].

Бәну надир жорығы

Алдыңғы тақырыптарда яһудилердің Ислам діні мен мұсылмандарға деген ызадан өртенердей болып жүргені айтылған болатын. Бірақ олар ашық соғысқа бармастан, астыртын құйтырқылықтар ұйымдастырып жүрген-ді. Яһудилер мұсылмандар мен өздерінің арасында келісімдер болғанына қарамастан, кектері мен дұшпандықтарын ашық жариялайтын және тікелей соғысқа бармағанымен, мұсылмандарға зиян тигізу үшін түрлі айла-амалдар жасайтын. Олар бәну қайнуқағ тайпасымен болған оқиғадан кейін және басшыларының бірі Кағб ибн Ашраф өлтірілгеннен соң, өз бастары үшін қорқып, тынышталған, әрекетсіздік пен үнсіздік жолын ұстанған күйге көшкен-ді. Бірақ Ухуд шайқасынан кейін яһудилердің батылдықтары артып, дұшпандықтары мен опасыздықтарын ашық көрсете бастады, мұнафықтармен және меккелік мүшріктермен астыртын байланыс жасауға әрі оларға мұсылмандарға қарсы көмектесуге кірісті[4].

---

[1] Қ.: Ибн Һишам (2/183-188), «Сахих әл-Бұхари» (2/584, 586).

[2] Ибн Сағд Әнәстің: *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әлдебіреуге Мағуна құдығында мерт болғандарға қиналғанындай қиналғанын көрген емеспін»*, – дегенін риуаят еткен (2/54).

[3] «Сахих әл-Бұхари» (2/586-588).

[4] Бұл айтылғандар Әбу Дауд «Надирдің хабары» деп аталатын тарауда риуаят еткен хадистерден алынды (3/116-117). Әбу Даудтің «Сунәнінің» түсіндірмесі «Аун әл-Маъбуд» кітабын қараңыз.

Пайғамбар (с.а.с.) яһудилердің қылықтарына сабыр етіп жүрді. Ражиғ және Мағуна құдығы оқиғаларынан кейін яһудилердің батылдықтары тағы да артып, мақсаты Пайғамбарды (с.а.с.) өлтіруге бағытталған келесі бір астыртын әрекеттерін ұйымдастырды.

Пайғамбар (с.а.с.) бір топ сахабаларымен яһудилерге барып, олардан Амр ибн Умәййә әд-Дамри өлтірген екі киләбтіктің құнын төлеуге көмектесулерін сұраған болатын. Арадағы келісімнің шарттарына сәйкес бұл олардың міндетіне кіретін. Яһудилер: «Жарайды, ей, Әбул-Қасим! Шарауаңды шешкенімізше мына жерде отыра тұр», – деді. Пайғамбар (с.а.с.) олардың үйлерінің бірінің қабырғасына таяу жайғасып, уәделерін орындауларын күтіп отырды. Әбу Бәкір, Омар, Әли және бір топ сахабалары оның жанына жайғасты.

Яһудилер өздері оңаша қалған кезде, шайтан оларды өздерінің тағдырындағы бақытсыздыққа себеп болған қылмысқа итермеледі. Сөйтіп олар Пайғамбарды (с.а.с.) өлтіруге келісіп: «Қайсың мына диірмен тасты алып, төбеге шығып, оны қақ айыру үшін Мұхаммедтің басына тастайды?» – деді. Сонда олардың ең сорлысы Амр ибн Жуххаш сұранып: «Мен», – деді. Сәләм ибн Мишкәм оларға: «Бұлай жасамаңдар. Аллаһпен ант етейін, ол міндетті түрде сендер ой қылған істен хабар алады. Расында, бұл олармен түзген келісімді бұзу ғой!» – деп тайпаластарын бұдан қайтаруға тырысты. Бірақ олар бәрібір ойға алған жоспарларын іске асыруға шешім қабылдады.

Сол сәтте Пайғамбарымызға (с.а.с.) Раббысының алдынан Жәбірейіл періште түсіп, яһудилердің ойларына алған ісін хабарлады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) дереу орнынан көтеріліп, Мәдинаға бет алды. Бірге барған сахабалары оны қуып жетіп: *«Сенің орныңнан тұрып кеткеніңді байқамай да қалыппыз»,* – деді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) оларға яһудилер ойларына алған жоспарды хабарлады.

Содан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мұхаммед ибн Мәсләмәні бәну надир тайпасына жіберіп, оларға: ***«Мәдинадан шығып кетіп, бұл жерді мекендемеңдер. Сендерге он күн уақыт беремін»*** деп шарт қойды. Яһудилер қаладан шығып кетуден өзге амал таппай, бірнеше күн бойы көшуге әзірлік жасады. Сол кезде мұнафықтардың басшысы Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлул: «Қоныстарыңнан шықпаңдар. Расында, менімен бірге қамалдарыңа кіріп, сендер үшін жанын қиюға дайын екі мың кісі бар. Сондай-ақ құрайза тайпасы мен ғатафан тайпасындағы одақтастарың да сендерге жәрдемдеседі» деп хабар жолдады. Бұл туралы Аллаһ тағала: **«Мұнафық болғандарды көрмедің бе? Олар кітап иелері қатарындағы кәпір болған бауырларына: «Егер сендер шығарылсаңдар, онда біз де міндетті түрде сендермен бірге шығамыз. Сендерге қатысты ешкімге ешқашан бағынбаймыз. Егер сендермен соғысса, әлбетте сендерге жәрдем береміз», – деп айтады. Олардың нағыз өтірікші екеніне Аллаһ куәлік береді»**[1], – деген.

[1] «Хашр» сүресі, 11-аят.

Осыдан кейін яһудилердің сенімдері күшейіп, мұсылмандармен соғысуға шешім қабылдады, ал олардың көсемі Хаййай ибн Ахтаб мұнафық Ибн Убәйдің айтқанына дәме артып, Аллаһ елшісіне (с.а.с.): «Біз қонысымыздан шықпаймыз. Ойыңа келгенді істей бер» деп хабар жіберді.

Бұл жағдай мұсылмандарды қиындыққа душар етті, өйткені олар өз тарихтарындағы осындай қысылтаяң уақытта жауларымен қоян-қолтық соғысқа барса, оның соңы қалай аяқталары белгісіз еді. Бұл кезеңде бүкіл арабтар мұсылмандарға қарсы құтырынып, олардың елшілерін жан шошырлық опасыздықпен жайратып жатқан болатын. Бұған қоса, бәну надир яһудилері әжептеуір күшке ие болғандықтан, олардың мұсылмандарға беріле қоюы екіталай еді әрі олармен соғысу көптеген қиындықтар әкелуі мүмкін-ді. Алайда Мағуна құдығы қасіреті мен одан бұрынғы оқиғалардан кейінгі ушыққан жағдай топ-тобымен және жеке-жеке қиянаттар мен опасыздық әрекеттеріне ұшырап жатқан мұсылмандардың ызалануларын арттыра түсті, осындай әрекеттерге барған адамдарға кектенулерін еселеп күшейтіп жіберді. Сондықтан да мұсылмандар нәтижесі қалай аяқталарына қарамастан, өздерінің сүйікті пайғамбарын (с.а.с.) опасыздықпен өлтіруді ойлаған бәну надир яһудилерімен соғысуға шешім қабылдады.

Хаййай ибн Ахтабтың жауабын естіген Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен оның сахабалары тәкбір айтты. Сөйтіп олар бәну надир тайпасына соғысқа аттанды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдина халқына басшылық жасауға Ибн Умму Мәктумді қалдырды. Жорықта мұсылмандардың туы Әли ибн Әбу Талибтің қолында болды. Мұсылман әскерін көрген бәну надир яһудилері қамалдарын паналап, жебе атып, тас лақтыра бастады. Ал мұсылмандар оларды айнала қоршауға алды.

Яһудилердің құрма ағаштары мен өзге де бақтары олардың қорғанысына көмектесіп тұрған-ды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл ағаштарды кесіп, өртеуді бұйырды. Бұл жайлы Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ақыны Хассан ибн Сәбит:

«Бәну луәйдің мырзаларына[1] *оңай болды*

әл-Буайрада[2] *жайылған өрт»,* – деп жырлаған.

Аллаһ тағала осыған қатысты: **«Сендер** (жаудың құрмаларынан) **бірер құрма ағашын кессеңдер де, не оларды өз тамырларында тұрған күйінде қалдырсаңдар да,** (бұл) **Аллаһтың рұқсатымен әрі бойсұнбаушыларды қорлау үшін»**[3] деген аятын түсірген.

Құрайза тайпасы бәну надирден бойын аулақ салып, Абдуллаһ ибн Убәй мен ғатафан тайпасындағы одақтастары оларға қиянат жасап кетті, олардың ешқайсысы бәну надир яһудилеріне бірер пайдасын тигізуге немесе оларды қорғауға әрекет те жасамады. Сондықтан да Аллаһ тағала бұларды: «(Олар)

[1] Хассан «бәну луәйдің мырзалары» деп Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен оның жанындағы құрайыштарды меңзеген.

[2] Буайра – бәну надир тайпасына тиесілі құрма ағаштарының атауы.

[3] «Хашр» сүресі, 5-аят.

адамға: «кәпір бол» деп, ол кәпір болған кезде: «Негізінде, менің саған қатысым жоқ» дейтін шайтанға ұқсайды»[1]**,** – деп сипаттаған.

Көп ұзамай бәну надир тайпасы алты күн қоршауда жатқан соң[2], Аллаһ тағала олардың жүректеріне үрей ұялатып, соғысамыз деп жұлқынған яһудилер жүндері жығылып, қаруларын тастап, берілуге дайындалды. Сөйтіп олар Аллаһ елшісіне (с.а.с.): «Біз Мәдинадан шығып кетеміз» деп хабар жіберді. Пайғамбар (с.а.с.) оларға әйел, бала-шағаларын және түйелері көтергенше қару-жарақтан басқа дүние-мүліктерін алып, Мәдинадан шығып кетуге рұқсат берді. Яһудилер де осыған келісті.

Осыдан кейін яһудилер есіктері мен терезелерін әкету үшін үйлерін де бұзды, тіпті кейбіреулері үйлерінің тіреулері мен тосындарына шейін алды. Содан кейін олар әйелдері мен балаларын алып, жүктерін алты жүз түйеге тиеп, көпшілігі Хайбарға жол тартты. Хайбарға көшкендердің ішінде яһудилердің Хаййай ибн Ахтаб және Сәләм ибн Әбул-Хуқайқ сияқты басшылары болды. Ал олардың бір тобы Шам еліне босты. Бәну надир тайпасынан Ямин ибн Амр және Әбу Сағд ибн Уаһб есімді екі кісі Исламды қабылдап, бұл екеуінің дүние-мүлкі өздеріне қалдырылды.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) бәну надир тайпасы яһудилерін сүргін қылған соң, олардың қару-жарақтарын, жерлері мен қоныстарын және көптеген дүние-мүліктерін олжалады. Олжаға түскен қару-жарақтардың ішінде елу сауыт, елу дулыға, үш жүз қырық қылыш болды.

Бәну надир тайпасының олжасы түгелдей Аллаһ елшісіне (с.а.с.) тиесілі болып, бұл оның өзі қажет деп тапқан орындарға жұмсауы үшін арналды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бұл олжаларды хумс (беске бөлу) жолымен бөліске салған жоқ. Өйткені Аллаһ тағала бұларды Өз елшісіне соғыссыз олжалап берді, оны мұсылмандар ат-түйелерімен атой салып олжалаған жоқ. Аллаһ елшісі (с.а.с.) өз еркіне берілген бұл олжаларды алғашқылардың қатарында қоныс аударған муһажирлерге бөлді, ал ансарлардан Әбу Дужана мен Сәһл ибн Ханифке ғана, екеуінің кедейліктерін ескеріп, үлес ажыратты. Пайғамбар (с.а.с.) осы мүліктен әйелдерінің бір жылдық қаражатын шығаратын және қалғанын Аллаһ жолындағы күреске қару-жарақ және мініс көліктерін алуға жұмсайтын.

Бәну надир жорығы һижраның 4-жылы рабиғ әл-әууәл айында (миләди 625-жылдың тамызында) жасалды. Аллаһ тағала бұл жорыққа қатысты Құранның толықтай бір сүресін – «Хашр» сүресін түсірді. Сүреде Аллаһ тағала яһудилердің қуылуын баяндады, мұнафықтардың әрекетін әшкереледі, Пайғамбарға (с.а.с.) ғана тиесілі олжаның үкімдерін түсіндірді, муһажирлер мен ансарларды мақтады, жау жерінде соғысқа пайдасы тиетін болса, ағаштарды кесуге және өртеуге рұқсат етілетінін, мұның жер бетінде бүлдірушілікке жатпайтындығын хабарлады, мүміндерге тақуалықты

[1] «Хашр» сүресі, 16-аят.

[2] Кейбір деректерде олардың он бес күн қоршауда болғаны айтылған.

ұстануды, Ақырет өміріне дайындалуды өсиет етті. Соңында сүрені Өзін дәріптеумен және көркем есімдері мен сипаттарын түсіндірумен аяқтады.

Ибн Аббас «Хашр» сүресі туралы: *«Оны «Надир сүресі» деп ата»,* – дейтін[1].

Бәну надир жорығы туралы Ибн Исхақ және жалпы «Сира» кітаптарының иелері жеткізген хабарлардың тұжырымдамасы – осы. Ал Әбу Дауд, Абдур-Раззақ және басқалар бұл жорықтың өзге бір себебін риуаят еткен. Аталмыш риуаятқа сүйенсек, Бәдір шайқасынан кейін құрайыштың кәпірлері яһудилерге: «Шындығында, сендердің қару-жарақтарың мен қамалдарың бар. Енді сендер біздің жауымызбен соғысасыңдар немесе біз былай-былай жасаймыз, біздің сендердің әйелдеріңнің аяқтарындағы әшекейлеріне жетуімізге ештеңе кедергі бола алмайды», – деп хат жолдаған. Құрайыштардың хаты яһудилерге жеткенде, бәну надир тайпасы опасыздық жасауға шешім қабылдап, Пайғамбарға (с.а.с.): «Бізге сахабаларыңнан отыз кісіні ертіп кел, біз де отыз ғалымымызды ертіп шығамыз, пәлен орында кездесіп, арамыздағыны талқылаймыз. Ғалымдарымыз сенің айтқандарыңды тыңдасын, егер олар сені растап, саған иман келтірсе, барлығымыз иман келтіреміз», – деп кісі жіберді.

Пайғамбар (с.а.с.) яһудилердің ұсынысын қабыл алып, жанына отыз сахабасын ертіп шықты, яһудилер де онымен кездесуге отыз ғалымын жіберді. Екі жақ бір ашық алаңқайда кездескенде, яһудилер бір-біріне: «Жанында барлығы одан бұрын өлуді қалайтын отыз бірдей сахабасы тұрғанда, оған қалай жетпексіңдер?! Оған: «Біз алпысымыз тұрып, бір-бірімізді қалай түсінеміз? Сен қасыңа үш сахабаңды ертіп шық, бізден де саған үш ғалымымыз шығады. Үшеуі сенің айтқандарыңды тыңдасын, егер олар саған иман келтірсе, барлығымыз иман келтіреміз және сенің пайғамбар екендігіңе сенеміз» деп адам жіберіңдер», – десті. Мұнымен Пайғамбар (с.а.с.) да келісіп, жанына үш сахабасын ертіп шықты, ал яһудилер қанжарларын желбегейлерінің ішіне жасырып алып шығып, Аллаһ елшісін (с.а.с.) қастандықпен өлтірмек болды. Бәну надир тайпасындағы бір адал әйел бауырының ұлына адам жіберіп, тайпаластарының Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қастандық жасау ойларын хабарлаған еді. Оның бауыры ансарлардың ішіндегі мұсылман болатын, сол кісі тез шығып, Аллаһ елшісін (с.а.с.) яһудилермен кездесуінен бұрын қуып жетті де, олардың ойға алған істерін құпиялап айтты. Осыдан соң Пайғамбар (с.а.с.) яһудилермен кездеспей қайтып кетті.

Ертесіне таңертең Аллаһ елшісі (с.а.с.) жасақтарымен барып, бәну надир тайпасын қоршауға алды және оларға: ***«Сендер менімен бір келісімге келсеңдер ғана аман қаласыңдар»,*** – деді. Бірақ яһудилер келісім жасасудан бас тартты. Сол күні Пайғамбар (с.а.с.) мұсылмандармен бірге олармен шайқасты. Оның ертесіне таңертең бәну надир тайпасын тастап, аттарымен және жауынгерлерімен яһудилердің бәну құрайза тайпасына барып, оларды

[1] Ибн Һишам (2/190-192), «Сахих әл-Бұхари» (2/574-575).

өзімен келісімге келуге шақырды. Бәну құрайза тайпасы онымен келісім жасасты да, Пайғамбар (с.а.с.) кері қайтты. Содан кейін ертемен жауынгерлерін ертіп, бәну надир тайпасына оралып, олармен шайқасты. Соңында бәну надир яһудилері түйелері көтергенше қару-жарақтан өзге дүние-мүліктерін алып, Мәдинаны тастап кетуге келісті. Сөйтіп бәну надир тайпасы түйелері көтерерлік бұйымдарын және үйлерінің есіктері мен ағаштарын тиеуге кірісіп, үйлерін бұзып, қиратты және жарамды ағаштарын түйелеріне артты. Олардың бұл сүргіні адамдардың Шам еліне алғашқы айдалуы болды[1].

Екінші Бәдір жорығы

Ухуд шайқасынан соң бір жыл өтіп, құрайыштармен келіскен уәделі мерзім таяғанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен оның сахабалары Әбу Суфйан бастаған құрайыштармен кездесіп, арадағы соғыстың диірмен тасын тағы бір айналдырып, екі жақтың тура жолдағысы әрі жер бетінде қалуға лайықтысы жеңіске жетуі үшін Бәдірге шығуға дайындалды.

Сөйтіп һижраның 4-жылы шағбан айында (миләди 626-жылдың қаңтарында) Аллаһ елшісі (с.а.с.) уәделі келісім бойынша мұсылмандардың мың бес жүз жауынгерін бастап шықты. Әскердің құрамында он аттылы сарбаз болды. Қосынның туын Әли ибн Әбу Талиб ұстады. Пайғамбар (с.а.с.) Мәдина халқына басшылық жасауға Абдуллаһ ибн Рауаханы қалдырды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Бәдірге барып, мүшріктерді күтті.

Өз кезегінде Әбу Суфйан да меккелік екі мың мүшрікті бастап шықты. Олардың әскерінде елу аттылы сарбаз жүрді. Мүшріктер Меккеден бір ат шалдырым қашықтағы Мәрр әз-Заһран дейтін жерге жетіп, сол жақтағы Мәжәннә деп аталатын суға тоқтады.

Мұсылмандармен соғыстың қалай аяқталарын білмей, ойы сан-саққа жүгірген Әбу Суфйан Меккеден енжар тартып, үрейге бой алдырып, мысы басылып шыққан болатын. Мәрр әз-Заһранға тоқтағандарында, мүлдем сағы сынған ол кері қайтудың амалын қарастырып, серіктеріне: «Уа, құрайыштар қауымы! Негізінде, сендердің соғысуларыңа малдарыңды ағаштарға жайып, сүтін ішетін өнімді жыл ғана тура келеді. Ал биыл – құрғақшылық жылы. Сондықтан мен кері қайтамын, сендер де қайтыңдар», – деді.

Әскері де өзі сияқты қорқынышқа беріліп, мысы басылып келе жатқан болса керек, мүшріктер Әбу Суфйанның ұсынысына еш қарсылық білдірмей, ешқайсысы жорықты жалғастырып, мұсылмандармен кездесуге табандамай, барлығы кері қайтты.

Ал жауларын күткен мұсылмандар Бәдірде сегіз күн тұрды және өздерімен ала шыққан тауарларын сатып, бірге-бір пайда көрді. Содан кейін

[1] «Мусаннаф Абдур-Раззақ» (5/358-360), «Сунән Әбу Дауд» (Салық, фай олжасы және басшылық кітабы, Надирдің хабары туралы тарау, 2/154).

олар үстемдіктің тізгінін қолдарына қайта алып, өзгелердің алдында айбындары асып, жеңімпаз күйде Мәдинаға оралды.

Бұл жорық «Уәделі Бәдір», «Екінші Бәдір», «Соңғы Бәдір», «Кіші Бәдір» деген аттармен танылған[1].

Думат әл-Жәндәл жорығы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Бәдірден қайтқан соң, аймақта тыныштық пен бейбітшілік орнап, Ислам мемлекеті жайбарақат, кең тыныстауға көшті. Осыдан кейін Пайғамбар (с.а.с.) мұсылмандардың толықтай үстемдікке ие болуы әрі мұны жақтастары да, жаулары да мойындауы үшін арабтардың шалғай аймақтарына бет бұруға мүмкіндік алды.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) кіші Бәдірден Мәдинада оралғаннан кейін алты айдан соң, Шам елінің маңындағы Думат әл-Жәндәл дейтін жердің төңірегіндегі тайпалардың өз аймақтарында жол кесіп, қарақшылық жасап, маңдарынан өткендерді тонаумен айналысатындығы және олардың Мәдинаны шабу үшін үлкен әскер жинағаны туралы хабар алды. Осыдан соң Пайғамбар (с.а.с.) Мәдина жұртына Сибағ ибн Ғұрфута әл-Ғифариді басшылыққа қалдырып, һижраның 5-жылы рабиғ әл-әууәл айының аяқталуына бес күн қалғанда мұсылмандардың мың жауынгерін бастап жорыққа шықты және бәну ғұзра тайпасынан Мәзкур есімді кісіні жол көрсетуші етіп алды.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әскері жауларына тұтқиылдан шабуыл жасау үшін күндіз бой тасалап, түнделете жүріп отырды. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мыңдығы жақындағанда, жау әскері іздерін суытып кеткен екен. Мұсылмандар олардың малдарын шауып, малшыларының біразын өлтірді, ал біразы қашып құтылды.

Мұсылмандардың әскерін көрген Думат әл-Жәндәлдің тұрғындары жан-жаққа бытырап, қаша жөнелді. Олардың жерлеріне кірген мұсылмандар ешкімді кездестірмеді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) сол жерде бірнеше күн тұрды және әскерін топ-топқа бөліп, төңірекке шолғыншы жасақтар жібергенімен, олардың ешбірі қолға түспеді. Содан кейін Пайғамбар (с.а.с.) Мәдинаға қайтты. Осы жорықта Аллаһ елшісі (с.а.с.) ғатафан тайпасының басшысы Ғұйайна ибн Хиснмен келісім түзді.

Думат әл-Жәндәл – Шам елінің жоғарғы жақтарындағы танымал мекен, оны мен Дамаскінің арасы бес күндік жол, бұл жер Мәдина қаласынан он бес күндік қашықтықта орналасқан.

Осындай кесімді, дер кезінде атқарылған батыл әрекеттердің арқасында әрі осындай нақты да дана жоспарлардың көмегімен Аллаһ елшісі (с.а.с.) аймақта тыныштық пен бейбітшілік орнатуда зор табысқа жетті. Осылай Пайғамбар (с.а.с.) үстемдікке ие болды, күндердің ағымын мұсылмандардың пайдасына бұрды, мұсылмандардың бастарына түскен, оларды жан-жақтан

[1] Қ.: Ибн Һишам 2/209-210).

қаумалаған ішкі-сыртқы қиындықтарды едәуір жеңілдетті. Осыдан кейін мұнафықтар ауыздарын жауып, тынышталды, яһудилердің білдей бір тайпасы қаладан қуылды, ал қалғаны көршілік міндеттері мен келісімдерінің шарттарын орындайтын сыңай танытты, далалық арабтар мен бәдәуилердің мыстары басылды, құрайыш мүшріктері мұсылмандарға шабуылдаудан тыйылды, осының арқасында мұсылмандар діндерін таратуға және әлемдердің Раббысының жолдауларын жеткізуге мүмкіндік алды.

АХЗАБ ЖОРЫҒЫ

Ухуд шайқасынан соң бір жылдан көбірек уақытқа созылған кішігірім қақтығыстар мен төңіректегі тайпаларға елшілер жіберуден кейін, Араб жазирасында бір ауық тыныштық, бейбітшілік орнады. Әйтсе де, опасыздықтары мен қиянаттарының, астыртын әрекеттері мен жымысқылықтарының салдарынан қорлық пен төмендіктің түрлі дәмін татқан яһудилер сонда да адасушылықтарынан естерін жимады, тынышталмады, опасыздықтары мен жымысқылықтарының салдарынан көргендерінен сабақ алмады. Яһудилер Хайбарға қуылғандарынан кейін мұсылмандар мен пұтқа табынушылардың арасындағы қақтығыстарды бақылап, мұсылмандардың жеңілуін күтіп жүрді. Алайда жағдайлардың барысы мұсылмандардың пайдасына шешіліп, күн өткен сайын олардың билігі жайылып, үстемдіктері бекіген кезде, яһудилер күйіктен өртеніп сала берді.

Осыдан кейін яһудилер қайтадан мұсылмандарға қарсы астыртын әрекеттер ұйымдастыруға кірісті және мұсылмандарға жойқын соққы беру үшін соғысқа қажетті жарақтарын қамдай бастады, алайда мұсылмандармен тікелей соғысуға өздерінің батылдары жетпеген соң, айлакер яһудилер осы мақсаттарын жүзеге асыру үшін үлкен жоспар түзді.

Сөйтіп яһудилердің көсемдері мен бәну надир тайпасының басшыларынан жиырма кісі Меккеге құрайыштарға барып, оларды Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қарсы жорық жасауға үгіттеді, өздерінің оларға жақтасатындарына, көмектесетіндіктеріне уәде етті. Мұсылмандармен Бәдірде кездесу туралы уәделерінде тұрмай, жаман атқа қалған құрайыштар мұны атақ-абыройлары мен жақсы аттарын сақтап қалуға туған мүмкіндік деп санап, яһудилердің ұсынысымен келісті.

Содан кейін яһудилердің өкілдері ғатафан тайпасына барып, оларды да Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қарсы соғысқа үгіттеді. Осылай яһудилердің көсемдері мен басшылары Пайғамбар (с.а.с.) мен мұсылмандарға қарсы кәпірлердің біріккен күштерін топтастырды.

Артынша оңтүстіктен Әбу Суфйан бастаған құрайыш пен кинәнә тайпаларынан және олардың тиһамалық одақтастарынан құралған төрт мың қол жойқын жорыққа аттанды. Оларға Мәрр әз-Заһран дейтін жерде бәну суләйм тайпасы қосылды. Ал шығыстан ғатафан тайпалары атқа қонды. Олардың құрамында Ғуйайна ибн Хисн бастаған бәну фазара руы, Харис ибн Ауф бастаған бәну мурра руы, Мисғар ибн Рухайла бастаған бәну әшжағ руы болды. Сондай-ақ бұл жорыққа бәну әсәд және басқа тайпалар да шықты.

Сөйтіп кәпірлердің біріккен күштері ортақ келісімдері бойынша барлығы Мәдинаны бетке алып қозғалды.

Бірнеше күндерден кейін Мәдина қаласының айналасына жалпы саны он мың жауынгерді құрайтын қарақұрым әскер жиналды. Бұл әскердің саны

сол кездегі Мәдинаның әйелдер мен балаларды және жастар мен қарттарды қосқандағы санынан да көп болуы мүмкін.

Егер де кәпірлердің бұл біріккен күштері, құрама әскері Мәдинаның қорғандарына күтпеген жерден, тұтқиылдан келгенде, мұсылмандардың өміріне бәрінен үлкен қауіп төндірер еді, тіпті оларды түп-тамырларымен, тайлы-тұяқтарымен жойып жіберуі де мүмкін еді. Бірақ Мәдинадағы басшылық жағдайларды бақылап, тексеріп, аңысын бағамдап, сергек отырған-ды. Жау әскерлері орындарынан қозғала салып-ақ мәдиналық тыңшылар ондағы басшылыққа осы бір қатерлі жорықты хабарлап үлгерді.

Осыдан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) дереу жоғарғы кеңес мәжілісін өткізіп, ел ордасын қорғау жоспарын талқылады. Мұсылмандардың басшылары мен кеңес мүшелерінің пікір алысуларынан кейін барлығы көрнекті сахаба Салман әл-Фарисидің (Аллаһ оған разы болсын) ұсынған шешіміне тоқтады. Салман: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Негізінде, біз Парсы жерінде жүргеніміздe, қоршауға алынар болсақ, жауды бөгейтін ор қазатынбыз»*, – деп ұсыныс тастаған болатын. Шын мәнінде де, бұл бұған дейін арабтар білмеген дана жоспар еді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл жоспарды тезірек іске асыруға кірісіп, әрбір он кісіге қырық білектен ор қазуды жүктеді.

Мұсылмандар жоспарланған орды жігерлене, құлшыныспен қазуға кірісті. Ал Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардың бойына қайрат-жігер құйды және ор қазу жұмысына өзі де атсалысты. Әл-Бұхари жеткізген хадисте Сәһл ибн Сағд: *«Мұсылмандар ор қазып жатқанда, біз Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге болдық. Біз топырақты иықтарымызға арқалап тасыдық. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.):*

«Уа, Аллаһ! Ақырет өмірінен өзге өмір жоқ,

Муһажирлер мен ансарларды кешір»*, – деді»*, – деген[1].

Тағы бір хадисте Әнәстің: *«Суық таңда Аллаһ елшісі (с.а.с.) муһажирлер мен ансарлар қазып жатқан орға шықты. Олардың мұны істейтін құлдары жоқ еді.* (Пайғамбар (с.а.с.)) *олардың шаршап, қарындары ашқанын көріп:*

«Уа, Аллаһ! Расында, өмір – Ақырет өмірі,

Ансарлар мен муһажирлерді кешір»*, – деді. Сонда олар оған жауап қайтарып:*

«Біз Мұхаммедке ант бергендерміз

Жиһад жасауға, тірі тұрғанымызда», – деп айтты», – дегені риуаят етілген[2].

Ал Бара ибн Азиб: *«Мен* (Аллаһ елшісінің (с.а.с.)) *ордың топырағын тасып жүргенін көрдім. Тіпті шаңнан оның ішінің терісі көрінбей қалды.* (Пайғамбардың (с.а.с.) кеудесінің) *жүні қалың болатын. Мен оның топырақ таси жүріп, Ибн Рауаханың өлеңдерін оқып:*

«Уа, Аллаһ! Егер де Сен бізді тура жолға салмағанда,

[1] «Сахих әл-Бұхари» (Хандақ жорығы туралы тарау, 2/588).
[2] «Сахих әл-Бұхари» (2/588).

садақа бермес едік, намаз оқымас едік.
Бізге тыныштық түсір,
(жауға) ***бетпе-бет келсек, қадамдарымызды орнықтыр.***
Расында, олар бізге дұшпандық жасады,
егер олар ылаң салуды қаласа, біз берілмеспіз»*, – деп жүргенін естідім.* (Пайғамбар (с.а.с.)) *өлеңнің соңын оқығанда даусын созатын»*, – деген[1].

Мұсылмандар бауырларын түтіп жіберерлік қатты аштықтан қиналғандарына қарамастан, осындай құлшыныспен еңбектенді. Әнәстің: *«*(Ор қазып жатқандарға) *бір қос уыс арпа әкелініп, ескіргендіктен дәмі өзгерген май қосылып ас дайындалатын да, тамақты қырнайтын жағымсыз, ащы әрі сасық исі бар* (бұл ас) *ашыққан адамдардың алдына қойылатын»*, – дегені келтірілген[2].

Әбу Талха: *«Біз Аллаһ елшісіне (с.а.с.) аштықтан шағымдандық және ішімізді ашып көрсеттік,* (әрқайсымыз ішімізге) *бір-бір тастан* (байлап алған болатынбыз). *Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.) де* (ішін ашып, өзінің) *екі тас* (байлап алғанын) *көрсетті»*, – деген[3].

Ор қазу кезінде пайғамбарлықтың белгілерінен бірнеше мұғжизалар бой көрсетті. Жәбир ибн Абдуллаһ Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қатты ашығып жүргенін көріп, үйіндегі қозысын сойды, ал әйелі бір сағ арпа талқандады. Содан кейін Жәбир Пайғамбарға (с.а.с.) барып, өзгелерге естіртпей құпиялап, одан бірнеше[4] адаммен бірге үйіне келуін өтінді. Ал Аллаһ елшісі (с.а.с.) оның үйіне ор қазып жатқандардың барлығын ертіп барды. Олар мың кісі еді, барлығы сол тамақтан тоя жеп, қалдырып кетті. Олар қайтқан кезде, қазандағы ет сол күйінде қайнап тұрды, ал қамырдан бұрынғысынша нан пісіріліп жатты[5].

Нұғман ибн Бәширдің әпкесі әкесі мен нағашысы түстенуі үшін ор басына бір уыс кептірілген құрма әкеле жатқанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.) жанынан өткен одан құрманы сұрап, оны жайылған киімнің үстіне шашты да, ор қазушыларды шақырды. Ор қазушылардың барлығы келіп, одан жеуге кірісті, ал құрмалар көбейе берді. Тіпті ор қазушылар тойынып қайтқанда, құрмалар киімнің шеттерінен төгіліп жатты[6].

Әл-Бұхари «Сахихында» бұдан да үлкен мұғжизаны риуаят еткен. Жәбир: *«Хандақ күні біз ор қазып жатқанымызда, қатты жер қыртысына тап болдық та,* (адамдар) *Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «*(Бізге) *ор ішінен мынадай жер қыртысы кездесті», – деді.* (Пайғамбар (с.а.с.)): ***«Мен түсейін»****, – деді де, орнынан тұрды. Ол ішіне тас байлап алған болатын,*

[1] «Сахих әл-Бұхари» (2/589).
[2] «Сахих әл-Бұхари» (2/588).
[3] Хадисті әт-Тирмизи риуаят еткен («Мишкәт әл-масабих», 2/448). Құрсақты қысып тұрған тас аштық азабын бәсеңдететін.
[4] Мұнда үш пен онның арасындағы адам саны (нафар) айтылған.
[5] Мұны әл-Бұхари риуаят еткен (2/588-589).
[6] Ибн Һишам (2/218).

біз үш күн бойы нәр татпаған едік. Пайғамбар (с.а.с.) қайланы алып, жер қыртысын бір ұрған еді, ол сусыған құмша шашылып кетті», – деген[1].

Ал Бараның: *«Хандақ күні біз ордың бір жерінде қайла сындыра алмайтын үлкен тасқа кезіктік те, бұл үшін Аллаһ елшісіне (с.а.с.) шағымдандық.* (Пайғамбар (с.а.с.)) *келіп, қайланы алып:* ***«Бисмилләһ!»*** *– деді де,* (тасты) *бір ұрды және:* ***«Аллаһу әкбар! Маған Шам елінің кілттері берілді. Аллаһпен ант етейін, ақиқатында, мен қазір оның қызыл сарайларын көріп тұрмын»****, – деді. Сонан соң* (Пайғамбар (с.а.с.)) *екінші рет ұрып,* (тастың) *тағы бір бөлігін сындырды да:* ***«Аллаһу әкбар! Маған Парсы жері берілді. Аллаһпен ант етейін, ақиқатында, мен қазір Мәдәиннің ақ сарайын көріп тұрмын»****, – деді. Содан кейін үшінші рет ұрып:* ***«Бисмилләһ!»*** *– деді және тастың қалған бөлігін сындырды да:* ***«Аллаһу әкбар! Маған Йеменнің кілттері берілді. Аллаһпен ант етейін, ақиқатында, мен осы орнымда Санғаның қақпаларын көріп тұрмын»****, – деді»*, – дегені келтірілген[2].

Дәл осындай хадисті Ибн Исхақ та Салман әл-Фарисиден риуаят еткен[3].

Мәдина қаласының солтүстігінен басқа жақтарының барлығын тастақты жерлер мен таулар және құрма бақтары қоршап жатқан болатын. Пайғамбар (с.а.с.) осындай қалың әскердің қалаға солтүстік тараптан ғана еніп, шабуылдай алатындығын білгендіктен, жау әскерін бөгейтін орды осы тараптан қаздырды.

Мұсылмандар ор қазу жұмысын жалғастырып жатты, олар күні бойы ор қазып, отбасыларына кешке қайтатын. Ақыры келісілген жоспардағы ор пұтқа табынушылардың қарақұрым әскері Мәдинаның қорғандарына бастырып келуден бұрын қазылып бітті[4].

Құрайыштар төрт мың қолымен келіп, Рума деп аталатын жердегі сел сулары жиналатын орынға тоқтады. Ал ғатафан тайпалары мен оларға еріп шыққан Нәжд тұрғындары алты мың жауынгерімен Ухуд тауының жанындағы Нақама деген мекеннің етегіне ат шалдырды.

Аллаһ тағала мүміндердің осы кездегі жағдайын баяндап: **«Мүміндер одақтастарды көргенде: «Бұл Аллаһтың және Оның елшісінің бізге уәде еткені. Аллаһ және Оның елшісі шындықты айтты», – деді. Әрі бұл олардың иманы мен бойсұнуын ғана арттырды»**[5], – деген.

Ал мұнафықтар мен иманы әлсіз мұсылмандар бұл әскерді көргенде, жүректері шайқатылды. Бұл туралы Аллаһ тағала: **«Сол кезде мұнафықтар**

---

[1] «Сахих әл-Бұхари» (2/588).

[2] Хадисті Ахмад «Муснәдында» және ән-Нәсәи «Сунән» кітабында сахабалардың бірінен басқаша мәтінмен келтірген.

[3] Ибн Һишам (2/219).

[4] Ибн Һишам (3/330-331).

[5] «Ахзаб» сүресі, 22-аят.

мен жүректерінде дерті барлар: «Аллаһ және Оның елшісінің бізге уәде еткені алдаумен дәмелендіру ғана екен», – деп айтуда еді»[1], – деген.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұсылмандардың үш мың қолымен шығып, арқаларын Салғ тауына қаратып, қамал құрып тұрды, ал олар мен кәпірлердің арасын қазулы ор бөліп жатты. Қарақұрым әскердің алдында қасқая тұрған мұсылмандар: *«Ха. Мим*[2]*. Оларға жәрдем берілмейді»*, – деп ұрандатты. Пайғамбар (с.а.с.) Мәдина халқына Ибн Умму Мәктумді басшы етіп қалдырды және әйелдер мен жас балаларды Мәдинадағы қамалдарға орналастыруды бұйырды.

Мұсылмандарға шабуыл жасап, қалаға басып кіруді қалаған мүшріктер өткел бермес кең орға кездесіп, мұсылмандарды қоршауға алумен шектелуге мәжбүр болды. Олар елдерінен шыққанда, мұндайға кезігеміз деп күтпеген-ді, мұндайды мүлдем есепке алмаған болатын. Бұл ор, олардың өздері айтқандай, арабтардың тәжірибесінде кездеспеген айла болды.

Ашуға мінген мүшріктер ордың өтуге болатын осал тұсын іздеп, шарқ ұрып айнала бастады. Ал мұсылмандар жауларының қимылын бағып, оларды орға жақындатпау және төменге түсірмеу үшін немесе өтетін жол жасау мақсатында ордың ішіне топырақ тастамаулары үшін жебелермен атқылап тұрды.

Құрайыштың аттылылары ордың маңында қоршаудың нәтижесін күтіп әрекетсіз тұруға төзе алмады. Өйткені бұл олардың табиғатына жат еді. Сондықтан олардың арасында Амр ибн Абду-уд, Икрима ибн Әбу Жәһл, Дирар ибн Хаттаб және т.б. бар бір тобы ордың тарлау тұсын тауып, аттарын ордың ішіне салды. Орға түскен олардың аттары ор мен Салғ тауының арасындағы сортаңда ойқастап жүрді. Әли ибн Әбу Талиб бірнеше мұсылмандармен барып, ордың мүшріктер аттарын салған тұсының қарсы бетін жапты. Олардан Амр ибн Абду-уд жекпе-жек талап етті. Онымен жекпе-жекке Әли шығып, оның шамына тиіп, намысын қоздырған бір сөз айтты. Амр мүшріктердің батырларының бірі еді. Ол атынан секіріп түсті де, атының аяғын шауып, маңдайынан бір ұрды. Содан кейін Амр Әлиге ұмтылып, екеуі қиян-кескі шайқасқа түсті. Екеуінің арасындағы шайқас Әлидің жеңісімен аяқталып, мүшрік жер жастанды. Қалған мүшріктер кері шегініп, ордан шығып қаша жөнелді. Олардың зәре-құты ұшқаны соншалық, Амрден айрылған Икрима ордың ішінде найзасын қалдырып кетті.

Кейбір күндері мүшріктер ордан өтуге талпынып немесе ордан өтетін жол төсеу үшін мейлінше әрекет жасап көрді. Бірақ мұсылмандар шебер айқасып, оларды жебелермен атып, барлық әрекеттерін нәтижесіз қалдырды.

Осындай сұрапыл айқастан босамағандықтан, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен мұсылмандар намаздарының кейбірін өткізіп алды. «Екі Сахихта» келген

---

[1] «Ахзаб» сүресі, 12-аят.

[2] Құранның бірнеше сүресі осы әріптермен – «Ха. Мим.» деп басталады. Оның мағынасы Аллаһқа ғана аян.

хадисте Жәбир ибн Абдуллаһ: *«Хандақ күні Омар ибн әл-Хаттаб құрайыш кәпірлерін тілдей бастады. Сосын: «Уа, Аллаһтың елшісі! Аллаһпен ант етейін, күн батуға шақ қалғанда аср* (намазын) *әрең оқып үлгердім», – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Аллаһпен ант етейін, мен оны оқымаппын»**, – деді. Сөйтіп біз Бутханға[1] түстік, Аллаһ елшісі (с.а.с.) дәрет алды, біз де дәрет алдық. Сосын Аллаһ елшісі (с.а.с.) күн батқаннан кейін аср намазын оқыды да, артынан ақшамды оқыды»*, – деген[2].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл намазды өткізіп алғанына қапаланғаны соншалық, осы үшін мүшріктерге қарсы дұға жасады. Әл-Бұхари Әлиден жеткізген хадисте Пайғамбардың (с.а.с.) Хандақ күні: ***«Олар бізді күн батқанша ортаңғы намаздан тосқандай, Аллаһ олардың үйлері мен қабірлерін отқа толтырсын!»*** – дегені риуаят етілген[3].

Ахмад пен әш-Шафиғидің «Муснәдтарында» мүшріктердің Аллаһ елшісін (с.а.с.) бесін, аср, ақшам және құптан намаздарынан тосқаны, кейіннен Пайғамбар (с.а.с.) бұл намаздардың барлығын жинап оқығаны риуаят етілген. Имам ән-Нәуәуи: «Бұл риуаяттарды «Хандақ шайқасы бірнеше күнге жалғасқандықтан, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) аср намазын өткізіп алуы бір күнде, ал төрт намаздан бірдей тосылғаны басқа бір күні орын алған» деп үйлестіру керек», – деген[4].

Жоғарыда айтылғандардан мүшріктердің ордан өтуге әрекет жасауы мен мұсылмандардың тынымсыз қарсылығы бірнеше күнге жалғасқаны жайлы тұжырым туады. Алайда екі әскердің арасын ор бөліп тұрғандықтан, орталарында қоян-қолтық соғыс, қанды шайқас жүрмеген, тек екі жақ бірін-бірі садақпен атқылаумен шектелген.

Осы атыста екі әскерден саусақпен санарлық бірнеше кісі, мұсылмандардан алты, мүшріктерден он адам қаза тапты, тек мүшріктердің бір-екеуі ғана мұсылмандардың қылышынан жер құшты.

Осы атыста құрайыштардан Хиббан ибн Арика есімді бір кісінің жебесі Сағд ибн Муғазға (Аллаһ оған разы болсын) қадалып, күре тамырын кесіп жіберді. Сонда Сағд: *«Уа, Аллаһ! Ақиқатында, Сен мен үшін Өзіңнің жолыңда елшіңді өтірікші санаған әрі оны елінен қуған адамдармен шайқасудан сүйікті ештеңе жоқтығын білесің. Уа, Аллаһ! Шындығында, мен Сені біз бен олардың арасындағы соғысты тоқтатты деп ойлаймын. Егер құрайыштардың соғысынан бірдеңе қалған болса, мені Өзіңнің жолыңда олармен шайқасуым үшін қалдыр. Ал егер* (олармен арадағы) *соғысты тоқтатқан болсаң, онда жарақатымды ашып, менің өлімімді содан ет»*, – деп дұға жасады[5]. Әрі дұғасының соңында: *«Бірақ бәну*

[1] Мәдина маңындағы жазық.
[2] «Сахих әл-Бұхари» (2/590).
[3] «Сахих әл-Бұхари» (2/590).
[4] Ән-Нәуәуидің Муслимнің «Сахихына» жазған түсіндірмесін қараңыз (1/227).
[5] «Сахих әл-Бұхари» (3/591).

құрайзадан (өш алынған) *қуанышты сәтті көргеніме дейін мені өлтірме»*, – деді[1].

Мұсылмандар майдан шебінде осындай қиындықтарға қарсы тұрып жатқанда, сұрқия абжыландар оларға уларын жіберуді қалап, індерінде дөңбекшуде еді. Бәну надир тайпасы күнәкарларының үлкені Хаййай ибн Ахтаб бәну құрайзаның қоныстарына барып, осы тайпаның басшысы әрі олардың келісімдерін жүргізушісі Кағб ибн Әсәд әл-Құразимен жолықпақ болды. Алдыңғы тақырыптарда айтылғандай, Кағб Аллаһ елшісімен (с.а.с.) соғыс бола қалса, оған жәрдем беруге келісім түзген-ді. Үйіне келіп, есігін қаққан Хаййайға Кағб есігін ашпай қойды. Бірақ Хаййай оны ұзақ үгіттеп, ақыры есігін аштырды. Хаййай оған: «Ей, Кағб! Шындығында, мен саған дәуірдің айбынын және шалқар теңіз алып келдім. Мен саған құрайыштың басшылары мен мырзаларын әкеліп, Румадағы сел сулары жиналатын орынға түсірдім. Сондай-ақ ғатафанның басшылары мен мырзаларын да әкеліп, Ухуд тауының жанындағы Нақаманың етегіне түсірдім. Олар Мұхаммед пен оның жанындағыларды түп-тамырларымен жойғанымызға дейін бұл жерден кетпеуге келісімдері мен анттарын берді», – деді.

Кағб Хаййайдың мұнысына: «Аллаһпен ант етейін, сен маған дәуірдің қорлығы мен суын төгіп, ештеңесі қалмаған, тек күркіреп, найзағай атып тұрған құрғақ бұлтты алып келдің. Сорың құрысын, ей, Хаййай! Мені өз бетіме қалдыр. Шындығында, мен Мұхаммедтен шыншылдық пен адалдықтан өзге ештеңе көрмедім», – деді.

Бірақ Хаййай Кағбті айналдыруын қоймастан, оған: «Егер құрайыш пен ғатафан Мұхаммедке ештеңе жасай алмай қайтса, мен не болса да сенімен бірге көру үшін сенің қамалыңа кіремін», – деп, Аллаһтың алдында уәдесін, сертін берді. Сөйтіп Кағб ибн Әсәд мұсылмандармен арадағы келісімін бұзып, одан бас тартты да, мүшріктермен бірге мұсылмандарға қарсы соғысуға қосылды[2].

Іс жүзінде де, бәну құрайза яһудилері соғыс әрекеттеріне барды. Ибн Исхақ хабарлағандай, Сафия бинт Абдулмутталиб Хассан ибн Сәбиттің қамалының төбесінде болатын. Хассан онда әйелдермен және балалармен бірге еді. Сафия: *«Бір яһуди біздің жанымыздан өтіп, қамалды айнала бастады. Бәну құрайза соғысуға көшіпті және өздері мен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) арасындағы келісімді үзіпті. Бізді олардан қорғайтын ешкім жоқ, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен мұсылмандар жауларының алдында тұр, егер бізге біреу-міреу келер болса, жауларының алдынан кете алмайды»*, – деді. Сафияның өзі: *«Мен: «Ей, Хассан! Шындығында, мына яһуди, көріп тұрғаныңдай, қамалды айналып жүр. Аллаһпен ант етейін, мен оның артымыздағы яһудилерге біздің қорғаусыз екенімізді жеткізуінен қауіптенемін. Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен оның сахабаларының бізге қарауға мұршасы жоқ. Сондықтан сен оған қарай түсіп, оны өлтір», – дедім.*

[1] Ибн Һишам (3/337).
[2] Ибн Һишам (2/220-221).

Хассан: «Аллаһпен ант етейін, шындығында, сен менің мұндайға дәрменсіз екендігімді білесің ғой», – деді. Сөйтіп мен белімді буып, қолыма бір тіреуді алдым да, қамалдан яһудиге қарай түстім және оны тіреумен ұрып өлтірдім. Сонан соң қамалға оралып: «Ей, Хассан! Анаған түсіп, үстіндегілерін ал. Мен оның үстіндегілерді еркек болғандығынан ала алмадым», – дедім. Бірақ Хассан: «Оның үстіндегілердің маған қажеті жоқ», – деді», – деп әңгімелеген[1].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) үлкен әпкесінің бұл ерлігі мұсылмандардың балалары мен әйелдерінің амандығына зор ықпал жасады. Сірә, яһудилер бұл қамалдарды әскерлер қорғап тұр деп ойлаған болуы керек, екінші рет мұндай әрекет жасауға жүректері дауаламады. Негізінде, бұл қамалдарда соғысуға дәрменді ешбір жауынгер жоқ-ты. Осыдан кейін яһудилер тікелей соғысқа араласпағандарымен, мұсылмандарға қарсы шығып, пұтқа табынушыларға қосылғандықтарының іс жүзіндегі айғағы ретінде олардың әскерін азық-түлікпен қамтамасыз етуге кірісті. Бір жолы мұсылмандар олардың пұтқа табынушыларға жіберген жиырма бураға артылған азық-түліктерін қолға түсірді.

Бәну құрайза тайпасының келісімді бұзғандары жайлы хабар Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен мұсылмандарға жетіп, Пайғамбар (с.а.с.) құрайзалықтардың жағдайын анықтап, оған қарсы қажетті шара қолдану үшін бұл хабардың анық-қанығына көз жеткізуге асықты. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оны анықтау үшін екі Сағдты: Сағд ибн Муғаз бен Сағд ибн Ғұбаданы, Абдуллаһ ибн Рауаха және Хауат ибн Жубәйрлерді жіберіп, оларға: ***«Барып, бұл адамдар туралы бізге жеткен хабар рас па екен, жоқ па, соны анықтаңдар. Егер рас болса, адамдардың сақтарын сындырмау үшін оны мен түсінетіндей етіп астарлап жеткізіңдер. Ал егер адалдықта болса, оны барлық адамдарға жариялаңдар»***, – деп тапсырды. Яһудилерге таяп барған барлаушылар олардың жағдайының әбден ушығып тұрғанын көрді. Яһудилер оларды балағаттап, дұшпандықтарын ашық жариялады және Аллаһ елшісіне (с.а.с.) де тіл тигізіп: «Аллаһ елшісі кім екен?! Біз бен Мұхаммедтің арасында ешқандай келісім де, байлам да жоқ», – деді. Барлаушылар олардың алдынан кетіп, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келгенде, астарлай: *«Ғұдал мен қара»*, – деп, яһудилердің ғұдал және қара тайпалары Ражиғ құдығындағыларға опасыздық жасағандай, келісімді бұзып, опасыздық жасағандарын жеткізді.

Барлаушылардың шындықты жасыруға тырысқандарына қарамастан, мұсылмандар істің мән-жайын аңдап, олардың алдында қорқынышты қатердің сұлбасы көрінді.

Бұл мұсылмандар үшін ең қиын жағдай болды. Өйткені екі ортада мұсылмандарды арқа тұстарынан құрайзалықтардың соққы беруінен

[1] Ибн Һишам (2/228). Хафиз Ибн Хажар имам Ахмадтың бұл хабарды Абдуллаһ ибн Зубәйрден «күшті» иснадпен жеткізгендігін айтқан (қ.: «Фатх әл-Бәри» (6/285), Олжаларды беске бөлудің міндеттілігі туралы кітап, 18-тарау).

қорғайтын ештеңе жоқ-ты. Мұсылмандардың алдында өздері тастап кете алмайтын қарақұрым әскер тұрды, ал олардың балалары мен әйелдері мүлдем қорғаусыз күйде әлгі опасыздарға жақын маңда қалды. Сол кезде мұсылмандар Аллаһ тағала: **«Сол кезде олар сендерге жоғарғы жақтарыңнан және төменгі жақтарыңнан келген еді. Сол кезде көздер алақтап, жүректер алқымға жетіп, Аллаһ жайында түрлі ойларға барған едіңдер. Сол жерде иман келтіргендер сынаққа алынды және олар қатты шайқатылды»**[1], – деп айтқандай халге түсті.

Кейбір мұнафықтардың екіжүзділігі бас көтеріп: «Мұхаммед бізге Кисра мен Византия императорының қазыналарын пайдаланатымызды уәде етуші еді. Ал біз бүгінде әжетімізге барсақ та, өзімізді қауіпсіз сезінбейтін болдық», – деді. Ал мұсылмандардың кейбірі тайпаластарының бір тобымен Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп: *«Шындығында, біздің үйлеріміз жаудан қорғаусыз қалды, біздің кетуімізге рұқсат ет, үйімізге оралайық, өйткені біздің үйлеріміз Мәдинаның сыртқы жағында»,* – деп сұранды. Тіпті бәну сәлимә руы майдан шебін тастап кетуді ойлады. Бұлар туралы Аллаһ тағала: **«Сол кезде мұнафықтар мен жүректерінде дерті барлар: «Аллаһ және Оның елшісінің бізге уәде еткені алдаумен дәмелендіру ғана екен», – деп айтуда еді. Сол кезде олардың бір тобы: «Ей, Ясриб тұрғындары! Сендер төтеп тұра алмайсыңдар! Сондықтан кері қайтыңдар!» – деді. Олардың бір тобы** (үйлеріне) **жау шабуы қаупі болмаса да: «Үйлеріміз жау шабуылы қаупінде тұр» деп, Пайғамбардан сұрануда еді. Негізінде, олар қашуды ғана қалаған болатын»**[2], – деген аяттарын түсірген.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) құрайзалықтардың опасыздық жасағаны туралы хабарды естігенде, киімін бетіне жауып, ұзақ жатты, ал адамдарға бұл сынақ ауыр тиді. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.): ***«Аллаһу әкбар! Аллаһтың жеңісі мен жәрдеміне қуаныңдар, ей, мұсылмандар!»*** – деп орнынан көтерілді де, осы қысылтаяң жағдайға қарсы тұрарлық жоспар түзуге кірісті. Осы жоспардың бір бөлігі ретінде Мәдинаға ондағы балалар мен әйелдерге қастандықпен шабуыл жасалмауы үшін күзетшілер жасағын жіберіп отырды. Дегенмен, одақтастарды күйретететін бір кесімді батыл шара керек-ақ еді. Пайғамбар (с.а.с.) осы мақсатты жүзеге асыру үшін ғатафан тайпасының басшылары Ғұйайна ибн Хисн және Харис ибн Ауфпен, оларға тайпаластарын алып кетулері үшін Мәдинаның құрма өнімінің үштен бірін беру шартымен келісімге келуді қалады. Сонда мұсылмандар осыған дейін өздерінің күші мен тегеурінінің шамасын бірнеше рет байқап көрген құрайыштармен жеке қалып, оларды дереу жойқын жеңіліске ұшыратар еді. Пайғамбар (с.а.с.) бұл үшін екі Сағдпен ақылдасты. Бірақ екеуі: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Егер мұны саған Аллаһ бұйырған болса, онда тыңдаймыз және бойсұнамыз. Ал егер бұл өзің біз үшін жасағың келген іс болса, оның бізге қажеті жоқ. Бұрын біз де, мына адамдар да Аллаһқа серік қосумен*

[1] «Ахзаб» сүресі, 10-11 аяттар.
[2] «Ахзаб» сүресі, 12-13 аяттар.

және пұт құдайларға табынумен жүрген кезде де, бұлар қонақасы ретінде немесе сатып алып болмаса, Мәдинаның құрмаларының біреуін де жеуге дәмеленбейтін. Енді Аллаһ бізді Исламмен құрметтеп, онымен жүргізіп әрі өзің арқылы айбынымызды асырғаннан кейін, оларға дүние-мүліктерімізді беріп қоямыз ба? Аллаһпен ант етейік, оларға қылыштан өзге ештеңе бермейміз», – деді. Пайғамбар (с.а.с.) екеуінің ойын құптап: ***«Негізінде, бұл арабтардың сендерге бір садақтан оқ атқанын көргенімнен соң, сендер үшін жасағым келген іс еді»***, – деді.

Көп ұзамай Аллаһ тағала, Оған мақтау болсын, Өз тарабынан жауды күйреткен, олардың топтарын жеңіліске ұшыратқан, беттерін қайтарған бір іс жасады. Аллаһ тағала осы үшін дайындағандардың бірі, ғатафан тайпасынан Нұғайм ибн Масғуд ибн Амир әл-Әшжәғи есімді кісі, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Мен Исламды қабылдадым, ал тайпаластарым менің Исламды қабылдағанымды білмейді. Маған қалағаныңды бұйыр»*, – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған: ***«Сен бір ғана кісісің ғой. Бірақ шаманқ келгенше, оларды көмексіз қалдыруға тырыс. Өйткені, соғыс – алдау»***, – деді. Нұғайм дереу жәһилият кезіндегі тамырлары бәну құрайза тайпасына барып, олардың ортасына кірді және оларға: *«Шындығында, сендер менің өздеріңе деген сүйіспеншілігімді әрі арамыздағы айрықша қатынасты білесіңдер»*, – деді. Олар: «Рас айтасың», – деді. Нұғайм: *«Негізінде, құрайыштардың жағдайы сендердікіндей емес. Бұл қала – сендердің қалаларың, онда сендердің дүние-мүліктерің және балаларың мен әйелдерің бар. Сендер бұл жерден өзге жаққа кете алмайсыңдар, құрайыш пен ғатафан Мұхаммедпен және оның сахабаларымен соғысуға келді, сендер бұларға оған қарсы көмектестіңдер, ал олардың елдері және дүние-мүліктері мен әйелдері басқа жақта. Егер олар мүмкіндік тапса, оны пайдаланады, әйтпесе, сендерді де, Мұхаммедті де қалдырып, елдеріне қайтады. Сонда Мұхаммед сендерден өш алады»*, – деді. Яһудилер: «Енді не істейміз, ей, Нұғайм?» – деп шулады. Нұғайм оларға: *«Олар сендерге кепілге адамдар бергенге дейін олармен бірге соғыспаңдар»*, – деп кеңес берді. Яһудилер Нұғаймға: «Сен дұрыс кеңес бердің», – деді.

Сонан соң Нұғайм сол бетімен құрайыштарға барып: *«Сендер менің өздеріңе деген сүйіспеншілігімді әрі адалдығымды білесіңдер»*, – деді. Олар: «Әрине», – деді. Нұғайм оларға: *«Шындығында, яһудилер өздерінің Мұхаммедпен және оның сахабаларымен түзген келісімдерін бұзғанына өкініп отыр. Енді олар Мұхаммедке өздерінің сендерден кепілге адамдар алып, оған тапсыратындарын, бұдан кейін оған сендерге қарсы жақтасатындықтарын хабарлап хат жолдады. Сондықтан, олар сендерден кепілге адамдар сұраса, бермеңдер»*, – деді. Артынша ғатафан тайпасына барып, оларға да осындай сөздер айтты.

Һижраның 5-жылы шәууәл айының сенбі түні құрайыштар мен ғатафандықтар яһудилерге: «Біз тұрғылықты жерімізде емеспіз, мініс көліктеріміз бен малдарымыз қырылды. Енді Мұхаммедпен соғысу үшін

бізбен бірге шығыңдар» деп адам жіберді. Ал яһудилер оларға: «Бүгін – сенбі күні. Сендер бізден бұрынғылардың оның тыйымын бұзған кезде, нендей жағдайға ұшырағанын жақсы білесіңдер. Оның үстіне, сендер бізге кепілге адамдар жібермейінше, біз сендермен бірге соғыспаймыз» деп хабар жолдады. Яһудилердің осыны жеткізген елшілері келгенде, құрайыштар мен ғатафандықтар: «Аллаһпен ант етейік, Нұғайм сендерге рас айтыпты», – деді. Сөйтіп олар яһудилерге: «Аллаһпен ант етейік, біз сендерге ешкімді жібермейміз. Мұхаммедпен соғысу үшін бізбен бірге шығыңдар» деп адам жіберді. Сонда құрайзалықтар: «Аллаһпен ант етейік, Нұғайм сендерге рас айтыпты», – деді. Осылай олар бір-біріне көмектесулерін тоқтатты және қатарларында бөлінушілік пайда болып, жігерлері жасыды.

Мұсылмандар Аллаһ тағалаға жалбарынып: *«Уа, Аллаһ! Айыптарымызды жасыр және қорқыныштарымызды бас»*, – деп дұға жасауда еді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) де кәпірлердің одақтастарына қарсы: ***«Уа, Аллаһ! Кітапты түсіруші, есепті тез алушы! Одақтастарды күйрет. Уа, Аллаһ! Оларды күйрет және шайқалт»***, – деп дұға жасады[1].

Аллаһ тағала Өзінің елшісі мен мұсылмандардың дұғасын қабыл етіп, мүшріктердің қатарында бөлінушілік пайда болып, бір-біріне көмектесуден бас тартқандарынан кейін, оларға қарсы дауылдан әскер жіберді. Бұл дауыл олардың шатырларын құлатып, қазандарының барлығын төңкеріп, шатырларын бекіткен арқандарының бәрін жұлып тастады, олар ешбір орында байыз тауып тұра алмады. Сондай-ақ Аллаһ тағала оларды шайқалтатын, жүректеріне қорқыныш пен үрей салатын періштелер әскерін де жіберді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) осы бір қатты суық түнде сахабасы Хузайфа ибн Яманды жау әскерінің хабарын біліп келуі үшін жіберді. Хузайфа барып, олардың әбден абыржып, қайтуға дайындалып жатқандарын көрді. Сөйтіп ол Аллаһ елшісіне (с.а.с.) оралып, мүшріктердің қайтып бара жатқандығын хабарлады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) таңертең оянғанда, Аллаһ тағала жауды ештеңеге жете алмай, ызаланған күйлерінде кері қайтарған еді. Аллаһ тағала пайғамбарын олардың соғысынан құтқарып, уәдесін растады, Өзінің әскерін үстемдікке жеткізді, пендесіне жәрдем берді және одақтастарды жалғыз Өзі жеңіліске ұшыратты. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) Мәдинаға оралды.

Пікірлердің ең дұрысы, Хандақ жорығы һижраның 5-жылы шәууәл айында басталған және мүшріктер Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен мұсылмандарды бір ай немесе бір айға жуық уақыт қоршауда ұстаған. Осы туралы дерек көздерін үйлестіре отырып, «қоршауға алу шәууәл айында басталып, зул-қағда айында аяқталған» деп түюге болады. Ибн Сағд Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Хандақтан сәрсенбі күні, зул-қағда айының аяқталуына жеті күн қалғанда қайтқандығын жеткізген.

Ахзаб шайқасында екі жаққа да үлкен шығындар келген жоқ. Негізінде, бұл жүйкені жұқартқан психологиялық шайқас болды. Оның барысында

[1] «Сахих әл-Бұхари» (Жиһад кітабы, 1/411, Жорықтар кітабы, 2/590).

кескілескен ұрыс жүрмеді. Дегенмен, бұл мүшріктерді күйреткен ең шешуші шайқастардың бірі болды. Бұл шайқас арабтардың ешбір күші Мәдина қаласында дамып келе жатқан кішкентай күшті ешқашан жоя алмайтындығын аңдатты. Өйткені арабтардың бұдан кейін осы жолғы одақтастардікіндей күшті қолды біріктіруі екіталай еді. Сондықтан да Пайғамбар (с.а.с.) Аллаһ тағала одақтастарды қуғаннан кейін: ***«Енді олар бізге емес, біз оларға жорық жасаймыз, енді біз оларға қарай жол тартамыз»***, – деген[1].

[1] «Сахих әл-Бұхари» (2/590).

БӘНУ ҚҰРАЙЗА ЖОРЫҒЫ

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хандақтан Мәдинаға оралған күні оған күн ортадан ауғанда Жәбірейіл (оған Аллаһтың сәлемі болсын) келді. Пайғамбар (с.а.с.) әйелі Умму Сәләмәнің үйінде жуынып жатқан болатын. Жәбірейіл оған: *«Сен қаруыңды шешіп қойдың ба? Ал періштелер қаруларын әлі шешкен жоқ. Мен әлгі адамдардың*[1] *құғынынан қазір ғана оралдым. Сен жаныңдағыларды ертіп, бәну құрайзаға аттан. Мен де сенің алдыңда жүріп, олардың қамалдарын шайқалтамын және олардың жүректеріне үрей саламын»,* – деді. Сөйтіп Жәбірейіл періштелердің тобын бастап жүрді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) жаршыға бұйрық беріп, адамдарға: ***«Кімде-кім тыңдайтын, бағынатын болса, аср намазын бәну құрайзаға жетпей оқымасын»*** деп хабарлады. Өзі жоқта Мәдина халқына басшылық жасауды Ибн Умму Мәктумге тапсырды. Мұсылмандардың туын Әли ибн Әбу Талибке беріп, оны бәну құрайзаға өзінен бұрын жіберді. Жолға шығып, олардың қамалдарына таяған Әли қамалдардан Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қарата айтылған жаман сөздерді естіді.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзі муһажирлер мен ансарлардың тобымен шығып, құрайзаның «Әнә» деп аталатын құдығына тоқтады. Пайғамбардың (с.а.с.) бұйрығын орындауға асыққан мұсылмандар да дереу жиналып, құрайзаға қарай қозғалды. Аср намазы олар жол жүріп бара жатқан уақытқа тура келді. Сонда олардың кейбірі: *«Пайғамбар (с.а.с.) бұйырғандай, оны бәну құрайзаға жетпей оқымаймыз»,* – деп, асрды құрайзаға жеткен соң, құптан намазынан кейін оқыды. Ал кейбіреулері: *«Пайғамбар (с.а.с.) бізден мұны қаламады, негізінде, ол тезірек жолға шығуымызды қалады»,* – деп, аср намазын жолда оқыды. Бірақ Пайғамбар (с.а.с.) екі топты да айыптамады.

Мұсылмандардың әскері бәну құрайзаға осылай топ-топқа бөлініп аттанып, барлығы Аллаһ елшісіне (с.а.с.) барып қосылды. Олардың саны үш мың еді, әскердің құрамында отыз аттылы болды. Әскер бәну құрайзаның қамалдарына барып, оларды қоршауға алды.

Қоршауға алынған яһудилер қиын жағдайға түскенде, басшылары Кағб ибн Әсәд оларға үш ұсыныс тастады. Бірінші, оларға Исламды қабылдап, Мұхаммедтің (с.а.с.) дініне кіруді, осылай өмірлері мен дүние-мүліктерін және балалары мен әйелдерін аман сақтап қалуды ұсынды және оларға: «Аллаһпен ант етейін, сендерге оның Аллаһ жіберген пайғамбар екені әрі кітаптарыңда айтылған пайғамбар да осы екендігі жақсы мәлім», – деді. Екінші, балалары мен әйелдерін өз қолдарымен өлтіруді, сонан соң қылыштарын суырып Пайғамбардың (с.а.с.) алдына шығып, жеңіске жеткенше немесе түгелдей қырылғанға дейін онымен шайқасуға кеңес берді. Үшінші, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен оның сахабалары яһудилердің сенбі күні соғысуына алаңсыз болатындықтан, оларға осы күні шабуыл жасауды

[1] Яғни, құрайыштар мен ғатафандықтардың.

ұсынды. Бірақ тайпаластары оның үш ұсынысын да қабылдамады. Сонда олардың мұнысына күйінген, ашуланған Кағб: «Сендердің ешбірің анасынан туылғалы бері ғұмырдағы бір түнді де табанды күйде өткізбеген», – деді.

Басшыларының үш ұсынысынан да бас тартқаннан кейін құрайзалықтарға Аллаһ елшісінің (с.а.с.) үкіміне жүгінуден басқа амал қалмады. Бірақ олар алдымен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) үкіміне жүгінсе, өздеріне не боларын анықтармыз деген оймен, мұсылмандардың ішіндегі кейбір одақтастарымен байланысуды қалады. Сөйтіп яһудилер Аллаһ елшісіне (с.а.с.) «Бізге кеңесуіміз үшін Әбу Лубәбәні жібер» деп адам жолдады. Әбу Лубәбә олардың одақтасы еді әрі оның дүние-мүлкі мен балалары солардың аймағында болатын. Құрайзалықтар Әбу Лубәбәні көргенде, еркектері оны тұрып қарсы алды, ал әйелдері мен балалары оның алдында жылауға кірісті. Мұны көрген Әбу Лубәбәнің оларға жаны ашыды. Яһудилер одан: «Уа, Әбу Лубәбә! Сен біздің Мұхаммедтің үкіміне жүгінуімізді дұрыс санайсың ба?» – деп сұрады. Әбу Лубәбә: *«Иә»,* – дегенімен, өлім жазасына кесілетіндіктерін меңзеп, қолымен тамағын көрсетті. Артынша Әбу Лубәбә өзінің Аллаһқа және Оның елшісіне қиянат жасағанын түсініп, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) оралмай, сол бетімен Мәдинадағы Пайғамбардың (с.а.с.) мешітіне барып, өзін мешіттің тіреуіне байлап қойды және байлауын Аллаһ елшісі (с.а.с.) өз қолымен болмаса, өзге ешкімнің шешпеуіне әрі бәну құрайзаның жеріне ендігәрі аяқ баспауға ант етті. Әбу Лубәбәні кешікті ғой деп күтіп отырған Аллаһ елшісі (с.а.с.) оның хабарын естігенде: ***«Егер де ол менің алдыма келгенде, ол үшін кешірім тілер едім. Енді жасарын жасап қойған екен, Аллаһ оның тәубесін қабыл етпейінше, оны орнынан босататын мен емеспін»,*** – деді.

Әбу Лубәбәнің ымдауына қарамастан, құрайзалықтар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) үкіміне жүгінуге шешім қабылдады. Негізінде, яһудилер азық-түлік қоры мол, бұлақтары мен құдықтары бар әрі қамалдары мықты болғандықтан, қоршауды ұзақ уақыт көтеруге мүмкіндіктері бар-ды. Ал мұсылмандар қалқасыз ашық жерде қатты суық пен аштықтан жапа шегуде еді. Оның үстіне, мұсылмандар Ахзаб шайқасы басталмас бұрын-ақ тым таппай, соғыс істері үздіксіз жалғасып келе жатқандықтан, өздерін қажытқан шаршаудан әбден діңкелеген болатын. Бірақ құрайзалықтармен соғыс психологиялық соғыс болды. Аллаһ тағала олардың жүректеріне үрей салып, олардың рухтары құлай бастады және рухтарының құлауы Әли ибн Әбу Талиб пен Зубәйр ибн Аууамның алдарына шығып, Әлидің: *«Уа, иманның жасағы! Аллаһпен ант етейін, мен не Хамзаның татқанын татамын, не әлбетте олардың қамалын аламын»,* – деп айқайлауымен мүлдем шегіне жетті.

Осыдан кейін яһудилер Аллаһ елшісінің (с.а.с.) үкіміне жүгінуге асықты. Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардың еркектерін тұтқындауды бұйырды. Сонда әустіктер Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Сен бәну қайнуқағ тайпасына қалай жасағаныңды білесің, олар бауырларымыз*

хазраждың одақтастары еді. Ал бұлар – біздің жақтастарымыз, ендеше бұларға қатысты да жақсылық жаса», – деп өтінді. Пайғамбар (с.а.с.) оларға: ***«Сендер оларға қатысты үкімді өз іштеріңдегі бір кісінің шығаруына келісесіңдер ме?»*** – деді. Олар: *«Әрине»,* – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Онда мұны Сағд ибн Муғазға тапсырамын»,*** – деді. Әустіктер бұған келісті.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сағд ибн Муғазға адам жіберді. Сағд Ахзаб шайқасында күре тамыры кесіліп кеткен жарақатының салдарынан мұсылмандармен бірге шықпай, Мәдинада қалған болатын. Ол адамдардың сүйемелімен есекке мініп, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келді. Әустіктер оның екі қапталында жүріп: *«Ей, Сағд! Жақтастарыңа қатысты игі шешім шығарып, оларға жақсылық жаса. Өйткені Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға жақсылық жасауың үшін үкім шығаруды саған тапсырды»,* – деп үгіттеуге кірісті. Ал Сағд оларға ешқандай жауап қайтармай, үнсіз келе жатты. Тайпаластары тықақтап қоймаған соң, Сағд: *«Енді Сағдқа Аллаһ үшін ешбір айыптаушының айыптауы әсер етпейтін уақыт келді»,* – деді. Мұны естіген әустіктердің кейбірі Мәдинаға оралып, тайпаластарына құрайзалықтардың өлтірілетіндіктерін хабарлады.

Сағд алдына келгенде, Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларына: ***«Мырзаларыңа тұрыңдар»,*** – деп бұйырды. Оны көлігінен түсірген соң, адамдар: – *«Ей, Сағд! Мына адамдар сенің үкім шығаруыңа келісті»,* – деді. Сағд: – *«Менің үкімім оларға өтеді ме?»* – деп сұрады. Адамдар: – *«Иә»,* – деп жауап берді. – *«Мұсылмандарға да өтеді ме?»* – деп сұрады және бұл жолы да *«Иә»* деген жауап естіді. Келесі кезекте Сағд: *«Әрі осы жердегіге де өтеді ме?»* – деп, Аллаһ елшісі (с.а.с.) жақты нұсқап, оған құрмет әрі тағзым ретінде жүзін бұрды. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Иә, маған да өтеді»,*** – деді. Сонда Сағд: *«Мен оларға қатысты еркектерінің өлтіріліп, әйел-балаларының тұтқынға алынуын, ал дүние-мүліктерінің бөліске салынуын үкім етемін»,* – деп кесті. Мұны естіген Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Ақиқатында, сен бұларға қатысты бәрінен жоғары Аллаһтың үкімін шығардың»,*** – деді.

Сағдтың үкімі ең әділ үкім еді. Өйткені бәну құрайза тайпасы сұрқия опасыздыққа барғандарына қоса, мұсылмандарды жойып жіберу үшін мың бес жүз қылыш, екі мың найза, үш жүз сауыт және бес жүз қалқан жинаған болатын. Бұл қару-жарақтарды мұсылмандар олардың қоныстарын бағындырғаннан кейін қолдарына түсірді.

Қайта-қайта нақтыланған келісімді бұзған, мұсылмандардың өміріндегі ең қиын сәтте оларды жойып жіберу үшін одақтастарға көмек көрсеткен қиянаткер сұр жыландар опасыз әрекеттерімен өлім жазасына кесілуге лайықты соғыс қылмыскерлерінің ең үлкендері еді.

Құрайзалықтармен бірге бәну надир тайпасының шайтаны, Ахзаб шайқасын ұйымдастырушылардың үлкендерінің бірі Хаййай ибн Ахтаб та өлтірілді. Хаййай құрайыштар мен ғатафандықтар қайтқан соң, Ахзаб жорығы күндері Кағб ибн Әсәдті опасыздық пен қиянат жасауға азғырып келгенінде, оған берген уәдесін орындау үшін құрайзамен бірге олардың

қамалына кірген болатын. Хаййай жазаға кесілер алдында Аллаһ елшісіне (с.а.с.): «Аллаһпен ант етейін, мен сенімен жауласқаным үшін өзімді айыптамаймын. Бірақ Аллаһ жеңіске жеткізген жеңеді», – деді.

Мұсылмандарға берілгендерінен кейін құрайзалық яһудилердің біразы Исламды қабылдап, сахабалардың қатарын толықтырды.

Құрайзалықтар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) үкіміне жүгінерден бұрынғы түнде де олардың бір тобы Исламды қабылдап, өмірлерін және дүние-мүліктерін сақтап қалды. Сол түні құрайзалықтардың Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жасаған опасыздықтарына араласпаған Амр есімді кісі қамалдан шықты. Пайғамбардың (с.а.с.) күзетінің басшысы Мұхаммед ибн Мәсләмә оны танып, қалаған жағына кетуіне мүмкіндік берді, бірақ оның сол бетімен қайда кеткендігі белгісіз.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) бәну құрайзаның мүліктерінің бестен бірін ажыратып алған соң, мұсылмандарға бөліп, аттылы сарбазға үш үш үлес – аты үшін екі үлес, өзі үшін бір үлес берді, ал жаяу әскерге бір үлестен берді.

Құрайзалықтардың ісі аяқталған соң, ізгі пенде Сағд ибн Муғаздың (Аллаһ оған разы болсын) Ахзаб жорығында жасаған дұғасы қабыл болып, өмірден өтті. Пайғамбар (с.а.с.) жақын жерден Сағдтің халін көріп тұру үшін оған арнап мешіт ішіне шатыр тіктірген болатын. Құрайзаның ісі аяқталғанда, оның жарақаты асқынып кетті. Айша: *«Оның алқымынан қан атқылады. Мешітте сондай-ақ ғифар руының шатыры да бар еді. Ағып келген қан оларды шошытып жіберді де: «Ей, шатырдағылар! Сендер жақтан келіп жатқан не мынау?» – деп* (айғайлады). *Бұл кезде Сағдтың жарақатынан қан шапшып жатыр еді, ол содан көз жұмды»*, – деген[1].

«Екі Сахихта» Жәбирден риуаят етілген хадисте Аллаһ елшісінің (с.а.с.): ***«Сағд ибн Муғаздың өлімі үшін әр-Рахманның Аршы тербелді»***, – дегені келтірілген[2]. Әт-Тирмизи «сахих» деп бағалаған хадисте Әнәс: *«Сағд ибн Муғаздың табыты көтерілгенде, мұнафықтар: «Оның табыты қандай жеңіл еді!» – деп* (таңғалды). *Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Шындығында, оны періштелер көтеріп жүрді»**, – деді»*, – деген[3].

Бәну құрайзаны қоршауға алу барысында мұсылмандардан бір кісі – Халлад ибн Суәйд мерт болды. Оны құрайзалықтардың бір әйелі төбесіне диірменнің тасын тастап өлтірді. Сондай-ақ осы қоршаудың кезінде Ғұккашаның бауыры Әбу Синан ибн Михсан өз өлімімен көз жұмды.

Әбу Лубәбәға келсек, ол алты күн бойы мешіттің тіреуінде байлаулы тұрды. Әр намаздың уақытында әйелі келіп, оны шешетін де, намазын оқып болған соң, қайтадан келіп, тіреуге байлап қоятын. Содан кейін таң атар алдын Аллаһ елшісіне (с.а.с.) оның тәубесі қабыл болғаны жайлы уахи түсті. Аллаһ елшісі (с.а.с.) әйелі Умму Сәләмәнің үйінде еді, Умму Сәләмә бөлмесінің есігінің аузында тұрып: *«Ей, Әбу Лубәбә! Қуана бер! Аллаһ сенің*

[1] «Сахих әл-Бұхари» (2/591).
[2] «Сахих әл-Бұхари» (1/536), «Сахих Муслим» (2/294), «Жамиъ әт-Тирмизи» (2/225).
[3] «Жамиъ әт-Тирмизи» (2/225).

тәубеңді қабыл етті», – деді. Мұны естіген адамдар оны босатуға ұмтылды. Бірақ Әбу Лубәбә өзін Аллаһ елшісінен (с.а.с.) басқа біреудің босатуынан бас тартты және Пайғамбар (с.а.с.) таң намазына шыққанда, оның жанына келіп, байлауынан босатты.

Бәну құрайза жорығы һижраның 5-жылы зул-қағда айында жасалды, ал оларды қоршау он бес күнге жалғасты[1].

Аллаһ тағала Ахзаб және бәну құрайза жорықтарына қатысты «Ахзаб» сүресінің бірнеше аяттарын түсірді. Бұл аяттарда Аллаһ тағала оқиғаның ең маңызды бөліктеріне тоқталды, мүміндер мен мұнафықтардың жағдайын, одақтастардың күйреуін және кітап иелері жасаған опасыздықтың салдарларын баяндады.

[1] Ибн Һишам (2/237-238). Ибн Һишам келтірген осы жорықтың хабарларын (2/233-273), «Сахих әл-Бұхари» (2/590-591) кітаптарын қараңыз.

Бәну құрайза жорығынан кейінгі әскери қозғалыстар

Сәләм ибн Әбул-Хуқайқтың өлтірілуі

Әбу Рафиғ деген күниямен танылған Сәләм ибн Әбул-Хуқайқ мұсылмандарға қарсы кәпірлердің одақтастарын біріктірген, одақтастарға азық-түлікпен және көптеген дүние-мүліктермен көмектескен, яһудилердің ішіндегі үлкен күнәкарлардың бірі еді[1]. Ол Аллаһ елшісіне (с.а.с.) сыртынан тілін безеп, жүрегін жаралайтын. Мұсылмандар құрайзалықтардың ісін шешкен соң, ансарлардың хазраж тайпасы Аллаһ елшісінен (с.а.с.) Ибн Әбул-Хуқайқты өлтіруге рұқсат сұрады. Яһудилердің басшыларының бірі Каъб ибн Ашрафты әус тайпасының адамдары өлтірген болатын.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) хазраждықтарға оны өлтіруге рұқсат берді және шабуыл кезінде әйелдер мен жас балаларды өлтіруге тыйым салды. Сөйтіп Абдуллаһ ибн Атиктің басшылығымен, барлығы хазраж тайпасының бәну сәлимә руынан құралған бес кісілік топ Хайбарды бетке алып, жолға шықты. Хайбарда Әбу Рафиғдың қамалы бар еді. Аттанған кісілер қамалға жақындағанда күн батып, адамдар өрістегі малдарын айдап қайтып жатты. Абдуллаһ ибн Атик жолдастарына: *«Орындарыңнан тапжылмай отырыңдар. Мен барып, қақпашыны айналдырып көрейін, мүмкін ішке кіріп қалармын»*, – деді де, қақпаға жақындап келіп, киімімен бетін бүркеп, әжетін өтеп отырған кісіше кейіп көрсетті. Адамдар ішке кіріп болғанда қақпашы оған: «Ей, Аллаһтың құлы! Кіретін болсаң, кір, мен қақпаны жабайын деп жатырмын», – деп айқайлады[2].

Абдуллаһ ибн Атик: *«Сөйтіп мен ішке кіріп, жасырынып қалдым. Адамдар кіріп болған соң күзетші қақпаны жапты да, кілттерді бір ағаш тіреуге ілді. Сосын мен барып кілттерді алдым да, қақпаны аштым. Бұл кезде Әбу Рафиғ бөлмелерінде бір кісілермен түнгі сұқбат құрып отыр екен. Сұқбаттастары қасынан кеткен соң, мен оған көтеріліп, әр есікті ашқан сайын оны іштен жауып отырдым және өз-өзіме: «Егер адамдар мені байқап қалса, оны өлтіргенімше ұстай алмайды» дедім. Сөйтіп мен оған жеттім, қарасам ол қараңғы бөлмеде отбасы мүшелерінің ортасында отыр екен. Ол бөлменің қай жерінде екенін біле алмаған соң: «Ей, Әбу Рафиғ!» – деп дауыстадым. Ол: «Бұл кім?» – деді. Дауыс шыққан жаққа қарай беттеп барып оны қылышпен шаптым, бірақ өзім сасқалақтап қалып ештеңе істей алмадым. Ол бақырып жіберді. Мен бөлмеден шығып, біраз тұрдым да, сосын оған қайтадан кіріп: «Бұл не дауыс, ей, Әбу Рафиғ?» – дедім. Ол: «Анаңның соры құрысын! Жаңа ғана бір кісі бөлмеде мені қылышпен шапты», – деді. Сонда мен оған қылышпен ауыр соққы жұмсадым, бірақ өлтіре алмадым. Сосын тағы қылыш жұмсадым. Сонда*

[1] Қ.: «Фатх әл-Бәри» (7/343).

[2] Қақпашы Абдуллаһты малайлардың бірі деп ойлап қалған.

*ғана оны өлтіргеніме көзім жетіп, есіктерді бір-бірлеп аша бастадым. Сөйтіп оның баспалдағына жеттім, түн айлы болғанына қарамастан, жерге жеттім деп ойлап аяқ қойғанымда жығылып түсіп, аяғымды сындырып алдым. Оны сәлдемен таңып, қақпаның алдына барып отырдым да, өз-өзіме: «Бұл түнде оны өлтіргенімді білмейінше шықпаймын» дедім. Әтеш шақырған кезде хабаршы қорған үстінде тұрып:«Хижаздың көпесі Әбу Рафиғдың өлімін хабарлаймын!» – деді. Сосын барып жолдастарыма бет алдым және оларға: «Жылдамдатыңдар, Аллаһ Әбу Рафиғды өлтірді!» – дедім. Сөйтіп Пайғамбарға (с.а.с.) келіп, оны әңгімелеп бердім. Пайғамбар (с.а.с.) маған: **«Аяғыңды соз»**, – деді. Аяғымды созған едім, ол оны қолымен сипады. Сонда аяғым тіптен ауырмағандай жазылып кетті»*, – деген[1].

Әл-Бұхаридің риуаятында осылай баяндалған. Ал Ибн Исхақтың хабарында бесеуінің барлығы Әбу Рафиғдың қамалына кіріп, оны бірлесе өлтіргені, ал оған қылыш жұмсап өлтірген Абдуллаһ ибн Унәйс екендігі айтылған. Сондай-ақ ол хабарда сәлимәлықтар Ибн Әбул-Хуқайқты түнде өлтірген соң, қапелімде Абдуллаһ ибн Атиктің аяғы сынып, жолдастарының оны арқалап алғаны әңгімеленген. Яһудилерден қашқан олар бір бұлақтың жырасына барып, сонда тығылып отырады. Яһудилер оттарын жағып, жан-жақты шарлап, ешкімді таппаған соң, Әбу Рафиғқа оралады. Қуғыншылар қайтқаннан кейін мұсылмандар Абдуллаһ ибн Атикті арқалап, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келген[2].

Исламды кезекті бір жауынан құтқарған бұл жасақ һижраның 5-жылы зул-қағда немесе зул-хижжа айында жіберілген[3].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) одақтастар мен құрайзалықтардан құтылған соң, үстемдік күшін көрсетпесе, тыныштық пен бейбітшілікке мойын бұрмай отырған тайпалар мен далалық арабтарға тәртіпке салу шабуылдарын бағыттауға кірісті.

Мұхаммед ибн Мәсләмәнің жортуылы

Одақтастар мен құрайзалықтардан құтылған соң, ең бірінші аттандырылған жортуылшы жасақ осы болды. Жасақ мұсылмандардың отыз аттылысынан құралды.

Мұхаммед ибн Мәсләмә бастаған аттылы сарбаздар Мәдинадан жеті күншілік қашықтықта жатқан Қарта деп аталатын жерді бетке алып шықты. Жасақ һижраның 6-жылы мухаррам айының аяқталуына он күн қалғанда бәну бәкір ибн киләб тайпасының жазығына барып, оларға шабуыл жасады. Бәну бәкір тайпасы адамдары еш қарсылық көрсетпей, барлығы бас сауғалап қашып, мұсылмандар олардың түйелері мен қойларын айдап алып

[1] «Сахих әл-Бұхари» (2/577).
[2] Ибн Һишам (2/247, 275).
[3] Бұл дерек «Рахма лил-ъаламин» кітабынан (2/223), сондай-ақ Ахзаб және Құрайза жорықтарында ұсынылған өзге де жинақтардан алынды.

қайтты. Жеңімпаз жасақ Мәдинаға мухаррам айының аяқталуына бір күн қалғанда оралды. Олар өздерімен бірге жолдан бәну ханифа тайпасының басшысы Сумама ибн Усал әл-Ханафиді тұтқындап ала келді. Сумама Мусәйлимә суайттың бұйрығымен Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қастандық жасау үшін сырт көзге өзінің кім екендігін білдірмей, ұрын шыққан болатын[1]. Мұсылмандар оны әкеліп, мешіттің тіреулерінің біріне байлап тастады. Пайғамбар (с.а.с.) оған келіп: ***«Сенде не бар, ей, Сумама?»***[2] – деп сұрады. Ол: «Менде игілік бар[3], ей, Мұхаммед! Егер мені өлтірсең, құныкерді өлтіресің[4], ал егер игілік көрсетсең[5], алғыстыға игілік көрсетесің. Егер мал-дүние қаласаң, сұра, одан саған қалағаның беріледі», – деді. Пайғамбар (с.а.с.) оны ертеңіне дейін солай қалдырды да, сосын одан қайтадан: ***«Сенде не бар, ей, Сумама?»*** – деп сұрады. Сумама: «Саған алдында айтқаным, игілік көрсетсең, алғыстыға игілік көрсетесің, ал егер өлтірсең, құныкерді өлтіресің. Егер мал-дүние қаласаң, сұра, одан саған қалағаның беріледі», – деп жауап қайтарды. Пайғамбар (с.а.с.) оны ертеңгі күнге дейін тағы да қалдырды да, сосын: ***«Сенде не бар, ей, Сумама?»*** – деп сұрады. Сумама: «Менде саған айтқаным бар», – деп жауап қатты. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): ***«Сумаманы босатыңдар!»*** – деп бұйырды. Сахабалар оны босатты. Сол кезде Сумама мешіт маңындағы бір құрма ағашына барып, ғұсыл құйынды да, сосын Пайғамбардың (с.а.с.) алдына келіп: *«Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқтығына куәлік беремін және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екеніне куәлік беремін, ей, Мұхаммед! Аллаһпен ант етейін, маған жер жүзінде сенің дидарыңнан жеккөрінішті дидар жоқ болатын, енді сенің дидарың мен үшін барлық дидарлардың ең сүйіктісіне айналды! Аллаһпен ант етейін, маған жер жүзінде сенің дініңнен жеккөрінішті дін жоқ болатын, енді сенің дінің мен үшін діндердің ең сүйіктісіне айналды! Аллаһпен ант етейін, маған сенің қалаңнан жеккөрінішті қала жоқ болатын, енді сенің қалаң мен үшін қалалардың ең сүйіктісіне айналды! Расында, сенің аттылы сарбаздарың мені умра жасауды қалап тұрғанымда қолға түсірді, бұған сен қалай қарайсың?»* – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оны сүйіншіледі[6] және оған умра жасауды бұйырды. Сөйтіп Сумама Меккеге барғанында, құрайыштар оған: «Сен дініңді өзгерттің бе, ей, Сумама?» – деді. Сумама: *«Жоқ, Аллаһпен ант етейін, әйтсе де мен Аллаһ елшісі Мұхаммедпен (с.а.с.) бірге Исламды*

[1] «Әс-Сира әл-Халабия» (2/297).

[2] Яғни, қаперіңде мені өзіңе не істейді деген ой бар?

[3] Сумама өзінде ешқандай уайым жоқ екенін айтқысы келген. Өйткені ол Пайғамбардың (с.а.с.) әділетсіздік көрсетпейтініне сенімді еді.

[4] Сумаманың бұл сөзін екі мағынада түсіну мүмкін: яғни «сен мені өлтірсең, артымда құнымды даулайтын туыстарым бар» немесе «сен мені өлтірсең, кісі өлтірушіге қатысты әділетті үкім шығарасың».

[5] Яғни, мені босатсаң.

[6] Яғни, Пайғамбарымыз (с.а.с.) оны Исламды қабылдағаны үшін ие болатын үлкен игілікпен сүйіншілеген. Өйткені Ислам өзіне дейінгілердің барлығын өшіреді.

қабылдадым! Аллаһпен ант етейін, сендерге енді Ямамадан[1] *Пайғамбардың (с.а.с.) рұқсатынсыз бір түйір бидай дәні де келмейді»*, – деді. Сөйтіп Сумама еліне қайтып, Меккеге өнім жіберуге тыйым салды. Бұдан құрайыштар қиыншылыққа тап болып, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) туыстықтарын араға салып, Сумамаға өздерінің азық тасымалына рұқсат етуі үшін хат жолдауын өтініп, хабар жіберді және Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардың өтінішін орындады[2].

Бәну лихйан жорығы

Ражиғ құдығында Аллаһ елшісінің (с.а.с.) он сахабасын қастандықпен өлтірген осы бәну лихйан тайпасы еді. Осы қылмыстары үшін олар өлім жазасына лайықты болды. Бірақ олардың қоныстары Хижаздың Меккемен шекаралас аудандарына сұғына орналасқандықтан, ал мұсылмандар мен құрайыштардың және далалық арабтардың арақатынасы қатты шиеленесіп тұрғандықтан, Аллаһ елшісі (с.а.с.) ең үлкен жауға таяу елдерге тереңдей енуді жөн көрмеген-ді. Ахзаб шайқасынан соң, кәпірлердің одақтастықтары күйреп, жүндері жығылып, белгілі бір шекке дейін қолдарын байлаған жағдайларға көндіккенде, Пайғамбар (с.а.с.) бәну лихйан тайпасынан Ражиғда өлтірілген сахабалардың кегін алатын сәт келді деп шешті. Сөйтіп Аллаһ елшісі (с.а.с.) һижраның 6-жылы рабиғ әл-әууәл немесе жумәдә әл-улә айында екі жүз сахабасын бастап, бәну лихйан тайпасына аттанды. Пайғамбар (с.а.с.) өзі жоқта Мәдина халқына басшылық жасауды Ибн Умму Мәктумге тапсырды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) сырт көзге Шам еліне баратындай сыңай көрсетті де, тездете жүріп отырып, Ғарран жазығына жетті. Қастандықтың құрбаны болған сахабалар осы жерде өлтірілген-ді, бұл орынды көрген Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қыршын кеткен сахабаларына жаны ашып, олар үшін дұға жасады. Мұсылмандардың келе жатқанын естіген бәну лихйан тайпасы таулардың шыңдарына қашып, Пайғамбар (с.а.с.) олардың ешқайсысын қолға түсіре алмады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардың жерінде екі күн тұрып, шолғыншы жасақтар жібергенімен, бәну лихйаннан ешкім қолға түспеді. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) Ғұсфан мекеніне барып, өзінің жорығы жайлы құрайыштар естуі үшін он аттылы сарбазын Курағ әл-Ғамим дейтін жерге жіберді. Содан кейін ордасынан он төрт күн жырақта жүрген Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға оралды.

[1] Ямама Араб түбегінің көп жерлерін, соның ішінде Меккені де ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған егіншілікпен айналысатын ірі аймақ еді.
[2] «Сахих әл-Бұхари» (4372-хадис), «Фатх әл-Бәри» (7/688).

Кезекті жортуылдар мен шолғыншы жасақтар

Мәдинаға оралғанынан кейін де Аллаһ елшісі (с.а.с.) жортуылшылар мен шолғыншы жасақтар аттандыруын жалғастырды. Төменде солардың бірнешеуіне тоқтала кетеміз:

1. Ғұккаша ибн Михсанның Ғамрге жасаған жортуылы.

Һижраның 6-жылы рабиғ әл-әууәл немесе рабиғ әл-ахир айында Ғұккаша ибн Михсан қырық кісіні бастап, бәну әсәд тайпасының Ғамр деп аталатын суына барды. Мұсылмандарды көрген бәну әсәд тайпасының адамдары бастарын сауғалап қашып кетті де, жортуылшылар олардың екі жүз түйесін олжалап, Мәдинаға айдап қайтты.

2. Мұхаммед ибн Мәсләмәнің Зул-Қассаға жасаған жортуылы.

Һижраның 6-жылы рабиғ әл-әууәл немесе рабиғ әл-ахир айында Мұхаммед ибн Мәсләмә он кісімен бәну сағләбә тайпасының қоныстарындағы Зул-Қасса дейтін жерге барды. Жаудың жүз кісілік әскері олардан бой тасалап жасырынып, мұсылмандар ұйқыға кеткенде, оларды түгелдей қырып салды. Жау қолынан тек Мұхаммед ибн Мәсләмә ғана жаралы күйінде қашып құтылды.

3. Әбу Ғұбайда ибн Жаррахтың екінші рет Зул-Қассаға жасаған жортуылы.

Мұхаммед ибн Мәсләмәнің серіктері өлтірілген соң, артынша һижраның 6-жылы рабиғ әл-ахир айында Пайғамбар (с.а.с.) сол жаққа Әбу Ғұбайда ибн Жаррахты жіберді. Сонымен Әбу Ғұбайда қырық кісімен алдыңғы жортуылшылар өлтірілген орынға аттанды. Қырық кісілік жасақ түнделете жаяу жүріп отырып, таң ата бәну сағләбә тайпасының үстінен түсті және мұсылмандардың шабуылына төтеп бере алмаған жау тауларға қашты. Мұсылмандар олардан бір кісіні қолға түсіріп, ол Исламды қабылдады. Сондай-ақ жасақ олардың түйелері мен қойларын олжалап қайтты.

4. Зәйд ибн Харисаның Жәмумге жасаған жортуылы.

Жәмум – бәну сулəйм тайпасының Мәрр әз-Заһран дейтін жердегі суының атауы. Һижраның 6-жылы рабиғ әл-ахир айында Зәйд ибн Хариса сол жаққа мұсылмандар жасағымен барып, музәйнә тайпасының Халима есімді әйелін қолға түсірді. Осы әйел оларға бәну сулəйм тайпасы орналасқан жерді көрсетіп, мұсылмандар олардың түйелері мен қойларын олжалады, адамдарының біразын тұтқынға алды. Жасақ олжалармен Мәдинаға оралғанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.) музәйнәлық әйелге азаттық сыйлап, оны мұсылмандардың біріне күйеуге берді.

5. Зәйд ибн Харисаның Ғис жеріне жасаған жортуылы.

Һижраның 6-жылы жумәдә әл-улә айында Зәйд ибн Хариса мұсылмандардың жүз жетпіс аттылы сарбазымен шығып, құрайыштардың Аллаһ елшісінің (с.а.с.) күйеу баласы Әбул-Ас бастаған сауда керуеніндегі мал-мүліктерді олжалады. Керуен басшысы Әбул-Астың өзі қолға түспей, қашып құтылып, әйелі Зәйнәбқа келіп, одан қорған сұрады және Аллаһ елшісінен (с.а.с.) керуеніндегі мал-мүліктерді қайтарып беруін сұрауды өтінді. Зәйнәб оның өтінішін орындады. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларына керуеннің дүние-мүліктерін қайтаруды нұсқады, бірақ оларды бұған мәжбүрлемеді. Мұсылмандар олжаланған мүліктердің барлығын түгелімен қайтарып, Әбул-Ас Меккеге оралды. Меккеге келген соң, ол қолындағы аманат мүліктерді иелеріне табыстады да, сонан соң Исламды қабылдап, Мәдинаға қоныс аударды. Мұсылмандардың ортасына келген Әбул-Асқа Аллаһ елшісі (с.а.с.) қызы Зәйнәбті алғашқы некелері негізінде қайтадан қосты. Олардың араларының үзілгеніне үш жылдан астам уақыт болып қалған еді. Бұл жайлы «сахих» хадисте айтылған[1]. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Зәйнәбті Әбул-Асқа алғашқы некелерінің негізінде қайтарып беруінің себебі, ол кезде мұсылман әйелдердің кәпірлермен тұрмыста болуына тыйым салған аят әлі түспеген болатын.

6. Зәйд ибн Харисаның Тараф немесе Тарақ жеріне жасаған жортуылы.

Һижраның 6-жылы жумәдә әл-ахира айында Зәйд он бес кісілік жасақпен бәну сағләбә тайпасына барды. Жерлеріне Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзі келе жатыр деп қорыққан бәдәуилер жасаққа қарсылық көрсетпей қашып, мұсылмандар олардың жиырма түйесін олжалады. Бұл жортуылға аттанған жасақ Мәдинадан төрт күн жырақта жүрді.

7. Зәйд ибн Харисаның Қура жазығына жасаған жортуылы.

Һижраның 6-жылы ражаб айында Зәйд он екі кісімен Қура жазығына, сол жерде жау әскері болса, олардың әрекеттерін барлау үшін барды. Жасақтағы мұсылмандарға Қураның тұрғындары шабуыл жасап, тоғызын өлтірді. Мұсылмандардан Зәйд ибн Хариса мен тағы екі сахаба қашып құтылды[2].

8. Хабат жортуылы.

Жәбир ибн Абдуллаһ: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) бізді үш жүз аттылы сарбазбен құрайыштың керуенін шабуымыз үшін жіберіп, бізге Әбу Ғұбайда ибн Жаррахты қолбасшы етіп тағайындады. Ол бізге жол азықға*

[1] Әбу Даудтің «Сунәнін» түсіндірмесі «Аун әл-Маъбуд» кітабымен бірге, кісі әйелімен айырылысқаннан кейін Исламды қабылдаса, оған әйелі қанша уақыт аралығына дейін қайтарып берілетіні туралы тарауды қараңыз.

[2] Келтірілген жортуылдарға қатысты «Рахма лил-ъаламин» (2/226) және «Хауаши Талқих фуһум әһл әл-әсәр» (28-29-беттер) кітаптарын қараңыз.

бір қапшық кептірілген құрма беріп, одан басқа (азық) *таппады. Әбу Ғұбайда бізге бір-бір құрмадан беретін. Біз оны сәби сияқты соратынбыз да, оның артынан су ішетінбіз. Бұл бізге бір күнге түнге дейін жететін. Сондай-ақ біз таяқтарымызбен ағаштың жапырағын қағып, оны суға шылап жеп жүрдік. Сондықтан да бұл жасақ «ағаш жапырақтарын азық еткен жасақ» деп аталды. Біз теңіз жағалауымен жүрдік. Кенет бізге теңіз жағасында үлкен құм жотасы тәрізді зат көрінді. Оған келсек, «анбар»*[1] *деп аталатын жануар екен. Әбу Ғұбайда: «*(Бұл –) *өлексе», – деді. Содан кейін ол: «Жоқ, біз Аллаһ елшісі (с.а.с.) жіберген адамдармыз және Аллаһтың жолындамыз. Сендер мұқтаждыққа тап болдыңдар, сондықтан* (оны) *жеңдер», – деді*[2]*. Біз үш жүз* (кісі) *едік,* (әлгі жануардың) *қасында бір ай болып, оны азық етіп, майымен сыланып, оңалып қалдық. Мен өзіміздің оның көзінің ойығынан үлкен құмыралармен май алғанымызға және одан өгіздей* (немесе *өгіздің көлеміндей*) (ет) *кесектерін кесіп алғанымызға куә болдым. Әбу Ғұбайда бізден он үш кісіні шығарып, оның көзінің ойығына отырғызды. Сондай-ақ ол оның бір қабырғасын алып,* (доға тәрізді етіп) *қойды да, біздегі ең үлкен түйені жазылап, оның үстіне ең ұзын кісіні отырғызып* (қабырғаның) *астынан өткізді. Біз оның етінен шала қайнатып, қақтап, жол азыққа алдық. Мәдинаға жеткенімізде, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп, осыны айтқан едік, ол:* ***«Бұл – Аллаһ сендерге шығарып берген ризық. Сендерде оның етінен бар ма? Бізге де жегізіңдер»****, – деді. Біз оның* (етінен) *Аллаһ елшісіне (с.а.с.) беріп жібердік, ол оны жеді»*, – деген[3].

Жәбирдің хадисі бұл жортуыл Худайбия келісімінен бұрын жасалғанын көрсетеді. Өйткені мұсылмандар Худайбия келісімінен кейін құрайыштардың керуенін шаппаған.

---

[1] Анбар – кашалот.

[2] Әбу Ғұбайда теңіз жануарларының кез-келгенін өліп қалған болса да азыққа пайдалануға рұқсат етілетінін білмейтін еді. Бірақ ол жағдайға қарап, осындай шешім шығарды.

[3] Қ.: «Сахих әл-Бұхари» (2/625-626), «Сахих Муслим» (2/145-146).

БӘНУ МУСТАЛИҚ НЕМЕСЕ МУРАЙСИҒ ЖОРЫҒЫ

Бұл жорық әскери тұрғыда ұзақ не ауқымды болмағанымен, оның кезінде мұсылмандар қоғамында мазасыздық пен толқу тудырған, мұнафықтардың сырын әшкерелеген, шариғаттың тәртіпке шақырушы заңдары бекітілген бірнеше оқиғалар орын алды. Оның кезінде бекітілген заңдар Ислам қоғамына құрмет пен абыройдың және жан тазалығының айрықша бейнесін дарытты. Төменде алдымен жорықты әңгімелеп, оның барысында орын алған оқиғаларға содан кейін тоқталамыз.

Бәну мусталиқ жорығы һижраның 5 немесе 6-жылы жасалған. Оның себебі, Аллаһ елшісі (с.а.с.) бәну мусталиқ тайпасының басшысы Харис ибн Әбу Дирардың тайпаластарымен және өзі көндірген арабтармен бірлесіп, мұсылмандарға қарсы соғысқа шығуды көздеп отырғандары туралы хабар алған болатын. Пайғамбар (с.а.с.) бұл хабардың анық-қанығына көз жеткізу үшін Бурайда ибн Хасиб әл-Әсләмиді жіберді. Оларға барған Бурайда Харис ибн Әбу Дирармен жолығып, онымен сөйлесті. Содан кейін Мәдинаға оралып, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) мән-жайды баяндады.

Пайғамбар (с.а.с.) хабардың растығын анықтаған соң, сахабаларына үндеу тастап, шағбан айының аяқталуына екі күн қалғанда шұғыл түрде жорыққа аттанды. Бұл жолы Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге бұған дейін ешбір жорыққа қатыспаған мұнафықтардың бір тобы да еріп шықты. Пайғамбар (с.а.с.) өзі жоқта Мәдина халқына басшылық жасауды Зәйд ибн Харисаға тапсырды. Харис ибн Әбу Дирар мәдиналық әскердің хабарын біліп келу үшін тыңшы жіберген болатын. Бірақ оның тыңшысы мұсылмандардың қолына түсіп, өлтірілді.

Харис ибн Әбу Дирар мен оның әскеріне Аллаһ елшісінің (с.а.с.) келе жатқаны және жіберген тыңшыларының өлтірілгені туралы хабар жеткенде, олар қатты қорқып, Хариспен біріккен арабтар бет-бетіне тарап кетті. Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардың Мурайсиғ деп аталатын суына жетіп, сахабаларымен бірге жауға қарсы сап түзеп, шайқасқа дайындалды. Муһажирлердің туын Әбу Бәкір әс-Сыддық, ал ансарлардың туын Сағд ибн Ғұбада ұстады. Алдымен екі әскер біраз уақыт бірін-бірі садақпен атқылады. Сонан соң мұсылмандар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бұйрығымен жаппай шабуылға шығып, жеңіске жетті. Мүшріктер жеңіліс құшып, едәуір кісі шығынына ұшырады. Ал мұсылмандардан бір ғана кісі мерт болды.

Жорықтар мен Пайғамбардың (с.а.с.) өмір жолы туралы жазылған кітаптардың иелері осылай хабарлаған. Алайда кейбір ғалымдар мұсылмандар мен бәну мусталиқ тайпасының арасында шайқас жүрмегенін, Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға су басында шабуыл жасап, мал-мүліктерін олжалағанын айтқан. Сол сияқты «Сахих» жинағында да: *«Пайғамбар (с.а.с.) бәну мусталиқ* (тайпасының адамдарына) *малдары суатта*

жатқанда тұтқиылдан шабуыл жасады, олардың жауынгерлерін өлтіріп, әйел-балаларын тұтқынға алды», – делінген[1].

Тұтқындардың арасында тайпа басшысы Харистің қызы Жуәйрия да бар еді. Жуәйрия Сәбит ибн Қайстың үлесіне түсіп, Сәбит онымен белгілі бір мөлшерде құн төлесе, басына азаттық беруге келісім жасасқан болатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сәбитке Жуәйрияның құнын өтеп, оны өз некесіне алды. Осының себебімен мұсылмандар бәну мусталиқ тайпасынан Пайғамбардың (с.а.с.) қайын туыстарына айналған, Исламды қабылдаған жүз адамды «Енді бұлар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қайын туыстары» деп, тұтқыннан азат етті[2].

Осы жорықтың кезінде орын алған оқиғаларға келсек, әдеттегідей оны тудырған мұнафықтардың басшысы Абдуллаһ ибн Убәй мен оның сыбайластары еді. Төменде алдымен олардың Ислам қоғамындағы өзге де кейбір жымысқы әрекеттеріне тоқтала кетуді жөн көрдік.

Мұнафықтардың бәну мусталиқ жорығына дейінгі құйтырқылықтары

Абдуллаһ ибн Убәйдің Ислам діні мен мұсылмандарға, әсіресе, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қатты өшігіп, буынардай болып жүргені бірнеше рет айтылған-ды. Өйткені әус пен хазраж тайпалары оны өздеріне патша сайлауға келісіп, оған кигізетін тәждің асыл тастарын да тізіп қойған еді. Сол аралықта Мәдинаға Ислам келіп, адамдарды Ибн Убәйдан бұрып әкеткен-ді. Сондықтан Ибн Убәй өзінің патшалығын Аллаһ елшісі (с.а.с.) тартып алды деп ойлап, оған кектеніп жүрген болатын.

Ибн Убәй бұл ызасын Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға қоныс аударып келгелі бері, өзі Исламды сыртекі қабылдамас бұрын да, одан кейін де әрбір мүмкіндікті қалт жібермей көрсетіп жүрді. Бірде Пайғамбар (с.а.с.) есекке отырып, науқастанып қалған сахабасы Сағд ибн Ғұбаданы көріп қайту үшін шығады. Жолай ол арасында Абдуллаһ ибн Убәй отырған бір мәжілістің қасынан өтеді. Есектің тұяғынан көтерілген шаң мәжілісте отырғандарға жеткенде Абдуллаһ ибн Убәй жамылғысымен мұрнын жауып: «Бізге қарай шаңғытпаңдар», – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға сәлем беріп, қастарына тоқтап есегінен түседі де, оларды Аллаһқа шақырады және Құран оқиды. Сонда Абдуллаһ ибн Убәй жақтырмай: «Ей, кісі! Сен үйіңде отыр және біздің мәжілісімізге келме», – деген[3].

Бұл оқиға Ибн Убәйдің Исламды сыртекі қабылдауынан бұрын болған еді. Ол Бәдір шайқасынан кейін Исламды қабылдағанын сырттай жариялаған соң да, Аллаһ пен Оның елшісінің және иман келтіргендердің жауы болып қала берді. Оның бар ойы мұсылмандар қоғамын ыдырату және

[1] Қ.: «Сахих әл-Бұхари» («Құл азат ету кітабы», 1/345), «Фатх әл-Бәри» (7/341).
[2] Ибн Һишам (2/289-290, 294-295).
[3] Ибн Һишам (1/584, 587), «Сахих әл-Бұхари» (2/924), «Сахих Муслим» (2/9).

Исламның сөзін әлсірету болатын, Пайғамбардың (с.а.с.) жауларына жақтасатын. Жоғарыда бұл мұнафықтың яһудилердің бәну қайнуқағ тайпасына қатысты іске килігіп, араласқаны айтылған-ды. Сондай-ақ ол Ухуд жорығында да мұсылмандарға кесірін тигізіп, опасыздық жасаған, олардың бірлігін бұзған, саптарында шиеленіс пен бейберекеттік тудырған болатын.

Ибн Убәйдің айлакерлігі мен алдампаздығының күштілігі соншалық, ол Исламды қабылдағанын жариялаған соң, әр жұмада Аллаһ елшісі (с.а.с.) құтпа жасау үшін мінберге жайғасқанда, орнынан тұрып: «Міне, Аллаһ елшісі (с.а.с.) орталарыңда тұр. Аллаһ онымен сендерді құрметтеді және үстем етті. Сондықтан оған жәрдем беріңдер, қолдаңдар, оны тыңдаңдар әрі оған бағыныңдар», – дейтін. Сонан соң ол отырып, Аллаһ елшісі (с.а.с.) құтпаға тұратын. Мұнафықтың арсыздығы сондай, ол Ухуд жорығында жасаған жамандығы мен сұмдық опасыздығына қарамастан, сол шайқастан кейінгі жұмада да бұрынғы жұмаларда айтатынын айтпақ болып орнынан тұрды. Бірақ мұсылмандар оның киімдерінің шеттерінен ұстап: *«Отыр, ей, Аллаһтың жауы! Жасарыңды жасаған соң, сен бұған лайықты емессің»*, – деді. «Мен оны қолдау үшін тұрсам, бір жаман сөз айтқандаймын ғой?!» – деген Ибн Убәй адамдардың желкелерінен аттай басып сыртқа шықты. Оған мешіттің қақпасы алдында ансарлардың біреуі жолығып: *«Сорың құрысын! Кері қайт, Аллаһ елшісі (с.а.с.) сен үшін кешірім тілейді»*, – деді. Сонда мұнафық: «Аллаһпен ант етейін, оның мен үшін кешірім тілеуіне мұқтаж емеспін», – деп, қайрылмай кете барды[1].

Ибн Убәй яһудилердің бәну надир тайпасымен байланыс жасап, олармен бірігіп мұсылмандарға қарсы астыртын әрекеттер ұйымдастыратын. Тіпті оларға: «Егер сендер елден қуылсаңдар, біз сендермен бірге шығамыз, ал сендерге қарсы соғыс жасалса, біз міндетті түрде сендерге жәрдем береміз», – деген болатын.

Сондай-ақ Ибн Убәй мен оның сыбайластары Ахзаб жорығында да мұсылмандар арасында мазасыздық пен толқу тудырып, иман келтіргендердің жүректеріне қорқыныш пен үрей салған-ды. Бұл туралы Аллаһ тағала «Ахзаб» сүресінде: **«Сол кезде мұнафықтар мен жүректерінде дерті барлар: «Аллаһ және Оның елшісінің бізге уәде еткені алдаумен дәмелендіру ғана екен», – деп айтуда еді. Сол кезде олардың бір тобы: «Ей, Ясриб тұрғындары! Сендер төтеп тұра алмайсыңдар! Сондықтан кері қайтыңдар!» – деді. Олардың бір тобы** (үйлеріне) **жау шабуы қаупі болмаса да: «Үйлеріміз жау шабуылы қаупінде тұр» деп, Пайғамбардан сұрануда еді. Негізінде, олар қашуды ғана қалаған болатын. Егер де** (жау) **оларға оның жан-жағынан кіргізіліп, сонан соң олардан бүлік талап етілсе, олар көп бөгелмей оған барар еді және онда ұзақ қалмас еді. Негізінде, бұрын олар Аллаһқа арттарына бұрылып кетпеуге серт берген еді. Ал Аллаһқа берген серт**

[1] Ибн Һишам (2/105).

сұралады. (Оларға)**: «Өлімнен не біреудің өлтіруінен қашсаңдар да, қашу сендерге еш пайда бермейді. Онда азғана пайдаландырыласыңдар», – де.** (Оларға)**: «Егер Аллаһ сендерге жамандық қаласа немесе мейірім етуді қаласа, өздеріңді Аллаһтан қорғайтын кім?» – деп айт. Олар өздеріне Аллаһтан басқа қамқоршы да, көмекші де таппайды. Аллаһ сендердің іштеріңдегі қайтарушыларды және бауырларына: «Бізге келіңдер!» – деп айтатындарды біледі. Олардың азынан басқасы соғысқа келмейді, сендерге іштарлық етіп. Қорқыныш келгенде олардың өлімнен талып қалған сияқты көздері айналып өзіңе қарайтынын көресің. Ал қорқыныш кеткенде, жақсылыққа сараңдық етіп, сендерді өткір тілдерімен ренжітеді. Олар иман келтірмей, Аллаһ олардың амалдарын зая кетірді. Бұл Аллаһқа оңай. Олар одақтастарды кетпеді деп ойлайды. Егер одақтастар** (қайтадан) **келсе, олар бәдәуилердің арасына шөл далаға шығып, сендердің хабарларың жайлы сұрап тұруды қалайды. Егер де олар сендердің араларыңда болса да, азынан басқасы соғыспас еді»**[1], – деген.

Яһудилер болсын, мұнафықтар не мүшріктер болсын, Исламның барлық жаулары бұл діннің жеңіске жетуінің себебі материалдық үстемдік, қару-жарақ пен әскер санының көптігі еместігін, оның себебі Ислам қоғамы мен осы дінді ұстанушы әрбір адам бойына сіңірген үлгілі өнегелер мен тамаша мінез-құлық қасиеттері екендігін жақсы білетін. Сондай-ақ олар бұл телегей құндылықтардың бастауы осы өнегелердің ең жоғарғы теңдессіз үлгісі болып жүрген Аллаһ елшісі (с.а.с.) екендігін де білетін.

Сол сияқты жаулар бес жыл бойы тынымсыз соғыстардың дабылы қағылғаннан кейін, бұл дін мен оның ұстанушыларын қарудың көмегімен құрту мүмкін еместігін түсініп, Исламға қарсы мінез-құлықтар мен салт-ғұрыптар жағынан кең көлемде арандатушылық соғысын ұйымдастыруға және Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жеке басын осы жалған арандатудың басты нысанасына айналдыруға шешім қабылдады. Осы орайда мұнафықтар мұсылмандардың қатарында олардың бір мүшесі сияқты болып жүргендіктен әрі Мәдинаның тұрғындары болғандықтан, олардың кез-келген уақытта мұсылмандармен байланысуға және олардың сезімдерін қозғауға мүмкіндіктері бар-ды. Сондықтан арандату міндетін Абдуллаһ ибн Убәй бастаған осы мұнафықтар арқалады.

Мұнафықтардың бұл жоспары Аллаһ елшісі (с.а.с.) мүміндердің анасы Зәйнәб бинт Жахшқа үйленген кезде анық көрінді. Зәйнәб бинт Жахш бұрын Пайғамбардың (с.а.с.) өкіл баласы Зәйд ибн Харисамен тұрмыста болған еді. Ал арабтардың салтында бала тұтынған ұл адамның бел баласы сияқты саналғандықтан, арабтар кісінің өкіл баласымен тұрмыста болған әйелге үйленуіне тыйым салынады деп есептейтін. Сондықтан Пайғамбар (с.а.с.)

[1] «Ахзаб» сүресі, 12-20 аяттар.

Зәйнәбқа үйленгенде, мұнафықтар Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қарсы теріс пікірлер тудыру үшін, өздерінің пайымдауларымен екі бірдей кетік тапты.

Біріншісі: Зәйнәб Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бесінші әйелі еді, ал Құран төрт әйелден артық алуға рұқсат етпеген. Осыған сүйенген мұнафықтар «Пайғамбардың (с.а.с.) бесінші әйелге үйленуі қалайша дұрыс болады?» деп даурықты.

Екіншісі: Зәйнәб бұрын Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өкіл баласының әйелі болған еді, ал арабтардың салтында өкіл баланың әйеліне үйлену ең үлкен күнәлардың бірі саналатын. Осы тұрғыда мұнафықтар көптеген арандатушылық сөздерін ағытқан негізсіз жалған әңгімелер тоқып: «Шындығында, Мұхаммед өкіл баласының әйелін кездейсоқ көріп, оның сұлулығына қызығып, ұнатып қалған, бұл әйел оның жүрегін жаулап алған. Баласы Зәйд мұны біліп, әйелімен Мұхаммед үшін ажырасқан», – деп көкіді. Олар ойдан тоқылған осы бір арандатушылық сөздерін кеңінен жайды. Тіпті оның сарқыншақтары әлі күнге дейін тәпсір кітаптары мен хадис жинақтарында да кездеседі. Бұл арандату сөздері иманы әлсіз мұсылмандардың қатарына үлкен әсер тигізді. Тіпті Құраннан осыған қатысты жүректердегі күмәнді жуып-шайған бірнеше анық мағыналы аяттар түсті. Аллаһ тағаланың «Ахзаб» сүресін: **«Ей, Пайғамбар! Аллаһтан қорық және кәпірлер мен мұнафықтарға бағынба. Ақиқатында, Аллаһ – бәрін Білуші, өте Дана»**[1] деген сөздермен бастағаны да бұл арандатушылықтың қаншалықты кең тарағандығын айғақтайды.

Бұл айтылғандар мұнафықтардың бәну мусталиқ жорығына дейінгі жасаған құйтырқылықтарының кішкентай бір бөлігі ғана. Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардың бұл жымысқылықтарының бәріне сабыр ететін, жұмсақтық, сыпайылық танытатын. Жалпы мұсылмандар да олардың кесірлерінен сақтанып жүретін немесе олардың жамандықтарына сабыр көрсететін. Өйткені мұнафықтардың бір емес, бірнеше рет сырлары әшкереленгендіктен, мұсылмандар оларды танып қалған еді. Бұл туралы Аллаһ тағала: **«Олар өздерінің әр жылы бір немесе екі рет сыналатындықтарын көрмейді ме? Содан кейін де олар тәубеге келмейді және олар ескерту де алмайды»**[2], – деген.

Мұнафықтардың бәну мусталиқ жорығындағы құйтырқылықтары

Мұсылмандар бәну мусталиқ жорығына шыққанда, мұнафықтар да, Аллаһ тағала: **«Олар араларында шыққанның өзінде, сендерге бүліншіліктен басқаны арттырмас еді және араларыңа бүлік салуға тырысар еді»**[3], – деп айтқандай, оларға еріп шықты. Бұл жолы да олар кесірлерін тигізуге мүмкіндік тауып, мұсылмандардың ішінде үлкен

[1] «Ахзаб» сүресі, 1-аят.
[2] «Тәубе» сүресі, 126-аят.
[3] «Тәубе» сүресі, 47-аят.

бейберекеттік тудырды, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қарсы сұмдық арандатушылық таратты. Төменде солардың кейбіріне тоқтала кетеміз.

Мұнафықтардың: «Осыдан Мәдинаға оралсақ, әлбетте, үстемдер одан әлсіздерді қуып шығарады», – дегені

Аллаһ елшісі (с.а.с.) жорығын аяқтаған соң, Мурайсиғ суының басына ат шалдырып, біраз уақыт бойы сонда аялдады. Сол аралықта бір адамдар су алу үшін суат басына келеді. Бұл жорыққа Омар ибн әл-Хаттаб Жаһжаһ әл-Ғифари деп аталатын жалдамалы қызметкер ертіп шыққан болатын, сол Жаһжаһ ансарлардың бірі Синан ибн Уабр әл-Жуһанимен суға таласып, мұның соңы төбелеске ұласады. Бір-бірімен жағаласқан екеуі жақтастарын іздеп, Синан әл-Жуһани: *«Уа, ансарлар!»* – десе, Жаһжаһ: *«Уа, муһажирлер!»* – деп дауыстайды. Олардың айқайын естіген Пайғамбар (с.а.с.) адамдардың алдына шығып: ***«Мен орталарыңда жүргенде надандық дәуірінің ұранын жасап тұрсыңдар ма? Доғарыңдар мұны! Шындығында, бұл жиреніште»,*** – дейді. Орын алған жағдай екіжүзді мұнафықтардың басшысы Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлулге жеткенде, бір топ руластарының ішінде отырған ол ашуына мініп: «Олар осылай жасапты ма? Бізге қарсы жақтастарын шақырыпты ма? Олар өз елімізде бізбен жағаласып, өктемдік көрсеткен екен. Аллаһпен ант етейін, біз бен бұлардың жағдайы бұрынғылардың бірінің: «Итіңді семіртсең, өзіңді жейді», – дегенінен өзге ештеңе емес. Аллаһпен ант етейін, осыдан Мәдинаға оралғанымыздан соң, біздің күштілер одан бұл бейшараларды қуып шығады», – деп ызғарланады. Сонан кейін ол жанындағыларға қарап: «Міне, бұл – өз бастарыңа істегендерің. Сендер бұларға елдеріңнен қоныс бердіңдер, бұлармен мал-мүліктеріңді бөлістіңдер. Аллаһпен ант етейін, егер де бұларға қолдарыңдағы дүние-мүліктен ештеңе бермесеңдер, бұлар басқа елге көшіп кетер еді», – дейді. Ибн Убәйдің жанындағы руластары ішінде бала сахабалардың бірі Зәйд ибн Арқам да бар еді. Зәйд мұнафықтың пасық сөздерін көкесіне, ал көкесі Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жеткізеді. Мұны естіген Омар: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Аббад ибн Бишрге бұл сұмырайды өлтіруге бұйрық бер»,* – дейді. Бірақ Пайғамбар (с.а.с.): ***«Жоқ, ей, Омар! Жұрт Мұхаммед өз сахабаларын өлтіруге кірісіпті деп әңгіме қылады ғой. Одан да адамдардың жолға шығуына жарлық бер»,*** – деп тапсырады. Негізінде, бұл әдетте жолға шығатын уақыт емес-ті. Сонда да адамдар Пайғамбардың (с.а.с.) бұйрығымен жолға аттанды. Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ансарлардың басшыларының бірі Усәйд ибн Худайр жолығып, сәлем береді де: *«Жайсыз уақытта жолға шықтың ғой»,* – дейді. Пайғамбар (с.а.с.) одан Ибн Убәйді меңзеп: ***«Сен жолдастарыңның не дегенін естімедің бе?»*** – деп сұрайды. Усәйд: *«Ол не деп ті?»* – деп аңтарылады. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Ол Мәдинаға оралғанынан соң, күштілердің одан бейшараларды қуып шығатынын айтыпты»,*** – дейді. Сонда Усәйд: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Қаласаң, Мәдинадан сен оны қуып шығасың. Аллаһпен ант етейін,*

шындығында, ол бейшара, сен күштісің», – дейді де, сонан соң: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Оған кешіріммен қара. Аллаһпен ант етейін, ақиқатында, Аллаһ бізге сені келтіргенде, тайпаластары оны патша сайлау үшін тәжінің асыл тастарын тізіп отырған болатын. Сондықтан ол сені өзінен патшалықты тартып алды деп ойлайды»*, – деп басу айтады.

Сөйтіп адамдар сол күні кешке дейін, одан әрі түнімен таң атқанша, таң атқан соң да күн қызғанға шейін тоқтамай жол жүрді. Күн әбден қызғанда ғана адамдар ат шалдырып, жерге қисайған бетте-ақ талып ұйқыға кетті. Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұны жұртты болған әңгімеден алдандырып, оны ұмыттыру үшін жасаған болатын.

Абдуллаһ ибн Убәй өзі айтқан сөздерді Зәйд ибн Арқамның жеткізгенін білгенде, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп, олай деп айтпағанына Аллаһпен ант ішті. Оның жанында болған ансарлар да: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Сірә, бұл бала мұның сөздерін дұрыс түсінбеген, есінен шығарып қойған болса керек»*, – деген соң, Пайғамбар (с.а.с.) Ибн Убәйдің сөзіне сенді. Бұл туралы Зәйдтің: *«Бұдан мен қайғыға салындым, бұрын ешқашан ондай қайғыны бастан өткерген емеспін. Қайғырып үйімде отырдым. Сонда Аллаһ тағала:* **«Мұнафықтар саған келген кезде: «Сенің шын Аллаһтың елшісі екеніңе куәлік береміз», – дейді. Аллаһ, сен Өзінің хақ елшісі екеніңді біледі. Әрі Аллаһ, мұнафықтар анық өтірікші екеніне куәлік етеді. Олар анттарын қалқан етіп алып, Аллаһтың жолынан қайтарды. Шындығында, олардың істеп жатқандары өте жаман! Бұл, олардың иман келтіріп, кейін кәпір болғандықтары себепті. Сөйтіп олардың жүректеріне мөр басылды, енді олар түсінбейді. Оларды көрген кезінде, тұлғалары сені сүйсіндіреді. Сөйлесе, сөздеріне құлақ саласың. Олар бейне бір сүйеп қойылған бөренелер тәрізді. Олар әрбір айқайды өздеріне жориды. Олар – жау, олардан сақтан. Аллаһ оларды лағынет етсін! Олар қайда бұрылып барады?! Қашан оларға: «Келіңдер, Аллаһтың елшісі сендер үшін кешірім тілейді» делінсе, олар бастарын шайқайды. Әрі сен олардың өздерін жоғары санап теріс бұрылғанын көресің. Олар үшін кешірім тілесең де, кешірім тілемесең де – оларға барабар. Аллаһ оларды ешқашан кешірмейді. Негізінде, Аллаһ бойсұнбаушы адамдарды тура жолға салмайды. «Аллаһтың елшісінің жанындағыларға қаражат жұмсамаңдар, олар тарап кетсін», – дейтіндер солар. Аспандар мен жердің қазыналары Аллаһта. Бірақ мұнафықтар түсінбейді. Олар: «Осыдан Мәдинаға оралсақ, әлбетте, үстемдер одан әлсіздерді қуып шығарады», – дейді. Негізінде, үстемдік Аллаһта әрі Оның елшісінде және иман келтіргендерде. Бірақ мұнафықтар білмейді»**[1] *деген аяттарын түсірді. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) мені адам жіберіп шақырып алып, бұл аяттарды оқыды да:*

[1] «Мұнафиқун» сүресі, 1-8 аяттар.

«Расында, Аллаһ сенің айтқаныңды растады, ей, Зәйд!» *– деді»*, – дегені риуаят етіледі[1].

Мұнафықтың баласы Абдуллаһ ибн Абдуллаһ ибн Убәй таңдаулы сахабалардың қатарындағы ізгі кісі болатын. Ол әкесінен безіп, адамдар жорықтан қайтқанда, қала қақпасының аузында тұрды. Ибн Убәй келгенде, баласы оның жолын кес-кестеп: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) рұқсат еткенге дейін бұл жерден өтпейсің. Негізінде, ол күшті, ал сен бейшарасың»*, – деді. Пайғамбар (с.а.с.) келіп, Ибн Убәйдің қалаға кіруіне рұқсат еткен соң ғана баласы оны жіберді[2].

Жала оқиғасы

Осы бәну мусталиқ жорығында Ислам тарихында «хадис әл-ифк» (жала оқиғасы) деген атпен айшықталған оқиға орын алды. Бұл оқиға Пайғамбардың (с.а.с.) жұбайы Айшаның (Аллаһ оған разы болсын), жала жабушылар оған жала жапқанда, Аллаһ олардың жаласынан оны ақтаған кездегі хадисінде баяндалған. Оның қысқаша мазмұны, Аллаһ елшісі (с.а.с.) бір сапарға шығуды қаласа, әйелдерінің арасына жеребе тастайтын да, жеребе қайсысына шықса, соны өзімен бірге алып шығатын. Сондай-ақ Мурайсиғ жорығына аттанарда да Пайғамбар (с.а.с.) әйелдерінің арасына жеребе тастап, жеребе Айшаға түседі де, Айша онымен бірге шығады. Айшаны түйенің қомына орнатылған күймешеде[3] алып жүреді, жерге сол күймешемен бірге түсіретін. Сөйтіп Аллаһ елшісі (с.а.с.) жорығын аяқтаған соң, кері қайтады. Мәдинаға жақын келіп аялдағанында, түнде Пайғамбар (с.а.с.) жолға шығу керектігін жариялайды. Бұл кезде Айша орнынан тұрып, әскердің сыртына шығып кеткен еді, қажеттілігін өтеген соң, көлікке келіп тұрып кеудесін сипаса, мойнындағы әпкесінен таға тұруға алған алқасы үзіліп түсіп қалған екен. Айша жүрген жолымен кері қайтып алқасын іздейді және алқаны іздеу оны біраз ұстап қалады. Сол арада Айшаны алып жүрген адамдар келіп, оны күйменің ішінде деп ойлап, күймені көтеріп, мініп жүрген түйесіне артады. Ол кезде Айша ет жинамаған, артық салмағы жоқ жас қыз еді. Сондықтан адамдар күймені көтеріп, түйеге артқанда оның салмағын сезбей қалған. Әрі Айшаның күймесін артатындар бір топ адам болғандықтан да, күймені бірлесе көтергенде, оның ауыр-жеңілін сезіне бермейтін. Егер де оны артқандар бір-екі адам болғанда, Айшаның күйме ішінде жоқтығын байқамай қалуы мүмкін емес-ті.

Сөйтіп адамдар түйені айдап, жүріп кетеді. Әскер жүріп кеткеннен соң ғана алқасын тапқан Айша, олар жайғасқан жерге келсе, онда ешкім жоқ.

[1] Қ.: «Сахих әл-Бұхари» (1/499, 2/727-729), Ибн Һишам (2/290-292).
[2] Ибн Һишам (2/292), шейх Абдуллаһ ән-Нәждидің «Мухтасар әс-сира» кітабы (277-бет).
[3] Мұнда жүргіншінің қауіпсіздігі үшін түйенің өркешіне орнатылатын күйме тәрізді зембілше зат туралы айтылған.

Күймеде жоқ екендігін біліп, қайтып келер деп ойлап, өзі түскен орынға келеді. Сол орнында отырған күйі көзі жұмылып, ұйықтап кетеді. Сафуан ибн Муғаттал ұйқышыл адам болғандықтан, әскерден қалып қойып, оның соңынан келе жатқан болатын. Таңертең Айша қалған орынға жеткен ол ұйықтап жатқан бір адамның қарасын көріп, оған келеді. Ол Айшаны көріп, таниды. Сафуан оны хижаб жабылудан бұрын көретін. Айша оның өзін танығанын кездегі: *«Иннә лилләһи уә иннә иләйһи ражиъун (Біз Аллаһқа тәнбіз және Оған қайтамыз). Мынау Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әйелі ме?»* деген даусынан оянады да, жилбабымен[1] жүзін жабады. Сафуан оған бір сөз де сөйлемейді, Айша оның *«Иннә лилләһи уә иннә иләйһи ражиъун (Біз Аллаһқа тәнбіз және Оған қайтамыз)»* дегенінен өзге бір сөзін естімейді. Ол түйесін Айшаға жақындатып, шөктіреді де, Айша түйеге мінеді, ал ол түйені жетектеп жолға түседі. Олар әскерге түс әлетінде тынығып алу үшін аялдаған жерінде келіп жетеді. Сонда Аллаһтың жауы сұмырай Абдуллаһ ибн Убәйге ішін тырнаған екіжүзділік пен күншілдік уытын төгудің сәті туып, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) пәк жұбайына жала жабуға және оны жаюға, таратуға кірісті. Ибн Убәйдің сыбайластары да осы жаланы тарату арқылы мұнафық мырзаларының көңілін табуға тырысатын. Әскер Мәдинаға оралғаннан соң жала жабушылар мұнафық қоқсытқан өсек-аяңға кеңінен кірісіп кетті. Ал Аллаһ елшісі (с.а.с.) тіл қатпастан үнсіз жүрді. Мән-жайды айқындайтын уахи кешіккен соң Пайғамбар (с.а.с.) Айшамен ажырасуға қатысты сахабаларымен ақылдасты. Әли ибн Әбу Талиб қызғаншақтығы себепті ел ішінде тарап кеткен қаңқу сөзге қатты мазасызданып жүрген Аллаһ елшісін (с.а.с.) тыныштандыру, көңілін жайландыру үшін оған әйелімен ажырасуын және одан басқа әйелге үйленуін астарлай нұсқады. Ал Усама ибн Зәйд пен өзгелер Аллаһ елшісіне (с.а.с.) әйелін өзінде қалдыруына және дұшпандардың қаңқу сөзіне назар аудармауына кеңес берді. Содан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) мінберге шығып, Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлулді жазаласа, адамдар өзін айыптамай ма, соны сұрады. Сонда әус тайпасының басшысы Усәйд ибн Худайр мұнафықты өлтіруге ниет білдірді. Мұны естіген хазраждың көсемі, Ибн Убәйдің тайпаласы Сағд ибн Ғұбада рулық намысқа, қызбалыққа беріліп, Усәйдпен сөзге келіп қалды. Сол кезде әус пен хазраж тайпалары бір-біріне өре түрегелді. Алайда Аллаһ елшісі (с.а.с.) басу айтып, оларды тыныштандырды және өзі де үнсіз қалды.

Айшаға келсек, Мәдинаға оралғанынан соң, бір ай бойы ауырып төсек тартып жатқандықтан, жала жабушылардың өсегінен мүлдем хабарсыз еді. Ауырып жатқан кезінде Аллаһ елшісінен (с.а.с.) бұрын ауырған кезінде көретін мейірбандықты көрмеуі ғана оның көңілінде әлдебір күмән тудыратын. Сауыққанынан соң, түнде Умму Мистахпен бірге түзге шығады. Үйлеріне қарай келе жатқанда, Умму Мистах желбегейінің етегіне шалынып

[1] Жилбаб – әйелдердің сыртқа шыққанда киетін, басты және бүкіл денені жауып тұратын сырт киімі.

кетіп: *«Құрғыр Мистах!»* – деп, баласын тілдейді. Айша оның мұнысына тіксініп қалады. Сонда Умму Мистах: *«Ей, сен оның не дегенін естімедің бе?»* – деп, Айшаға жала жабушылардың сөздерін[1] айтып береді. Үйіне оралған соң Айша мән-жайдың анық-қанығын білу үшін Аллаһ елшісінен (с.а.с.) ата-анасына баруға рұқсат сұрайды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) рұқсат етеді де, Айша ата-анасына барып, ел ішінде тарап кеткен өсекті естиді. Содан бастап Айша жылаудан көз ашпай, көз жасы тыйылмастан, ұйықтамастан екі тәулік жылайды. Үшінші күні де күні бойы жылап жатады. Тіпті ата-анасы жылаудан бауыры жарылып кетер ме екен деп ойлайды. Ол осылай жылаумен жатқанда Аллаһ елшісі (с.а.с.) келіп, куәлік сөзін[2] айтады да: ***«Енді... Ей, Айша! Ақиқатында, мен сен туралы мына-мынаны естідім. Егер кінәсіз болсаң, Аллаһ сені жуық арада ақтайды, ал егер бір күнәға барған болсаң, онда Аллаһтан кешірім тіле және Оған тәубе ет, шындығында пенде күнәсін тән алып, сосын тәубеге келсе, Аллаһ оның тәубесін қабыл етеді»***, – дейді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) сөзін аяқтағанда, Айшаның көз жасы сап тыйылады. Ол әкесінен, сонан соң анасынан Аллаһ елшісіне (с.а.с.) өзі үшін жауап қайтаруын сұрайды. Бірақ екеуі де не айтарларын білмейді[3]. Сол кезде Айша ширығып: *«Аллаһпен ант етейін, мен білдім, сендер бұл әңгімені естіп, ол сендердің көңілдеріңе орнығып алыпты, оған сеніпсіңдер. Егер сендерге мен кінәсізбін десем, сендер бұған сенбейсіңдер, ал Аллаһ менің кінәсіз екенімді біледі. Ал егер сол істі мойындасам, маған сенесіңдер, ал Аллаһ менің кінәсіз екенімді біледі. Аллаһпен ант етейін, негізінде өзіме және сендерге Юсуфтің әкесінің[4]:* **«Көркем сабыр, айтқандарыңа Аллаһтан жәрдем тіленеді»**[5] *деген сөзінен басқа мысал таппай тұрмын»*, – дейді.

Сосын екінші қырына аударылып, төсегіне жатып қалады. Артынша-ақ сол жерде Аллаһ тағала пайғамбарына (с.а.с.) уахи түсіре бастайды. Уахи тоқтаған соң, Аллаһ елшісі (с.а.с.) күледі де, ең бірінші айтқан сөзі – ***«Ей, Айша! Қуан! Ақиқатында, Аллаһ сені ақтады»***, – дейді. Анасы оған: *«Аллаһ елшісіне (с.а.с.) орныңнан тұр»*, – дейді. Өзінің ақталғанына назданған әрі Аллаһ елшісінің (с.а.с.) махаббатына сенімді Айша: *«Аллаһпен ант етейін, мен оған орнымнан тұрмаймын және Аллаһтан өзгеге мақтау айтпаймын, мені ақтап уахи түсірген Сол»*, – дейді.

---

[1] Яғни, Айшаны Сафуан ибн Муғатталмен күйеуіне опасыздық жасады деп өсек-аяң таратқанын.

[2] «Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқтығына және Мұхаммед Оның елшісі екендігіне куәлік беремін» деп.

[3] Айшаның ата-анасы қыздарының кінәсіз екеніне сенімді болатын, бірақ олар қыздарын өздері ақтауды қаламады және Аллаһ елшісіне (с.а.с.) уахи түсуін күтуді дұрыс санады.

[4] Айша жылап-сықтап, жан дүниесі өртеніп жатқандықтан, Яғқуб пайғамбардың есімін ұмытып қалған.

[5] «Юсуф» сүресі, 18-аят.

Аллаһ тағала жала оқиғасына қатысты «Нұр» сүресіндегі: **«Сол жаланы келтіргендер сендердің іштеріңдегі бір топ...»**[1] деп басталатын он аятты түсірді.

Жала жапқандардан Мистах ибн Усаса, Хассан ибн Сәбит және Хамна бинт Жахш **«Арлы әйелдерді арсыздықта айыптап, сонан соң төрт куә келтіре алмағандарға сексен дүре соғыңдар»**[2] деген Аллаһ тағаланың бұйрығына сәйкес, сексен дүреден тиісті жазаларын алды. Алайда сұмырай Ибн Убәй жала жабушылардың басы болғанына әрі жаланың үлкенін иеленгеніне қарамастан жазаға тартылмады. Мұның екі себебі болуы мүмкін. Біріншісі: бұл өмірдегі тиісті жазалар күнәлілердің Ақыреттегі жазасын жеңілдететіндіктен, оған дүре соғылмаған, ал Аллаһ тағала Ақыретте оған үлкен азап болатынын ескерткен. Екіншісі: Ибн Убәй адамдар арасында бүлік тудырмау мақсатында жазаланбаған болуы мүмкін. Пайғамбар (с.а.с.) оны өлтіруден де осы себепті бас тартқан-ды[3].

Осылай бір айдан кейін Мәдинаның аспанын торлаған күдік пен күмәннің, мазасыздық пен толқудың бұлты сейілді. Ал осыны бықсытқан мұнафықтардың басшысы басын көтеріп жүре алмайтын масқараға ұшырады. Ибн Исхақ: «Осыдан кейін бірдеңе бола қалса, тайпаластары оны жазғырып, кінәлап, айыптайтын болды. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.) Омарға: ***«Қалай ойлайсың, ей, Омар! Аллаһпен ант етейін, егер де оны сен маған: «Оны өлтір», – деген күні өлтіргенімде, ол үшін ел толқитын еді. Енді бүгін халыққа оны өлтіруді бұйырсам, екіленбей өлтіреді»***, – деді. Бұған Омар: *«Аллаһпен ант етейін, ақиқатында, мен өзімнің шешіміме қарағанда Аллаһ елшісінің (с.а.с.) шешімінің берекесі көп үлкен екендігін білдім»*, – деп, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) шешімі дұрыс болғанын мойындады», – деген[4].

[1] «Нұр» сүресі, 11-аят.
[2] «Нұр» сүресі, 4-аят.
[3] «Сахих әл-Бұхари» (1/364, 2/696-698), Ибн Һишам (2/297-307).
[4] Ибн Һишам (2/293).

Мурайсиғ жорығынан кейінгі
жортуылдар мен шолғыншы жасақтар

1. Абдур-Рахман ибн Ауфтың һижраның 6-жылы шағбан айында Думат әл-Жәндәлдағы бәну кәлб тайпасының қоныстарына жасаған жортуылы.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Абдур-Рахманды қарсы алдына отырғызып, оның сәлдесін өз қолымен орады, оған соғыс кезінде ең жақсы шешімдерге сәйкес әрекет жасауды өсиет етті және оған: ***«Егер олар саған бағынса, патшаларының қызына үйлен»,*** – деп тапсырды. Абдур-Рахман ибн Ауф оларды үш күн бойы Исламға шақырып, нәтижесінде бәну кәлб тайпасы Исламды қабылдады. Осыдан соң Абдур-Рахман бұл тайпамен байланысты нығайта түсу үшін олардың басшысының әрі патшасының қызы Тумадир бинт Асбағқа үйленді. Абдур-Рахманның ұлы Әбу Сәләмә осы әйелінен туған.

2. Әли ибн Әбу Талибтің һижраның 6-жылы шағбан айында Фәдәктағы бәну сағд ибн бәкір тайпасына жасаған жортуылы.

Мұның себебі, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Фәдәкта яһудилерге күш қосу үшін әскер жинақталғаны туралы хабар алған болатын. Сөйтіп Пайғамбар (с.а.с.) ол жаққа екі жүз кісімен Әлиді жіберді. Әли бастаған жасақ күндіз бой тасалап жасырынып, түн қатып жүріп отырды. Жолда Әли жаудың тыңшысын қолға түсіріп, тыңшы тайпаластарының өзін Хайбарға жібергенін, Хайбардың құрмасын алу шартымен оларға көмектерін ұсынғандығын мойындады. Осыдан соң тыңшы бәну сағд тайпасы шоғырланған орынды көрсетіп, Әли оларға шабуыл жасады және олардың бес жүз түйесі мен екі мың қойын олжалады. Ал бәну сағд тайпасы әйел-балаларымен тым-тырақай қашты. Олардың басшысы Уабр ибн Алим дейтін кісі еді.

3. Әбу Бәкір әс-Сыддықтың немесе Зәйд ибн Харисаның һижраның 6-жылы[1] рамазан айында Қура жазығына жасаған жортуылы.

Фазара тайпасының бір руы Пайғамбарға (с.а.с.) қастандық жасауды көздеп жүрген болатын, Аллаһ елшісі (с.а.с.) осының алдын алу үшін оларға қарсы Әбу Бәкір әс-Сыддықты аттандырды. Сәләмә ибн Акуағ: «(Бірде) *біз фазара* (тайпасына) *жорыққа шықтық. Біздің қолбасшымыз Әбу Бәкір болды, оны Аллаһ елшісі (с.а.с.) бізге қолбасшы етіп тағайындаған еді. Суға жетуімізге біраз уақыт қалғанда, Әбу Бәкір бұйырып, біз түнемелікке түстік. Таң намазынан соң ол әр тараптан шабуылға лап қойып, суға келді. Ол өзіне қарсыласқандарды өлтірді және тұтқынға алды. Сонда мен адамдардың бір тобын көрдім де, олардың тауға өзімнен бұрын жетуінен*

[1] «Бұл жортуыл 7-жылы болған» деген де хабар бар.

қорқып, олар мен таудың арасына жебе аттым. Олар жебені көріп тоқтап қалды. Сөйтіп мен оларды Әбу Бәкірге алып келдім», – деген[1].

Фазара тайпасындағы Умму Қирфа дейтін әйел Пайғамбарға (с.а.с.) қастандық жасауға талпынған адам бейнесіндегі шайтандардың бірі еді. Ол осы үшін өз туыстарынан отыз аттылы сарбаз жасақтаған болатын, дегенмен Умму Қирфа сазайын тартып, жасақтаған отыз туысы да мұсылмандардың қолынан өлім құшты.

4. Кәрз ибн Жәбир әл-Фиһридің[2] һижраның 6-жылы шәууәл айында ғұрайна тайпасы адамдарына жасаған жортуылы.

Мұның себебі, ғұкл немесе ғұрайна тайпасынан бір топ адам Мәдинаға келіп, Исламды қабылдағандарын жариялаған болатын. Мәдинада біраз тұрған олар ауа райы жақпағандықтан іш ауруға душар болды. Пайғамбар (с.а.с.) оларға жайылымдағы сауын түйелі бақташыларға барып, түйелердің зәрі мен сүтін ішуді бұйырды[3]. Олар барып, тәуір болған соң кәпірліктеріне қайта басып, Пайғамбардың (с.а.с.) бақташысын өлтіреді де, түйелерді айдап кетеді. Бұл туралы хабар күннің бас кезінде жетті. Пайғамбар (с.а.с.) олардың артынан Кәрз ибн Жәбир бастаған жиырма сахабадан құралған қуғыншы жіберді, сондай-ақ ғұрайналықтарға қарсы: ***«Уа, Аллаһ! Оларға жолды көрсетпей қой және оларға жолды білезіктен де тар ет»***, – деп дұға жасады. Пайғамбардың (с.а.с.) дұғасы қабыл болып, Аллаһ тағала оларға жолды көрсетпей қойды. Қуғыншылар оларды қолға түсіріп, түс ортасында алып келді. Пайғамбардың (с.а.с.) бұйрығымен бұл опасыздар қатаң жазаланды. Олар туралы хадис «Сахихта» Әнәс ибн Мәликтен келтірілген[4].

«Сира» кітаптарының иелері бұдан кейін Амр ибн Умәййә әд-Дамридің Сәләмә ибн Әбу Сәләмәмен бірге һижраның 6-жылы шәууәл айында жасаған жортуылын келтіреді. Амр ибн Умәййә Меккеге Әбу Суфйанды өлтіру үшін барған болатын, өйткені Әбу Суфйан да бірнеше далалық арабты Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қастандық жасау үшін жұмсаған еді. Бірақ екі жақ та жортуылдарында көздегендеріне жете алмады.

Ахзаб және Құрайза шайқастарынан кейін жасалған жортуылдар мен жорықтар – міне, осылар. Бұлардың ешқайсында кескілескен соғыс жүрместен, көбісінде жеңіл-желпі қақтығыстар орын алған. Бұл жортуылдар тынышталмай отырған далалық арабтар мен Исламның жауларын қорқытуға

[1] «Сахих Муслим» (2/89).

[2] Бәдір шайқасынан бұрын Сәфуан жорығы кезінде Мәдинаның жайылымына шабуыл жасаған осы кісі болатын. Кейін ол Исламды қабылдап, аталмыш жортуылды басқарған және Меккені бағындыру күні мүшріктердің қолынан шәһид болған.

[3] Емдік дәрі есебінде.

[4] «Сахих әл-Бұхари» (2/602).

бағытталған барлау шаралары мен тәртіпке салу әрекеттері ғана болатын. Жағдайларға үңілсек, Ахзаб жорығынан кейін күндердің ағысы мұсылмандардың пайдасына дами бастағанын, Исламның жауларының үстіне рухтары құлап, олардың Ислам дағуатының белін шойыруға, тамырын шабуға ешқандай үміттері қалмағанын көреміз. Дегенмен, бұл даму Худайбия келісімінен соң анық көрінді. Бұл келісім Исламның күшін мойындау және оның Араб жазирасында тұрақтануының құжаты еді.

ХУДАЙБИЯ УМРАСЫ

(hижраның 6-жылы, зул-қағда айы)

Мұсылмандардың Худайбия умрасына шығу себебі

Араб жазирасындағы даму кезеңі мұсылмандардың пайдасына үлкен мөлшерде алға жылжығаннан кейін, ұлы жеңіс пен Ислам дағуаты жетістігінің белгілері біртіндеп көріне бастады және мұсылмандардың әл-Харам мешітінде құлшылықтарын орындауға қатысты құқықтарын мойындаудағы алғышарттар пайда болды. Бұған дейін мүшріктер бұл мешіттен мұсылмандарды алты жыл бойы тосып отырды.

Мәдинада жүрген Аллаh елшісі (с.а.с.) түсінде өзінің және сахабаларының әл-Харам мешітіне кіргенін, Қағбаның кілтін өз қолына алғанын, барлығы тауаф етіп, умра жасағандарын, кейбірі шашын қырғызып, кейбірі қысқартқанын көрді. Ол мұны сахабаларына хабарлаған еді, олар қуанып, Меккеге осы жылы кіреміз деп ойлады. Сөйтіп Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларына өзінің умраға шығатынын жариялады да, сахабалар сапарға қамданды.

Мұсылмандардың сапарға қамдануы

Пайғамбар (с.а.с.) арабтарды және төңірегіндегі бәдәуилерді өзімен бірге шығуға шақырды, бірақ далалық арабтардың көбісі жолға шығуға асықпады. Аллаh елшісі (с.а.с.) өзі жоқта Мәдина халқына басшылық жасауды Ибн Умму Мәктумге немесе Нумәйлә әл-Ләйсиге тапсырды. Сапарға жүрерінен бұрын киімдерін жуды, сонан соң Қасуа деп аталатын түйесіне отырып, hижраның 6-жылы зул-қағда айының басында дүйсенбі күні жолға аттанды. Ол сапарға өзімен бірге әйелі Умму Сәләмәні алды, оған еріп шыққан мұсылмандардың саны мың төрт жүз немесе мың бес жүз адамды құрады. Мұсылмандар сапарға қару-жарақтарын түгел алмастан, жолаушының қаруын – қындарына салынған қылыштарын ғана алып шықты.

Умрашылардың Меккеге қарай қозғалуы

Сонымен Аллаh елшісі (с.а.с.) көш басын Меккеге қарай бұрды, Зул-Хуләйфа деп аталатын жерге жеткенде, құрбандыққа алып шыққан түйелерінің мойнына арқан байлады, өркештерін тілді және адамдарға олармен соғысу ойы жоқ екендігін білдіру үшін умра ихрамына кірді. Ол хузаға тайпасындағы бір тыңшысын құрайыштардың жайын біліп келу үшін көштен оза жіберді. Пайғамбар (с.а.с.) Аштат деп аталатын құдыққа жеткенде, оған тыңшысы келіп: *«Құрайыштар саған жасақтар жинапты*

және ахабиштерді[1] *де жинапты, олар сенімен соғысып, Қағбадан тосып, қайтармақшы»*, – деді. Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларынан кеңес сұрап: ***«Біздің құрайыштарға көмектескен мыналардың жұртын шауып, олжалауымызды жөн көресіңдер ме? Егер олар бізбен соғыспаса, кегі кеткен, қайғыға салынған күйде қалады, ал егер соғысуға келсе, Аллаһ шапқан мойындарға айналады. Әлде сендер Қағбаны бетке алып, одан бізді тосқанмен соғысуды қалайсыңдар ма?»*** – деді. Әбу Бәкір сөз алып: *«Аллаһ және Оның елшісі жақсы біледі. Шындығында, біз умра жасау үшін ғана келдік, біреумен соғысу үшін келмедік, алайда кімде-кім бізді Қағбадан тосса, онымен соғысамыз»*, – деп кеңес берді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): ***«Аллаһтың есімімен жолға түсіңдер»***, – деді де, сахабалар Қағбаны бетке алып жолға түсті.

Құрайыштардың мұсылмандарды Қағбаға жібермеуге әрекет жасауы

Құрайыштар Пайғамбардың (с.а.с.) жолға шыққанын есті сала кеңес мәжілісін құрып, мәжілісте мұсылмандарды мүмкіндігінше Қағбаға кіргізбеуге шешім қабылдады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) ахабиштермен соғыспай бұрылып кеткен соң, оған бәну кағб руынан бір кісі құрайыштардың Зу Туа дейтін жерге ат шалдырғанын, ал Халид ибн Уәлид бастаған екі жүз аттылы сарбаз Курағ әл-Ғамимде, Меккеге баратын негізгі жолда шеп құрып тұрғанын жеткізді. Халид мұсылмандардың жолын бөгеуге әрекет жасап, аттылы сарбаздарымен олардың қарсы алдына орналасты. Екі жақтың әскері бірін-бірі көретін қашықтықта аңысын аңдып, жағдайды бақылап тұрды. Халид мұсылмандардың бесін намазы кезінде рукуғ жасап, сәждеге жығылып жатқанын көргенде: «Шындығында, бұлар аңдаусыз қалды, егер де бұларға шабуыл жасағанымызда, қырғынға ұшыратар едік», – деді. Сонан соң ол мұсылмандарға аср намазы уақытында шабуыл жасап, лап қоюға шешім қабылдады. Бірақ Аллаһ тағала қауіп-қатер кезінде қалай намаз оқу керектігі туралы үкімді түсірді де, Халид ойға алған жоспарын іске асыра алмай қалды.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қанды соғыстан қашу мақсатымен Меккеге баратын басқа жолға түсуі

Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларымен бірге тау шатқалдары арасындағы жүріске қиын жолға түсті де, Қағбаға баратын, Танғим арқылы өтетін негізгі жолды сол жағында қалдырып, оң беткеймен жүрді. Халид көтерілген шаңды көргенде, мұсылман әскерінің өзі бөгеп тұрған жолдан басқа жолға түскенін біліп, құрайыштарды ескерту үшін шаба жөнелді.

[1] Ахабиш – кинәнә және хузайма тобындағы құрайыштармен одақтас бірнеше тайпалардың жалпы атауы.

Пайғамбар (с.а.с.) Сәният әл-Мирар деп аталатын тау асуына дейін барды да, сол жерде түйесі шөгіп, жатып қалды. Адамдар: *«Хал! Хал!»* – деп оны тұрғызбақ болғанмен, түйе қозғалмай жатып алды. Сонда олар: *«Қасуа*[1] *қырсығып қалды, Қасуа қырсығып қалды»*, – десті. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Қасуа қырсығып жатқан жоқ, ол оның мінезіне тән емес. Бірақ оны пілдерді тоқтатқан*** (Аллаһ) ***тоқтатты*[2]*!»*** – деді де, сөзін жалғап: ***«Жаным қолында болған*** (Аллаһ)***пен ант етейін, олар маған қайсыбір іске өтініш жасамасын, оған қатысты Аллаһтың қастерлі тыйымдарына құрмет көрсететін болса, сол*** (сұрағандарын) ***берер едім!»***[3] – деді. Сосын Пайғамбар (с.а.с.) түйесіне зекіп еді, ол орнынан тұрды. Пайғамбар (с.а.с.) басқа жаққа бұрылды да, Худайбияның алыс шетіндегі азғантай көлшік суы бар суатқа аялдады. Адамдар көлшіктің суынан аз-аздап ала бастады да, көп өтпей-ақ оны тауысып, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) шөл қысқанын айтып шағымдана бастады. Пайғамбар (с.а.с.) қорамсасынан бір жебе суырып алып, оны көлшікке шаншуды бұйырды. Сонда адамдардың бәрі шөлдерін қандырып болғанша су бұрқылдап қайнап шығып тұрды.

Будәйл ибн Уарқаның Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен құрайыштардың арасына түсуі

Аллаһ елшісі (с.а.с.) тоқтаған орнына жайғасқан соң, Будәйл ибн Уарқа әл-Хузағи[4] өз тайпасы хузағаның бірнеше адамдарымен келді, олар Тиһама тұрғындарынан Аллаһ елшісінің (с.а.с.) кеңесшілері еді. Будәйл: «Мен Кағб ибн Луәй мен Амир ибн Луәйдің қасынан келдім. Олар Худайбияның сарқылмас суларының бойына ат шалдырды, өздерімен бірге боталы сауын түйелері бар. Олар соғысып, сені Қағбаға кіргізбей қоймақ», – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Біз біреумен соғысу үшін келген жоқпыз, алайда умра жасауға келдік. Ал құрайыштарды соғыс титықтатып, зиян келтірген болса, қаласа, олармен*** (белгілі бір) ***мерзімге бітім жасасамын,*** (бітім

[1] Қасуа – Пайғамбарымыздың (с.а.с.) түйесінің аты.

[2] Пайғамбар (с.а.с.) бұл арқылы Ислам тарихынан бұрын орын алған танымал оқиғаға сілтеме жасаған. Ол кезде эфиоптардың басшысы Абраһа Мекке шаһарын басып алып, Қағбаны қирату үшін қарақұрым әскермен жорық жасаған болатын. Әскер қосынында пілдер бар-тұғын. Ибн Исхақтың хабарында, олардың ішінде бір алып піл болғандығы айтылған. Бірақ Аллаһ тағала олардың Меккеге кіруіне жол бермеді. Олар пілді алдарына шепте ұстап келе жатқан-ды. Меккеге таяғанда піл шөгіп, басқыншылар оны орнынан тұрғыза алмай қояды. Аллаһ тағала эфиоптар әскеріне қарсы әбәбил деп аталатын құстарды жіберіп, оларды жеңіліске ұшыратады. Құстар әскерлердің төбесіне тас атқылап, олардан нысанаға алынбаған ешкімді қалдырмайды (қ: «Фатх әл-Бәри»). Бұл туралы Құранның «Піл» сүресінде айтылған.

[3] Пайғамбарымыз (с.а.с.) қасиетті Мекке шаһарында қарулы қақтығысқа жол бермеу үшін құрайыштардың қабылдауға болатын барлық шарттарымен келісетінін айтқан.

[4] Ол хузаға тайпасының көсемі еді.

мерзімі ішінде) ***олар мені мен адамдардың[1] арасына килікпесін. Егер*** (құрайыштар) ***адамдар кірген*** (Исламға) ***кіруді қаласа, солай етсін, болмаса,*** (тым құрығанда соғыстан естерін жинап) ***тынығып қалады. Егер соғысудан басқаға келіспесе, жаным қолында болған*** (Аллаһ)***пен ант етейін, бұл ісім үшін олармен өлгенімше соғысамын, ал Аллаһ Өз ісін әлбетте жүзеге шығарады»,*** – деді.

Будәйл: «Айтқаныңды оларға жеткіземін», – деді де, кері қайтып, құрайыштарға келіп: «Біз сендерге мына кісіден[2] оның айтқан сөзін тыңдап келдік, егер оны өздеріңе ұсынуымызды қаласаңдар, солай етеміз», – деді. Сонда олардың ақымақтары: «Одан бізге әлденені хабарлауыңның қажеті жоқ», – деді. Ал олардың парасаттылары: «Одан естігеніңді айт», – десті. Будәйл: «Мен оның былай-былай деп айтқанын естідім», – деп, оларға Пайғамбардың (с.а.с.) айтқанын жеткізді.

Осыдан кейін құрайыштар келіссөз жүргізу үшін Микраз ибн Хафс деген кісіні жіберді. Оны көргенде Пайғамбар (с.а.с.): ***«Бұл – Микраз, ол опасыз кісі»,*** – деді. Микразбен сөйлескен Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған да Будәйл мен серіктеріне айтқанын айтты. Микраз құрайыштарға оралып, оларды Пайғамбардың (с.а.с.) талабымен таныстырды.

Құрайыштың елшілері

Осыдан соң кинәнә тайпасынан Хулайс ибн Алқама есімді бір кісі: «Оған мені жіберіңдер», – деді. Олар: «Бар», – деді. Ол Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен сахабаларына жақындағанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Бұл – пәленше, ол түйелерді[3] қадірлейтін қауымнан, алдына түйелерді айдап шығыңдар»[4]***, – деді. Сөйтіп алдына түйелерді айдап шығып, адамдар оны тәлбия айтып қарсы алды. Мұны көрген ол: «Субханаллаһ! Бұларды Қағбаға кіргізбей қоюға болмайды», – деді. Сосын жолдастарына оралған соң: «Мен мойындарына түрлі-түсті арқандар байланып, өркештері тілінген түйелерді көрдім. Оларды Қағбаға кіргізбей қоюды жөн санамаймын», – деді. Бірақ құрайыштар онымен келіспеді.

Ғұруа ибн Масғуд әс-Сақафи орнынан тұрып: «Шындығында, бұл кісі сендерге парасатты шешім ұсынып тұр, оны қабылдаңдар және мені оған жіберіңдер», – деді. Олар Ғұруаға: «Бар», – деді. Сөйтіп ол келіп, Пайғамбармен (с.а.с.) сөйлесе бастады. Пайғамбар (с.а.с.) оған да Будәйлге айтқанын айтты. Сол кезде Ғұруа: «Ей, Мұхаммед! Қауымыңды түбірімен жойып жіберсең, (елге) не айтасың? Өзіңнен бұрын руластарын түгелдей қырып жіберген арабтардың бірі туралы естіген бе едің? Егер (жағдай)

[1] Яғни, әлі Исламды қабылдамаған араб тайпалары адамдарының.
[2] Яғни, Мұхаммедтен (с.а.с.).
[3] Бұл жерде құрбандыққа шалынатын түйелер туралы айтылған.
[4] Осылай ету арқылы оған мұсылмандардың умра жасаудан басқа ниеттері жоқ екенін көрсетуді қалаған.

басқаша бола қалса ше, Аллаһпен ант етейін, мен (бұл жерден) игі жақсыларды көріп отырмын және (жеңіле қалған жағдайда) бас сауғалап қашып, сені жалғыз тастап кетуге дайын тұрған түрлі адамдар тобырын да көріп тұрмын», – деді. Мұны естіген Әбу Бәкір әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) оған: *«Бас сауғалап қашып, оны жалғыз тастап кететін біз бе?»* – деді. Ғұруа: «Бұл кім?» – деп сұрады. Адамдар: *«Әбу Бәкір»*, – деді. Ғұруа: «Жаным қолында болған (Аллаһ)пен ант етейін, маған (бір кезде) көмек қолын созғаның мойнымда қарыз боп тұрмағанда, саған жауап қайтарар едім», – деді. Сосын Ғұруа Пайғамбармен (с.а.с.) сөйлесіп, әр сөйлеген сайын Пайғамбардың (с.а.с.) сақалын ұстауға қолын соза берді. Басында дулыға, қолында қылышы бар Муғира ибн Шуғба Пайғамбардың (с.а.с.) бас жағында тұрған. Ол Ғұруа қолын Пайғамбардың (с.а.с.) сақалына әр созған сайын қылыштың дүмімен қолынан ұрып, оған: *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сақалынан тарт қолыңды!»* – деп тұрды. Ғұруа басын көтеріп: «Бұл кім?» – деп сұрады. Адамдар: *«Муғира ибн Шуғба»*, – деді. Ғұруа оған: «Ей, қиянатшы! Мен сенің қиянатыңды (жабуға әлі күнге дейін) әрекет жасап жүрген жоқпын ба?» – деді. Муғира жәһилият кезінде бір адамдармен жолдас боп жүріп оларды өлтіріп, дүние-мүліктерін тонап алған болатын. Сосын келіп Исламды қабылдаған. Пайғамбар (с.а.с.) сонда оған: ***«Исламға кіруіңді қабыл аламын, ал дүние-мүлік болса, менің оған ешқандай қатысым жоқ»***[1], – деген-ді.

Сосын Ғұруа Пайғамбардың (с.а.с.) сахабаларына көз салып, олардың Аллаһ елшісіне (с.а.с.) деген қарым-қатынастарын бақылады. Сонан соң Ғұруа жолдастарына қайтып келіп: «Ей, қауымым! Аллаһпен ант етейін, расында мен талай патшалардың алдында болғам, Императордың, Кисраның және Нәжәшидің[2] алдында болғам, (бірақ) Аллаһпен ант етейін, ешбір патшаны маңындағылардың, Мұхаммедтің сахабалары Мұхаммедті құрметтегендей құрметтегенін көрген жоқпын! Аллаһпен ант етейін, ол түкірсе, түкірігі (сахабаларынан) бір кісінің алақанына түсіп, ол дереу онымен беті мен денесін сылайды[3], бұйрық берсе, олар оның бұйрығын

---

[1] Бұл сөздің мағынасы: Муғира тонап алған дүние-мүлкін Пайғамбарымызға (с.а.с.) ұсынғанда, ол алудан бас тартқан немесе ол өлтірген адамдардың туыстары Исламды қабылдай қалған жағдайда, өлгендерге құн төлеу үшін Муғираның өзіне керек боп қалуы мүмкін деп ойлаған.

[2] Бұл жерде Византия императоры, Парсы патшасы және Эфиопия императоры туралы айтылған.

[3] Адамдар Пайғамбардың (с.а.с.) берекесін пайдалану үшін осылай жасаған. Ибн Хажардың пікірінше, сірә, сахабалар Ғұруаның «Бұлар бас сауғалап қашып, Пайғамбарды (с.а.с.) жалғыз тастап кетеді» деген ойын теріске шығару үшін бұл істерін оның алдында асыра жасаған болса керек. Бұл істерімен олар «Басшыларын осылай сүйетін, осылай құрметтейтін адамдарды қалайша оны жауына тастап, қашып кетеді деп ойлау мүмкін?!» деп тіл қатып тұрғандай еді (қ.: «Фатх әл-Бәри», 5/341). Кейбір ғалымдардан Пайғамбардың (с.а.с.) келесіде сахабаларына бұлай жасауға рұқсат етпегені туралы да пікір бар.

орындауға асығады, дәрет алса, (дәреттен) артылған суына қырылысуға шақ қалады, ал сөйлесе, қасында дауыстарын бәсеңдетіп, құрметтеулері себепті оған тіке қарамайды. Ол сендерге парасатты ұсыныс жасады, оны қабылдаңдар», – деді.

Олардың қолдарын сендерден тыйған Аллаһ

Құрайыштың соғысқа құмартқан ессіз жастары көсемдерінің бітімге келуді қалап отырғанын көргенде, бітімгершілікке кедергі жасау мақсатымен бір жоспар ойластырып, түн ішінде мұсылмандардың әскери қосынына ұрланып кіріп, соғыс өртін тұтататын әрекеттер тудыруға шешім қабылдады. Олар бұл жоспарларын орындауға іс жүзінде де кірісіп, қаруланған жетпіс не сексені түнде Танғым тауынан Пайғамбар (с.а.с.) мен оның сахабаларына тұтқиылдан шабуылдау мақсатымен түсіп, мұсылмандардың әскери қосынына кіруге әрекет жасады. Бірақ күзетшілердің бастығы Мұхаммед ибн Мәсләмә олардың бірін қалдырмай түгелдей тұтқынға түсірді. Дегенмен, бітімгерлікті қалаған Пайғамбар (с.а.с.) оларды кешіріп, босатып жіберді. Сонда Аллаһ тағала осыған қатысты: **«Ол Меккенің қойнауында сендерді олардан үстем еткеннен кейін олардың қолдарын сендерден, ал сендердің қолдарыңды олардан тыйды»**[1] деген аятын түсірді.

Осман ибн Аффанның құрайыштарға елшілікке баруы

Осыдан соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) құрайыштарға өзінің келген мақсатын түсіндіретін елші жіберуді қалап, осыны жүктеу үшін алдына Омар ибн әл-Хаттабты шақырды. Омар уәжін айтып: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Егер маған жәбір жасалса, Меккеде бәну кағб руынан мен үшін ашуланатын ешкімім жоқ. Бұған Осман ибн Аффанды жібер, өйткені оның туыстары сонда. Ол сенің қалауыңды жеткізеді»*, – деді. Омардың уәжін орынды санаған Аллаһ елшісі (с.а.с.) Османды шақырып, оны құрайыштарға жұмсады және оған: ***«Оларға біздің соғысу үшін емес, умра жасау үшін ғана келгенімізді айт әрі оларды Исламға шақыр»***, – деп тапсырды. Сонымен бірге Османға Меккедегі иман келтірген ер-әйелдерге барып, оларға мұсылмандардың жеңіске жететіні туралы қуанышты жеткізуді, Аллаһ тағаланың Өз дінін Меккеде үстем ететінін, бұдан кейін меккеліктерден ешкімге иманын жасыруға қажеттілік қалмайтынын хабарлауды бұйырды.

Сөйтіп Осман Меккеге жол тартып, Балдах деп аталатын жерде бір топ құрайыштардың жанынан өтті. Олар Османнан: «Сен қайда барасың?» – деп сұрады. Осман: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) мені мына-мынаны жеткізуім үшін жіберді»*, – деп жауап берді. Олар: «Біз сенің айтарыңды естідік, енді келген шаруаңа бар», – деді. Османды Аббан ибн Сағид ибн Ас қарсы алып, қош

[1] «Фатх» сүресі, 24-аят.

келіпсің айтты және оны қорғанына алды да, атын ерттеп, Османды артына мінгестіріп, Меккеге әкелді. Осман Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сөзін құрайыштың басшыларына жеткізді. Кездесу аяқталған соң құрайыштар Османға Қағбаны тауаф жасауды ұсынды. Бірақ Осман бұл ұсыныстан бас тартып, Пайғамбардан (с.а.с.) бұрын тауаф жасауды қаламады.

Османның өлтірілгені жайлы хабар тарауы және ризашылық анты

Құрайыштар орын алған жағдайға қатысты өзара кеңесіп, істерін айқындап алуды және Пайғамбардың (с.а.с.) елшісін нақты жауаппен қайтаруды көздеген болса керек, Османды ұзақ уақыт жібермей ұстап отырды. Осман кешіккен соң мұсылмандардың арасында оның өлтірілгені жайлы хабар тарап кетті. Мұндай хабарды естіген Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Біз бұл адамдармен соғыспайынша ешқайда кетпейміз»,*** – деді де, сахабаларын ант беруге шақырды. Сахабалар өре түрегеліп, Пайғамбарға (с.а.с.) соғыс бола қалған жағдайда ешқайда қашпауға ант беруге кірісті, енді бір топ сахабалар жанын қиюға ант берді. Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ең бірінші ант берген Әбу Синан әл-Әсәди болды, ал Сәләмә ибн Акуағ оған жанын қиюға адамдардың алғашқы тобында, ортаңғы және соңғы легінде үш қайтара ант берді. Ант беру барысында Пайғамбар (с.а.с.) өзінің қолын ұстап: ***«Бұл Осман үшін»,*** – деді. Ант қабылдау аяқталған соң Османның өзі де келіп ант берді. Бұл антқа мұнафықтардың қатарындағы Жәдд ибн Қайс деп аталатын бір кісі ғана қатыспады.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл антты бір ағаштың түбінде қабылдады, Омар оның қолынан ұстап тұрды, ал Мағқил ибн Ясар Пайғамбарға (с.а.с.) кедергі жасамауы үшін қолымен ағаштың бұтағын көтеріп тұрды. Аллаһ тағала бұл жайында: **«Аллаһ иман келтіргендерге, олар саған ағаш түбінде ант берген кезде разы болды»**[1] деген аятын түсірген «ризашылық анты» – осы.

Келісімнің түзілуі және оның тармақтары

Қиын жағдайда қалғандарын аңдаған құрайыштар келісім түзуге асығып, бұл үшін Суһайл ибн Амрді жіберді және оған өзге арабтар «Мұхаммед Меккеге күшпен кіріпті» деп сөз қылмау үшін келісімде Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бұл жылы умра жасамастан қайтуы керектігін қадап тапсырды. Сонымен екіжақты келісім түзу үшін Суһайл ибн Амр келді. Суһайлді көргенде, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Міне, енді тірліктерің оңайласатын болды»***[2]***,*** – деді. Суһайл келіп, Аллаһ елшісімен (с.а.с.) ұзақ сөйлескеннен

[1] «Фатх» сүресі, 18-аят.

[2] Пайғамбар (с.а.с.) бұл жерде «енді құрайыштармен бітім жасасуға болады» дегенді аңғартып еді. Араб тілінде «сәһулә» сөзі – «жеңілденді», «оңайланды» деген мағыналарды аңдатады, ал «Суһайл» есімі осы сөздің түбірінен алынған.

кейін, екеуі түзілетін бітімнің шарттарына келісті. Келісім мазмұнына мынадай шарттар кірді:

1) Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл жылы Меккеге кірместен қайтады да, келесі жылы мұсылмандар қалаға кіріп, үш күн тұрады. Оларға өздерімен бірге жолаушының қаруын – қындарына салынған қылыштарын ғана алып кіруге рұқсат етіледі. Үш күн ішінде құрайыштар оларға ешқандай қысым көрсетпейді.

2) Екі тараптың ортасында он жылға дейін соғыс тоқтатылады. Осы мерзім ішінде адамдарға тыныштық орнайды, екі жақ бір-біріне соқтықпайды.

3) Мұхаммедтің келісімі астына кіргісі келгендерге де, құрайыштардың келісімі астына кіргісі келгендерге де ерік беріледі. Екі жақтың әрбіріне қосылған тайпа сол тараптың бір бөлігі ретінде саналады, ал бұл тайпаларға жасалған кез-келген дұшпандық олар қосылған тарапқа көрсетілген дұшпандыққа баланады.

4) Кімде-кім құрайыштардан Мұхаммедке қамқоршысының рұқсатынсыз (яғни, олардан қашып) келсе, ол кері қайтарылады, ал Мұхаммедтің жанындағылардан кімде-кім (одан қашып) құрайыштарға келсе, ондай адам кері қайтарылмайды.

Суһайлмен ортақ мәмілеге келген соң Пайғамбар (с.а.с.) келісімшартты жазу үшін Әлиді шақырып, оған «Бисмилләһир-Рахманир-Рахим (Аса Мейірімді, Ерекше Рақымды Аллаһ атымен)» деп жазуды бұйырды. Мұны естіген Суһайл: «Аллаһпен ант етейін, әр-Рахманның[1] не екенін білмеймін, әйтсе де бұрын жазып жүргеніңдей: «Бисмикә, Аллаһумма (Уа, Аллаһ, сенің есіміңмен)!» деп жаз», – деді. Пайғамбар (с.а.с.) Әлиге осылай деп жазуды бұйырды. Сосын: ***«Бұл – Аллаһ елшісі Мұхаммедтің жасаған бітімі»,*** – деді. Осы кезде Суһайл: «Аллаһпен ант етейін, сенің Аллаһ елшісі екеніңді білсек, Қағбаға кіруіңе кедергі жасамас едік және сенімен соғыспас та едік! Одан да Мұхаммед ибн Абдуллаһ» деп жаз», – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Аллаһпен ант етейін, сендер жалғанға санасаңдар да мен Аллаһтың елшісімін»,*** – деді де, Әлиге «Аллаһ елшісі» деген сөзді өшіріп, «Мұхаммед ибн Абдуллаһ» деп жазуды бұйырды және Әли бұл сөзді өшіруден бас тартқандықтан, оны өз қолымен өшірді. Осылай келісімшарт хатқа түсірілді. Келісімшарттан кейін хузаға тайпасы Аллаһ елшісінің (с.а.с.) келісімі астына кірді. Олар ежелден Абдулмутталибтің дәуірінен бері бәну һашим әулетінің одақтастары еді, ал бәну бәкір тайпасы құрайыштардың келісіміне кірді.

[1] Әр-Рахман – Аллаһ тағаланың есімдерінің бірі.

Әбу Жәндәлдің мүшріктерге қайтарылуы

Келісімшарт жазылып жатқанда, кенеттен Меккенің төменгі жағынан шыққан Әбу Жәндәл ибн Суһайл ибн Амр[1] кісендерін сүйретіп келді де, мұсылмандардың арқа тұсына жетіп жығылды. Оны көрген Суһайл: «Ей, Мұхаммед! Бұл біз жасайтын келісімнің алғашқысы, оны бізге қайтарып бересің», – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Біз шартнаманы әлі бекіткен жоқпыз ғой»,*** – деді. Суһайл: «Аллаһпен ант етейін, онда сенімен мүлдем келісім жасаспаймын!» – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Осыны маған бер!»*** – деп еді: «Саған оны бермеймін!» – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Жарайды енді, осылай етші!»*** – деді. Бірақ Суһайл: «Мен олай етпеймін!» – деп тұрып алды. Суһайл Әбу Жәндәлдің бетінен ұрып, жағасынан алып, мүшріктерге қайтару үшін сүйрей бастады. Әбу Жәндәл бар даусымен: *«Уа, мұсылмандар қауымы! Дінімді бұлдірулері үшін мүшріктерге қайтарыламын ба?! Менің не күй кешкенімді көрмей тұрсыңдар ма?»* – деп айқайлады. Ол Аллаһқа деген сенімі үшін қатты азапталған еді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) оны жұбатып: ***«Ей, Әбу Жәндәл! Сабыр ет және Аллаһтан сый күт. Әлбетте, Аллаһ саған және жаныңдағы әлсіз мұсылмандарға кеңшілік әрі шығар жол жасайды. Шындығында, біз мына адамдармен бір келісімге отырдық және оларға осы үшін сөз бердік, олар да бізге Аллаһпен серт берді, сондықтан да оларға опасыздық жасамаймыз»,*** – деді.

Мұсылмандардың умра ихрамынан шығу үшін құрбандық шалуы және шаштарын алдыруы

Шартнаманы жазып болған соң, Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларына: ***«Тұрып, құрбандық шалыңдар, сосын шаштарыңды алыңдар!»*** – деді. Пайғамбар (с.а.с.) бұйрығын үш рет қайталаса да, олардан бірде-бір кісі орнынан тұрған жоқ. Олардан ешкім орнынан тұрмаған соң, Пайғамбар (с.а.с.) әйелі Умму Сәләмәға кіріп, оған адамдардан көргенін айтты. Сонда Умму Сәләмә: *«Уа, Аллаһтың пайғамбары! Соны қалайсың ба? Сыртқа шық та, олардан ешкімге дәнеме деп тіл қатпай түйелеріңді құрбандыққа шал және шаш алушыңды шақыр, ол шашыңды алсын»,* – деді. Сөйтіп Пайғамбар (с.а.с.) сыртқа шықты да, олардан ешкімге тіл қатпай соны істеп, түйелерін құрбандыққа шалды және шаш алушысын шақырып, ол шашын алды. Мұны көрген соң сахабалар орындарынан тұрып құрбандық шалып, жапатармағай бірі-бірінің шашын алып, бір-бірін баса-көктеп өлтіре

[1] Әбу Жәндәл ибн Суһайл ибн Амр (Аллаһ оған разы болсын) – Пайғамбарымызбен (с.а.с.) келіссөз жүргізуші Суһайл ибн Амрдың баласы. Ол Исламды қабылдап, сол себепті құрайыштар тарабынан қысымға ұшыраған, оны Мәдинаға жібермей, азаптап Меккеде ұстап отырған. Кейін Әбу Жәндәл бір шайқаста шәһид болды, аз уақыт бұрын оның бауыры Абдуллаһты та дұшпандар азаптап өлтірген еді.

жаздады. Олар бір түйені жеті адамның атынан, сондай-ақ бір сиырды да жеті адамның атынан құрбандыққа шалды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) құрбандыққа мүшріктерді ызаландыру үшін Әбу Жәһлдің Бәдір шайқасында олжаға түскен, тұмсығына күміс шығыршық салынған бурасын шалды. Пайғамбар (с.а.с.) шашын алдырғандарға үш рет, ал қысқартқандарға бір рет кешірім тілеп дұға жасады. Осы сапардың кезінде Аллаһ тағала Кағб ибн Ужраға қатысты кімде-кім ихрам жағдайында науқас не басында бір жайсыздық болғанда шашын қырдырса, ораза тұту не садақа беру немесе құрбандық шалу түрінде өтем төлеуі керектігі туралы үкімді түсірген.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қоныс аударып келген әйелдерді қайтарудан бас тартуы

Сосын Аллаһ елшісіне (с.а.с.) иман келтірген әйелдер келді, туыстары оларды Худайбиядағы келісім бойынша қайтарып беруді талап етті, бірақ Пайғамбар (с.а.с.) бұл ұсынысты қабылдамады, өйткені келісімнің осы тақырыптағы тармағында «бізден саған әлдебір кісі келсе, өз дініңде болса да оны бізге қайтарасың» деп жазылып, шартнамада әйелдер туралы мүлдем сөз қозғалмаған еді[1]. Осыны алға тартқан Пайғамбар (с.а.с.) қоныс аударып келген әйелдерді қайтарудан бас тартты. Аллаһ тағала бұған қатысты: **«Ей, иман келтіргендер! Қашан сендерге иман келтірген әйелдер қоныс аударып келсе, оларды сынап көріңдер. Аллаһ олардың имандарын жақсы біледі. Сонда егер олардың иман келтірген әйелдер екенін білсеңдер, оларды кәпірлерге қайтармаңдар. Бұлар оларға рұқсат етілмейді әрі олар да бұларға рұқсат етілмейді. Оларға жұмсағандарын беріңдер. Қашан оларға** (мәһр) **төлемін берсеңдер, оларды некелеріңе алуда сендерге ешқандай күнә болмайды. Кәпір әйелдердің** (некелік) **байланысын ұстамаңдар»**[2] деген Құран аятын түсірді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) қоныс аударып келген әйелдерді Аллаһ тағаланың: **«Ей, Пайғамбар! Қашан саған иман келтірген әйелдер Аллаһқа еш нәрсені серік етіп қоспауға, ұрлық қылмауға, зина жасамауға, балаларын өлтірмеуге, қолдарының және аяқтарының арасынан шығарып жала жаппауға әрі жақсылықта саған қарсы келмеуге ант беруге келсе, олардың анттарын қабылда және олар үшін Аллаһтан кешірім тіле»**[3] деген сөздерімен сынайтын. Сонда қайсысы осы айтылған шарттарды мойындаса, оған: ***«Сенің антыңды қабылдадым»,*** – дейтін де, оны мүшріктерге қайтармайтын.

[1] Қ.: «Сахих әл-Бұхари» (1/380).
[2] «Мумтахина» сүресі, 10-аят.
[3] «Мумтахина» сүресі, 12-аят.

Келісімнің жемістері

Худайбия келісімі осылай түзілді. Бұл келісімдегі тармақтардың тереңіне, одан шығар нәтижелерге үңілген адам оның мұсылмандар үшін ұлы жеңіс екендігіне күмәнданбайды. Бұрын құрайыштар мұсылмандарды әсте мойындамайтын, керісінше, оларды түп-тамырларымен жойып жіберуді көздейтін, олардың шаруалары бітетін күнді күтумен жүретін, Араб жазирасындағы діни әрі дүниелік басшылықтарын пайдаланып, Ислам дағуатының халыққа жетуіне кедергі жасауға бар күштерімен тырысатын. Енді олардың келісімге бет бұруларының өзі-ақ мұсылмандардың күшін мойындағандықтарын, мұсылмандарға қарсы төтеп бере алмайтындықтарын айғақтады. Келісімнің үшінші тармағының мазмұны құрайыштардың дүниелік әрі діни басшылықтарын естерінен шығарып, жайына қалдырғанын, енді оларды өздерінен басқаның қызықтырмайтынын, Араб жазирасының қалған бөлігі мен дүйім жұрттың барлығы түгелімен Исламға кірсе де, бұл оларды уайымға салмайтынын, олардың бұған мүлдем араласпайтындығын көрсетеді. Бұл құрайыштардың ойсырай жеңілуі, ал мұсылмандардың анық жеңісі емес пе? Мұсылмандар үшін өздері мен жауларының арасында жүрген қанды шайқастардың мақсаты мал-мүліктерді олжалау, кісі өлтіріп, жұрттың көзін жою немесе жауды Исламды қабылдауға мәжбүрлеу емес-ті. Бұл шайқастардан мұсылмандар көздеген жалғыз мақсат, Аллаһ тағала: **«Кім қаласа, иман келтірсін, кім қаласа, кәпір болсын»**[1], – дегендей, адамдардың сенім мен діндегі толық бостандығы ғана болатын, өздерінің қалауларын орындауларына ешбір күштің бөгет жасамауын көксейтін. Худайбия келісімі арқылы мұсылмандар бұл мақсаттарына толықтай қол жеткізді, олар соғыстарда анық жеңіске жетсе де, аталмыш мақсаттарына мұншалықты жетпеулері мүмкін еді. Мұсылмандар осындай бостандықтың арқасында дін тарату жұмыстарында үлкен табысқа жетіп, келісімнен бұрын сандары үш мыңнан аспайтын болса, небәрі екі жылдың ішінде, Меккені алар кезде мұсылман әскерінің саны он мыңға жетті.

Келісімнің екінші тармағы да осы анық жеңістің тағы бір бөлігі. Соғыстарды бастаған мұсылмандар емес-ті, оны бастаған құрайыштардың өздері болатын. Аллаһ тағала: **«Олар сендерге** (соғысты) **бірінші бастады»**[2], – деген. Мұсылмандардың әскери әрекеттерінен көздеген мақсаттары құрайыштардың астамшылықтары мен Аллаһтың жолынан тосуларын тоқтатулары және өздерімен терезесі тең қатынас жасаулары, әр жақ өз ұстанымы бойынша әрекет етуі үшін ғана еді. Он жыл бойы соғысты тоқтатуға жасалған келісім осы астамшылық пен кедергіге шек қойды. Сондықтан бұл келісім соғысты бастағандардың жеңілісінің, әлсіреуі мен күйреуінің айғағы болды.

[1] «Кәһф» сүресі, 29-аят.
[2] «Тәубе» сүресі, 13-аят.

Ал бірінші тармақ құрайыштардың мұсылмандарды әл-Харам мешітінен тосуына шек қойды. Бұл да олардың жеңілісін айғақтайды. Онда мұсылмандардың Қағбаға кіруі бір жылға ғана шегерілгені болмаса, құрайыштар үшін пайдалы ештеңе жоқ.

Құрайыштар осы үш бірдей ұтысты мұсылмандарға қолдарынан беріп, есесіне келісімнің төртінші тармағындағы бір ғана ұтымды шартқа қол жеткізді. Алайда бұл мұсылмандарға ешқандай зияны жоқ өте мардымсыз ұтыс еді. Өйткені мұсылман адамның өз сенімінде жүргенде Аллаһтан және Оның елшісінен, Исламның ақ ордасынан қашпайтыны, оның бұдан Исламнан сырттай немесе іштей безінгенде ғана қашатындығы әбден белгілі. Ал егер біреу Исламнан безсе, ондай адамның мұсылмандарға түкке қажеті жоқ, оның мұсылмандардың ортасында қалғанынан Ислам қоғамынан аласталғаны жақсы. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Ақиқатында, бізден оларға кеткен адамды Аллаһ алыстатты»***[1] деген сөзімен осыны меңзеген. Ал меккеліктерден Исламды қабылдағандардың Мәдинаны паналауына жол қалмаса, Аллаһтың жері кең, олардың қоныс аударулары үшін өзге де жерлер бар. Мұсылмандар Мәдинаның халқы Исламнан бейхабар кезде Эфиопия жерінде де тыныш өмір сүрген жоқ па? Пайғамбар (с.а.с.): ***«Олардан бізге келген біреу болса, Аллаһ оған кеңшілік әрі тығырықтан шығар жол жасайды»***[2] деген сөзімен осыны меңзеген.

Осындай сақтық шарасын ұстануы сырттай қарағанда құрайыштардың үстемдігін көрсеткенімен, ақиқатында бұл олардың қатты толқуларын, табансыздықтары мен күйреулерін, пұтқа табынушы қоғамдары үшін мықтап қорыққандықтарын айғақтайды. Құрайыштар сол күні өздерінің қоғамының құлағалы тұрған жардың шетінде тұрғанын іштей сезіп, жанталаса осындай сақтық шарасын ұстанғандай ой тудырады. Ал Пайғамбардың (с.а.с.) мұсылмандардан құрайыштарға қашқан адамды кері қайтаруды талап етпеуге келіскені оның Ислам қоғамы мен оның күшін нығайтуды барынша негізге алғанын және мұндай шарттан мүлдем қауіптенбегенін айғақтайды.

Мұсылмандардың қапалануы және Омардың Пайғамбармен (с.а.с.) сөз таластыруы

Худайбия келісіміне қатысты екі жайт мұсылмандарды қатты қапаландырды. Оның біріншісі – Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сахабаларына «Жақында біз Қағбаға барып, оны тауаф етеміз» деп хабарлағаны. Олар «Пайғамбар (с.а.с.) енді неліктен кері қайтуға шешім қабылдады?!» деп ойлады.

Екіншісі – «Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) Аллаһтың елшісі және ақиқатты ұстанушы болса да, Аллаһ тағала Өз дінін үстемдікке жеткізетінін уәде

[1] «Сахих Муслим» (Худайбия келісімі туралы тарау, 2/105).
[2] «Сахих Муслим» (Худайбия келісімі туралы тарау, 2/105).

еткен болса да, ол не үшін құрайыштардың қысымына көнді, не себептен келісімнің шарттарында төмендетілуге жол берді?» деген ойлар. Осы екі жайт мұсылмандар арасында азғырулар мен күмәнді ойлар тудырды. Мұсылмандардың көңілдері жараланып, келісімнің шарттары берер нәтижелерді ойламастан, қайғы-мұңға салынды. Сірә, олардың ішіндегі ең қатты қапаланғаны Омар ибн әл-Хаттаб болса керек, ол Пайғамбарға (с.а.с.) келіп:

– *Уа, Аллаһтың елшісі! Біз ақиқатта, ал жауларымыз адасуда емес пе?* – деді. Пайғамбар (с.а.с.):

– ***Әлбетте,*** – деді.

– *Бізден өлтірілгендер жаннатта, ал олардан өлтірілгендер тозақта емес пе?*

– ***Әлбетте.***

– *Онда неге дінімізге қатысты төмендетілуге жол береміз және Аллаһ біз бенен олардың арасын шешпестен бұрын кері қайтамыз?*

– ***Ей, әл-Хаттабтың ұлы! Расында, мен Аллаһтың елшісімін, Оған қарсы келуші емеспін, Ол маған жәрдемдеседі және мені ешқашан құрдымға тастамайды.***

– *Бізге жақында Қағбаға барып, оны тауап етеміз деп айтпап па едің?!*

– ***Әлбетте, бірақ оған осы жылы барамыз деп айттым ба?***

–*Жоқ.*

Пайғамбар (с.а.с.):

– ***Сен оған*** (әлі) ***келіп, тауап жасайсың,*** – деді.

Ызасы келген Омар Әбу Бәкірге барып, оған да Аллаһ елшісіне (с.а.с.) айтқан сөздерін айтты. Әбу Бәкір де оған тура Аллаһ елшісінікіндей жауап қайтарды және соңында: *«Сен өле-өлгеніңше одан айрылма, Аллаһпен ант етейін, ол ақиқатта»,* – деп қосты.

Көп ұзамай **«Ақиқатында, Біз саған анық жеңіс бердік»**[1] деп басталған аяттар түсті де, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Омарды шақыртып, оған бұл аяттарды оқып берді. Омар: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Бұл жеңіс пе?»* – деп сұрады. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Иә»,*** – деді. Омар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдынан қуанып, жадырап қайтты.

Осыдан кейін Омар Аллаһ елшісіне (с.а.с.) орынсыз сұрақтар қойғанына қатты өкініп, пұшайман болды. Оның өзі: *«Осы* (күнәмді жуу) *үшін* (көптеген игі) *амалдар жасадым. Сол күні жасаған ісім үшін, сөйлеген сөздерімнен қорыққандықтан, онымның игілікке айналуын үміт еткеніме дейін садақа берумен, ораза ұстаумен, намаз оқумен және құл азат етумен болдым»* – деген[2].

---

[1] «Фатх» сүресі, 1-аят.

[2] Худайбия жорығы мен келісіміне қатысты қалған деректерді «Фатх әл-Бәри» (7/439-458), «Сахих әл-Бұхари» (1/378-381; 2/598, 600, 717), «Сахих Муслим» (2/105-106, 140), Ибн Һишам (2/308-322), Ибн әл-Жәузидің «Тарих Омар ибн әл-Хаттаб» (39-40 беттер) кітаптарынан қараңыз.

Әлсіз мұсылмандарға қатысты мәселенің шешілуі

Пайғамбар (с.а.с.) үйіне оралғаннан кейін көп өтпей Меккеде мүшріктердің азабын тартып жүрген, Әбу Басир деп аталатын бір мұсылман кісі Мәдинаға қашып келді. Ол құрайыштардың одақтасы сақиф тайпасының тумасы еді. Мүшріктер оны алып келуге екі кісіні жіберіп, Пайғамбарға (с.а.с.): «Бізбен жасаған келісімің бойынша оны қайтарып бер», – деп сәлем жолдады. Пайғамбар (с.а.с.) Әбу Басирды сол екі кісіге беріп жіберді. Ол екеуі Әбу Басирды алып шығып, Зул-Хуләйфаға жеткенде, құрмаларын жеу үшін ат шалдырады. Сол жерде Әбу Басир екі кісінің біреуіне: *«Аллаһпен ант етейін, ей, пәленше! Сенің мына қылышыңның жақсы екенін көріп тұрмын»*, – дейді. Ал екіншісі қылышын қынынан суырып: «Иә, Аллаһпен ант етейін, бұл шынында да жақсы (қылыш), мен мұны талай рет сынап көрдім», – дейді. Әбу Басир: *«Оны маған көрсетші,* (дұрыстап) *көрейін»*, – дейді. Қылышты берген кезде, Әбу Басир оны шауып өлтіреді, екіншісі қашып кетеді де, Мәдинаға жетіп, жүгірген бойы мешітке келіп кіреді. Оны көрген Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Мынаның зәресі ұшыпты ғой»***, – деді. Ол Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «Аллаһпен ант етейін! Жолдасым мерт болды, мені де өлтіреді», – деді. Сосын Әбу Басир келіп: *«Уа, Аллаһтың пайғамбары! Аллаһпен ант етейін, Аллаһ сені міндетіңнен босатты. Мені оларға қайтарып бердің, сосын Аллаһ олардан мені құтқарды»*, – деді. Бұған Пайғамбар (с.а.с.): ***«Анасының соры құрысын!*** (Бұл қасында тағы) ***біреу болса, соғыс отын тұтатар!»*** – деді. Мұны естіген Әбу Басир Пайғамбардың (с.а.с.) тағы да өзін құрайыштарға қайтаратынын біліп, Мәдинадан шығып кетті де, теңіз жағасына барды.

Сосын құрайыштардан Әбу Жәндәл ибн Суһайл қашып құтылып, Әбу Басирға барып қосылды. Сөйтіп-сөйтіп, құрайыштардан қашқан әрбір мұсылман кісі Әбу Басирға қосылып, олардан үлкен бір топ жиналды. Олар Шамға қарай шыққан құрайыш керуені туралы естісе болды, оған шабуыл жасап, адамдарын өлтіріп[1], дүние-мүліктерін тартып ала бастады. Болмаған соң құрайыштар Пайғамбарға (с.а.с.) Аллаһты және туысқандықтарын араға салып, кімде-кім Пайғамбарға (с.а.с.) Исламды қабылдап келсе, оған қауіп жоқ деп сұранып хат жолдады. Осыдан соң Пайғамбар (с.а.с.) Әбу Басир мен оның серіктеріне хабар жіберді де, олар Мәдинаға келіп, діндес бауырларымен қауышты.

Құрайыштың батырларының Исламды қабылдауы

Худайбия келісімінен кейін һижраның 7-жылының басында құрайыштардан Амр ибн Ас, Халид ибн Уәлид және Осман ибн Талхалар Исламды қабылдады. Бұл үш арыс хақ дінді қабылдау үшін Мәдинаға

[1] Яғни, керуен сақшыларын өлтіретін.

келгенде, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Ақиқатында, Мекке біздерге қадірлілерін жіберіпті»,*** – деп сүйінген[1].

[1] Ғұламалар арасында аталмыш сахабалардың Исламды қай жылы қабылдағаны туралы мәселеде көптеген пікір қайшылықтары бар. Сахабалардың тізімін жазған кітаптардың көпшілігінде олардың мұсылмандар қатарына 8-жылы қосылғаны анық көрсетілген. Бірақ та Амр ибн Астың Ислам дінін Эфиопия патшасы Нәжәшидің алдында қабылдағаны белгілі. Ал Халид ибн Уәлид пен Осман ибн Талха Исламды Амр ибн Ас Эфиопия жерінен оралған соң қабылдаған. Амр еліне оралғаннан кейін Мәдинаны бетке алып бара жатқанда, жолда оған Халид пен Осман жолығысып, үшеуі Пайғамбардың (с.а.с.) алдына бірге барған және Исламды қабылдағандарын жариялаған. Осы хабар олардың мұсылмандар қатарына 7-жылдың бас жағында қосылғандарын айғақтайды. Анығы Аллаһқа мәлім.

ЕКІНШІ КЕЗЕҢ – ЖАҢА ДӘУІР

Худайбия келісімінен соң Ислам діні мен оны ұстанушы мұсылмандар өмірінде жаңа кезең басталды. Құрайыштар Исламға қарсы дұшпандықта аса тегеурінді әрі ең қасарысушы басты күш болатын. Олардың соғыс майданынан ысырылып, тыныштық пен бейбітшілік мәмілесіне көшуімен, құрайыштар мен ғатафандардан және яһудилерден құралған үш одақтастың ең мықты қанаттарының бірі сынды. Құрайыштар Араб жазирасындағы пұтқа табынушылықтың үлгісі әрі басшылары болғандықтан, осы келісімнен кейін пұтқа табынушылардың Исламға қарсы дұшпандық сезімдері айтарлықтай басылды. Сондықтан да Худайбия келісімінен соң ғатафандықтардың мұсылмандарға бағытталған ірі сипаттағы қарсылық әрекеттері кездеспеген. Олардың қарсылықтарының басым бөлігі яһудилердің айтақтауымен орын алып отырған.

Ал яһудилер Мәдинадан сүргін етілгендерінен кейін Хайбар жерін паналап, оны жымысқылықтары мен астыртын әрекеттерін ұйымдастыратын ордаларына айналдырған-ды. Олардың шайтандары сол жерде жұмыртқалап, жұмыртқаларынан шұбар жыландарын жарып шығаратын, бүлік пен ылаңның отын маздататын, Мәдина қаласының төңірегін мекендейтін далалық арабтарды азғырып, кіш-кіштейтін, Пайғамбар (с.а.с.) мен мұсылмандардың көзін құртуға немесе оларға үлкен шығындар келтіруге құпия жоспарлар құратын. Сондықтан да Худайбия келісімінен кейін Пайғамбардың (с.а.с.) бірінші кезектегі кесімді шарасы яһудилердің осы бір ордасына қарсы шешуші соғыс жасау болды.

Сондай-ақ, келісімнен соң басталған бұл жаңа кезең мұсылмандар үшін Ислам діні дағуатын таратуға әрі оны өзге халықтарға жеткізуге зор мүмкіндік берді. Мұсылмандардың осы саладағы белсенділіктері еселеп артты, олардың бұл бағыттағы белсенділіктері әскери сипаттағы белсенділіктерінен асып түсті. Осыған орай аталмыш кезеңді: дағуат саласындағы белсенділік немесе патшалар мен әміршілерге хат жолдау және әскери сипаттағы белсенділік деп екіге бөлуге болады.

Осы кезеңдегі әскери сипаттағы белсенділікті сөз етуден бұрын патшалар мен әміршілерге хат жолдау тақырыбына тоқталайық. Өйткені Ислам дағуаты, әрине, ең басты мәселе. Тіпті мұсылмандар оның жолында қиындықтар мен күйзелулерге, соғыстар мен ылаңдарға және мазасыздықтар мен толқуларға төзген мақсат та – осы.

Патшалар мен әміршілерге хат жолдау

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Худайбиядан оралған соң, һижраның 6-жылының аяқ шенінде патшаларды Исламға шақырып хат жолдады.

Пайғамбар (с.а.с.) патшаларға хат жолдауды қалаған кезде, «Патшалар мөр басылған хаттарды ғана қабылдайды» деген сөз естіген соң, күмістен «Мұхаммед – Аллаһ елшісі» деп бедермен нақыш салынған жүзік соқтырып алды.

Пайғамбар (с.а.с.) елшілікке сахабалардың ішінен білімді әрі білікті кісілерді таңдап алып, оларды патшаларға хатын тапсыру үшін жіберді. Ғұлама әл-Мансурфури Пайғамбардың (с.а.с.) бұл елшілерді һижраның 7-жылы мухаррам айының басында, Хайбарға жорыққа шығуынан бірнеше күн бұрын жібергені туралы нақты дерек берген. Төменде осы хаттар және оған байланысты өрбіген кейбір жайттар әңгімеленеді.

1. Эфиопия патшасы Нәжәшиге жазылған хат

Бұл патшаның есімі Асхама ибн Әбжәр еді. Пайғамбар (с.а.с.) оған жолдаған хатын Амр ибн Умәййә әд-Дамримен бірге һижраның 6-жылының аяқ шенінде немесе 7-жылдың мухаррам айында жазған. Әл-Байһақи осы хаттың мәтінін Ибн Исхақтан риуаят еткен. Хатта: ***«Бұл – Мұхаммед пайғамбардан Эфиопия ұлығы Нәжәши Асхамға жолданған хат. Тура жолға ергенге және Аллаһ пен Оның елшісіне иман келтіргенге сәлем болсын. Серігі жоқ жалғыз, жұбай да, бала да иемденбеген Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқтығына және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін. Сені Исламның үндеуімен шақырамын, ақиқатында, мен Оның елшісімін. Исламды қабылда, аман боласың.*** **«Ей, Кітап иелері! Арамыздағы бізге де, сендерге бірдей бір сөзге келіңдер[1]: Аллаһтан басқаға құлшылық қылмайық, Оған еш нәрсені серік қоспайық. Сондай-ақ бірімізді біріміз Аллаһтан өзге Раббы етпейік. Егер олар бет бұрса: «Біздің мұсылман[2] екенімізге куә болыңдар», – деңдер»[3].** ***Ал егер бас тартсаң, еліңдегі христиандардың күнәсі саған жүктеледі»*** деп жазылған.

Амр ибн Умәййә әд-Дамри Пайғамбардың (с.а.с.) хатын Нәжәшиге жеткізгенде, Нәжәши хатты қолына алып, көзіне басты және отырған тағынан жерге түсті. Ол Исламды бұған дейін өз еліне қоныс аударып барған Жағфар ибн Әбу Талибтің түсіндіруімен қабылдаған болатын. Пайғамбарға (с.а.с.) осыны баяндап: *«Аса Мейірімді, ерекше Рақымды*

---

[1] Аллаһ тағала Өз пайғамбарына (с.а.с.) яһудилер мен христиандарды барлық пайғамбарлар мен елшілер жіберілген сөзді, яғни тек Аллаһқа ғана құлшылық ету керектігін мойындауға шақыруды бұйырған.

[2] «Мұсылман» – Аллаһтың бұйрығына бойсұнған адам.

[3] «Әлі Имран» сүресі, 64-аят.

Аллаһтың атымен. Аллаһ елшісі Мұхаммедке Нәжәши Асхамадан. Уа, Аллаһтың пайғамбары! Саған Аллаһтан сәлем және Аллаһтың мейірімі мен берекелері болсын. Аллаһ сондай, Одан өзге ешбір құдай жоқ. Енді:

Жолдаған хатың маған жетті. Онда Исаға қатысты біраз мәселелерді ескертіпсің. Аспан мен жердің Раббысымен ант етейін, шынында да, Иса сен айтқаннан титтей де артық емес. Расында да, ол – сен айтқандай сипатта. Біз хатың арқылы өзімізге жолдағандарыңа қанықпыз, бұған дейін көкеңнің ұлы мен сахабаларың біздің қонағымыз болған еді. Мен сенің Аллаһтың шыншыл, (өзіне дейінгі пайғамбарларды) *растаушы елшісі екендігіңе куәлік етемін және саған ант бергенмін, көкеңнің баласына ант бердім. Мен соның алдында әлемдердің Раббысы Аллаһқа бойсұнып, Исламды қабылдадым»* деген мәтіндегі жауап хат жазды[1].

Пайғамбар (с.а.с.) Нәжәшиден Жағфарды және онымен бірге Эфиопияға қоныс аударып барған мұсылмандарды кері қайтаруын сұраған болатын. Нәжәши еліндегі мұсылмандарды Амр ибн Умәййәға қосып екі кememен аттандырды. Қаншама жыл жырақта жүрген мұсылмандар сүйікті пайғамбарларымен (с.а.с.) Хайбар жерінде қауышты.

Аталмыш Нәжәши һижраның 9-жылы ражаб айында, Тәбук жорығынан кейін дүние салды. Пайғамбар (с.а.с.) ол қайтыс болған күні мұсылмандарға оның қазасын естіртті және оған сырттай жаназа намазын оқыды. Асхама Нәжәши қайтыс болған соң, оның тағына басқа патша отырды. Пайғамбар (с.а.с.) оған да хат жолдаған, бірақ жаңа патша Исламды қабылдады ма, жоқ па – ол жағы беймәлім.

2. Мысыр патшасы Муқауқиске жазылған хат

Пайғамбар (с.а.с.) Мысыр мен Александрия патшасы, Муқауқис лақабымен аталатын Журайж ибн Маттаға: ***«Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен. Аллаһтың құлы әрі елшісі Мұхаммедтен Копттың ұлығы Муқауқиске. Тура жолға ергенге сәлем болсын. Енді, мен сені Исламның үндеуімен шақырамын. Исламды қабылда, аман боласың. Исламды қабылдасаң, Аллаһ саған сыйыңды екі дүркін береді. Ал егер теріс бұрылсаң, копттықтардың күнәсі саған жүктеледі.*** **«Ей, Кітап иелері! Арамыздағы бізге де, сендерге бірдей бір сөзге келіңдер: Аллаһтан басқаға құлшылық қылмайық, Оған еш нәрсені серік қоспайық. Сондай-ақ бірімізді біріміз Аллаһтан өзге Раббы етпейік. Егер олар бет бұрса: «Біздің мұсылман екенімізге куә болыңдар», – деңдер»[2]»** деген мәтіндегі хат жазды.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл хатты жеткізу үшін сахабаларының бірі Хатиб ибн Әбу Балтағаны таңдады. Муқауқистің алдына кірген Хатиб оған: *«Ақиқатында, сенен бұрын өзін асқақ раббымын деген кісі өткен. Аллаһ*

[1] «Тарих әт-Табари» (2/132).
[2] «Әлі Имран» сүресі, 64-аят.

оған Ақырет пен дүниенің жазасын тарттырды. Ол арқылы (біреулерді) *жазалады, сонан соң оның өзін жазалады. Өзгеден сабақ ал, өзге сенен сабақ алмасын»*, – деді.

Муқауқис: «Шындығында, біздің өз дініміз бар. Одан жақсы үшін болмаса, біз оны ешқашан тастамаймыз», – деді.

Хатиб: *«Біз сені Аллаһ ол арқылы барлық жоғалтылғанның орнын толтыратын Ислам дініне шақырамыз. Ақиқатында, бұл Пайғамбар адамдарды шақырды, адамдардың ішінде оған ең қатыгезі құрайыштар, ең қаскөйі яһудилер, ал ең жақыны христиандар болды. Ант етейін, Мұсаның Иса пайғамбардың келетіні туралы хабарлағаны Исаның Мұхаммед пайғамбардың келетіні туралы хабарлағанындай. Біздің сені Құранға шақыруымыз сенің Таурат түскендерді Інжілге шақырғаныңдай. Қай пайғамбар бір елге жіберілсе, сол ел – оның үмбеті, олардың оған бағынуы міндетті. Сен бұл Пайғамбар жіберілгендердің бірісің, біз сені Иса Мәсихтің дінінен тыймаймыз, керісінше соған бұйырамыз»*, – деді.

Муқауқис: «Шындығында, мен бұл Пайғамбардың ісіне назар салып, оның ешқандай теріске бұйырмайтынын көрдім және оның адасқан сиқыршы да, өтірікші сәуегей де еместігін түсіндім. Оның бойында жасырынды жарыққа шығарып, құпияны хабарлайтын пайғамбарлық белгісі бар екендігіне куә болдым. Ендігісін көрерміз», – деді де, Пайғамбардың (с.а.с.) хатын алып, оны піл сүйегінен жасалған қобдишаға салып, қобдишаның аузын мөрледі және оны қызметші күңіне тапсырды.

Сонан соң араб тілінде жазатын хатшысын шақырды да, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) төмендегіше хат жазды:

«Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен. Мұхаммед ибн Абдуллаһқа Копт ұлығы Муқауқистен. Саған сәлем болсын. Енді, мен сенің хатыңды оқыдым және онда айтқаныңды, бізді неге шақыратыныңды түсіндім. Мен (әлі жіберілмеген) бір пайғамбардың қалғанын білетінмін және оны Шам жерінен шығады деп ойлайтынмын. Алдыма келген елшіңді құрметпен қарсы алдым әрі онымен бірге саған Копт елінде зор мәртебеге ие екі кәнизақ, сый ретінде киім жібердім, сондай-ақ саған мініп жүруің үшін қашыр тарту еттім. Саған сәлем болсын».

Муқауқис бұдан өзге ештеңе демеді, Исламды қабылдамады. Оның сыйлыққа жіберген кәнизақтары Мария және Сирин еді. Пайғамбар (с.а.с.) Марияны өзі күңдікке алды, Аллаһ елшісі (с.а.с.) баласы Ибраһимді осы әйелден сүйген, ал Сирин есімді кәнизақты Хассан ибн Сәбит әл-Ансариге сыйлады. Муқауқис сыйлаған «Дұлдұл» деп аталатын қашырға келсек, ол Муғауияның халифалық дәуіріне дейін өмір сүрген[1].

[1] «Ъуйун әл-әсәр» (2/350).

3. Парсы патшасы Кисраға жазылған хат

Пайғамбар (с.а.с.) Парсы патшасы Кисраға да ***«Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен. Аллаһтың елшісі Мұхаммедтен Парсы ұлығы Кисраға. Тура жолға ерген, Аллаһқа және Оның елшісіне иман келтірген, Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқтығына, Оның жалғыз, серіксіз екеніне, сондай-ақ Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік бергенге сәлем болсын. Сені Аллаһтың үндеуімен шақырамын. Мен Аллаһтың барлық адамдарға жіберген елшісімін, тірілерді ескерту және кәпірлерге*** (жаза) ***сөзі міндетті болуы үшін. Исламды қабылда, аман боласың, ал егер бас тартсаң, мәжусилердің күнәсі саған жүктеледі»*** деген мәтінде хат жазды.

Пайғамбар (с.а.с.) бұл хатын жеткізуге Абдуллаһ ибн Хузафа әс-Сәһмиді таңдады. Ибн Хузафа хатты сол кездегі Бахрейннің ұлығына тапсырды. Одан әрі Бахрейннің ұлығы хатты Кисраға жеткізу үшін адамдарының бірін жұмсады ма әлде Абдуллаһ ибн Хузафаның өзін жіберді ме, бұл туралы нақты дерек жоқ. Қалай болған күнде де хат Кисраға жетіп, оқып берілгенде, Парсының өркөкірек патшасы оны бөлшектеп жыртып тастады және тәкаппарлана: «Маған бағынышты бейшара құл өз атын менікінен бұрын жазады ма?» – деді. Бұл хабарды естіген Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Аллаһ оның патшалығын жыртсын»***, – деді және жағдай тура Пайғамбарымыздың (с.а.с.) айтқанындай болды.

Пайғамбардың (с.а.с.) хатын жыртып тастаған Кисра Йемендегі әкімі Базанға: «Мына Хижаздағы кісіге өз қасыңдағылардан екі мықты кісіні жібер. Олар маған оны алып келсін» деп хат жолдайды. Сөйтіп Базан құзырындағылардан екі кісіні таңдап, олардың қолына Пайғамбарға (с.а.с.) осы екеуімен бірге Кисраның алдына баруды бұйырған хат беріп, Мәдинаға жібереді. Базан жіберген елшілер Мәдинаға келіп, Пайғамбармен (с.а.с.) кездескенде, олардың біреуі: «Шындығында, шаһиншах (патшалардың патшасы) Кисра Базан патшаға сені алдына алып келетін адам жіберуін бұйырып хат жолдапты. Ал ол мені сені алып бару үшін жұмсады», – деп, қорқыта сөйледі. Пайғамбар (с.а.с.) шабармандарға ертең алдына қайта келуді бұйырды.

Сол уақыт ішінде Кисраға қарсы өз отбасы мүшелері ішінен үлкен көтеріліс жасалған болатын. Кисраның әскерлері Византия императорының әскерлерінен оңбай жеңілгеннен кейін, Ширауайһ ибн Кисра әкесіне қарсы шығып, оны өлтіріп, патшалықты өз қолына алды. Бұл оқиға һижраның 7-жылы жумадә әл-улә айынан он күн өткенде сейсенбі түні болған еді[1]. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл хабарды уахи арқылы біліп, таңертең шабармандар алдына келгенде: ***«Әкімдеріңе айтып барыңдар: расында менің Раббым бүгін түнде оның қожайынын өлтірді»***, – деп, Кисраның басына не күн туғанын хабарлап берді. Екеуі: «Не айтып тұрғаныңды білесің бе? Бұрын біз

[1] «Фатх әл-Бәри» (8/127).

саған бұдан жеңіл айып таққан едік. Біз сенің атыңнан осыны жазып, оны патшаға хабарлаймыз ба?» – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Иә. Оған менің атымнан осыны хабарлаңдар әрі оған ақиқатында менің дінім мен билігім көп ұзамай Кисраның жеткеніне жететінін және ат пен түйенің тұяғы жетер жерге дейін тарайтынын айтыңдар. Сондай-ақ оған егер Исламды қабылдаса, қол астындағыларды өзіне беретінімді және оны парсылардан туған тайпаластарына патша ететінімді жеткізіңдер»,*** – деді. Йеменге аттанған шабармандар Базанға келіп, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сөздерін жеткізеді. Көп ұзамай Базанға Ширауайһтың өз әкесін өлтіргені туралы хат келеді. Ширауайһ оған хатында: «Оған қатысты әкем саған хат жазған кісіні назарыңда ұста және менен бұйрық алмайынша оны даттама», – деп жазыпты.

Осыдан кейін Базан және оның қасындағы парсылар Исламды қабылдады[1].

4. Византия императорына жазылған хат

Әл-Бұхари ұзақ хадистің мазмұнында Аллаһ елшісі (с.а.с.) Византия императоры Һиракілге жазған хаттың мәтінін келтірген. Хатта:

«Бисмилләһир Рахманир Рахим.

Аллаһтың құлы әрі елшісі Мұхаммедтен Византия ұлығы Һиракілге.

Тура жолға ілескендерге сәлем! Енді:

Сені Ислам дағуатымен үндеймін! Исламды қабылда, аман боласың және Аллаһ саған екі дүркін сауап жазады. Егер теріс айналсаң, (қол астындағы) ***шаруалардың күнәсі саған жүктеледі және:*** **«Ей, Кітап иелері! Арамыздағы бізге де, сендерге бірдей бір сөзге келіңдер: Аллаһтан басқаға құлшылық қылмайық, Оған еш нәрсені серік қоспайық. Сондай-ақ бірімізді біріміз Аллаһтан өзге Раббы етпейік. Егер олар бет бұрса: «Біздің мұсылман екенімізге куә болыңдар», – деңдер»[2]»** деп жазылған[3].

Пайғамбар (с.а.с.) бұл хатты апару үшін Дихйа ибн Халифа әл-Кәлбиді таңдады және оған хатты алдымен Бусраның ұлығына[4] тапсыруды, оны Цезарға сол жеткізетінін бұйырды.

Әл-Бұхаридің «Сахихында» Әбу Суфйан ибн Харбтың Абдуллаһ ибн Аббасқа (Аллаһ оларға разы болсын) әңгімелеп берген хадисі келтірілген. Әбу Суфйан құрайыш керуенінде Шамда сауда ісімен жүргендерінде оған Һиракл кісі жібереді. Бұл Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әбу Суфйан және құрайыш

---

[1] Әл-Хадиридің Ислам халықтарының тарихы туралы лекциялар жинағын (1/147) және «Фатх әл-Бәри» кітабын (8/127-128) қараңыз.

[2] «Әлі Имран» сүресі, 64-аят.

[3] «Сахих әл-Бұхари» (1/4-5).

[4] «Бусра» – Мәдина мен Дамаскі арасындағы қала. Оның әкімі – Харис ибн Әбу Шимр әл-Ғассани еді.

кәпірлерімен келісім жасасқан кез тұғын. Сөйтіп Әбу Суфйан бастаған құрайыштар Һиракліге олар Илияда болған кезде келеді[1]. Һиракл бұларды мәжілісіне шақырады, қасында Византияның ұлықтары бар еді. Сосын оларды шақырған соң, тілмаш алдырып: «Өзін пайғамбармын деп жүрген мына адамға туыстық жағынан ең жақының қайсы?» – деп сұрайды. Әбу Суфйан айтады: *«... «Ең жақын менмін», – дедім*[2]*. Ол: «Оны маған жақынырақ әкеліңдер, ал жолдастарын арқа жағына тұрғызыңдар», – деді де, тілмашына: «Оларға айт: мен сол адам туралы мынаған сұрақ қоямын, егер бұл өтірік айтса, артындағылар сөзін теріске шығарсын», – деді. Аллаһпен ант етейін, олардың өтірік айтқанымды әңгімелеуінен ұялмағанымда, өтірік айтар едім*[3]*!*

Сосын (Һиракілдың) *ол туралы алғашқы сұрағы: – «Араларыңда шыққан тегі қандай?» – деді. Мен: – «Арамыздағы құрметті тектен», – дедім. – «Одан бұрын сендерден біреу осындай сөз айтқан ба еді?»*[4] *– деп сұрады. – «Жоқ», – деп жауап бердім. – «Оның ата-бабаларынан патша болған адам бар ма?» – деп сұрады. – «Жоқ», – дедім. – «Оған беделді адамдар ілесуде ме әлде қарапайым адамдар ма?» – деп сұрады. – «Қарапайым адамдар», – дедім. – «Олар көбеюде ме әлде азаюда ма?» – деді. – «Олардың саны артуда», – деп жауап бердім. – «Олардан қабылдағаннан кейін сол дінге наразылығы себепті бас тартқандар болды ма?» – деді. – «Жоқ», – дедім. –*

---

[1] Илия – Иерусалимнің көне атауы. Арабтар оны Бәйт әл-Мақдис немесе Қудс деп атайды. Цезар бұл уақытта Илияға парсыларды ойсырата жеңдіріп игілік көрсеткені үшін Аллаһқа шүкіршілік ретінде Сирия жеріндегі Химс қаласынан жаяу келген (қ.: «Сахих Муслим», 2/99). Парсылар Кисра Абрауизді өлтірген соң, византиялықтармен Цезардың жерлерінен басып алғандарын қайтарып беруге шарттасып бітімге келген болатын. Сонымен бірге парсылар Цезарға христиандар «Иса Мәсих (оған Аллаһтың сәлемі болсын) осыған керілді» дейтін кресті қайтарған-ды. Цезар Илияға осы кресті бұрынғы орнына орнату және анық жеңісі үшін шүкірлік ету мақсатында миләди 629-жылы (яғни һижраның 7-жылы) келген.

[2] Пайғамбарымыз (с.а.с.) Әбу Суфйанның немере туысы, яғни әкесінің туысының баласы. Әбу Суфйан абдуманаф әулетінен. Бұл әл-Бұхари «Аллаһ жолындағы күрес» кітабында ұсынған риуаятта түсіндірілген. Онда Әбу Суфйан: *«*(Һиракл)*: «Оған жақындығың қандай?» – деп сұрады. Мен: «Ол – немере туысымның баласы», – дедім. Керуеншілер арасында абдуманаф әулетінен менен басқа ешкім жоқ еді»*, – деп айтқан. Абдуманаф – Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен Әбу Суфйанның төртінші атасы. Сондықтан Әбу Суфйан Пайғамбарды (с.а.с.) немере туысымның баласы деп атаған. Яғни, Абдулмутталиб ибн Һишам ибн Абдуманаф – Умәййә ибн Абдушәмс ибн Абдуманафтың немере туысы. Һиракілдың Пайғамбарға (с.а.с.) ең жақын адамды іздеу себебі, кісі туысы жайлы барлық мән-жайды басқалардан көбірек біледі. Әрі туыс адам өз тегін қаралай алмайды. Бұл Һиракілдың: «Араларыңда оның шыққан тегі қандай?» деген сұрағынан көрінеді.

[3] Һиракл Әбу Суфйанның жолдастарын, егер ол өтірік айтса, бетпе-бет тұрып өтірігін теріске шығарудан қысылмаулары үшін оның арқа жағына тұрғызған.

[4] Яғни, құрайыштардан немесе арабтардан өзін пайғамбармын деп жариялағандар болып па еді?

«Ол осы сөздерін айтудан бұрын[1] өтірікші ретінде айыпталған ба еді?» – деп сұрады. – «Жоқ», – дедім. – «Қиянат жасаушы ма еді?» – деді. – «Жоқ. Бірақ біз онымен уақытша келісімдеміз, оның әрі қарай не істейтінін білмейміз», – деп жауап бердім. Осы айтылғанға басқа ешбір сөз қоса алмадым. Ол: – «Онымен соғыстыңдар ма?» – деп сұрады. – «Иә», – дедім. – «Шайқастарыңның нәтижесі қалай болды?» – деді. – «Шайқас алма-кезек жеңіспен аяқталатын, бірде ол жеңді, бірде біз жеңдік», – дедім[2]. – «Ол сендерге нені бұйырады?» – деді. – «Ол: «Жалғыз Аллаһқа табыныңдар да, Оған ешқандай серік қоспаңдар, ата-бабаларыңның айтқандарын ұстанбаңдар», – дейді және бізге намаз оқуды, шыншылдықты, ибалылықты және туыстармен қатысуды бұйырады», – дедім.

Сол кезде ол тілмашына: «Оған айт: сенен оның шыққан тегін сұрадым, оның араларыңдағы құрметті тектен шыққанын айттың. Әдетте пайғамбарлар қауымының құрметті тегінен шығады[3]. Сенен: «Одан бұрын сендерден біреу осындай сөз айтқан ба еді?» – деп сұрадым, сен: «Жоқ», – дедің. Егер одан бұрын біреу осындай сөз айтқан болса, бұл адам сол айтылғанды қайталап жүр ғой деп айтар едім. «Ата-бабаларынан патша болғандар бар ма?» – деп сұрадым, сен: «Жоқ», – дедің. Егер ата-бабаларының бірі патша болса, атасының патшалығын талап етіп жүр деп айтар едім. «Ол осы сөздерін айтудан бұрын өтірікші ретінде айыпталған ба еді?» – деп сұрадым, сен: «Жоқ», – дедің. Білуімше, егер ол адамдарға өтірік айтпаған болса, Аллаһқа қатысты да жалған сөйлемейді. «Оған беделді адамдар ілесуде ме әлде қарапайым адамдар ма?» – деп сұрадым, сен қарапайым адамдар ілескенін айттың. Қарапайым адамдар қашанда пайғамбарлардың ілесушілері[4]. «Олардың саны көбеюде ме әлде азаюда ма?» – деп сұрадым, олардың көбейіп жатқанын айттың. Кемелдікке жеткенше иманның жағдайы осылай болады. «Олардан қабылдағаннан кейін сол дінге наразылығы себепті бас тартқандар болды ма?» – деп сұрадым, сен: «Жоқ», – дедің. Жүректердің пейіл-ықыласына

---

[1] Яғни, пайғамбар екенін жариялауынан бұрын.

[2] Мұнда Әбу Суфйан мұсылмандар жеңген Бәдір шайқасы мен өздері жеңіске жеткен Ухуд шайқасын меңзеген. Ол Ухуд күні: «Бүгін Бәдір күнінің есесі. Соғыс – алма-кезек», – деп айтқан болатын.

[3] Һиракл мұны бұрынғы кітаптардан білген еді. Кейбір ғалымдардың айтуынша, пайғамбарлардың құрметті тектен жіберілуіндегі даналық, құрметті тектен шыққан адамдар өзіне өтірік таңудан басқаларға қарағанда алыс әрі адамдардың оған ілесуіне бір табан жақын болады.

[4] Өйткені беделді адамдар өздері сияқты біреудің алдарына шығып кетуін жақтырмайды, ал қарапайым адамдарда мұндай сезім жоқ. Сондықтан да көбіне пайғамбарлардың ілесушілері тәкаппар, дәукейлер емес, қарапайым адамдар болған. Қашанда шен-шекпенді шонжарлар бұзықтықтары және күншілдіктері себепті ақиқатты қабылдауға тоңмойындық танытқан. Бұған мысал ретінде Әбу Жәһлді және оның жақтастарын келтіруге болады. Олар Аллаһ тағала көздерін жойғанға дейін ымыраға келмеді.

енген кезде иман осылай болады. «Қиянат жасаушы ма еді?» – деп сұрадым, сен: «Жоқ», – дедің. Пайғамбарлар еш уақытта қиянатқа бармайды. «Ол сендерге нені бұйырады?» – деп сұрадым, сен оның жалғыз Аллаһқа ғибадат етіп, Оған ешқандай серік қоспауды бұйыратынын және пұттарға табынудан қайтаратынын, сондай-ақ намаз оқуға, шыншылдыққа, ибалылыққа үндейтінін айттың. Егер сен рас айтқан болсаң, ол әлі-ақ мен аяқ басып тұрған мына жерге иелік етеді[1]. Оның келерін білуші едім, бірақ сендерден шығады деп ойламаппын. Егер оған жететінімді білсем, онымен кездесуге әрекет жасар едім[2], ал кездессем, аяқтарын жуар едім[3]», – деді.

Сосын Һирақл Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Дихйа арқылы Бусра әкіміне жолдаған хатын сұрады, оған хатты берді».

Әбу Суфйан: *«Ол хатты оқып біткенде оның қасындағылар шулап, айқай көтерілді[4]. Бізді сыртқа шығарып жіберді. Сыртқа шыққан соң жолдастарыма: «Әбу Кәбшәнің ұлының мерейі асты[5], одан асфар*

---

[1] Һирақл мұнда Бәйт әл-Мақдисті не бүкіл Шам өлкесін меңзеген. Өйткені оның мемлекетінің астанасы – Химс қаласы еді.

[2] Яғни, онымен кездесуге әрекет жасар едім, бірақ оған жете алмай қаламын ба деп қорқамын. Бұл сөз Һирақл Пайғамбарға (с.а.с.) қарай қоныс аударса, өміріне қауіп төнетініне анық көзі жеткенін көрсетеді. Өйткені бұның алдында бір адам Исламды қабылдағанда, византиялықтар оны өлтіріп тастаған еді. Ибн Исхақ жеткізген риуаятта: «Сорың құрысын! Аллаһпен ант етейін, расында мен оның жіберілген пайғамбар екенін білемін. Бірақ мен византиялықтардың өзіме зиян тигізуінен қорқамын. Осы болмағанда, міндетті түрде оған ілесетін едім», – деп айтқан. Бірақ бұл оның Исламды қабылдамауына уәж болып табылмайды, өйткені ол Пайғамбарымыздың (с.а.с.) шын Аллаһтың елшісі екенін анық білді. Алайда ол патшалық билігінен айрылғысы келмеді, билікті Исламнан артық санады. Бұл жайлы әл-Бұхаридың «Сахихында»: ***«Егер де Аллаһ оны тура жолға салуды қалағанда, Нәжашиге сәттілік бергені сияқты оған да сәттілік берер еді әрі ол билігінен айрылмас еді»*** деп анық айтылған. Һирақл өзіне жолданған Пайғамбардың (с.а.с.) хатындағы: ***«Исламды қабылда, аман боласың»*** деген сөзге парасаты жетіп, дүние-ақыреттегі жазаны қатар ойлағанда, Исламды қабылдар еді. Егер ол Исламды қабылдағанда, барлық қауіп-қатерден аман болар еді. Бірақ дінді қабылдауға сәттілік беру Аллаһ тағаланың қолында.

[3] Яғни оған айрықша құрмет көрсетіп, ерекше қызмет етер едім.

[4] Басқа бір риуаятта: *«Ол сөзін аяқтаған кезде, айналасындағы Византия ұлықтарының дауыстары көтеріліп, айқай-шулары көбейіп кетті. Мен олардың не айтқандарын білмеймін»* деп айтылған. Әйтсе де жағдай барысынан, олар Һирақлдың Пайғамбарымызға (с.а.с.) сенуге көңілі ауғандығын түсінгендіктен, шошына шулап кеткені аңғарылады. Олардың қарсылықтарынан кейін Һирақл патшалығынан айрылғысы келмей иман келтірмеді. Һирақл оларды билігінен шығармай, өзі де, халқы да Исламды қабылдап, патшалығын жалғастыра беруді қалаған еді. Қол астындағылар бұл шартқа көнбегесін иманнан үмітін үзді. Бұл жайлы әл-Бұхаридың риуаятында айтылған.

[5] Яғни, мәртебесі артты, ұлылығы асты. Мұнда Әбу Суфйан «Әбу Кәбшәнің ұлы» деп Пайғамбарды (с.а.с.) меңзеген. Әбу Кәбшә – Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүт

әулетінің[1] *патшасы қорқады екен», – дедім. Содан бері оның жеңіске жететініне сенімді болдым, ақыр соңында Аллаһ мені Исламға кіргізді», –* дейді[2].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) хаты Цезарға осылай әсер етті, ал Әбу Суфйан бұған өз көзімен куә болды. Император Аллаһ елшісінің (с.а.с.) хатын алып келген Дихйа ибн Халифа әл-Кәлбиге ақшалай сыйлық және киім тарту етті. Дихйа жолда әл-Қура жазығының артындағы Хусма деп аталатын жерге жеткенде, жузам тайпасының бір адамдары оның жолын кесіп, түгін қалдырмай сыпырып алды. Мәдинаға оралған Дихйа үйіне кірместен бірден Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына тартып, оған басынан кешкендерін баяндап берді. Артынша Аллаһ елшісі (с.а.с.) Зәйд ибн Харисаны бес жүз кісімен Хусмаға жіберді. Зәйд жузам тайпасына жан-жақтан лап қойып, оларды ойсырата қырды және малдары мен әйелдерін тұтқындап, айдап әкетті. Жорықта тайпаның мың түйе, бес мың қойы және жүзге тарта әйел-балалары олжаланды.

Пайғамбар (с.а.с.) мен жузам тайпасының арасында келісім бар еді. Тайпа басшыларының бірі Зәйд ибн Рифаға әл-Жузами шұғыл түрде Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп, оның алдында ақталып уәжін айтты. Ибн Рифаға мен бірнеше тайпаластары Исламды қабылдаған болатын, осылар жерлестері Дихйаны тонағанда, оған көмектескен-ді. Пайғамбар (с.а.с.) оның уәжін қабылдап, олжаланған малдар мен тұтқындарды қайтарып беруді бұйырды.

5. Мунзир ибн Сәуәға жазылған хат

Пайғамбар (с.а.с.) Бахрейннің әкімі Мунзир ибн Сәуәны да Исламға шақырып хат жазды және бұл хатын жеткізу үшін Ғала ибн әл-Хадрамиді жіберді. Пайғамбардың (с.а.с.) хатын алған Мунзир оған: *«Енді... Уа, Аллаһтың елшісі! Ақиқатында, мен сенің хатыңды Бахрейн тұрғындарына оқып бердім. Олардың бір бөлігі Исламды ұнатып, оны қабылдады, ал бір бөлігі оны жақтырмады. Менің жерімде мәжусилер мен яһудилер бар. Маған осыған қатысты бұйрығыңды жеткіз», –* деп хат жолдады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мунзирге:

«Бисмиллаһир Рахманир Рахим. Аллаһ елшісі Мұхаммедтен Мунзир ибн Сәуәға. Саған сәлем болсын. Мен саған Одан өзге ешбір құдай жоқ Аллаһты мақтап дәріптеймін және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін. Енді... Мен саған аса құдіретті әрі ұлы Аллаһты есіңе саламын. Ақиқатында, адалдықты ұстаған адам оны өзі үшін

әкесі немесе нағашы аталарының бірі. Арабтардың әдетінде біреуді кемсіткісі келсе, оны атағы шыққан абыройлы атасына емес, аты танылмаған атасына телитін. Сондықтан да құрайыштар Аллаһ елшісін (с.а.с.) пайғамбарлығын жариялағалы бері атасы Абдулмутталибке емес, Әбу Кәбшәға теліген.

[1] Мұнда византиялықтар туралы айтылған. Олар «асфар әулеті» деп аталатын.

[2] «Сахих әл-Бұхари» (1/4), «Сахих Муслим» (2/98-99).

ұстайды, менің елшілеріме бағынған және олардың ісіне ерген кісі маған бағынады, ал кім оларға адалдық көрсетсе, маған адалдық көрсетеді. Шындығында, менің елшілерім сені мақтады. Мен сені қауымыңа арашашы еттім, мұсылмандардың Исламды қабылдаған кездегі мүліктерін өздеріне қалдыр және мен күнәлілерді кешірдім, сен де олардың тәубесін қабылда. Сен түзулік етіп тұрғанда біз сені қызметіңнен алмаймыз. Ал кім яһудилігі мен мәжусилігінде қалса, оның жизия төлеуі міндетті» деп жауап хат жазды[1].

6. Ямаманың басшысы Һауза ибн Әлиге жазылған хат

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Ямаманың басшысы Һауза ибн Әлиге:

«Бисмилләһир Рахманир Рахим. Аллаһ елшісі Мұхаммедтен Һауза ибн Әлиге. Тура жолға ергенге сәлем болсын. Сен менің дінімнің ат пен түйенің тұяғы жетер жерге дейін үстемдік ететінін біл. Исламды қабылда, аман боласың, ал мен қол астыңдағыларды өзіңе қалдырамын» деген мәтіндегі хат жазып, бұл хатты апару үшін Салит ибн Амр әл-Амириді таңдады.

Һаузаға Пайғамбардың (с.а.с.) мөр басылған хатын апарған Салит оған амандасып, хатты оқып берді. Һауза Аллаһ елшісіне (с.а.с.): «Сенің шақыратын дінің қандай жақсы әрі қандай әдемі! Арабтар менің беделімнен қаймығады, сен маған биліктің бір бөлігін берсең, саған ілесемін», – деп жауап жазды және Салитке тарту-таралғы жасап, Һажар жерінде тоқылған киімдер кигізді. Салит оның барлығын Пайғамбарға (с.а.с.) әкеліп, Һаузамен жүргізілген әңгімені баяндады. Оның хатымен танысқан Пайғамбар (с.а.с.): ***«Егер де ол менен жердің бір кесіндісін сұраса да, бермес едім. Оның өзі де, қолдарындағы да құрысын!»*** – деді.

Кейіннен Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккені бағындырған жорығынан қайтқанда, оған Жәбірейіл (оған Аллаһтың сәлемі болсын) келіп, Һаузаның өлгенін хабарлады. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): ***«Шындығында, Ямамадан таяуда өзін пайғамбармын деп жариялайтын өтірікші шығады. Ол мен дүниеден өткеннен кейін өлтіріледі»***, – деді. Біреу: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Оны кім өлтіреді?»* – деп сұрағанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Сен және сенің жолдастарың»***, – деп жауап берді және жағдай шынында да Пайғамбардың (с.а.с.) айтқанындай болды[2].

7. Дамаскінің басшысы Харис ибн Әбу Шимр әл-Ғассаниге жазылған хат

Пайғамбар (с.а.с.) оған: ***«Бисмилләһир Рахманир Рахим. Аллаһ елшісі Мұхаммедтен Харис ибн Әбу Шимрге. Тура жолға ергенге, оған иман***

[1] «Ъуйун әл-әсәр» (2/352).
[2] «Ъуйун әл-әсәр» (2/355).

келтірген әрі оны растағанға сәлем болсын. Мен сені серігі жоқ жалғыз Аллаһқа иман келтіруге шақырамын, (сонда) ***патшалығың өзіңде қалады»*** деген мәтінде хат жазып, бұл хатын апаруды бәну әсәд ибн хузайма руының тумасы Шужағ ибн Уаһбке тапсырды.

Хатты алған Харис әл-Ғассани: «Менен патшалығымды тартып алатын кім екен? Біз оған (жорыққа) барамыз», – деп тулап, Исламды қабылдамады[1] және Пайғамбармен (с.а.с.) соғысу үшін Византия императорынан рұқсат сұрады, бірақ Цезар оны бұл ойынан қайтарған соң, әл-Ғассани Шужағ ибн Уаһбке киім және ақшалай сыйлық беріп, құрметпен шығарып салды.

8. Оманның патшасына жазылған хат

Пайғамбар (с.а.с.) Оманның патшасы Жайфар ибн әл-Жәләнди мен оның бауыры Абд ибн әл-Жәләндиге: ***«Бисмилләһир Рахманир Рахим. Мұхаммед ибн Абдуллаһтан әл-Жәләндидің ұлдары Жайфар мен Абдқа. Тура жолға ергенге сәлем болсын. Енді... Мен сендерді Исламның үндеуімен шақырамын. Исламды қабылдаңдар, аман боласыңдар. Ақиқатында, мен Аллаһтың барлық адамдарға жіберген елшісімін, тірілерді ескертуім және кәпірлерге*** (жаза) ***сөзі міндетті болуы үшін. Сен екеуің Исламды мойындасаңдар, екеуіңе билік беремін, ал егер Исламды мойындаудан бас тартсаңдар, патшалықтарыңнан айрыласыңдар, менің аттылы әскерім сендердің жерлеріңді басады және пайғамбарлығым патшалықтарыңнан үстем келеді»*** деген мәтінде хат жазып, бұл хатын апару үшін Амр ибн Асты таңдады.

Бұдан әрі осы хатты жеткізген Амр былай деп әңгімелейді:

«Сөйтіп мен жолға шығып, Оманға бардым. Оманға барғанымнан соң алдымен Абдқа жолықтым. Ол бауырына қарағанда биязылау әрі мінезі жұмсақтау еді. Оған:

– «Мен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) саған және бауырыңа жіберген елшісімін», – дедім. Ол:

– «Бауырымның менен жасы үлкен әрі билігі де жоғары. Сондықтан хатыңды оқуы үшін сені алдымен соған апарамын», – деді де:

– «Сенің үндейтінің не мәселе?» – деп сұрады.

– «Серігі жоқ жалғыз Аллаһқа, Одан өзге табынылғандарды тастауға және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік беруге шақырамын», – дедім.

– «Ей, Амр! Сен тайпаңның көсемінің ұлысың. Сенің әкең қалай жасады? Шындығында, біз оны үлгі тұтамыз», – деді.

– «Ол өмірден Мұхаммедке (с.а.с.) иман келтірмей өтті, ал мен (қазір) *ол Исламды қабылдап, оған сенгенде еді деп тілеймін. Мен де басында Аллаһ өзімді Исламға алып келгенге дейін онымен сияқты көзқарасты ұстандым», – дедім.*

[1] Әл-Хадиридің Ислам халықтарының тарихы туралы лекциялар жинағы (1/146).

– «Сен оған қашан ілестің?» – деп сұрады.

– «Жақында», – дедім.

– «Исламды қай жерде қабылдадың?» – деп сұрады.

– «Нәжәшидің алдында», – деп, Нәжәшидің де Исламды қабылдағанын айттым.

– «Елі оның патшалығына не істеді?» – деді.

– «Олар оны мойындап, оған ілесті», – дедім.

– «Епископтары мен монахтары да ілесті ме?» – деп сұрады.

– «Иә», – дедім.

– «Не айтып тұрғаныңды ойлан, ей, Амр! Өйткені кісінің бойында өтірікшіліктен ұятты ешбір қасиет жоқ», – деді.

– «Өтірік айтқан жоқпын, біз дінімізде өтірікті рұқсатты санамаймыз», – дедім.

– «Нәжәшидің Исламды қабылдағанын Һирақл біледі деп ойламаймын», – деді.

– «Жоқ, (ол біледі)*», – дедім.*

– «Оны қайдан білесің?» – деп сұрады.

– «Нәжәши бұрын оған салық төлейтін, Исламды қабылдап, Мұхаммедке (с.а.с.) сенгенінен кейін: «Жоқ, Аллаһпен ант етейін! Ол менен бір дирһам сұраса да, бермеймін», – деді. Оның сөзі Һирақлге жеткенде, бауыры Нияқ ағасынан: «Құлыңды өзіңе салық төлемейтін, сенен өзге біреудің жаңа дінін ұстанған күйінде қалдырасың ба?» – деп сұраған екен, Һирақл: «Кісі бір дінді қалап, өзі үшін соны таңдаса, мен оған не істеуім керек?! Аллаһпен ант етейін, егер де патшалығымды қимағанымда, мен де солай жасар едім!» – деп жауап беріпті», – дедім. Абд:

– «Не айтып тұрғаныңды ойлан, ей, Амр!» – деді.

– «Аллаһпен ант етейін, мен саған рас айтып тұрмын», – дедім.

– «Маған пайғамбарларыңның не нәрсеге бұйырып, неден қайтаратынын айтшы», – деді.

– «Ол аса құдіретті де ұлы Аллаһқа бойсұнуды бұйырады және Оған қарсы келуден қайтарады. Әрі ол игілікке, туыстармен қарым-қатынасты сақтауға бұйырады және әділетсіздік пен дұшпандықтан, зинадан, шарап ішуден, тасқа, пұтқа, креске табынудан тыяды», – дедім. Абд:

– Оның бұл шақыратыны қандай жақсы! Егер де ағам осыған қатысты маған ергенде, екеуміз Мұхаммедке иман келтіріп, пайғамбарлығын растау үшін жолға аттанар едік! Бірақ ағамның патшалығымен қатты алданғаны соншалық, оны тастамайды және біреудің құйыршығы болуға да көнбейді», – деді. Мен:

– «Егер ол Исламды қабылдаса, Аллаһ елшісі (с.а.с.) оны өз еліне патша етіп қалдырады. Тек олардың байларынан садақа алып, оны кедейлеріне қайтарады», – дедім.

– «Шындығында, бұл жақсы қасиет екен. Ал садақа деген не?» – деп сұрады. Мен оған Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мал-мүліктерге қатысты міндеттеген зекеттерін баяндауға кірісіп, түйелерге келгенімде, Абд:

– «Ей, Амр! Бұл (зекет) *біздің өздері ағаштарға жайылып, суаттарға түсіп, жайын жүрген малдарымыздан да алына ма?» – деп сұрады.*

– «Иә», – дедім. Ол:

– «Аллаһпен ант етейін! Тайпаластарым қоныстары алыс әрі сандары көп болғандықтан, бұған бағына қояды деп ойламаймын», – деді.

Осыдан кейін Абдтың есігі алдында бірнеше күн болдым. Осы аралықта ол ағасына барып, менің барлық хабарымды жеткізіп жүрді. Содан бір күні мені Жайфардың өзі шақырып, оның алдына кірдім. Қызметшілері менің білектерімнен ұстаған еді, ол: «Жіберіңдер оны!» – деді де, мені жіберді. Мен барып отыруға ыңғайланған едім, қызметшілер отыруыма мүмкіндік бермеді. Жайфарға қараған едім, ол: «Келген шаруаңды айт!» – деді. Оған мөрленген хатты бердім. Жайфар хаттың мөрін бұзды да, оны соңына дейін оқып шықты. Сосын оны бауыры Абдқа берді, ол да оны ағасы сияқты оқып шықты. Бірақ мен Абдтың (хатты) *ағасына қарағанда жұмсағырақ* (қабылдағанын) *көрдім. Жайфар:*

– «Маған құрайыштардың не істегенін айтып бересің бе?» – деді.

– «Олар оған ілесті, біреулері дінді өздері қаласа, енді біреулері қылышпен бағындырылды», – дедім.

– «Оның жанында кімдер бар?» – деп сұрады.

– «Оның жанында Исламды қалаған және оны өзге (сенімдерден) *артық санаған, өз ақылдары арқылы әрі Аллаһтың жолға салуымен өздерінің адасуда болғанын түсінген адамдар бар. Бұл аймақтарда* (Исламды қабылдамаған) *сенен өзге біреудің қалғанын білмеймін. Сен де бүгін Исламды қабылдамасаң, оған ермесең, өзің аттардың тұяғы астында қаласың, халқың да қырылады. Исламды қабылда, аман боласың, ол сені тайпаластарыңа басшы етіп тағайындайды әрі сенің төбеңе аттар мен еркектер келмейді», – дедім. Ол:*

– «Бүгінше маған мұрсат беріп, ертең кел», – деді.

Мен Абдқа қайтып келдім. Ол маған: «Ей, Амр! Патшалығын қимай қалмаса, мен оның Исламды қабылдауына үміттендім», – деді. Ертесіне Жайфардың алдына келгенімде, ол менің кіруіме рұқсат етпеді. Мен Абдқа келіп, ағасының алдына кіре алмағанымды айттым. Абд мені оның алдына кіргізді. Жайфар маған: «Шындығында, мен сен өзімді шақырған мәселені ойландым. Егер мен өз қолымдағыны бір кісінің билігіне берсем, онда арабтардың ең әлсізі боламын. Оның аттары бұл жерге жетпейді, ал егер жете қалса, бұрын кездескендерінен көрмеген соғысқа кездеседі», – деді. Оған: «Онда мен ертең жолға шығамын», – дедім де, кетіп қалдым. Менің кететініме көзі анық жеткенде, Абд ағасымен оңаша сөйлесіп: «Біз одан үстем келе алмаймыз, ол елшісін жібергендердің барлығы оның шақыруын қабыл алған», – депті. Таңертең Жайфар маған адам жіберіп, інісі екеуі Исламды қабылдады және Пайғамбарға (с.а.с.) иман келтірді. Осыдан кейін екеуі менің қол астындағылардан зекет жинауыма және

орталарында үкім шығаруыма келісімдерін берді әрі маған қарсыласушыларды бағындыруға көмектесті»[1].

Бұл әңгіменің мазмұны әл-Жәләндидің ұлдарына Исламға шақыру хаты өзге патшаларға жазылған хаттардан айтарлықтай уақыт кейін жолданғанын көрсетеді. Тіпті бұл хаттың мұсылмандар Меккені бағындырғаннан кейін жолданғаны басым.

Осындай хаттары арқылы Пайғамбар (с.а.с.) жер бетіндегі патшалардың көпшілігіне өз дағуатын жеткізді. Олардың ішінде Пайғамбарға (с.а.с.) иман келтіргендер де, оны мойындамағандар да табылды. Қалай болған күнде де пайғамбарлық дағуат әлгі кәпірлердің санасын сыналап, оларға Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) аты мен Ислам дінін таныттты.

[1] «Ъуйун әл-әсәр» (2/353).

Худайбия келісімінен кейінгі әскери қозғалыстар

Әл-Ғаба немесе Зу Қарад жорығы

Бұл жорық Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сауын түйелерін шауып алып кеткен, бәну фазара тайпасындағы қарақшылар тобын қуу әрекетінен туған. Бұл – Аллаһ елшісі (с.а.с.) Худайбия келісімінен кейін, Хайбардан бұрын жасаған ең бірінші жорық. Әл-Бұхари осы жорық туралы тараудың түсіндірмесінде оның Хайбар жорығынан үш күн бұрын болғанын айтқан. Ал Муслим мұны Сәләмә ибн Акуағдың хадисіне сүйеніп риуаят еткен[1].

Осы жорықта ерен ерлік жасаған Сәләмә ибн Акуағдан жеткен риуаяттардың тоқетері, батыр сахаба: «*Аллаһ елшісі (с.а.с.) мініс көліктерін өзінің қызметкері Рабахпен бірге жіберді, мен де онымен бірге болдым. Мен онымен бірге Талханың атымен, оны мініс көліктерімен бірге суарып, жайылымға жіберу үшін шықтым. Таң ата қарасақ, Абдур-Рахман әл-Фазари Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мініс көліктеріне тұтқиылдан шабуыл жасап, олардың барлығын айдап кетіпті және бақташыны өлтіріпті. Мен: «Ей, Рабах! Мына атты алып, оны Талха ибн Ғұбайдуллаһқа апар және Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жайылымдағы малына мүшіріктер тұтқиылдан шабуыл жасағанын хабарла», – дедім. Содан кейін бір төбенің үстінде тұрып, Мәдинаға қарап: «Я, сабахаһ!»*[2] *– деп үш рет айқайладым. Содан соң ол адамдардың ізіне түсіп, оларға жебе ата бастадым және: «Мен – Ибн Акуағпын, бүгін оңбағандар өлер күн!» – деп өлеңдетіп жүрдім. Содан олардан бір кісіні қуып жетіп, оның жазысына жебе аттым, жебенің ұшы оның жауырынына қадалды. Мен: «Ал сыбағаңды! Мен – Ибн Акуағпын, бүгін оңбағандар өлер күн!» – дедім. Аллаһпен ант етейін,* (осылай) *оларға тынбай садақ атып, оларды жаралаумен болдым. Егер маған қарай бір аттылы адам бұрылса, ағашқа барып, соның түбінде отырып, оған садақ атып, оны жаралайтынмын. Содан таудың тар шатқалы кездесіп, олар сол шатқалға кірді. Мен таудың басына шығып, оларды таспен атқылай бастадым. Осылай тынбай олардың соңынан қуып жүріп, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мініс көліктерінен Аллаһ жаратқан барлық түйені арқа жағымда қалдырдым. Олар* (түйелерді) *маған қалдырып кетті. Содан кейін де олардың соңына түсіп, оларға садақ ата бердім. Содан олар өздері құнды санамаған отыздан астам шекпен мен отыз найзаны лақтырып тастап кетті. Олар тастаған әрбір нәрсенің басына Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен оның сахабалары білуі үшін тастан белгі орнатып отырдым. Содан олар тау асуының тар соқпағына жеткенде, оларға Бәдір*

[1] Қ.: «Сахих әл-Бұхари» (Зу Қарад жорығы туралы тарау, 2/603), «Сахих Муслим» (Зу Қарад және басқа да жорықтар туралы тарау, 2/113-115), «Фатх әл-Бәри» (7/460-463).

[2] Адамдарды көмекке шақырғанда айтылатын одағай сөз.

әл-Фазаридың ұлы пәленше[1] *келді. Сөйтіп олар ертеңгілік астарын ішуге отырды. Ал мен таудың басында отырдым. Әл-Фазари: «Мен көріп тұрған мынау не нәрсе?» – деп* (сұрады). *Олар: «Біз бұдан әбден қиындық көрдік. Аллаһпен ант етейік, ол бізді таң алакеуімнен садақпен атып қалмай келеді. Тіпті бізді қолымыздағы барлық нәрседен айырды», – деді. Ол: «Сендерден төрт адам оған қарай барсын», – деді. Сөйтіп олардың төртеуі маған қарай тауға көтерілді. Олар маған сөзімді естітіндей жақындаған кезде, мен: «Мені танисыңдар ма?» – деп* (сұрадым). *Олар: «Жоқ, сен кімсің?» – деді. Мен: «Мен – Сәләмә ибн Акуағпын. Мұхаммедтің (с.а.с.) жүзін құрметті еткен* (Аллаһ)*пен ант етейін, мен сендерден бір кісінің соңына түссем, оған әлбетте жетемін. Ал сендерден бір кісі мені қуса, жете алмайды», – дедім. Олардың біреуі: «Мен* (солай) *ойлаймын», – деді. Сөйтіп олар арттарына қайтты. Ал мен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ағаш арасынан өтіп келе жатқан аттылы адамдарын көргеніме дейін орнымнан кетпедім. Олардың ең басында Ахрам әл-Әсәди, оның ізінше Әбу Қатада әл-Ансари, оның ізінше Миқдад ибн Әсуәд әл-Кинди* (келе жатыр) *еді. Мен Ахрамның тізгінінен ұстадым. Ол: «Олар арттарына бұрылып қашты ма?» – деді. Мен: «Ей, Ахрам! Олардан сақ бол, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен оның сахабалары жеткенше олар сенің жолыңды кесіп жүрмесін», – дедім. Ол: «Ей, Сәләмә! Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтіретін болсаң, жаннаттың хақ екенін әрі тозақтың хақ екенін білетін болсаң, мені мен шәһидтіктің арасына бөгет болма», – деді. Содан кейін мен оны жібердім. Ол Абдур-Рахманмен бетпе-бет келіп, Абдур-Рахманның атын жаралады. Абдур-Рахман оны найзамен түйреп өлтірді және оның атына мініп алды. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) аттылы сарбазы Әбу Қатада Абдур-Рахманды қуып жетіп, оны найзамен шаншып өлтірді. Мұхаммедтің (с.а.с.) жүзін құрметті еткен* (Аллаһ)*пен ант етейін, мен жаяу жүгіріп отырып олардың соңына түстім, арт жағымда Мұхаммедтің (с.а.с.) сахабаларынан да, олардың шаңдарынан да еш нәрсе көрінбей қалды. Содан олар күн батар алдын бір шатқалға бұрылды, онда Зу Қарад деп аталатын* (бұлақ) *суы бар еді. Олар шөлдегендіктен содан ішуді қалаған болатын. Олар арт жақтарында жүгіріп келе жатқан мені көрді. Мен оларды* (судан) *қуып жібердім, олар одан бір тамшы да іше алмады. Олар шығып, тау асуымен қашып бара жатты. Мен жүгіріп отырып, олардан бір кісіні қуып жетіп, оның жауырын сүйегіне жебе қададым. Мен: «Ал сыбағаңды! Мен – Ибн Акуағпын, бүгін оңбағандар өлер күн!» – дедім. Ол: «Ей, анасы артында қалғыр*[2]*! Таңертеңгі Акуаг па?!» – деді. Мен: «Иә, ей, өз жанының дұшпаны!* (Бұл) *сенің таңертеңгі Акуағың», – дедім. Олар тау асуында екі атты қалдырып кетті. Мен ол екеуін Аллаһ елшісіне (с.а.с.) айдап келдім. Амир маған екі қабат теріден жасалған, ішінде біраз су араластырылған сүті бар мес және ішінде суы бар мес алып келді. Мен дәрет алдым және*

[1] Ахмадтың риуаятында, оның есімі Ғұйайна екені айтылған.

[2] Бұл таңданысты білдіретін сөз.

(одан) *іштім. Содан кейін Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келдім, ол мен* (қарақшыларды) *қуып шыққан судың басында тұр екен. Бұл кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.) әлгі түйелерді, мен мүшріктерден құтқарып қалған барлық нәрсені және найзалар мен шекпендердің барлығын алған болатын. Сол кезде Білəл әлгі адамдардан мен құтқарып қалған түйелердің бірін сойды және Аллаһ елшісі (с.а.с.) үшін оның бауыры мен өркешінен қуыруға кірісті. Мен: «Уа, Аллаһтың елшісі! Маған рұқсат етші, адамдардан жүз кісіні іріктеп алып, әлгі адамдардың соңына түсейін. Олардан ешбір хабаршыны қалдырмай өлтіремін», – дедім. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оттың жарығында езу тістері көрінгенше күліп:* ***«Ей, Сәләмә! Осылай етемін деп ойлайсың ба?»*** *– деді. Мен: «Иə, сені құрметті еткен* (Аллаһ)*пен ант етейін!» – дедім. Ол:* ***«Негізінде, олар қазір ғатафан*** (тайпасының) ***жерінде қонақ болып жатыр»****, – деді. Сол арада ғатафаннан бір кісі келіп: «Оларға пəленше түйе сойды. Олар оның терісін сыпырған кезде,* (көтерілген) *шаңды көріп: «Сендерге* (өздеріңді іздеген) *адамдар келді», – деп қашып кетті», – деді. Таң атырғанымызда Аллаһ елшісі (с.а.с.):* ***«Бүгін аттылы сарбаздарымыздың ең жақсысы – Әбу Қатада, ал жаяу сарбаздарымыздың ең жақсысы – Сәләмә болды»****, – деді. Содан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) маған екі үлес: аттылы сарбаздың үлесін және жаяу сарбаздың үлесін қосып берді*[1]*. Содан соң Мәдинаға қайтқанымызда, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мені артына Адбаның үстіне мінгестіріп алды»*, – деп əңгімелейді[2].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл жорықта Мәдина халқына басшылық жасауды Ибн Умму Мәктумге табыстаған, ал əскердің туын Миқдад ибн Амрге берген.

[1] Мұнда Сәләмәға аттылы адамның үлесі кереметтей ісі үшін марапат, сый ретінде берілген.

[2] «Сахих əл-Бұхари» (Зу Қарад жорығы туралы тарау, 2/603), «Сахих Муслим» (Зу Қарад және басқа да жорықтар туралы тарау, 2/113-115).

ХАЙБАР ЖОРЫҒЫ

(hижраның 7-жылы мухаррам айы)

Хайбар бірнеше қамалдары мен егін алқаптары бар, Мәдинаның солтүстік бағытында алпыс не сексен миль қашықтықта орын тепкен үлкен қала еді. Қазірде Хайбар ауа-райы қолайсыздау елді мекен.

Жорықтың себебі

Аллаh елшісі (с.а.с.) бітімнен кейін қас жауларынан құралған үш одақтастың ең мықты қанатынан дамылдап, толықтай қауіпсіздікке қол жеткізгеннен соң, аймақта түбегейлі қауіпсіздік орнап, тыныштық салтанат құруы үшін әрі мұсылмандар үздіксіз жалғасып келе жатқан қанды күрестен Аллаhтың жолдауы мен Оған үндейтін дағуатты халыққа жеткізуге біржолата бет бұрулары үшін қалған екі қанаттың – яhудилер мен Нәжд тайпаларының мәселесін шешуді қалады.

Хайбар қаласы Исламға қарсы жымысқылықтар мен астыртын ұйымдасулардың ордасы, әскери қозғалыстардың орталығы, айтақтаулар мен соғыстар тудырудың кеніші болғандықтан, мұсылмандардың ең алдымен қолға алуына әбден лайықты еді. Хайбардың мұндай сипатқа енуінің себебі, мұсылмандарға қарсы одақтастарды ұйымдастырған, бәну құрайза тайпасын опасыздық пен қиянатқа итермелеген, Ислам қоғамының бір мүшесымағы болып жүрген мұнафықтармен, одақтастардың үшінші қанаты ғатафандармен және далалық арабтармен байланыстар жүргізген соның тұрғындары болатын. Хайбарлықтардың өздері де соғысқа қамданып, бұл амалдарымен мұсылмандарды тынымсыз машақаттарға салған, тіпті Пайғамбарға (с.а.с.) қастандық жасауға жоспар құрған. Осының себебінен мұсылмандар үздіксіз жортуылдарға шығуға, Сәләм ибн Әбул-Хуқайқ, Усәйр ибн Раззам сияқты әлгіндей астыртын ұйымдастырушылардың көзін құртуға мәжбүр болды. Алайда мұсылмандардың бұл яhудилерге қарсы міндеттері бұдан үлкенірек еді. Олардың бұл міндеттерін орындауды кейінге қалдыруының себебі, алдарында одан үлкен, одан мықты, ең қаскөй әрі ең қасарысушы күш – құрайыштар тұрған-ды. Құрайыштар қарсы алаңнан ысырылған соң, енді яhудилермен есеп айырысуға мүмкіндік ашылып, оларға есеп күні таяды.

Мұсылмандардың Хайбарға аттануы

Ибн Исхақ Аллаh елшісінің (с.а.с.) Худайбиядан оралған соң, Мәдинада зул-хижжа айын соңына дейін және мухаррам айының біраз күндерін өткізіп, одан әрі Хайбарға аттанғанын жазған.

Тәпсір ғалымдарының айтуынша, Хайбар – Аллаh тағаланың **«Аллаh сендерге өздерің алатын көп олжаларды уәде етіп, сендерге мұны жедел**

түрде берді»[1] деген сөзінде уәде еткен нәрсесі. Яғни, аятта Худайбия келісімі және «көп олжалар» деп Хайбар туралы айтылған.

Ислам әскерінің саны

Мұнафықтар мен иманы әлсіз мұсылмандар Худайбия жорығынан қалып қойған соң, Аллаһ тағала пайғамбарына (с.а.с.): **«Сендер олжаларды алуға жөнелген кездеріңде қалдырылғандар: «Бізді жіберіңдер, сендерге ерейік», – дейді. Олар Аллаһтың сөзін өзгертуді қалайды.** (Оларға)**: «Сендер бізге ешқашан ермейсіңдер. Аллаһ сендерге қатысты бұрын осылай деді», – де. Сонда олар: «Жоқ, сендер бізге күншілдік етіп тұрсыңдар», – дейді. Негізінде, олар азынан басқаны түсінбейді»**[2], – деп бұйрық берген еді. Сондықтан да Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хайбарға жорық жасауды қалаған кезінде, өзімен бірге Аллаһ жолында соғысуды қалайтын адамдардың ғана шығуы керектігін жариялады. Осыдан соң Пайғамбарға (с.а.с.) кілең Худайбияда ағаш түбінде ант берген сахабалар ғана еріп шықты, олардың саны мың төрт жүз болатын.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзі жоқта Мәдина халқына басшылық жасауды Сибағ ибн Ғұрфута әл-Ғифариге тапсырды.

Пайғамбар (с.а.с.) жорыққа аттанып кеткеннен кейін Мәдинаға сахаба Әбу Һурайра Исламды қабылдау үшін келді. Әбу Һурайра таң намазынан соң Сибағ ибн Ғұрфутаға жолықты. Сибағ оны жол азықпен қамдап, Әбу Һурайра Пайғамбардың (с.а.с.) соңынан Хайбарға барды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұсылмандармен сөйлесіп, Әбу Һурайра мен серіктері шайқасқа қатыспаса да, оларға түскен олжалардан үлес берді.

Мәдинадағы мұнафықтардың яһудилерге хабар жіберуі

Мәдинада қалған мұнафықтар яһудилердің қамын ойлап, олардың басшысы Абдуллаһ ибн Убәй Хайбар яһудилеріне «Мұхаммед сендерді көздеп, сендер жаққа бет алып шықты. Сендер сақтық шараларын қарастырыңдар, бірақ одан қорықпаңдар. Өйткені сендердің сандарың мен жарақтарың көп, ал Мұхаммедтің адамдары азшылық, азғанасы қаруланған жарақсыз» деп хабар жіберді. Хайбарлықтар бұл хабарды алған соң, Кинәнә ибн Әбул-Хуқайқ пен Һауза ибн Қайсы ғатафандарға көмек сұрай жіберді. Өйткені ғатафандар Хайбар яһудилерінің одақтастары әрі оларға мұсылмандарға қарсы көмектесушілер еді. Яһудилер олармен мұсылмандарды жеңіп шықса, Хайбардың өнімінің жартысын беруге шарттасты.

[1] «Фатх» сүресі, 20-аят.
[2] «Фатх» сүресі, 15-аят.

Хайбар жолында

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хайбар жолында Иср және Сahба деп аталатын таулардан асып, Ражиғ жазығына аялдады. Ғатафандықтардың қонысы Ражиғ жазығынан бір күншілік қашықтықта еді. Ғатафандар да әзірліктерін қамдап, яһудилерге көмектесу үшін Хайбарды бетке алып шықты. Алайда ғатафандар жолдың біраз бөлігін басып өткенде, арқа жақтарынан бір дауыстар естіп, мұсылмандар отбасылары мен мал-мүліктеріне шабуыл жасады ма деп ойлап, кері қайтты да, одақтастарын көмексіз қалдырды.

Бұдан әрі Аллаһ елшісі (с.а.с.) әскерді бастап жүрген екі жол көрсетушіні шақырып, яһудилердің Шам еліне қарай қашу жолын және олар мен ғатафандардың арасын жалғайтын жолды жабу үшін Хайбарға солтүстік жақтан, яғни Шам тараптан кіретін ең жақсы жолды көрсетуді талап етті. Жол көрсетушілердің біреуі: *«Ондай жолды мен көрсетемін, уа, Аллаһтың елшісі!»* – деді. Сөйтіп жолшы әскерді бастап жүріп, бірнеше жолдардың айырығына әкелді де: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Мына жолдардың барлығы да бізді діттеген жерімізге апарады»*, – деді. Пайғамбар (с.а.с.) оған бұл жолдардың бір-бірлеп шетінен атауын айтып шығуды бұйырды. Жол көрсетуші: *«Бұлардың бірінің атауы Хузн[1]»*, – деді. Пайғамбар (с.а.с.) онымен жүруді қаламады. – *«Екіншісінің атауы Шаш[2]»*, – деді. Пайғамбар (с.а.с.) оған түсуді де құптамады. – *«Үшіншісінің атауы Хатиб[3]»*, – деді. Пайғамбар (с.а.с.) одан да бас тартты. Жол көрсетуші: *«Енді бір ғана жол қалды»*, – деді. Омар: *«Оның атауы қандай?»* – деп сұраған еді, жолшы: *«Мархаб[4]»*, – деді. Пайғамбар (с.а.с.) осы жолды таңдады.

Жол бойында өрбіген кейбір оқиғалар

Сәләмә ибн Акуағ (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбармен (с.а.с.) бірге Хайбарға шыққанымызда түн қатып жүрдік. Адамдардан бір кісі Амирге: «Ей, Амир! Бізге* (өз өлеңдеріңнен) *бірдеңелер оқып берсеңші!» – деді. Амир ақын кісі еді. Ол адамдарға түйелерді ширататын өлеңдер[5] оқуға кіріседі:*

«Уа, Аллаһ! Сен болмасаң тура жол таппас едік,
Бермес едік садақа, намаз да оқымас ек.
Кешір, біздің қатемізді, болайық Саған құрбан,
Қадамдарды орнықтыр, кез келсек (жауға)*!*
Тыныштық түсір біздерге,

[1] «Хузн» сөзі «қайғы» деген мағынаны білдіреді.
[2] «Шаш» сөзі «шатастыру» етістігінен туындайды.
[3] «Хатиб» – отын жинаушы.
[4] «Мархаб» сөзі «кең» деген мағынаны білдіреді.
[5] Бұл жерде құрылымы түйе жүрісінің ырғағына сәйкес келетін өлең мәнері туралы айтылған.

Бас тартамыз (ақиқатқа қарсы) *үнделсе.*

(Ал кәпірлер) *үндейді қарсы біздерге», – деп айта бастады. Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Мына*** (түйелер) ***айдауылы кім?»*** *– деп* (сұрады. Адамдар)*: «Амир ибн Акуағ», – деді. Пайғамбар (с.а.с.): **«Аллаһ оны рақымына алсын!»**[1] – деді. Адамдардан бір кісі: «Уа, Аллаһтың пайғамбары! Егер сен оны біздің арамызда қалдыруды* (қаламасаң[2], оған шәһидтік) *уәжіп болды», – деді»,* – деген[3].

Сахабалар Аллаһ елшісі (с.а.с.) біреуге жекелей рақым тілесе, оның шәһид боларын білетін[4]. Әлгі кісінің айтқаны дәл келіп, Амир ибн Акуағ Хайбар шайқасында қаза тапты.

Мұсылмандар Хайбарға таяу Саһба деген жерге жеткенде, Пайғамбар (с.а.с.) аср намазын оқыды. Сосын Аллаһ елшісі (с.а.с.) азық алдыртты, дастарқанға тек талқан әкелінді. Пайғамбар (с.а.с.) оны суға шылауды бұйырды да, адамдармен бірге талқанды жеді. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) ақшам намазына тұрып, аузын шайды, адамдар да ауыздарын шайды. Бұдан соң ол дәрет алмай намаз оқыды[5]. Одан кейін Пайғамбар (с.а.с.) құптан намазын оқыды[6].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хайбарға таяп келгенде: ***«Тоқтаңдар!»*** – деді. Әскер тоқтады. Сол жерде Пайғамбар (с.а.с.): ***«Уа, Аллаһ! Жеті аспанның және ол төбесін жапқандардың Раббы, жеті жердің және ол көтеріп тұрғандардың Раббы, шайтандардың және олар адастырғандардың Раббы! Біз сенен бұл қаланың қайырын, оның тұрғындарының қайырын және ондағылардың қайырын сұраймыз. Әрі сенен бұл қаланың кесірінен, оның тұрғындарының кесірінен және ондағылардың кесірінен пана тілейміз»,*** – деп дұға жасап, әскеріне: ***«Аллаһтың атымен алға!»*** – деп бұйрық берді[7].

Мұсылман әскері Хайбардың қорғандары түбінде

Мұсылмандар Хайбарға шабуыл жасайтын таңды күткен соңғы түндерін оған жақын жерде өткізді. Бірақ яһудилер олардың келіп қалғанын байқамады. Пайғамбар (с.а.с.) бір елге түнде жетсе, таң атқанға дейін оған кірмейтін. Содан таң қылаң бере мұсылмандар таң намазын оқып, көліктеріне мінді. Қаперлерінде ештеңе жоқ, күректері мен себеттерін алып жерлеріне шыққан хайбарлықтар әскерді көріп: «Аллаһпен ант етейік,

---

[1] Бұл тірі адамға да, сонымен қатар марқұмға да айтыла беретін дұғалық сөз.

[2] Яғни, сенің дұрыс себепті Аллаһ оны біздің арамызда қалдырмаса.

[3] «Сахих әл-Бұхари» (Хайбар жорығы туралы тарау, 2/603), «Сахих Муслим» (Зу Қарад және басқа да жорықтар туралы тарау, 2/115).

[4] «Сахих Муслим» (Зу Қарад және басқа да жорықтар туралы тарау, 2/115).

[5] «Сахих әл-Бұхари» (2/603).

[6] «Мағази әл-Уақиди» («Хайбар жорығы», 112).

[7] Ибн Һишам (2/329).

Мұхаммед! Мұхаммед және бестік[1]», – деді де, қалаларына қарай қашты. Аллаһтың пайғамбары (с.а.с.): ***«Аллаһу әкбар! Хайбар қирады. Аллаһу әкбар! Хайбар қирады. Ақиқатында, біз*** (дұшпандық ниеттегі) ***бір қауымның тұрағына түссек,*** **«ескертілгендердің таңы жақсы болмайды»[2]!»** – деді[3].

Хайбардың қамалдары

Хайбар қаласы екі негізгі бөліктен тұратын. Оның бірінші бөлігінің ән-Ната деген аймағында Нағим, Сағб ибн Муғаз және Зубәйр қорғаны деп аталатын үш қамал, әш-Шақық дейтін аймағында Әби және Низар деп аталатын екі қамал, ал қаланың әл-Кәтибә деген атпен танымал екінші бөлігінде Қамус (бұл – бәну надир тайпасындағы Әбул-Хуқайқтың ұлдарының қамалы), Уатих және Сәләлим атты үш қамал бар еді. Хайбарда осы сегізінен бөлек бұлардай берік емес, кішігірім қамалдар да болды.

Кескілескен шайқас қаланың бірінші бөлігінде жүрді, ал екінші бөлігіндегі үш қамал әскерлерінің саны көп болғанына қарамастан, соғыссыз берілді.

Мұсылмандардың әскери қосыны

Аллаһ елшісі (с.а.с.) әскеріне қосын ретінде бір орынды таңдаған болатын. Оған Хубаб ибн Мунзир келіп: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Айтшы, бұл орынға сені Аллаһ түсірді ме әлде бұл соғысқа орай таңдалған өз пікірің бе?»* – деп сұрады. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Жоқ, бұл менің өз пікірім»***, – деді. Хубаб: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Шындығында, бұл орын ән-Ната қамалына тым жақын, ал Хайбардың барлық жауынгерлері сонда, олар біздің жағдайымызға қанық, ал біз олардың жағдайын білмейміз,* (бұл жерден) *олардың жебелері бізге жетеді, ал біздің жебелеріміз оларға жетпейді әрі біз олардың түнгі шабуылынан қауіпсіз болмаймыз. Сонымен қатар бұл орын құрма ағаштарының арасында, ойға орналасқан қолайсыз жер. Егер де сен осы қатерлерден қауіпсіз орынға жайғасуымызды бұйырсаң, сондай орынды әскери қосын етіп алар едік»*, – деп кеңес берді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Сенің кеңесің дұрыс»***, – деді де, басқа орынға ауысты.

[1] Мұсылмандардың әскері бес бөліктен: оң қанат пен сол қанаттан, алдыңғы және артқы шептен және орталық бөліктен тұратын.

[2] «Саффат» сүресінің 177-аятын қараңыз.

[3] «Сахих әл-Бұхари» (Хайбар жорығы туралы тарау, 2/603-604).

Соғысқа дайындалу және мұсылмандардың жеңіске жететіні туралы қуанышты хабар

Мұсылмандар Хайбарға кірердің алдындағы түнде немесе одан кейінгі түні Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Ақиқатында, мен мына байрақты Аллаһ оның қолы арқылы жеңіске жеткізетін, Аллаһты және Оның елшісін жақсы көретін әрі Аллаһ және Оның елшісі оны жақсы көретін бір кісіге беремін»,*** – деді. Сонда адамдар түнді байрақ өздерінің қайсысына беріледі деп әңгімелеумен өткізді. Таң атқан соң адамдар ертемен Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келді, барлығы тудың өзіне берілуін үміт ететін. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Әли ибн Әбу Талиб қайда?»*** – деп сұрады. Адамдар: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Оның көзі ауырып жатыр»,* – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Оған адам жіберіңдер»,*** – деді. Сөйтіп оны алып келді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оның көздеріне түкірді және ол үшін дұға жасады. Сонда ол тіпті ауырмағандай жазылып кетті. Пайғамбар (с.а.с.) оған байрақты берді. Әли: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Олармен өзіміз тәрізді болғанша*[1] *соғысамын ба?»* – деп сұрады. Пайғамбар (с.а.с.) оған: ***«Олардың аймағына жеткеніңше асықпай қозғал. Сосын оларды Исламға шақыр және оларға Аллаһтың құқықтарынан өздеріне не міндеттелетінін хабарла. Аллаһпен ант етейін, Аллаһтың сен арқылы бір кісіні тура жолға салуы сен үшін өзіңде қызыл түйелердің*** [2] ***болуынан қайырлы»,*** – деді[3].

Шайқастың басталуы және Нағим қамалын бағындыру

Хайбардағы сегіз қамалдың ішінен мұсылмандар шабуыл жасаған ең бірінші қамал Нағим деп аталатын қамал болды. Нағим қамалы стратегиялық орнына байланысты яһудилер қорғанысының алдыңғы шебі еді әрі бұл қамал яһудилердің бір өзі мың жауынгерге баланатын батыры Мархабтың қамалы болатын.

Әли (Аллаһ оған разы болсын) мұсылмандармен бірге осы қамалға барып, яһудилерді Исламға шақырды. Бірақ яһудилер бұл ұсыныстан бас тартып, мұсылмандармен соғысуға шықты. Олармен бірге патшалары Мархаб болды. Мархаб соғыс алаңына шыққан соң, мұсылмандарды жекпе-жекке шақырды. Сәләмә ибн Акуағ: *«Біз Хайбарға келгенімізде, олардың патшасы Мархаб қылышын айналдыра шығып:*

«Біледі Хайбар, менің Мархаб екенімді,

Жарақтымын, ержүрек, тәжірибелімін,

---

[1] Яғни, Исламды қабылдағанша.

[2] Сол тұста арабтарда мұндай түйелер өте құнды саналатын.

[3] «Сахих әл-Бұхари» (Хайбар жорығы туралы тарау, 2/505, 606). Риуаяттардың кейбірінен Пайғамбардың (с.а.с.) туды Әлиге Хайбардың қамалын алуға бағытталған бірнеше әрекеттер нәтижесіз аяқталған соң бергені жайлы қорытынды шығады.

Соғыстың қызған шағында», – деді.

Менің көкем Амир оның алдына шығып:

«Біледі Хайбар, менің Амир екенімді,

Жарақтымын, ержүрекпін, шайқастың ортасына кіретін», – деді.

Сөйтіп екеуі екі соққы алмасты. Мархабтың қылышы Амирдің қалқанына тиді. Амир оған төменгі жағынан (қылыш сілтемек) *болғанда, қылышы өзіне қайырылып, білегінің ортасындағы тамырын кесіп, ол содан жан берді.*

Кейіннен адамдар Мәдинаға қайтып келе жатқанда, маған көзі түскен Аллаһ елшісі (с.а.с.) қолымнан ұстап[1]*:* ***«Саған не болды?»*** *– деп сұрады. Оған: «Ата-анам саған құрбан болсын!* (Адамдар) *Амирдің амалы зая болды дейді»*[2]*, – дедім. Сонда Пайғамбар (с.а.с.):* ***«Оны айтқан жалған сөйлепті. Шын мәнінде ол үшін екі сауап бар*** (Пайғамбар (с.а.с.) екі саусағын біріктіріп көрсеткен)***. Расында ол*** (Аллаһ жолындағы) ***нағыз жауынгер болды. Ол сияқты*** (игілікке ие болып) ***жүрген араб аз»****, – деп айтты»*, – деген.

Осыдан соң Мархаб тағы да жекпе-жек сұрап:

«Біледі Хайбар, менің Мархаб екенімді,

Жарақтымын, ержүрек, тәжірибелімін,

Соғыстың қызған шағында», – деп өлеңдете бастады.

Енді онымен жекпе-жекке Әли шығып:

«Мені анам Арыстан деп атаған,

Қорқынышты орман арыстаны тәрізді[3]*.*

Мен оларға сағды кең өлшеммен толық етіп беремін[4]*»*, – деді.

Содан ол Мархабтың басына қылышпен ұрып өлтірді. Содан кейін оның қол астында мұсылмандар жеңіске жетті[5].

Осыдан соң Әли (Аллаһ оған разы болсын) яһудилердің қамалына таяу барды, олардың бірі қамалдың төбесінен қарап: «Сен кімсің?» – деп сұрады. Ержүрек батыр: *«Мен Әли ибн Әбу Талибпін»*, – деді. Сонда әлгі яһуди: «Мұсаға түсірілген (Таурат)пен ант етейін, сендер үстем болдыңдар», – деп күйінді.

---

[1] Пайғамбар (с.а.с.) Сәләмә ибн Акуағтың (Аллаһ оған разы болсын) қапаланып жүргенін байқаған.

[2] Адамдар Амир өз-өзін өлтірді, сол үшін Аллаһтан сауап алмады деген сөздер айтқан болатын.

[3] Мархаб түсінде өзін арыстан өлтіретінін көрген еді. Ал Әлиге туылған кезінде анасы Әсәд (Арыстан) деп ат қойған болатын, оның нағашы атасының есімі Әсәд еді. Бұл уақытта Әлидің әкесі Әбу Талиб үйінде жоқ болатын, ол оралған соң ұлына Әли деп ат берді. Әлидің Мархабқа анасы өзін Арыстан деп атағанын айту себебі, ол оған көрген түсін есіне салуды және оның сағын сындыруды қалаған.

[4] Әли мұнда «мен жауды жапыра қырып саламын» дегенді меңзеген.

[5] «Сахих Муслим» (Хайбар жорығы туралы тарау, 2/122; Зу Қарад және басқа да жорықтар туралы тарау, 2/115), «Сахих әл-Бұхари» (Хайбар жорығы туралы тарау, 2/603).

Содан кейін шайқас алаңына Мархабтың бауыры Ясир шығып: «Менімен кім жекпе-жектеседі?» – деді. Онымен жекпе-жекке Зубәйр шықты. Сонда Зубәйрдің анасы Сафия: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Ол баламды өлтіреді»,* – деп күйгелектенген еді, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Керісінше, сенің ұлың оны өлтіреді»,*** – деді. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) айтқаны келіп, Зубәйр оны жер жастандырды.

Жекпе-жектердің соңынан Нағим қамалының маңында кескілескен соғыс жүріп, шайқаста яһудилердің бірнеше атақтылары ажал құшты. Осының себебінен яһудилердің қарсылықтары әлсіреп, мұсылмандардың шабуылын тойтаруға дәрменсіз қалды. Дерек көздеріне сүйенсек, бұл шайқас бірнеше күнге жалғасып, мұсылмандар тегеурінді қарсылыққа кездескен. Алайда яһудилер ақырында мұсылмандардың бетін қайтаруға күдерлерін үзіп, бұл қамалды тастап, Сағб ибн Муғаз қамалына асып өткен. Сөйтіп мұсылмандар Нағим қамалын алған.

Сағб ибн Муғаз қамалын бағындыру

Сағб қамалы күші мен беріктігі жағынан Нағим қамалынан кейінгі қамал еді. Мұсылмандар оған Хубаб ибн Мунзир әл-Ансаридің басшылығы астында шабуыл жасап, оны үш күн бойы қоршауда ұстады. Үшінші күні Пайғамбар (с.а.с.) Аллаһқа осы қамалды бағындыруын сұрап арнайы дұға жасады.

Ибн Исхақ риуаят еткендей, әсләм руындағы бәну сәһм әулеті Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп: *«Біз ашықтық, ал қолымызда ештеңе жоқ»,* – деп шағымданғанда, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Уа, Аллаһ! Ақиқатында, Сен бұлардың жағдайын, бұлардың күші қалмағанын және менің қолымда да бұларға бererлік ештеңе жоқтығын жақсы білесің. Сондықтан бұларға осы қамалдардың байлығы ең үлкенін әрі тамағы мен майы бәрінен көбін бағындыр»,*** – деп дұға жасаған. Осыдан соң мұсылмандар таңертең шабуылға шыққанда, Аллаһ тағала Сағб ибн Муғаз қамалын бағындырған. Хайбардағы тамағы мен майы ең көп қамал осы қамал еді[1].

Пайғамбар (с.а.с.) Раббысына жасаған дұғасынан кейін мұсылмандарды Сағб қамалын шабуылдауға үндегенде, әсләм руының адамдары шабуылдың алдыңғы легіне шығып, ерен ерлік көрсетті. Жекпе-жектер мен шайқас қамал алдында жүрді және қамал сол күні күн батардан бұрын бағындырылды. Мұсылмандар қамалдан тас атқыштар және қамалды алуға пайдаланылатын, ішіне бірнеше кісі сыятын, төбесінде қорғаныш қабаты бар құралдар тауып алды.

Ибн Исхақтың риуаятында айтылғандай, бұған дейін мұсылмандар қатты ашыққанда, әскердегі бір адамдар есектерді сойып, қазандарды отқа қойған болатын. Бірақ Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл жайлы хабар алғанда, үй есектерінің етін жеуге тыйым салған.

[1] Бұл дерек Ибн Һишамнан қысқартылған түрде алынды (2/332).

Зубәйр қорғаны қамалын бағындыру

Нағим және Сағб қамалдары мұсылмандардың қолына өткеннен кейін ән-Ната қамалдарындағы барлық яһудилер Зубәйр қорғаны қамалына шоғырланды. Бұл құз басындағы, шыңда орналасқандығы себепті аттар мен адамдар жете алмайтын берік қамал еді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Зубәйр қорғанын үш күн бойы қоршауда ұстады. Сол арада яһудилердің бірі келіп: «Ей, Әбул-Қасим! Шындығында, бұлар бір ай тұрсаң да міз бақпайды. Өйткені бұлардың сусындары және жер асты бұлақтары бар. Олар түн ішінде шығып, сол бұлақтардан су ішеді де, қамалдарына оралып, сенен қорғануларын жалғастыра береді. Егер де олардың сол бұлақтарға барар жолын бөгесең, (амалсыздан) ашық жерге шығады», – деді. Сөйтіп Пайғамбар (с.а.с.) әлгі яһудидің кеңесімен олардың су жолын бөгеп тастады да, қамалдағылар амалсыздан сыртқа шығып, аянбай шайқасты. Шайқаста мұсылмандардан бірнеше адам және он шақты яһуди қаза тапты. Ақыр соңында Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әскері қамалды өздеріне қаратты.

Әби қорғанын алу

Зубәйр қорғаны бағындырылғаннан кейін яһудилер Әби қамалына ауысып, сонда шоғырланды. Мұсылмандар оларды қоршауға алды. Яһудилердің екі бірдей батыры бірінен соң бірі шығып жекпе-жек сұрады және мұсылман батырлары қолынан өлім құшты. Екінші жекпе-жекте қарсыласын жер жастандырған әйгілі қызыл орамалды батыр Әбу Дужана Симак ибн Харша әл-Ансари еді. Әбу Дужана қарсыласын өлтіре салысымен қамалға кіруге ұмтылды, мұсылмандар да онымен бірге лап қойды. Қамал ішінде біршама уақыт кескілескен соғыс жүрген соң, яһудилер қорғаннан асып түсіп, әш-Шаққ аймағындағы Низар қамалына тығылды.

Низар қамалын алу

Низар қорғаны қаланың бірінші бөлігіндегі ең мықты қамал болатын. Яһудилер мұсылмандардың бар күштерін салса да, бұл қамалға кіре алмайтындығына толықтай дерлік сенімді болған еді. Сондықтан да олар әйел-балаларының барлығын осы қамалға жасырған. Бағындырылған алдыңғы төрт қамалда әйел-балалар жоқ-ты.

Мұсылмандар Низар қамалын мықтап қоршауда ұстап, яһудилерді тегеурінді қыспаққа алды. Қамал шығу қиын биік таудың басында орналасқандықтан, мұсылмандар оған кіруге ешқандай мүмкіндік таппады. Ал яһудилердің қамалдан шығып, мұсылмандармен қоян-қолтық ұрыс жүргізуге батылдары жетпеді. Дегенмен олар қамал басында тұрып жебелер жаудыру, тас лақтыру арқылы мұсылмандарға қатты қарсылық көрсетті.

Низар қамалы мұсылмандардың күштеріне алдыра қоймаған соң, Пайғамбар (с.а.с.) тас атқыш құралдарды пайдалануды бұйырды. Мұсылмандар қамалды таспен атқылап, оның дуалдарын сөккен болса керек, әскер қорғанның ішіне еніп, қамал ішінде кескілескен соғыс жүрді. Яһудилер алдыңғы қамалдардағыдай бұл қамалдан асып түсе алмағандықтан, ойсырай жеңіліп, үлкен шығынға ұшырады. Олардың бір бөлігі қамалдан әйел-балаларын тастап тырқырай қашты.

Осы берік қамал алынғаннан кейін Хайбардың ән-Ната және әш-Шаққ дейтін аймақтарынан тұратын бірінші бөлігі түгелдей бағындырылды. Бұл аймақта өзге де кішігірім қамалдар бар еді, бірақ яһудилер Низар қамалы мұсылмандардың қолына өткен соң өзге ұсақ қамалдарды тастап, қаланың екінші бөлігіне қашты.

Хайбардың екінші бөлігінің бағындырылуы

Ән-Ната және әш-Шаққ аймақтары бағындырылғаннан кейін, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хайбардың екінші бөлігіндегі әл-Кәтибә аймағына өтті. Мұнда бәну надир тайпасындағы Әбул-Хуқайқтың ұлдарына қарасты Қамус қамалы, Уатих және Сәләлим қамалдары бар еді. Қаланың бірінші бөлігінен қашқан барлық яһудилер осында келіп тығылып, бұл қамалдардың халқы қорғанысқа мықтап бекінді.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жорықтарын баяндаған ғалымдар арасында «Хайбардың екінші бөлігіндегі қамалдардың бірінде соғыс жүрді ме, жоқ па?» деген мәселеде пікір қайшылықтары бар. Ибн Исхақтың риуаятының мазмұны Қамус қамалын бағындыру үшін соғыс жүргізілгенін ашық баяндайды[1]. Ал әл-Уақиди екінші бөліктегі үш қамалдың да келіссөз арқылы алынғанын еш бүкпесіз баяндаған. Қамус қамалын тапсыруға қатысты келіссөз соғыстан кейін жүргізілген болуы да мүмкін. Ал қалған екі қамал мұсылмандарға соғыссыз берілген.

Қалай болған күнде де Пайғамбар (с.а.с.) Кәтибә аймағына келген соң, оның тұрғындарын мықтап қоршауға алып, қоршау он төрт күнге жалғасты. Бұл аралықта яһудилер қамалдарынан шықпай қорғанды. Ақыры Пайғамбар (с.а.с.) оларды тас атқышпен атқылауды ойлағанда, яһудилер құтыла алмасына көздері жетіп, Аллаһ елшісінен (с.а.с.) келісімге келуді сұрады.

Келіссөз

Ибн Әбул-Хуқайқ Аллаһ елшісіне (с.а.с.) «Төменге түсіп, сенімен сөйлессем бола ма?» деп адам жіберді де, Пайғамбардан (с.а.с.) «Иә» деген жауап алған соң, келіссөз жүргізу үшін түсті және Пайғамбармен (с.а.с.) қамалдардағы жауынгерлерді өлтірмеу әрі әйел-балаларын олардың өздеріне қалдыру шартымен келісімге келді. Келісім бойынша яһудилер

[1] Ибн Һишам (2/331, 336-337).

Хайбар жерінен әйел-балаларын алып шығуы, ал өздерінің дүние-мүліктері мен жерлерін, алтын-күмістерін, малдарын және үстеріндегі киімдерінен басқа қару-жарақтары мен сауыттарын Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қалдырып кетулері керек еді[1]. Аллаһ елшісі (с.а.с.) яһудилерге: ***«Егер сендер менен бірдеңені жасырсаңдар, Аллаһтың қорғауы мен Оның елшісінің қорғауының сендерге қатысы болмайды»,*** – деген-ді. Яһудилер осыған келіскен болатын. Осы келісімнен кейін барлық қамалдар мұсылмандарға беріліп, Хайбар толығымен бағындырылды.

Әбул-Хуқайқтың екі ұлының келісімді бұзғандары үшін өлтірілуі

Арада осындай келісім болғанына қарамастан Әбул-Хуқайқтың екі баласы көптеген дүние-мүлікті, соның ішінде Хаййай ибн Ахтабтың бәну надир тайпасы Мәдинадан сүргін етілгенде, өзімен бірге Хайбарға алып келген дүниесі мен әшекей бұйымдарын жасырып қалды.

Ибн Исхақтың айтуынша, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына Кинәнә ибн Рабиғды әкелген. Бәну надир тайпасының қазынасы соның қолында болатын. Пайғамбар (с.а.с.) одан қазынаны сұраған еді, Кинәнә оның орнын білетіндігін мойындамады. Сол арада яһудилердің бірі келіп: «Мен Кинәнәнің әр күні таңертең мына қирандыны айналшақтап жүргенін көргенмін», – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Кинәнәдан: ***«Егер біз қазынаны сенің иелігіңнен тауып алсақ, сені өлтіруіме келісесің бе?»*** – деп сұрады. Кинәнә: «Иә», – деп келісті. Пайғамбар (с.а.с.) әлгі қирандыны қаздырған еді, оның астынан қазынаның бір бөлігі шықты. Пайғамбар (с.а.с.) Кинәнәдан оның қалғанын сұрады, бірақ Кинәнә оны тапсырудан бас тартты. Осыдан соң Пайғамбар (с.а.с.) Кинәнәні Мұхаммед ибн Мәсләмәға берді, оның бауыры Махмуд ибн Мәсләмә Нағим қамалының дуалы түбінде көлеңкелеп отырғанда, төбесінен диірмен тасы тасталып өлтірілген болатын. Мұхаммед ибн Мәсләмә осы бауырының кегі үшін Кинәнәні өлтірді.

Кейбір ғалымдар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Әбул-Хуқайқтың екі баласын өлтіруді бұйырғанын айтқан. Олардың дүние-мүлікті жасырып қалғанын мойындаған адам Кинәнәнің көкесінің ұлы еді.

Ал Кинәнәнің әйелі, Хаййай ибн Ахтабтың қызы Сафия тұтқынға алынды.

---

[1] Алайда Әбу Даудтің риуаятында келісім бойынша яһудилерге Хайбардан сүргін етілгендерінде өздерімен бірге түйелері көтергенше шамада мүліктерін алуға рұқсат етілгендігі айтылған (қ.: «Сунән Әбу Дауд» (Хайбар жерінің үкімі туралы айтылғандарға қатысты тарау, 2/76)).

Хайбардың олжаларын бөлу

Аллаһ елшісі (с.а.с.) яһудилерді Хайбардан сүргін етуді қалағанда, олар: «Ей, Мұхаммед! Біздің осы жерде қалып, оны күтуімізге және оған қарауымызға рұқсат ет. Біз бұл жерді сендерден жақсы білеміз», – деді. Шынында да, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) де, оның сахабаларының да бұл жерлерге қарайтын қызметшілері жоқ-ты, бұл жерлерді күтуге сахабалардың өздерінің де қолдары тимейтін. Осыны ескерген Пайғамбар (с.а.с.) Хайбарды оның барлық егіні мен құрмасының жартысын алу шартымен, өзі қалаған мерзімге дейін берді және қалаған кезінде оларды Хайбардан сүргін етуге шарттасты. Хайбардың өнімін шамалап, есебін алу Абдуллаһ ибн Рауахаға жүктелді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хайбардың жерін отыз алты үлеске бөліп, әрбір үлесті жүзге ажыратты. Сонда барлығын қосқанда үш мың алты жүз үлес шықты. Пайғамбар (с.а.с.) оның тең жартысын, яғни мың сегіз жүз үлесті басына түскен жағдайларға және мұсылмандарға қатысты туындайтын істерге пайдалану үшін ажыратты. Ал дәл сондай мың сегіз жүз үлестен тұратын қалған жартысын мұсылмандарға бөлді және олардың қатарында өзі де бір мұсылманның үлесіндей үлес алатын болды. Пайғамбардың (с.а.с.) бұлай мың сегіз жүз үлеске бөлуінің себебі, бұл үлестер Аллаһтың, Хайбарға қатысса да, қатыспаса да, Худайбия жорығында болған мұсылмандарға берген несібесі еді. Худайбия жорығына шыққандардың саны мың төрт жүз кісіден тұратын және олардың қатарында екі жүз аттылы жүрген. Әрбір атқа екі үлестен ажыратылғандықтан, жалпы үлес мың сегіз жүзді құрады. Осылай Худайбияға қатысқан аттылы кісі үш үлес, ал жаяу адам бір үлестен алды[1].

Хайбардың олжаларының қаншалықты көп болғанын әл-Бұхари жеткізген риуаяттар көрсетеді. Онда Ибн Омар: *«Біз* (мұсылмандар) *Хайбарды бағындырғанымызға дейін тойынған емеспіз»,* – десе, Айша: *«Хайбар бағындырылғанда, біз: «Енді құрмаға тойынамыз», – дедік»,* – деген[2]. Мәдинаға оралған соң муһажирлер Хайбарда мал-мүліктерге және құрма бақтарына ие болғандықтан, бұрын ансарлардан пайдалануға алған құрма бақтарын өздеріне қайтарды[3].

Жағфар ибн Әбу Талиб пен ашғар тайпасы адамдарының Аллаһ елшісімен (с.а.с.) қауышуы

Осы жорықта Аллаһ елшісімен (с.а.с.) Эфиопиядан оралған көкесінің ұлы Жағфар ибн Әбу Талиб пен оның серіктері қауышты. Елге оралған қоныс

[1] «Ъуйун әл-әсәр» (2/191).
[2] «Сахих әл-Бұхари» (2/609).
[3] «Сахих Муслим» (2/96).

аударушылармен ашғар тайпасынан Әбу Мұса және оның жолдастары ере келген еді.

Әбу Мұса әл-Ашғари (Аллаһ оған разы болсын): *«Бізге Йеменде жүрген кезімізде Пайғамбардың (с.а.с.)* (Мәдинаға қоныс аударып) *шыққан хабары жетті де, мен екі бауырыммен бірге ол жаққа қарай қоныс аударып шықтық. Біз қауымымыздан елуден астам кісі болып шығып, бір кемеге отырдық. Кемеміз бізді Эфиопиядағы Нәжәшидің* (патшалығына) *жеткізді. Сол жерде Жағфар ибн Әбу Талиб пен оның жолдастарын кездестіріп, бәріміз* (Мәдинаға) *келгенше сонымен бірге тұрдық.* (Мәдинаға келгенімізде) *Пайғамбардың (с.а.с.) Хайбарды алған кезіне дөп түстік. Пайғамбар (с.а.с.) бізге* (олжадан) *үлес ажыратты және бізден басқа Хайбарды бағындыруға қатыспаған ешкімге үлес берген жоқ, тек Жағфар және оның серіктерімен бірге біздің кememізбен келгендерге ғана өзімен бірге шайқасқа қатысқан жауынгерлердің қатарында үлес бөлді»*, – деген[1].

Жағфар алдына келгенде, Пайғамбар (с.а.с.) оны қарсы алып, маңдайынан сүйіп: ***«Аллаһпен ант етейін! Мен қайсысымен қуанарымды білмей тұрмын, Хайбардың жеңісіне қуанайын ба әлде Жағфардың келгені ме?!»*** – деп мәз-мейрам болған[2].

Бұлар Мәдинаға Аллаһ елшісі (с.а.с.) Амр ибн Умәййә әд-Дамриді Нәжәшиге, еліндегі мұсылмандарды қайтаруын сұрап жібергеннен кейін артынша көп ұзамай келген. Нәжәши оларды екі кememен жіберген. Нәжәшидің кемесімен келгендердің саны он алты кісі еді және олармен бірге мұсылмандардың Эфиопияда қалған әйелдері мен балалары болды. Нәжәшидің еліндегі өзге мұсылмандар Мәдинаға бұлардан бұрын келген-ді[3].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Сафияға үйленуі

Жоғарыда Сафияның күйеуі Кинәнә ибн Әбул-Хуқайқ опасыздығы үшін лайықты жазасын алып, өлтірілгеннен кейін тұтқынға алынғаны айтылған болатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сафияға Исламды қабылдауды ұсынып, ол Исламды қабылдады. Содан кейін Пайғамбар (с.а.с.) оны азат етіп, оған үйленді және қалыңын[4] азаттығы етті. Мәдинаға қайтар жолда Сәдд әс-Сahба деген жерге келгенде, Сафияның идда мерзімі аяқталды[5]. Сол жерде

---

[1] «Сахих әл-Бұхари» (1/443), «Фатх әл-Бәри» (7/484-487).

[2] Әт-Табаранидің «әл-Муъжам әс-сағир» кітабы (1/19).

[3] Әл-Хадиридің Ислам халықтарының тарихы туралы лекциялар жинағы (1/128).

[4] Қалың (мәһр) – некелескенде ер кісінің әйеліне беретін мүлкі.

[5] «Сахих» хадистер бойынша, тұтқынға түскен жүкті әйелдердің идда мерзімі – босанғанға дейін, ал жүкті емес әйелдердің иддасы – бір етеккірі келіп, тазаруы. Ахмад, Әбу Дауд және әл-Хаким, Әбу Сағидтен жеткізген хадисте, тұтқынға түскен жүкті емес әйелдерге бір етеккірі келіп, тазарғанға дейін жақындаспау бұйырылған. Әл-Хаким бұны «сахих» хадис санатына жатқызса, Ибн Хажар «Талхис» кітабында оның иснадына «хасан» деп баға берген. Сондай-ақ Әбу Дауд жеткізген хадисте:

оны Умму Сулəйм[1] дайындап, Пайғамбарға (с.а.с.) алып барды. Пайғамбар (с.а.с.) таңертең тұрғанда: ***«Кімде азықтық бірдеңе болса, оны алып келсін»,*** – деді. Сөйтіп тері төсеніш жайылып, бір кісі құрма, бір кісі май және біреу талқан əкелді.

Сонан соң адамдар құрма, май және талқан қоспасынан «хайс» деп аталатын тағам əзірлеп, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) үйлену тойы болды. Пайғамбар (с.а.с.) Сафиямен қосылғаннан кейін Хайбар мен Мəдинаның аралығында үш күн тұрды[2].

Пайғамбар (с.а.с.) Сафияның бетіндегі көгерген дақты көріп: ***«Бұл не?»*** – деп сұрағанда, ол: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Сен келерден бұрын* (түсімде) *айдың орнынан жылжып келіп, қойныма түскенін көрдім. Аллаһпен ант етейін, сен туралы ойыма ештеңе келмеген еді.* (Түсімді) *күйеуіме айтқанымда, ол бетімнен салып қалды және: «Сен Мəдинадағы əлгі патшаны көксейді екенсің», – деді»*, – деген[3].

Уланған қой еті туралы əңгіме

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хайбарды бағындырған соң сол жерде тұрған аралықта Сəләм ибн Мишкəмнің зайыбы, Зəйнəб бинт Харис деген бір яһуди əйел оған қақталған қой етін тарту етті. Ол бұған дейін: «Аллаһ елшісі (с.а.с.) қойдың қай мүшесін көбірек ұнатады?» – деп сұрастырған болатын. «Бақайын ұнатады» деген жауап алған соң қойдың бақайына уды молынан қосты және қалған мүшелерін де улады. Содан кейін оны əкеліп, Пайғамбардың (с.а.с.) алдына қойды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) қойдың бақайын алып, одан бір тістеп шайнады да, жұтпастан түкіріп тастады. Сонан соң: ***«Ақиқатында, мына сүйек маған өзінің уланғанын айтуда»,*** – деді. Сөйтіп əлгі əйелді шақыртқан еді, ол етті улағанын мойындады. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Сені бұған не итермеледі?»*** – деп сұраған еді, əйел: «Мен іштей «Егер бұл патша болса, одан құтыламын, ал егер пайғамбар болса, оған хабар беріледі» деп ойладым», – деді. Осы уəжінен кейін Пайғамбар (с.а.с.) оған кешірім жасады.

Пайғамбардың (с.а.с.) жанында Бишр ибн Бара ибн Мағрур бар еді, ол сол қойдың етінен жеп, қайтыс болды.

Риуаяттардың бірінде Пайғамбардың (с.а.с.) бұл əйелді кешіргені айтылса, енді бірінде оны өлтіргені көрсетілген. Ғалымдар бұл риуаяттарды

«Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірген адамның тұтқын əйелге тазарғанына (яғни идда мерзімі аяқталғанға) ***дейін жақындасуына рұқсат етілмейді»*** делінген.

[1] Умму Сулəйм – Əнəстің анасы.

[2] «Сахих əл-Бұхари» (1/54, 2/604, 606).

[3] Ибн Һишам (2/336).

«Алдымен оны кешірген де, кейін Бишр қайтыс болған соң, кісі өліміне жауапкер ретінде өлім жазасына кескен» деп үйлестіреді[1].

Хайбар шайқастарындағы екі жақтың кісі шығыны

Мұсылмандар жағынан Хайбар шайқастарында шәһид болғандардың жалпы саны он алты кісі, олардың төртеуі құрайыштан, әшжағ және әсләм тайпаларынан бір-бір адамнан, Хайбар тұрғындарынан бір адам, ал қалғандары ансарлардан.

Ал яһудилердің кісі шығыны тоқсан үшке жетті.

Фәдәк яһудилері

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хайбарға жеткен соң, Мухайиса ибн Масғудты Фәдәк яһудилерін Исламға шақыру үшін жіберген болатын. Бірақ олар жауап беруге асықпады. Соңынан Аллаһ мұсылмандарға Хайбарды бағындырғаннан кейін Фәдәк яһудилерінің жүректеріне үрей ұялатып, олар Аллаһ елшісіне (с.а.с.) Хайбар тұрғындары келісімге отырғандай, Фәдәктің өнімінің жартысын беру шартымен келісімге келуді сұрап, кісі жіберді де, Пайғамбар (с.а.с.) олардың шарттарын қабылдады. Фәдәкті мұсылмандар ат-түйелерімен атой салып алмағандықтан, оның олжасы Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзіне ғана тиесілі болып, Пайғамбардың (с.а.с.) өзі жөн санаған орындарға жұмсауына қалдырылды[2].

Әл-Қура жазығында

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хайбарды бір жақты қылған соң, ат басын әл-Қура жазығына бұрды. Әл-Қураны яһудилер мен арабтар аралас мекен ететін. Мұсылмандар жазыққа түскенде, соғысқа сақадай сайланып тұрған яһудилер оларды садақ жебелерімен қарсы алды. Қапелімде Аллаһ елшісінің (с.а.с.) құлы Мидғам жау оғына ұшты. Адамдар: *«Оған жаннат құтты болсын!»* – деген еді, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Жоқ, олай емес! Жаным қолында болған*** (Аллаһ)***пен ант етейін, шындығында, оның Хайбар күні әлі бөліске салынбаған олжалардан алған шапаны оған от болып жануда»***, – деді. Адамдар мұны естіген соң, Пайғамбарға (с.а.с.) бір кісі өзі әлі бөліске салынбаған олжадан алған аяқ киімнің бір немесе екі бауын алып келді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): ***«Аяқ киімнің бауы тозақта*** (немесе ***аяқ киімнің баулары тозақта***)***»***, – деген[3].

---

[1] Қ.: «Фатх әл-Бәри» (7/497). Бұл әңгіменің негізі ұзын әрі қысқа көлемде әл-Бұхариден (1/449, 2/610, 860) және Ибн Һишамнан (2/337-338) риуаят етілген.

[2] Ибн Һишам (2/337, 353).

[3] «Сахих әл-Бұхари» (2/608).

Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларын соғысқа сайлап, оларды сапқа тұрғызып, әскердің туын Сағд ибн Ғұбадаға берді, тағы бір туды Хубаб ибн Мунзирге, бір туды Сәһл ибн Ханифке, бір туды Аббад ибн Бишрге ұстатты. Содан кейін қуралықтарды Исламға шақырды, бірақ олар одан бас тартты. Олардан бір кісі жекпе-жекке шықты, онымен Зубәйр ибн Аууам сайысып, жер жастандырды. Одан кейін тағы бір кісі жекпе-жек талап етті, оны да Зубәйр өлтірді. Олардан үшінші кісі жекпе-жекке шыққан еді, онымен Әли ибн Әбу Талиб сайысқа түсіп, жер құштырды. Осылай олардың он бір адамы жекпе-жекте қаза тапты. Қуралықтардың әр кісісі өлтірілген сайын Пайғамбар (с.а.с.) оларды Исламға шақырумен болды.

Бұл күні Пайғамбар (с.а.с.) әр намаздың уақыты кіргенде сахабаларымен бірге намаз оқып, сонан соң шайқас алаңына оралып отырды және әрбір намаздан соң әл-Қура тұрғындарын Исламға, Аллаһқа және Оның елшісіне иман келтіруге шақыратын. Сөйтіп Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әскері олармен кеш батқанша шайқасты. Ерте таңда мұсылмандар оларға қайтадан шабуыл жасады да, күн найза бойы көтерілместен, қуралықтар жеңіліп, қолдарындағының барлығын мұсылмандарға берді. Осылай әл-Қура күшпен бағындырылып, Аллаһ олардың мал-мүліктерін мұсылман әскеріне олжалап әперді. Мұсылмандар әл-Қурадан көптеген үй жиһаздары мен бұйымдар олжалады.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) әл-Қура жазығында төрт күн тұрды және бұл соғыста түскен олжаны сахабаларына бөліп берді, ал олардың жерлері мен құрма бақтарын хайбарлықтарға берген шартымен жергілікті яһудилерге тапсырды[1].

Тәймә яһудилері

Тәймәлық яһудилерге Хайбар, Фәдәк және әл-Қура тұрғындарының тізе бүккені туралы хабар жеткенде, олар мұсылмандармен ешқандай қарсылыққа бармастан, өздері келісімге келуді сұрап кісі жіберді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) тәймәлықтардың ұсыныстарын қабыл алып, олар өздерінің жерлері мен мал-мүліктерін сақтап қалды[2]. Пайғамбар (с.а.с.) осы орайда оларға *«Бұл – Аллаһ елшісі Мұхаммедтің бәну адия тумаларына жазған хаты. Шындығында, олар* (мұсылмандардың) *қорғауында болады, ал олардың жизия төлеуі міндетті. Оларға дұшпандық жасалмайды және олар сүргін етілмейді.* (Бұл келісімді) *түн бекітеді, күндіз күшейтеді* (яғни оны ештеңе бұза алмайды. Мұны) *жазған Халид ибн Сағид»* деген мәтінде хат жазды[3].

[1] «Мухтасар сира әр-расул» (145-бет).
[2] «Әл-Бидәя уә ән-ниһая» (4/218).
[3] Ибн Сағд (1/279).

Мұсылмандардың Мәдинаға оралуы

Осыдан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға қайтты, жолда сахабалар бір жазыққа жеткенде, дауыстарын көтеріп: *«Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар, лә иләһә иллəллаһ»*, – деп ұрандатуға кірісті. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): ***«Ей, адамдар! Өз-өздеріңді аясаңдаршы[1]! Сендер саңырауды және жоқты шақырып жатқан жоқсыңдар ғой! Расында, сендер бәрін Естуші әрі Жақын*** (Аллаһты) ***шақырып тұрсыңдар»***, – деді[2].

Пайғамбар (с.а.с.) осы қайтқан сапарында түнделетіп жүрді. Жолдың біраз бөлігін басып өткен соң, түннің соңғы уақытында ұйқыға жатып, Біләлға: ***«Түнімізді қарауылда»***, – деп тапсырды. Бірақ түйесіне сүйеніп отырған Біләлдің көзі ілініп кетті. Содан күн мазалағанға дейін олардың ешқайсысы оянбады. Күн қызғанда ең бірінші Аллаһ елшісі (с.а.с.) оянды. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) түнеген жазықтарынан шықты да, алдыға өтіп, сахабаларымен бірге намаз оқыды[3].

Хайбар шайқастарын түбегейлі зерттей келе, «Пайғамбар (с.а.с.) бұл жорықтан Мәдинаға һижраның 7-жылы сафар айының аяқ шенінде немесе рабиғ әл-әууəл айында оралған» деп қорытынды жасау мүмкін.

Әбән ибн Сағидтің жортуылы

Пайғамбар (с.а.с.) соғысуға тыйым салынған айлар аяқталған соң, Мәдинаны қорғаусыз қалдыру шешімге дұрыс келмейтіндігін кез-келген әскери қолбасшыдан жақсы білетін. Өйткені қаланың төңірегін мекендейтін далалық арабтар тонаушылық пен қарақшылық әрекеттерін іске асыру үшін мұсылмандардың мүлт кетуін торуылдап, пайлап жүрген болатын. Сондықтан да Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хайбарды бетке алып шыққанында далалық арабтарды үркіту үшін Нәжд жеріне Әбән ибн Сағидтің басшылығында бір жасақ жіберді. Өзіне жүктелген міндетті орындап қайтқан Әбән ибн Сағид Аллаһ елшісіне (с.а.с.) Хайбарда, мұсылмандар оны бағындырғаннан кейін келіп қосылды.

Ең басым дерек бойынша, бұл жортуыл һижраның 7-жылы сафар айында жасалған. Бұл жортуыл жайлы әл-Бұхаридің «Сахихында» айтылған[4]. Ибн Хажар әл-Асқалани: «Бұл жортуылдың жай-жапсарын білмедім», – деген[5].

---

[1] Яғни, бұлайша қатты айқайламаңдар.

[2] «Сахих әл-Бұхари» (2/605).

[3] Ибн Һишам (2/340). Бұл танымал әңгіме хадис кітаптарының көбісінде риуаят етілген.

[4] Қ.: «Сахих әл-Бұхари» (Хайбар жорығы туралы тарау, 2/608-609).

[5] «Фатх әл-Бәри» (7/491).

Һижраның 7-жылында жасалған
өзге де жортуылдар мен жорықтар

Зәт әр-риқағ жорығы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) үш одақтастың екі бірдей мықты қанатын сындырған соң, енді оның үшінші қанатына, яғни Нәждтің сахараларын кезіп, әлі күнге дейін әр кезеңде тонаушылық істерімен айналысып жүрген қатыгез бәдәуилерге мойын бұруға толық мүмкіндік алды.

Бұл бәдәуилер бір елге немесе қалаға шоғырланбағандықтан әрі қамалдар мен қорғандарда тұрмайтындықтан, оларға билік жүргізу мен жамандықтарын толық тыю меккеліктер мен хайбарлықтарға қарағанда қиындығы әлдеқайда көп мәселе еді. Сондықтан да оларға қатысты тәртіпке салу және қорқытып-үркіту шабуылдарынан өзге ешқандай әрекеттің пайдасы жоқ-ты. Сол үшін мұсылмандар арагідік оларға қарсы осындай сипаттағы шабуылдар ұйымдастырып отырды.

Жаудың мысын басу немесе Мәдинаның шеткі аймақтарын шабуға қол біріктірген бәдәуилердің күшіне соққы беру үшін Аллаһ елшісі (с.а.с.) тарихта «Зәт әр-риқағ жорығы» деген атпен танылған тәртіпке салу шабуылын ұйымдастырды.

Ең басым дерек бойынша, бұл жорық һижраның 7-жылы рабиғ әл-әууәл айында жасалған.

Пайғамбардың (с.а.с.) өмір жолын жазған ғалымдардың осы жорық туралы келтірген деректерінің қысқаша баяны: Аллаһ елшісі (с.а.с.) ғатафан тайпасындағы анмар немесе бәну сағләбә және бәну мухариб руларының қол біріктіргені жайлы хабар алып, төрт жүз немесе жеті жүз сахабасымен шұғыл түрде сол жаққа аттанған. Өзі жоқта Мәдина халқына басшылық жасауды Әбу Заррға немесе Осман ибн Аффанға тапсырған. Жорыққа шыққан Пайғамбар (с.а.с.) олардың аймақтарына тереңдей еніп, Мәдинадан екі күншілік қашықтықтағы Нахл деп аталатын мекенге жетті. Сол жерде ғатафан тайпасының бір тобына кездесіп, екі жақ бір-біріне таяп келгенмен, соғысқа бармастан, бірін-бірі қорқытумен шектелді. Сол күні Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларымен бірге қауіп намазын оқыған. Әл-Бұхаридің «Сахихында»: *«Намазға қамат айтылды да,* (Пайғамбар (с.а.с.)) *бір топ* (сахабаларымен) *екі ракағат намаз оқыды, содан кейін* (намаз оқыған топ) *кейін ысырылып,* (Пайғамбар (с.а.с.)) *екінші топпен екі ракағат намаз оқыды»*, – делінген. Осылай Пайғамбар (с.а.с.) төрт ракағат, ал сахабалар екі ракағаттан намаз оқыған[1].

Әл-Бұхаридің «Сахихында» Әбу Мұса әл-Ашғаридің (Аллаһ оған разы болсын): *«Біз Пайғамбармен (с.а.с.) бірге алты кісі болып*[2] *жорыққа шықтық, біздің ортамызда кезектесіп мінетін бір-ақ түйе бар еді.*

[1] «Сахих әл-Бұхари» (1/407-408, 2/593).

[2] Бұл жерде Әбу Мұса өзінің туыстары не руластары туралы айтқан.

Табандарымыз күлдіреп кетті, менің де табаным күлдіреп, тырнақтарым түсіп қалды. Біз аяқтарымызға шүберек орайтынбыз, сондықтан да бұл Зәт әр-риқағ[1] жорығы деп аталды», – дегені риуаят етілген[2].

Сондай-ақ әл-Бұхари жеткізген келесі бір хадисте Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«Біз Пайғамбармен (с.а.с.) бірге Зәт әр-риқағ жорығында болдық.* (Жолда) *бір көлеңкелі ағашқа келгенімізде, оны Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қалдырдық та, Пайғамбар (с.а.с.) ат шалдырды. Адамдар көлеңкелеу үшін тікенді ағаштарға тарап кетті, ал Аллаһ елшісі (с.а.с.) әлгі ағаштың түбіне түсіп, оған қылышын іліп қойды.*

Біз біраз көз шырымын алдық. Сол аралықта мүшріктерден бір кісі келіп, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қылышын суырып: «Менен қорқасың ба?» – депті. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Жоқ»****, – депті. Мүшрік: «Сені менен кім қорғайды?» – деп сұрапты. Пайғамбар (с.а.с.):* ***«Аллаһ»****, – деп жауап беріпті. Бір кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.) бізді шақырып жатыр екен. Келсек, қасында бір бәдәуи отыр. Аллаһ елшісі (с.а.с.):* ***«Мен ұйықтап жатқанда мынау менің қылышымды қынынан шығарыпты, оянып кетсем қолындағы жалаңаш*** (қылышпен маған төніп тұр) ***екен. Ол менен: «Сені менен кім қорғайды?» – деп сұрады. Мен: «Аллаһ», – дедім. Міне, ол мына отырған»****, – деді. Кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) оны жазаға тартқан жоқ»*, – деген.

Әбу Ауананың риуаятында: *«Қылыш бәдәуидің қолынан түсіп кетті. Оны Аллаһ елшісі (с.а.с.) алып:* ***«Сені менен кім қорғайды?»*** *– деді. Бәдәуи: «Жазалаушының жақсысы бол[3]» – деп жалынды. Пайғамбар (с.а.с.) одан:* ***«Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқтығына және менің Аллаһтың елшісі екендігіме куәлік бересің бе?»*** *– деп сұрады. Бәдәуи: «Мен саған өзіңмен соғыспауға және сенімен соғысушы адамдармен бірге болмауға ант беремін», – деді. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) оны босатты. Сонда әлгі бәдәуи тайпаластарына барып: «Мен сендерге адамдардың ең жақсысының алдынан келдім», – депті»*, – делінген[4].

Мұсылмандар Зәт әр-риқағ жорығынан қайтып келе жатқандарында мүшріктердің бір әйелін тұтқынға алған болатын. Оның күйеуі мұсылмандардың соңына түсіп, Мұхаммедтің (с.а.с.) сахабаларының бірінің қанын төкпейінше кері оралмауға ант еткен-ді. Сол кісі түн ішінде мұсылмандар түнеген жерге келді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) екі сахабасы Аббад ибн Бишр мен Аммар ибн Ясирді әскерін жаудан қарауылдау үшін сақшылыққа қойған болатын. Аббад қосын күзетінде намаз оқып тұрғанда, әлгі мүшрік келіп, садақпен атады. Аббад денесіне қадалған жебені суырып

---

[1] «Зәт әр-риқағ» сөзінің мағынасы «жамаулы» дегенді аңдатады.

[2] «Сахих әл-Бұхари» (Зәт әр-риқағ жорығы туралы тарау, 2/592), «Сахих Муслим» (Зәт әр-риқағ жорығы туралы тарау, 2/118).

[3] Яғни, кешір.

[4] Шейх Абдуллаһ ән-Нәждидің «Мухтасар сира әр-расул» (264-бет) және «Фатх әл-Бәри» кітаптарын (7/416) қараңыз.

алып тастап, намазын жалғастырады және денесіне үш жебе қадалса да, намазын үзбестен оқып, сәлем береді. Сонан соң Аббад жолдасын оятады. Оны көрген жолдасы: *«Субханаллаһ! Мені оятсаң қайтеді?»* – дегенде, Аббад: *«Мен бір сүрені оқып тұр едім, оны үзуді қаламадым»*, – деп жауап берген[1].

Зәт әр-риқағ жорығы қатыгез бәдәуилердің жүректеріне үрей ұялатуға ықпал етті. Осы жорықтан кейінгі жортуылдардың оқиғаларына үңілсек, бұл жорықтан соң ғатафан тайпаларының бастарын көтеруге батылдары жетпей қалғанын, тіпті бірте-бірте тыныштalып, ақыры тізе бүккенін, керек болса, Исламды қабылдағанын көреміз. Айта берсек, бұл бәдәуилердің бірнеше тайпасы мұсылмандармен бірге Меккені бағындыруға және Хунайн жорығына қатысып, Хунайнның олжаларына ортақтасқан еді. Меккені бағындыру жорығынан оралған соң бұл тайпаларға зекет жинаушылар жіберіліп, олар зекеттерін берген болатын. Сонымен одақтастарды құраған үш қанат та түгелдей сындырылып, аймақта тыныштық пен бейбіт өмір орнады. Мұсылмандар бұдан кейін кей аймақтарда кейбір тайпалар тудырған кетіктер мен олқылықтарды еш қиындықсыз жабуға мүмкіндік алды. Тіпті Зәт әр-риқағ жорығынан кейін ішкі аймақтағы жағдайлар Ислам діні мен мұсылмандардың пайдасына шешіліп, енді шет аймақтағы ірі қалалар мен үлкен-үлкен патшаларды бағындырудың алғышарттары пайда бола бастады.

Зәт әр-риқағ жорығынан оралған соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) һижраның 7-жылының шәууәл айына дейін Мәдинада болды және осы аралықта жан-жаққа бірнеше шолғыншы жасақтар жіберді. Төменде соларды біршама баяндап өтеміз:

1. Ғалиб ибн Абдуллаһ әл-Ләйсидің һижраның 7-жылы сафар немесе рабиғ әл-әууәл айында Қудайд деп аталатын жердегі бәну мулауах тайпасына жасаған жортуылы.

Бәну мулауах тайпасы Бәшир ибн Суәйд есімді сахабаның серіктерін өлтірген болатын. Бұл жортуыл солардың кегін алу үшін жіберілген-ді. Ғалибтің жасағы түн ішінде шабуылға лап қойып, қолдарына түскендерді өлтіріп, тайпаның малдарын айдап әкетті. Олардың соңынан жаудың үлкен әскері қуып шықты, бірақ жау мұсылмандарға таяғанда жаңбыр жауып, алатопан сел келді де, қуғыншыларды бөгеп қалды. Сөйтіп мұсылмандар Мәдинаға аман-есен оралды.

2. Һижраның 7-жылы жумәдә әс-сәния айында Хусма дейтін жерге жасалған жортуыл.

Бұл туралы Византия императорына жазылған хатқа қатысты оқиғада баяндалған болатын.

[1] «Сунән Әбу Дауд» (1/99). Зәт әр-риқағ жорығы туралы толықканды зерттеулерді Ибн Һишамнан (2/203-209) және «Фатх әл-Бәри» (7/417-428) кітабынан қараңыз.

3. Омар ибн әл-Хаттабтың һижраның 7-жылы шағбан айында Турба жеріне жасаған жортуылы.

Омардың отыз кісілік жасағы күндіз бой тасалап жасырынып, түнделете жүріп отырды. Бірақ һауазин тайпасы мұсылмандар жасағының келе жатқанынан хабар алып, қашып кетеді. Олардың қоныстарына келген Омар ешкімді таппастан, кері қайтып, Мәдинаға оралған.

4. Бәшир ибн Сағд әл-Ансаридің һижраның 7-жылы шағбан айында Фәдәк жақтағы бәну мурра тайпасына жасаған жортуылы.

Бәширдің отыз кісілік жасағы бәну мурра тайпасына барып, олардың қойлары мен малдарын айдап әкетеді. Бірақ қайтар жолда түнде олардың соңынан қуғыншылар жетеді, Бәшир мен оның жолдастары қуғыншыларды садақпен атқылайды. Соңынан жебелері таусылып, Бәширден басқа барлығы жау қолынан мерт болады. Ал ауыр жараланған Бәширді біреулер Фәдәкқа жеткізеді. Бәшир Фәдәкта жарақаты жазылғанша бір яһудидің үйінде болып, жол жүруге жараған соң Мәдинаға оралған.

5. Ғалиб ибн Абдуллаһ әл-Ләйсидің һижраның 7-жылы рамазан айында Майфаға дейтін жердегі бәну ауал және бәну абд ибн сағләбә тайпаларына жасаған жортуылы.

«Бұл жортуыл жуһайна тайпасының Хурақатына[1] жіберілген» деген де хабар бар. Қалай болған күнде де Ғалибтің отыз кісілік жасағы түгелімен жауларына шабуылдап, қарсыласқандарын өлтіріп, малдары мен қойларын айдап әкеткен. Осы жортуылда Усама ибн Зәйд Мирдас ибн Нәһик деген біреуді «Лә иләһә илләллаһ» деп айтқаннан кейін өлтірген. Жортуылшылар Мәдинаға келгеннен кейін, бұл хабар Пайғамбарға (с.а.с.) жеткенде, ол Усамаға бұл ісінің үлкен күнә екенін аңдатып: ***«Ей, Усама! Сен оны «Лә иләһә илләллаһ» деп айтқаннан кейін өлтірдің бе?»*** – деген. Усама: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Ол бар болғаны пана іздеді ғой»*[2], – деп ақталғанда, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Сен оның рас айтушы әлде өтірікші екенін білетіндей, жүрегін жарып көрдің бе?»*** – деген.

6. Абдуллаһ ибн Рауаханың һижраның 7-жылы шәууәл айында отыз аттылымен Хайбар жеріне жасаған жортуылы.

Бұл жортуылдың себебі, Хайбар жерінде Әсир (немесе Бәшир) ибн Раззам деген кісі ғатафандардан мұсылмандарға қарсы жорық жасауға қол біріктіріп жүрген болатын. Пайғамбар (с.а.с.) бұл қауіптің алдын алу үшін Абдуллаһ ибн Рауаханы отыз аттылы сарбазбен жортуылға жібереді. Хайбар жеріне барған Ибн Рауаханың жасағы Әсирді «Аллаһ елшісі (с.а.с.) сені Хайбарға басшы етеді» деп дәмелендіріп, оны Мәдинаға апару үшін елінен

[1] Хурақат – жуһайна тайпасы мекен еткен жердің аты немесе осы тайпа ішіндегі рулардың бірінің атауы.

[2] Хадистің басқа нұсқасында: *«Ол мұны қарудан қорқып айтты»* делінген.

алып шығады. Әсирмен бірге отыз жолдасы еріп шығады. Олар Қарқара Нияр деген жерге жеткенде, Әсир мен оның жолдастары мұсылмандардан күдіктеніп, мұның соңы екі жақтың бір-бірімен шайқасуына ұласады. Шайқастың нәтижесі Әсир мен оған еріп шыққан отыз жолдасының өлтірілуімен аяқталды.

7. Бәшир ибн Сағд әл-Ансаридің һижраның 7-жылы шәууәл айында үш жүз кісімен Йемен аймағына және (ғатафан немесе фазара және ғұзра тайпаларының жері) Жабарға жасаған жортуылы.

Бәширдің жасағы Мәдинаның шеткі қоныстарын шабуға ұйымдасқан бәдәуилердің үлкен тобын жаныштауға аттанған-ды. Жортуылшылар күндіз бой тасалап жасырынып, түн қатып жүріп отырды. Мұсылмандар жасағының жортуылынан хабар алған бәдәуилер қоныстарын тастап қашып кетеді де, Бәшир олардың көп малдарын олжалайды және екі кісісін тұтқынға түсіреді. Екі тұтқын Мәдинаға жеткізілгенде, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдында Исламды қабылдаған.

8. Әбу Хадрад әл-Әсләмидің әл-Ғаба жеріне жасаған жортуылы.

Кейбір ғалымдар бұл жортуылды 7-жылдағы жортуылдардың қатарында Худайбияда келесі жылға қалдырылған өтем умрасынан бұрын келтірген. Оның қысқаша баяны: жушм ибн муғауия тайпасындағы бір кісі үлкен қаралы әскермен әл-Ғабаға келіп, қайс тайпасы адамдарын мұсылмандарға қарсы соғысқа топтастыруды қалайды. Мұны естіген Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әбу Хадрадты екі кісімен бірге осының хабарын біліп келу үшін жібереді. Содан үшеуі діттеген тайпаларына күн батқан кезде жетеді де, Әбу Хадрад бір шетке, екі жолдасы бір шетке жасырынады. Тайпаның бақташысы олардың малдарын өте кеш, ел ұйқыға жатарда айдап келеді. Бақташының алдынан тайпа басшысының жалғыз өзі шығып, Әбу Хадрадтың жанына келгенде, Әбу Хадрад оны садақпен атып, дәл жүрегіне тигізеді. Тайпа басшысы тілге келместен сұлап түседі. Әбу Хадрад әскер жаққа қарай жүгіріп, «Аллаһу әкбар!» деп ұрандатады. Екі жолдасы да дауыстап тәкбір айта, әскерге қарай ұмтылады. Абдырап шошынған тайпа адамдары жан-жаққа тырқырай қашады да, үш қана мұсылман олардың көп түйелері мен қойларын айдап қайтады[1].

[1] Ибн Һишам (2/629-630). Жоғарыда келтірілген жортуылдардың толық баянын «Рахма лил-ъаламин» (2/229-231), «Тәлқих фуһум әһл әл-әсәр» түсіндірмесімен бірге (31-бет) және шейх Абдуллаһ ән-Нәждидің «Мухтасар сира әр-расул» (322-324 беттер) кітаптарынан қараңыз.

ӨТЕМ УМРАСЫ

Әл-Хаким: «Аллаһ елшісінің (с.а.с.) зул-қағда айы туғанда, сахабаларына (былтырғы) умраларын өтеу үшін умраға шығуды және олардың Худайбияға қатысқандарынан ешкімнің қалып қоймауын бұйырғаны туралы хабарлар алуан түрлі жолдармен жеткен. Сөйтіп (Худайбияға қатысқандардың) шәһид болғандарынан басқасы умраға шықты және Пайғамбармен (с.а.с.) бірге (Худайбияға қатысқандардан) өзгелер де умра жасау үшін шықты. (Умраға шыққандардың) саны әйел-балаларды қоспағанда екі мың кісіні құрады», – деген[1].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзі жоқта Мәдина халқына басшылық жасауды Ғуайф ибн Адбат әд-Дәйлиге немесе Әбу Руһм әл-Ғифариге жүктеді. Мәдинадан құрбандыққа алпыс түйе айдап шығып, түйелерге қарауды Нәжия ибн Жундаб әл-Әсләмиге тапсырды. Пайғамбар (с.а.с.) Зул-Хуләйфадан бастап умра үшін ихрамға кірді және тәлбия айтуға кірісті, мұсылмандар да оған қосылып тәлбия айтты. Мұсылмандар құрайыштардың опасыздық жасауынан қауіптенгендіктен, қаруларын сайлап, соғысқа дайындалып шыққан болатын. Олар Яжаж деген жерге жеткенде, барлық қаруларын, сауыт, қалқандарын, садақ, жебелерін және найзаларын бір орынға қойып, Әус ибн Хауали әл-Ансариді екі жүз кісімен қару-жарақтарды күзетуге қалдырды да, қалғандары салт аттының қаруы – қындарына салынған қылыштарын ғана алып, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бастауымен Меккеге кірді[2].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккеге кірерде түйесі Қасуаға мінген болатын, ал қылыштарын асынған мұсылмандар Пайғамбарды (с.а.с.) айнала қоршап, тәлбия айтумен жүрді.

Мүшріктер мұсылмандарды бақылау үшін Қағбаның солтүстігіндегі Құғайқаған тауына шыққан еді. Олар өзара: «Ол сендерге келеді, ал оларды Ясриб безгегі әлсіретіп тастаған», – деп әңгіме қылған-ды. Сонда Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларына Қағбаны тауап еткенде алғашқы үш айналымда жылдамдатып жүруді, ал екі бұрыштың[3] арасында кәдуілгі жүріске ауысуды бұйырды. Аллаһ елшісін (с.а.с.) айналымның бәрінде жылдамдатып жүруге бұйырудан сахабаларына деген аяушылығы ғана қайтарды. Пайғамбар (с.а.с.) оларға мұны мүшріктерге күштерін көрсету үшін ғана бұйырған болатын[4]. Сондай-ақ Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларына оң иықтарын ашып жүруді және ридаларының екі ұшын да сол иықтарына тастауды бұйырды.

---

[1] «Фатх әл-Бәри» (7/700).

[2] «Фатх әл-Бәри» (7/700).

[3] Бұл жерде Қағбаның Йемен тараптағы бұрышы мен қара тас қойылған бұрышы туралы айтылған. Осы екі бұрыш арасында жүріп бара жатқан мұсылмандарды арғы жақта тұрған мүшріктер көре алмайтын.

[4] «Сахих әл-Бұхари» (1/218, 2/610-611), «Сахих Муслим» (1/412).

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккеге Хажжун тауына көтерілетін асудан кірді, мүшріктер тізіліп оған қарап тұрды. Пайғамбар (с.а.с.) Қағбаның Йемен жақтағы бұрышына имек таяғын тигізгенге дейін тәлбия айтуын тоқтатпады. Содан кейін тауаф жасауға кірісті, мұсылмандар да тауаф жасады. Қылышын асынған Абдуллаһ ибн Рауаха Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдында жүріп:

«Кетіңдер оның жолынан, ей, кәпірлер әулеті!
Кетіңдер! Бар жақсылық Аллаһтың елшісінде.
(Бұл жайлы) *әр-Рахман түсірген Өз кітабында,*
Өз елшісіне оқылар жазбаларда.
Уа, Раббым! Мен оның сөздеріне сенем.
Мен оны қабылдауды міндет деп білдім,
өлімнің ең жақсысы Өз жолыңда екенін.
Оның түсіргені бойынша бүгін сендерге соққы береміз,
бастарды ұйқысынан айыратын,
досқа досын ұмыттыратын», – деп өлеңдетті.

Әнәстан риуаят етілген хадисте Омар: *«Ей, Ибн Рауаха! Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдында және Аллаһтың қасиетті жерінде өлеңдетіп жүрсің бе?»* – дегенде, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Оған тиіспе, ей, Омар! Шындығында, бұл оларға садақ жебелерінен тез әсер етеді»***, – деген[1].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен мұсылмандар тауафтың үш айналымын жылдам жүріспен орындады. Мұны көрген мүшріктер бір-біріне: «Сендер бұларды безгек әлсіретіп тастаған деген едіңдер, бұлар мынадан да, мынадан да күшті ғой!» – десті[2].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) тауафты аяқтаған соң, Сафа мен Маруа төбелерінің арасында сағи жасады. Сағиды аяқтаған кезінде, құрбандық малдары Маруаға әкелінген еді, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Бұл – құрбандық шалатын орын және Меккенің барлық жерінде құрбандық шалуға болады»***, – деді. Сөйтіп Маруада құрбандық шалды және шашын алдырды. Мұсылмандар да осылай жасады. Содан кейін Пайғамбар (с.а.с.) бір адамдарды Яжажға қару-жарақтарды күзету үшін жіберді де, оны қарауылдауға қалған сахабалар келіп, умра рәсімдерін орындады.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккеде үш күн тұрды. Төртінші күні таңертең мүшріктер Әлиге келіп: «Көкеңе айт: қаладан шықсын, мерзім бітті», – деді. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) Меккеден шықты да, Сариф дейтін жерге тоқтап, сонда біраз уақыт тұрды.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккеден аттанарда Хамзаның ұлы: «Уа, көке! Уа, көке!» – деп дауыстап, олардың соңдарынан ерді. Баланы Әли көтеріп алды. Бұл баланы қамқорлыққа алуға Әли, Жағфар және Зәйд үшеуі таласқанда,

[1] Мұны әт-Тирмизи рұқсат сұрау және әдеп тарауларында, «Өлең оқуға қатысты айтылғандар» деген айдардағы тарауда риуаят еткен (2/107).
[2] «Сахих Муслим» (1/412).

Пайғамбар (с.а.с.) бала Жағфардың қолында болсын деп шешті. Өйткені бұл баланың нағашы әпкесі Жағфардың әйелі еді.

Осы умра сапарында Пайғамбар (с.а.с.) Мәймуна бинт Харис әл-Амирияға үйленді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккеге кіруінен бұрын алдын-ала Жағфар ибн Әбу Талибті Мәймунаға жіберіп, өзіне күйеуге шығуға ұсыныс жасаған болатын. Мәймуна мұны әпкесі Уммул-Фадлдың күйеуі, яғни жездесі Аббас шешсін деп ұйғарды. Сөйтіп Аббас балдызын Аллаһ елшісіне (с.а.с.) күйеуге ұзатты. Пайғамбар (с.а.с.) Меккеден шығарында Әбу Рафиғды Мәймунаны әкелу үшін қалдырды. Сөйтіп Мәймунамен Сарифта қосылды[1].

Бұл умра «умрат әл-қада» деп аталды. Бұл атау аталмыш умра Худайбиядағы умраның өтемі болғандықтан немесе Худайбиядағы келісім бойынша жасалғандықтан берілген. Бұл атау бірінші пікірге сүйенсек – «өтем умрасы», екінші пікірге сүйенсек – «шешім умрасы» деп тәржімаланады. Алайда зерттеушілер екінші пікірге басымдық берген[2]. Бұл умраның «умрат әл-қада» (шешім умрасы), «умрат әл-қадия» (үкім умрасы), «умрат әл-қисас» (қарымта умра) және «умрат әс-сулх» (келісім умрасы) деген төрт атауы бар[3].

Пайғамбар (с.а.с.) осы умрадан оралған соң, бірнеше жортуылшы жасақтар жіберді. Төменде соларға тоқтала кетеміз:

1. Ибн Әбул-Аужаның һижраның 7-жылы зул-хижжа айында жасалған жортуылы.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) оны елу кісілік жасақпен бәну суләйм тайпасын Исламға шақыру үшін жіберген. Бәну суләйм тайпасы: «Бізге сенің шақырғаныңның қажеті жоқ», – деген жауап қайтарып, екі жақтың ортасында кескілескен шайқас жүреді. Шайқаста Әбул-Аужа жараланған, ал жау жағынан екі кісі тұтқынға алынған.

2. Ғалиб ибн Абдуллаһтың һижраның 8-жылы сафар айында Фәдәктағы Бәшир ибн Сағдтың серіктері қаза тапқан жерге жасаған жортуылы.

Ғалибтің екі жүз кісілік жасағы жаудың біраз адамын өлтіріп, малдарын олжалап қайтқан.

3. Һижраның 8-жылы рабиғ әл-әууәл айында Зәт Атлах дейтін жерге жасалған жортуылы.

Бәну қудаға тайпасы мұсылмандарға шабуыл жасау үшін үлкен әскер жинаған болатын, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Кағб ибн Ғұмайр әл-Ансариді он

[1] Ибн Һишам (5/20).
[2] Қ.: «Фатх әл-Бәри» (7/500).
[3] «Фатх әл-Бәри» (7/500).

кісімен оларды Исламға шақыру үшін жібереді. Кағб ибн Ғұмайрдің жасағы жаумен жолығып, оларды Исламға шақырады. Бірақ олар бас тартып, мұсылмандарды садақпен атқылайды. Нәтижесінде жасақтағы мұсылмандардың біреуінен басқасының барлығы шәһид болады. Тек біреуі ғана өлтірілгендердің арасында ауыр жаралағанған халде тірі қалған[1].

4. Һижраның 8-жылы рабиғ әл-әууәл айында бәну һауазин тайпасына қарсы жасалған Зәт Ирқ жортуылы.

Бәну һауазин тайпасы әр кезеңде Исламның жауларына күш қосумен жүрген-ді. Пайғамбар (с.а.с.) оларға Шужағ ибн Уаһб әл-Әсәдиді жиырма бес кісілік жасақпен жібереді. Көздеген жерлеріне жеткен мұсылмандар жасағы ешқандай қарсылыққа кездеспей, жаудың малдарын айдап қайтқан[2].

[1] «Рахма лил-ъаламин» (2/231).

[2] «Рахма лил-ъаламин» (2/231), Ибн әл-Жәузидің «Тәлқих фуһум әһл әсәр» кітабы түсіндірмесімен (33-бет).

МУТА ШАЙҚАСЫ

Мута шайқасы – мұсылмандар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көзі тірісінде кездескен ең үлкен қанды соғыс. Һижраның 8-жылы жумәдә әл-улә (миләди 629-жылдың тамыз немесе қыркүйек) айында болған бұл шайқас христиан елдерін бағындыруға жасалған алғашқы қадам еді.

Мута – Шам елінің Балқа өңіріне ең жақын жердегі елді мекен, оны мен Бәйт әл-Мақдистің арасы екі ат шалдырым жер.

Шайқастың себебі

Мута шайқасының себебі – Аллаһ елшісі (с.а.с.) Харис ибн Ғұмайр әл-Әздиді Бусра ұлығына жазған хатын жеткізу үшін жіберген болатын. Жолда оны Византия императорының Шам жеріндегі Балқа өңіріне тағайындаған әкімі Шурахбил ибн Амр әл-Ғассанидің адамдары қолға түсіріп, байлап-матап, Шурахбилдің алдына әкелген және әкімнің бұйрығымен Харистің басы шабылған.

Әдетте елшілерді өлтіру соғыс жариялауға тең, тіпті одан асып түсетін ең сорақы қылмыстардың бірі еді. Мәдинаға жеткен бұл хабар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жанына қатты батты. Артынша Пайғамбар (с.а.с.) Шурахбилдің сазасын беру үшін қарасы үш мың жауынгерді құрайтын әскер дайындады[1]. Мұсылмандардың мұншалықты үлкен әскері, Ахзаб жорығында болмаса, бұған дейін топтастырылмаған еді.

Әскердің қолбасшылары және Аллаһ елшісінің (с.а.с.) оларға айтқан өсиеті

Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл әскерге Зәйд ибн Харисаны қолбасшы етіп тағайындады және: ***«Зәйд өлтірілсе, Жағфар, Жағфар да өлтірілсе, Абдуллаһ ибн Рауаха*** (басшы болады)***»,*** – деді[2]. Пайғамбар (с.а.с.) әскеріне ақ байрақ белгілеп, оны Зәйд ибн Харисаға ұстатты.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) әскерге Харис ибн Ғұмайр өлтірілген жерге барып, сол жердегілерді Исламға шақыруды, олар келіссе келісті, келіспесе Аллаһтан жәрдем тілеп, олармен соғысуды бұйырды және: ***«Аллаһтың атымен Оның жолында Аллаһқа қарсы келгендерге қарсы жорыққа аттаныңдар. Опасыздық жасамаңдар, шектен шықпаңдар, жас бала мен әйелді, қаусаған қартты, ғибадатханасында оңаша отырған*** (діндарларды) ***өлтірмеңдер, құрма және басқа да ағаштарды кеспеңдер, ғимараттарды қиратпаңдар»,*** – деп өсиет айтты[3].

---

[1] «Фатх әл-Бәри» (7/511).

[2] «Сахих әл-Бұхари» (Шам жеріндегі Мутаға жасалған жорық туралы тарау, 2/611).

[3] Шейх Абдуллаһ ән-Нәждидің «Мухтасар әс-сира» кітабы (327-бет).

Мұсылмандар әскерін шығарып салу және Абдуллаһ ибн Рауаханың көз жасына ерік беруі

Мұсылмандар әскері жорыққа шығуға қамданып болған соң, адамдар жиналып, Аллаһ елшісі (с.а.с.) тағайындаған қолбасшыларға амандық тіледі. Сонда қолбасшылардың бірі Абдуллаһ ибн Рауаха көз жасына ерік беріп жылады. Адамдар одан: *«Не үшін жылайсың?»* – деп сұраған еді, Ибн Рауаха: *«Аллаһпен ант етейін, менде мына дүниеге сүйіспеншілік жоқ, сендерді де қимай тұрған жоқпын. Бірақ мен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Аллаһтың кітабынан тозақ жайлы айтылған* **«Сендерден оған бармайтын ешкім болмайды. Бұл Раббыңа шешілген бір міндет»**[1] *деген аятты оқығанын естіген едім. Енді барғанымнан кейін қалай шығатынымды білмеймін»*, – деді. Мұсылмандар: *«Аллаһ сендерге амандықпен жолдас болсын, сендерді қорғауына алсын және бізге аман-сау, олжалы қайтарсын!»* – деп ыстық лебіздерін білдірді. Сол кезде Абдуллаһ ибн Рауаха:

«Әр-Рахманнан кешірім тілеймін мен
және қылыш соққысын көбік шаша, кең сілтенген,
не найзаның түйреуін қолдарыммен еркін сайланған
ішектер мен бауырды жарар найзамен,
жүргіншілер қабірімнен өтердей:
«Уа, Аллаһ жолға салған жауынгер! Жол тауыпты», – деумен», – деп жыр жолдарын ағытты.

Сонан соң әскер жолға шықты, әскерге Аллаһ елшісі (с.а.с.) де еріп шығып, оларды Сәният әл-Уадағқа дейін шығарып салды[2].

Мұсылмандар әскерінің шеруі және олардың қатерлі жағдайға тап болуы

Мұсылмандар әскері солтүстікті бетке алып жүріп, Шам өлкесіне қарасты, солтүстік Хижазбен шектесетін Маған деген жерге барып тоқтады. Сол жерде оларға барлаушылар цезар Һиракілдың византиялық жүз мың әскермен Балқа өңіріндегі Мааб дейтін мекенге жайласқанын, бұған қоса оларға Шам еліндегі арабтардың лахм, жузам, балқайн, бahра және бәли тайпаларынан тағы да жүз мың әскер қосылып, жалпы саны екі жүз мыңға жеткенін хабарлады.

Әскердің Мағанда кеңес мәжілісін құруы

Мұншалықты қарақұрым әскерге кездесу мұсылмандардың есептеріне кірмеген еді. Енді олар елдерінен ұзап шыққан шалғайда осындай жағдайға

[1] «Мәриям» сүресі, 71-аят.
[2] Ибн Һишам (2/373-374).

тап болып отыр. Небәрі үш мың жауынгерден құралған кішігірім әскер екі жүз мың қаралы шалқар теңіздей үлкен әскерге шабуыл жасай ма, қайтеді?! Абдыраған мұсылмандар Мағанда екі күн бойы әрі қарай не істейтіндерін ойластырумен, жағдайды саралап, өзара кеңесумен болды. Содан кейін олар «Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жауымыздың әскер санын хабарлап хат жазамыз. Ол бізге қосымша күш жіберер немесе өз әмірін жолдап, соны орындаймыз» деп шешті.

Бірақ Абдуллаһ ибн Рауаха бұл пікірмен келіспей, әскерді жігерлендіре: *«Уа, жамағат! Аллаһпен ант етейін, шындығында, сендердің қаламай отырғандарың өздерің ізденіп шыққан шәһидтік қой. Біз адамдармен әскер саны немесе күші арқылы емес, Аллаһ өзімізді құрметтеген осы діннің арқасында соғысамыз. Ендеше, жүріңдер! Бізге екі жақсылықтың бірі, не жеңіс, не шәһидтік бұйырады»,* – деді. Сөйтіп соңғы пікір Абдуллаһ ибн Рауаханың ұсынысына тоқтады.

Мұсылмандар әскерінің жау әскері жаққа жылжуы

Мұсылмандар екі күндерін Мағанда өткізген соң, жау жеріне қарай қозғалды. Олар Һирақлдың әскерлерімен Балқа өңіріндегі Машариф дейтін елді мекенде кездесті. Жау әскері таяғанда, мұсылмандар Мутаға беттеді және сол жерге әскери қосындарын тігіп, шайқасқа дайындалды. Әскердің оң қанаты Қутба ибн Қатада әл-Ғұзаридің, сол қанаты Ғұбада ибн Мәлик әл-Ансаридің басшылығына берілді.

Шайқастың басталуы және қолбасшылардың бір-бірін алмастыруы

Мутада екі жақтың әскері бетпе-бет келіп, кескілескен шайқас басталды, үш мың кісі екі жүз мың жауынгердің шабуылдарына қарсы тұрды. Бұл бүкіл әлем таңданыспен, аңтарыла куә болған таңғажайып шайқас еді, иман желі ескенде осындай таңғажайыптар туады.

Туды Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сүйіктісі Зәйд ибн Хариса қолына алып, асқан өжеттікпен, өршелене, өзі сияқты Ислам батырларында ғана кездесетін теңдессіз ерлікпен шайқасты. Ақыры ол шайқастың бел ортасында атой сала жүріп, жау найзаларына ілігіп, мерт болды.

Зәйд жығылған соң, туды Жағфар ибн Әбу Талиб алып, теңдессіз шайқас жасады. Шайқас қиындағанда, атынан секіріп түсті де, жаяу соғысуға кірісті. Шайқаста оң қолы кесіліп, туды сол қолына алды. Біраздан соң сол қолын да жау қылышы шауып түсіріп, Жағфар туды екі қарымен құшақтап, мерт болғанына дейін көтеріп тұрды. «Византиялықтардың бірі оны қылышпен шауып, денесін екіге айырып жіберген» деген хабар бар. Аллаһ тағала Жағфарға кесілген екі қолының орнына жаннатта екі қанат сыйлады, бұл қанаттарымен ол жаннаттың өзі қалаған жерінде ұшып жүреді. Осы себепті ол «Самғар Жағфар», «Қос қанатты Жағфар» деген атқа ие болған.

Әл-Бұхари Нафиғден жеткізген хадисте Ибн Омар өзінің сол күні Жағфардың жансыз денесінің қасында болғанын, сонда оның денесінен елу найза жарақаты мен қылыш соққысы саналғанын және бұл жарақаттардың ешбірі арқа тұсынан түспегенін айтқан[1].

Келесі бір риуаятта Абдуллаһ ибн Омар: *«Сол жорықта мен олардың арасында болдым.* (Шайқастан кейін) *Жағфар ибн Әбу Талибті іздеп, оны мерт болғандардың арасынан таптық, сонда оның денесінен тоқсаннан астам қылыш, найза және жебе* (жарақатын) *көрдік»*, – депті[2]. Әл-Ғұмари Нафиғден жеткізген риуаятта *«Сол* (жарақаттардың барлығын) *денесінің алдыңғы жағынан көрдім»* деген қосымша бар[3].

Жағфар ибн Әбу Талиб шайқаста осындай өжеттік пен ерлік жасай жүріп қаза тапқан соң, туды Абдуллаһ ибн Рауаха алып, алға ұмтылды. Ибн Рауаха атының үстінде болатын, атынан түспекке ыңғайланғанда, біраз екіленіп, тоқтап қалды да:

«Мен ант бергенмін, ей, жаным! Әлбетте түсесің,
қаласаң да, қаламасаң да,
бар адамдар жиылып, айқайлай ұмтылса да.
Неге сенің жаннатты қаламағаныңды көрем?!» – деді.

Сонан соң Ибн Рауаха атынан түсті. Сол кезде оған көкесінің баласы бір жұлым ет әкеліп: *«Мынаны жеп, күш жинап ал. Соңғы күндері көп қиындық көрдің ғой»*, – деді. Ибн Рауаха етті алып, бір жұлып жеді. Сонан соң қолындағы етті лақтырып тастап, қылышын алды да, алға ұмтылып, мерт болғанша шайқасты.

Тудың Аллаһтың қылыштарының біріне берілуі

Ибн Рауаха қаза тапқан соң, туды бәну ажлан тайпасынан Сәбит ибн Арқам деген кісі көтеріп: *«Уа, мұсылмандар қауымы! Араларыңнан бір кісіні қолбасшылыққа сайлаңдар»*, – деді. Олар: *«Сені сайлаймыз»*, – деді. Сәбит: *«Бұл менің қолымнан келмейді»*, – деді. Адамдар ақылдаса келе, қолбасшылыққа Халид ибн Уәлидті сайлады. Туды қолына алған Халид аянбай шайқасты. Әл-Бұхари риуаят еткен хадисте Халид ибн Уәлид: *«Мута күні қолымда тоғыз қылыш сынды. Сонан соң қолымда йемендік ұшы жалпақ қылыш қана қалды»*; Басқа мәтінде: *«Мута күні қолымда тоғыз қылыш бөлшек-бөлшек болып сынып кетті. Сонан соң қолымда йемендік ұшы жалпақ қылышым ғана шыдас берді»*, – деген.

---

[1] «Сахих әл-Бұхари» (Шам жеріндегі Мутаға жасалған жорық туралы тарау, 2/611).
[2] «Сахих әл-Бұхари» (2/611).
[3] Қ.: «Фатх әл-Бәри» (7/512). Сырттай қарағанда екі хадистің арасында жарақаттардың санына қатысты қарама-қайшылық бар сияқты көрінеді. Бірақ ғалымдар «оның денесіндегі қылыш пен найза жарақаты елу, ал қалғаны жебе жарақаты» деп үйлестірген.

Пайғамбар (с.а.с.) Мута күні адамдарға соғыс алаңынан хабар әлі жетпеген кезде уахи арқылы хабарлап: ***«Байрақты Зәйд алды да, мерт болды, сосын оны Жағфар алды да, ол да мерт болды, сосын оны Абдуллаһ ибн Рауаха алды да, ол да мерт болды.*** (Әнәс: *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көздерінен жас парлады»*, – дейді). ***Сонан соң туды Аллаһтың қылыштарының бірі алды және Аллаһ оларға жеңіс берді»***, – деген[1].

Шайқастың аяқталуы

Асқан ерліктерге, қайтпас қайсарлықтар мен өжеттіктерге қарамастан, мұсылмандардың кішігірім әскерінің шалқар теңіздей ағылған византиялық әскерлердің екпініне тойтарыс беруде табысқа жетуі өте таңғаларлық еді. Сол уақытта Халид ибн Уәлид мұсылмандарды өздері түскен ордан құтқару үшін үлкен шеберлігі мен тапқырлығын көрсетті.

Риуаяттарды талдай келгенде шығар қорытынды, Халид ибн Уәлид шайқастың алғашқы күні византиялықтардың әскеріне күні бойы тойтарыс беруде табысқа жеткен. Осыдан кейін Халид мұсылмандарды византиялықтардың қуғынына ұшыратпай, кері алып кету үшін, жау жағының жүректеріне үрей ұялататын әлдебір соғыс тәсілі қажеттігін сезді. Халид мұсылмандардың кері шегінгені мәлім болып, византиялықтар соңдарынан қуғынға түссе, бұл жыртқыштардан сытылып кету өте қиын екендігін жақсы білетін.

Сондықтан Халид екінші күні таңертең әскердің құрылымын өзгертіп, жаңадан түзді. Осы мақсатпен ол алдыңғы шептегі жауынгерлерді ортаңғы шепке, оң қанаттағыларды сол қанатқа, сол қанаттағыларды оң қанатқа ауыстырды. Мұсылмандарды көрген жау жағы өзгеріс барын байқап: «Бұларға көмекке әскер келіпті», – деп үрейленді. Екі әскер бетпе-бет келіп, біраз күш сынасқаннан соң, Халид өз әскерінің құрылымын сақтай отырып, мұсылмандармен бірте-бірте кері шегінуге көшті. «Мұсылмандар бір қулық жасауда, бізді сахараға алып шығып, тұзаққа түсіру үшін айла-шарғы ұйымдастыруда» деп ойлаған византиялықтар олардың соңынан қумады.

Осылай жау жағы мұсылмандардың соңына түсуді ойына да алмастан, елдеріне қайтты. Сөйтіп мұсылмандар қарақұрым әскерден аман-есен құтылып, Мәдинаға оралды[2].

Екі жақтың кісі шығыны

Мута шайқасында он екі мұсылман шәһид болды, ал византиялықтардан қанша адамның өлім құшқаны белгісіз, алайда бұл шайқас туралы деректер олардың кісі шығыны мұсылмандардан көп болғанын көрсетеді.

[1] «Сахих әл-Бұхари» (2/611).

[2] Қ.: «Фатх әл-Бәри» (7/513-514). Мута шайқасының деректері осы кітаптан және әл-Бұхаридің «Сахихынан» алынды.

Мута шайқасының әсері

Мута шайқасында мұсылмандар әскері жолдастарының кегін қайтара алмастан, оның ащы дәмін татып келгенімен, бұл шайқас мұсылмандардың атақ-даңқының өрлеуіне зор ықпал етті. Бұл туралы хабар барлық арабтарды қорқыныш пен таңданысқа салды. Өйткені Византия сол тұста жер бетіндегі ең үлкен әрі ең күшті мемлекет еді. Арабтар византиялықтармен қарсыласу өзін өлімге қию және өз аяғымен құрдымға бару деп ойлайтын. Енді мұсылмандардың үш мыңдық кішігірім әскері екі жүз мың жауынгерден құралған қаракұрым үлкен де алып әскермен соғысып, жорықтан айтарлықтай үлкен шығынға ұшырамастан оралып отыр. Осының бәрі сол дәуірдегі таңғажайыптардың бірі еді әрі бұл мұсылмандардың арабтар тәжірибесінде кездеспеген басқа санатта екенін, олардың Аллаһтың тарабынан қолдау тауып, жәрдем алатынын, ал олардың жолбасшылары хақ пайғамбар екенін нақтылады. Сондықтан да осы кезге дейін мұсылмандарға қарсы бас көтеріп келген жауласушы тайпалар Мута шайқасынан кейін Исламға бет бұрып, бәну суләйм, әшжағ, ғатафан, зубйан, фазара және т.б. тайпалар Исламды қабылдады.

Мута шайқасы византиялықтарға қарсы қанды күрестің бастамасы, Византияның қол астындағы елдерді бағындырудың әрі мұсылмандардың шалғайдағы алыс жерлерге жорық жасауларының алғашқы қадамы болды.

Зәт әс-сәләсил жортуылы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мута шайқасында Машариф әш-Шам дейтін аймақты мекендейтін араб тайпаларының ұстанымын, олардың византиялықтармен мұсылмандарға қарсы қол біріктіргенін білген соң, бұл тайпалар мен византиялықтардың арасына жік салып, олардың мұсылмандармен ынтымақтасуына себеп боларлықтай, шебер даналықпен ойластырылған бір шара ұйымдастыру қажеттігін сезді. Осы ойы жүзеге асса, ендігәрі Шам жерінде мұсылмандарға қарсы оншалықты көп әскер жиналмас еді.

Пайғамбар (с.а.с.) бұл жоспарды жүзеге асыру үшін таңдауы Амр ибн Асқа түсті. Өйткені Амрдің әкесінің анасы бәли тайпасының қызы еді. Сөйтіп Пайғамбар (с.а.с.) һижраның 8-жылы жумәдә әл-ахира айында, Мута шайқасының артынша Амрді Шам жеріндегі араб тайпаларын одақтастық келісімге шақыру үшін жіберді. Сондай-ақ «Тыңшылар қудаға тайпасының бір тобы бас біріктіріп, Мәдинаның шеткі аймақтарын шабуды көздеп отырғандары туралы хабар жеткізіп, Пайғамбар (с.а.с.) Амрді соларға жіберген» деген де дерек бар. Амрдің жортуылы осы екі міндетті де арқалап шыққан болуы мүмкін.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Амр ибн Астың жасағына бірі ақ, бірі қара екі ту беріп, оны муһажирлер мен ансарлардың таңдаулыларынан үш жүз кісімен жіберді. Жасақтың құрамында отыз ат болды. Пайғамбар (с.а.с.) Амрге

жолай өткен бәли, ғұзра және балқайн тайпаларынан көмек сұрауды бұйырды. Жасақ күндіз бой тасалап жасырынып, түнделете жүріп отырды. Көздеген тайпаларына жақындағанда Амр олардың әскері көп екені туралы хабар алды. Сөйтіп ол Рафиғ ибн Мәкис әл-Жуһаниді Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қосымша күш сұрауға жіберді. Пайғамбар (с.а.с.) Амрге көмекке екі жүз кісімен Әбу Ғұбайда ибн Жаррахты жіберді және бұл жасаққа да жеке байрақ ұстатты. Аллаһ елшісі (с.а.с.) көмекке аттанған жасаққа муһажирлер мен ансарлардың таңдаулыларын қосты, олардың ішінде Әбу Бәкір мен Омар сынды сахабалар болды. Пайғамбар (с.а.с.) Әбу Ғұбайдаға Амрге барып қосылып, барлығы бірге болуды, екіге бөлінбеуді бұйырды. Әбу Ғұбайда негізгі жасаққа барып қосылған соң, намаз кезінде адамдарға имам болуды қалағанда, Амр: «Шындығында, сен маған көмекке ғана келдің, ал басшы менмін», – деді. Әбу Ғұбайда оған бағынып, намазда Амр имамдыққа өтіп жүрді.

Құдаға тайпасының өлкесіне аяқ басқан мұсылмандар жасағы оны түгелдей бағындырып, ең шеткі аймақтарына дейін барды және ең соңында қалың әскерге кездесіп, оларға шабуыл жасады. Жау әскері жан-жаққа бытырай қашып, тарап кетті.

Осыдан кейін Амр Ауф ибн Мәлик әл-Әжшағиді Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жіберіп, аман-есен қайтып келе жатқандары, жорықтарының қалай өткені туралы хабар берді.

Зәт әс-сәләсил – әл-Қура жазығының арғы жағындағы мекен, оны мен Мәдинаның арақашықтығы он күндік жол. Ибн Исхақ мұсылмандардың жолда жузам тайпасының жеріндегі Сәлсәл дейтін су басына тоқтағанын, сондықтан да бұл жорық Зәт әс-сәләсил деп аталғанын айтқан[1].

Әбу Қатаданың Хадра жеріне жасаған жортуылы

Һижраның 8-жылы шағбан айында жасалған бұл жортуылдың себебі – бәну ғатафан тайпалары Нәждтегі мухариб руының Хадра дейтін жерінде мұсылмандарға қарсы қол біріктіріп жатқан болатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға жанына он бес кісіні қосып Әбу Қатаданы жіберді. Әбу Қатаданың жасағы барып, олардың біраз адамын өлтіріп, біразын тұтқынға алды және мал-мүліктерін олжалап қайтты. Жортуылшылар Мәдинадан он бес күн жырақта жүрді[2].

[1] Қ.: Ибн Һишам (2/623-626).
[2] «Тәлхиқ фуһум әһл әл-әсәр» (33-бет).

МЕККЕНІ БАҒЫНДЫРУ ЖОРЫҒЫ

Бұл – ең ұлы жеңіс, Аллаһ бұл арқылы дінін, елшісін, әскерін және сенімді жақтастарын үстем етті. Бұл арқылы Өзінің қаласы мен әлемдерге тура жол еткен Үйін кәпірлер мен мүшріктердің қолдарынан құтқарды. Бұл – аспан тұрғындары қуанған, даңқы қиыр көктегі шоқжұлдыздарға жеткен жеңіс. Бұл арқылы адамдар Аллаһтың дініне топ-тобымен кірді, онымен жер жүзі сәулеленіп, құлпырып, нұрланды.

Жорықтың себебі

Жоғарыда айтылғандай, Худайбия келісімінде «Мұхаммедтің келісімі астына кіргісі келгендерге де, құрайыштардың келісімі астына кіргісі келгендерге де ерік беріледі. Екі жақтың әрбіріне қосылған тайпа сол тараптың бір бөлігі ретінде саналады, ал бұл тайпаларға жасалған кез-келген дұшпандық олар қосылған тарапқа көрсетілген дұшпандыққа баланады» деген тармақ бар болатын.

Келісімшарттан кейін осы тармақ бойынша хузаға тайпасы Аллаһ елшісінің (с.а.с.) келісімі астына, ал бәну бәкір тайпасы құрайыштардың келісіміне кірген-ді. Сөйтіп екі тайпа да бір-бірінен қауіпсіз өмір сүруге кірісті, жәһилият кезінде олардың арасында дұшпандық, қырғиқабақтық бар болатын. Ислам келіп, Худайбия келісімі түзіліп, екі тайпа бір-бірінен енді тыныштала бастағанда, бәну бәкір бұрынғы әдетіне басып, хузағадан ежелгі кектерін алуды қалады. Сөйтіп һижраның 8-жылы шағбан айында Нәуфәл ибн Муғауия әд-Дәйли бәну бәкір тайпасының бір тобымен шығып, түн ішінде Уәтир деп аталатын судың басындағы хузағалықтарға шабуыл жасайды және аңдаусыз жатқан олардың біраз кісілерін жайратып тастайды, қалғандарымен де соғысып, қырғын салады. Құрайыштар бәну бәкір тайпасына қару-жарақ беріп көмектескен-ді әрі бұл шайқасқа түн қараңғылығын пайдаланып құрайыштың біраз адамдары да араласады. Түн ішінде қырғынға ұшыраған хузағалықтар Меккенің соғысуға тыйым салынған аймағына қашып келеді. Бұл жерге келгенде бәну бәкір тайпасы: «Ей, Нәуфәл! Біз тыйым салынған аймаққа ендік. Құдайыңнан қорық, құдайыңнан қорық!» – дейді. Сонда Нәуфәл кісі шошынарлық сөз айтып: «Бүгін құдай жоқ, ей, бәну бәкір! Өштеріңді алыңдар. Аллаһпен ант етейін, шын мәнінде сендер тыйым салынған аймақта ұрлық жасайсыңдар да, енді мұнда кектеріңді алмайсыңдар ма?» – дейді.

Меккеге кірген хузағалықтар Будәйл ибн Уарқа әл-Хузағидің және өздерінің қамқоршысы Рафиғ деген кісінің үйлеріне тығылады.

Мұндай сұмдықты көрген Амр ибн Сәлим әл-Хузағи тез жолға шығып, Мәдинаға жетті және мешітте адамдардың ортасында отырған Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына келіп, тік тұрған қалпында, одан ежелгі одақтастықтарын араға салып, көмек сұраған, құрайыштардың келісімді

бұзып, өздеріне аңдаусызда қастандық жасағандарын, тайпаластарының рукуғ, сәждеде өлтірілгендерін баяндаған зарын өлең жолдарымен жеткізді.

Оны тыңдаған Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Саған көмек беріледі, ей, Амр ибн Сәлим!»*** – деп жұбатты. Сонан соң аспаннан бір бұлтты көріп: ***«Шындығында, мына бұлт бәну кағбқа көмек жаудырады»,*** – деді.

Одан кейін Будәйл ибн Уарқа әл-Хузағи де бір топ хузағалықтармен Мәдинаға келіп, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) тайпаластарынан кімдердің өлтірілгенін және құрайыштардың өздеріне қарсы бәну бәкір тайпасына көмектескенін хабарлады. Сонан соң хузағалықтар Меккеге қайтты.

Әбу Суфйанның келісімді жаңарту үшін Мәдинаға баруы

Құрайыштар мен олардың одақтастарының ісі анық опасыздық әрі келісімді ешқандай негізсіз ашықтан-ашық бұзу екендігі күмәнсіз еді. Сондықтан да артынша опасыздықтарын түсінген құрайыштар мұның ауыр салдарларын сезіп, қорқа бастады. Сөйтіп құрайыштар дереу кеңес мәжілісін құрып, кеңесте басшылары Әбу Суфйанды өздерінің атынан келісімді жаңарту үшін жіберуге шешім қабылдады.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларына құрайыштардың опасыздықтарын жуу үшін ендігәрі не істейтінін алдын-ала хабарлап: ***«Бейне бір сендер өздеріңе келісімді нақтылау және мерзімді ұзарту үшін келген Әбу Суфйанды көретіндейсіңдер»,*** – деді.

Әбу Суфйан құрайыштардың шешімі бойынша жолға шығып, Ғусфан дейтін жерде Мәдинадан Меккеге қайтып келе жатқан Будәйл ибн Уарқаны жолықтырады. Әбу Суфйан одан: «Қайдан келесің, ей, Будәйл?» – деп сұрайды және іштей оны Пайғамбардың (с.а.с.) алдынан келе жатыр деп ойлайды. Бірақ Будәйл: «Хузағалармен бірге мына жағалауға және мына жазықтың қойнауына бардым», – деп жауап береді. Әбу Суфйан одан: «Мұхаммедке бармадың ба?» – деп сұрайды. Будәйл: «Жоқ», – деп, Пайғамбардың (с.а.с.) алдында болғанын жасырып қалады.

Будәйл Меккеге жүріп кеткен соң, Әбу Суфйан: «Егер бұл Мәдинадан келе жатқан болса, түйесінің ол жерде құрма сүйегін жегені анық», – дейді де, Будәйлдің түйесі шөккен орынға келеді және оның тезегінің бірін алып уатып, ішінен құрма сүйегін көреді де: «Аллаһпен ант етейін, расында да, Будәйл Мұхаммедтің алдынан келе жатыр екен», – дейді.

Мәдинаға келген Әбу Суфйан Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әйелдерінің бірі, өзінің қызы Умму Хабибаның үйіне кірді. Қызының үйіне кірген Әбу Суфйан жерде төсеулі жатқан бір көрпенің үстіне отыруға ыңғайлана бергенде, Умму Хабиба барып ол көрпені жинап алды. Абдырап қалған Әбу Суфйан таңданып: «Ей, қызым! Мені бұл көрпеге қимағаның ба әлде бұл көрпені маған қимағаның ба?!» – деп сұрады. Умму Хабиба: *«Бұл – Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көрпесі»,* – деп жауап берді. Неше жылдан бері көріспеген қызының бұл ісі мен сөзіне шамданған Әбу Суфйан: «Аллаһпен ант етейін, саған бір кесір келген екен», – деп бұлқан-талқан күйінде шығып кетті.

Қызының үйінен шыққан Әбу Суфйан Аллаһ елшісіне (с.а.с.) барып, онымен сөйлесті. Бірақ Пайғамбар (с.а.с.) оған ешқандай жауап қайтармады. Бұдан соң Әбу Суфйан Әбу Бәкірге барып, Аллаһ елшісімен (с.а.с.) сөйлесуін өтінді. Әбу Бәкір: *«Мен олай етпеймін»,* – деп кесіп айтты. Әбу Суфйан келесі кезекте Омар ибн әл-Хаттабқа барып, онымен сөйлесті. Омар оған: *«Мен сендер үшін Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдында араға түсем бе? Аллаһпен ант етейін, маған салса тозаңдай ғана себеп тапсам да, сол үшін сендермен соғысамын»,* – деді. Сонан соң Әбу Суфйан соңғы дәмемен Әли ибн Әбу Талибтің үйіне кірді. Оның жанында Фатима бар еді, кішкентай ұлдары Хасан алдарында еңбектеп жүр. Әбу Суфйан сөзін бастап: «Ей, Әли! Шындығында, бұл адамдардың ішінде маған туыстығы ең жақыны сенсің. Мен бір шаруамен келдім. Енді қалай келсем, дәл солай үмітім ақталмастан қайтпаймын. Мұхаммедтің алдында мен үшін араға түс», – деп өтінді. Әли оған: *«Сорың құрысын, ей, Әбу Суфйан! Шындығында, Аллаһ елшісі (с.а.с.) бір іске шешім қабылдады, біз онымен бұл жайлы сөйлесе алмаймыз»,* – деді. Әбу Суфйан Фатимаға бұрылып: «Сен мына балаңа адамдарды қорғауына алуды бұйырсаң қайтеді? Сонда бұл бала өмірдің соңына дейін арабтардың көсемі болады», – деді. Фатима: *«Аллаһпен ант етейін, балам әлі адамдарды қорғауына алатын жасқа жеткен жоқ әрі ешкім де Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдында біреуді қорғанына алмайды»,* – деді.

Сол кезде Әбу Суфйанның көздері алдында дүние қараңғыланып кетті. Ол күйгелектенген, мазасызданған, үмітсіздікке салынып, күдерін үзген кейіппен Әлиге қарап: «Ей, Әбул-Хасан! Шындығында, мен үшін істердің қиынға айналғанын көріп тұрмын. Маған кеңес берші», – деді. Әли: *«Аллаһпен ант етейін, саған пайдасы тиер ештеңе ойыма келмей тұр. Дегенмен, сен бәну кинәнә руының мырзасысың. Орныңнан тұрып, адамдарды қорғауыңа ал да, еліңе қайт»,* – деп ақыл айтты. Әбу Суфйан: «Мұның маған әлдебір пайдасы тиеді деп ойлайсың ба?» – деп сұраған еді, Әли: *«Жоқ, Аллаһпен ант етейін, олай ойламаймын. Алайда сен үшін бұдан өзге шешім таппай тұрмын»,* – деді. Әбу Суфйан Әлидің кеңесімен мешітте орнынан тұрып: «Уа, халайық! Мен адамдарды қорғауыма алдым», – деді де, түйесіне мініп, жүріп кетті.

Әбу Суфйан Меккеге келгенде, құрайыштар: – «Не хабарың бар?» – деп сұрады. Әбу Суфйан оларға: – «Мен Мұхаммедке барып, онымен сөйлестім, бірақ, Аллаһпен ант етейін, ол маған ешқандай жауап қайтармады. Сонан соң Ибн Әбу Қухафаға бардым және одан жақсылық көрмедім. Сосын Омар ибн әл-Хаттабқа бардым және оның бізге барынша жау екенін көрдім. Одан кейін Әлиге бардым, адамдардың ішінде менімен ең жылы сөйлескені сол болды. Ол маған бір кеңес берді де, мен соны жасадым, бірақ, Аллаһпен ант етейін, оның маған әлдебір пайдасы тие ме, жоқ па – білмеймін», – деді. Құрайыштар: – «Әли саған нені бұйырды?» – деп сұрады. – «Ол маған адамдарды қорғауыма алуымды бұйырды да, мен солай жасадым», – деді. – «Мұхаммед бұған рұқсат етті ме?» – деп сұрады. – «Жоқ». Құрайыштар: «Сорың құрысын! Ол сенімен ойнауын арттыра түсіпті», – деді. Әбу Суфйан

оларға: – «Жоқ, Аллаһпен ант етейін! Мен бұдан өзге шешім таппадым», – деп шыр-пыр болды.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жорыққа дайындалуы және мұны құпия ұстауға тырысуы

Әт-Табаранидің риуаятына қарасақ, Аллаһ елшісі (с.а.с.) келісімнің бұзылғаны туралы хабар келуден үш күн бұрын Айшаға өзінің жол жабдықтарын дайындауды бұйырған және мұны ешкімнің білмеуі керектігін ескерткен. Сол күндері Айшаның бөлмесіне кірген Әбу Бәкір дайындалған жол жабдықтарын көріп: *«Ей, қызым! Бұл не жабдық?»* – деп сұрады. Айша: *«Аллаһпен ант етейін, білмеймін»*, – деп жауап берді. Әбу Бәкір: *«Аллаһпен ант етейін, қазір византиялықтарға жорық жасайтын уақыт емес. Онда Аллаһ елшісі (с.а.с.) қайда баруды көздейді?!»* – деп таңданды. Айша: *«Аллаһпен ант етейін, менің хабарым жоқ»*, – деді. Үшінші күні таңертең Амр ибн Сәлим әл-Хузағи қырық аттылымен келіп, жанайқайын өлең жолдарымен жеткізгенде, адамдар келісімнің бұзылғанын білді. Одан кейін Будәйл келді, Будәйлдің артынша Әбу Суфйан келіп, келісімді жаңартуға талпынды. Келісімнің бұзылғанына адамдардың көздері анық жеткен соң, Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларына жорыққа дайындалуды бұйырды және өзінің Меккеге аттанатынын хабарлады. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.): ***«Уа, Аллаһ! Біз құрайыштардың еліне тұтқиылдан барғанымызға дейін олардан тыңшылар мен хабарларды ұста»***, – деп дұға жасады.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккеге жорық жасайтынын жасыра түсу әрі жау тыңшыларын алдандыру мақсатында, һижраның 8-жылының рамазан айының басында Мәдинадан үш ат шалдырым қашықтықтағы Батн Идам дейтін жерге Әбу Қатада ибн Рибғидің басшылығында сегіз кісілік жасақты барлау жортуылына жіберді. Пайғамбар (с.а.с.) мұны сырт көз өзін сол жаққа аттанады екен деп ойлауы және осының төңірегінде хабар тарауы үшін жасады. Әбу Қатаданың жасағы жолға түсіп, өздеріне бұйырылған жерге жеткенде, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Меккеге қарай шыққаны туралы хабар алды да, негізгі әскерге соңынан барып қосылды[1].

[1] Әбу Қатаданың жасағы жолда Амир ибн Адбатты жолықтырып, бұл кісі мұсылмандарға Исламның әдебіне сай «әс-сәләму аләйкум» деп сәлемдеседі. Сол жерде жасақтың құрамындағы Мухаллим ибн Жусама оны араларындағы бір кикілжің үшін өлтіріп, түйесі мен заттарын алады. Осыған орай Аллаһ тағала «**Ей, иман келтіргендер! Қашан Аллаһ жолына шықсаңдар, анықтап алыңдар. Сендерге әс-сәләм** (амандық) **тілеген біреуге дүние тіршілігінің бұйымына ұмтылып, «мүмін емессің» демеңдер. Негізінде, Аллаһтың қасында көп олжалар бар. Алдын сендер де осындай болған едіңдер. Бірақ Аллаһ сендерге игілік жасады, ендеше анықтап алыңдар. Ақиқатында, Аллаһ не істеп жатқандарыңнан Хабардар»** деген аятын түсірген **(Ниса, 94)**. Кейін адамдар Мухаллимді Аллаһ елшісінің (с.а.с.) оған кешірім тілеуі үшін әкелгенде, Пайғамбар

Хатиб ибн Әбу Балтаға құрайыштарға Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Меккеге жорыққа жиналып жатқанын хабарлаған хат жазып, оны бір әйелге ақы төлеп, құрайыштарға жеткізуі үшін тапсырады. Әйел хатты шаштарының бұрымдары ішіне жасырып, жолға шығады. Бірақ Аллаһ елшісіне (с.а.с.) Хатибтің не істегені жайлы уахи келді де, Пайғамбар (с.а.с.) Әлиді, Зубәйр ибн Аууамды, Миқдадты және Әбу Мәрсәд әл-Ғанауиді әлгі әйелдің соңынан жіберіп: ***«Раудат Хахқа[1] барыңдар. Сол жерде күймедегі бір әйелде хат бар, одан хатты алыңдар»***, – деді. Сөйтіп аталмыш сахабалар жолға аттанды да, аттары оларды діттеген жерлеріне желе шауып апарды. Сол жерде олар әйелді кездестіріп: *«Хатты шығар!»* – деді. Ол: «Менде ешқандай хат жоқ», – деді. Олар әйелдің күймесін тінтіді, бірақ ештеңе таппады. Сонан соң Әли: *«Аллаһпен ант етейін, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) айтқаны өтірік емес, біз жалған сөйлемедік. Уаллаһи! Хатты шығарасың не біз сені киімдеріңді шешуге мәжбүр етеміз»*, – деді. Әйел Әлидің расымен де солай жасауға бекініп тұрғанын көрген соң, хатты бұрымының арасынан шығарып берді. Сахабалар хатты Аллаһ елшісіне (с.а.с.) алып келді. Сөйтсе, онда: «Хатиб ибн Әбу Балтағадан құрайыштарға...» деп басталып, Мекке тұрғындарының мүшріктерінен бір адамдарға жазылыпты. Хатта оларға Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Меккеге жорыққа жиналып жатқаны жайлы хабар беріпті. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хатибты шақырып: ***«Ей, Хатиб! Бұл не?»*** – деді. Ол: *«Маған* (шешім шығаруға) *асықпа, уа, Аллаһтың елшісі! Мен құрайыштармен тығыз байланыстағы адам едім.* (Суфйан[2]: «Хатиб олардың одақтасы болатын, бірақ олардың өздерінен емес еді», – деген[3]). *Олардың арасында менің отбасым, туыстарым және балаларым бар. Сенің қасыңдағы муһажирлердің* (Меккеде) *олардың отбасыларын қорғайтын туыстары бар. Ал менің* (құрайыштармен) *ондай туыстығым болмаған соң, жақындарымды қорғаулары үшін оларға бір жақсылығымды өткізуді қаладым және мұны кәпірлік себепті де, дінімнен қайтқандықтан да, Исламнан кейін кәпірлікке разы болғандықтан да істеген жоқпын. Мен Аллаһқа және Оның елшісіне иман келтірушімін»*, – деді[4]. Пайғамбар

(с.а.с.) қарсы алдында тұрған Мухаллимге қарап: ***«Уа, Аллаһ! Мухаллимді кешірме»***, – деп үш рет қайталаған. Мухаллим көзінің жастарын киімінің етегімен сүртіп жылаған күйі кеткен. Ибн Исхақ: «Мухаллимнің тайпаластары Аллаһ елшісінің (с.а.с.) кейін ол үшін кешірім тілегенін айтқан», – дейді (қ.: Ибн Һишам (2/626-628)).

[1] Мекке мен Мәдинаның арасындағы жердің атауы.

[2] Суфйан ибн Ғұйайна – табиғиндерден кейінгі буын өкілі, осы хадисті жеткізуші.

[3] Бұрын Хатиб құрайыштармен одақтас болып, олардың арасында тұрған, бірақ өзі тегі жағынан құрайыш тайпасынан емес-ті.

[4] Хатиб құрайыштар мұсылмандардың Меккеге жорығы туралы хабар алса, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қасындағы сахабалардың отбасылары мен туыстарына қастық жасайды деп қауіптенген. Ибн Хажар Хатиб бұл ісін күнә деп ойламастан жасағандығын айтқан. Бірақ мұсылмандарға қарсы тыңшылық ету адамды кәпір етпегенімен, үлкен күнә саналады. Әш-Шафиғи мен бір топ ғалымдар «мұсылман

(с.а.с.): ***«Ол шынын айтты»***, – деді. Омар: *«Маған рұқсат ет, уа, Аллаһтың елшісі! Аллаһ пен Оның елшісіне опасыздық жасаған бұл мұнафықтың басын шауып тастайын»*, – деген еді, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Расында, ол Бәдір шайқасына қатысқан. Қайдан білесің, сірә, Аллаһ Бәдірге қатысқандарға қарап: «Қалағандарыңды істеңдер, ақиқатында, Мен сендерді кешірдім», – деп айтса керек»***, – деді. Омардың көздерінен жас парлап: *«Аллаһ және Оның елшісі жақсы біледі»*, – деді.

Осыдан кейін Аллаһ тағала: **«Ей, иман келтіргендер! Менің жауымды әрі өздеріңнің жауларыңды қамқоршылар етіп алмаңдар»**[1] деген аятты түсірген[2].

Осылай Аллаһ тағала тыңшыларды ұстап, құрайыштарға мұсылмандардың жорыққа, соғысқа қамданып, дайындалып жатқандары туралы мүлдем хабар жетпеді.

Мұсылмандар әскерінің Меккеге қарай жылжуы

Һижраның 8-жылы берекелі рамазан айының он күні өткенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинадан шығып, он мың сахабасымен (Аллаһ оларға разы болсын) Меккеге жол тартты. Пайғамбар (с.а.с.) өзі жоқта Мәдина халқына басшылық жасауды Әбу Руһм әл-Ғифариге тапсырды.

Мұсылмандар әскері әл-Жухфаға жеткенде немесе одан біраз өткен соң, Пайғамбарға (с.а.с.) көкесі Аббас ибн Абдулмутталиб жолықты. Ол Исламды қабылдап, отбасы мен бала-шағасын алып, Мәдинаға қоныс аударып шыққан болатын. Сонан соң Әбуа дейтін жерге жеткенде, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) көкесінің ұлы Әбу Суфйан ибн Харис пен әкесінің әпкесінің ұлы Абдуллаһ ибн Әбу Умәййә кездесті. Пайғамбар (с.а.с.) бұл туыстарына қарамай, бұрылып кетті, өйткені Меккеде жүрген кезінде осы екеуінің түрлі жәбірлері мен мазақтарына ұшыраған болатын. Умму Сәләмә анамыз Аллаһ елшісіне (с.а.с.): *«Көкеңнің ұлы мен үлкен әпкеңнің ұлы сенің себебіңнен адамдардың ең бақытсызы болмасын»*, – деді. Әли ибн Әбу Талиб Әбу Суфйан ибн Хариске: *«Сен Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қарсы алдынан барып, Юсуф пайғамбарға бауырлары не деген болса, соны айт.* **«Олар: «Аллаһпен ант етеміз! Рас Аллаһ сені бізден артық қойды. Ал біз қателескен едік», – деген»**[3]. *Расында, Пайғамбар (с.а.с.) біреудің сөзі өзінікінен көркем болуын қаламайды»*, – деді. Әбу Суфйан ибн Харис Әлидің кеңесімен осылай жасағанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Бүгін сендерге сөгіс жоқ. Аллаһ сендерді кешіреді. Ол – мейірімділердің ең**

адам бұлай жасаса, тәртіпке салу (таъзир) жазасына тартылады, бірақ өлімге кесілмейді» деп санаған.

[1] «Мумтахина» сүресі, 1-аят.

[2] Қ.: «Сахих әл-Бұхари» (1/422, 2/612).

[3] «Юсуф» сүресі, 91-аят.

Мейірімдісі»[1], – деген. Сонда Әбу Суфйан ибн Харис сезімін өлеңмен өрнектеп, бұрын өзінің мұсылмандарға қарсы соғысып, адасуда болса, енді тура жол тапқанын, ал оны бұл жолға өзі кезінде барынша қудалаған адам бағыттағанын баяндағанда, Пайғамбар (с.а.с.) оның кеудесінен нұқып: ***«Рас, сен мені барынша қудаладың»***, – депті[2].

Мұсылмандар әскерінің Мәрр әз-Заһран жазығына тоқтауы

Рамазан айы болғандықтан сапарға шыққан кездерінде Аллаһ елшісі (с.а.с.) де, мұсылмандар да ораза болды. Кейін Пайғамбар (с.а.с.) Кәдид дейтін судың басына жеткенде, оразасын тоқтатты, онымен бірге сахабалар да ораза ұстауларын тоқтатты. Одан кейін жорығын қайтадан жалғастырып, қараңғы түсе Мәрр әз-Заһран жазығына тоқтады. Жазыққа тоқтаған соң, Пайғамбардың (с.а.с.) бұйыруымен әр мұсылман бір-бір оттан жағып, он мың алау жағылды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) қосынға күзет қойып, сақшыларға басшылық жасауды Омар ибн әл-Хаттабқа (Аллаһ оған разы болсын) тапсырды.

Әбу Суфйанның Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына келуі

Мұсылмандар Мәрр әз-Заһранға тоқтаған соң, Аббас Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ақ қашырына мініп, отын жинаушылардың бірін немесе біреу-міреуді кездестіріп қаламын ба деп үміттеніп, төңіректі барлауға шықты. Ол осындай біреуді тапса, сол арқылы құрайыштарға әскер қалаға кіруден бұрын Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына амандық беруін сұрап келулерін хабарлауды қалаған еді.

Аллаһ тағала мұсылмандар әскерінің жорыққа шыққаны туралы хабарларды құрайыштарға жеткізбей ұстаған-ды. Еш хабар ала алмаған олар қорқып, алаңдап жүрген. Әбу Суфйан да әлдебір хабар іздеп, ауық-ауық қала сыртына шығатын. Сол түні ол осы мақсатта Хаким ибн Хизам және Будәйл ибн Уарқа үшеуі шыққан болатын.

Аббас сол түндегі оқиғаны әңгімелейді:

«Аллаһпен ант етейін, мен қашырдың үстінде келе жатып, кенет Әбу Суфйан мен Будәйл ибн Уарқаның бір-бірімен сөйлескен сөздерін естідім. Әбу Суфйан: «Бұл түндегідей оттар мен әскерді ешқашан көрген емеспін»,

---

[1] «Юсуф» сүресі, 92-аят.

[2] Кейінгі өмірінде Әбу Суфйан ибн Харис Исламды жақсы ұстанып өткен. «Ол Исламды қабылдағалы Аллаһ елшісінінен (с.а.с.) ұялғандығынан оған басын көтеріп қараған емес» деген хабар бар. Пайғамбар (с.а.с.) оны жақсы көретін, оның жаннатқа кіретініне куәлік берген және: ***«Мен оның Хамзаның орнын басуын үміт етемін»***, – деген. Ибн Харис өлімі алдында отбасына: *«Мені жоқтап жыламаңдар. Аллаһпен ант етейін, мен Исламды қабылдағалы күнә сөз сөйлеген емеспін»*, – депті («Ъуйун әл-әсәр» (2/223)).

– деді. Будәйл: «Аллаһпен ант етейін, бұлар соғыс жандарын тырналап жүрген хузағалықтар», – деген еді, Әбу Суфйан: «Хузағалықтардың саны да аз, әскері де әлсіз. Олардың мұншалықты от жағатын әскер жинауы мүмкін емес», – деді.

Мен Әбу Суфйанның даусын танып:

– Әбу Ханзаласың ба? – дедім. Ол да мені даусымнан біліп:

– Әбул-Фадлсың ба? – деді.

– Иә.

– Ата-анам жолыңда құрбан болсын! Не болды?

– Бұл – адамдарымен келген Аллаһ елшісі (с.а.с.). Аллаһпен ант етейін, құрайыштардың таңы жаман болады.

– Ата-анам жолыңда құрбан болсын! Енді не амал бар?

– Аллаһпен ант етейін, егер ол сені жеңсе, басыңды шабады. Мына қашырдың артына мінгес, сені Аллаһ елшісіне (с.а.с.) апарайын, өзіңе амандық беруін сұрайсың, – дедім.

Сөйтіп Әбу Суфйан менің арқама мінгесті де, қасындағы екі серігі кері қайтты.

Әбу Суфйанды әкеле жатып, мұсылмандар жаққан оттардың қайсысының қасынан өтсем де, олар: «Бұл кім?» – дейтін. Сосын Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қашырын мініп келе жатқанымды көріп: «Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қашырына мінген көкесі ғой», – дейтін. Омар ибн әл-Хаттаб жаққан оттың жанынан өткенімде, ол: «Бұл кім?» – деді де, маған қарай келді және қашырға мінгескен Әбу Суфйанды көріп: «Аллаһтың жауы Әбу Суфйан ба? Сені ешқандай келісімсіз, бітімсіз жолықтыруға мүмкіндік берген Аллаһқа мақтау болсын!» – деді. Омар осыны айтып, Аллаһ елшісі (с.а.с.) жаққа қарай жүгіріп кетті. Мен де қашырды желдіріп, одан бұрын жеттім де, қашырдан секіріп түсіп, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына кірдім. Омар да оның алдына кіріп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Міне, мынау – Әбу Суфйан. Маған рұқсат етші, оның басын шабайын», – деді. Мен де сөзге араласып: «Уа, Аллаһтың елшісі! Мен оны қорғаныма алдым», – дедім. Сосын Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына отырып, оның басын өзіме тарттым да: «Аллаһпен ант етейін, бүгін түнде мұнымен менен өзге ешкім сөйлеспейді», – дедім. Омар әлгі талабын қайта-қайта қоя берген соң, мен: «Қоя тұршы, ей, Омар! Аллаһпен ант етейін, егер де бұл (Әбу Суфйан) *бәну ади ибн кағб әулеті адамдарының бірі болғанда, сен мұндайды айтпас едің», – дедім. Омар маған: «Тоқташы, ей, Аббас! Аллаһпен ант етейін, егер де* (әкем) *әл-Хаттаб Исламға кірген күнде де, мен үшін оның Исламды қабылдауынан сенің Исламды қабылдағаның сүйікті болар еді. Сенің Исламды қабылдағаның Аллаһ елшісіне (с.а.с.) әл-Хаттабтың Исламды қабылдауынан сүйікті екенін біліп тұрып, олай етпей қайтемін», – деді.*

Соңғы сөзді Аллаһ елшісі (с.а.с.) айтып: ***«Оны өзің түскен жерге алып бар, ей, Аббас! Таңертең әкелесің»****, – деді. Мен түнемелігіме барып, Әбу Суфйанды таңертең ертемен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына апардым. Оны көрген Пайғамбар (с.а.с.):* ***«Сорың құрысын, ей, Әбу Суфйан! Саған***

Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқтығын білетіндей уақыт әлі келмеді ме?» *– деді. Әбу Суфйан: «Ата-анам жолыңда құрбан болсын! Қандай биязы, қандай дарқан, қандай туысжанды едің! Шындығында, мен «Егер де Аллаһпен бірге өзге бір құдай болғанда, оның осы күнге дейін маған бір пайдасы тиер еді ғой» деген ойға келдім», – деді.*

Пайғамбар (с.а.с.): ***«Сорың құрысын, ей, Әбу Суфйан! Саған менің Аллаһтың елшісі екенімді білетіндей уақыт келмеді ме?»*** *– деді. Әбу Суфйан: «Ата-анам жолыңда құрбан болсын! Қандай биязы, қандай дарқан, қандай туысжанды едің! Бұған қатысты көңілімде қазірге дейін бірдеңе бар», – деді».* Аббас оған: *«Сорың құрысын! Исламды қабылда. Басың кесілмей тұрғанда, Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқтығына және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екеніне куәлік бер»*, – деді. Ақыры Әбу Суфйан Исламды қабылдап, ақиқат куәлігін берді.

Әбу Суфйан Исламды қабылдаған соң, Аббас: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Әбу Суфйан мақтангершілікті ұнататын кісі. Оған бір артықшылық берсеңші»*, – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Жақсы. Кімде-кім Әбу Суфйанның үйіне кірсе, сол аман қалады. Кімде-кім есігін бекітіп алса, сол аман қалады. Кімде-кім әл-Харам мешітіне кірсе, сол аман қалады»***, – деді.

Мұсылмандар әскерінің Мәрр әз-Заһраннан Меккеге қарай жылжуы

Осы күні таңертең, яғни һижраның 8-жылы рамазан айының он жетісі, сейсенбінің таңында Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәрр әз-Заһраннан Меккеге қарай жылжыды. Жолға шығарда Пайғамбар (с.а.с.) Аббасқа Әбу Суфйанды мұсылмандардың күшін көруі үшін, әскерлер түгел өтіп болғанша, жазықтың тау бөктеріндегі тар қапталында ұстай тұруды бұйырды. Сөйтіп Аббас оны ұстап тұрды да, барлық тайпалар өз туларын ұстап, Әбу Суфйанның жанынан қосын-қосын болып өтті. Бір қосын өтіп бара жатқанда Әбу Суфйан: *«Ей, Аббас! Бұлар кімдер?»* – деп сұрады. Аббас: *«Бұл – ғифар тайпасы»*, – деді. Әбу Суфйан: *«Ғифарда менің нем бар»*, – деді. Сосын жуһайна тайпасы өткенде де дәл сол сөзді айтты. Содан кейін сағд ибн һузайм тайпасы өткенде де дәл сол сөзді айтты. Суләйм тайпасы өткенде де сол сөзді айтты. Әбу Суфйан әр тайпа өткен сайын Аббастан: *«Бұлар кімдер?»* – деп сұрайтын да, қай тайпа екенін білген соң: *«Бұларда менің нем бар»*, – дейтін. Сөйтіп тұрғанда Аллаһ елшісі (с.а.с.) муһажирлер мен ансарлардан құралған, көздері ғана көрінерлік түгелдей сауыт құрсанған қосынымен өтті. Әбу Суфйан теңдесін көрмеген бұл қосынға таңғалып: *«Субханаллаһ, ей, Аббас! Бұлар кімдер?»* – деп сұрады. Аббас: *«Бұл – муһажирлер мен ансарлардың ортасындағы Аллаһ елшісі»*, – деді. Әбу Суфйан: *«Ешкім бұларға қарсы тұра алмайды»*, – деді де: *«Ей, Әбул-Фадл! Аллаһпен ант етейін, шындығында, бауырыңның ұлының билігі бүгінде ұлы екен»*, – деді. Аббас: *«Ей, Әбу Суфйан! Шындығында, бұл – пайғамбарлық»*, – деді. Әбу Суфйан: *«Иә, солай»*, – деді.

Ансарлардың туын Сағд ибн Ғұбада ұстап жүрген-ді. Сағд Әбу Суфйанның жанынан өтіп бара жатқанда: *«Ей, Әбу Суфйан! Бүгін кескілесер күн, бүгін тыйымға рұқсат етіледі, бүгін Аллаһ құрайыштарды қор етеді»*, – деді. Сосын Аллаһ елшісі (с.а.с.) қасынан өтіп бара жатқанда Әбу Суфйан:

– *Уа, Аллаһтың елшісі! Сағд ибн Ғұбаданың не айтқанын білесің бе?* – деді. Пайғамбар (с.а.с.):

– ***Ол не айтты?*** – деді.

– *Былай-былай деп айтты.*

Мұны естіген Осман мен Абдур-Рахман ибн Ауф:

– *Уа, Аллаһтың елшісі! Біз Сағд құрайыштарға қырғын сала ма деп қауіптенеміз*, – деді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.):

– ***Сағд жалған айтқан. Керісінше, бұл күн Аллаһ Қағбаны ұлы ететін күн! Бүгін Аллаһ құрайыштарды үстем ететін күн***, – деді.

Осы әңгімеден соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сағд ибн Ғұбадаға адам жіберіп, оның қолындағы туды Сағдтың баласы Қайс ибн Сағдқа бергізді. Мұнымен Пайғамбар (с.а.с.) тудың Сағдтың отбасынан шықпауын қалаған еді. Сондай-ақ «Пайғамбар (с.а.с.) Сағдтағы туды Зубәйр ибн Ауламға берген» деген де хабар бар.

Мұсылмандар әскерінің келуімен құрайыштардың күтпеген жағдайға тап болуы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әбу Суфйанның жанынан өткен соң, Аббас оған: *«Тайпаластарыңды құтқар!»* – деді. Меккеге асыққан Әбу Суфйан қалаға кіре, бар даусымен: *«Уа, құрайыштар қауымы! Міне, Мұхаммед сендерге өздерің қарсы тұра алмайтын әскермен келді. Кімде-кім Әбу Суфйанның үйіне кірсе, сол аман қалады»*, – деді. Әбу Суфйанның әйелі Һинд бинт Ғұтба тұра келіп, күйеуінің мұртын жұлып: «Мына елдің көшбасшысы болуға жарамайтын, аяқтары дірілдеген, месқарын қабақты өлтіріңдер!» – деді.

Әбу Суфйан: *«Сорларың құрысын! Мына әйел сендерді алдамасын. Шынында да, Мұхаммед сендерге өздерің қарсы тұра алмайтын әскермен келді. Кімде-кім Әбу Суфйанның үйіне кірсе, сол аман қалады»*, – деді. Адамдар: «Аллаһ өлтірсін сені! Біздің барлығымызға сенің үйің не болады?» – деп шулады. Әбу Суфйан: *«Кімде-кім есігін бекітіп отырса, сол аман қалады және кімде-кім мешітке кірсе, сол аман қалады»*, – деп хабарлады. Осыдан кейін жұрт үйді-үйлеріне тарады және мешітке беттеді. Олар жан-жақтан жиналған адамдарды көшелерге шығарып: «Мыналарды бірінші жібереміз де, бірдеңе құрайыштардың пайдасына шешілсе, осыларға қосыламыз, ал егер бұлар жеңілсе, мұсылмандарға сұрағандарын береміз», – деді. Құрайыштың ессіздері мен жеңілтектері Хандама дейтін жерде Икрима ибн Әбу Жәһл, Сафуан ибн Умәййә және Суһайл ибн Амрлерге қосылып, мұсылмандармен соғысуға дайындалды. Олардың ішінде бәну бәкір

тайпасынан Хаммас ибн Қайс деген кісі бар еді. Осы кісі соғысқа қаруын сайлап отырғанда, әйелі одан:

– Мұны не үшін сайлап отырсың? – деп сұрайды. Ол:

– Мұхаммед пен оның сахабалары үшін, – деп жауап береді.

– Аллаһпен ант етейін, Мұхаммед пен оның сахабаларына ештеңе қарсы тұра алмайды, – деген әйеліне Хаммас:.

– Аллаһпен ант етейін, шындығында, мен олардың кейбірін сенің қызметіңе жегіп беруді үміт етемін, – дейді де, өзін-өзі мақтап, өлеңдете жөнеледі. Осы кісі Хандамада жиналғандардың ішінде болды.

Мұсылмандар әскерінің Зу Туа дейтін жерге келуі

Мұсылмандар әскері шеру тартып, Зу Туаға жетті. Аллаһ тағала өзіне сыйлаған жеңісті көрген Пайғамбар (с.а.с.) Раббысының алдында кішіпейілдік таныта, басын иіп жүрді, тіпті сақалының түктері түйесінің жазысына тиюге шақ қалатын. Сол жерде Пайғамбар (с.а.с.) әскерін бөліп, Халид ибн Уәлидті оң қанатқа басшы етті. Әскердің бұл бөлігіне әсләм, суләйм, ғифар, музәйнә, жуһайна және өзге де араб тайпалары енді. Пайғамбар (с.а.с.) Халидке Меккенің астыңғы жағынан кіруді бұйырып: ***«Сендерге құрайыштардан біреулер қарсы шықса, оларды жапыра өтіп, менімен Сафада жолығасыңдар»***, – деді.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) туын ұстаған Зубәйр ибн Аууам әскердің сол қанатына басшылық жасауға қойылды. Пайғамбар (с.а.с.) Зубәйрге Меккенің жоғарғы жағынан, Кәдә тараптан кіріп, туды Хажжун дейтін жерге тігуді және өзі барғанға дейін сол жерден тапжылмауды бұйырды.

Әбу Ғұбайда жаяу әскер мен сауыт, дулығасыз жауынгерлердің басшылығына бекітілді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған Меккеге кіргенге дейін жазықтың ішімен, өзінің алдында жүріп отыруды бұйырды.

Мұсылмандар әскерінің Меккеге кіруі

Мұсылмандар әскерінің барлық қосындары өздеріне белгіленген бағытпен Меккеге қарай қозғалды. Халид пен оның серіктері жолдарында кездескен соғысқұмар мүшріктерді түгелдей тыныштандырды. Сол күні Халидтің әскерінен Курз ибн Жәбир әл-Фиһри мен Хунайс ибн Халид ибн Рабиға қаза тапты. Бұл екеуі әскерден бөлініп, басқа жолға түсіп кеткендіктен, қаскөйлерге кезігіп мерт болған-ды. Құрайыштың ессіздері Хандамада Халидтің әскерімен қақтығысып, араларында біршама шайқас жүрген соң, он екі адамынан айрылған мүшріктер жеңіліп тынды. Мұсылмандармен соғысу үшін қаруын сайлап шыққан Хаммас ибн Қайс те қашқан күйі үйіне келіп, әйеліне: «Есікті бекітіп ал», – деп зар қақты. Әйелі: «Әлгіндегі сөзің қайда қалды?» – деген еді, Хаммас өлеңмен «Егер де сен Хандамадағы шайқасты, Сафуан мен Икриманың да оны тастап қашқанын,

мұсылмандардың бізді қылыштарымен қалай қарсы алғандарын көргеніңде, мені айыптайтын ештеңе айтпас едің» дегенді жеткізді.

Халид Меккені сүзіп шығып, Аллаһ елшісімен (с.а.с.) Сафада жолықты.

Зубәйр барып, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) туын Хажжунға, Фатх мешітінің жанына тікті және сол жерге Пайғамбарға (с.а.с.) арнап шатыр орнатып, Аллаһ елшісі (с.а.с.) келгенге дейін сонда болды.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Қағбаға кіруі және оны пұттардан тазартуы

Жан-жағынан муһажирлер мен ансарлар қаумалаған Аллаһ елшісі (с.а.с.) Қағбаға келіп, қара тасты сипады және Үйге тауаф жасады. Сол кезде Қағбаның айналасына үш жүз алпыс пұт қойылған болатын. Пайғамбар (с.а.с.) қолына садақ ұстап жүрген-ді, сол садағымен пұттарды нұқып: **«Ақиқат келді, жалған жоғалды. Ақиқатында, жалған жоғалушы»**[1]*;* **«Ақиқат келді, енді жалған** (ештеңені) **бастай да, қайтара да алмайды»**[2]**,** – деп айтуға кірісті. Пайғамбар (с.а.с.) нұқыған пұттар жүздерімен жерге жығылып, құлап жатты.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) тауафты түйесінің үстінде жүріп жасады, бұл күні ол ихрамда емес-ті, сондықтан тауаф жасаумен шектелді. Пайғамбар (с.а.с.) тауабын аяқтаған соң, Осман ибн Талханы шақырып, одан Қағбаның кілтін алды және Қағбаны аштырды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Қағбаның ішінен суреттер, солардың қатарында Ибраһим мен Исмаил пайғамбарлардың (ол екуіне сәлем болсын) қауырсынсыз жебелермен бал ашып тұрған суретін көріп: ***«Мұны жасағандарды Аллаһ өлтірсін! Аллаһпен ант етейін, бұл екеуі мұнымен ешқашан бал ашқан емес»,*** – деді. Сондай-ақ Қағбаның ішінде шыбықтан тоқылған көгершін мүсіні бар еді, Пайғамбар (с.а.с.) оны өз қолымен сындырды және суреттерді өшіртіп тастады.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Қағбаның ішінде намаз оқуы және құрайыштардың алдына шығып құтпа жасауы

Пайғамбар (с.а.с.) Усама мен Біләлді жанында қалдырып, есікті іштен жапты да, есіктің қарсы бетіндегі қабырғаға бұрылып, оған арақашықтық үш білек болғанша жақындады және екі тіреуді оң жағына, бір тіреуді сол жағына ұстап, ал қалған үш тіреуді арқа тұсында қалдыра тұрды. Сол күндері Қағбаның алты тіреуі бар еді. Пайғамбар (с.а.с.) сол орнында тұрып намаз оқыды. Сосын Үйді айналып, оның бұрыштарында тәкбір айтты және Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқтығын жариялады. Сонан соң есікті ашты, бұл кезде мешіт аумағы қатар тізіліп, не боларын күтіп тұрған құрайыштарға толып кеткен-ді. Пайғамбар (с.а.с.) есіктің екі жақтауынан ұстап, құрайыштарға жоғарыдан қарап тұрып:

---

[1] «Исра» сүресі, 81-аят.

[2] «Сәбә» сүресі, 49-аят.

«Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқ, Ол жалғыз Өзі, Оның серігі жоқ. Ол уәдесін орындады, құлына жәрдем берді және одақтастарды жалғыз Өзі жеңді. Естеріңде болсын! (Жәһилият кезінде болған) ***барлық артықшылықтың және барлық мүлік дауы немесе қан дауының күшін жоямын. Бұдан Қағбаның қызметі мен қажыларды сумен қамтамасыз ету ғана бөлек. Естеріңде болсын! Қасақана кісі өлтіруге ұқсас, қамшымен не таяқпен қателесіп кісі өлтірген жағдайда да үлкен көлемдегі құн – жүз түйе төленуі және оның қырық түйесі буаз болуы керек.***

Уа, құрайыштар қауымы! Ақиқатында, Аллаһ сендерден жәһилият кезіндегі паңдықты және ата-бабалары арқылы ұлықталуды жойды. Барлық адамзат Адамнан тараған, ал Адам топырақтан жаратылған», – деді. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.): **«Ей, адамдар! Негізінде, Біз сендерді бір еркек және бір әйелден жараттық әрі сендерді бір-бірлеріңді тануларың үшін ұлттар және тайпалар еттік. Шын жүзінде, сендердің Аллаһтың алдында ең құрметтілерің – тақуаларың. Ақиқатында, Аллаһ – бәрін Білуші, бәрінен Хабардар»**[1] деген аятты оқыды.

Бүгін сендерге сөгіс жоқ

Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.): ***«Уа, құрайыштар қауымы! Мені өздеріңе не істейді деп ойлайсыңдар?»*** – деді. Олар: «Жақсылық күтеміз. Сен кеңпейіл бауырсың, кеңпейіл бауырдың ұлысың», – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Шындығында, мен сендерге Юсуфтің бауырларына айтқанын айтамын:*** **«Бүгін сендерге сөгіс жоқ»**[2]***. Барыңдар, сендер боссыңдар»***, – деді.

Қағбаның кілтінің иесіне қайтарылуы

Сонан соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) мешітке жайғасып отырды. Оған Қағбаның кілтін қолына ұстаған Әли келіп: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Бізге қажыларды сумен қамтамасыз ету қызметіне Қағбаны күзетуді де қосып берсеңші. Саған Аллаһтың игілігі болсын»*, – деді. Келесі бір риуаятта мұны айтқан Аббас деп көрсетілген. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Осман ибн Талха қайда?»*** – деді. Османды шақыртып алған соң Пайғамбар (с.а.с.): ***«Кілтіңді ал, ей, Осман! Бүгін игілік пен адалдық күні»***, – деді. Ибн Сағдтың «Табақат» кітабында келтірген риуаятында Пайғамбардың (с.а.с.) Османға кілтті берген кезде: ***«Мұны ежелгі дәстүрмен мәңгілікке алыңдар. Оны сендерден залым ғана тартып алады. Ей, Осман! Ақиқатында, Аллаһ сендерге Өз үйін сеніп тапсырды. Ендеше, өздеріңе осы Үй арқылы келетін дүниелерден жөнімен жеңдер»***, – дегені айтылған.

---

[1] «Хужурат» сүресі, 13-аят.
[2] «Юсуф» сүресі, 92-аят.

Біләлдің Қағбаның төбесіне шығып азан айтуы

Намаз уақыты кіргенде Аллаһ елшісі (с.а.с.) Біләлге Қағбаның төбесіне көтеріліп, азан шақыруды бұйырды. Әбу Суфйан ибн Харб, Итаб ибн Усәйд және Харис ибн Һишамдар Қағбаның алдында отырған. Итаб: «Шындығында, Аллаһ Усәйдке мұны естуді жазбай құрмет көрсетіпті. Әйтпесе бұдан ызасын қоздыратын сөздерді естір еді», – деді. Харис оған: «Аллаһпен ант етейін, егер де оның хақ пайғамбар екенін білсем, оған ілесер едім», – деді. Сонда Әбу Суфйан: *«Аллаһпен ант етейін, мен ештеңе демеймін. Егер де бірдеңе десем, не дегенімді мына қиыршық тастар хабарлайды»,* – деді. Сол екен Пайғамбар (с.а.с.) олардың алдарына келіп: ***«Шындығында, мен сендердің не дегендеріңді білдім»,*** – деп, араларында не әңгіме болғанын айтып берді. Аңтарылған Харис пен Итаб: *«Сенің Аллаһтың елшісі екендігіңе куәлік береміз. Аллаһпен ант етейік, мұны саған біреу жеткізді дейтіндей, жанымызда бұл әңгімені естіген ешкім болған жоқ»,* – деді.

Жеңіс намазы немесе шүкіршілік намазы

Сол күні Аллаһ елшісі (с.а.с.) Умму Һани бинт Әбу Талибтің үйіне кіріп, жуынып, оның үйінде сегіз ракағат намаз оқыды. Пайғамбар (с.а.с.) намаз оқыған уақыт сәскенің кезі болғандықтан, біреулер мұны дұха намазы деп ойлады. Бірақ, шындығында, бұл жеңіс намазы болатын.

Бауыры Әли ибн Әбу Талиб Умму Һанидің екі қайнысын өлтіруді қалаған еді. Умму Һани қайныларын үйіне кіргізіп, есігін бекітті де, оларды қорғанына алды. Сонан соң Пайғамбарға (с.а.с.) қайныларын қорғанына алғанын айтқанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Шындығында, сен қорғаныңа алғандарды біз де қорғанымызға алдық, ей, Умму Һани!»*** – деді.

Сафуан ибн Умәййә мен Фадала ибн Ғұмайрдің Исламды қабылдауы

Сафуан құрайыштың үлкен басшыларының бірі болғандықтан, өзі үшін қорқып, қашып кетті. Ғұмайр ибн Уаһб әл-Жумахи Сафуанға амандық беруін сұрап, Пайғамбар (с.а.с.) оған амандық берді және Меккеге кірген кезде киген сәлдесін беріп жіберді. Ғұмайр Сафуанды Жиддадан Йеменге баратын кемеге мінейін деп тұрған жерінде қуып жетіп, кері алып келді. Сафуан Аллаһ елшісінен (с.а.с.): «Маған Исламды қабылдауыма екі ай ерік берші», – деп сұранды. Пайғамбар (с.а.с.) оған: ***«Саған төрт ай ерік беріледі»,*** – деді. Осыдан соң Сафуан Исламды қабылдады. Сафуанның әйелі Исламға күйеуінен бұрын кірген болатын, Пайғамбар (с.а.с.) оларды бұрынғы некелері бойынша қалдырды.

Фадала ибн Ғұмайр батыл, өжет кісі еді, ол Аллаһ елшісін (с.а.с.) тауаф жасап жүргенінде өлтірмек болып барған. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған не

оймен келгенін хабарлағанда, Фадала оның шын пайғамбар екенін түсініп, Исламды қабылдаған.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жеңістің екінші күніндегі құтпасы

Аллаһ тағала Өз елшісіне (с.а.с.) Меккені бағындырған күннің ертесіне Пайғамбар (с.а.с.) адамдардың арасында тұрып, Аллаһқа мақтау айтып, Оны тиісінше дәріптеді де: ***«Уа, халайық! Ақиқатында, Аллаһ Меккені аспандар мен жерді жаратқан күні*** (белгілі бір шектеулер қойылатын) ***қасиетті аймақ етті, енді ол Аллаһтың белгілеуімен Қиямет күніне дейін қасиетті аймақ болып қалады. Аллаһқа және Ақырет күніне сенетін кісіге мұнда қан төгуге немесе ағаштарды кесуге рұқсат етілмейді. Егер біреу Аллаһ елшісінің Меккеде соғыс жүргізгеніне сілтеме жасап, өзіне*** (мұндай істерді) ***рұқсатты деп есептесе, оған: «Расында, Аллаһ Өз елшісіне рұқсат етті, бірақ сендерге рұқсат еткен жоқ», – деп айтыңдар. Маған тек күндіздің бір уақытында ғана*** (шайқас жүргізуге) ***рұқсат берді, сосын бүгінгі қасиеттілігі кешегі қасиеттілігіндей орнына қайтты.*** (Мұны) ***естігендер естімегендерге жеткізсін»***, – деді.

Келесі бір риуаятта: ***«Оның аңы үркітілмейді[1], тікендері шабылмайды, онда жариялауды қалаған адамнан басқа, біреудің түсіріп алған затын алуға да рұқсат етілмейді[2] және оның өсімдіктері жұлынбайды»*** делінген. Сонда Аббас: *«Жұпар қамыстан[3] басқа, уа, Аллаһтың елшісі! Өйткені бұл олардың теміршілері мен үйлеріне* (қажет қой)*»*, – деп дауыстады. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Жұпар қамыстан басқасы»***, – деді.

Сол күні хузағалықтар жәһилият кезінде өлтірілген бір адамының кегі үшін бәну ләйс руындағы бір кісіні өлтірген болатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) осыған қатысты: ***«Уа, хузаға қауымы! Қолдарыңды кісі өлтіруден тыйыңдар. Пайда берер болса, кісі өлтіру көп болды ғой. Шындығында, сендер мен ол үшін құн төлейтін біреуді өлтірдіңдер. Ендігәрі кімде-кім кісі өлтірсе, туысы өлтірілгендер екінің бірін таңдайды: қаласа – қылмысты өлтіріледі, қаласа – құн төленеді»***, – деді.

Тағы бір риуаятта: *«Сол кезде йемендіктерден Әбу Шаһ деген кісі орнынан көтеріліп: «Маған* (осы айтқандарыңды) *жазып берші, уа,*

---

[1] Яғни, Меккеде аң аулауға тыйым салынады.

[2] Яғни, Меккеде біреудің түсіріп алған затын алуға оны тауып алғанын хабарлап, иесіне қайтарып беруді қалаған адамға ғана рұқсат етіледі. Ал тауып алғанын хабарлап, иесі табылмаса оны иеленуге ниеті бар адам үшін бұған рұқсат етілмейді.

[3] Жұпар қамыс – меккеліктерге жақсы таныс жұпар иісті, жіңішке сабақтары бар өсімдік. Меккеліктер бөренелердің арасына салып онымен үйлерінің төбесін жабатын, қабірге қалайтын қыштардың қуыстарын бітейтін және отын ретінде пайдаланатын. Сондықтан да Аббас: *«Өйткені бұл олардың теміршілеріне* (қажет)*»*, – деп айтқан (қ: «Фатх әл-Бәри»).

Аллаһтың елшісі!» – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Әбу Шаһқа жазып беріңдер»,*** *– деп тапсырды»* делінген[1].

Ансарлардың Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккеде қалып қояр ма екен деп қорқуы

Аллаһ тағала Өзінің елшісіне (с.а.с.) атамекен отаны, туған жері, жарты ғасырдан астам өмір сүрген қаласы Меккені толық бағындырғаннан кейін, ансарлар өзара: *«Пайғамбар (с.а.с.) Аллаһ тағала оған өз жерін, өз қаласын бағындырғаннан кейін сонда тұруға қалып қояды деп ойламайсыңдар ма?»* – деп әңгіме қылды. Пайғамбар (с.а.с.) Сафа төбесінде қолдарын көтеріп дұға жасап тұр еді. Дұғасын аяқтаған соң ансарлардан: ***«Сендер не айттыңдар?»*** – деп сұрады. Олар: *«Ештеңе, уа, Аллаһтың елшісі!»* – деп жалтарғанмен, Пайғамбар (с.а.с.) қоймастан сұрап, ақыры араларында не әңгіме болғанын айтқызды. Сонан соң олардың көңілдерін жайландырып: ***«Аллаһ сақтасын! Мен сендердің араларыңда өмір сүремін және сендердің араларыңда өлемін»,*** – деді.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) меккеліктерден ант қабылдауы

Аллаһ тағала Өзінің елшісі (с.а.с.) мен мұсылмандарға Меккені бағындырып, меккеліктердің ақиқатқа көздері жеткен соң, олар енді Исламнан басқа құтылу жолы жоқтығын білгеннен кейін, осыған мойынсұнып, ант беруге жиналды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) адамдардан ант алу үшін Сафа төбесіне шығып отырды. Ал Омар ибн әл-Хаттаб одан төменірек отырып, адамдардан Аллаһ елшісінің (с.а.с.) атынан ант қабылдады. Адамдар Пайғамбарға (с.а.с.) шамалары келгенше тыңдауға және бағынуға ант берді.

Риуаяттардың бірінде Пайғамбардың (с.а.с.) ер адамдардан ант алып болған соң, Сафа төбесінде отырып әйелдерден ант алуға кіріскені айтылған. Омар одан төменірек отырып, әйелдерден Аллаһ елшісінің (с.а.с.) атынан ант алды. Әбу Суфйанның әйелі Һинд бинт Ғұтба Хамзаға жасаған ісі үшін қорқып, өзін Аллаһ елшісі (с.а.с.) танып қоймасын деп жүзін жасырып келді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Мен сендерден Аллаһқа ештеңені серік етіп қоспауларың үшін ант аламын»,*** – деді. Омар әйелдерден Аллаһқа ештеңені серік етіп қоспаулары үшін ант қабылдады. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«...және ұрлық жасамауларың үшін»,*** – деді. Сонда Һинд: *«Шындығында, Әбу Суфйан сараң кісі. Егер мен оның дүниесінен аздап алсам ше?»* – деді. Әбу Суфйан әйеліне: *«Алғаның сен үшін халал»,* – деп, рұқсатын берді. Мұны естіген Аллаһ елшісі (с.а.с.) күліп жіберді және

[1] Бұл риуаяттар «Сахих әл-Бұхари» (1/22, 216, 247, 328-329, 2/615, 617), «Сахих Муслим» (1/437-439), Ибн Һишам (2/415-416) және «Сунән Әбу Дауд» (1/276) кітаптарынан алынды.

Һиндті танып: ***«Сен Һинд емессің бе?»*** – деп сұрады. Ол: *«Иә. Өткенді кешір, уа, Аллаһтың пайғамбары! Аллаһ сені кешірсін!»* – деді.

Пайғамбар (с.а.с.): ***«...және зина жасамаулары үшін»***, – деді. Һинд: *«Басы азат әйел зина жасаушы ма еді?!»* – деп таңданды. Пайғамбар (с.а.с.): ***«...және балаларын өлтірмеулері үшін»***, – деді. Һинд: *«Біз балаларымызды кішкентайынан бағып өсірген едік, есейген кездерінде оларды сендер өлтірдіңдер ғой. Бұл сендерге де, оларға да жақсы мәлім»*, – деді. Һиндтің баласы Ханзала ибн Әбу Суфйан Бәдір шайқасында қаза тапқан болатын. Оның сөзіне Омардың күлгені соншалық шалқалай жатып қалды, Аллаһ елшісі (с.а.с.) де езу тартып күлді.

Пайғамбар (с.а.с.): ***«...және жала жаппаулары үшін»***, – деді. Һинд: *«Аллаһпен ант етейін, расында, жала – жеркеніште іс. Ал сен бізді туралық пен қадірлі мінез-құлықтарға бұйырасың»*, – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«...және шариғат құптайтын істе маған қарсы келмеулері үшін»***, – деді. Һинд: *«Аллаһпен ант етейін, біз бұл жиынға жүрегімізде саған қарсы келу болмағандықтан қатысып отырмыз»*, – деді.

Содан Һинд ант беріп қайтқан соң, үйіндегі пұтын сындырып: *«Біз саған қатысты алдануда болған екенбіз»*, – деді[1].

«Сахихта» келген хадисте *«Пайғамбарға (с.а.с.) Һинд келіп: «Уа, Аллаһтың елшісі!* (Бұрын) *жер бетінде сенің отбасыңдай өзім Аллаһтың қор етуін қалаған отбасы жоқ еді, ал* (қазір) *жер бетінде сенің отбасыңдай өзім Аллаһ абыройын арттыруын қалайтын отбасы жоқ!» – деді. Пайғамбар (с.а.с.):* ***«Жаным қолында болған*** (Аллаһ)***пен ант етейін, тағы да[2]»***, *– деді.* (Һинд): *«Уа, Аллаһтың елшісі! Расында Әбу Суфйан сараң кісі, сондықтан оның мал-дүниесінен өзінің рұқсатынсыз қамқорлығындағы отбасы мүшелеріне жұмсасам, маған күнә болмайды ма?» – деп* (сұрады). *Сонда Пайғамбар (с.а.с.):* ***«Оларға жөнімен жұмсасаң, саған күнә болмайды»***, *– деп айтты»* делінген.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Меккеде тұрған уақыты және онда жасаған істері

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккеде он тоғыз күн тұрып, Исламның рәміздерін жаңғыртумен, адамдарды тура жол мен тақуалыққа бағыттаумен айналысты. Осы күндердің ішінде Әбу Усәйд әл-Хузағиге бұйрық беріп, Меккедегі

---

[1] Ән-Нәсәфидің «Мәдәрик әт-тәнзил» кітабынан ант қабылдау туралы аяттың тәпсірін қараңыз.

[2] Ән-Нәуәуи, бұл: «Осы қалауың арта түссін, жүрегіңдегі иманың күшейсін, Аллаһқа және Оның елшісіне деген сүйіспеншілігің артсын және оған деген дұшпандықтан қайтуың күшейе түссін» деген мағынаны білдіретінін айтқан. Ал Ибн Хажар мұны: «Сенің Пайғамбар (с.а.с.) отбасына деген сүйіспеншілігің жүрегіңде иман берік орнаған сайын және оларға деген жеккөрушілігіңнен бас тартқан сайын тағы да арта түседі де, сенде жеккөрушіліктің ізі де қалмайды» деп түсіндірген.

тыйым салынған аймақтың шекара белгілерін жаңартты. Сондай-ақ төңіректегі тайпаларды Исламға шақыру әрі Меккенің маңындағы пұттарды сындыру үшін жортуылшы жасақтар жіберді. Нәтижесінде Меккенің маңындағы пұттардың барлығы сындырылып, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жаршысы Меккеде: *«Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, үйінде ешқандай пұт қалдырмай, сындырып тастасын»* деп жар салды.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тапсырмасы бойынша аттанған жортуылшы жасақтар

1. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккені бағындырып, көңілін демдеген соң, һижраның 8-жылы рамазан айының аяқталуына бес түн қалғанда, Халид ибн Уәлидті Ғұзза деп аталатын пұтты талқандау үшін жіберді. Ғұзза Нахла дейтін жерге орнатылған, құрайыштар мен барлық кинәнә тайпалары табынған ең үлкен пұт еді. Бұл пұттың қызметімен бәну шәйбан руы айналысатын. Халид ибн Уәлид отыз аттылымен барып, сол пұтты қиратты. Қайтып келгенінде Аллаһ елшісі (с.а.с.) одан: ***«Сен бірдеңе көрдің бе?»*** – деп сұрады. Халид: *«Жоқ»*, – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Онда сен оны түбегейлі талқандамапсың, қайтып барып, оны біржолата қират»***, – деп тапсырды. Халид қайтадан барып, ызалана, қылышын жалаңаштады. Сол кезде оған шашы жайылған, жалаңаш, қара әйел шықты, пұттың қорықшысы бұл әйелге айқайлай бастады. Халид әйелді қылышымен шауып, екіге бөліп жіберді. Содан кейін Аллаһ елшісіне (с.а.с.) оралып, жағдайды баяндады. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): ***«Иә. Бұл – Ғұзза. Енді ол сендердің елдеріңде табыну нысаны болудан біржола үмітін үзді»***, – деді.

2. Аллаһ елшісі (с.а.с.) осы рамазан айында Амр ибн Асты һузайл тайпасы табынатын Суағ деп аталатын пұтты талқандау үшін жіберді. Бұл пұт Меккенің солтүстік-шығыс жағында жүз елу шақырым қашықтықтағы Руһат дейтін жерге орнатылған-ды. Сол жерге барған Амрден пұттың қорықшысы: «Саған не керек?» – деп сұрады. Амр: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) маған мұны қиратуды бұйырды»*, – деді. Қорықшы: «Сенің бұған шамаң жетпейді», – деді. Амр: *«Неге?»* – деп сұраған еді, ол: «Бұлай жасауыңа жол берілмейді», – деп жауап берді. Амр оған: *«Сен әліге дейін жалғанды ұстанып жүрсің бе? Сорың құрысын! Ол естиді немесе көреді ме?»* – деп, пұтқа жақындап, оны сындырды. Сонан соң жолдастарына бұйрық беріп, пұттың кесенесін қиратты және оның ішінен ештеңе кездестірмеді. Сосын Амр қорықшыға: *«Енді не дейсің?»* – деген еді, ол: *«Мен Аллаһқа бойсұндым»*, – деді.

3. Және де осы айда Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сағд ибн Зәйд әл-Әшһәлиді жиырма аттылымен Манат деп аталатын пұтқа жіберді. Әус, хазраж, ғассан және басқа да тайпалар табынған бұл пұт Құдайдтің түбіндегі Мушәллəл дейтін жерге қойылған-ды. Аталмыш жерге барған Сағдтан пұттың

қорықшысы: «Саған не керек?» – деп сұрады. Сағд: *«Манатты қиратамын»,* – деген еді, қорықшы: «Қалағаныңды жаса», – деді. Сағд пұтқа жақындағанда, шашы қобыраған, жалаңаш, қара әйел қасірет шақырып, кеудесін тоқпақтай шықты. Қорықшы оған: «Ей, Манат! Сенің алдыңдағы өзіңе бағынбаушылардың кейбірі», – деді. Сағд әйелді қылышпен шауып өлтірді және пұтқа барып, оны сындырып, қиратты. Жортуылшылар бұл пұттың кесенесінен де ештеңе таппады.

4. Халид ибн Уәлид Ғұззаны қиратып қайтқан соң, Пайғамбар (с.а.с.) оны һижраның 8-жылы шағбан айында бәну жәзима тайпасына, олармен соғысу үшін емес, Исламға шақыру үшін жіберді. Муһажирлер мен ансарлардан және бәну суләйм тайпасынан құралған үш жүз елу кісімен шыққан Халид бәну жәзимаға барып, Исламға шақырғанда олар «Исламды қабылдадық» деп дұрыстап айтпай: «Діннен қайттық, діннен қайттық[1]», – деп айта бастады. Халид олардың адамдарын өлтіріп, тұтқынға алуға кірісті және жанындағылардан әрбір кісіге тұтқын берді. Бір күні Халид әрбір кісіге өз тұтқынын өлтіруге бұйрық берді. Ибн Омар мен оның жолдастары өз тұтқындарын өлтіруден бас тартты. Олар Пайғамбарға (с.а.с.) келген соң осыны айтқанда, Пайғамбар (с.а.с.) қолдарын жоғары көтеріп екі рет: ***«Уа, Аллаһ! Расында, мен Өзіңе Халидтің істегеніне қатысым жоқтығын жариялаймын!»*** – деген[2].

Қолдарындағы тұтқындарды бәну суләйм тайпасы ғана өлтірген болатын, ал муһажирлер мен ансарлар бұдан бас тартқан-ды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әлиді жіберіп, бәну жәзима тайпасына өлтірілген адамдарының құнын төледі және жоғалтқан дүние-мүліктерінің өтемін берді. Осы мәселеде Халид ибн Уәлид пен Абдур-Рахман ибн Ауф сөзге келісіп, араларында кикілжің болған еді. Бұл туралы естігенде Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Жетер, ей, Халид! Менің сахабаларыма тиіспе. Аллаһпен ант етейін, Ухуд тауы алтын болып, сен оны Аллаһ жолында жұмсасаң да, сахабаларымның[3] біреуінің бір таңдағы жорығы үшін де немесе бір кештегі жорығы үшін де*** (алар сыйына) ***жете алмайсың»,*** – деген[4].

Меккені бағындыру жорығы Араб жазирасы аймағында пұтқа табынушы қоғамды біржола жойып, оның өмір сүруіне ешқандай орын қалдырмаған шешуші шайқас әрі ең ұлы жеңіс болды. Өйткені араб тайпаларының

[1] Яғни, бұрынғы дінімізден безіп, дінімізді ауыстырдық.

[2] «Сахих әл-Бұхари» (1/450, 2/622).

[3] Пайғамбар (с.а.с.) мұнда Исламның алғашқы жылдарынан қасында жүрген сахабаларын меңзеген.

[4] Меккені бағындыру жорығы туралы деректер Ибн Һишам (2/289-437), «Сахих әл-Бұхари» (Жиһад және Қажылық рәсімдері кітаптары, 2/612-615, 622), «Фатх әл-Бәри» (8/3-27), «Сахих Муслим» (1/437-439, 2/102-103, 130) және шейх Абдуллаһ ән-Нәждидің «Мухтасар сира әр-расул» (322-351 беттер) кітаптарынан алынды.

көпшілігі мұсылмандар мен пұтқа табынушылардың арасында жүріп жатқан соғыстар мен қақтығыстардың нәтижесін күтіп жүрген-ді. Бұл тайпалар қасиетті Қағбаға ақиқатты ұстанушылар ғана билік жүргізетінін жақсы білетін. Оларда мұндай нақты сенім жарты ғасыр бұрын, піл иелері Қағбаны қиратпақ болғанда орнаған-ды. Сонда басқыншылар қырылып, желінген сабандай болған еді.

Худайбия келісімі осы ұлы жеңістің басы әрі оған жасалған алғашқы қадам болды. Осы келісімнен кейін адамдар бейбіт өмір сүріп, бір-бірімен сөйлесе, Ислам жайлы пікір алмаса бастады. Меккеде иманын жасырып жүрген мұсылмандар діндерін жариялауға, оған дағуат жасауға және ол жайлы пікір таластыруға мүмкіндік алды. Осының себебімен көп адамдар Исламды қабылдады, тіпті бұған дейінгі жорықтарда үш мыңнан аспаған мұсылмандар әскерінің саны небәрі екі жылдан кейінгі бұл жорықта он мыңға жетті.

Бұл шешуші жорық адамдардың көздерін ашты және Исламды бүркемелеп тұрған соңғы пердені ысырды. Осы жеңіс арқылы мұсылмандар Араб жазирасының барлық аймағында саяси және діни жағдайға бірдей билік жүргізуге көшіп, құрайыштардағы діни әрі дүниелік басшылық мұсылмандардың қолдарына өтті.

Худайбия келісімінен кейін басталып, мұсылмандардың пайдасына жүрген кезең осындай ұлы жеңіспен аяқталды да, ендігі кезекте толықтай мұсылмандардың пайдасына жұмыс жасаған тағы бір кезең басталды. Бұл кезеңде мұсылмандар Араб жазирасындағы жағдайды түгелдей бақылауларына алды. Бұдан кейін араб тайпаларына Аллаһ елшісіне (с.а.с.) өз өкілдерін жіберіп, Исламды қабылдаудан және оның дағуатын әлемге жеткізуге атсалысудан өзге жол қалмады. Олардың бұған деген дайындықтары алдағы екі жылдың ішінде өз мәресіне жетті.

ҮШІНШІ КЕЗЕҢ

Бұл – Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өміріндегі ең соңғы кезең. Бұл кезеңде Пайғамбар (с.а.с.) жиырма жылдан астам уақыт бойы жалғасқан ұзақ жылғы күрес, қиындықтар мен шаршаулар, мазасыздықтар, бүліктер мен толқулар, қанды шайқастар мен соғыстардан соң, өзі жүргізген дағуаттың нәтижелерін көрді.

Меккені бағындыру мұсылмандар осы жылдарда қол жеткізген ең үлкен табыс болды. Оның себебімен күндердің ағысы өзгеріп, арабтардың ауасы алмасты. Мекке жеңісі бұған дейінгі уақыт пен одан кейінгі уақыттың арасын ажыратқан тарихи датаға айналды. Өйткені құрайыштар арабтардың көзқарасы бойынша діннің жанашырлары әрі жәрдемшілері саналатын, арабтар бұл мәселеде құрайыштарға тәуелді еді. Енді құрайыштардың тізе бүгуі Араб жазирасындағы пұтқа табыну дінінің біржола жойылғандығын білдірді.

Бұл кезеңді өз кезегінде екі тақырыпқа бөлу мүмкін:

1. Күрестер мен соғыстар.
2. Ұлыстар мен тайпалардың жаппай Исламды қабылдауға кірісуі.

Бұл екі тақырыптағы мәселелер аталмыш кезеңде бір-бірімен аралас, жалғасты сипатта жүріп отырған. Бірақ біз соғыс тақырыбы өткен тақырыптармен тығыз байланысты әрі оған көбірек қатысты болғандықтан, оны алдымен ұсынып, екі тақырыпты бір-бірінен бөлек келтіруді таңдадық.

ХУНАЙН ЖОРЫҒЫ

Мекке қаласы бүкіл арабтарды таңқалдырған жасындай жойқын соққының нәтижесінде бағындырылып, құрайыштардың тізе бүгуі көршілес тайпаларға күтпеген жағдай болды. Олардың арасында мұсылмандар күшінің алдында тізе бүккісі келмеген бірен-саран бұзық, күш-қуатқа ие, өркөкірек тайпалар табылды. Мұндай тайпалардың маңдай алдында hауазин және сақиф тайпаларының ру-әулеттері тұрды және олармен наср, жушам, сағд ибн бәкір рулары мен бәну hиләл руының біраз адамдары қол біріктірді. Аталмыш рулардың барлығы қайс айлан тайпасынан тарайтын. Өздерін үстем санаған, астамсынған бұл рулар мұсылмандардың жеңісін бас иіп қабылдағылары келмеді. Сөйтіп олар Мәлик ибн Ауф ән-Насридің төңірегіне топтасып, мұсылмандармен соғысу үшін жорыққа шығуға шешім қабылдады.

Жау әскерінің жорыққа шығуы және Аутас жазығына тоқтауы

Жаудың бас қолбасшысы Мәлик ибн Ауф мұсылмандармен соғысу үшін жорыққа шығуға түбегейлі шешім қабылдаған соң, адамдармен бірге олардың мал-мүліктері мен әйел-балаларын да алып шықты. Осылай тайлы-тұяғымен аттанған жау әскері hауазин тайпасы қонысындағы Аутас деп аталатын жазыққа тоқтады. Аутас жазығы Меккеге Арафат жақтан оннан астам миль қашықтықтағы Хунайн жазығына таяу орын тепкен жер еді[1].

Дурәйд ибн Симманың бас қолбасшының пікірін теріске шығаруы

Жау Аутасқа тоқтаған кезде, олардың арасында әбден қаусаған қария Дурәйд ибн Симма бар еді. Дурәйд – жас кезінде сан мәрте ерлігімен танылған батыр, соғыстың айла-тәсілдерін жетік білетін кісі. Дурәйд қасындағылардан: «Сендер қай жазықтасыңдар?» – деп сұрады. Олар: «Аутаста», – деп жауап берді. Дурәйд: «Бұл аттардың желісіне өте жайлы жер, тастақты қатты да емес, сусымалы тегіс те емес. Неге мен түйелердің боздағанын, есектердің ақырғанын, қойлардың маңырағанын және балалардың жылағанын естіп тұрмын?» – деді. Серіктері: «Мәлик ибн Ауф адамдармен бірге мал-мүліктерін және әйел-балаларын да алып шықты», – деген соң, Дурәйд Мәликті шақырып, не үшін бұлай жасағанын сұрады. Мәлик: «Мен әр кісі аянбай соғысуы үшін артында отбасы мен мал-мүлкі тұруын қаладым», – деп түсіндірді. Мұны естіген Дурәйд: «Ей, қойбағар! Аллаһпен ант етейін, жеңілгенді бірдеңе тоқтатушы ма еді? Шындығында, шайқас сенің пайдаңа шешілсе, саған қылышы мен найзасын ұстаған ер адамның ғана себі тиеді. Ал егер жеңілетін болсаң, отбасың мен мал-мүлкіңнен айрылып, масқара боласың», – деді. Дурәйд тағы да кейбір рулар

[1] Қ.: «Фатх әл-Бәри» (8/27, 42).

мен басшылар жайлы сұрап-біліп: «Ей, Мәлик! Шындығында, сен һауазиннің таңдаулыларын аттылылардың алдына шығарумен ештеңе таппайсың. Оларды қауіпсіз жерге, тайпаластарынан биікке орналастыр. Сонан соң дінінен безгендермен ат үстінде жолық. Шайқаста сен жеңсең, артыңдағылар саған келіп қосылады, ал егер жеңілсең, өзің ғана зардап шегіп, отбасың мен мал-мүлкіңді сақтап қаласың», – деді. Бірақ бас қолбасшы Мәлик Дурәйдтің ақылымен келіспей: «Аллаһпен ант етейін, бұлай жасамаймын. Өйткені сен қартайып қалғансың, ақылың да өткірлігін жоғалтқан. Уаллаһи, һауазин маған бағынады, әйтпесе мен мына қылышқа арқамды тесіп шыққанға дейін өзімді тастаймын», – деп, Дурәйдтің алдағы соғысқа қатысты әлдебір ескерту не пікір айтуын қаламай, тұрып алды. Һауазин тайпасы: «Біз саған бағынамыз», – деп, Мәликті тыныштандырды. Сонда Дурәйд: «Мен мұндай күнді көрмегенмін және оны көруіме тура келеді», – деп, өзінің жас болмағанына, күш-қайратынан айрылғанына өкінді.

Жаудың барлаушылары

Мәлик ибн Ауф мұсылмандардың хабарын барлауға тыңшылар жіберген болатын, осы тыңшылар үрейден буындарын ұстай алмай оралды. Мәлик олардан: «Сорларың құрысын! Сендерге не болды?» – деп сұраған еді, тыңшылар: «Аллаһпен ант етейік, біз қара-ала аттарға мінген ақ кісілерді көрдік те, өз-өзімізді ұстай алмай, осындай күйге түстік», – деп жауап берді[1].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) барлау жұмысы

Жаудың келе жатқаны туралы хабар жеткенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әбу Хадрад әл-Әсләмиді тыңшылыққа жіберіп, оған жаудың ішіне еніп, солардың арасында тұруды және олардың жағдайымен танысып, хабар алып келуді бұйырды. Әбу Хадрад Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тапсырмасын орындап қайтты.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Меккеден Хунайнге қарай шығуы

Һижраның 8-жылы шәууәл айының алтысында, сенбі күні Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккеден Хунайнге қарай шықты. Бұл Пайғамбар (с.а.с.) Меккеде тұрған он тоғызыншы күн еді. Жорыққа мұсылмандардың он екі мың қолы қатысты. Оның он мыңы – Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге Меккені бағындыруға келгендер, ал екі мыңы – меккеліктер және олардың көбісі Исламды жаңадан қабылдағандар еді. Пайғамбар (с.а.с.) Сафуан ибн

[1] Жау тыңшылары періштелерді көрген-ді.

Умәййәдан жабдығымен жүз сауыт сұрап алды және Мекке халқына басшылық жасауды Итаб ибн Усәйдке тапсырды.

Қараңғы түсе мұсылмандарға бір аттылы келіп: «Мен мына-мына тауға шығып көрдім, һауазиндер бүкіл тайлы-тұяғы, әйел-балаларымен, малдары мен қойларын айдап келіп, Хунайнге жиналды», – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) езу тартып күліп: ***«Аллаһ қаласа, бұлар ертең мұсылмандардың олжасы болады»,*** – деді. Сол түні Әнәс ибн Әбу Мәрсәд әл-Ғанауи әскердің күзетіне өзі сұранды[1].

Мұсылмандар Хунайнге бара жатқан жолдарында Зәт ануат деп аталатын, зәулім әрі жап-жасыл лотос ағашын көрді. Арабтар бұл ағашқа күш дарытады деген сеніммен қару-жарақтарын ілетін, оның түбінде мал шалатын және біраз уақыттарын өткізетін. Әскердегі кейбіреулер Аллаһ елшісіне (с.а.с.): *«Бұлардың қару-жарақтарын ілетін ағаштары болғаны сияқты бізге де қару-жарақтарымызды ілетін ағаш жасап бер»,* – деп өтініш айтты. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): ***«Аллаһ бәрінен ұлы! Мұхаммедтің жаны қолында болған*** (Аллаһ)***пен ант етейін, сендер Мұсаның қауымы «Олардың құдайлары болғаны сияқты бізге де құдай жасап бер» дегендей сөзді айттыңдар. Сендер білмей тұрған елсіңдер. Шындығында, мұндай істер – ғұрыптар, сендер міндетті түрде өздеріңнен бұрынғылардың ғұрыптарына ересіңдер»,*** – деді[2].

Мұсылмандардың кейбірі әскердің көптігіне қарап: *«Бүгін жеңілуіміз мүмкін емес»,* – деген болатын. Ал бұл сөз Аллаһ елшісін (с.а.с.) қынжылтқан еді.

Мұсылмандар әскерінің күтпеген жерден жаудың садақшылары мен шабуылына тап болуы

Мұсылмандар әскері Хунайнге шәууәл айының аяқталуына он күн қалғанда, сейсенбі мен сәрсенбінің арасындағы түнде жетті. Мәлик ибн Ауф Хунайнге мұсылмандардан бұрын жеткен болатын, ол жазыққа әскерін түнде кіргізіп, жауынгерлерін бөліп, жолдарға, кіре беріс орындарға, шатқалдарға, таса жерлер мен тар қапталдарға жасырып, оларға мұсылмандардың қарасы көріне салып жебе жаудыруға және бір кісідей жаппай шабуылға шығуға жарлық берді.

Түннің соңғы бөлігінде Аллаһ елшісі (с.а.с.) әскерін дайындады және әскерге бірнеше ту белгілеп, оны алып жүретін адамдарды тағайындады. Сонан соң таң қараңғылығында мұсылмандар Хунайнге беттеп, жазыққа құлдилап түсе бастады. Олар жазықтың тар қапталдарында жаудың тұзақ

[1] Қ.: «Сунән Әбу Дауд» (Жиһад, Аллаһ жолында күзетке тұрудың артықшылығы, 2/10).

[2] Мұны әт-Тирмизи (Фитналар кітабы, «Сендер міндетті түрде өздеріңнен бұрынғылардың ғұрыптарына ересіңдер» деген айдардағы тарау, 4/412) және Ахмад «Муснәдында» (5/218) риуаят еткен.

құрып, жасырынып жатқандарынан хабарсыз еді. Мұсылмандар жазыққа аңдаусыз түсіп келе жатқанда, күтпеген жерден жау жебелері үстеріне жаңбырша жауды. Артынша жау әскерлері оларға тұтқиылдан бір кісіше жаппай шабуыл жасады. Мұсылмандар түре қуылып, бірі-біріне бұрылмастан кері қашты. Осылайша мұсылмандар әскері шайқастың басында оңбай жеңілді. Тіпті мұсылмандардың қатарына енді қосылған Әбу Суфйан ибн Харб: *«Бұлар* (Қызыл) *теңізге дейін тоқтамай қашады»,* – деді. Ал әлі мүшріктік сенімінде жүрген Жәбәлә немесе Кәләдә ибн Ханбал: «Бүгін сиқыр күшін жоғалтты ма?» – деді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) оң жаққа бұрылып: ***«Ей, адамдар! Бері келіңдер. Мен Аллаһтың елшісімін. Мен Мұхаммед ибн Абдуллаһпын»,*** – деп дауыстай бастады. Сол жерде оның жанында муһажирлер мен туыстарынан азғана адам қалды. Осы кезде Пайғамбар (с.а.с.) теңдессіз ерлік көрсетіп, қашырын кәпірлер жаққа қаратып тебіне бастады және: ***«Мен жалғансыз пайғамбармын, мен – Абдулмуттәлибтің ұлымын[1]»,*** – деп қайталаумен болды.

Бірақ Әбу Суфйан ибн Харис Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қашырының жүгенінен, ал Аббас үзеңгісінен ұстап, шауып кетпеуі үшін оны тежеп тұрды. Пайғамбар (с.а.с.) қашырынан түсіп, дұға етті, Аллаһтан жәрдем тілеп: ***«Уа, Аллаһ! Жәрдеміңді түсір!»*** – деді.

Мұсылмандардың кері оралуы және шайқастың қызуы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) көкесі Аббасқа: ***«Сәмура[2] түбінде ант бергендерді шақыр»,*** – деді. Аббас зор дауысты кісі еді. Одан әрі Аббас: *«Мен бар дауысыммен: «Сәмура түбінде ант бергендер қайда?» – деп айқайладым[3]. Аллаһпен ант етейін, менің дауысымды естіген кездерінде олардың кері қайтуы бейне бір сиырлардың бұзауларына еміреніп бұрылғанындай болды. Олар: «Уа, құзырыңа құлдық! Уа, құзырыңа құлдық!» – деді»,* – деп әңгімелейді[4].

Адамдар түйесін бұрмақ болғанда, оған шамасы келмегендіктен, сауытын шешіп, түйенің мойнына тастап, өзі қылышы мен қалқанын алып, түйесінен секіріп түсіп жатты. Түйе жүгірген күйі жөніне кететін де, иесі дауысқа қарай бұрылатын. Осылайша Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жанына жүз адам топтасып, жау әскерімен шайқас жүргізді.

Сонан соң ансарлар дауыстап: *«Уа, ансарлар! Уа, ансарлар!»* – деп айта бастады. Кейін үндеу бәну харис ибн хазраж руына жалғасып, олар: *«Уа, бәну харис ибн хазраж! Уа, бәну харис ибн хазраж!»* – деді. Сөйтіп

---

[1] Яғни, ұрпағымын.

[2] Сәмура – Худайбияда сахабалар түбінде ант берген ағаш.

[3] Әл-Хазими «Муталиф» кітабында, Аббастың дауысы сегіз миль қашықтыққа дейін естілетін болғанын хабарлаған.

[4] «Сахих Муслим» (2/100).

мұсылмандардың қосындары бірте-бірте бір-біріне қосылып, екі жақтың арасында кескілескен қырғын соғыс жүрді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) қашырының үстінде олардың шайқасына қарап тұрып: ***«Бұл – соғыстың қызған шағы»,*** – деді. Содан кейін Пайғамбар (с.а.с.) қашырдан түсіп, жерден бір уыс топырақ алды да, оны олардың беттеріне қарата шашып: ***«Ұсқындар бұзылсын!»*** – деді. Сонда Аллаһ сол бір уыспен олардан Өзі жаратқан әрбір адамның көздерін топыраққа толтырды. Көп ұзамай олардың күштері әлсіреп, арттарына бұрылып қашты.

Жау күшінің күйреуі және ойсырай жеңілуі

Аллаһ елшісі (с.а.с.) мүшріктердің жүздеріне қарата бір уыс топырақ лақтырғаннан кейін көп өтпей жау әскері оңбай жеңілді, басқасын былай қойғанда, сақиф тайпасының өзінен жетпіске жуық адам мерт болды. Мұсылмандар жаудың өздерімен алып шыққан мал-мүліктері мен қару-жарақтарын және әйел-балаларын олжалады.

Хунайн шайқасының алдымен қалай белең алып, сонан соң қалай өрбігенін Аллаһ тағала **«Хунайн күні сендерді көптіктерің сүйсіндірген кезде, мұның сендерге ешқандай пайдасы тимеді және сендерге жер кеңдігіне қарамастан тарылды. Сосын сендер арттарыңа бұрылып қаштыңдар. Сонан соң Аллаһ Өзінің елшісі мен иман келтіргендерге тыныштығын түсірді әрі сендер көрмеген әскерлерді түсірді және кәпір болғандарды жазалады. Міне, осы – кәпірлердің жазасы»**[1] деген сөздерінде баяндаған.

Жауды қуу әрекеттері

Жау әскері жеңілген соң, олардың бір тобы Таифқа, бір тобы Нахлаға және бір тобы Аутасқа қарай қашты. Пайғамбар (с.а.с.) Аутасқа Әбу Амир әл-Ашғаридің басшылығымен бір топ қуғыншылар жіберді. Аутаста екі жақ аздап қақтығысып, шайқас мұсылмандардың жеңісімен аяқталды. Бұл қақтығыста қуғыншы топтың басшысы Әбу Амир әл-Ашғари қаза тапты.

Мұсылмандардың аттылыларынан құралған тағы бір қуғыншы топ Нахлаға қарай қашқан мүшріктердің соңына түсті. Мұсылмандар қуып жеткен қашқындардың ішінде Дурәйд ибн Симма бар еді, оны Рабиға ибн Рафиғ өлтірді.

Мүшрік қашқындарының көпшілігі Таифты паналаған болатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хунайндегі олжаларды жинап болған соң, әскерді өзі бастап Таифқа қарай беттеді.

[1] «Тәубе» сүресі, 25-26 аяттар.

Олжалар

Хунайнде олжаға алты мың тұтқын, жиырма төрт мың түйе, қырық мыңнан астам қой және төрт мың уқия[1] күміс түсті. Пайғамбар (с.а.с.) олжаларды жинап, Жиғранаға дейтін жерге апаруды бұйырды және оған қарауылдауды Масғуд ибн Амр әл-Ғифариге тапсырды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) олжаларды Таиф жорығынан босағанша бөліске салған жоқ.

Тұтқындардың арасында Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сүтбауыр әпкесі Шәймә бинт Харис әс-Сағдия бар еді. Оны Пайғамбардың (с.а.с.) алдына әкелгенде, Шәймә оған өзін таныстырды және Пайғамбар (с.а.с.) да оны танып, әпкесіне сый-құрмет көрсетті. Оның астына ридасын төсеп, жанына отырғызды. Сонан соң оған сыйлық жасады және еліне қайтарды.

Таиф жорығы

Негізінде, бұл жорық Хунайн жорығының жалғасы. Хунайн шайқасынан қашқан һауазин және сақиф тайпаларының көпшілігі бас қолбасшылары Мәлик ибн Ауф ән-Насримен бірге Таиф қамалына кіріп, сонда бекінген болатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хунайндегі олжаларды жинап, Жиғранаға орналастырып болған соң, һижраның 8-жылы шәууәл айында мұсылмандардың қолын бастап, Таифқа аттанды.

Халид ибн Уәлид жағдайды барлау үшін мың кісілік жасақпен әскердің алдында жүрді. Таифтың жолында Мәлик ибн Ауфтың қамалы бар еді, Пайғамбар (с.а.с.) осы жерге келгенде, оның қамалын қиратуға бұйрық берді. Сонан соң жорығын жалғастырып, Таифқа жетті де, оның қамалы маңына тоқтап, әскери қосынын тікті. Одан кейін қамалдағыларды қоршауға алды.

Қамалдың қоршауы біраз уақытқа жалғасты. Муслим Әнәстан жеткізген риуаятта аталмыш қоршаудың қырық күнге жалғасқаны айтылған. Сондай-ақ басқа да хабарлар бар.

Қоршау мерзімінде екі жақтың арасында садақпен және таспен атқыласу орын алды. Мұсылмандар қоршауға кірісе салып-ақ, қамалдағылар оларға шегірткелердің нөпіріндей жебелер жаудырып, мұсылмандардың он екісі мерт болып, біраз адамдары жарақат алды. Тіпті мұсылмандар әскери қосындарынан қазіргі Таиф мешіті орналасқан жерге ауысып, әскери қосындарын сонда тігуге мәжбүр болды.

Пайғамбар (с.а.с.) тас атқыш орнатып, қамалды бірнеше рет таспен атқылады және қамалдың тас тиген дуалында жарық пайда болды. Мұсылмандардың бір тобы қамалды алуға пайдаланылатын, ішіне бірнеше

[1] Уқия – күмістің 37-44 граммға тең салмақ өлшемі.

кісі сыятын, төбесінде қорғаныш қабаты бар құралдың[1] астына кіріп, оның көмегімен әлгі қабырғаға барып, оған от қоймақ болды. Жау әскері мұсылмандардың үстеріне отқа қыздырылған темір істіктер тастады және қорғаныштың астынан шығуға мәжбүр болған оларды садақпен атқылап, бірнешеуін өлтірді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) соғыс саясатының бір тәсілі ретінде, жауды берілуге мәжбүр ету үшін Таифтың жүзімдіктерін отауды және өртеуді бұйырды. Мұсылмандар олардың жүзімдіктерін аяусыз отады. Сақифтықтар Пайғамбардан (с.а.с.) Аллаһ үшін және туыстықтары үшін жүзімдіктеріне тиіспеуін өтінді және олардың өтінішінен соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) жүзімдіктерді отауын тоқтатты.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жаршысы: *«Кімде-кім қамалдан түсіп бізге келсе, оған азаттық беріледі»* деп жар салды. Осыдан соң мұсылмандарға жаудың жиырма үш кісісі келді[2]. Бұлардың ішінде Әбу Бәкра деген кісі бар еді. Ол Таифтың қамалынан арабтар «бәкра» деп атайтын су тартатын дөңгелекше құралдың көмегімен салбырап түскен болатын. Сондықтан да Пайғамбар (с.а.с.) бұл кісіні Әбу Бәкра деп атаған. Аллаһ елшісі (с.а.с.) қамалдан түскен жиырма үш кісіге азаттық беріп, олардың әрбірін бір-бір мұсылманға тапсырып, мұсылманның өз қарауына берілген адамды керек-жарақпен қамтамасыз етуін бұйырды. Бұл іс қамалдағыларға өте ауыр тиді.

Қоршау ұзаққа созылып, қамал алына қоймаған соң әрі мұсылмандар садақ жебелері мен қыздырылған темір істіктерінен көресілерін көргеннен кейін, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Нәуфәл ибн Муғауия әд-Дәйлимен әрі қарай не істеу керектігін ақылдасты. Қамалдағылар бір жылға жетерлік керек-жарақтарын қамдап алған болатын. Нәуфәл ибн Муғауия: *«Бұлар ініндегі түлкі сияқты, аңдып тұрсаң аласың, ал егер жайына қалдырсаң, саған зияны тимейді»,* – деді. Сол кезде Пайғамбар (с.а.с.) қоршауды тоқтатып, кері қайтуға шешім қабылдады да, Омар ибн әл-Хаттабқа «Аллаһ қаласа, ертең қайтамыз» деп адамдарға хабарлауды бұйырды. Бұл мұсылмандарға ауыр тиіп: *«Оны бағындырмастан қайтамыз ба?»* – десті. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға: ***«Онда таңертең шайқасқа шығыңдар»,*** – деді. Олар таңертең шабуыл жасап, көп жарақат алды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға: ***«Аллаһ қаласа, ертең қайтамыз»***, – деген еді, олар қуанып кетті және құп алып, жолға жиналды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұған күлді.

Мұсылмандар жолға түсіп, былай шыққан соң, Пайғамбар (с.а.с.) оларға: ***«Әʼибунә, тәʼибунә, ъабидунә, ли-Раббинә хамидун(ә) (Біз Раббымызға тәубе етіп, құлшылық жасап әрі Оған мадақ айтып қайтып келеміз)!»*** деп айтуды бұйырды.

---

[1] Мұндай құрал ағаштан жасалып, бірнеше адам оның ішіне кіретін де, құралды қамалға итеріп тақап, ішінде тұрып қабырғаны кеулейтін немесе бұл құралдың көмегімен қамал қабырғасында пайда болған қуыстардан ішке енетін.

[2] «Сахих әл-Бұхари» (2/620).

Адамдар: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Сақифтықтарға қарсы дұға жаса»*, – деп сұрағанда, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Уа, Аллаһ! Сақифты тура жолға сал және оларды*** (алдыма) ***әкел»,*** – деп дұға етті.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Жиғранада олжаларды бөлуі

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Таифтан қайтқан соң, Жиғранада оннан астам күн олжаларды бөліске салмай тұрды. Оның олжаларды бөлуге асықпауының себебі, һауазиндердің тәубеге келіп, өкілдерін жіберуін және жоғалтқан мал-мүліктерін сақтап қалуын үміт еткен болатын. Ақыры Пайғамбар (с.а.с.) һауазиндерден алдына ешкім келмегендіктен, олжадан дәмеленіп жүрген тайпа басшыларын және Меккенің атақтыларын тыныштандыру үшін мал-мүліктерді бөлуге кірісті. Олжалар алдымен жүректерін Исламға тарту көзделген адамдарға беріліп, олар мол үлестерге ие болды.

Пайғамбар (с.а.с.) Әбу Суфйан ибн Харбке қырық уқия күміс және жүз түйе берді. Әбу Суфйан: *«Балам Язидке ше?»* – деген еді, оған да осынша, *«Балам Муғауияға ше?»* – деген еді, оған да тағы сонша дүние берді. Хаким ибн Хизамға жүз түйе берді және оған өз сұрауымен тағы жүз түйе қосты. Сафуан ибн Умәййәға алдымен жүз түйе, кейін тағы жүз түйе, сонан соң тағы да жүз түйе берді. «Әш-Шифа» кітабында осылай жазылған[1].

Пайғамбар (с.а.с.) Харис ибн Кәләдәға жүз түйе, сондай-ақ құрайыштың және өзге де тайпалардың басшыларынан бірнеше адамға жүз-жүз түйеден берді. Тағы біреулерге елу-елуден, қырық-қырық түйеден берді. Тіпті адамдардың арасында «Мұхаммед кедейліктен қорықпастан мал-дүние беріп жатыр екен» деген хабар тарап кетіп, оның алдына мал-дүние сұраған бәдәуилер үймелеп қалды және Пайғамбарды (с.а.с.) бір ағаштың түбіне қаумалап, ридасынан тартқылады. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): ***«Уа, халайық! Ридамды жіберіңдер. Жаным қолында болған*** (Аллаһ)***пен ант етейін, егер де менде Тиһаманың ағаштарындай мал болса, оны сендерге бөліп берер едім және сендер менің сараң да, қорқақ та, өтірікші де еместігімді көрер едіңдер»,*** – деді.

Сонан соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) түйесінің жанына барып, оның өркешінен бір тал қылшық алды да, оны екі саусағымен қыса жоғары көтеріп: ***«Уа, халайық! Аллаһпен ант етейін, мен сендердің олжаларыңнан, бестен бірінен бөлек, мына қылшықтай да дүние алмаймын. Бестен бірі де сендердің өздеріңе қайтады»,*** – деді.

Жүректерін Исламға тарту көзделген адамдарға мал-дүние беріліп болған соң, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Зәйд ибн Сәбитке олжаларды әкелуді және адамдарды жинауды бұйырды. Сонан соң олжаларды адамдарға үлестірді. Мұсылмандардан әрбір жаяу әскер төрт түйе немесе қырық қойдан, ал аттылы сарбаздар он екі түйе немесе жүз жиырма қойдан үлес алды.

[1] Қазы Ғиядтың «әш-Шифа би таъриф хуқуқ әл-Мустафа» кітабын қараңыз (1/86).

Ансарлардың Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ренжуі

Олжаларды бұлай бөлу дана саясатқа негізделген болатын, бірақ басында адамдар мұны түсінбестен, қарсы пікірдегі түрлі сөздер айтылды.

Ибн Исхақ келтірген риуаятта Әбу Сағид әл-Худри былай деп әңгімелеген:

*«Аллаһ елшісі (с.а.с.) құрайыштарға және араб тайпаларына әлгіндей дүние-мүліктер беріп, ансарларға бұдан ештеңе тимегенде, ансарлардың көңілдерінде реніш пайда болды. Олардың арасында сөз көбейіп, тіпті біреуі: «Аллаһпен ант етейін, Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзінің тайпаластарына жолықты», – деді. Пайғамбардың (с.а.с.) алдына Сағд ибн Ғұбада кіріп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Расында, мына ансарлар тайпасы қолыңа түскен олжаларға қатысты жасаған ісің үшін көңілдерінде реніш пайда болды. Сен оны тайпаластарыңа бөліп бердің және араб тайпаларына да үлкен тартулар жасадың, ал ансарларға ештеңе тимеді», – деп шағым айтты. Пайғамбар (с.а.с.): **«Бұған қатысты сенің ойың қандай, ей, Сағд?»** – деп сұрады. Ибн Ғұбада: «Уа, Аллаһтың елшісі! Мен тайпаластарымның бірі ғанамын», – деген соң, Пайғамбар (с.а.с.): **«Тайпаластарыңды мына шарбақтың ішіне жина»**, – деп бұйырды. Сағд барып, ансарларды әлгі шарбақтың ішіне жинады. Сағд бұл мәжіліске қатысуға ниет білдірген бір топ муһажирлерді ішке кіргізді де, олардан кейін келген тағы біреулерді кіргізбей қайтарды. Ансарлар түгел жиналған соң, Пайғамбар (с.а.с.) келіп, Аллаһқа мақтау арнады және Оны тиісінше дәріптеді. Сонан соң: **«Уа, ансарлар қауымы! Маған сендердің сөздерің және көңілдеріңдегі реніштерің жетті. Мен** (елдеріңе) **барғанда сендер адасушы едіңдер де, Аллаһ сендерді тура жолға салған жоқ па? Жоқшылықта едіңдер де, Аллаһ сендерге байлық бермеді ме? Өзара жауласуда едіңдер де, Аллаһ жүректеріңді біріктірмеді ме?»** – деді. Олар: «Әрине. Аллаһ және Оның елшісі бәрінен игі әрі кеңшілікті», – деді.*

*Пайғамбар (с.а.с.): **«Ей, ансарлар! Маған жауап қайтармайсыңдар ма?»** – деді. Олар: «Саған не деп жауап қайтарамыз, уа, Аллаһтың елшісі! Игілік пен кеңшілік Аллаһқа және Оның елшісіне тән», – деді. Пайғамбар (с.а.с.): **«Аллаһпен ант етейін, егер де қаласаңдар: «Сен бізге келгенде өтірікші саналған едің, ал біз саған сендік, жәрдемсіз қалдырылған едің, біз саған көмектестік, қуғынға ұшыраған едің, біз сені паналаттық, жоқшылықта едің, біз саған демеу болдық» деп айта алар едіңдер және бұл сөздерің құп рас болар еді.***

Ей, ансарлар! Сендердің көңілдеріңде болмашы дүниеге қатысты реніш пайда болды ма? Мен онымен бір адамдардың Исламды қабылдаулары үшін көңілдерін аулаған едім, ал сендердің Исламға деген сенімдеріңе алаңсыз болдым. Уа, ансарлар қауымы! Адамдар қойлар мен түйелер алып қайтқанда, өз елдеріңе Аллаһ елшісімен оралуға разы емессіңдер ме? Мұхаммедтің жаны қолында болған** (Аллаһ)**пен ант етейін, егер де қоныс аудару болмағанда, мен ансарлардың бірі болар

едім. Егер де адамдар бір шатқалмен жүріп, ансарлар басқа шатқалмен жүрсе, мен ансарлардың шатқалымен жүрер едім. Уа, Аллаһ! Ансарларға, ансарлардың балаларына және ансарлардың балаларының балаларына рақым ет», *– деді».*

Ансарлар жылап, сақалдары жасқа малынып: *«Өз үлесімізге Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тигеніне разымыз»,* – деді. Жұрттың көңіліндегі кірбіңді жуып, айнадай етіп тазартқан мәжіліс осылай аяқталды[1].

Һауазин тайпасы өкілдерінің келуі

Олжалар үлестіріліп қойған соң, һауазин тайпасының он төрт өкілі Исламды қабылдағандарын жариялау үшін келді. Өкілдерді Зуһайр ибн Сард бастап келді және олардың арасында Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сүтбауыр көкесі Әбу Барқан бар еді. Олар Исламды қабылдап, оны ұстануға ант берген соң: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Шындығында, сендердің қолдарыңа түскендердің ішінде аналарымыз, әпке-қарындастарымыз, әкелеріміздің әпке-қарындастары және шешелеріміздің апа-сіңлілері бар. Ал олар біздің ар-намысымыз»,* – деп, Аллаһ елшісін (с.а.с.) мадақтаған, оған өзінің сәби кезінде осы тайпадағы бір әйелдің бауырында болып, сүтін емгенін араға салған өлең жолдарын оқыды.

Пайғамбар (с.а.с.): ***«Шындығында, менің жанымда кімдер бар екенін көріп тұрсыңдар. Мен үшін сөздердің ең ұнамдысы – шыншылы. Сендерге әйел-балаларың сүйіктірек пе әлде мал-мүліктерің бе?»*** – деп сұрады және олардан: *«Біз ешқашан тегімізге ештеңені теңестірген емеспіз»,* – деген жауап алған соң, өкілдерге: ***«Мен бесін намазын оқығаннан кейін, орындарыңнан тұрып: «Шындығында, біз тұтқындарымызды өзімізге қайтаруы үшін Аллаһ елшісін мүміндерге арашашы етеміз және мүміндерді Аллаһ елшісіне арашашы етеміз», – деңдер»,*** – деп кеңес берді. Содан Пайғамбар (с.а.с.) бесін намазын оқыған соң, һауазиндер орындарынан тұрып, Пайғамбар (с.а.с.) үйреткен сөзді айтты. Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардың өтініштеріне жауап ретінде: ***«Мендегі және абдулмутталиб әулетіндегі тұтқындар сендердікі. Әрі бұл өтініштеріңді адамдардан да сұрап көрейін»,*** – деді. Муһажирлер мен ансарлар: *«Біздегі тұтқындар Аллаһ елшісінікі (с.а.с.)»,* – деп ағынан жарылып, Пайғамбар () қандай шешім қабылдаса, сонымен келісетіндіктерін жеткізді. Ал бәну тәмим тайпасының басшысы Ақрағ ибн Хабис: *«Менің және бәну тәмим тайпасының жауабы – «жоқ»»,* – деп, өздеріндегі тұтқындарды қайтарудан бас тартты. Бәну фазара тайпасының басшысы Ғұйайна ибн Хисн де: *«Менің және бәну фазара тайпасының жауабы – «жоқ»»,* – деді. Аббас ибн Мирдас та: *«Менің және бәну сүләйм тайпасының жауабы – «жоқ»»,* – деген еді, тайпаластары: *«Біздегі*

[1] Ибн Һишам (2/499-500). Осыған ұқсас риуаятты әл-Бұхари де «Сахихында» тіркеген (2/620-621).

тұтқындар Аллаһ елшісінікі (с.а.с.)», – деп басшыларына қарсы шықты. Аббас ибн Мирдас: *«Сендер мені төмендеттіңдер»*, – деп, тайпаластарына бұлқан-талқан болды.

Одан әрі сөзді Аллаһ елшісі (с.а.с.) жалғап: ***«Шындығында, мына адамдар мұсылман болып келді. Мен бұлардың тұтқындарын бөлуді кешеуілдеткен едім. Мен бұларға не тұтқындарын, не мал-мүліктерін таңдауды ұсындым, ал бұлар әйел-балаларына ештеңені теңестірмеді. Кімнің қолында бұлардың тұтқыны болса және оны қайтаруды көңілі қош көрсе, солай жасасын. Ал кім ақысын сақтап қалуды қаласа, бұларға тұтқынын қайтарсын, оған қайтарған әрбір үлесі үшін Аллаһ қолымызға түсірген алғашқы олжадан алты есе үлес беріледі»***, – деді. Адамдар: *«Біз Аллаһ елшісі (с.а.с.) үшін мұны қош көрдік»*, – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Біз қайсыларыңның разы болып, қайсыларыңның келіспегенін білмейміз. Сендер барыңдар да, шешімдеріңді бізге басшыларың жеткізсін»***, – деді. Өзара кеңескен адамдар һауазиндерге әйел-балаларын қайтарып берді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) тұтқындардың әрқайсысына мысырлық қыбти киім кигізді.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) умра жасауы және Мәдинаға қайтуы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Жиғранада олжалардың мәселесін шешкен соң, сол жерден умра жасау ниетімен ихрамға кіріп, умра жасады. Сонан соң Мекке халқына басшылық жасауды Итаб ибн Усәйдке тапсырып, өзі Мәдинаға қайтты. Пайғамбар (с.а.с.) ордасына һижраның 8-жылы зул-қағда айының аяқталуына алты түн қалғанда оралды[1].

[1] «Тарих Ибн Халдун» (1/48). Меккені бағындыру, Хунайн және Таиф жорықтары мен осы жорықтардың арасында орын алған оқиғалар туралы деректерді Ибн Һишам (2/389-501), «Сахих әл-Бұхари» (Мекке жеңісі, Хунайн, Аутас, Таиф және басқа да жорықтар туралы тараулар, 2/612-622), «Фатх әл-Бәри» (8/3-58) кітаптарынан қараңыз.

Жеңіс жорығынан оралғаннан кейінгі жортуылшы жасақтар

Жеңіс жорығындағы табысты ұзақ сапардан оралған соң, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинада Исламды қабылдау үшін келген тайпалардың өкілдерін қарсы алумен, оларға өзінің уәкілін жіберумен, Ислам дағуатын таратумен әрі әлі де болса Аллаһтың дініне кіруге және бүкіл арабтар куә болған нақты жағдайды мойындауға астамшылық танытып отырған тайпаларды тұқыртумен айналысты. Төменде осы жұмыстардың біразына қысқаша тоқтала кетеміз.

Зекет жинаушылар

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға 8-жылдың соңғы күндері оралған болатын, артынша мухаррам айы туып, мұсылмандар һижраның 9-жылына аяқ басты. Жаңа жылдың басталуымен Аллаһ елшісі (с.а.с.) түрлі тайпаларға өзінің зекет жинаушыларын жіберді. Олардың қатарында:

– Ғұйайна ибн Хисн бәну тәмим тайпасына;
– Язид ибн Хусайн әсләм және ғифар тайпаларына;
– Аббад ибн Бишр әл-Әшһәли суләйм және музәйнә тайпаларына;
– Рафиғ ибн Мәкис жуһайна тайпасына;
– Амр ибн Ас бәну фазара тайпасына;
– Даххак ибн Суфйан бәну киләб тайпасына;
– Бәшир ибн Суфйан бәну кағб тайпасына;
– Ибн Лутбия әл-Әзди бәну зубйан тайпасына;
– Муһажир ибн Әбу Умәййә Санға қаласына (оған сол жерде жүргенінде Әсуәд әл-Анси қарсы шыққан);
– Зияд ибн Ләбид Хадрамаутке;
– Ади ибн Хатим тай және бәну әсәд тайпаларына;
– Мәлик ибн Нуайра бәну ханзала тайпасына;
– Забрақан ибн Бәдр бәну сағд тайпасының бір бөлігіне;
– Қайс ибн Асим бәну сағд тайпасының тағы бір бөлігіне;
– Ғала ибн әл-Хадрами Бахрейнге;
– Әли ибн Әбу Талиб Нажран жеріне зекет пен жизияны қатар жинау үшін жіберілді.

Аталмыш уәкілдердің барлығы һижраның 9-жылы мухаррам айында жіберілген жоқ, олардың біразы өздері барған тайпалар Исламды қабылдағаннан кейін жіберілген. Әрине, уәкілдерді жаппай жіберу осы жылдың мухаррам айында басталды. Бұл Ислам дағуатының Худайбия келісімінен кейін қаншалықты табысқа жеткенін көрсетеді. Ал Мекке жеңісінен кейін адамдар Аллаһтың дініне топ-тобымен кірді.

Жортуылшы жасақтар

Түрлі тайпаларға зекет жинаушылардың жіберілгеніндей, Араб жазирасының барлық аймағында тыныштық салтанат құруы үшін бірнеше жортуылшы жасақтар аттандыру қажет болды. Төменде осы мақсатта жасалған жортуылдар туралы әңгімеленеді.

1. Ғұйайна ибн Хисн әл-Фазаридің һижраның 9-жылы мухаррам айында бәну тәмим тайпасына жасаған жортуылы.

Ғұйайнаның елу аттылы сарбаздан құралған жасағына бірде-бір муһажир не ансар кірген жоқ. Жортуылдың себебі – бәну тәмим өзге тайпаларды азғырып, жизия төлеуден бас тартқызған болатын.

Ғұйайнаның жасағы күндіз бой тасалап жасырынып, түнделете жүріп отырды. Соңында жауды шөл далада кездестіріп, оларға шабуыл жасады да, мұсылмандардың тегеурініне төтеп бере алмаған жау әскері қашуға мәжбүр болды. Мұсылмандар олардың адамдарын тұтқындап, Мәдинаға әкелді. Мәдинаға әкелінген тұтқындар Рамлә бинт Харистің үйіне түсірілді.

Бәну тәмим басшыларынан он адам келіп, Пайғамбардың (с.а.с.) есігі алдына тоқтап: «Ей, Мұхаммед! Бізге шығып кетші», – деп дауыстады. Сыртқа шыққан Аллаһ елшісін (с.а.с.) тәмимдіктер қаумалап алып, сөйлесе бастады. Пайғамбар (с.а.с.) олармен біраз тұрды да, сонан соң мешітке барып, бесін намазын оқыды. Намазын аяқтаған соң Пайғамбар (с.а.с.) мешіт ауласына жайғасты. Тәмимдіктер мақтанысу айтысын жасауға ниет білдіріп, сөзуар шешендері Ғұтарид ибн Хажибті шығарды да, ол қара сөздің майын тамыза сөйледі. Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұсылмандардың шешені Сәбит ибн Қайс ибн Шәммәсті шығарып, Сәбит тәмимдіктерге жауап қайтарды. Одан кейін бәну тәмим ақындары Забрақан ибн Бәдрді шығарып, Забрақан мадақ жырдың тиегін ағытты. Оған Исламның шайыры Хассан ибн Сәбит көркем өлеңдерімен жауап қайтарды. Сол кезде тәмимдіктердің басшысы Ақрағ ибн Хабис: «Бұлардың шешендері біздің шешеніміздің, ақындары біздің ақынымыздан мықты екен. Дауыстары біздің даусымыздан, сөздері біздің сөзімізден жоғары екен», – деді. Сөйтіп тәмимдіктер Исламды қабылдады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) тәмимнің өкілдеріне ең жақсы сыйлықтар ұсынып, оларға әйел-балаларын қайтарды.

2. Құтба ибн Амирдің һижраның 9-жылы сафар айында Тәбәлә жақтағы хасғам тайпасының бір руына жасаған жортуылы.

Құтба жортуылға жиырма кісімен шықты, олардың арасында екеуара кезектесіп мінетін он түйе болды. Діттеген жерлеріне жеткен мұсылмандар шабуылға лап қойып, кескілескен шайқас жүрді. Екі жақтан да жараланғандар көп болды. Мұсылмандар жаудың біраз жауынгерін жер жастандырды және адамдарын тұтқындап, малдарын Мәдинаға айдап қайтты.

3. Даххак ибн Суфйан әл-Киләбидің һижраның 9-жылы рабиғ әл-әууәл айында бәну киләб тайпасына жасаған жортуылы.

Негізі, бұл жасақ бәну киләб тайпасын Исламға шақыру үшін жіберілген болатын. Бірақ олар бас тартып, мұсылмандармен соғысты. Шайқас мұсылмандардың жеңісімен аяқталып, жау жағынан бір адам қаза тапты.

4. Алқама ибн Мужәззиз әл-Мудлижидің һижраның 9-жылы рабиғ әл-ахир айында үш жүз кісімен Жидданың жағалауларына жасаған жортуылы.

Пайғамбар (с.а.с.) бұларды Жидда жағалаулары маңына топталып, Мекке тұрғындарын тонауды көздеп жүрген эфиопиялық қарақшыларды жаныштау үшін жіберген-ді. Алқама теңізбен жүзіп, бір аралға келіп тоқтағанда, мұсылмандардың келе жатқанын естіген қарақшылар қашып кетті[1].

5. Әли ибн Әбу Талибтің һижраның 9-жылы рабиғ әл-әууәл айында тай тайпасының Қалас деп аталатын пұтын қирату үшін жасаған жортуылы.

Пайғамбар (с.а.с.) оны жүз түйелі, елу аттылы сарбазбен жіберіп, жасаққа бірі қара, бірі ақ екі байрақ ұстатты. Жортуылшылар таң ата Хатим әт-Таидің осы пұт орнатылған қоныстарына шабуыл жасап, пұттарын қиратты және көп адамдарын тұтқындап, түйелері мен қойларын олжалады. Тұтқындардың арасында Ади ибн Хатимнің әпкесі бар еді, Адидің өзі Шам еліне қашып кетті. Мұсылмандар Қаластың кесенесінен үш қылыш пен үш сауыт тауып алды. Жортуылшылар жолда олжаларды бөлісті және ең таңдаулы олжаларды Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ажыратты, бірақ олар Хатимнің отбасына қатыстыларды бөліске салмады.

Әлидің жасағы Мәдинаға келген соң, Ади ибн Хатимнің әпкесі Аллаһ елшісінен (с.а.с.) жанашырлық сұрап: «Уа, Аллаһтың елшісі! Бауырым қашып кетті, ал әкем өлген, өзім кәрімін, ешқандай қызметке жарамаймын. Маған жақсылық жаса, Аллаһ саған жақсылық жасасын», – деді. Пайғамбар (с.а.с.) одан: ***«Сенің бауырың кім?»*** – деп сұрады. Ол: «Ади ибн Хатим», – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Аллаһтан және Оның елшісінен қашқан әлгі біреу ме?»*** – деді де, кетіп қалды. Ертеңіне Адидің әпкесі тағы да осындай өтініш жасады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) де кешегі сөзін қайталады. Адидің әпкесі үшінші күні де өтінішін қайта қойды. Бұл жолы Пайғамбар (с.а.с.) оған жақсылық жасап, азаттық сыйлады. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жанында бір кісі бар еді (сірә, бұл Әли болса керек), ол әйелге: *«Одан көлік сұра»,* – деп кеңес берді. Оның кеңесімен Адидің әпкесі еліне жету үшін көлік сұраған еді, Пайғамбар (с.а.с.) оны көлікпен қамтамасыз етуді бұйырды.

Сөйтіп Ади ибн Хатимнің әпкесі Шам еліндегі бауыры Адиге оралды. Екеуі жолыққанда әпкесі Аллаһ елшісі (с.а.с.) жайлы: «Шындығында, ол әкең жасамаған істі жасады. Қаласаң да, қаламасаң да, оған бар», – деді.

[1] «Фатх әл-Бәри» (8/59).

Әпкесінің сөзінен соң Ади ешқандай кепілдемесіз және шартнамасыз Мәдинаға келді, Пайғамбар (с.а.с.) оны өз үйіне апарды да, алдына отырғызып, Аллаһқа мақтау арнады және Оны тиісінше дәріптеді. Сонан соң Адиден: ***«Сен неден қашып жүрсің? «Аллаһтан өзге ешбір құдай жоқ» деп айтудан қашып жүрсің бе? Аллаһтан өзге әлдебір құдайды білесің бе?»*** – деп сұрады. Ол: «Жоқ», – деді. Пайғамбар (с.а.с.) онымен тағы біраз сөйлесіп: ***«Сен «Аллаһ бәрінен ұлы!» деген сөздің айтылуынан қашып жүрсің ғой. Аллаһтан ұлы бірдеңені білесің бе?»*** – деп сұрады. Ади: «Жоқ», – деді. Пайғамбар (с.а.с.) сөзін жалғап: ***«Шындығында, яһудилер ашуға ұшыраған, ал христиандар адасушылар»***, – деді. Ади ақиқатты түсініп: *«Мен бір Аллаһқа сенетін мұсылманмын»*, – деді. Сол екен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жүзі қуаныштан жайнап кетті. Пайғамбар (с.а.с.) Адиді ансарлардан бір кісінің үйіне түсірді. Ол Аллаһ елшісіне (с.а.с.) күніне екі рет – таңертең және кешке келіп, жолығып тұрды[1].

Ибн Исхақ Адиден жеткізген риуаятта Пайғамбар (с.а.с.) оны үйінде қарсы алдына отырғызғаннан кейін:

– ***Қане, ей, Ади ибн Хатим! Сен ракуси[2] емессің бе?*** – деп сұраған. Ади:

– Иә, – деген.

– ***Сен тайпаластарыңның ішінде олардың олжасының төрттен бірін жеп жүрген жоқсың ба?***

– Иә.

– ***Шындығында, бұл сенің дініңде рұқсат етілмейді ғой.***

– Иә, Аллаһпен ант етейін.

Ади ибн Хатим: *«Мен оның беймәлімді білетін, Аллаһтан жіберілген пайғамбар екеніне көзім жетті»*, – деген[3].

Ахмадтың риуаятында Пайғамбар (с.а.с.):

– ***Ей, Ади! Исламды қабылда, аман боласың***, – деген. Ади:

– Мен бір дінді ұстанушыларданмын, – деп бұлтақтаған.

– ***Мен сенің дініңді өзіңнен жақсы білемін.***

– Сен менің дінімді өзімнен жақсы білесің бе?

– ***Иә. Сен ракусилердің бірі емессің бе және тайпаластарыңның олжасының төрттен бірін жеп жүрген жоқсың ба?***

– Иә.

– ***Шындығында, бұл саған дініңде рұқсат етілмейді ғой.***

Ади: – *«Пайғамбар (с.а.с.) бұл сөзді айтқан замат, оны мойындадым»*, – деген[4].

Әл-Бұхари риуаят еткен хадисте Ади ибн Хатим: *«Мен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдында болған кезімде, оған бір кісі келіп, кедейлігіне шағынды. Содан тағы басқа біреу келіп қарақшылыққа шағым жасады»*, – дейді.

---

[1] «Мухтасар сира әр-расул» (170-бет).

[2] Ракусия – христиандық пен сабилік сенімнің қоспасынан туған дін.

[3] Ибн Һишам (2/581).

[4] «Муснәд әл-имам Ахмад» (4/257, 278).

Сонда Пайғамбар (с.а.с.): ***«Ей, Ади! Хираны[1] көргенсің бе?»*** – дейді. Ади: *«Көрмегенмін, бірақ ол туралы естідім»*, – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Егер өмірің ұзақ болса, сен Хирадан жолға*** (жалғыз) ***шығып, Қағбаны тауаф еткенге дейін Аллаһтан басқа ешкімнен қорықпайтын әйелді көресің»***, – дейді. Ади ибн Хатим: *«Мен өз-өзіме: «Сонда, таилықтардың ел-жұртты барымталап отырған бұзықтары қайда қалады?» – дедім. Пайғамбар (с.а.с.) сөзін жалғап:* ***«Егер өмірің ұзақ болса, Кисраның қазыналары ашылады»***, *– деді. Мен: «Кисра ибн Һурмуз бе?» – дедім. Ол:* ***«Кисра ибн Һурмуз. Егер өмірің ұзақ болса, уысын алтын немесе күміске толтырып, оны алатын біреуді іздеп шыққан кісіні көресің. Ал ол оны алатын ешкімді таппайды...»*** *– деп айтты»*, – деген.

Ади: *«Мен Хирадан жолға шығып, Қағбаны тауаф еткенге дейін Аллаһтан өзге ештеңеден қорықпаған әйелді көрдім. Кисра ибн Һурмуздің қазыналарын ашқандардың ішінде болдым. Егер өмір жастарың ұзақ болса, сендер пайғамбар Әбул-Қасымның (с.а.с.):* ***«Уысын толтырып шығады»*** *дегенін көресіңдер»*, – деп айтқан[2].

[1] Хира – Ирактағы үлкен бір қаланың аты.

[2] «Сахих әл-Бұхари» (1413, 1417, 3595, 6023, 6539, 6540, 6563-хадистер).

ТӘБУК ЖОРЫҒЫ

(hижраның 9-жылы ражаб айы)

Мекке жеңісі ақиқат пен жалғанның аражігін ажыратқан шешуші жорық болды. Одан кейін арабтар арасында Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) Аллаһтың елшісі екендігіне күмән қалмады. Сондықтан да күндердің ағысы толығымен өзгерді, адамдар Аллаһтың дініне топ-тобымен кірді. Бұл айтылған алдағы Мәдинаға тайпа өкілдерінің келуі туралы тақырыпта және қоштасу қажылығына қатысқан мұсылмандардың санынан анық көрінеді. Осы жеңіс арқылы ішкі қиындықтар шешіліп, мұсылмандар Аллаһтың шариғат заңдарын үйрету және Ислам дағуатын тарату үшін дамыл алды.

Тәбук жорығының себебі

Дегенмен, мұсылмандарға ешқандай орынсыз соқтыққан сыртқы күштердің бірі византиялықтар бар еді. Византиялықтар сол дәуірде жер бетіндегі ең үлкен әскери күш саналатын. Өткен тақырыптарда византиялықтардың соқтығуының басы Шурахбил ибн Амр әл-Ғассанидің Пайғамбардың (с.а.с.) елшісі Харис ибн Ғұмайр әл-Әздиді өлтіруі болғаны айтылған-ды. Харис ибн Ғұмайр Аллаһ елшісінің (с.а.с.) хатын Бусра қаласының ұлығына апара жатқан болатын. Пайғамбар (с.а.с.) бұдан кейін ғассандықтарға Зәйд ибн Хариса бастаған әскерді жіберіп, оның әскері Мутада византиялықтармен үлкен қақтығысқа түскен. Бірақ мұсылмандар бұл жолы әлгі астамшыл залымдардан кектерін қайтара алмастан қайтқан. Әйтсе де бұл шайқас алыс-жақындағы арабтардың жүректерінде зор ықпал қалдырды.

Византия императоры Мута шайқасында болған оқиғалардан назарын бұра қойған жоқ-ты. Ол бұл шайқастың мұсылмандардың пайдасына зор ықпал тудырғанын, бұдан кейін қол астындағы араб тайпаларының көпшілігі тәуелсіздік алуды қалауы және мұсылмандармен бірігуі мүмкін екенін аңдады. Шындығында, бұл оның билігіндегі шекараларға бірте-бірте жақындап келе жатқан, арабтармен қоныстас Шам жеріндегі кетіктерді түрткілейтін айтарлықтай қатер еді. Сондықтан да Цезар бұл қатер жою мүмкін болмай қалатын үлкен қауіпке айналмай тұрғанда, мұсылмандардың күшін тамырымен шабу лазым деп санады. Ол мұнымен өздеріне көршілес араб аймақтарында тууы мүмкін толқулар мен көтерілістердің алдын алмақ болды.

Осыларды ескерген Цезар Мута шайқасынан кейін бір жыл өтпей жатып-ақ, византиялықтардан әрі ғассан әулеті және т.б. өздеріне тәуелді арабтардан құралған әскерін дайындауға кірісіп, мұсылмандармен шешуші шайқасқа қамдана бастады.

Византиялықтар мен ғассандардың соғысқа дайындалып жатқандары туралы жалпы хабарлар

Византиялықтардың мұсылмандарға қарсы шешуші жорық жасауға дайындалып жатқандары туралы хабарлар Мәдинаға да жеткен-ді. Тіпті мұсылмандар әрдайым қауіпте жүрді, әдеттен тыс бір дауыс естісе, Византияның әскері келіп қалды ма деп ойлайтын. Бұл Омар ибн әл-Хаттабтың сөзінен анық көрінеді. Пайғамбар (с.а.с.) осы 9-жылы әйелдеріне бір ай жақындаспауға ант етіп, олармен осынша уақыт қатыспай, оңашаланған болатын. Мұның себебі, Аллаһ елшісі (с.а.с.) әйелдерінің өзін балға қатысты алдағанына ренжіген еді[1]. Ал сахабалар басында анық-қанығын түсінбестен, Пайғамбар (с.а.с.) әйелдерін талақ етіпті деп ойлап, осының себебінен олардың арасында уайым мен толқу пайда болды. Осы оқиғаны әңгімелеген Омар ибн әл-Хаттаб:

«Мәдинаның Ауалиінің[2] бірі бәну умәййә ибн зәйд (қонысында тұратын) *ансар көршім екеуміз Аллаһ елшісіне (с.а.с.) кезектесіп келетінбіз. Бір күні ол, бір күні мен келетінмін. Өзім келген күні келген уахиді және де басқа хабарларды оған айтып келетінмін, ол да осылай ететін. Біз ғассандар бізге жорық жасау үшін аттарын тағалап жатыр деп әңгіме қылатынбыз. Кезегі келген күні ансар жолдасым* (мешітке) *түсіп, бізге түнде қайта оралды. Есігімді қатты тақылдатып: «Ол осында ма?» – деп* (сұрады). *Мен қорқып кетіп, тез сыртқа шықтым. Ол: – «Бүгін қиын жайт жүз берді»[3], – деді. – «Не, ол?! Ғассандар келіп қалды ма?» – деп* (сұрадым). *– «Жоқ. Тіпті бұдан қиын әрі үрейлі. Пайғамбар (с.а.с.) әйелдерін талақ қылды», – деді»*, – деген[4].

Бұл мұсылмандар византиялықтардан күтіп отырған жағдайдың қаншалықты қатерлі болғанын көрсетеді. Византияның соғысқа дайындалып жатқаны туралы хабарлар Мәдинаға жеткенде мұнафықтардың жасаған ісі мұны нақтылай түседі. Жетесіз мұнафықтар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) барлық майдандарда табысқа жеткенін, оның жер бетіндегі ешбір билеушіден қорықпайтынын, керісінше, жолында кездескен барлық қиындықтарды

---

[1] Бірде Хафсаға бал сыйға тартылады. Ол Аллаһ елшісі (с.а.с.) алдына кіргенде бал беріп, бөгеп қалып жүреді. Мұны білген Айша Пайғамбардың (с.а.с.) басқа әйелдеріне хабар жолдап: *«Сендерге Пайғамбар (с.а.с.) кірсе: «Біз сенен шайырдың иісін сезіп тұрмыз» деп айтыңдар»*, – дейді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): ***«Бұл – бал ғой. Аллаһпен ант етейін, енді оны ешқашан жемеймін»***, – дейді. Пайғамбар (с.а.с.) Аллаһ тағала оны кінәлап: **«Ей, пайғамбар! Аллаһ саған халал қылғанды әйелдеріңнің разылығын іздеп неге харам етесің?» (Тахрим, 1)** деген аят түсірген кезде, оларға қатты ренжігеннен: ***«Мен оларға бір ай кірмеймін»***, – деген еді.

[2] «Ауали» – Мәдинаның шығыс жағында қалаға таяу орын тепкен елді мекендер шоғыры. Бұл – әус тайпасының қоныстары еді.

[3] Бұл Омар үшін қиын жағдай еді. Өйткені Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әйелдерінің бірі Хафса оның қызы болатын.

[4] «Сахих әл-Бұхари» (1/334).

жеңіп шығатынын, осының барлығын көріп-біліп отырғандарына қарамастан, жүректеріне жасырған ойларын жүзеге асыруға үміттене бастады. Мұнафықтар Ислам діні мен оны ұстанушыларға жамандық келуін күтетін. Жау жағадан алғанда, бәрі етектен дегендей, олар үміттерінің орындалуына жақын қалды деп ойлап, жымысқылықтары мен астыртын ұйымдасуларының мешіт бейнесіндегі ордасын жасады. «Дирар мешіті» деп аталған бұл ғимаратты мұнафықтар кәпірліктерін тарату, иман келтіргендердің арасын айыру және Аллаһ пен Оның елшісіне қарсы соғысушыларды өздеріне тарту үшін тұрғызған-ды. Сонан соң мұнафықтар Аллаһ елшісіне (с.а.с.) осы мешітте намаз оқуға ұсыныс жасап, мұнымен мүміндерді алдауды көздеді. Сонда мұсылмандар бұл мешітте өздеріне қарсы ұйымдастырылып жатқан жымысқылықтар мен астыртын әрекеттерді байқамас, оған кім келіп, кім кетіп жатқанына назар аударmас еді. Сөйтіп бұл ғимарат мұнафықтар мен олардың сырттағы сыбайластары үшін қауіпсіз ордаға айналар еді. Бірақ Аллаһ елшісі (с.а.с.) жорық қамынан босамай жатқандықтан, бұл мешітте намаз оқуды жорықтан қайтқанына дейін кешеуілдетті де, мұнафықтардың көздеген мақсаттары орындалмай қалды. Соңында Аллаһ тағала мұнафықтардың масқарасын шығарып, Аллаһ елшісі (с.а.с.) жорықтан оралған соң, бұл мешітте намаз оқудың орнына, оны бұздырып тастады.

Византиялықтар мен ғассандардың жорыққа дайындалып жатқандары туралы нақты хабарлардың жетуі

Мұсылмандар византиялықтардың әрекеті жайлы жалпы хабарлар алып, осындай жағдайларды бастарынан өткеріп жатқанда, Шам елінен Мәдинаға өсімдік майын таситын шаруалар Һирақлдің қырық мың жауынгерден құралған қарақұрым әскер дайындап, әскердің басшылығын Византияның ұлықтарының біріне тапсырғанын, византиялықтарға лахм, жузам және т.б. араб тайпаларының да қосылғанын, әскердің алдыңғы легі Балқа аймағына жетіп қалғанын хабарлады. Осылай мұсылмандардың алдында үлкен қатердің сұлбасы пайда болды.

Осы бір қатерлі жағдайдағы қосымша қиындықтар

Бұл қатерлі жағдайды тағы да қиындата түскен жайттар бұл уақыт қатты аптап ыстықтың кезі еді. Адамдар қиындықта, құрғақшылықта және міністі көлігінен тапшылық көріп отырған болатын. Құрма жемістері жетіліп, адамдар жемістерінің басында, ағаштарының саясында болуды қалап, осындай қиын уақытта жолға шығуға мүлдем құлықтары жоқ-ты. Осының барлығына қоса, сапар алыс, жол да қиын еді.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бек батылдықпен жорыққа шығуға шешім қабылдауы

Алайда Аллаһ елшісі (с.а.с.) жағдайлар мен белестерге осының барлығынан терең әрі дана көзқараспен қарады. Пайғамбар (с.а.с.) осындай шешуші жағдайларда византиялықтарға қарсы жорыққа шығуды созбаққа салып және құлықсыз қалдырып, жауға Исламның билігі астындағы аймақтарды сүзіп өтіп, Мәдинаға бастырып келуіне мүмкіндік берсе, мұның Ислам дағуатына және мұсылмандардың әскери айбынына кері әсері тиетінін түсінген еді. Бұлай жасаса, Хунайн шайқасында белін шойырған соққы алғаннан кейін соңғы демін шығарып жатқан жәһилият сенімі қайта тірілер еді. Ал мұсылмандардың басына күн тууын тағатсыздана күтіп жүрген мұнафықтар Византия әскері мұсылмандардың алдынан жыртқыштарша шабуыл жасағанда, арқадан қанжар сұғуға дайындалып отырған-ды. Осылай Пайғамбар (с.а.с.) мен оның сахабаларының Исламды тарату үшін жұмсаған көп еңбектері желге ұшып, мұсылмандардың үздіксіз қанды соғыстар мен тынымсыз әскери әрекеттер нәтижесінде қол жеткізген табыстары еш пайдасыз зая кетер еді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұның барлығын жақсы білгендіктен, жағдайдың қиындығына қарамастан, византиялықтарға қарсы солардың аймағына шешуші жорыққа шығуға және олардың Ислам ордасына бастырып келуіне мұрсат бермеуге шешім қабылдады.

Мұсылмандарға византиялықтармен соғысқа қамдану керектігін жариялау

Аллаһ елшісі (с.а.с.) осындай шешім қабылдаған соң, сахабаларына соғысқа қамданулары керектігін жариялады және араб тайпалары мен Мекке тұрғындарын жорыққа шақыру үшін адам жіберді. Көбіне Пайғамбар (с.а.с.) бір жорыққа шығуды қаласа, қай жаққа аттанатынын жасырып, басқа жаққа жорық жасайтындай сыңай танытатын. Алайда бұл жолы ол жағдайдың қатерлілігін әрі қиындығын ескеріп, византиялықтармен кездесуді қалайтынын ашық жариялады және адамдардың толық қамданулары үшін қайда баратындарын анық ескертті. Мұсылмандарды Аллаһ жолында соғысуға үндеді, осы тақырыпта «Бара-а» сүресінің мүміндерді табандылыққа шақырған, шайқасқа ынталандырған бір бөлігі түсті. Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларын садақалар жұмсауға және Аллаһ жолында мал-мүліктерінің таңдаулыларын шығаруға қызықтырды.

Мұсылмандардың жапатармағай жорыққа қамдануға кірісуі

Мұсылмандар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) византиялықтармен соғысқа шақырған үндеуін есті салып, оны орындауға асығып, жорыққа барынша шұғыл түрде қамдануға кірісіп те кетті. Исламды қабылдаған ру-тайпалар

Мәдинаға әр жақтан, әр бағыттан ағылды. Жүректерінде дерті барларды есептемесек, бұл жорықтан мұсылмандардың ешқайсысы қалып қоюды қаламады. Бұл жорыққа ықыласты мұсылмандардың үшеуі ғана ақталуға тұрарлық себепсіз шықпай қалды. Тіпті жағдайы жоқ кедей мұсылмандар жорыққа шығу үшін Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп, өздерін көлікпен қамтамасыз етуін сұранатын. Пайғамбар (с.а.с.) оларға: ***«Сендерге беретін көлік таба алмаймын»,*** – десе, олар өздері жұмсарлық дүние таба алмағандарына қайғырып, көздері жасқа толған күйде бұрылып кететін[1].

Сондай-ақ мұсылмандар Аллаһ жолына мал-мүліктер жұмсау мен садақалар шығаруда да бір-бірімен жарысқа түсті. Осман ибн Аффан Шам еліне керуен жабдықтап, әбзелдерімен екі жүз түйе және екі жүз уқия күміс дайындап қойған болатын. Пайғамбар (с.а.с.) жорыққа қаражат жинауға кіріскен соң, Осман осы керуенін дүние-мүлкімен садақаға берді. Одан кейін тағы жүз түйені әбзелдерімен әкелді. Кейін тағы мың динар әкеліп, оны Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына төкті. Пайғамбар (с.а.с.) бұл динарларды қолымен көсіп аударыстыра: ***«Османға бүгіннен кейін жасаған істерінің зияны тимейді»,*** – деді[2]. Осман бұдан кейін де көп садақа жасап, соңында оның Тәбук жорығына жұмсаған садақасының мөлшері ақшалай қаражатын есепке алмағанның өзінде, тоғыз жүз түйе мен жүз жылқыға жетті.

Абдур-Рахман ибн Ауф екі жүз уқия күміс әкелді. Әбу Бәкір әс-Сыддық отбасын Аллаһ пен Оның елшісіне ғана тапсырып, бүкіл дүниесін әкелді, оның садақасы төрт мың дирһамға жетті және Аллаһ жолына атағанын ең бірінші әкелген кісі де Әбу Бәкір еді. Омар ибн әл-Хаттаб жиған-терген дүниесінің тең жартысын әкелді. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көкесі Аббас та садақаға көп дүниелер берді. Талха, Сағд ибн Ғұбада және Мұхаммед ибн Мәсләмәлар да әжептеуір қаражат әкелді. Асим ибн Ади жорық қорына тоқсан уасқ[3] кептірілген құрма қосты. Адамдар бір-біріне ілесіп, азды-көпті садақаларын әкелді, тіпті олардың арасында бұдан артыққа шамасы келместен, бір немесе екі мудд[4] азық әкелгендер де болды. Жорық қорына мұсылман әйелдер де шамалары келгенше өз үлестерін қосып, білезік, сақина-жүзіктері мен сырғаларын жіберді.

Бұл садақа қорынан мұнафықтардан өзге ешкім дүниесін аяп қалмады. Ал мұнафықтар туралы Аллаһ тағала: **«Мүміндерден ерікті түрде садақалар берушілерді және шамалары келгеннен өзгені таба алмайтындарды айыптап, мазақтайтындарды Аллаһ мазаққа ұшыратады. Әрі олар үшін күйзелтуші азап бар»**[5], – деген.

---

[1] «Тәубе» сүресінің 92-аятын қараңыз.

[2] «Жамиъ әт-Тирмизи» (Осман ибн Аффанның қадір-қасиеттері, 2/211). Мұнда Османның келешектегі күнәларының бәрі кешірілетіні айтылған.

[3] Бір уасқ алпыс сағдан тұрады, ал бір сағ үш келіден сәл көбірек. Яғни, Асим садақаға жиырма тоннаға жуық кептірілген құрма берген.

[4] Мудд – көлем өлшемі. Ол шамамен 0,6 литр.

[5] «Тәубе» сүресі, 79-аят.

Мұсылмандар әскерінің Тәбукке қарай жылжуы

Сонымен әскер жабдықталып, Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзі жоқта Мәдина халқына басшылық жасауды Мұхаммед ибн Мәсләмә әл-Ансариге (немесе Сибағ ибн Ғұрфутаға) тапсырды және әйелдеріне қарайласуы үшін Әли ибн Әбу Талибті де Мәдинада қалдырды. Әли мұнафықтар өзін кемсіткен соң, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) соңынан шығып, қуып жетіп: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Мені әйелдер мен балалардың арасында қалдырып бара жатырсың ба?»* – дегенде, Пайғамбар (с.а.с.) оны кері қайтарып: ***«Сен маған Мұсаға Һарунның дәрежесіндей болуға разы емессің бе?! Бірақ менен кейін пайғамбар болмайды»***, –деген.

Содан бейсенбі күні Аллаһ елшісі (с.а.с.) әскерімен Тәбукті бетке алып, солтүстікке қарай қозғалды. Әскер өте үлкен, отыз мың жауынгерден құралған еді. Мұсылмандар бұған дейін мұндай үлкен қолмен ешқашан жорыққа шықпаған-ды. Сахабалар Аллаһ жолына қаншама дүние-мүліктер жұмсағанымен, Тәбук әскерін толығымен жабдықтай алмады. Әскерде жол азық пен мініс көлігіне қатысты үлкен жетіспеушілік бар еді. Он сегіз кісі орталарында бір түйеге кезектесе мінгесіп жүрді. Азық жетіспеушілігінен жауынгерлер ағаш жапырақтарын жеп, еріндері күлдіреп кетті. Жорық барысында мұсылмандар шөлден қаталағандықтан, аздығына қарамастан, түйелерді сойып, қарындарындағы суды ішуге мәжбүр болды. Сондықтан бұл қол «қиын кезеңдегі әскер» деп аталды.

Мұсылмандар әскері Тәбукке бара жатқан жолында жазықта, яғни әл-Қура жазығында жартастарды үңгіп үй жасаған ежелгі сәмуд тайпасының қонысы әл-Хижр дейтін жерден өтті. Адамдар оның құдықтарынан су алды және онымен қамыр иледі. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға алған суларын төгіп тастауды, оны ішпеуді, онымен дәрет алмауды, ал қамырды өздері жеместен, түйелерге беруді бұйырды және оларға Салих пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) түйесі[1] су ішуге келіп жүрген құдықтан су алуды бұйырды.

«Екі Сахихта» келген хадисте Абдуллаһ ибн Омар (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын): *«*(Бірде) *біз Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге әл-Хижрдің жанынан өттік. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.) бізге:* ***«Өздеріне әділетсіздік еткендердің мекендеріне, оларға тап болған тәріздінің өздеріңе тап болуынан сақтанып, жылаған күйде ғана кіріңдер»****, – деді. Сосын ол басын бүркеп,* (түйесін) *жекіп,* (бұл мекенді) *артына тастағанша тездете* (жүрді)*»,* – деген[2].

Жолда әскер судан қаталап, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) шағым жасады. Пайғамбар (с.а.с.) дұға етіп, Аллаһ тағала бір бұлтты жіберді де, жаңбыр жауып, адамдар шөлдерін қандырды әрі қажетті суларын да қамдап алды.

---

[1] Мұнда Сәмуд халқына сынақ ретінде жіберілген мұғжиза түйе туралы айтылған.

[2] «Сахих әл-Бұхари» (Пайғамбардың (с.а.с.) әл-Хижрге тоқтауы туралы тарау, 2/637).

Пайғамбар (с.а.с.) Тәбукке жақындағанда: ***«Сендер ертең, Аллаһ қаласа, Тәбук бұлағына жетесіңдер және күн көтерілгенге дейін оған жете алмайсыңдар. Оған барғандарың мен келмейінше оның суына тимесін»***, – деді. Муғаз (Аллаһ оған разы болсын): *«Содан біз оған жеттік, екі кісі оған бізден бұрын келген болатын. Бұлақ* (аяқ киімнің) *бауы тәрізді азғана сумен шылжырап ағып жатты. Аллаһ елшісі (с.а.с.) әлгі екеуінен:* ***«Сендер мұның суына тиістіңдер ме?»*** *– деп* (сұрады)*. Олар: «Иә», – деді. Пайғамбар (с.а.с.) ол екеуіне ұрысып, Аллаһ айтуын қалаған сөздерді айтты. Содан соң* (адамдар) *бұлақтан қолдарымен аз-аздан көсіп алып,* (ыдысқа біраз су) *жиналды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған қолдары мен бетін жуып, оны* (бұлаққа) *қайта* (құйды)*. Сонда бұлақ толассыз ағып, адамдар су алды. Сосын* (Пайғамбар (с.а.с.))***: «Ей, Муғаз! Егер ұзақ өмір сүрсең, жақында осы жердің бау-бақшаларға толғанын көресің»***, *– деді»*, – деген[1].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) жолда немесе Тәбукке жеткен соң: ***«Бүгін түнде күшті жел тұрады, сол кезде ешқайсың орнынан тұрмасын, ал кімнің түйесі болса, тұсап қойсын»***, – деді. Айтқандай түнде қатты жел тұрды, бір кісі орнынан тұрып кеткен екен, жел оны Таидың екі тауына[2] лақтырып тастапты[3].

Мұсылмандар әскерінің Тәбукке жетуі

Мұсылмандар әскері Тәбукке барып тоқтап, сол жерге әскери қосындарын тігіп, жаумен кездесуге дайын тұрды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) әскері алдында тұрып құтпа жасап, аз сөзбен көп мағыналарды қамтып, өте шешен сөйледі. Мұсылмандарды бұл дүние мен Ақырет өмірінің игілігіне шақырды, жамандықтан сақтандырды және жақсылықпен қуантты. Пайғамбар (с.а.с.) қанатты сөздерімен әскерінің рухын көтерді, олардағы жол азық пен керек-жабдықтардың жетіспеушілігіне қатысты кемшіліктер мен олқылықтарды түзетті.

Ал византиялықтар мен олардың одақтастары Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әскері келгенін естіген кезде, үрейге беріліп, алға жылжуға жүректері дауаламастан, өз шекараларындағы аймақтарға тарап кетті. Мұның Араб жазирасы мен оның қиыр шеттерінде мұсылмандардың әскери айбынына тигізген әсері зор болды. Бұл арқылы мұсылмандар үлкен де маңызды саяси табыстарға қол жеткізді. Тәбукте екі әскер соғысқан жағдайда да олар мұншалықты табыстарға жете алмас еді.

Тәбукте Әйлә қаласының басшысы Юханна ибн Рауба келіп, Аллаһ елшісімен (с.а.с.) келісімге отырды және оған жизия төледі. Сондай-ақ

[1] Хадисті Муслим Муғаз ибн Жәбәлдан риуаят еткен (2/246).

[2] Мұнда Ажма және Салма таулары туралы айтылған. Таи – йемендік тайпаның арғы атасы.

[3] Бұл хабар да Муслимнің «Сахихында» келген.

Жарба мен Азрух тұрғындары да келіп, жизия төлемін берді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұларға келісімдерін нақтылайтын құжатнама жазып берді. Пайғамбармен (с.а.с.) Мина тұрғындары да өнімдерінің төрттен бірін беру шартымен келісім жасасты. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әйлә қаласының басшысына ***«Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен. Бұл – Аллаһтан және Аллаһтың елшісі Мұхаммед пайғамбардан Юханна ибн Рауба мен Әйлә тұрғындарына, олардың құрлықтағы керуендері мен теңіздегі кемелеріне берілген амандық кепілі. Бұлар және бұлармен бірге болған Шам елі мен теңіз аймағы тұрғындары Аллаһтың қорғауында және Мұхаммед пайғамбардың қорғауында болады. Алайда бұлардан кімде-кім*** (Исламға қарсы) ***қылмыс жасаса, оны дүниесі құтқара алмайды, мұндай кісінің қаны да, малы да оны қолға түсірген адамға халал. Келісім жасасқандардың әлдебір суды пайдалануларына немесе құрлық пен теңіздегі кез-келген жолмен жүрулеріне тыйым салуға рұқсат етілмейді»*** деген мәтінде құжат жазып қалдырды.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Халид ибн Уәлидті төрт жүз аттылымен Думат әл-Жәндәлдағы Укайдир дейтін кісіге жіберіп: ***«Сен оны жабайы сиырларды аулап жүргенінде жолықтырасың»,*** – деді. Халид барып, Укайдирдің қамалына көз жетер аралыққа жақындағанда, мүйіздерімен сарайдың қақпасын сүзгілеген жабайы сиырлар пайда болды. Артынша Укайдир оларды аулауға шықты. Бұл түні ай жарық болатын. Халид Укайдирді аттылы күзетшілері арасынан қолға түсіріп, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) әкелді. Пайғамбар (с.а.с.) Укайдирге амандық берді және онымен екі мың түйе, сегіз жүз сиыр, төрт жүз сауыт, төрт жүз найза алу шартымен келісім жасасты. Сондай-ақ Укайдир жизия төлеуге келісті. Пайғамбар (с.а.с.) оны Юханна ибн Раубамен бірге Думат, Тәбук, Әйлә және Тәймә өңірлеріне үкім жүргізуге тағайындады.

Осылай византиялықтармен санасып іс жасайтын тайпалар бұрынғы қожайындарына арқа сүйеудің уақыты өткеніне көздері жетті. Жағдай мұсылмандардың пайдасына шешіліп, Ислам мемлекетінің шекаралары кеңейіп, Византия империясымен тікелей шектесетін болды. Бұл аймақтардағы Византияның әкімдері үлкен көлемдегі биліктерінен айрылғанын ұқты.

Мұсылмандардың Мәдинаға оралуы

Мұсылмандар әскері Тәбуктен аман-есен, жеңімпаз күйде қайтты, Аллаһ тағала мүміндерді соғыстан сақтады. Жолда бір тау соқпағында мұнафықтардан он екі кісі Пайғамбарды (с.а.с.) өлтіруге әрекет жасады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) әлгі тау соқпағында Аммар түйесінің бұйдасынан жетектеп, Хузайфа ибн Яман артынан айдап келе жатты. Ал адамдар жазықтың ішімен жүрді. Қаскөй мұнафықтар осы сәтті пайдаланды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен екі сахабасы соқпақпен келе жатып, арқа жақтарынан біреулердің дүбірін естіді. Жүздерін тұмшалап алған олар соңдарынан

қаумалап келіп қалды. Пайғамбар (с.а.с.) Хузайфаны жіберіп, ол қолындағы имек таяғымен қаскөйлердің түйелерінің тұмсықтарынан ұрды. Аллаһ тағала қаскөйлерді үрейлендіріп, олар тұра қашты да, жолдастарына барып қосылды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хузайфаға бұл қаскөйлердің есімдерін және олардың не ойлағандарын айтып берді. Сондықтан да Хузайфа «Аллаһ елшісінің (с.а.с.) құпиясын сақтаушы» деп аталатын. Аллаһ тағала осыған қатысты **«Олар өздері жүзеге асыра алмаған істі ойлады»**[1] деген аятын түсірген.

Пайғамбар (с.а.с.) Мәдина қаласының алыстан мұнартқан бейнесін көргенде: ***«Міне, Таба[2]! Міне, Ухуд, ол бізді жақсы көретін, біз оны жақсы көретін тау!»*** – деді. Адамдар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) келе жатқанын естігенде, әйелдер мен балалар және күңдер сыртқа шығып, әскерді ерекше ілтипатпен қарсы алды және:

«Нұрын төкті толған ай
асуларынан Уадағтың.
Тіліміз алғыс арнағай
шақырушысына Аллаһтың.
Жолданған бізге нұрлы арай
дініңе қарсы болмақ кім», – деп шырқады.

Тәбук жорығынан оралған Пайғамбар (с.а.с.) Мәдинаға һижраның 9-жылы ражаб айында кірді. Бұл жорықта мұсылмандар елу күн жырақта жүріп, оның жиырма күнін Тәбукте өткізсе, қалған күндер бару-келу жолына кетті. Тәбук Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ең соңғы жорығы болды.

Жорықтан қалып қойғандар

Тәбук жорығы өзіне тән ерекше жағдайларына байланысты Аллаһ тағаланың үлкен сынағы болды, бұл сынақта мүміндер өзгелерден айыра танылды. Осындай орындарда мұсылмандарды сынау Аллаһ тағаланың әуелден үрдісі еді. Бұл туралы Құранда **«Аллаһ мүміндерді жаманды жақсыдан айырғанға дейін сендердің жағдайларында қалдырмайды»**[3] делінген. Бұл жорыққа шын ықыласты мүміндердің барлығы шықты, тіпті одан қалып қою мұнафықтықтың белгісі саналды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) біреудің жорықтан қалып қойғаны туралы әңгіме болса: ***«Қоя беріңдер оны. Егер оның бойында жақсылық болса, Аллаһ оны сендерге жеткізеді, ал егер олай болмаса, Аллаһ сендерді одан құтқарады»,*** – дейтін. Сонымен Тәбук жорығына уәжді себеппен шыға алмай қалғандар немесе Аллаһ пен Оның елшісіне сенбейтін мұнафықтар ғана қатыспады. Бұл мұнафықтардың кейбірі жорықтан өтірік желеумен сұранып қалса, кейбірі мүлдем

[1] «Тәубе» сүресі, 74-аят.
[2] Таба – Мәдина қаласы атауларының бірі. Бұл сөз «жақсы болу», «ұнау» мағынасын білдіреді.
[3] «Әлі Имран» сүресі, 179-аят.

сұранбастан-ақ қалып қойды. Дегенмен, уәжді себепсіз қалып қойғандардың ішінде шын ықыласты мүміндерден үш кісі бар еді. Аллаһ тағала бұларды басында сынаққа алып, кейіннен тәубелерін қабыл етті.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға кіргенде, ең бірінші мешітке түсіп, екі ракағат намаз оқыды да, сонан соң адамдардың алдына шығып отырды. Мұнафықтар Пайғамбарға (с.а.с.) түрлі сылтаулармен ақтала келіп, ант ішуге кірісті. Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұнафықтардың сыртекі уәждерін қабылдап, ант алды және олар үшін кешірім тіледі, ал жүректеріндегіні Аллаһқа тапсырды. Мұнафықтардың саны сексеннен астам кісі еді[1].

Жорықтан қалып қойған шын ықыласты үш мүмін Кағб ибн Мәлик, Мурара ибн Рабиғ және Һиләл ибн Умәййәлар еді. Бұл үшеуі шындарын айтуды таңдап, Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларға бұлармен сөйлеспеуді бұйырды. Сөйтіп адамдардың барлығы бұлармен қарым-қатынастарын шорт үзіп, үшеуіне басқаша қарауға кірісті. Тіпті оларға жер танымастай болып, кеңдігіне қарамастан тарылып кетті, олардың жандары қысылды. Олар осылай қиналумен жүріп, адамдармен қарым-қатынастары үзілгеніне қырық күн толғанда, тағы бір сынақ қосылып, оларға әйелдерінен оңашалану бұйырылды. Соңында олардың адамдардың қарым-қатынасынан шеттетілгеніне елу күн өткен соң, Аллаһ тағала бұл үшеуінің тәубесін қабылдағаны туралы аят түсіріп: **«Сондай-ақ қалдырылып қойылған үшеудің де, оларға кеңдігіне қарамастан жер тарылған, жандары қысылған және Аллаһтан Оған** (тәубе етуден) **басқа пана жоқ деп ойлаған кездерінде, сонан соң** (Аллаһ) **олардың** (туралыққа) **қайтулары үшін тәубесін қабыл етті. Ақиқатында, Аллаһ – тәубені қабылдаушы, ерекше Рақымды»**[2], – деді.

Мұсылмандар бұған қатты қуанды, ал тәубелері қабыл болған үш мүміннің қуанышында шек болмады. Мұсылман бауырлары оларға қуанышты хабарды жеткізуге асығып, олар өздеріне бұл сүйінші хабарды жеткізгендерге сыйлықтар тарту етті және Аллаһ жолына садақалар берді. Бұл олардың өміріндегі ең қуанышты күн болды.

Ал өтірік желеумен ақталғандар құрыды. Тәубелері кейіннен қабыл болған осы үш кісінің бірі Кағб ибн Мәлик: *«Аллаһпен ант етейін, мені Исламның жолына салғаннан кейін ешқашан Аллаһ маған Аллаһ елшісіне (с.а.с.) шындықты айтқанымнан жаныма ұлырақ нығмет тарту еткен емес. Мен оған өтірік айтсам, өтірік айтқандардың құрдымға кеткені сияқты құрдымға кетер едім. Өйткені Аллаһ уахи түсірген кезде өтірік айтқандар үшін ең жаман сөздерін арнады. Аллаһ тағала:* **«Қайтып**

[1] Әл-Уақидидің айтуынша, бұл – ансарлардың ішіндегі мұнафықтардың саны. Бәну ғифар және т.б. далалық арабтардан уәждерін айтып келгендер де сексен екі кісі болды. Ал Абдуллаһ ибн Убәй мен оның сойылын соғушы тайпаластары өз алдына көп адамдар еді (қ.: «Фатх әл-Бәри» (8/119)).

[2] «Тәубе» сүресі, 118-аят.

келгендеріңде олар сендерге өздерінен бұрылуларың үшін[1] Аллаһпен ант ішеді. Ендеше олардан бұрылыңдар. Өйткені олар лас. Істеп өткендерінің жазасы ретінде олардың паналайтын орындары – жаһаннам. Олар сендерге өздеріне риза болуларың үшін ант ішеді. Сендер оларға риза болсаңдар да, ақиқатында, Аллаһ бойсұнбаушы адамдарға риза болмайды»[2]*, – деген»,* – дейді.

Жорыққа уәжді себеппен қатыспағандарға келсек, оларға қатысты Аллаһ тағала: **«Әлсіздерге, науқастарға және жұмсайтын дүние таба алмайтындарға, Аллаһқа және Оның елшісіне адал болған жағдайда, еш күнә жоқ»**[3], – деді. Ал Аллаһ елшісі (с.а.с.) олар туралы Мәдинаға жақындағанда: ***«Шындығында, Мәдинада қай жолмен жүрсеңдер де, қай жазықты басып өтсеңдер де, әлбетте сендермен бірге болатын бір кісілер бар. Оларды уәжді себеп ұстап қалды»,*** – деген. Адамдар: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Олар Мәдинада болса да ма?»* – деп сұрағанда, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Мәдинада болса да»,*** – деп жауап берген.

Тәбук жорығының ықпалы

Бұл жорықтың Араб жазирасына мұсылмандардың билігі жайылуына әрі күшейе түсуіне зор ықпал жасады. Арабтар арасында Исламнан өзге ешқандай күштің өмір сүре алмайтындығына адамдардың көздері жетті. Жәһилият сенімінен әлі де арылмаған кейбіреулер мен мұсылмандардың басына күн тууын күтіп жүрген мұнафықтардың жүректерінде бұлқынып жатқан үміт, арманның сарқыншақтары түбірімен жойылды. Мұнафықтар Византияға көп үміт артқан еді, осы жорықтан кейін мыстары басылып, нақты жағдайға мойынсұнды, оған қарсы ешбір айла, одан қашар жер таба алмайтындықтарын түсінді.

Ендігі кезекте мұнафықтарға мұсылмандардың өздеріне жұмсақ мәміле жасауынан өзге тілек қалмады. Бірақ Аллаһ тағала оларға қатысты қатаң үкімдер түсіріп, олардың садақаларын қабылдауға, олар үшін жаназа намазын оқуға, кешірім тілеуге және олардың қабірлерін зиярат етуге тыйым салды. Сондай-ақ мұнафықтардың мешіт бейнесінде тұрғызған жымысқылықтары мен астыртын ұйымдасуларының ордасын талқандауды бұйырды. Және де мұнафықтарды толықтай әшкерелеген аяттар түсіріп, бұдан кейін олар анық танылатын болды. Бейне бір аяттар Мәдина тұрғындарына араларындағы мұнафықтардың есімдерін атап бергендей түйілетін.

Тәбук жорығының ықпалы қаншалықты зор болғаны Мәдинаға келген тайпа өкілдерінен көрінеді. Әрине, араб тайпалары Аллаһ елшісіне (с.а.с.) өз өкілдерін жіберуді Мекке жеңісі жорығынан кейін, тіпті одан бұрын

[1] Яғни, өздерін айыптамауларың үшін.
[2] «Тәубе» сүресі, 95-96 аяттар.
[3] «Тәубе» сүресі, 91-аят.

бастағанымен, бұл жорықтан кейін тайпа өкілдерінің Мәдинаға келуі көп әрі үздіксіз түрде жалғасып, өз шыңына жетті[1].

Тәбук жорығына қатысты түскен Құран аяттары

Тәбук жорығына қатысты «Бара-а» сүресінің көп аяттары түсті. Бұл аяттардың кейбірі мұсылмандар жорыққа шығудан бұрын түссе, кейбірі жорыққа шыққаннан кейін сапар барысында түскен, ал енді бірі Мәдинаға оралған соң түсірілген. Бұл аяттар жорықтың жағдайлары, мұнафықтарды әшкерелеу, Аллаһ жолында соғысушылар мен шын ықыластылардың артықшылығы, шыншыл мүміндердің тәубесінің қабыл болуы және олардан жорыққа шығушылар мен елде қалушылар туралы және басқа да тақырыптарды қамтыған.

[1] Тәбук жорығы туралы деректер Ибн Һишам (2/515-537), «Сахих әл-Бұхари» (2/633, 635-637, 1/252, 414, т.б.), «Сахих Муслим» ән-Нәуәуидің шархымен бірге (2/246) және «Фатх әл-Бәри» (8/110-126) кітаптарынан алынды.

Осы жылы орын алған кейбір маңызды оқиғалар

Осы жылы тарихи маңызы бар бірнеше оқиға болды:

1. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Тәбуктен оралғаннан кейін Ғуаймир әл-Ажлани мен оның әйелі бір-біріне лағынет шақырған[1].

2. Эфиопияның патшасы Нәжәши Асхама қайтыс болған. Пайғамбар (с.а.с.) оған сырттай жаназа намазын оқыған.

3. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қызы Умму Кулсум дүниеден өткен. Пайғамбар (с.а.с.) қызының қазасына қатты қайғырған және күйеу баласы Османға: ***«Егер де үшінші қызым болғанда, оны саған тұрмысқа берер едім»***, – деген.

4. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Тәбуктен оралған соң, мұнафықтардың басшысы Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлул өлген. Пайғамбар (с.а.с.) ол үшін кешірім тілеген және Омардың қарсылық білдіргеніне қарамастан, оған жаназа намазын оқыған. Кейін бұған қатысты Омардың ойын құптаған Құран аяты түскен.

---

[1] Мұнда күйеуі әйелін зина жасады деп айыптаған жағдайдағы үкім туралы айтылған. Егер ері әйелін зина жасады деп айыптап, оны дәлелдей алмаса, ал әйелі оны жала жауып тұр деп айыптаса, олар Аллаһ тағаланың бұйрығына сәйкес өзара лағынет шақыруы тиіс. Аталмыш үкім «Нұр» сүресінің 6-9 аяттарында: **«Әйелдерін арсыздықта айыптаған, бірақ өздерінен басқа куәлары болмағандардың бірі өзінің шын айтып тұрғанына төрт рет Аллаһпен куәлік етуі тиіс. Бесіншіде, егер өтірікшілерден болса, өзіне Аллаһтың лағынеті болуын** (сұрайды)**. Ал одан** (әйелден) **жазаны оның** (күйеуінің) **өтірікшілерден екеніне төрт рет Аллаһпен куәлік беруі қайтарады. Бесіншіде, егер ол** (күйеуі) **шындықты айтушылардан болса, өзіне Аллаһтың ашуы болуын** (сұрайды)» деп көрсетілген. Бұдан кейін ол екеуі біржола ажырасады, бірақ әйелі күйеуіне мәһрді қайтаруға міндетті емес. Сонымен қатар ажырасқаннан кейін туылған перзентті күйеуі «менікі емес» деуге құқылы.

ӘБУ БӘКІРДІҢ (АЛЛАҺ ОҒАН РАЗЫ БОЛСЫН) ҚАЖЫЛЫҒЫ

Һижраның осы 9-жылы зул-қағда немесе зул-хижжа айында Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әбу Бәкір әс-Сыддықты мұсылмандардың қажылық рәсімдерін басқаруы үшін қажыларға басшы етіп жіберді.

Әбу Бәкір қажылық сапарына аттанып кеткен соң, «Бара-а» сүресінің мүшріктермен бұрын жасалған келісімдердің бұзылғанын жариялаған алғашқы аяттары түсті. Өйткені бұл келісімдерді мүшріктердің өздері Аллаһ елшісі (с.а.с.) Тәбук жорығында жүргенде бұзуға кіріскен-ді. Пайғамбар (с.а.с.) Әли ибн Талибті қажылардың артынан осыны хабарлауы үшін жіберді. Пайғамбар (с.а.с.) мұны арабтардың ғұрпына сәйкес жасады, өйткені арабтар қан дауы мен мал дауына қатысты келісімдер бұзылған жағдайда осылай алдын ала хабарлайтын. Әли Әбу Бәкірмен Арж немесе Дажнан дейтін жерде жолықты. Әбу Бәкір одан: *«Басшы болып келдің бе әлде бағынышты болып келдің бе?»* – деп сұрады. Әли: *«Бағынышты болып келдім»,* – деді. Сөйтіп екеуі қажылық сапарын әрі қарай жалғастырды. Меккеге барған соң Әбу Бәкір адамдардың қажылығын басқарды. Құрбандық шалу күні Әли ибн Әбу Талиб қажылар тас лақтыратын жамраның қасында тұрып, жұртшылыққа Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жарлығын жариялады, бұрын келісім жасасқан мүшріктердің барлығына арадағы келісімнің бұзылғанын хабарлады және оларға төрт ай уақыт берді, сондай-ақ келісім жасаспаған мүшріктерге де төрт ай уақыт берді. Дегенмен, мүшріктердің арасында мұсылмандармен түзген келісімдерін мүлдем бұзбаған және ешкімге мұсылмандарға қарсы көмектеспегендер де бар еді. Әли бұлармен арадағы бітімді бұзбай, келісілген мерзімге дейін күшінде қалдырды.

Әбу Бәкір бірнеше кісіні адамдарға «Биылдан кейін ешбір мүшрік қажылық жасамайды және жалаңаш адам Қағбаны тауаф етпейді» деп жар салуға жіберді[1]. Бұл жар салу Араб жазирасында пұтқа табынушылықтың жойылғанын және оның бүгіннен кейін ештеңені бастай да, қайтара да алмайтынын жариялағанмен бірдей еді[2].

[1] Кітаптың басында айтылғандай, құрайыштар сырт аймақтағыларға Меккеге келген кездеріндегі алғашқы тауафтарында Қағбаны жергілікті дін қызметкерлерінің киімімен ғана айналуды бұйыратын. Сөйтіп шеттен келгендер мұндай киім таппаса, ер адамдар Қағбаны жалаңаш күйлерінде тауаф ететін.

[2] «Сахих әл-Бұхари» (1/220, 451, 2/626, 671), Ибн Һишам (2/543-546).

Жорықтар туралы талдау

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзі қатысқан жорықтары мен сахабаларын аттандырған жортуылшы жасақтарына көз салсақ, соғыстардың жағдайлары мен нәтижелеріне үңілген әрбір адамның «Шындығында, Пайғамбар (с.а.с.) әлемдегі ең ұлы, ең тура, ең парасатты әрі ең сақ әскери қолбасшы болған» деп айтары анық. Шын мәнінде де, Пайғамбар (с.а.с.) Аллаһ елшілерінің мырзасы әрі пайғамбарлардың ең ұлысы болғанындай, қолбасшылық сипатта да дара шеберлігімен ерекшеленді. Ол барлық шайқасына шешім талап еткен жағдайда ғана кірісіп, өзге жағдайларда соғыстан қашуға тырысқан. Сондықтан да Пайғамбар (с.а.с.) өзі жүргізген ешбір шайқаста дана жоспар түзуде, әскерді дайындауда, оны стратегиялық жағынан маңызды орындарға орналастыруда, соғысуға барынша ыңғайлы орындарды қарастыруда және соғысты жүргізу үшін ең жақсы жоспарды таңдауда қателесуі себепті сәтсіздікке ұшыраған емес. Керісінше, бұл айтылғандардың барлығында өзінің әлемдегі теңдессіз, ерекше қолбасшы екендігін дәлелдеген. Мұндай қолбасшылық қабілет әлемде бұрын кездеспеген және бұдан кейін де кездеспейді. Ал Ухуд пен Хунайн шайқастарында орын алған жағдайларға келсек, бұлар Хунайндегідей жауынгерлердің бойындағы кейбір әлсіздіктер немесе олардың Пайғамбардың (с.а.с.) бұйрықтарына бағынбауы және Пайғамбар (с.а.с.) әскери тұрғыдан өздеріне міндеттеген даналық пен жоспарды ұстанбаулары салдарынан болған.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тапқырлығы осы Ухуд және Хунайн шайқастарында мұсылмандар жеңілген кезде анық көрінді. Пайғамбар (с.а.с.) жауға нық қарсы тұрды және өзінің дара даналығымен Ухуд шайқасында мүшріктерге мақсаттарын орындауларына мүмкіндік бермесе, Хунайн шайқасында соғыстың барысын өзгертіп, жеңілісті жеңіске айналдырды. Ал өзге қолбасшыларға келсек, мұндай қатерлі жағдай әрі бұлай ойсырай жеңілу олардың сезімдерін билеп, жүйкелеріне кері әсер етіп, бұдан кейін оларға өздерін құтқарудан өзге шара қалмас еді.

Бұл айтылғандар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әскери қолбасылық жағынан көрінген қырлары ғана. Ал өзге жақтарына келсек, Пайғамбар (с.а.с.) өз жорықтарында тыныштық пен бейбітшілік орнатты, бүлік отын сөндірді, Ислам мен пұтқа табынушылық күресінде жаулардың сағын сындырды, оларды келісімге келуге мәжбүрледі, Ислам дағуатын таратуға жол ашты. Сондай-ақ шын ықыласты сахабаларын іштеріне екіжүзділіктерін бүгіп, опасыздық пен қиянат сезімдерін жасырғандардан ажырата алды.

Сонымен бірге Пайғамбар (с.а.с.) қолбасшылардың үлкен тобын тәрбилеп кетті. Ең ұлы ұстаздың тәлімін алған бұл қолбасылар Пайғамбардан (с.а.с.) кейін Ирак және Шам елі майдандарында парсылармен және византиялықтармен ұрыс жүргізіп, шайқастарды жоспарлауда және соғысты жүргізуде жауларынан үстем түсті.

Сондай-ақ Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл жорықтардың арқасында мұсылмандарды тұрғын жайлармен, жермен, кәсіптермен және жұмыстармен қамтамасыз етіп, Мәдинаны паналап келген не дүниесі, не үй-жайы жоқ мұсылмандарға қатысты қиындықтардың көбісін шешті. Келесі жорықтарға қару-жарақ, мініс көліктері мен қаражаттар дайындады және бұлардың барлығына Аллаһтың құлдарына қатысты титтей де әділетсіздік, шектен шығу және дұшпандық араластырмай қол жеткізді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) жәһилият кезінде соғыс өрті сол үшін лаулаған мақсаттарды өзгертті. Жәһилият дәуірінде соғыстар қарақшылық пен тонаудан, шабуылдау мен кісі өлтіруден, әділетсіздік пен шектен шығудан, дұшпандықтан, кек қайтарудан, жалғызды жаныштау, әлсізді қорлау, елді мекендерді қирату мен ғимараттарды талқандаудан, әйелдердің абыройларын таптаудан, бейшаралар мен құлдарға және жас балаларға қатыгездік көрсетуден, егіндер мен ұрпақты жоюдан, жер бетінде бейберекеттік пен бүлдірушілік жасаудан тұрса, Исламның кезінде соғыс адамзат қоғамы барлық уақытта және барлық жерде мақтан тұтатын биік те мақтаулы мақсаттарды жүзеге асырудағы күреске айналды. Соғыс адамзатты зорлық пен дұшпандық жүйесінен құтқарып, әділдік пен туралық жүйесіне салатын, күштілер әлсіздерді қанайтын жүйені жойып, күштілер жазасын алатын әлсіздерге айналатын жүйені құратын күрес құралының рөлін атқарды. «Раббымыз! Бізді тұрғындары әділетсіз мына елді мекеннен шығар және бізге Өз жаныңнан бір қамқоршы бер, бізге Өз жаныңнан бір жәрдемші бер», – деп жалбарынатын әлсіз ерлер мен әйелдерді және балаларды құтқаратын күреске айналды. Аллаһтың жерін опасыздық пен қиянаттан, күнә мен дұшпандықтан тазалап, онда тыныштық пен бейбітшілік, жанашырлық пен мейірім, құқықтардың сақталуын және адамгершілік қасиеттерін орнататын күрестің қызметін орындады.

Сондай-ақ Пайғамбар (с.а.с.) соғыстарға қатысты қастерлі қағидаларды заңдастырып, жауынгерлері мен қолбасшыларына осы қағидаларды ұстануды міндеттеді және оларға бұл шектерден шығуға ешқашан рұқсат етпеді. Сүлеймен ибн Бурайдадан риуаят етілген хадисте оның әкесі: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) бір әскерге немесе жасаққа қолбасшы тағайындағанда, қолбасшының өзіне Аллаһ тағаладан қорқуын, ал оның жанындағы мұсылмандарға жақсылықты ұстануды өсиет ететін. Сонан соң:* ***«Аллаһтың атымен Аллаһтың жолында жорыққа аттаныңдар да, Аллаһқа қарсы болғандармен соғысыңдар. Жорыққа аттаныңдар, бірақ шектен шықпаңдар, опасыздық жасамаңдар, өліктерді қорламаңдар және балаларды өлтірмеңдер...»****, – дейтін»,* – деген.

Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларына Исламды жаңа қабылдаған адамдарға жеңілдетуді бұйырып: ***«Жеңілдетіңдер және қиындатпаңдар, жақын тартыңдар және безіндірмеңдер[1]»,*** – дейтін[1].

[1] Мұнда Пайғамбарымыз (с.а.с.) Исламға жаңа кірген адамдарды дінге үйретіп, жақын тартып, бауыр бастырып, оған бастапқы кезде қиындатпау керектігін айтқан.

Жау еліне түнде жетсе, таң атқанша оларға шабуыл жасамайтын. Барлық жандыны отқа өртеуге қатаң тыйым салған, балаларды өлтіруге, әйелдерді өлтіруге және оларға қол жұмсауға тыйым салған, жұртты тонауға тыйым салып: ***«Шындығында, тонаумен алынған мүлік өлекседен халал емес»***, – деген. Егіндер мен ұрпақты жоюға, аса зәрулік болмаса және одан басқа амал қалмаса, ағаштарды кесуге тыйым салған. Меккені бағындыру күні: ***«Ешбір жаралыны өлтірмеңдер, шегінген адамның соңына түспеңдер және тұтқынды өлтірмеңдер»***, – деген. Елшіні өлтірмеу үрдісін бекіткен және мұсылмандармен келісімге отырғандарды өлтіруге қатаң тыйым салып: ***«Кімде-кім келісімдегі біреуді өлтірсе, жаннаттың иісін де сезбейді, ал шындығында оның иісі қырық жылдық қашықтықтан сезіледі»***, – деген. Өзге де биік мақсаттарды заңдастыру арқылы соғыстарды жәһилияттың лас істерінен тазартып, оны қасиетті күреске айналдырған.

Өйткені кез-келген іс бастапқы кезінде жеңіл болса, оған кіретін адамға ұнап, адам оны қуана қабылдайды және оның соңы көбіне адамның оған тереңдеп енуімен аяқталады. Ал қандай да бір іс бастапқыда қиын болса, адамдардың оған жақындап, жуысулары керісінше белең алады (қ.: «Фатх әл-Бәри»).

[1] «Сахих Муслим» (2/82-83), әт-Табаранидің «әл-Муъжам әл-кәбир» кітабы (1/123, 187).

АЛЛАҺТЫҢ ДІНІНЕ АДАМДАРДЫҢ ТОП-ТОБЫМЕН КІРУІ

Сан мәрте айтқанымыздай, Меккені бағындыру жорығы пұтқа табынушылықты түбірімен жойған шешуші шайқас болды. Оның себебімен арабтар ақиқатты жалғаннан ажыратты және олардың жүректерінде күмәндар жойылып, Исламды қабылдауға асықты. Амр ибн Сәләмә: *«Біз адамдар өтетін су басында* (отыратынбыз)*, қасымыздан керуендер өтетін. Біз олардан: «Адамдарға не болған? Не болған адамдарға? Мына кісі кім?» – деп сұрайтынбыз. Олар: «Ол өзін Аллаһ* (пайғамбар етіп) *жіберіп, уахи етті* (немесе *Аллаһ мынаны уахи етті*)*», – деп айтып жүр», – дейтін. Мен сол сөздерді*[1] *жадымда ұстап, олар көкірегіме қонғандай болатын. Арабтар Мекке қолға алынғанға дейін Исламға кіруге асықпай: «Оны мен қауымын жөніне қалдыра тұрыңдар. Егер ол* (құрайыштарды) *жеңіп шықса, шын пайғамбар», – дейтін. Меккені бағындыру оқиғасынан кейін барлық қауым Исламды қабылдай бастады. Менің әкем қауымынан бірінші боп Исламды қабылдады,* (қайтып) *келгенінде: «Аллаһпен ант етейін, сендерге ақиқат Пайғамбардың (с.а.с.) алдынан келіп тұрмын. Ол:* ***«Мынадай уақытта мынадай намаз оқыңдар, мынадай уақытта мынадай намаз оқыңдар. Намаз уақыты кірсе, біреуің азан айтсын да, Құранды ең көп*** (білетіндерің) ***имам болсын»****, – деп айтты», – деді. Олар қарастыра келе, Құранды менен көп* (білетін) *ешкім болмай шықты. Мен керуеншілерден үйренетін едім. Сөйтіп мені алдарына шығарды*[2]*, мен* (ол кезде) *алты не жеті жастағы баламын. Үстімде* (қысқа ғана) *шекпенім барды, сәжде жасасам түріліп қалатын. Сонда жерлестеріміздің бір әйел: «Бізге* (көрсетпей) *Құран оқушыларыңның дүмін жапсаңдаршы», – деді. Сосын олар* (мата) *сатып алып, маған көйлек етіп кесіп берді. Сол көйлекке қуанғанымдай ештеңеге қуанған емеспін»*, – деген[3].

Бұл хадис Мекке жеңісінің жағдайлардың дамуына, Исламның күшеюіне, арабтардың өз ұстанымдарын айқындауына және Исламға мойынсұнуларына қаншалықты ықпал жасағанын көрсетеді. Ал Тәбук жорығынан кейін бұл жағдай барынша нақтыланды. Сондықтан да Тәбук жорығынан соң тоғызыншы және оныншы жылдарда тайпа өкілдерінің Мәдинаға бірі артынан бірі үзілместен келгенін әрі Аллаһтың дініне адамдардың топ-тобымен кіргенін көреміз. Тіпті Меккені бағындыру жорығында қарасы он мың жауынгерден құралған мұсылмандар әскері толық бір жыл өтпестен-ақ Тәбук жорығында отыз мың жауынгерге жетті, ал қоштасу қажылығында жүз мың немесе жүз қырық төрт мың мұсылман бейне бір шалқар теңіздей, тәлбия айтып, Аллаһты ұлықтап, дәріптеп және

[1] Бұл жерде Құран аяттары туралы айтылған. Амр ибн Сәләмә (Аллаһ оған разы болсын) оларды өзіне Пайғамбардың (с.а.с.) сөзін жеткізуші адамдардан еститін.
[2] Яғни, имамдыққа өткізді.
[3] «Сахих әл-Бұхари» (2/615-616).

Аллаһқа мақтау арнап Аллаһ елшісінің (с.а.с.) айналасында сапырылысып жүрді. Олардың даусына көкжиектер жаңғырып, әлемнің түкпір-түкпірі дүр сілкінді.

Тайпа өкілдері

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) кезіндегі жорықтарды зерттеген ғалымдар келтірген тайпа өкілдерінің саны жетпістен асады. Біздің еңбегімізде оларды толықтай келтіру мүмкін емес әрі оларды егжей-тегжейлі баяндауда да үлкен пайда жоқ. Сондықтан біз олардың айрықшаларын немесе тарихи маңызы барларын ғана, оқырманға тайпа өкілдерінің көпшілігі Мекке жеңісінен кейін келгенімен, осы мақсатта бұдан бұрын да өкілдерін жіберген тайпалар болғанын ескерту үшін жалпылама баяндап өтеміз.

1. Абдулқайс тайпасының өкілдері.

Бұл тайпа өкілдерін екі рет: біріншісін һижраның 5-жылы немесе одан бұрынырақ жіберген. Абдулқайс тайпасында Мәдинаға сауда-саттық жасау үшін келетін Мунқиз ибн Хаййан дейтін кісі бар еді. Осы Мунқиз Пайғамбар (с.а.с.) қоныс аударғаннан кейін Мәдинаға сауда ісімен келгенінде, Исламмен танысып, оны қабылдаған және тайпаластарына Аллаһ елшісінің (с.а.с.) хатын алып барған. Тайпаластары да Исламды қабылдап, қасиетті айлардың бірінде он үш немесе он төрт кісісін Мәдинаға өкілдікке жіберген. Бұл өкілдер Аллаһ елшісінен (с.а.с.) иман жайлы және сусындар туралы сұраған. Келген өкілдердің ішіндегі үлкені Әшәж әл-Ғұсри дейтін кісі еді. Пайғамбар (с.а.с.) оған: ***«Сенің бойыңда Аллаһ ұнататын екі қасиет: биязылық пен байсалдылық бар екен»,*** – деген.

Ал бұлардың екінші өкілдігі жалпы тайпа өкілдері қабылданған жылы келген. Олардың арасында Жаруд ибн Ғала әл-Абди есімді христиан дінін ұстанушы кісі бар еді. Осы кісі Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдында Исламды қабылдап, қалған өмірінде оны жақсы ұстанып өткен[1].

2. Дәус тайпасының өкілдері.

Бұл тайпаның өкілдері 7-жылдың бас жағында, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хайбар жорығында жүргенде келген. Кітаптың алдыңғы бөлімдерінде Туфайл ибн Амр әд-Дәусидің Исламды қабылдаған әңгімесі ұсынылған болатын. Туфайл Исламды Аллаһ елшісі (с.а.с.) қоныс аудармас бұрын Меккеде жүргенде қабылдаған, сонан соң тайпаластарына оралып, оларды Исламға шақыруға кіріскен, ал тайпаластары Туфайл қанша үгіттесе де, жаңа дінді қабылдауға асықпаған. Соңында тайпаластарының иман келуінен күдерін үзген Туфайл Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп, дәус тайпасына қарсы дұға жасауын сұраған. Бірақ Пайғамбар (с.а.с.): ***«Уа, Аллаһ! Дәусті тура жолға сал»,*** – деп дұға еткен. Кейіннен олар Исламды қабылдап, һижраның

[1] Ән-Нәуәуидің «Сахих Муслимге» жазған шархы (1/33), «Фатх әл-Бәри» (8/85-86).

7-жылының бас жағында Туфайл ибн Амрді жетпіс немесе сексен отбасы дәустіктермен Мәдинаға өкілдікке жіберген. Бұл кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.) Хайбар жорығында жүрген болатын, Туфайл оның артынан Хайбарға барған.

3. Амр әл-Жузамидің әулетінен шыққан Фаруаның елшісі.

Фаруа Византияның қол астындағы араб қолбасшы еді, оны византиялықтар өздеріне қарасты арабтарға әкімдікке тағайындаған. Фаруа Маған және оның төңірегіндегі Шам жерлеріне билік жүргізетін. Ол һижраның 8-жылы Мута шайқасында мұсылмандардың табандылығын, батырлығы мен жанқиярлығын көрген соң, Исламды қабылдап, Пайғамбарға (с.а.с.) Исламды қабылдағанын хабарлау үшін елші жөнелткен және елшіден Аллаһ елшісіне (с.а.с.) сыйлыққа ақ қашыр беріп жіберген. Византиялықтар Фаруаның Исламды қабылдағанын білгенде, оны тұтқындап, қамауда ұстаған, сонан соң оған не Исламнан қайтуды, не өлімді таңдауын ұсынған. Фаруа діннен қайтпастан өлімді таңдап, византиялықтар оны Палестинада Афра деп аталатын судың басында айқыш ағашқа керген және басын шапқан[1].

4. Суда аймағының өкілдері.

Бұл аймақтың өкілдері һижраның 8-жылы Аллаһ елшісі (с.а.с.) Жиғранадан қайтқан соң артынша келген. Мұның алдында Пайғамбар (с.а.с.) төрт жүз мұсылманнан құралған бір жасақ дайындап, оларға Йеменнің Суда аймағы жағына баруды бұйырған. Аталмыш жасақ Қанат жазығының бас жағына барып, әскери қосындарын тіккенде, бұл туралы хабар алған Зияд ибн Харис әс-Судаи Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп: «Мен саған өзімнің арқамдағыларға өкіл болып келдім. Әскеріңді қайтар, ал тайпаластарым үшін саған мен жауап беремін», – деді. Сөйтіп Пайғамбар (с.а.с.) әскерін Қанаттың бас жағынан кері қайтарды да, Зияд ибн Харис тайпаластарына келіп, оларды Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына баруға үгіттеді. Содан Зияд тайпаластарынан он бес кісімен Пайғамбардың (с.а.с.) алдына келіп, оған Исламды ұстануға ант берді. Бұдан кейін өкілдер тайпаластарына оралып, Исламға шақырды және олардың арасында Ислам діні тарады. Қоштасу қажылығында Аллаһ елшісімен (с.а.с.) Суда аймағының жүз кісісі кездескен.

5. Кағб ибн Зуһайр ибн Әбу Сулмәнің келуі.

Кағб ибн Зуһайр ақындар отбасынан шыққан, арабтардың ішіндегі ең мықты ақындардың бірі еді. Ол өзінің өлеңдерінде Пайғамбарды (с.а.с.) әжуалайтын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) һижраның 8-жылы Таиф жорығынан қайтқан соң, Кағб ибн Зуһайрге бауыры Бужәйр ибн Зуһайр Пайғамбардың (с.а.с.) Меккеде өзін әжуалаған, намысына тиген бірнеше кісілерді

[1] «Ъуйун әл-әсәр» (2/326).

өлтіргенін, құрайыштың қалған ақындары жан-жаққа қашып кеткенін баяндап хат жазып: *«Егер саған жаның керек болса, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қарай ұш, өйткені ол тәубе етіп келген ешкімді өлтірмейді. Әйтпесе өзіңді құтқар»,* – деп сәлем жолдады. Екі ағайынды бірнеше рет хат алысқаннан соң, Кағбке жер тарылып кетті. Ол өлуді қаламай, Мәдинаға келіп, жуһайна руындағы бір кісінің үйіне түсті және онымен бірге таң намазын оқыған соң, жуһайналықтың нұсқауымен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына келді. Кағб Пайғамбардың (с.а.с.) қарсы алдына отырып, қолын оның қолына қойды. Пайғамбар (с.а.с.) оны танымайтын. Ол: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Егер Кағб ибн Зуһайр тәубе етіп, мұсылман болып, сенен амандық сұрау үшін келетін болса, оны саған алып келсем, тәубесін қабылдайсың ба?»* – деп сұрады. Пайғамбардан (с.а.с.) ***«Иә»*** деген жауап алған соң, Кағб: *«Мен Кағб ибн Зуһайрмін»,* – деді. Сол жерде отырған ансарлардың бірі Кағбке атылып, Аллаһ елшісінен (с.а.с.) оның басын шабуға рұқсат сұрады. Пайғамбар (с.а.с.) ансарға: ***«Тиіспе бұған. Өйткені бұл тәубе етіп, өзінің бұрынғы істерінен бас тартып келді»,*** – деп басу айтты.

Сол кезде Кағб Аллаһ елшісінен (с.а.с.) кешірім сұраған және оны мадақтаған танымал өлеңдерін оқыды. Сонан соң ол өзі кешірім сұрап келгенде, жақсылықтан өзге ештеңе айтпаған құрайыштың мұһажирлерін мақтады. Ал ансарларға олардың бірі Аллаһ елшісінен (с.а.с.) өзінің басын шабуға рұқсат сұрағаны үшін басында ренжігенімен, Исламы түзелген соң, ансарларға қатысты ағаттығын түзетіп, оларды да мақтап жыр жолдарын төкті.

6. Ғұзра тайпасының өкілдері.

Бұл тайпаның арасында Хамза ибн Нұғман бар он екі кісілік өкілі һижраның 9-жылы сафар айында келген. Өкілдерден кім екендіктері сұралғанда, сөз бастаушылары: «Біз Қусайдың шешелес бауыры Ғұзраның ұрпағымыз. Қусайды қолдаған және хузаға мен бәну бәкір тайпаларын Мекке қойнауынан ығыстырған бізбіз. Біздің (Аллаһ елшісімен (с.а.с.)) жақындығымыз, туыстығымыз бар», – деді. Пайғамбар (с.а.с.) оларды ***«Қош келдіңдер!»*** деп қарсы алды және оларға мұсылмандардың Шам елін бағындыратыны туралы қуанышты хабарды жеткізді. Оларға сәуегейлерге сұрақпен баруға және Аллаһтан басқаға арнап сойылған малдардың етін жеуге тыйым салды. Ғұзра тайпасының өкілдері Исламды қабылдады және Мәдинада бірнеше күн тұрып, сонан соң елдеріне қайтты.

7. Бәли тайпасының өкілдері.

Бұл тайпаның 9-жылы рабиғ әл-әууәл айында келген өкілдері Исламды қабылдаған және Мәдинада үш күн тұрған. Өкілдердің басшысы Әбу Дабиб қонақ күту жайлы, оған сауап беріле ме – соны сұрағанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Иә. Мейлі бай адамға, мейлі кедейге жасаған әрбір жақсылығың – садақа»,*** – деген. Қонақжайлылықтың уақыты туралы сұрағанда: ***«Үш күн»,*** – деп, адасып қалған қой туралы сұрағанда: ***«Ол сенікі не бауырыңдікі***

немесе қасқырдікі», – деп, адасып қалған түйе туралы сұрағанда: ***«Онда нең бар? Иесі тауып алуы үшін оған тиіспе»***, – деп жауап берген.

8. Сақиф тайпасының өкілдері.

Бұл тайпаның өкілдігі hижраның 9-жылы рамазан айында келген. Сақиф тайпасының басшысы Ғұруа ибн Масғуд әс-Сақафи Аллаh елшісін (с.а.с.) hижраның 8-жылы зул-қағда айында Таиф жорығынан қайтқанынан кейін, Мәдинаға келе жатқан жолында қуып жетіп, Исламды қабылдаған және тайпаластарына оралып, оларды Исламға шақырған. Ғұруа тайпаластары өзіне бағынады деп ойлаған еді, өйткені ол тайпаластары арасында жұрт сөзіне құлақ асатын мырза әрі оларға тұңғыш ұлдарынан да сүйікті адам болатын. Бірақ Ғұруа оларды Исламға шақырған кезде, тайпаластары оны жан-жақтан садақпен атып өлтірді. Ғұруа өлтірілгеннен бірнеше айдан кейін, сақифтықтар өзара кеңесіп, өздерінің төңіректеріндегі Пайғамбарға (с.а.с.) ант беріп, Исламды қабылдаған арабтармен соғысуға күштері жетпейтінін түсініп, Аллаh елшісінің (с.а.с.) алдына адам жіберуге шешім қабылдады. Олар Абдуялил ибн Амрмен сөйлесіп, оған Мәдинаға баруды ұсынғанда, Абдуялил бұдан бас тартып, Пайғамбардың (с.а.с.) алдынан келгенде өзіне тайпаластары Ғұруаға жасаған істерін жасай ма деп қорыққандықтан: «Сендер менімен бірге тағы бірнеше кісіні жібермесеңдер, бұлай жасамаймын», – деп шарт қойды. Сөйтіп сақифтықтар Абдуялилдің жанына одақтастарынан екі кісі және бәну мәлик руынан үш кісі қосты. Сонымен өкілдікке араларында Осман ибн Әбул-Ас әс-Сақафи бар алты адам таңдалды. Осман сақиф өкілдерінің жасы ең кішісі еді.

Сақиф өкілдері Мәдинаға келгенде, олардың Құран тыңдаулары және адамдардың намаз оқығандарын көрулері үшін Пайғамбар (с.а.с.) өкілдерге арнап мешіттің бір шетінде шатыр тіктірді. Өкілдер Мәдинада біраз болып, Аллаh елшісінің (с.а.с.) алдына келіп жүрді, Пайғамбар (с.а.с.) оларды Исламға шақырумен айналысты. Бір күні өкілдердің басшысы Аллаh елшісінің (с.а.с.) сақиф тайпасына арнап келісімшарт жазып, келісімде зина жасауларына, шарап ішулеріне, өсім жеулеріне рұқсат етуін, пұттары Латты қалдыруын, өздерін намаз оқу міндетінен босатуын және пұттарын өз қолдарымен сындыруға мәжбүрлемеуін сұрады. Пайғамбар (с.а.с.) олардың шарттарының ешқайсысын қабылдамады. Оңаша кеңескен өкілдер Аллаh елшісіне (с.а.с.) мойынсұнудан жалтарар шара таппастан, Исламды қабылдады және сақифтықтардың Латты ешқашан өз қолдарымен қиратпайтындығын алға тартып, оны қиратуға Аллаh елшісінің (с.а.с.) өзі басшылық жасауына шарт қойды. Пайғамбар (с.а.с.) бұл шартпен келісіп, сақифтықтарға арнап келісімшарт жазды және оларға Осман ибн Әбул-Ас әс-Сақафиді басшылыққа тағайындады. Өйткені өкілдердің ішінде Исламды түсінуге және дін мен Құранды үйренуге бәрінен артық құмартқан Осман әс-Сақафи еді. Өкілдер әр күні таңертең Аллаh елшісіне (с.а.с.) келгенде, Осман ибн Әбул-Асты қонақжайларында қалдырып кетсе де, серіктері оралып, тал түсте көз шырымдарын алуға қисайғанда, Осман Аллаh

елшісіне (с.а.с.) келіп, Құран оқып беруін өтінетін және дін жайлы сұрақтар қоятын. Ал Пайғамбар (с.а.с.) ұйқыда жатса, осы мақсатпен Әбу Бәкірге баратын. Кейіннен Әбу Бәкірдің тұсында бәдәуи арабтар діннен қайтуға кіріскен уақытта тайпаластарына пайдасы ең көп тиген адамдардың бірі осы Осман ибн Әбул-Ас болды. Сақифтықтар діннен қайтуға шешім қабылдағанда, Осман оларға: *«Уа, сақиф қауымы! Сендер Исламды адамдардың ең соңында қабылдадыңдар, енді одан қайтқан адамдардың ең біріншісі болмаңдар. Діннен қайтудан тыйылыңдар, Исламда мықты тұрыңдар»*, – деген-ді.

Сақиф өкілдері тайпаластарына оралған соң, басында олардан шындықты жасырып, соғыстан қашып құтыла алмайтындықтарын айтып қорқытты және қайғырған, күйінген кейіп танытты. Аллаһ елшісі (с.а.с.) өздерінен Исламды қабылдауды, зина жасаудан, шарап ішуден, өсім жеуден және т.б. күнәлардан тыйылуды талап еткенін, әйтпесе оның өздерімен соғысатынын жеткізді. Сақифтықтар жәһилияттың астамшылығына беріліп, екі-үш күн бойы мұсылмандармен соғыспақ болып жүрді. Содан кейін Аллаһ тағала олардың жүректеріне үрей салып, сақифтықтар өкілдеріне: «Оның алдына қайтадан барып, талабымен келісіңдер», – деді. Сол кезде ғана өкілдер шындықты ашып, Аллаһ елшісімен (с.а.с.) түзген келісімдерін жариялады. Сөйтіп сақиф тайпасы Исламды қабылдады.

Пайғамбар (с.а.с.) Латты қирату үшін Халид ибн Уәлидтің басшылығымен бірнеше кісіні жіберді. Сақиф тайпасына барған сахабалар өздеріне жүктелген міндетті орындауға кірісерде, Муғира ибн Шуғба қолына балтаны алып, жолдастарына: *«Аллаһпен ант етейін, қазір мен сендерді сақифтіктерге қатысты күлкіге батырамын»*, – деді де, балтамен Латты бір ұрған соң, жорта құлап түсіп, қалтыраған кейіп көрсетіп жатты. Таифтың тұрғындары дүрлігіп: «Аллаһ Муғираның бетін аулақ қылсын! Құдай ана оны өлтірді», – десті. Сонда Муғира орнынан қарғып тұрып: *«Аллаһ ұсқындарыңды бұзсын сендердің! Бұл небәрі тас пен топырақтың қоспасы ғана ғой»*, – деп, пұттың кесенесінің есігін ұрып сындырды. Сонан соң оның дуалының төбесіне шықты, қалған кісілер де төбеге көтеріліп, оны бұзуға кірісті және жермен жексен етіп тегістеп тастады. Тіпті оның іргетасын да қазып, пұттың әшекейлері мен киімдерін шығарып алды. Сақифтықтар аңтарылып қалды. Халид өзі бастаған топпен Мәдинаға оралып, Латтың әшекейлері мен киімдерін әкелді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл бұйымдарды сол күні-ақ сахабаларына үлестіріп берді және Аллаһқа пайғамбарына жәрдем бергені әрі дінін үстем еткені үшін мақтау арнады[1].

9. Йемен патшаларының жолдаған хаты.

Пайғамбар (с.а.с.) Тәбуктен оралған соң, Химйар патшалары Харис ибн Абдукуләл, Нұғайм ибн Абдукуләл, Нұғман ибн Қайл Зурағин, Һамдан және Муғафирлердің хаты келді. Бұл патшалар Пайғамбарға (с.а.с.) өздерінің

[1] Ибн Һишам (3/537-542).

Исламды қабылдағанын және Аллаһқа серік қосу мен серік қосушылардан қол үзгендерін хабарлау үшін Мәлик ибн Мурра әр-Раһауиді елшілікке жіберген болатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) йемендік патшаларға жауап хат жазып, хатында иман келтіргендердің құқықтары мен міндеттерін, патшалықтағы өзге дін өкілдері мұсылмандармен келісімге отырып, жизияларын төлесе, бұлардың Аллаһтың қорғауында және Оның елшісінің қорғауында болатынын хабарлады. Сондай-ақ Пайғамбар (с.а.с.) Йеменге Муғаз ибн Жәбәл бастаған бірнеше сахабаларын жіберіп, Муғазды Йеменнің жоғарғы жағына басшылық жасауға тағайындады. Муғаз ол жерде қазылық қызметпен, соғыстарға қатысты төрелік айтумен, зекет пен жизияны жинауға басшылық жасаумен айналысты және бес уақыт намазда адамдарға имам болып жүрді. Ал Әбу Мұса әл-Ашғари Йеменнің төменгі жағына жіберілді. Әл-Бұхари риуаят еткен хадисте: «Екеуінің қайсысы болмасын (қарамағындағы) жолдасына жақын жерді араласа, оны барып көруге уақыт тауып, сәлемдесе кететін» деп айтылған. Пайғамбар (с.а.с.) бұл екеуіне: «***Жеңілдетіңдер және қиындатпаңдар, қуанышты хабар жеткізіңдер және безіндірмеңдер, өзара келісімге келіңдер және келіспеушілікке бармаңдар»,*** – деп өсиет айтқан. Муғаз ибн Жәбәл Аллаһ елшісі (с.а.с.) дүниеден өткенше Йеменде қалды, ал Әбу Мұса қоштасу қажылығында Пайғамбардың (с.а.с.) алдына келген.

10. Һамдан тайпасының өкілдері.

Бұл тайпаның өкілдері һижраның 9-жылы, Пайғамбар (с.а.с.) Тәбуктен оралған соң келген. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға өтініштерін қанағаттандырғаны туралы хат жазып, бұл тайпаның Исламды қабылдаған адамдарына Мәлик ибн Нимтты басшылыққа тағайындаған. Ал қалғандарын Исламға шақыру үшін Халид ибн Уәлидті жіберген. Халид олардың арасында алты ай тұрып, дінге шақырғанымен, һамдандықтар Исламды қабылдамады. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) Әли ибн Әбу Талибті жіберіп, оған Халидті кері қайтаруды бұйырды. Әли Һамдандықтарға барып, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) хатын оқып берді және оларды Исламға шақырды. Осыдан соң һамдандықтардың барлығы Исламды қабылдады. Әли олардың Исламды қабылдағаны туралы қуанышты хабарды баяндап Аллаһ елшісіне (с.а.с.) хат жолдады. Хатты оқыған Пайғамбар (с.а.с.) сәждеге жығылып, сонан соң басын көтерді де: ***«Һамданға сәлем болсын! Һамданға сәлем болсын!»*** – деді.

11. Бәну фазара тайпасының өкілдері.

Бұл тайпаның өкілдері де һижраның 9-жылы, Пайғамбар (с.а.с.) Тәбуктен оралған соң, оннан астам кісімен Исламды мойындап келген. Өкілдер елдерінде құрғақшылық жүріп жатқанын айтып шағынғанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.) мінберге көтерілген және қолдарын жоғары көтеріп, жаңбыр сұрап: ***«Уа, Аллаһ! Елдерің мен жануарларыңды сусындат, мейіріміңді жай, өлі өлкеңе жан бітір. Уа, Аллаһ! Бізге жәрдемші, жайлы, құнарлы, ұзақ,***

ауқымды, кешеуілдемейтін жедел, зияны жоқ пайдалы жаңбыр жаудыр. Уа, Аллаһ! Жазалаушы, қиратушы, батырушы, берекені жоюшы жаңбыр емес, мейірім жаңбырын жаудыр. Уа, Аллаһ! Бізге жаңбыр жаудыр және бізге жауларымызға қарсы жәрдем бер», – деп дұға жасады[1].

12. Нажранның өкілдері.

Нажран – Меккеден Йеменге қарай жеті ат шалдырым қашықтықтағы үлкен өлке. Онда жылдам жүрген аттылы бір күн аралайтын жетпіс үш елді мекен бар еді[2]. Христиан дінін ұстанатын бұл өлкенің тұрғындары жүз мың жауынгерлік әскер жинай алатын.

Нажрандықтардың алпыс кісілік өкілдігі Мәдинаға һижраның 9-жылы келген. Өкілдердің ішінде Нажранның атақтыларынан жиырма төрт кісі болды, олардың үшеуі Нажран халқына билік жүргізетін. Үшеуінің бірі Абдулмәсих есімді кісі «ақиб» (өкіл) деп аталатын мансаппен билік және үкімет істерін басқаратын. Екіншісі Әйһәм немесе Шурахбил есімді кісі «сәйид» (мырза) мансабын иеленіп, мәдениет пен саясат істеріне жетекшілік жасайтын. Үшіншісі Әбу Хариса ибн Алқама «епископ» мансабымен елдеріндегі дін және руханият істерін басқаратын.

Нажранның өкілдері Мәдинаға тоқтап, Аллаһ елшісімен (с.а.с.) жолыққанда, екі жақ бір-біріне өз сауалдарын қойды. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) өкілдерді Исламға шақырды және оларға Құран оқып берді. Нажрандықтар Исламды қабылдаудан бас тартты және Пайғамбардан (с.а.с.) Иса (оған Аллаһтың сәлемі болсын) туралы не айтатынын сұрады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл сұрақтарына жауап беруді келесі күнге қалдырды да, **«Ақиқатында, Аллаһтың қасында Исаның мысалы** (Аллаһ) **оны топырақтан жаратып, «бол» дегенде, болған Адамның мысалындай. Шындық Раббыңнан. Сондықтан күмәнданушылардан болма. Өзіңе білім келгеннен кейін, кім сенімен осы** (Иса) **жөнінде тартысса, «Келіңдер, біз балаларымызды, сендер де балаларыңды, біз әйелдерімізді, сендер де әйелдеріңді, біз өзімізді, сендер де өздеріңді шақырайық. Содан кейін бір-бірімізге дұға қылып, «Өтірікшілерге Аллаһтың лағынеті болуын тілейік», – деп айт»**[3] деген аяттар түсті.

Келесі күні таңертең Аллаһ елшісі (с.а.с.) нажрандықтарға осы аяттың аясында Мәриямның ұлы Исаға қатысты не айтатынын хабарлады да, олардың ойлануларына бір күн уақыт берді. Бірақ өкілдер Пайғамбардың (с.а.с.) Иса туралы айтқанымен келіспеді. Таңертең нажрандықтар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Иса пайғамбар туралы айтқанына да, Исламды қабылдауға да келіспеген соң, Пайғамбар (с.а.с.) оларға аятта айтылғандай өтірікшілерге лағынет шақыруға ұсыныс жасады. Сөйтіп өзі немерелері Хасан мен

[1] «Ъуйун әл-әсәр» (2/332).
[2] «Фатх әл-Бәри» (8/94).
[3] «Әлі Имран» сүресі, 59-61 аяттар.

Хусейнді өзінің киіміне орап алып келді, қызы Фатима соңынан келе жатты. Өкілдер Аллаһ елшісінің (с.а.с.) шынымен де осыған дайындалып келгенін көргенде, оңаша кеңесіп, ақиб та, сәйид те бір-біріне: «Бұлай жасама. Аллаһпен ант етейін, егер бұл пайғамбар болып, бізге лағынет шақырса, біз құримыз, өзімізден кейінгі ұрпақтарымызды да құртамыз, бізден жер бетінде бір шаш та, бір тырнақ та қалмай құрып кетеміз», – деді. Сонан соң олар ойларын жинақтап, өздеріне қатысты үкім шығаруды Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзіне береміз деп шешті де, Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «Біз саған сұрағаныңды береміз», – деді. Пайғамбар (с.а.с.) нажрандықтардың жизия төлеуін қабылдады және олармен екі мың хулла[1] және тағы сонша уқия күміс алу шартымен келісім жасасып, оның мың хулласы мен мың уқия күмісін ражаб айында, ал қалғанын сафар айында алатын болып келісті. Сөйтіп нажрандықтарды Аллаһтың қорғауы мен Оның елшісінің қорғауына алды және оларға өз діндерін ұстануларына толық еркіндік беріп, осыны бекіткен жазбаша құжат ұсынды. Нажранның өкілдері Пайғамбардан (с.а.с.) өздерін қадағалайтын бір сенімді кісіні жіберуді сұрағанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардан келісімдегі мүлікті алу үшін Ислам үмбетінің сенімдісі Әбу Ғұбайда ибн Жаррахты жіберді.

Көп ұзамай нажрандықтардың арасында Ислам діні тарай бастады. Ақиб пен сәйидтің Нажранға оралған соң Исламды қабылдағаны және Пайғамбардың (с.а.с.) нажрандықтарға зекеттері мен жизияларын әкелу үшін Әлиді жібергені туралы хабар бар. Ал зекеттің мұсылмандардан ғана алынатыны белгілі[2].

13. Бәну ханифа тайпасының өкілдері.

Бұл тайпаның он жеті кісілік өкілдігі hижраның 9-жылы келген. Өкілдердің ішінде осы тайпаның тумасы, «Мусәйлимә суайт» деген атпен танылған Мусәйлимә ибн Сумама ибн Кәбир болған[3]. Бәну ханифаның өкілдері алдымен ансарлардың бірінің үйіне түскен, сонан соң Пайғамбардың (с.а.с.) алдына келіп, Исламды қабылдаған. Риуаяттарға қарағанда, менмендік пен астамшылыққа берілген, биліктен дәмеленген Мусәйлимә тайпасының өкілдерімен бірге Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына келмеген. Пайғамбар (с.а.с.) басында оны жақсы сөзбен және жақсы қарым-қатынаспен өзіне тартуды қалаған, бірақ мұның ешқандай пайдасы болмағанын көрген соң, оның бойында бір жамандық барын аңдаған.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) ұйқыда жатқанында өзіне жер қазыналары берілгенін, сонда алақанына екі алтын білезік салынғанын көрген болатын,

[1] Хулла – біреуі дененің белден төменгі, біреуі белден жоғарғы бөлігін жабатын, бірыңғай екі киімнен тұратын киім үлгісі.
[2] «Фатх әл-Бәри» (8/94-95).
[3] «Фатх әл-Бәри» (8/87).

бұл оған ауыр тиіп, уайымға салған-ды[1]. Сосын оған ұйқыда «ол екеуін үрле» деп уахи келеді де, Пайғамбар (с.а.с.) үрлегенде, екеуі ұшып кетеді. Пайғамбар (с.а.с.) бұларды өзінен кейін шығатын[2] екі суайт деп жорыған: оның бірі санғалық әл-Анси, екіншісі ямамалық Мусайлима болды.

Мусәйлимә суайт менмендікпен: «Егер Мұхаммед өзінен кейін билікті маған тапсырса, оған ілесер едім», – деп айтып жүрді. Пайғамбар (с.а.с.) Сәбит ибн Қайс ибн Шәммәсті ертіп оған барды[3]. Пайғамбардың (с.а.с.) қолында аршылған құрма бұтағының келтегі бар еді. Ол жолдастарының арасындағы Мусәйлимәға келіп, онымен сөйлесті. Мусәйлимә оған: «Қаласаң, билікті саған қалдырамыз, бірақ өзіңнен кейін оны бізге бересің», – деді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Менен мына келтекті сұрасаң да, мұны саған бермеспін! Аллаһтың ісін ешқашан саған өткізбеймін. Егер теріс айналсаң[4], Аллаһ сені өмірем қаптырады! Негізінде, мен сені түсімде көрсетілген*** (кісі) ***деп ойлап тұрмын. Мен үшін саған мына Сәбит жауап береді»,*** – деді де, оның қасынан кетіп қалды[5].

Соңында шынымен де Пайғамбардың (с.а.с.) сезгеніндей болып, Мусәйлимә Ямамаға оралған соң, біраз ойланып жүрді де, өзінің Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бұл іске ортақтастырылғанын жариялап, жалған пайғамбарлық дағуасын жасады. Ол қара сөзді мәнерлеп ұйқастыра сөйлеп, мұны уахи деп сендіретін. Мусәйлимә өзінің тайпаластарына шарап ішуге және зина жасауға рұқсат берді. Сонымен бірге ол Аллаһ елшісінің (с.а.с.) пайғамбар екендігіне куәлік беретін. Тайпаластары оған алданып, соңынан ерді және оның шашбауын көтеріп, сойылын соқты. Нәтижесінде Мусәйлимә зор беделге ие болып, тайпаластары оны «Ямаманың Рахманы (мейірімдісі)» деп атауға көшті. Ол Аллаһ елшісіне (с.а.с.) «Шындығында, мен бұл істе сенімен ортақтастырылдым. Биліктің жартысы бізге, ал жартысы құрайыштарға тиесілі» деген мәтінде хат жазған. Ал Пайғамбар (с.а.с.) оған **«Шын мәнінде жер Аллаһтікі. Ол оны құлдарынан Өзі қалағанға мұраға береді. Соңғы нәтиже тақуалар үшін»**[6] деген аятпен жауап қайтарған.

---

[1] Ислам ер кісілерге алтын әшекейлер тағуға тыйым салғандықтан, Пайғамбарымыз (с.а.с.) мұны жамандыққа жорыған.

[2] «Өзінен кейін шығады» деп, бұл жалған пайғамбарлар Пайғамбарымыздың (с.а.с.) кезінде пайда болғанымен, олардың кейіннен күшіне мінип, қарсы қимылға көшетіндігі меңзелген.

[3] Сәбит ибн Қайс ибн Шәммәс (Аллаһ оған разы болсын) ансарлар арасындағы сөзге шебер кісі еді. Пайғамбар (с.а.с.) әрдайым қысқа да нұсқа сөйлейтін, Сәбитті Мусәйлимә әңгімені сөз бұйдаға салып, түлкі бұлаңға басса, жауап қайтаруы үшін ертіп алған.

[4] Яғни, ақиқаттан, Исламнан теріс айналсаң.

[5] Қ.: «Сахих әл-Бұхари» (бәну ханифаның өкілдері және Әсуәд әл-Ансидің әңгімесі туралы тараулар, 2/627-628), «Фатх әл-Бәри» (8/87-93).

[6] «Ағраф» сүресі, 128-аят.

Ибн Масғуд: *«Мусәйлимәнің елшілері Ибн Нәууаха мен Ибн Усал алдына келгенде Пайғамбар (с.а.с.) олардан:* ***«Менің Аллаһ елшісі екендігіме куәлік бересіңдер ме?»*** *– деп сұрады. Олар: «Біз Мусәйлимәнің Аллаһ елшісі екендігіне куәлік береміз», – деді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.):* ***«Аллаһқа және Оның елшісіне иман келтірдім. Егер де әлдебір елшіні өлтірер болсам, сен екеуіңді өлтірер едім»****, – деді»,* – деп айтқан[1].

Мусәйлимә жалған пайғамбарлық дағуасын һижраның 10-жылы жасаған болатын. Ол араға екі жыл салып, халифа Әбу Бәкір әс-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) тұсында һижраның 12-жылы рабиғ әл-әууәл айында жүргізілген Ямама соғысында өлтірілді. Оны Хамзаны өлтірген найзагер Уахши жер жастандырған. Әл-Бұхари жеткізген хадисте Уахшидің өзі: «*Мен: «Міндетті түрде Мусәйлимәға аттанамын, мүмкін оны өлтіріп, Хамзаның өтеуі етермін»*[2] *дедім. Сонымен мен адамдармен бірге шығып, болған іс болды.* (Мусәйлимәмен шайқас кезінде) *кенеттен дуалдың арасында тұрған күлгін түсті түйе тәрізді*[3]*, шашы ұйпа-тұйпа бір кісіні*[4] *көрдім. Оған сүңгімді лақтырып, кеудесінен қададым. Ансарлардан бір кісі оны қылышпен шапты»*, – деп әңгімелеген. Бұл хадистің басқа бір риуаятында, содан кейін Уахшидің: *«Оны қайсымыз өлтіргенін Раббың жақсы біледі, егер оны мен істесем, онда адамдардың ең жақсысы мен ең жаманын өлтіріппін»*, – деп айтқаны хабарланған.

Ал өзін пайғамбармын деп жариялаған екінші өтірікші Әсуәд әл-Анси Йеменнің көп аймақтарына Ислам тараған соң билікке қол жеткізу мақсатында өзінің жеті жүз қаралы жақтастарымен бірге Санға қаласын басып алған. Біраз уақыт өтуімен іс насырға шауып, жалған пайғамбардың билік қуаты арта бастады. Бірақ үш-төрт айдан кейін оған Исламды қабылдаған Файруз әд-Дәйләми өз жақтастарымен қарсы шығып, Әсуәд әл-Ансидің көзін жойған соң, Ислам қайта жанданып, Пайғамбардың (с.а.с.) өкілдері мен зекет жинаушылары өз міндеттерін атқару үшін Йеменге оралған. Әсуәд әл-Анси Аллаһ елшісі (с.а.с.) дүние салардан бір тәулік бұрын өлтірілген болатын, Пайғамбар (с.а.с.) бұдан уахи арқылы хабар алып, сахабаларына жеткізген. Әбу Бәкір халифа сайланған соң барып, Йеменнен Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сөзін растаған хабар келіп жетті[5].

14. Бәну амир ибн сағсаға тайпасының өкілдері.

Өкілдердің ішінде Аллаһтың жауы Амир ибн Туфайл, Ләбидтің шешелес бауыры Әрбәд ибн Қайс, Халид ибн Жағфар және Жаббар ибн Әсләмдар болды. Бұлардың барлығы өз тайпасының басшылары және адам бейнесіндегі шайтандар еді. Амир ибн Туфайл кезінде Мағуна құдығы

[1] Мұны Ахмад риуаят еткен (қ.: «Мишкәт әл-масабих» (2/347)).
[2] Яғни, Хамзаны өлтірген күнәмді жуармын.
[3] Яғни, шаңға бөккен.
[4] Бұл Мусәйлимә еді.
[5] «Фатх әл-Бәри» (8/93).

түбінде өлтірілген сахабаларға опасыздық жасаған. Тайпа өкілдері Мәдинаға келуді қалағанда, Амир мен Әрбәд екеуара ақылдасып, Пайғамбарды (с.а.с.) өлтіруге келісті. Олар Мәдинаға келген соң, Амир Аллаһ елшісімен (с.а.с.) сөйлесуге кірісті, ал Әрбәд оның арқа тұсында айналшақтап жүріп, қылышын қынынан суырмақ болғанда, Аллаһ қолын қағып, оны бір қарыстан артық суыруға шамасы келмеді. Сөйтіп Аллаһ тағала пайғамбарын сақтап қалды. Пайғамбар (с.а.с.) бұл екеуіне қарсы дұға жасады. Содан екеуі Мәдинадан қайтқан соң, Аллаһ тағала түйесінде келе жатқан Әрбәдқа жай отын түсіріп, өртеп жіберді. Ал Амир жолай сәлул тайпасындағы бір әйелдің үйіне түскен болатын, сол жерде тамағында без пайда болып, содан өлді. Ол өлерінде: «Бұл түйенің обасы тәрізді без емес пе, енді сәлулдік бір әйелдің үйінде өлемін бе?» – деп қайталап жатты.

Әл-Бұхаридің «Сахихында» келген риуаятта: Амир Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «Саған үш істің бірін таңдауды ұсынамын: сен далалардың тұрғындарына билік жүргізесің, ал мен қалалардың тұрғындарына билік жүргіземін немесе өзіңнен кейін халифаң боламын немесе саған ғатафандықтармен бірге мың күрең атқа және мың күрең биеге мінген әскермен жорық жасаймын», – деген. Кейін ол бір әйелдің үйінде оба ауруына шалдығып: «Бұл түйенің обасы тәрізді без ғой, пәлен рудағы бір әйелдің үйінде өлемін бе? Маған атымды әкеліңдер», – деп, атына мінген де, соның үстінде жан тапсырған.

15. Тужәйб тайпасының өкілдері.

Он үш кісіден құралған бұл өкілдік тайпаның өз кедейлерінен артылған зекеттерін алып келген. Өкілдер Құран мен сүннетті үйренуді қалап, осы тақырыпта сауалдар қойған және Аллаһ елшісіне (с.а.с.) бірнеше өтініш жасаған. Пайғамбар (с.а.с.) олардың өтініштерін қанағаттандырғаны туралы құжат жазып берген. Тужәйбтің өкілдері Мәдинада ұзақ қалмаған, олардың арасында қонақжайларында заттарын қарауылдау үшін қалып жүрген бір бала бар еді, Аллаһ елшісі (с.а.с.) елдеріне қайтуларына рұқсат берген соң, олар Пайғамбардың (с.а.с.) алдына осы баланы жіберген. Әлгі бала келіп: *«Аллаһпен ант етейін, мен елімнен өзіңнің Аллаһ тағаладан мені кешіруін, маған мейірім көрсетуін және байлығымды жүрегіме беруін сұрауың үшін ғана шыққанмын»,* – деді. Пайғамбар (с.а.с.) ол үшін осы тілектері қабыл болуын сұрап дұға қылды. Содан бұл бала ең қанағатшыл адам болды, араб тайпалары діннен қайтуға кіріскенде, Исламда мықты тұрды және тайпаластары да оның ескерту, уағыздарымен дінде қалды. Бұл өкілдер Аллаһ елшісімен (с.а.с.) hижраның 10-жылы қоштасу қажылығында тағы бір рет кездескен.

16. Таи тайпасының өкілдері.

Бұл тайпаның өкілдері арасында Зәйд әл-Хайл дейтін кісі бар еді. Мәдинаға келген өкілдер Аллаһ елшісімен (с.а.с.) сөйлескенде, Пайғамбар (с.а.с.) оларға Исламды қабылдауды ұсынды. Олардың барлығы Исламды

қабылдады және қалған өмірлерінде оны жақсы ұстанған. Пайғамбар (с.а.с.) өкілдердің арасындағы Зәйд туралы: ***«Маған арабтардан бір кісінің артықшылығы туралы айтылып, кейін ол алдыма келгенде, оның өзі туралы айтылғаннан төмен екенін көретінмін. Бірақ Зәйд әл-Хайл мұндай емес екен, шындығында, маған оның бойындағы барлық қасиеттері айтылмапты»***, – деген. Сөйтіп оның Зәйд әл-Хайл (жылқының Зәйді) деген есімін Зәйд әл-Хайр (жақсылықтың Зәйді) деп өзгерткен.

Осылай тоғызыншы және оныншы жылдарда Мәдинаға түрлі тайпалардың өкілдері үздіксіз келіп жатты. Пайғамбардың (с.а.с.) өмірбаяны мен оның кезіндегі жорықтарды зерттеген ғалымдар бұлардың қатарында Йемен тұрғындары, қудаға тайпасындағы әзд және бәну сағд hузайм рулары, бәну амир ибн қайс, бәну әсәд, бahра, хаулан, мухариб, бәну харис ибн кағб, ғамид, бәну мунтафиқ, саламан, бәну абс, музәйнә, мурад, зәбид, киндә, зу мурра, ғассан, бәну айш тайпаларының және ең соңғысы нахғ тайпасының өкілдері болғанын айтқан. Нахғ тайпасының өкілдері hижраның 11-жылы мухаррам айының ортасында екі жүз кісімен келген. Аталмыш өкілдіктердің көпшілігі hижраның 9 және 10-жылдары келген, дегенмен, олардың ішінде 11-жылы келгендер де болған.

Тайпа өкілдерінің Мәдинаға үздіксіз келуі Ислам дағуатының қаншалықты толық қабылданғанын, мұсылмандардың билігі Араб жазирасының түкпір-түкпіріне тарағанын және арабтар оның алдында тізе бүгуден жалтарар шара таппастан, Мәдина қаласына құрметпен, тағзыммен қарауға көшкенін айғақтайды. Мәдина қаласы Араб жазирасының орталығына, астанасына, ондағы көздердің нысанасына айналды. Дегенмен, дін бұлардың барлығының жүректеріне берік орнады деп айту мүмкін емес. Өйткені бұлардың арасында Исламды басшыларының ықпалымен қабылдаған тасжүрек бәдәуилер көп болды, мұндай бәдәуилердің жүректеріне шапқыншылықтарға бейімділік түбірімен еніп алғандықтан, олардың жүректері тазара қоймаған, Ислам тағылымдары жандарын толықтай тәрбиелей алмаған еді. Құран олардың кейбірін «Тәубе» сүресінде: **«Бәдәуи арабтар кәпірлікте және мұнафықтықта қаттырақ әрі Аллаh Өз елшісіне түсіргендердің шектерін білмеуге көбірек бейім. Аллаh – толық Білуші, өте Дана. Бәдәуи арабтардың арасында** (Аллаh жолына) **жұмсайтындарын зиян есебіне алатын және сендерге бақытсыздықтар** (келуін) **күтетін кісілер бар. Оларға бақытсыздықтың жаманы болсын. Аллаh – бәрін Естуші, толық Білуші»**[1], – деп сипаттағанымен, кейбірін мақтап: **«Және де бәдәуи арабтардың арасында Аллаhқа және Ақырет күніне сенетін,** (жақсылыққа) **жұмсайтындарын Аллаhтың алдында жақындау әрі** (Оның) **елшісінің дұғаларына** (жету амалдары) **деп есептейтін кісілер де бар. Естеріңде болсын!**

[1] «Тәубе» сүресі, 97-98 аяттар.

Шындығында, бұл олар үшін жақындау амалы. Таяуда Аллаһ оларды Өзінің мейіріміне ендіреді. Рас, Аллаһ – өте Кешірімді, ерекше Рақымды»[1]**,** – деген.

Тұрғылықты мұсылмандарға келсек, Мекке, Мәдина және Сақифтың тұрғындары, сондай-ақ Йемен мен Бахрейннің көпшілігі Исламды мықты ұстанды, сахабалардың үлкендері мен мұсылмандардың басшылары солардың қатарында болды[2].

[1] «Тәубе» сүресі, 99-аят.

[2] Әл-Хадиридің Ислам халықтарының тарихы туралы лекциялар жинағы (1/144). Жоғарыда баяндалған немесе сілтеме жасалған тайпа өкілдері туралы толық деректерді «Сахих әл-Бұхари» (1/13, 2/626-630), Ибн Һишам (2/501-503, 510-514, 537-542, 560-601), «Фатх әл-Бәри» (8/83-103) кітаптарынан қараңыз.

Дағуаттың жетістігі мен ықпалы

Тағы бір қадам алға жылжып, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өміріндегі соңғы күндермен танысуды бастамас бұрын оның атқарған ұлы істеріне жалпылама көз жүгіртіп өту лазым. Бұл ұлы істер – оның өмірінің мәні, осы арқылы ол басқа пайғамбарлар мен елшілерден ерекшеленіп, Аллаһ тағала оны алдыңғылар мен кейінгілердің мырзасы болу бақытына бөледі.

Пайғамбарға (с.а.с.) **«Ей, оранып жатқан! Түнде бір ауық** (намазға) **тұр»**[1] және **«Ей, бүркенген! Тұр енді!** (Адамдарға) **ескерт!»**[2] деген аяттар түскенде, ол орнынан тұрып, жиырма жылдан астам уақыт осы бұйрықты орындаумен болды, иығына жер бетіндегі ең ұлы аманаттың жүгін, бүкіл адамзаттың жүгін, бүкіл сенімнің жүгін, түрлі майдандардағы күрес жүгін арқалап жүрді.

Жәһилияттың қиялдары мен елестеріне батқан, дүние мен оған еліктірушілерге құл болған, күйрек күмәндардың торларына шырмалған адамзаттың жан дүниесі майданындағы күрес жүгін арқалады. Ал кейбір сахабаларының жан дүниесі жәһилият пен дүние тіршілігінің қат-қабат ықпалдарынан тазарған кезде, келесі майданда жаңа күрес бастап, Аллаһтың дағуатына және оған иман келтірушілерге қарсы біріккен жаулармен тынымсыз арпалысты. Жаулар бұл пәк өскінді өніп шыққан жерінде-ақ жойып жіберуді, оның өсіп өркендеуіне, тамырларын тереңге жіберуіне, бұтақтарын көкке жайып, өзге жерлерге саясын түсіруіне жол бермеуге ұмтылған еді. Пайғамбар (с.а.с.) Араб жазирасындағы күрестерден енді босады дегенде, бұл жаңа үмбетке қарсы Византия жарақтанып, оның солтүстік шекарасынан соққы беруге дайындалды.

Осы кезеңдердің барлығында ең алғашқы күрес, яғни адамзаттың жан дүниесімен күрес тоқтамаған еді. Бұл мәңгілік жалғасатын күрес, оны жүргізуші шайтан малғұн. Ол адамзаттың жан дүниесінің қойнауларында белсенді қимылдарын жүргізуді бір сәтке де тоқтатпайды. Ал Мұхаммед (с.а.с.) осы орында Аллаһтың дағуатын жүргізді әрі түрлі майдандарда тұрмыс-тіршіліктің қиындығына, дүниенің таршылығына қарамастан, ауыр бейнет пен машақат тарта жүріп, тынымсыз күреске түсті. Иман келтіргендер оның қасында тыныштық пен рақаттың саясында тынығатын. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өмірі толассыз машақатпен өтсе де, ол осының бәріне көркем сабыр ететін, түндерде тұрып намаз оқитын, Раббысына құлшылық жасайтын, Оның Құранын оқитын және өзін Раббысына қалтқысыз бағыштайтын.

Осылай Пайғамбардың (с.а.с.) жиырма жылдан астам өмірі тынымсыз жалғасқан күреспен өтті. Сонда да болса осы уақыт ішінде оны бір іс басқа істен алдандырған емес. Ақыры Ислам дағуаты адам ақылы таңғаларлық үлкен аймақта табысқа жетті, бүкіл Араб жазирасы осы дінге кірді,

[1] «Муззәммил» сүресі, 1-2 аяттар.
[2] «Муддәссир» сүресі, 1-2 аяттар.

жәһилияттың шаңы қағылды, дертті саналар сауықты, мүшріктер пұттарынан бас тартып қана қоймай, оларды өз қолдарымен сындырды. Аспан Аллаһты жалғыз құдай деп жариялаған дауыстармен жаңғырды, жаңа иман жандандырған сахаралар қойнауын намаздарға шақырған азан үні жарды, Құран үйретушілер шартарапқа аттанып, қасиетті кітаптың аяттарын оқыды және Аллаһтың үкімдерін орнатты.

Тарыдай шашылған ұлыстар мен тайпалардың бастары бірікті, адамдар құлдарға құлшылық етуден Аллаһқа құлшылық етуге ауысып, бұл қоғамда зорлықшылар мен зорлыққа ұшыраушылар, басшылар мен құлдар, әміршілер мен бағыныштылар, жәбірлеушілер мен жәбірленушілер табы жойылды. Адамдардың барлығы Аллаһтың құлдарына, бірін-бірі сүйетін бауырларға, Аллаһтың үкімдерін орындаушыларға айналды. Аллаһ тағала адамдардағы жәһилияттың кезіндегі менмендік пен астамшылықты және ата-бабалары арқылы ұлықталуды жойып, бұл қоғамда арабтың өзге халықтан, өзге халықтың арабтан, қызыл тәндінің қара тәндіден ешбір артықшылығы қалмады. Артықшылықтың таразысы ретінде «тақуалық» деп аталатын Аллаһтан қорқу сипаты бекітілді. «Адамзаттың барлығы Адамның ұрпағы, ал Адам топырақтан жаратылған» деген қағида ендірілді.

Осылай Ислам дағуатының арқасында араб халқының бірлігі, адамзаттың бірлігі, әлеуметтік теңдік әрі адамдардың екі өмірдегі бақыты орнады. Күндердің ағысы басқа арнаға ауысты, жер беті мен тарихтың сілемі және халықтың ой-санасы өзгерді.

Ислам дағуатынан бұрын әлемді жәһилият рухы билейтін, әлем іштен бүлініп, руханияты айныған халде еді, ондағы құндылықтар мен өлшемдер қате болатын, онда әділетсіздік пен құлдыққа жегілу салтанат құрды, оны шектен тыс ысырапшылдық пен тақыр кедейлік құртуда еді, әлемді кәпірлік пен адасушылықтың және қараңғылықтың түнегі басқан-ды. Онда көктен түскен діндер бар болғанымен, бұл діндер өзгертуге ұшырап, күшінен айрылып, адамдардың жанына ықпалын жүргізуден қалған, жансыз, рухсыз рәсімдерге айналған еді.

Енді Ислам дағуаты адамзат өмірінде өз рөлін сомдаған соң, адамдардың рухы қиял мен аңыздан, құлдықтан, бүлінушілік пен ластықтан және бетімен кетушіліктен арылды. Ал адамзат қоғамы әділетсіздік пен шектен шығудан, бұзылу мен күйреуден, тапқа бөлінушілік пен әміршілердің жеке дара билеп-төстеуінен, сәуегейлердің қорлығынан құтылып, арлылық пен тазалыққа, жауапкершілік пен қайта құруға, бостандық пен жаңаруға, таным мен білімге, сенім мен иманға, әділдік пен құрметке, тіршілікті дамыту мен оны өркендету және өмірде әрбір құқылының құқығын сақтауға негізделген әлемді қалыптастыруға бет бұрды.

Осындай дамулардың арқасында Араб жазирасы берекелі серпілістің куәсі болды, жазира өзіне ел қонғалы бері мұндай серпілісті көрмеген және оның тарихы өз өміріндегі осынау қымбат кезеңдегідей жарқыраған емес.

ҚОШТАСУ ҚАЖЫЛЫҒЫ

Сонымен Пайғамбардың (с.а.с.) дағуат жұмыстары, Аллаһтың жолдауларын жеткізуі және жаңа қоғамды құруы соңына да таяды. Пайғамбар (с.а.с.) құрған жаңа қоғам құдайлық сипатты Аллаһқа ғана таңып, Одан өзгеден бұл сипатты аластауға және Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) ұлы елшілігіне негізделген болатын. Осыдан соң Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жүрегіне оның бұл дүниедегі өмірі соңына таяғанын сездірген бір құпия дауыс жеткендей болды. Содан болар Пайғамбар (с.а.с.) һижраның 10-жылы сахабасы Муғазды Йеменге шығарып салып тұрып, сөз арасында: ***«Ей, Муғаз! Негізінде, сенің менімен осы жылдан кейін кездеспеуің мүмкін. Бәлкім, сен менің мына мешітімнің және қабірімнің жанынан өтерсің»,*** – деген. Сонда Муғаз Аллаһ елшісімен (с.а.с.) айрылысатынына көңілі босап, жылап қалған.

Аллаһ тағала Пайғамбардың (с.а.с.) өз өмірі соңында әлем куә болған, игі қажылық жасап, осыған дейін жиырма жылдан астам уақыт бойы алуан қиындықтарды көтере жүріп жүргізген дағуатының жемістерін көруін, Меккенің атырабына түрлі араб тайпаларының мүшелері мен өкілдері бас қосып, Аллаһ елшісінен (с.а.с.) діннің заңдары мен үкімдерін үйренулерін, сондай-ақ Пайғамбардың (с.а.с.) бұл адамдардан өзінің аманатты орындағанына, Аллаһтың жолдауларын жеткізгеніне және үмбетіне адал болғанына куәлік алуын қалады.

Сөйтіп Пайғамбар (с.а.с.) өзінің қажылық жасауды ниет еткенін хабарлады да, Мәдинаға Аллаһ елшісіне (с.а.с.) еріп шығып, одан өнеге алуды қалаған көп адамдар жиналды[1]. Содан зул-қағда айының аяқталуына төрт күн қалғанда сенбі күні Пайғамбар (с.а.с.) жолға дайындалып[2], шашын тарады, иіс май жағынды, изары мен ридасын киді және құрбандық түйелерінің мойындарына арқан байлады да, бесіннен кейін сапарға аттанды. Ал аср намазын Зул-Хуләйфаға жеткен соң, екі ракағат етіп оқыды және сол жерде Ақиқ жазығында түнеп шықты. Таң атқан соң Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларына: ***«Түнде маған Раббымнан біреу келіп: «Осы берекелі жазықта намаз оқы және: «Умратан фи хажжа» деп айт[3]», – деді»,*** – деген[4].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Зул-Хуләйфада бесін намазын оқудан бұрын ихрамға кіру үшін ғұсыл құйынған, сонан соң Айша өз қолымен оның денесі

---

[1] Мұны Муслим Жәбирден риуаят еткен (Пайғамбардың (с.а.с.) қажылығы туралы тарау, 1/394).

[2] Қ.: «Фатх әл-Бәри» (1/394).

[3] Яғни, ихрамға кіріп: «Ләббәйкә Аллаһумма, ләббәйк, умратан фи хажжа (Құзырыңдамын, уа, Аллаһ, құзырыңдамын, қажылықтың ішіндегі умраға ниет еттім» деп айт. Бұл жерде қиран қажылығы туралы айтылған.

[4] Хадисті әл-Бұхари Ибн Омардан риуаят еткен (1/207).

мен басына зәрира[1] және миск[2] араластырылған иіс май жағып хош иістендірген, тіпті оның шаш айырығы мен сақалында иіс майдың жылтырағаны көрінген. Пайғамбар (с.а.с.) денесіндегі иіс майды сол күйінде қалдырып, жумастан, изары мен ридасын киген. Бесінді екі ракағат етіп оқыған соң, намаз оқыған жерінде қажылық пен умраға бірге тәлбия айтып, қиран қажылығына ниет еткен. Сонан соң келіп, Қасуа деп аталатын түйесіне мінгенде, қайтадан тәлбия айтқан және түйесі ашық далаға шыққанда, тағы да тәлбия айтқан.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) сапарын жалғастырып, Меккеге жақындағанда, Зу Туа жазығына тоқтап, сонда түнеп шықты. Ертеңіне таң намазын оқып, ғұсыл құйынып, һижраның 10-жылы зул-хижжа айының төрт түні өткенде, жексенбі күні таңертең Меккеге кірді. Мұсылмандар орташа жылдамдықпен жүріп, жолға сегіз күн уақыт кеткен еді. Пайғамбар (с.а.с.) әл-Харам мешітіне кіргенде, Қағбаны тауаф етті және Сафа мен Маруа арасында сағи жасады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) құрбандық малдарын өзімен бірге айдап келгендіктен, қиран қажылығын жасайтын болып, ихрамнан шықпады. Сонан соң Меккенің жоғарғы жағындағы Хажжун тауының түбіне тоқтап, сонда тұрды және қажылықтың тауабына дейін қайта тауаф жасаған жоқ.

Пайғамбар (с.а.с.) құрбандық малын өзімен әкелмеген сахабаларына бұл ихрамдарын умра етіп, Қағбаға тауаф, Сафа мен Маруа арасында сағи жасаған соң, ихрамнан толықтай шығуды бұйырды. Сахабалар екіленіп қалғанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Егер қазіргі білгенімді бұрын білгенімде құрбандық малын айдап келмес едім және өзіммен бірге құрбандық малдары болмағанда ихрамнан шығып, мұны умра етер едім»,*** – деді. Сөйтіп өзімен бірге құрбандық малын әкелмеген сахабалар жолбасшыларын тыңдап, бағынып, толықтай ихрамнан шықты.

Зул-хижжаның сегізінде, тәруия күні Пайғамбар (с.а.с.) Минаға барды. Ол Минада бесін, екінді, ақшам, құптан және таң намаздарын, яғни бес намаз оқыды. Сосын күн шыққанша біраз тұрды да, күн шыққаннан кейін жолға шығып, Арафатқа барды, Намирада[3] ол үшін шатыр тігіліп қойған еді, ол сонда түсті. Күн ауғаннан кейін ол Қасуаны әкелуді бұйырды да, оны жазылатып, жазықтың ішіне түсті. Сол жерде оның айналасына жүз жиырма төрт мың немесе жүз қырық төрт мың адам жиналды. Пайғамбар (с.а.с.) адамдардың арасында тұрып, жан-жақты тақырыптарды қозғаған құтпа жасап:

«Уа, адамдар! Сөзімді тыңдаңдар. Білмеймін, осы жылдан кейін бұл орында сендермен ендігәрі кездеспейтін шығармын[4].

---

[1] Зәрира – бірнеше қоспалардан тұратын иіссу түрі.

[2] Миск – хош иісті жұпар.

[3] Намира – Арафатқа таяу, оның сыртында, оң жақ батысында орналасқан мекен әрі ол Харам аймағына да, Арафатқа да кірмейді.

[4] Ибн Һишам (2/603).

Ақиқатында, сендердің қандарың мен дүние-мүліктерің бір-біріңе осы қаладағы, осы айдағы, осы күнге қатысты тыйымдардай харам[1]! Естеріңде болсын! Жәһилият істерінің барлығына енді тыйым салынды! Жәһилият кезінде төгіліп келген қанға тыйым салынды! Біздің қан төгуіміздің мен тыйым салатын ең бірінші қан – Ибн Рабиға ибн Харистің (кегін қайтару үшін) ***қан төгу.*** (Оны бәну сағд тайпасындағы бір әйелдің емізуінде жүргенде, һузайл тайпасының адамдары өлтірген болатын.)

Жәһилият кезіндегі өсімқорлыққа тыйым салынды! Біздің өсіміміздің мен тыйым салатын ең бірінші өсім – Аббас ибн Абдулмуттәлибтың өсімі. (Өсімнің) ***барлығына тыйым салынды!***

Әйелдеріңе қатысты Аллаһтан қорқыңдар! Өйткені сендер оларды Аллаһтың кепілімен алдыңдар және Аллаһтың сөзі бойынша иемденіңдер. Сендердің (әйелдердегі құқықтарың –) ***олар өздерің ұнатпайтын ешкімді көрпелеріңе аяқ бастырмауы тиіс. Егер бұлай етсе, оларды батырмай ұрыңдар. Ал*** (әйелдердің) ***сендердегі*** (құқықтары –) ***оларды тиісінше нәпақамен қамтамасыз етіп, киіндіруге міндеттісіңдер!***

Ақиқатында, мен сендердің араларыңда одан бекем ұстап айрылмасаңдар, сендер бұдан кейін еш уақытта адаспайтын бір нәрсе қалдырдым, ол – Аллаһтың кітабы[2].

Уа, адамдар! Шындығында, менен кейін пайғамбар болмайды және сендерден кейін үмбет болмайды. Естеріңде болсын! Раббыларыңа құлшылық етіңдер, бес (уақыт) ***намаздарыңды оқыңдар,*** (рамазан) ***айларыңдағы оразаны тұтыңдар, мал-мүліктеріңнің зекетін көңілдерің қош күйде беріңдер, Раббыларыңның Үйіне қажылық жасаңдар және басшыларыңа бағыныңдар, сонда Раббыларыңның жаннатына кіресіңдер[3].***

Сендерден мен туралы сұраса, не айтасыңдар?» – деп сұрады. Адамдар: *«Сенің* (Аллаһтың нұсқауларын) *жеткізгеніңе,* (міндетіңді) *орындағаныңа және адал болғаныңа куәлік береміз»,* – деп жауап берді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) сұқ саусағын аспанға көтерді де, оны адамдарға қаратып: ***«Уа, Аллаһ, куә бол! Уа, Аллаһ, куә бол!»*** – деп үш рет айтты[4].

---

[1] Яғни, бір-біріңнің қандарыңды төгулерің және мал-дүниелеріңді тартып алуларың осыншалықты харам саналады.

[2] «Сахих Муслим» (Пайғамбардың (с.а.с.) қажылығы туралы тарау, 1/397). Мәлик «Муатта» кітабында келтірген мурсал хадисте: ***«Мен сендерге екі нұсқау қалдырамын. Егер оны ұстанатын болсаңдар, ешқашан адаспайсыңдар: Аллаһтың кітабы және Оның елшісінің сүннеті»*** делінген. Бұл хадисті әл-Хаким, Ибн Аббастан толық иснадпен жеткізсе, кейбір мухаддистер оны «хасан» санатына жатқызған.

[3] «Маъдин әл-аъмал» (1108-1109 хадистер). Мұны Ибн Жәрир мен Ибн Асакир риуаят еткен.

[4] «Сахих Муслим» (1/397).

Арафатта Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сөздерін адамдарға Рабиға ибн Умәййә ибн Халаф дауыстап жеткізіп тұрды[1].

Пайғамбар (с.а.с.) құтпасын аяқтағанда, оған Аллаһ тағаланың **«Бүгін сендерге діндеріңді толық еттім және нығметімді соңына жеткіздім. Әрі сендерге Исламды дін ретінде таңдадым»**[2] деген аяты түсті. Бұл аят түскенде Омар жылады. Пайғамбар (с.а.с.) одан: ***«Не үшін жылайсың?»*** – деп сұраған еді, Омар: *«Менің жылаған себебім, біздің дінімізге* (жаңа үкімдер) *қосылуда еді, енді ол толық етілген екен, шындығында, қашанда бірдеңе толық етілсе, әлбетте онда кемшілік пайда болады»*, – деп жауап берді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Сен шындықты айттың»***, – деді[3].

Сонан соң Біләл азан шақырып, иқама айтты да, Аллаһ елшісі (с.а.с.) адамдарға имам болып бесін намазын оқыды. Содан кейін тағы да иқама айтылып, Пайғамбар (с.а.с.) аср намазын оқыды және ол екеуінің арасында басқа ешқандай намаз оқыған жоқ. Сосын түйесіне мінді де, мауқифқа (Арафатта тұратын орынға) келді. Пайғамбар (с.а.с.) түйесі Қасуаны жартастарға қарата шөктірді және жаяу адамдардың тобырын алды жағына ұстап, құбылаға бұрылды да, күн батқанша сол жерде тұрды. Сары шапақ сәл бәсеңсіп, күннің көзі ұясына кіргенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Усаманы түйесіне мінгестіріп жолға шықты.

Муздалифаға жеткен соң Пайғамбар (с.а.с.) бір азан, екі қаматпен ақшам және құптан намаздарын оқыды және екеуінің арасында нәпіл намаз оқыған жоқ. Сосын Аллаһ елшісі (с.а.с.) таң атқанша жатып демалды. Таң ағарғанда бір азан, бір қаматпен таң намазын оқыды. Сонан соң Қасуаға мініп, Машғар әл-Харамға келді. Онда жүзін құбылаға қаратып, Аллаһқа дұға жасады, Оны ұлықтады, Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқтығына куәлік берді және таухид сөздерін айтты. Машғар әл-Харамда таңның толық жарық тартқанын күткен Пайғамбар (с.а.с.) күн шықпай тұрып, Муздалифадан Минаға қарай жолға шықты және Фадл ибн Аббасты мінгестіріп алды. Сөйтіп Пайғамбар (с.а.с.) Мухассир жазығына[4] келіп жетті және жүрісін біраз тездетті.

Содан кейін ол үлкен бағанаға[5] апаратын ортаңғы жолмен жүріп, ағаш жанындағы үлкен бағанаға келді[6] де, оған ірі бұршақ көлеміндегі жеті майда майда тас лақтырды және әрбір тасты лақтырғанда тәкбір айтып отырды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) тасты жазықтың ішкі жағынан атты.

Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) құрбандық шалатын орынға барып, өз қолымен алпыс үш түйені бауыздады. Сосын Әлиге тапсырып, қалған отыз жеті түйені Әли бауыздады. Осылай Аллаһ елшісі (с.а.с.) жалпы саны жүз

---

[1] Ибн Һишам (2/605).

[2] «Мәида» сүресі, 3-аят.

[3] Мұны Ибн Әбу Шәйбә мен Ибн Жәрир риуаят еткен (қ.: Ибн Кәсир (2/15), «әд-Дурр әл-мәнсур» (2/456)).

[4] Бұл жазық Мина мен Муздалифаның аралығында орын тепкен.

[5] Яғни, жамрат әл-ақабаға.

[6] Сол кездерде бұл бағананың түбінде ағаш өсіп тұрған болатын.

түйе сойып, Әлиді құрбандық малдарына серіктестірді. Содан кейін ол (с.а.с.) әр түйенің етінен бір боршадан алдырып, оларды қазанға салдырып, пісірткізді. Пайғамбар (с.а.с.) мен Әли бұл еттен жеп, оның сорпасынан ішті.

Сонан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) түйесіне отырып, Қағбаға бет алды. Меккеде бесін намазын оқыды да, Зәмзәмның басында су тартып әперіп тұрған абдулмутталиб әулетінің адамдарына келіп: ***«Тартыңдар, абдулмутталиб әулеті! Адамдар сендерді су тартып әперу қызметтеріңнен ығыстырып шығарып жіберуінен*** (қауіптенбегенімде)***, сендермен бірге мен де су тартар едім»***, – деді[1]. Сонда олар оған Зәмзәмнан бір шелек су ұсынып, Аллаһ елшісі (с.а.с.) одан ішті[2].

Пайғамбар (с.а.с.) зул-хижжаның онында құрбандық шалу күні де сәске уақытында сұр қашырға мініп тұрып құтпа жасады. Оның сөзін адамдарға Әли жеткізіп тұрды, ал жұртшылық құтпаны түрегелген, отырған күйлерінде тыңдады[3]. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл құтпасында кешегі айтқан сөздерінің кейбірін қайталады. Әл-Бұхари мен Муслим жеткізген хадисте Әбу Бәкра: *«Пайғамбар (с.а.с.) бізге құрбандық шалу күні құтпа жасап:* ***«Заман Аллаһ аспандар мен жерді жаратқан күндегідей қалпына қайта айналып келді. Жыл – он екі ай, оның төртеуі тыйым салынған*** (айлар)***, үшеуі бірінен соң бірі келеді: зул-қағда, зул-хижжа және мухаррам, ал*** (төртіншісі) ***– жумадә*** (сәния) ***мен шағбанның арасындағы мудардың айы ражаб»****, – деп айтты*[4]*.*

Содан кейін ол: ***«Бұл қай ай?»*** *– деп* (сұрады)*. Біз: «Аллаһ және Оның елшісі жақсы біледі», – деп* (жауап бердік)*. Ол үнсіз қалды, тіпті біз ол бұл* (айды) *басқаша атайды деп ойладық. Ол:* ***«Бұл зул-хижжа айы емес пе?»*** *– деді. Біз: «Иә», – дедік. Ол: «Бұл қай қала?» – деп* (сұрады)*. Біз: «Аллаһ*

---

[1] Яғни, Пайғамбарымыз (с.а.с.) адамдар өзінің бұл әрекетін қажылық рәсімдерінің бірі деп санап, су тартып жатқандарды ол жерден ығыстырып шығаруынан қауіптенбегенде, бұл амалдың артықшылығы үшін олармен бірге су тартқан болар еді.

[2] Мұны Муслим Жәбирден риуаят еткен (Пайғамбардың (с.а.с.) қажылығы туралы тарау, 1/397-400).

[3] Мұны Әбу Дауд риуаят еткен (құрбандық шалу күні қай уақытта құтпа жасалатыны туралы тарау, 1/270).

[4] Мудар тайпасы «қасиетті ай – жумадә сәния мен шағбан айларының арасындағы ражаб айы» деп, ал рабиғ тайпасы «ол – рамазан айы» деп есептеген. Сондықтан Пайғамбарымыз (с.а.с.) ол айдың ражаб айы екенін, мудар тайпасы ұстанған пікірдің дұрыстығын нұсқаған. ***«Заман Аллаһ аспандар мен жерді жаратқан күндегідей қалпына қайта айналып келді. Жыл – он екі ай...»*** деген сөздерге қатысты ғалымдарда төмендегідей пікірлер қалыптасқан: Арабтар жәһилият дәуірінде тыйым салынған айлардың тыйымдарын сақтауда Ибраһим пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) дінін ұстанатын. Бірақ оларға қатарынан үш ай бойы соғыспау ауыр тиетін. Сондықтан олар соғысуды қажет етсе, мухаррам айының тыйымын одан кейінгі сафар айына кешіктіретін. Ал келесі жылы басқа бір айға кешіктіретін. Сөйтіп олар әр жылдары осылай етіп отыратын және соңында тыйым салынған айлардың нақты қай айлар екендігінде өздері де шатасып қалған.

және Оның елшісі жақсы біледі», – деп (жауап бердік). *Ол үнсіз қалды, тіпті біз ол бұл* (қаланы) *басқаша атайды деп ойладық. Ол:* ***«Бұл осы қала емес пе?»*** *– деді. Біз: «Иә», – дедік. Ол:* ***«Ал бұл қай күн?»*** *– деп* (сұрады). *Біз: «Аллаһ және Оның елшісі жақсы біледі», – деп* (жауап бердік). *Ол үнсіз қалды, тіпті біз ол бұл* (күнді де) *басқаша атайды деп ойладық. Ол:* ***«Бұл құрбандық күні емес пе?»*** *– деді. Біз: «Иә. Уа, Аллаһтың елшісі!» – дедік. Ол:* ***«Ақиқатында, қандарың мен дүние-мүліктерің және ар-намыстарың бір-біріңе осы қалаларыңдағы, осы айларыңдағы осы күндеріңе қатысты тыйымдардай харам.***

Таяуда сендер Раббыларыңа жолығасыңдар да, Ол сендерден амалдарың жайлы сұрайды. Менен кейін біреулерің біреулеріңнің бастарын шабатын кәпірлер (немесе ***адасушылар***) ***болып қайтпаңдар»****, – деді.*

Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.): ***«Мен жеткіздім бе?»*** *– деп сұрады. Адамдар: «Иә», – деп жауап берді. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.):* ***«Уа, Аллаһ! Куә бол. Осы жерде болғандар мұнда болмағандарға жеткізсін. Бәлкім осы*** (білім) ***жеткізілетіннің кейбірі оны естігендердің кейбіріне қарағанда жақсырақ ұғатын болар»****, – деп айтты»*, – деген[1].

Тағы бір риуаятта Аллаһ елшісінің (с.а.с.) осы құтпасында: ***«Естеріңде болсын! Әрбір күнәкар күнәсін өзінің ғана зиянына жасайды. Назар аударыңдар! Ешбір күнәкар өз баласына қарсы және ешбір бала өз әкесіне қарсы күнә жасамасын. Естеріңнен шығармаңдар! Негізінде, шайтан осы қалаларыңда өзіне ендігәрі құлшылық етілуінен үмітін әбден үзді. Бірақ оған сендер елемейтін істерде бағыну болады да, ол осыған разылық білдіреді»****,* – дегені келтірілген[2].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) ташриқ күндері[3] Минада тұрып, қажылық рәсімдерін орындаумен, шариғат заңдарын үйретумен, Аллаһты еске алумен, Ибраһимнің діни жолындағы туралық үрдістерін орнатумен және ширктің іздері мен белгілерін өшірумен айналысты. Пайғамбар (с.а.с.) ташриқ күндері ішінде де құтпа жасады. Әбу Дауд «хасан» иснадпен жеткізген риуаятта Сарра бинт Набһан: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) бізге ташриқтың екінші күні құтпа жасап:* ***«Бұл ташриқ күндерінің ортасы емес пе?»*** *– деп сұрады»,* – деген[4]. Пайғамбар (с.а.с.) «Наср» сүресі түскеннен кейін жасаған бұл күнгі құтпасында құрбандық шалу күні айтқандарын қайталаған.

---

[1] «Сахих әл-Бұхари» (Мина күндері құтпа жасау туралы тарау, 1/234) және басқалар.

[2] Мұны ат-Тирмизи (2/38, 135) және Ибн Мәжәһ «Қажылық» бөлімінде риуаят еткен (қ.: «Мишкәт әл-масабих» (1/234)).

[3] Ташриқ күндері – құрбан айттан кейінгі зул-хижжаның 11, 12 және 13-күндері. Бұл күндер бұрын онда құрбандық еттері күнге қақталатын болғандықтан осылай аталған.

[4] Әбу Дауд (Минада қай күні құтпа жасалатыны туралы тарау, 1/269).

Зул-хижжаның он үшінші күні Пайғамбар (с.а.с.) Минадан қайтып, Абтах жазығының бәну кинәнә тайпасы мекендейтін жотасына тоқтады және бұл жерде сол күннің аяғына дейін және түнемелікке қалып, бесін, аср, ақшам және құптан намаздарын оқыды. Сонан соң біршама уақыт ұйықтады. Ұйқысынан тұрған соң түйесіне мініп, Қағбаға барды да, қоштасу тауабын жасады. Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларына да қоштасу тауабын жасауды бұйырды.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) қажылық рәсімдерін толық орындап болған соң, нұрлы Мәдинаға жол тартты, тыныңу үшін емес, Аллаһ жолындағы күрес пен еңбекті қайта жалғастыру үшін[1].

[1] Қоштасу қажылығы туралы толық деректерді «Сахих әл-Бұхари» (Қажылық рәсімдері бөлімі, 1-том, 2/631), «Сахих Муслим» (Пайғамбардың (с.а.с.) қажылығы туралы тарау), «Фатх әл-Бәри» (Қажылық рәсімдері бөлімінің түсіндірмесі, 3-том, 8/103-110) және «Сира Ибн Һишам» (2/601-605) кітаптарынан қараңыз.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) жасақтаған соңғы әскер

Византия империясының астамшылығы оларға Аллаһқа және Оның елшісіне иман келтірген адамдардың да өмір сүруге құқылы екендігін мойындатпай, қол астындағылардан Исламды қабылдағандарды өлтіруге итермелеп отыр еді. Византиялықтар өздерінің тарабынан Маған дейтін жерді басқарып отырған Фаруа ибн Амр әл-Жузами Исламды қабылдағанда осылай жасап, оны азаптап өлтірген болатын.

Византиялықтардың осындай тартынбаушылығы мен астамшылығына орай, Аллаһ елшісі (с.а.с.) һижраның 11-жылы сафар айында үлкен әскер дайындауға кірісіп, әскерге Усама ибн Зәйд ибн Харисаны қолбасшы етіп тағайындады және оған аттарымен Палестина жеріндегі Балқа және Дарум аймақтарына баруды бұйырды. Пайғамбар (с.а.с.) мұнымен византиялықтарды қорқытуды және осы аймақтарды мекендейтін арабтардың жүректеріне сенім ұялатуды қалаған еді. Ешкім христиан шіркеуі жазасының сұрауы жоқ, Исламды қабылдау оны қалайтындарға өлім ғана әкеледі деп ойламауы керек-ті.

Адамдар әскердің қолбасшысы жас жігіт болғандықтан, наразылықтарын білдіріп, әскердің жолға шығуын созбаққа салды. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Сендер оның қолбасшылығына наразылық айтсаңдар*** (бұл таңғаларлық емес, өйткені) ***сендер бұрын мұның әкесінің де қолбасылығына наразылық айтқансыңдар. Аллаһпен ант етейін, ол***[1] (қолбасылыққа) ***лайық болды және, Аллаһпен ант етейін, ол мен үшін адамдардың ең сүйіктісі еді. Аллаһпен ант етейін, ақиқатында, бұл да*** (ол Усама ибн Зәйдті меңзеді) (қолбасшылыққа) ***лайық және, Аллаһпен ант етейін,*** (әкесінен) ***кейін бұл мен үшін*** (адамдардың) ***ең сүйіктісі. Сондықтан сендерге оған*** (бағынуды) ***өсиет етемін, ақиқатында, ол – сендердің изгілеріңнің бірі»***, – деді[2].

Осыдан кейін адамдар Усаманың маңына жиналып, оның әскеріне қосылды. Сөйтіп әскер жолға шығып, Мәдинадан бір фарсах[3] қашықтықтағы Журф дейтін жерге тоқтағанда, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) науқастанып қалғаны туралы жайсыз хабар жетіп, бұл әскерді әліптің артын бағып, аялдай тұруға мәжбүрледі. Кейін бұл қол Әбу Бәкір әс-Сыддықтың халифалығы тұсында аттандырылған ең бірінші әскер болды[4].

---

[1] Яғни, Зәйд ибн Хариса (Аллаһ оған разы болсын).

[2] «Сахих әл-Бұхари» (Пайғамбардың (с.а.с.) Усаманы жорыққа жіберуі туралы тарау, 2/612), «Сахих Муслим» (Зәйд ибн Хариса мен Усама ибн Зәйдтің артықшылықтары жайлы тарау, 4453-хадис).

[3] Фарсах – үш милге тең қашықтық.

[4] «Сахих әл-Бұхари» (Пайғамбардың (с.а.с.) Усаманы жорыққа жіберуі туралы тарау, 2/612), Ибн Һишам (2/560, 606).

АЛЛАҺ ЕЛШІСІНІҢ (С.А.С.) ӨМІРДЕН ӨТУІ

Қоштасудың белгілері

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) дағуаты толық атқарылып, Араб жазирасында Ислам діні үстемдікке жеткен соң, Пайғамбардың (с.а.с.) өмірмен және сахабаларымен қоштасуы оның сезімдерінен аңғарылып, сөздері мен істерінен анық байқала бастады.

Ол бұрын рамазан айында мешітте он күн иғтикафта отыратын болса, оныншы жылы иғтикафта жиырма күн отырды және осы күндерде Жәбірейіл періште оған Құранды екі қайтара оқытты. Пайғамбар (с.а.с.) қоштасу қажылығында: ***«Білмеймін, осы жылдан кейін бұл орында сендермен ендігәрі кездеспейтін шығармын»,*** – десе, жамрат әл-ақабаның түбінде: ***«Менен қажылық рәсімдеріңді үйреніңдер, бәлкім, мен осы жылдан кейін қажылық жасамайтын болармын»,*** – деді. Ташриқ күндерінің ортасында «Наср» сүресі түскенде, Пайғамбар (с.а.с.) мұның қоштасу екенін әрі өзіне қазасының жақын қалғанын хабарлап тұрғанын түсінді.

Һижраның 11-жылы сафар айының бас жағында Аллаһ елшісі (с.а.с.) Ухуд тауына барып, тірілермен де, өлілермен де қоштасып тұрғандай, сол жерде мерт болған шәһидтерге арнап дұға жасады. Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) Мәдинаға оралды да, мінберге көтеріліп: ***«Ақиқатында, мен*** (хауызға) ***сендерден бұрын барамын және мен – сендерге қарсы куәмын. Аллаһпен ант етейін, мен қазір хауызыма қарап тұрмын. Сондай-ақ маған жер қазыналарының кілттері*** (немесе ***жердің кілттері***) ***берілді. Аллаһпен ант етейін, мен сендер үшін өзімнен кейін серік қосуларыңнан қорықпаймын. Алайда сендер үшін*** (осы дүние игіліктерінде) ***жарысқа түсулеріңнен қорқамын»,*** – деді[1].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) түн ортасында Бақиғ[2] қорымына шығып, онда жерленгендер үшін кешірім тіледі және: ***«Сендерге сәлем болсын, уа, қабір иелері! Сендер адамдар қарсы алатын таңдарды қарсы алмайтындарыңа қуаныңдар. Қараңғы түннің бөліктеріндей фитналар бірінен соң бірі келеді. Оның келесісі алдыңғысынан жаман»,*** – деді де, оларға қуанышты хабарды жеткізіп: ***«Ақиқатында, біз сендерге қосыламыз»,*** – деп қосты.

---

[1] Хадисті әл-Бұхари мен Муслим жеткізген. «Сахих әл-Бұхари» (2/585).

[2] Бақиғ – Мәдинадағы Пайғамбар (с.а.с.) мешітіне жақын орналасқан қорымның атауы.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) науқасының басталуы

Һижраның 11-жылы сафар айының жиырма сегізі немесе жиырма тоғызында, дүйсенбі күні Аллаһ елшісі (с.а.с.) Бақиғ қорымындағы бір жаназаға қатысып қайтқан соң, жол бойында басы ауырып, ыстығы көтерілді. Тіпті сахабалар оның қызуын басына байлаған орамалының сыртынан сезді.

Пайғамбар (с.а.с.) науқасына қарамастан он бір күн бойы адамдарға имам болып намаз оқып жүрді. Оның сырқаты он үш немесе он төрт күнге жалғасқан.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өміріндегі соңғы апта

Аллаһ елшісі (с.а.с.) науқасы ауырлаған кезде, әйелдерінен: ***«Мен ертең қайда боламын? Мен ертең қайда боламын?»*** – деп сұрай беретін. Әйелдері оның ойын түсініп, қалаған үйінде болуына рұқсаттарын берді. Сөйтіп Пайғамбар (с.а.с.) басын орамалмен таңып, Фадл ибн Аббас пен Әли ибн Әбу Талибтің сүйемелдеуімен, аяқтарын әзер сүйретіп, Айшаның үйіне ауысты және өмірінің соңғы аптасын Айшаның күтімінде өткізді.

Айша пана сұрау сүрелері мен Аллаһ елшісінен (с.а.с.) жаттаған дұғаларын оқып, алақанына үрлейтін де, берекесі тисін деген үмітте, қолдарымен Пайғамбардың (с.а.с.) денесін сипайтын.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қазасынан бес күн бұрын

Аллаһ елшісі (с.а.с.) қазасынан бес күн бұрын сәрсенбі күні денесінің ыстығы көтеріліп, сырқаты қатты күшейіп, есінен танып қалды. Сонда ол: ***«Менің үстіме түрлі құдықтардан толтырылған жеті местен су құйыңдар. Адамдардың алдына шығып, оларға өсиет айтайын»,*** – деді. Үйіндегілер оны жамға отырғызып, Пайғамбардың (с.а.с.) өзі: ***«Жетер, жетер!»*** – дегенше, үстіне су құйды.

Сонан соң Пайғамбар (с.а.с.) жеңілдік сезініп, басын майға малынған орамалмен таңып, мешітке кірді де, мінберге жайғасты. Адамдар оны айнала жиналып отырды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға құтпа жасап: ***«Яһудилер мен христиандарға Аллаһтың лағынеті болсын! Олар пайғамбарларының қабірлерін мешіттер етіп алған»***; ***«Яһудилер мен христиандарды Аллаһ өлтірсін! Олар пайғамбарларының қабірлерін мешіттер етіп алған»***[1] және ***«Сендер менің қабірімді табынылатын пұт етіп алмаңдар»***[2], – деп мұсылмандарды сақтандырумен болды.

Сол жерде Пайғамбар (с.а.с.) біреуді жазықсыз жәбірлеген болса, оның өзінен есе қайтаруына ұсыныс жасап: ***«Мен кімнің арқасын қамшылаған***

[1] «Сахих әл-Бұхари» (1/62), имам Мәликтің «Муатта» кітабы (360-бет).
[2] Имам Мәликтің «Муатта» кітабы (65-бет).

болсам, міне, арқам, сол адам бұдан есесін алсын. Мен кімнің арнамысына тіл тигізген болсам, міне, арым, сол адам бұдан есесін алсын», – деді.

Сонан соң төменге түсіп, бесін намазын оқыды да, қайтадан мінберге көтеріліп, кекке, есеге қатысты алдыңғы сөзін қайталады. Бір кісі: *«Менің сенде үш дирһамым бар»*, – деген еді, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Ей, Фадл! Оған сұрағанын бер»***, – деді. Содан кейін ансарларға қатысты өсиет айтып:

«Мен сендерге ансарларға жақсы қатынас жасауды өсиет етемін. Ақиқатында, олар – менің сыр сандықтарым және сенімді адамдарым. Олар міндеттерін орындады, енді оларға тиесілі құқықтар қалды. Сондықтан олардан игілік жасаушылардың (игіліктерін) ***қабыл алыңдар да, жамандық істеушілерін кешіріңдер»***; Тағы бір риуаятта: ***«Шын мәнінде, адамдар[1] көбейіп, ансарлар тағамдағы тұздай болғанша азая береді. Сонда кім сендерден билік басына отырып, біреуге зиян жеткізер немесе пайда тигізер*** (мүмкіндікке ие болса)***, олардан игілік жасаушылардың*** (игіліктерін) ***қабыл алсын да, жамандық істеушілерін кешірсін»***, – деді[2].

Сосын Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Бір пендеге Аллаһ бұл дүниенің қызығы берілуі мен Өз құзырындағының арасына таңдау тастағанда, ол Аллаһтың құзырындағыны таңдады»***, – деді. Әбу Сағид әл-Худри: *«Сонда Әбу Бәкір егіліп жылап: «Сен үшін әкелеріміз бен аналарымыз құрбан болсын!» – деді. Біз оған таңғалып қалдық. Адамдар: «Мына қарияға қараңдар! Аллаһ елшісі (с.а.с.) Аллаһ пенделердің біріне бұл дүниенің қызығы берілуі мен Өз құзырындағының арасына таңдау тастағанда, ол Аллаһтың құзырындағыны таңдағанын айтса, бұл жылап отыр?!» – деді. Таңдау тасталған Аллаһ елшісі (с.а.с.) еді, ал Әбу Бәкір бізден көп білетін*[3]**.**

Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Ақиқатында, мал-дүниесі мен жолдастығында маған адамдардың ең көп жақсылық жасағаны Әбу Бәкір. Егер де өзіме Раббымнан өзге сүйікті жан[4] таңдағанымда, Әбу Бәкірді сүйікті жан етіп таңдар едім. Алайда*** (екеуміздің арамызда) ***Исламның бауырластығы мен сүйіспеншілігі бар. Мешітте Әбу Бәкірдің***

---

[1] Бұл жерде жалпы мұсылмандардың саны туралы айтылған.

[2] «Сахих әл-Бұхари» (1/536).

[3] Әбу Бәкір (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың (с.а.с.) дүние салар сәті жақын қалғанын түсінген. Ол Пайғамбармен (с.а.с.) қош айтысуға тура келетініне және уахидің, т.б. игіліктердің үзілетіндігіне қайғырғандықтан жылаған.

[4] ***«Сүйікті жан»*** сөзі хадистің арабша мәтініндегі ***«халил»*** сөзінің баламасы ретінде оның толық мағынасын бере алмайды. Өйткені мұнда кәдуілгі сүйіспеншіліктен әлдеқайда жоғары сезім, Аллаһ пен пенде арасындағы қатынас туралы айтылған. Мысалы, Аллаһ тағала Құранда Ибраһимді (оған Аллаһтың сәлемі болсын) «халилуллаһ» (Аллаһтың сүйіктісі) деп атаған. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.с.) сүйіктілері көп болды, бірақ ол тек Аллаһты ғана өзіне «халил» тұтқан. Ол Аллаһқа деген шексіз махаббаты жүрегінде өзгелер үшін мұндай сезімге орын қалдырмағанын меңзеген.

есігінен басқа ешбір есік қалмастан, (негізгі қақпадан өзгесі) ***бітеліп тасталсын»***[1]***, – деді»,*** – деген[2].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қазасынан төрт күн бұрын

Аллаһ елшісі (с.а.с.) қазасынан төрт күн бұрын бейсенбі күні науқасы меңдеген кезде: ***«Маған*** (жазу құралдарын) ***әкеліңдер, сендерге одан кейін өздерің ешқашан адаспайтын бір өсиетнама жазайын***[3]***»,*** – деді. Үйде бірнеше кісілер бар еді. Солардың арасындағы Омар: *«Аллаһ елшісін (с.а.с.) науқас меңдеді*[4]*, бізде Аллаһтың кітабы бар, сол бізге жеткілікті*[5]*»,* – деді. Сонда үйдегілер әр түрлі пікір айтып, дауласып кетті. Олардың кейбірі: *«*(Жазу құралдарын) *әкеліңдер, Аллаһ елшісі (с.а.с.) сендерге* (өсиетін) *жазсын»,* – десе, кейбірі Омардың ойын құптады. Олар дауласулары мен шуды көбейтіп жіберген соң, Пайғамбар (с.а.с.): ***«Менің қасымнан кетіңдер, менің алдымда дауласу жарамайды***[6]***!»*** – деді[7].

Сол күні Пайғамбар (с.а.с.) үш нәрсені: яһудилер мен христиандарды және мүшріктерді Араб жазирасынан шығаруды және өзі рұқсат еткендей өкілдердің келуіне рұқсат етуді өсиет етті. Ал үшіншісін риуаятты жеткізуші ұмытып қалған. Бұл Құран мен сүннетті берік ұстану немесе Усама ибн Зәйдтің жасағын аттандыру туралы немесе намазды орындауға және құлдарға қамқорлық жасауға қатысты өсиет болуы мүмкін.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) науқасының ауырлығына қарамастан, қазасынан төрт күн бұрынғы осы бейсенбі күніне дейін барлық намаздарын адамдармен бірге оқып жүрді. Сол күні де ақшам намазында имамдыққа өтіп, «Мурсәләт» сүресін оқыды[8].

---

[1] Әбу Бәкірдің (Аллаһ оған разы болсын) бөлмесі мешітке тікелей жалғасқан болатын. Пайғамбарымыз (с.а.с.) өзгелерден артықшылық ретінде оның бөлмесінің мешітке жалғасқан есігінің жабылмай, сол күйінде қалуын бұйырған.

[2] «Сахих әл-Бұхари» (1/516).

[3] Яғни жаздырайын. Мұнда Пайғамбар (с.а.с.) нені меңзегені жөнінде ғалымдар түрлі пікірлер ұсынған. Бұл тұрғыда «Пайғамбар (с.а.с.) өзінен кейін адамдар арасында келіспеушілік тумау үшін белгілі бір үкімдерді қамтыған нұсқау жаздыруды қалады»; «Ол адамдар арасында келіспеушілік туындамас үшін өзінен кейін Ислам үмбетін басқаратын халифалардың есімдерін жазуды қалады» деген пікірлер айтылған.

[4] Яғни оған бұл нұсқауды айтып жаздыру қиынға соғады.

[5] Омар Аллаһ тағаланың: **«Біз Кітапта ештеңені қалдырып кетпедік» (Әнғам, 38)** деген сөзін меңзеген еді.

[6] Бұдан сахабалар Пайғамбардың (с.а.с.) бұйрығын орындағаны дұрыс болар еді деген ой түйіледі. Дегенмен Омардың айтқаны дұрыс еді. Өйткені Пайғамбар (с.а.с.) кейіннен бірнеше күн тірі жүрсе де бұл мәселеге қайта оралмаған.

[7] Хадисті әл-Бұхари мен Муслим жеткізген (қ.: «Мишкәт әл-масабих» (2/548), «Сахих әл-Бұхари» (1/22, 429, 449, 2/638).

[8] Мұны әл-Бұхари Уммул-Фадлден риуаят еткен (Пайғамбардың (с.а.с.) науқасы туралы тарау, 2/637).

Құптан намазының уақытында науқасы мүлдем ауырлап, мешітке шыға алмай қалды. Айша: *«Пайғамбар (с.а.с.) жағдайы ауырлаған кезде: – **«Адамдар намаз оқыды ма?»** – деп* (сұрады). *– «Жоқ, олар сені күтуде, уа, Аллаһтың елшісі!» – дедік. – **«Маған жамға су құйыңдар»**, – деді. Біз солай еттік. Ол ғұсыл құйынып, орнынан тұруға әрекет жасағанда есінен танып қалды. Сосын ол (с.а.с.) есін жиып: – **«Адамдар намаз оқыды ма?»** – деп* (сұрады). *– «Жоқ, олар сені күтуде, уа, Аллаһтың елшісі!» – дедік. – **«Маған жамға су құйыңдар»**, – деді. Біз солай еттік. Ол ғұсыл құйынып, орнынан тұруға әрекет жасағанда* (тағы да) *есінен танып қалды. Дәл осылай екі-үш рет қайталанды. Адамдар болса мешітте құптан намазын оқу үшін жиылып, Аллаһ елшісін (с.а.с.) күтіп отырды. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.) адамдарға имам болып намаз оқуы үшін Әбу Бәкірге адам жіберді де, Әбу Бәкір сол күндердегі намаздарда имамдыққа өтіп жүрді»*, – деген[1]. Ол Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көзі тірісінде бейсенбі күнінің құптан намазынан бастап, дүйсенбі күнінің таң намазына дейін он жеті намазға имам болды.

Пайғамбар (с.а.с.) Әбу Бәкірге имамдыққа өтуді бұйырған кезде, Айша әкесінен имамдықты қашырту үшін үш-төрт мәрте қарсы жауап қайтарған. Айшаның бұдан мақсаты адамдар әкесіне іш тартып қалмауын қалаған болатын[2]. Сонда да Пайғамбар (с.а.с.) мұнымен келіспей: ***«Расында, сендер Юсуфке көңілі ауған әйелдер*** (сияқты болып тұрсыңдар)[3]***! Әбу Бәкірге бұйырыңдар, адамдарға имам болып намаз оқысын»***, – деген[4].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қазасынан бір немесе екі күн бұрын

Сенбі немесе жексенбі күні Пайғамбар (с.а.с.) бойында жеңілдік сезініп, екі кісінің сүйемелімен, оның бірі Аббас, бесін намазына шықты. Әбу Бәкір адамдарға имам боп намаз оқып тұрған, оны көрген Әбу Бәкір кері шегінбек болды. Сонда Пайғамбар (с.а.с.) оған шегінбеуге ишара жасап: ***«Екеуің мені оның жанына отырғызыңдар»***, – деді. Олар оны Әбу Бәкірдің сол жағына

---

[1] Хадисті әл-Бұхари мен Муслим жеткізген («Мишкәт әл-масабих» (1/102)).

[2] Риуаяттардың бірінде Айша ойын ашық баяндап: *«Мені оған қарсы жауап қайтаруға итермелеген – жүрегіме «одан кейін оның орнына тұрған кісіні адамдар ешқашан ұнатпайды» деген ой келді»*, – деген. Қ.: «Сахих әл-Бұхари» «Фатх әл-Бәри» кітабымен бірге (7/4445, 4747-хадистер), «Сахих Муслим» (Намаз бөлімі, 1/313, 93-94 хадистер).

[3] Мұнда Мысыр патшасы уәзірінің Юсуф пайғамбарды азғырмақ болған әйелінде қонақта отырған әйелдер туралы айтылған. Әйтсе де бұдан уәзірдің әйелі ғана меңзеледі. «Юсуф» сүресінің 30-31 аяттарында баяндалуынша, уәзірдің әйелі ойына алған әрекеті іске аспай қалған соң, оны өзге әйелдер айыптап, өсек таратқаннан кейін оларды сыйламақ болғансып қонаққа шақыра, Юсуфтың керемет сұлулығын көрсетіп, өз қылығының себебін түсіндіруді қалаған еді. Пайғамбар (с.а.с.) мұнымен Айшаға «ішіңдегі ойды бүгіп қалуда сен Юсуфке көңілі ауған әйел сияқты болып тұрсың» дегенді меңзеген.

[4] «Сахих әл-Бұхари» (1/98-99).

отырғызды. Сөйтіп Әбу Бәкір Пайғамбардың (с.а.с.) намазына ұйып, намаз оқуға кірісті де, әр тәкбірді дауыстап адамдарға естіртіп тұрды, ал адамдар Әбу Бәкірдің намазына ілесті. Пайғамбар (с.а.с.) отырып намаз оқыды[1].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қазасынан бір күн бұрын

Аллаһ елшісі (с.а.с.) қазасынан бір күн бұрын, жексенбі күні құлдарына азаттық берді, қолындағы алты не жеті динарды садақаға таратты және қару-жарақтарын мұсылмандарға сыйлады[2]. Ал түнде Айшаға шырағын әйелдердің біріне жіберіп: *«Біздің шырағымызға ыдысыңнан май тамызып берші»*, – деп сәлем айтуға тура келді[3]. Пайғамбардың (с.а.с.) сауыты бір яһудидің қолында кепілде жатыр еді. Пайғамбар (с.а.с.) бұл яһудиден қарызға үш сағ арпа алып, орнына сауытын кепілге қалдырған болатын[4].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өміріндегі соңғы күн

Әнәс ибн Мәлик риуаят еткендей, дүйсенбі күні мұсылмандар Әбу Бәкірдің имамдығымен намазда тұрғанда, күтпеген жерден Аллаһ елшісі (с.а.с.) Айшаның бөлмесінің пердесін ашып, оларға қарады. Мұсылмандар намазда бірнеше сап түзеп тұрған болатын, Аллаһ елшісі (с.а.с.) жымиып күлді. Әбу Бәкір Аллаһ елшісін (с.а.с.) намазға шығады деп ойлап, сапқа қосылу үшін арқаға шегінді. Әнәс: *«Аллаһ елшісін (с.а.с.) көріп қуанған мұсылмандардың намазда көңілдері бұрылды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға қолымен «намаздарыңды аяқтаңдар» деп белгі берді де, бөлмеге кіріп, пердені түсірді»*, – деген[5].

Бұл Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өміріндегі соңғы намаздың уақыты еді.

Күн сәскелікке көтерілгенде, Пайғамбар (с.а.с.) қызы Фатиманы жанына шақырып, құлағына бірдеңе деп сыбырлады. Мұны естіген Фатима көз жасына ерік беріп жылай бастады. Жылағанын көрген Пайғамбарымыз (с.а.с.) оны жанына қайта шақырып, құлағына тағы да сыбырлап бірдеңе айтты. Мұны естіген қызының жүзіне күлкі үйіріліп шаттыққа бөленді. Кейіннен Пайғамбар (с.а.с.) көз жұмған соң, Айша және басқалар бұл құпия жайлы сұрағанда, Фатима: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) алғаш рет құлағыма сыбырлағанда, осы науқасында жаны алынатындығын айтты. Мен мұны естіп жыладым. Аллаһ елшісі (с.а.с.) менің жылағанымды көріп, маған*

[1] «Сахих әл-Бұхари» (1/98-99).
[2] Ибн Сағд (2/237).
[3] Ибн Сағд (2/239).
[4] «Сахих әл-Бұхари» (2068, 2096, 2200, 2251, 2252, 2386, 2509, 2513, 2916, 4167-хадистер).
[5] «Сахих әл-Бұхари» (Пайғамбардың (с.а.с.) науқасы туралы тарау, 2/640).

қайтадан сыбырлап, отбасының ішінде бірінші боп оның соңынан баратын мен екенімді айтты. Мұны естіп, мен қуанғанымнан күлдім», – деген[1].

Сондай-ақ Пайғамбар (с.а.с.) Фатимаға оның бүкіл әлемдегі әйелдердің ханымы болатыны жайлы қуанышты хабарды жеткізген[2].

Пайғамбардың (с.а.с.) жағдайы ауырлап, қатты қиналып жатқанын көрген Фатима: *«Қиналдың-ау, әкетай!»* – деп күйінгенде, Пайғамбар (с.а.с.) оған: ***«Бүгіннен кейін әкеңе қасірет жоқ!»*** – деді[3].

Сонан соң Аллаһ елшісі (с.а.с.) немерелері Хасан мен Хусейнді алдырып, беттерінен сүйді және екеуіне жақсы қатынас жасауды өсиет етті. Әйелдерін шақыртып, оларға уағыз-насихат айтты.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сырқаты күшейіп, меңдей түсті. Хайбарда қой етін жегенде татқан уының әсері білініп: ***«Ей, Айша! Мен Хайбарда татқан тағамның дертін әліге дейін сезіп келемін. Ал қазір сол удан күре тамырымның үзілгенін сездім»***, – деді[4].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) өлім арпалысында хамисасын[5] бетіне жаба бастады, ал тынысы тарылғанда оны бетінен алатын. Ол осындай жағдайда адамдарға соңғы өсиеттерін айтып: ***«Яһудилер мен христиандарға Аллаһтың лағынеті болсын! Олар пайғамбарларының қабірлерін мешіттер етіп алған»***, – деп, мұсылмандарды олардың жасағандарынан сақтандырып жатты және: ***«Араб жерінде екі дін[6] қалушы болмасын»***, – деді[7].

Адамдарға тағы да өсиетін айтып: ***«Намазды, намазды*** (орындаңдар) ***және құлдарыңа*** (қамқорлық жасаңдар)***»***, – деп, бірнеше рет қайталады[8].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жан беруі

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жан беруі басталғанда Айша оны денесімен сүйеп отырды. Ол: *«Аллаһтың маған деген нығметтерінің бірі – Аллаһ елшісі (с.а.с.) менің үйімде, менің күнімде[9], менің кеудемде* (жатып) *дүние салды.* (Пайғамбар (с.а.с.)) *дүние салар сәтте Аллаһ менің сілекейім мен оның*

---

[1] «Сахих әл-Бұхари» (2/638).

[2] Риуаяттардың кейбірі Пайғамбар (с.а.с.) мен қызының арасындағы әңгіме және оның бұл қуанышты хабарды жеткізуі Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өміріндегі соңғы күнде емес, соңғы аптада орын алғанын көрсетеді (қ.: «Рахма лил-ъаламин» (1/282)).

[3] «Сахих әл-Бұхари» (2/641).

[4] «Сахих әл-Бұхари» (2/637).

[5] Хамиса – барқыттан немесе жүннен жасалған әдіптелген қалың киім. Сондай-ақ ол ою-өрнегі бар қара түсті киім болуы да мүмкін.

[6] Яғни Исламнан өзге тағы бір дін.

[7] «Сахих әл-Бұхари» «Фатх әл-Бәри» кітабымен бірге (1/634, 435, 1330, 1390, 3453, 3454, 4441, 4443, 4444, 5815, 5816-хадистер), Ибн Сағд (2/254).

[8] «Сахих әл-Бұхари» (2/637).

[9] Пайғамбарымыз (с.а.с.) әйелдеріне кезекпен түнейтін. Ұлы жанның дүние салған уақыты Айшаның үйінде болатын күніне тура келген.

сілекейін араластырды. (Оның мәнісі), *Абдур-Рахман*[1] *маған қолына мисуак мисуак ұстап кірді, мен Аллаһ елшісін (с.а.с.) сүйеп отырған болатынмын, оның* (мисуакқа) *қарап қалғанын көрдім де, мисуак қалап отырғанын түсініп: «Оны саған алып берейін бе?» – деп* (сұрадым). *Ол «иә» деген сыңай танытып басын изеді. Мен оны алып бердім,* (бірақ мисуак) *оған қатты болды*[2]. *«Саған жұмсартып берейін бе?» – деп* (сұраған) *едім, «иә» дегенді аңдатып бас изеді. Сөйтіп оған жұмсартып бердім де,* (Пайғамбар (с.а.с.) тісін) *жақсылап тазалады. Оның алдында ішінде суы бар бір ыдыс тұр еді, қолдарын суға батырып, бетін сипап:* ***«Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқ, расында, өлімнің сандырағы бар»****, – деп айтып отырды»*, – деген[3].

Пайғамбар (с.а.с.) тісін тазалап болған соң, қолын немесе саусағын жоғары көтеріп, жанарын үй төбесіне қаратып, еріндерін қыбырлатты. Айша құлағын түрсе, ол: ***«Өзің нығметке бөлеген пайғамбарлармен, шыншылдармен, шәһидтермен және ізгілермен бірге. Уа, Аллаһ! Мені кешір, маған рақым ет және мені ең жоғарғы серікке***[4] ***жеткіз! Уа, Аллаһ! Ең жоғарғы серікке!»*** – деп айтып жатыр екен[5].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) соңғы сөзін үш рет қайталады да, қолы сұлқ түсіп, ең жоғарғы серікке аттанды. Шындығында, біз Аллаһқа тиесіліміз және бәріміз Оның алдына қайтушымыз.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жаны һижраның 11-жылы рабиғ әл-әууәл айының он екісінде дүйсенбі күні сәскенің қызған уақытында үзілді. Бұл кезде оның алпыс үш жасқа толғанына төрт күн болған еді.

Сахабалардың ауыр қайғыға берілуі

Қалаға қайғылы хабар тарап, Мәдина түгелдей түнекте қалғандай болды. Әнәс: *«Мен ешқашан Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзімізге келген күннен керемет, одан нұрлы күнді көрген емеспін және Аллаһ елшісі (с.а.с.) қайтыс болған күннен жаман, одан қараңғы күнді көрмегенмін»*, – деген[6].

Аллаһ елшісінің () кенже қызы, жан әкесінен айрылған Фатима: *«Уа, әкетай! Раббысының шақыруын қабыл алғаан. Уа, әкетай! Фирдаус жаннаты мекені болған. Уа, әкетай! Жәбірейілге оның қазасын хабарлаймыз»*, – деп жылаған[7].

---

[1] Абдур-Рахман – Айшаның (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) бауыры.

[2] Яғни, тіс тазартуға қолданылатын мия шыбығының қабығын тіспен аршып, талшығын шығаруға Пайғамбарымыздың (с.а.с.) әл-қуаты қалмаған болатын.

[3] «Сахих әл-Бұхари» (Пайғамбардың (с.а.с.) науқасы туралы тарау, 2/640).

[4] Әл-Жауһари мұның жаннат екенін айтқан. Бұл Әбу Исхақтың: ***«ең жоғарғы серік – жаннат»*** деген хабарымен нақтыланады (қ.: «Фатх әл-Бәри»).

[5] «Сахих әл-Бұхари» (Пайғамбардың (с.а.с.) науқасы және ең соңғы сөзі туралы тараулар, 2/638-641).

[6] Мұны әд-Дарими риуаят еткен (қ.: «Мишкәт әл-масабих» (2/547)).

[7] «Сахих әл-Бұхари» (Пайғамбардың (с.а.с.) науқасы туралы тарау, 2/641).

Омардың жағдайы

Омар ибн әл-Хаттаб адамдардың арасында тұрып: *«Шындығында, мұнафықтардан бір кісілер Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қайтыс болғанын айтуда. Аллаһ елшісі (с.а.с.) қайтыс болған жоқ. Ол Раббысының алдына кетті. Сол сияқты Мұса ибн Имран да Раббысының алдына кетіп, қауымының арасында қырық күн болмастан, ол туралы «қайтыс болды» деген әңгіме тараған соң оралған еді. Аллаһпен ант етейін, Аллаһ елшісі (с.а.с.) әлбетте оралады. Сөйтіп «өзін қайтыс болды» деп жүрген кісілердің аяқ-қолдарын кеседі»*, – деп айта бастады[1].

Әбу Бәкірдің жағдайы

Әбу Бәкір Сунх дейтін аудандағы үйінен атқа мініп келіп, атынан түсті де, мешітке кірді. Ол адамдарға тіл қатпастан, Айшаның бөлмесіне кіріп, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қасына келді. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) үстіне хибара[2] киім жабылып қойған еді, Әбу Бәкір оның бетін ашты да, құшақтап, сүйіп, жылауға кірісті. Сонан соң ол: *«Ата-анам жолыңда құрбан болсын! Аллаһ саған екі қазаны жинамайды. Сен өзіңе жазылған қазаны таптың»*, – деді.

Содан кейін Әбу Бәкір сыртқа шықты да: *«Отыр, ей, Омар!»* – деді. Омар отырудан бас тартты. Әбу Бәкір куәлік сөздерін айтты да, адамдар Омарды тастап, соның алдына жиналды. Әбу Бәкір сөзін бастап: *«Енді... Сендерден кім Мұхаммедке табынып келсе, шындығында, Мұхаммед қайтыс болды. Ал қайсың Аллаһқа табынып жүрсе, ақиқатында, Аллаһ Тірі, Ол өлмейді. Аллаһ тағала:* **«Мұхаммед бір елші ғана. Одан бұрын да елшілер өтті. Егер ол өлсе не өлтірілсе, арттарыңа қайтып кетесіңдер ме? Кім артына қайтатын болса, Аллаһқа ешбір зиян келтіре алмайды. Аллаһ шүкірлік етушілердің сыйын әлі-ақ береді»**[3], *– деген»*, – деді.

Ибн Аббас: *«Аллаһпен ант етейін, Әбу Бәкір мұны оқығанға дейін, адамдар Аллаһтың бұл аятты түсіргенін білмегендей еді, оны Әбу Бәкірден адамдардың барлығы қақшып алып, әрбірінің осы аятты оқығанын естідім»*, – дейді.

Ибн Мусаййаб: «Омар: *«Аллаһпен ант етейін, Әбу Бәкірдің бұл аятты оқығанын естігенімде, буын-буынымнан айрылып, аяқтарым өзімді ұстап тұра алмай, жерге жығылдым. Әбу Бәкірдің оны оқығанын естігенімнен соң, Пайғамбардың (с.а.с.) қайтыс болғанын білдім»*, – деді», – деген[4].

---

[1] Ибн Һишам (2/655).

[2] Хибара – зығырдан немесе мақтадан тоқылған өрнектелген киім.

[3] «Әлі Имран» сүресі, 144-аят.

[4] «Сахих әл-Бұхари» (2/640-641).

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) денесін арулау және оны жер қойнына тапсыру

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) денесін жерлеуге дайындамас бұрын, енді кімнің халифа болатыны жөнінде дау туып, бәну сағида руының бастырмасы астында муһажирлер мен ансарлар арасында талас-тартыстар мен екіжақты әңгімелер жүрді. Соңында олар Әбу Бәкірді (Аллаһ оған разы болсын) халифа сайлауға келіскенде, дүйсенбі күнінің қалғаны өтіп, түн болып қалған еді. Адамдар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) денесін арулауға сейсенбінің таңына дейін босамады. Бұл уақытта Пайғамбардың (с.а.с.) мүбәрак денесі хибара киіммен жабулы күйінде төсегінде жатты. Әйелдері ол жатқан бөлменің есігін жауып қойған болатын.

Содан сейсенбі күні Аббас, Әли, Аббастың ұлдары Фадл мен Қусам, Пайғамбардың (с.а.с.) азат еткен құлы Шақран, Усама ибн Зәйд және Әус ибн Хаулилер Аллаһ елшісінің (с.а.с.) денесін жууға кірісіп, оны шешіндірместен, киімінің ішінен жуды. Аббас пен Қусам оны бір қырынан екінші қырына аударып тұрды, Усама мен Шақран су құюмен айналысты, Әли Аллаһ елшісінің (с.а.с.) денесін жуды, ал Әус оны кеудесіне сүйеп тұрды[1]. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) денесі Сағд ибн Хайсаманың Құба жеріндегі әл-Ғарс деп аталатын құдығынан әкелінген суға сидр[2] араластырылып жуылды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) тірі кезінде осы құдықтың суын ішетін[3].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) мақта-қағаз матадан тоқылған Йеменнің сахули[4] үш ақ киімімен кебінделді. Олардың арасында көйлек те, сәлде де болмады. Кебіндеушілер бұл киімдерді Пайғамбардың (с.а.с.) денесіне жеке-жеке орады.

Адамдар Аллаһ елшісін (с.а.с.) қайда жерлеу керектігін келісе алмағанда, Әбу Бәкір: *«Мен Аллаһ елшісінің (с.а.с.): **«Қайсыбір пайғамбардың жаны алынса, ол сол жаны алынған орынға жерленеді»**, – дегенін естігенмін»*, – деді. Сөйтіп Әбу Талха Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жаны үзілген төсекті былай алды да, оның орны қазылып, қабірдің ішінде оның бір жанынан денені жайғастыратын қуыс орын дайындалды.

Адамдар бөлмеге он-оннан топталып кіріп, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) имамсыз жеке-жеке жаназа намазын оқыды. Алдымен бөлмеге Пайғамбардың (с.а.с.) туыстары, сосын муһажирлер, сонан соң ансарлар

---

[1] Қ.: Ибн Мәжәһ (1/521).

[2] Мұнда хош иісті сидр ағашының жемісін немесе оның жапырақтарын майдалап түйіп, оны қайнатып, пайда болған сұйықтықты суға араластырған.

[3] Қ.: Ибн Сағдтың «Табақат» кітабы (2/277-281).

[4] «Сахули» деген сөз, бұл матаның түрі Йеменнің Сахул деген аймағында жасалғанын немесе оның «ағартылғанын» білдіреді.

кірді. Ер адамдардан кейін оған әйелдер, сосын жас балалар немесе алдымен жас балалар, сонан соң әйелдер намаз оқыды[1].

Бұлай намаз оқу сейсенбі күнінің аяғына дейін жалғасып, сәрсенбінің түні кірді. Айша: *«Біз түн ішінде* (бір риуаятта: *сәрсенбідегі түннің соңында*) *күректердің даусын естігенімізге дейін Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жерленгенін білмедік»*, – деген[2].

[1] Қ.: Имам Мәликтің «Муатта» кітабы (Жаназа бөлімі, мәйітті жерлеуге қатысты айтылғандар, 1/231), Ибн Сағд (2/288-292).

[2] «Муснәд Ахмад» (6/62, 274). Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қазасы туралы толық деректерді «Сахих әл-Бұхари» (Пайғамбардың (с.а.с.) науқасы туралы және одан кейінгі бірнеше тараулар «Фатх әл-Бәри» кітабымен бірге), «Сахих Муслим», «Мишкәт әл-масабих» (Пайғамбардың (с.а.с.) қазасы туралы тарау), Ибн Һишам (2/649-665), «Тәлқих фуһум әһл әл-әсәр (38-39-беттер) және «Рахма лил-ъаламин» (1/277-286) кітаптарынан қараңыз. Ұсынылған барлық даталар соңғы кітаптан алынды.

Пайғамбардың (с.а.с.) жұбайлары

1. Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзіне пайғамбарлық міндет жүктелуінен бұрын жиырма бес жасында саф қасиеттерінің арқасында елге «Таһира» (пәк, таза) деген атпен танылған, жас жігітті ақылымен, сұлулығымен, байлығымен және құрметімен шақырған құрайыш тайпасының ең абыройлы ханымы Хадиша бинт Хуайлидке үйленген. Хадишаның жасы қырықта болатын, араларындағы жас алшақтығына қарамастан, Мұхаммед (с.а.с.) онымен жиырма бес жыл бақытты ғұмыр кешкен. Мұхаммед (с.а.с.) оны құрметтеп «Хадиша Кубра» (Үлкен Хадиша) деп атайтын. Хадиша – Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ең бірінші әйелі, Пайғамбар (с.а.с.) Хадиша тірі кезде оның үстіне әйел алған емес. Екеуі Қасым, Абдуллаһ атты екі ұл мен Зәйнәб, Руқаййә, Умму Кулсум және Фатима есімді төрт қыз сүйген. Ұлдары Қасым мен Абдуллаһ балиғат жасына жетпестен, жастайынан қайтыс болған. Ал қыздарының үлкені Зәйнәб бойжетіп, пайғамбарлық міндет жүктелмес бұрын абдуманаф әулетінің Әбул-Ас ибн Рабиғ деген жігітімен шаңырақ көтерген. Бір жағынан, бұл жігіт Хадиша анамыздың сіңлісі Һаләнің ұлы еді. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қыздары Руқаййә мен Умму Кулсумнің өмір жолдары өте ұқсас болды. Осман ибн Аффанға (Аллаһ оған разы болсын) тұрмысқа шыққан Руқаййә Бәдір шайқасы жүрген кезеңде көз жұмған соң, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Османға үшінші қызы Умму Кулсумді күйеуге берген. Аллаһ елшісі (с.а.с.) кенже қызы Фатиманы Бәдір мен Ухуд шайқастары арасындағы кезеңде Әли ибн Әбу Талибке ұзатқан. Бұл шаңырақта Пайғамбарымыздың (с.а.с.) немелері – Хасан мен Хусейн дүние есігін ашқан. Екі ұлдан кейін бұл отбасыда тағы да екі қыз дүниеге келген. Пайғамбарымыз (с.а.с.) олардың біріншісін Зәйнәб, ал екіншісін Умму Кулсум деп атаған. Бұл отбасы Пайғамбардан (с.а.с.) тараған жалғыз нәсіл болып қалған.

Мұсылман үмбетіне некесінде төрт әйелден артық ұстауға шектеу қойылғанымен, Пайғамбардың (с.а.с.) жеке өзіне көптеген мақсаттарға орай, бұдан көп әйелге үйленуіне рұқсат берілгені мәлім. Аллаһ елшісі (с.а.с.) жалпы саны он бір әйелге үйленген. Олардың екеуі: Хадиша мен Зәйнәб бинт Хузайма Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көзі тірісінде қайтыс болған. Ал қалған тоғызы Пайғамбармен (с.а.с.) қазасына дейін бірге өмір кешкен. Төменде Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Хадишадан кейін үйленген әйелдерінің есімдері мен олар жайлы кейбір мәліметтерді ұсынамыз.

2. Сәудә бинт Зәмға. Сәудә бұрын көкесінің ұлы Сакран ибн Амрға тұрмысқа шыққан. Күйеуі Сакран дүниеден өтіп, мұсылман әйел шиеттей бүлдіршіндерімен жесір қалған соң, пайғамбарлықтың 10-жылы, шәууәл айында Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сәудәға оның басындағы қайғы-қасіретін жеңілдетіп, балаларының тәрбиесіне қарасу үшін, Сәудәның да өз қыздарына, үй-ішіне бас-көз болатындығына үміт артып үйленген.

3. Айша бинт Әбу Бәкір. Ол – Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жан досы, Исламның шыншылы Әбу Бәкір әс-Сыддықтың қызы. Пайғамбар (с.а.с.) оны Сәудәға үйленгенінен кейін бір жылдан соң, пайғамбарлықтың 11-жылы шәууәл айында, қоныс аударудан екі жыл бес ай бұрын, алты жасында айттырып, онымен һижраның жетінші айы шәууәлда, Мәдина қаласында қосылған. Айша Пайғамбарымызбен (с.а.с.) шаңырақ көтергенде тоғыз жаста болатын. Айша анамыз Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қыздай алған жалғыз әйелі еді. Бұл әйел Исламдағы ұлы сүйіспеншіліктің – Аллаһ елшісінің (с.а.с.) махаббатының иесі, бұл өмірдегі ең сүйікті адамы болған. Айша Пайғамбарымыздың (с.а.с.) имандылық мектебіне шәкірттікке түсіп, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тәлім-тәрбиесінен өткен. Бұл дарынды шәкірт өз тұсындағылар мен келер буынға тәлімгер ұстаз атанған. Ол мұсылман әйелдері ішінде фиқһ әрі басқа да білімдер саласындағы ең білгір адам және хадис пен сүннетті таратудың басты қайнар көзіне айналған.

4. Хафса бинт Омар ибн әл-Хаттаб. Хафса бұрын Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сахабаларының бірі Хунайс ибн Хузафа әс-Сәһмиге тұрмысқа шыққан-ды. Хунайс Бәдір мен Ухуд шайқастары аралығындағы кезеңде көз жұмып, артында жас жесірі қалады. Пайғамбар (с.а.с.) ұлы сахабасы, Аллаһ онымен Исламды күшейткен Омардың көңілін жайландыру үшін, оның жесір қалған қызы Хафсаға һижраның 3-жылы үйленген.

5. Зәйнәб бинт Хузәйма. Зәйнәб – бәну һиләл ибн амир ибн сағсаға руының тумасы. Ол Ухуд соғысында шәһид болған Абдуллаһ ибн Жахштың жесірі еді. Зәйнәб кедей-кепшік пен мұқтаждарға жанашыр, рақымы мол, оларға көп қарайласатын жан болғандықтан, затына сай «Мұқтаждар мен міскіндердің анасы» деп аталатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған һижраның 4-жылы үйленген. Зәйнәб Пайғамбармен (с.а.с.) екі немесе үш ай ғана тұрмыс құрып, өмірден озған.

6. Умму Сәләмә Һинд бинт Әбу Умәййә. Умму Сәләмә бұрын Пайғамбарымыздың (с.а.с.) таңдаулы сахабаларының бірі Әбу Сәләмә Абдуллаһ ибн Абдуләсәд әл-Махзумиге тұрмысқа шыққан. Күйеуі Әбу Сәләмә һижраның 4-жылы жумәдә әл-ахира айында дүниемен қош айтысқан соң, Һинд сол жылы шәууәл айында Пайғамбарымызбен (с.а.с.) отау құрған.

7. Зәйнәб бинт Жахш ибн Риаб. Ол – құрайыш тайпасының бәну әсәд ибн хузайма руының тумасы әрі Пайғамбарымыз (с.а.с.) әкесінің әпкесі Умәйма бинт Абдулмутталибтің қызы. Зәйнәбтің алғашқы жұбайлық өмірі баянды болмаған. Ол Аллаһ елшісіне (с.а.с.) пайғамбарлық міндет жүктелмей тұрғанда оның өкіл баласы атанған Зәйд ибн Харисаға тұрмысқа шыққан-ды. Зәйд әйелімен жараспастан ажырасып, Аллаһ тағала **«Зәйд одан қажетін бітірген** (онымен айырылысқан) **кезде, иман келтіргендерде бала етіп алған балалары әйелдерінен қажетін бітірсе, оларға** (үйленуге)

қатысты қысылу болмауы үшін сені оған (Зәйнәбқа) **үйлендірдік»**[1] деген аятын түсіргеннен кейін, Пайғамбарымыз (с.а.с.) һижраның 5-жылы зул-қағда айында осы өкіл баласымен ажырасқан Зәйнәбқа үйленген. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Зәйнәбқа үйленген кезде, «Ахзаб» сүресінің өкіл балаларға қатысты үкімдерді түсіндірген бірнеше аяттары түскен. Бұл тақырыпқа әлі ораламыз.

8. Жуәйрия бинт Харис. Мұсылмандар мусталиқ тайпасын бағындырғанда, тұтқындағы әйелдер арасында мусталиқ тайпасының көсемі Харис ибн Әбу Дирардың қызы Жуәйрия болған еді. Ол Сәбит ибн Қайстың үлесіне тиген болатын. Жуәйрия одан өзін босатуды сұрап, Сәбит ибн Қайс оның бостандығы үшін құн талап етеді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сәбитке Жуәйрияның азаттығы үшін сұраған құнын төлеп, оны тұтқыннан босатқан және оны өз некесіне алған. Бұл һижраның 6-жылы шағбан айы еді.

9. Рамлә бинт Әбу Суфйан. Ол Хабиба деген қызы болғандықтан, Умму Хабиба деп те аталған. Умму Хабиба алғашында Ғұбайдуллаһ ибн Жахш әл-Әсәдиге тұрмысқа шыққан. Күйеуі екеуі бірге Исламды қабылдап, Эфиопияға қоныс аударады. Күйеуі Ғұбайдуллаһ бөтен жерде діннен шығып, христиандықты қабылдайды және сол жақта христиан күйінде қайтыс болады. Ал Рамлә өз сенімінде берік тұрады. Кейін һижраның 7-жылы мухаррам айында Аллаһ елшісі (с.а.с.) Амр ибн Умәййә әд-Дамриді Эфиопия патшасы Нәжәшиге жазған хатын апару үшін жібергенде, Нәжәши Пайғамбарымыздың (с.а.с.) атынан Рамләға құда түсіп, оны Аллаһ елшісіне (с.а.с.) Эфиопия жерінде күйеуге ұзатқан және мүміндердің жаңа анасын Шурахбил ибн Хасанамен бірге Мәдинаға аттандырған.

10. Сафия бинт Хаййай ибн Ахтаб. Сафия Яғқуб пайғамбардан тараған бәну надир тайпасынан еді. Ол һижраның 7-жылы Хайбар жорығында тұтқынға түскенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) оны Хайбар жеңісінен кейін азат етіп, оған үйленген.

11. Мәймуна бинт Харис. Ол Аббас ибн Абдулмутталибтің әйелі Уммул-Фадл Лубәбә бинт Харистің сіңлісі еді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған һижраның 7-жылы зул-қағда айында Худайбия келісімінен кейінгі жылдағы умрасын өтеп, ихрамнан шыққан соң, қайтар жолында Сариф дейтін жерде үйленген.

Әйелдерінен бөлек Аллаһ елшісінің (с.а.с.) екі күңі болған. Біреуі – Мысыр патшасы Муқауқис сыйлаған Мария әл-Қыбтия. Пайғамбардың (с.а.с.) кенже ұлы Ибраһим осы күңінен туған. Ибраһим Мәдинада кішкентай кезінде һижраның 10-жылы шәууәл айының жиырма сегізі

[1] «Ахзаб» сүресі, 37-аят.

немесе жиырма тоғызында (миләди 632-жылдың 27-қаңтары) қайтыс болған. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оның қазасына қатты қайғырған.

Екіншісі – Райхана бинт Зәйд ән-Надария немесе әл-Құразия. Ол құрайза тайпасы тұтқындарының бірі еді, Пайғамбар (с.а.с.) оны өзіне күңдікке алған. «Аллаһ елшісі (с.а.с.) оны азат етіп, оған үйленген» деген де хабар бар.

Әбу Ғұбайда Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тағы екі күңі болғанын айтқан. Біреуі – жорықтардың бірінде тұтқынға түскен Жәмила, екіншісі – Зәйнәб бинт Жахш сыйлаған күңі.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өміріне үңілген адам оның ғұмырының соңында, жалынды жігіттік шағының отыз жылға жуығын, күш-қуатының ең тасыған күндерін кексе тартып, қартайып қалған жалғыз әйелі Хадишамен, одан соң да әрі тайған кәрі әйел Сәудәмен шектеліп өткізгеннен кейін, осынша көп әйелге үйленуі нәпсіқұмарлықтан емес, басқа маңызды мақсаттарға орай жасалғандығын жақсы түсінеді.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Айша мен Хафсаға үйленіп, Әбу Бәкір мен Омарды қайната етуі, қызы Фатиманы Әли ибн Әбу Талибке ұзатуы, Осман ибн Аффанға алдымен Руқаййәны, Руқаййә қайтыс болған соң Умму Кулсумді тұрмысқа беруі оның бұл арқылы осы төрт кісімен байланыстарын нығайтуды көздегенін аңдатады. Бұл төртеуі Аллаһ елшісінің (с.а.с.) басына түскен және ол, Аллаһтың қалауымен, аман-есен өткерген қиыншылықтарда сыннан өтіп, Ислам үшін жандарын қиятындығы белгілі болған-ды.

Арабтардың әдет-ғұрпында құдандалықты құрметтеу бар еді. Құдаласу оларда түрлі руларды жақындастыратын себептердің бірі ретінде қызмет атқаратын. Арабтар құдаларымен жауласуды, соғысуды өздеріне айып көретін, ар санайтын. Осыған орай Аллаһ елшісі (с.а.с.) мүміндердің бірнеше анасына үйленуі арқылы олар шыққан тайпалардың Исламға деген дұшпандық ызасын тұншықтыруды, жеккөрушіліктерінің уытын басуды қалаған. Мысалы, Умму Сәләмә Әбу Жәһл мен Халид ибн Уәлидтің руы бәну махзумның қызы еді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған үйленген соң, Халид мұсылмандарға Ухудтағыдай қатаң қимылын қайталаған жоқ, керісінше, көп ұзамай өз еркімен Исламды қабылдады. Сол сияқты Әбу Суфйан да қызы Умму Хабиба Аллаһ елшісімен (с.а.с.) отау құрған соң, мұсылмандармен ешқандай соғысқа бармаған. Сондай-ақ Пайғамбар (с.а.с.) Жуәйрия мен Сафияға үйленгеннен кейін бәну мусталиқ және бәну надир тайпаларының да ешқандай арандатушылық және дұшпандық әрекеттері кездеспеген. Тіпті Жуәйрия тайпаластарына пайдасы ең көп тиген әйел болып, Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл әйелге үйленген кезде сахабалар оның тайпаластарынан жүз отбасы тұтқынды «Енді бұлар – Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қайын туыстары» деп босатып жіберген. Бұл жақсылықтың жүректерге ықпалы қандайлық зор болғаны айтпаса да түсінікті.

Бәрінен маңыздысы, Пайғамбар (с.а.с.) мәдениет пен өркениет әдептерінен ештеңе білмейтін адамдарды тәрбиелеуге, оларды мәдениетке

баулуға, мәдениеттің шарттарын ұстануға, жаңа қоғамды құруға және оны күшейтуге тікелей атсалысуға бұйырылған болатын. Ал Ислам қоғамын құруға негіз болған қағидалар ер адамдардың әйелдермен араласуына рұқсат бермейтіндіктен, әйелдерді мәдениетке өз қатысуымен тікелей баулу мүмкін емес-ті. Әрі әйелдерді мәдениетке баулудың қажеттілігі ер адамдарға қарағанда артық болмаса, кем түспейтін. Сондықтан Пайғамбарда (с.а.с.) бұл мақсатты орындау үшін түрлі жастағы, әр түрлі қабілетке ие әйелдерді таңдаудан басқа жол жоқ еді. Пайғамбардың (с.а.с.) бұл әйелдерге тәлім-тәрбие беріп, шариғат заңдары мен үкімдерін үйретіп, оларды Ислам мәдениетіне баулып, дайындап, өзге әйелдерді тәрбиелеуге, олардың далалығы мен қалалығын, кәрісі мен жасын тезге салуға пайдалануы қажет болды. Сөйтіп бұл әйелдердің нұсқауларды барлық мұсылман әйелдеріне жеткізуді қамтамасыз етуі есепке алынды.

Шынында да, мүміндердің аналары адамдарға Аллаһ елшісінің (с.а.с.) үй ішіндегі жағдайларын жеткізуде үлкен орын алды. Әсіресе, олардың ішіндегі ұзақ өмір сүргендері, мысалы, Айша Пайғамбардың (с.а.с.) көптеген іс-әрекеттері мен сөздерін риуаят еткен.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) отырған бұл некелердің бірі жәһилияттың сіңісіп кеткен ғұрпы – бала тұтыну салтын жоюға бағытталды. Жәһилият кезінде арабтарда өкіл бала барлық тыйымдар мен құқықтарда адамның өз баласымен бірдей дәрежеде еді. Бұл салт жүректерге әбден сіңіп, оны өшіру оңайға соқпайтын. Алайда бұл ғұрып Исламның неке мен ажырасуға, мұрагерлікке және басқа да қатынастарға байланысты бекіткен негіздері мен ережелеріне мүлдем қайшы келетін. Әрі бұл ғұрып Ислам қоғамнан аластауды көздейтін көптеген бұзықтықтар мен арсыздықтардың туындауына себеп болатын.

Бұл ғұрыпты жою үшін Аллаһ тағала бала тұтынуды есепке алмауға нұсқау берді. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) үлкен әпкесінің қызы Зәйнәб бинт Жахш Пайғамбардың (с.а.с.) өкіл баласы Зәйд ибн Харисамен отасқан-ды. Бірақ екеуінің арасы жараспағандықтан, Зәйд әйелімен ажырасуды ойлайды. Пайғамбар (с.а.с.) егер де Зәйд әйелін талақ етсе, өзінің бала тұтыну ғұрпын жою сынағына түсуінен қорқады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл сынаққа түссе, Зәйнәбтің идда мерзімі аяқталған соң, оған үйленуіне тура келер еді. Ал бұл одақтас жаулар Аллаһ елшісі (с.а.с.) мен мұсылмандарға қарсы бас біріктіріп жатқан кез еді. Сондықтан Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұнафықтардың, мүшріктер мен яһудилердің қаңқу сөздерінен және оның иманы әлсіз мұсылмандардың жүректеріне кері ықпал тудыруынан қорқып, өзі осы сынаққа түспеу үшін, Зәйдтің әйелімен ажыраспауын қалайды.

Әрине, мұндай тартыну мен қашқақтау Аллаһ елшісі (с.а.с.) жіберілген мақсатқа мүлдем сәйкес келмейтін. Кейіннен Аллаһ тағала оны сол үшін кінәлап: «**Сол уақытта сен Аллаһ нығметке бөлеген және өзің нығметке бөлеген біреуге: «Әйеліңді өзіңде ұста, Аллаһтан қорық», – деп, Аллаһ жариялайтын** (нәрсені) **жан-дүниеңде жасыруда және адамдардан**

қорқуда едің. (Негізінде) **сенің қорқуыңа бәрінен де Аллаһ құқылы»**[1], – деді. Айша: *«Мұхаммед (с.а.с.) өзіне түсірілгеннен бір нәрсені жасыра алғанда, осы аятты жасырар еді»*, – деген.

Сөйтіп, Аллаһтың жазуымен, Зәйд әйелін талақ етті де, Зәйнәбтің идда мерзімі аяқталған соң, Аллаһ тағала елшісін (с.а.с.) оған үйлендірді. Раббысы Пайғамбарға (с.а.с.) бұл некені міндеттеп, оған ешқандай таңдау еркін қалдырмаған болатын. Аллаһ тағала бұл некені Өз басшылығына алып: **«Зәйд одан қажетін бітірген** (онымен айырылысқан) **кезде, иман келтіргендерде бала етіп алған балалары әйелдерінен қажетін бітірсе, оларға** (үйленуге) **қатысты қысылу болмауы үшін сені оған үйлендірдік. Аллаһтың әмірі орындалады»**[2], – деді. Бұл бала тұтыну ғұрпын іс арқылы жою үшін еді. Сондай-ақ Аллаһ оны сөз арқылы да жойып: **«Оларды өз әкелеріне таңып атаңдар. Аллаһтың алдында әділдікке жақыны осы. Егер олардың әкелерін білмесеңдер, онда олар діндегі бауырларың әрі жолдастарың»**[3]; **«Мұхаммед сендерден ер адамдардың ешбірінің әкесі болмады. Бірақ ол Аллаһтың елшісі әрі пайғамбарлардың соңғысы»**[4], – деді.

Халықтың санасына сіңіп, қатып қалған қаншама әдет-ғұрыптар бар, ондай ғұрыптарды жалаң сөз арқылы жою немесе өзгерту мүмкін емес, бұл үшін дағуатшы өз ісімен де үлгі көрсетуі лазым. Бұл ойды мұсылмандардың Худайбия умрасында жасаған істері айқындайды. Бұлар Ғұруа ибн Масғуд әс-Сақафи көрген, Пайғамбар (с.а.с.) түкірсе, түкірігі бір кісінің алақанына түсіп, ол дереу онымен беті мен денесін сылайтын, бұйрық берсе, оның бұйрығын орындауға асығатын, дәрет алса, дәреттен артылған суына қырылысуға шақ қалатын, ал сөйлесе, қасында дауыстарын бәсеңдетіп, құрметтеулері себепті оған тіке қарамайтын мұсылмандар еді. Бұлар сол жерде ағаш түбінде соғыс бола қалған жағдайда ешқайда қашпауға, тіпті жандарын қиюға ант берген мүміндер болатын. Олардың арасында Әбу Бәкір мен Омар сынды сахабалар еді. Алайда Аллаһ елшісі (с.а.с.) үшін жандарын қиятын бұл сахабалар шартнама бекітілген болған соң, Пайғамбар (с.а.с.) оларға орындарынан тұрып, құрбандық шалуға бұйырғанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұйрығын үш рет қайталаса да, оның бұйрығын орындау үшін олардан бірде-бір кісі орнынан тұрған жоқ. Тіпті олардан ешкім орнынан тұрмаған соң, Пайғамбарды (с.а.с.) мазасыздық билеп, толқып қалды. Сонда Аллаһ елшісіне (с.а.с.) әйелі Умму Сәләмә сыртқа шығып, олардан ешкімге дәнеме деп тіл қатпай түйелерін құрбандыққа шалуға және шашын алдыруға кеңес бергенде, сөйтіп Пайғамбар (с.а.с.) сыртқа шығып, солай жасағанда, сахабалар орындарынан тұрып құрбандық шалып, жапатармағай бірі-бірінің шашын алып, бір-бірін баса-көктеп өлтіре жаздаған болатын. Бұл оқиға

[1] «Ахзаб» сүресі, 37-аят.
[2] «Ахзаб» сүресі, 37-аят.
[3] «Ахзаб» сүресі, 5-аят.
[4] «Ахзаб» сүресі, 40-аят.

мықтап орныққан ғұрпты жоюда сөз бен істің ықпалының айырмасы қандайлық екенін анық көрсетеді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Зәйнәб бинт Жахшқа үйленген кезде, арабтардың салтындағы «кісінің өкіл баласымен тұрмыста болған әйелге үйленуіне тыйым салынады» деген көзқарасты пайдаланған мұнафықтар Аллаһ елшісіне (с.а.с.) қарсы теріс пікірлер қалыптастыру үшін, көптеген азғырулар тудырып, кең көлемде алып-қашпа өтірік сөздерін таратты. Тіпті бұл арандату сөздері иманы әлсіз мұсылмандардың қатарына да үлкен әсерін тигізді. Оның үстіне, Зәйнәб Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бесінші әйелі еді, ал Құран төрт әйелден артық алуға рұқсат етпеген. Бұған дейін мұсылмандар Пайғамбардың (с.а.с.) жеке өзіне төртеуден көп әйелге үйленуіне рұқсат берілгенін білмейтін. Осыған орай «Пайғамбардың (с.а.с.) бесінші әйелге үйленуі қалайша дұрыс болады?» деп даурықпа пікір пайда болды. Әрі Зәйдті адамдар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) баласы деп санайтын, ал келініне үйлену ең арсыз күнәлардың бірі. Соңында Аллаһ «Ахзаб» сүресінде осы екі тақырыпқа қатысты жүректердегі күмәндарды жуып-шайған бірнеше аяттарды түсірді. Осыдан кейін сахабалар бала тұтынудың Исламда ешқандай орны жоқ екенін, Аллаһ тағала мұсылман үмбетіне некесінде төрт әйелден артық ұстауға шектеу қойғанымен, Пайғамбардың (с.а.с.) жеке өзіне маңызды мақсаттарға орай, бұдан көп әйелге үйленуіне рұқсат бергенін білді.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жұбайларымен қарым-қатынасы өте көркем, сыйлы да жарасымды болды, өз кезегінде олар да арлылықтың, қанағатшылдық пен сабырлылықтың, кішіпейілділіктің және ерінің қызметін жасау мен оның алдындағы міндеттерін орындаудың ең биік сатысынан көрінді. Олар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тұрмыс-тіршілігінің кісі шыдамастай соншалық ауыр болғанын елемеді. Әнәс: *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Аллаһқа жолыққанша*[1] *жұмсақ жұқа нанды көргенін білмеймін және ол тұтас үйітілген қозыны*[2] *ешқашан көзімен көрген де емес»*, – десе[3], Айша бірде жиені Ғұруаға: *«Ей, әпкемнің ұлы! Біз жаңа туған айды, сосын* (тағы бір) *жаңа айды, екі ай ішінде үш жаңа туған айды көрсек те,* (осы уақыт ішінде) *Аллаһ елшісі (с.а.с.) үйлерінің* (ошақтарында) *от жағылмайтын»*[4], – деген. Ғұруа одан: «Уа, нағашы әпке! Сонда күнкөрістерің не еді?» – деп сұрағанда, ол: *«Екі қара: құрма мен су* (еді)», – деп жауап берген[5]. Осындай мағынадағы хабарлар өте көп.

---

[1] Яғни, өмірден өткенше.

[2] Бұл жерде ерекше бір тәсілмен дайындалған қозы еті туралы айтылған. Оны әуелі ыстық суға малып алып, жүнін сылып тазартқан соң, терісін сыпырмастан отқа қақтайтын. Тағамның мұндай түрін тек бай-бақуат адамдардың ғана қалтасы көтеретін.

[3] «Сахих әл-Бұхари» (2/956).

[4] Яғни, Пайғамбар (с.а.с.) әйелдерінің үйінде осынша уақыт ішінде ыстық тамақ пісірілмейтін.

[5] «Сахих әл-Бұхари» (2/956).

Тұрмыс-тіршіліктерінің осындай қиындығына, тарлығына қарамастан, мүміндердің аналары сынға алынатын кінәлі іс жасаған емес. Тек бір жолы ғана адами болмыстарымен әрі шариғат үкімдерінің заңдастырылуына себеп болуы үшін, осыншалықты тар тұрмыстарына қынжылыс білдіргенде, Аллаһ тағала **«Ей, Пайғамбар! Әйелдеріңе: «Егер сендер дүние тіршілігі мен оның сән-салтанатын қалайтын болсаңдар, онда бері келіңдер, сендерге пайдалануға біраз дүние берейін де, көркем түрде қоя берейін. Ал егер Аллаһты, Оның елшісін және Ақырет мекенін қалайтын болсаңдар, ақиқатында, Аллаһ сендердің араларыңдағы жақсылық істеушілерге ұлы сый әзірлеген», – деп айт»**[1] деген таңдау аятын түсірген. Сонда пәкиза аналардың қасиеттілігі сондай, олардың ешқайсысы дүние тіршілігі мен оның сән-салтанатына мойын да бұрмастан, бәрі де бірауыздан Аллаһ пен Оның елшісін таңдаған. Аллаһ оларға разы болсын!

Сондай-ақ олардың арасында көп болғандарына қарамастан, әдетте күндестердің арасында туындайтын теріс қылықтар орын алмаған. Күндестік мәселесінде олардың кейбіреуінен ғана адами болмыстарына орай, кішкене ағаттық кеткенде, Аллаһ тағала бұл үшін айыптап, «Тахрим» сүресінің алғашқы бес аятын түсірген соң, аналарымыз бұдан кейін ондайды қайталамаған.

Олар Аллаһ тағаладан **«Ей, Пайғамбардың әйелдері! Сендерден кім ашық арсыздық істесе, оған азап екі еселенеді. Бұл Аллаһқа оңай. Ал кім сендерден Аллаһқа және Оның елшісіне бойсұнса және ізгі амал істесе, оған сыйын екі дүркін береміз әрі ол үшін құрметті ризық дайындадық. Ей, Пайғамбардың әйелдері! Сендер** (басқа) **әйелдердің бірі сияқты емессіңдер. Егер Аллаһтан қорқып, сақтансаңдар, онда сөз сөйлеуде нәзіктік танытпаңдар, жүрегінде дерті бар біреу дәмеленіп қалмасын. Дұрыс сөз сөйлеңдер. Үйлеріңде отырыңдар және алдыңғы жәһилият кезіндегідей көріктеріңді көрсетпеңдер. Намазды орындаңдар, зекетті беріңдер және Аллаһқа әрі Оның елшісіне бойсұныңдар.** (Ей, Пайғамбар) **үйінің мүшелері! Аллаһ сендерден жамандықты кетіруді және сендерді толық тазартуды ғана қалайды. Аллаһтың аяттары мен даналықтан үйлеріңде оқылғанды естеріңе алыңдар. Ақиқатында, Аллаһ – аса Қырағы, бәрінен Хабардар»**[2] деген бір-бірімен жалғасқан нұсқау-бұйрықтар алған және пәкиза аналарымыз осы берекелі жүкті абыроймен арқалап өткен.

[1] «Ахзаб» сүресі, 28-29 аяттар.
[2] «Ахзаб» сүресі, 30-34 аяттар.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сипаттары

Аллаһ елшісі (с.а.с.) тұлғасының кемелдігімен де, мінез-құлқының кемелдігімен де ерекшеленетін, мұны сөзбен баяндап жеткізу мүмкін емес. Оның маңайындағыларға ықпалы сондай, жүректерді оған деген құрмет кернейтін, адамдар оны қорғау үшін жандарын қиятын, оны төбелеріне көтеретін. Әлемде одан өзге мұндай құрметке ие болған адам баласы жоқ. Пайғамбармен (с.а.с.) қарым-қатынаста болған жандар оны құлай сүйіп, оған бір тырнақ тиюінен өздерінің бастары мылжалануын артық көретін, оның табанына кірген тікен өздерінің маңдайларына қадалуын қалайтын. Маңайындағылардың оған деген мұншалықты сүйіспеншіліктерінің себебі, Аллаһ елшісіндей (с.а.с.) адамдарды баурап алар кемел сипаттарға ешбір адам баласы ие болған емес. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сұлулығы мен кемелдігін баяндаған риуаяттардың барлығын түгел ұсыну мүмкін болмаса да, Аллаһтың жәрдемімен, төменде солардың біршамасын келтіріп, оқырманның жадына ұлы тұлғаның (с.а.с.) бейнесін көрсетуге тырысамыз.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тұлғалық сұлулығы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға қоныс аудару сапарында Умму Мағбад әл-Хузағия деген әйелдің шатырының жанынан өткен еді. Кейін ол күйеуіне Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тамаша сипаттарын тыңдаған жан оны көріп тұрғандай, көркем сөздермен: «Керемет сұлу, жүзі нұрлы, сымбатты, мес қарын да емес, қушық бас та емес, келбетті, қара көзді, кірпіктері ұзын, даусы сәл қырналып шығатын, мойны ұзын, көздері мөп-мөлдір, қабағына сүрме жағылғандай, керілген жіңішке қастары бір-біріне қосылған, шашы қап-қара, үнсіз кезде байсалды, сөйлегенде жайнап сала беретін, алыстан қарасаң адамдардың ең сұлуы, жақыннан қарасаң ең сүйкімдісі, сөздері шырын, анық, аз да, көп те сөйлемейтін, сөздері тізілген моншақтан төгілген маржандай, көрген адам қысқалығынан да, ұзындығынан да жерімейтін орта бойлы төртпақ. Оның жанында екі адам болды, үшеуінің ішіндегі ең көріктісі әрі ең құрметтісі сол, оны айнала қоршап жүретін серіктері бар, ол сөйлесе, серіктері сөзін тыңдайды, бұйрық берсе, бұйрығын орындауға асығады, жолдастары қызметін жасауға дайын, маңына адамдар үймелеген, түрі түнерулі емес, мәмілесі жақсы», – деп сипаттаған[1].

Әли ибн Әбу Талиб Аллаһ елшісін (с.а.с.) сипаттап: *«Ол тым ұзын да, тым қысқа да емес, адамдардың орта бойлысы, шашы тым бұйра да, жатық та емес, толқын шашты, беті семіз де, томпақ та емес, дөңгелекше жүзді, қызыл шырай араласқан ақ реңді, қара көзді, кірпіктері ұзын, жіліктерінің бастары үлкен, жауырыны кең, кіндігінен кеудесіне бойлай өскен түгі жіңішке, денесі жүн қаптамаған жылтыр, саусақтары мен башпайлары жуан, жүргенде төменге түсіп келе жатқандай*

[1] «Әл-Муъжам әл-кәбир» (4/48).

аяқтарын көтере басатын, бұрылғанда бүкіл денесімен бұрылатын, екі жауырынының ортасында пайғамбарлардың соңғысы екенін айғақтайтын пайғамбарлық мөрі бар, адамдардың ішінде алақаны ең ашық, жүрегі ең батыл, сөзі ең шыншыл, уәдеде ең берік, табиғаты ең жұмсақ, қарым-қатынасы ең сыйлы, бірден көрген адамды мысы басатын, танып-біліп араласқан адам ұнатып қалатын, оны сипаттаушы адам: «Мұндай кісіні (с.а.с.) бұрын-соңды көрмегенмін», – дейтін жан еді», – деген[1].

Келесі бір риуаятта Әли: *«Ол басы үлкен, жіліктерінің бастары үлкен, кіндігінен кеудесіне бойлай өскен түктерінің жолағы ұзын, жүргенде төменге түсіп келе жатқандай алдыға итініп жүретін кісі еді»*, – деп сипаттаған[2].

Жәбир ибн Сәмура: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) кең ауыздыы[3], көзінің ағында қызғылт түс бар[4], өкшесі арық* (кісі) *болатын»*, – десе, Әбу Туфайл: *«Ол ақ* (жүзді)*, сұлу, орта денелі* (кісі) *еді»*, – деп айтқан[5].

Әнәс ибн Мәлик Аллаһ елшісін (с.а.с.): *«Алақаны жалпақ, тым аппақ та, қараторы да емес, қызыл шырайлы ақ реңді, өмірден озғанында, оның басындағы және сақалындағы ақ талы жиырмаға да жетпейтін»[6]*;

«Ақ (түктер) *оның екі самайында және басында әр-әр жерде ғана болатын»[7]*;

Әбу Жухайфа: *«Мен оның төменгі ернінің астынан – иек сақалынан ақ* (түктер) *көрдім»[8]*;

Абдуллаһ ибн Буср: *«Оның иек сақалында бірнеше ақ талдар бар еді»[9]*;

Бара ибн Азиб: *«Пайғамбар (с.а.с.) төртпақ, екі иығы арасы алшақ еді, шашы құлағының сырғалығына дейін түсіп тұратын.* (Бір күні) *мен оны қызыл киімде көрдім, мен ол* (кісіден) *сұлу ешкімді көрген емеспін»*, – деп сипаттаған[10].

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) кезінде кітап түскен дін өкілдері шаштарын маңдайларына тастайтын, ал мүшріктер шаштарын екі айырып тарайтын еді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзіне Аллаһтан ешқандай бұйрық келмеген істе кітап түскен дін өкілдеріне сай істегенді ұнататын. Сондықтан Аллаһ елшісі

---

[1] Ибн Һишам (1/401-402), «Жамиъ әт-Тирмизи» түсіндірмесі «Тухфат әл-ахуази» кітабымен бірге (4/303).

[2] «Жамиъ әт-Тирмизи» түсіндірмесі «Тухфат әл-ахуази» кітабымен бірге (4/303).

[3] Арабтарда үлкен ауыз мақтаулы, ал ауыздың кішкентай болуы ұнамсыз сипат саналатын.

[4] Арабтар көздің ағында қызғылт реңк болуына да мақтаулы сипат ретінде қарайтын.

[5] «Сахих Муслим» (2/258).

[6] «Сахих әл-Бұхари» (1/502).

[7] «Сахих әл-Бұхари» (1,502), «Сахих Муслим» (2/259).

[8] «Сахих әл-Бұхари» (1/501-502).

[9] «Сахих әл-Бұхари» (1/502).

[10] «Сахих әл-Бұхари» (1/502).

(с.а.с.) алғашқыда маңдай шашын алдына тастайтын, бірақ ол кейіннен шашын екі айырып тарайтын болды[1].

Бара: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) адамдардың ең келбеттісі және ең мінез-құлқы жақсысы еді»*, – деген[2].

Жәбир ибн Сәмурадан бір кісі: «Оның жүзі қылыштай ма еді?» – деп сұрағанда, ол: *«Жоқ, керісінше күн мен айдай және домалақ* (жүзді) *болатын[3]»*, – деп жауап берген[4].

Рабиғ бинт Муғауииз: *«Егер де оны көргеніңде, шыққан күнді көргендей болар едің»*[5];

Жәбир ибн Сәмура: *«Мен оны бір жарық түнде көргенімде, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) бір, айға бір қарай бастадым. Пайғамбардың (с.а.с.) үстінде қызыл хулла[6] бар еді, ол маған айдан да сұлу болып көрінді»*[7];

Әбу Һурайра: *«Аллаһ елшісінен (с.а.с.) көрікті ештеңені көрген емеспін, оның жүзінде күн сәулесін шашып тұрғандай болатын және Аллаһ елшісінен (с.а.с.) жылдам жүретін ешкімді көрмегенмін, оған жер тартылып жатқандай болатын, біз* (оған жету үшін) *бар күшімізді салатынбыз, ал ол жайбарақат жүре беретін»*[8];

Кағб ибн Мәлик: *«Ол қуанғанда, жүзі ай кесегіндей нұрланып кететін»*, – деген[9].

Бірде Пайғамбар (с.а.с.) Айшаның жанында отырып терлегенде, беті жылтырап, сұлуланып кетеді. Сонда Айша Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бұл көрінісін ақын Әбу Кәбир әл-Һузәлидің:

«Қашан оның дидарына қарасаң,

жарқылдайды жасындай бұлт ішінде ойнаған» деген сөзіне теңеген[10].

Әбу Бәкір Аллаһ елшісін (с.а.с.) көрсе:

---

[1] «Сахих әл-Бұхари» (1/503).

[2] «Сахих әл-Бұхари» (1/502), «Сахих Муслим» (2/258).

[3] Сұрақ қойған кісі: «Оның жүзі қылыштай ма еді?» деп «ол сопақ жүзді ме еді?» деген мағынаны меңзеген болуы мүмкін. Бара оған керісінше, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жүзі күн мен айдай, дөңгелекше домалақ жүзді болғанын хабарлаған. Бәлкім, ол «Пайғамбардың (с.а.с.) жүзі қылыштай жарқылдап тұратын ба еді?» деген мағынаны меңзеген болуы да ықтимал. Онда Бара Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жүзі одан да жарық болғанын аңдатып: *«керісінше, күн мен айдай еді»*, – деп жауап берген (қ.: «Фатх әл-Бәри»).

[4] «Сахих Муслим (2/259), «Сахих әл-Бұхари» (1/502).

[5] Мұны әд-Дарими риуаят еткен («Мишкәт әл-масабих» (2/517)).

[6] Хулла – біреуі дененің белден төменгі, біреуі белден жоғарғы бөлігін жабатын, бірыңғай екі киімнен тұратын киім үлгісі.

[7] Мұны әт-Тирмизи «әш-Шәмәил» кітабында (2-бет) және әд-Дарими риуаят еткен («Мишкәт әл-масабих» (2/518)).

[8] «Жамиъ әт-Тирмизи» түсіндірмесі «Тухфат әл-ахуази» кітабымен бірге (4/306), «Мишкәт әл-масабих» (2/518).

[9] «Сахих әл-Бұхари» (1/502).

[10] «Мулаххас тәһзиб тарих Димашқ» (1/325).

«Сенімді де таңдаулы, жақсылықпен шақырар,
жарығындай толған айдың құған қара түнекті», – деп өлеңдететін[1].

Омар ақын Зуһайрдің:

«Егер де сен адамзаттан өзге нәрсе болғанда,

толған айлы ақ түндегі жарық көзі болар ең» деген өлеңін оқып: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) осындай еді»*, – дейтін[2].

Пайғамбар (с.а.с.) ашуланғанда, беті екі самайына анар дәндері сығылғандай қызарып кететін[3].

Жәбир ибн Сәмура: *«Оның балтырлары жіңішке еді, күлгенде езу тартып қана күлетін, оған қарасаң, көздеріне сүрме жағылмаса да, сүрме жағылған деп айтасың»*[4];

Ибн Аббас: *«Оның алдыңғы екі күрек тісінің арасы ашыңқы еді, сөйлегенінде мұнысы күрек тістерінің арасынан шыққан нұрдай болып көрінетін»*, – деген[5].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мойны суреттің мойнындай, күмістей таза, кірпіктері ұзын әрі қайрылып тұратын, сақалы қалың, маңдайы кең, арасы қосылмаған жіңішке қастары керілген, бүркіт мұрынды, самай беттері жатыңқы, кіндігінен кеудесінің жоғарғы жағына дейін бойлай өскен түктері қамыстай созылған, қарны мен кеудесін бұдан өзге жүн қаптамаған, білектері мен иықтары жүнді, қарны мен кеудесі бірдей, кеудесі тегіс әрі кең, білектері ұзын, алақаны жалпақ, қол-аяқтары түп-түзу, табанының ішкі жағындағы ойығы биік, саусақтары ұзын еді, ол жүргенде аяқтарын көтере басатын, алдыға итіне қадамдайтын және ақырын нық басып жүретін[6].

Әнәс: *«Мен Пайғамбардың (с.а.с.) алақанынан жұмсақ жібек не шәйі* (матаны) *ұстап көрген емеспін және Пайғамбардың (с.а.с.) иісінен* (немесе *хош иісінен*) *жағымды иіс* (немесе *хош иіс*) *иіскеген емеспін»*; Тағы бір риуаятта: *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) иісінен хош иісті миск не анбар иіскеген емеспін»*[7];

Әбу Жухайфа: *«Мен оның қолын алып, бетіме басып едім,* (қолдары) *қардан да мұздай әрі мисктен де хош иісті екен»*[8];

Жәбир ибн Сәмура бала кезіндегі оқиғаны әңгімелеп: *«Ол менің самайымнан сипады. Сонда оның қолынан салқындық немесе иіссу сатушының қобдиынан шығарғандай хош иіс сездім»*[9];

Әнәс: *«Оның тері маржандай еді»*; *«*(Бірде) *бізге Пайғамбар (с.а.с.) кіріп,* (үйімізде) *түскі ұйқыға жатты. Ол* (ұйқыда жатып) *терледі. Анам*

---

[1] «Хуласат әс-сиәр» (20-бет).
[2] «Хуласат әс-сиәр» (20-бет).
[3] Мұны әт-Тирмизи риуаят еткен (2/35), «Мишкәт әл-масабих» (1/22).
[4] «Жамиъ әт-Тирмизи» түсіндірмесі «Тухфат әл-ахуази» кітабымен бірге (4/306).
[5] Мұны әд-Дарими риуаят еткен («Мишкәт әл-масабих» (2/518)).
[6] «Хуласат әс-сиәр» (19-20 беттер).
[7] «Сахих әл-Бұхари» (1/503), «Сахих Муслим» (2/257).
[8] «Сахих әл-Бұхари» (1/502).
[9] «Сахих Муслим» (2/256).

бір шыны ыдыс әкеліп, терді соның ішіне сығып алуға кірісті. Пайғамбар (с.а.с.) оянып: ***«Ей, Умму Суләйм! Бұл істеп жатқаның не?»*** *– деп* (сұрады. Сонда анам)*: «Бұл – сенің терің, біз оны иіссуымызға қосамыз, ол иіссулардың ең хош иістісі», – деді»*[1];

Жәбир: *«Ол бір жолмен өтіп, оның артынан біреу* (сол жолмен) *жүрсе, терінің хош иісі* (қалып қоятындықтан, бұл жолмен Пайғамбардың (с.а.с.)) *жүргенін әлбетте білетін»*, – деген[2].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) екі жауырыны арасында көлемі көгершіннің жұмыртқасындай, түсі денесінің түсіне ұқсайтын, сол жауырынының жоғарғы тұсында көрінісі жұмылған жұдырық тәрізді, беткі бөлігін сүйелдерге ұқсайтын меңдер қаптаған пайғамбарлық мөрі бар еді[3].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) шешендігі

Пайғамбар (с.а.с.) тілінің шешендігімен, сөздерін жүректерге жеткізе сөйлеу қабілетімен ерекшеленетін. Ол бұл тұрғыда артықша қасиетке, елеулі орынға ие еді. Ол анық тілмен, шешен сөздермен сөйлеп, айна-қатесіз мағыналарды жеткізетін. Пайғамбар (с.а.с.) сөз қумайтын, қиын тіркестерді іздемейтін, көбіне ұғымға жеңіл сөздермен сөйлейтін. Оған аз сөзбен көп мағынаны қамту қабілеті дарыған еді әрі ол теңдессіз даналықтарымен ерекшеленетін. Аллаһ елшісі (с.а.с.) арабтардың тілдерін жетік білетін, әрбір тайпамен өз тілдерінде сөйлесетін. Ол далалықтардың мықты да шешен тілі мен қалалықтардың анық та көркем тілін қатар меңгерген-ді әрі оны Раббысы Өзінің уахиларымен қолдады.

Айша: *«Негізінде, Пайғамбар (с.а.с.) сөйлегенде, біреу* (оның сөзін) *санамақ болса, санай алар еді»*, – деген[4].

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көркем мінез-құлықтары

Аллаһ тағала: **«Расында, сен ұлы мінезге иесің»**[5], – деген.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) мінез-құлқы туралы Айша: *«Оның мінез-құлқы Құран еді»*, – деген[6]. Мұның мағынасы: Пайғамбар (с.а.с.) өз-өзін Құран бұйрықтарын бұлжытпай орындауға және оның тыйымдарынан үзілді-кесілді бас тартуға міндеттейтін. Құранда құпталған істерге разы болып, Құранда теріске шығарылған істер үшін ашуланатын. Осылай Аллаһ тағаланың бұйрықтарына бағыну оның мінез-құлқына, табиғи болмысына айналды.

---

[1] «Сахих Муслим» (2/256).
[2] Мұны әд-Дарими риуаят еткен («Мишкәт әл-масабих» (2/517)).
[3] «Сахих Муслим» (2/259-260).
[4] «Сахих әл-Бұхари» (3303-хадис), «Сахих Муслим» (5325-хадис).
[5] «Қалам» сүресі, 4-аят.
[6] «Муснәд Ахмад» (23460, 24139, 24629-хадистер).

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) мінезі мінез-құлықтардың ең абыройлысы, ең құрметтісі, ең игісі әрі ең ұлысы болатын. Ол адамдарды көркем мінез-құлыққа өзі үлгі бола жүріп үндеген. Аллаһ елшісі (с.а.с.) үмбетіне мәңгілік өнеге көзі – қысқа да нұсқа өсиеттер мұрасын қалдырып:

– ***«Сендердің ең жақсыларың – мінез-құлқы жақсыларың»***[1];

– ***«Сендердің маған ең сүйіктілерің және Қиямет күні жаныма жақындарың – мінез-құлқы жақсыларың»***[2];

– ***«Мүміндердің ең иманы толығы – мінез-құлқы жақсысы. Сондай-ақ сендердің ең жақсыларың – отбасына*** (әйеліне) ***жақсыларың»***[3];

– ***«Расында, мүмін көркем мінез-құлық арқылы ораза тұтушы мен намаз оқушының дәрежесіне жете алады»***[4];

– ***«Қиямет күні мүміннің таразысында көркем мінез-құлықтан ауыр ештеңе болмайды»***[5];

– ***«Мен жақсы мінез-құлықтарды толықтыру үшін жіберілдім»***[6], – деген.

Пайғамбарға (с.а.с.) адамдарды жаннатқа ең көп кіргізетін амал туралы сұрақ қойғанда: ***«Аллаһтан қорқу және жақсы мінез-құлық»***, – деп жауап берген[7].

Пайғамбар (с.а.с.) Раббысына көркем мінез-құлық сұрап:

– ***«Уа, Аллаһ! Мені ең жақсы амалдарға және ең жақсы мінез-құлыққа баста. Олардың жақсыларына Сен ғана бастайсың. Сондай-ақ мені жаман амалдар мен жаман мінез-құлықтан сақта. Олардың жамандарынан Сен ғана сақтайсың»***[8];

– ***«Уа, Аллаһ! Өзіңнен теріс мінез-құлықтардан,*** (теріс) ***іс-амалдардан,*** (теріс) ***сезімдерден пана сұраймын»***[9];

– ***«Уа, Аллаһ! Жаратылысымды көркем еткеніңдей мінез-құлқымды да көркем ет»***[10], – деп дұға қылатын.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көркем мінез-құлық сұраған дұғаларын көптеп келтіруге болады.

---

[1] «Сахих әл-Бұхари» (5569-хадис).
[2] «Жамиъ әт-Тирмизи» (1941-хадис).
[3] «Жамиъ әт-Тирмизи» (1082-хадис).
[4] «Сунән Әбу Дауд» (4165-хадис). Яғни адамдарға көркем мінез-құлық танытатын мүмін-мұсылман нәпіл ораза тұтатын және түнде таһажжуд намазын оқитын адамның дәрежесіне қол жеткізе алады. Бәлкім оның дәрежесі бұдан да асып түсуі мүмкін.
[5] «Жамиъ әт-Тирмизи» (1926-хадис).
[6] Имам Мәликтің «Муатта» кітабы (2/904).
[7] «Жамиъ әт-Тирмизи» (1927-хадис), «Сунән Ибн Мәжәһ» (4236-хадис).
[8] «Сунән ән-Нәсәи» (886-хадис).
[9] «Жамиъ әт-Тирмизи» (3515-хадис).
[10] «Муснәд Ахмад» (3632, 24064-хадистер).

Пайғамбардың (с.а.с.) сабырлылығы

Ұстамдылық пен төзімділік және қиындықтарға сабыр ету Аллаһ тағала оған сіңірген сипаттар еді. Раббысы: **«Сабыр ет. Сабырың Аллаһпен ғана. Оларға бола қайғырма және олардың жасайтын қулықтарынан тарығуға түспе»**[1]; **«Олардың айтқандарына сабыр ет»**[2]; **«Елшілерден табандылыққа ие болғандар сабыр еткендей сабыр ет»**[3]; **«Көркем сабыр»**[4], – деп, оны сабырлылыққа бұйырды, ал ол ең сабырлы адамдардан болды. Сабыр мәселесінде «Сүрінбейтін тұяқ жоқ» деген мәтел Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жүрмейтін, адамдардың ренжітулері оның сабырлылығын, надандардың шектен шығулары ұстамдылығын арттыра түсетін. Пайғамбарымыздай (с.а.с.) қиындық көрген адам баласы аз. Ол жетімдікке, жоқшылыққа, аштыққа, шаршауға, күншілдікке, дұшпандардың озбырлығы мен табасына төзді. Отаннан бездірілуге, елден қуылуға, жақын туыстары мен сүйікті ізбасарларының өліміне, көргенсіздердің надандығына, яһудилердің қулық-сұмдығына, мұнафықтардың кесапатына сабыр қылды.

Пайғамбар (с.а.с.) дағуат жолында бәріне шыдады. Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) Аллаһтың дініне шақырудан тыю қадамдарында құрайыштардың жасаған қаскөйлік әрекеттерін баяндаған тақырыпта Абдуллаһ ибн Масғудтан (Аллаһ оған разы болсын) келтірілген әңгімені еске түсірейікші: Аллаһ елшісі (с.а.с.) Қағбада намаз оқып, сәждеге барған кезінде меккелік мүшріктер оны бір күн бұрын сойылған түйенің ішек-қарны, қан-жынымен бастырып қояды. Сөйтіп барлығы Пайғамбарды (с.а.с.) әжуалап күледі. Ибн Масғуд: *«Егер менде* (мүшріктерге) *қарсы тұрар қауқар болғанда Аллаһ елшісінің (с.а.с.) үстінен оны алып тастар едім»*, – деп қынжылған. Пайғамбар (с.а.с.) сәждеден басын көтере алмай сол қалпында, біреу барып қызы Фатимаға хабар беріп, ол келіп үстінен түйенің қан-жыны мен ішек-қарнын алып тастағанша жатқан[5].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Таифтағы сақиф тайпасынан дағуат жолында жәрдем сұрап барғанда, олардың көмектесуден бас тартып, оны есерсоқтарына таспен атқызғанын есімізге алайықшы: Олардан бас сауғалап қашқан Пайғамбар (с.а.с.) рабиға әулетінің бағына келіп паналады. Оның мүбәрак аяқтарынан қан сорғалады. Ол бір жүзім ағашына арқасын сүйеп тұрып Раббысына: ***«Уа, Аллаһ! Өзіңе күшімнің әлсіздігінен, айла-шарамның аздығынан және адамдарға қорлығымнан шағым жасаймын. Уа, рақымдылардың Рақымдысы! Сен – әлсіздердің Раббысысың әрі менің Раббымсың. Мені кімге тапсырасың?! Жақтырмайтын жатқа ма әлде ісімнің билігін беріп дұшпанға ма? Маған ашулы болмасаң,*** (көрген

[1] «Нахл» сүресі, 127-аят.
[2] «Taha» сүресі, 130-аят.
[3] «Ахқаф» сүресі, 35-аят.
[4] «Юсуф» сүресі, 18-аят.
[5] «Сахих әл-Бұхари» (233-хадис), «Сахих Муслим» (3349-3351 хадистер).

қиындығыма) ***көңіл де аудармаймын, бірақ Сенің амандығың мен үшін кеңірек. Ол үшін қараңғылықтар арайланған, дүние мен Ақыреттің ісі түзелген жүзіңнің нұрымен маған ашуыңның түсуінен пана сұраймын. Риза болуың үшін Саған шағым айтамын. Сенікінен өзге күш те, қуат та жоқ»***, – деп дұға жасады[1].

Айша анамыз Аллаһ елшісінен (с.а.с.): *«Сен үшін Ухуд күнінен ауыр күн болды ма?»* – деп сұраған. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Ухуд шайқасында күрек тісі сынып, басы жарылып қанға малынып қайтқан-ды. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Сенің қауымыңнан[2] мен көресімді көрдім. Олардан көргенімнің ең ауыры – Ақаба[3] күні.*** (Сол күні) ***Ибн Абдуялил ибн Абдукулəлға өзіме*** (ілесуді) ***ұсынғанымда, ол менің өтінішіме жауап қатпады. Сонда мен жүзім салыңқы қайтып, Қарн əс-Сағалибқа[4] жеткенше өз-өзіме келе алмадым. Басымды көтерсем, мені бір бұлт көлеңкелеп тұр екен, қарасам, оның ішінде Жəбірейіл тұр. Ол маған: «Расында, Аллаһ қауымыңның саған айтқанын және қайтарған жауабын естіді де, оларға қатысты қалағаныңды бұйыруың үшін Аллаһ саған таулар періштесін жіберді», – деп үн қатты. Сонда таулар періштесі тіл қатып, менімен сəлемдесті де, сосын: «Ей, Мұхаммед! Қалағаныңды*** (бұйыр)***, егер қаласаң олардың үстіне Ахшабайнды[5] төңкеремін!» – деді»***, – деп айтқан.

Бірақ Пайғамбар (с.а.с.): ***«Керісінше, Аллаһ тағала олардың үрім-бұтағынан Аллаһ тағаланың жалғыз Өзіне, ештеңені серік қоспай ғибадат ететіндерді шығаруын үміт етемін»***, – деген[6].

Бірде Аллаһ елшісі (с.а.с.) адамдарға үлес ажыратқанда, бір мәдиналық кісі Пайғамбарымыздың (с.а.с.) артынан: «Мына үлеспен Аллаһтың дидары көзделген жоқ» деген сөз айтады[7]. Абдуллаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) бұл сөзді Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жеткізгенде, ол кісінің реңі бұзылып: ***«Аллаһ Мұсаға рақым етсін. Ол бұдан да көп ренжітілгенде де сабыр еткен»***, – деген[8].

Сондай-ақ ол кісі сахабаларын да ұдайы сабырлылыққа шақырып: ***«Адамдармен араласып, олардың қылықтарына төзген мүмін адамдармен араласып, олардың қылықтарына төзбеген мүміннен жақсы»***, – дейтін[9].

Хаббаб ибн Арат (Аллаһ оған разы болсын): *«Біз шекпенін жастанып Қағбаның саясында жатқан Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп:*

---

[1] Ибн Һишам (2/268).

[2] Яғни, құрайыштардан.

[3] Таифтың іргесіндегі мекен.

[4] Қарн əс-Сағалиб – Мекке мен Таифтың арасындағы, Меккеден бір күншілік жердегі тау. Бұл тау «Қарн əл-Мəнəзил» деп те аталады.

[5] Сол кезде Меккенің қос қапталында орналасқан екі тау.

[6] «Сахих əл-Бұхари» (2992-хадис), «Сахих Муслим» (3352-хадис).

[7] Бұл кісі үлес әділ бөлінбеді деп есептеген.

[8] «Сахих əл-Бұхари» (2917, 3153, 3990, 3991, 5599, 5635, 5817, 5861-хадистер).

[9] «Муснəд Ахмад» (4780, 22019-хадистер).

– «Аллаһтан бізге жәрдем беруін сұрамайсың ба? Біз үшін дұға қылмайсың ба?» – деп шағым айттық[1]*. Сонда ол:*

– ***«Сендерден бұрын*** (өмір сүргендердің) ***арасында кісіге***[2] (кәпірлер) ***жерден*** (шұңқыр) ***қазып, оны соған тастап, сосын ара әкеліп оның басына қойып,*** (денесін) ***екіге бөліп тастаса да бұл оны дінінен қайтара алмаған. Сондай-ақ*** (кісінің) ***етін сүйегінен*** (немесе ***жүйке*** (тамырларынан)) ***ажыратып темір тарақпен*** (терісін) ***жыртса да бұл оны дінінен қайтара алмаған. Аллаһпен ант етейін!*** (Аллаһ тағала) ***міндетті түрде бұл істі***[3] ***аяғына жеткізеді, тіпті*** (сонда) ***Санғадан Хадрамаутқа***[4] ***қарай шыққан салт атты Аллаһтан басқа ешкімнен немесе қойларына қасқыр*** (шабуынан) ***басқа ештеңеден қорықпайтын болады, бірақ сендер асығыстық жасайсыңдар»****, – деп айтты»*, – деген[5].

Ол кісі дүние аяғының астында жатса да көбіне-көп аштыққа сабыр ететін. Бір түні Аллаһ елшісі (с.а.с.) үйінен тысқа шықса, Әбу Бәкір мен Омар да (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) сыртта отыр екен. Пайғамбарымыз (с.а.с.) олардан:

– ***Сендерді мұндай мезгілде үйлеріңнен шығарған не жағдай?*** – деп сұрады. Олар:

– *Аштық, уа, Аллаһтың елшісі!* – деді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.):

– ***Жаным қолында болған*** (Аллаһ)***пен ант етейін, мені де сендерді шығарған жағдай тысқа шығарды****,* – деді.

Сосын Аллаһ елшісі (с.а.с.) ол екеуін ертіп алып мәдиналық Әбул-Һайсам Мәлик ибн Тайиһан деген кісінің үйіне барды. Әбул-Һайсам:

– *Ата-анам жолыңда құрбан болсын, уа, Аллаһтың елшісі! Аллаһқа мақтау болсын, бүгін мен сияқты қонақтарымен құрметті ешкім жоқ,* – деп оларды ішке кіргізіп отырғызып, өзі жүгіріп барып піскені де, піспегені де бар бір құрма бұтағын алып келіп:

– *Мынадан жей тұрыңыздар,* – деді. Сосын пышағын алып қой союға шықпақ болды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) оған:

– ***Сауын қойларыңды союшы болма****,* – деп ескертті.

Сөйтіп Әбул-Һайсам қой сойып, ас дайындап әкелді. Олар құрма, сосын ет жеп қарындарын тойғызды. Сол кезде Пайғамбарымыз (с.а.с.) Әбу Бәкір мен Омарға қарап:

---

[1] Олар мүшріктер тарабынан жасалып жатқан зорлық-зомбылыққа қатысты шағымданған еді.

[2] Яғни мүмінге.

[3] Бұл жерде Ислам діні туралы айтылған.

[4] Санға, Хадрамаут – Йемендегі аймақтар.

[5] «Сахих әл-Бұхари» (3343, 3563, 6430-хадистер), «Сунән Әбу Дауд» (2278-хадис) және «Муснәд Ахмад» (20148, 20161-хадистер).

– ***Жаным қолында болған*** (Аллаһ)***пен ант етейін, Қиямет күні осы нығметтен сұраласыңдар. Сендерді аштық үйлеріңнен шығарды, сосын осы нығмет нәсіп болып қайттыңдар***, – деді[1].

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бірнеше жыл қызметінде болған Әнәс ибн Мәлик: *«Мен ешқашан Пайғамбардың (с.а.с.) шағын ыдыстан* (тағам) *жегенін, ол үшін жұқа жұмсақ нан пісірілгенін және үстелде*[2] *тамақтанғанын көрген-білген емеспін»*[3];

Омар ибн әл-Хаттаб: *«Аллаһ елшісінің (с.а.с.) аштықтан бұратылып жүргенін көрдім. Талғажау қылар жаман құрма да таппай қалатын»*[4]*,* – деген.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) отбасы бидай дәніне қол жеткізе алмай көбіне арпа нанын жейтін. Тіпті Айша анамыз: *«Мұхаммедтің отбасы ол дүниеден өткенге дейін арпа нанына да тойынған емес»*, – депті[5].

Әнәс: *«Бір күні мен Пайғамбардың (с.а.с.):* ***«Мұхаммедтің отбасында бір сағ***[6] ***құрма не бір сағ дән ертеңге қалған емес»****, – дегенін естідім»*, – дейді[7].

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Аллаһқа: ***«Уа, Аллаһ! Мұхаммедтің отбасының ризығын талғажаулық қыл***[8]***»****,* – деп дұға қылатын[9].

Пайғамбардың (с.а.с.) жомарттығы

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жомарттығы теңдессіз еді, адамдарға кедейліктен қорықпайтын жандай тарту жасайтын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) жаны да, қолы да жомарт жан еді. Жақсылыққа жоқ демейтін, сұрағанның қолын қайтармайтын. Әнәс ибн Мәликтен риуаят етілген хадисте: бір кісі Пайғамбардан (с.а.с.) екі таудың арасындағы қойды[10] сұрағанда, Пайғамбар (с.а.с.) оған осыншама қой береді. Кейін ол тайпасына келіп: «Уа, тайпаластарым! Исламды қабылдаңдар! Аллаһпен ант етейін, ақиқатында Мұхаммед кедейліктен қорықпастан тарту береді екен», – депті.

Әнәс осы хадисті айтқаннан кейін: *«Егер кісі Исламды дүниені ғана қалап қабылдаса, дінге кіруімен Ислам ол үшін дүние мен ондағылардан сүйікті болып кететін»*, – деген[11].

---

[1] Имам Мәликтің «Муатта» кітабы (2/932).
[2] Пайғамбарымыздың (с.а.с.) заманында үстелді бай-шонжарлар ғана пайдаланған.
[3] «Сахих әл-Бұхари» (4967-хадис).
[4] «Сунән Ибн Мәжәһ» (4136-хадис), «Муснәд Ахмад» (154-хадис).
[5] «Сунән Ибн Мәжәһ» (3337-хадис).
[6] Сусымалы азық-түлік түріне арналған өлшем бірлігі. Ол шамамен 2,5 литрге тең.
[7] «Жамиъ әт-Тирмизи» (1136-хадис).
[8] Яғни аштықтың бетін қайтарарлық мөлшерде ғана азық бер деген мағынада.
[9] «Сахих Муслим» (1747, 5272, 5273-хадистер), «Жамиъ әт-Тирмизи» (2284-хадис), «Сунән Ибн Мәжәһ» (4129-хадис) және «Муснәд Ахмад» (9377, 9847-хадистер).
[10] Яғни, екі таудың аралығын толтыратындай көп қой.
[11] «Сахих Муслим» (4276-хадис), «Муснәд Ахмад» (13233, 13518-хадистер).

Ибн Аббас: *«Аллаһтың елшісі (с.а.с.) адамдардың ең жомарты еді. Ол әсіресе рамазанда Жәбірейілмен кездескенде ерекше жомарттық танытатын. Жәбірейіл рамазан айында әр түні онымен кездесіп, Құран үйретететін. Сол кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.) қайырлы істерге жомарттықта ескен желден де жүйрік болатын»*, – деген[1]. Рамазан айы – игіліктер маусымы. Өйткені Аллаһ тағаланың пенделеріне арнаған осы айдағы нығметтері басқа айларға қарағанда көбірек. Пайғамбар (с.а.с.) Аллаһ тағаланың үрдісін ұстануды қалайтын. Оның үстіне осы айда Құранды қайталау оның ерекше жомарттық танытуына себеп болатын. Өйткені Құран оқу жан байлығын арттырады. Ал жан байлығы жомарттыққа жетелейді.

Жәбир ибн Абдуллаһ: *«Аллаһ елшісінен (с.а.с.) әлдене сұралса, ешқашан «жоқ» демейтін»*, – деген[2]. Яғни, Пайғамбар (с.а.с.) біреу әлдене сұраса, ешқашан бас тартып: «жоқ» демейтін. Қолында болса, сұраушының тілегін қанағаттандыратын да, мүмкіндігі болмаса, үнсіз қынжылыс білдіретін не үзір айтып ақталатын.

Сәһл ибн Сағдтың айтуынша, бірде Аллаһ елшісіне (с.а.с.) бір әйел шапан алып келіп: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Мұны саған кигізем»*, – дейді. Пайғамбар (с.а.с.) оған мұқтаж болатын, оны алып киді. Сол кезде сахабалардың бірі тұрып: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Қандай әдемі еді! Оны маған кигізші»*, – деді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) шапанды оған берді. Кейіннен Пайғамбар (с.а.с.) тұрып кеткеннен кейін әлгі кісіні сахабалар жазғырып: *«Пайғамбардың (с.а.с.) мұқтаж боп алғандығын көріп тұрып неге сұрадың? Сен оның сұраған адамның қолын қайтармайтынын білесің ғой»*, – деп ұрысты. Сонда әлгі сахаба: *«Мен Пайғамбар (с.а.с.) шапанды киген кезде, оның берекесін қаладым»*, – деп жауап берген[3].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) жомарттықпен адамдардың жүрегін жібітетін. Шиһаб: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) Меккені қолға алғаннан кейін Хунайнге жорыққа шықты. Аллаһ бұл жорықта да мұсылмандарға жеңіс әперіп, олар біраз мал-дүние олжалады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) сол күні Сафуан ибн Умәййәға жүз түйе сыйлады. Сосын тағы жүз түйе, сосын тағы да жүз түйе қосып берді»*, – деп әңгімелейді.

Сағид ибн Мусаййабтың хабарлауынша, Сафуан ибн Умәййә кейіннен: *«Уаллаһи, Аллаһ елшісі (с.а.с.) маған сондайлық мал-дүние тарту етті! Осы күнге дейін маған ең жеккөрініштi адам еді, ал ол болса соншалықты тарту жасады, тіпті мен үшін ең сүйікті адамға айналды»*, – деген[4].

---

[1] «Сахих әл-Бұхари» (5, 1769, 2981, 3290, 4613-хадистер).
[2] «Сахих әл-Бұхари» (5574-хадис).
[3] «Сахих әл-Бұхари» (5576-хадис), «Сунән Ибн Мәжәһ» (3545-хадис), «Муснәд Ахмад» (21759-хадис).
[4] «Сахих Муслим» (4277-хадис).

Бірде оны бір бәдәуи дөрекілікпен шапанынан тартып өзіне қаратып: «Маған қолыңдағы мал-дүниеден бер», – дейді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) оған бұрылып жымиып күледі де, қолына біраз мал-дүние ұстатады[1].

Ол кісіні (с.а.с.) жоқшылығы жомарттықтан тоспайтын. Қайырымдылыққа мал-дүние жұмсауда кедейлікке ұшыраймын деп қорықпайтын. Сахабаларын да осыған шақырып: ***«Садақа мал-дүниені кемітпейді»,*** – дейтін[2].

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.а.с.): ***«Әрбір кісі өз садақасының саясында»,*** – деген[3].

Өте қонақжай болатын. Тіпті қонақжайлылықты Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірген адамға шарт ретінде бұйырды. Имам әл-Бұхари мен Муслим Әбу Һурайрадан жеткізген хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, қонағын сыйласын»,*** – деген[4].

Пайғамбарымыз (с.а.с.) сахабаларына жәрдем ретінде мал-дүние ұсынғысы келгенде, олардың жанын жаралап алмауға тырысатын. Бір сапардан қайтып келе жатқанда Аллаһ елшісі (с.а.с.) Жәбир ибн Абдуллаһтан отбасына құр қол бармасын деген ниетпен, әбден шаршап арыған түйесін сатып алады да, оның қолына түйенің құнын ұстатады. Бұл сахаба үйленген, қолына қарап отырған қарындастары бар кедей жігіт болатын. Мәдинаға жеткен соң Жәбир түйені Аллаһ елшісіне (с.а.с.) бермек болғанда, ол кісі түйені де, ақшаны да алудан бас тартады. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бұл ісі Жәбир өзін қайыр-садақа алып жатқандай сезінбесін деген ниеттен туған еді[5].

Пайғамбардың (с.а.с.) ержүректігі

Пайғамбар (с.а.с.) өте батыл кісі еді, Раббысынан өзге ешкімнен, ештеңеден қорықпайтын. Ол қандай жағдай болмасын оны ержүректікпен қарсы алатын. Өзінің және үмбетінің ісін Аллаһқа тапсырып, Раббысына тәуекел ететін. Өлім оны үрейлендіре алмайтын. Тікелей соғысқа араласатын, ешбір шайқастан тайқып қашқан емес. Әли: *«Біз соғыс қызған кезде, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) арқа сүйейтінбіз, ал ол ең алғы шепте жүретін»,* – десе[6], Бара: *«Аллаһпен ант етейін, соғыс қызған шақта, біз*

[1] «Муснәд Ахмад» (12090-хадис).
[2] «Сахих Муслим» (4689-хадис).
[3] «Сахих Ибн Хиббан» (4/94), «Сахих Ибн Хузайма» (8/104).
[4] «Сахих әл-Бұхари» (5559, 5670, 5673-хадистер), «Сахих Муслим» (67-69, 3255-хадистер).
[5] «Сахих әл-Бұхари» (1955, 2229, 2745-хадистер).
[6] Қазы Ғиядтың «әш-Шифа» кітабы (1/89). «Сахих» және «Сунән» жинақтарының иелері де осыған ұқсас риуаяттар келтірген.

оны пана тұтатынбыз, арамыздағы қас батырдың өзі оған таяу жерде жүретін», – деген[1].

Хунайн шайқасында мұсылмандар әскері түгелдей соғыс майданынан артқа шегінгенде де Пайғамбар (с.а.с.) соғыс алаңын тастаған жоқ. Оның қасында алты-ақ адам қалды. Сол қысылтаяңда оған Раббысынан: «(Мұхаммед!) **Аллаһтың жолында соғыс. Сағаң өзіңнен басқа үшін жүк артылмайды. Әрі мүміндерді ынталандыр. Аллаһ кәпірлердің соққысын әлбетте қайтарады. Аллаһ соққы беруде өте күшті әрі жазалауда да өте күшті»**[2] деген уахи келді. Ал ол қашырына мініп кәпірлерге қарсы жүріп, қолына бір уыс топырақ алды да, оны дұшпан жаққа шашып: ***«Ұсқындар бұзылсын!»*** – деді[3].

Бір кісі Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сахабасы Бараға келіп: «Сендер Хунайн шайқасында қаштыңдар ма, ей, Әбу Ғұмара?» – деп сұрағанда, Бара: *«Мен куәмін, Пайғамбар (с.а.с.) қашқан жоқ»*, – депті[4].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) ақиқат үшін күресте қорқақтық танытқан емес. Ол: «***Үмбетіме ауыр тимегенде жасақ артында қалып отырмас едім[5]. Мен Аллаһ жолында мерт болып, сосын тірілтіліп, сосын*** (тағы) ***мерт болып, сосын тірілтіліп, сосын*** (тағы да) ***мерт болуды қалаймын»***, – деген[6].

Пайғамбар (с.а.с.) адамдардың ең ержүрегі еді. Бір түні қорқынышты бір дауыстан Мәдина халқын үрей биледі. Біраз адам жиналып дауыс шыққан жаққа бет алды. Пайғамбар (с.а.с.) ол жаққа адамдардан бұрын барған екен. Оларға қарсы жолығып: ***«Қорықпаңдар! Қорықпаңдар!»*** – деді[7].

Жәбир: *«*(Хандақ шайқасында кәпірлердің шабуылынан қорғану үшін) *ор қазып жатқанымызда үлкен жартасқа тап болдық. Оны барып Пайғамбарға (с.а.с.) айттық. Аллаһ елшісі (с.а.с.):* ***«Оған мен түсемін»***, *– деді. Ол аштықтан* (бойын тіктеп жүру үшін) *ішіне тас байлап алған-ды. Сосын Пайғамбар (с.а.с.)* (орға түсіп) *қолына сүйменді алып жартасты ұрған еді, ол шашылып кетті»*, – деген[8].

---

[1] «Сахих Муслим» (3326-хадис).

[2] «Ниса» сүресі, 84-аят.

[3] «Сахих Муслим» (3328-хадис).

[4] «Сахих әл-Бұхари» (3973-хадис), «Сахих Муслим» (3326-хадис).

[5] Яғни, Пайғамбар (с.а.с.) жорыққа аттанса, сахабалар оған ілеспей қалып қоюды қош көрмейтін. Бірақ олар мініс көлігі, т.б. жол жабдықтарын қамдай алмайтындықтан, жорыққа шығуға шамалары келе бермейтін. Бұл жабдықтар Пайғамбардың (с.а.с.) қолында да жоқ еді. Сондықтан Пайғамбар (с.а.с.) оларды тастап, жасақпен бірге аттанса, бұл олардың көңілдеріне ауыр тиетін.

[6] «Сахих әл-Бұхари» (35, 2588-хадистер).

[7] «Сахих әл-Бұхари» (2692, 2813-хадистер), «Сахих Муслим» (4266-хадис).

[8] «Сахих әл-Бұхари» (3792-хадис).

Пайғамбардың (с.а.с.) ұялшақтығы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) өте ұялшақ, бәрінен арлы жан еді. Әбу Сағид әл-Худри: *«Пайғамбар (с.а.с.) шымылдық ішіндегі қыздан да қатты ұялшақ еді. Егер бірдеңені жақтырмаса, оның жүзінен білінетін»,* – деген[1]. Ол ешкімнің жүзіне қадалып қарамайтын, жанарын төмен түсіріп, көзін көбіне жерге салып жүретін. Ұялшақтығы мен кеңпейілділігі себепті ешкімге өзіне ұнамайтынды ашып айтпайтын. Біреу туралы өзіне ұнамаған бірдеңе естісе, оның атын атамастан: ***«Былай жасап жүрген адамдарға не болған?!»*** – дейтін. Ақын Фараздақтың:

«Ұялшақтық көзін төмен салғызған,
ал өзгелер қорқып бұдан қаймыққан
жерге қарап, шұқшиып, ләм демейді,
бұл жымиған кезде ғана сөйлейді» деген сөзіне бәрінен лайық еді.

Ол үмбетін де ұяттылыққа шақырып:

– ***«Ұят – иманның бір бөлігі»***[2];

– ***«Ұят жақсылық қана әкеледі»***[3];

– ***«Әрбір діннің өз мінез-құлқы бар. Ал Исламның мінез-құлқы – ұят»***[4] деген өсиеттер айтқан.

Ұят пен иман біртұтас екенін, егер оның бірі алынса, екіншісі де алынатынын жеткізген.

Яғла ибн Умәййәдан риуаят етілген хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.) ашық далада жуынып жатқан бір кісіні көріп: ***«Расында, Аллаһ – Ұялшақ, Жасырын. Ол ұят пен жасырындылықты ұнатады. Қайсыбірің ғұсыл құйынса, жасырынсын»,*** – деген[5].

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.а.с.) Әнәстан риуаят етілген хадисте: ***«Арсыздық не нәрседе болса, оны кемсітеді. Ал ұят не нәрседе болса, оны көркейтеді»,*** – деп айтқан[6].

Сәлим ибн Абдуллаһ әкесінен риуаят еткен хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.) інісінің ұялшақтығын жазғырып ұрсып жатқан бір кісіні көріп, оған: ***«Қоя бер оны. Расында, ұят – иманның бір бөлігі»,*** – деген[7].

---

[1] «Сахих әл-Бұхари» (3298-хадис).
[2] «Сахих әл-Бұхари» (8-хадис), «Сахих Муслим» (50-51 хадистер).
[3] «Сахих әл-Бұхари» (5652-хадис), «Сахих Муслим» (53-хадис).
[4] «Сунән Ибн Мәжәһ» (4171-4172 хадистер).
[5] «Сунән ән-Нәсәи» (403-хадис), «Сунән Әбу Дауд» (3497-хадис).
[6] «Жамиъ әт-Тирмизи» (1897-хадис), «Сунән Ибн Мәжәһ» (4175-хадис) және «Муснәд Ахмад» (12228-хадис).
[7] «Сахих әл-Бұхари» (23, 5653-хадистер).

Пайғамбардың (с.а.с.) әділдігі

Пайғамбар (с.а.с.) Раббысының **«Аллаһ әділдікке, жақсылыққа бұйырады»**[1] және «(Оларға): **«Мен сендердің араларыңа әділдік етуге бұйырылдым», – деп айт»**[2] деген бұйрықтарына сәйкес адамдардың ең әділі болды.

Айша анамыздан риуаят етіледі: Бәну махзум руынан бір әйел ұрлықпен ұсталады. Шариғат үкімі бойынша оның қолы кесілу керек. Құрайыш мұсылмандарының әлгі әйелге жандары ашып, оған араша түсер адам іздейді. Сөйтіп, олар бұл іске Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сүйіктісі Усама ибн Зәйдтен басқаның батылы бармас деп шешіп, Усаманы Пайғамбарымыздың (с.а.с.) алдына жібереді. Әйелге араша сұрап келген оған Пайғамбар (с.а.с.): ***«Аллаһтың үкімдерінің біріне ара түскің келе ме?»*** – деді. Сосын адамдардың алдына шығып:

«Сендерден алдыңғыларды құртқан жағдай: олар егер беделді адам ұрлық істесе, оны жайына қалдырып, әлсіз адам ұрлық істесе, оған үкім қолданатын. Аллаһпен ант етемін! Мұхаммедтің қызы Фатима ұрлық істесе де, қолын кесер едім», – деп құтпа жасады[3].

Пайғамбар (с.а.с.) қолындағы билікті өте әділетті пайдаланатын, қиянатқа жол бермейтін және адамдарды да осыған шақырып: ***«Қайсыбір пенденің қарамағына Аллаһ біреулерді тапсырып, ал ол қарамағындағыларға қиянат қылған күйі өлсе, Аллаһ оған жаннатты харам етеді*** (тағы бір риуаятта: ***жаннаттың иісін де сезбейді***)», – деген[4].

Пайғамбардың (с.а.с.) шыншылдығы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Раббысының: **«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар және шын сөйлеушілермен бірге болыңдар»**[5] деген бұйрығына сәйкес, өте шыншыл, аманатшыл, келісімдерді бұлжытпай орындайтын жан еді. Сөздері ақиқат пен шындықтан және әділдіктен тұратын. Шындап болсын, қалжыңдап болсын ешқашан жалған сөйлемейтін. Оның бұл қасиетін айтысушылары мен жаулары да мойындайтын. Ол өзіне пайғамбарлық міндет жүктелуінен бұрын да «Әмин» (сенімді) деген атқа ие еді. Исламға дейін жәһилият кезінде де тайпаластары одан төрелік сұрайтын. Әт-Тирмизи Әлиден риуаят еткен хабарда Әбу Жәһл Пайғамбарымызға (с.а.с.): «Ей, Мұхаммед! Негізінде, біз сені өтірікші санамаймыз, бірақ сен әкелгенді жалғанға шығарамыз», – дейтін. Осыған орай Аллаһ тағала: **«Ақиқатында, Біз олардың**

[1] «Нахл» сүресі, 90-аят.
[2] «Шура» сүресі, 15-аят.
[3] «Сахих әл-Бұхари» (3216-хадис), «Сахих Муслим» (3196-хадис).
[4] «Сахих Муслим» (203-хадис), «Сахих әл-Бұхари» (6617-хадис).
[5] «Тәубе» сүресі, 119-аят.

айтқандары сені қапаландыратынын білеміз. Негізінде, олар сені өтірікші санамайды. Бірақ әділетсіздер Аллаһтың белгілерін мойындамайды»[1] деген аятын түсірген[2]. Һиракл Әбу Суфйаннан: «Ол осы сөздерін айтудан бұрын[3] өтірікші ретінде айыпталған ба еді?» – деп сұрағанда, ол: «Жоқ», – деп жауап берген.

Пайғамбар (с.а.с.) үмбетіне өтірік айтуға тыйым салып, оларды шын сөйлеуге шақырды және шындықтың жаннатқа жеткізетінін хабарлады. Имам әл-Бұхари мен Муслим келтірген хадисте Абдуллаһ ибн Масғуд Аллаһ елшісінің (с.а.с.): ***«Расында, шындық игілікке апарады, ал игілік жаннатқа апарады. Кісі қашан шын сөйлеп, шындықты іздейді екен, ол Аллаһтың алдында «шыншыл» деп жазылады»***, – дегенін жеткізген[4].

Пайғамбар (с.а.с.) тағы бір хадисінде: ***«Мен жаннаттың шетіндегі ақиқат өзі тарапта болса да дау-дамайдан бас тартқандарға арналған бір үйді жабдықтаушымын және жаннаттың орта тұсындағы қалжыңдап болса да өтірік айтудан бас тартқандарға арналған бір үйді жабдықтаушымын және жаннаттың жоғарғы жағындағы көркем мінез-құлыққа ие болғандарға арналған бір үйді жабдықтаушымын»***, – деген[5].

Сондай-ақ Аллаһ елшісі (с.а.с.) өтірікті тозаққа апаратын сипаттар қатарына жатқызған. Ол шындықтың жаннатқа апаратынын хабарлаған хадистің жалғасында: ***«Расында, өтірік бұзықтыққа апарады, ал бұзықтық тозаққа апарады. Кісі қашан өтірік сөйлеп, өтірікті іздейді екен, ол Аллаһтың алдында «өтірікші» деп жазылады»***, – деген[6].

Пайғамбарымыз (с.а.с.) мүмін-мұсылманның сараңдық жасауы, қорқақтық танытуы мүмкін екендігін, бірақ оның ешқашан өтірік сөйлемейтінін баяндаған. Қалжың ретінде жұртты күлдіру үшін айтылатын өтіріктен сақтандырған. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) шыншылдығына оған Аллаһ тағаланың пайғамбарлық міндетті сеніп тапсыруының өзі-ақ дәлел болады. Ол кісі мейлі сөзінде мейлі ісінде болсын, мейлі бейбіт күнде мейлі соғыста болсын, мейлі жайбарақат кезінде мейлі ашуланғанында болсын, мейлі шындап мейлі әзілдеп болсын, мейлі жақынымен мейлі жатпен болсын, мейлі досымен мейлі дұшпанмен болсын, мейлі ер кісімен мейлі әйелмен болсын, мейлі өз-өзімен мейлі жұртпен болсын, мейлі сатуда мейлі сатып алуда болсын шындықтан айнымайтын. Тіпті ыммен не көз қиығымен де алдауға бармайтын еді. Бірде сахабалары оған діннен қайтқан Абдуллаһ ибн Сағд деген біреуді өлтіруге қатысты: *«Бізге көзіңмен* (оны өлтіруге) *ишара*

[1] «Әнғам» сүресі, 33-аят.
[2] «Жамиъ әт-Тирмизи» (2990-хадис).
[3] Яғни, пайғамбар екенін жариялауынан бұрын.
[4] «Сахих әл-Бұхари» (5629-хадис), «Сахих Муслим» (4719-4720 хадистер).
[5] «Сунән Әбу Дауд» (4167-хадис).
[6] «Сахих әл-Бұхари» (5629-хадис), «Сахих Муслим» (4719-4720 хадистер).

жасамадың ба?» – дегенде, Пайғамбарымыз (с.а.с.): ***«Пайғамбарда көз алдау болмау керек»***, – деп айтқан[1].

Оның ең жек көретін ісі өтірік еді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) шындықтың Ақыретте ғана емес бұл дүниеде де пайдалы сипатқа ие екендігін ескертіп: ***«Сенде*** (мына) ***төрт*** (қасиет) ***болса, дүниеде қолыңнан шығарған нәрсең зиянына жүрмейді: шын сөйлеу, аманатты сақтау, көркем табиғат және зинадан тыйылу»***, – деген[2].

Пайғамбарымыз (с.а.с.) өтірік айтуды мұнафықтықтың (екіжүзділіктің) белгісі ретінде көрсетіп: ***«Мұнафықтың белгісі үшеу: сөйлесе өтірік айтады, уәде берсе орындамайды, аманат етілсе қиянат қылады»***, – деген[3].

Пайғамбардың (с.а.с.) кішіпейілділігі

Аллаһ тағаланың **«Адамдарға** (жақтырмай) **бетіңді тыржитпа және жер жүзінде кердеңдеп жүрме. Расында, Аллаһ әрбір дандайсыған мақтаншақты ұнатпайды»**[4]; **«Жер жүзінде дандайсып жүрме. Өйткені сен жерді мүлдем жара алмайсың және бой жағынан да тауларға жете алмайсың»**[5] деген өсиеттерін ұстанған Пайғамбарымыз (с.а.с.) өте кішіпейіл еді. Атақ-абырой мен мал-дүниеге, мансапқа қызықпайтын. Раббысының алдында өзін құлша ұстап, мүміндерге кішіпейілділік көрсететін, ауру-сырқаулардың көңілін сұрайтын, жоқ-жітіктерге барып халін біліп, оларға қарайласатын, бақытсыздыққа ұшырағандарды жұбататын, адам таңдамайтын, кедейлермен бірге отыруға арланбайтын, балалармен ойнайтын, әйелдерімен қалжыңдасатын, топыраққа отырып, тақыр жерге жататын, адамдардан ерекшеленбеуге тырысатын. Ол: ***«Шын мәнінде, мен құл ғанамын, құл қалай тамақтанса, солай тамақтанамын, құл қалай отырса, солай отырамын»***, – деген[6].

Бірде онымен жолыққан бір кісіні Пайғамбардың (с.а.с.) мысы басып, әлгі кісі дірілдеп қорқа бастады. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған: ***«Өз-өзіңді бас, мен патша емеспін, шын мәнінде, мен қақталған ет жейтін бір әйелдің баласы ғанамын»***, – деді[7].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) астамшылықтан алыс еді, патшалар үшін адамдар орындарынан тұратын болса, Пайғамбар (с.а.с.) адамдарды өзі үшін орындарынан тұрудан қайтаратын, төрге шықпайтын, мәжілісте қай жерден

---

[1] «Сунән ән-Нәсәи» (3999-хадис), «Сунән Әбу Дауд» (3793-хадис).
[2] «Муснәд Ахмад» (6365-хадис).
[3] «Сахих әл-Бұхари» (32, 5630-хадистер), «Сахих Муслим» (89-хадис).
[4] «Лұқман» сүресі, 18-аят.
[5] «Исра» сүресі, 37-аят.
[6] «Мусаннаф Абдур-Раззақ» (10/415), Ибн Сағдтың «әт-Табақат әл-кубра» кітабы (1/371).
[7] «Сунән Ибн Мәжәһ» (3303-хадис), әл-Хаким «әл-Мустадрак» (3/50) және әт-Табарани «әл-Муъжам әл-аусат» (2/64).

орын тисе, сол жерге отыратын, адамдардан ерекшелenуді қаламайтын, сырттан келген адам оны қатардағы адамдардың бірі деп ойлап қалатын. Әнәс ибн Мәлик: *«Сахабаларға Аллаһ елшісінен (с.а.с.) сүйікті ешкім жоқ еді. Олар Пайғамбарды (с.а.с.) көргенде орындарынан тұрмайтын. Өйткені мұны Аллаһ елшісінің (с.а.с.) ұнатпайтынын білетін»*, – деген[1].

Ол өзін мақтағанды ұнатпайтын, сахабаларды өзін дәріптеуден қайтарып: ***«Христиандар Мәриямның ұлы Исаны дәріптегендей мені асыра дәріптемеңдер. Шын мәнінде, мен Аллаһтың құлы әрі елшісі ғанамын, мені Аллаһтың құлы әрі елшісі деп айтыңдар»***, – дейтін[2].

Бірде бір кісілер Пайғамбарымызға (с.а.с.) келіп: *«Уа, мырзамыз, мырзамыздың ұлы! Уа, игіміз, игіміздің ұлы!»* – деп мақтағанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға: ***«Ей, адамдар! Өз сөздеріңді айтыңдар[3]. Сендерді шайтан азғырмасын»***, – деген[4].

Пайғамбар (с.а.с.) өзіне: *«Аллаһтың қалауы және сенің қалауың»*, – деген кісіге ашуланып: ***«Мені Аллаһпен теңестіріп тұрсың ба? Керісінше, Аллаһтың жалғыз Өзінің қалауы»***, – деген болатын[5].

Пайғамбар (с.а.с.) шақырылса баратын, ұсынылса қайтармайтын және ештеңені азырқанбайтын еді. Ол кісі (с.а.с.): ***«Бақайға не сираққа шақырылсам да барар едім, сыйлыққа бақай не сирақ ұсынса да алар едім»***, – деген[6].

Байлық пен дәулеттен қашып, міскіндікті ұнататын. Раббысына: ***«Уа, Аллаһ! Мені міскін күйде өмір сүргіз және міскін күйде өлтір, сондай-ақ мені міскіндердің тобында жина»***, – деп дұға қылатын[7]. Пайғамбар (с.а.с.) бұл сөздері арқылы кішіпейілдігін, Раббысына мұқтаждығын аңғартқан әрі үмбетін де кішіпейілдікке үндеп, жарлы-жақыбайлардың дәрежесі жоғары болатынын және олардың Аллаһ тағалаға жақын екенін ескерткен. Осы хадистің жалғасында Аллаһ елшісі (с.а.с.) кедей-міскіндердің жаннатқа байлардан қырық, ал басқа бір хадисте бес жүз жылға дейін бұрын кіретінін жеткізген. Бұл хадис Пайғамбарымыздың (с.а.с.) теңдессіз кішіпейілдігін

---

[1] «Муснәд Ахмад» (11922-хадис).

[2] «Сахих әл-Бұхари» (3189-хадис).

[3] Яғни мені асыра дәріптеудің керегі жоқ. Келген шаруаларыңды айтыңдар не мені «мырза» деп атамай өздерің айтып жүрген «Аллаһ елшісі», «пайғамбар» деген сөздерді айтыңдар деген мағынада.

[4] «Муснәд Ахмад» (15721-хадис).

[5] «Муснәд Ахмад» (1742-хадис). Мұндағы «және» деген байланыстырушы шылау екі сөзді біріктіру мен теңестіруді білдіреді. Яғни «Аллаһтың және сенің қалауың» деп айтқан кісі пенденің қалауын Аллаһтың қалауымен біріктіріп, екеуін теңестірген саналады. Әйтсе де «Әуелі Аллаһ, сосын сенің қалауың» деген сияқты пенденің қалауын Аллаһ тағаланың қалауына тәуелді етіп, пенде қалауын екінші орынға қоятын сөздерді айтудың сөкеттігі жоқ. Өйткені Аллаһ тағала: **«Аллаһ қаламайынша, сендер қаламайсыңдар»**, – деген **(Инсан, 30).**

[6] «Сахих әл-Бұхари» (2380-хадис), «Муснәд Ахмад» (9822-хадис).

[7] «Жамиъ әт-Тирмизи» (2275-хадис), «Сунән Ибн Мәжәһ» (4116-хадис).

көрсетеді. Өйткені ол кісі: «Міскіндерді менің тобымда жина» деп емес, «Мені міскіндердің тобында жина» деп сұраған.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) адамдарды өз-өздерін кемшін ұстауға, кішіпейіл болуға үндеп: ***«Біреу біреуге бұзғындық істемеу үшін, біреу біреуге мақтанбау үшін Аллаһ маған сендердің кішіпейіл болуларыңды уахи етті»***, – дейтін[1].

Сондай-ақ ол тағы бір хадисінде: ***«Садақа мал-дүниені кемітпейді, Аллаһ бір пендеге кешірім үстесе, оның құрметін арттырады, ал қайсыбіреу Аллаһ үшін кішіпейілдік танытса, Аллаһ оны жоғары көтереді»***, – десе[2], керісінше тәкаппарлыққа, менмендікке тыйым салып, одан қайтаратын, тәкаппарларды жек көретін. Ол кісі: ***«Тәкаппарлар Қиямет күні шымал тәріздес адам бейнесінде жиналады және оларды әрбір мекеннен қорлық басады»***, – деген[3]. Яғни олар махшар жеріне түр-тұрпаты адам бейнесінде келгенмен тұрқылары шымалдай-ақ болады және кішкентайлықтарынан адамдар аяғы астында тапталып жатады. Тағы бір сөзінде Пайғамбарымыз (с.а.с.): ***«Жүрегінде тозаңның салмағындай тәкаппарлық бар адам жаннатқа кірмейді»***, – деген[4].

Пайғамбар (с.а.с.) қолы бос кезінде әйелдеріне көмектесіп, үй қызметтерін істейтін, киімдерін өзі тазалап, өзі жамайтын, үй сыпыратын, қойларын сауатын, ет турап, тамақ таситын. Әсуәд ибн Язид ән-Нахағи: «Айшадан: «Аллаһ елшісі (с.а.с.) үйінде не істейтін еді?» – деп сұрадым. Ол: *«Үй жұмысын істейтін, егер намаз уақыты кірсе, дәрет алып намазға шығатын»*, – деп жауап берді», – деген[5]. Сондай-ақ Айша анамыз: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) аяқ киімін өзі жөндейтін, киімін өзі жамайтын, сендердің әрбіреуің сияқты үйінде жұмыс істейтін. Киімін тазалап, қой сауып, өз қызметін өзі істейтін қарапайым адам еді»*, – деген[6].

Пайғамбар (с.а.с.) сапарларының бірінде сахабаларына қой союды бұйырғанда, бір кісі: *«Мен оны бауыздаймын»*, екіншісі: *«Мен терісін сыпырамын»*, ал үшіншісі: *«Мен оның етін пісіремін»*, – деп жұмыстарды өзара бөлуге кірісті. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): ***«Ал мен отын жинаймын»***, – деді. Адамдар: *«Мұны сенің орныңа біз жасаймыз»*, – деп өре түрегелген еді, Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Мұны менің орныма сендердің жасайтындарыңды білемін, бірақ мен сендерден ерекшеленуді қаламаймын. Өйткені Аллаһ пендесін жолдастарынан ерекшеленген күйде көруді ұнатпайды»***, – деді де, орнынан тұрып отын жинады[7].

---

[1] «Сахих Муслим» (5109-хадис), «Сунән Әбу Дауд» (4250-хадис).
[2] «Сахих Муслим» (4689-хадис).
[3] «Жамиъ әт-Тирмизи» (2416-хадис).
[4] «Сахих Муслим» (131-хадис).
[5] «Сахих әл-Бұхари» (635-хадис).
[6] «Муснәд Ахмад» (23606, 24998-хадистер).
[7] «Хуласат әс-сиәр» (22-бет).

Оның бүкіл тұрмыс-тіршілігі қарапайым болатын. Жүн шекпен киетін, арпа ұнын жейтін, кедейлердің көлігі есекке мінетін, кезінде қой да баққан. Бірде ол сахабаларына: ***«Аллаһ қой бақпаған бірде-бір пайғамбарды жіберген емес»,*** – деді. Сахабалар: *«Сені де ме?»* – деп сұрағанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Иә, мен де азын-аулақ ақыға меккеліктердің қойларын бағатынмын»,*** – деген[1].

Пайғамбарымыз (с.а.с.) кішкене балалармен қалжыңдасып ойнайтын. Әбу Талха мен Умму Суләймнің Әбу Ғұмайр есімді ұлдары бар еді. Оның Нұғайр атты торда ұстайтын құсы болатын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әбу Талханың үйіне келгенде, құстың өліп қалғанын көріп, оның кішкене ұлына: ***«Ей, Әбу Ғұмайр, не істеді Нұғайр?»*** – деп әзілдеген[2].

Халид ибн Сағидтың қызы Умму Халид: *«*(Кішкентай кезімде) *әкеме ілесіп Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келдім. Үстімде сары көйлегім бар еді. Аллаһ елшісі (с.а.с.)* (маған қарап)*: **«Жақсы, жақсы»,** – деді. Сосын мен оның* (жауырынындағы) *пайғамбарлық мөрімен ойнай бастадым. Әкем мені жекіп тастаған еді, Аллаһ елшісі (с.а.с.): **«Қоя бер оны»,** – деді де,* (менің көйлегіме қарап)*: «Көнерт, тоздыр. Тағы көнерт, тағы тоздыр. Тағы көнерт, тағы тоздыр*[3]*», – деді»,* – деп әңгімелейді[4].

Ол кісі (с.а.с.) үлкен болсын, кіші болсын бірінші болып сәлемдесетін. Әнәс: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) ойнап жатқан балалардың қасынан өтіп бара жатып оларға сәлемдесті»,* – деген[5].

Пайғамбар (с.а.с.) жұрттың алдына шығып, олардан озық жүруге ұмтылмайтын. Адамдардың онымен жолығуына кедергі жасалмайтын. Ол құлдармен, күңдермен, міскіндермен бірге жүруге намыстанбайтын. Олармен бірге өтініштерін орындау үшін қалаған жақтарына баратын. Әнәс ибн Мәлик: *«Бір күң әйел Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қолынан ұстап,* (қажеттілігі үшін) *оны қалаған жағына алып баратын»,* – деген[6].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) қызметкерлеріне өте кішіпейіл болатын, оларды өзі қалай тамақтанса, солай тамақтандыратын, өзі қалай киінсе, солай киіндіретін, қызметкердің жұмысын өзі істей беретін. Ешқашан қызметкеріне наразы болмайтын, жекімейтін. Ұзақ жылдар оның қызметінде болған Әнәс: *«Аллаһпен ант етейін! Мен Аллаһ елшісіне (с.а.с.) бірнеше жыл қызмет еттім. Егер мен бірдеңені өз бетімше істесем, ол кісі мұны неге істедің деп айтпайтын, ал бірдеңені істемесем, мұны неге істемедің демейтін»,* – деген[7].

---

[1] «Сахих әл-Бұхари» (2102-хадис).
[2] «Сахих әл-Бұхари» (5664-хадис).
[3] Яғни Пайғамбар (с.а.с.) қызға ұзақ өмір тілеген. Бұл қазақтың «киімің тоза берсін, өмірің оза берсін» дегені сияқты.
[4] «Сахих әл-Бұхари» (2842-хадис).
[5] «Сахих әл-Бұхари» (5774-хадис).
[6] «Сахих әл-Бұхари» (5610-хадис).
[7] «Сахих әл-Бұхари» (2561-хадис), «Сахих Муслим» (4270-хадис).

Пайғамбар (с.а.с.) жерге түскен тамақты алып жеуден арланбайтын. Оның қызметкері Әнәс ибн Мәлик: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) тамақ жеген соң,* (тамаққа салған) *үш саусағын жалап тазартатын. Ол (с.а.с.):* ***«Егер біреуіңнің бір жұтым тамағы түсіп кетсе, оны алсын және тазалап жесін, оны шайтанға қалдырмасын. Сендер тамақтарыңның қайсысында береке барын білмейсіңдер»****, – деп айтты»*, – деген[1].

Міне, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) кішіпейілділіктегі мәңгілік өнегесі. Оған Раббысы патша пайғамбар не пенде пайғамбар болудың бірін таңдауды ұсынғанда Аллаһ елшісі (с.а.с.) пенде пайғамбар болуды жөн көрген[2].

Пайғамбардың (с.а.с.) кешірімшілдігі

Раббысының: **«Кешірімді бол, дұрыстыққа шақыр және надандардан теріс бұрыл»**[3] деген бұйрығына сәйкес, Аллаһ елшісі (с.а.с.) өте кешірімшіл кешірімшіл жан еді, кек сақтамайтын, өзін ренжіткенді жазалауға күші жетіп тұрса да оны кешіретін. Ол өзіне көрсетпегендері қалмаған Мекке құрайыштарын қаланы қолға алған күні: ***«Барыңдар, сендер азатсыңдар»****,* – деп босатып жіберді. Оларға: **«Бүгін сендерге сөгіс жоқ. Аллаһ сендерді кешіреді. Ол – мейірімділердің ең Мейірімдісі»**[4] деген аятты оқыды. Айша: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) ешқашан өзі үшін кек алмайтын. Аллаһтың тыйымдары бұзылғанда ғана Аллаһ үшін жазалайтын»*, – деген[5].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) оңайлықпен ашулана қоймайтын, ал ашулана қалса, райынан тез қайтатын, көңіл кілті оңай табылатын жан еді. Жамандыққа жамандықпен жауап қатпайтын. Раббысының: **«Жамандықты жақсылықпен қайтар. Олардың айтқандарын Біз жақсы білеміз»**[6] деген деген сөзіне сай жамандыққа жақсылықпен жауап беретін және сахабаларын да осыған шақыратын. Әбу Һурайра: *«Бір кісі Әбу Бәкірді балағаттады. Ал Пайғамбар (с.а.с.) таңғалып, жымиып күліп отырды. Әлгі кісі тілдеп қоймаған соң Әбу Бәкір оған жауап ретінде кейбір сөздерін қайтара айтып қалды. Пайғамбар (с.а.с.) ашуланып орнынан тұрып кетті. Әбу Бәкір оны қуып жетіп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Ол мені балағаттап жатқанда отырған едің. Ал мен оған жауап ретінде кей сөздерін қайтарғанымда ашуланып орныңнан тұрып кеттің ғой?!» – деді. Сонда Пайғамбар (с.а.с.):* ***«***(Үндемей отырған кезіңде) ***сенің жаныңда бір періште оған жауап қайтарып отырған. Ал сен оған жауап қайтарған кезде шайтан келді.***

[1] «Сахих Муслим» (3795-хадис).
[2] Әт-Табарани «әл-Муъжам әл-кәбир» (10/288), әл-Байһақи «әс-Сунән әл-кубра» (7/48).
[3] «Ағраф» сүресі, 199-аят.
[4] «Юсуф» сүресі, 92-аят.
[5] «Сахих әл-Бұхари» (6288-хадис).
[6] «Муминун» сүресі, 96-аят.

***Ал мен шайтанмен бірге отырмаймын. Ей, Әбу Бәкір! Бәрі де ақиқат үш нәрсе бар: қайсыбір пенде әлдебір зұлымдыққа ұшырағанда, Аллаһ тағала үшін ұстамдылық танытса, Аллаһ бұл үшін оған жәрдемін күшейтеді; қайсыбір кісі қайырымдылықты қалап сый-сыяпат есігін ашса, Аллаһ оның байлығын арттырады; ал қайсыбір кісі баюды қалап тіленшілік есігін ашса, Аллаһ оның кедейлігін арттырады»**, *– деп айтты»*, – деген[1].

Әнәс: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.)* (ешқандай) *арсыздық жасамайтын, қарғамайтын, тілдемейтін. Өзін біреу тілдесе:* ***«Не болды оған?! Маңдайы топыраққа тигір!»*** *– дейтін»*, – деп айтқан[2].

Пайғамбар (с.а.с.) Аллаһ тағалаға: «***Уа, Аллаһ! Мен небәрі адам ғанамын. Сондықтан мұсылмандардың қайсысын лағынеттесем не оған ұрыссам, мұны ол үшін тазару және сый ет***» – деп дұға қылатын[3].

Айша анамыз Пайғамбарымызды (с.а.с.): *«Арсыз, әдепсіз емес еді, базарларда шу шығармайтын, жамандыққа жамандықпен жауап қайтармайтын, керісінше, кешіріп, кеңпейілдік танытатын»*, – деп сипаттаған[4].

Әбу Һурайрадан риуаят етілген хадисте сахабалар Аллаһ елшісінен (с.а.с.) мүшріктерге қарсы дұға қылуды сұрағанда, ол: ***«Мен лағынет айтушы ретінде емес, мейірім ретінде жіберілдім»***, – деген[5].

Пайғамбардың (с.а.с.) мейірімділігі

Аллаһ тағала: **«Расында, сендерге өздеріңнен бір Пайғамбар келді. Оған қиналуларың ауыр тиеді. Сендерге өте құштар, мүміндерге жанашыр, өте мейірімді»**[6], – деген. Яғни Аллаһ елшісі (с.а.с.) үмбетіне ауыр тиетін жайттарға қиналатын. Адамдардың ең жанашыры, аяушылығы мен рақымы мол жан еді. Пайғамбардың (с.а.с.) болмысының өзі бүкіл әлемдер үшін мейірім. Аллаһ тағала: **«Біз сені әлемдерге мейірім етіп жібердік»**[7], – десе, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзі: ***«Мен мейірім әрі тура жол ретінде жіберілдім»***, – деген[8].

Пайғамбарымыз (с.а.с.) бірде немересі – қызы Зәйнәбтың баласының өлуге айналғанын көріп жылайды. Адамдар неге жылағанын сұрағанда, ол: ***«Бұл – мейірім. Аллаһ оны қалаған пендесінің жүрегіне салады. Сондай-ақ Аллаһ мейірімді пенделеріне ғана мейірім көрсетеді»***, – деп айтқан[9].

---

[1] «Муснәд Ахмад» (9251-хадис).
[2] «Муснәд Ахмад» (12007-хадис).
[3] «Сахих Муслим» (4705-хадис), «Муснәд Ахмад» (23049-хадис).
[4] «Жамиъ әт-Тирмизи» (1936-хадис), «Муснәд Ахмад» (24247-хадис).
[5] «Сахих Муслим» (4704-хадис).
[6] «Тәубе» сүресі, 128-аят.
[7] «Әнбия» сүресі, 107-аят.
[8] Әт-Табарани «әл-Муъжам әл-кәбир» (8/211).
[9] «Сахих әл-Бұхари» (1204-хадис), «Сахих Муслим» (1531-хадис).

Ол кісі жақын деп, жат деп бөлмей бәріне бірдей, әсіресе, асырауындағыларға мейірімді, жанашыр еді. Әнәс: *«Асырауындағыларға Аллаһ елшісінен (с.а.с.) мейірімді ешкімді көрген емеспін»*, – деген[1].

Пайғамбар (с.а.с.) адамдарға қиындық тудырудан қатты сақтанып, оларға мүмкіндігінше жеңілдетуге тырысатын. Намазда жас баланың жылаған даусын естісе, ғибадатта тұрған анасына жаны ашып намазды созбауға әрекет жасайтын. Зәйнәбтың қызы, немересі Умама жылағанда оны қолына көтеріп тұрып адамдарға имам болып намаз оқыған. Сәждеге барған кезінде оны жерге қойып, тұрғанда қайта қолына алған[2].

Бірде намаз оқып тұрып сәждеге барғанында үстіне кішкентай немересі Хасан шығып алады. Пайғамбар (с.а.с.) сәждеде ұзақ болады. Сәлем бергеннен кейін адамдардан кешірім сұрап: ***«Мына Хасан балам үстіме мініп алды. Басымды көтерсем жерге құлап түсе ме деп қорықтым»***, – деген[3].

Ол кісі: ***«Сендерден кім адамдарға имам болса, намазды жеңіл оқысын. Өйткені араларыңда қарттар, жас балалар, науқас және шаруасы бар адамдар бар»***, – дейтін[4]. Бірде сахабасы Муғаз адамдарға имам болып тұрып намазды ұзақ оқығанда: ***«Сен бүлдіргісің бе, ей, Муғаз?!»*** – деген[5].

Сондай-ақ ол кісі: ***«Үмбетіме қиындық туынан қорықпағанымда сендерге әр намазда мисуак қолданып тіс тазалауды бұйырар едім»***, – деген-ді[6].

Осылай Ислам үмбеті Пайғамбардың (с.а.с.) шексіз мейіріміне бөленді. Ол кісі: ***«Менің үмбетім – мейірім түскен үмбет»***, – дейтін[7].

Имам әл-Бұхари мен Муслим риуаят еткен хадисте Әбу Һурайра: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) Әлидің ұлы Хасанды сүйді. Оның жанында Ақрағ ибн Хабис әт-Тәмими бар еді. Ақрағ: «Менің он балам бар. Олардың ешбірін сүйген емеспін», – деді. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған қарап:* ***«Кім мейірім көрсетпесе, мейірім көрмейді»***, *– деді»*[8]; Сол сияқты Айша анамыз: *«Бір бәдәуи Аллаһ елшісіне (с.а.с.): «Сендер балаларыңды сүйе береді екенсіңдер. Ал біз сүймейміз», – дегенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған:* ***«Аллаһ жүрегіңнен мейірімді алып қойса мен қайтейін?!»*** *– деп айтты»*, – деген[9].

Пайғамбар (с.а.с.) адамдарды өзара мейірімді болуға үндеп, өшпес өсиеттерін қалдырған. Ол кісі: ***«Мейірімділерге Мейірімді – әр-Рахман***

---

[1] «Сахих Муслим» (4280-хадис), «Муснәд Ахмад» (11659-хадис).
[2] «Сахих әл-Бұхари» (486-хадис), «Сахих Муслим» (844-хадис).
[3] «Сунән ән-Нәсәи» (1129-хадис), «Муснәд Ахмад» (15456-хадис).
[4] «Сахих әл-Бұхари» (662-хадис), «Сахих Муслим» (713-хадис).
[5] «Сахих әл-Бұхари» (660-хадис), «Сахих Муслим» (709-хадис).
[6] «Сахих әл-Бұхари» (838-хадис), «Сахих Муслим» (370-хадис).
[7] «Сунән Әбу Дауд» (3730-хадис), «Муснәд Ахмад» (18847-хадис) және әл-Хаким «әл-Мустадрак» (4/283).
[8] «Сахих әл-Бұхари» (5538-хадис), «Сахих Муслим» (4282-хадис).
[9] «Сахих әл-Бұхари» (5539-хадис), «Сахих Муслим» (4281-хадис).

мейірім көрсетеді. Жердегілерге мейірім көрсетіңдер, сендерге жердегілердің Иесі (Аллаһ) ***мейірім көрсетеді»,*** – деп айтқан[1].

Мейірімсіз адамды бақытсыз, сорлыға жатқызып: ***«Мейірім бақытсыз-сорлының ғана*** (жүрегінен) ***алып тасталады»,*** – деген[2].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) адамдарға ғана емес, барлық тіршілік иелеріне жанашырлықпен қарайтын. Суһәйл ибн Ханзалияның айтуынша, бірде Пайғамбар (с.а.с.) іші ішіне қабысқан түйені көріп: ***«Мына тілсіз жануарларға қатысты Аллаһтан қорқыңдар. Оларды дұрыстап мініп, дұрыстап азық етіңдер»,*** – деген[3].

Абдуллаһ ибн Масғуд: *«Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бір сапарда бірге болдық. Ол түзге шығып кеткен кезде біз екі балапаны бар қызғыш құсты көріп, оның балапандарын ұстап алдық. Қызғыш құс төбемізде айналшақтап ұшып жүрді. Қайтып келген Аллаһ елшісі (с.а.с.) оны көріп:* ***«Мынаны баласынан кім айырды? Оған балапандарын қайтарып беріңдер»,*** *– деді. Сондай-ақ біз құмырсқа илеуін көріп, оған от қойған едік, мұны көрген Аллаһ елшісі (с.а.с.): –* ***«Мынаны кім өртеді?»*** *– деп сұрады. – «Біз өртедік, уа, Аллаһтың елшісі!» – дедік. Сонда ол: –* ***«Оттың Раббысынан басқаға*** (әлденені) ***отпен азаптауға болмайды»,*** *– деп айтты»,* – деген[4].

Пайғамбар (с.а.с.): «***Ақиқатында, Аллаһ барлық істі жақсы орындауды міндеттеді..., мал соятын болсаңдар да жақсы тәсілмен бауыздаңдар, әрқайсың пышағын өткірлеп, сойылатын малды азаптан құтқарсын***», – деп айтқан[5]. Пышақты сойылатын малды жықпай жатып, оның көзінен тыс жерде қайрап алуды, бір малды екінші малдың көзінше соймауды және малды оны соятын орынға сүйреп апармауды бұйырған.

Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Бір әйел мысықты өлгенше қамағаны үшін жазаланып, тозаққа кірді. Ол әйел бір мысықты қамауда ұстап тамақтандырмаған, су бермеген және оны өз бетінше жәндіктермен күнелтуі үшін жібермеген»,*** – деп айтқан[6].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) жан-жануарға рақымшылық көрсеткендердің сауап алатынын ескерткен. Әбу Һурайрадан риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (с.а.с.): ***«Бір кісі жолда кетіп бара жатып қатты шөлдейді. Құдыққа кез келіп, ішіне түсіп су ішіп шығады. Қараса бір ит тілі салақтап шөліркегеннен топырақ жалап жатыр екен. Әлгі кісі: «Мына ит дәл мен сияқты шөлдеген екен ғой» деп қайта құдыққа түсіп, мәсісімен су алып шығады. Сосын мәсісін аузына тосып итке су береді. Аллаһ оған*** (осы ісі үшін) ***алғыс айтып, оны кешірді»,*** – деген. Сахабалар:

---

[1] «Жамиъ әт-Тирмизи» (1847-хадис), «Сунән Әбу Дауд» (4290-хадис).

[2] «Жамиъ әт-Тирмизи» (1846-хадис), «Сунән Әбу Дауд» (4291-хадис) және «Муснәд Ахмад» (7660-хадис).

[3] «Сунән Әбу Дауд» (2185-хадис).

[4] «Сунән Әбу Дауд» (2300, 4584-хадистер).

[5] «Сахих Муслим» (3615-хадис).

[6] «Сахих әл-Бұхари» (2192-хадис), «Сахих Муслим» (4160-хадис).

«Уа, Аллаһтың елшісі! Біз үшін жануарларда сауап бар ма?» – деп сұрағанда, Пайғамбарымыз (с.а.с.): ***«Әрбір бауыры ыстық*** (жандыда сендерге) ***сауап бар»***, – деп айтқан[1].

Пайғамбардың (с.а.с.) биязылығы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) өте биязы адам еді, ешқашан дөрекілікке жол бермейтін. Ол кісі:

«Расында, Аллаһ – Биязы, биязылықты ұнатады. Ол биязылыққа қатаңдыққа бермейтіндерін береді»[2];

«Қашан бір нәрседе биязылық болса, оны тек көркейтеді. Ал ол қашан бір нәрседен алып тасталса, оны тек кемсітеді»[3];

«Сендерге тозақ оған харам болатын адамды айтайын ба? Әрбір кішіпейіл, биязыға»[4];

«Расында, Аллаһ отбасы мүшелеріне жақсылық қаласа, оларға биязылық енгізеді»[5];

«Кім биязылықтан мақрұм болса, барлық жақсылықтан мақрұм болыпты»[6], – деп айтқан.

Айша: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) қашан екі істің бірін таңдауы керек болса, күнә болмаса, оның жеңілірегін таңдайтын. Ал егер күнә болса, одан өзін барынша қашық ұстайтын»*, – деген[7].

Пайғамбар (с.а.с.): ***«Аллаһ мені қиындатушы, қиындық іздеуші етіп жібермеді. Керісінше, мені үйретуші және жеңілдетуші етіп жіберді»***, – деп айтқан[8].

Раббысына жалбарынып: ***«Уа, Аллаһ! Кімде-кім үмбетімнің ісінен бірдеңеде билік жүргізіп, оларға қиындатса, оған қиындық бер. Ал кімде-кім үмбетімнің ісінен бірдеңеде билік жүргізіп, оларға жұмсақ болса, оған жұмсақ бол»***, – деп дұға қылған[9].

Сондай-ақ Айша анамыз Пайғамбардың (с.а.с.) биязылығын: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) ешқашан әйел болсын, қызметкер болсын ешкімге қол жұмсаған емес»*, – деп баяндаған[10].

---

[1] «Сахих әл-Бұхари» (2190-хадис), «Сахих Муслим» (4162-хадис).
[2] «Сахих әл-Бұхари» (6415-хадис), «Сахих Муслим» (4697-хадис).
[3] «Сахих Муслим» (4698-хадис).
[4] «Жамиъ ат-Тирмизи» (2412-хадис).
[5] «Муснәд Ахмад» (23290-хадис).
[6] «Сахих Муслим» (4696-хадис).
[7] «Сахих әл-Бұхари» (3296-хадис), «Сахих Муслим» (4294-хадис).
[8] «Сахих Муслим» (2703-хадис), «Муснәд Ахмад» (13991-хадис).
[9] «Сахих Муслим» (3407-хадис), «Муснәд Ахмад» (23481-хадис).
[10] «Сахих Муслим» (4296-хадис).

Пайғамбардың (с.а.с.) жайдарылығы

Пайғамбар (с.а.с.) жайдары кісі еді, адамдармен қалжыңдасатын, алайда шындық аясынан шықпайтын. Әбу Һурайра: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Сен бізбен қалжыңдасасың»*, – дегенде, Пайғамбар (с.а.с.): *«*(Бірақ) ***шындықты ғана айтамын»***, – деген[1].

Әнәс: *«Бір кісі Аллаһ елшісінен (с.а.с.) келіп мініс көлігін сұрады. Пайғамбар (с.а.с.):* ***«Саған түйенің баласын беремін»***, *– деді.* (Әлгі кісі): *«Мен түйенің баласын неғыламын», – деді. Пайғамбар (с.а.с.):* ***«Түйені түйе тумай ма?»*** *– деді»*, – деп айтқан[2].

Сондай-ақ, Әнәс риуаят етеді: Пайғамбарға (с.а.с.) шөлден келген Заһир ибн Харам есімді бір кісі бар еді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бір сапарға шығатын болса, оны өзімен алып кететін. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Заһир – біздің даламыз, біз оған барамыз»***, – дейтін. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оны жақсы көретін. Ол аласа бойлы, көріксіз кісі еді. Бір күні Пайғамбар (с.а.с.) келсе, ол заттарын сатып жатыр екен. Аллаһ елшісі (с.а.с.) көрінбей келіп оны ту сыртынан құшақтап алады. *«Бұл кім?»* – деп артына бұрылған Заһир Пайғамбарды (с.а.с.) көріп, оған арқасын тақайды. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Кім құл сатып алады?»*** – деп (ойнайды). *«Уаллаһи, мен* (сатуға) *жарамсызбын ғой!»* – дейді Заһир. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Бірақ, сен Аллаһтың алдында қымбатсың»***, – деген[3].

Пайғамбарға (с.а.с.) бір кемпір келіп, өзінің жаннатқа кіруі үшін дұға қылуын сұрайды. Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Кемпір жаннатқа кірмейді»***, – дейді. Әлгі кемпір жылап теріс айналып кетеді. Пайғамбар (с.а.с.) оны шақырып: ***«Сен Аллаһ тағаланың:*** **«Біз оларды** (әйелдерді) **қайта жаратамыз. Оларды жас қыздар, күйеулеріне сүйікті, құрбылар етеміз»**[4] ***деген сөзін естімегенсің бе?»*** – дейді[5].

Пайғамбар (с.а.с.) адамдардың бетіне жылы шыраймен жымиып қарайтын. Жәрир ибн Абдуллаһ: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) мені қашан көрсе, бетіме жымиып езу тартатын»*, – дейді[6].

Сондай-ақ Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзгелермен қарым-қатынасы мейлінше көркем, өте әдепті, табиғаты кең, туысқандарымен байланысы тығыз жан еді. Ол кісі руластарына: ***«Мен сендерге Аллаһтың алдында ешқандай***

[1] «Жамиъ әт-Тирмизи» (1913-хадис), «Муснәд Ахмад» (8125-хадис).
[2] «Жамиъ әт-Тирмизи» (1914-хадис), «Сунән Әбу Дауд» (4346-хадис), «Муснәд Ахмад» (13315-хадис).
[3] «Муснәд Ахмад» (12187-хадис), «Муснәд Әбу Яғла» (6/173), «Мусаннаф Абдур-Раззақ» (10/454-хадис).
[4] «Уақиға» сүресі, 35-37 аяттар.
[5] Әт-Табарани «әл-Муъжам әл-аусат» (5/357), «Тәфсир әл-Бағауи» (1/13).
[6] «Сахих әл-Бұхари» (5625-хадис), «Сахих Муслим» (4523-хадис).

көмек бере алмаймын. Бірақ сендердің туыстық байланыстарың бар, мен оны тиісінше сақтаймын», – деген[1].

Һинд ибн Әбу Һала Аллаһ елшісін (с.а.с.) сипаттап: *«Ол үздіксіз мұңда, әрдайым ойда жүретін, өмірі тынымсыз кісі еді. Қажетсіз сөйлемейтін, ұзақ үнсіз жүретін, бастаған сөзін езулерімен аяқтайтын[2], аз сөзбен көп мағыналарды қамтып, артық-кемсіз анық сөйлейтін. Биязы жан еді, дөрекі де, елеусіз де емес-ті. Кішкентай игілікті үлкен санайтын, ештеңені айыптамайтын, жеп отырған тағамына мін тақпайтын және оны мақтамайтын. Ақиқатқа әлдене соқтықса, ол үшін кінәліні жазалағанға дейін ашуын ештеңе баса алмайтын, өзі үшін ашуланбайтын және кеңпейілділігі себепті өзі үшін жазаламайтын. Әлденеге ишара жасаса, бүкіл алақанымен ишара жасайтын, таңғалғанда алақанын төңкеретін, ашуланғанда теріс айналып, бұрылып кететін, қуанғанда жанарын төмен салатын. Көбінесе жымиып қана күлетін және езу тартқанда бұршақтай аппақ тістері көрінетін.*

Тілін өзіне қатысы жоқтан сақтайтын, сахабаларын ымыраға келтіріп, бөлінулеріне жол бермейтін. Әр тайпаның құрметтісін сыйлайтын, осындай адамды тайпаластарына басшы етіп тағайындайтын. Бөтен адамдардан сақтанғанымен, ешкімнен жасырынбайтын.

Сахабаларын көрмей қалса іздейтін, адамдардан халықтың арасында не болып жатқаны туралы сұрайтын, жақсыны жақсы деп бағалап, оны дұрыстайтын, жаманды жаман деп бағалап, оны төмендететін, барлық істе орташа қалыпты ұстанып, осыдан ауытқымайтын. Басқалардың бейғамдыққа салынуынан және кейін тартуынан қауіптеніп, бейғамдыққа жол бермейтін, әрбір жағдайға дайын тұратын. Ақиқатқа қатысты кемшілік жібермейтін және одан ауытқымайтын. Оның етегін ала отыратындар адамдардың таңдаулылары еді, оның алдында адамдардың ең артықшылыққа иелері жалпыға адалдық көрсететіндері, дәрежесі ең үлкендері өзгелерге ең көп қолдау, көмек беретіндері еді.

Отырса да, тұрса да Аллаһты есіне алатын. Орын таңдамайтын, адамдарға келсе, мәжілістегілердің шетіне отыратын және басқаларға да осыны бұйыратын. Әрбір сұқбаттасқан адамына лайықты сый көрсететін, тіпті онымен сұқбаттасқан жан ол үшін өзінен құрметті ешкім жоқ деп ойлайтын. Біреу әлдебір шаруасымен келіп қасына отырса немесе жанында тұрса, ол алдынан кеткенге дейін сабыр сақтайтын. Біреу керегін сұраса, сұрағанын беретін немесе жылы сөзін айтып қайтаратын. Барлық адамдар оның кеңдігі мен көркем мінезін көретін. Осылай ол мұсылмандардың әкесіне, ал мұсылмандар оның алдында шынымен де жақын жандарға айналды, оның алдында адамдар артықшылыққа

[1] «Сахих Муслим» (303-хадис), «Сунән ән-Нәсәи» (3584-хадис).

[2] Мұнда Аллаһ елшісінің (с.а.с.) аузының үлкендігі сипатталған. Арабтарда үлкен ауыз мақтаулы, ал ауыздың кішкентай болуы ұнамсыз сипат саналатын.

тақуалықтары арқылы ие болатын. Оның мәжілісі биязылық пен ұяттылықтың, сабырлылық пен аманатшылдықтың мәжілісі еді. Оның мәжілісінде дауыстар көтерілмейтін, әйелдер туралы жаман сөз қозғалмайтын, ағаттықтар сөз болмайтын, адамдар тақуалық арқылы бір-біріне жанашырлық танытатын, үлкенді құрметтеп, кішіге мейірім көрсететін, мұқтаждың қажетін өтейтін, жатты жақын тартатын.

Ол әрдайым жылы жүзді, биязы мінезді, жанындағыларға жайлы кісі еді, дөрекі де, қатыгез де емес-ті. Шу көтермейтін, арсыздық жасамайтын, біреуді мінемейтін, қолпаштап мақтамайтын, өзіне ұнамайтынға көз жұма қарайтын және одан қол үзіп кетпейтін. Өзіне қатысты үш нәрседен: көзкөрсін риядан, көп сөйлеуден және өзіне маңызы жоқтан тыйылатын. Адамдарға қатысты да үш нәрседен: біреуді жамандаудан, жазғырудан және айыбын іздеуден тыйылатын. Сауабын үміт ететін сөзді ғана сөйлейтін. Ол сөйлегенде мәжілісіндегілер үнсіздік сақтап, бастарына құс қонғандай халге енетін де, ол сөзін аяқтаған соң сөйлеуге кірісетін, бірақ оның алдында сөз таластырмайтын. Біреу оның алдында сөйлесе, сөзін аяқтағанға дейін мәжілістегілер оған құлақ салатын және алғашқылары қозғаған тақырыпта сөйлесетін. Ол сахабаларының күлгеніне күлетін, таңғалғандарына таңғалатын. Жатжерліктердің дөрекі сөздеріне сабыр ететін және: ***«Мұқтаждың өзіне қажеттіні сұрағанын көрсеңдер, қажетін қанағаттандырыңдар»****, – дейтін. Мақтауды шын Марапаттаушы* (Аллаһ)*тан ғана күтетін»*, – деген[1].

Харижа ибн Зәйдтің: *«Пайғамбар (с.а.с.) мәжілісінде ең құрметті адам еді, отырғанында аяқ-қолдарын созбайтын, көбіне үнсіздік сақтайтын, қажетсіз сөйлемейтін, жаман сөздерді сөйлеген адамнан теріс бұрылатын. Езу тартып қана күлетін, артық-кемсіз анық сөйлейтін. Сахабалары да оны құрметтеулері және оны үлгі тұтулары себепті оның алдында езу тартып қана күлетін»*, – дегені риуаят етілген[2].

Пайғамбар (с.а.с.) Аллаһты ең жиі еске алатын адам еді. Оның барлық өмірі, күндізі мен түні, тұрғылықты кезі мен сапарының бәрі Аллаһты еске алудан тұратын. Жүрегі Раббысына байланған, Оны бір сәтке де естен шығармайтын жан болатын. Көзі ұйқыға кетсе де жүрегі ояу жататын. Тіпті оның жанында болудың өзі Аллаһты еске түсіретін. Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзі үлгі көрсете жүріп адамдарды да Аллаһты еске алуға үгіттейтін. Бұл тұрғыда ол кісі:

– «Раббысын еске алатын мен Оны еске алмайтын (адамның) ***мысалы – тірі мен өлік сияқты»***[3]**;**

---

[1] Қазы Ғиядтың «әш-Шифа» (1/121-126) және әт-Тирмизидің «Шәмәил» кітаптарын қараңыз.

[2] Қазы Ғиядтың «әш-Шифа» кітабы (1/107).

[3] «Сахих әл-Бұхари» (5928-хадис), «Сахих Муслим» (1299-хадис).

– ***«Тілің Аллаһты еске алудан ажырамасын»***, – деп айтқан[1].

Пайғамбар (с.а.с.) тәлімгерлік сипатта да, тәрбиеші, ұстаз, нұсқаушы ретінде қайталанбас дара тұлға еді. Ол кісі адамдарға тәлім-тәрбие беруде жұмсақ болатын. Тәрбие ісінде дөрекілікке жол бермей, жұмсақтықпен жүректерге жол табатын. Аллаһ тағала: **«Аллаһтан** (берілген) **рақыммен оларға жұмсақтық көрсеттің. Егер сен дөрекі, қатты жүректі болғаныңда олар жаныңнан тарап кетер еді»**[2], – деген.

Бірде бір бәдәуи мешіттің бұрышына дәрет сындырады. Сахабалар оны ұрмақ болып орындарынан өре түрегелгенде, Пайғамбарымыз (с.а.с.) оларды тоқтатып, шелекпен су алдырады да, оны бәдәуи дәрет сындырған жерге құяды. Сонан соң бәдәуиге қарап жай сөзбен, сыпайы түрде: ***«Бұл – мешіттер, оларды былғап, ластау дұрыс емес. Олар тек намазға, зікір мен Құран оқуға арналған»***, – деген[3]. Осыншалықты жұмсақтық пен сыпайылықтың куәсі болған бәдәуи қатты әсерленіп, өз қауымына барып оларды Исламға үгіттеген және оның үгіттеуімен қауымы Ислам дінін қабылдаған.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларына уағыз-насихат айтқанда көп созып оларды жалықтырып қоймайтын және оларға арасын жиілетпей, арагідік шешен тілмен қысқа уағыз айтатын. Бұл жайында ол кісі: ***«Расында, кісінің уағызының қысқалығы мен намазының ұзақтығы – оның дінді түсінгенінің белгісі»***, – деген[4].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) кейінгі буынға өнеге болар жас діннің алғашқы өкілдерін ылғи да жандарына медеу болар сөздер айтып, қолтықтарынан демеп қайраттандырып отыратын. Әсіресе, олардың Аллаһ жолында атқарған еңбектерін елеп-ескеріп, игі істерін мақтап көңілдерін көтеретін.

Сахабаларына тәлім-тәрбие бергенде өзі шынайы тірі мысал болатын. Оларды тақуалыққа үндейтін, ал өзі олардың ең тақуасы еді. Оларды тыйым салынған нәрселер мен теріс істерден қайтаратын, ал өзі бұларға қол ұрмайтын. Оларға мүбәрак көздері жасқа шыланып, жүздерін жас жуып отырып уағыз айтатын. Оларды көркем мінез-құлыққа шақыратын, ал өзі олардың ең көркем мінез-құлықтысы еді. Оларды Аллаһты еске алуға шақыратын, ал өзі Раббысын өте жиі есіне алушы еді. Оларды жомарттыққа, садақаға мал-дүние жұмсауға үндейтін, ал өзі олардың ең жомарты, ашық қолдысы болатын. Оларға отбасыға қатысты жақсы мәміледе болуға насихат беретін, ал өзі отбасына қатысты адамдардың ең рақымдысы, ең жұмсағы, ең жайлысы еді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) сепкен осы дән олардың жүректерінде өніп, ғұмыр бойы олардың бойында өз жемісін берді. Пайғамбар (с.а.с.)

---

[1] «Жамиъ әт-Тирмизи» (3297-хадис), «Сунән Ибн Мәжәһ» (3783-хадис), «Муснәд Ахмад» (17020-хадис).

[2] «Әлі Имран» сүресі, 159-аят.

[3] «Сахих Муслим» (429-хадис).

[4] «Сахих Муслим» (1437-хадис).

еккен бұл мәңгілік егін ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып әлі күнге дейін өз жемісін, нәтижесін беруде.

Пайғамбар (с.а.с.) адамдарды масылдықтан қайтарып, еңбекке баулитын. Оларды тіленшілікке жүгінбей, өз қол еңбектерімен нан табуға шақыратын. Әнәстан риуаят етіледі: Бір ансар кісі Пайғамбарымыздан (с.а.с.) қайыр сұрап келеді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) одан: ***«Үйіңде бір нәрсе бар ма?»*** – деп сұрайды. Ол: *«Иә,* (жерге) *төсейтін алашамыз және су ішетін қадағымыз бар»,* – дейді. Пайғамбарымыз (с.а.с.): ***«Сол екеуін алып кел»,*** – деп бұйырады. Әлгі кісі алашасы мен қадағын алып келеді. Пайғамбар (с.а.с.) бұл заттарды қолына ұстап, адамдарға: ***«Мына екеуін кім сатып алады?»*** – дейді. Бір кісі: *«Мен оларды бір дирһамға аламын»,* – дейді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Бір дирһамнан кім көбірек береді?»*** – деп, екі-үш рет қайталайды. Бір кісі: ***«Мен екі дирһамға аламын»,*** – дейді. Пайғамбар (с.а.с.) бұйымдарды соған сатып, оның екі дирһамын алады. Сосын ол екі дирһамды әлгі ансарға беріп: ***«Мұның бір*** (дирһамына) ***азық сатып алып, отбасыңның*** (қажетіне) ***жұмса. Ал екіншісіне шот сатып ал да, маған кел»,*** – деп тапсырады. Ансар дәл солай істейді. Пайғамбар (с.а.с.) ол әкелген шотты алып, өз қолымен саптап: ***«***(Енді) ***барып отын шап, сені он бес күн көрмейтін болайын»,*** – дейді. Әлгі кісі Пайғамбарымыздың (с.а.с.) кеңесімен отын шауып, оны сатуды кәсіп қыла бастайды. Сөйтіп ол Пайғамбарымыздың (с.а.с.) алдына келгенде, он дирһам тауып келеді. Пайғамбар (с.а.с.) оған: ***«Оның біразына азық, біразына киім ал. Бұл сен үшін*** (біреудің алдына) ***барудан жақсы. Тіленшілік – Қиямет күні жүзіңде теңбіл дақ болады. Негізінде, тақыр кедейден, қарызға белшесінен батқан*** (адам) ***мен құн төлеуге тиіс болған*** (адамнан) ***басқаға қайыр сұрау дұрыс емес»,*** – деген[1].

Пайғамбар (с.а.с.) бұл орында әлгі ансарға, мұсылмандардың ортақ қазынасынан біраз мал-дүние ажыратуына немесе жағдайы бар сахабалардың біріне айтып, көмек әперуге мүмкіндігі бар еді. Бірақ Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған тіленшілікке сүйенбеу керек екендігін үйретуді және кәсіп қылып табыс көзін көрсетуді, сондай-ақ осы арқылы сол жерде отырған адамдарға тәлім беруді және мәңгілікке өшпес ғибрат қалдыруды қалады. Ол үмбетіне осы тәлімді сіңіру үшін әлгі ансардың бұйымдарын өзі сатып, ол әкелген шотты өз қолымен саптады. Аллаһтың оған салауаты және сәлемі болсын!

Пайғамбар (с.а.с.) адамдарға дін мәселелерін ғана емес, күнделікті тұрмысқа қажетті істерді де үйрететін. Ибн Мәжәһ Әбу Сағид әл-Худриден риуаят етеді: Бірде Аллаһ елшісі (с.а.с.) қой терісін сыпырып жатқан бір жас жігіттің қасынан өтіп бара жатып: ***«Былай тұр! Саған көрсетейін»,*** – деді де, қолын етпен терінің арасына сұғып қойдың қолтығына дейін іреді. Сосын әлгі жігітке: ***«***(Теріні) ***осылай сыпыр»,*** – деді[2]**.**

[1] «Сунән Ибн Мәжәһ» (2189-хадис).
[2] «Сунән Ибн Мәжәһ» (3170-хадис).

Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл әлемдегі теңдессіз ұлы ұстаз болды. Ислам үмбетінің барша ғалымдары оның білімін жалғастыруда, жаңа дәуір ғылымының ақиқатты жасырмайтын өкілдері де мұны мойындап отыр. Өйткені оған білімі барлығын қамтыған Аллаһ тағаланың Өзі тәлім берді. Жоғарыдан тәлім алған бұл шәкірт ұлы ұстазға айналып, үмбетін Қияметке дейін білімге шарлаушы мәңгілік өсиеттерін қалдырды.

Пайғамбар (с.а.с.) адамзатқа асыл құндылықтарды, мақтаулы мінез-құлықтар мен жоғары қасиеттерді үйрету үшін жіберілді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бұл білімді адамдарға жүрек тебірентерлік уағыздары, өте көркем тәсілде, шешен тілде айтылған құтпалары, сұрақтарға қайтарған ұтымды жауаптары, мәселелерге шығарған дана шешімдері, жүректерге жеткізе айтылған өсиеттері, насихаттары арқылы, өмірден бейнелі мысалдар келтіріп, оларды түсіндіру негізінде, жан-дүниені баурайтын әңгіме-қиссалары және өзінің өнегелі өмір жолы, іс-әрекеттері мен мінез-құлқы арқылы сіңірді. Әрі сахабаларына өз білімін келешек ұрпаққа жеткізуді тапсырды. Абдуллаһ ибн Омар жеткізген хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Менен бір аят болса да жеткізіңдер»,*** – деген[1]. Бұл ұстаздықтың нәтижесінде сахабалардан дүниені ғылым және танымнен толтырған ғалымдар, фиқһ білгірлері, данышпандар, тәпсіршілер, хадис риуаят етушілер, қазылар, уағызшылар мен тәрбиешілер шықты.

Пайғамбардың (с.а.с.) тұтастай өмір жолы үмбеті үшін ұстаздық тәлім болды. Оның намазы, оразасы, садақа жасауы, қажылығы, Аллаһты зікір етуі, сөздері, істері, отырғаны, тұрғаны, ішкені, жегені, осының барлығы иман келтіргендер үшін көркем өнегеге ие. Пайғамбарымыз (с.а.с.) сахабаларға іс-тәжірибе нысаны болды. Сахабалар оның қалай дәрет алғанын, қалай намаз оқығанын, қалай қажылық қылғанын өз көздерімен көретін. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзі де оларды осыған баулып: ***«Менің намаз оқығанымды көргендерің бойынша намаз оқыңдар»,*** – дейтін[2].

Пайғамбарымыз (с.а.с.) сахабаларына Ислам білімін бірден тұтастай артқан жоқ. Керісінше, адамдар санасын берілер тәлімге жіті әзірлеп, сәт-сәтімен, маңыздыдан қосалқыға, міндеттіден ұнамдыға, харамнан ұнамсызға сатылап өте отырып сіңірді. Бұл оған Ұлы Раббының үйреткен бағдарламасы.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларына олардың санасына қозғау салу үшін «Сендер білесіңдер ме?», «Сендерге көрсетейін бе?», «Сендерге хабар берейін бе?», «Сендерге үйретейін бе?» деген мазмұнда сұрақтар қойып, сосын өзі жауап беретін немесе ортаға сауал тастап, олардың пікірлерін тыңдап барып дұрыс жауабын айтатын. Кейбір маңызды мәселелерді сахабаларға ұғынықты болу үшін үш қайтара айтатын. Пайғамбар (с.а.с.) сахабаларына тәлім бергенде әр түрлі қимыл-әрекеттерді, заттай мысалдарды көмекші құрал ретінде пайдаланатын. Бұл тәсілдер қазіргі

[1] «Сахих әл-Бұхари» (3202-хадис), «Жамиъ әт-Тирмизи» (2593-хадис).
[2] «Сахих әл-Бұхари» (595-хадис).

замандағы оқу-ағарту ісінде «көрнекілік құралдар» деген атпен қолданылуда. Мысалы:

Пайғамбар (с.а.с.): ***«Кімде-кім екі қызды балиғат жасына дейін*** (тәрбиелеп) ***өсірсе, Қиямет күні мен және ол мынадай болып келеміз»,*** – деп, саусақтарын біріктіріп[1] көрсету арқылы ондай адамның өзіне қаншалықты жақын болатынын білдірсе, Сәһл ибн Сағдтен риуаят етілген хадисте: ***«Мен өзім мен Қиямет мына екеуі сияқты болып жіберілдім»,*** – деп, сұқ саусағы мен ортаңғы саусақтарын көрсетіп[2], бұл қимылы арқылы Қияметтің тым жақын екенін түсіндірген. Әбу Мұса әл-Ашғариден риуаят етілген хадисте Пайғамбар (с.а.с.): ***«Мүмін мүмін үшін бірін бірі бекітетін ғимарат сияқты»,*** – деп, саусақтарын тарақтап көрсетіп[3], бұл қимылы арқылы ажырамас бірлікті, ынтымақты, ортақтастықты сипаттаса, Әбу Һурайрадан жеткен хадисте: ***«Тақуалық мына жерде»,*** – деп, өз кеудесін үш рет нұқып көрсеткен[4]. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бұл қимылының мағынасы – тақуалықтың сыртқы амалдармен емес, жүректегі Аллаһқа деген қорқыныш пен тағзымнан және бағыныштылықтан келетінін аңғартқан. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) осы әрекетіне қатысты ғалымдар: «Бұл ишара «тақуалық – жүректе» деген сөзге қарағанда жетімдірек», – деген. Буср ибн Жихаштан риуаят етіледі: Пайғамбар (с.а.с.) алақанына түкіріп, сосын оған сұқ саусағын басып былай деген: ***«Аллаһ тағала: «Ей, Адам баласы! Қалайша Мені шарасыз етпексің?! Мен сені мына сияқтыдан жаратқанмын! Ал жаның мынаған*** (Пайғамбар (с.а.с.) алқымын көрсеткен) ***жеткен кезде: «Қайырымдылық жасаймын», – дейсің», – дейді»***[5]**.**

Пайғамбар (с.а.с.) адамдарға кейбір мәселелерді үйреткенде, теориялық сипаттаумен шектелмей оны іс-жүзінде көрсеткен. Кейде сахабаларына бірдеңеге қатысты тәлім бергенде, насихатын сол затты көрсетіп тұрып айтатын. Абдуллаһ ибн Амр айтады: *«Бірде Аллаһ елшісі (с.а.с.) біздің алдымызға шықты. Бір қолында жібек киім, ал екіншісінде алтын бар еді. Ол:* ***«Расында, мына екеуі үмбетімнің еркектеріне харам, ал әйелдеріне халал»,*** *– деді»*[6]. Әрине, Пайғамбардың (с.а.с.) тәлім берудегі бұл тәсілі «алтын мен жібек еркектерге харам» деген жалаң сөзге қарағанда жетімдірек.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларына білім үйретуде заттай мысалдар қолданатын. Жәбир ибн Абдуллаһтан риуаят етіледі: Бірде Аллаһ елшісі (с.а.с.) базар ішінен өтіп бара жатқан. Жанында адамдар бар еді. Ол өтіп бара жатып, өліп қалған бір шұнақ лақты көрді де, оны құлағынан ұстап:

---

[1] «Сахих Муслим» (4765-хадис), «Жамиъ ат-Тирмизи» (1837-хадис).
[2] «Сахих әл-Бұхари» (4889-хадис), «Сахих Муслим» (5244-хадис).
[3] «Сахих әл-Бұхари» (459-хадис).
[4] «Сахих Муслим» (4650-хадис), «Муснәд Ахмад» (7402-хадис).
[5] «Сунән Ибн Мәжәһ» (2698-хадис).
[6] «Сунән Ибн Мәжәһ» (3587-хадис).

«Мынаны қайсың бір дирһамға (алуды) ***қалайды»,*** – деді. Адамдар: *«Біз оны ештеңеге де* (алуды) *қаламаймыз. Оны қайтеміз?»* – деді. Пайғамбар (с.а.с.): ***«Оны өздеріңе*** (алуды) ***қалайсыңдар ма?»*** – деп сұрады. *«Уаллаһи! Ол тірі болса да айыбы бар, шұнақ. Енді, ол өлі болғанда қалай?!»* – деді адамдар. Сонда Пайғамбар (с.а.с.): ***«Уаллаһи! Расында, мына*** (лақ) ***сендерге*** (қалай түкке алғысыз болса)***, Аллаһқа дүние*** (одан да) ***түкке тұрғысыз»,*** – деді[1]. Бәлкім, бұл заттай мысал, осы ұлы өсиеттің адамдар жадында мәңгі сақталып қалуына септік болған шығар.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) Раббысы дарытқан таным-түсінік пен пайым-парасаттың арқасында әрбір кеңес сұраған адамға жағдайына қарай оған дүниеде және Ақыретте пайда келтіретін орынды кеңестер беретін. Бойынан қуат кеткен қарт кісі Пайғамбарымызға (с.а.с.) Аллаһқа жақындау үшін қалдырмай істеп жүретін бір істі көрсетуін сұрап келгенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) ол қарияға: ***«Тілің Аллаһты еске алудан ажырамасын»[2]***, – деп кеңес берді. Ал бірде оған нар тұлғалы, алып денелі бір кісі дәл осы мазмұнда нұсқау сұрап келгенде, Пайғамбарымыз (с.а.с.) оған Аллаһ жолында жиһад жасауды нұсқады[3]. Бір күні одан тез ашуланатын, қызба мінезді кісілердің бірі пайдалы кеңес сұрағанда, Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған үш рет: ***«Ашуланба»,*** – деп кеңес берді[4]. Сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдина қаласына алғаш кіргенде, мұсылмандар ауыр кезеңді бастан өткеріп, қоғам бауырмалдыққа, ынтымақ, бірлікке мұқтаж болып отырған кезеңде, бұлардың қажет екендігін сезгендіктен, қолы не тілі арқылы мұсылмандарға зиян тигізу қаупі бар адамдарды сақтандыру және ісі не сөзі арқылы жалпыға пайда келтіруі үміт етілген жандарды қызықтыру мақсатында, сахабалар: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Исламның қайсысы абзал?»* – деп сұрағанда: ***«Тілінен және қолынан*** (басқа) ***мұсылмандар аман болған*** (мұсылман)***»[5]***; *«Исламның қайсысы жақсы?»* – деп сұрағанда: ***«Тамақ жегізуің және таныған***ың ***да, танымаған***ың ***да сәлем беруің»[6]*** деген нұсқаулар айтқан.

Сол сияқты Пайғамбарымыз (с.а.с.) адамдарға орындалуы оңай, сауабы мол амалдарға нұсқау беретін. Бірде Пайғамбарымыз (с.а.с.) әйелі Жуәйрияның таң намазынан сәскеге дейін орнынан тапжылмай, тәсбих айтумен шұғылданын көріп: ***«Саған бұларды айтсаң, осы ғибадатыңнан жақсырақ болатын бір сөздерді үйретейін бе? «Субханаллаһи уә бихәмдиһи, ъадәдә халқиһи, уә ридаа нәфсиһи, уә зиинәтә ъаршиһи, уә***

[1] «Сахих Муслим» (5257-хадис), «Муснәд Ахмад» (14402-хадис).

[2] «Жамиъ әт-Тирмизи» (3297-хадис), «Сунән Ибн Мәжәһ» (3783-хадис), «Муснәд Ахмад» (17020-хадис).

[3] «Жамиъ әт-Тирмизи» (1584-хадис), «Сунән Ибн Мәжәһ» (3968-хадис) және «Муснәд Ахмад» (10701-хадис).

[4] «Сахих әл-Бұхари» (5651-хадис), «Жамиъ әт-Тирмизи» (1943-хадис), «Муснәд Ахмад» (8389-хадис).

[5] «Сахих әл-Бұхари» (10-хадис), «Сахих Муслим» (59-хадис).

[6] «Сахих әл-Бұхари» (11-хадис), «Сахих Муслим» (56-хадис).

мидәда кәлимәтиһ(и) (Аллаһқа Оны мақтаумен жаратылғандарының санындай, Өзі разы болатындай, Аршының салмағындай және сөздерін (жазуға жететін) ***сиялардай барлық кемшіліктен пәк деп дәріптеу болсын)» деп бірнеше рет қайтарсаң, таңның атысынан түс әлетіне дейін тәсбих айтып отырғаныңнан жақсы»,*** – деп нұсқаған[1].

Ол адамдарға ғибадатқа шамадан тыс күш жұмсамауға, шектен тыс ғибадат арқылы өз-өздерін азаптамауға кеңес беретін. Тіпті кейбір адамдар артықша ғибадатқа нұсқау сұрағанда да, оның өз-өзіне ауырлық салмауын ескертетін. Пайғамбардың (с.а.с.) мұндай орынды нұсқауларына көптеген мысалдар келтіруге болады. Бұл тәсілдер – шәкірт тәрбиелеу жолында әрбір ұстаз үшін баға жетпес, нәтижелі де жемісті бағдарлама.

Пайғамбар (с.а.с.) тамаша отағасы еді, әйелдерімен ойнап-күліп, қалжыңдасатын. Шаңырағы әрдайым жайдары келбетінен айнымайтын. Айша: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) есігімнің алдынан өтсе, Аллаһ онымен пайда әкелетін бір сөз айтатын. Бір күні ол ештеңе айтпады. Сосын және өтті, тағы ештеңе айтпады. Бұл екі-үш рет қайталанды»,* – деген[2]. Осылай Пайғамбар (с.а.с.) бір-екі рет тіл қатпаса әйелдері алаңдап, абыржуға түсетін. Өйткені Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жылы сөздері олар үшін үйреншікті нәрсе еді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) әйелдерінің арасын өте әділдікпен ұстайтын. Іс жүзінде ешқашан олардың біреулерін басқаларынан артық қойып, біреулеріне арттыру, басқаларына кеміту арқылы әділетсіздік жасамайтын. Айша Әбу Дауд жеткізген хадисте: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.)* (кезекпен) *үйлерімізде болуға уақыт ажыратқанда бірімізді бірімізден артық қоймайтын. Бәрімізді түгелдей араламаған күндері аз.* (Осылай аралап) *әрбір әйелінің жағдайын сұрап шығатын. Сөйтіп* (ең соңында) *кезегі келген әйеліне келіп, сол жерде түнейтін»,* – десе[3], «Екі Сахихта» келген хадисте: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) асрдан кейін әйелдерін аралайтын. Бір күні Хафсаның үйіне кіріп әдеттегіден ұзағырақ отырып қалды. Менде қызғаныш сезімі пайда болып, сұрастырсам, қауымынан бір әйел Хафсаға сұйық әсел сыйлапты. Ол Пайғамбарға (с.а.с.) содан құйып беріпті»,* – деген[4]. Пайғамбардың (с.а.с.) отбасына қатысты әділдігі соншалықты дәрежеде еді, оның бір әйелінің үйінде басқаларына қарағанда ұзағырақ отырып қалуы әдеттегіден тыс жағдай ретінде қарастырылатын. Әнәстің: *«Бір күні Айшаның кезегі болатын. Оның үйіне Зәйнәб келді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған қолын созған еді, Айша: «Бұл Зәйнәб қой», – деді. Пайғамбар (с.а.с.) қолын*

[1] «Сахих Муслим» (4905-хадис), «Жамиъ әт-Тирмизи» (3478-хадис), «Сунән Әбу Дауд» (1285-хадис).
[2] «Муснәд Ахмад» (24658-хадис).
[3] «Сунән Әбу Дауд» (1823-хадис).
[4] «Сахих әл-Бұхари» (4863-хадис), «Сахих Муслим» (2695-хадис).

тартып алды», – дегені риуаят етілген[1]. Пайғамбарымыз (с.а.с.) әйелдерінің үлестерінің кемітілуінен осыншалықты дәрежеде сақтанатын.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) әйелдері үшін үсті-басын түзетіп, тазалыққа көңіл бөлетін. Үйіне кірсе, бірінші тісін тазалайтын. Жағымсыз иістен қатты сақтанатын. Пайғамбар (с.а.с.) әйелдерінен ешқашан бөлек жатпайтын еді, әйелдерінің бірімен ұйықтағанда онымен бір көрпенің астында ридасын шешіп, изарымен жататын. Тіпті ол әйелдерін етеккір мерзімдері кезінде де кері қақпайтын, оларға жақындаудан безінбейтін. Мәймуна анамыз: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) әйелдерін хайыз кездерінде де изардың үстінен құшақтап аймалайтын»*, – деген[2].

Пайғамбар (с.а.с.) әйелдерін ғибадатқа оятатын. Айша: *«Пайғамбар (с.а.с.) үтір намазын оқымақ болғанда, мені оятатын да, үтір оқитынмын»*, – дейді[3].

Пайғамбарымыз (с.а.с.) әйелдерінің көңілдеріне қатты қарайтын. Тіпті олардың сыртқа шығармаған ішкі сезімдерін де аңғаратын. Айша: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.) маған:* ***«Сенің өзіме риза кезіңді және ашуланғаныңды білемін»****, – деді»*, – деген[4].

Аллаһ елшісі (с.а.с.) қысылтаяң кезде де әйелдерінің көңілін жықпайтын. Айша Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бір сапарға бірге шыққанда, жолда бір шөл далада оның алқасы үзіліп қалып, алқаны іздеу үшін Пайғамбар (с.а.с.) біраз аялдайды. Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге әскер де сусыз жерде біршама уақыт тұрып қалады. Айша: *«*(Бір кезде әкем) *Әбу Бәкір келді, Аллаһ елшісі (с.а.с.) басын саныма қойып жатқан-ды.* (Әкем маған)*: «Сен Аллаһ елшісін (с.а.с.) бөгеп қалдың, ал адамдар сусыз жерде», – деп ұрысты»*, – дейді[5]. Өйткені Әбу Бәкір Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Айшаның көңілін жықпайтынын білетін.

Пайғамбар (с.а.с.) әйелдерінің бірі ауырса бәйек болып, қамқорлығын аямайтын. Бұған дәлел – Айша анамыздың өзіне жалған жала жабылған кездегі: *«Ауырып жатып бір байқағаным, Пайғамбардан (с.а.с.)* (әуелгі) *ауырған кездерімде көретін қамқорлықты сезбедім. Тек кіріп сәлемдесіп:* ***«Мынаның жағдайы қалай?»*** *– дейтін де қоятын»*[6], – деген сөзі.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) әйелдерінің жақсылықтарын айтып, оларды мақтайтын. Қайтыс болған әйелі Хадишаны жиі есіне алатын. Әбу Мұса әл-Ашғариден риуаят етілген хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.): ***«Айшаның басқа әйелдерден артықшылығы – быламықтың басқа тамақтардан артықшылығындай»***, – деген[7].

---

[1] «Сахих Муслим» (2656-хадис).
[2] «Сахих Муслим» (442-хадис).
[3] «Сахих әл-Бұхари» (482-хадис), «Сахих Муслим» (792-хадис).
[4] «Сахих әл-Бұхари» (4827-хадис), «Сахих Муслим» (4469-хадис).
[5] «Сахих әл-Бұхари» (322-хадис), «Сахих Муслим» (550-хадис).
[6] «Сахих әл-Бұхари» (2467-хадис), «Сахих Муслим» (4974-хадис).
[7] «Сахих әл-Бұхари» (3159-хадис), «Сахих Муслим» (4459-хадис).

Аллаһ елшісі (с.а.с.) әйелдеріне көңіл аударып, олардың айтқан әңгімелерін ыждағаттылықпен тыңдайтын. Айша анамыз Аллаһ елшісіне (с.а.с.) бір он бір әйелдің өзара күйеулері жайлы айтқан ұзақ әңгімелерін айтып бергенде, ол кісі оған мұқият құлақ салып отырған. Бұл әңгіменің барысында Умму Зарғ деген бір әйелдің Әбу Зарғ есімді күйеуін мақтағаны, оның өзіне деген жайсаңдығын, кішіпейілділігін, бірақ, ол күйеуінің өзімен ажырасып, басқа әйелге үйленіп кеткендігін айтқаны хикая етілген. Пайғамбар (с.а.с.) оның барлығын мұқият тыңдап, сосын Айшаға: ***«Мен саған Әбу Зарғ Умму Зарғқа қандай болса, сондаймын. Бірақ, мен сені талақ етпеймін»,*** – деген[1].

Пайғамбар (с.а.с.) әйелдерінен әлдебір нәрседен күдіктенгенде оны олардың өздерінен сұрайтын. Айша анамыз: *«Маған Пайғамбар (с.а.с.) кірді, қасымда бір кісі бар еді. Ол:* ***«Ей, Айша! Мынау кім?»*** *– деп сұрады. Мен: «Сүт бауырым», – дедім»,* – дейді[2].

Пайғамбар (с.а.с.) әйелдеріне таухидке нұқсан келтіретіндерді қатты ескертетін. Бірде Айшаның алдына кірген Пайғамбар (с.а.с.) оның текшесінде жабулы тұрған мүсіндер бейнеленген жабуды көріп реңі өзгеріп, жабуды жұлып алған. Сөйтіп Айшаға: ***«Ей, Айша! Қиямет күні Аллаһтың ең ауыр жазасына ұшырайтындар – Аллаһтың жаратуына ұқсас іс жасайтындар»,*** – деген[3].

Пайғамбарымыз (с.а.с.) әйелдерін бір-бірінің артынан сөз айтудан қайтаратын. Керек кезінде оларды тиісінше жазалайтын. Мысалы, ол әйелдері өзін алдағанда, олармен бір айдай қарым-қатынас жасамай қойған. Сафия анамызға қатысты әділетсіздігі үшін Зәйнәб бинт Жахшты екі-үш айға жалғыз тастап қойған. Сырын жайғаны үшін Хафсаны талақ етіп, сосын қайтарып алған.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) әйелдерін мәжбүрлеп ұстамаған. Ол әйелдеріне өзімен қалу-қалмауға таңдау тастаған.

Пайғамбар (с.а.с.) әйелдеріне таухид, дін істеріне қатысты істерде болмаса ұрыспайтын. Оның әйел мінезіне деген сабыры ерекше еді. Әнәстан риуаят етіледі: Пайғамбар (с.а.с.) әйелдерінің бірінің үйінде отырғанда мүміндердің аналарының бірі оған бір ыдыспен тамақ жібереді. Пайғамбар (с.а.с.) үйінде отырған анамыз тамақ әкелген қызметкердің қолын қағып жіберіп, жерге түскен ыдыс сынып, ішіндегі тамақ шашылып қалады. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.с.) ыдыс сынықтары мен шашылған тамақты өз қолымен жинай жүріп: ***«Аналарың қызғанды»,*** – деген[4]. Нұғман ибн Бәширден риуаят етіледі: Бірде Әбу Бәкір Аллаһ елшісінің (с.а.с.) үйіне келсе, Айшаның дауысы қатты шығып жатыр екен. Рұқсат сұрап ішке кірген

[1] «Сахих әл-Бұхари» (4790-хадис), «Сахих Муслим» (4481-хадис).
[2] «Сахих әл-Бұхари» (2453-хадис), «Сахих Муслим» (2642-хадис).
[3] «Сахих әл-Бұхари» (5498-хадис), «Сахих Муслим» (3936-хадис).
[4] «Сахих әл-Бұхари» (4824-хадис), «Сунән ән-Нәсәи» (3893-хадис), «Сунән Әбу Дауд» (3096-хадис).

ол: *«Сен Аллаһ елшісіне (с.а.с.) дауыс көтеріп жатсың ба?»* – деп қызын ұрмақ болады. Пайғамбар (с.а.с.) оны кес-кестеп тоқтатып, Әбу Бәкір ашуланып шығып кетеді. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.с.) Айшаға: ***«Көрдің бе, мені? Сені құтқарып қалдым ғой»***, – депті[1].

Пайғамбарымыз (с.а.с.) әйелдерінен жанашырлық, жылу күтетін, олардың аялы алақанын іздейтін, әйел мейірімін түсінетін. Ол өмірінің соңғы сәттерінде науқасы қатты меңдеген кезде: ***«Мен ертең қайда болуым керек?»*** – деп қайта-қайта сұрап, Айшаның үйінде болатын күніне асығатын. Сосын әйелдері оған рұқсат беріп, Аллаһ елшісі (с.а.с.) дүниеден өткенінше Айшаның қарауында болды және осы жанашыр әйелінің мейірімге толы құшағында жатып көз жұмды.

Пайғамбар (с.а.с.) әйелдеріне сүйікті болатын. Әйелдеріне оны қадірлеп, бастарына көтеретін, тіпті оны әкелерінен де артық қоятын. Аналарымыздың Аллаһ елшісіне (с.а.с.) деген құрметінің бір дәлелі Умму Хабибаның туған әкесі Әбу Суфйанмен қарым-қатынасында көрініс табады. Аналарымызға бұл сүйікті тұлғадан айрылу оңай тиген жоқ. Олар оны жоғалтып алудан қатты қорқатын. Умму Сәләмә: *«Аллаһ елшісі (с.а.с.)* (дүниеден өтерде) *біз жиналып жылап отырдық. Кереуетте жатқан оны көріп көңіліміз жұбанатын. Бір кезде таң алдында оның ақтық демін естідік те дауыстап жібердік. Мешіттегі* (адамдар да) *дауыстады. Бұл дауыстан Мәдина дүр сілкінді»*, – деген[2].

Пайғамбар (с.а.с.) барлық тұрғыда теңдессіз кемел сипаттарға ие еді. Раббысы оны көркем түрде тәрбиелеген және оны мақтап: **«Расында, сен ұлы мінезге иесің»**[3], – деген. Осы қасиеттері оған адамдарды жақындатты, оны жүректерге сүйікті етті, адамдардың жанын баурайтын жолбасшыға айналдырды. Осы қасиеттері басында дінін қабылдаудан бас тартқан қауымының асаулығын жуасытып, соңында олар Аллаһтың дініне топ-тобымен кірді.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) бұл еңбекте ұсынылған қасиеттері оның кемелдігі мен ұлы сипаттарының қысқаша көріністері ғана. Ақиқатында, ол ие болған сипаттар мен қасиеттердің түбіне жету, тереңіне бойлау мүмкін емес. Кемелдіктің ең биік шыңына жеткен, Раббысының нұрымен сәулеленіп, мінез-құлқы Құранға айналған, әлемдегі ең ұлы тұлғаны толық тануға кімнің шамасы жетеді?!

Аллаһумма, салли ъалә Мухаммәдин уә ъалә әли Мухаммәдин кәмә саллайтә ъалә Ибраһим уә ъалә әли Ибраһим, иннәкә Хамидун Мәжид!

Аллаһумма, бәрик ъалә Мухаммәдин уә ъалә әли Мухаммәдин кәмә бәрактә ъалә Ибраһим уә ъалә әли Ибраһим, иннәкә Хамидун Мәжид!

---

[1] «Сунән Әбу Дауд» (4347-хадис), «Муснәд Ахмад» (17668-хадис).
[2] «Әл-Бидая уә ән-ниһая» (5/271).
[3] «Қалам» сүресі, 4-аят.

Уа, Аллаһ! Мұхаммедке және оның отбасына Ибраһимге және Ибраһимның отбасына салауат еткеніңдей салауат ет! Шын мәнінде, Сен – мақтауға лайық, аса Даңқтысың!

Уа, Аллаһ! Мұхаммедке және оның отбасына Ибраһимге және Ибраһимның отбасына береке бергеніңдей береке бер! Шын мәнінде, Сен – мақтауға лайық, аса Даңқтысың!